

«МӘДЕНИ МҰРА»  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН  
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ  
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

Күл-Мұхаммед Мұхтар, төраға  
Досжан Ардақ, төрағаның орыбасары  
Аскарар Әлібек, жауапты хатшы

**Қоғамдық кеңестің мүшелері:**

Абдрахманов Сауытбек  
Аяған Бүркіт  
Әбусейітова Меруерт  
Әжіғали Серік  
Әйтимова Бірғаным  
Әлімбай Нұрсан  
Әуезов Мұрат  
Базылған Нәпіл  
Байпақов Карл  
Биекенов Кеңес  
Бұрханов Камал  
Ертісбаев Ермұхамет  
Кенжеғозин Марат  
Қасқабасов Сейіт  
Нысанбаев Әбдімәлік  
Өмірбеков Байтұрсын  
Салғара Қойшығара  
Сариева Рысты  
Сейдімбек Ақселеу  
Сұлтанов Қуаныш  
Таймағамбетов Жәкен  
Тұяқбаева Баян  
Хұсайынов Көбей

# Қазақ әдебиетінің тарихы

ОН ТОМДЫҚ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ  
МИНИСТРЛІГІ  
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

# Қазақ әдебиетінің тарихы

6 -ТОМ

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті  
(1900-1917)

Жалпы редакциясын басқарғандар –  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
**Асқар ЕҒЕУБАЕВ,**  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
**Жұмағали ЫСМАҒҰЛОВ.**

## РЕДАКЦИЈАЛЫҚ БАС АЛҚА:

ҚИРАБАЕВ С. С., ҚР ҰҒА-ның академигі, төраға;

ҚАБДОЛОВ З. Қ., ҚР ҰҒА-ның академигі;

ҚАСҚАБАСОВ С. А., ҚР ҰҒА-ның академигі, төрағаның  
орынбасары

БЕРДІБАЙ Р. Б., ҚР ҰҒА-ның академигі;

ЕЛЕУКЕНОВ Ш. Р., филология ғылымдарының докторы,  
профессор;

НУРҒАЛИ Р. Н., ҚР ҰҒА-ның академигі.



ҚазАқпарат  
Алматы  
2006

ББК 83.3 Қаз  
Қ 18

## М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІ ҰСЫНҒАН

Редакциялық алқа:

**Егеубаев А.К.**, филология ғылымдарының докторы, профессор;  
**Қасқабасов С.А.**, ҚР ҰҒА-ның академигі;  
**Қирабаев С.С.**, ҚР ҰҒА-ның академигі;  
**Кәжішев Т.К.**, филология ғылымдарының докторы, профессор;  
**Ысмағұлов Ж.**, филология ғылымдарының докторы, профессор.

**Жауапты шығарушы:**

**Т. Әлбеков**, филология ғылымдарының кандидаты.

Қ 18 Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық, 6-том.  
Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2006. – 610 бет.

ISBN 9965-654-06-9

«Қазақ әдебиеті тарихының» алтыншы томында ХХ ғасырдың басындағы әдеби процесстерге талдау жасалды. Сол кезеңдегі әдебиеттің даму ерекшеліктері сарапталып, белгілі сөз зергерлерінің мұралары зерттелді. Қытапта халық поэзиясы өкілдерімен бірге Алаш қайраткерлері қалыптастырған жана әдебиеттің сол кезеңдегі жай-күйі және өркендеу жолы, ұласу заңдылықтары қарастырылды.

ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің шынайы рухы, ұлттың азаттығы мен елдің тәуелсіздігі жолындағы өзекті арқауы патшалық Ресейдің отаршылдығы тұсында да, кенестік саясат кезінде де ашылмай, айтылмай келген еді. Ұлттық әдебиеттің ұлы туңғалары Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатовтан бастап бірқатар көрнекті туңғалардың туындылары арнайы талданды. Тәуелсіздік алғанға дейін әдебиет тарихындағы орны жете сараланбай келген Ғұмар Қараш, Жиенғали Тілепбергенов, Бернияз Күлеев, Нарманбет Орманбетұлы сынды бірнеше ірі ақындардың шығармашылығы зерттелді.

Томға библиографиялық материалдар сұрыпталып ұсынылды.

К 4603010000  
452(05)-06

ББК 83.3 Қаз

## КІРІСПЕ

Он томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» төртінші, бесінші және алтыншы кітаптары тұтас бір деуріндегі әдеби процесстің ішкі-сыртқы заңдылықтарын саралап көрсетумен қатар, социалистік реализм әдебиеті алдындағы көркемсөз шежіресін де қамтиды.

Бұл белесті кезеңде әдебиеттің өз уақытына сай жедел дамыған, жаңғыру үрдісі кең, мазмұны барынша бай әдебиет болуымен ерекшеленеді. Әр жылдарда оның тарихи-теориялық мәселелері де жан-жақты байсалды зерттеліп отырды. Академиялық зерттеу еңбектерінің ішінде 1961 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» үштомдығының тұтас бір кітабы осы ХХ ғасыр басындағы әдебиеттің тарихына арналған еді. Осы кезеңнің әдеби талдаулары өткен ғасырдың өзінде көрнекті әдебиетшілердің жарыққа шығарған жинақтарында жарияланды. М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б.Шалабаев, Т.Нұртазин, М.Қаратаев, С.Қирабаев, З.Қабдолов, М.Жармұхамедұлы, т.б. әдебиет зерттеушілердің еңбектерінде талданды. ХХ ғасырдың басындағы көркем шығармалар да қазіргі заманғы қазақ әдебиетінің тарихында елеулі із қалдырды, әрі олар ХХ ғасырдың бастауында тұрып, әдебиеттің одан әрі дамуына жол ашқан еді.

Ғалымдар мен әдебиетшілер осы кезеңдегі әдебиет тарихына арналған еңбектерін әр жылдарда жариялап жұртшылық назарына ұсынып отырды. Бұл орайда С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» (1932 ж.), С. Мұқановтың «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932 ж.), т.б. еңбектер өз мәнін жоғалтқан жоқ. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты академиялық көптомдық зерттеу еңбегі әдебиет тарихын, оның ішінде ХХ ғасыр әдебиетінің шығармаларын зерттеудегі межелі бір белес болса, одан кейінгі кезеңдерде де ХХ ғасыр әдебиеті жайында белгілі ғалымдардың, қаламгерлердің

көрінісіне жол ашты. Қазақ әдебиеті тарихының алтыншы томы осындай басты-басты сипаттарымен ерекшеленеді.

Алтыншы томды әзірлеуге әдебиеттанудың көрнекті мамандары қатысты. Осы дәуір заңдылықтары туралы терең із қалдырған ірі зерттеушілердің көзқарастары мен еңбектері де ұжымдық зерттеу ісінде өзіндік орнын тапты. Көптеген ақындардың шығармалары мен өмірбаян деректері туралы қысқа тұжырымды шолу дәйектері ұсынылды. Оң бес көрнекті ақынға арнайы монографиялық портреттер (сымбаттамалар) әзірленді. Алтыншы томның алғысөзін, кіріспесін («XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті») филология ғылымдарының докторы, профессор, зерттеу жобасының жетекшісі А.Қ.Егеубаев жазды. Жалпы шолу бөлімінде ұсынылған Алаш ардагерлері, 1917 жылға дейінгі қазақ әдебиетіндегі цензура, әдеби байланыстар туралы тармақшаларды, жекелеген ақындар шығармашылығы туралы тармақшаларды, ақындардың өмірбаяны мен шығармашылық қызметі жөніндегі деректемелерді филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Тіленов, филология ғылымдарының докторы, профессор З.Бисенғали, филология ғылымдарының докторы, профессор З.Сейітжанов, филология ғылымдарының докторы, профессор С.Дәуітов, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ө.Әбдіманұлы, филология ғылымдарының кандидаты Ж.Шалғынбай, филология ғылымдарының кандидаты, Т.Әлбеков, филология ғылымдарының кандидаты Қ.Раев, филология ғылымдарының кандидаты А.Қалиев жазды.

Монографиялық тараулардың авторлары: ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор С.Қирабаев («Сұлтанмахмұт Торайғыров», «Спандияр Көбеев»), ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Р.Нұрғали («Әлихан Бөкейханов»), филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Ысмағұлов («Ахмет Байтұрсынұлы», «Міржақып Дулатов»), филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Кәкішев («Сәбит Денентаев»), филология ғылымдарының докторы, профессор М.Базарбаев пен филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Әбдіғазизұлы («Шәкәрім Құдайбердіұлы»), филология ғылымдарының докторы, профессор М.Жармұхамедұлы («1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты туған поэзия»), филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Мәшһүр Жүсіп («Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы»), филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Әбдіғазизұлы («Нарманбет Орманбетұлы»), филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Тебегенов («Тайыр Жомартбаев», «Тұрмағамбет Ізтілеуов»), филология ғылымдарының кандидаты Қ.Сыдықыұлы («Ғұмар Қараш», «Әкірәм Ғалымов»), филология ғылымдарының докторы С.Бәйімеш («Жиенғали Тілепбергенов»), филология

зерттеу еңбектері мен көзқарастары түрлі деңгейде жарияланып отырды. «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Октябрь алдындағы кезең» (Хрестоматия, 1983), «XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті» (1994), «20–30 жылдардағы қазақ әдебиеті» (1997), Б.Кенжебаевтың «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», «Бес ғасыр жырлайды» (3 т. 1985), т. б. бірқатар еңбектерде осы кезеңнің негізгі сипаты сараланды. Сонымен бірге, кеңестік идеологияның салдарынан, саяси шілдердің кесірінен нақ осы тұстағы ұлттық әдебиеттің езежарды идеясы мен ерекшеліктері толық толымды зерделеніп ашылмай қалғандығы да шындық.

1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін оның алдындағы Алаш ұранды әдебиет, ұлттық-демократтық бағыттағы өзге де туындылар мен жазушылар еңбектеріне көзқарас өзгерді. Біртіндеп қуғын-сүргін науқанына ұшырап, ұзақ жылдар бойы қапаста қалды.

XX ғасырдың басындағы әдебиет тынысын зерделеуге арналған бесінші томда бұрынғы зерттеу жұмыстарына да методологиялық тұрғыдан назар аудара отырып, көптеген әдеби мұралар жана көзқарас тұрғысынан бағаланды. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жылдарында рухани дүниенің жаңғыруына, әдебиетті жана ұлттық таным өресінен тануға ұмтылыс басымдықпен жүргені аян. Сол мақсатқа көптеген бұрыннан мағлұм шығармалар мен авторлардың дүниетаным тұжырымдары тарихи шындыққа сәйкес талданды. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті мен қазақ қоғамының тарихы арасындағы жанды байланысқа баса назар аударылып, содан туындайтын көркемдік шындық пен тарихи шындықтың аражігіне жете көңіл бөлінді. Жана реалистік, демократтық-ағартушылық әдебиет пен дәстүрлі әдебиеттің өзара үндестігі мен көркемдік-эстетикалық бағыттары ескерілді. Ұлттық әдебиетті жедел дамытқан Ахмет Байтұрсынұлов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Сәбит Денентаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәкен Сейфуллин тұлғалары мен әдебиеттегі мәртебелі жанашылдық қызметіне арнайы назар аударылды. Сол арқылы Алаш ұранды кезеңнің көркемдік шындығы зерделенді. Ұлттық әдебиеттің өрісін кеңейтіп, өресін биіктеткен бұл ұлы жанашыл дарындардың дәстүр жалғастығы XX ғасырда да қанағат қалды. Абай мектебі, Абай дәстүрі мен дүниетанымды XX ғасырдан бастап жана қазақ әдебиетінің алтын арқауына айналды. Осы кезеңде қазақ әдебиеті жанрлық, түрлік тұрғыдан, мазмұн мен халықтық мұрат жағынан жедел өсіп өркендеді. Әдебиеттің поэтикасы байыды, тәжірибесі молықты. Баспасөз бен әдебиет байланысы артты. Қоғам мен әдебиет аралығындағы байланыс барынша айқындық сипат алды. Әдеби байланыс өрістеді. Тұтастай алғанда, XX ғасырдың басында әдебиет жана сипаттармен толысып, ұлттық сананың сара

ғылымдарының кандидаты, доцент **С.Ергөбек** («Мұхаметжан Сералин»), филология ғылымдарының кандидаты, доцент **С.Қорабай** («Абайдың әдеби мектебі»), филология ғылымдарының кандидаты **С. Жәмбеков** («Бернияз Күлеев»).

XX ғасырдың басындағы әдеби мұралардың қолжазбаларына ғылыми сипаттамалар мен библиографиялық көрсеткіштерді дайындауға институттың Абайтану және жаңа дәуір әдебиеті бөлімінің аспиранты **Ж.Құжманова** мен аға лаборант **З.Тоқсанбаева** қатысты.

## XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Қазақ әдебиеті тарихындағы өзіндік ерекшелігі басым тұстардың бірі – XX ғасыр басындағы он бес-жырма жыл. Бұл кезең шиеленісті қоғамдық-саяси оқиғаларға толы болды да, мәдени-рухани дүниеде күрделі де шешуші құбылыстарды тудырды. XIX ғасырдың соңына қарай қалыптасып, өзіндік даму сатысына көтерілген ағартушылық, демократтық бағыттағы әдебиет қайраткерлеріне енді жаңа XX ғасырдың табалдырығында туындаған қазақ халқының ұлттық-әлеуметтік сан алуан мәселелеріне араласып, сан-салалы ұлттық маңызы зор тақырыптарды қозғауына тура келді.

Бұл кезде қазақ жері тұтастай Ресей империясының отаршылығына өтіп болған еді. Ресей билігіне біржолата түскен қазақ елінің көкейкесті тарихи мәселелерін саяси жолмен, Ресей Думасына қатысу, Ресейде білім алған қазақ зиялыларының қайраткерлігі арқылы жүзеге асыруға талап жасау көзқарасы байқалып келе жатты. Бірақ бұл шын мәнінде сұға кеткен тал қармайдының көріндей әлжуаз, келешегі көмескі әрекеттер болатын. Ресей ықпалына біржолата көшкеннен кейін, ол мемлекеттің ішкі-сыртқы шиеленісті жағдайларының барлығы Қазақ еліне де тікелей әсер етті. Бірінші орыс революциясы (1905 ж.), Бірінші дүние жүзілік соғыс (1914 ж.), патша самодержавиясы мен большевиктер партиясының арасындағы текетпес тудырған ахуал, қазақ жеріне орыс переселендерінің бұрынғыдан да көптеп келуінің үдей түсуі, түрлі қуатты саяси ағымдар мен партиялардың қазақ жеріне де дендеп ене бастауы қазақ қауымының тіршілігін ширек ғасырдан астам уақыт бойы аласапыранға түсірді. Бұл кезең сипатын Ілияс Жансүгіров «Абайдың ата заманы» деп атай отырып, қазақ елінің қоғам құрылысына, шаруа түріне сырттан өзгеріс кіре бастаған кез деп бағалады. Ол өзгеріс –

– орыс патшасына бодан болып, орыс тәртібімен басқарылу өзгерісі дейді. «Қырдың шаруашылығына өзгеріс кіргізе бастаған сауда капиталының базары қырды кимелеп жаулаумен келіп кіргенін» айтады. «Қыр қазағын жаулап алып, бодан еткен орыс патшасы елге өзінің билеу тәртібін кіргізді, өз өмірін, өз тәртібін іске асырып отыратын өз адамдарын қойды. Сонымен елдің төбесі де, төресі де өзгерді» дей келе, Ілияс Жансүгіров енді қазақтың бұрынғы ақсүйектері, ханзадалары, ру жуандары патша үкіметінің елдегі тірегі болып, көмек, қолдауды орыстардан алып тұрғанын сипаттайды. Елдің билігіне, өз үстемдігіне таласқандар орысқа арқа сүйенетін әдет шыққандығын, енді ру ағалары, ақсүйектер патшашылданып, орыс әкімдеріне айналғандығын жазады<sup>1</sup>. Бұл да қазақ қауымының ортасындағы қайшылықты күшейте түскен өзгеріс еді.

Осы кезеңдегі әдебиеттің даму зандылықтарының басты сипаттарын профессор Бейсенбай Кенжебаев өткен ғасырдың алпысыншы, тоқсаныншы жылдарда жарық көрген зерттеу еңбектерінде мүмкіндігінше толымды көрсетіп берді. «XIX ғасырдың ортасынан бастап Қазақстанда да капитализм дәурен сүрді»<sup>2</sup> деп түйіндеген ғалым XX ғасыр басындағы саяси-әлеуметтік жағдайдың алғышарттарын мынадай деректермен байланыстырады. «1904 жылғы орыс-жапон соғысы, Россиядағы 1905-1907 жылдардағы буржуазиялық-демократиялық төңкеріс, 1914-1918 жылдардағы бірінші империалистік соғыс, қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, 1917 жылғы ақпандағы буржуазиялық-демократиялық төңкеріс, сол жылғы Қазан төңкерісі – осының бәрі Россияда империализм өркендеуінің нәтижесі еді.

Сөз жоқ, бұл экономикалық зор өзгерістер, саяси күрес, көтерілістер, сұрапыл соғыстар, төңкерістер өз кезеңдерінде қазақ арасындағы оқу-ағарту жұмыстарына, қазақ тілінде шыққан кітап, журнал, газеттердің мазмұнына, ақын-жазушылардың көзқарастарына, қазақ әдебиетінің бағытына үлкен әсер етті»<sup>3</sup>. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің үрдісін сол тұстағы қазақ қауымының саяси-әлеуметтік ахуалынан бөліп қарау мүмкін емес. Әдеби шығармалардың көркемдік-идеялық табиғатын, жанрлық түрлену ерекшеліктеріне дейінгі ішкі құбылыстарын тек қоғамдағы қарым-қатынастар мен сол мазасыз дәуірдегі дүниетаным аясында ғана парықтауға болады. Ал бұл кезең қазақ қауымы үшін аса күрделі тарихи белес еді.

<sup>1</sup> А. Құнанбайұлы. Толық жинағы. А., 1933, 8 – 12-бб.

<sup>2</sup> Б. Кенжебаев. Жылжымасыншы жылдардағы қазақ совет әдебиеті. А., 1961, 19-б.

<sup>3</sup> Б. Кенжебаев. XX ғасыр басындағы әдебиет. А., 1993, 4-б.

Нак осы белесте алашшылдардың көкейкесті мүддесі бой көрсетіп, біртіндеп қозғалыс қатарын түзеіп, Алашорда қайраткерлері ықпалды әлеуетті күшке айнала бастады. Большевиктер партиясының да қазақ жеріне тамыр жайып, белсенді күшке ие болуы қарама-қайшылықты үдете түсті. Сөйтіп екі ғасырға жуық мерзімді қамтыған Қазақстанның Ресейге қосылуының ұзақ процесі аяқталып, Ресейде қанат жайған империализмнің темір құрсауы дала өміріне шенгелін еркін салды. Капиталистік қарым-қатынас, сауда-сағтық, өндірістік баю мүддесі, соған сүйенген қатыгез отарлаушылық саясатының күллі зардаптары шарықтау шегіне жетті. Шортанбай, Дулағ болжап жырлайтын зар заман елесі шын көрініске айналды. «Ақша» деген мал шықты. «Қазақ жері дарқан бай өлке екені танылып, жыртқыштық түрде пайдалану, талан-таражға салу, тегін пайда, оңай олжа табу аймағына айнала басталды. Кен байлықтары бар жерлерде тұрпайы концессиялар ашылды, пайдакүнемдер ағылып келіп жатты, шұрайлы жерлер тартылып алынды, жергілікті бай-феодалдар мен патша үкіметінің әкімдері елді бұлтартпай басқару, тонау, езгілеу, ұлттық ой-сана мен мәдениеттің дамуына мүмкіндік бермеу істерін жүргізу жүйесін нығайта түсті»<sup>4</sup>.

Осындай түбегейлі өзгеріс тұсында қазақтың ұлттық әдебиеті де түлей түскендей еді. Солай десек те, ендігі жерде ұлттық әдебиеттің «бодандығы» айқын сезіліп, цензура, қадағалаудың құрсауы қатты бұре түсті. Жана-жана ашылып, бой түзей бастаған қазақ баспасөзі мен баспа орындары, кітаптары ашық қыспаққа ұрынды. Соған қарамастан, ұлттық әдебиеттің идеялық-көркемдік бағыттары, ақындық мектептер мен ағымдар бұрынғыдан да айқындалып жана тақырыптарға барды. Жер, ел тегі, тәуелсіздік, оқу-ағарту, қалың халықты ояту – бұл аралықтағы әдебиеттің өзекті тақырыбына, өзекжарлы сезіне айналды. XIX ғасырдағы күрделі рухани толысу үрдісі әдебиет пен өнердегі ағартушылық, демократтық бағытқа алып келіп, одан әрі өрісін кеңейтуге бастаса, енді, XX ғасырдың басында, Еуразия кеңістігінде туындап отырған пәрменді саяси-төңкерісшіл дүмпулер мүлде жана, кей жағдайларда күтпеген тосын мәселелер мен ой-толғамдарды алға тартты. Қоғамдық-саяси партиялар өз алдына дербес буын қатайтып үлгірмеген, заман үлгісіндегі ел қайраткерлері аз қазақ қоғамында әдебиеттің, әлеуетті әлеуметтік көркем сөздің, ақын-жазушылардың қызметі елді ұйытып, бұрын-сонды болмаған бастаушылық мәнге ие болды.

Бірінші орыс төңкерісінің халық ішіне жеткен дүмпулерінен кейінгі тұста қазақ даласында көптеген газеттер, журналдар мен

<sup>4</sup> Ш. Сатпаева. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. А., 1994, 4-б.

кітаптар әр түрлі таралыммен түрлі деңгейде жарық көріп таралды<sup>5</sup>. 1907–1917 жылдар аралығындағы он шақты жылда «Қазақ газеті», «Серке», «Қазақстан», «Ешім даласы», «Қазақ», «Айқап», «Алаш», «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Үш жүз», т.б. түрлі басылымдар жарыққа шықты. 1918–1919 жылдары Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов негізін қалаған «Абай» журналы аз уақытта ұлттық әдебиет пен мәдениетті жаңа белеске көтере алды. Бірі жарық көріп, енді бірі тоқтап қалып, үздік-сөздік сипатта жарияланған бұл мерзімді басылымдарда әдебиет, әлеуметтік мәселелері негізгі өзекті ұлттық тақырыптардың қатарында көрінді. Түрлі көзқарастар айтылды. Орынбор, Қазан, Семей қалаларындағы баспадардан кітаптардың жарық көруі жиіледі. Бірақ, бетбұрысты серпінімен жарияланғандай көріңген басылымдардың көбінің тағдыры ауыр болды. Олар көп табан тіреп тұра алмай, бірінен соң бірі жабылып, бірінен соң бірі тоқтап қалып жатты. Бұл орайда қауым арасында біршама кең қанат жазып, ықпал еткен, қазақ қоғамының шындығын айқара ашқан ұлттық мүддесі жоғары баспасөз орындары «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналының тарихи орны аса зор. Ахмет Байтұрсынов («Қазақ» газеті) пен Мұқамеджан Сералиннің («Айқап» журналы) басшылығымен шыға бастаған газет пен журнал қазақ әдебиетінің, қазақ елінің келелі зору мәселелерін ұғынықты түрде тарихи ахуал аясында талдап жазып отырды. Тығырықты тұстағы қазақ халқының ары қарай даму, ілгері басу жолдарын көрсетіп беруге тырысты. Екі басылымның арасындағы туындаған пікір қайшылықтары мен айтыс-тартыстар да түптеп келгенде, сол кездегі әлеуметтік-саяси жағдайдың ерекшелігінен туындаған еді. Бұл басылымдар біршама ұзақтау мерзімде тұрақты жарық көріп, ел ішінде зор беделге, ерекше ықпалға ие болса, «Қазақстан» секілді газет небәрі екі жылдай ғана шығып тұрды. Жарық көрген баспасөз материалдарының, көркем публицистика мен әдебиеттің ара жігі тұтасып кеткендей еді. Сөз өнері толайым қазақ ахуалын, қазақ халін жырлап, сипаттауға, алдағы бұлдыр күндерден жол іздеуге бағытталғандай әсер етті. Әдебиетте қатар түзеген ұлы дәстүрлі суреткерлер тобы көркем әдебиет пен публицистиканы, ұлттық саяси-қоғамдық көзқарасты жарыстыра дамытты.

1904 жылы ұлы Абай Құнанбайұлы дүниеге салды.

Ақынның шығармаларын хатқа түсіру қолға алынды. Абайдың әдеби хатшысы Мүрсейіт (Нүрсейіт) Бікеұлы 1905 жылы ақын өлеңдері мен қараөздерін араб әліпбиімен көшіріп шықты. Бес жылдың ішінде ұлы ақын шығармаларының үш қолжазбасы

<sup>5</sup> Х. Бекхожин. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. А., 1964.

Б. Жақыл. Қазақ публицистикасының қалыптасып, даму жолдары. А., 2004.

(1905, 1907, 1910) түзілді. 1909 жылы бұл шығармалар Санкт-Петербургте «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұлының өлеңі» деген атпен жеке кітап болып басылды. Жинаққа кірген Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаевтың «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі» атты макаласы күні бүгінге дейін күнделік еңбектердің қатарында бағаланады. Кітапты бастырып шығаруға Кәкітайдың құрдасы, сырлас досы Әлихан Бөкейханов бастамашы, жебеуші болғаны мәлім. Абай мұралары Орынборда (1916), Қазан мен Ташкентте (1922) жинақ түрінде жарық көрді. Ташкентте жарық көрген басылымды шығарушылар Абайдың бұл кітабы Қазан басылымынан кейінгі үшінші басылымы екендігін, ақын өлеңдері оқушыларға, білім беру саласына аса қажетті болғандықтан, Білім беру комиссиясы жөделдетіп жариялатып отырғандығын көрсетіп жазды. Кітапты әзірлеуді мойнына алған Нәзір Төрешұлының «әр түрлі әлеуметтік» істермен қолы тимегендігін, кітап біраз кешеуілдеп тұрғандығын, әйтсе де тездетіп бастыру, тоқтатпай шығару жағынан Нәзірдің тікелей ықпалы тигендігін айтпады. Абайдың бұл кітабын «дұрыстаушылар: Халил Дос – Мұхаммедов пен Уәли – Хан Омаров»<sup>6</sup>. 1916 жылы Орынборда жарық көрген «Абай термесі» жинағын қатарға қоссақ, бұл, әрине, ақын шығармаларының төртінші басылымы. Айналасы он үш жылдың ішінде, төрт қайыра жарыққа шығару сол кездегі жағдайды ескергенде ерекше ықыласты танытады. Бұл, әрине, қазақ елінің рухани өміріндегі ұлы құбылыс еді. Бұған дейін де, сол тұста да қазақ кітаптары әр түрлі дәрежеде жарияланып тұрса да, бір ақынның шығармашылық өмірі мен қызметіне ерекше ықылас танытып, осындай жүйелілікпен жариялап, насихаттау ұлттық әдебиет тынысындағы ілгерішілдік жаңалық болатын.

Алаштың ардақты ардагерлері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсыновтар қазақтың бас ақынының мұрасы жөніндегі терең танымдық шығармаларын жариялатты. XIX ғасырдың соңында қазақ әдебиетінің бұрын-соңды болмаған асқар биігіне көтерілген Абай дәстүрі, реалистік көркемдік таным дүниесі осыдан кейінгі ұлттық сөз өнерінің мұратын, мақсатын, бітім-пішінін біржолата айқындап, бекітіп кетті. Абайдан соңғы қазақ әдебиеті реалистік сипатын тапты, жаңа бағытта өріс кеңейтті. XX ғасырдың алғашқы он-жиырма жылындағы қазақ әдебиетінде Шәкәрім Құдайбердиев, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов шығармалары жоталанып көзге түседі. Міржақыптың «Оян, қазақ!» кітабы «Қалың елім, қазағым» деп тебіренген, іші қанжылай еміренген Абайдың өзеқжарды

<sup>6</sup> Абай. Ыбырай Құнанбайұлының таңдамалы өлеңдері. Түркістан Республикасының баспасөз таратушы мәжілісі. Ташкент, 1922 жыл, 1-б.

мұның жалғасы сынды, ұлт жігерін одан әрі қарай қайрау іспетті шықты. Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөненбаев, Мұхаметжан Сералин, Бернияз Күлеев, Спандияр Көбеев сынды тұлғалы таланттардың ақындық шабытты шақтары мен қоғамдық қайраткерлігінің белсенді күндері осы кезеңге тұспа-тұс келді.

Әдебиет тарихынан мәлім әр жанрдағы көркем әдеби мұраларға, көркем әдеби, публицистикалық жазбаларға қарағанда, XX ғасырдың басындағы ширек ғасыр қазақ әдебиетінің бөз қалпында даралық танытқан, халық таңдырынын өртіне түсіп, санасынан сартап болған ұлттық мүдденің тізгінін қолына алған сәті деп қараған дұрыс. Бір жағынан, Ресей патшасының бодандығында болғанымен, 1905-1907 жылдардағы дүрбеленді кезең, Ресей үкіметінің, большевиктер партиясының тегеуірінінен әлсіреп, алыс-жақынды бүріп ұстаған шенгелінің «босансып», байтал түтіл бас қайғының кебін киген тұсында бодан елдердің көзі ашық зиялы өкілдері өз ұлтының, елінің ендігі келешетін ойлап, алғы күндердің қамын жей бастаған секілді. Екіншіден, қазақ ортасының ішкі даму жөні де пісіп-жетіліп, осындай бір күрделі де қайшылықты кезеңге аяқ басқандығы анық-ты. Әдебиет қашанғыдай осы үрдістің өзегіндегі құбылыстардың тамырын басты. Сөйтіп, XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті идеялық сарындарымен де, көркемдік ізденістерімен, жанрлық бітімімен де, алуан қырлы тақырып, сан сырлы мазмұн, сазымен де ұлттық әдебиеттің өзіндік бітімін білдіреді. Өкініштісі, нақ осы он бес-жиырма жылдағы қазақ әдебиеті шығармалары әдебиет тарихында өзіне лайықты тиісті бағасын толық ала алмады. Қазан төңкерісінен кейін, советтік жүйе тізгінді біржолата қолына қаратқаннан соң, екі ғасыр арасындағы, екі заман жалғасындағы «өліара» кезеңдегі қазақ әдебиетінің ақиқаты мейлінше теріске шығарылды, бұрмаланды, бірте-бірте түнекке тасталып, қапас қақпасы тарс жабылды.

Бұл тұстағы қазақ әдебиетінің күллі сипаты мен даму заңдылықтарының көріністері, өзіндік кемшілік-жегістіктеріне қарамастан, қазақ топырағындағы ұлттық көркем сөз өнерінің табиғи болмысын танытады. Жаратылысынан қазақ елінің мүддесін талғаған әдебиеттің әрі қарайғы даму жолы да айқын, өрісті болатын. Заман беті теріс бұрылды. Бірте-бірте әдебиет те кеңестік кептің тезіне түсті. Бұл кезенді бөліп алып қарастырудағы мақсат әдебиет тарихындағы әр белесті кездің, мерзім жағынан ұзақ-қысқалығына қарамастан, өзіне тән заңдылықтарын жан-жақты ашып қарастыруды көздейді.

XX ғасыр басындағы әдебиет шамамен ширек ғасырлық уақытты қамтыса да (шартты түрде Қазақ АССР-і құрылған 1920 ж. дейін), Совет әдебиеті дәуірі хронологиялық тұрғыдан 1917 жылдан бастап саналатындықтан, «1900-1917 жылдардағы әдебиет» деп нақтылап

алуға тура келеді. Екі ғасыр аралығында қазақ әдебиетінің ерекшелігі де мол болды, сонымен қатар осы кезеңдегі әдеби үрдіс, көркемдік таным заңдылықтары қазақ тарихының да елеулі беттеріне шындық сәулесін түсіреді. Сондықтан да болу керек, қаншама тыйым салынды, сол тұстағы ірі-ірі қайраткер ақын-жазушылар саяси қуғын-сүргін құрбаны болды дегеннің өзінде, бұл кезеңдегі әдебиеттің көкейкесті мәселелеріне әдебиетшілер әр уақыт айналып соғып, мән беріп отырды. Дегенмен, бұл дәуір әдебиетіне ашық ұлттық мүдде биігінен қарауға тек КСРО ыдырап, Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан бергі жылдарда, Алаш қайраткерлері ақталғаннан бертіңгі кезде ғана мүмкіндік туғаны тарихи шындық.

Солдай десек те, өз тұсында XX ғасырдың басындағы әдеби процесс біршама зерттеліп, түрлі сапалы ғылыми еңбектер де, зерттеу, оқулықтар да жарық көрді. Сол қысқа мерзімді тұстағы қазақ қаламгерлерінің шығармалары мен көзқарастары хақында әр қилы бағалар беріліп келді. Сәбит Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932 ж.), Бейсенбай Кенжебаевтың «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» (1958 ж.), «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» (1956 ж., 1993 ж.), Есмағамбет Ысмайыловтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1941 ж.), Белгібай Шалабаевтың «Қазақ прозасының тарихы» (1968 ж.), Әнуар Дербісалиннің «Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті» (1966 ж.), Тұрсынбек Кәкішевтің «Сын сапары» (1971 ж.), «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (1994 ж.), Айқын Нұрқаовтың «Абайдың ақындық дәстүрі» (1966), Бүркіт Ысқақовтың «Қазақ-татар әдеби байланысы» (1976), «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Октябрь алдындағы кезең. Хрестоматия» (1983), Зейнол Бисенғалиевтің «XX ғасыр басындағы қазақ романы» (1997 ж.), Дикан Қамзабекулының «Алаш және әдебиет» (2002), т.б. монографиялық кітаптар мен оқулықтарда бұл кезең әдебиеті әр қырынан қарастырылды. Қазақ ССР Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдар ұжымы бастырып шығарған «XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті» (1994 ж.), «Қазақ әдебиетінің тарихы» (II т. 2 кітап, 1965 ж.) сынды іргелі еңбектерде де бұл тұстағы әдеби үрдіс ерекшелігі арнайы қозғалды. Академиялық «Қазақ әдебиетінің тарихы» (II т. 2 кітап, 1965 ж.) басылымының үлкен міні – осы XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін егжей-тегжейлі саралап бағалай алмады. Сол тұстағы саясаттың пәрменімен бірқатар жансақ тұжырымдарға жол берді. Көптеген шығармалар мен ақындар, ағартушылар туралы жеткілікті түрде сөз болмады немесе мүлде ауызға алынбады. Енді бір шығармалар (мыс. М.Сералиннің «Төңжарған» дастаны) қисыңсыз мінелді.



XX ғасыр басындағы қазақ ортасындағы ұлттық әдебиет тынысы қандай еді? Нақ осы тұста жазба әдебиеттің білікті де білімді, дүниетанымы кен өрісті, әлемдік әдебиеттің үздік үлгілерімен жақсы таныс, өз елінің өткені мен болашағы жайлы заман ағымында толғанған ақындар мен жазушылардың қуатты толқыны, кесек дарынды суреткерлердің шоғыры бой көрсетті. Сол толқынның белортасында Шәкәрім, Міржақып, Мағжан, Ахмет, Жүсіпбектер тұрды. Осы аса әлеуетті толқынның шығармалары арқылы қазақтың ұлттық әдебиетінің жана кезені замана сөзін айтты. Қазақ өлеңінің мазмұны да, өрнегі мен рухы да жана толғаммен шыға бастады. «Оян, қазақ!» сол ұлттық поэзияның жана күнінің бөрілі байрағындай жұрт көңілін аударды да тұрды. Небәрі жиырма жасында Қарқаралы петициясына бел шешіп, білек сыбанып қатысқан Міржақып Дулатов (1885-1935 ж.ж.) алғашқы өлең, публицистикалық макалаларымен қалың қазақ елін жаңашылдыққа, тек жатпауға, оянуға үндеді. Уфа қаласындағы «Шарқ» баспасы «Оян, қазақ!» кітабын шығарғаннан кейін-ақ (1909 ж.) ақынның азаматтық үні алысқа естілді. «Міржақып неге отырсың қалам тартпай» деген сауалды тебіреніспен басталған толғамды ой қазақты бірлікке, тірлікке шақырған қуатты публицистикалық поэзия арқауына, азаматтық толғамға ұласады.

Бірлік жоқ алты ауызды халықпыз ғой,

Қатардан сол себепті қалыпсыз ғой! —

деп, Абай сөздеріне үн қосып, Абай күніренісіне жауап іздегендей болады. «Ғылым мен мағрифатты керек қылмай», «надандық шәрбатына» қанған түнектен шығудың жолын іздейді. Салбөкселікті қой, жата бермей «Оян!» дейді. Міржақып поэзия тілінде Ресей бодандығына кірген жылдарды, қазақ жерінің жат қолына өтіп болған жылын атап көрсетеді. Айтылуға, халық жадында қалуға тиісті даталар мен деректерді ақын осылай да жұрт есіне салғандай екен. Абайдың қоғамдық-философиялық күңіреністі ойларынан кейінгі леп, жігерлі қадам осы еді. Қазақ қауымының бар болмысын, үмітті күндері мен күйікті түндерінен кейінгі ақын «Оян, қазақ!» демеске болмайтын-ды. Абайдың рухани суреткерлік мектебінен дәріс алып шыққан ақындар қазақ қамын осылай толғана ойлаған-ды.

Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов есігін ашқан дана Абайдың реалистік суреткерлік дәстүрі жоталанып көрінді, абайтанудың тұғырлы іргетасы қаланды.

XX ғасыр — қауырт қоғамдық құбылыстар мен метаморфозалар ғасыры. Тарихи ұлттық сана түлеп, жаңғырықты. Алаш тұлғаларының қоғамдық сананы біржолата жана белеске көтеріп

кетуі әдебиеттің түбегейлі мүдделерін айқындап бергендей еді. Жана каламгерлер, жана қоғам, ел қайраткерлері шықты. Саяси күрестің манызы артты. Сонымен бірге, қоғамдық қарым-қатынастардың жеделдеуі, баспагерлік істің қанат жаюы, әдебиеттегі әртүрлі көркемдік-жанрлық терен түлеулер эстетикалық танымның жанашылдығына бастады. Осы тұста кәсіби әдебиетке тән басты жанрлардың бәрі де әртүрлі деңгейде көрінді. Әдеби сын да, әдебиеттану, прозаның кесек жанрлары, аударма, драматургия тосын жаңалық болуымен бірге жедел даму үрдісін танытты.

ӘДЕБИЕТТАНУ, ӘДЕБИ СЫН. Әдеби мұраларды жинақтап, жариялау және әдебиеттану, сын сипатындағы туындылар XX ғасыр басында жана сапалық қырынан өріс кеңейтті. Оған ұлттық баспасөз бен кітаптардың жиірек шыға бастағандығы да ықпал етті. Баспасөз беттерінде жана жарық көрген кітаптарды сипаттаған, мазмұндаған, жарнамалаған хабар-ошарлар жарық көре бастады. Ондай материалдарда көбінесе авторды таныстыру, жарияланған шығармалардың мәнін түсіндіру, шыққан кітаптың артық-кемшілігі, мағынасы, бағасы, қайдан қалай сатып, жаздырып алуға болатындығы айтылып отырды. Белгілі деген жазушылардың, зиялы қауым өкілдерінің өмірбаян мағлұматтарын, қазанамаларын жазып жариялау әдетке кірді. Зиялылардың өмірі мен қызметі туралы очерктер, портреттер жазыла түсті. Сондай шағын баспасөз жарияланымдарында әдебиет туралы, әдеби шығармаларға көзқарас ыңғайындағы, түрлі шығармаларға тиісінше баға берген сөздер кездесе бастады.

Әдебиеттану сипатындағы дүниелер бұрын «Түркістан уәлаяты», «Дала уәлаяты» сынды басылымдарда, түрлі ведомостарда тиіп-қашып көрініп тұрса, XX ғасырдың басындағы ұлттық баспасөз беттерінде енді мақсатты түрде жарияланды. Бұл орайда, әсіресе, «Қазақ», «Айқап» беттеріндегі әдебиеттану, кітап сыны туралы сөз оқырманна өзінше бір бағыт берді. «Қазақ» газетінде бір сөздің тарихи мағынасы туралы жазылған доктор Халел Досмұхамедовтың «Алаш» не сөз?» деген шағын ғана аңдатпасының өзі тілтану, әдебиеттану саласындағы қызығушылықты, тіл тарихына үнілуді көрсетеді. Небәрі он-он бес жолдық газет хабарында тілдің келелі мәселесі көтерілген. Сонда: «Қазақтың» 12 нөмерінде «Оқшау сөз» жазған «Қыр баласына» жауап: Орал облысында Уральски казачи войскаға қараған қалмақтар бар. «Қы р б а л а с ы н ы н» ө т і - н і ш і (сөзді ежіктеген біз — авт.) бойынша, «Алаш» деген қалмақ тілінде сөз бар ма? Мағынасы қазақша не болады?» дегенімде қалмақтар айтты: «Қалмақ тілінде «Алаш» деген сөз бар, қазақша мағынасы — өлтіргіш, аямаушы, жаугер» деп. «Алаш» деп қалмақтар жақтырмаған орында айтады. Жаны ашымай, хайуанатты көп

өлтiре беретiн аңшыларды да қалмақтар «Алаш» деп атайды»<sup>7</sup> деп жазды доктор Халел Досмұхамедов. Бұған қарағанда, Алаш қайраткерлерi осы сөздiң төркiнiне көдiмгiдей зерттеу жүргiзген тәрiздi. Оны «Қыр баласының», Әлихан Бөкейхановтың «Алаш» сөзi туралы талдауынан да аңғарамыз. XX ғасырдың басында Алаш сөзiнiң казак ұлтының, бiрлiк-берекенiң ұраны етiп алынғандығы да Ә.Бөкейханов көзқарасынан<sup>8</sup> айқындала түседi. Ол Дештi қыпшақты, Сiбiрдiң күнбатыс жағын, осы күнгi Сарыарқаны, Едiл-Жайық өлкесiн иелiк еткен Жошының ұлысына алты рулы ел қарағандығын түсiндiре келiп, «Жошы ұлысының ұраны «Алаш» болыпты. Жошы ұлысында алты ру болғандықтан, «Алты Алаш» болады» деп пысықтайды Ә. Бөкейханов, «Алаш» сөзiне негiзiнде ел адалы, «Отан кiсiсi» деген мөндi жүктейдi. Осы тақырыпта да «Алаш» сөзiне қатысты көзқарасын пысықтайды. Кейiннен «Алаш» әрi ұран, әрi партия аты болғаны тарихтан мөлiм. Сол жолда алдын-ала тiлдiк сараптама жасалғаны, лингвистикалық зерттеу сипатындағы iзденiстер болғандығы осы шағын деректен де сезiледi.

Әдебиеттiң жаналықтарын, жарияланған шығармалар мен кiтаптарды таныстырған, мағынасын ашқан ағымдағы сыни көзқарас, сын пiкiр, оқырман пiкiрi сынды дүниелер жарық көрiп отырды. «Роман бәйгесi»<sup>9</sup> деген мақалада редакция атынан: «Газетамыздың 117 нөмiрiнде Есенғұл қажының хаты басылды. Ол кiсiнiң жарысқа түсетiн романдарды *сынауға* шақырған кiсiлерi әр қаладан болғандықтан, бастары қосылуы мүмкiн еместiгi көрiнедi. 120 нөмiрде бұл туралы Әлихан хаты басылды. Әлиханнның пiкiрiнше, кiтаптар *сынышларға* почтамен кезек жiберiлiп, әр қайсысы арнап *сын* жазып, сонан кейiн Есенғұл қажының көрсетуiмен бiрнеше адам бiр жерде қарап шығуы лайық көрiндi» деп жазылыпты. «Сын», «сыншыдан сыншыға» жiберу деген сөздер еркiн айналымда қолданылады. Демек, роман сыны, сөз сыны, кiтап сыны баспасөз беттерiнде толық тұрақтанып үлгiргендiгiне күмән жоқ. Бұл жерде жаңа әдебиеттiң, кәсiби табиғаты айқындала түскен әдебиеттiң сыны, «әдеби сын, шығарма сыны» туралы сөз қозғалып отырғандықтан, ұлттық эстетикада әлiмсақтан бар «сын» ұғымын қаузап қайталау артық. Жаңа әдебиеттiң кәсiби бiлiктiлiк белгiлерiн бiлдiретiн бiрқатар мақала, талдау пiкiрлер XX ғасыр басындағы әдебиеттiң құбылысты жаңалығы ретiнде құнды.

<sup>7</sup> Х. Досмұхамедов. «Алаш» не сөз? // «Қазақ» газетi, 1913, №15, 23 мамыр.

<sup>8</sup> Ә. Бөкейханов. Қазақтар, 1910.

<sup>9</sup> Түрк баласы // «Қазақ» газетi, 1913, №2, 10 ақпан; №3, 17 ақпан; №5, 9 наурыз; №7, 22 наурыз; №9, 6 сәуiр.

<sup>10</sup> Роман бәйгесi // «Қазақ» газетi, 1915, №122, 26 сәуiр.

Абай шығармаларының Ташкентте жарияланған (1922) үшінші басылымына «дұрыстаушылардан» беташар сөзін жазған «Халил Дос - Мұхамметов пен Уәли - Хан Омаров»<sup>11</sup> ақын мұрасының текстологиясы мен басылымдарына байланысты көкейкесті пікірлерін білдірді. Әсіресе, ақын шығармаларының алғашқы басылымының кем-кетіктерін нақтылап көрсетіп берді, жана басылымда өздері ұстанған көзқарасты әдеби тұрғыдан айқындап түсіндірді. Абай өлеңдерінде кездесетін Арқа өңіріне ғана тән сөздер туралы, парсы тілінен, орыс тілінен енген сөздерге қатысты өзіндік ұстанымдарын ортаға салған. Шығармаларын жариялауда назар аударатын ерекшеліктерге тоқталған. «Интернатта орысша оқып жүрген» қазақ балалары туралы кейбір өлеңдерді бұл басылымда алып қалғандарын білдіреді. Сонымен бірге, Абай шығармаларының халықтық мәніне көңіл бөліп, жалпы жұртқа бірдей түсінікті, сауатты басылуының маңызын мегзейді. Бұл, әрине, сол тұстағы мандайалды әдеби сын мақалалардың бірі еді. Әлихан Бөкейхановтың «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі» Шөкәрім Құдайбердіұлы, «Жана кітаптар»<sup>12</sup> атты мақалалары да қазақ тарихына қатысты кітаптың мән-мағынасын ашқан еңбек болды. Жүсіпбек Аймауытов Ахмет Байтұрсынұвтың «Тіл құралы» оқулығы, жазу емлесі туралы мақаласын<sup>13</sup> жариялағты, Шөкәрім Құдайбердіевтің «Шежіре»<sup>14</sup> кітабына пiкiр бiлдiрдi. А. Байтұрсынұвтың «Тiл құралына» М. Дулатов та сын пiкiр бiлдiрген мақаласын<sup>15</sup> жариялапқан. Жарық көрген кiтаптар туралы пiкiрлер ұлттық баспасөз беттерiнде әртүрлi деңгейде жарияланып тұрғаны байқалады. Сонымен қатар бiрқатар кiтаптар мен жарияланымдар туралы бiрнеше көзқарас жарық көрiп, бiрнеше авторлардың пiкiрлерi тоқайласып отыралы. Бұл да әдеби сын табиғатына тән белгiлер. Ондай iрiлi-ұсақты баспасөз жарияланымдарынан таныстыру, түсiндiру, аннотация, рецензия, шолу түрiндегi әдеби сынның, әдебиет зерттеудiң кәсiби нышандары айқын танылды.

Бұрынырақ, әр кезде жазылып, газет, журнал беттерінде жарық көрген жеке әдеби тұлғалар туралы шығармашылық-ғұмырнамалық тұжырымды сымбаттамалар желісі де — осы кезеңнің жана үрдісті құбылысы. Міржақып Дулатовтың «Шоқан Шыңғысұлы Уәлихан (1837-1865)», «Хазірет Сұлтан», «Григорий

<sup>11</sup> Абай. Ыбырай Құнанбайұлының таңдамалы өлеңдері. Түркістан Республикасының баспасөз таратушы мәжілісі. Ташкент, 1922 жыл, 1 б.

<sup>12</sup> «Қазақ» газеті, 1913, №12, 28 сәуір; 1915, №112, 15 наурыз.

<sup>13</sup> Желкек. Жазу мәселесі. Шөкәрім ақсақалға // «Қазақ» газеті, 1915, №114, 28 наурыз.

<sup>14</sup> Желкек. Шөкәрім ақсақалға // Қазақ, 1916, №168, 9 ақпан.

<sup>15</sup> М.Д. Тіл құрал // «Қазақ» газеті, 1915, №93, 4 қаңтар.

Николаевич Потанин», «Абай»<sup>16</sup>, Ахмет Байтұрсынұовтың «Қазақтың бас ақыны»<sup>17</sup>, Мұхамеджан Сералиннің<sup>18</sup> «Тәржіман» газетінің редакторы И.Гаспринскийдің еңбектері туралы, Мұстафа Шоқайдың «Әубәкір Диваев»<sup>19</sup> сынды мақалалары ғылыми дәйекті көзқарастарымен, мол деректілігімен ұлттық әдебиеттанудың негізіне тұғыр болып қаланды. Жүсіпбек Аймауытовтың тақырып аясы мейлінше кең болып келеді. «Қазақ» газеті «Хохол тілінің мәселесі»<sup>20</sup> деген мақала жариялап, Ресей отарындағы ұлттар тілінің проблемасы жайында мәселе көтерілті. Мұндай сымбаттама мақалалар осы тұста көп жарық көрді әрі қазақ әдебиеті мен мәдениетінің өкілдерімен қатар қал-қадерініше басқа елдердің ірі қайраткерлерінің, қазақ әдебиетіне қатысы бар шығыс, орыс, түркі тілдес ұлыстар қаламгерлерінің шығармашылықтарын да қамтып отырды. Жеке шығармашылық тұлғалар жөніндегі еңбектердің ішінде Жүсіпбек Аймауытовтың (Мұхтар Әуезовпен бірігіп жазған) «Абайдың өмірі және қызметі», «Абайдан кейінгі ақындар» мақалалары<sup>21</sup> әдебиет тарихында кесімді орын алады.

Сондай-ақ қазақ әдебиетінің тарихына, теориялық мәселелеріне, тіл тазалығына, тіл тарихына, фольклорлық мұралар жайына, эпос, батырлық жырлар секілді әдеби мәселелерге тереңдеп барған ғылыми пайымдаулар да кездеседі. Оған белгілі қалам иелері мен бірге таныла қоймаған талапкерлер де атсалысты. Мысалы, «Айқап» журналына ашық хат<sup>22</sup> жазған А.Күзембаев «Қырық мысал», «Бакытсыз Жамал», «Оян, қазақ!», «Гүлкашима», «Топ жарған», «Шайыр» кітаптарына сын жаза отырып, Шығыс әдебиетінің нұсқаларынан, қазақ әдебиетінің үлгілерінен жарияланған шығармалар жайлы да ой түйіп, тіл тазалығы мәселесіне пікір қосады. Райымжан Мәрсекөвтың<sup>23</sup> «Қазақ әдебиеті жайынан» жазған мақаласы қазақ әдебиетін дәуірлеу мәселесіне дейін тереңдеп, көркемдік тұрғыдан өзгеше талғамы биік талдаулармен ағастырған. Ол әдебиетті дәуірлеуді үш кезенге бөледі. Біріншісі – «ескі замандағы, қазақ арасына жазу

<sup>16</sup> «Қазақ» газеті, 1913, №16, 31 мамыр; 1914, №71, 73,76,77; 1915, №150,

21 қыркүйек

<sup>17</sup> «Қазақ» газеті, 1913, №39, 40,43.

<sup>18</sup> *М.Сералин*. Жуырда орны толмастай өлім//Айқап, 1914, №17, 257-б.

<sup>19</sup> *М.Шоқаев*. Әубәкір Диваев// «Қазақ» газеті, 1915, №156, 31 қараша.

<sup>20</sup> Хохол тілінің мәселесі // Қазақ, 1915, №163, 31 желтоқсан.

<sup>21</sup> «Абай», 1918, №2,3.

<sup>22</sup> Айқап, 1914, №4, 65-б.

<sup>23</sup> *Р.Мәрсекөв*. Қазақ әдебиеті жайынан// «Қазақ» газеті, 1915, №112, 15 наурыз; №113, 19 наурыз.

таралмай тұрғандағы кез», екінші дәуірі – «жазудың халық арасына көбірек таралған заманы» дейді. Ал «Абай марқұмнан бері қарай қазақ әдебиетінің үшінші дәуірі басталды» деп жазды Р. Мәрсекөв «Қазақ әдебиеті жайынан». Үшінші дәуір үлгісі ретінде Абай мен Алтынсарин өлеңдерінен мысал келтіріп талдайды, осылар кейінгі «тузу жолға» түскен әдебиетке, жас ақындарға өнеге болды деп түйеді. Газет Р.Мәрсекөвтың әдебиет туралы көпшілік алдында жасаған баяндамасын мақала түрінде ұсынған. «Қыр баласы» деген бүркеншік атпен Әлихан Бөкейханов жазған өте көлемді «Қара қыпшақ Қобыланды» мақаласына газет «Сын» деген айдар тағып жариялаған. Әлихан Бөкейханов бұл мақаласында күні бүгінге дейін маңызды әдеби-тарихи мәселелерге талдау жасаған. Қобыланды жырының тарихи деректілігі негізін саралайды да, көптеген тарихи тұлғалар заманын салыстыра келіп, Қобыланды өмір сүрген заман, ол қатысқан жорық, соғыстарды анықтауға ниет етеді. «Жыр басында Көбікті қалмақ еді, енді хан болып тұр. Ноғай жұртының ханы «Көкөтай асы» деген бір жыр бар. Мұны Шоқан орысша жазған. Қобыланды жырындағы Көбікті хан осы Көкөтай хан болмасын. Бұл Көкөтай жыры қырғыз айтатын «Манас» жырының бір тарауы» деп жырдан мысал келтіріп түсіндіреді. «Жоғарыда жазғанымынан анық болар «Қобыландыда» ақын қосқан, тарихқа келмейтін көп қосымша бар. Қазақ тарихына қатысты сөз «Қобыландыда» аз көрінеді»<sup>24</sup> деп тұжырым түйеді. «Қобыланды» жырының сөздерін, Шоқан еңбектерін, Шөкәрім шежіресін, тарихи мағлұматтарды ғылыми айналымға тартады, салыстырмалы талдау жасайды. Міне, XX ғасыр басындағы әдебиеттану туындыларының бір сипатты көрінісі, сөз ләмі мен мәнері осы ыңғайда болып келеді. Әлихан мырза жырдан халықтың тұрмыс-салты, тіршілігі, ерекшелігі заманына сай, уақытына лайықты көрініп тұру керектігін айтып, «Қобыландыдағы» сондай тұстарды, сөздерді, өлең тармақтарын беттерімен атап-түстеп көрсетеді де, кейін қосылған, кейінгі жырлаушы кейбір ақын-жыраулардың жанынан қосқандарын аршып білдіреді. Тайбурылдың шабысын сипаттайтын рефренді «Бұл жақсы өлең, «Қобыландыны» алғаш шығарған шын қазақ ақынының сөзі-ау!» деп сүйініш айтады. Абай сынына жанасатын өлеңдер мыналар деп көптеген жыр парақтарының санын тізіп келіп, «Қобыландыны» шығарған кісі тегінде жақсы ақын екен деген сөз осы өлеңдерге қарап айтылған болар» деп болжайды. Ә.Бөкейханов жырдың бертіңгі нұсқаларында батырлы мұсылмандыққа «қаратқан» сөздердің, «Сал-сал», «Зарқұм» секілді өлеңдердің жетегінде жүрген «құл және надан ақындар қосқан» қосақталған қоспалардың бар

<sup>24</sup> Қыр баласы. Қара қыпшақ Қобыланды. // «Қазақ» газеті, 1915, №126 – 129.

екендігін ашып көзге тосқан. «Қобыланды» қазақ тілінде тұңғыш басылған жыр» дей келе, кітаптың басылым безендірілуіне де, баспаға ұсынушыларға да сын көзқарасын білдірген. «Зарқұм», «Сал-сал» баспасын орысша «макулатура», яғни бақалшы жолы дейді. Шоқан кітабы басылған жол «литература жолы атаналды» деп қорытады. Бірінің көздегені – оқушыдан «алым алу», екіншісі ғылым жолы екендігін түсіндіреді. Мақалада кітаптың безендірілуі туралы да сөз бар. Жырда суреттелетін Тайбурыл қандай, кітаптың сыртындағы сурет қандай деп сұрақ қойған Әлихан Бөкейхан батыр мен аттың суретіне де біраз орынды сын айтады. «Кітаптағы ат – орыстың «тяжеловоз» дейтін жүк аты. Шабандығы өгіздің аз-ақ алдында» дейді. «Кітап бетіндегі суретте Қобылекең бір нашар бақалшы болып салынған. Қобыланды батыр мұрнынан айрылып пұштып тұр» деп, қазақтың «Ат ерінді, ер мұрынды келеді» дейтін мақалын есіне алады. «Орыстың үш бағырын салған Васнецов шебердің картинасы бар. Бұл ашық хаттың сыртына басылып, 5 тиынға сатылады. Осы орыс батырларының суреттеріне қарасақ, Қобыланды батырға мінгізген боз айғыр Добрыня Никитичтікі, Қобыланды батыр өзі – Алеша Попович, күн салып қарауы Илья Муромец көрінеді. Бұл менін жоруым рас болса, «Қобыландыны» басқан басқарма адасқан. Бұл ұят. Мұны мәдени жұрттарда ұрлық дейді. Кітапты қайта басқанда Қобыланды батырдың өзінің суретін де, атының суретін де жырдағы жазуға дәл қылып басу керек. Тайбурылды таялөзов айғырға айырбастағанға қазақ көзі уялады». Сондай жырда айтылатын Қараспан, Ындылуы таудан бастап Балалы тау, Жайыққа дейінгі ондаған жер-су аттарын тізіп көрсетіп, жер-су нем кісі аттарын кітапты қайта басқанда аяғына әліппе тәртібімен басса һәм кітаптың қайсы бетінде кездесетінін көрсетсе деген тілек қосады. Ғылыми талап. Қазан қаласындағы «Умид» мәтбуғасынан 1914 ж. «Қара қыпшақ Қобыланды» кітабының жарық көруіне орай жазған Әлихан Бөкейхановтың бұл мақаласына арнайы тоқталудағы мақсат – сынды ғылыми негізділігін, әдебиеттанушылық мақсат-мүддесін аңғарта кету. Сонымен бірге осы мақалада, сол тұстағы кітап бастыру эстетикасы да, ұлттық мүдде де, әдеби процесітегі қарама-қайшылықты ағымдар қақтығысы да жақсы аңғарылады. Жырдың тарихи негізділігі мәселесі терең де тәлімді түрде әділ қозғалған. Сол кездің өзінде жыр мен тарихи шындықтың сәйкестігі мәселесінің көтерілуі әдеби-танымдық үрдістің қаншалықты терең қарастырыла бастағандығын көрсетсе керек.

Жана дәуірде келе бастаған соны жанрлар туралы да осы кездегі әдебиет туралы сөздерде пікір қозғалды. Әсіресе, роман жанрының сипаты, негізгі белгілері жөнінде түрлі көзқарастар (Арысұлы. «Роман не нәрсе?», Қазақ, 1914, №48, 31 қантар; Талапкер.

«Роман жарысы туралы», Қазақ, 1914, №56, 57, 30 наурыз, 4 сәуір.) жарияланып тұрды. Сол тұста енді ғана бой көрсете бастаған драмалық шығармалар туралы да пікір қозғалып тұрды. «Айқап» журналының бірнеше санында жарияланған «Манап» драмасы туралы баспасөзде С. Сейфуллин, М. Дулатов бастап пікір қосты.

Осы кезеңде баспасөз беттерінде жүйелі түрде көрінген фольклор туралы мақала, талдаулар әдебиеттанудың келелі бір саласын қамтыды. Мақал-мәтелдер, ертегілер мен жұмбақтар, қазақ ауыз әдебиеті материалдары бойынша тарихи шолу ниетіндегі талпаңтар, тарихи шындық пен көркемдік шындық арақатынасы мәселелері туралы бірқатар еңбектер жарық көрді. Алашұлы Азамат деген бүркеншік атпен «Айқапта» жарияланған мақаласында Міржақып Дулатов<sup>25</sup> Абылай хан туралы ел аузына жинақталған деректерге назар аударатырып, Абылай және оның айналасы мен заманы туралы тарихқа бойлайды. Потаниннің қазақ тіліндегі ертегі әңгімелерді, аңыздарды жинап жүргендігі, А. Баржақсинның қазақтың 1300 мақалын жинап орыс тіліне аударғаны, баспадан шығармақ талаптары сөз болады. «Айқап» журналы жұмбақтар мен мақал-мәтелдер, ертегілер туралы әлденеше мақала, мәтіндер жариялап, пікір қозғаған.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан»<sup>26</sup> атты мақаласы – әдеби сынның белесті үлгісі ретінде әдебиет тарихында өз орны бар еңбек. Бұл мақалада жеке кітаптар туралы қысқа пікірлерден қазақ өлеңінің даму үрдісіне сараптама жасауға ұмтылыс көрінді. Әдеби сынның тынысы кенігендігі байқалды. Шығармашылық үрдістегі тағы бір жаңашылдық сипат ретінде акын, жазушылардың ғылым, мәдениет, қоғам дамуы жөнінде күрделі проблемаларды түбегейлі шешуге құлшыныстарын атауға болар еді. Олар мақала, пікір, ой қосу ыңғайындағы түрлі оқшау сөз, публицистика, көркем әдеби шығарма шегінен шығып, сүйекті ғылыми талдауларға, күрделі оқулықтар жазуға атсалысты. Жүсіпбек Аймауытовтың – психология, Мағжан Жұмабаевтың педагогика ауылындағы, әскери дәрігер Халел Досмұхамбетовтың ежелгі түркі жазбалары, әдебиет тарихы жөніндегі, белгілі бір мамандық салаларындағы ірі ғылыми еңбектері, монографиялары – XX ғасыр басындағы қазақ білім беру саласындағы ірі қадамдар. Бұл ұлтжанды ардагерлердің жанкешті ренессанстық рухтан туған әрекеттері еді. Сонымен бірге білікті, жан-жақты терең білімді тұлғалардың айтауға, жазбауға дәлі жетпеген, ұлтқа қажеттілігін жан-дүниесімен сезініп барып атқарған ізденістері деп қараған жөн. Және сол еңбектер ұлттық ғылымның, ғылыми тілдің

<sup>25</sup> А. Алашұлы. Хан Абылай // «Айқап», 1912, № 6, 7.

<sup>26</sup> «Айқап», 1913, №19, 20, 22, 23.

қалыптасып, өркендеуіне мұрындық болды. Мағжан Жұмабаев «Педагогика» атты ғылыми жұмысының кіріспесінде «Мен педагогика майданында бейгі алып жүрген жүйрік емеспін»<sup>27</sup> деп бастап, осы еңбегін жазғанына кешірім сұрағандай кішірейеді. Мағжанның «Педагогикасы» сол кезеңдегі таза қазақ тілінде ұғынықты, тілге жеңіл, санаға сертек тиетін, ғылыми негізді бірден бір оқу куралы еді.

Әдебиет пен тіл өнері хақында ғылыми негіздемесі берік еңбектерін жазған Ахмет Байтұрсынов зерделі көзқарастарымен зерттеу ісін ғылыми жүйеге түсірді. Ол – қазақ халқының рухани дүниесін жанғыртып, ұлттың тарихи санасын түлеткен дара да дана дарын.

Ол қазақ танымын әлемдік өркениеттің аса күрделі де шырғалан үрдісті жолына бастады. Уыздай ұылжып тұрған қазақ мәдениетін адамзаттық алуынды таным мектебінен өткізіп, бұғанасын бекітті, қанатын қатайтты. Шоқан, Абай ұлықтаған ұлттық сананы өркениет көрігінде суарды, замана заңғарына шығарды, шындады.

Ғұламаның білікті де саналы қызметі мен іргелі еңбектері қазақ білімі мен мәдениетін жиырмасыншы ғасыр мәртебесіне бөледі. Аяулы ойшылдың туған халқына деген махаббаты, ұшқан ұя, қара орманына деген құрметі әрбір жазбасында жүрек нұрындай мөлдіреп тұнып тұр. Ұлттық алфавитті жүйелеуден бастап, қазақ ғылымы мен ағартушылық ісін дамытудағы жүйелі сөз, дарынды шығармалары білім мәртебесін ұлықтап, ел мерейін өсіре берері хақ.

Білім пірінің сонау 1895 жылы жариялатқан қазақ халқының ырым-нанымдары мен мақал-мәтелдері туралы тырнақалды зерттеуі күні бүгінге дейін рухани құндылығын сақтап қалды. Өткен бір ғасыр ішінде талай ғылыми талдауларға арқау болды. «Әліб-бей», «Тіл қуралы», «Маса», «Әдебиет танытқыш» кітаптары мен мәдени мұралар туралы, білім беру мен оқу ісінің әдіс-амалдары жайлы шығармалары Қазақ елінің қазіргі рухани тәуелсіздігін нығайтуға тікелей негіз қалап отыр. Бүгінгі білім беру, ағарту, мәдениет саласындағы ұлан-ғайыр істердің бастау көзі де, бойын түзер жұлын омыртқасы да, Ахмет Байтұрсынов дүниетанымы.

Әдебиеттану саласындағы алғашқы іргелі зерттеуі – «Қазақтың бас ақыны» Абай тұлғасының халықтық қасиетін ұлықтайды. Қастерлі ақындық құбылыстың қыр-сырын саралап, эстетикалық тегін зерделеген ғылыми-зерттеушілік көзқарасы Абайтану мектебінің іргетасына айналды.

Ахмет Байтұрсынов қаламынан шыққан «Жоқтау», «Ер Сайын»

(1923 ж., Мәскеу) сынды зерттеу кітаптары – ежелгі әдеби мұраларды ұлттық мүдде орайында танудың үздік үлгісі. Кітапта жинақталып, талданған жиырма үш жоқтау, әсіресе, Қазыбек би мен Абылай ханды, қазақтың асыл ұлдарын жоқтаған әдеби мұралар – ел тарихының қазыналы парақтарын айқара ашқан асыл дүниелер. Асан Қайғы, Нысанбай жырау, Бұдабай ақын, Наурызбай би, Алтыбас, Шортанбай, Байтоқ, Сүгір, Мұрат, Шернияз, тағы басқа ондаған тұлғалы жыраулар мен шешендік сөз зергерлері қазақтың Бас ғалымы Ахмет Байтұрсынов талдаулары арқылы тұңғыш рет кәсіби білікті әдеби зерттеу нысанасына ілінді.

Қазақ баспасы тарихында тұңғыш рет аударма кітап шығарудың көшбасшысы. Ұлттық мақсаты барынша айқын, көптаралымды ірі басылым «Қазақ» газетінің ұйымдастырушысы, бас редакторы. Алаштың ардақты қайраткерінің бұл реттегі қызметі мен талант қыры жөніндегі сындарлы баға әлі де айтылары анық.

Қазақ әлеміндегі заманауи құбылыс Ахмет Байтұрсыновтың дара тұлғасын тану, талантты мұраларын ел игілігіне жарату ісі енді ғана бастау алды. Еліміз тәуелсіздік алған аз уақытта бұл мақсатта көп істер, шаралар атқарылды. Шығармалары, ғылыми зерттеулері жарияланды, бұғаудағы сөзі, бодандықтағы мұрасы бостандық алды. Әйтсе де, тарихи танымның, білім қызметінің уақытпен бірге есейіп, уақытпен даритын қадір-қасиеті бар. Қоғам қайраткерінің бірқағар мұралары әлі де болса назардан тыс қалып келеді. 1923 жылы жазды деген (Мұқтар Әуезов жазбаларынан мәлім) «Мәдениет тарихы» кітабының қолжазбасы дерексіз. Оның үстіне ұстаз, ағартушы, мемлекет қайраткерінің әдеби-тарихи мұрасын кәсіби біліктілікпен сініру қазіргі мамандардан, ұрпақтан тиісті деңгейдегі қабілет, білімді талап етсе керек.

XX ғасырдың басындағы әдеби процестің жаңалығы әдебиет пен тілдің тарихи өрі теориялық келелі мәселелеріне кеңінен қозғау салып, әдебиеттанудың олан әрі қалыптасып дамуына жол ашуы болды. Әдебиет тарихы мен теориясына қатысты көзқарастар жогаланып көрінді. Шығыс пен батыс әдебиетін жақсы білетін, қазақ әдебиетінің мұралары мен дәстүрін жете таныған білімді қалам иелері шықты. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, С.Ғаббасов, Ә.Ғалымов, С.Дөңентаев, М.Жолдыбаев, Т.Жомартбаев, М.Көшімов, М.Ж.Көпеев, Ғ.Қарашев, Ш.Құдайбердиев, С.Сейфуллин, М.Сералин, С.Торайғыров, т.б. көптеген алаш зиялылары ел және жер мәселесімен бірге әдебиет пен мәдениет жайлы ойларында мақалалары мен хабарларында «Айқап», «Қазақ» секілді баспасөз беттерінде ортаға салып отырды. Жарық көрген кітаптардың денінде кездесетін соңғы сөз, алғы сөз, түсіндірмелер де – әдебиеттану мен сынның көрінісі. Ондай мақала, сөздер жинақтар мен кітаптарға да батыл қосыла түсті. Мысалы, Семейдің

<sup>27</sup> М.Жұмабаев. Шығармалар, 3-т. – А., 1996, 222-б.

«Жәрдем» баспасынан жарық көрген «Шын мақсұттар» кітабына шығарып, таратушы Баймұхаммед Айтқожаұлы «Ескі ақындар», «Абай қандай?» деген тараулар қосқан. Ал 1916 жылы Орынбордың «Дін уа мағишат» мәтбуғасынан шыққан «Абай термесі» кітабына бастырушы Самағ Әбішұлы «Ойлы жұртым» деген сөздерін тіркеген. Ал алаш қайраткерлерінің, зиялы азаматтардың сол тұстағы әдеби зерттеу, әдеби сын еңбектері өзгеше өзіндік библиографиялық желі құрайды. Бұл тұстағы әдебиеттану мен әдеби сын еңбектерінің өлі де қарастырылып, талданбаған, ғылыми айналымға қосылмаған тақырыптары мол. Олар XX ғасыр басындағы он бес – жиырма жыл аумағындағы әдеби процесстің кен тынысын, ұлттық кенеулі сипаттарын танытады.

**ДРАМАТУРГИЯ, АУДАРМА ЖӘНЕ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ.** Әлем әдебиеті тарихында ең ежелгі құбылыс саналатын драмалық шығармалар қазақ әдебиетінде, керісінше, кейіндеу кенжелеп келді. Рас, халық әдебиетінің ежелгі нұсқаларында драмалық, сахналық түзілімдердің ертеден көрініп, бағзыдан тамыр тартқандығы зерттеулерде орынды тұжырымдалады. XIX ғасырда да драмалық шығармалардың табиғаты көпшілік алдындағы сахналық көріністерден, айтыстардан, әншілік, сал-серілік өнер құбылыстарынан көрініп отырды.

**Д р а м а т у р г и я** – негізінде, шын мәнісінде қазақ әдебиеті үшін XX ғасырда орнығып, өте жедел дамыған жанр. Профессор Б. Кенжебаев XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті туралы зерттеуінде бұл тұста қазақ әдебиеті «өзінің кадры жағынан да өсті, маманданған әдебиетке айнала бастады» дей келіп: «Үшінші, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде жана әдебиеттік жанрлардың туа бастағаны аңғарылады. Бұрын, XIX ғасырда, қазақ әдебиеті тек өлең, жыр болып келетін, бірыңғай поэзиялық әдебиет болатын еді. XX ғасыр басында қазақ әдебиетінде тың, жана әдебиет жанрлары туды: бірді-екілі прозалық (повесть, роман), драмалық шығармалар көрінді» деп атап көрсеткеніндей, жана тұрпатты туындылар жариялана, ел алдында сахнаға шығарыла бастады. Бұл құбылыс әдебиетке түрлік, жанрлық жаңалықтар мен соны сапалық сипаттар әкелді. Бұрыннан белгілі жанрлар іштей түлеп-түрленіп, заман ағымына қарай ширығып ширай түссе, енді бір жанрлар тыңнан туды. Хикаялық дастандарда, эпостарда, ертегі, аңыздарда байқалатын қарасөз нышандары жана кәсіби әдебиет тұсында роман, әңгіме, хикаят сынды соны жанрлардағы шығармаларда жарқырап ашылса, әдебиеттің дамуымен бірге әдебиеттану, әдеби сын, аударма, драмалық шығармалар да бұғанасын бекітіп, қанат қатайтты. Әдебиеттің ел арасындағы ықпалы, кітаптардың жетіспейтіндігі, сонымен бірге көркемдік даму үрдісі әдеби туындылардың сахналық нұсқаларына зәрулікті тудырды. Әдеби

кештер, айтыстар мен әнші ақындар өнерімен қатар, енді белгілі шығармаларды сахналау дәстүрге енді. Драматургия тарихы мен теориясының білікті зерттеушісі, профессор Рымғали Нұрғалиев бұл орайда: «Бұрынғы кезде әр түрлі той-томалақта, сауық кештерінде «Ғазиза», «Бақсы», «Жер дауы», «Малдыбай», «Үйшік-үйшік» секілді қолжазба күйінде тараған шағын пьеса, инсценировка үлгілері қойылып жүрген»<sup>28</sup> – деп жазды. Бірте-бірте ұлттық драманың алғашқы туындылары ел ішінде таралды. XX ғасыр басындағы драмалық шығармалар, әдеби туындылардың сахналық көріністері туралы деректер сақталып қалған. Сол замандағы ұлттық баспасөз беттерінде Ағбасарда 1916 жылы Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» шығармасының сахнаға қойылғаны<sup>29</sup>, Көлбай Тоғысовтың «Надандық құрбаны» пьесасы<sup>30</sup> 1915 жылы басылып шыққандығы, Ташкентте мұсылманша театр<sup>31</sup> ұйымдастырылғаны, 1914 жылы Семейде өткен қазақша әдебиет кешінде Біржан мен Сараның сахналанған көрінісі<sup>32</sup> қойылғаны жан-жақты сипатталып жазылған, сол жолы Жанак ақын мен баланың айтысы да ел алдында ойналғанын, Жанактың ролін – Әлмағамбет, баланың ролін Ғабділхамит Ыбырай Алтынсарин баласы атқарғанын айтады. Бұл хабарларда белгілі рөлдерді ойнаған адамдардың аты-жөндері аталып, қалай атқарып шыққандықтары туралы баяндалады. «Сарыарқа» газетінің 1917 жылғы 19 маусымдағы № 2 нөміріндегі «Игілік іс» деген хабарына қарағанда, Абай ауылында Шәкәрім Құдайбердіұлының «Еңлік-Кебек» пьесасын<sup>33</sup> Құнанбаев сахнаға шығарады. Түскен қаржы Қытайдағы қазақтарға көмекке беріледі. «Талап» ұйымының мәдени шаралары. Шәкәрім қажының «Жолсыз жаза» («Еңлік-Кебек») кітабы 1912 жылы «Жәрдем» баспасынан шыққаны мәлім. Дастан. Сол шығарманың желісі деп танығандықтан хабар жолдаған «Талап» ұйымының азаматы Шәкәрімнің пьесасы көрсетілді деп жазуы өбден мүмкін. Осы жерде газет хабарының анық-қанығын зерттеу қажеттігі аңғарылады.

Әдебиет тарихында Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасының қазақ қауымы ортасындағы алғашқы сахналық қойылымы 1917 жылы өткендігі белгілі. Зерделеп, пысықтай түсетін ғылыми мәселе. «Еңлік – Кебек» 1922 жылы Семейде «Ес-Аймақ» труппасының сахнасында Жүсіпбек Аймауытов

<sup>28</sup> Р. Нұрғалиев. Арқау. А., 1991., 2 т., 384-б.

<sup>29</sup> Д. Шопаров. Ағбасарда театр // «Қазақ» газеті, 1916, № 166, 24 қантар.

<sup>30</sup> Сонда. 1916, № 170, 24 ақпан.

<sup>31</sup> Мәрия. Мұсылманша театр // Алаш, 1916, № 5, 31 желтоқсан.

<sup>32</sup> Қазақша бастапқы ойын // Айқап, 1915, № 5, 77-79 бб.

<sup>33</sup> Ү. Субханбердина. Қазақ. Алаш. Сарыарқа. – А., 1993, 185-б.

режисерлігімен қойылғанын пысықтап жазған профессор Бағыбек Құндақбаев: «Театрдың алғашқы даму кезеңінде М.Әуезовтың қаламынан туған пьесалар түгел қойылып, тұңғыш репертуардың әдеби негізін қалады.

Драмалық шығармаларға енгізілетін редакциялық өзгерістер көбінесе пьесаның сахналық дайындығы кезінде жүргізіледі. Осыған орай «Еңлік-Кебектің» 1922 жылы Орынбор қаласында жеке кітап болып шыққанын 1-нұсқа деп жүрміз. Сақталған театр құжаттарына қарағанда, бұл пьесаның 2-нұсқасы сияқты. 1-сі баспада басылмағандықтан бізге жетпеген. Бәлкім, алғашқы пьеса халық п о э м а с ы н ы н сахналық жүйесі (инсценировка) болуы да мүмкін<sup>34</sup> – деген ойын білдіріп, 1922 жылғы «Еңлік-Кебек» түзетіліп, өңделген нұсқасы екендігін қалап айтады. Зерттеулерде М. Әуезов «Еңлік-Кебектің» бірінші нұсқасының қолжазбасы жоғалып кеткендігі ескертіледі. «М.О.Әуезовтың қолжазба мұрасы» (1977)<sup>35</sup> атты жазушы мұрағатының сипаттамасында да алғашқы нұсқа туралы дерек кездеспейді.

Жалпы, «Еңлік – Кебек» трагедиясы – ел ішін түршіктіріп өткен оқиға. Қаншама әңгіме, аңызға, ауызекі сөзге айналған хикаят. Трагедия талқысы халық санасында күні бүгінге дейін тұнып келеді. «Дала уәлаяты» газетінде 1892 жылғы «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» деп жарияланған трагедия бірнеше шығармаға негіз болды. Поэма, драма, прозалық әлденеше нұсқалары бар. Ұлттың тарихи санасынан мықтап орын алған тағдырлар. Академик Рымғали Нұрғалиев дүние әдебиетінде бірталай ұлы шығармалар халық аңызы негізінде туғандығын айта келіп, Гетенің «Фауст» трагедиясының тарихи өзегіне үніле отырып, «Еңлік – Кебек» трагедиясының түрлі жанрлардағы нұсқаларының арақатысы мен даралығына, көркемдік құбылыс эволюциясына терендеп талдаған зерттеу жүргізді. Ғалым бір «Еңлік-Кебек» трагедиясы арқылы қазақ драматургиясының өсіп өркендеу жолына, поэтикасына зер салады. Осы талдауда Мұхтар Әуезовтың «Еңлік – Кебек» драмасының Шөкәрім қажының «Еңлік – Кебек» дастанымен сабақтастығын, даралығын, жаналығын талдап көрсетеді<sup>36</sup>. Мұхтар Әуезов драмасының алғашқы, кейінгі 1922 жылғы (Орынборда жарияланған), 1943 жылғы, 1956 жылғы нұсқаларын өзара салыстыра талдап, шығармашылық сырларын ашады. «Дала уәлаяты» газетінде жарияланған прозалық өзекті хикаяны Мағауия, кейін Шөкәрім қажы (1912) өз дастандарында және Мұхтар Әуезов драмасында барынша жетілдіре түскендігін

<sup>34</sup> 20–30 жылдардағы қазақ әдебиеті. – А., 1997, 1-кітап, 113-б.

<sup>35</sup> М.О.Әуезовтің қолжазба мұрасы. – А., 1977.

<sup>36</sup> Р. Нұрғалиев. Арқау. – А., 1-т., 1991. 27 – 30 бб.

таразылаған.

Халық әдебиетінің түрлі шығармаларында ежелден нышандары, белгілері қылаң бергенімен, бұрын болмаған драма жанрының күрделі қалыптасу процесі, даму жолы осындай әдеби жаңалықтар мен құбылыстардан көрінеді. 1912 жылы жазылған Б. Серкебаевтың «Бақсы», «Ғазиза», И. Мендіхановтың «Малдыбай» пьесалары хронологиялық жағынан жанрдың алғашқы қарлығаштары қатарынан саналады.

XX ғасырдың алғашқы ширегінде Әкірам Ғалымовтың «Май мәселесі» (тағар тілінде жазған, 1913) комедиясы, Келбай Тоғысовтың «Наландық құрбаны» (1915), Ж ү с і п б е к Аймауытовтың «Рәбиға», «Мансапқорлар», «Қанапия – Шәрбану» (1916 – 1917), «Ел қорғаны», «Шернияз», «Сылан қыз» (1920 – 1925), Сәкен Сейфуллиннің «Бақыт жолына» (1918), «Қызыл сұңқарлар» (1922), Мұхтар Әуезовтың «Бәйбіше – Тоқал» (1918), «Еңлік – Кебек» (1917, 1922), Қошқе Кеменгерұлының «Әулие тәуіп» (1918), «Бостандық жемісі» (1919), «Қасқырлар мен қойлар» (1920), «Алтын сақина» (1923), Жұмағ Шаниннің «Арқалық батыр» (1923 – 1924), «Торсықбай қу» (1924) секілді драмалық шығармалары дүниеге келді.

Қазақ өмірінен алып, қазақ әдеби матариалдарын пайдаланып жазған Г.Д.Гребеншиковтың «Жақсы жігіт» (1907), Н.П.Бернардың «Бекет» (1908) пьесалары да – осы кезеңнің жемістері. 1914 жылы «Айқап» журналы жеті нөмірінде бірдей И. Лихановтың қазақ тұрмысынан жазған «Манап» драмасын<sup>37</sup> қазақшаға аударып жариялады. Аударушы Мұқаметқали Есенкелдин драманың авторы «Алматы шаһарында уездный начальник болып тұрған И. Лиханов деген бір орыс» екендігін айтып, ол қазақ тұрмысында болған оқиғадан алып, әйел теңдігі тақырыбына драма жазғандығын түсіндіріп алғысөз де ұсынған. Драманың сонынан сол журналда Садүақас Сейфуллин «Манапты» бұл қалыппен кітап қылып шығаруға әуре болмаңыз» деп басталған өткір сынын қоса жариялаған. Сейфуллин «қазақ драмасын» «орыстың драмаларының сөзінің ыңғайымен» жазғанын кемшілік деп көрсетеді. «Оны жазушы уездный начальник қазақтың тұрмысын білмегендіктен бе, жоқ қазақты мазақтап жазған ба, қалай?» деп, «қазақтың тұрмыс қалпына» тіпті де келмейтіндігін сынайды. Бұл ұш шығарма да қазақ өмірінен жазылғандықтан, сол кезең әдебиетінің тарихында айтылып, қарастырылуы керек деп санаймыз.

Қазақ әдебиетіндегі жана сипатты жанрдың осындайлық кен тынысты көрініс беруінің өзі сол кезеңдегі ұлттық көркем сөз

<sup>37</sup> И. Лиханов. Манап. Драма қазақ тұрмысынан. – «Айқап» журналы, 1914, № 14, 16, 17 – 21.

өнерінің жедел даму үрдісін білдірсе керек. XX ғасырдың басындағы драмалық шығармалар, драма жанрының табиғаты хақында Б. Кенжебаев, Ш. Сәтбаева, Р. Нұрғалиев, Б. Құндақбаев, Д. Мыңбай, т.б. ғалымдар зерттеулерінде әр қырынан сипатталады.

**Аударма – әдеби байланыстың алтын көпірі.** Жиырмасыншы ғасырдың алғашқы жылдарындағы әдеби байланыстар да сол кезеңдегі көпқырлы шығармашылық үрдіс табиғатымен астаып жатыр әрі бұл үрдіс көбіне-көп аударма бойынша қалыптасты да, сол аударма өнерінің өзекті туындамаларында қанық көрінеді. Жана кезеңдегі әдебиет тыныс-тіршілігінің күрделі бір қыры да осы салада байқалды, сонымен бірге шығармашылық ізденістерде де өз ерекшеліктерін қосқан уақыт талабының тегеурінді ықпалы содан сезілді.

Қоғамдық-әлеуметтік тыныс-тіршіліктің әдеби шығармалардың табиғаты мен көркемдік ізденістеріне де, әдеби өмірдің сипатына да өз ынғайында күшті әсер еткені, шығармашылық үрдісті жеделдете түскені шындық. Ұлттық әдебиеттің қызметі артты. Ұлттық, елдік көзқарас тұрғысынан келген жана бағыт өрби келе өзге елдер әдебиетімен, көркемдік дүниенің басқа да көкжиектерімен қанағатасуға бет бұрды. Бұл орайда қазақ зиялылары мен қаламгерлері орыс, Еуропа, Шығыс елдері әдебиетінен қазақ тұрмысына, қазақ елінің әлеуметтік жағдайына тән, ұқсас, үндес, қазақ танымына жақын тақырыптар мен туындыларды қазақ ортасына жеткізіп отыруға ұмтылғаны байқалады. Бұл үрдіс сорабы, түптеп келгенде, кейінірек «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» кеңестік әдебиет кезеңіне келіп тірелген. Сөйтіп, әдеби процесс алабөтен саяси сипат алып кетті де, жаратылысы мен даму деңгейі әр түрлі қазақ әдебиеті мен екінші бір тарапты орыс, украин әдебиеттерінің, сол сияқты басқа да алуан ұлттық әдебиеттердің ішкі заңдылықтарынан бұрын ортақ идеологиялық мүддені қаузаған идеялық-көркемдік бітімі басымдық алды. Дегенмен, қазақ әдебиетінің XX ғасыр басындағы күрделі де қайшылықты құбылысының бір қыры аударма еді. Бір жағынан, аударма қазақ ұлттық әдебиетінің бұл кезеңдегі ерекшелігі еді. Қазақ елінің ұлттық әдебиеті тарихындағы бұл жылдардың өзіндік нәтижелері басым шықты. Әсіресе, әдеби байланыстар, аударма әдебиеттердің бұрын-соңды болмаған сипатта өрістеуі мәдениет үрдісінде, қоғамдық өмірде барынша терең із қалдырды.

Басқа елдер әдебиетінің тартымды туындыларын аудару, нәзіршілікпен ламыға өрбіте, туындаға жеткізу қазақ әдебиетінде ертеден бастау алды. XIX ғасырда ол дәстүрдің қанат жайып, бүкіл әдебиеттің тынысына әсер еткендігі зерттеулерде жете талданып келеді. XX ғасырдың басында аударма саласында да көп істер тындырылды. Енді орыс, батыс елдері әдебиетінен, ғылыми еңбектерінен, тарихи жазбаларынан аудармалар жасауға ден қойылды. Әуелі, сол тұстағы қазақ тіліндегі аудармалардың

жалпы негізгі сипаты ретінде қазақ тілінің мәнері мен мәйегін, бояуы мен әуенін сақтай алғандығын айту шарт. Өйткені ол кезде қазақ тілінің қолданылу аясы да кең, ел ішіндегі қазақ тілінің құнары да сіңімді еді. Ол тұстағы кез келген аудармадан қазақ тілінің өзіндік нәші есіп тұратындығын аңғару қиындыққа түспейді. Аударма тілінің тұтқырланып, орыс тілінің орамдарына оралып шырматылып маталғаны беріде социалистік реализм дәуірі мендеп, орысша «ойлау» тілді бұған кезде пайда болды. Әйтпесе, XX ғасырдың алғашқы он-жиырма жылындағы аудармалар шынында да қазақ тілінде сөйлеп тұрған шығармалар болды. Орыс тіліндегі діни, медициналық әдебиеттердің шағын тарау, нұсқалары қазақ тілінде жарық көре бастады. Ғасыр басындағы аударма саласындағы ірі қадамдардың бірі А.С. Пушкиннің «Капитан қызы» повесінің қазақ тілінде жариялануы еді. 1903 жылы Қазан қаласында жарық көрген бұл кітапты тәржімалаған – Молданияз Бекимов деген азамат. Қазақша және орысша мәтіндерді қатар бір кітапта жариялау тәжірибесі де осы кезде басталды. Оның алғашқы бір көрінісі 1904 жылы Ташкентте жарық көрген «Әйтеке болыстың жоқтауы» деген кітап. Болабай Қабылұлының айтуы бойынша жазылып алынған мәтінді этнограф Әбубәкір Диваев аударған. Сөйтіп екі тілде қатар жариялаған.

Қазақ өмірінен орыс тілінде жазылған бірді-екілі көркем шығармалар әр кез қазақша аударылып баспасөзде жарияланып отырған тәрізді. Горчаковский деген автордың «Қазақ тұрмысынан» атты әңгімесін «Айқап» журналы 1912 жылы №2 нөмірінде басып шығарған. Әңгімені аударған – Хасен Мұхаметжанов. Сондай-ақ әртүрлі тақырыптағы А.Сорокиннің («Отанның иісі, яки сахараның сыйы «Жусан» әңгімесін Мұхаметжан Сералин<sup>38</sup>, «Ұғылмай қалған өлен» атты әңгімесін Асылбек Сейітов<sup>39</sup> аударған), Л.Н.Толстойдың («Лияс» әңгімесін Ахмет Баржақсин<sup>40</sup> аударған), А.П.Чеховтың («Қара қарға» әңгімесін Ахмет Баржақсин<sup>41</sup> аударған), И.С.Никитиннің («Сөкселік көлдің жағасында» өленін Қ.Кеменгеров<sup>42</sup> аударған), А.С.Пушкиннің («Пайғамбар» өленін аударған Қ.Кеменгеров<sup>43</sup>), М.Ю.Лермонтов (Азамат Алашұғлы, Серікқали Жакыпұлы<sup>44</sup> аударған), И.С.Крыловтың («Иinelік пен құмырсқа» мысалын аударған Асылқожа Құрманбаев<sup>45</sup>),

<sup>38</sup> «Айқап» журналы, 1915, №1,2.

<sup>39</sup> Сонда, 1913, №13.

<sup>40</sup> Сонда, 1915, №11.

<sup>41</sup> Сонда, 1915, №7-8.

<sup>42</sup> Сонда, 1915, №13.

<sup>43</sup> Сонда, 1915, №4.

<sup>44</sup> Сонда, 1914, №17.

<sup>45</sup> Сонда, 1912, №3.



тағы басқа белгілі-белгісіз орыс қаламгерлерінің шығармалары аударылып жарияланған. XX ғасырдың басындағы әдеби аударма саласындағы байқалатын ерекшелік бірқатар қалам иелері (Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Мұхаметжан Сералин, Спандияр Көбеев, Қошқе Кеменгеров, Бекет Өтегілеуов, Өткірбай Алмасов, Елеусін Бұйрин, Ыбырайым Жайнақов, т.б.) орыс, татар, шығыс тілдеріндегі маңызды, қажетті шығармаларды жүйелі түрде қазақша жеткізуге ықылас танытып отырған. Мерзімді баспасөз беттеріндегі жарияланымдармен қатар көлемді шығармалар да аударылып, жеке кітап болып жарық көрді.

Мұхаметжан Сералиннің «Шахнамдан» аударған тараулары, «Рүстем-Зораб» оқиғасы сол тұстағы маңызды да сүбелі шығармашылық жетістік болып табылады. Аударма түсіндірме, таныстыру сөзімен бірге «Айкап» журналында екі жыл бойы жеті санында<sup>46</sup> жарық көрді. Шығыс өркениетінің ұлы дастанының қазақ әдебиетімен байланысына, ықпалына, нәзіршілік сипатты таралымдарына ой жіберсек, М. Сералиннің бұл еңбегі тарихи әрі теориялық маңызын аса зор әрі өзектілігін күні бүгінге дейін жойған жоқ. Сол тұстағы тағы бір назар аударарлық шығармашылық ізденіс ерекшеліктері ретінде бір жазушының шығармаларын бірнеше акынның, иә бірнеше жылдар бойы үздіксіз әр қырынан келіп аударып жеткізудің айтуға болар еді. Бұл қазақ акындары тарапынан, әсіресе, орыстың ұлы мысалшысы И.А. Крылов шығармаларына қатысты көрінді. Әбілкасым Фирдоуси «Шаһнамасын» аударуда да бұрын талаптанғандар болған еді. 1886 жылы Ташкентте Ораз Молданың «Шаһнама» аудармасы жарық көрген-ді. А.С. Пушкин шығармаларын қазақшалау турасында да сондай үрдісті білдіретін түрлі мысалдар көп. Ал И.А. Крылов мысалдарын аударуға ұлы Абайдан бастап бірнеше ірілі-ұсақты авторлар атсалысты. Ахмет Байтұрсыновтың 1901-1904 жылдарда аударған «Қырық мысал» кітабының екінші басылымы 1913 жылы Орынборда жарық көрді. Спандияр Көбеевтің И.А. Крыловтан аударған туындыларының басын қосқан «Үлгілі төржіме» кітабы 1910 жылы Қазан қаласында басылды. Осы кезеңде газет-журнал беттерінде де жекелеген мысалдары қазақ тілінде жарық көріп жатты. А.П. Чеховтың «Хамелеон» әңгімесін (1915), В.Г. Короленконың «От» әңгімесін (1915) алғаш рет қазақша сөйлеткен Әлихан Бөкейханов болса, «Қырым сөзінен» деп Н. Маркестен «Азамат Юсіп», «Ешкітау», «Керейдің жойылуы», «Құрбан қия», «Сұлтан Сәли» секілді әңгіме, аңыз, ертегілерді аударып жариялаты. Бұл шығармалардың бәрі де 1915 жылы «Қазақ» газетінің беттерінде қазақ оқырмандарына жол

<sup>46</sup> Сонда, 1914, №22, 24; 1915, № 2, 3, 4, 5, 9.

тартты. Аударма саласында жүйелі де талантты шығармашылық жасаған – әрі акын, әрі ұстаз Бекет Өтегілеуов. Оның «Дүние ісі ахиретке кетпес» (1912), «Жиған-терген» (1914) кітаптарының екеуі де негізінен аударма туындылардан тұрады. «Жиған-терген» кітабында орыс әдебиетінен аударған өлеңдері, мысалдары басым келсе, 1912 жылы Қазанда жарық көрген жинағына енген екі поэманы акын орыс әдебиетіндегі шырғалаң оқиғалы әңгімелердің оқиғаларының желісіне сүйеніп жазды. А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, А.Н. Плещеев, И.А. Крылов шығармаларынан талантты адармаларын жариялатты. Б. Өтегілеуов аудармалары түпнұсқаға барынша жақындығымен, еркін нәзіралық аударма жолынан гөрі, автор мәтінінің поэтикасын сақтауға ұмтылуымен, мысал-сықақ туындылардағы мысқыл, әзіл-оспақты толымды келістіріп жеткізуімен дараланады. Бұл бір жағынан қазақ әдебиетінің тарихында бұған дейін кенінен қалыптасқан нәзіршілік туындалып еркін жырлаудан өзгеше, кәсіби сипаты айқындалған әдебиеттің белгісі.

Осы жылдарда Міржақып Дулатов Бичер Стоудын «Том ағайдын лашығын» қазақша сөйлетті. Бекет Өтегілеуов А.С. Пушкиннің, И.А. Крыловтың, А.Н. Плещеевтің таңдаулы шығармаларын қазақ оқырмандарына ана тілде көркемдеп ұсынды. Аудармалардың дені – күні бүгінге дейін әдебиет тарихынан елеулі орын алған, ғасырдан аса уақыт кешсе де көркемдік қуатын жоғалтпаған шығармалар. И.А. Крыловтың Абай, Ахмет Байтұрсынов, тағы басқалар аударған мысалдары бүгін де қазақ оқырмандарының арасына кенінен мәлім. А.П. Чеховтың «Хамелеон» әңгімесін аударған – «Қыр баласы» (Әлихан Бөкейханов): «Хамелеон – азған кесірткі. Қорыққанда ісіп-кеуіп қысқарады, ұзарады, көгеріп, қызарып, құбылады. Айнымалы тұрлаусыз құбылғыш адамды орыс Хамелеон дейді» – деген қысқа түсіндірме жасайды. «Күн ыстық. Қала базары. Дүкен ашық, алушы жоқ. Саудагерлерді ұйқы басқан. Базарда қайыршылар да жоқ. Базармен полицейский надзиратель Очумелов келе жатыр. Барымталап алған бір шелек қарақатты көтеріп, қасында городовой келелі» деп басталатын мысқылды хикаяның барлық қалтарыс-қалтарысы әрі қарай қазақ тілінде ақтарылып түседі. Табиғи, жағымды сөз мәнері, қазақы тіл нәрі ұғынықты, әсерлі, жеңіл. Қазақ әдебиетіндегі аударма мектебінің үздік үлгісі ретінде XX ғасырдың алғашқы жылдарында қазақшаланған осы нұсқаның кез келген тұсынан мысал алып келтіруге болар еді. Бұл қазақ көркем сөзінің сол тұстағы даму деңгейінің белгісі.

Аударма іргелі әдебиеттің дәстүрлі саласы ретінде жан-жақты қалыптасты. «Бұл кездегі әдебиет тез дамуымен бірге, ұлттық тар шенберде қалып қоймай, кең арнаға шықты, көршілес

Шығыс елдері әдебиетімен, орыс классикасымен, Батыс Еуропа халықтарының қазынасымен өзара байланысып, нығая түсті»<sup>47</sup> дегенде, профессор Шәмшия Сәтбаева ғасыр басындағы осы заңдылықты нақты тұжырымдап жеткізді.

Аударма арқылы көркемдік таным көкжиегі кеңейді. Бұрыннан берік қалыптасқан Шығыс әдебиетінен аудару, нәзирашылдық мектебі оған әрі жалғасын тапты. Сонымен бірге, XX ғасырдың басында Еуропа, Еуразия, орыс әдебиеті нұсқаларынан аудармалар жасауға ден қоюшылық үрдісті құбылыс ретінде танылды. Бұл бір жағынан батыс, орыс әдебиетінің дәстүріне назар аударудың алғашқы әлсіз нышандары еді.

Балалар әдебиеті де — қазақ халық болғалы сөз өнерінің өз орнын табиғи түрде тауып, өрнегін жоғалтып, үрдісін үзбеген саласы. XX ғасыр басындағы қазақ балалар әдебиетінің өзіндік жаңа дәстүрі бар. Бұл тұста балаларға арналған шығармалар, оқулық, хрестоматиялар мен жекелеген шығармалар арнайы басылым жүзінде көптеп жарық көре бастады. Бұрынғы аңыз, ертегі, батырлар жыры, жұмбақ, мақал-мәтел, т.б. тәлімдік әдебиеттің қатарында заман тынысына сәйкес өнегелік жазба әдебиет туындылары мен кітаптар жиірек жарық көрді. Балаларға арнап көркем сөзді көбірек толғайтын жазушылар, ұстаз әдебиетшілер, аудармашылар шықты. Баспалардан балаларға арналған кітаптар жариялау қолға алынды. Әдебиет нұсқалары дегенде бұрынғырақ қисса, дастандарды, батырлық эпосты жаттап біліп өсетін қазақ баласының қолына енді жаңа тұрпатты кітаптар тие бастады. Балаларға арналған шығармалардың жанрлары да әр алуан сипатта дамыды. Карасөз, өлеңсөз түрлері балаларға арналған шығармаларда қанық көрінді. Аударма шығармалар да осы кезде жиі жарияланды. Бұл жылдардағы басылымдар қатарында балаларға арналып имандылықты насихаттаған кітапшалар да «Иман рисәләсі» ((Балалар үшін), Қазан, 1902) кездеседі. «Қазақ балалары үшін» деген арнаумен «Ақыл кітабы» жарық көрді. Қазанда 1903 жылы басылып шыққан бұл кітапты құрастырып, жазушы һәм шығарушы «Ғабдырахман Көшимов» Көкшетауи деп көрсетілген. Кітапта мектеп, әдеп, құлық, үлгі-өнеге турасындағы тәрбиелік мәні зор насихат сөздері мен туындылар түзілген. Мұхаметжан Сералин өзінің атақты «Гүлқашима» кітабының (1903) алғашқы баспа нұсқасына «Бозбалаларға тартылады» деген түсіндірме жазыпты. Демек, жасөспірімдерге, жастарға арналған әдебиет туындысы. 1906 жылы екінші қайтара жарық көрген Ыбырай Алтынсариннің хрестоматиясы («Киргизская хрестоматия», Орынбор, 1906, 160 бет) қазақ мектеп балаларының рухани талабын қанағаттандырған сол заманғы сүбелі оқулық

<sup>47</sup> XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. — А., 1994, 6-б.

еңбек екендігі аян. «Уақ әңгімелер, ертегілер, балалар турасында», «Үлкен кісілер турасындағы әңгімелер», «Әр түрлі өлең-жырлар» деген үш бөлімге жіктелген әдеби нұсқалар балалармен бірге қазақ әдебиетінің тарихына қатысты мазмұнды деректер мен туындылардың басын топтастырған еді. 1907 жылы ақпан айында Ғабдырахман Көшимов қазақ балалары үшін «Әдеп», «Үгіт» атты екінші, үшінші кітаптарын Қазан қаласында, университет баспаханасынан шығарды. 1908 жылы осы автордың «Ақыл кітабы» екінші қайыра жарық көреді. Стандияр Көбеевтің «Үлгілі тәржіма» (1910), «Үлгілі бала» (1912) кітаптары көптеген әдеби шығармаларды сұрыптап ұсынды. Оқулық ретінде кенінен мәлім болды. «Көргенді бала, үлгілі ана» (1911), «Әліппе яки төте оқу» (1911), «Қазақша әліппе» (190), «Қазақ балаларына қираәт кітабы» (1910), «Қазақ әліппесі» (1910), «Балаларға жеміс» (Тайыр Жомартбаев, Семей, «Жәрдем», 1912), «Ғибрат» (Қазан, 1912), «Қазақша оқу кітабы» (1912), «Әліппе» (Орынбор, 1912), тағы басқа оқулықтар мен сол мазмұндағы кітаптарда әдеби шығармалар, аңыз әдебиеті үлгілері, аударма шығармалар жарық көріп отырды. 1914 жылы Ахмет Байтұрсынұвтың әйгілі қазақша «Әліппесі» мен «Оқу құралы» екінші рет қайта басылып шықты.

Сол кездің өзінде балалар әдебиеті мазмұны, тақырыбы, әдеби жанрлары жағынан әралуан болып келеді. Қисса, дастандардың ішінде де балаларға лайықты шығармалар жарық көріп таралып отырды, Енді бірқатар басылымдар мен кең таралған шығармалар ертегі, аңыз, жұмбақ, үлгілі сөз, өсиет сипатында болып, балаларға, жастарға ғибраттылықпен бағаланса, басқалары имандылық, әдеби, тәрбиелік мәнімен ерекшеленді, сөйтіп, оқулықтар, оқу құралдары бұрынғыға қарағанда жиі әрі көп шыға түсті. Оқулықтардың ішінде ескіше сауат ашу мен жаңа бағыттағы оқу бағдарламаларының ара-жігі ашыла түскендігі анық еді. Мектептерде жана заманға сай ғылым іздел, өнер ұстау мақсатына ден қойылды. Мағжан Жұмабаев сол жылдар шыңдығын актра келіп, «Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз»<sup>48</sup> деген мақаласында: «Қазақ мектебі осы күні үш жолдың әрелігінде тұр. Бірі — артында. Оны жүріп шықты деуге болады. Екеуі — алдында дей келіп, бұрынғы молданың орнына жаңа мектеп келе жатқанын соны ашақ «қазақ азаматтары» төңкерістен төңкеріс болып, толқыннан толқын қағып» аласапыранға түсіп кеткендігін, бірақ жана «ғылым» мол кіріп отыратын мектептің қажеттігін талдап көрсетіп берді.

Сол тұста:

Біл сабақты, жазу жаз,  
Жасыннан бол өнерпаз.

<sup>48</sup> М. Жұмабаев. Шығармалар. 3 томдық. — А., 1996, 2-т., 318-б.

Күні бойы жүгіріп,  
Ойнағанға болма мез.

Сабақ білсен жасында,  
Құстар сайрар басында.  
Отырарсын сен дағы,  
Жаксылардың қасында, —

деп жазды Тайыр Жомартбаев «Балаларға насихат» өлеңінде. 1912 жылы Семейдің «Жәрдем» баспасынан жарық көрген «Балаларға жеміс» кітабында осы өлеңімен бірге «Балаларға өнеге», «Мектеп ішінде», «Мектепке шақыру», «Ыждаһатты бала», «Жалқау бала», т.б. көптеген өлеңдері бар.

Сұлтанмахмұт Торайғыров 1912-1913 жылдарда балаларды оқу, білімге, ұлтқа қызмет істемекке шақырған бірнеше өлеңдерін жариялатты. «Оқу», «Дүние», «Оқып жүрген жастарға», «Шәкірттерге», «Оқуда мақсат не?» деген өлеңдері сол кезеңдегі қазақ поэзиясындағы ағартушылық-демократтық бағыттағы шығармалардың бір сипатын танытады.

Үмітпенен жоқ қуған,  
Талабы алда баламыз.  
Басқалар жоғын тапқанда,  
Біздер кайтіп қаламыз,  
Тәуекелге бел бусак,  
Көздегіні аламыз, —

дейді ақын «Оқып жүрген жастарға»<sup>49</sup> өлеңінде.

Мұхаметжан Сералин, Сәкен Сейфуллин, Спандияр Көбеев, Бекет Өтегілеуов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев шығармаларында балалар әдебиетінің тарихына кіретін әрі XX ғасыр басындағы әдебиеттің осы саласының дамуына ықпал еткен туындылар елеулі орын алды. Ұлттық баспасөздің қоғамдық даму процесіне бағыл араласуы, жана мектеп жолына бетбұрыс, әдебиеттегі ағартушылық бағыттың басымдығы балалар әдебиетінің аз жылда іргесін бекітіп, даму бағыттарын айқындап алуына негіз қалады.

XX ғасырдың басындағы қазақ балалар әдебиеті ұлттық әдебиеттің тарихындағы үлкен белесті жетістік, мәуелі ізденістер нәтижесі болды.

**ПОЭЗИЯ.** Халық поэзиясы деген жалпы ұғыммен кеңінен мәлім ұлттық өлең өнерінің ұзақ көркемдік — эстетикалық тәжірибесінің барша нәрі мен сөлін, түрлі ерекшеліктері мен

<sup>49</sup> С. Торайғыров. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-т., — А., Ғылым, 1993, 47-б.

мазмұн және түр үлгілерін сiнiре жинақтаған ұлы әдебиеттiң жиырмасыншы ғасырда да көкжиегiн кеңейте дамығандығы аян. Кiтап бастыру қанша iлгерiледi, баста, баспасөз iсi өрiстей түсiп дегенмен, қазақ даласындағы халық әдебиетiнiң дәстүрлi тынысы өз ырғағынан жаңылған жоқ. Халық поэзиясы барлық қуат, мүмкiндiгiмен ел жүрегiне жол тауып отырды. Оны жиырмасыншы ғасыр басындағы тарихи аумалы-төкпелi оқиғалар тұсындағы халық поэзиясы үлгiлерiнен де анық байқаймыз. Халық поэзиясы майталмандарының көп екендiгiн, ел iшiндегi сөз ұстаған, өлең қуған iрiлi-ұсақты халықтық таланттардың одан да көп екендiгiн ескерсек, мұхит толқынындай тереңнен iрiм қайырып жатқан ұлы көркем сөз өнерiнiң ұлттық қасиетiнiң кемелдiгiн айқын сезiне түсемiз. Бұл ұлы өнердiң iшкi заңдылықтарын саралау, мектептерi мен бағыттарын желiлеу әлi де талай зерттеулердiң өзегiне түсерi күмәнсiз.

Жана реалистiк әдебиеттiң, ағартушылық-халықтық бағыттағы әдебиеттiң ерекшелiктерi мен жанашылдық сипаты XX ғасыр басындағы шығармалар мен әдеби басылымдарда айырықша көзге түседi. Бұл тұстағы әдебиеттiң даму заңдылықтарынан байқалған негiзгi екi бағытты бөле-жара айтқан жөн. Бiрiншiден, XIX ғасырда, әсiресе, ғасырдың екiншi жартысында қазақ әдебиетiнде берiк тамыр жайған, өзiндiк орны бар Шығыс әдебиетiнiң тегеурiндi әсерi мен дәстүрлi терен iздерi, дiни сипатты әдебиеттiң таралуы өзiнiң белгiлi бiр биiгiне жеткендей едiде, саябыр тартқан. «Кiтаби ақындар» деп аталған қарқынды бағыттың өзiндiк бетi айқындалды да, жана әдеби процесте өзiндiк орын, жөн-жосығымен бейтарап қалып танытты. Ендi әдебиеттiң даму үрдiсi, бағыты, басты-басты қайраткерлерiнiң ой-назары батыс, орыс мәдениетiнiң, жана заманның «ғылым» жаңалықтарына ден қойған таным дүниесiне ауа түскендей едi. Мағжан Жұмабаевтың өзi мақалалары мен аударма, оқулықтарында, оқу iсi туралы еңбектерiнде «Ғылым» дүниесiне негiзделген бiлiмге, Еуропа мәдениетiне ден қоятын көзқарасын ашық жазды. Бұл, Мұхтар Әуезовтың «Мағжанды сүйемiн, Еуропалығын, жарқыраған әшекейн сүйемiн. Қазақ ақындарының қара қордалы ауылында туып, Еуропадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан арқа қызын көрiп сезiнгендей боламын. Мағжан — культураны зор ақын»<sup>50</sup>, — дейтiн. Мағжан Уфада, Омбыда, Мәскеуде бiлiм алып, В. Я. Брюсовтың аузынан «қазақтың Пушкинi» атанған тұс. «Дәл сол кезде Шығыс мәдениетi қайраткерлерiнiң iшiндегi ең күштi, ең асқан бiлiмпаздарының бiрi де Мағжан болып саналады», (Хайрулла Махмудов)<sup>51</sup>.

<sup>50</sup> М. Жұмабаев. Шығармалары. 3-т. — А., 1996. 407-б.

<sup>51</sup> Сонда, 425-б.

Дүниетаным мен руханият дүниесіндегі бұл бағыттың тууы, белен алуы даму заңдылығы болатын. Сол тұстағы казак оқығандары мен ұлтшыл қайраткерлері, зиялы қауымның тұлғалы өкілдері түгелге жуық еуропаша білім алып, Ресейдің кәсіби білім орталықтарында оқығандар еді. Ғасыр басындағы саяси тіршілікке де белсене араласқан солар-ды. Алашорданың батысында да, шығысында да ой тізгінін солар қолға алған-ды.

Міне, дамудың осындай сәттерінде әдебиеттің жана бітімі түзілді, көркем публицистика белен алды, азаматтық үнді ұлттық көркем сөздің мүше-мүшесі дараланып, мүсінделе түсті. Бұл – екінші бағыт. Бұл бағыттың сипаты ең алдымен халыққа ежелден жақын өнер саналатын өлең, жырда барынша айқын көрінді. Жыраулық поэзия одан әрі жалғасын тауып, түрлене дамыса да, заман тынысына лайықты, уақыттың өзі ежелген жана дәуір поэзиясы тез буын бекітті. Көтеш, Шал ақын шығармашылығынан бедерленіп басталған ақындық поэзия Абай дәстүрімен бір биік белеске шықты да, одан әрі біржолата мектеп қалыптастырды. Яғни, осы тұста ақындық жана мектеп біржолата қалыптасып үлгерді. Соған орай поэзия жанрының бітімі де, мазмұны да жаңғырды. Поэтикалық күрделі өзгеріске түсті. Бір жағынан жыраулық поэзияның өзекті өрнектерін, көркемдік сөз зерін дамыта жалғастырса, екінші жағынан жана дәуір танымнан туған соны сипаттарды әкелді. Еуропа, орыс әдебиетінің көркемдік әсері көбірек көзге шалынды. Сөйтіп батыс пен шығысты тел емген казак поэзиясы, өзінің ұлттық болмысын, тілдік нәрін де сақтай отырып, әлемдік поэзия белдеулеріне жол тартқандай еді.

Абай дәстүрі, Абай мектебі казак ақындарына бағдарламадай көрінді. Академик Эки Ахметовтың «Поэзия шыны – даналық», «Абайдың ақындық әлемі» кітаптары Абай дәстүрінің осынау бастау арналарын теориялық тұрғыдан тереңнен түйіндеп тұжырымдап берді. Ғалым Абай дәстүрін жалғастырған, өрістеткен әдебиетшілер қатарында казактың аса ірі тұлғалары Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов шығармашылығына ой жүгіртіп, талдау арқылы казак әдебиетінің тарихындағы реформаторлық ақындық мектептің табығатын ашып көрсетіп берді. Сөйтіп, ақын даналығының ұлттық өзепін бекітеді, дәстүр жолының қуатты тасқынын аңғартады. Абай даналығы туралы сан тарау ой-пікірлердің қай-қайсысын да оның ақындық өнерінен, ақындық шеберлігінен өрбіте сөйлейді<sup>32</sup>. Эки Ахметовтың 2002 жылы жарық көрген Абайдың ақындық парасаты жайлы «Поэзия шыны – даналық» кітабы ұлы дарын құбылысының өміршеңдігін дәлелдеп шыққан еңбек болды.

XX ғасыр басындағы әдебиетте елеулі еңбектерін жариялап,

мәдениеттің дамуына айтулы үлес қосқан ақын Ғұмар Қараш өмірі мен қызметі ұзақ уақыт бойы жете бағаланбай, ағалса да жеткілікті деңгейде сараланбай келген таланттардың қатарынан саналады. Ол он-он бес жылдың ішінде казак әдебиетінің тарихынан күні бүгінге дейін ерекше бағалы орын алатын казак ақындарының екі жыр жинағын, өзінің бес өлеңдер кітабын, бірнеше зерттеу, публицистикалық еңбектерін жариялатып үлгірді. «Бөкейліктен» деген лақап атпен ел аузындағы әдеби туындылардан құрастырып, жариялатқан «Шайыр, яки казак ақындарының басты жырлары» (1910) және «Көксілдер» (1910) жинақтары әдеби мұралардың асыл көмбесі іспетті. Бұл жинақ сөздерін тереңірек талдап, поэтика тарихы тұрғысынан зерттеу әлі де көптеген көркемдік таным мәселелерін танып-білуге мұрындық болады деп ойлаймыз. Сонымен бірге Ғ. Қараштың «Бала тұлпар» (1911), «Қарлығаш» (1911), «Тұмыш» (1911), «Аға тұлпар» (1914), «Тұрымтай» (1918) атты іркес-тіркес жарық көрген бес бірдей өлеңдер кітабы автордың шабытты жылдарын мензесе, өлеңдерінің тақырыбы, өрнегі, поэтикасы жана дәуір әдебиетінің тынысына ұштасып жатты. «Алаш» саясатына зор үмітпен қарап, жүректарды жырларын арнаған ақындармен қатар (Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытов, т.б.) Ғұмар Қараш та Алаштың азаматтарына арнап аңсарлы жырларын жариялағты. Азаматтық, философиялық толғамдарға бай өлеңдері көбінесе ағартушылық, ұлт азаттық тақырыптарына арналды.

Кейін XX ғасыр әдебиетінің басты тұлғалы қаламгерлері болған талантты тұлғалардың алғашқы, екінші-үшінші кітаптары осы тұста көп жарық көрді. *Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің* 1907 жылы үш бірдей жинағы (Казан, «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқа кімдікі екендігі») оқырмандар қолына тиді. Бостандық туралы ашық көзқарастары, ақынның 1905 жылғы орыс революциясы әсерімен айтқан пікірлері үшін үш кітапты шығарған бастаға он екі мың сом ақшалай айып салынды. 1915 жылы *Сәбит Дөненбаевтың* Уфада «Уақ-түйек» деген атпен тұңғыш жинағы шықты. Сәкен Сейфуллиннің «Өткен күндер» (1914), *Мағжан Жұмабаевтың* «Шолпан» (1912), *Нұржан Наушабаевтың* «Алаш» (1910), *Міржақып Дулатовтың* «Оян, казак!» (1909), *Бекет Өтетілеуовтың* «Жиған – терген» (1914) жинақтары, тағы басқа жоғарыда аталған кітаптар осы тұстағы әдебиет тынысы мен бағытын барынша толымды көзге елестете алады.

Небәрі жиырма жеті жыл ғана ғұмыр кешіп, шығармашылыққа шындап ден қойған оншақты жылдың ішінде орасан зор маңызды көркем әлеби мұра қалдырған С.

Сол қатарда шөлдеген жан-жануар,  
Аузына тұра алмаған тілі сиып,  
Айналған Сарыарқамен қоштасуға,  
Бір жаңбыр жібермесе Құдай иіп,<sup>54</sup> —

деп басталатын өлең үмітке, арманға толы, ақын Сарыарқаның жанбырын бостандықтың лебіндей сезінеді.

Көрсетсін қара шекпен еккен ісін,  
Қиналып жан аямай жеккен күшін<sup>55</sup>, —

деп басталатын небәрі алты тармақтық «Итаршыға» өлеңінде де уақыт бедері қалып түскен.

Сұлтанмахмұт Торайғыров «1) Қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш роман жазушылардың бірі болды<sup>56</sup>; тұңғыш рет өлеңмен роман жазды; 2) қазақ әдебиетінде сюжетсіз, философиялық-лирикалық поэма жанрын туғызды; 3) қазақ әдебиетінде шын мағынасындағы публицистика жанрын жазушылардың бірі болды». Бұл ақындық ғұмыры XX ғасыр басындағы он-он бес жылға сәйкес келе қалған Сұлтанмахмұт Торайғыровтың (1893 — 1920) жомарт та қайсар талантының жемісіне берілген әділ тужырым.

XX ғасырдың басындағы әдебиеттің белбаласы *Бернияз Күлеев* (1899-1923 ж.ж.) — өзіндік дара бітімді суреткерлігімен қоса, қазақ өлеңінің тарихында Абай ақындық мектебінің жарқ еткен жана жас өркені ретінде қалатын ақын. Жиырма беске де жетер-жетпесте қайғылы қазаға ұшыраған, үзілген үміттің тұзанына ілініп, ақындық жүректің дертті күйігіне күйіп кеткен Бернияздың өлең тынысында, сөз орамдары мен ырақ-бунақтарында Абай поэзиясының адастырмас пернелерінің мақамы сөйлеп тұр. Абайдың өлең өрнегіне («Бостандық күнінде»), сөз сынына («Жырла да зарла, көңілім...») барынша жақындап барған, уақыт тынысына сай рухы жана, дәстүрі берік тарпаң да балаң шабыт иесі сол тұста осы Бернияз Күлеев болды. Ол өз заманының сөзін айта алды және Абай сынды ұлы тұлғаның мектебін одан әрі бекітіп, жаңғыртты.

Поэма жанрының шоқтығын биіктетіп кеткен туындылар жазылды. *Мұқаметжан Сералиннің* реалистік, романтикалық сипаттағы «Топжарған» (1898 жылы жазылып, 1900 жылы жеке кітап болып жарияланған), «Гүлшашима» (1901 жылы жазылып, 1903 жылы жеке кітап болып жарияланған) поэмалары,

<sup>54</sup> Сонда, 120-б.

<sup>55</sup> Сонда, 78-б.

<sup>56</sup> Б. Кенжетбеев. XX ғасыр басындағы әдебиет. — А., 1993. 136-б.

осы кезеңдегі туындылары өмірінің өзінше бір белесін білдіреді. Ақынның алғашқы тырнақалды кітабы өзі көз жұмғаннан кейін, 1922 жылы ғана жарық көрді. Оған дейін шығармалары мерзімді баспасөз беттерінде, ел аузында таралды. «Түсімде» («Айқап», 1913, №1), «Бұлар кім?», «Қымыз», «Итаршыға» («Айқап», 1913, №9; №18, №20), «Шәкірт ойы», «Жас жүрек» («Сарыарқа» газеті, 1917, №19; №15), «Неге жасаймын» («Абай» журналы, 1918, №3), «Алты аяқ» («Айқап», 1915, №3), т.б. өлеңдері мен мақала, толғаулары жарық көрді. «Қазақ» газетінің шығуына қуанып, құттықтаған «Міне, алақай!» өлеңі («Қазақ», 1913, 1 наурыз, №4) ақынның азаматтық көзқарасын айқын жеткізген шығармасы еді. «Қараңғы түнек түнде еді, қара қазақ баласы» деп, «жиырмасыншы ғасыр басында» айы туып, күні туып «жарық көрді алашы!» деп, алғы күнге үміт арта сөйлейді. Сұлтанмахмұт қаламынан шыққан «Алаш ұраны» (1917) ұлттық-азаттық идеясының ашық үніндей естілді. Жалпы, ақынның бүкіл шығармалары негізінен XX ғасырдың басындағы жиырма жыл ішінде жазылды да, сол кезеңдегі қазақ әдебиетінің ахуалын, мүкіндіктері мен бағыт-бағдарын айқын танытты. «Адасқан өмір» қазақ әдебиетіндегі поэма жанрының өшпес рухты үлгілерінің қатарына қосылды. «Кедей» поэмасы да аса бір зерлі, көркем әрі тарихи мәнді шығарма. Өлеңмен жазылған тұңғыш роман «Қамар сұлу» — реалистік қазақ әдебиетінің көш басындағы ірі шығармашылық құбылыстардың бірі. Ақынның шығармашылық өмірінің айтулы үш кезеңін (1907—1911 жылдарды қамтитын шәкірттік өлеңдері, 1912—1913 жылдардағы «Айқапта» қызмет істеп жүрген тұстағы өлеңдері, 1917—1918 жылдардағы Семейдегі шығармашылық тағдыры) бөле-жара қарастырған академик Серік Қирабаев ақын табиғатын «лапылдап тұрған ақындық мінездің қайсарлық пен табандылыққа ұласуын көреміз»<sup>53</sup> деп сипаттайды. С.Торайғыров ақындығы жана қазақ өлеңінің жарқын беттеріне айналды, жігерлі, әсерлі, мұңлы да сазды азаматтық поэзиясы өзгеше бітімді, келісті кестелі зерімен санаға тез жетіп отырды. Бірқатар өлеңдері Абай мақамының өрнектерін қайталай жаңғыртса, енді бірқатар өлеңдері көзі көрген аласапыран заманның суреттерін қаз-қалпында түсіріп отырғандай. «Сарыарқаның жаңбыры» 1917 жылғы қазақ өмірін тереңнен ақтара жеткізген, психологиялық жарыстыра баламалауды шебер қолданған шығарма.

Көп уақыт жаңбыр көрмей қурап, күйіп,  
Жоқ еді Сарыарқада көрер сиық.

<sup>53</sup> С. Торайғыров. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. А., 1993. 6-б.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың азаматтық рухы күшті, реалистік сарыны басым «Таныстыру» (1918), «Адасқан өмір» (1918), «Келдей» (1919), толық сақталмаған «Қайғы» (1919), аяқталмаған «Айтыс...» (1919) поэмалары, *Ығмылан Шеркөевтің* тарихи-реалистік суретке толы, жыр сипатты «Исатай-Махамбет» (кейін, 1924 жылы «Сәуле» журналының №4 санында жарық көрді) поэмасы, *Шәді Жәңгіровтың* Шығыс саздарын одан әрі тереңдете нәзіршілдікты жалғастырған «Назым чәһар дәруіш» (1913), орыс-қазақ тарихи қатынастарының шынайы шежіресіне негізделген «Ресей патшалығында Романов нәсілінен хұқмырандық қылған патшалардың тарихтары һәм ақтабан шұбырыншылық заманынан бері қарай қазақ халқының ахуалы» (1912) дастандары және тағы басқа туындылар эпикалық жанрдағы алуан қырлы поэтикалық ерекшеліктердің мейлінше кенеулене түскендігін байқатты. Поэма жанрының реалистік, тарихи, азаматтық, философиялық сипаты, ұлттық рухы айқындалып, күшейді. Ақындар уақыт тынысына, күнделікті қоғамдық оқиғаларға жедел үн қосып, ой толғау арқылы да өлеңнің өміршендік нышандарын еселеп жібергендей еді. Азаматтық, публицистикалық сарын сөз зергерлігімен ұласты. Өлеңнің әдеттегі ырғақ, буын, бітімі жедел түлеп, түрлі түрлік өзгеріске ұшырап жатты.

Жарық күн туды,  
Жер жүзін жуды,  
Көктен нұрлар төгіліп,  
Ежелгі, ескі,  
Ортадан кетті,  
Етек-жені сөгіліп.

(*Бернияз Күлеев, «Бостандық күнінде»*)<sup>57</sup>

\* \* \*

Иесі болса дағы алтын тақтың,  
Көнеді бенде ісіне жалғыз хактың.  
Тағдырға мойын сұнып, елден безіп,  
Мен жұрмін ортасында бөтен-жаттың.  
Сары қазы, сары қымыз тамағы боп,  
Жүргенде жастары біздің жактың,  
Өлшеулі ет, қара шайды тамақ қылып,  
Өткізіп жұрмін уақытын жастық шактың.

<sup>57</sup> XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Октябрь алдындағы кезең. А., 1983. 226-б.

\* \* \*

Я, Алла! Жеткізе төр мұратыма,  
Рақаты бар деуші еді михнаттың.  
(*Сәкен Сейфуллин, «Қазақ саяғы»*)<sup>58</sup>,

\* \* \*

Қарасаң сонда қазақ арасына,  
Ойнаған жалаңаяқ баласына,  
Кетеді іш елжіреп, жанып, күйіп,  
Көңілдің түз сепкендей жарасына.  
(*Мағжан Жұмабаев, «Күз күні»*)<sup>59</sup>

Бұл өлеңдер мазмұны жағынан дәл сол уақыт тақырыбындағы туындылар болса, поэтикалық белі, үлгісі, бітімі тұрғысынан бұрынғы жыраулар сөзінен іргесін бөліп, окшаулана түскендігі білінеді. Қысқа өлеңнің, азаматтық, саяси лириканың небір ұтымды үлгілері, махаббат лирикасының дара нұсқалары да ақындар сөзін нұрландырып, мағынасын тереңдетіп әкеткені де уақыт ерекшелігі деген орынды. Түрлік, пішіндік ізденістер, күрделі метафоралар, азаматтық көзқарастың айқындығы сол тұстағы қазақ поэзиясын әлеттегі жыр, толғаулардан оқшауландырып тұрды. Өлеңдегі әлеуметтік драма, тартыс желісі ширай берді. Оқиғалы өлеңдер, философиялық ойға құрылған өлеңдер, қысқа сюжетті, сюжетсіз поэмалар пайда болды. Осының барлығы да қазақ өлеңінің қысқа мерзім ішіндегі трансформациялық түлеулерін, даму жолын көрсетеді. XX ғасыр басында ақындық өнер, соны тынысты әлеуметтік поэзия алдыңғы лекке шықты да, ағартушылық, насихатшылық, халықшылдық сипатын одан әрі тереңдетті. Алашшыл ақындар үні басым естіле түсті. Ғасыр табалдырығында Абай негізін қалаған реалистік поэзия одан әрі тармақталып, даму бағытына бетбұрды. Поэзиялық туындылардың мазмұны байыды, түрі құбылды, ұлттық қасиеті таралып аршылды.

Дәстүрлі халықтық әдебиет те уақыт сынына сай түлеп толысып, өзінің өзекті сипаттары мен қасиеттерін одан әрі жалғастырды. Халықтың тұрмыс-салт заңдылықтарымен біте қайнасып кірігіп кеткен әнші ақындар өнері, сал-серілік мәдениет, фольклор сөз өнерінің ежелден мәлім түрлі желілері XX ғасырда да заңды жалғасын тапты. Одан әрі дамыды. Дәстүрлі әдебиет өкілдері мен жанашырлары жүздеп, мыңдап саналады. Өйткені дәстүрлі сөз өнері шынында да халықтық сипатын жоғалтпай, ел тұрмысына етене араласып, сінісіп кеткен-ді. Бесік жырынан

<sup>58</sup> Сонда, 67-б.

<sup>59</sup> «Айқап». 1911. №17.

бастап от басында, орда төрінде бірдей айтыла беретін әншілік жана XX ғасырға да тән еді. XX ғасыр басындағы әншілік, сал-серілік әдебиет нұсқаларының өзгеше нәші мен өкпесі қысылған тағдырын *Үкілі Бйбарай Сандыбайұлы* (1856-1932), *Иманжүсіп Құптанұлы* (1863-1929), *Балуан Шолақ Баймырзин* (1864-1919), *Әсет Найманбаев* (1867-1922) өмірінен көреміз. XX ғасыр басында бұл қатардағы кемеліне келген, халықтың мерейіне бөленген шынайы ірі таланттар көркем сөз өнерінің аруағын асырып тұрды. Әншілік өнермен ұштасқан жана ақындық мектептің ең бір бітімді үзлік үлгілері де осындай ірі тұлғалар шеберлігінен туындайды.

Ішім түтін болғанда, құр сырттым сау,

Маған деген көз жасым жанбыр боп жау.

Бүркіт салып шығайын басына бір,

Көріңсенші көзіме, Ерейментау!

деген Иманжүсіп сөзі – күллі казактың көз жасын мөлгілеткен трагедиялы лирика. «Түрменің кара наны балдай болды» дейтін де сол Иманжүсіп. Әр сөзі, әр қайырымы аласапыран заманның көз жасына суарылған, уақыт шындығының суретін бедерлеп түсірген бұл ән мәтіндері – сөз өнерінің інжу-маржандары. Балуан Шолақтың:

Көкшетау, мен қайтейін биігінді,

Баурында бейғам өстім киігіндей.

Дұшпаннан қысым көріп, үйден безіп,

Басамын қайда барып күйігінді?! –

дегендегі ой мен сөз кестесі де XX ғасыр белесіндегі казак өленінің өр биігін жақсы аңғартса керек. Бұл сипатты дарындар әншілік, сал-серілік секілді кірпияз өр мінез өнерді тұрмыс-көңіл күй саздарынан әлдеқайда биіктетіп әкеліп, замана трагедиясын ашуға, адамзат тағдырын айшықтауға дейін асқақтатқан ұлы суреткерлер еді.

**ПРОЗА.** XX ғасыр басында проза өмір шындығы мен үлкен азаматтық ойларды, ағартушылық-демократтық идеяларды көркем бейнелеуге бағыт алған жана шығармалармен, қаламгер дүниетанымы мен идеялық ізденістерін көркем мазмұнға көшіре алатын әдістермен толықты, жанрлық аясы кеңіді.

XX ғасыр басындағы прозалық шығармалар «Айқап», «Қазақ», «Қазақстан» тәрізді газет пен журналдар, казак тіліндегі кітаптар, түрлі мектеп, медреселерге арналған оқу құралдары, хрестоматиялар арқылы жетті. Орыс зерттеушілерінің жинақтарынан да кездестіруге болады. *С.Көбеевтің* «Үлгілі бала»,

*М.Дибериеттің* «Қазақ балаларына қйратат кітабы», *О.Нұрбаевтың* «Көргенді ана – үлгілі бала» сияқты туындылары мен *В.Радлов, Г.Потанин, Ә.Диваев, т.б.* кітаптары мен жинақтарында халық әдебиетінің үлгілері, прозалық шығармалардың талай түрлері, шағын әңгімелер кездеседі. Көптеген шығармалар «Садақ» тәрізді қолжазба журналдарда да жарияланды. *Б.Майлиннің* «Шұғаның белгісі», *Ж.Тілепбергеновтің* әңгімелері – осындай шығармалар. XX ғасыр басындағы прозалық шығармалардың бізге қолжазба күйінде жеткендері де бар. Мысалы, *С. Торайғыровтың* «Қамар сұлу», «Кім жазықты» романдары, т.б.

Бұлардың бәрі XX ғасыр басындағы көркем проза дамуының түрлі бағыттары мен ағымдарын көрсетеді. Көркем тәжірибе жинау, үйрену мен іздену жолындағы күрделі процестер осы басылымдар бетіндегі прозадан айқын көрінеді. Сондықтан оларды нақты жүйеле қарастыру прозалық шығармалардың көркемдігіне әсер еткен ішкі-сыртқы жағдайды, әдеби дәстүрді, ерекшеліктерді айқындауға мүмкіндік береді. Олардың арасында әдебиетіміздің тарихы үшін ғана емес, сол кездің шындығын шынайы бейнелейтін, тіпті фактографиялық, натуралдық түрде болса да бай материалдар беретіні аз емес. XX ғасыр басындағы әдеби дамуға қарап отырып, проза жанрының өркендеуін жалаң түрдің, жанрдың ұшталуымен ғана емес, соған сәйкес көркем мазмұнның пайда болуымен де түсіндіруіміз керек. Осы кезеңде қоғамдық санасында жана қажеттілік, көркем прозаға деген эстетикалық тілек күшейді. Сондықтан да казак прозасының кейінгі 20-жылдардағы табыстарын бірыңғай көршілес елдер әдебиетінің ықпалымен емес, әдебиеттің ішкі дамуын белгілейтін күштердің заңдылықтарымен түсіндіруге тиіспіз.

XX ғасыр басындағы мерзімді баспасөз бетіндегі прозаны негізінен үш топқа бөліп қарастыруға болады. Әңгімелер, очерктер және аудармалар.

Осы басылымдар арасында прозалық шығармаларды мақсатты түрде үзбей жариялап отырған «Айқап» журналының орны ерекше. Бірақ онда жарық көрген барлық шығармаларды көркем прозаға жатқызу қиын. Басқа басылымдарда да мұндай материалдар мол. «Айқап» бетінде жарияланған әңгімелерде прозаның негізгі даму заңдылықтарын байқата алатын шығармалар көп. Мерзімді баспасөзде жарық көрген шығармалардың басты тақырыптары: оқу-ағарту, жастардың, әсіресе, казак қыздарының бас бостандығы, казак халқының Ресей отарлау саясаты салдарынан ата қонысынан айрылуы, сауда-саттық, ақша қатынастарының ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрді бұзуы, т.б.

Қаламгерлер қалың ел ішінде болғандай бір уақиғаларды баяндайды. Сол арқылы ел басындағы ауыр халді жаны аши

отыра, ашына әңгімелейді.

Кейіпкерлер портреті, әрекеті, мінез-құлқы сирек суреттеледі. Олар тап болған жайдың трагедиялық сипатын аша түсу үшін автор ара-тұра шегініс жасайды, әңгімеге өз эмоциясын қосу арқылы заманға назасын білдіреді.

1911 жылғы «Айкаптын» 7, 8, 12 сандарында «Бір қазақ қызы», «Жұмбақ әңгіме» және «Екі қыздың мұны» аталатын үш әңгіме жарияланған. Мазмұн, тақырып ортақтығы бар. Ал әңгіме формасында XX ғасыр басындағы қазақ прозасына тән қиындықтар, ізденістер байқалады. Алғашқы әңгіме баяндау үлгісінде жазылған болса, кейінгі екеуі таза диалогке құрылған.

«Жұмбақ әңгімеде» шыға бастаған газет-журналдарға, қазақ халқының түрлі мәдени жаналықтарға көзқарасы көрсетіледі. Бұл мақсатына автор тікелей насихат түрінде емес, өзінше шартты образ, жұмбақ жанрын қолдану арқылы жетпек болған. Мұнда да автордың негізгі мақсаты – белгілі идея мен ойды жеткізу ғана. Авторлардың мақсатына орай уақиғаны әдейі қоюлатқаны байқалады. «Бір қазақ қызындағы» әлеуметтік мәселе, қазақ қыздарының бас бостандығы, соңғы екі әңгімеде тағы көтеріледі. Алайда ол әңгімелерде күрес идеясы бар. «Бір қазақ қызында» Мәнсулу мұнына жаны ашыған автор мұнымыз дұрыс емес қой деп халықты әділеттікке шақырса, «Екі қыздың мұнындағы» Нұрида сөздерінде жана леп бар.

«Айкапқа» жарияланған прозалық шығармалар арасында Ә.Ғалымовтың «Бейшара қыз» әңгімесі ерекше көзге түседі. Әңгіменің стилі мен тілі, құрылымы мен баяндаушы шеберлігі әдемі үйлесімін тапқан.

Мұнда күрделі прозаның кең тынысын танытатын белгілер, табиғат көріністерін шығарма идеясы, құрылымымен байланыстыру бар.

Уақиғаны лирикалық кейіпкерлер атынан баяндайтын автор өзінің сол ортаға қатысын, эмоциялық әсерін шеберлікпен суреттейді. Тып-тыныш табиғат пен өзінің әлдеқалай алабұртқан сезімдерін карама-қарсы, шендестіре әңгімелеу арқылы оқушысын әлдеқандай үрейлі уақиғаға дайындайды.

Әңгімеде уақиға өтетін ортаның көркем суреті бар. Діндар шал-кемпірлер, уақиғаны қызықтырушы қыз-келіншек, аяқ-асты табылған дауға қуанып, «барымталап» қолын укалап жатқан түрлі топтар т.б.

Автор табысының бірі – әңгімеші, лирикалық кейіпкер. Ол уақиғаны жай баяндаушы емес, ақыл-ой таразысына тартушы, идеялық эмоциялық бағыт беруші. Ол Б.Майлиннің «Шұғаның белгісіндегі» Қасымжанды еске түсіреді.

жанылғаным» (1913, № 17) атты әңгімеде оқушысын көркемдігімен бірден баурап алады. С.Торайғыров шығармашылығын зерттеуші проф. Б.Кенжебаевтың мына пікірінде сол кездегі қаламгерлер прозасының ерекшелігіне қатысты ойлар бар. «Ақын солардың бәрінде болған, өзі көрген, білген факт, уақиғаларды суреттейді. Оларды дәл қалпында хабар ретінде айтпай, ептеген, белгілі сюжетпен келтіреді, бірсыпыра әрлеп, көріктеп суреттейді, арасына көптеген келісті диалогтер енгізіп отырады»<sup>60</sup>.

1913 жылғы «Айкап» журналының 21 санындағы фельетон рубрикасында Б.Майлиннің бір әңгімесі жарияланған. Әңгіме табиғат көріністерінің сұлу суреттерімен оқушы назарын аударады.

Әңгімеде табиғат көріністері жалаң баяндалмай, белгілі ой, идеямен байланысты алынады. Мысалы, «Себепсіз жалқаулықтың жайлы жастығына сүйеніп ұйықтаушылар сансыз көп еді». «Біреу бақан, біреу сойыл, әркім қолына түскен нәрсесін алып, жылқыға қарай қанатсыз ұшты», т.б.

1913 жылғы «Айкаптың» соңғы санындағы «Мұқат» псевдонимімен жарияланған М.Сералиннің ұзақ әңгімесінің (аты көрсетілмеген) көтеріп отырған проблемасы салмақты. Әңгіме уақиға орны мен уақытын хабарлаумен басталады. «Өткен 1911 жылы доңызда Қостанай уезіне қараған Шұбар, Сарыой, Қарабалық Әйет һәм Дамба елдерінде жауын болмай, ыстық көп болып етін, пішен шықпады».

Осыған қарағанда, бұл әңгімені болған уақиғаға негізіне жазылған көркем очерк пе деп қаласын. Алайда бірте-бірте әңгіме деректі сипатынан арылып, таза әдеби әуенге ауысады. Әсем табиғат көріністері мен елдің жай-күйін келісті суреттеген беттер оқушысын бірден-ақ сол күндерге жетелей жөнеледі. Басқа түскен қиындықты қалың мал арқылы шешуге тырысқан ата-ана, осы қиындықтан пайда іздеген әлеуметтік топтардың ой, әрекеті суреттеледі. Шығармадағы тартыс та осы бейнелер астарындағы авторлық оймен қабағтаса шешім табады. Әңгіме соңындағы адамдардың ой-пиғылын билеп бара жатқан ақша, алтын туралы «бұл қалай әлеумет» деген авторлық монологтің ағартушы-демократтық идеялармен байланысты екенін аңғару қиын емес.

Мерзімді баспасөз бетіндегі прозалық шығармаларды топтастырып қарағанда, мына жайларды байқауға болады:

Біріншіден, XX ғасыр басындағы газет-журналдар қазақ қоғамы алдында тұрған ірі-ірі мәселелерді бейнелеген әңгімелерді ғана жариялаған. Осы мақсатпен кейде көркемдік шешімге онша мән бермеген. Екіншіден, газет-журнал бетіндегі прозалық шығармалар сол кездерде қазақ прозасы алдында тұрған көркемдік

<sup>60</sup> Б. Кенжебаев. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. А., 1976, 150-б.



мәселелерін анық көрсетті. Мүмкіндігі мол қуатты жанрдың түрлі тәсілдерін, бейнелеу құралдарын шеберлікпен қолдануға үйрену керек еді.

Қазақ прозасы алдында тұрған басты қиындық ретінде баяндау, диалог арасындағы күрделі қатынас көрінеді. Күрделі прозаның қажеттілігі алға тарта берген бұл қиындықты алғашқыда айналып өтуге талпыну байқалады. Бірыңғай диалогке, болмаса баяндауға құрылған шығармалар көбейе бастайды. Газет-журналдар өзіне ағылған түрлі материалдарды редакциялау үстінде негізінен осы екі пішінді көп пайдаланған.

XX ғасырдың басында жастарды оқуға шақырып, өркениетке жетуге уағыздаған көлемді, күрделі шығармалар да аз болған жоқ. Солардың бірі — *Б.Ержановтың* «Оқуға махаббат» повесі. Шығарма 1910 жылы қыркүйек айында жазылғанмен, 1912 жылы ғана Қазанда баспа бетін көрген. Бұл — көлемді көркем прозаға талпынуды көрсететін кезеңдік шығармалардың бірі. Автордың проза саласындағы еңбегі жалғыз бұл емес. «Айқап» журналының 1914 жылғы 12 санында «Бозбалаларымыздың бір түрі» аталған көлемді әңгімесі бар. Автор бұл шығармасында да халықты мәдениет пен оқуға үндейді.

«Оқуға махаббатта» автор ойын шамасы келгенше образдар арқылы жеткізбек болған. Мұнда да сол кезеңдегі қазақ прозасына тән ерекшеліктерді байқауға болады. Мысалы, повестің қазақ жастарын оқуға шақырған публицистикалық стильмен басталуы, диалог пен баяндау арасындағы қатынастарды менгері алмаған тұстарда оны өлеңмен алмастыру; уақиғаның баяндалуында ауыз әдебиетінің үлгісінің басым болуын, т.б. аңғарамыз.

«Оқуға махаббат» — надандық пен оқуға ұмтылушы күштер арасындағы қақтығысты әке мен бала арасындағы тартысқа орай баяндайтын повесть.

XX ғасыр басындағы көлемді шығармалар ішінде көркемдігімен ерекше көзге түсетіні «Шұғаның белгісі» повесі — көркем прозаның қай талабына да сай келетін шығарма.

Б.Майлиннің қаламынан туған шығарманың қайталанбас бүтіндігі мен эстетикалық әсері туралы көп жазылды<sup>61</sup>.

1915 жылы «Ғалия» шәкірттерінің қолжазба «Садақ» журналында жарияланған Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» — өзінің бар болмысымен халық аузындағы хикая, әңгімелерге, әсіресе, шебер әңгімешіге тәуелді шығарма. Бұл — санаулы жылдарда дүр сілкініп, «орасан шапшандықпен дамыған» прозаның басты қайнарларының бірін көрсете алады. Сауатты

<sup>61</sup> З.Қабдолов. Жебе. А., 1977. 17-б.

оқырман оған әр оралған сайын жана оқығандай әсерленіп, өз жүрегіне жақын әлде не табады. Бұл әсердің құпиясын шығарма өзегіндегі уақиғаны көркем шындыққа шеберлікпен айналдыра білетін повесть формасының даралығынан, адамдар арасындағы қатынас пен сезім сырларын сұлу тіл арқылы мінсіз дентейте жеткізген Б.Майлин талантынан іздеу керек. «Шұғаның белгісі» — өмірдің өзіндей қарапайым, әдемі, сұлу, әрі жұмбақ.

XX ғасыр басында әдебиетімізде жана қазақ романы қалыптасты.

XX ғасыр басындағы кейбір шығармаларға байланысты (әсіресе, 1917 ж. дейінгі) роман деген жанрлық анықтауышты шартты түрде қабылдаған жөн. Өйткені таза жанр теориясының тұрғысынан келсек, олардың ішінде жанры талабына толық сай келмейтіндері де бар. Алайда, одан бас тартудың да қажеті жоқ. Бұл ұстаныммен келсе, әлемдік роман тарихында аталып жүрген талай шығармалардың ғана емес, бүтінгі романдардың көбінің де жанрлық тұрпатына күмәндануға болады. Авторлық максат пен идеяға орай, шығарманың жанрлық кейбір белгілеріне қарай роман деп шартты түрде аталатын шығармалар әлемлік әдебиетте аз емес. Алайда, әр халықтың әдебиетінде жанрлық типологиямен қатар, өзіне ғана тән ерекшеліктердің мол болатыны да аян.

Роман жанрының тарихы, даму жолдары бар. Бұл — өмірді қарасөзбен көркем бейнелеу тарихы. Оның туу, кемелдену жолы әр ел әдебиетінде өзінше өтеді. Ұзақ, қысқа мерзімдерді (диахронды тұрғыдан алғанда) қамтуы мүмкін. Мысалы, жана романға жету үшін грек, италия әдебиеті ондаған ғасырларды бастан кешсе, француз, неміс, ағылшын әдебиеті екі-үш ғасырды артқа салды, орыс әдебиетіне Пушкинге жету үшін 100-150 жыл керек болды. Әрі романдық тіл бұлардың көбінде аударма шығармалар негізінде қалыптасты. Ал қазақ әдебиеті бұл жолды айтарлықтай қысқа мерзім ішінде 20-30 жылда өтті. Мұның тарихи объективті себептері болды. Дәстүрлі әдебиеті мен аса бай ауыз әдебиеті, халық прозасы, халықтық романдар, сөз өнеріне деген ерекше қабілет, Батыс, Шығыс, орыс классикасымен жақсы таныстық бұл дамуды тездетуде үлкен роль атқарды. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде романдық ойлау көріністерін аңғартатын әлденеше факторлар болды. Халықтың сауаттылығының артуы, дүниетанымының жанаруы, адамның өз құқығын сезіне бастауы, пікірін, көзқарасын қорғауға ұмтылуы т.б. тасқа басылған сөзге, қиял-ғажайып уақиғаларға толы шығармаларға көзқарас өзгерді. Дидактикалық, өнегелік мақсаты айқын шығармаларға ықылас азайды.

Романды «жана заман эпосы» десек те, әдебиет тектерінің синтезі — синтетикалық жанр десек те, роман әдеби дамуының

жетілген сатысымен, романдық ойлаудың қалыптасуымен сәйкес келеді.

XX ғасыр басында роман жазған қаламгерлердің көпшілігі объективті, субъективті жағдайларға орай кейін роман жанрымен түбегейлі айналыса алған жоқ. Мысалы, М.Дулатов, С.Торайғыров, Т.Жомартбаев, М.Кәшімов, С.Көбеев т.б. жарық көрген романдарының қоғамдық санаға, әлеби процеске ықпалы зор болды. Бұл шығармалар кезінде Б.Майлин, І.Жансүгіров, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов т.б. қаламгерлер шығармашылығына әсер етті. Белгілі дәрежеде үлгі, дәстүрлік қызмет атқарды. Олардың шығармаларындағы көркем эпизод, сәнді образ, сәтті деталь, сөз сырлары кейінгі қаламгерлерге ықпалын жасалды.

XX ғасыр басындағы қазақ прозасындағы жанрлық ізденістерді зерттеу әлеби процесегі бағыттарды байымдауға мүмкіндік береді. Мәселен, *А.Жандыбаевтың* «Жас ғұмырым, яки жастықта ғафлат» атты 1907 жылы Қазанда басылған романы XX ғасыр басында жарық көрген шығармалардың бірі. Осы дәуір әлебиетін зерттеушілердің барлығы да оған белгілі дәрежеде тоқталып өтеді.

Шығарманың басты идеясы мен формасына оның бірінші жақпен баяндалуына жауап іздер болсақ, Абай «Қара сөздерінің» әуені байқалады.

Шығармада бала оқытып жүрген молдалардың түрлі типтері бар. Автор оларды өзіндік мінез қулықтарымен даралай білген.

«Жас ғұмырым, яки жастық ғафлатта» мал арқасында тақ-тұқ күнелтіп отырған қазақ ауылдарының тіршілігі әдемі суреттелген. Қыстаудан қысылып шыққан қазақ ауылдарының жайлауға көшкен сәттегі қуанышы, қайта қыстауға оралған кездегі ықылассыздығы, адамдардың көңіл-күйлері тәп-тәуір бейнеленеді. Шығармада көп кездесетін табиғат суреттері жалаң көрініс түрінде алынбай, автор идеясына қатысты белгілі бір ой арқалайды.

Романда басынан аяғына дейін негізгі ойды ғана білдіретін уақиғалар баяндалады. Осы әдіс – ойды белгілі бір уақиғалар арқылы беруге талпыну XX ғасыр басындағы қазақ прозасында жиі кездеседі. Алайда оны шын мәнінде шебер пайдалана алғандар көп бола қойған жоқ.

А.Жандыбаев жан-жақты қанауға ұшырап, шұрайлы жер, ата-қонысынан ығыса бастаған қазақ халқына теңдік әперер, тұрмысты жеңілдетер үлкен күш ретінде оқу, білімді атайды. Бұл – оқу-ағарту мен адамгершілік тәрбие, үгіт арқылы жалпы адамзатқа бақытты қоғам орнатуға болады деген ағартушылық пікірдің бір көрінісі ғана.

Қазақтың жер-суының тарылып, малының азаюы нағандығынан дей келе, патша үкіметінің қазақ даласында жүргізіп отырған саясатына наразылық білдіреді. Сондықтан да А.Жандыбаевтың бұл шығармасы патша цензурасы қауіпті деп талқан кітаптар тізіміне іліккен<sup>62</sup>.

«Жас ғұмырым, яки жастықта ғафлат» қазақ даласының ілгері дамуына кесел болып отырған нағандықты аяусыз сынға алған, соны қызғыштай қорушы нағанд молдалардың образын жасалды. Бұл естелік-роман қазақ прозасы дамуының кезекті сатысындағы біршама шеберлікпен, сауатты жазылған шығарма екенін ерекше айтуымыз керек.

Қазақ прозасындағы тақырыптық-идеялық ізденістер XX ғасыр басындағы қазақ романдарында да байқалады. Мысалы, «Бақытсыз Жамал», «Қыз көрелік», «Қалын мал», «Мұңлы Мәриям», «Қамар сұлу», «Кім жазықты?» т.б.

Романшылар қазақ қыздарының бас бостандығы туралы тақырыпты жастардың махаббат жолындағы күресінен гөрі кен арнаға – адамдық өмір, бостандық үшін күрес идеясына алып шығады. Қаламгерлердің дүниетанымы, өмірді бейнелеу принциптері әртүрлі болғандықтан, көркемдік шешім де алуан түрлі көрініс тапқан.

XX ғасыр басында бұл тақырып мүлде өзге проблематикада, философияда қозғалады. Қазақ романдарындағы басты назар жастар арасындағы ғашықтық, махаббат тарихында емес. Осы тақырыптардағы романдардағы махаббатта Ләйлі-Мәжнүндік ұмтылыс, романтикалық құштарлық бейнеленбейді. Романдарда күреске көтерілетін негізінен қыздар, әрі олар оқыған сауатты, өнерлі жігіттерге «ғашығым» дегеннен гөрі «теңім, құтқарушыым» деп қарайды.

*М.Дулатовтың* «Бақытсыз Жамал» романы – осы тақырыпты тереңірек қозғайтын XX ғасыр басындағы елеулі шығармалардың бірі. Роман кезінде оқырман қауым ортасында үлкен пікір туғызып, мерзімді баспасөзде сын объектісіне айналды. Оның қоғамдық санаға ықпалы да күшті болды.

Романның екі мәрте (1910, 1914 жылдарда) басылым көруінің өзі оның оқырман көңілінен шыққанын, кітапқа сұраныстың көп болғанын дәлелдей алады. Шығарманың маңызы қазақ әлебиетіндегі реалистік сипатты, көлемді, күрделі тұңғыш роман болғандығында ғана емес. Ол қазақ әлебиеті тарихындағы көркемдік дәрежесі жоғары ерекше әлеби құбылыс ретінде де аса маңызды. Сондықтан роман өзінен кейін жазылған талай шығармаларға үлгі болды, олардың түр, стиліне белгілі дәрежеде

<sup>62</sup> Ә.Жиреншин. Қазақ кітаптары тарихынан. А., 1971, 148-б.

әсер етті. М.Кәшімов, С.Көбеев, С.Торайғыров, Ә.Ғалымов, Б.Ержанов, Т.Жомартбаев, т.б. прозалық шығармаларында М.Дулатов стилінің іздері сайрап жағыр. Көркем проза тілі мен компоненттерінің қалыптасуына да оның әсері мол.

XX ғасырдың басындағы қазақ романы көркемдік жүйесінің қай арнада қалыптасып дамығаны туралы түрлі пікірлер көпшілікке бүгінде таныс. Ал «Бақытсыз Жамал» романы осы дамудың қай бағытта өрбігенін білуге, белгілі дәрежеде жағдай жасайды. Қазақ прозасының негізінде дәстүрлі әдебиетіміз бен қазақ халық прозасының ролі қаншалықты екенін байымдауға мүмкіндік береді. Романның құрылымдық, көркемдік жүйесіне үнділе қараған зерттеуші-оның бітіміндегі ерекшеліктер себебінің қазақ қоғамдық санасы дамуының өзіндік жолына тәуелді екенін сөзсіз таниды. Қазақ прозасы дамуының жолындағы өзге, дара процесті көреді.

М.Дулатов роман фабуласы ретінде әлеуметтік мәні бар мәселені алған. Әрі оны сәл де болса сентименталды реңкі бар реалистік стильде баяндайды. Кейбір эпизодтарда натуралды баяндаулар да ұшырайды. Шығарма композициясына жымдаспай оқшаулау тұрған әңгімелер де бар. Мысалы, алғашқы тарау уақиға өтетін ортаның он бес жыл бұрынғысын баяндайды. Автор романда қазақ даласында көп кездесе бастаған құбылыс, уақиға арқылы қазақ қыздарының басындағы тендік мәселесін көтеріп, соған қатысты өз ой-идеясын жеткізеді. Жәй ғана баяндап қоймай, оқушысына әсер етуді көздейді. Сондықтан автор шығарма соның қайғы, қасіретке батыра аяқтауды әдейі тандаған тәрізді.

Көркем прозадағы аса күрделі жанр – роман жазу үстінде М.Дулатов негізінен қазақтың дәстүрлі әдебиеті мен халық прозасының көркемдік жүйесіне және сүйенеді соның стильдік, құрылымдық, көркемдік әдістерін қолданады. Көркем проза поэтикасына қатысты, әсіресе, тіліне байланысты ізденістерінде де негізгі тірек ретінде халық прозасының жетістіктерінен нәр алды. Жаңартып, дамытып, ілгері апаратындары да жоқ емес.

XX ғасыр басындағы қазақ романы біртекті бүтіндікте көрінбейді. Онда қолына қалам алған түрлі саяси-әлеуметтік топтардың өкілдері еңбектенді, шығармашылықпен айналысты. Ел аузында, халық прозасында қалыптасқан фабулаларды баяндаушылар да, натуралистік, сентименталдық тәсілдерді қолданушылар да, реалистік әдістің түрлерінде жазушылар да болды.

Бейнелену әдіс-тәсілдеріне қатысты зерттеулерде көп қозғалса да тиынақты шешімін таппай келе жатқан мәселелердің бірі – натурализм проблемалары. Қазақ әдебиеттануында бұл

мәселеге қатысты пікірлер А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, С.Мұқанов, К.Жұмалиев, Е.Исмаилов, М.Қарағаш, Б.Кенжебаев, З.Қабдолов, Т.Көкішев, Р.Нұрғалиев, З.Бисенғали т.б. ғалымдар еңбектерінде айтылады. Өмірдің шындығын бейнелеу барысында ұсақ-түйек детальдарға токтала жазу, тәптіштей баяндау. Бұл әдеби бағыттың ұлттық ерекшеліктерін ескеретін теориясы жасалған жоқ. Натуралистік бағыт және оның әдіс-тәсілдері легенде есте болатын екі жай бар. Бірі – өмірде болған уақиғаны, болмаса оның бір көрінісін мейлінше қаз-қалпында суреттеу. Екіншісі – әдейі өмірдің бір көріністеріне токтала, асықпай, тәптіштей, мақсатты түрде жазу.

Сентиментализм ағымы арнасында жазылған әдебиет пен оның теориялық негіздері XX ғасыр басындағы қазақ каламгерлеріне беймәлім болған жоқ. Кейбір шығармалардың тақырыптық-идеялық мазмұны, тіпті шығарма атаулары да қазақ каламгерлерінің бұл ағыммен таныстығын анық көрсетеді. Мысалы, «Мұңлы Мәриям», «Бақытсыз Жамал», «Бейшара қыз» (Ә.Ғалымов), «Зарлы сұлу», «Шын сорлы», «Алданған сұлу» (Мағжан) т.б.

Сентиментализм қазақ әдебиетінде қалыптасқан әдіс-тәсіл, идеялық, көркемдік әдеби ағым ретінде көзге түсе қоймаса да, осы үлгіні сақтай жазылған шығармалар – өлең, әңгімелер жиі кездеседі. Шығарма бөлімі, тарауы, эпизод тәрізді үлгіде романдарда да бар. М.Кәшімовтің «Мұңлы Мәриям» романы мазмұнындағы сентименталды әуен, Ә.Ғалымовтың «Бейшара қыз» тағырын баяндайтын аянышты әңгімедегі авторлық эмоция, М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романындағы сентиментализм өрнектері осыған айғақ бола алады. Сентиментализм әуендері мен оның пафосын сақтай жазылған құрамдас бөліктер С.Торайғыровтың «Қамар сұлу», «Кім жазықты» романдарында да кездеседі.

«Мұңлы Мәриям» романының басына өлеңмен берілетін арнаулық повесть құрылысына да, М.Кәшімовтің саяси-әлеуметтік, эстетикалық көзқарасына да қатысы бар.

“Мұңлы Мәриям” кейіпкерлері негізінен екі топқа бөлінеді. Бірі – бас бостандығы, махаббаты үшін күресуші Мәриям мен Ғалымдар болса, екіншісі – олардың тағдырын трагедияға, қасіретке душар қылушы Нұрқан және оның маңындағы Көкен мен Досымбайлар. Соңғы екеуі бірер эпизодтарда көрінесе де оқушы есінде қалады.

М.Кәшімов қазақ қыздарының бас бостандығы туралы тақырыпқа жаңа қырынан келген. Мұнда бостандық үшін күресте Мәриям – қара күштің, зорлықтың емес, алдаудың, аярықтың құрбаны. Нұрқан бастаған топ айтқанынан

қайтпайтын кара күштің, биліктің, зорлықтың өкілдері емес. Өйткені, қолдарында шексіз зорлықтың кілті – билік жоқ. Бірақ, бостандық үшін күресуші жастарды қулықпен, алдаумен қасіретке душар етеді. Олар өздерінің құлқындары үшін неден де болса тайынбайды. Мәриям мен Ғалым басындағы трагедия тек соның бірі ғана.

М. Кәшімов ара-тұра кездесетін сәтті эпизодтарды шығарма өзегіндегі уақиғамен үндестікке жеткізе алмаған. Сондықтан да повестің кейбір кейіпкерлері негізінен эскиздік нұсқада қалған.

Алайда, М. Кәшімовтің “Мұңлы Мәриям” романы – қазақ әдебиетіне Нұрқан тәрізді типтерді әкелген, XX ғасыр басындағы қазақ прозасының көлемді туындыларының бірі. Шығарма өзінің желілі уақиғасымен, сюжетінің қоюлығымен оқушысын қызықтыра алады. Романдағы сентиментальдық әуен осы бағыттың қазақ әдебиетіндегі үлкен бір көрінісіне де дәлел.

Т. Жомартбаевтың “Қыз көрелік” романы – құрылымдық ерекшеліктері мен көркемдік бейнелеу құралдары, тақырыптық-идеялық мазмұны бағытында ерекше шығарма. Әсіресе, автордың романға тосын пішін (форма) тандау жолындағы ізденістері ойлануға тұрады. Біздің ойымызша, романның табысы да, қазақ әдебиеті тарихындағы маңызы да осы төңіректен табылады. Қаламгер алдына ағартушы-демократтық мақсат қояды да, роман көркем мазмұнын соған бағындырады. Бұл форма романда қолданылатын ертегі мазмұнын да айтарлықтай өзгертеді. Уақиға мен кейіпкерлерге бағытталған авторлық жана көзқарас, идея бар.

“Қыз көрелік” туралы пікір айтушыларды біраз ойға қалдырған мәселе – ағартушы-демократтық мазмұны бар, идеясы айқын шығармада ертегі фабуласының пайдаланылуы. Ол Т. Жомартбаев романы құрылымының синтетикалық сипатын ғана танытпайды, оның көркем мазмұнын да белгілейді.

“Қалың мал” романының жариялануы қазақ халқының 1913 жылғы мәдени өміріндегі елеулі уақиға еді.

С. Көбеевтің “Қалың мал” романы XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі көптеген процестері байымдауға мүмкіндік береді. Біріншіден, онда С. Көбеев сияқты қазақтың ағартушылық, демократтық бағыттағы жазушыларының роман тәрізді көлемді прозалық шығармаға келу жолы, сыры бар.

“Қалың мал” романын жазу үстінде автор орыс әдебиеті классиктерінен де үлгі алған, әсіресе, Гогольдің “Өлі жандарының” әсері мол болған. Сонымен қатар, жазушыға халқымыздың ауыз әдебиеті шығармаларының да ықпалының болғаны анық.

“Қалың мал” романын жазуға С. Көбеев те белгілі бір дайындықпен келді.

1913 жылы “Қалың мал” романын жазғанда С. Көбеев – таза ағартушылық-демократтық көзқарастағы ұстаз. Сондықтан да шығарманың алғашқы нұсқасына талдау жасау XX ғ. б. әдеби процестегі көп жайларды анықтауға мүмкіндік береді.

“Қамар сұлу” романы – С. Торайғыров шығармашылығының жана сапаға өткелі тұрғанын, көркемдік-идеялық ізденістерін анық көрсеткен шығарма. Қаламгердің қазақ қоғамы алдындағы кеселдерді әшкерелеумен қатар, оны жан-жақты бейнелеуге күш салғаны, жаңа формаға, күрделі жанрға неге қалам тартқаны аңғарылады.

“Қамар сұлудан” кейінгі шығармаларында қаламгер үлкен идеяларды көркем образға, жинақы бейнелерге көшіруге еркін барды. Мысалы, “Адасқан өмір”, “Кедей” т.б. Ал 1915 жылы ел аузынан жазып алған “Жақып пен Жантұрсын”, “Жазықсыз тамған қан” аталатын шығармалар үзінділерінде жазушының проза жанрындағы болашағы көрінеді.

Романда полилогтардың алатын орны өте зор. Әрі полилогтарды пайдалану – С. Торайғыров шығармашылығында көркемдік-идеялық мәні бар үлкен тәсіл. Полилог арқылы қаламгер барша жолсыздықтарға жол беріп, көнбеске көніп, тамақ аңдыған надан топтың жиынтық бейнесін әшкерелей жазды.

Романың бас қаһармандары – қалыптасқан характерлер. Алайда уақиға өрбуіне, таяды тартысына қатысты олардың ой-сезімдері, әрекеттері өзгерістерге ұшырайды, даму үстінде бейнеленеді. “Қамар сұлу” романында ол мүлдем ұшталады. С. Торайғыровтың өлеңмен жазылған “Кім жазықты” романында да күрделі жанрды игеру жолындағы қаламгер ізденісі айқын көрінеді.

Әдеби жанрлар ішінде романның әлеуметтік сипаты көпке белгілі. Аз зерттелмеген де объект. XX ғасыр басындағы қазақ романы көркемдік жүйесінде әлеуметтік мазмұнның алатын орны үлкен. Мысалы, әйел тегіндегі тақырыбындағы шығармалардың бәрі негізгі мәселе ретінде махаббатты емес, қазақ қоғамы алдында тұрған келелі әлеуметтік проблемаларды алады. Замана лебін сезіп, жаңалыққа ұмтылған жастарға қарсы тұрған күштер мен түрлі әлеуметтік топтар әрекетін жан-жақты суреттейді. Әрі ол уақиға өлетін ортаны толықтыратын құрамдас бөлімінің бірі емес, негізгі қайшылықтың, қақтығыстың ірі қозғаушы күші ретінде бейнеленеді. Анық өзіндік ерекшелігі де жоқ емес. Әдетте, классикалық романдарда басты фабула,

сюжеттер нақты ортада, уақыт, заман, аясында өрби бастаса, казак романдарында бостандыққа ұмтылған жастар күресінде бірден байқалады да, казак қоғамындағы әлеуметтік күштер әрекеті, психологиясы суреттеліп, қайшылық мазмұны біртіндеп ашылады. Мысалы, “Қамар сұлу”, “Қалын мал”, “Мұңлы Мәрия”, т.б. романдарда.

Мазмұндағы шарттылық пен оның негізіндегі өмір шындығы арасындағы айырманың әлеуметтік сипаты бірден көрінеді.

XX ғасыр басындағы қаламгерлер шығармаларындағы әлеуметтік тақырыптар мен идеялар көркемдік-идеялық ізденістерінің негізін құрайды. Қаламгерлердің азаматтық позициялары айқын. Ол мәнді болған сайын әлеуметтік сипатының да салмағы артады. Мысалы, М.Дулатов, С.Торайғыров, С.Көбеев, т.б.

XX ғасыр басында казактың жана романы ғасырларға созылатын әдеби процесі бастан кешті. Оның барша табыстары мен қиындықтары қайшылықтары мол уақытта – казак романының ауыр жүгін көтерген XX ғасыр басындағы әдеби байланысты сөз талантты казак қаламгерлерінің шығармашылығында анық көрсетілді.

**XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫС.** XX ғасыр басындағы әдеби байланысты сөз еткенде, оның мынадай арналардан қуат алғанын атап өткен жөн. Ең әуелі, Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсылық ретінде ресей мұсылмандары мен жалпы түркі халықтарының саяси күрес жолындағы идеялық бірлігі негізіндегі қарым-қатынастарының дамуы. Екіншілен, осы жағдаят арқылы басты шығармашылық тұлғалардың өзара ықпалының арта түсуі. Үшіншілен, өзге жұрт, шығыс-батыс әдебиетінің озық үлгідегі шығармаларды аудару арқылы үйрену, тәжірибе алмасу, шеберлік қалыптастыру мәселелері негізге алынады. Ендеше казак халқының Ресейдегі мұсылмандармен және әсіресе түркі жұртымен тарихи қарым-қатынасын бағдарлау әдеби алмасудың негізін танудың алғы шарты болып табылады.

Жалпы, шығыс дүниесінен ауысқан шығармалардың екі үлкен арнасы бар. Оның бірі – діни уағызды негізге алған құран хикаяттарынан алынған туындылар да, екіншісі – шығыстық әдебиеттің озық үлгідегі көркем туындыларынан алынған сюжеттер. Шығыс әдебиетінің озық үлгілерін халыққа кең жайылған шығармаларды аудару арқылы үйрену, тәжірибе алмасу, шеберлік қалыптастыруда діни ағартушы ақындар, әсіресе, олардың кітаби ақындар деп аталатын тобы ерекше еңбек етті. Олар шығыс әдебиетінің жауһарларын өз оқырмандарына жеткізіп, озық дүниелерінен өнеге шашты.

Шәлі Жәңгірұлы, Ақылбек Сабалұлы, Жүсіпбек Шайхисламұлы, Меуленкей Жұмашұлы, т.б. ақындар Шығыс әдебиетінің жоғарыдағы екі арнасынан да көптеген шығармаларды казак оқырмандарына жеткізіп, әдебиеттің өрісін кеңейтті. Оларды түгелдей назирашылдықты дамытқан ақындар деуге болады.

Осы ақындардың бірі *Ақылбек Сабалұлы* отыздан астам кисса жазып, казак жазба әдебиетіне үлкен үлес қосты. Ақынның «Құран», «Мың бір түн», «Топынама» сюжеттерінен алып жазған киссаларының мазмұны имандылыққа шақыру, адамгершілікке үндеу болып табылады. Оның «Кисса Дандан», «Хикмет Нигмет», «Кисса Ибраһим», «Кисса Смағұл», «Қырық уәзір», «Ғабдылмәлік пен Мәлике қыз», «Таһир-Зуһра», «Бозжігіт», «Ахтам-Сахаба», «Кисса Марғұба», т.б. киссалары бар.

Әрине, ақын киссаларының көбі – діни шығармалар. Оларда ислам діні мен оның таралу жолдары туралы түрлі аңыздар мен «Құранда» айтылған дүниелер негізіндегі діни-ағартушылық идея көрініс табады. Әйтсе де, осы исламдық және шығыстық әдебиеттен үлгі ала отырып, Ақылбек Сабалұлы өзіндік туындылар да жазған. Солардың бірі – «Сәтбек» дастаны. Онда Сібір мен казак даласын жаулаушы патшалық Ресейдің қанішер қолшоқпары Ермақты өлтіріп, ел кегін қайтарған Сәтбек батырдың ерлігі жырланады.

XX ғасырдың басында шығыстық үлгідегі кисса-дастандарды мол жазған ақынның бірі – Шәлі Жәңгіров. Оның «Кисса Бөлгәм Бағур», «Хайбар», «Назым шахар дәуріш», «Назым сияр шариф», «Хикаят халифа һарон-ар-Рашид», «Хикаят камар заман» атты киссалары бар. Оның бірінде адамдық, адамгершілік қасиеттер уағыздалса, екіншісінде мұсылман дінін тарату жөніндегі шаһид соғыстары, үшіншісінде әділ патша жайы жырланады.

Осы қатардағы ірі ақындардың бірі – Жүсіпбек Шайхисламұлы. Ол шығыс әдебиетінен үлгі етіп жазып шыққан «Жүсіп-Зылиха», «Қасым жомарт», «Сейфілмәлік», «Дарига қыз», «Әбу Шахма», «Кербаланың шөліде», «Шәкір-Шәкірат», «Таһир-Зуһра», т.б. киссалар жазған. Жүсіпбек киссаларының адам тәрбиесіндегі орны өте зор. Олардың ішіндегі кемел киссаның бірі – «Жүсіп-Зылиха». Діни сюжеттен алынған бұл шығармада Жүсіп пен Зылиха махаббаты жырланады. Бұл сюжеттің арғы арналары ежелгі мифтерге, «Таурат», «Інжіл», «Құранға» барып тіреледі. Бұл тақырыпты Фирдоуси, Жәми сынды фарсы классиктерімен бірге түрік ақындары Әли, Дүрбек, т.б. назиралық дәстүрмен әр кезінде жырлаған. Жүсіпбек «Жүсіп-Зылиханы» түрік ақыны Әли нұсқасына сүйеніп жазған.

Жалпы, шығыстық әдебиеттің үлгілері Түркістан қаласы

аймағы, Қаратау өңірі, Сыр бойы ақындарында айрықша көрініс тапқан. Қаратау өңірінің ақындары Мәделі Жүсіпқожаұлы, Құлыншак Кемелұлы, Мұсабек Байзақұлы, т.б. шығармашылығында ислам тақырыбы, Шығыс әдебиеті үлгілері насихаттық, өсиеттік, өнегелік тұрғыдан көрініс тауып, олардың өлеңдеріндегі негізгі ой идеяға айналды.

Ал енді Сыр сұлейлері аталып, қазақ әдебиетінде өзіндік ақындық мектеп қалыптастырған өнерпаздық шоғыр шығармашылығында исламдық мазмұнмен толыққан шығыс әдебиетінің эпикалық жанрдағы үлгілері жасалды. Базар Оңдасұлы, Ерімбет Көлейбекұлы, Омар Шораяқұлы, Турмағамбет Ізгілеуұлы, Жүсіп Ешниязулы, Жүсіп Қәдірбергенұлы, Данмұрын Кенжебекұлы, Нұртуған Кенжерұлы – осындай шығармашылық тұлғалар. Олардың шығармаларында Құран сюжеттері араб, парсы, үнді, түркі халықтарының аңыз-ертегілері негізінде «Мын бір түн», «Тотынама», «Шахнама» желілері бойынша классикалық Шығыс әдебиеті ақындары жырлаған дастандармен тақырыптас қисса-дастандарды қайталап жырлау кенінен канат жайған үрдіс. Мысалы, Ерімбеттің «Мұхамед пайғамбар туралы хикая», «Әзірет Әлі мен Дариха қыздың күресі», «Садуақас сахи», «Ақтам сахаба», «Атымтай Жомарт», «Әбу шашма», т.б. нәзіралық қисса-дастандары – осының нақты айғағы.

Омар Шораяқұлының «Мұхаммед», «Мағауия», «Нах Сүлеймен», «Қалимулла», «Әбу шахма», т.б. қисса-дастандары, Турмағамбет Ізгілеуұлының «Данышпан карт», «Тұтқын қыз», «Рауа бану», «Мәрді дихан», «Әшкәбус», «Рүстем-Дастан», қисса-дастандары туралы да осыны айтуға болады.

XX ғасыр басында қазақ ақын-жазушылары тек шығыстық әдебиетпен ғана байланысқа түсіп қоймай, жазба әдебиеті биікке көтерілген өзге де елдердің тәжірибесіне көз салып, жан-жақты әлеби байланысқа түсе бастады. Батысшыл бағыттағы зиялылар тобындағы ақын-жазушылар батыстық әдебиетке көп еліктегені байқалады.

Сонымен бірге, әсіресе, орыс әдебиетінен үйрену көң етек жайғаны да тарихи шындық. Оның ең бір ханды көрінісі аударма шығармалардың көптеп пайда бола бастауы болатын.

Абай, Ыбырай салып кеткен сара жолды жалғастыруда Абайдың шәкірт інісі Шәкәрімнің еңбегі өте зор. Ақын 1908-1909 жылдары А.С.Пушкиннің «Дубровский», «Боран» атты туындыларын аударды. А.С.Пушкиннің қара сөзді шығармаларын аудару тәжірибесі бізде бұрыннан бар болатын. Оның алғашқы талпынысы 1903 жылы жасалған-ды. Фольклорист, этнограф, аудармашы Молданияз Бекімов А.С.Пушкиннің «Капитан қызы» повесін аударып, Қазандағы Харитоновтар баспасынан

шығарды. Автор өз аудармасына негізінен Петр Гринев пен Мария Миронова арасындағы махаббат хикаясын арқау етіп, оған Пугачев қозғалысын қосып, ықшамдап аударған. Сөйтіп 48-беттік шағын шығарма етіп шығарған.

Шәкәрім аудармалары қазақ тәржіма тәжірибесіндегі өзгеше бір құбылыс болып саналады. Ол Пушкиннің қара сөзбен жазған шығармаларын өлеңмен аударып, тел туындыдағы сюжет пен оқиға құрылымына еш зиян келтірместен, қазақ тілінде өлеңмен әсерлі түрде өрнектеп берді.

Шәкәрімнің орыс ақын-жазушыларының ішінен Л.Н.Толстойды қадыр тұтып, ұстаз санағаны белгілі. «Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың» деген сөздері – бұған куә. Ол әсіресе өмірінің соңғы жылдарында Толстойдың туындыларымен көбірек сырласып, рухани жақындық іздеген. Сондықтан да Шәкәрім жасаған тәржімалар XX ғасырдың басындағы ұлт әдебиеттерінің қарым-қатынасына, өзара әсер байланысына келіп қосылған жана арна болып табылады.

Атап айтар бір жағдай – қазақ аудармашылары көбіне мысал жанрын аударуға ден қойды. Мысалды өлеңмен аударушылар да (А.Байтұрсынұлы, Б.Өтетілеуов т.б.), қара сөзбен баяндаушылар да (Ә.Бекейхан, С.Көбеев, С.Дөненбаев) болды. Өлеңмен аударудың шебері Ахмет Байтұрсынұлы. И.А.Крыловтың мысалдарын аударып, 1909 жылы Петербургте «Қырық мысал» деген атпен бастырып шығарды.

И.А.Крыловтан Абайдың да аударғаны белгілі. Абай орыс ақынының мысалдарын көркемдігі мен поэтикалық қуатына қарай талғай да тандай отырып аударса және дәлме-дәл аударуға тырысып, ақындық жарысқа түссе, Ахмет өзгеше бағыт ұстанған. Ол көбіне мысалдың ішкі мәніне назар аударып, өз ұлтының тұрмыс-тіршілігіне жақын, ұлтының санасын оятудың өзекті мәселелерін көтеруге жарайтын мысалдарды іріктеп отырып тандады. Сондықтан ол тәржіма жасаған мысалдар тел туындыдай қабылданып, ел азаматтарының алдына салауатты сауалдар қойып, көкейдегі көп сұраққа жауап берді. Ахмет үшін мысал күрескерлік жолындағы ең бір өтімді қару ретінде пайдаланылды. М.О.Әуезовтің «Қырық мысалды» «қалың қазақ жұртшылығының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі» – деп бағалағаны сондықтан еді.

И.А.Крыловтан Спандияр Көбеев те, Бекет Өтетілеуов те аударма жасағаны белгілі. Әртүрлі деңгейде аударылған аттас мысалдар қазақ аудармашыларында кездесіп отырады. Мәселен: «Аққу, шортан һәм шаян», «Ат пен есек», «Қасқыр мен тырна», «Қасқыр мен қозы», «Шал мен ажал», «Айна мен маймыл», «Маймыл мен көзілдірік» мысалдарын Спандияр Көбеев те, Ахмет

Байұрсынұлы да аударған. Абай тәржімалаған “Ала қойлар”, “Есекпен бұлбұл”, “Қарға мен түлкі”, “Емен мен қамыс”, “Бақа мен өгіз” мысалдарын Ахмет те аударған.

\* \* \*

Сонымен әдеби байланыс, әдеби алмасулар арқылы қазақ ақын-жазушылары Шығыс, орыс және басқа да әлем әдебиетінің озық үлгілерімен қазақ оқырманын таныстыра отырып, қазақ тілінің мол мүмкіндіктерін ашты. XX ғасыр басындағы әдеби байланыс әдебиетті кен өріске шығарып, өз бетімен ізденуге жол салды. Прозадағы сан салалы тереңдік, суреткерлікке баса мән беріліп, өлендегі әуезділік, ырғақ, ұйқас, айшықтау, құбылту, бейнелеу тәрізді поэзияның көркемдік құралдары жетілдіріліп, поэзия құдіретін айқындайтын әдіс-тәсілдердің әлем әдебиеті жеткен өресіне бағыт ұстау қазақ әдебиетін жаңа бір белеске шығарғандай еді.

**БАҒЫТТАР МЕН АҒЫМДАР.** XX ғасырдың басындағы әдебиет ең алдымен ұлттық рухының беріктігімен дараланады. Содан кейін елдік, мемлекеттік тәуелсіздікке ұмтылған ой-мақсаттардың айқын нақты көрінуімен ерекшеленеді. Алаш ұранды әдебиеттің дамуы аз жылда тез ширады, халықтың мүдделі сөзін жеткізді. Бұл тұста Абай, Шөкәрім, Мәшһүр Жүсіп Көпеев теңдес тұлғалар қатары түзіліп үлгерген болатын. Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Бернияз жұлдыздары енді көтеріліп келе жатты. Қазақтың көркем әдебиетінің бұл кезеңі жанашылдығымен, жедел даму үрдісімен, сондай-ақ реалистік әдебиет әдісіне шұғыл көтерілу арқылы кәсіби әдебиеттің кемелді биігіне туғыр қалады. **Жаңа дәуір әдебиеті, жаңа жазба әдебиет өзінің даму, кемелдену арнасына біржолата түсті.** Реалистік, романтикалық сарын жарыса өрілген, ұлттық тарихи сананың оянуына бастаған, жанашылдық рухындағы әдебиет бірте-бірте көш түзел, қазақ қоғамының рухани тіршілігінде басымдыққа жетті. Әдебиет белгілі деңгейде ұлтты дамытудың әмбебап құралына айналғандай еді. XX ғасырдың алғашқы кезеңіндегі Алаш ұранды әдебиетінің рухы үстем шығып, әріден жалғасқан әдеби үрдістің сан соқпақты даму жолдарын түйістіре бастауы да ілгерішіл ұлттық бағыт ретінде маңызды еді. Қоғамдағы, сол тұстағы Ресейдегі дүркін-дүркін төңкерістердің саяси дүмпуі қазақ қауымы мен әдеби ортада жанғырды. Ұлттық автономияны көздеген, түркішілдікті ұстанған, түркішіл-исламшылдықты қолдаған сарындар күшейе келе белгілі бір қоғамдық көзқарасқа, ағымға айналды. Осының бәрі де ірі қалагерлердің шығармаларында, публицистикаларында жедел көрініс берді. Оқыған, зиялы ақын-жазушылар, газетшілер сол ағымдардың ағынында белгілі бір әдеби

бағыттарға ойысты. «Айкап» (1911) – «Қазақ» (1913) сынды ұлттық басылымдардың арасындағы тірестің негізінде осындай қоғамдық-саяси көзқарастар жарысы да байқалды. XIX ғасырдың екінші жартысынан жалғасқан ұлт-азаттық, ағартушылық-демократтық сипаттағы ағымдар аясында жаңадан туындаған саяси-әлеуметтік ахуалға байланысты елдік, мемлекетшілдік бағытты басым ұстанған (А. Байұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев), ағартушы-демократтық бағытқа көбірек ден қойған (М. Сералин, С. Дөңентаев, С. Торайғыров), діни-ағартушылыққа жақын тұрған (М. Ж. Көпеев, М. Қалтаев, Ш. Жәңгіров) әдебиетшілер әрқайсысы өз көзқарасы тұрғысынан шығармаларын жариялағты.

Бұл кезеңдегі қазақ көркем сөзі тек қана Алаш ұранды әдебиеттің уысында ғана болды десек, әдебиеттің көпқырлы көкжиегін тарылтып алар едік. Дәстүрлі әдебиет, көркем ойдың өзге де түрлі бағыт, белгілері түрлі дәрежеде көрініс беріп дамыды. Оған тарихи алғышарттар да жеткілікті еді. Тарихи дүмпулі оқиғалар әдебиетшілер алдында тосын жағдайларды туындатса, соның бәріне қатысты тиісті баға беру, бағытты айқындау ұлттық мүдделен туған парыз еді. Жер мәселесі, 1916 жылғы маусым жарлығы, автономия, ұлттық әскер, мектеп, азамат соғысының қанды қырғынының алғашқы лебі, тағы басқа толып жатқан қиын-қыстау күндердің аласапыран міндеттері мен оқиғалары ұлт зиялыларының тыныс-тіршілігіне де қилікті де, ол ұлттық әдебиет үрдісінде жаңғырып естілді. «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті – ұлы дәуірдің: ілгерілеулер, күрес, көтерілістер, сұрапыл соғыстар, қиын-кескі төңкерістер дәуірінің әдебиеті. Күрделі көп қырлы әдебиет», – деп тұжырымды баға берген профессор Бейсенбай Кенжебаев ол тұстағы қазақ ақын-жазушыларын саяси, әдеби бағыттарына қарай: 1) ағартушылық, 2) ағартушы-демократтық, 3) демократтық-төңкерісшіл топтарға жіктейді<sup>63</sup>. Бұл бағамдау сол кезеңдегі әдебиет тарихының шынайы ахуалынан туындаған тұжырым. Дегенмен, XX ғасыр басындағы қыруар көп ақындар мен жазушылар шығармаларын саралап, бағыттар мен ағымдардың саяси, көркемдік сипаттарын таратып зерттеу – социалистік реализм әдісі тұсында мүмкіндік болмаған, енді ғана қолға алына бастаған істер. Ұлтшыл әдебиеттің ұлы мұрасына жол жаңа ғана, тәуелсіздік жылдарында ашылды.

Ал XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті – халық тарихының ең бір биік белесті, шешуші кезеңінің күрделі шындығын суреттеген әдебиет. Жаңа әдебиеттің бойын тіктеген кезеңі. Жаңа әдебиетте әдебиеттің гуманистік, сыншыл-демократиялық, ағартушылық, реалистік бағыттары, дәстүрлі әдебиет, азаттықты

<sup>63</sup> Б. Кенжебаев. XX ғасыр басындағы әдебиет. – А., 1993., 29-б.

ансаған халық поэзиясы, «кітаби ақындар» деген атпен белгілі болған, нәзирашылықты басым ұстанған діни-ағартушылық, Шығыс әдебиетінің дәстүрін насихаттаушылық мектеп те бірдей көрінді. Бұл, ең алдымен, сол күрделі аласапыранды, төңкерісті кезеңнің ерекшелігіне тән құбылысты ерекшелік. XX ғасыр басындағы әдебиет тұстаық алғанда Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаевтар рухының аясында, ұлттық жаңғыру, ұлттық азаттыққа ұмтылу ағымындағы әдебиет. Алаш көсемдері бұл шырғалан күрделі дәуірдегі ұлттық әдебиет мақсатын Абайдың реалистік әдеби дәстүрінің арнасында желілеп берді.

**1917 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЦЕНЗУРА.** Ресей империясының мұсылман халықтарының кітаптары мен баспаға арналған шығармаларына мемлекеттік мекеме бақылауы XIX ғасырдан басталып, Қазан, Семей, Уфа, Ташкент және басқа орта-азиялық аймақтардың қалаларында өткізілді. Әсіресе, түркі халықтары тілінде шыққан кітаптар қатаң бақылауға алынды, шетел әдебиетін әкелуге тыйым салынды. Патша үкіметі кітаптар шығару мен күнделікті баспаға шек қойып, жарыққа шыққандарының ұнамаған беттерін жыртып, кейбір сөздерін өшіріп немесе баспадан мүлдем шығартпай тасталды.

Қатал қысым қазақ халқының рухани өмірінің барлық саласына жасалды. Қазақ баспаларының ішінде әдебиетке, оқу-педагогикаға, мұсылмандыққа, ғибратнамаға қатысты және басқа да кітаптар аяусыз сынға алынды. Қатаң шектеудің нәтижесі шығармалардың мазмұны мен таралымына тікелей әсерін тигізді. Сондықтан кітаптардың саны күрт азайды. Жеке кітаптар фольклорлық шығармаларға қарағанда өте аз мөлшерде шығарылды. Екі ғасыр тоғысында қазақ зиялыларының ортасынан қалыптасқан ондаған жазушылар мен ақындар, педагогтар мен ағартушылар өз еңбектерін қалауынша жарыққа шығара алмады. Қазақ кітаптарының таралымдық данасы 60-500-ге дейін төмендеді.

Бақылаудың нәтижесінде рухани мазмұндағы шығармалар ұзақ уақыт бойына жарияланбады. Мысалы, Зарқұм туралы аңыз он төрт жыл өткеннен соң 1902 жылы, Сейіт-Бағтал туралы аңыз 1907 жылы ғана баспадан шықты.

1901 жылы Қарқаралы уездік бастығы капитан фон-Киниц Ақыт Қарымсақовтың рұқсатсыз бастырған кітабын Семей Әскери губернаторына өз қолымен табыстаған. Себебін кітап мұқабасындағы сол уақытқа сай міндетті бақылау рұқсатының жоқтығымен түсіндірген. Әскери губернатордың кенсе шенеунігі Д. Шевелев кітаптың жолма-жол аудармасын жасап, төмендегідей жазбаша қорытынды берген:

«1892 жылы 7 тамызда қырғыз, Орта-кереі руынан шыққан

*Ақыт Қарымсақовтың* есімімен басылған кітапшада ислам діні (магометанской религии) мен қырғыздардың салт-дәстүрін сипаттаудан бастайды, содан кейін автор қазақ даласында кәпірлердің (орыстардың) көбеюі қырғыздарды еркіндіктен айырып, кәпірлердің (орыстардың) қыспағында қалдырғанын айта келе, олардың жан басын, мүлкін санамалайды. Ол барлық қырғыздарды дінге шақырып, кәпірлердің (орыстардың) қыспағынан мәңгілікке құтылуға үндейді. Бұл кітапты Ақыт Қарымсақов Ыбырай-ханнан баспадан шығарып, қырғыздарға таратып беруді сұрайды.

Аудармашы Д.Шевелев<sup>64</sup>.

XIX ғасырдың аяғында баспадан шығаруға тыйым салынған қазақ шығармаларының саны оннан асады. Дегенмен, бүгінгі күнге дейін С.-Петербург Орталық комитетіне өткізілген, мұрағаттарда сақтаулы, жарық көрмеген қолжазбалардың нақты саны әлі белгісіз. Тыйым салынған жеке шығармалардың қатарында қазақ ақыны *Дулат Бабатаевтың* «Өсиетнама» еңбегі бар. Оның бірінші басылымы 1880 жылы шығып, шектеудің нәтижесінде он жеті жыл бойы қайта басылмаған. Екінші басылымы 1897 жылы шыққан. Фольклорлық шығармалардан, негізінен, діни және дінді насихаттау бағытындағы шығармаларға тыйым салынды. Олардың қатарында «Зарқұм», «Сейіт-Бағтал», «Өсербай», «Нуширван», «Шахмаран», «Салсал» жайындағы аңыздар жағалы. «Кесік бас кітабы», «Мұхаммед-Ханафия», «Әлхазрет Расулаланың Миғражға қонақ болғаны», «Жұмжұма» және т.б. шығармаларын бастыруға рұқсат берілмеген.

Осылайша, қазақ кітабының XIX ғасырдағы цензурасы діни және дінді насихаттау бағытындағы шығармаларға нақты саяси құрық салған. Рухани мазмұнды қазақ шығармалары панисламизм, пантүркізм идеяларын насихаттағандықтан, шынында да патша өкіметіне қорқыныш туғызуға негіз болды. Себебі, бұл шығармалар қазақ қоғамының рухани дамуына, оның ішінде ислам дініне үгітуге арналған еді және олардың көпшілігі «дінсіздермен» («кәпірлермен»), яғни қазақтардың жерін жаулап алған орыстармен күрес идеяларына толы болған еді.

Қазақ кітабын бастыруды шектеумен қатар, мұсылмандық және ақсүйектер әдебиеттерін шетелден әкелуге тыйым салынды, кітап тарату мен кітап саудасы салалары қысқартылды. Сондай-ақ, мұсылмандық кітаптарды сауға қатаң бақылау қойылды.

XX ғасырдың басында қазақ жазушыларының шығармаларынан Қазақстандағы кең көлемдегі орыс отаршылдығы жайында ұлт-азаттық идеяларын жиі кездестіруге болады. Қазақ зиялыларының демократиялық көзқарасын қалыптастыруға 1905-1907 жылдардағы

<sup>64</sup>ҚР ОМА, қор №15, 2-том, № 408 іс, 48-б.



тексеріп, өте қатан қарастыратын. Ол мәтіндегі өмір сипатына, өкімет басшыларына айтылған сын немесе кедейлердің ауыр тіршілігін суреттеген тұстарына терең мән бере тексеретін. Осылайша бақылаушылар әр кітаптан-ақ «күдікті» және «ұнамсыз» жерлерін көрсетіп беретін.

1908 ж. қантарда Н.Ф. Катановқа бақылаудан өткізу үшін Мұхаметсәлім Кәшімовтың қазандық «Ағайынды Қаримовтер» баспаханасынан 10 мың дана болып шыққан «Насихат казакия» деп аталатын (1908ж. 23 б.) кітабы табысталды. Бұл кітап ағайынды Қаримовтердің өз қаржысымен шығарылған. Кітаптың негізгі мазмұны автордың халықты білім алуға, өнерге, ағартушылыққа шақыруымен үндес жазылған. М. Кәшімовтың пікірінше, сауатсыздық, артта қалушылық – халықтың езгіге, құқықсыздыққа душар болуының басты себебі. Қазанның баспа ісі бойынша Уақытша комитетінің төрағасы М.Н. Пинегинге берген қорытындысында Н.Ф. Катанов былайша жазған:

«Аса құрметті Михаил Николаевич!

Сіздің қарастыруыңызға орысша аударма макаланы және 18-20 беттен тұратын *М. Қашымовтың* 1908 ж. «Насихат казакия» (Қырғыздарға өсиет) деп аталатын кітапшасында кездесетін казак даласына қоныстанған және халықтың кедейленуінің, мал басының азаюының негізгі себепкері болып отырған «шошқаға ұқсаған, өзирейілдей, зұлым» ретінде көрсетілген орыстарға қарсы бағытталған пікірлерін көрсете отырып, қоса табыстаймын.

Сізге шын берілген Н.Катанов<sup>65</sup>».

28 қантар 1908 жылғы Н.Ф. Катанов бақылаудан өткізген кітап авторы туралы қосымша мәліметтерді де көрсетеді: «Қырғыздың «Насихат казакия» («Яхул казакларның халляре» – «Наставление киргизам или обстоятельство жизни киргиз») деп аталатын қажы Абдурахманнның ұлы Мұхаммед-Сәлім Қашымовтың ағайынды Қаримовтердің қаржысымен 1908ж. 23 б., 8 б.т. болып шығарылған кітапшасында мынандай мақала берілген: «Біздің марқұм ата-бабаларымыздың сөзіне қарағанда, қырғыз халқының өткен өмірінде жұмаққа бергісіз тыныштық пен ұшы-қиырсыз кең даланы мекен еткен»<sup>66</sup>.

ҚББУК (КВКПДП) бақылаушылары баспагерлерден кітаптың осы бетін алып тасталуын талап еткенімен, ол талап орындалмастан жарық көрген кітапты тексерген Н.Ф. Катанов Қазанның баспа ісі бойынша Уақытша комитетінің төрағасы М.Н.Пинегинге шұғыл хабарлама жөнелтеді:

«Біздің Комитеттің өкілі Шараф мырза «Насихат казакия» кітабын жіберген еді, онда осы жылдың 28 қантарында менің

<sup>65</sup> ТРҰА, қор № 420, 1-т., № 107 іс, 3-б.

<sup>66</sup> ТРҰА, қор № 420, 1-т., № 107 іс, 4-б.

бірінші орыс революциясының әсері болды. Жазушы-демократ, рухани ағартушылар сияқты алдыңғы қатарлы казак зиялылары патша үкіметінің отаршылдық саясатына, ұлттық езгісіне қарсы және халықтың ұлттық және мемлекеттік тәуелсіздік алуына қарсы әрекеттерімен үнемі күрес жүргізіп келді.

Революциялық қозғалыс әсерінен 1905 жылы 17 қазанда патша манифесі сөз және баспа бостандығын жариялады. Мұны орыс, татар баспаларымен қатар, казак баспагерлері де пайдаланды. Бірақ 1906 жылдың басында Қазан Уақытша комитеті баспагерді қалдағалау қызметіне қайта кірісіп, баспадан шыққан еңбектерді Санкт-Петербург Орталық бақылау комитетіне жіберіп отырған. Оларға Орынбор, Семей, Троицк, Уфа, Астрахань, Омск және басқа қалалардағы басылымдар кірген.

Мұндай бақылау жүйесі 1910 жылдың ортасына дейін сақталған. 1910 жылдың қазан айында БИБ (ГУПДП) өкімі бойынша барлық мұсылман баспалары Қазанның Баспа ісі жөніндегі Уақытша комитетінің (КВКПДП) құзырлығында алдын ала бақылау қызметтерінен өткеннен соң бағынатын болды. Осы уақыттан бастап казак кітаптарының барлық қолжазбалары ҚББУК (КВКПДП) құзырлығына жіберілетін болды. Дәл осы 1910-1915 жылдары 1905-1907 жылдардағы революцияның жеңісі салдарынан баспаға бақылау күшейтілді. 1905 жылғы патша манифесінің қуанышы ұзаққа бармады, революциядан кейін саяси қуғын-сүргін басталды.

ҚББУК (КВКПДП) бақылаушылары азаттық, жалпы алдыңғы қатарлы идеяларды таратуға қарсы болды. Олар өздеріне «қажетті» ескертпелерді кез келген кітаптан тауып алып, өкіметке қарсы саяси пікір таратушы ретінде айып тағатын.

Қазанның баспа ісі жөніндегі Уақытша комитетіне М.Н. Пинегин – төраға, А.В. Фролов, Н.И.Ашмарин, Н.Ф. Катанов, Антонов – мүшелері қызметін атқарған. Сол кездегі барлық казак кітаптары Н.Ф. Катановтың тексеруінен өтепін. Казак тілін жақсы білетін Н.Ф. Катанов олардан «біржақтылықты», «күдікті жерлерді» немесе жағымсыз «мензеулерді» еш қиындықсыз тауып алып, бақылау басшыларына ұсынатын. Өкінішке қарай, мұндай әрекеттің, шындығында да, саяси, экономикалық мәселелерді көтерген еңбектермен қатар, ағартушы дидактикалық мазмұндағы қарапайым кітаптарға да кесірі тиетін. Нәтижесінде кітаптар әртүрлі бақылауға түсіп, кітаптардың ішінен ұнамайтын өлеңдер, біртұтас беттер, жеке жолдар және т.б. алынып тасталатын немесе тәркіленетін, баспадан шыққан ланаларын баспаханадан алып, жойып жіберетін. Бақылаудан өтпеген кітаптардың бір қатары сатуға, таратуға тыйым салынып, кейбіреулері сотқа табысталған.

Н.Ф. Катанов шығармалардың әр сөзінің мағыналарын жіті

аудармамда (18-20 бб.) көрсетілген орыстарға қарсы жері алынбастан басылыпты. Сондықтан аталмыш кітапшаны Сізге жібере отырып, автор мен баспаға тиісті шара қолдануыңызды өтінемін.

8 ақпан 1908 ж. Н. Катанов<sup>67</sup>.

Н.Ф. Катановтың қызметке құлшынысы ойға келмейтін істерге дейін орындағты. Мысалы, оның берген қорытындысы бойынша казак кітаптарынан сол кездегі жалпына мәлім фактілер алынып тасталды. Ол А. Жандыбаевтың «Жас ғұмырым, яки жастыққа ғафлаг» (Казан, «Шараф» баспаханасы) кітабы жайында М. Пинегинге былай деп жазады:

«Яшь гумр» (Моя жизнь), 5-көріністі драма, 77 бет. Бұл шығарманың кейбір жұмысшылар одағы мен социализмге қатысты жерлерін алып тасталдым<sup>68</sup>. Осының нәтижесінде кітаптан 7 бет алынып тасталды.

Қасым Бұлхайровтың «Қасым Бұлхайрұлының зынданда жатып айтқаны» (Казан, «Шараф» баспаханасы, 1908. – 16 б., 2000 дана) Шамсутдин Хусайнов ұрпақтарының баспасынан шыққан өлеңдер жинағы да Н. Катановтың бақылауынан өтіп, қысқартуға іліккен. Өзінің пікірінде ол ҚБББУК (КВКПДП) бақылаушыларының назарын кітаптың 8-17 беттеріне аударды: «17-бетте аталған қырғыз Қасым айдаудағы тіршілік жөнінде өлең жолдарымен былай дейді:

«Біздің қырғыздар орыстарға тәуелді болғаннан бері көптеген өте төртіпті жақсы адамдар қамауға түсті». Өлеңнің 17-жолы: «Бүкіл өмірімде ығыстырылудан өгейлік көрдім – жылдан-жылға ауырпашылық көбейіп, халіміз мүшкілденді<sup>69</sup>. Көрсетудің кесірінен барлық тираждан 17-18 беттері алынып тасталған.

1911 жылдың басында казак акыны Міржақып Дулатовтың «Оян, казак!» (Орынбор: «Вакт» баспасы, 1911. 100 с.3000 дана) кітабын сотпен қудалау басталды. Бақылаушы Н.Ф. Катанов жинақты тексере келіп, Қазан Уақытша комитетінің баспа ісіне жазбаша қорытынды жібереді:

«1. Семей аймақтық сотының Қазан қаласы баспа ісінің инспекторына жіберген осы жылдың 28 маусымындағы № 742..6- қатынас қағазы бойынша жіберілген кітапшаның 1 данасы және Орынбор губернаторының Қылмыс істерінің 129-бабының 2 және 6 пункті бойынша Торғай казак-қырғыз, арғын руынан Мадьяр, жана бағыттағы ұлтшыл Мир-Якуб Дулатовтың «Оян казак (Просыпайся, киргиз!)» Орынбордағы «Вакт» газеті

<sup>67</sup> ТРҰА, қор №420, 1-т., № 107 іс, 8-б.

<sup>68</sup> ТРҰА, қор №420, 1-т., № 107 іс, 7-б.

<sup>69</sup> ТРҰА, қор №420, 1-т., № 107, 56-б.

баспаханасында 1911 ж. басылған данасын жоғарыда аталған Семей аймақтық сотының №742 және №48 – 1911 ж. М. Дулатовқа қозғалған іске зағтық дәлел ретінде жіберген хабарламасы негізінде Семей аймақтық сотының сот тергеушісінің өтінішін орындау үшін «Оян, казак» кітапшасының 2 данасы мен 18 беттік орысша аудармасын кітапшалағы 32 «күдікті» мазмұндағы 3-4, 6-10, 13, 16-30, 33-34, 36-37, 60-64 беттерін көрсете отырып тапсыруға рұқсат етіліз.

3 қараша 1911 ж. Катанов<sup>70</sup>.

1911 жылы қаңтардың басында Семейге М. Дулатовтың «Оян, казак!» кітабына тыйым салу жөнінде ҚБББУК (КВКПДП) және Саратов Сот Палатасының прокурорының шешімімен М. Дулатовты қылмыстық жауапқа тарту жөнінде хабар келгенімен, Саратов Сот палатасы 18 қараша 1911 жылғы қаулысымен қамауға алудан бас тартып, бақылауға алу тәртібімен істі Сенатта қарауға жібереді.

Сонымен қатар Семейде де маңызды оқиғалар болады. 1912 жылдың қаңтарында, 8 ай түрмеде отырғаннан кейін, М. Дулатов 2000 рубль ақшаға кепілдікпен босайды. Бұл жөніндегі Семей аймақтық сотының прокурорының Семей губернаторына хабарламасы:

«Түткындау бөліміне. Күпия түрде.

Жоғары Мәртебелі Сізге Семей Аймақтық сотының осы жылдың 18 қаңтарындағы қырғыз Мир-Якуб Дулатовтың Қылмыс істерінің 129-бабының 6 пункті және 103-пін 3 пункті бойынша ісіне өзгерістер енгенін – 2000 рубль кепілдікті Бетелі болысының қырғыздары Смен Бегембетов пен Абдыралы болысының қырғызы Белгібай Алдабергеновтер әкелгенше қамауда отыратынын ескерте келе, Семей полициясыне Дулатовты босату өкімі жарияланалды<sup>71</sup>.

Халыққа ұлт-азаттық идея тастап, қараңғылықтан шығуға дәнекер болған шығармалар жазған белгілі акын-жазушылар, публицистерді М. Дулатовпен қатар қоюға болады. Оларға Ахмет Байұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Ғұмар Қарашев, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Мұхаметсәлім Кәшімов, Ғалиолла Ғалымжанов, Ахмедғали Маметов, Абдулкерім Мажитов, Байбатыр Ержанов, Жұмағазы Темірәлиевтер жатады.

Бұлардың ішінде *Мәшһүр-Жүсіп Көпеевті* ерекше атауға болады. Ол – XX ғасырдың басында казак демократиялық әдебиетіне қомақты үлес қосқан көрнекті жазба акыны. Жалпы М.-Ж. Көпеевтің төрт рет басылыммен шыққан үш басылымы

<sup>70</sup> ТРҰА, қор 420, 1-т., № 179, 179 бет.

<sup>71</sup> ҚР ОМА, қор 15, 2-т., № 408 іс, 15-б.

да бақылаудан өткен. Үш кітабы Қазанда 1907 жылы басылған: «Қазақтың осы күнгі әңгімесі. Сары-Арқа кімдікі?» («Шараф», 24 б. 6000 дана); «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» («Шараф», 23 б. 6000 дана); «Хал-Ахуал» (Қазан университетінің баспаханасы, 20 б.); 1912 жылдың желтоқсанында ҚЫБУК (КВКПДП) бақылаушылары назарына М.-Ж. Көпеевтің «Хал-Ахуал» (Қазан: Б.Л. Домбровский баспаханасы, 1912. - 20 б.; 3000 дана) кітабы ілігеді. Комитет сол мезетте Қазан полицмейстеріне аталған кітапты тәркілеу жөнінде хат жібереді. Полицмейстер бұйрығы бойынша Қазан қаласы І-бөлімшесінің приставы Балюк 1913 жылы 2 қаңтарда Домбровскийдің баспаханасының менгерушісі К.Н. Мушкаленкодан «Хал-Ахуал» кітабының үш мың данасын беруді талап етеді. Осылайша бүкіл тираж тәркіленеді, оның ішінде екі мыңы кітап болып қатталмаған қалпында кете барады.

Сондай-ақ, 1913 жылы наурыздың басында ҚЫБУК (КВКПДП) төрағасына Қазан губерниясы жандарм баскармасының бастығынан құпия хат келіп түседі. Онда казак авторларының кітаптары, «қылмысты» тұстары қысқаша аудармаларымен көрсетіліп, Комитеттің тиісті шара қолдануы сұралады. Тізімде Қазанда әр жылдары басылған он жеті кітап көрсетіліп, авторлары адам танығысыз өзгертіліп берілген:

«...1. «Ә. Әлімжанов. Исель юртум» (Есіл жұртым), 2. А. Беркалиев. «Огин» (Ағын), 3. Г. Жәнібеков. «Балалар бадавами» (Балалар кітапшасы), 4. М. Қашымов. «Насихат казакия» (Қазақтарға өсиет), 5. А. Маметов. «Адриат» (Үлгі), 6. М. Жұмабаев. «Чулпан» (Шолпан), 7. А. Муштакаев. «Қарлығаш» (Қарлығаш), 8. «Кутубхана журнагы» (Кітапхана бұрышы), 9. «Қазақ шакирлярияне гадия» (Қазақ шәкіттеріне базарлық), 10. «Адабият урнаги» (Әлебиет өрнегі) - ағайынды Каримовтер баспаханасы және 11. «Яш тумирим» (Жас ғұмырым), 12. «Шикаят» (Қанағатсыздық), 13. «Тирлекда куб жасағандықтан көрген бір тамашамыз» (Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз) - Хусаминов ұрпақтарының баспаханасы...».

Ғ. Ғалымжановтың «Есіл жұртым» кітабы 1912 жылы ағайынды Каримовтердің баспасынан 6000 данамен шыққан. Жинаққа енген өлеңдер Сырдария өңірін және Троицкілегі «Мухамедия» медресесінде оқып жүрген кезінде байқаған Троицк қаласының маңын мекендеген казак өмірін бейнелеген. «Жинақты шығарудағы мақсатым, - деп жазды автор, - казак халқын өлімге әкелетін жағдайларды және олардың ауызбіршілігінің жоқпығының себептерін көрсету»<sup>72</sup>.

Қазақтардың келейшілік жағдайы мен езгіде өмір сүруін

<sup>72</sup> ТРҰА, қор №420, 1-т., № 234, 7-б.

ақын Ғұмар Карашев (Габдолла Муштакаев) та жазған. Ол өзінің «Қарлығаш» (Қазан, ағайынды Каримовтер баспасы, 1911. - 22 б.; 7000 дана) деп аталатын кітабында оқырмандарды білімнің пайдасы мен қажеттілігіне сендіре жазады, барлық халықты ағартушылыққа шақырады.

Осылайша алты кітап Н.Ф. Катановтың аудармасымен қатан тексеруге жіберілген: Ғ. Ғалымжанов - «Есіл жұртым», Бейсенов - «Әлебиет өрнегі» М. Кәшімов - «Насихат казакия», Ғ. Карашев - «Қарлығаш», «Әлебиет өрнегі». Комитет қосымша тексеру нәтижесінде «Қарлығаш» және «Әлебиет өрнегі» кітаптарында қылмыстық белгілердің анықталмағанын және қажетті нәтижеменің жоқтығынан, аталған кітаптарды ақтайды.

Шамамен жарты жылдық тексеру нәтижесінде, Қазан губерниясы жандарм баскармасының бастығына жіберілген 1913 жылғы 12 қазандағы ресми хатта КВКПДП бес кітаптың кейбір жерлерінің аудармасын жібереді: «Есіл жұртым», «Насихат казакия», «Әлебиет өрнегі», «Қарлығаш», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз». Мұнымен қатар КВКПДП «Есіл жұртым» кітабының мазмұны «қылмыстық белгілерінің жоқтығынан кітап авторына қарсы қылмыстық іс қозғау қажетсіз» екендігін хабарлайды<sup>73</sup>.

Бақылаушылардың қорытындысынан байқағанымыздай, кітап авторлары әділетті түрде казак қоғамындағы әлеуметтік әділетсіздіктердің туу себептерін айта білген. Олардың ішінде М.-Ж. Көпеев патша өкіметінің отаршылдық, тонаушылық саясатын және бай-феодалдардың өз халқына тонаушылық және қарапайым қазақтардың мүддесін қорғамаушылық жайындағы еңбектерін ерекше атаймыз. Автордың бұл ойлары оның «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» (Қазан, «Шараф» баспаханасы, 1907.- 23 б.; 6000 дана) еңбегінде бейнеленген.

1913 жылы 13 шілдеде КВКПДП-ге жіберілген құпия құжаттарды талдау қорытындысы жасалған. Бұл құжатта КВКПДП шешімі бойынша қоғамдық кітапханалар мен таратуға жіберілмеген казак және татар тілдеріндегі жүзден аса кітаптардың тізімі берілген. Бұл тізімге тоғыз казак басылымы кірген.

<sup>73</sup> ТРҰА, қор №420, 1-т., № 234, 54-б.

аталған ақындардың Абай салған қалыппен жазған романтикалық, реалистік сарындағы шығармашылық қырларына тоқталады, ұлы ақыннан алған ақындық дәстүр ерекшеліктеріне үніледі.

Абай шығармаларының екі томдық жинағында (1940) жарияланған ақын өмірбаянының толықтырылған екінші нұсқасында М.Әуезов Абай шәкірттерінің тізімінен “халық жауы” атанған Шөкәрімді еріксіз алып тастайды да, әдеби мектептің белді өкілдері қатарына Әріп, Көкітай, Тұрағұл есімдерін кіргізеді. “Қазақ әдебиеті сол күнде баспа жүзінде шығып отырарлық жайға жетсе, Абай айналасынан, Абай мектебінен шыққан ақындар түгелімен Абайдың ізін баса шыққан күрделі әдебиет ағымын көрсеткен болар еді”<sup>76</sup>, — деп Абайдың әдебиет мектебі өкілдерінің ақындық талант қырларын ашып, ұлы ақынның талапты жастарға көрсеткен тәлімгерлік, ұстаздық қасиеттеріне тоқталады. Осының алдында ғана Абайдың 95 жылдығына байланысты орыс тілінде жазған “Қазақтың ұлы ақыны — қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы Абай Құнанбаев туралы өмірбаяндық тезис жоспарында” “Абайдың классикалық ақындық мектебі” деген жана атау енгізіп, оның көрнекті өкілдері ретінде: “... атақты шәкірттері Ақылбай, Мағауия, ақын-жазушылар Көкбай, Әубәкір, Әріп, Тұрағұл” есімдерін атайды<sup>77</sup>. Ал ұлы ақынның 100 жылдық мерейтойына дайындыққа байланысты ҚазПИ-де 1943 жылы 8 маусымда өткізілген кеңесте мәлім етілген “Абайдың ақындық мектебі туралы” баяндама тезисінде Абайдың кең ауқымдағы әдебиет классигі болып қана қоймай, өзінің ақындық мектебін құрып, талантты жастар шоғырын тәрбиелегендігін жүйелі түрде талдап айтады. “Мағауия, Көкбай, Әріп, Бейсембай, Әубәкір және басқа шәкірттерінің шығармашылық мұрасы Абайдың өз шығармашылығынан поэзиядағы үлкен жанрларды, атап айтқанда, халықтық-тұрмыстық, тарихи-әлеуметтік, тарихи-тұрмыстық, тарихи және пушкиндік, лермонтовтық оңтүстік поэмалар стиліндегі таза романтикалық сюжеттік поэмаларды дамытумен ерекшеленді”<sup>78</sup>, — деп Абайдың ақындық мектебінің шығармашылық ізденістерін айқындап береді.

Абайдың ақындық мектебі ғылыми әдебиетте осылай айқындала бастаған тұста 1940 жылдардың соңына қарай бұл мәселе үлкен пікір-таласқа айналып, ірі айтысқа себеп болғаны белгілі. Абайдың әдебиет мектебі де, оның талантты шәкірттері де болғаны айдан анық. Соған қарамастан, қазақ зиялыларына қарсы қасақана

<sup>76</sup> Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 15-т. А., 2004, 116-б.

<sup>77</sup> Әуезов М.О. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. А., 1988, 88-б.

<sup>78</sup> Сонда, 89-б.

## АБАЙДЫҢ ӘДЕБИ МЕКТЕБІ

Қазақ әдебиеттануы тарихында Абай шығармашылығына байланысты “әдебиет мектебі”, “ақындық мектеп” ұғымдарын алғаш ғылыми қолданысқа енгізген М.Әуезов болатын. 1933 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген ұлы ақынның тұңғыш толық шығармалар жинағының соңында берілген “Абайдың туысы мен өмірі” атты ғылыми зерттеуінде ғалым: “Ақын болмақ болып, талаптанып өлең шығарып көруге Абайдың іні, балалары барлығы да ұмтылған. Бұл жағына келгенде Абайдың алды: бір жағынан “әдебиет мектебі сияқты да болады” дел алғаш рет “әдебиет мектебі” туралы сөз қозғап, Абайдың ақын шәкірттері қатарында Көкбай, Шөкәрім, Ақылбай, Мағауия есімдерін атайды, олардың шығармашылық жазу тәсілдерін атап көрсетеді<sup>74</sup>. 1934 жылы жазған “Абай ақындығының айналасы” мақаласында Абайдың тұсында еңбек еткен ақындар туралы: “Мұндай ақын — төртеу. Оның екеуі Ақылбай, Мағауия — Абайдың өз балалары... Қалған екеуі — Көкбай, Шөкәрім. Осы төрт ақын Абайдың нағыз толық мағынадағы шәкірттері... Бұлар Абай басшылығымен өз жандарынан жырлар да жазған. Абайды зерттеуге осы төрт ақынның атын қыстыратын бір үлкен себеп, бұлардың шығармалары арқылы Абай өзі істемесе де, бой ұрған бірталай тың еңбек туады. Абай оларға тақырып беріп, өлеңдерін сынаиды, түзейді, қалай түзеудің жолын айтады. Дегіні айтқанда, мыналар Абайдың ақын шәкірттері есепті де, Абай алды оларға жазушылық мектебі сияқты болады”<sup>75</sup>, — деп Абай қалыптастырған әдеби мектептің мән-мағынасын, жөнін, бағыт-бағдарын түсіндіріп өтеді,

<sup>74</sup> М. Әуезов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 8-т., А., 2002, 105-б.

<sup>75</sup> М. Әуезов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 10-т., А., 2003, 19-б.

ұйымдастырылған саяси құғынның екінші толқыны тұсында Абайдың ақындық мектебі туралы даусыз шындық өтірікке шығарылып, өрескел қиянат жасалды.

М.Әуезовке пәле-жала жауып, саяси айып тағу мен Абайдың ақындық мектебін жокқа шығарудың басы Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің 1947 жылғы “Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателер туралы” қаулысы болды. Осыған дейін Москвадағы БК(б)П Орталық Комитетінің “Татар партия ұйымындағы көпшілік-саяси және идеологиялық жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы”, “Башқұрт партия ұйымындағы үгіт-пропаганда жұмысының жайы және оны жақсарту шаралары туралы” және т.б. ұлтшылдықты желеу еткен қаулыларына міндетті түрде жауап беруге ұмтылған республика партия ұйымы осылайша кезекті саяси науқанға сылтау тапты. Аталған қаулыда Тіл және әдебиет институтының саяси өрескел қателерге, ұлтшылдық бұрмалаушылықтарға жол бергендігі әдебиет тарихына байланысты шыққан еңбектер мысалында сыңға алынды. Қаулыда: “Тіл және әдебиет институтының ғылыми еңбектерінде, орта мектептерге арналған әдебиет оқу кітаптарында қазақтың XIX және XX ғасырлардағы көп ақындары мен жазушыларының творчестволық қызметіне біржақтылықпен, тек жақсы жағынан баға берілген. Өткендегі әдебиет өкілдері жалпы халық қайраткерлері болды деп көрсетіледі, ал олардың творчествосы тап күресіне байланыстырылмай, онан тыс тексеріледі, сөйтіп олардың шығармаларындағы феодалдық-реакциялық, буржуазиялық-ұлтшылдық сарындар қағажу, бүркеуде қалдырылды”<sup>79</sup>, – деп көпе-көрінеу еш себелсіз айып тағылып, М.Әуезовтің жалпы редакциясымен дайындалған “Қазақ әдебиеті тарихы” бірінші томының қолжазбасынан ұлтшылдық мін тапты.

1951 жылы 15 маусымда Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты мен Қазақстан Жазушылар одағы бірлесіп өткізген, “Абайдың әдеби мұрасы мәселесін талқылауға арналған ғылыми айтыс” үш күнге созылды. Бұл мәслихат нағыз ғылыми айтыс мағынасында болмай, Абайдың әдебиет мектебін басты сын нысанасына алды. Осының алдында ғана М.Әуезовтің талантты шәкірті Қайым Мұхамедханов “Абайдың әдебиет мектебі” деген тақырыпта қорғаған кандидаттық диссертация осы айтысты өрбітуге сылтау болды. Ұлы жазушы-академиктің бірнеше жыл бойғы ғылыми ізденістері мен нақты дәлел-тұжырымдары

<sup>79</sup> Қазақ ССР Ғылым Академиясының тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателер туралы // Әдебиет және искусство. 1947. № 2, 2-б.

негізінде пайда болған Абайдың ақындық мектебі туралы идеясына күмән келтіріліп, Қазақ ССР Ғылым академиясы мен Қазақстан Жазушылары одағының төралқалары “Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың өмірі мен творчествосын ғылыми жолмен зерттеу жөніндегі айтыстың қорытындысы туралы” қаулы қабылданды. “Сонғы уақытқа дейін Қазақстанның жеке әдебиет зерттеушілері “Абайдың ақындық мектебі” дейтін, ғылымға қарсы, буржуазиялық-объективтік концепцияны уағыздап, өрескел саяси қате жіберіп келді”<sup>80</sup>, – деп атап көрсетілді қаулыда. Шәкәрім мен Тұрағұл буржуазияшыл ұлтшылдар тобына жатқызылып, Абай мектебі тарихи шындыққа қайшы келетін, ойдан шығарылған жаңған, зиянды концепция ретінде жокқа шығарылды, оның авторы М.Әуезов, осы тұжырымды жақтаушылар С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Ә.Жиреншин саяси қателікке ұшырады деп жазды. Қ.Мұхамедхановтың Абайдың әдебиет мектебі туралы диссертациясы саяси зиянды еңбек ретінде танылып, “бұл диссертацияда совет өкіметі дәуіріне дейін өмір сүріп, оның қас жауларына айналған буржуазияшыл-ұлтшылдар да Абайдың “шәкірттері” деп мадақталды”<sup>81</sup>, – деген айып тағылды. Соның негізінде “Абай мектебі” дейтін концепция тарихи шындыққа ешбір қатысы жоқ және буржуазиялық-объективистік жалған концепция болып айтылғанды” деген қорытынды жасалды. Соның салдарынан М.Әуезов қудалауға ұшырап, республикадан тыс жерге кетуге мәжбүр болса, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Қ.Мұхамедханов және т.б. ғалымдар ұзақ мерзімге сотталды. 1950 жылдардың ортасында басталған жылымық кезеңнен кейін жазықсыз жапа шеккен ғалымдар толығымен ақталды.

1980 жылдардың соңында еліміздегі қайта қуру, жариялылық және басқа табыну кезеңіндегі халықтың мәдени мұрасына, көрнекті ақын-жазушылардың шығармашылығына баға берудегі өрескел қателіктер мен бұрмалаушылықтар әшкереленіп, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Комиссиясы әдебиет және өнер мәселелері бойынша 1930-40 және 1950 жылдары қабылданған қаулылардың күшін жойды. Соған сәйкес комиссия Абайдың ақындық мектебіне байланысты айыптың бос сандырақ, дәлбаса екенін анықтады. “Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы, әсіресе, М.Әуезовтің зерттеулері, Абайдың ақындық

<sup>80</sup> Қазақ ССР Ғылым академиясы президиумы мен Қазақстан Совет жазушылары одағының президиумында. Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың өмірі мен творчествосын ғылыми жолмен зерттеу жөніндегі айтыстың қорытындысы туралы // Әдебиет және искусство. 1951, № 9, 79-б.

<sup>81</sup> Сонда.

мектебі болғанын дәлелдеп, оның өзінен кейінгі қазақ поэзиясына жемісті ықпал жасағанын көрсетіп берді”<sup>82</sup>, – деп нақты айтып, осы мектептің үздік өкілдерінің бірі ретінде Шәкәрім Құдайбердиев есімін атады.

Абайдың ақындық мектебі туралы жан-жақты зерттеу жұмысы қолға алынып, бұл игі іс еліміз тәуелсіздік алған жылдары заңды жалғасын тапты. М.Әуезовтің абайтануға байланысты және Абайдың әдебиет мектебі туралы тың деректер мен жаңалықтарға толы қолжазбалары 1988 ж. “Абайтанудан жарияланбаған материалдар” деген жинағында жарияланды. Абайдың ақындық мектебін ұстазымен бірге көтерісіп, бұл жолда көп қиямет көрген Қайым Мұхамедханов еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап 1951 жылы өзі құрастырып, М.Әуезов кіріспе мақаласын жазған Абайдың ақын шәкірттерінің басылып жатқан тұста тоқтатылып, жарық көрмей қалған жинағын қайта қолға алды. Ғалымның қажырлы еңбегінің нәтижесінде 1993-1997 жылдары “Абайдың ақын шәкірттері” атты төрт кітаптан тұратын жинақ жарық көрді. Бұл басылымға Абай мектебінің талантты шәкірттері Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл, Кәкітай, Көкбай, Уәйіс, Әріп, Әсет, Мұқа, Әубәкір, Иманбазар және т.б. бұрын-соңды белгілі-белгісіз болып келген шығармалары еніп, осы ақындар туралы Қ.Мұхамедхановтың көлемді зерттеулері жарияланды<sup>83</sup>. Бұдан бөлек Шәкәрімнің шығармалар жинағы бірнеше рет жарық көріп, Көкбай, Әсет ақындардың кітаптары басылып шықты. Шәкәрімнің ақындық талантының әр қырынан танытқан және Көкбай, Әріп, Әсет ақындардың шығармашылық мұрасын арнайы зерттеген ғылыми диссертациялар қорғалды.

М.Әуезов бастап, Қ.Мұхамедханов жалғастырған Абайдың ақын шәкірттері туралы зерттеулер негізінде Абайдың әдебиет мектебін төрт шығармашылық топқа қарастырған жөн:

1. Абайдың балалары Ақылбай және Мағауия Құнанбаевтар Еуропа ақындарының үлгісімен терең сезімді махаббат пен өршіл рухты романтикалық дастандар жазу бағытында болды.

2. Абай тікелей баулыған шәкірттері Көкбай, Әріп, Мұқа, Шәкәрім, Әсет, Иманбазар, Уәйіс суырып-салма ақындық өнер – айтыс дәстүрін ұстай отырып, ұстаз кеңесімен қазақ өмірінен түрлі тақырыпта өлеңдер мен тарихи дастандар, шығыстық желіде поэмалар жазды.

<sup>82</sup> Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30-40-шы жылдар кезеңі мен 50-ші жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Комиссиясының қорытындысы. “Алматы ақшамы” газеті, 1989, 11 желтоқсан.

<sup>83</sup> Абайдың ақын шәкірттері. 1 – 4-ші кітаптар. А., 1993 – 1997 жж.

3. Абайдың өз тәрбиесінде болған немере інісі Кәкітай мен өз баласы Тұрағұл прозалық шығармалар, көңіл күйге байланысты қысқа өлеңдер жазып, көркем аудармамен айналысты.

4. Абайдың немересі Әубәкір ұлы ақынның сатиралық дәстүрін, яғни қазақ өмірінің келеңсіз жақтарын сынаған ащы тілді әжуа өлең жазу жолын ұстанды.

Абай тікелей баулыған шәкірттер деуіміздің себебі, бұл ақындар ұстаз алдында ақыл-көнес алып, үлгі-өнеге үйренген, Көкбай, Шәкәрім, Мұқа, Абай қолында жақын серіктері ретінде сенімді көмекшілері болса, Әріп, Әсет, Иманбазар алыстан арнайы келіп, Абай аулында ұзақ уақыт тоқтаған, жаңа жазған шығармаларын Абайға тыңдағып, сынын естіген, жөн сілтеген нұсқауларын қабылдап, ақындық шеберлікке үйреніп қайтқан.

Абайдың әдеби мектебінің өкілдері ұлы ақынды өздеріне ұстаз тұтып, талант күдіретіне бастарын иген, өлең, дастандарына дұрыс баға беретін әділ сыншы, қиыннан қиыстырып жөн сілтейтін абыз санаған.

М.Әуезов айтқандай: “Абайдың өз тәрбиесінде болған және Абайдың ақылы мен сыны бойынша тақырыптар таңдап, арнаулы шығармалар жазған анық шәкірт ақындары туралы”<sup>84</sup> сөз бастағанда, олардың арасында Ақылбай мен Мағауия ерекше орын алады. Екеуі де ұстаз әкенің тапсырмасымен осыған дейін Абай ғана қалам тартып, қазақтың басқа ақындары шығармашылығында кездеспеген романтизм бағытын одан әрі шебер дамыта білді.

**Ақылбай Абайұлы Құнанбаев (1861 – 1904)** – Абайдың бөйбішесі Ділдәдан туған тұңғыш баласы. Кішкентайынан Құнанбайдың кіші тоқалы Нұрғанымын бауырында аса шолжын, ерке болып өседі. Ауыл молдасы Ғабитханнан сауатын ашады. Жас күнінен талантты домбырашы, өлеңші болған Ақылбай өмірін ойын-сауықпен өткізеді. Шаруаға ебі жоқ, еш арам ойы жоқ аңқылаған ақкөңіл Ақылбайды ел ішіндегі басбұзар әкім-қаралар өз мақсаттарына пайдаланбақшы ла болады. Жастайынан әке тәрбиесін көрмей, ағайындас туысы сияқты саяқ өскен баласының оғаш қылықтарын байқаған Абай қатты кейіп, “Ата-анаға көз қуаныш” өлеңін осы тұста жазды. “Жасымда ғылым бар деп ескермедім...” атты белгілі өлеңімен үндестігі бірден сезілетін бұл өлеңінде ұлы ақын ерке болып өскен, ересек жасқа келсе де, ештеңенің парқын ойламай, ел ісіне араласуды білмеген, артық өнерге ұмтылмаған баласына тағылымды ой тастап, үміт артарлық сенім ұялатады.

<sup>84</sup> М. Әуезов. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. А., 1988, 93-б.

Сүйер ұлын болса, сен сүй,  
 Сүйінерге жарар ол.  
 Сүйкімі жок құр масыл би  
 Сүйретіліп өгер сол”<sup>85</sup>,

деген үлкен мағынаға толы өлең жолдары “талпынбай жүрген талантты Ақылбайға үлкен ой салып, қатты толғантады”<sup>86</sup>. Жігіт ағасы шағына жақындап қалған Ақылбай әке өлеңінен сабақ алып, өзін тұтастай поэзияға арнайды. Абай негізін қалаған ақындық мектептің сегіз қырлы, бір сырлы шәкірттерінің біріне айналады. Өлең шығарумен қоса аса шебер домбырашы, сырнайшы болып, скрипкада ойнайды, бірнеше ән де жазды.

“Дағыстан” поэмасы – Ақылбайдың басты туындысы және толық сақталған жалғыз шығармасы. Поэманың тақырыбын Абай бастапқыда өзінің бір топ шәкіртіне ұсынғанда Ақылбай шығарма мазмұнын терең ұғынып, бөрінен бұрын ілезде жазып шығады. Ақылбай жазған “Дағыстан” поэмасы Абай көңілінен шығып, шәкірттерге де ұнайды.

“Дағыстан” немесе “Кәрі Жүсіп” поэмасының тақырыбы – орыстың ұлы ақындарына шабыт берген өршіл рухты Кавказдың тамаша тарихы, оны мекендеген қайсар мінезді тау халықтарының өжет ұл-қыздарының бас бостандығы мен шынайы махаббат жолындағы күресі, әділеттілік пен зұлымдық күресі. Шығарма Абайдың өзі нәр алып, сусындаған А.С.Пушкин мен М.Ю.Лермонтовтардың романтикалық поэмалары рухында жазылған. Бұл дәстүр ерекшелігі, әсіресе, Кавказдың тамаша табиғат көріністерін шебер суреттеп, поэма кейіпкерлерінің бейнелерін сомдағанда айқын білінеді.

Өзі туып өскен Шыңғыстаудан алысқа ұзап бармай, Кавказ тауында өмірінде болмаған, тақырып етіп ұсынған Абай әңгімесі мен өз аулында тұрған кавказдықтар арқылы ғана естіп-білген Ақылбайдың таулы өлкенің әсем табиғаты мен өр де жауынгер черкес халқының мінез-құлқын айнытпай салып, өлең жолдарына үйлестіруі үлкен ақындық шеберлікті байқатады.

Қазақтың “Қап” дегені Кавказ серек,  
 Тәңдірім сулу биік еткен ерек.  
 Ақырып айдаһардай жүз толғанып,  
 Тауды бұзып, тас жарған долы Терек”<sup>87</sup>.

<sup>85</sup> Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. А., 1995, 1-т., 163-б.

<sup>86</sup> Абайдың ақын шәкірттері. 1-кітап. Құрастырып, алғы сөзі мен өмірбаяндарын жазған Қайым Мұхамеджанұлы. А., 1993, 15-б.

<sup>87</sup> Абайдың ақын шәкірттері. 1-кітап. А., 1993, 55-б.

Ақын төкашпар қарт Кавказдың тамаша тұлғасын ерекше шабытпен, екіпіндетіп жырға қосып, Теректей толқынды өзеннің ағысынан да тау мінезді халықтың буырқанған, қайтпас қайсар, кекшіл, өр де өзімшіл қасиетін іздейді.

Сөйлейін сол таудағы Дағыстаннан,  
 Жауменен жалғуу жок шабысқаннан.  
 Күні бүгін іркіліп көрген емес,  
 Бір сөзге қанжар алып қағысқаннан”<sup>89</sup>,

деген өлең жолдары черкес халқының өжет, батыр мінез ерекшеліктерін дәл сипаттайды. Ақылбайдың ғасырдан астам уақыт бұрын сомдаған тау халқының психологиялық өзгешелігі қазір де сол баяғы қалпынша нағыз ұлтжандылықтың, ерен ерліктің рухын көз алдымызға әкеледі.

Ақ жиек, көкшіл сұрғыл сәуле берген,  
 Мұнартқан Кавказ буы көтерілген.  
 Алтын шатыр сәулесі тау басында,  
 Атырабы мәлім болды талай жерден”<sup>89</sup>.

Ақын суреттеген Кавказдың сулу табиғатының бұл экзотикалық көріністерінің ар жағында шежірелі қарт тау бүккен үлкен сыр жатыр. Бұл Ақылбайдың ақындық “мені”, яғни поэма сюжетін ашудың өзіндік романтикалық көркем тәсілі.пейзаж поэмада көңіл-күйінің ренін білдіреді, одан әрі шарықтау шегіне жетіп, сюжеттік баяндаумен тығыз қабысады. Тамаша сулу табиғат көрінісі поэманың сюжеттік жағынан мықты да шешуші тұстарында оқиға шиеленісін қолдап, күшейте түседі.

Поэманың сюжеттік бас кейіпкерлер желісі Жәбрәһил мен Зәһира арасындағы шексіз махаббаттың қайғылы тағдырына құрылған. Зәһираның қатал да жауыз, кекшіл, қызғаншақ әкесі – Жүсіп қарт бейнесі зұлымдық символы, бақыт атаулыны тұншықтырушы, қанішер рейнде суреттеліп, махаббат бостандығы мен адамгершілікті ту еткен қос ғашыққа қарама-қарсы қойылады.

Ақылбай романтикалық поэманың барлық дәстүрлерін меңгере отырып, өз кейіпкерлерін өр жігерлік пен қайсарлықтың, терең тебіреністің, қызуқанды мінездің адамдары етіп сомдайды.

<sup>88</sup> Сонда.

<sup>89</sup> Сонда., 55-56-бб.

Шығармадағы оқиға құрылымы мен мазмұндық, көркемдік-идеялық ерекшеліктер Пушкин мен Лермонтовтан желі болып тартылған, Абай жалғастырған романтизм стилінің үрдістерін нақ байқатады. Абайға бұл поэма қағты ұнаған. Оның жарқын мысалы — Зәһиранын сұлулығын сипаттаған:

Толқынды кара шашы жібек талдай,  
Көрген адам қарайды кезін алмай.  
Аласы аз, нұрлы кара, ұялы көз,  
Жаралған бар денесі қапы қалмай<sup>90</sup>, —

деген шумақты Абай естіген шақта: “Үш ауыз өленді бір-ақ ауыз өленге сыйғызған екенсің!” — деп разы болыпты. Ал жауыз Жүсіптің жалғыз қалған аянышты қалін суреттеген:

Екі көзден жас ыршып, ытып кеткен,  
Тоқтамай сорғалатып әжім беттен.  
Жуан, қалың білектей бурыл мұртқа,  
Домалап улы жасы барып жеткен<sup>91</sup>, —

деген шумаққа байланысты Абай: “Бегі қайғыдан әжімделген, бурыл мұртты шал көз алдыма елестей қалды ғой”<sup>92</sup>, — деп ризашылығын білдіріпті. М.Әуезов те Ақылбайдың бұл шығармасы туралы: “Көркемдігі өте күшті поэма... Поэманың мақсаты әр жауыздықтың арты жаманшылық болады дейді”, — деп жоғары баға береді.

Ақылбай романтикалық сарындағы “Зұлыс”, “Жаррақ” поэмаларын да жазған. “Жаррақ” поэмасы сақталмаған. Ал “Зұлыс” поэмасы ағылшын жазушысы Генри Хаггардтың “Сүлеймен патшаның кеніші” атты атақты романының желісі негізінде жазылған. Толық сақталмаған, үзінді күйінде жеткен. Африкадағы зұлыстар өмірінен сыр шертетін роман сюжетін Ақылбай өзінше жырлап, өңімінен бас кейіпкер аузынан емес, өз атынан баян етеді. Поэмада ер мінезді, қиындыққа мойымайтын, жігерлі адамдардың ерлік істері үлгі-өнеге болады, зұлыстардың адамгершілігі мен адалдығы сүйіспеншілік сезіммен жырланады. Ақылбай романды өзі толық оқып, ұғып алғаннан кейін шығарма сюжетін тұтастай өлеңмен жырлап шығып, қазақ әдебиетіне жана үрдіс әкелген.

**Мағауия Абайұлы Құнанбаев (1870 – 1904)** — Абайдың Ділдәдан туған кенже баласы. Абайдың үлкен үміт күткен талантты шәкірті.

<sup>90</sup> Сонда, 60-б.

<sup>91</sup> Сонда, 56-б.

<sup>92</sup> Абайдың Семейдегі әлсеби-мемориалдық мұражайының қоры. КП-988.

Жастайынан әкенің сүйікті баласы болып өсіп, ақындық өнерге тәрбиеленеді. Ауыл молдасынан мұсылманша сауатын ашқаннан кейін, бар дүниенің кілті орыс білімінде екенін жете түсінген Абай 1884 жылы дарынды жасты Семейдегі ерлердің орыс мектебіне оқуға береді. Сабакқа бар ынтасымен кірісіп, мектептегі шәкірттер арасында үздік оқушы атанып жүрген кезінде өкпе ауруына шалдығады да, одан әрі оқуға денсаулығы жарамаған соң дәрігерлердің кеңесі бойынша үш жылдан кейін аулына қайтады.

Орыс мектебінің тәрбиесін көріп, көп тағылым алған Мағауия осы уақыттан бастап ел басқару ісінде жүрген Абайдың қолында болып, әке тәрбиесін көреді. Манайына талантты жастар топтасып, үлкен мәдениет ошағына айналған Абайдың ақындық мектебінің белсенді өкілі, талантты шәкірті атанады. Үнемі ізденіс үстінде жүріп, Семейде алған азды-көпті білімін тереңдету мақсатында орыс, шығыс тілдеріндегі кітаптарды алдырып оқиды, зеректілігімен, білімділігімен ауылдағы өзі қатарлы талантты жастарды тәнті етіп, үлкен құрметке бөленеді. Әкесімен бірге ел басқару жұмысына да араласып, старшындық, болыстық лауазымдарды атқарады, бұл жауапты қызметтерде адамгершілік, парасаттылық танытып, халық арасында әділетті басшы ретінде ауызға ілінеді.

Мағауия Семейде шәкірт болып жүрген кезден бастап поэзияға ден қойып, өлең жаза бастайды. Бала күнінен әкесінің ақындық талантын аса қадірлеп, үлгі тұтып өскен талантты жас Абай шығармаларын жатқа айтып, ел арасына тарағанды. Абай поэзиясын терең ұғынған Мағауия өлең сөзге құлай беріліп, біржолата ақындық жолға түседі.

“Ай жарық, жаздың күні ат терлетіп” деп басталатын алғашқы өлеңінде жазғы жайлаудың ай жарық бір түнінде онаша кездескен екі жастың ғашық сезімдерін, көңіл-күй тебіреністерін аса әсерлі де нанымды етіп суреттейді.

Ай жарық, жаздың күні ат терлетіп,

Бір сайға уағдаласқан келсең жетіп.

Жалғаннан жардан басқа түк тілемей,

Жолыққан қандай қызық еңбек етіп<sup>93</sup>, —

деген ерекше толғаныс үстінде жазылған шабытты жыр жолдарынан Абайдың “Желсіз түнде жарық ай” өлеңінің әсері анық сезіледі.

Баласының орысша, еуропаша білімділігін үстіне осындай ақындық талант қырын байқаған Абай оны үнемі өз қолында

<sup>93</sup> Абайдың ақын шәкірттері. I-кітап. А., 1993, 131-б.



ұстап, тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі, өлең патшалығындағы өз бағытын таңдай білуіне ықпал етеді. Мағауия да ақын поэзиясынан үлгі алып, Абайдың ақыл-кеңесі бойынша Еуропа ақындарының үлгісімен терең сезімді махаббат, өршіл сарынды оқиғалы дастан-поэмалар жазу жолына түседі.

Ұстаз әке ұсынысымен сюжеті мен образдар сомдау жағынан романтизм стиліндегі шығыстық сарындағы “Медғат-Қасым”, негізгі идеялық мазмұны адал махаббат, бас бостандығы жолында құрбан болған екі жастың қайғылы тағдырын жырға қосқан “Еңлік-Кебек”, қазақ халқының сыртқы жауға қарсы азаттық күресін паш етуге арналған “Абылай” поэмалары Мағауия қаламынан туады.

Қазақ әдебиеті тарихында тақырыбы, құрылымы, стилі мен сюжеттік, образдық өрнектері, жаңа көркемдік қасиеті жағынан ерекшеленетін “Медғат-Қасым” поэмасы шығыс үлгісіндегі романтизм сарынындағы эпикалық туынды болғанымен “идеялық мазмұны терең, таптық бағыты айқын, әлеуметтік мәні зор”<sup>94</sup> нағыз көркем шығарма. Поэманың шынайы өмірге жанасымды тартыстары, кейіпкерлер мінездері айқын және дәлелді көркемдікке негізделген.

Мағауия поэмасында үлкен ізденістік, ағартушылық және озық идеялар сыр береді. Шығарманың негізгі желісі әлеуметтік қайшылық пен теңсіздіктен туған озбырлық пен әділетсіздік, опасыздық пен адалдық күресін және адамдар арасындағы шынайы сүйіспеншілікті жырлауға құрылған. Шектен шыққан жауыздық әлеміне бас бостандығы жолында өз мақсаттарына жету үшін барлық таукіметке көнген екі ғашық Ғазиза мен Сәлім арасындағы махаббат қарсы қойылып, адал достықты ардақтап, шын сүйіспеншілік білдіру үлкен ерлікке балаанады. Ақын биік адамгершілік мұрағаттарды өз туындысының басты принципі етіп алып, достық пен махаббатқа берік, жауыздық атаулыға бел шешіп қаймықпай қарсылық көрсеткен ержүрек жандарды үлкен ақындық шабытпен жырлайды.

Ақын Мағауия Абай нұсқаған бағыт бойынша қалам тербел қана қоймай, Абай бұрын жазбаған нағыз сюжетті поэма тудырып, ол бұрын айппаған әлеуметтік мәселелерді шығарманың тұңғазығы етеді, XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіне идеясы мен көркемдік ерекшеліктері жағынан жаңалығы мол, биік тұғырлы кесек туынды әкеледі. Кенестік кезеңде де бұл шығармадан еш кінәрат табылмай, әлеуметтік мәселелерді қозғау жағынан көркемдік қуаты мен тәрбиелік мәні күшті болуы себепті жалпы білім беретін орта мектеп пен жоғары оқу орындары оқулықтарына арнайы тарау ретінде енгізіліп оқытылуы бекер емес.

Мағауияның екінші бір кен тынысты эпикалық туындысы –

<sup>94</sup> К. Мұхамедханов. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-т., А., 2005, 131-б.

“Еңлік-Кебек” поэмасы шамамен 1890 жылдары жазылған. Ақынның осы жанға қалам тербеген алғашқы шығармасы ретінде саналады. Поэманың Мағауия қолымен жазылған түпнұсқасы сақталмаған, қолжазба көшірмесі ғана жеткен. Абай ескі әдег-ғұрыптың, рулық-феодалдық кертартпа салт-сананың құрбаны болған жазықсыз қос мұңлық – Еңлік пен Кебектің қайғылы жайы туралы шығарма жазуды шәкірттеріне тапсырғанда, Мағауия ХҮІІІ ғасырдың орта тұсында болған бұл тарихи оқиғаны поэма түрінде жазып шығады.

“Еңлік-Кебек” – таза қазақ өмірінен алып жазылған реалистік туынды. Мағауия поэманың алғашқы шумақтарында-ақ:

Заманның ғәділетсіз надандығын,

Қозғалдың жүрек, тілім, сөйле мығым.

Баяғыны көксейлі білдімсіздер,

Мінеки көрсетейін замандығын<sup>95</sup>, –

деп өткен заманда болған тарихи шындық астарын ашып, құлқын қамын ойлаған ескі билер мен рубасыларының қатыгез іс-әрекеттерін әшкерелеуді мақсат етіп қояды.

Ақын екі ғашықтың махаббат сезімдерін, жан-дүниесін, толғаныстары мен тағдырын бейнелеп, сол арқылы бүкіл қазақ қоғамының шындығын, поэмадағы тарихи оқиғаның бет-бедерін дұрыс ашып көрсетеді, халқымыздың тұрмыс тіршілігінің көріністерін дәл сипаттайды.

М.Әуезов “Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845-1904)” атты монографиясының соңғы бөлігіндегі “Мағауияның (1870-1904) шығармалары” деген тараушасында ақынның осы туындысы туралы: “... идея жағынан қарағанда бұл поэманың да өзінше өз тұсындағы ақындардың шығармаларынан оқшау тұрған, озған жайлары бар”<sup>96</sup>, – деп поэманың көркемдік ерекшеліктері мен соны ізденістеріне, жаңалығына тоқтала келіп: “Осылайша образдарды бейнелеуде, өткеннің қараңғылығын сынап көрсетуде, адамгершілік талабын ең үлкен мақсат, арман етіп биік сапада танытуда Мағауияның бұл поэмасы да өз уақытындағы бағалы еңбек болатын”<sup>97</sup>, – деп жоғары баға береді. Жеке басының азаттығы үшін ескі өмірдің қатал заңына, салт-дәстүріне қарсы шығып, махаббат құрбаны болған, ар тазалығы жолында жандарын пидә еткен мұңлықтардың ел арасынан қолдау таппай, жалғыздық тауқыметін тартқан ауыр да аянышты қалін көркем сипаттаған, қатыгез заманның әділетсіздігін аямай әшкерелеген, сөйтіп,

<sup>95</sup> К. Мұхамедханов. Абайдың ақын шәкірттері. 1-кітап. А., 1993, 162-б.

<sup>96</sup> М. Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 20-т., А., 1985, 244-б.

<sup>97</sup> Сонда. 245-б.

оқып, өз кезінің білімді азаматы атаналды. Көкітай да шығармашылық жолда Абайдың ақындық мектебінен үлгі алып, оның таланты да іскер шәкірттерінің бірі болады, Абай ақылымен Тұрағұл екеуі кара сөз, көңіл күйі тақырыбындағы қысқа өлеңдер жазып, аудармамен айналысады. “Абай ағамның қатарында жүрген 24 жыл ішінде оның үйретпеген білімі болмады, бірақ бәрін түгел ұғып ала алмадым”, — деп ол ұстазы туралы ілтипатпен еске алады. “Сондықтан мен Абай ағама зор қарыздармын, ендігі мақсатым шамам келгенінше оның асыл қазынасын кейінгі жастарға жеткізіп кетемін”, — деп уәде береді. 1904 жылы Абайдың сүйікті ұлы Мағауия, артынан іле-шала ұлы ақынның өзі, одан кейін үлкен баласы Ақылбай қайтыс болып, Құнанбай әулеті үлкен қазаға душар болғанда барлық ауырталдықты Көкітай көтеріп, өзін тәрбиелеген ұстазына адалдығын көрсетеді.

Абайдың артында қалған мұрасын көздің қарашығындай сақтап, халыққа жеткізуді мақсат еткен Көкітай Жидебайдағы ақын аулында бала оқытып жүрген молда Мүрсейіт Бікеұлына өз қалтасынан ақша беріп, бұрыннан жинап жүрген Абай шығармаларын көшіртіп жазғызады. “Мен Абайдың қарызын ұмытпай, шамам келгенше қызмет етуді өз борышым деп біліп, қазақ халқына істеген еңбегін баспаға бастырып, көпке таратуды міндетіме алдым”, — деп Көкітай Тұрағұлмен бірге Абай мұрасын ыждағатты түрде жинастырып баспаға әзірлейді. Осы жұмыстардың басы-қасында болып, басшылық етеді. Абай қайтыс болғанда қазақтың аса көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, публицист Әлихан Бөкейханов ақынның тұңғыш өмірбаянын орыс тілінде жазып, Семейде шығып тұрған “Семипалатинский листок” газетінде 1905 жылы жариялаған кезде, ол Абай өмірі мен шығармашылығына қатысты барлық деректерді Көкітай бергенін ерекше атап өтеді, 1915 жылы Көкітай өліміне байланысты “Қазақ” газетіне азнамама-макала жариялайды<sup>99</sup>.

Осы мақалада айтылғандай 1905 жылдан бастап Әлиханнның кенесімен Абай шығармаларын баспаға әзірлеуге кіріскен Көкітай сол жылы жазда Семейге, одан Омбыға келіп, бастыру жөні болмағаннан кейін, Қазан қаласына сапар шегеді. Осы калада Петербургтегі “Глияс Бораганский” баспаханасының өкілімен келісім-шарт жасасып, болашақ кітаптың корректорлық қызметін өз мойнына алады, ақысын дереу төлейді. Баспа қолжазбаның әр табак қағазын басып болған соң, пошта арқылы Шыңғыстаудағы Көкітайға жібереді, өз тарапынан Көкітай қателерін түзеп, қайта қайырып отырады. Қолдан көшірілген жинақты бастыруға екі

<sup>99</sup> Ә. Бөкейханов. Таңдамалы. А., Қазақ энциклопедиясы, 1995, 418 — 419-бб.

әлеуметтік өмірдің қайшылықтарын терең ашып көрсеткен алғашқы реалистік көркем туынды ретінде қазақ әдебиетінде берік орын алады.

Мағауия бұл шығармаларынан басқа Ресей империясының отаршылдық езгісіне қарсы Кавказ халықтарының ұлт-азаттық күресін басқарған атақты жау жүрек батыр Шәмшіл имамның ерлік істерін баяндайтын “Шәмшіл” атты поэма жазып, осы арқылы туған халқының тәуелсіздікке қол жеткізген күнін аңсаған. Өкінішке қарай бұл шығарма қолжазба күйінде жоғалып кеткен.

Ақын ірі шығармаларымен қатар махаббат, көңіл-күй тақырыбына бірнеше лирикалық өлеңдер, өзінің білімді болуына көп ықпал етіп, көмегін көрсеткен сүйікті ағасы Әбдірахманна арнап сәлем хат түріндегі, көңіл сұрау, жоқтау өлеңдерін жазған. 1903-1904 жылдар аралығында Мағауияның бұрынғы ауруы қайта менделі (оның үстіне мұның алдында Әбдірахман қазасы Абай әулетін қатты күйзелткен), әлсіреген күйі төсек тартып жатып қалады. Ұзаққа созылған ауру салдарынан 1904 жылы жазғытұрым қайтыс болады. Абай ұғымынша және ақын замандастарының естеліктерінде айтылғандай, Мағауия оның балаларының ең жақсысы, ең таланттысы саналған. Мағауия өлімі бұрын да өмірден, қоғамнан қажып, жаттан да, жақыннан да күдерін үзген, жалғыздық дертіне ұшырап, жапа шеккен Абайға қатты әсер етіп, көп ұзамай қырық күннен кейін өмірден өтеді. Ендігі бар салмақ әулеттің үлкені Ақылбайға түседі. Сол жылы жазда әкесінің қырқын Семейде бермекші болып, басшылық жасап жүргенде Ақылбай да кенеттен қайтыс болады.

Ақылбай да, Мағауия да Абай нұсқаған бағыт бойынша XIX ғасырдың соңындағы қазақ әдебиетіне жана көркем ізденістер енгізді, Абайдың ақындық мектебін ілгері дамытып, “Ақылбай мен екеуі де, романтикалық поэманың стилін қазақ әдебиетіне әкеліп кіргізгенде, анық соны, жана, жақсы ағым екеп қосты деу керек”<sup>98</sup>.

**Көкітай (шын есімі Ғабдулхакім) Ысқақұлы Құнанбаев (1869 — 1915)** — Абайдың туған інісі Ысқақтың тұңғыш баласы. Ата-анасы ерхелегіп “Көкітай” деп атап кеткен. Көкітай сегіз жасынан бастап ауыл молдасынан төрт жылдай сауатын ашып, арабша, түркіше хат танытын халге жетеді. Әкесінің баласын одан-әрі оқытуға қаражат мүмкіндігі келмейді. Жас туысының бойынан ерекше зеректік пен қабілет ұшқындарын байқаған Абай он үш жастағы Көкітайды өз үйіне алдырып, Мағауиямен бірге тәрбиелейді, Семейге бірге ертіп барып, орыс тіліне үйретеді. Бір-екі жыл шамасында Көкітай орыс тілін жетік меңгеріп қана қоймай, орыс әдебиеті классиктерінің шығармаларын, Еуропа мәдениеті қайраткерлерінің еңбектерін

<sup>98</sup> Сонда. 143-б.

жылдай уақыт кетіп, Кәкітай Абайдың тұңғыш кітабын шығару үшін жиган-терген дүниесін аямай, қыруар еңбек сіңіреді.

1909 жылы Абайдың тұңғыш жинағы “Қазақ ақыны Ибрагим Құнанбай ұғылының өлеңі. Бастырған: Кәкітай, Тұрағұл Құнанбай ұландары” деген атпен Петербургте жарық көріп, барлық данасы Семейге Кәкітай атына жіберіледі де, сол жерден бүкіл қазақ даласына тарайды. Абай мұрасын алғаш рет баспа жүзінде жариялап, жеке кітап етіп шығаруда Кәкітай мен Тұрағұл еңбегі ерекше болса, Кәкітай жазып, осы жинақта жариялаған “Абай (Ибрагим) Құнанбайұлының өмірі” атты қазақ тіліндегі тұңғыш өмірбаяндық мақаласын, жалпы Кәкітай еңбегін М.Әуезов жоғары бағалаған, ұлы ақынның өмірбаянын жазу кезінде Кәкітай мақаласының көп көмегі тигенін айтады.

Абайдың тұңғыш жинағын дайындаған кезде Кәкітай ақын өлеңдерін мазмұны мен тақырыбына қарай өзінше жүйелеп, 17 бөлікке жіктеген. Бұл ретте “Халық туралы” деп аталатын бірінші бөлікке – 34, одан әрі қарай рет бойынша: “Өлең туралы” – 5, “Өзі туралы” – 17, “Ғашықтық туралы” – 10, “Ой туралы” – 8, “Жазғытұры” – 1, “Жаз” – 1, “Күз” – 2, “Қыс” – 1, “Аңшылық туралы” – 1 өлеңнен енгізілген де, “Переводтар” деп аталған он бесінші бөлікке А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.А.Крыловтан 41 аударма өлең, соңғы он жетінші бөлікке “Әңгіме Масфут”, “Ескендір әңгімесі” поэмалары кірген. Жалпы алғанда, жинақта Абайдың 145 өлеңі мен 2 поэмасы жарық көрген. Кітап соңына Кәкітай жазған Абай өмірбаяны мен ақынның фотосуреті берілген.

Осы жинақтағы Кәкітай жазған Абай өмірбаяны көлемі шағын болғанымен ақын өмірінің көп қырын қамти алды. Кәкітай осы қара сөз түріндегі шығармасында: “Абай бір кезі келіп тұрған самород еді, бірақ халықтың надан уақытында шығып, есіл өнерінің пайдасын кәміл көрсете алмай, қызықты өмірінің бәрі елдің шуылдақ партиясымен әурелікте өтті”<sup>100</sup>, – деп Абайдың ақындық талантының қор болған кезін нақ айтып, келесі кезекте: “Соңғы уақытта Абай өзі өлеңнің өнер екенін біліп жаза бастаған соң, бұрынғы ақындар нағандықпен өлеңді өнер орнына ғибрат үшін айтпай, тіленшілік орнына айтқандықтан, ақындықтың да, өлеңнің де қазақ ортасында бағасы кеткендігін айтып, өзін олардың ретінен басқа қылып, алмақ пайда үшін емес, халықты ғылымға ұмтылып, көңіл кезін ашпаққа ғибрат үшін жазғанын білдіріп өлең шығарған”<sup>101</sup>, – деп поэзияның халыққа тигізер пайдасын ұққан ақын көңілін “Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап” деген өлеңін келтіру арқылы білдіреді. Абайдың аудармашылық

<sup>100</sup> Абайдың ақын шәкірттері. 2-кітап. А., 1994, 30-б.

<sup>101</sup> Сонда, 31-б.

кызметін, орыс мәдениеті мен ғылымына құштарлығының себебін, тереннен жазған өлеңдерінің ерекшеліктерін аша келіп: “Халық қанша надан болса да, Абайдың насихатын көп тындап, қасында болған жігіттер өзгелерден бір түрлі, мелреседеп оқыған ғылым жолындағы кісі сықылды, әр нәрсенің жөнін біліп, жаман-жақсыны көп айырып, нағандықтан шығып қалушы еді”<sup>102</sup>, – деп Абай тағылымын айтады, Абай маңына топтала бастаған тәрбие мектебінен сыр шертеді.

М.Әуезов Кәкітайдың абайтанудағы қызметіне байланысты: “Бұл жөнінде қазақтың мәдениет тарихына, Абай мұрасына ерекше еңбек сіңірген, Абай өзі тәрбиелел, баулыған жас жұртшылықтың көрнекті өкілі болған – Кәкітай Ысқақұлының еңбегін айрықша айту керек”<sup>103</sup>, – деп оның Абайды баспа жүзінде танытқан еңбегін жоғары бағалайды.

Тұрағұл Абайұлы Құнанбаев (1875 – 1934) – Абайдың екінші әйелі Әйгерімнен туған тұңғыш баласы. Әкесінің қолында тәрбиеленіп, мұсылманша, орысша сауатын ашқан. Бала жасынан зерек, өлең сөзге жүйрік, орыс тіліне жетік болып өседі. Абайдың ең талапты, әрі талантты, ізденіш баласы болады. Ұлы ақынның әдебиеттегі дәстүрін берік ұстап, өнердің сан түрін меңгереді. Домбыра, скрипкада шебер ойнап, әншілігімен де танылады. Баласының бойынан ақындық қуатты байқап қалған әкесі сынамақ мақсатта өлең жазуды тапсырады. Сонда Тұрағұл адамның онаша сәттегі мұнайған қалпындағы нәзік сезімін үш ауыз өлеңмен шабыттана жазып береді:

Алладан мен қапа боп тілеген күн,

Жым-жырт болып салбырап кетеді түн.

Жұлдыздар жыпылықтап, ай сұп-сұр боп,

Бәрі де тыңдап қапты шығармай үн.

Мұнымды айтып едім сөзбен сындап,

Дүние жым-жырт болып тұрды тыңдап.

Жел күрсініп сөйлесе сусыл қағып,

Шөптер басын ізейді шын-шын, шындап.

Қалғандар желден сұрар сөзімді ұқпай,

Бұлт қасын түйеді жылдай-сықтай.

Тік қарауға мені аяп шыдай алмай,

Күн бұлтқа кеп тығылды қайта шықпай.<sup>104</sup>

<sup>102</sup> Сонда, 37-б.

<sup>103</sup> М. Әуезов. Жырға томдық шығармалар жинағы. 20-т., А., 1985, 16-17-бб.

<sup>104</sup> Қ. Мұхамедханов. Абайдың ақын шәкірттері. 1-кітап. А., 1993, 181-б.

Жас ақын Абайдың ақындық дәстүрін қазақ поэзиясында болмаған жаңа үрдіспен дамытып, табиғатқа тіл бігіреді, аспан әлемімен, тылсым тіршілік көріністерімен ой бөліседі. Тұрағұлдың ақындық талантын танытқан терең мағыналы, философиялық мәнді өлең. Осыдан кейін ақын кейбір арнау өлеңдерінен басқа жырлар жазбаған сияқты. Әке ақылымен кара сөз жанрына ауысып, орыс тіліне жүйрік болуы себепті аудармамен айналысқан. Максим Горькийдің “Челкаш” атты әңгімесін қазақ тіліне аударды. Бұл алғашқы аудармасы 1925 жылы “Таң” журналында жарияланалы. Жазушы А.С.Неверовтың “Мен өмірге жерікпін”, “Ортақшыл Мария” әңгімелерін аударып, 1927 жылы Мәскеудегі Кеңес Одағының кіндік баспасынан жеке кітап етіп шығарады. 1928 жылы осы баспадан Тұрағұл қазақ тіліне аударған әйгілі американдық жазушысы Джек Лондонның “Эскимос Киш” деген әңгімесі “Баланың ерлігі” деген атпен және белгілі поляк жазушысы Болеслав Прустың “Антеқ қыран” әңгімесі жеке кітап болып жарық көреді. “Баланың ерлігі” (Эскимос елінің тұрмысынан алынып жазылған әңгіме) деп аталған бұл жинақ Тұрағұлдың “Беташар” мақаласымен ашылған.

Тұрағұл Абай кеңесімен айналысқан аударма саласында жемісті еңбек етті. А.С.Неверовтың “Я хочу жить” әңгімесін “Мен өмір сүргім келеді” деп емес, “Мен өмірге жерікпін” деп, ал “Мария – большевичка” әңгімесін “Ортақшыл Мария” деп қазақ ұғымына түсінікті етіп аударған. Ол “А.С.Неверов шығармаларының ішкі рухын, сыртқы болмысын терең түсініп, әңгіменің фабуласын сақтауға тырысқан”<sup>105</sup>. Басқа аудармалары да көркемдік жағынан сәтті шығып, ұлттық әдебиетке қосылған қомақты үлес болды.

Абай шығармаларының тұңғыш жинағын Кәкітаймен бірге бастыруға сіңірген еңбегін жоғарыда атап өттік. Ал Тұрағұлдың “Әкем Абай туралы” естелігінің ғылыми, тарихи маңызы зор. Абай қайтыс болғаннан кейін ұлы ақын туралы алғаш рет естелік жазып қалдырған Тұрағұл болатын. Бұл баға жетпес естелікті М.Әуезов үзінді күйінде 1933, 1940 жылдары жарық көрген толық жинақтарында жариялап, Абайдың ғылыми өмірбаянын 1927-1950 жылдары төрт рет қайта жанғыртып жазу барысында пайдаланған.

Қазақ әдебиетінде естелік жанрының бастауында тұрған Тұрағұлдың бұл еңбегінің басты ерекшелігі – естеліктің Абай қасында үнемі болып, тәрбиесін, тағалымын көрген-білген жайларға құрылып, ұлы ақын өмірі мен шығармашылығына байланысты әдеби, тарихи және шежірелік деректердің мол қамтылуы. “Танертеннен кешке шейін, көбінесе кітабын оқиды да,

<sup>105</sup> Б.К. Атығай. Абайдың ақындық мектебіндегі аудармашылық дәстүрінің қалыптасуы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. А., 2001, 17-18-бб.

ара-тұра жастықты бауырына басып, алдында ақ қағазы, қолында қарындашы, күңіреніп отырып өлең жазып тастайды, сол өлең жазардағы түрі: бір құсаға мінген кісідей өңі қашынқырап, азырақ еңтіккен кісідей танауы көбіңкіреп, көзі жасаураңқырайды, естір-естілместей қып күңірененнің ішінде күбіренкіреп кеп жазып кеп кеткенде көп тоқталып ойлана бермейді де, қайта сызып түзетпейді де, өлеңнің тығыны суырылып кеткенге ұқсайды”<sup>106</sup>, – деп Абайдың өлең жазу машығынан сыр шертсе, келесі кезекте әкесі жазған өлеңдерді жаттап, айтқан сөздеріне ықылас танытқанын байқаған Абайдың мақтау сөзін келтіріп: “Мен әкемнің аузынан шыққан сөзді пайғамбардың аузынан естігендей сеніп, адам болады екенмін деп, сол жылғы бастығымыз Шанкерім қажы болып хақиқаты олай емес, былай деп таласып жағатын санды шәкірттің қатарында болдым” деген естелік жолдарынан Абайдың ақындық мектебі болғандығы елес береді.

Ақылбайдың “Дағыстан” поэмасын Кавказда болып қайтқан кісідей шебер жазу себебіне Тұрағұл естелігі арқылы әбден көз жеткізуге болады: “Жыл сайын бірден, ескіден Үркіттен қашқан Кавказдың адамдары келіп, кейде қыстап, кейде бір-екі ай жатып, кісі басы ат мініп кетеді, көбінесе оларды менің әкем Қояндыға барушыларға қосып береді”<sup>107</sup>, – деп көп мағлұмат келтіреді.

“Осы сайлау 1884 жылы болғанда, содан кейін достан, елден түңіліп, соққы жегендіктен, осы өлеңдерді айтқан секілді”<sup>108</sup>, – деп бірнеше өлеңнің тізімін келтіру арқылы Абайдың біржола поэзияға бұрылу себебін ашып көрсетіп, көптеген өлеңдерінің жазылу тарихына назар аударады, азды-көпті түсініктер береді. “Ақ киімді, денелі, ақ сақалды” деп қысты өлең қылғаны сол 84-жылы қыс қатты болып, ел жұтаған. Қар сәуірдің бесінде кеткен, сонда айтыпты”<sup>109</sup>, “Мәз болады болысың” деген өлеңді 90-шы жылы Семейге барып Тауба деген генерал-губернатор келіп, бірсыпыра болыстар, билерге шекпен, қылыш сыйлаған, сондағы шекпен алған болыстардың қуаңғанына ыза болып жазған”<sup>110</sup>, – деген сияқты құнды деректер Абайдың академиялық шығармалар жинағының басылымдарын дайындауға негіз болды. Осы ретте М.Әуезов Тұрағұлдың абайтануға қосқан еңбегі туралы: “Тұраш 1889 жылдан бастап үнемі әкесінің қолында тәрбиеленгендіктен, ақынның әрбір өлеңі қай кезде, кімге арнап жазылғаны, не себептен туғаны туралы, онан соң өзі ес білгеннен бері қарай,

<sup>106</sup> Т. Құнанбаев. Әкем Абай туралы. А., 1993, 14-б.

<sup>107</sup> Сонда, 26-б.

<sup>108</sup> Сонда, 33-б.

<sup>109</sup> Сонда, 38-б.

<sup>110</sup> Сонда, 43-б.

өкесінің басынан қандай халдер өтіп қандай мінез, қандай әдет даңдылары болғандығы туралы, өзге жұрттың бөрінен артық, бөрінен толық мағұмағ берді”<sup>111</sup>, – деп ерекше атап өтеді.

Абайдың әдебиет мектебінің келесі бір талантты шоғыры – Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858 – 1931), Әріп Тәңірбергенұлы (1856 – 1924), Әсет Найманбайұлы (1867 – 1923) XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті тарихында үлкен із қалдырды. Шәкәрім поэзияда, прозада, аудармада, трактат жазуда дәуірлік туындылар қалдырып, қазақ әдебиетін тақырыптық, жанрлық тұрғыда байытуға үлкен үлес қосты, қазақ лирикасын жаңа деңгейге көтеріп, поэзия мәдениетін дамытты. Әріп пен Әсет махаббат, адамгершілік тақырыбына арналған шығыстық үлгідегі дастандар жазып, өлеңдерінде әділдік, әйел теңдігі, білім мәселелерін қамтыды. Бұл ақындар туралы “Қазақ әдебиеті тарихының” осы б-томында монографиялық тараулар берілгендіктен арнайы сөз қылмауды жөн көрдік.

Абай алыс-жақын ауылдардан өлеңге әуестігі бар, болашағынан үміт күтірген жас ақындарды өз қасына алдырып, соларға ұстазық еткен. Ақынның тікелей тәрбиесінде болып, әдеби мектебінен үлкен тәлім алған талантты шәкірттерінің бірі Көкбай Жанатайұлы (1861 – 1925) болатын. Шыңғыстаудың етегіндегі Тақыр өзенінің бойында туған ол жастайынан зерек, өлең-жырға әуес болып өседі. Алғаш сауатын ауыл молдасынан ашқаннан кейін Семейдегі Қамали қазірет медресесінде оқуын жалғастырып, осындағы уездік училищені бітіреді. Ауылына қайтып оралып, өз қаржысына медресе ашады, өмірінің соңына дейін бала оқытып, ағартушылық іспен айналысады. 1913 жылы Меккеге барып, қажылық парызын өтеп қайтады.

Көкбай өз жанынан суырып салып өлең шығарған айтыс ақыны да, шығыстық үлгідегі дастандар мен қазақ тарихына арналған поэмалар тудырған жазба ақын да болған. Өлеңді де, эпикалық туындыны да өндіріп жазған. Оның поэзияға құлай берілуі Семейдегі оқуларын бітіріп, Абайға келіп қосылғаннан басталады. Ел ішіндегі бір дүбірлі сайлау науқанында Семейдің сол кездегі оязы Көкбайдың үстінен түскен арыз бойынша оны жазаламақ болғанда, “сонда өнерлі, оқуы бар жігітті, Абай аяп, кепілдікке алады. Осыдан соң Көкбай өмір бойы Абай өлгенше оның іні-досы, шәкірті болып кетеді”<sup>112</sup>.

Абай “Жаз”, “Күлембайға” деген өлеңдерін 1888-1889 жылдары “Дала уәлаятының газетінде” жақын досы, шәкірті Көкбай атынан

<sup>111</sup> М. Әуезов. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. А., Санат, 1997. 159-б.

<sup>112</sup> Абай. Энциклопедия. А., Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 1995, 282-б.

жариялағаны белгілі. Бұл туралы Көкбай өзінің естелігінде: “1880 жылдан бастап 1886 жылдарға шейін Абай әрбір өлеңді жазып жүрді. Бірақ бұл уақытта сөздерінің барлығын Көкбай сөздері деп жүргізді. Кейін Омбыда “Дала уәлаяты” мен “Серке” кезегі шыққанда, бірер өлеңін тағы да менің атыммен жіберді”<sup>113</sup>, – деп құнды дерек береді.

Көкбай ақын Абайдың әдебиет мектебінің әрі оқушысы, әрі оқытушысы бола білді. Оқушы ретінде Абайдың әр айтқан сөзін, ақыл-кеңесін зердесіне тоқып, ақындық таланттына үйренді, оқытушы ретінде кейінгі ұрпаққа Абай шығармаларын насихаттап жеткізуде, Тұрағұлмен қатар ұлы ақын туралы баға жетпес естелік жазуда үлкен еңбек сіңірді. М. Әуезов “Көкбайдың ақындығы” атты мақаласында: “1924 жылдан бастап Абайдың өмірбаянын жазушыларға және барлық толық жинағын құрастыруға Көкбай барынша зор көмек көрсеткен еді. Абайдан қалған мұраның қазақ оқушыларына толық жинақ боп құралып шығуына анық еңбек сіңірген кісінің бірі – Көкбай... 1909 жылы Көкбай бастырып шығарған жинақ Абай еңбектерінің жарым көлеміндей ғана еді. Көкбай қолжазбада сақталған шығармалар ғана емес, өзінің жалында жүрген, біржола жоғалып кетуге мүмкін болған Абайдың өлеңдері мен кейбір шумақтар, жолдарды хатқа түсіріп, ұлы ақынның өзге мұраларының қатарына қосты”<sup>114</sup>, – деп Көкбайдың абайтануға сіңірген еңбегіне жоғары баға береді.

Көкбайдың артында қалған мұрасы да біршама. “Мұсажанға”, “Төрбайға”, “Сараң байға”, “Зағипаға” атты табан астында шығарылған бірқатар арнау өлеңдерінде адам бойындағы оспалар қылықтар мен кемшіліктерді мінесе, “Дүтбайға”, “Ағыбайға” атты өлеңдері Абай өнегесімен жазылған. Бұл арнау өлеңдерінде ұстазының сатиралық дәстүрін берік тезіне алып, арам пиғылдарын шенқұмар болыс-билерді сын тезіне алып, арам пиғылдарын әшкерелейді. “Дүтбайға” деген белгілі сатиралық өлеңінде Абай сынанан өз ағайыны Дүтбай болысты оның сыбайлас, паракор тоғыз биімен бірге аяусыз мінейді.

Тоғыз би сөз айтпайды, бөз айтады,  
Дүтбайдың тоғыз бисіз өзі айтады.  
Талтандап көп қарғалар жемге тойған,  
Қызылды көрген сағат кез айтады<sup>115</sup>, –

<sup>113</sup> Жүрегімнің түбіне терең бойла: (Абай туралы естеліктер). – А., 1995, 200-201-бб.

<sup>114</sup> М. Әуезов. Абайтану дәрістері. А., 1994, 13-б.

<sup>115</sup> К. Жанатайұлы. Шығармалары: өлеңдер, айтыс-қағыстар, қисса-дастандар (Құрастырған, алғы сөзін және түсініктерін жазған Ж. Әубәкір). – А., 2001, 16-б.

деген жолдарда араны ашылған ел билеушілерінің келеңсіз қылықтарын әшкерелеген ашы мысқыл, кекесін бар. Бұл ретте Көкбай Абайдың би-болыстарды сынаудағы шенеу әдісін өте шебер қолданған.

Жезі не? Мойнындағы қарғысы ма?!  
Әлде бұл көптің берген алғысы ма?  
Сұм билер бұл қылығын қоймағанда,  
Сөзсіз-ақ ұшырар ел қарғысына

Би деген кешегі өткен дәуірдегі,  
Ел сүйіп би қойған соң дәуірдегі.  
Сөкетсіз бас жарса да, пара алса да,  
Заманы сондайға да тәуелді еді.

Ендігі шалак етік, шолтиған би,  
Знак, шенге сатып монтинган би.  
Ұрыққа түнде аттанып, күндіз сөйлеп,  
Пара жеп, қарны шығып томпиган би<sup>16</sup>, –

деп мейлінше өткір, ызалы, келекеге толы түйреу әдісімен паракор би-болыстың әлеуметтік-психологиялық портретін сомдайды. Абайдың “Болыс болдым мінеки...” өлеңіне ұқсап құлқын камын ойлаған би-болыстардың ел басқаруға лайық емес міндерін бетке басып, әділетсіз іс-әрекеттерін шенейді. “Ағыбайға” атты өлеңінде де Ағыбай сияқты кара басының камын күйттеген, екіжүзді, арам пиғылды ел билеушісін ашы ажуамен өлтіре сынап, паракорлығын мазақ қылады.

Ақын басқа өлеңдерінде де адалдықты, әділдікті ту етіп көтеріп, елдің береке-бірлігін жырға қосалы, жатып ішер жалқаулықтың, еңбексіз күнелткен қыдырымпаздықтың зиянкестігін әшкерелеп, тура биліктің қуны кеткен замандағы зорлық пен өктемдікті сынайды, жастарды ескілік көленкесінде қалмай, жаналыққа ұмтылуға, өнер-білім алуға шақырады.

Абай үнемі қасында болған ұғымтал да зерек Көкбай шәкіртіне арнайы тақырыпта шығарма жазуға тапсырма беріп, оны өзі сынап баға беріп, түзу жолға бағыттап отырған. Осы ретте Көкбайға: “Сен біреуді дәріптеп, мақтап, мадақтауға ынталысың. Сондықтан Абылайхан, Кенесары, Наурызбайлардың істеген жорықтарын жаз”<sup>17</sup>, – дейді. Көкбай осылай Абай кеңесімен эпикалық ірі туындылар жазуға барған. Оның қаламынан туған “Сабалақ”,

<sup>16</sup> Сонда, 17-б.

<sup>17</sup> Жүрегімің түбіне терең бойла... – А., 1995, 140-б.

“Төрт төре”, “Қандыжап”, “Наурызбай-Фатима”, “Ғаділ патша”, “Арон Рашид” дастандары – Көкбай шығармашылығындағы үлкен ақындық белестер. Алғашқы үш дастан Абылай хан мен оның батыр ұрпақтары Кенесары, Наурызбай ерліктерін баяндаған тарихи тақырыпқа құрылса, “Наурызбай-Фатима” – негізгі кейіпкерлері тарихи тұлғалар болғанмен, ғашықтық дастан, ал соңғы екі дастан “Мың бір түн” ертегісі негізінде қисса жанрында жазылған шығармалар. Осылайша өзінің тақырыптық ауқымы мен сюжеттік желісі жағынан Көкбайдың эпикалық туындылары дербес үш циклді құрайды: біріншісі, казак өмірінен жазылған тарихи дастандар да, екіншісі, тарихи тұлғамен байланыстырылған ғашықтық элементтері кездесетін хикаялық дастан болса, үшіншісі – шығыстық желідегі дастандар.

Бірінші циклді құрайтын “Сабалақ”, “Қандыжап” және “Төрт төре” дастандары казак халқы өміріндегі тарихи оқиғаларды көркем тілмен айшықты баяндайды. Қазак тарихында айрықша орны бар, көрнекті мемлекет қайраткері атақты хан Абылай туралы, оның ел қорғау жолындағы ерліктерін халыққа өлеңмен жеткізу Абай санасында орнығып, үлкен тілекке ұласса, ұстазының осы арманын Көкбай жүзеге асырған сияқты. Осы шығармаларының ішінде көлемдісі – “Сабалақ” дастаны жас күнінде жетім қалып, Сабалақ атанған кезінен өрлігімен, еггілігімен, батырлығымен көзге түскен Абылайдың ерлік істерін көркем кестелеп, хандық дәуірлеген шағына дейінгі өмірін шынайы суреттейді, казак халқының сыртқы жауға қарсы күресте ел болып бірігуінің символдық белгісі ретінде Сабалақтың (Абылайдың) қаһармандық бейнесін жасайды, осы тарихи тұлға образы арқылы халықты ел болуға үндейді.

“Төрт төре” атты тарихи дастаны “Сабалақ” дастанының заңды жалғасы іспетті. Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысының басталу себебі осы шығармада айқын аңғарылады. Дастанның негізгі сюжеттік желісі Абылай хан ұрпақтарының мемлекеттілікті қалпына келтіріп, туған халқының бостандығы жолындағы ерлік күресін баяндауға құрылған.

Шығармада отаршылдық өктемдік салқынына наразылық белгілері сыр беріп, халық мұны мен арман-тілегі тарихи тұлғалар арқылы айшықты көрсетіледі. Ал “Қандыжап” дастаны – көлемі жағынан шағын шығарма болғанымен заман шындығын дәл бере алған көркемдігі қуатты туынды. Дастанда казак-қалмак соғысының шешуші сәттері негізгі кейіпкер Абылай хан бейнесі арқылы айқындалып, тарихи оқиғаны Қандыжап бітімімен сәтте аяқталуын көркем баяндайды. Сюжеттік оқиғасы ширақ жетілген, кейіпкерлерінің іс-әрекеті нақты бейнеленген бұл шығармада Көкбайдың шығармашылық ойлауының тарихи факторы

нактыланып, реалистік сапасы артқан.

Өлең мен карасөз араласып жазылған “Наурызбай-Фатима” дастанында Кенесары ханның өмір қызығына тоймаған, жастық арсыны басылмаған ерке інісі Наурызбайдың барымташылықтан басталған жорығының махаббатқа ұласқан сүйіспеншілік сезімдері мен ел арасындағы татулық пен жарастық жырланса, шығыстық сарындағы “Ғаділ патша” мен “Арон Рашид” дастандарының басты тақырыбы – шынайы махаббат пен адал достық, мейірбандық пен әділеттілік сияқты ізгі қасиеттерге үндеу.

Көкбайдың қазақ әдебиеті тарихына келтірген үлкен пайдасы – оның Абай туралы естелігі. Бұл естелікті М.Әуезов алғаш рет 1924 жылы хатқа түсіріп, Абайдың 1933 жылы шыққан толық жинағында жариялады. Содан бері ұлы ақынның жарық көрген барлық академиялық басылымдарында жарияланып келеді. Естелік-әңгіме Абайдың мінез ерекшеліктерін, ақындық ұстанымы мен парасатын, өлең жазу машықтарын, адамгершілік қасиеттерін толық ашып көрсетеді. “Тегінде өлеңді көп жазатын уақыты қысты күні мен жазғы салым болатын. Кейін 89-90-жылдарда тыныштық алып отырғанда, барлық өңдерін де бір-ақ қыста, жазға салым шығаралы”<sup>118</sup>, – деп өлең жазу ерекшелігінен сыр шертсе, “Әрқашан Абай ақындық туралы сөйлегенде: “Ол қуат, табиғат сыйы, Құдай сыйы. Ақындық шабыты шын келгенде, адамды қайта тудырып жібереді”<sup>119</sup>, – деп Абайдың ақындық өнерге көзқарасы туралы тын мағлұмат береді. Естеліктің келесі бір тұсында: “Өлең айтқыш жігіттердің сөздерінде нәр, жұғын болса, дәмді сөзін көріп ырза болса, ондайлардың өлеңді көбірек айтқанын тілейтін. Кей біреулеріне өлең қыларлық теманы да беретін сияқты еді”<sup>120</sup>, – деп Абайдың ұстаздық қасиеттеріне тоқталып, осы ретте ұлы ақынның тапсырмасымен Абылай мен Кенесары ерліктерін қалай өлең қылғаны туралы әңгімелейді. Абайдың өмірге, дінге көзқарасы, аңшылық, тоғызқұмалақ, дойбы сияқты ермек түрлерімен айналысуы мен басқа да түрлі қырларын осы естеліктен оқып білуге болады.

“Тегінде Көкбайдың анық айтқыш, талантты ақын екенін Абай өзі де өз шығармаларында бірнеше рет атап бағалап, аңғартып кеткен-ді. Ұстаз ақын Абайдың шығармаларына ағы кірген шәкірт ақынның өзі де жалғыз ғана Көкбай болатын”<sup>121</sup>, – деп М.Әуезов айтқандай, Көкбай Абай мектебінің ақын деген атақты анық ақтаған, ұстазына өле-өлгенше адалдығын білдіріп кеткен талантты ақын болды.

<sup>118</sup> Сонда, 201–202-бб.

<sup>119</sup> Сонда, 202-б.

<sup>120</sup> Сонда, 204-б.

<sup>121</sup> М. Әуезов. Абайтану дәрістері. А., 1994, 14-б.

Көкбайдың өзі де:

Жәннатта жаңың болғыр, Абай құтып,  
Қасылда бос жүріппіз шатып-бұтып.  
Осындай ең дарияны жайлағанда,  
Тым болмаса қалмапшын қана жұтып<sup>122</sup>, –

деп Абай талантына бас ұрып, даналығын дәріптейді.

Абайдан алдым сабақ бала жастан,  
Тең бар ма ойға терең онан асқан.  
Алды бейіш, артына ырыс болсын,  
Мен-дағы бір жұртымын ізін басқан<sup>123</sup>, –

деп өзінің ұстазына деген шәкірттік сүйіспеншілігін білдіріп, адалдығын танытады.

Көкбайдың маныздылығы Абайдың тікелей шәкірті болуымен ғана өлшенбесе керек. Қазақ өмірінен әлеуметтік мәселелерді қамтыған өлеңдері мен тарихи тақырыпқа жазған дастандарының өзіндік эстетикалық мәні бар. Жанашыл үрдістегі көркемсөз шебері ретінде ол ағартушылық бағыттағы поэзияның терең мағыналы үлгілерін өмірге екелді. Халықтық әдебиет пен жазба әдебиет дәстүрін қатар дамыта білген ақын есімі әдебиет төрінен өзінің лайықты орнын алды.

Абайдың тікелей тәрбиесінде болған талантты ақындардың бірі **Уәйіс Шондыбайұлы (1873 – 1925)** әрі әнші, домбырашы, гармоншы болған. Өлеңдеріне ән де шығарған. Жас таланттың болашағынан мол үміт күткен Абай Уәйісті арнайы шақыртып алып, өлең айтқызып, ән салдырған, тақырыптар беріп, үлкен туындылар жаздырған. 1893 – 1898 жылдары Абай қолында болып, ұлы ұстазынан ақындық өнердің қыр-сырына қанығалы, Абайдың ақыл-көнесіне зейін салып, көп үлгі-өнеге алады, оның ақындық дәстүрін берік ұстап, шығармаларында халқының мұң-мұқтажын, арман-тілегін жырға қосалы.

“Қайғылы хал” деген алғашқы өлеңінде-ақ әділетсіз замандағы халықтың ауыр жағдайына наразылығын білдіріп, жұртшылыққа зорлық-зомбылық көрсеткен ел билеушілерінің зұлымдық әрекеттерін әшкерелейді.

<sup>122</sup> Бес ғасыр жырлайды: ХҮ ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Екі томдық. //Құраст.: М. Байділдаев, М. Мағани. 2-т., А., 1989, 308-б.

<sup>123</sup> Көкбай Жанатайұлы. Шығармалары. А., 2001, 23-б.

Кеңшілік келдейлерге заман бар ма,  
Қайғымен көп қамыққан атамдарға.  
Әлсізді әлі жеткен андып жеп жүр,  
Болған соң уақыт осы амал бар ма!<sup>124</sup> –

деп заман шындығын дөп басып, халықтың қайғылы хал-ахуалын ашық көрсетеді. “Ойлаған көз жіберіп кісі бар ма, //Заманды халық үшін жақындаған” – деп заманның осы қалыпта тұра бермейтіндігіне көз жүгіртелі. “Аз мәселе сөйлейін” өлеңінде адалдық, әділдікті ту етіп көтеріп, ардан безген ел қанаушыларын қатты сынға алады, халық қанын сорған жемқорларды екі жүзді сатқын – “мунафикке” тенең:

Адалдық жолын жасырған,  
Хайуан ба бұл, адам ба?!  
Ардан безген айуандар,  
Жолығарсын араңға!<sup>125</sup> –

деп Абайша сөйлеп, ар атынан үкім шығарады.

“Жүреді жұрттың көбі қарасынға”, “Адамға нәпсі – қасқыр, ақыл – қақпан”, “Келейді обалсынбай байлар талап”, “Адам бар ма аңғарсаң”, “Іші – у, сырты – ду”, “Тексеріп мұның бәрін көрді көзім” және басқа да өлеңдерінде ақын Абайдан алған тағылымнан айнымай, сыншылдық әлісті берік ұстаналды, ел басқарған, шен алып, шекпен кигеніне масаттанып жүрген әкім-қаралардың қарапайым халыққа жасаған жауыздығын әшкерелеп, қараңғы қапастағы еңбекші халықтың сана-сезімін оятып, үстемдікке қарсы күреске шақырады.

Уәйіс 1916 жылғы оқиғаларға да үн қатып, байлардың қара бастарының қамын ойлау мақсатында кедей балаларын майданның қара жұмысына алуға тізіп берген қиянаттарын ашына айтып, патшаның жергілікті жердегі қолшоқпарларының зұлым қылықтарын аяусыз шенейді, халықты әділетсіздікке бірлесіп қарсы тұрып, ашық күреске шығуға шақырады. Осы ретте “Бастаушы әділ болмаса” өлеңі Абай үлгісімен жазылған.

Бастаушы әділ болмаса,  
Бүтіндік болмас халқыңда.  
Қола жиып, мыс күйіп,  
Саудалайды алтыңға.  
... Бас сайлауда,

Кенбе айдауға,  
Дүние тұрмас қалпында.  
Айдыны азсын,  
Күл боп тозсын,  
Найзағай боп жарқылда.  
Дүние өтер,  
Сұмдар кетер,  
Сен қаларсын артыңда!<sup>126</sup> –

деген жалынды күреске шақырған жігерлі өлең жолдары Абайдың “Елде жақсы қалмады...” өлеңін еске түсіреді.

“Адам бар ма аңғарсаң” өлеңі де елді қанаған, мансапқор ұлықтардың адамдыктан безген қылықтарын әшкерелеуге арналған.

Ұлық болса осы күн  
Жақының саған қарамас.  
Өзін сақтап, сені жеп  
Сатуға жауға аямас, –

деп тағы да Абай үлгісімен қолына билік тиген әкімдердің екіжүзділігін айқын сипаттап, опасыздығын бетке басады. Абайдың И.А.Крыловтан аударған “Емен мен шілік” өлеңінің сюжетін еске алып:

Келеке қылып шілікті,  
Мерт болған жоқ па терек те.  
Осы да мәлім емес пе,  
Зиыны бар зерекке!<sup>127</sup> –

деп Абай дәстүрінше авторлық тың қорытынды жасайды.

Уәйіс өз шығармашылығында ұлы ұстазы Абайды темірқазық етіп ұстап, әркез мақтан еткен, шәкірттік пәк көңілмен жырға қосып, мақтан тұтқан. “Дүние байқағанға бір кең сарай” деп басталатын өлеңінде қорлыққа өткен халқының қамын ойлап, талапты жастарды елінің азаттығы жолындағы күреске шақырады, оларға зор сеніммен қарап, Абайды үлгі етеді:

Жан құрбан халық үшін қылайық та,  
Бүлгістен не боламыз қашқанымыз.

<sup>124</sup> Абайдың ақын шәкірттері. 2-кітап. А., 1994, 210-б.

<sup>125</sup> Сонда, 212-б.

<sup>126</sup> Сонда, 214-215-б.б.

<sup>127</sup> Сонда, 216-б.



Ақын айтып-айтып Абай кеткен,  
Қазақта сол емес пе асқанымыз.  
Халықтың анасындай қамын жеген,  
Қайраты Үрістемдей дастанымыз<sup>128</sup>, –

деп ұлы ақынның ел қамын жеген камқорлығын, тығырықтан жол іздеген даналығын айтып, жастарды жігерлендіреді.

Ақын “Тартыстың табысы”, “Бір қыздың уақиғасы”, “Жошы – Алаша хан”, “Иванушка – дурачок”, “Тәуке – Жікібай” оқиғалы дастандары мен поэмаларын жазған. “Тартыстың табысы” поэмасында бірінші дүниежүзілік соғыс, азамат соғысы, шетел басқыншылығы сияқты тарихи оқиғалар ақындық тілмен нанымды суреттеледі. Уәйіс соғыстың халыққа әкелер ауыр зардабын жете түсініп, тарихтан сабақ алуға шақырады, соғыс апатын дәлме-дәл баяндап, тарихи шындықтан алшақ кетпейді.

“Бір қыздың уақиғасы” поэмасы атақты “Қырық уәзір” хикаясынан алынған сюжет негізінде жазылған. Махаббатқа адалдықтың қыр-сыры пендешілік пен рақымшылық, төзімділік пен кеңшілік қасиеттер арқылы тізбектеліп, поэма соңы оқырманға сұраумен аяқталады. Ақын айтқан жұмбақтың шешімі де қиын: патша қызына ғашық болған жігіт төзімділігі, қыздың атастырылған жігітпен арадағы уағдаластығы, болашақ жарының қыздың өзіне ғашық болған жігітпен кездесуіне рұқсат етуі, қыздың жолшыбай екі ұрыдан ақылдылығының арқасында аман қалып, өзіне ғашық жігіттен бата алуы сияқты уақиғалар тізбегі оқырманды ойлау қабілетінен адастырады. Сондықтан да ақын соңғы шешімді оқырманның өзіне қалдырады.

“Жошы – Алаша хан” дастанының оқиғасы “Ақсақ құлан–Жошы хан” анызымен тығыз байланысты. Аңызда Жошының өлімі мен Шыңғыс ханның қайғы-қасіреті баян етілсе, Уәйіс дастанында оқиға желісі сол бетінде қайталанғанымен, хан Алаша есімімен суреттелген. Ақын өз шығармасының кейіпкерлерін ұстазы Абайдың “Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы” еңбегінде айтылатын Алаша хан бейнесінен алса керек. Дастанның басты тақырыбы да, сюжеттік желісі де ақындық талант пен күйшілік өнердің зұлымдық пен қатыгездікті жеңген құдіретті күшін дәріптеу болса, Уәйіс көркем тілмен, шебер өлең орамдарымен бұл мақсатына жеткен.

“Иванушка – дурачок” дастаны орыс жазушысы П.П.Ершовтың ертегіні өте ұнатып, ақын шәкірттеріне тақырып етіп ұсынғанды Уәйістің үлесіне тиген.

<sup>128</sup> Сонда, 220–221–бб.

Өз кезегінде Уәйіс ақын Ершовтың атақты дастанының уақиғасын қазақ ұғым-түсінігіне бейімдел, ұлттық ауыз әдебиетінің ертегі үлгісімен жырлап шыққан. Дастанда орыс ертегісіндегі кейіпкерлердің барлығы аталмай, бас кейіпкер Иван ғана айтылып, оның өзі қазақ ертегісіндегі тазша бала бейнесінде суреттеледі. Уәйіс Ивановның патша қызының жүзігін іздеп шығып, жер-жаһанды шарлаған сапарын толық баяндамай, ертегі уақиғасын мүлдем қысқарталды, дастанның басты сюжеті ретінде жүзікті ғана алып, ұтымды пайдаланады, оқиға желісін шарықтау шегіне жеткізіп, бас кейіпкердің бақытқа қол жеткізген шағын:

Той қылды қызын беріп он күн ұдай,  
Тәж, тақыт – бәрін беріп, болды жұрдай.  
Жалқаулар көп ұйқыдан түк тапқан жоқ,  
Еңбектің нәтижесі міне осындай.  
Патша боп үкім шашып тұрды дейді,  
Ертектің рас болса айтқанындай<sup>129</sup>, –

деп шабытты жыр жолдарымен аяқтап, Ивандай өнерпаз, еңбеккер жігітті үлгі етеді. Сайып келгенде, “Иванушка” поэмасы – XX ғасыр басындағы Абай қалыптастырған аудармашылық мектеп өкілдерінің үлкен талпыныс, таудай талабын көрсеткен елеулі дүниелердің бірі. Оның авторы Уәйіс Шондыбайұлы да өмір бойы Абай өсиет еткен жолдан айнымай, сол жолда ұлттың әдебиеті мен мәдениетіне рухани құндылықтар бере алған үлкен дарын иесі еді<sup>130</sup>.

Ал Уәйістің “Тәуке–Жікібай” поэмасы – таза қазақ өмірінен алып жазылған шығарма. Поэмада көршілес отырған керей мен тобықты руларының арасындағы кезекті бір барымта оқиғасы суреттеледі. Автор оқиғаны шығарманың бас кейіпкері Тәуке атынан Быкия деген келіншекпен арадағы айтыс түрінде баяндайды. Шығармада ел арасындағы ру тартысы, барымта сияқты келенсіздіктердің бейбіт халыққа тигізер зардабы Быкия атынан сыналып, татулыққа, береке-бірлікке шақырған ақын үні айқын білінеді.

Мұқа Әділханұлы (1857 – 1927) – Абай мектебінен тәрбие алған талантты шәкірттерінің бірі, асқан домбырашы, скрипкашы, өнші, ақын болған. Ауыл молдасынан сауатын ашқан Мұқа жас күнінен ән-күй, өлең-жырға көңілі ауып, домбыра шертеді, күй тартып, ән салады, скрипкада ойнауды үйренеді. Әкесі Әділханның туған інісі Қараханның Әлімхан деген баласының Исахан атты ұлы қайтыс

<sup>129</sup> Сонда, 283–б.

<sup>130</sup> Б.К. Атығай. Абайдың ақындық мектебіндегі аудармашылық дәстүрінің қалыптасуы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты. А., 2001, 14–б.

деген өлең шумақтары ақынның ішкі жан-дүниесін табиғат құбылыстарымен сезініп көркем бейнелегенін білдіреді. Мұқаның тау тылсымын суреттеудегі төгіліп түскен тамаша жыр тіркестері Абайдың табиғат лирикасын, соның ішінде жылдың төрт мезгіліне арналған өлеңдерін еске түсіреді.

Негізгі тақырыптық желісі сақталған, бірақ соңғы жағы жоғалған “Нүрке өлгенде” өлеңі Абайдың осы іспетті Әбдірахманға, Оспанға арналған өлеңдері ізімен жазылғанға ұқсайды. Өлең Абайдың замандасы, әрі жақын досы, өз кезінің белгілі де беделді адамы Нүрке Шыңқожаулының арғы аталарының халыққа сіңірген еңбегін атай отырып, “Қайырлы, жомарт, шын мырза, // Шапағатты шешенім // Артында халқын бек риза” деп мақтауын асырған Нүркенің адамгершілік, адалдық, жомарттық сияқты ізгі қасиеттерін елге үлгі етеді, өзі теңдес қазақтан артық туған, әділдікті ту етіп көтеріп, халқына қамқорлық жасаған ел билеушісінің кісілік келбетін шебер суреттеп көрсетеді. Осы өлеңі арқылы Абайдың ақындық дәстүрін берік ұстанғандығын тағы да байқатады.

М.Әуезов Мұқа таланттына тәнті болып, “Абай жолы” эпопеясында оның атын еш өзгертпей, негізгі кейіпкердің бірі ретінде алып, әнші ақынның бейнесін Абай тұлғасымен тұтастыра көркем суреттеп берді.

Абай туып өскен Шыңғыстау өңірімен көршілес Қызылмола болысының қазағы Иманбазар Қазанқапұлы да (1868 – 1943) ұлы ақыннан тікелей тәлім-тәрбие алған талантты ақындардың бірі. Әкесі Қазанғап Қынашұлы мұсылманша, орысша сауатты, көзі ашық, еліне сыйлы адам болған. Меккеге үш рет қажылық сапарға барып қайтып, туған аулында медресе ашқан, жылқы тұқымын асыландырумен айналысып, үйінің маңына бау-бақша отырғызған. Иманбазар осындай үлгілі әкенің тағалымды тәрбиесін көріп, алғашында ауыл молдасынан хат таниды, одан кейін Семейдегі бес кластық медресені оқып бітіреді, сонда жүріп өз бетінше орыс тілін үйренеді. Ел басқару ісіне ерте араласып, Қызылмола болысы № 1 старшындық ауылының, одан кейін болыстың халық соты болып қызмет істейді. Әкімшілік істер атқара жүріп, талмай оқып ізденеді, Шығыс, Еуропа, орыс классиктерінің шығармаларын оқиды. Өз бетінше түрлі тақырыптарға өлеңдер жаза бастайды. Алғашқы өлеңдері Қазақ баспасөзінің қарлығашы – “Дала уәлаятының газетінде” 1888-1889 жылдары жарияланады.

Газеттің 1889 жылғы 20-санында басылған Иманбазардың “Ай, ағалар, тыңданыз мына газет сөзін” өлеңі<sup>131</sup> Семей медресесінде оқып жүргенде “Дала уәлаятының газетіне” арнап шәкірт қиялынан

<sup>131</sup> “Дала уәлаятының” газеті. А., 1989, 112-б.

болып, әйелі Фатиха жесір қалады. Исаханның жылы жақындаған кезде жас сұлу Фатиханы Әлімханнның екінші баласы Мұсаханнның әйелінің үстіне қоспақшы болады. Бірін-бірі ұнатқан Мұқа мен Фатиха жасырын қашып, Абай аулына келеді. Абай барлық жағдайды білген соң Әлімханға хат жазып, дауды тоқтатады. Осылайша Мұқа Абай аулында қалып, ұлы ақынның жақын досы мен сүйікті шәкірттерінің біріне айналады.

Мұқа негізінен, шебер домбырашы, әнші, скрипкашы ретінде белгілі. Ақындыққа қулай берілмесе де, Абай дәстүрінен тағылым алып жазған өлеңдері де аз емес. Жас күнінен өз жанынан суырып салып өлең шығарып, әндеріне қосып айтып жүрген. Абай поэзиясынан сусындап, ұлы ақыннан тәлім-тәрбие алғаннан кейін өлең сөзге үлкен жауапкершілікпен қарайды. Абай дәстүрімен өлеңді терең толғанып жазу жолына түседі. Скрипкада өте ұнатып тартқан шығармасы – “Дунай толқыны” күйінен алған әсерін төрт шумақ өлеңге сыйғызып, өнердің адам жанын баураған құдіретін жыр етеді. Туған жері – Көкен тауын көркем кестелеген “Көкен” атты лирикалық толғанысқа толы өлеңі Мұқа поэзиясындағы орны бөлек шығарма. Абай ұстазын езі туып өскен Көкен тауына қонаққа шақырғанда шалқар шабыт үстінде жазған бұл өлеңінде әсем табиғаттан алған әсері, көңіл-күйі, сезімі ақындық оймен терең қабысады.

Тау Көкен күңгірттенген көкшіл мұнар,

Көтеріп көкке таман мойын сұнар.

Қиялап адам жүрмес қиын жартас,

Ойласаң пенделікпен дейсін құлар<sup>131</sup>, –

деп Көкен тауының сұлу көрінісін шебер суреттейді.

Әр түрлі миауалар бар шыққан тегін,

Ақылмен болжап болмас артық-кемін.

Безеніп, қонақ келсе, тұралық деп,

Жамылды түрлі ағаштар көк желегін.

Тал көктен, қайың ақтан киім киіп,

Керіліп, кербезденіп, басын иіп.

Басына шырмауықтан үкі тағып,

Шолпысы сылдырлайды жерге тиіп<sup>132</sup>, –

<sup>131</sup> Абайдың ақын шәкірттері. 3-кітап. А., 1995, 286-б.

<sup>132</sup> Сонда, 286-287-б.

туған, көркемдік жағынан ортанкол туынды болғанымен, жана ашылған газетті оқуға насихаттап, дәуір үнін білдірген. Газетшілер атынан берген түсінікте: “Осы өлеңді өзімізге жақсы ат үшін басып тұрғанымыз жоқ, оқу білетін жас қазақ жігітінің көңілінің рақымдылығын білдіріп тұрмыз”<sup>134</sup>, – деп талантты жастың ақындыққа бел бұруына жол ашқан. Осының алдында газеттің сол 1889 жылғы 7-санында “Семей оязы, Шыңғыс елінің қазағы Ибраһим Құнанбай аулының Баканас өзенінде Көпбейіт деген жерге қонып жатқандағы түрі” деген атпен Абайдың “Жаз” өлеңі Көкбай атынан басылған болатын<sup>135</sup>.

Абайдың жас ақынмен таныс-білістігі Иманбазардың газетте жарияланған өлеңін оқудан басталса керек. Оның үстіне Абайдың сүйікті баласы Мағауия да осы жылдары Семейде оқып, Иманбазармен жақын достық қатынаста болған. Абай да жас талапты ұнатып, ауылына қонаққа шақырған, оның соны ұзаққа созылған ұстаз бен шәкірт арасындағы риясыз шығармашылық қарым-қатынасқа ұласқан. Иманбазар қолы босай қалған сәтте ұстаз қасынан табылып, Абайдың ақыл-кенесін тыңдаған, ақындық талантының қыр-сырына үйренген.

Иманбазар Абайдың әдебиет мектебінің талантты шәкірттерінің бірі ретінде танылып, поэзияда өзіндік із қалдырды. Абайға еліктеп лирикалық өлеңдер, эпиграммалар мен арнаулар жазып, романтизмге бой ұрды. Ұстазының өтінішімен Шығыс тақырыбына “Әнибал” (1909), “Алтын сақина” (1911) дастандарын жазды. “Алтын сақина” дастаны үзінді күйінде ғана жеткен. Замандастарының айтуына қарағанда, Европа ақындарының бірінің баллада түрінде жазған шығармасының аудармасы болуы мүмкін, махаббат жолында қапыда қаза болған ғашық жігіттің есірік қылыны туралы дидактикалық мазмұндағы туынды.

Ақын атын шығарған “Әнибал” дастаны – Шығыс сюжетіне құрылған романтикалық сарындағы шығарма. 1909 жылы Қазандағы ағайынды Каримовтар баспаханасынан “Қисса-и Әнибал” деген атпен жеке кітап болып басылып шыққан. Дастанның негізгі идеясы – әйелдің бас бостандығы. “Қалын малға сатылып, еріксіз күйеуге берілген қазақ әйелінің көретін қорлық-зорлығының бәрі Әнибалдың аузынан айтылады, тек мұң-зар ретінде айтылып қана қоймайды, адамгершілік тұрғысынан қатты сыналады”<sup>136</sup>.

– Жан ана-ау, патшаға айт арызымды,  
Құдайға, шариятқа сөзім шын-ды.

<sup>134</sup> Сонда, 626-б.

<sup>135</sup> Сонда, 89-90-б.б.

<sup>136</sup> К. Мұхамедханов. Көп томдық шығармалар жинағы, 4-том, А., 2005, 193-б.

Әрбір қыз өзі таңдап барсын байға,  
Тілек беріп тарқатсын біздің мұңды<sup>137</sup>, –

деген басты кейіпкер – Әнибал қыздың талабы заман талабы болып естіледі. Бұл дастанның басты сюжеттік желісі. Қызының өтінішіне құлақ асқан ақылшы әке – Рамул патша үкімімен шыққан жана мизам болашақ жарқын өмір елесі іспетті:

Әркім өзі сүйгенін алады деп,  
Қыз бенен бозбалаға теңдік тиді.  
Малға сатып жас қатын алатұғын,  
Әуесқой бай, шалдардың іші күүді<sup>138</sup>, –

деп махаббат теңдігін асқаттып, ескіліктің есірік қылықтарын әшкере етеді. Теңдік символы Әнибал қыз бен әділ патша Рамул бейнелері арқылы адал махаббат пен әйел теңдігін, жоғары адамгершілік қасиеттерді жырға қосалды. Ұстазы Абайға ұқсап “өлеңді ермек үшін жазбайтындығын”:

Мұнда жоқ қыздырмалы қызықты сөз,  
Көп ұзаптай осылай тоқтаттым тез.  
Не қылса әңгіме үшін айтқаным жоқ,  
Пайдасын кейінгінің көреді көз<sup>139</sup>, –

деп білдіріп, кейінгі ұрпаққа қалар тағылымды ой тастайды. Тіпті соңғы шумағын: “Еркекше ақын мұны айтқан қазақ үшін” деп Абайдың Көкбай атынан шығарған қалпынша ақындық сыйайлық танытады.

Иманбазар қазақ халқының сол кездегі өмірін шынайы бейнелеген басқа да өлеңдер жазып, суырып салма ақын ретінде де белгілі болған. Бұл ретте Көкбайдың жиені Жүнісхан Бүркітбайұлымен айтысқа түскен. Алаш қайраткерлері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұнов, Мағжан Жұмабаевтармен жақсы қарым-қатынаста болып, ұлт көсемдері бастаған жолды ұстаналды, Алаш идеясын қолдап, Семей уездік земствосының мүшесі ретінде халық арасында үлкен мәдени-ағартушылық жұмыстарын жүргізеді. Абайдың ұлы Мағауиямен медреседе оқыған кезінен бастап жақын сырлас дос болып, ауылына жиі барып, хат алысып тұрады. Мағауия қатты сырқаттанып, қайтыс боларының алдында Иманбазарға өлеңмен қоштасу хат жазған деген сөз бар. М.Әуезов

<sup>137</sup> Абайдың ақын шәкірттері. 4-ші кітап. А., 1997, 178-б.

<sup>138</sup> Сонда, 180-б.

<sup>139</sup> Сонда, 181-б.

КАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫ: XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІ (1900 – 1917) 104

осы хат туралы 1930 жылдары Иманбазарға хат жазған деседі. Бірақ Алашорда қозғалысына қатысы бар болуы себепті Иманбазар 5-6 жыл ауылынан алыста басқа колхозда есепші болып еңбек етеді де, қайтыс боларының алдында бір сандық толы ескі кітаптар мен қолжазбаларын өзі жерленген зират маңына көмдіреді. Бұл сандық сол беті табылмай, құпия күйінде қалды.

Ақын қартайған шағында да қаламын тастамай, жана заман туралы шабытты жырлар шығарған. 1941 жылы шілде айында Семейде өткен облыс аралық халық ақындары слегіне қатысып, ел қорғауға арналған камалбұзар өлеңдер жазды. Отаншылдық сезімге толы бұл жырлары Мәскеуде шыққан орталық “Правда”, республикадағы “Социалистік Қазақстан”, “Екпінді” газеттерінде жарияланады.

Ақынның Абай кенесімен махаббат тақырыбына жазған “Әнибал” дастаны қазақ әдебиеті тарихындағы елеулі туынды болып табылады.

**Дүбөкір Ақылбайұлы (1881 – 1934)** – Абайдың үлкен баласы Ақылбайдан туған немересі. Кішкентайынан Абайдың інісі Оспанның әйелі Еркежанның бауырында өсіп, ән-жырға құмар болады, өлең шығаруды әлетке айналдырады. Немересінің ақындық қабілетін байқаған Абай оны ерекше қадірлеп, өз қолында тәрбиелейді. Есейе келе атасы Абайдың тапсырмасымен эзіл, мысқыл, ашы тілді әжуа, сықақ өлең шығару дәстүрін берік ұстап, XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі сатираның дамуына өзіндік үлес қосады. Келейліктің зардабын көп тартқанымен ақындық өнерімен ел құрметіне бөленеді. 1930 жылдардың зобаланы кезінде жазықсыздан жазықсыз қуғын-сүргінге ұшырап, көп бейнет шегеді, сол азап салдарынан ауырып қайтыс болады.

Дүбөкір әкем қойған менің атым,  
Жаратылыс шығарған зор қуатын.  
Ырғызбай, би Өскенбай – арғы тегім  
Құнанбай қажы еді шыққан затым.

Дүбөкір менің атым, әкем Абай,  
Жоқ-жітік арып-ашып келген талай.  
Нағашым ер Қазыбек, би Алшынбай,  
Мен түтіл, жарлық қылған қосшы-малай, –

деп, бүкіл қазаққа мәлім ата-бабасын зор мақтанышпен жырға қосқан ақын өмір бойы осы текті әулетке лайықты болуды өзінің басты борышы санайды. Абай атасы үлкен үміт еткен сенім үдесінен шыға біліп, қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңба қалдырады.

Дүбөкір өз шығармашылығында Абай айтқан сатиралық бағытты ұстанып, осы жолынан айныған жоқ. Ащы әжуа, мірдің

оғындай мысқыл түріндегі өлеңдерін қолма-қол суырып салып та, жазып та шығарған. Өзіне ұнамаған келеңсіз жайттар мен адамдардың оспадар қылықтарын аяусыз сынап, бетің бар, жүзің бар демей ашық айтқан. Ақынның сын садағы ел ішіндегі паракор, мансапкор билерге жай оғындай тиген. “Билерге” атты өткір мысқылға толы өлеңі қара басының қамын ғана ойлап, құлқынның құлы болған ел билеушілерінің пасық әрекеттерін әшкерелейді.

Ішінде байың да бар, келей де бар,

Келейлігі болмаса егей де бар.

Тайлы бие тамаққа жүк болмайды,

Неше түрлі жалмауыз көмей де бар<sup>140</sup>, –

деп сол заманда ел басқарған екі жүзді, опасыз билердің тұтас сатиралық портретін жасайды.

“Болысқа” эпиграммасы Абайдың “Болыс болдым мінекі” өлеңіне еліктеп жазылған. Бұл өлең тура жолдан тайып, мансап, билік үшін дүние-мүлкін шашқан дүниеқоныз, жағымпаз болыстың сатиралық бейнесін сомдайды. “Өтірікшілерге”, “Мұсабайға”, “Ғабидоллаға”, “Досмағамбетке” өлеңдерінде де халық надандығы мен мешеулігін өлтіре сынаған.

Дүбөкір сатиралық шығармашылығымен қоса үлкен поэзиялық туындыларға бет бұрып, “Мамай батыр”, “Әнет бабаң”, “Ақтабан шұбырынды” тарихи дастандары мен “Оралбай мен Керімбала”, “Әреке мен Береке” атты әлеуметтік тақырыптағы дастандарды жазып шығарған. Отызыншы жылдардағы ел басына туған аштық-зомбылық кезеңді бейнелеуге арналған “Шынғыстау” поэмасы дәуір шындығын шебер суреттеген көркем туынды болып табылады.

Жинақтап айтқанда, қазақ әдебиеті тарихында өзінің жолын қуып, ақындық талантынан үлгі алған, ұлт әдебиеті дамуына жана үрдіс әкеліп, тақырып, жанр, көркемдік ерекшеліктер жағынан түрленуіне өзіндік үлес қосқан Абайдың әдебиет мектебі болғанын оның талантты ақын шәкірттерінің шығармашылығы мысалында айқын көз жеткіздік. “Сөйтіп, Абай айналасында үлкен тәрбие мектебінің болғанын көреміз. Міне, Абай мектебінің қазақ әдебиеті топырағына үлкен жаңалық әкелгенін көреміз”<sup>141</sup>, – деп М.Әуезов өзі ұлттық әдебиеттану ғылымында берік негізін қалап кеткен Абайдың әдебиет мектебінің өкілдері өздерінен кейінгі қаламгерлерге де ақындық дәстүр жағынан игі ықпал етіп, шығармашылық сабақтастықтың жалғастығын нақты дәлелдеп берді.

<sup>140</sup> Сонда, 260-б.

<sup>141</sup> М. Әуезов. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. А., 1988, 195-б.

тегжейлі зерттелмеген. Кейбір мәселеде советтік идеологияның тоталитарлық бұғауы себепші десек, енді бір жағдайларда мамандардың аздығынан, тіпті қайсыбір өте қажетті саланы зертеушілердің мектебі қалыптаспағандықтан деп санаймыз. Мәселен әдеби шығармалардың текстологиясы сынды қиын да қажетті салада тиісті маман ғалымдар күні бүгін де жетіспейді. Өзге де түрлі себептермен аса бай әдеби мұра ғылыми тұрғыдан әлі сараланып болған жоқ. Бұл — ұзаққа жалғасатын күрделі процесс. Сондықтан, бірқатар елеулі, ғылыми ортада біршама бағасын алып, қарастырылған және белгілі бір пікір, көзқарас түйінделген ақын-жазушылардың өмірі мен қызметі туралы қысқаша шолу сипатты мағлұматтарды таныстыру ниетінде тұздік.

Әрине, ақын-жазушылар шығармаларын талдай отырып, олардың қай бағытқа жағатындығын, жеке сипаттары мен ерекшеліктерінің ортақ өзектерін сабақтастыра отырып, қай поэтикалық мектепке бейімділігін, тағысын тағы әлеби жаратылысын саралайтын зерттеулер нәтижесіндегі қорытындыларды тұжырымдап ұсынған да артықтық етпес еді. Бірақ бұл — бұған дейін де, қазір де қол жеткізе алмай жүрген биік. Әдебиеттану ғылымында фольклор мен кеңес дәуіріндегі әдебиетке ғана белгілі дәрежеде жемісін берген, сараптамалық сұрыптаманың недеуір теуір зертханасы басқа кезеңдер әдебиетіне келгенде жоққа тән болып тұр. Қай автор романтикалық сарынға жақын, қайсысы реалистік әдебиетке тән, қайсысының шығармаларында эпикалық құлаш басым, қайсысында сыршылдық, әлде діни-қисасшылдық мектеп әсері күшті, публицистика кімдерде басым шықты, тағысын тағы көптеген мәселелер ғылымда қолмен қойғандай талданып, таразылануы тиіс еді. Бұл сипатта аса ірі, белгілі ақын, жазушылар шығармаларына қатысты ғана зерттеулер жасалған. Ал ондаған, жүздеген ақын-жазушылар мұрасы ондай ғылыми айналымға әлі түсе қойған жоқ. Бұл — ұзақ жылдар бойы, әртүрлі ғылыми мамандардың қатысуымен жүргізілетін кешенді ғылыми іс. Жоққа жүйрік жетпейді. Сондықтан да, мол қазынаның ішінен бірқатар ақын-жазушылардың шығармашылығы туралы қысқаша шолу ғана жасалды. Онда да олардың өздеріне тән қайсыбір шығармашылық сипаттары мен ерекшеліктері айтылды. Ал оларды салыстырмалы талдау арқылы тұтас әлеби ағымдық дәрежедегі зерделеулер алдағы кезде жасалар деп үміт етеміз.

XX ғасыр басындағы әдебиеттің алуан қырлы тақырыптық, көркемдік, идеялық сипаттарын аңғарту мақсатында қысқа-қысқа

## ЖЕКЕЛЕГЕН АҚЫНДАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА ШОЛУ

Қазақ әдебиетінің ұзақ тарихында өте бай, сан алуан қырлы көркем әдеби мұра қоры түзілді. Олар түрлі кітап баспаларының басылымдарында, мерзімді баспасөз беттерінде, қолжазбалар қорларында сақталған. Ел аузында жүрген үлгілер қаншама, халық әдебиетінің ұлы дәстүрі жалғаса беретіндігі де белгілі. XIX ғасыр әдеби мұралары өз алдына бір жүйелі желіні құрайтын болса, XX ғасыр басындағы ақын-жазушылар шығармаларының өзі жүздеген томдарды жалғастырады. Салыстырмалы түрде алғанда, XX ғасырдың басындағы әдеби шығармалардың орасан көптігін, сол тұстағы қазақ ақын-жазушыларының айрықша өнімді шығармашылығын, сөйтіп жана әдебиеттің қарымды еркін тынысының кең жолы ашылғандығын қайталап айтудың артықтығы жоқ.

Бұл кезеңдегі әдеби шығармалар кітап, баспасөз беттерінде бұрынғы дәуірлерге қарағанда әлдеқайда жеделері мол жарияланып отырды. Оған заман ағымы себепші болды. XX ғасыр басындағы ақын-жазушылар шығармалары негізінен өткен ғасырдың алғашқы кезеңінде Қазан, Орынбор, Уфада жарық көрген басылымдарда және жұртшылыққа кеңінен мәлім «Бес ғасыр жырлайды» (1985), «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Октябрь алдындағы кезең» (1983), «Қазақ поэзиясының антологиясы. XX ғасырдың бас кезі» (1993) секілді әдеби жинақтамаларда жарық көрген. Оларда жүздеген ақын-жазушылар шығармалары жарияланып, қысқа түрде сипатталып отырды.

Әрине, олардың барлығы бірдей әдебиеттану тұрғысынан егжей-

пайымдаулар ұсынылған жекелеген ақын-жазушылар туралы зерттеулер, кітаптар, диссертациялар жазылған. Ал қолжазба қорларында жатқан, ел аузында жүрген, әйтсе де зерттелмеген, қаралмаған мыңдаған әдеби туғаларды академиялық әдебиет тарихына жөнсіз сүйреп әкеліп қосу да ретсіз болар еді. Ақын-жазушылар шығармашылығын қарастырғанда ғылымның осындай қағидағтары да ескерілді.

\* \* \*

**Жұмабай Шалабайұлы** – Торғай облысы, Жангелдин ауданына қарасты Тосын болысының №5-ауылында 1838 жылы дүниеге келген. Ақын шығармаларынан осы күнге жеткені Нұрғали деген жас ақынмен айтысындағы ел аузында сақталып қалған жекелеген шумақтары және Нұржан Наушабаевпен айтысы ғана. Уақ Жұмабайдың Нұрғалимен айтысы халық ақыны Нұрхан Ахметбеков арқылы жетсе, Нұржанмен айтысын және осы Нұржанмен хат арқылы айтысқан жұмбақ айтысын филология ғылымдарының кандидаты С. Оспанов Қазақстан Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қорынан тауып «Қостанай таңы» газетінде жариялады.

Осы үш айтысының өзінен-ақ оның ақындық қуатының мол, өлендерінің көркемдігі құнды екендігін аңғаруға болады.

Уақ Жұмабай 71 жасқа келіп, қартайған шағында жағалбайлы Нұрғали деген жас ақынмен айтысады. Қарт ақын:

Кеудемде дауылды өлең ұясы бар,  
Сендейлер шыға алмайтын қиясы – жар.  
Төбемде қаз бауыр бұлт әлі де тұр,  
Шамдансам жыр нөсерін құя салар...

...Бүгін мен көрсетейін көресінді,  
Шығарып жұрт алдында өлесінді.  
«Кімсің сен, қайдан шықтың, қай ақынсың,  
Өленге билік айтар төре-сынды, –

деп бірден телеуірінін көрсетеді. 7-8 буынды жыр үлгісімен төкпелетеді. Дәстүрлі айтыстың өзінде өлең өрнегі мен үлгісінің түрлерін жарыстыра, құбылта қолданады.

Аз бен көпті байқатпас,

Жиырма бесте қызба жас.

Дәу қарағай құласа,

Баялышпен тең болмас.

Ақсұңқардың баласы

Құладың құсқа жем болмас.

Удың өгі болмаса,

Қарғаның өгі ем болмас.

Қартаймақ түгіл өлсем де,

Молам сенен кем болмас! –

деп жастық арынның аптығын басқандай болады.

Өлен сөздің тегі – бейнелі сөйлеу. Ақындықтың хас биігі – «ақындарша ойлау» – бейнелі ойлау, дүниені образбен көру, құбылыстың поэтикалық рухы мен танбаларын нәзіктікпен түсіну. Сылдыр сөз – сурет емес, кескінді зергерлікпен тінін тұтастырған зерделі ой Уақ Жұмабай өлеңінде кестелі сурет те, зерделі ой да бар. Екеуі тұтас келіп, ақынның суреткерлік шеберлігі мен оның ақындық құлашының кең екенін танытады. Жалпы қазақ поэзиясында «сұңқар», «тұлпар» сөздерінің әбден таптаурын болған тұрақты тропқа айналғаны белгілі. Жұмабай бұл сөздерді басқаша ұғымда қолданады. Мәселен, сұңқар сөзін дарын сөзімен тіркестіріп, зат есімді анықтауыштық мағынада қолданып әдемі троп жасаса, тұлпар сөзін тай сөзімен салыстырмалы түрде пайдаланып, қарсылас ақынмен өзінің ара салмағын көрсетуде ұтымды пайдаланады. Эпитеттер мен троптар өленнің көркемдік жағын көркейтіп тұрған жоқ, ақын ойымен ұштасып өленнің бағасын биіктетіп жібереді.

Уақ Жұмабайдың сөздері көркем болуымен қатар, ойлылығымен де құнды. Көрілігі мен баласыздығын бетіне басқан Нұрғалиға қайтарған жауабында Жұмабайдың ақындық шеберлігі терме түрінде айтылған жырдың мәнділігімен, мазмұндылығымен ерекшеленеді. Жұмабай стиліне бір-біріне қарама-қайшы ұғымдарды салыстыра отырып ой айту тән. Мысалы: көрілік пен жастықты бейнелі түрде дәу қарағай мен баялыш, ақсұңқар мен құладың, қарға мен аққу ұғымдарымен алмастыра отырып, философиялық толғам-терме ретінде ойлы да дәйекті уәж айтады.

Уақ Жұмабай ақынның тағы бір сөз сайысы әйгілі Нұржан Наушабайұлымен болған айтыс. Қазақ әдебиеті тарихында діни-ағартушылық бағыттағы өлең-назымдарымен «Сегіз сері» дастанымен және жұмбақ айтыстарымен белгілі Нұржан

Меніменен қағыспа!  
 Меніменен қағыссан,  
 Ісің кетер шалысқа.  
 Жер тағысы сен болсаң,  
 Көк тағысы мен едім,  
 Тырнағынды салыспа, —

деп қарсыласының бейнелі тіркестер мен троптарды түйдегімен қолдана отырып көсіледі.

... Ойнашы шырақ теңімнен,  
 Ұшпайсын көкке көңлімнен.  
 Майдандасып кектескен  
 Дұшпаның емен сенің мен.  
 Орынсыз жерге ұрынбай,  
 Сөйлесенші жөнімнен,  
 Сөйлемесен жөнімнен  
 Музға түскен қанбақтай,  
 Ұшырармын деміммен.  
 Сүйегің майда күл болар,  
 Бір сипасам жеңіммен...

деп еркін тыныс байқатады. Айтыстың өзінде әсерлі портрет, бейнелер жасайды.

Суырып салынып айтылған осы өленнің өзі-ақ Жұмабай ақынның асқан дарын иесі екендігінен хабар береді. Жұмабай ақын айтыстарынан байқайтынымыз — оның әрбір өлені теңеу, эпитет, метонимия, метафора т.б. көркемдік бояуларға қаныққан тозбайтын, тотықпайтын шымыр өлендер.

Жұмабай ақын өлендерінен мақал немесе мәтел сияқты («Адамның жақсы асылы — кірсіз таза нәсілі», «Орынсыз ғайып соқтықпас — ақылының басымы, Көрінгенге шабысар — ақылсыздың кәсібі», «Жас картайып тозбай ма, жарлы байып оңбай ма» немесе «Алтын тақтан хан тайса, қарашы болар») үтқыр тіркестер көп кездеседі.

Жұмабай Шалабайұлы есімі XX ғасырға дейін-ақ қазаққа танымал ақын болған. Айыстары Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасында, қолжазбалар қорында сақтаулы тұр. Хағ арқылы жұмбақтасып айтысқан жазба айтысы да бар. Бұл жұмбақ айтыстың тарихи құндылығы басым. 1916 жылы Нұржан

Наушабайұлы Қостанай өмірінде өмір сүрген. Нұржан ақындығымен бірге жаурыны жерге тимеген палуан, бал бармақ күйші, жезтандай өнші болғандығы ағартушы Ыбырай Алтынсаринге қатысты әңгімелерден мәлім.

Бұл айтыс 1908 жылы Қарақыпшақ Жасыбай ауылында болған. Сол ауылда қылдырып жүрген Жұмабай ақын Нұржанмен кездеседі.

Сөз сөйледім жасымнан,  
 Кетпей жүр қайғы басымнан.  
 Кәміл пірім қайдасын  
 17 жаста қосылған... —

деп қазақ ақындарына тән аруақ, кие шақыру дәстүрі мен «Кәміл пірін» шақырғаннан кейін Жұмабай ақын сөзін әрі қарай жалғайды.

Түркістан, Сібір, Орынбор,  
 Дабылым кетті алысқа.  
 Қулаңиек күн шықпай  
 Тоймаушы едім шабысқа.  
 Сыр бермеге жок едім,  
 Сілтеуші едім алысқа.  
 Асыл ердің белгісі —  
 Жанын қияр намысқа,  
 Жамандықтың белгісі —  
 Өзін-өзі мақтаған,  
 Мақтаншақ жұртқа жақпаған,  
 Осы айтқаным анық па?!  
 Алып қашпа екенсін,  
 Көбік ауыз қарыспа.  
 Зорыққаннан білмейтін,  
 Құр құмарсың жарысқа.  
 Айт дегенге арс етіп,  
 Етегіме жабыспа!  
 Сен бір сайтан көбелек,  
 От алып түскен қамысқа.  
 Құтырған төбет секілді,  
 Әл жетпеспен алыспа!  
 Менің атым — Жұмабай,

ақын Қостанайдағы ақ патшаның «Маусым жарлығынан» кейінгі зорлық-зомбаланды жұмбақтап «Торғайдағы туғандарға» хат жазып жіберген екен. Осы жұмбақ-хаттың шешімін Жұмабай ақын табады:

Тобылдың биік көк жары —  
 Қостанайдың қаласы,  
 Қағынды деген сөз екен.  
 Жалын шығып жарынан,  
 Өртегіп жатқан кез екен.  
 Ор бойында Орынбор  
 Губернеміз сол екен.  
 Онда кайғы мол екен.  
 Қу қарағай — ақ сақал,  
 Ақ терегі — ақ патша,  
 Старшын, бұлты — поп екен.  
 Жанып жатқан жалпақ өрт —  
 Сорлық қазақ елі екен.  
 Жанып жатқан жас шырлы —  
 Елдің балғын ұлы екен, —

деп қазақ елінің басына түскен қалың қасіреті, әскерге алынып жатқан қыршын жастардың қамын ойлап егіледі. «Маусы жарлығын» дүлей өртке теңейді.

... Өзін қапқан көк төбет —  
 Өзінен шыққан зор екен.  
 Қысы суық, жері отты —  
 Патшаның зерлі заңы екен.  
 Матаулы қалған биесі —  
 Сорлы болған ана екен.  
 Өртенген елді меңгерген,  
 Залым патша жау екен... —

деп басталып тереңге тартқан жолдардан Кеңес заманының бүркемеленіп «Аманкелді көтерілісі» деп аталған, ал шындығында Әбдіғапар Жанбосынұлын хан сайлап, сары ала ту көтеріп отаршыл Ресейден бөлінбек болған Торғай казактарының ұлт-азаттық көтерілісінің мазмұны мен мақсат-мүддесін тануға болады. Уақ Жұмабай шығармаларының кеңес заманында жарыққа

шықпауының бір себебі осы болса керек.

Жұмабай Шалабайұлы Торғай ақындық мектебінің негізін салушы. Ақыннан тәлім алған Есенжол Жанұзақұлы, Сейдахмет Бейсенұлы, Құбаша Шалбайұлы, Әбікай Нұрғазулы, Иманқұлдың Әбдірахманы, Күдері Жолдыбайұлы, Қашқынбай Қазулы сияқты ақындар Жұмабай ақынды қадір тұтып өткен.

Е. Ысмайыловтың «Ақындар» атты монографиясында Қашқынбай Қазулының сөзі берілген. Онда Қашқынбай ақын былай дейді: «Қайын жұртымда (әйелімнің әкесі) Шалабаев Жұмабай деген ірі ақын болды, өлең айтарда көзінен жас ағып, селкілдеп кетуші еді. Өлеңге құмарлығымды, өлерінде маған батасын беріп еді, сонан былай өлеңге еркін болып кеттім. Ол кісінің сөзі, ақындығы маған зор үлгі болды»<sup>1</sup>.

«Қазақ әдебиеті» газетінің 1991 жылғы 3 санында кайталап басылған Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастанының алғысөзінде Е. Бекмаханов: «Қазақ ССР ҒА Тіл және әдебиет институтының қолжазба қорында Нысанбай жырының тағы екі варианты сақтаулы. Оның бірі — 1912 жылы Қазанда Жүсіпбек Шайхысламов бастырған нұсқа, екіншісін институт қызметкерлері Торғай облысында ақын Қашқынбай Қабаевтан жазып алған»<sup>2</sup>, — депті. Мұнда Қашқынбай Қазулының фамилиясын Қабаев деп қателескен. 1996 жылы жарық көрген «Тарихи жырлар» атты көп томдықтың «Кенесары-Наурызбай» жырына арналған томында жырдың Қашқынбай нұсқасы берілген. Осы жырдың түсініктемесінде Қашқынбай бұл жырды Жұмабай ақыннан үйренгені туралы айтылады<sup>3</sup>.

Жұмабай Шалабайұлы Торғай ақындық мектебінің дәстүрін қалыптастырып, оның дамуына зор үлес қосқан, осы мектептің өзінен кейінгі өкілдеріне ұстаздық еткен ірі тұлға.

Ақын Сейдахмет Бейсенұлы (1841-1914) — қазіргі Қостанай облысы, Аркалық ауданына қарасты Қайыңды ауылының жерінде туған.

Өлеңмен сурет салатын шебер ақын. Бейнелеп сөйлейді. Адамның мінез-құлқын беруде өзі тұстас ақындардың қай-қайсымен де таралғысы тең түсіп отырады. Кейде Махамбетше

<sup>1</sup> Е. Ысмайлов. Ақындар. — А., 1956, 83-б.

<sup>2</sup> Нысанбай жырау. Кенесары-Наурызбай. // «Қазақ әдебиеті» газеті, 1991, №3.

<sup>3</sup> Тарихи жырлар. — А., Жазушы, 1996.



аузынан от шашырата, келенсіздікті сынаса, бірде Шернияздай ащы сарказмды қолданады. Қолма-қол, ауызба-ауыз айтысқа келгенде Шөжедей тапқыр, Орынбайдай орнықты сөйлейді. Кейде Базар жыраудай төгіп-төгіп алып, өлеңнің топшылы өлемі түрін жасайды. Сондықтан болар, Ахмет Байтұрсынұлы Сейдахмет акынды жаттап өскен, дарынына тәнті болған<sup>4</sup>.

Торғай, Қостанай, Ақмола, Ақтөбе өңірлеріне «Танат Сейдахмет акын» деген атпен белгілі болған оның шығармалары, Торғай акындық мектебін басқа өкілдеріне карағанда, XIX ғасырдың өзінде баспа бетін көрген. Ағартушы Ыбырай Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясында» акынның «Бір нашардың Әділ төреге айтқаны», «Сейіт-Ахмет деген жігіттің ғашығына айтқаны» атты өлеңдері жарияланған. Сейдахмет пен Ыбырайдың төс түйістіріп дос болған.

Сейдахмет акынның есімі Ахмет Байтұрсынұлының ұлы Абай туралы жазған «Қазақтың бас акыны» атты мақаласында да ұшырасады. Сонымен бірге Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиеттануықшы» еңбегінде Сейдахметтің «Мінажат» шығармасы мен ғашық қызына арнаған өлеңін мысал ретінде келтірген.

Сейдахмет Бейсенұлының шығармашылығын зерттеумен Сабыр Шәріпов те айналысқан. Белгілі әдебиет зерттеушісі Ермек Өтебаевтың «жазушы папқасындағы жырлар» атты мақаласында («Лениншіл жас») Сейдахметтің біраз өлеңдері талданады. Ғалым С. Шәріповтың деректеріне сүйене отырып: «Сейдахмет сыншы, бұқарашыл реалистік әдебиет өкіліне жатады», – деген қорытынды жасайды. Сондай-ақ, академик Қажым Жұмалиевтің «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» атты еңбегінде Ыбырай Алтынсариннің ықпалында болып, онан үлгі алған акындар қатарында Сейдахмет акынның есімі де ұшырасады.

Сейдахмет акынның қолда бар өлеңдерінен оның өлеңді ерте бастағандығы аңғарылады.

Он үште топқа түсіп айқайладым,

Жас күнде албырт қиял байқай ма алдын.

Шок болып жүрегіне барып түстім,

Жамылып шең-шекпенін шалқайғаным, –

дейді акын. «Оқуға он жасымда талап еттім», – деп басталатын өлеңінен оның ақыл-ойы ерте оянып, өнер-білімге жастайынан құштар болғаны байқалады.

...Оқуға он жасымда талап еттім,

Баланы бұрын түскен қуып жегтім.

Жыр, қисса-өлен кітап оқымауды,

Басыма зор ұайым, қайғы тұттым.

Аз ұйықтап, аз тағам жеп ыждағаттап,

Жанымды ізденіспен ренжіттім,

Ойнақтап Ортекедей ойын салған,

Алаңсыз, армансыз күн, қайда кеттін?

Талпыныс, талаптылық қасиетті,

Өзіме айнымастай тірек еттім.

Бұл өлеңнен біз оның акындық таланттың буына семірмей, үнемі ізденгендігін, сол арқылы бойындағы табиғи дарынын ұштай түскендігін байқаймыз. «Жыр, қисса-өлен кітап оқымауды, басыма зор ұайым, қайғы тұттым», – деген жолдар акынның шығыстық қисса-дастандармен, сол кезеңдерде жарық көрген шығармалармен таныс болғандығын аңғартады.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы он жылдығында өмір сүрген Сейдахмет акын шығармашылығының негізгі тақырыбы – ақ патшаның билік жүйесіндегі әділетсіздік. Ол осы дәуірдің жағымсыз жақтарын өз шығармаларында қатты сынады. Күншілдік, өсек-өтірік, ұрлық, басараздық, кулық-сұмдыққа қарсы күресті. Сөзімен де, ісімен де елге үлгі-өнеге берді. Адалдық, әділдік жолына қызмет еткен адамдарды қолдап, өнеге етті. «Қай жерде жақсы көрсем жанап өттім» немесе «Халқымның жолдас болдым ағасына, Бой да емес, өңір де емес жағасына» деген жолдар осыны айғақтайды.

Сейдахмет акынның өзі указной молдалық қызмет атқарған, имандылық жолын ұстанған, намазын қаза қылмай өткен, діни сауатты кісі болған. Сондықтан да ел арасындағы надан, дүмше, арамза молдалар акынның ащы сынынан тыс қалмаған.

Акын заманындағы әлеуметтік тенсіздікке көп көңіл бөледі. Елді әділеттілікке шақырып, бұқарашыл пиғылда болып, қалып бұқара мүддесін көздейді. Ел өмірінің күнделікті өмірін тақырып етіп жырлаған ол арнау өлеңдер, толғау, термелер, мысалдар,

<sup>4</sup> Н. Бектемісов. Ахмет ұшқан алтын уя. Астана: Елорда, 2001, 31-б.

жұмбақ өлеңдер жазған. Сонымен бірге поэзияның көлемді жанры – дастанға да қалам тербеген. Жасынан Шығыс әдебиетімен таныс болған Сейдахметтің «Мың бір түн», «Тотынама» сюжеттеріне құрылған «Махрума», «Өнерлі үзгір» атты екі дастаны бар. Өлеңдерінің тақырыбы мен шығыстық сюжеттерге дастан жазуы Сейдахметтің ұлы Абаймен рухтастығын танытқандай. Аталған «Махрума» дастанында жақсылыққа жамандық жасап, өзін өлімнен азат еткен әйелді қорлыққа салған опасызға лағынет айтылып, ажарлы, ақылды, адамға мейірімі мол әйелдің қиындықты жеңіп, еркіндікке жеткені суреттелсе, «Өнерлі үзгір» дастанында мұсылман діні тыйым салған суретшілік өнер уағыздалады. Мұнда ақын өнерді игеруді насихаттаған.

Ақын аталған шығармалардан басқа кедейлік, жоқшылық тақырыбына «Байлар мен Таңатар», «Сейдахмет пен кедейлік», «Өкініш» сияқты жырларын арнаса, әлеуметтік әділетсіздікке қарсы «Біз көрдік талай жанның қиянатын», «Айна» сияқты жырларын жазған.

Сейдахмет ақындығының бір қыры мысал жанрынан да көрінеді. Ақынның «Түлкі мен сауысқан» атты мысалы көпке белгілі. Мысалдың негізгі сюжеті Крыловтың «Қарға мен түлкі» атты мысалына ұқсас. Ерекшелігі – түлкіден алданған сауысқан кейіннен түлкіні алдап қасқырдың апанына бастап апарып, соған жем қылады. Мұндағы идея – «біреуге қиянат жасама, өз басына келеді» немесе «біреуге ор қазба, өзін түссейн», – деген тұжырым.

Ақын шығармашылығы идеясының өткірлігімен, тақырыбының тереңдігімен ғана емес, көркемдігімен құнды. Оның бейнелеп ойлау қасиеті жұмбақ өлеңдерінен айқын көрінеді. Алтыбас Бекентай деген ақынға ол мынадай жұмбақ айтады:

Құдайым мұндай өнер берген оған,  
Мәнзалың мекен еткен лайлаған.  
Бері мініп, ешкі ертіп бір сағым зат,  
Келеді есек өнгеріп, түйе айдаған.

Қарсыласы бұл жұмбақтың шешімін таба алмайды да, Сейдахмет жауабын өзі айтады:

Қоянның құлағы еді мысалы есек,  
Ерінін түйе ерніне қылдым есеп.  
Төрт аяғы бөрінің аяғындай,  
Құйрығын ұялмаймыз ешкі десек.

Содан соң екінші жұмбағын ұсынады:

Ағанда толып жатыр әр түрлі өнер,  
Мұны шеш дана болсаң сөзге шебер.  
Бір тыным мұны тапсаң алар едің,  
Бір нәрсе судан туып, судан өлер.

Бұған қарсыласы былай жауап қайырады:

Сөз шықпас жан киналмай ауыз беріктен,  
Таппасаң бұл жұмбақты болады өкпен.  
Су құйып егін ексе, бітік дақыл  
Қала ма бір күн соққан қыркүйектен.

Алайда оның бұл шешімі дұрыс болмай, Сейдахмет жұмбақтың шешімін өзі айтқан екен:

Бекентай жақсы айтасың мына кепті,  
Не дейін, айта берсем сөзім көп-ті.  
Судан туып, судан өлген тұз емес пе,  
Егінге неге салдың қыркүйекті?

Сейдахмет ақын қарасөзге де шешен, тапқыр. Оның айтып шығуы жөніндегі көптеген әңгімелер ел ішінде әлі күнге дейін айтылып келеді. Оның мұрасы тәуелсіздік жылдарында байсалды зерттеле басталды.

**Есенжол Жанұзақұлы (1845 ж.)** – бұрынғы Торғай уезі, Аққұм болысында дүниеге келген. Ел аузында «Ахметке домбыра үйреткен Есенжол ақын», – деген сөз бар. Есенжол – ақындықпен қатар күйшілік, сазгерлік өнерді де меңгерген үлкен өнер иесі. Оның «Он екі үйрек» әні Затаевичтің «Қазақтың 1000 әні» жинағында жарияланған. Есенжолдың бүгінге жеткен бірнеше өлеңдері мен дастан-шежіресі бар. Өлеңдері мазмұндылығымен, көркемдігімен және төрт буынды мығым ұйқасымен ерекшеленеді. Өз заманындағы белді ақын болғандығын Тұрмағанбет Ізтілеуовтың мына өлеңінен аңғарамыз:

... Есенжол ақын екен таптырмайтын,  
Кері ұйқас, кесір сөзді жақтырмайтын.  
Сұмырай, залым да емес жасырынып,  
Жүректен жүлде бермес бақты ұрлайтын.

Жастарға жол берейік, Қанапия,  
Үлкеннің шын үлкендік қалпын біліп,<sup>7</sup> –

деп тоқтатқан екен.

Есенжол ақын өленді киелі өнер деп танып, қадірлеп өткен. Ол өленді, Абай айтқандай, «бөтен сөзбен былғамауға» тырысады. Оның төрт аяғын басқан жорға өлендерінен артық-ауыс сөзді кездестірмейсіз.

Тербесе домбыраны он бармағым,

Оралар ақ қазаға толғанғаным.

Шығатын кер ауыздан кесір сөзді,

Өленді өлтірер деп қолданбадым, –

дейді ақын тіл туралы өленінде. Ақын өленге өте биік талап қойып, оның тілінің көркем болуы, бөтен сөзбен шұбарланбауы қажеттігін айтады. Осы арқылы тіл проблемасын қозғайды.

XIX ғасырдың екінші жартысында діни-ағартушылық бағыттағы ақындардың идеялық бағытына сәйкес тілдерінде араб-парсы сөздерін көп қолдану жиі ұшырады. Бұл жайлы С. Торайғыров 1913 жылы жазған «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» деп аталатын мақаласында: «Қазақ тілінде деп бастырылған кітаптардың көбінде қазақтың иісі де жоқ... тілдері бытбырақ»<sup>8</sup>, – деп қатты сынға алған.

Осы мәселеге өз тұрғыластарының арасынан алғашқылардың бірі болып тіл қатқан – Есенжол ақын. Жоғарыдағы өленінде ақын мына жайттарды қадап айтады: біріншіден, тіл – ұлттық сипаттың басты белгісі; екіншіден, өз тілін білмеу – өліммен тең; үшіншіден, шұбар тіл өленнің мәнісін кетіріп, «өленді өлтіреді»; төртіншіден, өленді өзге тілмен келсін-келмесін, оңды-солды шұбарлау білімділіктің белгісі емес.

Аузыма бал татыған ана тілім,  
Сондықтан қазақ болып жаратылдым.  
Құдай бір, құран шынды қазақша айттым,  
Арабтың оқысам да санатын мын.

Білімнің тілден тарар сабағы да,

Қызығы, желісі мен сағағы да.

Өз тілін білмеу өлім тірі аламға,

Жүрген соң екі аяқты санағында.

<sup>7</sup> Сонда, 17-б.

<sup>8</sup> Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. А., 1986. 195-б.

Дәріптеп өзін-өзі сүйремеген,  
Кедейлік құрсауына күйремеген.  
Күншілдің ісін істеп күнкілменен,  
Озғанның өнменінен түйремеген.

Қалыптан қана деген аспайды екен,  
Сөйлесе түйдек-түйдек гастайды екен.  
Кеудесі күмбірлеген алтын сандық,  
Болса да көп мақтанға баспайды екен.

Бесікке өленменен жөргектелген,  
Халқынан құрмет көріп төрлеп келген.  
Дәл мұндай сом ұйқас пен сазды әуенді,  
Әзірге көргенім жоқ жер-көктен мен<sup>5</sup>.

Халық ақыны Нұрхан Ахметбековтің анасы Әбіштің жас кезінде Қостанай төңірегіндегі айтулы ақындардың бірі Басықараның Қанапиясымен айтысында:

... Сүймеймін текіректі, жортақыны,  
Торғайдың көтерген соң төрт ақыны...<sup>6</sup> –

дегендегі төрт ақын Жұмабай Шалабайұлы, Сейдахмет Бейсенұлы, Есенжол Жанұзақұлы және Әбіқай Нұрғатаұлы болса керек. Әбіш пен Қанапия айтысына сол Есенжол ақын төрелік айтқан екен. Айтысты талдай келе, Әбішке:

Өнердің қалқып алар қаймағы бол,  
Қуанды-ау, елін, жұртың, аймағың бол.  
Ортада аман жүрші, айналайын,  
Торғайдың үклеген тайлағы бол, –

деп батасын беріп Қанапияны:

... Жерім жоқ өнеріне өкпелеген,  
Ақын ең көк несердей текпелеген.  
Жер түтігіп Қанапия айғайымен,  
Ұшатын қанат байлап көкке де өлен.

Алпыс жас арқандаған алқындырып,  
Өленің танытпады тартымдылық.

<sup>5</sup> Сонда, 24-б.

<sup>6</sup> Сонда, 16-б.

Бұл жолдар сонымен бірге акынның өленді жазып шығарғандығын, «арабтың мың санатын оқығандығын», яғни ескіше діни сауатты болғандығын да аңғарамыз. Акын тағы бір өлеңінде елең туралы былай деп тұжырым жасайды:

... Кеудемен кейбір акын көк тіреген,  
Шарлайды жерді қойып көкті кілең.  
Өленге табан тірер көкте орын жоқ,  
Шамасы жердегі өлең отты білем.

Өлең әдебиеттің кене жанры ғана емес, «көсем жанры». Сондықтан да Есенжол акын екі ауыз сөздің басын қосып, «кеудесімен көк тіреген, жерді қойып көкті шарлаған» акынсымақтарға қарсы. Оның ұғымында акындық міндеттің аясы кең. Акынның азаматтық асыл мұраты, асқақ мақсаты, қоғам мен адам, уақыт пен мораль, адамдық пен надандық, парасат пен кесепат туралы ордалы ойлары соған жатады. Азаматтық пен адамгершіліктің биігінде тұрған акын ғана халқына қаламмен қызмет ету міндетін асқаралы мақсат етіп қояды.

Есенжол акынның өлеңдерінен ұйқасқа қатты мән беріп қарайтындығы байқалады. Төрт буынды ұйқас – сол кезеңдегі қазақ акындарынан өте сирек кездесетін ерекшелік. Есенжол өлеңдерінің ұйқасы төрт аяғы тең ұйқас. Бұл дәстүр Торғай акындық мектебінің Жұмабай, Әбіқай, Әбдірахман, Сейдахмет, т.б. акындарына тән дәстүр.

Есенжол өз ұстазы уақ Жұмабай акынды, замандасы Сейдахмет акынды қатты қадірлеген.

Өзі кедейлік, жоқшылық тақсиретін көп тартқан адам. Сол себепті де оның өлеңдерінің бір парасы осы тақырыпқа арналған.

... Сездірмей келдім пендеге,  
Қанатымның талғанын.  
Жүрегімің жанғанын,  
Түңдей өмір түрмесі,  
Талантымды жалмалын.  
Шығармасқа үнімді,  
Жұтқыздың жоқтық қармағын,  
Көсіліп шаба алмадым.  
Жұртпен бірге жазылып,  
Ойын-тойға бармадым.  
Иыққа салдың именбей,  
Дүниенің салмағын.  
Тістеумен келді Есенжол,  
Қанатып күнде бармағын.

Секемді сезім жеткізді,  
Қоршауға мені алғанын,  
Өкініші болды өзекте,  
Түнекте түңдей қалғаным, —  
деп қайғырған акын 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті қуана қарсы алады.

Күтіп едім осындай,  
Ұлы дүбір боларын.  
Түйдек жырды төгейін,  
Жауға шапқан қосылдай,  
Тілегі бір бауырмен,  
Басым бүгін қосылды-ай  
Бас батыр мені қолтыққа ал,  
Езілген Еділ-Қапал ем,  
Тендікке жүрген қосылмай, —

деп тебіренеді. Есенжол шығармалары 11 буынды кара өлең үлгісінде ғана емес, 7-8 буынды жыр үлгісімен де айшықты. 11 буынды өлеңде акынның тереңдігі мен сыршыл суреткерлігі танылса, жыр үлгісінде небір көркемдеуіш-бейнелеуіш бояуларды түйдек-түйдегімен тастайтын эпикалық қуаты көрінеді.

Өзі өмір сүрген дәуірдегі саяси-әлеуметтік мәселелер, қараңғылық, пайдакүнемдік, жағымпаздық, паракорлық сияқты жат мінез құлықтар акын қаламынан тысқары қалмаған. Оның дидактикалық сарында жазған насихат термесінде осы жайлар сөз болады. Қараңғылық тұманын серліп, «ұйқыннан тұр», — деп елін оятқысы келеді. Бұл дәстүр кейіннен Ахмет Байтұрсынұлының «Масасы» мен Міржақып Дулатұлының «Оян, қазағында» жалғасын тауып, түрленіп, кенейе түсті.

**Жүсіпбек Шайхисламұлы Айтқожин [1857-1937]** — ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетін ұштастыра отырып, соңында мол мұра қалдырған айтулы қазақ акындарының бірі. Ол ел аузында сақталған талай жыр, дастандарды хатқа түсіріп, бастырып немесе сол жинаған материалдары негізінде жыршылар репертуарына игі әсерін тиізіп отырған.

Жүсіпбек Әулиеата (Тараз) қаласының маңында дүниеге келіп, ұзақ жылдар қазіргі Алматы облысы Райымбек ауданының аумағын мекендейді. Кейін отызыншы жылдардағы саясаттың салдарынан Қытай Халық Республикасындағы Іле қазақ автономиялы облысының Текес ауданына қоныс аударып, сол жақта қайтыс болады.

Ол алғашында ауыл молдасынан сауаттанып, кейін Әулиеата

медресесінде білімін толықтырады. Осы оқу орнында араб, парсы тілдерін меңгеріп, шағатай жазуына машықтаналы. Оқудан кейін дін қызметіне қызықпай, ақындық, серілік жолға түсіп, қазақтың сайын даласын шарлауға бел буады. Сыр сүлейлерімен, Сарыарқа мен Жетісудың әйгілі ақын-жыршыларымен жүздесіп, халықтың рухани мұраларын жиыстырумен шұғылданады.

Ж.Шайхисламұлы XIX ғасырдың 90 жылдарынан бастап Қазан, Уфа, Ташкент баспаханаларында қазақ ауыз әдебиеті нұсқаларын, Шығыс сюжетіндегі қисса-дастандарды бастырып шығаруды қолға алады. Қазақ кітаптарының тарихына көз жіберсек, мың тоғыз жүзінші жылдардың бас кезінде “Қыз Жібек” дастаны жеті рет, “Айман-Шолпан бес мәрте”, “Аламыс”, “Кенесары-Наурызбай” секілді төл жыр-дастандар, “Біржан мен Сара” айтысы оның тарапынан әлденеше рет қайта бастырылып отырғаны мәлім. “Жүсіп-Зылиха”, “Мұңлық-Зарлық”, “Тотының тоқсан тарауы”, “Қасым-Жомарт”, “Шәкір-Шәкірат” сияқты Шығыс сюжетіне құрылған дастандардың жарыққа шығуына мұрындық болған да – осы Жүсіпбек. Мұнан басқа “Пайғамбардың мигража барғаны”, “Кербаланың шөлі”, “Дариға қыз”, т.б. ондаған діни дастандарды жырлап, халқының рухани игілігіне айналдырды.

Жүсіпбек 1880 жылы шамасында қазіргі Алматы облысы, Райымбек ауданындағы Ақсай деген жерге көшіп келіп, тұрақтап қалады. Албан, бұғы (қырғыз) елдерінде бала оқытып, кітап бастырумен шұғылданады. Шайхисламұлының ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, бастырумен қатар өлең, жырды жазып та, суырып салып та айтатын ақын болғаны мәлім. Оның Уәзипа [Шөкей] қызбен, Жалайыр Бактыбай ақынмен айтыстары ғана сақталып қалған. “Жүсіпбек қожа мен Шөкей қыздың айтысқаны” XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас шенінде жеке кітап болып басылып, кейін “Айтыс” жинағына енгізілген<sup>9</sup>.

Бұл сайыс замандастар арасындағы зілсіз әзіл-қалжың, қалтығыс түрінде басталады да, бара-бара мазмұны тереңдеп, жұмбақ айтысқа ұштасып кетеді. Екі ақынның да сауаттылығы дін тарихын, қоршаған орта мен табиғат құбылыстарының сырын ашып жауаптасуында анық байқалады. Айтыс дәстүріне сай жұмбақ жасырушы қыз да, жауап беру міндеті – жігітте.

Ілгергі-бергі “Қабан мен Тауған”, “Қыз Болық пен Елентай”, “Ақлама мен Асан”, “Әсет пен Рысжан”, “Иманжан мен Бибіғали қыз”, т.б. ондаған айтыстарда осы дәстүр үзілмей келген. Жүсіпбекті дін тарихынан жыға алмасын сезген қыз, енді шексіз теңіз тұңғығындағы балық түрлерін сұрап тығырыққа тірекек болады.

<sup>9</sup> Айтыс. 1-т., – А., 1964. 430-б.

Қырық кез оқ, карағай салақ, сары жалық,  
Жолына қол аттанса салар салық.  
Алдына ақын болсаң сала айттайын,  
Бар екен су түбінде неше балық?

Жүсіпбектің бұған қайтарған, мәнді жауаптарынан кейін Шөкей қыз тоқталып, қарсыласының жолын береді. Мұндағы айтыстың басты ерекшелігі – қыз бен жігіт арасындағы табиғи жарасымдылық, білім жарыстырып, ой толықтыру әрі тыңдарман көпшілікке дін жолын насихаттау сияқты имандылық сипаттарында жатқаны.

Ж.Шайхисламұлының бізге жеткен бір топ өлеңдерінің мазмұны ғибрат, өнегеге толы. Атап айтқанда, К.Толыбаев жеткізген “Адамзат дүние қуып қартаяды”, “Біреумен уағда етсен, серттен қайтпа”, “Көңілдің айтпай кірі ашыла ма...”, “Отырмын бір орында құр мұнайып”<sup>10</sup>, “Жетпіс бес”<sup>11</sup> т.б. толғаулары адалдыққа, адамгершілікке, имандылыққа үндейді.

Жүсіпбек бірқатар жыр, туындыларын тәрбиелік мәні зор мысал жанрында жазған. Бұл ретте, “Бөрібасар” дастаны мен “Көк бұзау”, “Сұрмерген”<sup>12</sup> тәрізді өлеңдерін атаған жөн. Көрсетілген туындыларында ақын хайуанаттар бейнесі арқылы адамдарды кішіпейлдікке, ел ішін береке-бірлік пен ынтымаққа шақырады.

XX ғасырдың бас кезінде мысал тақырыбына ден қойған А.Байтұрсынов, С.Дөнентаев, С.Көбеев, тәрізді қаламгерлер сапында Жүсіпбек қожа есімін де атауға негіз бар. Оның мұраларын кен көлемде зерттеуге енді ғана жол ашылды. Демек, Ж.Шайхисламұлы есімі қазақ әдебиеті тарихының XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы кезеңінде өзіне тиесілі орнын иемденуі әбден орынды.

Мүрсәлім Бектенұлы (1859-1922) – ел тәуелсіздігімен бірге халық жанында жаңғырып, қайта аталған ақындардың бірі – Мүрсәлім Бектенұлы.

Мүрсәлім Бектенұлы бұрынғы Семей облысы, Ақсуат ауданында туған. Жас кезінен ел ішіндегі суырып салма ақын-жыраулардың шығармаларын жаттап өскен ол өз бетімен білім алуға күшін салады. Ауыл мектебінен алғаш сауатын ашқаннан кейін Омбы қаласында орыс мектебінде білім алған.

<sup>10</sup> Шайхисламұлы Жүсіпбек қожа. Топтама өлеңдері // Шақар, 1991, 28 кантар.

<sup>11</sup> А. Кірімбаев. Қазақ әдебиеті тарихынан таңдамалы үзінділер. 2-т., Үрімжі, 1989, 685-б.

<sup>12</sup> Жүсіпбек қожа. Көк бұзау // Мұра. Үрімжі, 1990, №2.

Мүрсәлім Бектенұлының “1916 жыл” деп аталатын дастаны — жанрлық жағынан өзгеше өріммен жазылған дүние. Онда автор ел басына күн туған қайғылы кезеңнің зардабы көңіл көзімен қайта бір шолып, таразылауға тырысқан. Шығарманың лирикалық қаһарманы — осы дүрбеленнің бел ортасында жүріп, орыс ұлықтарының тепкісінен өзге елге жер ауып кеткен жан. Ол бұл өрт қалай шықты, қайдан шықты деген сұрақтарға жауап іздей отырып, сергелденге түскен елдің мұң-мұқтажын жан тебіренте жырлайды. Дастанда ақын өзі қонған жер туралы мәлімет бере отырып, артында қалған туған жердің сұлу суретін көзіне елестетіп әсем пейзаж жасайды.

Саласы Жыландының өңшең қайнар,  
Таласып бәйге беріп, көкпар байлар,  
Есімде Ұзынбұлақ төрт бастауы,  
Күн қайда соған барып күліп ойнар.

Қалың ел аю-қабан еспе жайлар,  
Ат бойы шалғын төсек аунап тайлар,  
Ой тарлау қыр бетеге, ақтық қалың,  
Отырар сол қоныста жарлы, байлар.

немесе:

Қонушы ек олан кейін Қабан шатқа,  
Жал бігер сегіз күнде арық атқа. —

деп, әр жердің өзіне тән ерекшелігін, сайын даланы еркін жайлаған ел тұрмысын, сол өмірге сән беріп салғанағ тартқан сахара жердің сұлу да құнарлы табиғатын тамсана толғанады.

Жер байлығы елдің ырысын арттырған айрықша еркін өмірдің бүкіл суреті мына бір жолдарда айқындала көрінеді.

Бір жағы жатушы еді Ертіс болып  
Жарқылдай дала құдық, көлге қонып.  
Аралас үш Назардың барлық малы,  
Бірінен көрген емес бірі қорып.  
Қалың мал он бес күнде қояр сорып,  
Өрістен алған емес ұры торып.  
Айында малын әрең түгендеуші ек,  
Нобайын қоюшы елік сыртан шолып.

Бұл өлең жолдары — Мүрсәлімнің думанды күндерінде жарлы мен бай тенелген бейбіт өмірдің шындығы.

Елге жайлы ата қоныстың өзге қырлары да Мүрсәлім өлеңдерінен жиі ұшырасады. Қазақстанның ең суық өлкесі — осы

шығыс өңірі десең, Мүрсәлім өлеңінде кездесетін мына бір шумак астарында басқаша ой суреті жатыр:

Жылытау, Сарытауда қыс болмайтын,  
От жағып шаңырағы ыс болмайтын.  
Сарыбұлақ, Сылдырама — жердің құты,  
Келейге қоныс қылған теріс болмайтын.

Міне, осындай бірлігі жарасқан, тірлігі тоқ мамыражай халықтың берекесін қашырып тоз-тоз еткен заман дауылына, бүлікшілер қауымына мұң-наласын туған елі мен жеріне дұғай сәлем ретінде жеткізетін дастанның ішінде өзекті өртер өкініш пен сайран күндерінің сағым боп алыстаған сағынышын сипаттай келтіретін жолдар аз емес.

Мазмұны терең, мәні бөлек Мүрсәлім дастанының тіл көркемдігі, сөз айшықтылығы өз алдына бір бөлек дүниелер. Азаматтың алыстан жолдаған сәлеміндей бұл сөз туындысында соны суреттер, тосын тенеулер, әдемі шендестірулер мол. Дастанның жалпы мазмұны халық басына туған ауыр күн, азапты кезең жайында болғандықтан, ақын қолданатын тенеулер осынау қиын да қысталған шақтың көрінісін көз алдына әкелетін суретті сөзге, мұңды образға бейімделіп келеді.

“Қаптаған қарсы жүрдік қалың өртке” ...  
“Жығылды алтын тұғыр құс қонарға” ...  
“Опасыз алшандатқан сұм жағанды” ...  
“Жау алған қызыл тілмен көп жорғалап” ...  
“Аман жүр көріскенше есіл жұртым” ...

Заман мен адамның сын сәттерде тайталасқан тартысқа толы ортасында олардың мын құбылған кейпін ақын қаламы ұтымды метафоралармен, бейнелі тенеулермен дәл сипаттап бере алуы да ақындық шеберлікті танытады.

“... Біз — шыбын екі нардан арасында...”  
“... Құлады алдымдағы бәйтерегім...”

Ақын өлеңінің ішінде ел құлағына сіністі болған тұрақты тіркестер, қалыпты орамдар өлең ұйқасына, ой мақсатына қарай орынды кіріктіріліп, сөз мағынасын тереңдетуге септесіп келеді.

“... Бал тамған тандайымнан сүт сорғалап”  
“... Емес пе бұл жақын сол қоныстан”

“...Ілімді ай-қулақтар құрған ауға”  
 “...Сары дала төңірегі көз жетпеген”.

Мүрсәлім Бектенұлының ел ішінде сақталған түрлі тақырыптағы өлеңдері де мол. Олардың бірі туған жер, бірлік, заман құбылысы, арнау өлеңдері болып келсе, енді бірі ақынның түрлі өмір жағдайларында туған қалжың, жұмбақ, өтірік өлең сипатындағы қысқаша шумақтардан тұрады. Біз олардың бөріні жинақтап, мәтіндік талдау жасау қажеттігін айта отырып, оның болашақта жасаларына сенеміз. Өйткені, Мүрсәлім өлеңдерінің өнегелік сипаты оның тек үгіт, насихат, даналық нақыл түрінде ғана айтылмай, ең бастысы ердің егімінен су кешкен, атының ауыздығымен су ішкен зобалаң күндерді өз басынан өткізе жүріп, оның бар қиындығын жүрегімен сезініп, сол сезімдерін жырға өре білуінде деп санаймыз.

**Иманжүсіп Құтпанұлы (1863–1929)** — казак даласының XIX ғасырдың ақырғы ширегі мен XX ғасыр басындағы әлеуметтік ахуалын жырлаған ақын.

Иманжүсіп Құтпанұлы қазіргі Павлодар облысының Ақсу ауданында 1863 жылы дүниеге келген. Ақынның әкесі — Құтпан өз еңбегімен мал жинаған, шаруақор ауқатты адам болған. Құтпанның өз басы қасында да, оның өнерпаз ұлы Иманжүсіп жайында да бірсыпыра мағлұмат берер деректер әртүрлі авторлардың зерттеу материалдарында, әр жылдар баспа бетін көрген естеліктерінде кездесіп отырады<sup>13</sup>.

Ақынның туған жері Керекү өлкесі болғанмен, балалық, жігіттік шағы өткен өңірі — Ақмола (Қараөткел) аймағы. Болашақ ақынның білім алған ортасы да — осы өңір. Ол сол кездегі түсінік-таным бойынша біраз сауатты болған. Шоңай дейтін ағасы оны Ақмоладағы казак мектебіне оқуға берген. Тумысынан зерек, ұғымды шәкірт ол мектепте тек жақсы оқып, кейін өз үйінде үш жылдай орыс мұғалімін жалдап, одан да бірсыпыра білім алған.

Иманжүсіптің Ақмоланың шығысында, Есіл өзенінің Күйгенжар бойында еткен оның ауылын сол төңірікке ертеден тырнағы бағып келе жатқан Ыбырайдың баласы Рахымжан билейтін-ді. Тумысынан өркөкірек, текаппар болыспен тендік тимегендердің жоғын жоқтап, арын арлайтын Иманжүсіптің арасында қайшылық тумай қоймайтыны заңды еді.

<sup>13</sup> ҚСЭ А. 1974. 663-б.; Ә. Тәжібаев. Бес томдық шығармалар жинағы. А., 1981. 5-т. 510-512-б.; Ғ. Сланов. Алты томдық шығармалар жинағы. А., 1981. 4-т. 449-450-б. Сәрсенбаев. Иманжүсіп атымды хатқа жаздым. “Қазақ әдебиеті” газеті. 1985. 5-шілде; Ә. Қолыратбаев. Иманжүсіптің өмір тарихынан бірер дерек // “Коммунизм нұры” газеті. 1985. 17-қаңтар.

Ел ішінде сақталған әңгімелерге қарағанда, уақыт өте келе Рахымжан мен Иманжүсіптің арасы қатты шиеленіседі. Болыс ақынның үстінен үйезге арыз түсіреді. Ұлық Иманжүсіпті ұстап әкеліп, түрмеге жабуға пәрмен етеді. Мұны естіген тездетіп Иманжүсіпке поштабайын аттандырады. Ол ақыннан таяқ жеп кері оралады. Мұнан кейін Иманжүсіпті тұтқындау үшін Рахымжан үйезден кісі сұратып, ол төрт адамын шығарады. Бесінші болып, болыстың шабарманы ереді. Бұлар келген бетте сыртта отырған Иманжүсіпке тарла бас салады. Ақын оларды жан-жаққа лақтырып, қол-аяқтарын байлап, бірнеше күн тамақсыз ұстап, ақыры дүрелеп-дүрелеп, «Рахымжан мен үйезіне сөлем айта барындар» деп аттандырып салады. Көп ұзамай үйез бастығының бұйрығы мен қарулы қол шығалды... Иманжүсіп олармен де айқасады. Бірақ, Иманжүсіп ақырын ойлап, үйез кенсесіне өз аяғымен барады. Әкімдер оны әуелі түрмеге жауып, кейін екі ағасымен бірге бес жылға Өскеменге жер аударалды.

Әрине, ел арасында ауызша сақталған бұл әңгімедегі халықтың сүйікті перзентінің істеген істерінің егтеп көтерілкі айтылуы өбден мүмкін. Олай болуы заңды да. Әйтсе де бұл жерде бір нәрсенің негізі анық: батыр Рахымжан болыспен де, оның сүйеншісі Ақмола үйезінің бастығымен де аз шарпыспаған. Оған ақынның түрмеде жатқанда айтқан мына сөздері куә:

Әкем Құтпан болғанда ағам Шоңай,  
 Адамзаттан ұл тумас мендей құмай.  
 Кісімісінген поштабай, ауылнайды  
 Бақыртушы ем кезінде лактан оңай.

... Күнім қайда баяғы тандай атқан,  
 Қараөткелдің көшесін сатырлатқан.  
 Бидайықтай шүйілсем душпаньма,  
 Жарқанаттай болатын бұғып жатқан.

Өңшен бұйра шалқұйрық қызыл нардан,  
 Асыл тұқым алдырдым Қызылжардан.  
 Таң мезгілі болғанда өлендетіп  
 Ауылына мұндар естек ойран салғам, —

деген өлеңіне қарағанда, ақынның жауынан жасқануды білмеген, дұшпандарын жарқанатша бүктыртқан азамағ екенін байқаймыз.

Қысқасы, Иманжүсіптің Ақмоладан Өскеменге жер аударылуы ақиқат. Бұл жайды ақын туралы «Шынардың шыбығы» атты роман жазған Зейтін Ақышев Омбы мұражайында сақталған Иманжүсіптің әйелі Зейнептің күйеуін босату жөнінде 1898 жылы

бастықтарға берген өтініштері арқылы дәлелдейді. Ақынның өзі ол турасында:

Ауылым Ақмоланың саласында,  
Ақмола екі дуан арасында.  
Жүз жылқы, сексен тайлақ берген жарым,  
Жәудіреп екі көзін қаласың да.

Ауылым ерте көшіп, Жамбай қонды,  
Білгенге Иманжүсіп қандай болды?!  
Қоңырсық деп ішпеуші ем қойдың сүтін,  
Түрменің кара наны балдай болды...

Мен жеріме бұл күнде қайта барсам,  
Болыс естек ауылына ойран салсам, –

деп толғанады. Түрмеден шығып, еркіндікте жүргенінде туған жерлерін сағынып еске алғандағы өлеңдері де әсерлі:

Бұғылы мен Тағылы бүркіт салған,  
Қып-қызыл ұйпалақтап, түлкіні алған.  
Ақтау, Ортау, Сарысу, Көктің күбі,  
Көзімнен бір-бір ұшты дүние жалған.

Ішім түгін болғанда, құр сыртым сау,  
Маған десең көз жасым жаңбыр боп жау.  
Бүркіт салып шығайын басыңа бір,  
Көріңсенші көзіме, Ерейментау!

Иманжүсіптің Рахымжан және сол тектес «шынжыр балақ, шұбар төстермен» күресі өте ұзаққа созылған. Ақынның Өскеменнен оралған кейін де қазіргі Талдықорғанның маңайына үш жылға жер аударылғандығы да осының айғағы. Ол одан 1907 жылы ғана оралған. (Бір мәліметте Иманжүсіптің тек өз басы ғана емес, күллі Құптановтар әулеті 1914 жылы Лепсі уезіне жер аударылады). Жазушы З.Ақышев пен О.Сәрсенбаевтардың айтуынша, Иманжүсіпті бұл жолы онымен дос болып, жүретін Мәтінің Шәрбіі деген бай кісі аннан қайтып келе жатқан бетінде үйіне қондырып, қарулы қолға ұстап берген. Демек, бұл жолы ақын жауларымен қару жұмсап айқаса алмай, қапыла кеткен. Тегінде онын:

Япырым-ау, нем бар елі көлге барып,  
Душпаннан кек алмадым сайран салып.

Барамын ішқуса боп амал бар ма,  
Көкмойын ат, ақсауыт, үйде қалып...

Ер емес, қатын екен болыс Шәріп,  
Мен болдым осы күнде тірі ғаріп.  
Бір арыз гүбірнауға жіберіп ем,  
Білмеймін не боларын арты барып.

Жапалақ жарбандайды жар басында,  
Немене жоқтың күні бар қасында.  
Дос болып қас болғаннан сақта құдай,  
Қасқыр да қас қылмайды жолдасына, –

дейтін өлең жолдарын осы оқиғаға байланысты айтылған деп ойлауға әбден негіз бар.

Иманжүсіпті Өскеменде өткізген бес жыл да, Қапалада болған үш жыл да қажыға алмаған. Ол соңғы жер аударылған жақтан келгеннен кейін де қасына көп жігіт ертіп Рахымжанға қарсы күреседі. Бес жүз үйді бастап Жилелбайсына көшпек болады. Ел еретін болады. Бірақ сол аралықта уез бастығының пәрменімен бас көтерер азаматтар түрмеге жаптырыла бастайды. Дүрбелеңге түскен жұрт абдырап қалады. Батыр ақыры өз үйін алып Сыр бойына көшеді.

Сол жақта жүріп ол Қазан төңкерісін қарсы алған. 1929 жылы Сыр өңіріне Арқа бетінен тұқымдық астық әкелуге кеткен керуенді бастап жүріп, Мойынқұмда қарақшылар қолынан қаза тапқанда оның отбасы Шиеліде болған.

Иманжүсіп өзінің көзі тірісінде халыққа соншалықты мәшһүр бола тұрып, өлеңдерінің жеке кітабын шығаруды мақсат етпеген. Бәлкім, оған өмірінің дені қуғын-сүргінмен өткен жанның мүмкіндігі де болмаған шығар. Әйтеуір, кітабы шықпаған (1925 ж. А. Затаевичтің «Қазақтың 1000 әні» кітабына енген азғана өңдерінен өзгелері).

Иманжүсіп – әнші-композиторлығы мен ақындығы астасып жататын сирек өнердің иесі. Оның үстіне ол айдауды, түрмені, неше түрлі қуғын-сүргінді көп көрген кісі. Бірақ, соған қарамастан оны дұшпандары мұқатып, мойыпта алмаған. Ол – тарихи күрескер тұлға. Оның әдебиет тарихындағы шығармашылық кескіні осы қасиеті арқылы айқындалады.

Ақынның батырға тән небір жойқын қылықтары мен композитор ретіндегі еларасына кеңінен тарап кеткен әуезді өңдері қазақ әдебиетінің классигі, жалынды ақын Сәкен Сейфуллиннің өзін тәнті еткен. 1927 жылы Қазақстанның сол кездегі астанасы Қызылорда қаласында Қазан төңкерісінің он жылдығына қызу



түлікке тәуелді қазақ, қырғыз тағы да таяқ ұстап қалады. Сондағы көріністі Асан ақын былай жырлайды:

Күн тұтылып күзінде,  
Айларлы жұлдыз көрінді.  
Доңыз жылғы әлемет,  
Қағазға жаздым бес күнді.

Бес әлемет көрінді  
Сапар айлын ішінде.  
Күндіз болды үшеуі  
Екеуі болды кешінде.  
Сапардың алты жанасы  
Күн тұтылды бесінде.  
Жер тебіренді тағы да  
Жиырма сегіз кешінде  
Жиырмасында тамыздың  
Үсік алды астықты.

Бұларды көріп тұрса да  
Залымдар салды кесірлі.  
Үлкен-кіші жамағат,  
Үш жылда болған істердің  
Жазыпты бәрін десін де...<sup>16</sup>

Асан толғауындағы мәліметтер 1911 жылы Іле Алағатуы бөктерінде, Верный қаласында болған алапат зізалананы да нақтылай түседі<sup>17</sup>.

Ақынның бірсыпыра шығармалары өз заманының әлеуметтік тіршілігін суреттеуге, ақ патшаның отарлау саясаты зардабынан шұрайлы қонысынан айрылған елдің мұң-зарын жырлауға арналады. Орыс патшасының отарлық шеңберіне қазақ, қырғыздан соңғы қамтылған албан, бұғы рулары еді. Шәуешек (1864), Пекин (1886) хаттамалары негізінде қол қойылған Петербург келісіміне байланысты қазақ-қытай арасындағы шекара сызығы ғасырлар бойы тұтасып жатқан қазақ жерін екі бөліп жіберді. Туған жер, ата жұрты мен мал-жаны екі алпауыт елдің меншігіне айналды. Аласурған момын халықты қазақ-орыстың жалаң қылышы мен қытай мылтығының пысы басты.

Оның үстіне Г.А. Колпаковскийдің ұсынысымен жасалған “Жетісуда шаруаларды қоныстандыру туралы” ереже негізінде 1891

<sup>16</sup> Сонда, 51-52-б.б.

<sup>17</sup> Жетісуда жер тітіркенуі жөнінде // “Айқап” журналы. А., 1995, 289-б.

дайындық жүріп жатқан тұстарда дауылпаз жырлардың авторы Сәкен Сейфуллин Иманжүсіппен талай рет дидарласқан. Ол сонда қарт ақынның өткен өмір жолынан сыр суыртпақтай отырып, бүгінгі таңда, жаңа дәуірде оған қандай тақырыптарды жырлау керектігін аңғартып біраз кенестер берген. Сонымен қатар С. Сейфуллин осы жолы онымен жақынырақ таныса келе ол жөнінде үлкен туынды жазуды мақсат етеді. Сол ниетпен біраз материалдар жинайды. Бірақ, революция дауылпазының Иманжүсіп қақында ойға алған шығармаларының кейінгі жайы белгісіз.

Иманжүсіп тектес өнерлілер жайында көркем шығармалардың жазылуы заңды да керекті жай. Республикамыздың қарт каламгерлерінің бірі – жазушы Зейтін Ақышев ол туралы «Шынардың шыбығы» атты роман жазғаны жоғарыда айтылды. Ақын Кеншілік Мырзабеков «Иманжүсіп» аталатын поэма жариялады<sup>14</sup>. Бұлардың қай-қайсысы да әнші-ақынның әдеби-көркем бейнесін жасау арқылы оның өмірі мен шығармашылығын халыққа таныту мақсатында жүзеге асқан ізгі қаламдардың бастамасы екендігі сөзсіз.

Иманжүсіптен бізге жеткен мұра әзірше көп емес. Бірақ ерекше дарынды тұлғаның табиғатын тану үшін осының өзі де жеткілікті. Күндердің күнінде оның басқа туындылары да ел игілігіне қосылып, халықтың рухани байлығын толықтыра түсер деп үміттенеміз.

**Асан Барманбекұлы (1866-1916)** Жетісудың оңтүстік-шығыс өңірінде жапсарлас жатқан қазақ, қырғыз арасында бала оқытқан молда, дарынды ақын, табиғат құбылыстарын дәл анықтайтын болжампаз жұлдызшы ретінде танылған. Ол қазіргі Алматы облысы, Райымбек ауданына қарасты Қақпақ ауылының маңында дүниеге келіп, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қарсаңында дүние салған.

Алғашында ауыл молдасынан тіл сындырған Асан 1875 жылы шамасында Бұхара қаласына барып, сондағы діни оқу орындардың бірінен тәлім алады. Араб, парсы тілдерін меңгеріп, өздігінен орысша үйренеді. І. Жансүгірұлы зерттеуінде 1911-1915 жылдар ішінде ақындыққа ерекше ден қойғаны айтылған<sup>15</sup>. Бұл кезеңде жергілікті халық өмірінде бірталай апаттар алғашқы доңыз жылы жаз айларындағы қатты қуаңшылық салдарынан елді аштық жайлайды.

Одан кейін, яғни 1915 жылғы “қоян” жұтынын зардабынан төрт

<sup>14</sup> К. Мырзабеков. Иманжүсіп. // “Жалын” журналы, 1987, №4.

<sup>15</sup> І. Жансүгірұлы. Асан туралы // Ақыр заман (Албан Асан сөздері). – Қызылорда, 1934, 104-б.

“Қарқара” көтерілісінің 10 жылдығына барған сапарында жергілікті белсенді М.Байпақұлынан жазып алып, баспасөз бетінде жариялайды. Бірақ оларды жеке кітап етіп шығарудың сәті 1934 жылы ғана түскен-ді. Сонымен, бүкіл саналы өмірін халықтың зар-мұңын жырлауға арнап, жастарды сауаттандыруды аңсаған ағартушы, адамгершілікке, имандылыққа уағыздаушы діндар азаматтың соңында мол мұрасы қалды. Осы орайда әділін айтсақ, мұндай асыл қазынаны дүниеге әкелген дарынды ақын Асан Барманбекұлы – Дулат, Шортанбай, Мұрат, Әубәкір сарындас ақындардың соңғы өкілдерінің бірі. Демек, ол келешектегі ғылыми еңбектерде сол ақындардың қатарында жан-жақты зерттелуге тиіс.

**Ақыт Үлімжіұлы Қарымсақов (1868-1940)** – артына аса мол мұра қалдырған белгілі ақындардың бірі. Ол Алтай аймағы, Көктоғай ауданының Қайырты деген жерінде дүниеге келген.

Болашақ ақын жеті жасқа келгенде ауыл молдасы Ғұсманнан оқып сауатын ашады. Кейінірек араб-парсы тілдерін үйренеді. Сонымен бірге Қазан, Стамбул баспаларынан шыққан араб, парсы, түркі, шағатай тілдеріндегі әдебиеттерді оқып, білімін жетілдіре түседі.

Ақыт 1890-1900 жылдары Алтай мен Қобда аралығындағы пошта бөлімшесінде жұмыс істейді. 1907 жылы Алтай, Тарбағатай, Қобда өңірінен қажыға барған адамдарға аудармашы болып барлады. Қажы сапарынан 1908 жылы оралып, өз ауылында бала оқыталады, кейін мешіттің бас имамы болады. Төминдан өкіметі 1939 жылы 27 желтоқсан күні оны «күдікті» адам ретінде тұтқынға алып, 1940 жылы Үрімжі абақтысында азаптап өлтіріледі.

Ақыттың 1891-1909 жылдар аралығында Қазан қаласының баспаларынан бірнеше кітаптары жарық көреді. Олар: «Қисса-и Әниһан шаһ Тамуз шаһ ұғьлы» (1891 ж.), «Қисса-и Сейфулмәлік» (1895 ж.), «Тәржүмә-и Ахид бин уәләд Гүлімжі-Алтайский» (1897 ж.), «Қисса-и Ғабдулмәлік» (1902 ж.), «Ахуал – Қиямет» (1908 ж.), «Қисса-и Минахіб пиран Ғазиз-ан» (1909 ж.), «Әбият – Ғахидия» (1909 ж.), «Керей иманы Мұхаммед Момин хазрет» (1909 ж.).

Ақыт өз заманының белгілі ақыны және әрі қоғам қайраткері. Ол өленді қоғамдық қару-құрал ете отырып, қалың қауымның қамын жырлады. Алдымен заман келбеп, халық тағдыры оның ойын онға бөлілді. Басқаның басқаруына кіріптар болған елінің ертені не болмақ, күрмеуі көп түйіндерді қалай шешуге болады? Ақынды «басынан билігі кеткен» елдің мүшкіл халі ойланталы. Оның алғашқы өлендерінің бірі – «Замананы сөйлейін» (1886 ж.) деп аталуының өзі тегін емес. Ол еркіндігі жоқ, еңсесі төмен жұртының болашағына алаңдайды. Ақын өлде бір сәуле-санлауды іздейді. Қайткенде елдікті сақтауға болады? Алма-көзек ауысқан екі ұдай сезім. «Қай қонысқа барайық, боламыз

жылы Ресейден келген мұжықтар мен Шығыс Түркістаннан келген босқындарды орналастыру жөнінде төтенше шаралар қолданылды. Соның салдарынан жергілікті қазақтар атамекен жерлерінен айрылды. Бұл тіршілік көзі төрт түлік малмен шектелген көшпелі қазақтың өрісі тарылып, халі мүшкілге айналды. Осы тұстағы елінің қайғы-қасіретін жырына арқау еткен Асан молда былай жырлайды:

Жамағаттар құлак сал,  
Мен айтайын зарымды.  
Албан, бұғы, бұл күнде  
Жер, қонысың тарылды.<sup>18</sup>  
Тараншы, дүнген бұл алды,  
Тастықара, Шарынды.  
Көкқасқа бұлақ, тұнық су,  
Қазынаға салынды.  
Ақ дініңді қарайтып,  
Орыстан алдың тәлімді.  
Тілі екеудің діні екеу,  
Иманың сенің жарым-ды.

Бұл жөнінде І.Жансүгірұлы жоғарыда айтылған зерттеуінде толық мағлұматтар береді. Бұл жағдайда М.Әуезовте 1927 жылғы Жетісу ақындарына арналған қолжазбасында Асан ақын шығармашылығына ерекше тоқталады<sup>18</sup>.

Расында да, орыс өкіметінің әділетсіз басқару ережесінен зарлап шегіп, ата қонысынан айрылған елдің күйзелісіне табиғат апаты қосылып, нағыз ақырзаман төнген кез осы еді. Сонда Асан молда көкірегіне шер болып байланған қайратты, тенсіздік пен тексіздікті зарлы жырына өзек етеді. Зар заман ақындар поэзиясын зерттеуші Б.Омарұлы Асанның ұлтжандылық поэзиясын терең ұғынғандығын мына ойларымен аңғартады: “Асан молданың өлен жырларында отарлаушылардың Жетісу жеріндегі ойранына наразылық білдірген халықтың көңіл-күйі айқын сезіледі, қоныстан айрылудың мұң-зары басым тұрады”<sup>19</sup>.

Асан Барманбекұлының “Жеті қисса” аталған қиссалар топтамасы XX ғасырдың бас кезінде қазақ, қырғыз арасында кеңінен тараған. Олар “Бірінші ... Екінші, ...” болып, “Жетінші сөзге” рет-ретімен топтасқан.

Ақынның осы туындыларын І.Жансүгірұлы 1926 жылы

<sup>18</sup> М. Әуезов. Казахское народное творчество и его поэтическая среда. “Әуезов үйі”. Ғылыми-мәдени орталығы, 286-бума.

<sup>19</sup> Б. Омарұлы. Зар заман поэзиясы. – А., 2000, 18-б.

қандай халайық?». Қай қоныс-мекеннен тұрлау-тиянақ таппақ? Ол тәуелсіз ел болмай, басқаға бағынышты болу қазақ халқының қасіреті деп біледі. Тар заманның тауқыметін тартқан халқының халіне қамығады. «Өр көңілі жасиды, көкірегі ашиды». Ақынның көптеген өлең-толғауларында («Замананы сөйлейін», «Қайғымды қазып тербеттім», «Тайтекеннің үйінде», «Күнірөңгіп тұрған жер Алтай», «Заман келді қырланып», «Зар заман», «Асан ата деп еді», «Заман қалай десеніз», «Тозғақ толғағынан», «Алтай толғауы» т.б.) бодандық заманның әлеуметтік кейіп – қалпының сыр-сипатын ашады. Заман зары айтылып, отаршылдыққа қарсы наразылық өзекті желі болып тартылады.

Жатқа жалтандау халықтың қалың соры деп біледі. Ақын еркіндік алмай, елдіктің де болмайтынын айқын бейнелейді. Бұл топтағы өлең-толғауларынан ұзақ уақыт жүрек сыздатқан халықтың жан жарасы көрінеді. Ата мекені мен халқына алаңдаған перзенттік сезімі шерлі сарындай естіледі. Арқауын әріден тартып, үзілмей келе жатқан ел тарихының қаралы беттері ашылғандай болады. Ақыт халқына қайрыла сөйлеп, елдің ертеңіне аландады. Билік пен бірліктің қолдан кеткеніне өкіне отырып, соны әр қазақтың санасына жеткізуге ұмтылды. Азаматтық сезімін оятып, «ежелгі жаудың ел болмайтынын» ұғындыруға күш салды, қазақ қоғамының шенеулігін, мал соңындағы парықсыз тірлігін сынады. «Ұйқыдан көтер басыңды» деп ұлт болып ұйыған елдік тұтастықты тұғыр етуге шақырды.

Ақыт өз шығармалары арқылы өз заманының қоғамдық-әлеуметтік мәнді мәселелерін батыл көтеріп отырды. Бірде шын айтты, бірде сын айтты. Қалай айтса да, оны ала бөтен толғандырған – ұлттың тағдыры. Оның көп өлең-жырларында осы сарын үзілмейтін жібек жіптей арқау тартады. «Естімей таң азаның, көрмей дүние базарын, тарттын дүние азабын, қайран елім, қазағым!». Міне, ақын жүрегінің лүпілі осылай соғады. Қайран елі қазағының қарпуы жетпей жатқан халіне күйінеді. Басқадан басы неге төмен елдіктің тізгінін кім ұстауы керек дейтін мәселе төңірегінде терең толғанады. Алайда бір нәрсенің басы ашық. Ол мал бағу мен марғау тірліктің күні өткен. «Баяғыдай болмайды, хан тағына қонбайды». Енді қайту керек! Күнірөңгімен күн кешу керек пе? Жоқ, қайта халықтың намысын шындап санасына саңылау түсіріп, шығарлаңнан шығудың амалын іздейді.

Ақын шығармаларында өз заманының бар шыңдығы кенінен қамтылады. Туған халқының өнер-ғылымды игерген озық ел қатарына жетуі керек. Оған жеткізетін қуат-күш те, ел бақыты мен байлығы да білім-ғылымда деген тоқтамға келеді. «Ой, жүрек білімненен суарылса» ғана өлтің санасы оянады, игілікке қолы жетеді.

Ақыт елдің бірлігі тірлікке кепіл деп есептейді. Өз ішіндегі талас-тартыс, алауыздық жауға жем етпек. Сондықтан ынтымақ, бірліксіз ешнәрсеге қол жетпейтінін ақыл-көнес етеді. «Жігерін болса жігіттер, жігінді бөліп ашылма» – дей келіп, «бір-біріне нанбайтын, қулық сатып алдайтындарды» шенейді.

Шыншылдық пен сыншылдықтан туындап жатқан ғибраттылық – ақын поэзиясының басты сипаты. Ол әлеуметтік шындықты шырайлы жырласа да, кемістік кеселді сынаса да түйін-тұжырымында ғибрат айтады, өнеге-үлгі ұсынады. Халық қамын ойлауға қауқары жоқ көлгір пысықтардың ісін көптің қасіреті деп санайды. Қоғам дамуына кедергі келтіретін ой-сана мен іс-әрекеттің болмауын талап етеді. Өйткені «жар астында жауың бар, желемік шықса дауылдар». Үміт арт, сенім жүкте дейді. Бұл – елдік мүдде тұрғысынан айтылған сөз. Сөйтіп ұлттық сана дәрежесіне көтерілген ақын көңілінен толғап, кемелдікке бой ұрды.

Тәуелділік халық өміріне тереңдеп сіңіп, адамдардың пиғыл-ниеті, мінез-құлқы өзгеріп, бірлік кете бастаған тұстағы Ақыттың діни тақырыпқа жазған шығармаларының мәні ерекше болды. Ол – ислам дінінің шарт-қағидаларын жүйелі жырлаған діни ағартушы. Оның бірсыпыра шығармаларының өзек-өрімі имандылық-адамгершілікті насихат ету болып келеді. Жақсы мен жаманды шендестіре суреттеп, мінездегі міндерлі ашады. Қайткенде адам атын асқақ ұстауға болады деп толғанады. Сондықтан адамгершілікпен астасып жатқан дін мен ата салтты таза сақтауды насихат еткен туындыларды көп жазу қажет болды. Бұл үшін қаруы – қалам, өтімді сөзі – өлең болды. Ақын өз қаламынан заман мен адам жайында ешнәрсені қағабәріс қалдырмауға тырысты. Ізгілік пен зұлымдықтың паркын ашып, азаматтық-адамдық мұраттың ақ жолы қайсы екенін алға тартып отырды.

Тұтастай алғанда ақын қаранғы халқының қажеттілігін көре білді және тығырықтан шығар жолды нұсқалды. Негізгі шарт ретінде өнер-білімді, адал еңбекті, береке-бірлікті насихат етті. Көп нәрсе көптің өзіне байланысты деп қарады да, ұлағатты ойларын соларға арнады. Сонымен, Ақыт – шығармаларынан бастап өмірінің соңына дейін ұлт қамын үзбей жырлаған ақын.

Ол лирикалық поэзиямен қатар эпикалық жанрға да біраз шығармалар жазды. Шығыс елдеріне кең тараған ежелгі әдебиет дәстүрін жақсы білді. Сондықтан бірнеше дастандарын нәзира дәстүрі негізінде жазған. Оның «Жиһанша» (1891 ж.), «Сейфулмәлік–Бәдіғұлжамал» (1895 ж.), «Шолақ қол қатын» (1901 ж.), «Камал пір мұршид нақ шабанда ахуалы» (1902 ж.), «Қажыбаян» (1908 ж.), «Керей иманы Мұхаммед Момин» (1909 ж.), «Қобла кенес» (1911 ж.), «Жәнібек батыр», «Мұхаммед-Құнапия», т.б. дастандары бар. Ақын бірнеше эпикалық шығармаларының

желіні «Мың бір түн», «Тотынама», «Қисса исләмбия», «Құран» қатарлы кітаптардан алған. Құрандағы имандылық, даналық ғибраттар мен арғы түбірі араб, парсы, үндіден тараған жыр, төмсіл-мысал, аңыз-ертегі қатарлы көркемдік қазыналарды жете білген және соларды өзінің идеялық мақсатына орай халыққа ғибрат етуді жөн көрген. Бұл топтағы шығармалары өнер-білімнен кенде, бейқам халыққа тәлім жолындай әсер еткен. Сонымен, Ақыт жазған дастандарлы шартты түрде үш топқа бөлуге болады. Бірінші – шығыстық желі, екінші – діни, үшінші – тарихи тақырыпқа жазған туындылар.

Ақыттың «Қажыбаяны» – сапарнамалық сипаттағы шығарма. Ақын дастанында сол тұстың өмір суреті, қажыға барған ел ағаларының жол-жөнекей көрген қиындықтарын кенінен суреттейді. Ақынның «Жәнібек батыр» дастанында киіулы қиын заманда ел тәуелсіздігін ойлаған ер бейнесі көрінеді. Автор бүкіл тұмырын халқының бостандығы мен бақытына арнап, елдік туын көтерген Жәнібек батырдың ерлігін халыққа танытуды мақсат еткен. Белгілі дәуір шындығын арқау ете отырып, елі үшін басын бәйгеге тіккен қайтпас қаһарманның бейнесін сомдаған. Бұл дастан – халқымыздың азаттық күресінің шындығын бейнелеген құнды туынды. «Қобда кенес» – тарихтың тар кезеңін таразылайтын туынды. Шығармада Монғолия қазақтарының басынан өткен екінші бір «Ақтабан шұбырынды» болған қайғы-қасіретті кезең көрінісі қамтылған. Болған оқиға желісімен жазылған шығарма – тарихымызды танып, таным-түсінігімізді кеңейте түсер тартымды мұра.

Ақыт көптеген эпикалық шығармалар жазып, аймақ әдебиетінің тақырыптық аясын кеңейтуге үлкен үлес қосқан. Екінші жағынан – өзі өмір сүрген ортадағы надандық-қаранғылық, мешеулік салдарынан туған сан түрлі жағымсыз мінез-қылық, іс-әрекеттерді сынға алды. Оларды халықтың мәдениетті ел қатарына жетуіне кедергі болар кесепап деп қарайды. Ақын сынап-мінеумен ғана шектелмейді. Көпшілікке, әсіресе жастарға бағыт-бағдар боларлық жол сілтейді. Ол – өнер-білім жолы, ел алдындағы парыз бен қарыз, адамгершілік жолы.

**Мақыш Қалтаев (1869-1916)** – жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде бірнеше өлеңдер жинағы мен аударма кітаптар жариялаған ағартушы ақындардың бірі.

Мақыш өмірі туралы біраз мәлімет оның өз жинақтарында кездеседі. «Қазақ ахуалынан бөхас еткен манзумасы» жинағына енген «Атым – Мақыш» деп басталатын өлеңінен ақынның тегі мен ата-бабасы, елі мен тұрған жері туралы деректер табамыз:

Атым – Мақыш, Қалтай дер атам атын,  
Бабам аты – Едіге, қазақ – затым.  
Ақмола дүр дуаным, қыпшақ руым,  
Әр жерде саяхатпен болды жүруім.  
Туған жер Есіл, Нұра болса-дағы,  
Қушоқы деген жерде бүгін тұруым...

Демек, ақынның өз өлеңдеріне қарағанда, ол Ақмола маңында туған. Қушоқы, Қараөткел деген жерлерді мекендеген. Жас кезінен мұсылманша оқып, кейін білімдер молда болған. «Мекеле мекен етіп бір ай тұрдым» («Тура жол») деуіне қарағанда, қажыға барғандығы аңғарылады. Молдалық құрып, бала оқытып, Қазақстанның орталық, солтүстік аймағын, Троицкі қаласы маңындағы қазақ ауылдарын аралайды. Семей, Жетісу өңірінде, қазақ жерінің батыс атырабында болады.

Мақыш Қалтаев «Қазақ ахуалынан бөхас манзумасы» (Қазан, 1907, 1909, 1910), «Қазақтың айнасы» (Қазан, 1910), «Біраз ғибрат сөз» (Қазан, 1910), «Насихат қазахия» (Қазан, 1911), «Бар уақиға» (Қазан, 1912), «Тура жол» (Қазан, 1912) атты өлеңдер жинағын жариялаған. Тағар ақындары Зариф Кәримидің «Айна», Ғ.Ғ.Рашидидің «Сақ өз сүк халләрі» өлеңдер жинағын қазақшаға аударалды. Бұл екі аудармасы да әр қайсысы жеке кітап күйінде Қазан қаласынан 1913 жылы жарық көреді.

Профессор Б.Кенжебаев деректеріне қарағанда<sup>20</sup>, «Тұрмыш» атты қолжазба журнал шығарған, онда «Қазақ әйелінің бас бостандығы». «Қазақ тілінде газет шығарудың керектігі» аталатын көлемді, мазмұнды мақалалар жазған.

Мақыш Қалтаев шығармашылығына қатысты пікір айтқан ғалымдар: Б.Кенжебаев, Ы.Дүйсенбаев, Ә.Дербісәлин, Ә.Құрышжанов, М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Т.Нұртазин.

Б.Кенжебаев «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары» (Алматы, 1958) атты кітабында, сондай-ақ осы еңбегінің «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» (Алматы, 1976) деп аталатын екінші басылымында Мақыш Қалтаевтың өмірі мен шығармаларын нақты қарастырып, халықты оқу-өнерге, мәдениетке, жақсыға, жаңаға үндеген игі ой-пікірімен қатар, өзі толғаған мәселелерді діни тұрғыдан байыптайтын, заман міндерін жана назам жолымен түзетуге болады деген пікірін атап көрсетеді.

М.Қалтаев өз шығармаларында XX ғасырдың бас кезінде дәуір алға қойған сан алуан мәселелер жөнінде толғанады. Бірқатар өлеңдерінде табиғат заңы мен өнер сырын анық түсініп танығандай

<sup>20</sup> Б. Кенжебаев. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. А., 1976.

рай білдіреді. Ақын кейбір өлеңдерінде табиғи заңдылықтарды айта отырып, әлеуметтік теңсіздікті (“Аплатондай адамдар келдей болып”), өмірдегі қайшылықтарды жіті көре білді:

Кей адам бұл дүниеде рахат көрмес,  
Еш уақыт қылған ісі жөнге келмес.  
Бір бергенге көп берер үйіп-төгіп,  
Хақімәтін бір Алланың адам білмес...

Дүниеге бір-ақ келер туған адам,  
Және қайтып келетін болмас заман.  
Өлгенше дайын рахат, шагтық болып,  
Қайғы мен қасіреттен жүрмес аман.  
(“Қазақ ахуалы...”).

Мақыш заманды, қазақ әдет-ғұрпының жарамсыз жақтарын қатты сынға алады. Ертерек дәуірде сахарда қалыптасқан кейбір кертартпа әдет, даназа дағды біткенге ақын мейлінше наразы. Адам құлын аздырар дертке айналып, замана мерезіндегі қаншама кезеңдер қалыптасып кеткен парықсыздық пен даңғойлық сияқты келенсіз көріністерде жиіркене қарап, ашына жазды. Ол “жауырды жаба тоқып”, жаманды – жақсы, арамды – адал дейтін жалғандыққа қарсы. Мақыш жарамсақтықты, жалақорлықты, екі жүзділікті сынайды.

Қасиет жоқ төреде ел билеген,  
Жеңіп, шаншып қазақты нанша илеген.  
Асса, кессе қазақты бес үй төре,  
Неше мың үй қарсы кеп бір тимеген.  
(“Бар оқиға”).

Осы шумақтан да бірқатар сыр аңғаруға болады. Мұнда кейбір төрелердің озбырлық, қорқаулық, қанаушылық істеріне ашыну сипаты да, бұқараның сол қорлыққа қарсы шыға алмаған енжар, аянышты халі де көрінеді.

Ақын өз дәуіріндегі әлеуметтік теңсіздікті айқын сезіне, көре білді. “Қазақ ахуалынан бөхас еткен мәнзумасы”, “Бар оқиға”, т.б. жинақтарындағы әлеуметтік теңсіздік – өлеңдерінің өзекті идеясы осы. “Пақыр болса әуелі кетер ақыл, Айтқан сөзі ешуақыт болмас мақұл” – дейді Мақыш. Ол жалшының аянышты халін суреттейді. “Жас бала, кемпір шалын тентіретпей, бір қыс сақта, тас болма сен де о құрлы” дейтін Абай жорасымен Мақыш та жалшыны қорламау керек, оларға қайырымды, шарапатты болу керек дейтін пікір ұсынады.

Мақыш бірқатар өлеңдерінде халықты аяусыз алдап,

екіжүзділікке салынып, айла-шарғы жасап, қанау жолына түскен опасыз сұм-сұрқияларды әшкередейді. Ақын сынына іліккендердің бірі – кітап қарап, құмалақ ашып, жұртты алдап мал тауып жүрген бақсы, балгерлер. Солардың қырсығынан ауруы асқынып надандық құрбаны болғандарды да ол ашына жазады.

Ақын өлеңдерінде кездесетін алдампаздардың бірі – дін пердесін жамылып, халықты қанайтын “пайғамбарлардың әулеті, “шейтпіз деп” қазақты теспей сорған” қожалар:

Әуліемін, молламын, қожамын деп.  
Жүргендерге жүреміз кәміл сеніп.  
(“Қазақтың айнасы”).

Халықты әрекетке, үмітке, талпынысқа, енбекке үндеу – ақын өлеңдеріндегі басты тақырыптардың бірі. Ол барлық кінәні тағдырға артып, әрекетсіз отыра беретін енжарлықты, жалқаулық пен салғырттықты қатты сынға алады. Ақынның ұсынар жолы – әрекет ету! Ол бұл ойын қарапайым күйде, ұғымды мысалмен суреттейді.

Бала болмас ешуақыт қатын алмай,  
Бидай шықпас соқалап егін салмай.  
Сусын қанып, ашыққан тоқ болмайды,  
Колмен алып, ауызға ішке бармай,  
Беру хақтан болса да, себеп бізден,  
Жабысайық өнерге, сонға қалмай.

(“Қазақ ахуалы” ...).

Ақын “Бар уақиға”, “Насихат қазахия” кітаптарындағы өлеңдерінде де пайдалы іске ұмтылу, істі ықласпен, ынта-жігермен, пейілмен істеу өркенді өсірер, мұрат-мақсатқа жеткізер өмірдегі басты қасиет екенін сезіне білген. Ол оқу, білімді, өнер, ғылымды насихаттайды, оқыған адам болады деп, оның пайдасын анық түсіне де, түсіндіре де біледі. Өз дәуіріндегі заман халін таразыға салар оқыған адамның, білім алар мектептің жоқтығын ашына жазды. Білімге мән бермейтін, жастарды оқуға жібермейтін енжарлықты шенейді. Мұның бәрі бірлік пен ұйымшылдығы іріген алауыздықтың нәтижесі деп біледі. Ақын өткір сынаған мәселелердің бірі – азын-аулақ медресе, мектептердегі надан молдалар жүртізген жүйесіз шала оқу. “Қазақтың қамын жемей, малын жеген” надан молдалар үйреткен оқудың пайдасынан зияны көптігін ақын қынжылып айтады.

Мақыш өнерді насихаттайды. Оған ақынның “Бар уақиға” жинағындағы “Өнерге тағылым үшін бала берді”, “Өнерге жабыспасак іс бітпейді”, “Михнат босқа кетпес қиналсаңыз”

деген өлең жолдары күә. Ақын “Тура жол” жинағындағы “Газеттің керектігі хақында бірер сөз” деген мақаласында ғалам хабарын жеткізетін газетке ерекше мән береді. Нандандықтың бір себебі газет оқымаушылықтан деп біледі.

М.Қалтаев өлеңінде көтерген елеулі тақырыптардың бірі – махаббат, сүйіспеншілік, әйел теңдігі. Ақын бұл мәселелерді өзі өмірде көріп, біліп жүрген қыз ұзату, келін түсіру әдет-салтымен байланысты қарастырады. Сондағы батыл сынақтыңы – қызды көрмей, білмей айттырып, қалын мал алу.

XX ғасырдың бас кезіндегі өзге ағартушы ақындар сияқты Мақыш та өз өлеңдерінде отырықшылыққа көшуді, қоныстануды насихаттайды. Егін салып, бау-бақша егіп, машинамен шөп шауып, орнығып отыруды жақтайды.

Оның бір сала ойлары – ізгілік туралы. Ол шындықты, әділет пен адалдықты ардақ тұтады. “Ақылы жоқ адам – ынсапсыз. Ынсапсыздық – абыройсыздыққа апарады. Өмірде бағыт сілтеу, жолға салу – сауап” дейді. Оның бірқатар өлеңдері ғибрат, мысал түрінде. Мысал өлеңдерінің түйіні – ынсап ету, сабыр сақтау, жоқты табамын деп жасанды әрекеттерге бой ұрмау, жақсылыққа жамандық істемеу, тағы сондайлар.

Мақыш алты өлеңдер жинағын жариялап, татаршадан екі кітап аударған ақын. Бірақ сөйте тұра, ол қазақ өлеңіне айта қалғандай үлес қоса алған жоқ. Өлеңдерінің ығрақ, ұйқасында да, көркем бейнелеу, ойды жеткізу жүйесінде де ала-құлалық, олақтық көп. Өлеңдерінің тілі де біркелкі емес.

Кейбір шығармаларында араб, парсы, түркі тілдерінен алынған, орыс тілінен бұрмаланған сөздер көп кездеседі.

“Кітаби тілде жазылған шығармалардың объективтік пайдасы да тимей қалған жоқ. Олар аз да болса, сол замандағы қазақтың қарапайым сөйлеу тілін, оның ерекшеліктерін хатқа түсіріп, тасқа басты. Ел арасына жазу таратып, кітап әкелді. Халық тілін алуан түрлі сөздермен байытып отырды. Әсіресе, қоғамның мәдени, рухани өмірі мен діни ұғымдарға қатысты толып жатқан сөздер әкелді”. Сондай-ақ, “кітаби қоспа тілдің” әсері көп жылға шейін қазақ әдеби тілін дұрыс бағытта дамытуға бөгет болып келді, – дейді М.Балакаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов<sup>21</sup>.

Расында да, “кітаби қоспа тілде” жазған ақындар мұрасы, олардың тілі XV-XIX ғасырлардағы қазақтың төкпе ақын, жыраулары мұрасы мен XIX ғасырдағы Абай поэзиясынан көп төмен еді. XX ғасыр басындағы М.Қалтаев сияқты ақындар XV-XIX ғасырлардағы ақын, жыраулардағы жауынгерлік рухты,

<sup>21</sup> М. Балакаев, Е. Жанпейісов, М. Томанов. Қазақ әдеби тілінің мәселелері. А., 1961, 60-б.

ағындап келетін жыр, мән-мазмұны мен мөлдір де таза әдеби тіл дәстүрін игере алмады.

XX ғасырдың бас кезінде “кітаби қоспа тілдің” кемшін жақтарын көрсетіп, қазақ тілін таза сақтауға үндеген пікірлер аз болған жоқ. Мұндай пікірлер, әсіресе, “Айқап” журналы, “Дала уәлаяты газеті” беттерінде жарияланды. Сұлтанмахмұт Торайғыров “Айқап” бетінде былай деп жазды: “Қазақ тілінде деп бастырған кітаптардың көбінде қазақтың ісі де жоқ. Неге десеңіз, дені бытырақ, бытырақ болмағандарының ағыны теріс”<sup>22</sup>.

С.Торайғыров, М.Сералин сияқты қазақтың ағартушы-демократ ақындары “кітаби қоспа тілдің” зиянды жақтарын көре біліп, тіл тазалығын насихаттады. Сондай “кітаби қоспа тілді” шығармаларында көп қолданатын кемшіліктеріне қарамастан, Мақыш Қалтаевтың өз дәуіріне сай өмір, заман, оқу, білім, мектеп, өнер, қалын мал, отырықшылық сияқты елеулі мәселелерді қозғап, өмір сүрген дәуіріне өзінше сын көзімен қарап, халықты игілікке үндеуі, жастарды оқу, өнерге шақыруы – ілгерішілдік бағыттағы ағартушылық, демократтық ниетін танытатын шығармалар.

Әбіқай Нұртазаұлы (1871-1932) – Кеңес заманында ресми идеология мен саясатқа қайшы келгендіктен, шығармалары жарық көрмеген. Ол бұрынғы Торғай уезі, Тосын болысында дүниеге келген. Әкесі Нұртаза қажылыққа барған, Торғай мен Ырғыз төңірегіне аты мәлім молда кісі екен, соның ықпалымен екі жыл мейреселе оқыған. Олдан әрі молырақ білім алуға жағдайы болмағанға ұқсайды. Оған кезінде дәулетті болған әкесінің қажылықтан кейінгі кедейленуі де себеп болса керек. Әйтпесе, Ахмет Байтұрсынұлымен ауылдас, әрі тетелес (аралары 2 жас) Әбіқайдың оқымай, қалуы мүмкін емес сияқты. Соған қарамастан, ол ескіше өте сауатты болған.

Әбіқай шығармалары бізге ақынның баласы шежіреші, әңгімеші Ахметхан, халық ақыны Нұрхан Ахметбеков, жыршы Жүсіпбек Салықұлы арқылы жетті. 1957 жылы қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Қайнекей Жармағамбетов Ахметханның аузынан Әбіқайдың біраз өлеңдері мен «Тас мешін» атты дастанын жазып алған. Ол дәптер қазір Торғайдағы Н. Ахметбековтың музей-үйінде сақтаулы тұр. Ақын шығармаларының ішінен кеңестік идеологияға сәйкес келетін бір шығармасы – Ленин туралы өлең 1969 жылы «Ленин деп халық жырлайды» деген жинаққа енгізілген. Содан кейін жарық көргені – «Тас мешін» дастаны. Бұл дастанды ақын Серік Тұрғынбеков 1990 жылы 28 қыркүйекте «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялады. Басқа мұрасы күні бүгінге дейін еш жерде жарық көрмеген, солардың ішінде «Өлең туралы ойлар» деп аталатын

<sup>22</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-т., 2-кітап. А., 1965, 32-б.

қарасөзі де бар.

Ақын өлеңдерінің басым көпшілігі төңкеріске дейінгі болыстардың, басқа да атқамінер ынжықтардың келенсіз, теріс мінездерін сынауға арналған. Бақталастық, шенқұмарлық, күншілдік сияқты әдеттерді ол заман дерті деп түсінген.

Осы тақырыпқа арналған «Есжанға», «Борышқорға», «Азамат, мен бір ауру өлердей-ақ» өлеңдері мен «Қыран мен құлалын» мысалында ақын болыстың қасында жүрген шабармандарына, байдан қарыз алып күн көріп жүрген борышқорларға «болыстан да, байдан да қайыр жоқ, өз еңбегіңмен күн көр!» деп ақыл айтады. «Түрмедегі бауырларға» өлеңінде ақын өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарында кенес өкіметіне жақпай, қуғынға ұшырап Қостанайдың «ақ түрмесіне» қамалған ел азаматтарына достық көңілін білдіріп, қайрат, жігер береді. Ақын жанадан орнап жатқан кенес өкіметіне үрке қарайды, сенімсіздік білдіреді. Бұл өлеңде қызыл империяның жандайшаптары – «шалақ белсенділердің» жағымсыз кейіптері сыналалы. Ақын түрмеде жатқан азаматтарға барша елдің тілеулестік ниеті мен тілегін жеткізе отырып, оларға ақ патшаның қуғынын көрген Байтұрсын мен Ақтасты (Ахметтің әкесі мен ағасы), Шақшақ Жәнібек тарханның ұрпақтары Мұса мен Шегенді үлгі етіп көрсетіп, төзімділікке шақырады.

Ақынның 1921-22 жылдары Торғай өңірінде болған ашаршылық туралы «Тас мешін» атты поэмасы бар. Біздің болжауымызша, поэма жиырмасыншы жылдардың аяғында жазылған. Композициялық құрылымы «бірінші толғау», «екінші толғау» атты екі бөлімнен тұратын бұл сюжетсіз поэма идеялық құндылығымен де, көркемдігімен де бағалы шығарма. Поэманың тақырыбы – жергілікті жұрт «Тас мешін» деп атап кеткен жұт жылғы ашаршылық, елдің ауыр халі.

Ақын поэманы өзі жеті жасында куә болған «Жалпақ қоян» жұтын суреттеуден бастайды. Соның зардаптарын суреттей келіп, елу жаста көрген «Тас мешін» жұтын баяндауға көшеді:

... Елуде көрдік жылды мешін деген,

Салмағы кейін жағты кесілмеген.

Жаяулық, жаланаптық, тамақ аштық,

Дауасыз темір түйін шешілмеген.

Шалқыған шалқар көлде аққу едік,

Кез болды бұл секілді кесір нелен.

Барлықты барымта алған бұл бір уақыт,

Талғамай табылғанды жесін деген.

Қыс түсті октябрьдің он бесінде,

Ендігі ел ол сұмдықты көрмесін де.

Алты айлық ақ сирақ жұт тегіс болды,  
Құдайым хан-қараңды тергесін бе...<sup>23</sup>

Қыстағы жұттан малы қырылып, жаздағы қуаңшылықтан егіні шықпай қалған халықтың басындағы нәубетті ақын қабырғасы қайысып отырып суреттейді. Ол бұл нәубетті сырттан бақылаушы емес, оны өз басынан кешірген адам. «Елдің табанына кірген шөңге, мандайыма кірсін» дейтін ақынға өзі көрген ауыртпашылықтан көрі, ел басындағы ауыр жағдай қатты батқаны анық. Бұл шығармадан ұлт-азаттық ой ұшқындары да көрінеді.

Жарқыраған жаз заманың туар ма,

Ой, дарига-ай, қара тұман ашылып<sup>24</sup>, –

деген жолдардан осындай арман аңғарылады.

Бұрынғы «дарига дәуренін» аңсаған ақын әр шумақтың соңғы тармағын «ой, дарига-ай!» деген күрсініспен аяқтап отырады. Отаршылдық қанауын бір көріп, 1916 жылғы «маусым жарлығын» бір көріп, 1917 жылғы дүрбеленнен кейін үміті енді жана ма деген уақытта кенес өкіметінің қыспағын көруі – осының бәрі сұңғыла ақынға бұрынғы еркін заманын аңсап қиялдаудан басқа жол ұсынбайды.

Ақынның шығармаларын оқи отырып, оның көркемдік қуатының құндылығын, өлеңдерінің құрылысындағы шеберлігін аңғару қиын емес. Өз ақындығы заманында ешкімнен кем болмаса да, Әбіқайдың ұлы Абай өлеңдерін оқығаннан кейін өлең жазуды қойып, қағаз-қаламды тастауы өнердегі шын мәрттік еді. Ақынның «Абайды оқығанда» өлеңіне көз жүгіртелік:

... Өмірде кез болған-ды талай ақын,

Солардың бәрінен де Абай ақын.

Білмедім не құдірет сөздерінде,

Жаныма бола қалың қалай жақын.

Табармын сенен өткір сөзді қайдан,

Ой жүйрік томаға көз құралайлан.

Келтірмес сөз нақышын дәл өзіндей,

Басқа жан жарағушы бір Құлайдан.

Кәусардай шыққан алыс бал бұлақтан,

Жанымды жалыраттын қалғып жатқан.

<sup>23</sup> Ә. Нұрғазарұлы. Тас мешін. // "Қазақ әдебиеті" газеті, 1990, 28 қыркүйек.

<sup>24</sup> Сонда.

Ойымды өнер таптым деген менін,  
Аңғарға кеттің алып тар жұмақтан.

Кетпексе бір жолынды ұмыт тастап,  
Оқимын таңға дейін ымырт бастап.  
Сөз қуып, сүрең болған мен сорлыны,  
Кетті ғой, сен келген соң үміт тастап.

Өзімді жерде, Абайды көкте көрем,  
Талаз жоқ шын ақынға өрен дарын,  
Өленге енді қайтып өкпелемен<sup>25</sup>.

Әбікай ақынның Абайды алғаш танушылардың бірі болып, оған бас июінің өзіндік себептері де бар. Ол «Қазақтың бас ақыны» атты мақала жазған Алаштың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы мен тұңғыш рет Семейде Абай кешін өткізген Нәзіпа Құлжанова оның жерлестері ғана емес, рухани байланыс жасап тұрған, аралас-құралас болған пікірлестері де еді.

Ақынның поэзияны, ақындық өнерді кәдір тұтқандығы мына бір өлеңінен де аңғарылады:

... Өлең деген жебелі оқ,  
Нысанадан бір өгер.

Сөз ұғар жан деме жоқ,

Бұлдана берме құр бекер.

Ақындық деген алыс жол,

Жалынсыз жүрек дір егер.

Жаныңды жайлар, жүдетер,

Қорықсаң кума, құл егер...<sup>26</sup>

Абай өлеңін оқығаннан кейін өлеңді қойған ақын, Абай дәстүрімен «Өлең туралы ойлар» деп аталатын карасөз жазған. Бұл карасөзді өлең туралы шағын ғылыми еңбек десек те болғандай.

«Елуге келгенше есіміз кірмеппі. Абай өлеңдерін оқыдым. Егер дүниеде Абайдай алымды да, ақылды ақын барын білсем, қалам ұстамаған болар едім, – деп бастайды ақын карасөзінде. – Ендігі тіршілікте өзім жетер, сөзім жетер жерге Абай өлеңдерінің шыны мен сырын уағыздай алсам, өзімді армансызбын дер едім. Абай өлеңнің төңірісі екен. Біздікі – пендешілік. Енді менен өлең күтпендер...».

Ақынның «Өлең туралы ойлар» еңбегіндегі тағы бір құнды пікірі ұйқас төңірегінде:

«Өлең көркі – ұйқасы. Ұйқассыз өлең болмайды. Өлеңнің түбірі

<sup>25</sup> Н. Бектемісов. Ахмет ұшқан алтын ұя. Астана: Елорда, 2001, 58-б.

<sup>26</sup> Сонда, 62-б.

төрт жол, сол төрт жолдың мағынасы бір-бірімен қабысып келуі шарт. Ол қабыспаса өлең емес. Абайдың бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол ақынның білімсіз бейшарасы» дейтіні де осы. Өлең ұйқасы келуі керек. Бір буынды ұйқас – өлі туған төл. Ол кісінің құлағына қонбайды. Ондай өлеңнің көкжасығы кімнің мейірін қандырады. Иесі ақын болып та онбайды.

Екі буынды ұйқас – қаңқасы қалған көгерем. Қанша мәпелесен де мал болмайды. Көгеремде көрік бола ма? Үш буынды ұйқас – жарау өлең, жақсы ең, ұшқыр өлең көркі. Шіркін, мұндай өлеңнің іші де сұлу келсе екен дейсін. Әйтпесе, сырт сипатына мін таба алмайсың.

Төрт буынды ұйқас – балталасаң бұзылмайтын, көкейінен сызылмайтын ойлы өлеңнің көркі. Қазақтың кара өлеңі үшін жаралған ұйқас осы – төрт буын. Онсыз ұзақ жолды, шұбыртпалы ұйқасты өлеңіміз ылдырап, іріп, өлеңдік қасиетінен айрылып қалады. Бес буынды ұйқас – өлең үшін шарт емес. Еркін ақын бес буынды еркелетем десе, кім кінәлайды дейсін. Ондай ұйқасты Абайдың «Сегіз аяғынан» көрдім<sup>27</sup>.

Әбікай ақынның шәкірттеріне – Нұрхан Ахметбеков пен өз баласы Ахметханға айтқан ақындық туралы өсиеті де назар аударарлық: «Өлеңді өнер деп танысаң, басың қанжығанда кетсе де шыңдықты айт. Малы барды малақтап, мазақ болма! Байларды дәріптесем, мені де халқым сыйламаған болар еді. Ел сыйлағанды ғана сыйлайды. Ақын сыншысы – елі, елінің жүрегіне жете біл! Абайға жетуді армандандар. Басқа жол тапсандар тіпті керемет! Мұратқа әкелен қалған мал-мүлік жеткізбейді, ақыл мен арман жеткізеді. Құс та талпынбаса ұша алмайды. Ізденіндер, тер төгіндер!»<sup>28</sup>.

Әбікай ақынның тапқыр, шешендік сөздері мен нақыл сөздері өзінше бір сала. Тек соларды жинастырып, елдің игілігіне айналдыру міндеті ұмытылмасын дер едік.

**Омар Шораяқов (1878-1924)** – өлеңді ауызша да, жазбаша да шығарған атақты ақын, айтыс өнерінің өрен жүйрігі. Ол бұрынғы Сырдария облысының Қазалы уезіндегі Аққыр болысының №12 ауылында (Қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы) дүниеге келген.

Ел ішінде «Шораяқтың Омары» деген атпен белгілі болған ақын жас күнінен келешілік тауқыметін тартқанымен терме, жыр айтуға әуес болып, халық арасында осы өнерімен көпшілікке мәлім болады, ел аралаған ақын, жыршыларға ілесе жүріп, өзі де өлең шығара бастайды.

<sup>27</sup> Оспанов С. Әбікай ақын. // Торғай таны, 1991. 5 қантар.

<sup>28</sup> Сонда.



Жасында ауыл молдасынан оқып, мұсылманша сауатын ашады. Осы азын-аулақ білім оның өз бетімен ізденуіне себеп болып, Шығыс әдебиетінің тамаша шығармаларымен сусындауына қол жеткізеді. Ақынның Шығыс классиктерімен әуестігі кейін оның бүкіл шығармашылығындағы дидактикалық ой-түйсігінен айқын сезіледі. Кедейшілік зардабын көп көрген ақын өмірі жалшылықта өтеді. Жокшылық аяғына қанша тұсау болса да, ақындық талантымен халқына адал қызмет етіп, мәртебесі көтеріле түседі.

Қарапайым халықтың жуан ортасынан шыққан Шораяқтың Омары өзінің өлең, жырларында, белгілі айтыстарында сол кездегі пасық адамдардың қылықтарын, бай-манаптардың жүгенсіздігін, елге көрсеткен зорлық-зомбылығын аяусыз әшкерелейді, жас ұрпақ тәрбиесіне, адамгершілік пен ізгілік қасиеттерге арналған жоғары мәнді дидактикалық нақыл өлеңдер мен термелер шығарады.

Замандастары: «Кетеле Омары өтті, өлгенше өлең-жырды жоғары етті» деп бағалаған ақынның артында оның әдебиетке қосқан үлесін айқындайтын мол мұрасы қалды. Оның көптеген толғау, терме, такпақ, өсиет, мысал өлеңдері, он шақты айтысы, он шақты дастаны және Қарасақал Ерімбет ақынмен әйгілі жазба айтысы бар. Сондай-ақ ақынның Данмұрын, Қанды Жүсіп, Кете Жүсіп сияқты Сыр сулеймендерімен жыр сайысы жұртшылыққа кенінен мәлім. Омар осы айтыстарда тапқыр да ұтымды ойларымен, ұятты тілімен, өзін-өзімен талай жұртты таң қалдырған, мақал-мәтелмен, астарлы нақыл сөздерге толы шешендік талантымен көзге түскен.

«Әділ іс» өлеңінде ақын өзінің бүкіл поэзиясына тән адамгершілік қасиеттерді ту етіп, әділдік, шындық, биік парасатты сөз етеді, ізгі ниет мұраттарына адал болуға шақырады. «Сөйле тілім жосылып» өлеңінде ақындық өнердің танымдық, тәрбиелік мән-мағынасын көрсетіп қана қоймай, ел алдындағы азаматтық міндетінің айшықтарын ашып көрсетеді.

Ақын шығармалары терең ойға, тәрбиелік мәні зор жарқын идеяларға құрылған. Поэзиялық тіл шеберлігі, ұятты өлең ұйқасы, нақышты көркемдік әлемі – оның қай өлең, дастанына да тән ерекшеліктер. «Қойшы мен ұры» мысал-өлеңі ұятты тіл, жобалы тұспал тәсілдері арқылы паракор би-болыстарды, пасық байлар мен ел атқамінерлерін сынға алады. Шығыс әдебиетінің ғашықтық сарыны дәстүрінде жазылған «Жарлы Тәліп» дастаны патша қызына ғашық болған кедей жігіттің махаббат арманы жолында терең дария түбіндегі гауһарды алу үшін оның суын тауыса алмай, талап қылып ойлағанда кішкентай ғана меске түтел суды сыйдырып, үлкен байлыққа кенелгендігін әңгімелейді. Дастан оқиғасы қызықты өріс алып, мәстегі суды қайта құйғанда, дария

арнасынан асып төгіліп тасиды. Бұл дастандағы негізгі идеяның түп мақсаты – жігіттердің ерге лайық кәсіп етсе, алыс қияға қол созуға болатынын, жан-жүрегімен, талап-еңбегімен білімге ұмтылсаң, ғылымның, дүниенің мол қазынасы ашық екендігін мысал етеді. «Тастамас талапты ерді тәнірім шөлге. Жатқанның пайдасы жоқ, бекер жасып» деп, тәрбиелік мәні зор ой нақыштарын кестелеп түйіндейді.

Мысал дәстүрінің белгілері кездесетін «Қара шекпен» дастанында достық пен қастық, адалдық пен арамдық шекаралары айқындалып, қара ниет адамдардан сақтандырады, қара шекпен кедей бейнесінен үлгі алуға шақырады. Қара басының қамын ойлап, қиын сөзге бұлталаңға салатын арам ойлының зулымдығы айқын көрсетіледі. «Өмір өрнектері», «Ағалық кеңес», «Жастарға өсиет» атты ұзақ толғауларында жас ұрпаққа айтқан тәрбиелік мәні зор ақыл-кеңестері, адамгершіліктің ізгі қасиеттерін ту еткен дидактикалық ой-сарындары басым келеді.

Ақынның «Құлахметке» деген шағын өлеңі жөн-жосықсыз сән қуған, ана тілін де, өзге тілді де жарытып білмей, өмірден орнын таба алмай жүрген жастарды сынға алады. Оның адамгершілікке, қайырымдылық пен әділеттілікке, туған жерге сүйіспеншілікке шақырған толғаулары мен термелері, ғибрат өлеңдері, шындықты шырқырай айтқан өткір де батыл айтыстары, тәрбиелік маңызы зор нақыл сөздері мен өсиет өлеңдері, дидактикалық шығармалары XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ поэзиясында өзіндік орны бар көркем туындылар ретінде бағалануға лайық.

**Көлбай Төгісов (1879 – 1919)** – өзге де Алаш арыстары секілді, алғашында ағартушылық бағыттағы шығармаларымен көрінді. Өлеңдерінің басты тақырыбы халықты білім-ғылымға үндеу, оларды оянуға шақыру болды.

Көлбай Төгісов Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан уезінің Шорға болысында дүниеге келген. Әуелі Зайсан ауыл шаруашылық мектебін, сонсоң Орынбордағы заң оқуын бітірген. Санкт-Петербург университетін экстерн жолымен тамамдаған. Патшалық Ресейдің отарлық саясатына қарсы шыққан зиялы қауым ортасында белсенді күреске қатысуы Көлбайдың азаматтық бейнесімен бірге шығармашылық жолының ашылуына да оң ықпал етеді. Ол әуелі баспасөздегі жалынды көсемсөз мақалаларымен көрінеді. 1905-1907 жылдары Алаш арыстары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ж.Ақбаевтармен бірге патша өкіметіне қарсы «Петицияға» қатысып, оның мақсат-мұраттарын өзінің қайраткерлік қызметіне негіз етіп алады. Дауылды, сынға толы жана ғасырдың туып келе жатқанын ел санасына сіңіріп, алғы күнге үміт артады. Бұл ғасыр қазақтың ғасыры болса екен деген асқақ арман ақын жүрегіне дем береді.

Аласқан алашынды жолға бастап,  
Жүректің дәрі ізделік жарасына.  
Көзінді аш таң келеді, оян, қазақ!  
Мәз болмай кісіліктің жаласына.

Осы тақырыпта жазылған бірқатар өлеңдер “Надандық құрбаны” атты кітаптың алғы беттерінде жарияланған. “Зармыз”, “Қош”, “Құрбыма”, “Қайғы”, “Адастың, қазақ”, “Дүниеге келдің”, “Тұр дегенім надандық” секілді өлеңдері ақынның еліне арнау сөзі ретінде бірін-бірі толықтырып отырады.

“Надандық құрбаны” — Көлбай Төгісовтің жеке шығармашылығында ғана емес, жалпы қазақ драматургиясының тарихында өзіндік орны бар тұңғыш пьесалардың бірі. Сол арқылы өз уақытының көкейкесті мәселелерін көтеріп, берік байламын жасаған автор жана жолдың жаршысы ретінде танылды.

Көлбай Төгісовтің айтыс жанрына қатысты тағы бір еңбегі — Гүлжан мен Ақтамбердінің арасындағы сөз қактығысын түсіндірген жыр нұсқасы. Автордың өзі бұл айтысты жазудағы мақсатын қазақтың дарындылығын, сөз өнерінің жетістігін дәлелдеу деп айтады.

Қорыта айтқанда, Көлбай Төгісов — XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінде, қазақ көсемсөзінде өзіндік із қалдырған тұлға, әдеби шығармашылығына қоғам қайраткерлігін ұштастыра білген азамат. Қазақ драматургиясын алғашқылардың бірі болып үлес қосқан.

Оның есімі ұлттық әдебиетіміздің тарихында аты аталып, шығармашылық мұрасын кастерлеп ұстауға әбден лайық.

**Ақылбек Сабалұлы (1880-1919)** — XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген, әдебиет тарихынан орын алуға тиісті ақындардың бірі. Ол араб, парсы, түрік тілін жетік меңгерумен бірге, орыс тілін әжептәуір біліпті. Түрлі қиссалар жазып, бірнеше кітаптар шығарған. Оның өз сөзіне қарағанда, 29 кітабы жарық көрген. Олардың көбі қисса түрінде болып келеді. Солардың он сегізі ғана Қазақстан Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасында сақтаулы, қалғандарын Мәскеу, Ленинград, Қазан қалаларынан ғана табуға болады. Ақылбек Сабалұлы небәрі отыз тоғыз жас қана ғұмыр кешіп, өмірден ерте аттаныпты. Туған жері Абай ауылы болғанда, шешесі жағынан ұлы ақынмен туыстығы да болған сияқты. Сондықтан ол Абайдан көп үйренген, оның өлеңдерін зер салып, зерттеп, үніле оқыған; тіпті бүкіл шығармашылық мұрасын түгелге жақын жатқа білгенге ұқсайды. Өз өлеңдерін жазғанда, Абайдың жыр жолдары мен шумақтарын қосып жіберетін жері де болған. Ондай жағдай оның, әсіресе

«Қисса Назым» атты кітабында баршылық.

Ақылбек Сабалұлы тоғыз жасынан бастап молдалан оқып, он үш жасында өлең жаза бастаған. Алайда оның сол жастау кезінде айтқан немесе жазған шығармалары бізге жетпеген.

Ақылбек Сабалұлы өлең, қиссаларында адалдықты, кісілікті, қарапайымдылықты, қажырлы еңбекті, тіпті оқу мен білімді де жатпай-тұрмай үйрену керектігін дiтгейдi. Өзi оқырмандарына жақсылықтың сонынан шам алып түсудi, жайсаң жандарды қадірлеп-құрметтеудi баса айтып отырған. Шығармаларының қай-қайсысында да әділдік пен шындық жөніп, қараулық пен қаскөйлік жеңіліс тауып отырады.

«Сұм заманда»<sup>29</sup> адал еңбек пен кісіліктің адамы барлық мұрат-мақсатына жетеді де, керісінше өркөкірек, тоғышар, жалқаулар өне бойы жер шұқып, төмен қарап қала беретінін көреміз. «Қисса Ибраһим Хасипнамаулы»<sup>30</sup> атты шығармасында жас кейіпкері Ибраһим бір қыздың суретін көріп, соған сыртынан ғашық болады да, көп азап тартады. Бұл шығарманың негізгі айтаыын деген ойы — шын іздеген адам жоғын табады, беріле адал сүйген жігіт ғашығына қосылады дейтіндей. Ал «Қисса Хикмет — Нығыметте»<sup>31</sup> адам баласының бүкіл мұрат-мақсаты артына ұрпақ қалдыру екені айтылады.

Ақылбектің айрықша тоқтауды керек ететін кітабы — «Ғиبرات-наме». Ол осы еңбегінде өмірге, адамдарға, жақсылық пен жамандыққа, қараңғы мен жарық сәулеге, ақ пен қараға, барлық пен жоқтыққа жан-жақты ой жібереді:

Сөйлесем келістіріп сөзім ашық.

Жасымнан қисса сөзге болдым ғашық.

Жай сөзді өлең қылып хатқа тізсем,

Бұған да естіген жан болар ғашық<sup>32</sup>.

деп ақын бір сәт бүкіл кеудесін қысқан тапшылығы мен келеді тұрмысын ұмытып, домбыраға саз қосып, тебірене толғайды. Ол кезде жұрттың көбі хат танымайтын. Ал қара сөзбен қаншама тегіліп айтқан әңгімен ел есінде қалмаса керек. Сондықтан айтар ойын өлеңмен жеткізгісі келеді. Бір буын мен екінші буын, бір сөз бен екінші сөз, бір жол мен екінші жол, бір шумақ пен келесі шумақтың ара қатынасы бір бүтін беріктікпен жымдаса тұтас берілетіні, тіпті ой мен қиялдың өрбінде де белгілі шарттылықтың

<sup>29</sup> Сұм заман. Қазан, 1911.

<sup>30</sup> Қисса Ибраһим Хасипнамаулы. Қазан, 1911.

<sup>31</sup> Қисса Хикмет-Нығымет. Қазан, 1910.

<sup>32</sup> Ғиبرات-наме. Қазан, 1911, 3-б.

болагыны оны ерекше еліктіреді.

Ақын өз өлеңдерінде туыстық қарым-қатынасты, достықты көп жырлаған. Жақсы, жанашыр сыйластықты ансап іздеген, емреніп күткен.

Ағалар, қастық қылма достасына,  
Арамдық кіртізбеніз ықыласына<sup>33</sup>, —

дей отырып, оқушысын, бүкіл көпшілік қауымды адалдыққа, кісілікке парасаттылыққа шақырады.

Оның шығармашылығында жақсы әйел мен сұлу қыздың бейнесі біршама тәуір берілген. Ол көбінесе қыздардың ішкі жан дүниесінен гөрі, сыртқы көрінісін, тұлғасын жырлапты:

Қыз байғұс жіп-жінішке өрім талдай,  
Сөзі бар сөйлегенде шекер-балдай.  
Жүзі оның ақ болғанда, қасы қара,  
Мысалы он төртінші туған айдай<sup>34</sup>, —

деген жолдарда әп-әдемі сурет бар. Сіздің көз алдыңызға сондай бір ғажайып жанның бейнесі келеді.

Сұлу қыздың сыртқы бейнесімен бірге, ішкі жан сыры әр қырынан ашылған ақынның өте тәуір туындысы — «Таһир-Зуһра» дастаны. Ол бұл шығарманы татар тілінен аударыпты. Ақын көзінің тірісінде лиро-эпостық осы жырды екі рет (1910 және 1911 жылдары) Қазан баспасынан шығарғаны белгілі. Содан кейін 1976 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Ғашық-наме» кітабына енген (Құрастырушы — Ү. Субханбердина).

Халық ішінде осы жырдың екі нұсқасы белгілі. Алдымен Қазаннан кітап етіп бастырып, жұртшылыққа таратқан Ахмед Оразбаев. Екіншісі — Ақылбек Сабалұлының жырлаған нұсқасы. Бұл нұсқа басынан аяғына дейін таза халық тілінде жазылған, он бір буынды кара өлеңмен төгіліп отырады. Ішінара кейіпкерлердің сөзі қазақтың жеті-сегіз буынды жыр үлгісімен берілген. Сондықтан бұл шығарманы қазақтың төл туындысы деуге әбден болатын сияқты.

Дастанда екі ғашық бесікте қатар тербеліп, көлге бірге шомылып, сабақты да бір ұстаздан оқиды. Екеуінің аты өздері тұмай тұрғанда дәруіш қойған.

Жырдағы басты кейіпкер — Таһирдің көрмеген қиындығы, тартпаған азабы жоқ. Ол Зуһраның жолында басын өлімге де тікті.

<sup>33</sup> Ибраһим Хасипнамалының қиссасы. Қазан, 1910, 15-б.

<sup>34</sup> Хикмет-Нығметтің қиссасы. Қазан, 1910, 7-б.

Бір үзім нан, бір жұтым сусын таппай зарықты. Алайда ойынан ешқашанда сүйген ғашығын шығарған емес. Оның жұтқан ауасы да, лүп-лүп соққан жүрегі де, тыныс-тірлігі де — Зуһра. Қысқасы, Зуһра — Таһирдің екі көзінің, екі қолының сынары, екеуі бір бүгін, бөлінбес ғажайып әлем. Дастанды саралай қарасақ, драмалық тартысқа толы, оқиғасы қою, тілі көркем туынды.

Ақынның ел ішіне мол тараған тағы бір туындысы — «Бозжігіт» дастаны. Ақылбек осы шығармасын 1910 жылы төмамдап, 1911 жылы «Қисса-и Бозжігіт» деген аппен Қазан қаласынан шығарған. Қазақ тілінде жырланған ғашықтық дастаны ел ішінде тез тарап, ертеден мәлім болды. Қайым Мұхаметхановтың айтуынша, «Бозжігіт» дастанының қазақ тілінде 1842 жылы жазылған нұсқасы академик В.В. Радловтың 1870 жылы жарияланған («Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной Сибири и Джунгарских степях» атты кітабына енгізілген).

Ақылбек Сабалұлының бүкіл шығармашылық мұрасын жинақтап айтар болсақ, адам бойындағы кісілік, парасаттылық, адалдық, қажырлы еңбек, оқу-білім, өнерді жырлау дер едік.

**Тұрмағамбет Ізгілеуұлының (1882—1939)** — қазақ сөз өнерінің тарихында ұлттық және әлемдік фольклор мен әдебиет үрдістерін сабақтастыра мөңгерген дарынды тұлға. Ол бұрынғы Сырдария облысының Казалы уезіндегі Қуандария болыстығының 2-ауылында, «Ақтайлақ кезен» деген елді мекенде (қазіргі Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Тұрмағамбет ауылы) дүниеге келген. Оның оқып білім алуы екі кезеңнен тұрады: біріншісі — туған ауылындағы ағартушы имам, ахун ұстаздардан алғашқы білім негіздерін игеруі; екіншісі — Бұхара қаласындағы көрнекті оқу орындарынан («Мир-Араб», «Көкелташ» медреселері) діни және әдеби білім алғаны. Бұхара қаласындағы медреселерден ислам дінінің бас кітабы Құран Кәрімді және ислам тарихын, көрнекті діни қайраткерлер (Мұхаммед пайғамбар және сахабалар) қызметін толық оқып үйренген. Сонымен бірге, Бұхара кітапханасынан Шығыс халықтарының (түркі, араб, парсы, үнді, т.б.) фольклоры мен әдебиеті үлгілерімен, философия және тарих ғылымдары мураларымен жан-жақты танысады. Оқу жылдарында Шығыс халықтары мұраларын түркі-шағатай, араб, парсы тілдеріндегі нұсқаларынан оқып игеру оның бұдан кейінгі ағартушылық-ұстаздық, ақындық шығармашылық қызметінің негізгі өзегі болды.

Ақын шығармалары әр жылдары жарық көрген жеке кітаптарда («Рүстем-Дастан», 1961; «Шаннама: Рүстем-Дастан», 1-2-кітаптар, 2004; «Назым», 1972, 1982 жж.), өлең жинақтарындағы («Айтыс», 2-т., 1965; Бес ғасыр жырлайды; 3-т., 1985; 2-т., 1989; Ай, заман-ай, заман-ай, 1991; Қазақ поэзиясының антологиясы (XX

ғасырдың бас кезі, 1992) топтамалар түрінде жарияланды.

Әдеби мұрасы туралы бірқатар зерттеулер бар. Олардың ішінде «Қазақ әдебиетінің тарихындағы» (2-т., 2-кітап, 1965) М.Қаратаев, М.Байділдаев жазған тарауды, «Қазақ совет энциклопедиясындағы» (II-т., 1977) макаланы, Ө.Күмісбаевтың (Т.Ізтілеуов және оның Рүстем—Дастаны) сияқты еңбектерді атап кетуге болады.

Тұрмағамбеттің шығармашылық жолы екі кезеңнен тұрады: біріншісі — 1905—1925 жж. арасында өз ауылындағы «Ақтайлақ кезең мекенінде мектеп ашуы, сол кезеңде ұстаздық қызмет пен ақындық шығармашылығын ұштастыра жүргізгені; екіншісі — 1926—1939 жылдар арасындағы ақындық шығармашылық кезеңі. Бұл кезеңдегі 1936—1937 жылдары ол Қазақ ССР Халық ағарту комиссариатында ғылыми қызметкер болып істеп жүріп, Фердаусидің «Шаһнамасын» 40 мың жолдай нәзіралық тәсілмен жазып шықты.

Тұрмағамбеттің әдеби мұрасындағы өлеңдердің лирикалық, дидактикалық ерекшеліктері сабақтаса жырланған. Оларда көңіл-күй («Ой», «Мен қалдым қайғы-қасірет қапасында», «Кәрілік көріністері», «Туған елге сөлем хат», т.б.), саяси-әлеуметтік («Қу заман», «Тар замана», «Кіріптар», «Ұшқын», «Жер жүзін жеті қабат зұлмат басты», т.б.), махаббат («Сымбатты сұлу», «Ақжібек», «Кұлпы қыз», «Сұлу қыздың кескіні», «Көңіліме гүлі егілді махаббаттың», т.б.), табиғат («Жыл келді», «Сыр бойы», т.б.) тақырыптарындағы ақынның сыршыл сезімді толғаныстары, тебіреністері өрнектелген. Ақын өлеңдерінің басым бөлігі философиялық лирика түрінде жазылған.

«Назым», «Адамдық іс», «Толымды жігіт», «Абайды оқығанда», «Өнер бәйгесі», «Ұядан ұшқанда», «Шөлмек», т.б. туындылары және төрттағандары — осы сипаттағы шығармалар. Аталған өлеңдерде фәнидің өткінішілігі, тіршілік қозғалыстарына, құбылыстарына, адамдардың қарым-қатынастарына, қасиеттеріне тән қайшылықтардың күресі мен бірлігінен тұратын заңдылықтар жүйесі жырланған. Әсіресе, ақынның төрттағандары Шығыстың классикалық поэзиясындағы осы жанрдың көркемдік жалғастығы тұрғысында көрінеді.

Ақынның нақылдары да дәстүрлі шешендік сөздермен, фольклордағы макал-мәтелдермен үндес поэтикалық сымбатымен ерекшеленеді. Тұрмағамбеттің нақылдарында адамдардың қарым-қатынас мәдениеті, адамгершілік қасиеттер, сөз өнерін, ғылымды, оқуды ұлықтау, азаматтық парыз, отаншылдық, әкімдердің сипаты, отбасы ұлағаты, т.б. мәселелер камтылған.

Насихат өлеңдері («Қайрама халыққа тісінді», «Қайтсең де өз халқына қызмет қыл», «Қамын ойла халқынның», «Арқанның

ауруы не қозбайтуғын?», «Жырынды жаз жөрмелеп», «Асықпа, аяғыңды абайлап бас!», «Айтқаның тыңда ағаның», «Татулық — таусылмайтын кен», т.б.) де ақын шығармашылығының ағартушылық-гуманистік дүниетанымына тән эстетикалық көзқарастарын танытады. Бұл топтамада жеке адамның қоғамдағы қызметі, өркениет жетістіктерін игеру мұраттары, өнердің эстетикалық ықпалы, әлеуметтік қарым-қатынастардың қоғамның дамуындағы маңызы, т.б. маңызды мәселелер көркем шыңдық тілімен жырланған.

Сатиралық өлеңдері («Еңбегің ессізге еткен еш болады», «Молдаларға», «Құлжан биге», «Мырзаның мінезі», «Насыбай», «Шылым», «Арақ», «Сөз берсем түзеймін» деп бұзасындар», т.б.) — сыншылдық-ғибратшылдық сарынмен адамдарды қоғамдық-әлеуметтік ортаның жағымсыз жақтарынан аулақ болуға шақыратын өз алдына бір төбе.

Ақынның жазбаша айтыстары («Тұрмағамбет пен Шәді төре», «Алты ақынның өмір тұралы айтысы», «Тұрмағамбет пен Әбілқәрім», «Тұрмағамбет пен Жүсіп», «Тұрмағамбет пен Сәнбала»), ақындр айтыстарына айтқан аралық сөздері («Омар мен Таубайдың Жүсібіне» «Омар мен Нұрмаханға», «Қанлы Жүсіп пен Кете Жүсіпке айтқан соңғы билігі»), «Кете Жүсіп пен Данмұрынға») фольклор мен әдебиет дәстүрлерінің ақындық поэзиядағы көркемдік-эстетикалық жанашылдықпен дамуын көрсетеді. Дидактикалық-философиялық мағыналы мазмұнмен жырланған жазбаша айтыстарда және аралық сөздерде тіршілік қозғалысындағы жеке адам тұлғасының әлеуметтік мәні, қазақ тұрмысындағы этнопедагогикалық-этнопсихологиялық дүниетаным, ұрпақтар жалғастығы, Фәни мен бақи дүниенің мәңгілігі, жалпы адамзаттық гуманистік мұраттар, т.б. сан алуан мәселелер қарастырылған.

Тұрмағамбет қаламынан туған мысалдар («Лұқпан хакім», «Ата мен бала», «Сүлеймен мен кірпікшешен», «Төрт дос», «Дарак пен сая», «Жолаушы мен дана», «Қара қоныз», «Көкқұтан мен шымық», «Өгіз бен есек») сюжеттік, идеялық-композициялық құрылымдағы диалогтары, дидактикалық түйінделулері арқылы шағын көлемді эпикалық туындылар тұрғысында жырланған.

Дастан жанрындағы туындылары («Мәрді дихан», «Данышпан қарт», «Тұтқын қыз», «Рауа бану», «Әшкәбус», «Мақта», «Соқыр мен ақсақ», «Есер мен есті», «Ескендір», «Үш бөңкөр», «Шаһнама») қазақ поэзиясы мен Шығыстың классикалық әдебиетінің шығармашылық ықпалдасуы аясында жырланған нәзіралық эпикалық шығармалар қатарында бағаланады.

Көріп отырғанымыздай, Тұрмағамбет Ізтілеуының әдеби

мұрасын қазақ және Шығыс халықтары классикалық мұраларының сабақтастығын таныта алатын рухани мөдениет құндылықтары деп бағалауға әбден болады.

Мұхамедсәлім Кәшімов (1884 – 1935) – белгілі ақын, жазушы, журналист. Бұрынғы Ақмола облысы, Көкшетау уезіндегі Қотыркөл болысының азаматы, өз кітаптарына «Мұхамедсәлім ибн әлхаж Ғабдолла Рахман Кәшімов» деп қол қойып (лақап аты «Көкшетауи») отырған. Шығармаларынан оның ескіше де, орысша да оқыған білімді адам екені аңғарылады. «Айқап» журналында қызмет істеген 1911–1914 жылдары Жетісу, Алтай өңірлеріндегі қырғыз, қытай елдеріндегі қазақтарды аралап, солардың өмірінен мақала, очерктер жазған.

Ол қазақ қоғамының мәдени-әлеуметтік даму жағынан артта қалу себептерін көшпелі өмір жағдайы мен өнер-білімнің кенжелігінен деп санап, жұртты еңбекке, көрші елдердің өнер, білімін игеруге шақырды. Мешеуліктен арылып, қатарға қосылудың дұрыс жолы жаңа буын жастарды оқыту деп түйген ол сол тұстағы мұсылманша оқу жүйесімен қатар, мәдениеті озық орыс елінің ғылым-білімінен де сусындауды ұсынады.

«Насихат қазақия» атты толымды еңбегінде жалқаулықты аяусыз сынай отырып, адамның адам болмағы тек біліммен, жігітке қылжақтап бос жүру өнер емес деген мәнді ой түйеді. Нандық курсуауында қалып, қалың ұйқыда жатқан елін ояту үшін М. Кәшімов ел-жұртты алдыңғы қатарлы оқу-өнерді игеруге шақырумен қатар, адал еңбек, тұрақты кәсіпті игеруге үндейді.

Адамға ауыр дәулет бойын бақлақ,

Пайдасы жоқ сөздерден бойын сақтап.

Жігіттің семірмесі мағыл-дүр,

Бос жүру, өнер емес қылжалақтап.

Көшпелі қазақтар ғой күрке астында,

Өнер жоқ олай жатып дөңке астында,

Шығыңыз қараңғыдан жарық жаққа,

Қанды ғой жатуымыз көрпе астында...

Мақтанып киім менен атымызға.

Не керек, соны ойлайық басымызға.

Жан-жаққа қарау керек бас көтеріп,

Ұйқыны ләзім көрмей затыңызға.

Табылмас адамдығың таласқанмен,

Болмайды түзу бірдей адасқанмен.

Пендеге кәсіп керек әрбір істе,  
Табылар кәсіп етіп қарасқанмен!<sup>35</sup>

Ақын өз тұсындағы қоғамға тән елеулі мін-кемшіліктерді ашық сынап қана қоймай, жеке адамның мінез-құлқ, іс-әрекетіндегі етек алған бейқамдық пен өнерсіздік, жалпы надандық атаулыға қарсы шығады. Осы орайда ол жатып ішер жалқаулық пен ел арасын ашатын есек аяңды айықпас дерт санап, одан тезірек арылуға шақырады:

Өнеріміз қымыз ішіп, ет астырған,  
Біздерде надандық көп тұнып тұрған.  
Замана қалай болса, бөрік солай,  
Шығайық сол тараптан адастырған.

Пайдасы жоқ бос сөзге әркім жетік,  
Бұл сөзге талас қылма, көңілі тетік.  
Тас жібіп балқымайды байласаң да,  
Өнерсізден жұрмейік болып кетік!<sup>36</sup>

Ол сол кездегі бүкіл халық алдындағы міндеттердің ең маңыздысы – болашақ жастарды жаңаша тәрбиелеп оқыту мәселесі деп санайды. Оның, әсіресе әдеп, этика, адамгершілік, тәлім-тәрбие туралы түйген педагогикалық ой-толғамдары мен қалың бұқараға арнап айтылған келелі кеңес, тұжырымды пікірлері де назар аударуға тұрарлықтай. Бұл тұста оның тәрбиелік көзқарастарының ұлы ағартушы Ы. Алтынсариннің ғылыми ой-пікірлерімен терең ұштасып жататынын көреміз.

Ақынның «Үгіт» (1907 ж.), «Ақыл кітабы» (1908 ж.) деген жинақтарында адамгершілік, достық, әдеп, тазалық, өмірлік және отбасылық қарым-қатынас, оқу-білімді үйрену, өгірік-өсектің, надандықтың зияны туралы сөз болады. Автор жинақ-терген тәжірибесі мен келелі кеңес, ой-пікірін жастарға арнағандықтан, кітаптың барлық тарауларын балалар ұғымына лайық әр алуан тақырыпшаларға бөліп, бастан-аяқ белгілі бір нақты мәселелерге құрып отырады. Мәселен, «Үгіт» атты кітабының «Бірінші үгіт» деген алғашқы тарауын ол: «Оқу оқып, міллетке қызмет ету бірінші міндетіңіз. Ата-ана, қарындастарыңызды қандай сүйсеңіз, міллетті сүюді де сондай біліңіз, сол үшін жаныңызды құрбан қылыңыз» деп бастаса, достық туралы кейінгі тарауында жақсы мен жаманды қалай айыру керектігін, кімнің көңілі шын сыйластықты

<sup>35</sup> М. Кәшімов. Насихат қазақия. Қазан, 1908, 21-б.

<sup>36</sup> Сонда, 22-б.

тілейтін, кімдер уақытша дос екенін, жалпы жалған достықтан сак болу қажеттігін саралап ашып береді.

М. Кәшімовтың педагогикалық көзқарастарын танығатын «Әдеп» атты келесі бір кітабында сол тұстағы жастар үшін тәрбиелік мәні бар көптеген мәселелер көтеріліп сөз болады. Олар: ата-ананы қадір тұту және дос, жолдас-жораны құрметтеу, ұстазы мен мектепке, білім көзі – кітапқа деген сүйіспендік, тіпті киім кию мен қонаққа болу, тамақ ішу, әңгімелесу мәдениеті мен жалпы қарым-қатынас жайттары туралы болып келеді. Бұлардың бәрі халқымыздың ғасырлар бойғы қалыптасқан адамгершілік, эстетикалық, моральдық принциптерімен терең ұштастырыла баяндалады.

Ақынның өзге туындыларынан окшаулау тұрған тағы бір шығармасы – «Сұлу қыз» дастаны<sup>37</sup>. Ол мұны: «Бозбалалардың өтініші бойынша жаздым», – деп көрсетіп, аяғына «Көкшетауи» деп қол қойған. Бұл ақынның кең құлашты поэма жанрында алғаш күш сынап, қалам тартуы еді.

Дастан Алтын Орда дәуіріндегі көне түркі әдебиетінде бір кезде дәстүрге айналып кең тараған сөлем хат, наме үлгісінде жазылған. Осы талаптарға орай автор өзі жыр арнаған сұлу қыздың елден асқан көркі мен сын-сымбат, мінез-құлқын асыра сипаттау үшін оған хат артынан хат арнау арқылы сүйіспеншілік, махаббат сырын шертеді.

Ақынның елеулі шығармасы – «Мұңлы Мәриям» атты туындысы. Автор мұны «Қазақ тілінде роман» деп атап, алғашқы беташарын (эпиграфын) мынадай өлеңмен бастайды:

Сөзімді салдым майданға,  
Алаш ұлы көз салсын.  
Қызы болған адамдар  
Мұны көріп үлгі алсын<sup>38</sup>.

«Мұңлы Мәриям» өзінің түр-құрылысы жағынан да ерекше сипатқа ие. Жазушы бұл шығармасында қара сөзбен қағар, керекті тұстарда (лирикалық шегіністер мен ғашықтар жазысқан хаттарда) өлең түрін де жиі қолданып отырған. Бұл тәсілдің кезінде С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романында да кең көрініс тапқанын білеміз. Мұның бәрі тек сол тұстағы әдебиетімізде поэзияның өзгелерден басым сала болып келгендігінен ғана емес, қайта бұл – поэма авторының өмірді ақынша ұғып, қабылдауынан еді.

Ақын казак халқының дамуына зиянын тигізіп отырған, бір

<sup>37</sup> Сонда, 8-9-б.

<sup>38</sup> М. Кәшімов. Мұңлы Мәриям. Қазан, 1914.

кесел – қалың мал дәстүрі деп санайды. Осыған байланысты өрбигін әр алуан жер дауы, әменгерлік, барымта сияқты үйірлі қырсықтар ел-жұрттың әлеуметтік-мәдени мешуегіне бірден-бір себепші екенін біліп:

Қазақта қалмай жүрген ата салты,  
Қызметке міллет үшін тым-ақ салқын.  
Көз салған ілгеріге біреуі жоқ,  
Артында төмам жұрттың қалшы халқын, –

дей келіп, келесі кезекте өндірішіндей жас Мәриямның тікелей нағандық құрбаны болуына қос қатын алу, қарсы құла, әменгерлік сияқты ескі ғұрып, ата салты себеп болды деп дұрыс пайымдайды. Ол осы арқылы әлгіндей ел ішінде етек алған көне салт, әдет-ғұрыптарға қарсы батыл күрес ашады.

«Мұңлы Мәриямдағы» оқиға бастан-аяқ қара сөзбен өрілсе де, ондағы сүйіскен екі жастың бір-біріне жазысқан хаттары, олардың ойын-тойдағы жауаптасу сөздері, жоғарыда айтылғандай бірінғай өлеңмен беріліп отырады. Мәриямның мұң-зары мен арман-мүддесін сыр қылып шертенде де, автор ағыл-тегіл өлең-жырға ерік береді. Жауыздық-зұлымдық көзі – ескі салт-сана, көне әдет-ғұрып екенін Мәриям анық ұғынып түсінсе де, өзінің бас азаттығын қорғау жолында батыл әрекеттер жасай алмайды. Қайта көп жылдар бойы жазықсыз зынданда жатып, кейін Мысырға патша болған әйгілі «Жүсіп-Зылиха» дастанындағы оқиғаны еске алып, «Сабыр түбі сары алтын» деген қағидалы пікірді ұстанады. Бойындағы бар ашу-ыза, кек-наразылығын сол қара ниет жауыздарға арнайды да, ол өз басындағы жайтты сол кездегі бүкіл казак қыздарының басындағы қаралы оқиға тұрғысында ұғып, бейтарап қорытынды жасайды:

Ішінде қалың тұман жол таба алмай,  
Аласқан ақылынан мен бір ғарып.  
Ғұрыптың зынданына тұтқын қылмай,  
А, тәңірім, көрсетсеңің қашан жарық?  
Табылса қариларлар сағқалы отыр,  
Ағалар алып сатар біз бір сарық.  
Қазақта ғұрыл деген бір азғын жол,  
Қыздардың жететұғын түбіне сол.

Жазушы сүйіскен екі жастың бір-біріне деген ыстық ықылас, ізгі ой-арманын ашуға орай түпкі ойды астарлау, бүкпелеп мысалмен сөйлеу әдісін ұстанады. Бұл – осы аталған шығарманың басты бір бейнелеу, көркемдік тәсілін белгілейді деп айтуға болар еді.

Осындағы жиһан кезген ақ сұңқар мен бақтағы сайраған бұлбұл, «қапаста отырған бұлбұл қасындағы қарға» іспеттес бейнелердің Мәриям мен Ғалым басынан өткен оқиғаларды мензейтіні көрініп тұр.

Қорыта айтқанда, М. Кәшімов – өз туындыларымен артына елеулі із қалдырған жазушы. Сан алуан шығармалары арқылы ол ел-жұрттың сана-сезімін оятып, жастарды оқу, білім, өнерге үндеді, қазақ қыздарының өмірдегі орнын әңгімелеп, олардың бас бостандығы мен азаттығын қорғады, соған кедергі болып келген қалың малға қарсы шықты.

**Қуанышбай Сатбақұлы (1885–1964).** Бұрынғы Семей облысының Ақсуат ауданындағы “Көкжыра” ауылында туған. Болмысынан еті тірі, ойы сертек, ізденімпаз жас талап ақын Қуанышбайдың ерекше қасиеттері жасынан жерлестері аузында аңыз болып айтылған. Сондықтан болар, оның жыр жолдарында қазақы болмысқа тән, ой азаттығы айқын сөз ұйқастары, өлең өрімдері молынан ұшырасады. Ол туып өскен ортада ұятты сөзге ұста, бетің бар жүзін бар демей, айтарын тура айтатын қайсар мінезді адамдар көп болған. Қуанышбай өлеңдерінде де осы ерекшелік көрініс береді. Ерттеркте Қуанышбай ақынмен көршілес Андағұл деген бай тұрыпты. Ол егіншілікті кәсіп еткен, қолы ашық, жомарт адам болыпты. Қуанышбай бір жолы алыс сапарға кетіп бара жатып, жол үстіндегі Андағұл байға сәлем беруге бұрылады. Келсе, Андағұлдың үйінің іші толған қонақ гүллесіп тамақ ішіп отырады. Андағұл да Қуанышбайды көріп қуанып, аяқ астынан қолқа салады:

— Ақыным, міне, домбыраң. Ағанды мақтап бір өлең айтып жіберші, — дейді ойламаған жерден. Ақын домбыраны қолына ала салып:

— Әнеке, артың-жетіңіс, алдың-сексен,  
Қайратың үзуші елі темір тепсең,  
Еңбегің өнбей қалып көрген емес,  
Кәсіп қыл, қара жерге егін ексең.  
Қызығың мал мен бастың бірдей көрдің,  
Дәл бүгін арманың жоқ өліп кетсең,  
Жыллына бір көкшегір ұл туғызған —  
Қалады-ау өлсең жерде қайран бөксең, —

деп төге жөнелген екен. Шегір көзді, өні сары Андағұл байдың өзінен аумайтын балалары көп екен. Ақын егіншілікті кәсіп еткен Андағұлдың еңбеккер болмысына сүйсіне отырып, үйіне кірер-кірместен өзін мақтап өлең айт деп қолқа салған байдың желпініп отырған көңілін әдемі әзілмен дәл басып, сипай қамшылауы ақынның сөз шеберлігін байқатады. Бұл өлеңде тарлаң мінез,

бөтен пұғыл жоқ. Әйтсе де қазақы ұғымға сіңімді жатыпатарлық, көзделгенін дәл ілер мергендік, мірдің оғындай дәлдік бар.

Ақынның бір міндегі — ел ішінде жақсылыққа жаршы болу, тербие тарату, тағылымның дөнін себу. Оны әр ақын әр түрлі жолмен жеткізіп отыратыны белгілі. Бірі жұрттың жігерін жанып намысын қайрап төкпелесе, бірі әуезді де нәзік жыр әуенімен тербеп жеткізеді. Енді бірі мәнері бөлек, мақамы дара, астары терең жыр шумақтарын терсе, енді бірі ақ жауын боп жанның шанын сілкіп тазартады. Қуанышбай жырларына осындай қасиеттердің бірсыпырасы ортақ. Ол өзімен бетпе-бет келіп сөз қағыстырған талай мықтыларды саға отырғызған. Суырып салма ақындар Дәуменмен, Кәрібаймен, Әсетпен, Әріппен, Нұрбанумен, Ырысжанмен айтысқан.

Бір жылдары Базар өзенінің бойындағы қалың шидің арасында егіншілікті кәсіп етіп, жатақ атанған Қуанышбай ақынға байдың бір мырза-сымағы келіп, кекете тиіседі. Сөйтсе қалың шидің биіктігінен жатақ үйлерінің тек түтіні ғана көзге шалынады екен. Мырза соны тілге тиек етіп сөйлейді:

Мекені қалың шиден көрінбейді,  
Дыбыс жоқ, еш тіршілік білінбейді.  
“Жатақ” боп жан сақтаған Қуанышбай,  
Нәсіне өлең айтып дүрілдейді, —

деген кезде, әрі намыстанып, әрі мырзаның еңбексіз тапқан малына мәз болған тоғышар кейпін сыңға алып, Қуанышбай былай деп жауап қайтарыпты:

Тандап алған кәсібім егіншілік,  
Үйім қораш болса да, ойым биік.  
Дайын асқа мәз болған “Айдаболым”,  
Сен де жүрмін дейсің-ау өмір сүріп.

Ақынның бай мырзасын ұстаған жері “Айдабол” деген жалғыз ауыз сөз болса керек. Ол елде түн қатып жүріп, жұрттың адал малын ұрлап күн көретін ұрыларды осылай ағайды екен.

Қуанышбай Сатбақовтың үш дастаны бар. Олар — “Сәтбек батыр”, “Қалиакпар” және “Малдыбай балуан” деп аталатын көлемді шығармалары. Бұлардың ішінде “Сәтбек батыр” дастаны Көкшетау жеріндегі болған үлкен шайқаста Ермақтың көзін жойған атақты батырдың ерлігін баяндауға арналған. Екінші аталған дастан “Қалиакпар” — Қазан төңкерісінен кейінгі жылдардағы аласапыран кезеңнің трагедиялық суретін, замана келбетін, бір адамның ғұмыры арқылы жеткізіп берген. шебер

тілмен көмкеріліп жазылған көркем туынды. Мұндағы Қалиақлар – өмірде болған адам. Қалиақлардың әйелі Нұржамал 25 жасында жесір қалады. Кезінде еліне сыйлы болған, адамгершілік қасиеті мол, беделді азамат Қалиақлардың өлімі сол тұстағы тоз-тоз болған талай казак отбасының өмірін танытарлық оқиға болғандықтан, сол қыршын жастың ажалмен айқасып жатқан сәтін, халқының кара жамылған ауыр қалпын өленге түсірген Қуанышбайдың өлен кітабы бар. Қазір ол кітап Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының, Аксаковқа селосындағы Қажығалым Мұқановтың (жазушы-драматург Роза Мұқанованың әкесі) үйінде сақтаулы. Бұл үйде тұру себебі – Қажығалымның жұбайы Фарида дастандағы Сығай қажының немересі болып келеді. Кезінде жарық көрген бұл кітап Фариданың жасауына берілген екен.

Дастан былай басталады:

Әуелден фәни дүние көшпенді еді,  
Тағырдан бұрын адам сескенбеді.  
Асатын ажал келіп жас күнінде,  
Дүниеден бір боздақтың көшкен жері.

Есімін сұрасаңыз Қалиақлар,  
Руы Базар, Баспан – өскен жері.  
Кария Сығай атты әкесі бар,  
Белдеуден арғымағын шешкен жері.

Мынау жас демейді, мынау кәрі,  
Туған соң өлмей қалмас жанның бәрі.  
Далада Қалиақлар сапар шегіп,  
Аға-іні, ауыл-аймақ қылған зары.

Көз көргендердің айтуынша, ұлы Мұқан, Мұхтар Әуезов Қуанышбайдың талантына сүйсініп, кездескен сайын қазақтың зиялылары бас қосқан Орынбор, Ташкент, Алматы қалаларына шақырала екен. Бірақ сан әділсіздікті көрген әрі қызылдар туралы бірде-бір жақсы сөз айтпаған ақын “өз мінін” біліп, үнемі бас тарттады екен.

Асау өмірдің қақпақшыл көп көргенмен, көкірегі ояу, рухы биік қайсар ақын өзінің өмір бәйгесінде кеткен есесін атбегілік өнерімен ұштастырып, бірнеше жылдар бойы соны серік етеді. Тасы өрге домалап тұрған жүрегі отқа толы жігерлі шағында әділетсіз органның кісенін үзіп кете алмаған арғымақ жылдар есесін сүйікті ісімен толықтырып отырады. Ел егемендігімен қатар ескен өмір лебі бір кезде жіберген қателіктерден арылтып, шаң астында қалып қойған қазыналарды қайта тірітіп жатқанының куәсі – сол асылдардың

бірі деп Қуанышбай Сағбаков мұраларының ізлестірілуі болса керек. “Алмас қанжар қын түбінде жатпайтынын” Қуанышбай тағдыры және бір мойындатқандай. Әзірге қолға түскен мұрағат материалдары – ақынның көзін көрген етбауыр жақыны Нұрбану Дуанбекқызының аузынан жазып алған өлен-жырлар ғана. Соның өзі Қуанышбай ақынды танудың алғашқы сурлеуі бола алар еді. Оның әлі де белгісіз жатқан күнлы мұраларының табылатыны күмәнсіз.

Әкірам Ғалымов (1892 – 1913) – ақын, жазушы, драматург. Ол Акмола облысына Уфадан келіп, казак арасына сіністі болып кеткен Мендіғалымның отбасында туған. Ұлты татар. Троицкі қаласындағы “Расулия” медресесінен дәріс алып, кейін Қостанайдағы оқу орындарында білімін жетілдіріп, 1910 жылы казак ауылында мұғалім болған. Әкірам – қос тілде казак және татар тіліндегі әдебиеттің қайнар көзінен сусындап, жазушылық шеберлігін шынлай түседі. Шығармаларын де екі тілде қатар жазған. Жұртшылыққа “Шора”, “Айкап”, “Акмолла” журналдарында жиі жарияланып тұрған өлендері мен әңгіме макалалары арқылы тез танылады. Казак тілінде жазылған “Жастық жемістері” атты тұңғыш өлендер жинағы 1912 жылы Қазанда, “Май мәселесі” атты комедиясы 1913 жылы Троицкіде жарыққа шықты.

Ә.Ғалымов Ғ.Тоқай мен Байронның өлендерін казак тіліне аударып, аударма саласында да өзіндік қолтанбасын қалдырды.

Әкірам 1911-1913 жылдары “Айкап” жураналының редакциясында жауапты хатшы қызметін аткарып жүрген кезінде 21 жасында сырқаттанып, Фәни дүниеден бақина аттанды. Оның азаматтық, қаламгерлік қадір-қасиетін білетін “Айкап” редакциясындағы әріптес достары ақын қазасын қалың оқырманға былай деп қайғырып жеткізеді: “Өзі пақыр болса да көңілі бай, талапты милләтке қызмет етуді көңілі шын тілейтін бір жігіт еді. Жұрт білгір, қолынан іс келетін адамдарға өте мұқтаж заманда Әкірам мырзаның арамыздан жоғалуы біз үшін зор қаза”.

Әкірам Ғалымов шығармаларының негізгі тақырыбы жастарды өнер-білімге үндеу, надалдықпен күресуге шақыру, сол кездегі казак қоғамындағы әйел теңсіздігі, олардың ауыр тұрмысын көрсету, дүмше молдалардың арамзалығын әшкерелеу. Әкірам шығармалары Абай, Ыбырай, Тоқай шығармаларымен мазмұндас:

Ал, жастар! Ойда не бар, баяндайық,  
Етейік елге қызмет, аянбайық.  
Соңында біткен жұрттың қала бермей,  
Біз дағы алға таман аяндайық.



**Білөл Сүлеевтің (1893–1937)** — ұлттық мәдениет, ағарту ісінің белгілі қайраткері, әдебиеттің әртүрлі жанрында қалам тербеген публицист, сайыпқыран сатирик.

Білөл Сүлеев 1893 жылы Жетісудағы Қапал қаласына таяу Баян-жүрек мекенінде дүниеге келген. Әкесі Сүлей ел-жұртына сыйлы, аламық қасиетімен беделді болған кісі екен. Жасынан зирек туған бала Білөлдің бойындағы қабілетін таныған Есенғұл (Маманов) болыс оны өз қаражатымен Уфадағы “Ғалия” медресесіне оқуға жібереді. Бірақ ондағы білім деңгейі ізденімпаз жастың талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан ол Орынбордағы мұғалімдер семинариясына барып түседі. Ондағы “Қазақ” газетімен байланыс жасайды, сонда қосымша жұмыс атқарады. Семинария Білөлге білім нәрін сіңірсе, “Қазақ” жігерін жанып, білігін дамытады. Сол жылдары ол “Матай”, “Қаптағай” деген бұркеншік аттармен бірнеше өлеңдерін, ұлтты мақалаларын жариялайды.

1916 жылы семинарияны үздік бітірген Б.Сүлеев патша жарлығымен қара жұмысқа алынған қазақтарға мыңбасы болып, Минскіге сапар шегеді.

Кенес үкіметінің алғашқы жылдарында ол ұстаздық жұмыспен шұғылданады. Ағарту саласында жауапты қызметтер атқарады. Семей мұғалімдер институтына директор болып тағайындалады.

Білөл Сүлеев педагог бола жүріп, жана жағдайда байқалған ел ішіндегі келеңсіз құбылыстарды қалт жібермей қадағалап, сын садағының нысанасына алып отырды. Солардың біраз көрінісі оның “Қартаға салынған қатын” атты пьесасында батыл әшкереленді. Бұл пьеса Алматы қаласының театрында қойылды.

1922 жылы “Ақ жол” газетінде жарияланған “Жүт жеті ағайынды” — дейтін өлеңі Білөлдің ақындық шеберлігін айқыны танытқан шығарма болды. Онда автор ел басындағы нәубетті, оған себеп болып отырған жеті түрлі қоғам дертін ерекше тәсілмен бейнелеп жеткізеді: қазақы ұғымға түсінікті ертегі желісімен ұлттық трагедияның жай-жапсарын жеті қырынан ашады. Сюжетке құрылған шығарма ішінде көрінетін кейіпкерлер: Отаршылдық, Ашаршылық, Мансапшылдық, Оба, Жүт, Надандық, Ырың-Жырын. Осы жеті ағайынды таялдар қазақтар жанын олардың әрқайсысының таптап, тұншықтырып жатқан жайын олардың ерқайсысының өз аузымен айтқызады. Сондағы бірінші болып сөз бастаған Отаршылдық сөзіне күлақ түрелік:

Айт десендер, айтайын, шырақтарым,  
Алпыс жыл Сарыарқада тұрақталдым.  
Алатау, қырын бар ма, сырын бар ма,  
Дәм татып бәрінен де суатталдым.

Қазақты қырғыз бенен аралашым,  
Орнынан тырп етпес қып жараладым.  
Нулы жер, сулы өзен, жайлы қоныс,  
Бәрінен жұрдай қылып тазалашым.

Қырғызды қудым таудың саласына,  
Қазақты — Қызылқұмның арасына.  
Көкөрай шалғын, шабыс, шалқар көлін,  
Әпердім көккөзімнің баласына.

Айдалым шөпке түскен танадай ғып,  
Алдалым асқа алданған баладай ғып.  
Қолында азын-аулақ мал қоры бар,  
Әттен дүние, соны алсам талапай ғып.

Міне, қазақты өз жерінде өгей ұлдай сыртқа тепкен, оның бар байлығын барымталап, оған қоса сүттей ұйыған бірлігін ыдыратып, ылаң салып отырған отаршылдық шын сырын осылайша жайып салады.

Келесі сөз Мансапшылға тиеді. Қазақтың қанына сіңіп, болмысына еніп келе жатқан бұл дерт іштен шалар жаулығын айтып бөседі.

Отаршылдан кем емес менің бағам,

Мен — інісі, ол — менің туған ағам.

Ол мұжыса қазақты сырт жағынан,

Шешен болып мен іште жатып алғам, —

деп кеуде қағалды.

Келесі сөз кезегін алған Ашаршылық, Жүт, Оба дерті бірінің сөзін бірі толықтырып, кейде тіпті кім күшті деп өзара қырқысып кетеді. Елді ойран етіп, сайран салған бұл үш ағайынды қазақтың басындағы қайғы қасіретті өз жемісіміз деп ерекше құлшыныспен мақтан етеді. Олардың сөздері арқылы ақын қазақ жұртының басына үйірілген үрейлі зулматтарды кино лентасындай көз алдынан тізбектеп өткізеді.

Күніне қазақ мыңдап өліп жатыр,

Тұқымы сағат сайын кеміп жатыр.

Өз баласын өзі үйтіп, сирағын жел,

Көр азабын тірілей көріп жатыр.

Алдыңғылардың сөзін асықпай тыңдаған Надандық өзіне кезек тигенде олардан асып түседі. Оның сөзінің астарында сұмдық

шындықтың жатқаны анық еді. “Бөрінің де, – дейді ол, – қазақты илеуіне, көндіріп айдауына жүргізгенін сайын далادا салтанат құрған менің аркам. Себебі, егер мен балағына жабыспағанда казекем сендердің тас-талқаныңды шығарар еді. Мен оның көзін байладым, аузындағы сөзін алдым. Сөйтіп хайуан малдың қатарына қосыл, көнбіс қылып берген соң сендер жеңдіңдер”, – деп астамси сөйлейді. Наландық сөзінің астарында өмір шындығы мен мұңдалап бой көтереді. Отаршылдың ойыншығына айналу, мансапқорлыққа ұрыну ашаршылықтан өзін арашалай алмау, жұтқа жем болу, ауруға қарсы тұра алмау – наландықтың салдары емей немене. Ағартушылық идеяны өмірлік кредосы етіп ұстанған азамат акын өз ойын осылайша оңтайлы жолмен жеткізеді. Сондықтан да соңғы боп сөз алған Ырын-Жырын сиырдың бүйрегіндей бөлшек-бөлшек болып алауыздықтың құрбанына айналған қазақтың казірті күйін мақтанышпен, өз жегістігідей лепіре сөйлейді. Заманалар алмасып, уақыт көші бір ғасыр алға жылжыса да, қазақтың тұтастығына нұқсан келтіріп, басын қоспай отырған Ырын-Жырынның салдары әлі де жойылмай отыр. 120 жолдық бұл өлең сол кездегі қазақ даласының тіршілігін айқын суреттеп берген құнды шығарма. Өлеңнің түпкі идеясы – қалын елді замана дертінен арашалау, олардың сырын ұқтырып, мәнін түйсіндіру. Халықтың рухани дүниесіне қозғау салып, шындықтың жай-жапсарын түйсіндіру.

Білөл Сүлеевтің қаламынан туған сатиралық шығармалар қатарында “Қайтсең көсем боласың?”, “Нақысбек”, “Қабамбай мен Сазамбай”, “Қыз бен жігіт айтысы”, “Қазақтың 24 басалқы дыбысы”, т.б. уытты жырларын атауға болады.

“Тілші” газетінің редакторы қызметін атқара жүріп, Білөл Сүлеев бар жанрда қалам тартты. Қорыта айтқанда, сегіз қырлы, бір сырлы Білөл Сүлеевтің қазақ әдебиетіне қосқан үлесі аз болса да саз. Оның шығармалары – бір кезендік өткініші мәселелермен шектелмей, адамзаттың мәңгілік сауалдарына жауап беруге ұмтылған ерекшелікті құнды дүниелер. Теніздің дәмі тамшысынан білінетіні секілді, оның бір ғана өлеңі бүкіл шығармашылығының сипатын танытып тұр.

## ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН (1866 – 1937)



XX ғасырдағы аса көрнекті мемлекет қайраткері, тамаша ғалым, публицист, әдебиетші, Алаш көсемі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан бір кездегі Семей облысы, Қарқаралы уезіндегі жетінші ауылда дүниеге келген. Омбының техникалық училищесін, Санкт-Петербургтегі орман-техникалық институтының экономика факультетін бітіреді. Қазақ жері мен елінің тағдыры, ұлттың азаттығы мен болашағы туралы макалалары, публицистикалық толғаулары «Дала уәлаятының газетінен» бастап, өмірінің соңғы кездеріне дейін баспасөзде үзбей жарияланып келді. Орыс және қазақ тілдерінде бірдей жазды.

Әлихан Бөкейхан – қазақ тарихындағы ұлт болмысын айқындаушы, өркениетке өріс кеңейтуші, қайталанбас біртуар тұлға. Ол ағарту ісінен бастап ел, ұлт тардырына қатысты мәселелердің бәрімен айналысты. Талантты шығармалар жазды, өркенді істер атқарды. Қоғамдық-саяси таным мектебін қалыптастырды, тарих пен этнология саласында айтулы туындыларын жазды, қазақ ұлттық баспасөзінің дәстүрін түзді, әдебиет саласында елеулі із қалдырды. Әлихан Нұрмұхамедұлы шын мәнінде XX ғасыр басындағы көшбасшы реформаторлар қатарының алдында болды.

Әлихан Бөкейханның артына қалдырған шығармашылық мұрасының үлкен саласы – орыс тілінде жазылған монографиялық, энциклопедиялық сияптағы ғылыми еңбектері. Ғалымның негізгі, басты еңбектері қазақ халқының тарихына, экономикасына, мәдениетіне, шаруашылық жүргізу тәсілдеріне, ру-тайпалар

шежіресіне, тұрмыс-салтына, казак жерін отарлау тағдырына арналған. Ғалым мұраларының ішінде мәдениет пен әдебиет, ұлттық сөз өнері жайлы жазғандары әдебиет тарихында елеулі орын алады.

Бұл ретте оның “Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры және мәдени өркені” (“Исторические судьбы киргизского края и культуры него успехи”, 1903) зерттеуінің маңызы айрықша зор. Мұнда казак жерінің мың жылдық тарихы, өлкені ергелі-кеш мекендеген түрлі ру-тайпалардың, елдер мен ұлыстардың қалдырған заттық ескерткіштері, сәулет өнерінің белгілері жан-жақты сөз болады. Автор Геродоттан тартып, қытай, ұйғыр деректеріне жүгініп, көптеген оқымыстылардың еңбектеріне сүйене отырып, казак жерін жайлаған, басып өткен халықтардың тарихи іздеріне шолу жасайды, көне ғұн, үйсін, арғын, найман, керей, алшын тағдырларын сөз етіп, одан монғол, калмак шапқыншылықтары дәуіріне ойысып, казак хандығының құрылуын баяндайды; ақырында, орыс отарлауының кезеңдерін тәптіштей түсіндіреді. «Қазақ» этнонимінің қалай шыққандығы жөніндегі аңызды келтіріп, “қырғыз” деген атаудың негізсіз екендігін дәлелдейді.

Бұл еңбекте би, батыр, хан, ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз ұғымдарына анықтама беріледі. Әбілхайыр, Қасым, Жәнібек, Керей, Барак, Абылай, Кенесары хандардың дәуірі, олардың ел аралық әрекеттері сипатталады. Әсіресе кең сөз болатын мәселелер – казак-калмак, казак-орыс, казак-қытай қарым-қатынастары. Атышулы Ақтабан шұбырындының себептері, казактардың бір бөлігінің орыс қолтығына кіру жағдайлары кеңінен ұқтырылады. Бұл орайда Әлихан Бөкейхан тарихи оқиғаларды объективті түрде бағалайтын сарабал оқымысты екендігін көрсетеді. Кейін сансаққа жүгіріліп, науқандық саясат ағымымен бірде олай, бірде былай бұлғақтатылған идеологиялық саулагершіліктің көленкесі де жоқ. Үлкен шайқастар, ірі оқиғалар қашан, қай жерде болғандығы дәл беріледі.

Өзінің жалпы тарих, қоғам тарихы, этнологиялық еңбектерінде ғалым әлеби материалдарды, әлеби мұралардың танымдық дерек көздерін ұтымды да негізді қолданып отырады.

Халқымыздың тарихы, әлеуметтік құрылымы, отаршылдық зардаптарын шегуі, тұрмыс-салты, мәдениеті, саяси күресі, білім деңгейі туралы пікір-байламдарын Әлихан Бөкейхан “Қазақтар” (“Киргизы”, 1910) деген орыс тілінде жазған зерттеуінде жалғастырып, тереңдете түседі. Мұнда түркі тектеске жатқанмен казак бір халық, қырғыз екінші бір халық екені тағы да айқын айтылады. Ең алдымен бұл еңбектің демографиялық, статистикалық сипаты басымдығын ескеру қажет. 1817 жылғы санақ нәтижесінде казактардың Ресейдегі халықтар ішінде

алтыншы орында тұрғанын, мөлшермен 4.696.600-ға жеткенін айтып, он губерния халқының сандық ара салмағын кестемен көрсетеді.

Алаш ардагері өз еңбектерінде казак арасындағы бұрынғы билеу жүйесі жойылып, оның орнына патша өкіметінің заңдары жүре бастаған кезеңдегі сорақылықтарды, орын алған ұлт танымна қайшы әділетсіздік, паракорлық, наландық дегендерді саралап көрсетіп отырды. Қазақша газет, кітап жоқтығы, тек татарша басылымдардың азды-көпті тарайтындығы да айтылады. Қазак ішінде сауаттылық деңгейін көрсетіп, әртүрлі деректерді келтіреді. Әлихан Бөкейхан казакша сауаттылар – 42,3 %, орысша сауаттылар – 2,7 %, Қабанбай уезінде казакша сауаттылар – 38 %, орысша сауаттылар – 3,6 % деген қызықты сандарды да алға тартады. Ел туралы, ұлт тағдыры жайлы еңбектерінде өз кезіндегі казак ахуалын, қоғамдық-саяси бағыттардың сипатын саралап, ұлт болашағын айқындауда Әлихан Бөкейхановтың көшбасшылық қызметінің ерекше болғандығы көпке мәлім. Оның әлеби еңбектері, аудармалары, әдебиет туралы көзқарастары осы мақсұтта айырықша қызмет етті. Енді-енді сауаттанып, білім алып, әлеумет ісіне араласа бастаған казак зиялыларының екі бағытқа ойыса бастағанын Әлихан Бөкейханов нақты ажыратып айтады. Олардың бірі – мұсылмандыққа ден қоятын түрікшілер, екіншісі – европалық дамуды жақтайтын батысшылар. Бірақ бұлар әлі толық ағым, анық партия болып қалыптаспағандығын ескертеді.

Әлихан Бөкейхан ұлтымыздың ата кәсібі – қой шаруашылығын жүргізудегі ғасырлар бойы жинақталған тәжірибесін тұжырымдаған аса маңызды тарихи еңбектерінің өзінде тұрмыс-салтқа, этнографияға, тарихқа, мінез-құлыққа, казак мәдениетіне қатысты қыруар деректер мен дәйектерді қозғайды.

Әлихан Бөкейханнның ғылыми ізденістерінің сан алуан бағыттарының ішінде тарихи құжаттарды жариялауы өз алдына бір маңызды сала: ол “Из бумаг султана Большой киргизской орды Сюка Аблайханова”, “Из переписки хана Средней киргизской орды Букея и его потомков”, “Из переписки киргизских ханов, султанов и проч.” секілді документтерді бастырды.

Ғылыми экспедицияларға шығу нәтижесінде жазылған еңбектердің ішінде Қарқаралы, Павлодар уездеріне арналған зерттеулер казак руларының төркінің, ескі аңыз-әңгімелерді камтитын қызық, бағалы материалдармен ерекшеленеді.

Дегелен, Абыралы, Алтыбай, Қызылтау болыстары жайлы очерктерде жер ыңғайы, табиғат жағдайы, әрбір рудың қыстауы, көктеуі, жайлауы, күзеуі, төрт түлік малының саны, күтім-бағымы, шабындығы, түрлі көсіп иелері – етікшілер, ұсталар, зергерлер, балташылар, тасқалаушылар, егіншілер туралы қысқа да нақты

мәліметтер берілген.

Әлихан Бөкейхан қаламынан туған географиялық, этнографиялық зерттеудің бірі — “Адай уезінің қазақтары” (“Казаки Адаевского уезда”) деп аталады. Көшпелі-малшы алай ауылының құрамы, көші-қон сипаты, мал саны, қоныс ерекшеліктері, құдық, шынырау казу тәсілі, оларды пайдалану жолдары, күрек-белдеме байлап жүру салты, жолым үй жасау, шұбат ашыту, тары егу кәсіптері жөнінде көзбен көріп, бақылаудан кейін алынған өте бағалы этнографиялық деректер саралауға түседі. Демографияға ерекше мән берген Әлихан Бөкейхан Қарқаралы және Адай уездерін мекендеген рулардың шежіресін схемаға түсіріп, алғаш рет дәлді генеологиялық карта жасады.

Ал, Кенесары Қасымов өмірінің соңғы күндеріне арналған Әлихан Бөкейхан еңбегінің маңыздылығы (“Материалы к истории султана Кенесары Касымова, Ташкент, 1923”) ондағы деректердің қанды оқиғаның ішінде өзі болған, жасы 95-ке келген көрі қырғыз Қалиғұл Әлібеков аузынан жазылып алынуда жатыр.

Әлихан Бөкейхан әр түрлі экспедициялар, ғылыми топтар ішінде жүріп, түрлі бақылауды, сұрауды, есептеуді саралау негізінде, көптеген қайнарлар материалдарына сүйеніп, алынған тарихи, экономикалық, статистикалық, шаруашылық деректерін қорыту барысында орыс тілінде жазылып, патша әкіметінің басылымдарында шыққан еңбектерінде қазақтың байырғы ата мекені, меншікті жерлері, олардың бірте-бірте отарланып, сан алуан айла-шарғымен, қорлық-зорлық арқылы, алдамшы заң баптарымен мұжықтарға, көпестерге, алпауыттарға, шенеуніктерге тартып әперілуін салмақты дәлелдермен байыпты да орнықты көрсетіп берген болатын.

Ал қазақ, орыс тілдерінде жазылған, мерзімді баспасөзде, әсіресе “Қазақ” газетінде жарияланған мақалалардың идея-рухы, ой-толғамаы, пікір-байламы, стиль ырғағы мүлде бөлек. Бұларда автор негізінен өткен уақыттар емес, өз заманындағы көкейкесті мәселелерді талдап, әр түрлі ағымдарға баға берді, өзі тоқтаған тұжырымды ортаға салады. Қазақ халқының кешегі өткен дәуірлердегі хандары, билері, батырлары, барша азаматы туған жердің қарыс-сүйемі үшін қасық қаны қалғанша шапқыншы жаумен алысып, жан алып, жан берсе, сол асыл тұяқтың алтын ұрпағы Әлихан Бөкейхан бүкіл қайратын, ақылын, білімін, мінезін, талантын жұмсап, соңғы демі біткенше ұстанған алтын қазық, биік нысана — ата мекеннің арыстанның аузында, түлкінің тісінде кетпеуі, жерден айрылу дегеннің елдіктен, жұрттықтан ыдырап, қайыршыланып, азып-тозып біту екенін түсіндіру еді.

XX ғасыр басындағы басқа қазақ қаламгерлеріне қарағанда Әлихан Бөкейханның бір ерекшелігі — оның арнаулы еуропалық

жан-жақты білімі бар, дүниеганымы кең, мәселені ерекше тереңнен тартады, дүниежүзілік тарихтан мысал алуға жүйрік, ұлттық мәселені Ресей империясы көлеміндегі жағдайлармен сабақтастыра қарайды, кез келген озбыр патша әкімімен, қызылкөз отаршыл генерал-губернатормен, нәсілшіл профессорлармен, шовинист депутатпен, шариятқа шұғынған дін иелерімен, кеудемсоқ кейбір қазақ оқығандарымен терзесі тең сөйлеседі. Осы кезеңдегі жазбаларында оның әсіресе публицистикалық шығармалары, публицистикалық толғамдары ерекше орын алады. Бұл қазақ баспасөзінің кәсіби хәм азаматтық саяси биікке шығандап көтерілген тұсы болды. Ұлттық азаматтық-саяси мағынадағы сөз өнері бұрын-соңды мұндай деңгейге көтерілмеген еді. Әлихан публицистикасында, баспасөздегі көсемсөздерінде қазақ елі мен жерінің сан қырлы тақырыптарын шебер қозғалды. Саяси таным тереңдігі мен қаламгерлік шеберлігі бірдей көрсетті. Мәселен, бұл пікірдің әділіне автордың “Үшінші Дума хәм қазақ”, “Дума хәм қазақ”, “Төртінші Дума хәм қазақ” (“Қазақ” газеті, 1913. № 9, 10, 19, 23, 25) деген мақалалар дәлел бола алады.

Жер мәселесіне келгенде, Әлихан Бөкейхан ең шұрайлы пұшпақтарға ие болып қалған орыс мұжығы мен қазақ көшпелі шаруасын теңестіріп, 15 десятинадан үлес беру туралы әділетсіз заң шығарып отырған патша үкіметімен де, Дума мүшелерімен де, осыған малданған қазақ зиялыларымен де келіспейді. Шөл, тақыр, қуаңнан тиетін үлеске не егін шықпайды, не мал бағып болмайды, мұның ақыры башқұрт ағайындарға ұқсап, жерді сатып, не жалға беріп, ақыр-соңында далада қаңғырып қалу екенін “Ашық хат” (“Қазақ” газеті, 1913, № 24), “Кабинет жеріндегі қазақтар” (“Қазақ газеті”, 1913, № 10), “Жауап хат” (“Қазақ” газеті, 1913, № 28, 29, 36), “Екі жол” (“Қазақ” газеті, 1913, № 100, 101) сияқты мақалаларында соқырға таяқ ұстатқандай етіп дәлелдеп береді. Қазақ жерінің тарылғанын, ендігі өмір таласы ақылда, ұсталықта, өнерде, кәсіпте екенін нұсқайды. Тамақ, ұйқы, жалқаулықты күйттеген еліне еңбекке, бірлікке, тіршілік жарысына бел буып, білек сыбанып кірісудің жолдарын нұсқайды.

Осы орайда Әлихан Бөкейхан қазақ елінің ішкі өмірі, мінез-құлқы, ел билеу дәстүрі, сайлау жүйесі, заман талабына орай жасалмақ өзгерістерге қатысты көптеген еңбектер жазып, оларды ауылдағы үлкен аға, кіші ініге, оқыған, мұсылманша хат білетін ескі көздерге, орысша білім алған жас буынға арнаған.

Қазақ-орыс қарым-қатынастарына, тарихқа, заң, жүйесіне, Думаға, жер мәселесіне арналған мақалаларда әр түрлі ғылыми еңбектерге сілтеме жасалып, түрлі кітаптардан, қайнарлардан үзінді, цифрлар, деректер келтіріліп, ғалымдардың, шенеуніктердің, депутаттардың аты-жөні көрсетілсе, қазақтың

ішкі өмірін саралайтын еңбектердің жазылу сарыны да, құрылым қалыбы да, сөз байламы да олардан басқашарак.

«Жұрттың момынын тонап алып болған байлықта қанша береке бар екен?... Аз адам атқа міндім деп қасқыр болып жұртқа шапса, бұл жұртта береке болар ма» деп жазып отырған Әлихан Бөкейхан қазақ ауылындағы әлеуметтік жіктелісті, бай мен кедей арасындағы өткел бермес шыңырауды нұсқап тұр емес пе? Сайлау кезіндегі арам мен адалдық, берекесіздік пен бірлік, адау мен тап басу, еңкейген кәрі, еңбектеген бала тағдырына, кара бұқара тыныс тіршілігіне қандай кесепат пен шарапат тигізетіні туралы жұрттың сүйген жүректің толғаулы ойлары, толымды тұжырымдары айызынды қандырады. Әлісздің көз жасы төгіліп, береке-бірлік кетіп, әке баладан, аға ініден айрылған, жерінен жырылып, байлығы тоналған, жылаған қазақтың қалт-құлт күйіне Әлиханнның қабырғасы қайысады. Сөйтсе де, ол жасымай, өткен заманға салауат айтып, жана заман үшін “халық пайдасын қуған аға-іні болсаң, ескі тонды сілкіп-сілкіп суға сал!” — деп тіршілік жарысына шақырады.

Қазақ қауымының өз ішіндегі жерге иелену, отырықшы болу, егіншілікпен айналысу, бала оқыту, мұсылмандықты сақтау, европалық дәстүрге бет бұру, билікке халық қамын жейтін билікті адамдарды сайлау, ауызбірлікті сақтау, ұрлықты тыю, алым-салық төлеуді бір ізге түсіру, мал-жаннның дұрыс санағын жүргізу, мектеп ашу, медресе салу, газет шығару сияқты көкейкесті мәселелерді саралаған мақалалармен қоса, Әлихан Бөкейхан қаламынан халықаралық жағдайға, басқа мемлекеттер өміріне, дүние жүзілік соғысқа, Ресейдегі ерекше маңызды саяси-әлеуметтік қозғалыстарға, партияларға, жиындарға, құрылтайларға, бас қосуларға арналған еңбектер де тулы.

Орыс тіліндегі баспасөз материалдарына сүйене отырып, автор бірінші дүниежүзілік соғыс қалай басталды, ұрыстар қай жерде, қалай жүріп жатыр, қанша әскер, жарак бар, қай ел қандай мақсат көздеп отыр, кім кіммен одақтас, бұл бірлесудің түпкі мақсаты не — осы алуандас сұраулардың бәріне жауап беруге ұмтылады. Сербия, Болгария, Қаратау (Черногория), Грек болып Түрікке жабылу, мұның шапқыншылық сипаты, бір жағында Ресей, Англия, Франция, екінші жағында Германия, Италия, Австрия болып шабысулың дүниежүзілік соғыс өртіне айналуы “Керек сөз” (“Қазақ” газеті, 1916, № 23), “Балқан соғысы” (“Қазақ” газеті, 1913, № 26), “Тағы соғыс” (“Қазақ” газеті, 1914, № 71) мақалаларында жан-жақты жазылады. Бұл, әрине, қазіргі заманғы ұлттық публицистиканың алғашқы қадамдары іспетті еді.

Маусым жарлығы қазақ әдебиетінің тарихында көптеген халық поэзиясының, ақындар шығармаларының тууына себепші

болса, сол тұста баспасөзде патша жарлығының мәнін жан-жақты ашып, саралап публицистикалық мақаласын жариялаған Әлихан Бөкейханов еді. Осы тар жол, тайғақ кешу тұста Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов “Қазақ” газетінің 1916 жылғы № 192 санында “Алаштың азаматына” деген атпен өз ойларын туған халқына ашық айтты, ештенені жасырын бүгіп қалған жоқ. Жағдайды безбендеп көріп, әскерге баруды, тыл жұмысын істеуді мақұлдады. Өйтпеген күнде қырға солдат шығып, мал мен басқа бықырттай тиіп, елдің іргесін бұзып, жазықсыз бала-шаға, ер-азаматты қырып жоятынын күні бұрын көре білді. Кейін он жылдан соң, 1916 жылғы дүрбелеңге арналған “1916-1926” деген мақаласында Әлихан Бөкейхан патша жарлығын мойындамай, солдатқа бармай, елде ереуілге шыққан қазақ, қырғыз, өзбекті отаршыл қанішерлер қынадай қырғанын нақты цифрлармен көрсетіп берді.

Сол тұста соғыс жүріп жатқан шепке, күнбатыс майданға аттанып, ондағы жігіттердің жағдайын, тұрмыс-халін ішіп-жеуін, денсаулығын, жатқан-тұрған жерлерін түтел көріп, ол жайлы түйгендерін бірнеше мақала, баяндама, ұсыныс, жеделхат ретінде газетке, үкімет атына жолдап, қазақтың өз ішінен шыққан дәрігер, аудармашыларды қандастарына көмек ету үшін жәрдем жиюға, майданға баруға шақырып жазған басы Әлихан, қостаушылары Міржақып, Мырзағазы, Тел, Мұса, Хасен сөздері ұлттық газет бетінен түспеді (“Қазақ” газеті, 1917, № 215, 216, 219, 220, 221, 234).

Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқаявтармен бірлесіп Петроградтан 1917 жылдың 20 наурызы күні жазған “Алаш ұлына” (“Қазақ” газеті, 1917, № 225) мақаласында “Азаттық таны атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бұл күн теңелдік», — деп ақпан революциясына қуанған Әлихан Бөкейхан күрескерлердің неше буынының сотталып-айдалып, өліп-өшіп жүріп қол жеткізген бұл жеңісінің маңызын, тарихи сабақтарын ашып, енді қазақ елінде нақты істерге кіріседі.

Бұл кездегі Әлихан Бөкейханның ұлттық автономия, есе-теңдік, азаттық үшін көрсеткен қайрат-жігерін, жетекшілік, көсемдік қызметін басқа да тарихи құжаттармен қоса, оның өзі жазған “Жер комитет”, “Сайлау құқы”, “Комитет сайлау”, “Қазақ халқына”, “Алаштың талапты азаматына”, “Қазақ депутаттары”, “Земство”, “Мемлекет халі” (“Қазақ” газеті, 1917, № 227, 229, 230, 234, 235, 236, 237) секілді еңбектерінде айғақтап берді.

Мемлекет қалпы, жергілікті бостандық, негізгі құқық, дін ісі, білім, ел қорғау, салық, жұмысшылар, ғылым-білім үйрету, жер мәселесі деген он түрлі қоғамдық мәселе туралы нақты шарттарды көрсетіп берген, әсіресе, қазақ жерінің автономиясын жариялаған,

істелмек қастандықтар, елдің жерін бөлшектеп, бытыратып талап алып кету. Стамбулшы жаулап алу жоспарлары “Трубецкой лекциясы”, “Стамбул һәм қылылар” (“Қазақ” газеті, 1915, № 96, 117) мақалаларынан аян болады.

Жан-жақты деректерге, әртүрлі мәліметтерге негізделген еңбектердің ғылыми деңгейі биік, ойлары салмақты. Ал кейбір нақты бір мәселеге арналған мақалалардың сатиралық бағыты, сыншыл рухы басым. Мөлшерден тыс далиып өсіп кеткен, ел есебінен ішіп-жеп, босқа отырған арамтамақ шенеуніктердің (“Қажетсіз генерал-губернаторлық”) жер-жебіріне жетеді.

Әр түрлі тақырыптарға арналған ғылыми, проблемалық, полемикалық пікірталас мақалалармен қоса, Әлихан Бөкейхан түрлі құрылтайларға, съездерге барып, сол жиналыстардың қайда, қашан, қалай өткендігі туралы, онда кімдердің не жөнінде сөйлегендерін, қандай тұжырымдар жасалғанын кенінен баяндайтын шолу, есеп, саралау стилінде жазылған еңбектер берді. Мәселен, “Дума циклі”, “Мұсылман съезі”, “Торғай облысының мужық-қазағының съезі”, “Жалпы Сібір съезі”, “Екінші жалпы қазақ съезі”, “Сырлария қазағының съезі” (“Қазақ” газеті, 1914, № 69, 72, 85, 96, 92) деген мақалаларда әлеуметтік саяси жағдай жан-жақты айтылып, әрбір сөйлеген шешен сөзіне баға беріліп, кейбір қайраткерлерге мінездеме жасалып, кемшілік-қателіктері сыналды, өз пікірі ұсынылады.

Жер, сот, дін мәселелеріндегі, қоғамдық құрылысты тандау жолындағы, әлеуметтік бағдарлы болжаудағы әрісі Ресей, берісі қазақ ішіндегі тартыстар, әр түрлі ағымдар күресі айтылып, сан-алуан шындықтар ашылады. Столыпин, Ленин, Керенский, Николай патша, қазақ зиялылары Бақытжан Қаратаев, Сералы Лапин, Жиһанша Досмухамедов, Мұстафа Шоқиев, Мұқамелжан Тынышбаев, Әліби Жангелдин қызметтері туралы Әлихан Бөкейхан жазбаларынан мүлде жана, бұрын мәлім болмаған деректер, өзгеше баға, тұжырымдарды табамыз.

Осы сан алуан тақырыптар мен елдік проблемаларды толғаған публицистикалық еңбектерінде, баспасөз қызметінде Әлихан Бөкейхан қоғамдық-әлеуметтік зәру мәселелерді қозғаумен бірге баспасөз ісінің, көсемсөз өнерінің жанаша қалыптасып дамуына зор әсер етті. Ұлттық әдебиеттің асылдарын айқындап, ерекшеліктері мен даму бағыттарын саралап берді.

Қазақтың данышпан ақыны Абай туралы баспа жүзін көрген алғашқы ең толымды, терең, ғылыми еңбек Әлихан Бөкейханның “Абай (Ибрагим) Қунанбаев” (“Семипалатинские областные ведомости”, 1906, № 250-252) деген орыс тілінде жазған мақаласы.

Шындығына келгенде, Абай мен Әлиханның жас айырмасы біржарым мүшелдей ғана, екеуі де бір атыраптың — Семей

елді президенттің билеуін мойындаған, жердің сатылмайтынның әйгілеген.

“Алаш” партиясы программасының жобасын жасаушылардың кеуде тұсында Әлихан Бөкейхан тұр. Бұл құжат қазақ елінің ұлт топырағындағы ізгілікті дәстүр, салт-санамен, озық елдер тәжірибесін ұластыра отырып жасаған мемлекет құрылысы, адам құқығы, тіршілік қамы жөніндегі мақсат-арманының жобасы еді.

Билік басына қарулы күшпен келген, миллиондаған адамдардың қанын судай ағызған, азамат соғысына алып барған большевиктердің саясатын, Ленин жолын Әлихан Бөкейхан қабылдамайтынын ашық жазды. Ал заман әбден бұзылып, Ресейдің өзі дай-дай болған шақта: “Қазақ болып автономия боламыз десек, алдымызда шешуі қиын бір жұмбақ бар. Орал, Торғай, Ақмола, Семейде көп мужық бізбен қоныстас, бұл облыстарда мужықпен қазақ қым-қиғаш аралас. Мұжықтары аралас қазақты тастап, ылғи қазақ болып шығамыз десек, қазақ орыста қалады, қазақты бұл жерден көшіріп аламыз десек, бұл қазақ ата-қонысынан көшпес, көпсе ақылсыздық болады, қазақ жерінің ең жақсысы — осы мужықпен аралас отырған жер. Түбінде қазақ ұлты бір автономия бола қалса, іштегі орысты ала кетеміз бе деген үміт” (“Қазақ” газеті, 1917, № 251), — деп жазған Әлихан Бөкейхан көрегендігіне таң қалмасқа болмайды. Ел тағдыры тарих бәбөненіе түскен сол ауыр кезеңде кімнің қай белде жүргенін аймақтап беретін деректерді “Қазақ депутаттары”, “Екінші жалпы қазақ съезі”, “Жұрт төреліші” (“Қазақ” газеті, 1917, № 235, 250, 253) мақалаларынан табасыз.

Қазақтан өзге орыс, неміс, моңғол, түрік, армян, жапон, қытай, кавказ халықтарының тарихына, этнографиясына, тұрмыс салтына, саяси жағдайына, қазіргі халіне арнап Әлихан Бөкейхан жазған еңбектер бір қылыру. Мұз құрсаңнан Сібірдің бір пушпағында жатқан аз санды, түрік тілдес жұртқа бағышталған “Хакас” (“Темір қазық” журналы, 1922, № 2-3) мақаласында қандас бауырға іш тарту сезіліп тұр. Ал “Моңғол хелі”, “Моңғол”, “Моңғол конституциясы”, “Хутухта хаты” (“Қазақ” газеті, 1919, № 13, 20, 29, 1914, № 59) еңбектері тұтас серия, шоғырлы цикл құрайды. Оқырман кене моңғол тарихынан, Шыңғысхан, Бату, Утедей, Толы, Құлағу, Құбылай замандарындағы шабуылдардан, моңғол-орыс, моңғол-Европа, моңғол-қытай қарым-қатынастарынан хабардар болып, қазіргі дәуірде қытай кіріптарлығына түскен, Жапониямен жән ұшынан жалғасуға қол созған елдің жағдайымен танысады, айналып келгенде, күшті мемлекеттердің әлсіздерге батырған тізесін, жасаған қасқырлығын көреді, таласып-тартынбай бөйге алмайтынға көз жеткізеді.

Ғасыр басында Түркияға жасалған зорлықтар, болашақта

губерниясы, Қарқаралы уезінің адамдары, сондықтан бұлардың көзі тірісінде ұшырасуы, сұхбаттасуы өбден ықтимал, бірақ ондай сөзді Әлихан жазбайды. Абайдың ұлы Тұрағұлмен, ағаларының балалары Шәкәрім, Кәкітайлармен қалай танысты, қалай достасты, қалай хат жазысты – бұлар туралы анық деректер келтіреді. Қалай дегенде, Әлиханның Абайды, оның айналасын, шығармаларын өте терең білгендігін айтылмыш мақаладан анық көреміз.

Бұл өзі көлемді болмағанмен деректерге, мәліметтерге, тұжырымдарға, ой-пікірге аса бай еңбек, тобықты руының Түркістаннан Шыңғыстауға келуі, Абайдың туысы, ата-тегі, әкесі Құнанбайдан тартып, бабалары Өскенбай, Бірғызбай, нағашылары қаракесек Бошаннан шыққан Бергіс би, шаншардың әйгілі кулары Қонтай, Тонтайлар түгел аталып, тіпті Қонтайдың, «жазыла-жазыла кожа-молдалардан да ұят болды – енді өлмесе болмас» деген сөзіне дейін келтіріледі. Абайдың Семейдегі Ахмет Риза медресесінде 4 жыл, орысша 3 ай оқумен мектептік білімінің шектеліп, қалған уақытта өз бетімен ізденіп араб, парсы тілдерін үйреніп, ислам, Шығыс байлығын игеріп, орыс тілі арқылы Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Тургенев, Достоевский, Белинский, Салтыков-Шедрин, Крылов, Толстой, Добролюбов, Писарев, Чернышевский шығармаларын оқып, терең біліп аударып, Спенсердің «Тәжірибелер», Льюистің «Позитивті философия», Дрепердің «Европа ақыл-ойының дамуы» кітаптарын зерттеп, европалық биік мәдениет пенгеіне көтерілгенін көрсетеді. Абай ізденістеріне ықпал еткен, әртүрлі кітаптар оқуына жөн сілтетін Гросс, Михаэлис секілді саяси қуғындағы адамдар есімі айтылады.

Абайдың қоғамдық қызметі, ескілікпен күресі, ел арасындағы даңқы, бірте-бірте ақындыққа мүлде ден қоюы, шығармаларындағы басты сарындар, Пушкиннің «Евгений Онегин», Лермонтовтың «Ой», «Қанжар», «Желкен», «Дұға», Крыловтың мысалдары секілді туындыларын қазақшаға аударуы, оларға музыка шығаруы, казак әншілерінің бұларды орындауы – осылардың барлығы түгел сөз болған.

Балаларына білім беруді мақсат еткен Абайдың ұлы Әбдірахманды Петербургте оқытуын, ол азаматтың қыршын кетуін, Мағауияның өлімін, тіршіліктің көп күресінің қажытып, ақыры данышпан ақынның опат болуын айта келіп, Әлихан Бөкейхан Абай шығармалары Европаның ең атақты ақындарына абырой-данк әперер еді деген байлам жасайды.

Әлихан Бөкейханның ғылыми, көсемсөз, әлеби мұрасының ішінде жеке кітаптарға арналып жазылған, бірқылыру мақала, рецензиялар бар. Алғашқы Құдайбердіұлының «Түрк, қырғыз, казак нәм ханлар шежіресі» («Қазак» газеті, 1913, № 12) кітабы

сөз болады. Шежіре неше бет, бағасы қанша, қашан басылды, бұрын мұндай еңбектің шықпағандығы, тарихи мәнділігі айтылады да, кейбір нақты мәселелер сараланады. Әсіресе керей руының тарихы, олардың бір кезде христиан дінінде болғандығы, кіреш танбаны зиратқа, малға басу себептері көрсетіледі. Шәкәрім деректеріне қоса Әлихан «Адамзағ тарихы» кітабынан, Н.Н.Пантусов зерттеулерінен, географиялық қоғам жазбаларынан қосымша дәйектер келтіреді. Қырғыздардың мөлшермен 1200 жыл шамасында Сібірден Алатауға қоныс аудару себептеріне назар аударылады. Абақан, Аша, Қырғыз, Том, Енесай секілді топонимдерге мән беріледі. Алаш ұраны – қалмақтар Ахмет ханды Алаша деп атағаннан шықты деген Шәкәрім болжамына орай Әлихан тарихи ұқсату тәсілін қолданып, неміс сөзін орыстар қалай шығарғанын айта келіп, бұл мәселені терең зерттеуді, найман, тама елдері жайлайтын Ұлытаудағы, Қаракенгір бойындағы Алаша, Жошы хандар бейіттеріне қатысты ескі еңгімелерді, көне заманда тұған көшпелілер өмірінен хабар беретін өлеңдерді, Кенгірбай биге Қараменде бидін айтқан сөзін келтіру арқылы да Әлихан өз пікірлерін дәлелдей түседі. Автор ғылыми дәлдіктен ауытқымайды. Шәкәрім сөздерін қай беттен алғанын нақты көрсетеді.

Және бір сын мақаласын Әлихан тағы да Шәкәрім туындысына арнаған («Қазак» газеті, 1915, № 121). Бұл жолы 1912 жылы басылған «Қалқаман-Мамыр» дастаны талданады. Әуелі Шәкәрімнің шежіре жазғандығын, Абайдың ағасы Құдайбердінің баласы екендігін, Абайдың көзі тірісінде көлеңкеле жүргенін, Иван Гусев деген орыс жазушысының «Шәкәрімнің білімі қазақта жоқ екен» деген сөздерін келтіріп, «Мұсылманшылық», «Қазак айнасы», «Жолсыз жаза» кітаптарын шығарғанын айтып алып, содан кейін «Қалқаман-Мамырға» ойысады.

Әлиханның көркем шығармаға қояр талабы ұлы жазушылар Абай, Пушкин, Лермонтов, Шекспир, Толстой биіктеріне орайлас, тарихи шыңдықты дәл берген туындылар қатарында «Патша Борис Годунов», «Көпес Калашников туралы жыр» айтылып, Шәкәрім дастанын сол өлшеммен қарауға талап жасайды, «Белинский сөзге ақын емес, ойна ақын еді» деп те ескертеді. Қазак ақын да жұрттың салтын, мінезін, іс қылығын терең көрсетсін деген шарт айтылады. Осы биік тұрғысынан Шәкәрім поэмасы талқыға түседі. «Дүниеде адам баласы айналып өтпес екі-ак көпір бар: бірі – өлім, бірі – махабағ» дей келіп, Әлихан осы ретте поэманың мықтылығы мен олқылығы қай тұстарда деген сауалдарға жауап береді. Қалқаман, Мамыр, Көкенай мінез-әрекеттеріндегі сенімді-сенімсіз жайттарды көрсетеді. Әдеби шарттылық емес, өмір шындығы, заман мінезі дұрыс көрсетілген кезде туған өлеңдерді сыншы дәл тауып, дұрыс көрсетіп отырған. Қазактың тұрмыс-

салт заңы, шариғат талаптары, махаббат бұйрығы – осылардың поэмадағы көрінісі деген сауалдарға Әлихан толымды жауап береді. Негізінен шығарманы жоғары бағалай отырып, ақауларды да тап басып айтады. Ең соңында оқырман жайына ауысып, кітаптың таралуына мән беріп, “Қобыландыны” елдің талап әкеткенін ескертіп, Ахметтің “Масасы” секілді жаңа емлемен басу жақсы екендігін көрсетеді.

Әлихан каламынан шыққан ең көлемді әдеби, ғылыми, фольклорлық еңбек – “Қарақыпшақ Қобыланды” деп аталады (“Қазақ” газеті, 1915, № 126–129). Бұл – шағын 8 бап, бөлімшеден тұратын бас-аяғы дөп-дөңгелек, ықшам ғана монографиялық очерк, әйгілі халық жыры туралы жұп-жұмыр зерттеу. Бірінші бөлімшеде “Қарақыпшақ Қобыланды” жырының мазмұны қысқаша ғана баяндалады. Токсандағы Токтарбай мен алпыстағы Аналықтың бір перзентке зар болып, әулиеге ат айтып, корасанға қой айтып, құлайдан бала сұрап, әулиеге түнеп, түсінде аян бергенін, тоғыз ай, он күннен соң алпыстағы Аналықтың бір ұл, бір қыз тапқаны, олардың аттары Қобыланды, Қарлыға қойылғандығы баяндалады. Қобыландының қызылбас еліне жорығы, Көкпан кемпірмен кездесуі, жүз құлаш биіктен теңге атып түсіріп, Құртқа қызға үйленуі, қалмақ Қазанды шабуы, Көбіктімен шайқасып, қолға түсуі, құтылуы, Алшағырмен қактығыс, ақырғы жеңісі, мұратқа жетуі жайларын сыншы қысқа ғана баяндап береді.

Зерттеуде ерекше мән берілген мәселе – жырдағы Қобыландының өмірде болған-болмағандығы, мұндағы айтылған жайттардың, баян етілген оқиғалардың тарихи деректермен сәйкестігі немесе сәйкес еместігі.

Сол үшін автор Шөкәрім, Шоқан, белгілі башқұрт ғалымы Ахмет Заки еңбектеріне сілтеме береді. Ғалым тарихи шолу жасап, мойындалған дәлді фактілерді келтіре отырып, Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы нәсілінен шыққан Токтамыс хан заманындағы Едіге, Ақсақ Темір соғыстарын айта келіп, сол дәуірдегі Қобыланды батыр әрекеті 14-ғасыр ортасына лайық екенін көрсетеді. Арғын биі Дайырқожаның әділдігі үшін Ақжол аталуы, Әбілхайыр ханның қазысы болуы, оның күндестікпен өлтірілуі, осы орайда туған тарихи жырға, Шөкәрім мәліметтеріне сүйеніп, Қобыланды қызылбас та емес, қалмақ та емес, қазақтың өз ішінде күрескен деген пікір түйеді.

Бұл – XIV ғасыр. Жырда айтылатын Қазан хан да – Жошы нәсілінен. Ол шамасы 1300 жылдары өмір кешкен. Тағы бір Қазан хан 1332 жылы таққа отырыпты. Қарақыпшақ Қобыланды осы 1347 жылы опат болған. Қазан ханмен соғысуы мүмкін деген тұжырым жасалады. Зерттеуші жырда айтылатын Алшағырдың түп-түкиянына зер салып, Өзбек хан, Орақ батыр, ағайынды

қырғыз батырлары Абантай, Тайлак дәуірлеріне де көңіл бөледі. Шоқан жазып алған “Манас” жырының “Көкетай асы” бөліміндегі Көкетай мен Көбікті хан арасынан байланыс іздейді. Расында да Көкетайдың мінгені шатырдай боз ат. Көкетай ханның қызының аты да – Қарлығаш.

Осындай сан алуан деректерді келтіре отырып, Әлихан Бөкейхан “Қарақыпшақ Қобыланды” жыры бір оқиғаның көрінісі, бір белгілі адамның ғұмырбаяны емес, ақын қиялы екшеп, өзгертіп, көптеген қоспалармен жанғыртып жасаған көркем шығарма деген байлам жасайды. Жырды халықтың тұрмыс-салтын, тіршілік болмысын көрсететін рухани мәдениет ескерткіші ретінде бағалап тануды ұсынады.

Ең алдымен ғалым “Қарақыпшақ Қобыланды” жырына кейінгі дәуірлер әсерінен қосылған жамауларды өте дәл, нақты көрсетіп, кей тұста “Сал-сал”, “Зарқұм” қиссаларына ұқсап кеткендігін үлкен кемшілік, халық мұрасының кәдірін түсіру деп санайды. Қобыландының аударыспақ ойнап, көкбар тарту орнына тенге алып ойнауын, Тайбурыл атқа жемге қызыл дәрі қосып жегізуді, Қобыландының ашытып бал ішуін зерттеуші кейіннен қосылған берідегі ақындардың қолтаңбасы екендігін ажыратып, сол сияқты *солдат*, *сухар*, *медаль*, *шай*, *алтыатар*, *сағат* секілді сөздер де Қобыланды заманының шындығын бере алмайтынын дұрыс көрсетеді. Автор “Қобыландыға” заманына ұқсамайтын жырларды, қазақ жұртының мәдениет тарихына ешбір пайдасы жоқ өлеңдерді әлгі “Сал-сал”, “Зарқұмдағы” құл және надам ақындар қосқан деп ашынады. Жырдағы қазақтың ескі наным-сенімін, тұрмыс-салтын шындықпен көрсететін суреттерді Әлихан Бөкейхан дәл тауып, жіті көрсетіп, ерекше мадақтап отырады. Қобыландының Қазан ханның қаласын алуы, Тайбурылдың шабысы “шын қазақ ақынының сөзі-ау” деп қошемет етіледі. Абай сынына жанасатын өлеңдер мынау деп, жырдың отызға тарта үзіндісі бет-беті бойынша көрсетіледі. Қосақ арасында жүрген дәмсіз өлеңдер үлгісі ретіндегі он үш мысал және бар. Болашақта бастырушылар ескеруі қажет 36-беттегі сөздерге назар аударылады.

Зерттеуші жырдан үзінді келтіре отырып, Қобыланды, Тайбурылдың қандай екендігін көз алдымызға әкеледі. Өкінішке қарай, кітапқа арнап салынған суреттердің орыс кітаптарынан жауапсыз көшіріле салғанын, Тайбурылдың сымдай созылған қазанат болмай, жүк тартатын, жал-құйрығы құшақ жетпес айғырға, тайқазан қақпақ жауырынды, ұзын бойлы, нұр жүзді Қобыландының мұрны пұштіған бақалшыға айналғанын мысқылдап отырып жеткізеді, кітап безендіруде кеткен қателіктерді сынайды.

Жырдағы жер-су аттарын ерінбей тізе отырып, зерттеуші



болашақта кітапты қайта басқанда, бұларды және адам аттарын әліппи ретімен кітап соңында беруді ұсынады. Шокан кітабының солай шыққанын еске салады. Кітап басуды тек пайда іздеу, “Зарқұм”, “Сал-салдарды” басуды автор бақалшылық жолы, макулатура, ал Шокан кітабы секілді еңбектерді басуды асыл әдебиет басу, литература жолы деп бағалайды.

Әлихан Бөкейхан “Қарақыпшақ Қобыланды” зерттеуінде жырдың негізгі сюжетін баяндады, туынды кай дәуірде бейнелейтінін қарастырып, жорамалдың бірнеше вариантын ұсынды, кейінгі жыршылар қосқан жасанды өзгерістерді көрсетіп берді, текстологиялық тәсілдерді қолданды, эпостың халық өмірін танудағы қызметін айқындады, сілтеме беру, үзінді келтіру үлгісін көрсетті, кітап безендіру, бастыру мәдениетіне қатысты пікірлер айтты, қысқасы, бұл еңбек — қазақ сыны, әдебиеттануы, фольклортануы, бастау көзіндегі ең алғашқы бағалы, ғылыми ізденістің бірі.

Әлихан Бөкейханның фольклоршы ретіндегі ой-тұжырымдары “Қазақ жыры “Қобыландыдағы” әйел бейнесі” (1899) деген орысша жазылған еңбегінде жалғаса түседі. Мұнда қазақ фольклоры үлгілерінің мазмұны бай, формасы сан алуан екенін көрсетіп, өлеңші, жыршы дегендер кім екенін анықтап, ас-тойда домбыра арқылы айтылатын жырлардың ерекшеліктерін танытты. Қалыпты тіршілікте руға, жүзге бөлінетін қазақтар ел басына күн туғанда, тұлпар мініп, тұұстап, “Алаш” деп ұран салып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратыны ауыз әдебиеті шығармаларының басты сарыны екені дәлелденеді. Ескі наным, сенімдер мен мұсылмандық мұраттардың “Қобыланды батыр” жырындағы Аналық, Құртқа, Қарлыға, Қарлығаш тағдырларындағы, мінез қалпындағы, іс-әрекеттеріндегі көріністерін зерттеуші білгірлікпен талдап, халық санасынан бір сенім жүйесінің бірте-бірте өшіп, екінші арнаның, басқа діннің орнығуын пайымдайды. Мұндай тұрғыдан батырлар жырын талдау қазақ фольклорында жатқан кептеген рухани байлықтарымызды аша түсетініне көз жеткізуге болады. Ислам тарихынан, грек эпосынан мысалдар келтіру, Мұхаммедтің қызы Фатима мен күйеу баласы Әли, Баба түкті шашты Әзиз туралы аңыздарды пайдалануда, жыр мазмұнын қысқа қайырып отырып, тұлғаларға мінездеме беруде Әлихан Бөкейхан үлкен әдебиетші, сыншы, мәтіннің терең білгірі екендігін танытады.

Әлихан Бөкейханның шығармашылық мұрасының ішінде жеке адамдарға арналған шағын ғұмырнамалық кескіндеме, портрет деп атауға болатын бір шоғыр материалдар бар. Олар орысша, қазақша екі тілде жазылған. Бұлардың ішіндегі ең еубелісі — Абай Құнанбайевқа арналған әйгілі мақаласы.

Естелік, әңгіме, әліппеде, очерк сипатында жазылған бір дүние “Кәкітай” деп аталады (“Қазақ” газеті, 1915, № 105). Бұл Абайдың інісі Ыскақтың баласы, ұлы ақынның тұңғыш кітабын шығарған Кәкітай қайтыс болды деп Семейден хабар алған соң, бір жағы қайғырып, бір жағы еске алып отырып толғанудан шыққан туынды. Естелікте Құнанбай немерелері Кәкітай, Тұрағұл, Шәкәрім туралы, олардың Әлиханмен танысуы, достасуы, қиын кездерде бір-біріне қол ұшын беруі туралы жылы, айы, күні айтылған дәлді деректер бар. Мемлекеттік Думаға қазақ ішінен кімдер ұсынылды, сайлау қалай өтті, осы орайдағы Кәкітай, Шәкәрім әрекеттерін автор анық көрсетеді. Шарға түскен Темірғали, Хасен, Омарбек, Көлбай, түспей қалған Жақып жағдайларынан хабар аламыз. Әлиханмен хат жазысып, ақылдасып, ең бастысы жұрт қамын жеп, Құнанбай тұқымының Қарауыл бойындағы жерлерден қалай айрылғанын көреміз. Әлиханның Семей абақтысынан шығып, Қарқаралыға аттанып бара жатып, соңғы рет Кәкітаймен қоштасу сәті жүрек тебірентеді. Алаш азаматтарының қалтқысыз достығына қайран қаласын. Сол секілді Кәкітайдың 1913 жылы 13 мамыр күні жазған хатынан келтірілген: “Өзін көргендегіден көніл басқарған жоқ, ғұмыр нұры кетті, басқа үміт қыларлық нәрсе көргенім жоқ. Барарлық жер жоқ. Мұндасар кісі де кем қалды. Тірі болған соң ғұмыр сүріп жүрміз. Біреуге тігізер пайда қолдан келмеген соң, ең болмаса ешкімге зарар тігізбесек деп, сақтанғаннан басқа жұмыс жоқ” деген сөздері күні бітіп бара жатқан адамның халінен сыр берсе керек.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары ерекше құрметтеген орыс адамдарының бірі, әйгілі Шығыс зерттеуші ғалым, бір кезде Шоканмен қадет корпусында қатар оқып, дос болған, кейін оның кітабын шығаруға күш салған, қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастырған оқымысты Григорий Николаевич Потанин еді. Ол туралы Ахмет Байтұрсынұв, Міржақып Дулатов арнау өлең шығарса, Әлихан Бөкейхан “Григорий Николаевич Потанин” деген ортақ атпен екі мақала жазды. Алғашқы мақалада (“Қазақ” газеті, 1913, № 15) Потаниннің ескі аңыздарды жинау мақсатымен Қарқаралы уезіне баратын сапары туралы айтады, “Тәңір” сөзінің шығу төркініне, олардың монғол, қазақ тілдеріндегі түпкі мағыналарына назар аударады. Потанин жазбасындағы үш ақ киіз үй, ақбоз ат және Шығыс ханның жерленуі туралы аңыз бен қазақтың Ақбозат, Жетіқарақшы ертегісін салыстыра отырып, аңыз, сарын ортақтастығы туралы пікір түйеді. Потаниннің өмірінен қысқа ғана мәлімет бере келіп, “қазақты тұтанындай жылы көреді. «Бишарасын» деп қазаққа қорған болады. Өз ғұмырында қылған жұмысы, жүріп тұрған мінезі анық әулиенің ісіндеі” деп тұжырады.

Екінші мақалада Г.Н.Потаниннің туған жері, балалық, жігіттік шағы, білім алу кезеңдері, патша үкіметі тарапынан әуелі өлім жазасына кесіліп, артынан Финляндияда кісендеулі жүріп жер қазуы толық баяндалады. Ғылыми еңбектері, әсіресе “Орта ғасырдық Европа эпосындағы шығыс сарындары” кітабы ерекше жоғары бағаланады. Інжіл, Тәурәт, Құран, Шумер жазбалары, еврей, Ассирия, Вавилон мәдениеті жөніндегі Әлихан білімінің тереңдігін көреміз. Потаниннің қызық мінездерін, мәселен, өлім жазасына бұйрылған түні басқалардай жылап-сықтамай, неміс тілі кітабын оқуы, Томға оқуға келген қыздарға өз жанынан ақша беруін қызықты етіп жазады. “Қазақты автономия қылсақ, Қараөткел – Алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақтың ұлын, қызын оқытсақ, “Қозы Көрпеш – Баянды” шығарған, Шокан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Европа сонда білер еді” деген Потаниннің көріпкелдігін бүгінгі күн дәлелдеп отырғандай.

Орыстың қазақ елі туралы әділ пікір айтқан ғалымдарына деген Әлихан Бөкейхан ықыласы ерекше.

Олардың еңбектерін кітаптарында, зерттеулерінде, сөз арасында айтып, сілтеме берумен қоса, бірнеше жеке мақала да арнаған. Қысқа ғана “Петр Петрович Семенов” мақаласында (“Қазақ” газеті, 1914, № 54) кейін фамилиясына Ян-Шаньский сөзі жалғанған ғалымның Карл Риттердің “Азия” кітабын Г.Н.Потанинмен бірлесіп аудару үстінде Алтай, Тарбағатай, Жетісу, Іле, Алатау, Ыстықкөл, Хан төңірі туралы жаңа материалдар қосқанын ерекше мадақтайды. Бұл ғалымның Шоқан мен Потанин тағдырына жасаған әсері де сөз болады.

Қазақ халқына ерекше ілтипатпен қарап, қайыр жасаған Николай Лукич Скалозубов деген оқымысты агроном, екінші және үшінші Думаға депутат болған әлеумет қайраткері болғандығын Әлихан Бөкейханның екі мақаласынан (“Қазақ” газеті, 1915, № 109, № 111) алғаш рет біліп отырмыз. Лев Толстойдың досы болған осы Скалозубов Думаға қазақ жері үшін қазақтың өз депутаттындай жанталасып күрескен екен, ол – ол ма, Ахмет Байтұрсыновтың өлеңін айтқаны үшін сотталып, жер аударылған қарқаралылық азаматтар Хасен, Ыбырай, Смахан, Болаубек, Ахмет, Сүлеймендерді өкімет басшысы Столыпинге дейін барып жүріп, елдеріне қайтарған екен. Сол азаматтың дүние салғанын “Речь” газетінен оқып, естіп, Әлихан өзі де мақала жазған.

Әлихан портреттік жазбаларының тақырып аясы кен. “И.М.Мечников” мақаласы (“Қазақ” газеті, 1915, № 126) орыстың атақты ғалымының туғанына 70 жыл толуына орай жазылған. Мұнда ғылыми мәліметтер зор. Француз Пастердің ғылымда ашқан жаналығы, оған Мечниковтың қосқан өзіндік

үлесі талдана сөз болады. Оба ауруының таралу себебі, адамның көп жасауының ішкен-жеген тамағымен байланысы айтылады. “Вандер Бильдт” (“Қазақ” газеті, 1915, № 131) мақаласында кеме суға батып бара жатқанда көпшілік үшін өзін құрбан еткен бір жас американдықтың ерлігі мадақталады. Немістің жұмысшы партиясының өкілі, әйгілі шешен Бебель олап болғанда жазылған материалды (“Қазақ” газеті, 1913, № 26) қысқа қайырылған қазанама-некролог деуге келеді. Орыс тілінде жазылған “Константин Антонович Вернер” мақаласы некролог стилінде басталады да, ауыл шаруашылығының әйгілі ғалымының өмірімен, ғылыми еңбектерімен жан-жақты таныстырады. Әсіресе профессор К.А.Вернердің қазақ топырағына, қазақ малшыларының еңбегіне қатысты айтқан ойларына, Сібірде жасаған істеріне, әлеуметтік әрекеттеріне кеңінен тоқталады. Бірінші Мемлекеттік Думаның мүшесі В.П.Обнинский олап болғанда, Әлиханның қалам тартуы марқұмның кадет партиясының атышулы шешені, “Бостандық уақыты тарихы” деген 4 томдық кітаптың авторы болғандығы үшін ғана емес, ең бастысы – орыстан өзге халықтарға бүйрегі бұрғандығына іш тартқандық, ел атынан айтылған алғыс.

Әбубәкір Диваев жинап бастырған “Батыр Бекет” жырына арналған шағын рецензияда шығармадағы негізгі оқиғалардың Кіші жүздегі Алтын, Жаппас ішінде өтетіні, Бекеттің тарихи болған адам екендігі, ол ұсталып Сібірге айдалғанда артынан әйелінің баруын декабристердің ханымдары княгиня Волконская, Трубецкая әрекеттерімен теңдес іс деп қарайды. “Мырза Едіге” жырына арналған қысқа мақалада Ақсақ Темір, Тоқтамыс, Едіге заманы сөз етіледі, шығарманың көркемдігі, мектеп балаларының оқуға лайықтылығы айтылады. “Ер Тарғын” туралы да тарихи, әдеби пікірлер бар.

Қазақтың атақты, деулетті, сыйлы кісілерінің бірі Есенғұл қажының арнайы хат жазып, шығра тастауымен игілікті бір істің қалай басталғанын “Роман бөйгесі” мақаласынан көреміз. Өнерге, ғылымға, әдебиетке жанашырлық, өз қалғасынан пұл беріп, жақсы істерге мұрындық болғандар ретінде Альфред Нобель, Уваров үлгілерін мысалға алады. Қысқаша жазылған, жазылмақ романдарға төрелік айтып, бөйге беру үшін Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Бақытжан, Мұқамеджаннан әділ қазылар алқасын құруды ұсынады.

Бұған жалғас, сабақтас еңбек – “Роман деген не?” (“Қазақ” газеті, 1914, № 48) мақаласында романның алғаш кай елде туғанын, бұл жанрлық форманың ерекшеліктерін, өрістеп дамыған көздерін, атақты романшылар қатарында Англияда – Вальтер Скотт, Чарльз Диккенс, Уильям Теккерей, Ресейде – Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Толстой екендігін айтып кетеді. Толстойдың

“Соғыс нем татулық” (Ә. Бөкейхан осылай аударған – ред.) романына өте дәл, қысқаша сипаттама береді. Алғашқы қазақ романы Міржақыптың “Бақытсыз Жамалын” атап, шығарманың мазмұнын шолып, негізгі кейіпкерлер елеміне тоқталады. Автор роман жанрын әлеуметтік мәселелермен, адамдар мінезімен, тәрбиелік, эстетикалық мұрағаттармен сабақтастырады.

Ерекші бір серпінмен, көркем тілмен, шешен жазылған мақала – “Ән, өлең нем оның құралы” (“Қазақ” газеті, 1914, № 6-7). Мұнда Әлихан Бөкейханның өңге, өлеңге, күйге деген көзқарасы, сұлулық туралы толғамдары жатыр. Төбірене, шешіле, төгіле сөйлейді. Шалқып отырады. Енді бір орайда өлемге әйгілі есімдер Гете, Шопенгауэр, Бетховен, Мартин-Лютер айтылды деп, олардың пікірлерін келтіре келіп, ақырында Абайдың “Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы” деп басталатын өлеңімен тұжырады.

Жүсіпбек Аймауытовтың “Қартқожа” романын Әлихан Бөкейхан қысқа талдап, шығарманың көркемдік, әлеуметтік мәнін ашады, стильдік, жанрлық ерекшеліктеріне (“Еңбекші қазақ” газеті, 4.11.1926) мән береді. Мұндай кенеулі шағын рецензия қатарына Мағжан аударған В.С. Ивановтың төрт әңгімесіне, Жүсіпбектің “Психология” кітабына арналған материалдарды да жатқызуға болады.

Әлихан Бөкейханның ғылыми, зерттеу, публицистикалық шығармалары өз кезіндегі ең үздік әлем ғалымдары, қаламгерлері тулырған еңбектердің биік өресімен деңгейлес. Жазушылар – Радищев, Новиков, Пушкин, Лермонтов, Салтыков-Щедрин, Достоевский, Толстой, Шекспир, Гете, Герцен, Тургенев, Короленко, ғалымдар – Белинский, Дарвин, Уэлс, Спенсер, Плано Карпини, Пастер, Мечников, әскербасылары – Шыңғысхан, Ақсақ Темір, Наполеон, Абылайхан, пайғамбарлар – Ғайса, Мұхаммед есімдері. Мемлекеттер – Америка, Англия, Германия, Жапония, Франция, Түркия, қалалар – Петроград, Мәскеу, Лондон, Париж, Берлин, Стамбул, Минск, Самара, Уфа, Қазан, Орынбор аттары мақалаларда жиі кездесіп отырады. Қазақ, орыс, француз махал-мөтелдерін, әйгілі адамдардың сөздерін қолданады.

Бүкіл саналы өмірін халқына, халқының азаттығына арнаған Әлихан Бөкейхан барлық қажыр-қайратын, білімін, дарын-талантық патша өкіметі кезіндегі қыспақ-қанау, отаршылдық-зорлық кезінде қалам күшімен жазылған еңбектерінде қалың қазақтың өз ішіндегі алауыздық, жалқаулық, өтірік, ұрлық, шаруаға қырсыздық тақылеттес кесалаттарды мінеп сынай отырып, ел тағдыры үшін ең басты нәрсе, негізгі байлық, тіршілік көзі – жерге иелену екенін терең сезініп, осы бағытта жұмыс жасайды, ғылыми зерттеулер, мақалалар жазды. Ал бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде іргесі шайқалып, 1917 жылғы ақпан революциясынан кейін

патша үкіметі құлаған соң, енді қазақтың өз тізгінін өзі ұстайтын ел болу мүмкіндігі туғанын ұғынып, ендігі ізденістер, күресер арнасын өзгертіп, топ болып, тұтас күш болып, ұйымдасып қимылдау мақсатында анық бағдарламасы бар ұлттық партия құру, қас-дұшпаннан қорғану үшін милиция, әскер жасақтау, ақырында – ұлттық мемлекет құру арманын тізбектеп айтады.

Осындай жағдайларға байланысты Әлихан Бөкейханның әлеуметтік-қоғамдық, саяси, рухани көзқарасында болып өткен қат-қабат эволюцияны көруге болады. Әлихан Бөкейхан талантының сан-алуан қырлары оның тәжірибеге, планеталарға арналған ғылыми мақалаларынан, өз басынан өткен жағдайларды талдаған естеліктерінен, достарына жазған жүрекжарды хаттарынан, Эзол, Мопассан, Толстой, Чехов, Короленко шығармаларын аударуынан көрініп жатады.

Бүгін таңда Бөкейхан еңбектері түгел жиналып біткен жоқ. Олар Мәскеуде, Санкт-Петербуркте, Самарда, Омбыда, Семейде, басқа да қалаларда шыққан мерзімді баспасөз беттерінде, түрлі архив қойнауларында жатыр. Бұларды тұтас жинау, бастыру бір іс болса, Әлиханның тарих, этнография, статистика, экономика, саясат, әдебиет туралы еңбектерін түбегейлі зерттеу, диссертациялар, монографиялар жазу екінші іс екені хақ.

XX ғасыр басындағы әдебиетіміздің күрделі, шығаралан тарихында Әлихан Бөкейханның дүниетанымдық, көшбасшылық қайраткерлігінің өнеге үлгісі жарқырап көрініп-ақ тұр.

шәкірттері». Шындығында да Шәкәрім – Абайдың ең талантты шәкірттерінің бірі, әрі ең мол мұра қалдырған шәкірті.

Абай шәкірттерінің қай-қайсысы да ұлы ұстазының басқан ізін қайталамай, өнер көгінде өздерінше соқпақ салуға ұмтылды. Абай өз шәкірттерінің өлеңдерін үнемі қадағалап отырған. Өзі тақырып беріп жаздырғандары да аз емес. Ұлы ақын жастардың туындыларына сын көзбен қарап, бағыт-бағдар беріп отырған.

Шәкәрімнің ақындық жолын айқындап берген де, міне, осындай ұлы мектеп, Абайдың ақындық дәстүрі болды. Шәкәрімнің терең мағыналы шығармашылық мұрасының өн бойынан Абайдың реалистік сарыны, көркемдік, эстетикалық танымының әсері үнемі белгі беріп отырады.

Арнайы оқу орындарында оқып білім алмаса да, өз бетінше іздене жүріп және Абай ағасының басшылығымен жан сарайын байытқан Шәкәрім өз заманында қазақ арасындағы, қала берді, бүкіл Түркістан өлкесіндегі аса білімдар, ойшыл алампдардың бірі атанады. Араб, парсы, түрік тілін білді, орыс тіліне жетік болды.

Жасымнан жетік білдім түрік тілін,

Сол тілге аударылған барлық білім.

Ерінбей енбек еттім, енбек жанды,

Жарқырап қараңғыдан туып күнім.

Оятқан мені ерте Шығыс жыры,

Айнадай айқын болды әлем сыры.

Талпынып орыс тілін үйренумен

Напандықтың тазарып, кетті кірі, —

дейді ақын өзінің «Жасымнан жетік білдім түрік тілін» атты өлеңінде<sup>1</sup>. Бұл арада ақынның білім деңгейінің қаншалықты болғаны айқын аңғарылады. Сонда да болса ақын:

Көп білім жоқ бойымда,

Шын мақтан жоқ ойымда, —

деп, әлі де оқи түссем деген ой-арманынан ажырамайды. Бұл оның өмірлік нысанасы, сөз өнері әлеміндегі темірқазықтай бағдары болса керек. Сол себепті де оның өз бетімен ізденіп тапқан рухани қазынасы да аз болмаған. Сол арқылы ол өз заманының парасатты азаматы атанған.

1904 жылы Шәкәрімнің ұлы ұстазы Абай қайтыс болды. Осы

<sup>1</sup>Шәкәрім. Шығармалары. — А., 1988, 143-б.

## ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ (1858 – 1931)



Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында қазақ елінің қоғамдық өмірінде, мәдениеті мен өнерінде, ұлттық әлебиетінде аса игі жаңғырулар бой көрсетті десек, бұл тұстағы ұлы Абай бастаған жаңашыл бағыттағы реалистік әлебиеттің даму қарқыны айрықша болды. Халқымыздың аса көрнекті ақындарының бірі Шәкәрім Құдайбердіұлы да, міне, осынау өркенді ортада өсіп ержетті. Ол 1858 жылы ескіше жыл санау бойынша 11 шілдеде Семей облысының Абай ауданында дүниеге келді. Әкесі — Құдайберді — Абайдың ағасы, Құнанбайдың Күнке атты бөйбішесінен туған.

Шәкәрім бес жасында оқуға беріліп, екі жылдай оқиды. Жеті жасқа келгенде, 1866 жылы әкесі Құдайберді 37 жасында дүние салды да, Шәкәрім бұдан былайғы уақытта Құнанбайдың тәрбиесінде, тікелей Абайдың қамқорлығында болады. Шыққан ортасының аса бай дәстүрі мен ақын ағасының тағлымымды тәрбиесі табиғатынан зерек те алғыр Шәкәрімнің жетімдік, жоқшылық көрмей өсуіне ғана емес, оның талантты ақын, парасатты ой иесі ретінде қалыптасуына да айрықша ықпал жасайды.

Ұлы Абайдың маңына шоғырланған талантты жастар туралы айта келіп, Мұхтар Әуезов былай деп жазады: « ... Ондай ақын төртеу. Оның екеуі Ақылбай, Мағауия — Абайдың өз балалары, мұның екеуі де 1904 жылы Абай өлген жылы өлген. Қалған екеуі Көкбай, Шәкәрім. Осы төрт ақынның толық мағыналы

жылы ол өзінің қос бауыры Ақылбай мен Мағауиядан айрылады. Шәкәрімге бұл оқиғалар аса ауыр соққы болып тиеді. Ендігі жерде ол айналасындағы тіршілік құбылыстары туралы, тағдыр шырғаландары жайында өзінің ішкі сауалдарына жауап іздеп, философиялық ойлардың иіріміне беріледі. Білімін кеңейтуге, көп оқуға ден қояды. Үлкен үміт арқалап, 1905–1906 жылдары Меккеге барып қайтады.

«Меккеге барам дел шықтым, — деп жазды Шәкәрім, — әрі бара жатқанда Стамбулда 13 күн болып, келе жатқанда 13 күн болып, қанша тарих ақтарып, керек кітаптарды почтамен үйге жіберіп отырдым. Меккенің де, Мединенің де тарихтарын ақтардым. Бірақ жол қатынасы жайсыз болып, Египетке баруға рұқсат ала алмадым. Сол кездері Шығыс, Батыс ғалымдарымен көп сөйлесіп, ой-пікірлерімен, Шығыс, Батыстың ертедегі ғалымдарының шығармаларымен танысып, оларды жаздырып алдым. Александр салдырған кітапханада қызмет еткен ғалымдардан сұрап, керекті кітаптарды жаздырып алдым. Абайдың ақыл-кенесі болмағанда мен ол жерлерге бармаған да болар едім»<sup>2</sup>.

Осыған қарағанда, Шәкәрімнің Меккеге бару сапары ұстазы Абайдың көзі тірісінде айтқан ақыл-кенесін іс жүзінде асыру мақсатына арналған. Бұл ақынның санасын жана биікке көтеріп, білім өресін, ой тынысын кеңейткен ізденіс сапары болды.

1909–1910 жылдар шамасында Шәкәрім елден аулақтап, Шақпақ деген жерде жалғыз үй өмір сүреді. Ондағы мақсаты өмір бойы жинаған білім қазынасын онашада қағаз бетіне түсіру, кейінгі ұрпаққа жеткізу еді. Өзінің «Кейбіреу безді дейді елден мені» деп аталатын өлеңінде Шәкәрім былай дейді:

Мен жалғыз, сендер елде қойдың қалып,  
Елшімнің кеткенім жоқ малын алып.  
Елу бес жыл жинаған қазынамды  
Онашада қорытам ойға салып<sup>3</sup>.

1917 жылғы Ресейдегі төңкерістерден кейін ақын ел ортасына оралып, белсенді қызметпен айналыса бастайды. Баспасөзде бірқатар мақалалар жариялайды. Жана заманнан жақсылық күтеді. Бірақ көп ұзамай шындыққа көзі жеткен Шәкәрім Шақпақтағы үйіне қайтады да, өмірінің соңына дейін сонда болады. Ақын 1931 жылы 2 қазан күні қаза табады.

\* \* \*

Өзінің жарты ғасырдан астам уақытқа созылған шығармашылық сапарында Шәкәрім халқына аса мол мұра қалдырып кетті.

<sup>2</sup> Сонда.

<sup>3</sup> Сонда, 172-б.

Осы мұраның ең бір шұрайлы да көлемді көркем саласы — оның поэзиялық туындылары, әсем лирикасы.

Шәкәрім — XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің шежіресінде Абайдан кейін тұрған тұлғалы ақын. Ол ұлы Абайдың сөз өнеріне деген ықыласы мен лейілін көріп өсті. Содан да болар, ол о бастан-ақ ақындық өнердегі өзінің биік нысанасын, асыл мұратын айқын сезініп қалыптасты. Халықтың мұның жырлау, адам қасиеттерін кастерлеу оның шығармаларының алтын арқауына айналды. Өзінің алдына:

Адамдық борыш ар үшін,  
Барша адамзат қамы үшін.  
Серт бергем еңбек етем деп,  
Алдағы атар таң үшін, —

деп қатан серт қояды ақын. Шәкәрім лирика жанрында Абай қалыптастырған реалистік дәстүрді жемісті жалғастырды. Өз туындыларында өзі өмір сүрген дәуірдің барлық шындығын тап басып суреттей білді. Ол сол кездегі қазақ даласындағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсы білді. Сол себепті де Шәкәрімнің шыншыл лирикасы сол дәуірдегі қазақ өмірінің айнасына айналды.

Шәкәрім лирикасының тақырыптық қамту ауқымы өте кең. Ақын мұраларының ішінде сезімнің нәзік сырларын шертіп, жастықтың жалынды шақтарын мөлдірете зерлеп берген махаббат лирикасын да, өз заманының бүкіл болмыс бітімін барынша сезіне отырып, уақыт пен қоғам, тіршілік пен адам жайында шабыттана сыр ақтарған саяси-әлеуметтік лириканы да, даланың әсем көркі мен жаратылыстың тамаша құбылыстарын шебер өрнектеген табиғат лирикасын да, заттар мен құбылыстар, ақиқат пен болашақ, тіршіліктің негізі туралы терең толғанысты ойлар ұсынатын азаматтық, философиялық лириканы да молынан ұшыратамыз.

Шәкәрімнің лирикалық шығармаларында жеке адам бойындағы ұсақ-түйек міндерден бастап, сол кездегі қоғамның саясаты сияқты күрделі мәселеге дейінгінің бәрі қамтылған. Халық өміріндегі кері тартар кемшілік атаулыға жүрегі езіліп, бұқараны саналы әрекетке шақырады. Өз тұсындағы байлық пен мансапты мансұқ етіп, соған жету жолында ел мүддесін құрбан етуге даяр тоғышарлар мен ұлықтарды, шенқұмар әкімдерді өткір сынға алады. Осының бәрінде де ол халық бұқарасынан қол үзбейді.

Шәкәрімнің ақын болып, айналасына таныла бастауы — өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының аяқ шені. Бұл кезде оның балауса қаламынан тұр жағынан тың, мағынасы терең,

философиялық жаңалығы айқын өлеңдер туды. Оларда ақын махаббат пен жастық сезімдерін көбірек жырлады. Осы тұста туған «Жастық туралы», «Кәрілік туралы», «Жаз келер», «Жастарға», «Шын сырым», «Арман» сияқты көптеген өлеңдерінде ақынның айшықты тілі мен мөлдiр сыршылдығы сезіледі:

Гауһардай кезі,  
Бұлбұлдай сөзі,  
Жаннан асқан бір пері.  
Жүзі бір айдай,  
Мінезі майдай  
Өзгеден артық сол жері.  
Дариядай ақыл мол еді,  
Жан ғашығым сол еді<sup>4</sup>.

Бұл Шәкәрімнің 1879 жылы жазған «Жастық туралы» атты өлеңіндегі сыршыл шумақтар болса, Шығыс поэзиясының дәстүрінде жазылған «Шын сырым» атты өлеңінде мынадай жолдар кездеседі:

Жібектей қап-қара  
Таралған шашың бар,  
Бұдырсыз тап-таза  
Жаралған басың бар.  
Қардай аппақ  
Әжімсіз маңдайың кең,  
Қынаптан суырған  
Қанжардай қасың бар<sup>5</sup>.

Тұнып тұрған сурет, төгіліп тұрған сезім. Бозбала шағында жазылған осы тәрізді өлеңдерінен-ақ Шәкәрімнің айналадағы құбылыстарға, адамдар арасындағы қатынастарға деген өз түйіні, философиялық пайымдары көрініп жатады. Ол айналасына ойлы көзбен қарап, пікір түйеді. Сол арқылы өзінің өмірге, қоғам мен тіршілікке деген көзқарасын қалыптастырады.

Шәкәрім лирикасындағы Абай дәстүрінің іздері оның өлеңдеріндегі гуманистік, адамгершілік сипаттан да айқын көрінеді. Шәкәрім өлеңдеріндегі ең басты нысана – адам. Ол адамды үнемі жақсылыққа жеткізуге, оның бойында жанаша қасиеттер қалыптастыруға ұмтылады. Адамның мінез-құлқындағы салақтық пен еріншектік, жалқаулық пен мақтаншақтық

<sup>4</sup> Сонда, 26-б.

<sup>5</sup> Сонда, 44-б.

қасиеттерді сынға алды.

Еріншектен салақтық,  
Салақтықтан надандық.  
Бірінен бірі туады,  
Жоғалар сүйгіп адамдық, –

дейді ақын.

Шәкәрім лирикасының аса бір ауқымды саласы – оның Абай дәстүрінде жазылған ағартушылық сарындағы өлеңдері. Ол өзі өмір сүрген заманның барлық болмысын, бүкіл қазақ қауымының экономикалық, әлеуметтік, рухани дамуының дәрежесін жан-жақты түсінген қайраткер болды. Өзінің туған жұртының болашағы үшін жаны ауырып, жүрегі сыздады. Осы сезіммен көптеген жырларын жазды. Бұл тұста да ол Абаймен үндес. Ғылымға қол жеткізудің, халықтың өміріне кішкентай болса да жақсылық жасаудың бірден-бір жолы адал еңбек ету деп білген данышпан Абай:

Ғылымды іздеп,  
Дүниені көздеп,  
Екі жаққа үнілім<sup>6</sup>, –

деп білім табуға шақырса, Шәкәрім жырлары да адамды адал еңбекке, ғылым мен мәдениет үйренуге бағыттайды:

Күні-түні лей көрме, ғылым ізде,  
Қалсын десең артыңда адам атын<sup>7</sup>, –

дейді ол.

Абай көтерген әділет идеясы, ар тазалығы Шәкәрім лирикасының да басты сипаттарының бірі болды. Шәкәрім өзінің лирикалық қаһарманын халқының күні сияқты жарық, өзі сияқты ойлы болуға шақырады. «Насихат» деп аталатын өлеңіндегі ойлар соның айғағы:

Сусағанның сусыны бол су сықылды сұл-сұйық,  
Бірақ ондай болма салқын ел көңілін қалдырып.  
От сықылшы жылы болсын жүзіңіз бен сөзіңіз,  
Бірақ ондай махаббатсыз болма ертеп, жандырып<sup>8</sup>.

<sup>6</sup> Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I-т., – А., 1995. 114-б.

<sup>7</sup> Шәкәрім. Шығармалары. 93-б.

<sup>8</sup> Шәкәрім. Жолсыз жаза. – А., 1988. 88-б.

Ақын өз халқының басындағы кемшіліктерді ең алдымен европалық, әлемдік ғылым-білімнен шет қалуының салдары деп білді:

Жер жүзі жабылғанда ғылым жаққа,  
Қазақ жүр құмарланып құр ағатқа, –

дел күйзелді. Бұл тұстағы ақынның түсінігінде оқу мен білім іздеу, ғылым табу – адамзат баласын нәрлі бастаудан сусындатып, алдағы мақсатқа жеткізетін асыл қазына, адам бойындағы жамандықтың тамырына балта шабатын ең қуатты қару. Сондықтан да ол қазақ қоғамының сол кездегі сипатын шыншылдықпен суреттей келе, өмір, болашақ туралы терең ой толғау барысында көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың ел ішінде көп болуын, сол арқылы халқын сауаттылық сахнасына шығаруды армандады. Әсіресе «Ашу мен ынсап» атты өлеңінде ақын позициясы айқын көрінеді. Сол сияқты:

Үйренсе ғылым менен сан өнерін,  
Билер еді-ау өнердің не берерін.  
Танысса ақын, ойшыл адаммымен,  
Табар еді-ау адалдық ар көмегін, –

деп, «Молдалар өзгелерді кәпір дейді»<sup>9</sup> атты өлеңінде әлемдік ғылым мен мәдениеттің биігіне ұмтылды. Сол жақсылықтарға халқының назарын аударуға тырысты. Өзге елдер әдебиетінің үздік шығармаларын қазақ тіліне аудару арқылы осы идеясын жалғастыра түсті.

Қазақ халқының жақсы болашағы туралы ақынның үні 1917 жылғы оқиғалар кезінде ерекше қуатты секілді. «Бостандық таңы атты», «Бостандық туы жарқырап», «Қош, жұртым» сияқты өлеңдерінде ақын қазақты оянуға, марғаулықтан арылуға шақырды.

Бұл кезеңде Шәкәрімге елінің басына тәуелсіз заман туғандай көрінді, содан үміттенді. Ақынның лирикалық қаһарманы да осы сарында үн қатты. Шәкәрімнің кейіпкері шарқ ұра ойланады, кемшілік атаулының себебін, тығырықтан шығудың амалын іздейді.

Мылтық билеп тұрғанда әділет жоқ,  
Алламай-ақ аулақ өл, жарықтыңым, –

<sup>9</sup> Шәкәрім. Шығармалары. 211-б.

деп («Ақын немене»), ақын қоғам дамуының бүгінгі мен ертеңіне ойшылдықпен көз жібереді. Өмір бойы әділет іздеп өткен Шәкәрім зорлық пен зомбылық, өзгені қарудың күшімен бағындыру бар жерде адам баласы ешқашан дегеніне жете алмайтынын айтады. Ол жақсылық пен жамандықтың, дұрыс пен терістің ара жігін тамаша айырады. Тіпті адамзатты бақытқа жеткізеді деген ғылымның өзіне кейде сескене қарайды. «Сен ғылымға» атты өлеңінде Шәкәрім шын иесін таппаған ғылымның аса қауіпті екенін айтады:

Шын залымға берме ғылым,  
Ол алар да оқ қылар<sup>10</sup>.

Шәкәрімнің лирикалық қаһарманының бейнелеу ерекшеліктері де көңіл аударарлық. Абай өлеңіндегі сияқты Шәкәрімде де «жүрек», «тіл», «сөз» ұғымдары мол ұшырасалы. Бұлардың қай-қайсысы да кейіпкердің азаматтық парасатын, адамгершілік тазалығын немесе белгілі бір сәттегі көңіл күйін дәл жеткізуге мүмкіндік береді. Ақын «менінің» басындағы сан алуан сезімдерді, қуаныш пен күйінішті, үміт пен торығушылықты осы ұғымдар арқылы пайымдай аламыз. Шәкәрім заманының күрделілігі оның өлеңдерінен, ондағы лирикалық қаһарманның кейде «тәтті», кейде «ашы», кейде «долы» тілінен аңғарылып жатады. Көп жағдайда ақынның «мені» «таза жүрек» іздеу жолында «от жүрегін» қолына ал, «сұм жүректермен» айқасқа шығады, заман әмірінен аса алмай қалған шақтарда пұшайман күйге түсіп, «дертті жүрекке», «жаралы жүрекке» айналады. Ашынған сәттерінде Шәкәрімнің «мені»:

Мен досыммын, жау емес,  
Еліре берме, қайта ту.  
Жүрегім дертті, сау емес,  
Сол себепті сөзім у<sup>11</sup>, –

деп ашы үн қатады. Қарап отырсақ, «жартасқа барып, күнге айғай салып» өткен ұлы Абайдың басындағы хал Шәкәрімде де бар. Айналасынан өзінің оң сөзін ұғар жан таппайды. Сол себепті де ол өзінің «Ашу мен ынсап» деген өлеңінде:

Айырмайды арасын,  
Бұдыр менен анықтың.  
Енді қайда барасың,  
Түрі мынау халықтың?<sup>12</sup> –

<sup>10</sup> Сонда, 115-б.

<sup>11</sup> Сонда, 91-б.

<sup>12</sup> Сонда, 51-б.

деп тығырыққа тірелгендей, тіршіліктен торыққандай болады.

Шәкәрімнің жазба әдебиеттің дәстүріне лайық бір өзгешелігі өз тұсындағы бірсыпыра ақындарға карағанда, өз айтқандарының бәрін бірдей ақиқат, шындық, дайын тұрған ақыл деп ұсынбауы, оқушының өз талғамына салып, керегін қабылдауды мегзеуі, әрбір мұраға байыпты сын көзімен қарай білуге шақыруы.

Кім айтса да, сынамай қойма, жаным,  
Ақылына сынатып ойла, жаным.  
Пәленше екем айтқан сөз дұрыс қой деп,  
Жүректің таразысын жойма, жаным.  
Тегіс тексер сөз көрсен сыр мен сының,  
Түзетуге именбе тапсаң шының.  
Әдеп сақта, жалғыз-ақ қате айтты деп,  
Былышылдатып дей көрме тапсаң мінің.  
Біле тұра кім айтар қате сөзін,  
Білімдіге есептер әркім өзін.  
Туған жері, әлеті, туған елі,  
Адастырар, айтқызар байлап көзін, —

деген шумақтардағы жылы рай, сыпайы әуендер, сондай-ақ философиялық тұжырымдар мен байсалды ой-пікірлер Шәкәрімнің ақындық мәдениетін өзіне лайық биігінен танытады.

XIX ғасырдың соңғы кезі мен XX ғасырдың алғашқы жылдарында қазақ әдебиетін әлеуметтік ой құралы, рухани күш дәрежесіне көтерген қазақ ақындарының алды Шәкәрім, демократиялық бағыттағы жазба әдебиеттің «тіл ұстартып өнер шашпақ, наданның көңілін қойып көзін ашпақ» дәстүрін едәуір ілгері бастырған. Әдеби ұғым-түсініктерге үлкен талғаммен қарауды Шәкәрім — қазақ тәжірибесінде алғаш қойғандардың бірі. Осы арқылы ол оқушысының эстетикалық таным-талғамын қалыптастыруды көздейді.

Ақын өз тұсындағы қоғамдық өмірдің бірсыпыра шындығын орынды көре білген және оған өз қатынасын танытып отырған. Шәкәрімнің өмір сүрген тарихи кезеңінде патшалық Россиядағы жиһангерлік күштердің қанаушылық саясаты шет аймақтарда да айрықша өріс алып, еңбекші бұқараның тұрмысын бұрынғыдан да ауырлата түскені мәлім. Ғасырлар бойы үстемдік етіп келген наландық пен қараңғылық қазақ қоғамында бұл кезде өзінің кертартпалық сипатын өте-мөте айқын аңғартқан еді. Қоғамдық өмірдің осы сипатты ерекшеліктері Шәкәрім ақынның назарынан тыс қалмайды.

Япырау, бұл не деген наданшылық,  
Осынша жайылар ма жаманшылық.  
Есі шығып елірген бәрі де мас,  
Ар қайда, ақыл қайда, адамшылық, —

деп күйінеді ақын. Ел ішінде билікке таласып, партия құруды қоғам өміріндегі ауыр салмақ, зиянды құбылыс деп есептейді. Ақын ел билігіне таласып жүрген байлардың байыған жолын да, амалын да тап басып, дәл көрсетеді. «Ел зарлатып зорлықпен мал жиып ап», — деген көкесін де нысанаға дәл тиіп тұр. Партия құрып билікке таласқан пысық, атқамінерлердің түпкі, арам сырларын ақын тереңірек әшкерелей түседі.

Партияның басшысы, батырың осы,  
Қайраты мол, ішкені ант, шашқан пара...  
Малмен сатып алған соң ел де оныкі...  
Қарсы келсең, басыңды қағып тастар,  
Болмысына амал жоқ сен де оныкі.  
Қанға тойған көп итке қарсы келсең,  
Жаның қалар, тақсыр-ау, сен деп білсең.

Немесе:

Байдың асын сұм менен зальым жейді,  
Ұрысы ұрлап, момынның малын жейді.

Немесе:

Бар жұмысы аллау мен ұрлық, пара,  
Бірін арам демейді бұл бейшара.

Немесе:

Қайлағы қу алдампаз төрте шықты...  
Осы күнде арамның жолдасы мол,  
Қу мен сұмды кім жиса, шын мықты сол.

Ел ішіндегі атқамінерлерге арнаған бұл сөздері сол кездің шындығын бірсыпырағы дәл, анық танытып тұр. Ақынның осы тақырыптағы өлеңдерінен аңғарылатын тағы бір жай — автор ел билеушілердің сұрқиялық іс-әрекеттерін сынағанда, өз тұсындағы кейбір ақындар сияқты наразы бұрынғы «бағатой, әділ билерді», «жақсыларды» арман етпейді, ол заман өткен, өзі көріп отырған шындықтың бетін ашады, оларға деген өзінің көңілін білдіреді, әділдікті, адамгершілікті аңсайды.

Ауқаттылар өкілдерін сынауға арналған бірсыпыра шығармаларында басқа көп ақын көре бермейтін өмірдегі кейбір көлеңкелі жайлардың да сыры ашылады. Ақын жалпы байлар мен ел пысықтарының бір тілек, бір мақсатта екенін «Қорқақ бай» деген өлеңінде айқын аңғарады. Сырттай момын боп көрінетін



байлардың да елге тізесін батыратынын немесе сондай үстемдікке ұмтылатынын ақын орынды сипаттайды. Осы ретте ол:

Әлі жеткен кісіні о да жейді,  
Қолынан іс келгенде солай жайы.  
Ойласан көп бұл елдің осындайы,  
Шоқынғаны дәулеті, қой мен тайы.

Немесе «Кулар» деген өлеңінде:

Байлардың қу білмеген сыры болмас,  
Төмам қудың бірі мен бірі жалғас.  
Араз болып жүрсе де пайдасы бір,  
Орын дайын, бұл итің құры қалмас, —

деп жазады. Жалпы үстем тапқа тән психологияны бұлайша айыра танып, дәл суреттеу Шәкәрім поэзиясының реалистік мәнін танытады.

Ел ішінде шектен асқан паракорлық пен әділетсіздік, қараңғылық пен теңсіздік ақынды кейде ауыр жан күйзелісіне ұшыратып отырады. Жекелеген өлеңдерінде ақынның:

Елге көнсем, ақ жолдан адасамын,  
Көнбей жүрсем, көп итпен таласамын.  
Тек отырсам тепкілеп шыдатпайды,  
Енді қайтп бұл елмен жарасамын, —

деуі осы тәрізді көбіне-көп сезім күйін, түзу жол таппай сандалғанын аңғартады.

Оның:

Ермегім жоқ, елімнен үмітім жоқ,  
Қайтейін осындаймен көңіл бөлмей...  
Ел тіліме көнбейді,  
Жыладым да қамықтым.  
Үмітсіздік денделі  
Зарықтым да шалықтым — ...

Немесе: «Менің де жаралы жүрегім бар, Налаңдықтан қираған сүйегім бар» деуі де осыдан. Ақын шығармаларындағы жан күйзелісіне байланысты туған кейбір ой-түйіндер ақынның наладандық түнегіне қарсы күресте шаршау, қажу сезімдерінен туғаны анық.

Шәкәрімнің адамгершілік ұғымына қатысты ой-пікірлері

ағартушылық көзқарастарымен үндес, сабақтас. Ақын адамгершілік туралы өлеңдерінің қайсысын болса да өсиет, үлгі ретінде ұсынады, жамандықтан қашып, жақсылыққа ұмтылуды уағыздайды. Абай сынаған өтірік, өсек, мақтаншақты Шәкәрім де жеріне жеткізе сынайды.

Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан,  
Анық төмен болмай ма хайуаннан.  
Ынсап, рақым, ар-ұят табылмаса,  
Өлген артық дүниені былғағаннан, —

деген Шәкәрім. «Еріншек, ашу, құмарлық — жамандықтың басы осы» деп түйіндейді. Автордың адам мінезіндегі жамандықтың негізгі белгілерін дұрыс сынай отырып, ұсынары не дегенге келетін болсақ, мұнда да ақынның өз принципіне берік болғанын байқаймыз. «Бояу мақтан бола ма, Ішімізді құр қылмай» дейді ақын. Демек, ол адамның сыртқы сұлулығынан гөрі адамгершілік жағынан сұлу болуын басты қасиет деп таниды. Ақынның адамгершілік туралы көзқарасы «Өзіме» деген өлеңінде дәл де тұжырымды баяндалады.

Кейін баспай, ентелеп ілгері бас,  
Соны ойла, өзге қызық істі ойлама...

Адамзат өзін-өзі сынау керек,  
Тазалық, әділдікті ұнау керек.  
Өлсе де тура жолдан мойын бұрмай,  
Ақтан көрген пәлеге шыдау керек.

Шәкәрімнің бұл арада жұртшылықты ілгері ұмтылуға шақыруы да, адалдық үшін жанын қиюға дейін шыда деуі де озық пікірлер.

Ойшыл, философ ақынның болуынан оның ғылымға артар үміті де үлкен:

Үш-ақ түрлі өмір бар — бәрі де мас,  
Бір реуішті болады шал менен жас.  
Ең керекті дегенің органшы өмір,  
Түгел қолың жетпейтін бір жанталас.

Қапы өткізбес сол кездің бір сағатын,  
Өкініші қалмайды кетсе ағатың.  
Күні-түні дей көрме, ғылым ізде,  
Қалсын десен артымда адам атың, —

Ұлы Абай: «Жасымда ғылым бар деп ескермедім, Пайдасын көре тұра тексермедім» десе, Шәкәрім адам өмірін үш кезеңге бөліп, оның сол Абай мензеген ең қуатты, жастық шағын ғылымға арнаулы насихаттайды, сол тұстағы албырт жігердің бір сағатын да бос өткізбеуге шақырады. Шәкәрімнің өмір сүрген кезеңдегі қазақ қоғамының мәдени-экономикалық жағдайын ескерсек, ақынның сондай мешеу ортада отырып, жас адамға бірден-бір қажет өнер ретінде ғылымды ұсынуы көрегендік.

Шәкәрім Абайдың «Шәкіртсіз ғалым – тұл» деген нақылына сүйене отырып, ғылымның қоғамдық өмірге пайдалы әсер етуін тілейді. «Насихат» деген өлеңінде ол:

Қай ғылымды білсеңіз де,  
Қазір оны елге жай.  
Құр ішінде кеткенінше,  
Пайдалансын өзгелер, —

дейді. Ақын ғылым-білім жеке бастың мүддесіне ғана емес, ең алшымен халық игілігіне жұмсалсын деген пікірді ұсынады. Бұл тұжырым ақынның бірсыпыра шығармаларында қайталанатын. Ғалым адамға арнаған сөзінде ол: «Жер сықылды пайдалы бол, Пайдалансын ел сенен», «От сықылды жылы болсын жүзіңіз бен сөзіңіз», «Жел сықылды желпі жұрттың шаршағанын, талғанын», т.б. дейді. Шәкәрім ғылымның және ғалым адамның қоғамдық өмірдегі орнын көрсетумен қатар, ғалымның ең алдымен нағыз адам болуын негізгі шарт ретінде қояды.

Шәкәрімнің азаматтық лирикасының ауқымы өте кең. Негізінен адам, халық, қоғам сияқты қалау-қалау категорияларды нысана еткенімен, ол ондағы тарам-тарам тақырыптардың барлығына дерлік тиынақты зер салып отырды. Оның адамгершілік, имандылық туралы ойлары ақынның азаматтық үнін, гуманистік сипатын танытты. Бұл қатарда Шәкәрімнің «Ескіден қалған сөз теріп», «Насихат», «Мұтылғанның өмірі» атты өлеңдерін айтуға болады. Адалдық пен әділдікті жырлауға келгенде Шәкәрімнің даусы аса зор. Ол өз замандастарының бойындағы кеселдерге жиіркене қарайды.

Адалдың жолы болар заман бар ма,  
Жем болдық шын жексұрын надалдарға.  
Адастың деп отырмын айғай салып,  
Бар тапқаным сол болды, амал бар ма?<sup>13</sup> —

дейді.

Әдетте Шәкәрімнің азаматтық лирикасына көз жібергенде, оның өлеңдерінде «қазақ» деген сөздің жиі кездесетіні байқалады. Бұл ақынның өз халқының шеңберінде ғана шектелгенін білдірмесе керек. Абай тәрізді Шәкәрім де өз халқының мақсат-мұратын бүкіл адамзат арманынан бөлек алып қарамайды. «Ойласаң барша адамзат — туған бауыр» деп ұққан ақын өзінің «Анадан алғаш туғанымда» атты философияға толы өлеңінде:

Өзімішіл болма, көпті ардақта,  
Адамның бәрі — өз халқын,<sup>14</sup> —

деп туған жұртына өнеге ұсынады.

Ақын ойларының дәлдігі, Шәкәрім жүрегінің сезімталдығы мен көрегендігі оның шығармаларын бүгінгі күнмен де үндестіріп, олардың өміршендігін танытып жатыр. Шәкәрімнің өз заманында айтқан терең ойлары мен сырлы сөздері дәл қазір өмірге келгендей сезілетіні бар.

Мәселен, ақынның «Елгі тышқан» атты өлеңіндегі мына жолдарды бүгінгі күннің шындығынан алшақ жатыр дей аламыз ба?

Ойласам, сол тышқандай бұзықтар көп,  
Сырты сопы, іші арам қылықтар көп.  
Пара алып, не қазынаның ақшасын жел,  
Адалымсып жүретін ұлықтар көп.<sup>15</sup>

Шәкәрім шығармаларын қарастырғанда, оның қоғамдық өмір жайындағы жекелеген пікірлері мен философиялық ой-түйіндері туралы айтпай кетуге болмайды. Өз ортасының белгілі көреген адамы Шәкәрім әлеуметтік өмірдің әр алуан сұрқын байқай білді және оларға өзінің қатынасын айқын білдіріп отырған. Оның қоғамдық құқық пен философияның жекелеген мәселелері жөнінде өзіндік жүйелі түсінігі болған. Мұның өзі Шәкәрімнің қатардағы ғана ақын емес, ірі ойшыл екенін танытады.

Шәкәрім Құдайберділі адам, оның орны мен қызметі, ісі, қылығы жайында, ақыл мен ой жайында, көңіл мен жүрек, түйсік, сезім жайында, жақсы мен жаман, адалдық пен арамдық, түзулік, қулық, ақтық сияқты мәселелер туралы көп философиялық толғаныстар, тебіреністер жасаған. Әсіресе, қазақ қоғамына, оның қауымдық, ұлттық ерекшеліктеріне, оқу-білімінің аздығына, ұйымшылдықтың жоқтығына, қызығушылыққа байланысты

<sup>14</sup> Сонда, 189-б.

<sup>15</sup> Сонда, 166-б.

жайттарды батыл көтерген. Абайды көп толғантқан өсу, өнім, ағарту ісі, алға, болашаққа қарау Шәкәрім поэзиясында түгелдей дерлік өріс табады. Адамның жеке басының жетілуі, ақыл мен парасатқа ұмтылу, адал болу, кісі ақысын жемеу, халық қамын ойлау – ақынның жаппай-тұрмай тебірене ойлаған тақырыптары. Көпшілігі насихат, ғибрат түрінде болып келсе де Абай салған, шыншылдық, сыншылдық сарын анық көрініп, дамып отырады. Өрнек, сурет, бейнелері анық реалистік әдебиеттің қалпын байқатады. Өлең өлшемдері де сан алуан өзгеріп, құбыла құлпыра түседі.

Адамның қоғамдағы орнын ақын жоғары бағалап, оған көп жүк артады, міндет қояды. Рас, дидактика, уағыз басым, бірақ, жалпылама емес, нақты ортаңы, нақты адамдарды мегзеп айтқан. Мұндай ғибрат, уағыз сөздер Абайда да бар екенін білеміз. Бұл тектес өлеңдер, негізінде, жалаң насихат емес, ақынның қоғам, адам жайындағы жинақталған ойын білдіретін ақыл сөздер, философиялық түйін, толғаулар.

Еңбек тақырыбы – Шәкәрім лирикасындағы ең басты тақырыптардың бірі. Қоғам дамуындағы еңбектің ролі туралы Шәкәрімнің алдында өткен ағартушылардың барлығы айтқан. Шокан, Ыбырай, Абай өнегелерін бойына сіңірген Шәкәрім де еңбекті адам қасиеттерінің ең тұлғалысы деп білді. Шәкәрім әлеуметтік прогреске жетудің екі жолы бар, оның бірі сауатсыздықты жойып, адамдардың оқуға, білім мен ғылымға ұмтылуы, ал екіншісі адал еңбек ету жолы деп таныды. «Адамдық борышын», «Жолама, қулар, манайға», «Піскен мен шикі» сияқты көптеген шығармаларында ақын оның бүкіл адамзат баласының дамуындағы биік ролі мен тарихи маңызына зер салды. Адам болғаннан кейінгі ең басты борышын еңбек ету деп түсіндірді.

Ақын шығармашылығының бүкіл өн бойына өзек болып тартылған еңбек тақырыбы – Шәкәрімнің пайымдауынша, барлық жаман әдеттерден арылудың жалғыз жолы, адамзат баласының алға жылжуының кілті.

Ақ жүрек пен Таза ақыл,  
Қылсаң Адал еңбек –  
Бәрінен де сол мақұл,  
Артқына жол бермек.<sup>16</sup>  
Арсыздардың түкке тұрмай  
Арам ойы жойылып,  
Аяғында хақиқатты  
Бұл үшеуі жөнбек.

Шәкәрімнің «Мен кетемін» деп аталатын өлеңінен келтірілген бұл жолдар ақынның еңбек тақырыбына, жалпы еңбек мәселесінің адам өміріндегі маңызына қаншалықты ден қойғанын, қандай мұрат ұстағанын айқын аңғартып тұрған жоқ па?! Бұл өлеңнен Шәкәрімнің лирикалық мұрасына тән формалық жаналық та бой көрсетеді.

Жолдастыққа, достыққа берік болу, қайырымды болу, бір сөзде туру сияқты адамгершілікке байланысты мәселелерді Шәкәрім тек ақыл айту, белгілі шындықтарды тізу жолымен емес, оның өмірдегі алуан түрлі көріністерін алып, сынау, мінеу әдісімен көрсетеді. Адамның қоғамдағы бір-біріне қатынасын, мінез, құлқын ашып, оның ұнамсыз жақтарын әшкерелеуде Шәкәрім тереңдікті, көршілікті байқатады.

Көңіл күйі жөнінде, ақыл, ой, жүрек толқуы, сезімі жөнінде, дүние өмір туралы жазған өлеңдерінде Шәкәрім нағыз жазба әдебиет дәстүріндегі ақын ретінде танылады. Батыс, Шығыс әдебиетінен көп оқып, онан айта қаларлықтай үлгі, өнеге алумен бірге, өз талаптының молдығы, сөз өнері байлығы, толғам тереңдігі осы дәрежеге көтерген. Қозғаған тақырыптары мен оны шешу, түбіне терең бойлау жағына келгенде, жақсы дәстүрлер мен қатар біраз жанашылдық қалыпты да білдіреді. Адам көңілі, табиғат жайы, сұлулық, көркемдік, махаббат жайындағы лирикаларында Шәкәрім қазақ поэзиясын тың сурет бейнелермен, соны сөз, тенеулермен байытқан.

«Қабағынан қар жауған қаранғы бұлт жоғалды» дегенде Абай дәстүрін /табиғатқа, жылдың мезгілдеріне жан бітіріп, адамша/ ілгері дамытқан, өз тарапынан жаналық қосқан. «Түнерген бұлт» деген халық аузында бұрыннан бар. Ал «қаранғы бұлт» деп айтпайды. Шәкәрім қаранғы бұлтты «қабағынан қар жауған» деп адам бейнесіне жақындатады, адамға тән мінез, сипаттама жасайды. «Өлген көңіл – ыңдынсыз өмір» деген сөз тіркестерінің мүлде жанаша екенін байқау қиын емес.

Өліп қалған сүм жүрек,  
Оятсам да тұрмас-ты.  
Қайғылы көңіл тырп етіп,  
Қабағын ашпас сылбырап.  
Қайғылы біздің көңілден  
Қайғырған сайын қан шықты.  
Жаздың күні болғанда  
Жанбыр жауар күркіреп,  
Жаралы біздің көңілге  
Бір тамбайды сіркіреп, –

деген жолдарды оқимыз. Келесі «Бақшадағы гүлдер» деген өлеңінде:

Көңілі ояу, көзі ашық елде кім бар?  
Өлі жүрек, өзімшіл, күншіл мұңдар! –

деген жолдар бар. Қарап отырсақ, Шәкәрім бұл тақырыпта да соны ізденістерге барған, өзіндік өрнек, бейнелер жасаған. Көңілдің қабағы салбыралы, сұм жүректің оянбауы, күншілдерді «өлі жүрек» деп метафорамен атауы – бәрі де тек жоғары парасатты жазба поэзия дәстүрінде болуға лайық. Көңіл күйін, жүрек соғысын бейне бір адам мінезіне, адам ісіне ұқсату арқылы ақын үлкен бейнелік сурет жасаған. Сонымен бірге, айтылмақ ой, идея, өрине, тереңдей түскен, мазмұны байыған. Жанбыр жауу табиғаттың аса бір қасиетті құбылысы; жан біткеннің бәріне нәр беретін, жібітетін жауын, осы ұғымнан шығуы айқын; «Жаралы біздің көңілге бір тамбады сіркіреп» дегенде, мүлде тың, жарасымды сурет шығады. Бұрынғы поэзия үлгілеріне қарасақ, бұл мүлде жанаша. Өйткені еңбеккер қазақтың ұғымында ежелден жауын табиғаттың қасиетті құбылысы болып есептеледі. Оған себеп: ең дала жауынсыз шөл далаға айналып кетер еді. Онда шөп те жоқ, мал да жоқ. Сол түсінік бойынша ақын әбден торыққан, жылылық көре алмай қамыққан жүректі жанбыр тимеген қураған далаға тенеяді. Ол семген, ылғалсыз, кепкен. Жүрекке шипа боларлық ештеңе жоқ. Сондықтан да ол өледі, тастай болып қатады. Саналы жанға мұнан артық трагедия бола ма! Ақын лирикалық қаһарман басындағы осы халді білдіреді. Сонымен бірге қиянатшыл жандарды да мейірімсіз деген мағынада осылай айтады. «Тас бауыр», «тас жүрек» леудің орнына «өлі жүрек деуі» /өзімшіл мұңдарды/ поэзияда бұрын кездесе бермейтін жаналық /өлген адам, немесе, сезімсіз суынған жүрек жайында талай айтылуы мүмкін, яғни өзінің тіке мағынасында; бірақ адам бейнесін беру үшін айтылған түрі ұшыраған емес/.

Жаналық, сонылық түрін мына жоллардан да байқайсыз:

Қайран терең ойым, қартайып тоздың ба?  
Еріншек боп бұйда создың ба?...  
Есті жи, тозды ми...  
Жыр жазбасан, тартар ой  
Күннен күнге жалқауланып бауу ...  
Мида жоқ бұзық қан, ақылың таза,  
Не себептен боласын, ойды бұзып,  
Күлер үзіп, наза.

Бұл үзінділердегі ойдың «қарғатыны», «тозатыны», «жалқауланатыны», мидың «тозатыны» – қазақ поэзиясында бұрын кездеспеген тіркестер. «Сергек ой», «терең ой», «алжасқан ми» «ауысқан ми» деген сөз тіркестері әбден таныс та, ал «тозған ой», «жалқау тартқан ой» дегендер болмаған. Ақын жана сөз тіркестерін жасау арқылы айтылмақ ойдың мән-мағынасын толық жеткізе алған. Бұл орайда ақын жана эпитеттерді кездейсоқ қолданып отырған жоқ: оның айтайын дегені анығында да тозған ой, запыда болған, шаршаған ой, істен, қызметтен, талқыға көп түсуден тозған. Ақынның айтқалы отырғаны «алжасқан», «адасқан» ой, немесе «ауысқан» ми емес. Әрбір физикалық дене, зат сияқты ойдың да, ақылдың да тозатынын білдірген. Ақынның зары да, мұңы да осы сөздерде тұр, трагедиясы да осында. Өйткені бұл сөз тіркестері тектен-тек қолданылмаған, әбден титықтаған адамның қалпын аңғартады. Ұлы Абай «Мынмен жалғыз алыстым кінә қойма» дегенде, сол кездегі ортаның қайшылық, қиындықтарын, өз басына түскен тауқыметті білдірген. Абайдың ағартушылық, ілгерішіл бағытын ұстанған Шәкәрім де сол феодалдық-патриархалдық жағдайдағы сорақы кемшіліктерді көріп налиды.

Жолама қулар маңайға,  
Не қылмалдың талайға!  
Кім жағады сендерге  
Тартқызыған азап Абайға!

Соның да тілін алмадың,  
Сабадың, сөктің, қарғадың.  
Көріне қашан кіргенше  
Арсылдап иттей қалмалдың, –

дейді Шәкәрім. Абай күйін жақсы біліп, терең ұққан ол ақын басындағы трагедияны көзге айқын елестетеді.

Шығыстың дәстүрлі поэзиясынан мол хабардарлығының және өлең өлеміне, ауыз әдебиетінің үздік үрдістеріне білімдарлықпен зер сала білуінің арқасында Шәкәрім айрықша үлгідегі жауһар жырлар тудырды. Формалық жаналығы айқын байқалатын өлеңдер қатарына ақынның «Қалжыншыл қылжакпас», «Достының зор», «Өлген көңіл, ындынсыз өмір», «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» сияқты туындыларын жатқызуға болады. Бұл шығармаларда сынғырлаған үйлесім, ішкі ұйқас, сөздер үндестігі, дыбыстар саздылығы мен тілдік бояу-өрнектердің қанықтығы айрықша сезіледі. Сонымен қатар ақын айтар ойын бейнелі түрде жеткізуде шеберлік танытады. Мәселен, «Өлген көңіл, ындынсыз өмір»

өлеңінде кездесетін:

Көшейін деп қыбырлап,  
Ел қыстаудан қозғалды.  
Жаралы жүрек жыбырлап,  
Жазылмай жалғыз сол қалды,<sup>17</sup> —

деген жолдарды оқығанда данышпан Абайдың әйгілі Татъянасының басындағы жағдайға орай айтқан:

Жас жүрек жайыл саусағын,  
Талпынған шығар айға алыс,<sup>18</sup> —

деген сөздері еріксіз ойға оралады. Бұл арада «Жаралы жүрек жыбырлап» деген жана тіркес арқылы өлеңнің мәндік бояуы, әсерлік жағы, ішкі динамикасы шырқау биікке көтерілген. Ақын мұнда халық әдебиетінің бейнелі образдары мен сөз өрнектерін дамытып, өзіндік өлшемін ұсынады.

Шәкәрімнің Абайдың реалистік дәстүрін жалғастырудағы бір жемісті қыры — оның эстетикалық мәселелер, дәлірек айтқанда, ақындық өнер, өлеңсөз күдіреті жайындағы пайымдаулары. Бұл тұста ол Абай салған соқпақты, тамаша әлеби дәстүрді, көркемдік тәсілді басшылыққа алып қана қойған жоқ, өлең әлемінде, сөз патшалығында өзіндік қолын, өз бағытын табуға ден қойды. Шәкәрімнің көптеген өлеңдеріндегі ішкі үйлесім, ғажайып үндестік, сырлы бояу мен жанаша түр оның осы бағыттағы жемісті ізденісін аңғартады.

Шәкәрім Құдайбердіұлы — сөз өнерін, ақын орнын аса жоғары бағалағандардың бірі. Бұрынғы қазақ өлеңі көбіне онан-мұнан қарастырылған, тереңге бармай, үстірт, жалаң суретке жалтылдаққа әуес болғанын ақын сынайды:

Қазақтың жайы белгілі,  
Өлеңі өңкей құрама.  
Байқалдық қой ендігі  
Оны менен сұрама.  
«Ауылым қонды Нұраға,  
Мінген атым сұрала»,  
Керексіз сөзбен бұрала,  
Қазақ сүйтпей тұра ма!...

<sup>17</sup> Соңда, 87-б.

<sup>18</sup> *Абай*. Шығармаларының екі томдық толық жиынағы. А., 1995. - I-т., - 139-б.

Сөзді әнге дұрыстап  
Өлшеуменен сыға ма.  
Сыймаса да сырықтап,  
Зорлық қылып тыға ма.

«Ақындарға» деген өлеңінде поэзияға, жырға қандай талаптар қоюға болатынын, қандай жырдың көкейге қонатынын ақын былай анықтайды:

Ерікті билеп алсын айтылған жыр,  
Сырты — гүл жарасымды, ішінде сыр.  
Жанынның ләззат алар жарығындай,  
Мәңгілік өшпейтұғын төгілсін нұр.

Ән менен күйдің тілі — үн  
Ұқпасан оны — саған мін.  
Мұңлы, зарлы үндер еріксіз жылалар,  
Қамыққанды кейі жұбатар.  
Ой ақылмды қозғар, ән-күйді,  
Жаным жай тапқандай ұнатар.  
Маньсыз айғай ән болмас,  
Татымды онда мән болмас.

Абай дәстүрін мықты ұсынған ақын өлең мен жырға қоятын талабында да ұлы Абайға ұқсап бағады. «Құр айғай ән бе екен, құлаққа сән бе екен?!» деген жолдарды еске түсірсек, талап-тілек ұқсастығын, сонымен бірге, өлеңнің сыртқы формасының да жарасымды келетінін байқаймыз. Алайда ақын, әрине, өзіндік мәнер, өрнек іздеген, бұрынғының шеңберінде қалып қоймай, жана бейне суреттер жасаған. Абай: «Гілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы» десе, Шәкәрім: «Қадалып жүрегіне ақ қанжардай, оятсын ой-күйезді жан бергендей...», «үйірліп көкейіне ұйып жатсын, тазартып жүрек кірін жуып жатсын», «сырты — гүл жарасымды, ішінде сыр» деп өлеңге, поэзияға қоятын талабын анықтай, тұжырымдай түседі. Мәнді, мағыналы болу, халық мұнын жырлау — поэзияның бірінші міндеті. Сонымен бірге, орнымен сұлулығын, әсемділігін сақтау, «қиыннан қиыстыру» (Абай айтқандай) — ақынға шарт. Шәкәрім «ұйқасты, сипатты, ішкі сырлы жырынды қос» дейді. Поэзияның эстетикалық әсерін өте жоғары бағалайды, оған ғажайып арбағыш күш бітіріп, формасы жағынан «мың» құбылып, түрлендіріп жазған үлгілері көп.

Жыршылар ән салар толғанып ойдан,  
Мұңлы зар қозғалар байқалып бойдан.

Жанынан бір майда сыр шығар, сезімі ояу оны ұғар;  
Тіл билеп, үн күйлеп, суреттесе өмір жайын ән,  
Мұндатса, шырқатса, ентелетсе, ояндай ма өлген тән!

Өлең сикырына шексіз сенетінін, әрі сүйетінін ақын айқын-ақ білдірген. Өлең мазмұнынан шығатын қорытынды шын мәніндегі көркем ән, өлең жанлы тебіренпейтіндей қоймайды, оның эстетикалық әсері өте күшті.

Ақынның 1919 жылғы жазылған «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» атты өлеңінде өлең сөздің сикырын меңгерем деуші талапкердің алдында мынадай биік міндет қойылды:

Ауыр –  
Осы әнге тауып сөз салмақ.  
Тәуір,  
Татымды ұйқас жиналмақ,  
Тереңнен толғанып.  
Сырын  
Бұл әннің айтып қарайын,  
Сипаттап түрін, тізіп санайын.  
Өлең тап ойланып:  
Буыны сегіз,  
Алтауы егіз,  
Үшем деңіз  
Екеуі.  
Кім дәл басты,  
Кілтін ашты,  
Жаксы ұйқасты  
Нешеуі?<sup>19</sup>

Шәкәрімнің өзі де алдына, міне, осындай биік талап қойды. Бұл қасиет ақынның бүкіл лирикалық шығармаларының өн бойынан айқын аңғарылып тұрады. Сол себепті де Шәкәрімнің лирикалық қаһарманының бейнесі алуан қырлы. Ол өзінің бойына сол дәуірдің бүкіл болмысын, ел тағдырын, халықтың арман-тілегін жинақтады. Онда кей сәттерде заман мен қоғам қайшылықтарынан туындайтын мұң табы да бар. Әйтсе де ол жалаң күйзелу, боркеміктік емес, үмітке ұласатын өршіл мұң. Оның бойында трагедиялық және оптимистік қасиеттер қатар жүреді. Осының бәрін Шәкәрім өзінің лирикалық өлеңдерінде ерекше бір шабытпен өрнектейді.

<sup>19</sup> Шәкәрім. Шығармалары. 190-б.

\* \* \*

Шәкәрім ұлы Абайдан бастау алатын реалистік үлгідегі лириканың дамуына ғана үлес қосып қойған жоқ, оның қаламынан көркемдік бояуы өзгеше «Қалқаман – Мамыр», «Еңлік – Кебек», «Нартайлақ пен Айсулу» тәрізді эпикалық ауқымдағы тамаша сюжетті поэмалар да тулды. Ел ішінде ертеректе болып өткен оқиғалар негізінде жазылған «Қалқаман – Мамыр» және «Еңлік – Кебек» дастандары алғаш рет 1912 жылы Семей қаласында жеке-жеке кітап болып басылып шықты.

«Қалқаман – Мамыр» дастанының оқиғасы сонау «ақтабан шұбырынды» заманында өтеді. Ал поэманың жазылуы өткен ғасырдың аяқ шені тәрізді. Олай дейтіміз, ақынның үстіміздегі ғасырдың басында Абайдың көзі тірісінде жазған «Еңлік – Кебек» поэмасында мынадай жолдар бар:

Қалқаман мен Мамырды жаздым бұрын,  
Оқығандар, байқалың оның сырын.  
Енді айтамын Еңлік пен Кебек сөзін,  
Тағы сынай көріңіз мұның түрін<sup>20</sup>.

Поэма оқиғасы өткен он сегізінші ғасырдың алғашқы ширегіндегі Жоңғар шапқыншылығы кезінде халық басына түскен қиылы кезеңдерді бейнелейді. Тарихи сахна шығарманың тынысын кең ұстауға мүмкіндік береді. Бірақ дастандағы тарихтың рөлі бұдан әрі өрістемейді, осы шеңбердің аясында қалады. Ол тек қана негізгі оқиға өткен орта түрінде ғана көрінеді. Ал негізгі мәселе – сол дәуірдегі адамдар санасының, мінез-құлқының, әдет-ғұрыптың жайы, қоғамның әлеуметтік, адамгершілік жағдайлары.

«Қалқаман – Мамыр» – жанрлық жағынан лиро-эпикалық дастан. Поэма Қалқаман мен Мамырдың арасындағы махаббат хикаясына құрылған. Мамыр қыздың Қалқаманға еріп кетуіне наразы болған қыз төркіні Мәмбетейлер екі жасты өлтіруді талап етеді. Ал жігіт жағы бұған қарсы. Екінші топтың басында даналығы дариядай Әнет баба жүр.

Мәмбетей жағып алды, ырық бермей,  
«Қалың мал ал, біт» – деген сөзге көнбей.  
Қалқаман мен Мамырды өлтірмесе,  
Кетеміз деп бабанды тіпті көрмей.  
Бабаң айтты: «Өлтірер жұмыс емес,

<sup>20</sup> Сонда, 291-б.

Таспен атып өлтірер бұл іс емес.  
Біреудің некелісін бұзбаған соң  
Қанына ортақ болу дұрыс емес»<sup>21</sup>.

Міне, поэмадағы қарама-қарсы екі жақтың ұстанған позициялары осындай. Ақырында Мәмбетей жағының батыры Көкенайдың оғынан Мамыр қапыда қаза табады, ел билеген ессіз жауыздық әмірінің құрбаны болады. Мамыр қыз өлер алдында өзін атқан Көкенайға қарап:

– Көкенай, қарғамаймын, сөзіме бақ,  
Ісім жөн, бір құдайға көңілім хақ.  
Мойныңа менің қаным халал болсын  
Болма енді Қалқаманның қанына ортақ,<sup>22</sup> —

деп зарланады.

Бірақ қыз жағы мұнымен тоқталмайды. Енді Қалқаманның өлтірілуін талап етеді. Ақыры жөн сөзге құлақ аспаған өнкей надан Әнет бабаны еріксіз дегеніне көндіреді. Амалы құрыған дана қария ойлана келе: «Қалқаман жүйрік атпен кесе-көлденең шауып өтсін. Көкенай оғын тигізе кегінің қайтқаны, ал егер дарыта алмаса Қалқаманды мазаламасын,<sup>23</sup> — дейді. Осынау сұмдық жекпе-жекте Қалқаман Көкенайдың оғынан жеңіл жараланып, аман қалады. Ел қуанышында шек болмайды. Алайда туған жұртынан араша таба алмаған Қалқаман құлақ естімес алысқа, нағашы еліне кетіп қалады. Ағайындардың «іздейміз» деген ниеті орындалмай, «ақтабан шұбырынды» алапатының дүрбелеңімен астасып, ұмыт қала береді.

Поэманың негізгі идеялық-көркемдік арқауы — Мамырды өлтірген, өзін тірдей окқа байлап берген елдің ішінен батыр Қалқаманның қашып кетуі. Мұны ең алдымен қоғамның әділетсіздігіне, Көкенай сияқты қолында күші барлардың бассыз өктемдігіне деген қарсылық деп түсіну керек. Қалқаман наразылығына Шөкәрім де ортақ. Қалқаманның әрекеті арқилы ақын өз заманының шектен шыққан әділетсіздігін айыптайды. Поэмадағы Әнет баба бейнесіне Шөкәрім аса терең астар беріп, мол сыр құяды. Ел бірлігінің ұйытқысы тәрізді ғұлама қарияның күресін, осынау өршеленген көпке қарсы тұра алмай, шарасыздыққа түскен қалпын ұлы Абайдың тағдырымен сабақтастырады. Абай да кезінде қазақ қауымының бірлігі мен ынтымағы үшін жанын ауыртты, бүкіл қоғамның кеселдеріне

<sup>21</sup> Сонда, 285-б.

<sup>22</sup> Сонда, 286-б.

<sup>23</sup> Сонда, 288-б.

қарсы күресте «мынмен жалғыз алысты», жеңіске ұшырады, тұйыққа тірелді. Әнет бабаның жағдайы да тура сондай. Поэмадағы «Қойдындар Абайға да не қылғызбай» деген жолдар қоғамның әділетсіздігіне деген Шөкәрім наразылығының туы іспетті. Ақыр-аяғында мұнлық жастарға тілеулес, тілектес болған Әнет бабаның өзі де Жоңғар ыланьында үдере көшкен елге ілесе алмай, бір төбенің астында қалып қояды.

Шөкәрімнің эпикалық жанрдағы ендігі бір көлемді мұрасы — «Енлік — Кебек»<sup>24</sup> дастаны. Бұл — үстіміздегі ғасырдың бас кезінде Абайдың тікелей ақыл-кеңесімен жазылған әлеуметтік поэма. Бұл тақырыпты шөкірттеріне Абайдың өзі ұсынған тәрізді. Өйткені осы аттас поэма Мағауия Абайұлында да бар. Соған қарағанда, ұлы ұстаз шөкірттеріне тақырып ұсына отырып, олардың шығармашылық қуатын сарапқа салып отырған сияқты. Шөкәрімнің поэмасы 1912 жылы «Жолсыз жаза, яки кез болған іс. Енлік — Кебек» деген атпен Семейде кітап болып шыққан.

Дастанның оқиғасы ертеректе ел ішінде болған бір хикаяны негізге алған. Батыр Кебек анда, Хан тауынан түлкі қағып жүргенде аяқ астынан күн бұзылып кетеді де, жолшыбай бір шал мен кемпірдің үйіне түседі. Сол үйде Енлік қызбен танысады. Екеуі сыйласады. Қыздың айттырып қойған жері бар, бірақ болашақ өмірлік қосағы — мал сияқты нағандау. Ендіктің оған барғысы келмейді. Бастапқы таныстықтың соңы ыстық махаббатқа ұласып, Кебек пен Енлік қол ұстасып қашып кетіп, көзден тасалау жердегі бір жартасты мекендейді. Осы кезде қыз төркіні мен жігіттің ағайындары арасында дау туады. Ақыры қыз жағының қысымымен жігіт жағы қыз бен жігіттің жасырынған жерін айтып қояды. Екі ғашық қапыда қолға түсіп, жартас түбінде құшақтары ажырамастан қаза табады. Жартастың қуысында кішкентай сөбі шырылдап қала береді. Оған қараған жан болмайды. Екі мұнлықты дұшпан санап, өлтіргендеріне масаттанған топ қайырылмастан кете барады.

Дастанның басты арқауы махаббат трагедиясы болғанмен, ақын оның сол кездегі замана сипатына, ел ішіндегі әлеуметтік жағдайларға сәйкес құбылыс екеніне назар аударады. Трагедияның тууына себеп болған қоғамдық-әлеуметтік жағдайлардың табиғатын айқындау үшін Шөкәрім тарихты, «ақтабан шұбырынды» дәуірінің дүрбелеңін өз сөзіне астар ретінде алады. Ақын Енлік пен Кебектің махаббат сапарында қайғылы қазаға ұшырауын әлдебір рудың немесе бір ғана топтың, жеке адамның мойнына қоймай, осынау тарихи астар арқилы патриархалдық сананың қатып қалған қағидаларын әшкерелейді. Шынында да осындай қағидалар үстем болып тұрған заманда екі жастың тағдыры басқаша болуы

<sup>24</sup> Сонда, 291 – 309-б.

мүмкін емес сияқты. Дегенмен бұл арада халық өміріндегі үлкен бір әлеуметтік мәселе бой көтереді. Үнділе қарағанда, екі жастың қайғылы қазаға ұшырауы ел ішінің тыныштығын сақтау, бұдан да үлкен қайғының алдын алу мақсатынан туған әрекет екені сезіледі. Қашан да тыныштыққа жетудің жолы оңай болмаған. Ендік пен Кебек махабаттың құрбаны ғана емес, осындай ірі әлеуметтік мәселенің де құрбаны болды.

Шәкәрімнің үшінші поэмасы – «Нартайлақ пен Айсұлу»<sup>25</sup>. Бұл – ақын өмірінің соңғы кезеңінде, 1929 жылы жазылған махабат драмасы. Дастан – өзінің көркемдік деңгейі жағынан өзге поэмаларынан едәуір төмен. Мұны Шәкәрімнің өзі мойындаған.

Поэма оқиғасы Нартайлақ пен Айсұлудың махабат хикаясына құрылған. Бірақ қыздың атастырылып қойған жері бар. Күйеу жігіт Барлы нашарлау болғандықтан, қыз әкесі оған Айсұлуды бермеймін деп жүргенде қайтыс болады да, Барлы ақыры бұдан күдерін үзіп, топастау бір қызға үйленіп кетеді. Айсұлудың аға-жөнгесі қызды Самсы деген жігітке бермек болады. Бірақ оған қыз көнбейді. Ызаланған қыз ағасы Барғана оны бұрын атастырып қойған Барлыға тоқалдыққа бергізеді. Айсұлу мен Нартайлақ арасындағы сезім жақындығын білген Барғана осы арқылы Нартайлақтан есе қайтаруды ойлайды. Оқиға барысында Айсұлу өзін-өзі асып өлтіреді. Махабат мүнделіктеріне тілеулес ел Нартайлаққа Айсұлуның сінлісі Күнсұлуды қосады. Нартайлақ Самсымен есеп айрысады. Бұл поэмада Шәкәрім алдыңғы дастандардағыдай ғашықтық хикаясын үлкен тұрғыдан, әлеуметтік биік деңгейден жырлай алмаған. Шығармада бір-бірімен байланысып жатқан ұсақ-түйек оқиғалар көп. Солардың ерқайсысын баяндау барысында негізгі арқауы босап кеткен.

Жалпы алғанда, Шәкәрім поэмаларының тақырыптық, көркемдік сыр-сипаты оның эпикалық ауқымында, әлеуметтік деңгейде көркем ой тұжырымдай білген шабыт иесі екенін дәлелдейді. Ақын өз поэмаларында негізінен қазақтың кара өлеңінің дәстүрін ұстанады. Кейіпкерлердің психологиялық күйін, ішкі сезім толқындарын көрсетуде де ол ақындық қуат танытады. Шәкәрімнің кейіпкерлері – адал махабаттың, пәк сезімнің, адамгершілік пен ақылдылықтың туын ұстаушылар.

\* \* \*

Шәкәрімнің прозалық шығармаларының ішіндегі ең көрнектісі – өзі кезінде «Қайғылы роман» деп атаған «Әділ-Мәрия» атты шығармасы. Роман 1925 жылы жазылған. Онда 1910 жылдар шамасындағы қазақ даласының саяси-әлеуметтік ахуалы, ел

<sup>25</sup> Сонда, 310–333-б.

тұрмысындағы әр алуан жағдайлар суреттеледі. Романның тақырыбы қазақ аулындағы қыздардың бас еркіне, бір-біріне ғашық жастардың қайғылы тағдырына арналған.

Романның бас кейіпкерлері – қарапайым шаруа жігіт Әділ мен кедей қызы Мәрия. Екеуінің ата-аналары көзі тірісінде бір-біріне құда түсіп, екі жасты атастырып, үй қылуы арман еткен. Бірақ олар балаларының бас қосып, түгін түтетенін көре алмай көз жұмған.

«...Көктемгі дала. Ел жайлауға көшіп, дала төсіне бытырай қонып жатыр. Мәрияның екі ағасы Асан мен Үсен де осы қарбалас құшағында. Бұл тұста Жаксыбайдың жалғыз ұлы Әділдің ауылы. Міне, дәл осындай күндердің бірінде жігіттің досы Серікбай мен қыз жөнгесі Зылиха Әділ мен Мәрияны жақынырақ таныстырады.

Мына бір тұста Төребек болыстың ауылы. Ішер асқа тойып, қымыз буымен есірген орта. Болыстың баласы Еркімбек және оның досы Шешенбай да Мәриямен танысудың жолдарын қарастыруда. Арадағы оқиғаға қыз ағасы Үсен мен қыз жөнгесі Жәмила араласады. Үсен мен Еркімбек төс қағыстырып дос болып, құдалықтың азын-аулақ ырымын да жасап қояды. Бірақ мәселенің шешімін күзге дейін, болыс сайлауы аяқталғанша шегере тұруға уәде қылысады. Ондағы ойлары – алда-жалда бұл келісімнің кесірінен ағайын арасы бүлінсе, күзде болғалы тұрған сайлауда Төребек дауыс ала алмауы мүмкін. Оның болыс болып қалар-қалмауына сенім болмай қалуы ықтимал. Еркімбек ә дегеннен осыны ойлады».

Осы тұста Шәкәрім патша үкіметінің әкімшілік басқару реформасының салдарынан қазақ ортасына жайылып кеткен партияшылдық, билікқұмарлық, жағымпаздық пен алауыздық, жікке бөлінушілік сияқты қоғамдық мерездерді аяусыз әшкерелейді. Еркімбектің ойы жоғарыдағыдай болса, ал оның әкесі Төребек болыс азулы да, ауқатты құдасынан қаймығады. Еркімбекке қалыңдық іздеп, бай аулымен құда болғанда ол осы мансабының жайын ойлаған болатын.

Еркімбекпен арадағы мәміле елге белгілі болған соң, ағайынды Асан мен Үсен арасында тартыс туады. Асан қарындасын өз теңі Әділге беруді ойласа, Үсен бай ауылымен құда болуды армандайды. Кейіпкерлер арасындағы тартысты өрістетуде Шәкәрім қаламының қарымы айқын аңғарылады. Бас қаһармандар Әділ мен Мәрия ақыр-аяғында сан түрлі сынақтан өтіп, тілеулес аға-жөнге, ағайынның көмегімен қосылады, үй болады. Мұны көре алмаған Еркімбек өш алу мақсатымен Әділдің үстінен әкесінің ақылмен арыз жазып, жазықсыз жігітті жер аудартады. Романның соңында Әділ Еркімбектің Мәрияны күшпен алып кетуіне келген басбұзарлық қылығының үстінен түседі де, сол арада Әділ мен



Мәрия қайғылы қаза табады. Екі ғашық бір қабірге жерленеді.

Сол дәуірдегі қазақ ауылындағы қыз бен жігіттің махаббаты жайында жазылған шығармалар аз емес. Шөкәрім бұл тақырыпты өзгеше шешіммен аяқтайды. Романдағы Асан, Байжан, Ержан, Серікбай, Зылихалардың ел ішіндегі әділетсіздікке қарсы бас көтеріп, соның нәтижесінде екі жастың бас қосып, аз уақыт болса да бақытты өмір сүруі – Шөкәрімнің қаламына тән шешім. Еркімбек пен Төребек бастаған әлділер тобын бейнелеуде де Шөкәрім пен Төребек бастаған әлділер тобын бейнелеуде де Шөкәрімнің реализмі көрінеді.

Романның композициялық құрылымы, өрнек-бояулары көңіл аударарлық. Шығармада автордың үнемі қайырылып, сырласып отыратын карт Шыңғыс тауы қазақ даласының өткен жолының әрбір қалтарысына куәгер тарихтың бейнесі, бәрін де оймен екішеп, иығымен көтерер даналықтың жиынтық образы секілді. Шөкәрімнің роман оқиғасын баяндау барысында үнемі Шыңғыстауға жүгініп, оны куәлікке тартып отыруында осындай философиялық терең мән жатыр.

«Көрі Шыңғыс тау! Адам жерге ие болғаннан бері қарай сенін көрмегенің жоқ. Шыңғыс, Темір сияқты талай-талай сайшықырандарды қолыңнан жөнелтің. Сенде талай адамның құмары қанып қуанғаны да болды, жүрегі жанып суалғаны да болды. Талай-талай талпынған жас жүрек мұратына жетті, талай бақытсыздың жарық күндей үміті үзіліп те кетті», – деп төгіліп жүре беретін сұлу сырлы оралымдар өлең жолдарындай жүрекке жылы тиеді. Халықтық тілдің бар бояуын Шөкәрім осылай жарқырата пайдаланады.

«Май-май! Әттең май жұлдыз-ай! Сен жан-жануардың қайсысын ұмытқызып, бейіш ауасын жұтқызып, қабағын ашқызып, үмітін ілері басқызып, тозбас өмір, таймас бақ бергендей алдайтының-ай! Жайқалған жасыл шөпті қуартатын, жалбыраған жапырақ пен жайнаған гүлдерді жанынан айрылтып ұшыратын күз болмайтындай-ақ, мұқым Шыңғыс даласыменен қар астында қалып, қайғылы ақ бүркейін жамылып, жорғалаған жыландай, жорға мінген жастардай жылмандап аққан мөлдір сулар, мұнан былай рахат-қуаныштан үмігі үзген мұңлы жүректің мұз болып қататын қыс болмайтындай-ақ, сен, май, әттең май! Жан-жануардың, адамзаттың да артын ұмыттырып, алдын ойлатайсың-ау!»

Көктемгі даланың тынысын дәл осындай реалистікпен, шұрайлы тілмен бар көркінде кестелеп беру – шын шебердің ғана қолынан келетін өнерлі кие. Мұндай шыншыл да көркем көріністер романның ең бойында көптеп кездеседі.

Шөкәрімнің қай шығармасында болсын осындай айқын бояу,

айшықты суреттермен қатар, терең философиялық ой, ғасырлар бойы жинақталған халық даналығы, тарихтың өшпес тағылымы қоса өріліп жатады. Осы тұрғыдан алғанда, Шөкәрімнің шағын проза үлгісінде жазылған «Шын бақтың айнасы», «Бәйшешек бақшасы», «Мәнді сөздер», «Мен жетпіс екі жасқа келгенде» деген шығармалары да көңіл аударарлық. Олардың қай-қайсысы да – тәрбиелік мәні ерекше туындылар. Мәселен, «Шын бақтың айнасы» атты шығармасы адам өмірінің бүкіл кезеңдеріне шолу жасай отырып, үлкен ой түйгізеді. Оқиға автордың атынан баяндалады. Жасы ұлғайған қария бір сәт өз өмірінің кешегі күндеріне үніліп, «адам баласының ең бақытты кезені қайсы екен?» деген сауалға жауап іздейді Ақыр-аяғында автор «Байқасам, бала күнімдегі бағымнан артығы жоқ екен. Себебі, онда қайғы да жоқ, ар-иманнан тайғызатын ісі де жоқ», – деп түйеді.

«Бәйшешек бақшасы» деп аталатын прозалық шығармалар тобының басты идеясы да осыған саяды. Шөкәрімнің өмірлік тәжірибеден жинақтаған ұлағатты ой-тұжырымдары, философиялық пайымдаулары айқын көрінеді. Шағын эпизодтық көріністер арқылы автор аз сөзбен көп ой жеткізуге шебер. Ал «Мәнді сөздер» болса, атынан көрініп тұрғандай, Шөкәрімнің жылдар бойы тірнектеп жинаған қазынасы, халық даналығынан нәр алған ойшылдығының жемісі деуіміз керек.

\* \* \*

Шөкәрім туған халқын Шығыс пен Батыстың озық ойлы әдебиеті мен мәдениетінің інжу-маржандарымен таныстыру жолында да көп іс атқарды. Бірнеше жұрттың тілін білу арқылы ол Шығыстың жауһар қазыналарынан нәр алды. Бұл оның суреткерлік өмірбаянына әсер етпей қалмады. «Оятқан мені ерте Шығыс жыры» немесе «Жасымнан жетік білдім түрік тілін» деп жырлаған ақын Шығыстың Хафиз, Физули, Науаи секілді жарық жұлдыздарын ерекше қастер тұтты. Оның Фирдоуси мен Сағдиди, Иассауи мен Софы Аллаярды да жақсы білгені байқалады. Әсіресе немістің құдіретті ақыны Гете мен орыстың сөз зергері Пушкинді баураған, жаңа дәуірдегі еуропалық поэзияға қуатты ықпалын типізген Хожа Хафизді Шөкәрім өзіне ұлағатты ұстаз тұтты. Хафиздің тау бұлағының мөлдір көусарындай жаһұт жырларын қазақ тіліне аударып, халқына жеткізді. Атап айтқанда, Шөкәрім Хафиздың «Ей, жарымыз, ай нұры», «Көңіл жібі қолымнан», «Анық ерге жолдас бол», «Кешегі басшы піріміз» сияқты көптеген өлеңдерін қазақ оқырманына жеткізеді. Оның қаламынан туған Хафиз жырларының аудармалардан гөрі тәлтумаға көбірек ұқсауы Шөкәрімнің аудармашылық биік шеберлігін байқатса керек.

«Ләйлі—Мәжнүн» дастаны – Шығыс поэзиясында көптен

жырланып келе жатқан тақырыпқа арналған шығарма. Нәзира үлгісі бойынша әр акын белгілі бір тақырыпты өз бетімен, өзіндік өрнегімен жырлап шыққан ғой. Шөкәрімнің бұл дастанын да осы бағыттағы ең жауһар қазынаның қатарына жатқызуға болады. «Бұл өлеңді қазақ тіліне шығарушы ғарап әдебиетімен жете таныстығы бар қазақтың белгілі өлеңшілерінің бірі Шөкәрім Құдайберді баласы» – деген кезінде Мұхтар Әуезов. Бұл жерде ұлы жазушы поэмаға Физули дастанының аудармасы емес, Шөкәрімнің Шығыс ақындарымен өнер жарыстыра отырып жазған төл туындысы ретінде баға береді. Дастанды аударудағы мақсатын ақынның өзі былай деп түсіндіреді:

Ондай ғып еш бәйітті жаза алмаған,  
Нақтысын шын келтіріп қаза алмаған,  
Кітабын Физулидің іздеп тауып,  
Кез болды былтырғы жыл азар маған.

Бұл тақырыпты Физулиден бұрын Шығыстағы Низами, Науаи, Жәми сияқты ақындар да жырлаған. Шөкәрім Физули жырлаған нұсқаны тікелей аударып шықпаған. Дастанның сюжеттік желісін негізге ала отырып, өзінше жырлаған, қазақ түсінігіне лайық ету үшін өзгеріс те енгізіп отырған. Мәселен, Физули дастанының басындағы кара сөзбен жазылған толғауды Шөкәрім аудармаған. Әр тараудың сонынан қайталанып отыратын шағын монологтарды да қажет деп ташпаған. Шөкәрім аудармасында Физули дастанының соңғы тарауы жоқ. Онда ғашықтардың о дүниедегі өмірі суреттелген-ді.

Поэманың негізгі оқиғасы – Ләйлі мен Қайыстың ғашықтық хикаясы. Екеуі де ата-анадан жалғыз. Сөбі күндерінен бірге тәрбиеленген екі жастың есейе келе өртке айналған махаббат сезімдеріне әкесі қарсы тұрады. Оқиғаның шиеленісуі де осы тұстан басталады. Ғашығына қолы жетпеген Қайыс елден безіп, аңдарға қосылып кетеді. Мәжнүн атанады. Ақыр-аяғында тіршілікте арманына жете алмаған ғашықтар бір кабірде табысалы.

Хафиздің жауһар жырлары мен Физулидің дастанын аудару арқылы қазақ жұртшылығына Шығыс елдерінің қақпасын ашқан Шөкәрім өз халқына қажет қазыналар қатарына орыс әдебиетінің туындыларын да қосты, олардың біразын қазақ тіліне аударды.

Шөкәрімнің орыс әдебиетінен аударған шығармаларының бірі – А.С.Пушкиннің «Дубровский әңгімесі». Ақын оны қазақ өлеңінің өрнекті тілімен сөйлетті. Аударма 1924 жылы жеке кітап болып басылып шықты. Аударманың бір ерекшелігі – ақын Пушкин шығармасын сөзбе-сөз аударуды мақсат тұтпаған және түпнұсқадан ауытқып та келпеген. Повестің оқиға желісін

жыр тілімен қайта баяндап шыққан. Осы қасиет, яғни аударма жасаудағы еркіндік – Шөкәрімнің аудармашылық өнеріне тән құбылыс.

Повестің оқиғасы ерте заманда орыс қауымының ішінде өтеді. Көршілес отырған екі бай арасындағы жағдай шиеленісінің негізінде өрбиді. Байлықты ғана мақсағ тұтқан Троекуров бай өзінің адал да әділ көршісі Андрей Дубровскийтің жерін тартып алады. Параға тойған сот орындары да Троекуровты жақтайды. Осындай тартыс үстінде Дубровский қайтыс болады. Повестің соңында Дубровскийтің баласы Владимир мен Троекуровтың арасындағы жағдай баяндалады. Байдың Мария деген қызына ғашық болған Владимир әкесінің кегін алудан бас тартады. Ақырында түрлі қактығыстарды бастан өткерген Владимир барлық жиған-тергенін қасындағы серіктеріне қалдырып, беймәлім жакка кетіп қалады.

Прозалық түпнұсқа мен өлең түріндегі Шөкәрім аудармасын салыстырып қарағанда Шөкәрімнің Пушкинді ғана емес, сол кездегі жана үлгідегі бүкіл орыс әдебиетін, ондағы көркемдік ерекшеліктерді де жетік біліп, жеткілікті танығаны байқалады. Пушкин шығармасының құрылымдық желісін сақтаумен қатар ол нәзік психологизмге ден қойған. Кейіпкерлер тарихының қоғамдық астары, олардың іс-әрекетінің мінез-құлықтық негіздері дәл пайымдалған.

Шөкәрім Пушкиннің «Боран» атты шығармасын да осылайша өлең тілімен аударып шықты. Аударма мен түпнұсқада елеулі айырмашылықтар жоқ. Адамдар мен жер атауларында ғана шамалы дыбыстық өзгерістер бар. Атап айтқанда, Шөкәрім Гаврило Гавриловичті Саврило Савролович, полковник Бурминді Бермин, Ненародов қаласын Нинандырып деп алған. Ал оқиғаның желісі толық сақталған. Шығарманың оқиғасы 1812 жылғы соғыстың қарсаңында өтеді. Орыс байы Саврило Савроловичтің Мария деген қызы мен жас офицер Владимир арасындағы махаббат оқиғасы баяндалады. Жасырын үйленуге, шіркеуге барып құпия неке қидыруға сөз байласқан екі жас ойда-жоқта соккан алай-дүлей боранға тап болып, жігіт дер кезінде шіркеуге жете алмай адасып кетеді. Міне, осы кезде боранда адасып жүрген тағы бір Бермин мен Мария кездеседі. Бастапқыда бірін-бірі танымайды. Ақыр-аяғында баяғы оқиғаның сыры ашылып, екеуі қосылады.

А.С.Пушкиннен аударған бұл екі шығармасын да Шөкәрім шығармашылығынан ерекше орын алатын, ұлттық әдебиеттегі ғана емес, бүкіл әлемдік әдебиеттегі Пушкин тану ғылымына қосылған үлес деуге болады.

Қорыта келгенде, Шөкәрім Құдайбердіұлы – өз заманының озық ойлы, парасатты да білімдар азаматы, қазақ халқының

тұлғалы таланттарының бірі, ұлы Абайдың талантты шәкірті.

Кезінде жазықсыз жалаға ұшырап, халқына жарты ғасырдан аса уақыттан кейін қайта оралған Шәкәрімнің шығармашылық мұралары жинақталып, 1988 жылы екі жинақ болып басылып шықты. «Жалын» баспасынан жарық көрген «Жолсыз жаза» атты жинаққа акынның өлендері, екі поэмасы және бірнеше аудармасы енді. Ал «Жазушы» баспасынан шыққан шығармалар жинағы Шәкәрім мұраларын толығырақ қамтыды. Жалпы алғанда, Шәкәрім шығармаларының біразы өзінің көзі тірісінде кітап болып шықты. 1912 жылы Семейдегі «Жәрдем» баспасынан оның «Қазақ айнасы», «Қалқаман – Мамыр», «Жолсыз жаза» яки кез болған іс. Ендік – Кебек» атты үш кітабы шығады. 1911 жылы Орынборда «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» басылып шықты. 1924 жылы «Дубровский» басылды. Сәкен Сейфуллин, Бейсенбай Кенжебаевтардың көмегімен Шәкәрімнің шығармалары бұдан кейінгі жылдары да бірілі-жарым жарық көрді. 1978 жылы Ленинградта шыққан «Поэты Казахстана» атты жинақта Шәкәрімнің бірнеше өлені тұңғыш рет орыс тілінде жария болды. Міне, осылайша «алдыңғының соқпағын артқы түзер» деп акынның өзі айтып кеткендей, Шәкәрім шығармашылығы жайындағы көп жылғы үнсіздіктің пердесі түріліп, ұлттық әдебиетіміздің олқы тұрған тұстарының бірі толыққандай болды.

## АХМЕТ БАЙТҮРСЫНҰЛЫ (1873 – 1937)



Аса көрнекті ағартушы-ақын, ірі филолог-ғалым, қазақтың ұлттық тіл білімі мен әдебиет зерттеу ғылымдарының негізін қалаушы, тағылымды тәржімашы, танымал қоғамдық және саяси қайраткер, XX ғасырдың жиырмасыншы жылдарында республикадағы мәдени құрылысты ұйымдастырушылардың бірі — заманында атак-данқы халық арасында аңызға айналып кеткен асқан дарын, жан-жақты мол білім иесі адамның бойындағы асыл қасиеттер мен қабілеттердің бір сыпырасы осындай. Бұл кісіні қазақ халқының Абайдан кейінгі тарихындағы аса жарқын тұлғалардың бірі десе, ешбір асыра айтқандық болмайды.

Ахмет Байтұрсынұлы 1873 жылы қантардың 28-інде Торғай уезінің Тосын болысында туған. Алғаш рет ауыл молдасынан қара таныды. Содан бір күндерде жас өспірім баланың өмірінде өшпестей із қалдырып, оның кейінгі бүкіл тағлырына әсер еткен бір оқиға болады.

Жыңғылды деген жерде күздікте отырған Шошақ ауылына үйез бастығы Яковлев қарулы жасағымен сау етіп келеді де, болашақ акынның әкесі Байтұрсын мен оның інісі Ақтасты ұстамақ болады. Жол жүріп кеткен Ақтасты тауып бермедіндер деп бейқам отырған ел адамдарының басына қамшы ойнатып, жұртты дүрелей бастайды.

Жасынан өр мінезді болып өскен батыр тұлғалы, балуан денелі Байтұрсын оғағасы бұл қорлыққа шыдай алмай, долырған төрені дойыр қамшымен тартып-тартып жібереді де, атынан сұлатып

түсіреді.

Әрине, “тентек ауылдың” бұл қылығы аяқсыз қала алмайды. Қаладан шыққан жазалаушы жасақ Шошак ауылын шауып, бас көгерер еркектерін жазаға тартады. Басбұзар деп танылған Байтұрсын ағалы-інілі Ақтаспен бірге он бес жылға Сібір айдалады.

Тірі жетім атанған он үш жасар Ахметті елде қалған ағайындары әке аманатымен Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесіне оқуға береді. Онда бес жыл оқып, сабағын үздік бітіріп шыққаннан кейін, қол ұшын беріп жәрдем етер жақыны болмаса да, оқудың дәмін татқан жас талапкер Орынборға қарай бет алып, сондағы төрт жылдық мұғалімдер мектебіне барып түседі.

Тұрмыстың тақсіретін тарта жүріп, шәкірт жігіт ол оқуын да ойдағыдай бітіреді. Халық мұғалімі деген атақ алып шығады.

Сол кезде Ресейдің ішкі орталықтарындағы революциялық-демократиялық қозғалыстың ықпалымен шеткері ұлт аймақтарында да азаттық идеялары тамыр жайып, бұқара халықтардың сана-сезімі ояна бастаған-ды. Жасында патша әкімдерінің содырлығынан жүрегіне шер болып қатқан көк келе-келе жүйелі саяси көзқарасқа ұшғасып, зердесі ояу, жіті ойлы мұғалімді халық мүддесінің жоқшысына айналдырады. Ауылдық, болыстық, үйездік мектептерде оқытушы болып істеген он жылдың ішінде ол ағартушылық қызметті атқара жүріп, белсенді саяси күрескер ретінде қалыптасады.

Бірінші орыс революциясы жылдарында Қарқаралы қалалық училищесінің оқытушысы Ахмет Байтұрсынұлының және басқа бір топ зиялы азаматтардың ұйымдастыруымен патшаның отаршыл саясатына қарсы халықтың жаппай шеруі өткізіледі. Тағы сол Байтұрсынұлының бастауымен халыққа демократиялық бостандықтар берілсін, Қыр елінде автономия түрінде өзін-өзі басқарудың жаңа тәртіптері енгізілсін деген талаптарды тізіп, патшаның атына петиция жіберіледі.

Халықтың сана-сезімін оятып, бойына ізгілік дарыту, оны жағымсыз мінез-құлықтардан арылту мақсатына қызмет егер деген ниетпен мұғалім жігіт И.А. Крыловтың мысалдарын аударып, 1909 жылы Петербургте өзінің қаражатына “Қырық мысал” деген атпен жеке кітап етіп шығарады. Мұхтар Әуезовтің кейініректегі сөзімен айтқанда, қазақ халқының құлағына алғаш рет төңкеріс рухымен естілген бұл өлеңдер тез уақыттың ішінде қолдан қолға тарап, сол өңірдегі бұқара халықтың аузында Ахметтің атак-данқын асыра түседі.

Осындай анық революциялық қызметі үшін патша әкімшілігі А.Байтұрсынұлын қуғынға салып, сегіз ай бойы Семейдің түрмесіне қамайды. Сотсыз-тергеусіз өткен осы қапастан кейін ол

қазақ жерінен тысқары қиырға жер аударылатын болады. Бұлдан былайғы өмірі полициялық бақылауға алынады.

Сөйтіп, 1910 жылдың бас кезінде Ахмет баяғы өзі оқыған Орынборға келеді. Міне, осыдан былай қарай оның жалпы ұлттық баспасөз ұйымдастыру жөніндегі тарихи қызметі басталады. “Қазақ” атты тұңғыш бейресми газеттің алғашқы саны 1913 жылдың ақпанында жарық көреді. Аз уақыттың ішінде қазақ даласының түкпір-түкпіріне танымал болған бұл басылымның тиражы 8 мың ланаға жетеді. Сол кез үшін бұл өте үлкен цифр еді.

Жалпыұлт мүддесін ту қылып көтерген газеттің алдына қойған ең басты мақсаты – қараңғылық пен саяси құқықсыздықта мүшкілдік күн кешкен халық бұқарасын жақсы болашақ жолындағы күресте бірлікке шақыру, өнер-білімге, мәдениетке, прогреске үндеу еді. Осы бағыттағы еркін ойлылығы үшін газет редакциясына патша цензурасы талай рет айып салады, редакторын абақтыға жабады, басқа да қуғындау шараларын қолданады.

Осы жылдары А.Байтұрсынұлы өзінің төл өлеңдерін де жеке жинақ етіп бастырады. “Маса” деген тосындау атпен шығарылған бұл жинақтың негізгі көзделген нысанасы масадай ызындап, қалың ұйқыда қаперсіз жатқан халықты ояту болады.

Бұл кездерде ел ішінде революция толқыны қайтадан өрлеп, азаттық идеясының жанғырығы қазақ даласына да жетеді. Оқыған зиялылардың Алаш ұранымен топтасқан өкілдері енді ұлттық азаттық, кең дербес автономия ұранын отаршылдыққа қарсы күрестің негізгі мақсатына айналдырады. Ақпан революциясы жөніп, патша үкіметі құлатылғаннан кейін, олар осы мақсатқа жетудің жолы ашылды деген оймен Уақытша үкіметті қолдайды.

Бірақ, Қазан төңкерісінен кейін ел іші екі жарылып, азамат соғысы басталған кезде, саяси ахуал күрт өзгеріп кеткен еді.

Сондықтан ендігі жерде социалистік революцияның азаткерлік сипатына үміт артқан Алашорданың көптеген қайраткерлері кеңес өкіметінің жағына шығалы. Солардың алдыңғы қатарында Ахмет Байтұрсынұлы да бар еді. 1919 жылдың сәуірінде алашшыларға кешірім жарияланған күннен былай қарай А.Байтұрсынұлы өмірінде мүлде жана кезең басталады. Мұны шынайы революциялық құлшынысқа толы, аса мол қажыр-қайратпен суарылған, халық мүддесіне қызмет ету тілегімен шабыттанған кезең деп айтуға болар еді.

Қыр өлкесінің төтенше комиссары Әліби Жангелдиннің күш салуымен А. Байтұрсынұлы беделді большевиктер тобының құрамында Мәскеуге барады. Солармен бірге Лениннің қабыллауында болып, өлкеде кеңес өкіметін орнату үшін уақытша құрылғалы жатқан Қазақ әскери-революциялық комитетінің құрамына енгізіледі. Ол Лениннің өз қолынан аса

кең өкілеттігі бар мандат алып қайтады. Осыдан кейін дәл бір жыл өткенде А. Байтұрсынұлы Коммунистік партияның мүшелігіне қабылданады.

Қазақ автономиялық социалистік республикасы құрылған кезде А. Байтұрсынұлы халық ағарту комиссары болып тағайындалады. Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті мен Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің мүшелігіне сайланады. Сонан кейінгі жылдары ол түгелдей ғылыми-педагогикалық жұмысқа ауысады.

Өзінің ертеден бергі ағартушылық қызметін жалғастыра отырып, бұл кезеңде Ахмет қазақтың ұлттық әліппесін жасауға белсене атсалысады. Ана тілін зерттеу ғылымының негізін қалайды, әдебиет теориясы жөнінде тұңғыш оқулық жасайды. Бұл жылдары оның қоғамдық негіздегі сан салалы қызметі қатар өрістеп отырады.

Ол республика Ғылым академиясының ең алғашқы ұйтықы саналатын Академиялық орталықты басқарады, тұңғыш Қазақ университетінде ана тілінің тұңғыш профессоры болып дәріс жүргізеді.

Осындай өрісті де жемісті ғылыми-шығармашылық жұмыс жоғарыдан жүргізілген қара ниет озбырлық әрекеттің дүмпіуімен кенеттен кілт үзіледі. Жиырмасыншы жылдардың аяғында Голошекиннің қанқұйлы саясаты қазақ зиялыларының үлкен бір тобының өмірін баудай қиып түседі. Солардың ішінде қазақ халқының сүйікті перзенті Ахмет Байтұрсынұлы да бар еді.

1929 жылдың маусым айында ол заңсыз тұтқынға алынып, сонау қиырдағы Архангельскі облысына айдалады. Әйелі мен қызы Сібірдің Томскі қаласына жер аударылады.

Атақты жазушы Максим Горький мен оның бәйбішесі Е. Пешкованың халықаралық Қызыл Айқыш ұйымы арқылы араласқан болыстығы нәтижесінде, ол Сібірдегі отбасына қосылып, оған 1934 жылы Алматыға қайтып оралуға мүмкіндік алады. Бірақ “тап жауы” деген таңба оның тағдырына мәңгілік жапсырылып қалғандай, қайда барса да алдынан көлденең деп шығады да отырады. Соншалықты терең білімді, бостандық жолындағы күрестің жанкештілік сынынан өткен ардақты ел ағасы, халқымыздың жайсан азаматы істерге қызмет, тіршілікке талшық таппай, астананың көшесінде сенделіп жүреді.

Бірақ сталиндік террордың қанды шенгелі онымен де тыныш қалдырмайды. Ақыры, 1937 жылдың күзінде ол тағы да тұтқындалып, екі ай азапты тергеуден кейін, сол жылдың желтоқсан айында түрмеде атылады.

Міне, содан кейін арада алпыс жыл өткенде барып, әрбір қазақтың жүрегіне қымбат есім ақталып, оның баға жетпес асыл қазынасы заңды иесіне қайтарылды.

\* \* \*

Ахмет Байтұрсынұлының ақындық мұрасы XX ғасырдың басындағы қазақ поэзиясының тарихында елеулі орын алады. Аз да болса саздығымен, қазақ өлеңінің өз табиғатынан туған байырғылығымен, бір естігенде-ақ көңілге қона кетіп, ойына ұялай қалатын әрі бейнелі, әрі мағыналы сөз үлгісімен ерекшеленеді. Алғаш рет 1911 жылы Орынборда жеке жинақ болып басылған өзінің төл өлеңдерінің саны онша көп емес, жалпы көлемі 800 жол шамасында ғана.

Қазіргі өлшем тұрғысынан қарап, кейбіреулер мұны тіпті азырқануы мүмкін. Бірақ, осы шағын мұраның өзін қазақ өлеңінің тарихындағы өзіндік бір белес деп бағалауға әбден болады. Заманында Ахмет Байтұрсынұлының сөзі деген беделмен ауыздан ауызға тарап, ел жалында сақталып қалған ұйқасты лұғаттар бұл күнде халық даналығының асыл құймасындай, аталы сөздің айшықты өрнепіндей әсер етеді.

А. Байтұрсынұлы өлеңді өлең үшін жазбаған. Оның ақындық қабілеті автордың өмірлік мұрат-мақсаттарын жүзеге асырудың, жоғарыда айтылған ағартушылық, азатшылдық, күрескерлік борышын атқарудың өзі машық еткен онтайлы да өтімді құралы ретінде ашылады. Ол не жайында толғанып, қандай тақырыпты көтерсе де, ондағы негізгі ой арқауы өзекті азаматтық сарынмен өрліп отырады. Оның әрбір өлеңінде, тіпті жеке адамдарға жазылған сәлемхат түріндегі арнауларының өзінде де, заман ағымын, ел тағдырын, туған халқының болашағын ойлаған қамкөңіл күрескердің бейнесі көз алдында елестейді де тұрады.

Ақын өзінің азаматтық қызмет жолын ұстаздықтан басталы, өмір майданына ағартушылық туын көтеріп келді. Бұл тұрғыдан алғанда, Ахмет Байтұрсынұлы оның алдында ғана өткен ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин дәстүрін тікелей жалғастырушы ретінде көрінеді. Өзі де сол Торғай топырағына Ыбырай еккен ұрықтың алғашқы бір толымды жемісі болып табылатын Ахмет ағартушылық идеясын дәл Ыбырай ағасы секілді өзінің тікелей практикалық ісі арқылы жүзеге асырады. Табандатқан он жыл бойы мұғалімдік қызмет атқарады.

Бірақ, ағартушы үшін жеке өз басының ұстазлығы жеткіліксіз болар еді. Ағартушылық қызметті қалың жұршылық санасына ықпал ететін әлеуметтік қозғалыс дәрежесіне көтеру үшін тағы да Ыбырай секілді осы істің жалынды жаршысы, жанкешті санагері (идеологы) болу керек.

Міне, осы мақсат үшін А. Байтұрсынұлы ең алдымен бойынлағы ақындық дарынын қару етіп пайдаланады. Алғашқы өлең жинағын

қалын ұйқыда қаперсіз жатқан халқын ояту үшін маса қылып ұшырады.

Әрине, ағартушылық қызмет те бір көшенің бойымен жөнкіліп отыратын ықпа жол секілді бейбіт қозғалыс емес, оның да кедір-бұдыры көп. “Мен айтарымды айттым, арғы жағын өздерін біл”, – деп зуылдатып өте шығатын парықсыз сөздің иесі ағартушылық атаққа ие бола алмаса керек. Бұл алмағы мен салмағы қатар жүретін, еккен ұрығың топырақ құнарына деп түсіп, өнімін бермесе азабы мен күйігін қатар тартыратын, кейде тілпі риясыз ақ көңілден айтылған адал тілегін мен ізгілікті ісің әлдекімдердің тарапынан жаулық әрекет, дұшпандық дөң айбат тудырып отыратын күрескердің тәуекелімен пара-пар. Өнер-білім солардың лайын шайқап, арам шөбін отайтын болғандықтан, бұл екі күш тоқайласқан тұста ізгілік пен зұлымдықтың шайқасы шиеленістей тұрмайды.

Үстінде ұйықтанғанның айнала ұшып,  
Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша<sup>1</sup>, –

дегенде акын өзінің Масасын осындай тәуекел жолына ұшырғалы отырғанын әдейі аңартып өтеді. Бірақ, ізгілік жолында құрбандық болмай тұрмайтынын білгендіктен де тәуекел артында тапжылмас табандылық барын да жасырмайды:

Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,  
Қоймастан құлағына ызындаса<sup>2</sup>.

Иә, алаңсыз өлі ұйқыдағы сірескен тыныштықты бұзу үшін есті құлақтың жарғағына жақындап келіп ызындау керек. Талмай, бір сарыннан танбай, төбе құйқасын шымырлата ұзақ ызындау керек. Сол кезде ұйқысын қимай шамданған дөрекі қолдың қағып тастауы да ықтимал.

Байтұрсынұлы поэзиясындағы Маса бейнесіне кейінірек тағы да ораламыз. Әзірге айтарымыз – әрқашан асқан тәзімділікті, қайтпас қажыр мен мол қайратты талап ететін ағартушылық жолды акынның саналы түрде тандап алғандығын ескертіп өту.

Ал, тандау солай болғандықтан, оның қай тақсиретін болса да тартып, қай талқысына да төзуге акын көңілі әрдайым пейіл. Сондықтан ол осы тозбас тәзімді ең әуелі өз оқырманына арнайды. Бас-аяғы алты ғана жолдан тұратын “Тарту” атты бір шумақ өлеңге назар аударайық. Кейінірек қазақ балаларына арналған бір

<sup>1</sup> А. Байтұрсынұлы. Шығармалары. А., 1989. 23-б.

<sup>2</sup> Сонда.

оқулыққа эпиграф болып кірген осы өлеңнің әрбір сөзін тұнып тұрған дұғат, тура оқу-білімге шақырған ұран деп атауға болар еді.

“Балалар, бұл – жол басы даналыққа”, – деп басталатын алғашқы тармағынан бастап, содан былай қарай мынау күрделі өмірдің не бір ғажайып қырлары мен сырларын түгел игерген көзі ашық, көкірегі ояу, оқыған азамат болып өскенге дейінгі ұзақ сонардың ұзын-ырғасы осы шумакқа түгел сыйып тұрғандай. Сол жолдан түгел өту адам боламын деген әрбір талапкерге парыз екенін, күллі адамзат сол жолмен жылжып бара жатқанын сөби санасына жеткізе ұғындырып алғаннан кейін, ақын негізгі ой түйінін тереңдете тұжырып, діттей айтады:

Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық,  
Жүріндер, іздеп тауып алалық та!<sup>3</sup>

“Қырық мысал” жинағындағы осы тәріздес “Оқуға шақыру” атты ғибратнаманың: “Балалар, оқуға бар, жатпа қарап”, – деп басталатын бірінші тармағын нағыз ағартушы-ұстаздың ғана аузынан шығатын сөз деп қабылдасақ, оның соңғы шумағындағы:

“Аллалап” ал кітапты колдарына<sup>4</sup> –

дейтін маслихатының атақты Алтынсариннен қалған:

Бір Құдайға сыйынып,  
Кел, балалар, оқылық<sup>5</sup> –

дейтін өсиетімен табиғи үндесіп жатқанын да бірден аңғарамыз.

Оқу мен ғылым-білімнің пайдасын бала санасына оның балғын тілімен бипазап жеткізген акын – ересектер алдында бұдан гөрі өзгешелеу сақтыққа бейім. Өйткені, жарық сәулеге қараңғы түнек қандай қарсы болса, оқу-білімге наландық та дәл сондай қарсы, онымен бітіспес жау, оған өлердей өш.

Сондықтан, бірде манағы масаның қанатын қағып жіберетін томырық қол енді бірде өзінің иіс алмас топас мінезіне жаңағы Алла атын, дін жолын өзінше одақтас етіп алуға тырысады. Нандандықтың бұл тұстағы айнымас жақтасы – дүмше молда. “Ғылым” атты өлеңнен біз осыған көз жеткіземіз.

Ғылымның іші толған сиқыр, оған әуес болған адам кәпір қауымында кетеді деп, елді қаралай үркітіп отыратын сол

<sup>3</sup> Сонда, 35-б.

<sup>4</sup> Сонда, 131-б.

<sup>5</sup> Алтынсарин *Ыбырай*. Таңдамалы шығармалары. А., 1994. 26-б.

молдекеннің алдында елді дүрліктірмейін деп сыпайылық сақтаған ақын ол жок жерде ғылымнан ада болып, сырт қалғандықтан елдің көріп жүрген қорлығын аз сөзбен көңілге мейлінше қонымды етіп жеткізеді. Халқының осы игіліктен сырттап, мешеу қалғанына нали отырып: “Заманың түлкі болса, тазы боп шал” дейтін мақалада өмірдің зор шындығы бар екенін ашық айтады.

Ағартушылық жолының жоғарыда айтылған кедір-бұдыры, міне, осы жерден келіп килігеді. Ақынның алғашында ақыл ғып айтқан сөзі дарымаса, келесі сөзін ол нығарлаңқырап жеткізеді. Мәселен, оқығанның бәрі ізгілік кәлесіне аса бермейтіні “Қазақ салты” атты өленде:

Не пайда өнерін мен білімнен  
Тіісті жерлеріне сарп ұрмаған<sup>6</sup>, –

деген өкініш түрінде білдіріледі де, оның себебі:

Бұл бір сөз қасірет етіп хатқа жазған,  
Қалмаған түк қасиет, қазақ азған.  
Байға – мал, оқығанға шен мақсұт бол,  
Ойлайтын жұрттың қамын адам аздан<sup>7</sup>, –

деп түсіндіріледі. Өзінің туған халқын азды деп айыптау үшін, сондықтан оның жанына батырыңқырап айтуға хақылы болу үшін алдымен оны құлай беріле сүю керек, соның бақыты мен бостандығы жолында жұмыр басын құрбан етуге өзін екенін таныту керек. Ал Ахмет Байтұрсынұлы мұны әбден танытқан ақын.

Әрине, ақынның ойы орнынан шықпаған кезде жігері күм болып, торығатын, түнілетін сәттері де болады. Бірақ, бұл жолдың шегі емес, орта тұсы ғана. Алда талай белестер мен қырлар бар. Соның әрқайсысы ақындық шабыттың өзіне сәйкес шарпылысын тудырып отыруға тиіс. Соның дәлеліндей ақыл мен нақыл сөздер өз үдесінен шыға алмай қалған шиырларда ақын қайтадан шамырқанып, ашына айтады. Олан да дауа болмаса, ашы, зерлі ажуаға басып, өткір сатираны салағына жебе қылып атады.

Тақырып шеңбері ағартушылықтан гөрі кеңірек мәселелерді қамтитын “Жиған-терген”, “Жұртыма”, “Жұбатұ” сияқты өлендерде бірыңғай өнер-білімге шақырған ілкідегі өпіншіті үгіт пен өкінішті наздан гөрі осындай ашынған ыза, наразы нала, булыққан ашу басым болып келеді. Бұл тұста ағартушы ақын мен азамат ақынның ара жігі жымдасып, біртұтас қайраткер, күрескер

<sup>6</sup> А. Байтұрсынұов. Шығармалары. А., 1989, 24-б.

<sup>7</sup> Сонда, 25-б.

тұлғасына айналып кетеді.

Шынтуайтына келгенде, А. Байтұрсынұлы өлендеріндегі күрескер бейнесі, қайраткерлік қарекеттері – оның шығармашылық мұрасындағы ең арналы, танымдық та, тәрбиелік те тағалымы ерекше мол сала.

Байтұрсынұлының күрескерлігі – анық саяси күрескерлік. Мұны тудырған – өз заманының қатал шындығы. Ақын өзінің саналы әлеуметтік қызметінің туу басынан бастап патша үкіметінің отарлау саясатына, қазақ даласын жайлаған жолсыздықтарға, патша әкімдерінің қатал айуандығы мен солардың аузына қараған жергілікті болыс-билердің опасыз аярлығына, дүниеқоңыз байлардың топас тонмойындығы мен мейірімсіз тасбауырлығына қарсы күресті.

Ал саяси күреске жалаң сөз, жадағай үгіт жүрмейді. Оған жұртты елдіктіріп, өз соңынан ертемің деген кісі ең алдымен ол күрестің мақсатын түсіндірер болар. Сондықтан өге күрделі іске басын байлаған ақын өз шығармашылығын тырнақ алды туындыларынан бастап түгелдей осы бағытта өрбігеді.

Мәселен, “Туысыма” атты екі шумақтық қана өленінде автор сол кездегі заман таршылығын тар көрдің қуысымен тeneйді, өзінің сондай қыспақ заманда туғанына қапаланады. Сол зұлмат ортада жүріп, шын сөзін айта алмай қорғалайтынына налиды, мал ғұрлы мағнасы жок тірліктен қаралай түніледі.

А. Байтұрсынұлы өлендерінің ішінде бірімен-бірі жұптасып келетін, мағына жағынан бірін-бірі толықтырып, үнемі қатар айтылып отыратын егіз туындыдай екі шығарма бар. Бұл – “Қазақ салты” және “Қазақ қалпы” дейтін өлендер. Кезінде екеуі де халық арасында кенінен тарап, көп аламын көкейінде дұғалықтай жатталып қалған. Екеуінің де әр шумақ, тармағында, тіпті әрбір сөзінде дерлік сол кездің шындығын айнытпай жеткізетін ақиқат бар.

“Қазақ салтында” бір кезде қаздай тізіліп, кең сахараны емін-еркін жайлап жүрген алансыз елдің кенеттен қалың өртке душар болып, қатты күйзеліп қалғаны айтылады. Осындай қиын-қыстау кезеңде өз басынан ақыл-қайрат тауып, елді онға бастап әкөтерліктей әлеуметтік күш болмағанына күйінеді ақын. Сол кездегі қазақ қауымының әрбір тобына аз сөзбен бағасын бере келіп, солардың қай-қайсысының да елге ес, халыққа қамқор бола алмай отырған пұшаймандығын айтып күйзеледі.

Ол айтып отырғандары – ел басына күн туған екі талай заманда қауқары өз басынан аспаған “ел жақсылары”, күр сөзден әріге бармайтын пысықтар, талапсыз жастар мен оназа шалдар, ешкімге қайырымы жок саран байлар мен болмашы шенге мез болған келенсіз оқығандар.

Мұндай қайғылы халді жеке басының қасіретіндей қабылдаған ақынның, әлбетте, ашынып айтпасқа лажы жоқ.

Осыған жалғас келетін екінші өлеңінде автор ескексіз қайық үстінде қалт-құлт етіп, түпсіз тұңғық теңіз бетінде жел қалай айдаса, солай қарай бағдарсыз жылжып жүргендей халық тағдырының көп уақыттан бергі мүшкілдігіне өзіміз кінәлі екенімізді айта келіп, содан әлі де сабақ ала алмай отырған жаппай бейқамдық пен самарқаулыққа, іштен жегідей жеген алауыздыққа назаланады. Сөйтеді де, бір сәт шарасыздық билеген ойын былай түйеді:

Әлі де саңылаусыз салтын бағып,

Түрі жоқ іс ететін пәлен дерлік.

“Ұлы той — көлпен көрген”, жалғыз мен бе, —

Деп отыр не болса да жұртпен көрдік.<sup>8</sup>

Бұл жерде шарасыздық деген сөз ақынның ба, әлде оның лирикалық қаһарманының ба көңіл күйінде бір сәт белен алған жабырқау мезетін аңарту үшін айтылып отыр. Ие, бір ғана сәт. Ал, егер ондай күй жиі қайталанса берсе, оның аяғы үмітсіздік пен нәтижесіздікке апарып тірейтін түңілу, жеру, безіну сияқты теріс түйсіктерге ұласып кетер еді.

Халқының шын бақытты болашағын ойлаған патриот күрескер өйте алмайды. Бірде “қаннан қан, еттен етім, бауыр жұртым!” — деп егіле еміренсе, енді бірде бойына сініп қалған кесір, кесапаттардан арыла алмай келе жатқаны үшін оған өкпелеуі, ренжуі, тіпті жанына батыра, қатты-қатты айтуы мүмкін. Соның бәрі де ұлтына, жұртына жаны ашығандықтан айтылады. “Елім” деп туған азамат ақынның оған моральдық хақысы әбден бар.

Осы жағынан келгенде өте бір сипатты өлең — жоғарыда аталған “Жұртыма”. Төрт шумақ шағын ғана шығарма. Айтайын деген ойы да анық және бүкпесіз ашық. Халқының бойынан өзі байқаған кемшіліктердің біразын тізіп береді. Бірлігің жоқ, онай олжаға бейімсің, қоян жүрек қорқақтығың жәнә бар. Оң-терісіңді айыра алмағандықтан пәтуалы елдікке де берік емессің. Сөйте тұрып, жөн айтқан адаммен керісе кетесің. Өзіңе қандай мықтымсыңсаң, өзгенің алдында дәл сондай көңілсің.

Осындай келенсіз жайттарды теріп келгендігі ақын ойының түйіні тіпті түсінікті.

Сықылды сынық бұтақ төмендесең,

Кім құлмас онайдағы жемісінді.<sup>9</sup>

<sup>8</sup> Сонда, 25-б.

<sup>9</sup> Сонда, 36-б.

Мұның ар жағында сөз қосып, ойды шашыратудың ешбір қажеті жоқ. Қор болмас күніңді ойла деген ақыл-кеңес өзінен-өзі сұранып тұр.

Әрине, ақыл айтқан дұрыс. Бірақ, құр ақыл айтумен іс бітпейді, жағдайды түзеу үшін нақты іс-қимыл керек, болмасты болғызатын табанды талап, қажымас қайрат керек. “Адамдық-диқаншысы” атты өлеңде құлдық пешенесі сүйегіне сініп, әбден езіліп-жаншылып қалған халыққа адамгершілік қасиеттерді дарыту көлсіз, көгалсыз құрдымға тұқым сепкенмен бірдей екені айтылады. Иә, құлды құлдық психологиясынан арылту онай шаруа емес. Өйткені, оның түсінігінде қамыт киіп, қамшы жеп, мал орнына үңгіз-тілсіз жүре бергеннен басқа тірлік жоқ. Ал, енді осы тас қамауды талқандап, құл халықтың көңілін көгерту үшін не істеу керек? Ол үшін — ең алдымен, асылды жасықтан айырып, қайрай білу керек.

Ішкі мағынасына байыптанқырап үніле қараған кісіге осы өлеңде жеріне жеткізілмей, аяқсыздау қалған секілді көрінетін ойдың сұлбесі “Достыма хат” деген арнаула логикалық жалғасын табатын тәрізді. Мұнда қанша соқса да мыңқ етпей шыдай беретін момын жұртты үйілген өлекесдей өрге сүйреп, қыр басына шығаруды мақсат еткен, қашық жолға қажымайтын тұлпар секілді, қия жазбайтын қыран көз сұңқар секілді ақын досының бейнесі елестейді. Онымен мұраттас, мақсаттас ақынның өз тұлғасы да көз алдында тұрады.

Осындай ержүрек азаматтардың үлкен мақсат жолында нәтижелі іс тындыруына келері болып тұрған бір көлденен тосқауыл бар. Ол — алаңсыз ақ малтасын езіп жүрген сасық ми, салқын жүрек санасыздар. Ешқашан шын көңілдерімен келіп жанаса алмайтын, тек сырттары ғана жылтыраған мұндай сабаздардың ел қамын ойлап кинала алмайтын себебі — олар өздерінің ар-абыройын ақшаға сатып жіберген, жаны да, жақыны да — мал болғандықтан, өзге жұртқа олардың жаны ашымайды, халқымыз еді-ау деп қайғырып жатпайды.

А. Байтұрсынұлының ақындық машығында көп қайталанып, ерекшелене есте қалатын бір топ шығармалары — оның арнау өлеңдері. Соларға жататын “Жұртыма”, “Достыма хат” атты арнауларын сөз ыңғайына қарай жоғарыда қарастырып өттік. Осы қатарда “Анама хат”, “Н. Қ. ханымға”, “Ақын ініме”, “И. Б. жездем хатынан”, “Жауап хаттан” тәрізді өлеңдер де арнайы тоқталып, оларға оқырман назарын баса аударуды қажет етеді.

Бұл өлеңдерге тән бір ерекшелік — ішінара жеке хат түрінде жазылғандықтан, ондағы айтылар ой әрдайым ашық келеді. Сонымен бірге ақынның жеке басына байланысты кейбір жайттар кеңірек қозғалып, автордың басқа жұрт алдында жария қыла



бермейтін ішкі ойлары, құпия сырлары да қылаң беріп отырады.

Ал солардың бәрінде айнымайтын бір ортақ белгі – алған бетінен қайтпайтын қайсар күрескер, адамгершілік туын жоғары ұстаған азамат, халық мүддесінің жоқшысы болудан таймайтын да талмайтын жанкешті жауынгер бейнесі.

Ақынның патшалық отаршылдыққа қарсы өшпенділігі, туған халқының ұлттық азаттығы мен дербестігі жолындағы арман-тілегі – оның бүкіл өмір жолында қалыптасып, орныққан саяси көзқарасы, терең идеялық ойданы.

Ок тиіп он үшімде ой түсіріп,  
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам,<sup>10</sup> –

деп анасына жазғандай, бұл өшпенділік, бұл ождан сонау жылдары, оспалар ояз бастығының озбырлығынан Шошақ ауылының бас көтерер азаматтары істі болып, алды окка ұшқан, арты Сібірге айдалып жатқан кезде, жасөспірім баланың санасында қалыптасқан да, жүрегіне шер болып қатқан. Бірақ ол – бірдің қайғысы, жалқы жанның жарасы емес, жалпы халықтың басындағы нәубет, баршаға зарарын тигізіп отырған зұлмат.

Сондықтан да осындай азал-бейнегі мен қауіп-қағері мол күреске басын байлап шыққанда қайсар азамат ақын – өз тәуекеліне өте берік, халық мүддесі үшін қандай құрбандыққа да әзір.

Сол бала күндегі зорлықты ұмытып, күнделікті ішкен асқа алдансам, менің адамшылығым қайсы, адамнан туып, адамның ісін істемесем, ұялмай ертең көрге қайтіп барамын?! – деп келіп, ақын өлеңін былай аяқтайды:

Тайпалған талай жорға, талай тұлпар,  
Тағдырдың кез болып тұр кермесіне.  
Солардан жаным-тәнім ардақты емес,  
Орынсыз күйзелейін мен несіне?!<sup>11</sup>

Патша үкіметінің абақтысында отырған тұтқын баласының үрейі кеткен анасын жұбатып айтқан сөзі осы. Бұдан артық қажырлы қайратты да, ақиқаттан айнымайтын турашыл батылдықты да көзге елестету қиын.

Бұл – қыздырманың қызыл тілін безеп айта салған арзан сөз емес. Ақынның бүкіл өміріне ұран етіп, бүкіл шығармашылығына өзек етіп алған имандай сенімі.

<sup>10</sup> Сонда, 30-б.

<sup>11</sup> Сонда, 31-б.

Нәзипа Құлжановаға арнаған өлеңінде де осы сарын, осы леп ыңғай өзектесіп отырады. Рахатсыз өткен өмір-жасында қандай қиыншылық көрсе де, осы ұзақ жолдан қайтпайтындығын айта келіп, аяулы қарындасына жолдаған хатындағы негізгі ой өрімін ақын былай түйіндейді:

Мен өлсем де өлемін жөнімменен,  
Тәннен басқа немді алар өлім менен.  
Өлгеннен соң апарып тығары көр,  
Мен жоқ болам көміліп тәнімменен.

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,  
Ойлайтындар мен емес бір күнгісім.  
Жұрт ұқпаса ұқпасын, жабықпаймын,  
Ел – бүгіншіл, менікі – ертең үшін.<sup>12</sup>

Бұлай айта алу үшін осы күрес жолындағы қияметтің неше түрлі қиындықтары мен асу бермес асқарларын жеңе алатын қайсар ердің қажыры ғана емес, жеке адамның өмірінен әлдеқайда жоғары тұрған биік мұраттар бар екеніне, ол мұраттарға бүгінгінің бір күндік тіршілігі өлшем бола алмайтынына, халық бақыты жолындағы төгілген тер мен қанның қарымы тек нұрлы болашақтың нақты шындығымен ғана өлшенетініне көрегендікпен көз жеткізе алатын кеменгер даналық та керек болар еді.

Ал ондай қасиетті де, қабілетті де өз бойынан таба алған адам өз тағдырына жазылған тауқиметті, әрине, өзгенің мойнына арта алмайды. Оған ары бармас та еді. Өйткені, ол жаңағы өзі айтып отырған болашақ үшін жауапты екенін сезінеді. “И.Б. жездем хатынан”, “Жауап хаттан” деп аталатын диалог-өлеңдерден біз осыған айқын көз жеткіземіз. Ақынның туған халқы үшін күйзеліп, көп бейнет кешіп жүргенін сырттай бақылап, соған әрі сүйсіне, әрі алаңдаушылық білдіре айтқан жанашыр жезденің сақталдыру сөзіне лирикалық қаһарманның дәйекті де дәлелді жауабы лайын.

Егер жастығымызды ала кетпей, тіпті бауыздалар алдында да үн шығармай, ашу-кегімізді өзімізбен бірге өлтірсек, кейінгі ұрпақ айтпа па еді: апырым-ай, ең болмаса лақ құрлы бақырмай тілсіз кеткен бейбақтар екен, – деп. Сонан соң, біз істеуге тиісті істі өзіміз тындырмай, бәріміз бас бағыл, бұғып жатсақ не болмақ? Құрбандықсыз күрес болмайды. Сондықтан, жансебіл тірлікке бармайық.

Сұпайылап айтылған осы сөздердің әр жағында лирикалық қаһарманның батыл шешімі жатыр. Ожданға айналған осы көзқарас, осы түсінігін автор да, оның қаһарманы да әрдайым

<sup>12</sup> Сонда, 39-б.

мүлтіксіз басшылыққа алумен бірге, өзіне ойы, рухы жақын адамдарға үнемі насихаттап отырады. Оның айқын бір айғағы – “Ақын ініме” атты өлеңі.

Бұл өлеңнің жазылу мәнеріндігі бір ерекшелік – автор айғайын деген ойын, өзінің ұстанған принципі туралап жеткізбей, кері мағынада, антирезис түрінде ұсынады. Мұны да өлең идеясының өтімділігін күшейту үшін қолданылған ақынның көркемдік әдісі деп қабылдаған жөн болар. Ал шындығында, күрескер ағаның өзі сенген жеткіншек жолдасқа ұғындырып отырғаны: кателіктен, қауіптен қорықпай, белсеніп күреске шық, жалған абыройды малданба, момындарға қиянат қылма, қайта оларды қорға, жұрт алдында беделді боламын десең, өзіңді сыпайы, кішіпейіл ұста, – деген сияқты жақсы адамгершілік талаптары.

Егер бұл сөздерді тура уағыз түрінде айтса, бөлкім, жөнсіз ақылгөйлік те болып көрінуі мүмкін ғой. Ал жанағыдай тосын әдіс өлеңнің ойнақылдығы үшін емес, оның әсер күшінің тиімділігі үшін қолданылған.

Ақын өзінің пікірлері мен тілектестерінің алдында қаншалықты бүкпелсіз ашық жайдары болып, оларға етене жақындық сезінсе, туған халқына қастық ойлаған қара күштерге соншалықты бітімсіз, ымырасыз, жат көрінетіні түсінікті. Бірақ, басы ашық тура жаудан басқа, солардың сойылын соғатын, бұған деген қастығын бұқпантайлап жүріп істейтін тағы бір қарсылас топ бар. Олар – патша өкімдеріне мұның үстінен домалақ арыз тоғытатын пәлекорлар, мұның ізіне түсіп аудитын жансыздар.

“Тілек бағам”, “Жауға түскен жан сөзі”, “Қа... қаласына” атты өлеңдерінде автордың ашу-ызаға толы әшкере сөздері осы сияқты ел ішіндегі азғындарға, алыс-жақынды айыра білмеген пасық тоғышарларға қарсы бағытталған.

Я, Құдайым! Акка жак,

Өзіна аян – мен накак,<sup>13</sup> –

деп басталатын “Тілек бағамның” ең алғашқы қарғыс сөзі өзін ұстатып, айдапқан арандақтыш алаяқтарға арналалы. Сондағы бар жазығы – халықтың басына түскен қара күнді көріп тұрып, елді бірлікке шақырғаны, тіршілік қылайық, жұрт болайық деген жанашырлық сөзі екен.

Осындай адал ойы мен ак ниеті үшін қудаланып, қапасқа түскен күрескердің ішкі күйзелісі, оның басына түскен неше түрлі тауқиметтің ақын жанын өзінше қинайтын көп дерттілігі “Жауға түскен жан сөзінде” өте әсерлі етіп жеткізілген. Душпандық пен

қаскөйліктің неше түрі жан-жағынан анғалап тұрса да, қайсар қаһарман соның біріне мойымайды, бірімен бігіспейді. Ол үшін елдік пен жаулықтың шекарасы біреу ғана. Сондықтан ақынның кесімі мен шешімі де біреу:

Түлемеген түпкі дос,

Түлегенің барып тұр!<sup>14</sup>

“Қа... қаласына” атты екі шумақ өлеңнің түйіні де осы. Өзі бірнеше жыл мекен етіп, бауыр басқан, оған қалтқысыз қызмет еттім деген қалалаң көрсетінді жаламен айдалып кетіп бара жатқандағы ақын көңілінде күйініш те, өкініш те бар. Бірақ ішінде жемтік талнамайтын арамзалар жүрген жерге енді қайтып оралмаспын деген байлам – мұның екеуінен де басым.

Осы өлеңді оқи бастағанда-ақ көңілді елен еткізетін бір жайт және бар. “Қош-сау бол, Қа... (“Қарқаралы” деп оқимыз – ред.) жуылмаған” деген бірінші жолмен шендесіп келіп, Лермонтовтың:

“Прошай, немытая Россия”, –

деген сөздері еріксіз еске түседі. Сөйтелі де, сол кездің өзінде-ақ Аханның қай биіктен бой көрсеткенін, кімді бағдар етіп, қандай ұғым-түсініктермен ой толғағанын аңғартады.

Ақынның осы бағыттағы өлеңдерінің ішінде аса бір ашынып, қайнаған ашумен жазылғаны – “Көк есектерге”. Белгісіз себеппен 1989 жылғы бір томдыққа енгізілмей қалған бұл шығармада жанағыдай өкпе-наз, өкініш-реніштерден гөрі ашық әшкере, ашы әжуа, зілді ыза-көк кернеуі күштірек.

“Не жазып ем, Құдай-ау, бұл қазаққа” – деп басталатын өлеңінде ашық саяси сарындар алдыңғы орынға қойылады. Азаттыққа жетсін дедім, халқымның намысына тырысып, жөн көрсеттім, жол сілтедім, қатарынан қалмасын дедім. Осыдан басқа не бүлдіргенім бар еді?!

Мейлінше таусылып, тауы шағыла айтылған бұл сөздердің әділ төрелігін ақын болашақ ұрпақтардан күтеді:

Асықпандар, артымызда қазы бар,

Тертеп талай, сүйектерің қазылар.

Пайғамбарды сағып отыз тіллә алған

Яһудамен бірге аттарың қазылар.

Осы сенімді көңілге медеу ете отырып, жанын күйдірген

<sup>13</sup> Сонда, 31-б.

<sup>14</sup> Сонда, 34-б.

өкінішті де жасырмай айтады:

Қинамайды абақтыға жапқаны,  
Қиын емес дарға асканы, атқаны.  
Маған ауыр осылардың бәрінен  
Өз аулымның иттері үріп қапқаны.

Ахмет Байтұрсынұлының ақындық мұрасында бағдарламалық мәні бар тағы бір екі шығарманың орны бөлек. Олар – “Жиған-терген” және “Жұбату” атты өлеңдер жинағы. Публицистикалық пафосқа толы, саяси бағыты айқын, көркемдік ықпал күші аса зор бұл өлеңдерді Ахмет поэзиясының ең биік шындары деп атауға болады. Әрбір сөз, әрбір тармағының астарында үлкен ой, бұлтартпас тарихи шындық жатқан бұл толғауларда ақынның бүкіл өмірлік принциптері де, әлеуметтік-эстетикалық мұраттары да барынша айқын бейнеленген.

Ұлы Абай дәстүрінде әрбір сөзін салмақтап, әбден өлшеп-пішіп, көркемдік иін әбден кандырып, ешбір селкеусіз жазылған “Жиған-тергенді” оқып отырғанда, қазақ халқының қасіретке толы бүкіл тарихы мен өте аянышты халі көз алдына елестейді.

Бір кезде хандар билеп, халықты дұрыс баға алмағандықтан ақырында жат жұртқа кіріптар еткені, одан кейінгі отаршылдық тұсында ел билеушілердің бұқара мүддесін мүлде ұмытып, ел ішіне бүйідей тигені, ал аздаған оқығандарының ойлайтыны – халықты алдап мал табу, мансап қуу екені аса бір ащы күйініш сезімімен жеткізіледі. Мұндайда нашарға қорғаныш болып, зорлықшыны Құдай жолына салар деген дін өкілдерінің көздейтіні де – өз күлқыны.

Осындай мүшкіл халін сезбеген анқау ел әлі қалын ұйқыда. Оны сол өлі ұйқыдан оятқызбай, емін-еркін сорып тұрған обыр отаршын анау.

Бұл қасіретті бүкіл жан күйзелісімен күңірене қабылдаған ақын:

Қазағым-өлім,  
Қайқайып белін,  
Сынуға тұр таянып.  
Талауда малың,  
Қамауда жаның,  
Аш көзінді оянып.  
Қанған жок па әлі ұйқың,  
Ұйқтайтын бар не сиқың?!<sup>15</sup>

деп ашына жар салады.

<sup>15</sup> Сонда, 30-б.

Бұл өлеңді автордың субъективтік жеке пікірін білдіретін жалаң декларация емес, сол кездегі қазақ қоғамының нақты жағдайын көріп ышқынған ақын жанының бебеу қаққан зары деп қабылдау керек.

Балалық қалып,  
Ес біліп анық,  
Ер жеткелі жиырма жыл,  
Баяғы қалпы,  
Баяғы салты,  
Бұ неткен жұрт ұйқышыл?!  
Болсын кедей, болсын бай,  
Жатыр бейқам, жым-жырт жай!<sup>16</sup>

Осы тұстағы ақынның жиырма жыл деп мезгеп отырғаны не нәрсе? Біздіңше, бұл жерде ол қазақ жеріне орыс шаруаларын қоныстандыру жөніндегі 1889 жылғы заңды айтып отыр. Бұрынғы алыстан айбат шегіп, сырттан билеудің орнына енді ішке үңіліп кіріп, тікелей отарлау басталған кезде ел бір селт еткендей көрініп еді, бірақ одан нәтиже шықпапты. Сол себептен де ақын жүрегі алдағы үлкен пәлені күні бұрын сезгендей:

Ұйқышыл жұртты  
Түксиген мұртты  
Обыр обып, сорып тұр.  
Түн етіп күнің,  
Керсетпей мінің,  
Оятқызбай қорып тұр.  
Обыр болса қамқорың –  
Қайнағаны сол сорың!<sup>17</sup>

“Жиған-тергеннің” логикалық жаңғасы сияқты болып, онымен табиғи идеялық-көркемдік тұтастықта жазылған “Жұбату” атты толғау өлеңде де осындай күшті эмоциялық әсер бар. Ақын мұнда ескі халық жырауларының тандаулы дәстүрінде сөзін тыңдаушыларына тікелей арнап, ықылым замандардан бермен қарай сахара елінің сәні болған, әр қазақтың жүрегіне қымбат белгілердің бірте-бірте көз ұшынан ғайып болып жоғалып бара жатқанын ішкі ыраққа толы, шұбыртпалы егіз ұйқасты жырмен түйдектете тақлақтап, айтар ойын сауал түрінде жеткізеді.

Кең даланы емін-еркін жайлап, көшіп жүрген баяғы күнін

<sup>16</sup> Сонда, 29-б.

<sup>17</sup> Сонда.

қайда? Сол еркіндікте шалқыған елдің көркі қайда? Нулы жерін мен сулы көлің қайда? Елге қорған болған ерің мен қара қылды қак жарған әділ биің қайда? Қазір солардың бірі жоқ, тек құр сүлделері ғана қалды.

Ақын осы тұста “Жиган-тергендегі” жан айкайындай бір ащы шындық сөзін кайталап, “малың алдау, талауда тұр, жаның арбау, қамауда тұр”, – деп тағы ескертеді де, содан шығар жолдың қалмағанын айтып, одан сайын қамығады. “Осыны көрмесін деп көзінді көлегейлеп перде, аттап өте алмасын деп көлденен тартылған керме бар. Сені тырп еткізбей ұйқатаып қойған ұлықтардың басында, оянып кетсең ойыншық беріп алдарқататын жалған камқоршыларың қасында тұр. Бірақ сен бұл әлдіге көнбе, сенбе!”

Екі өленде бір-біріне жалғастыра шегелеп айтылған осы ой – Ахмет Байтұрсынұлының бүкіл саналы өмірінде, саяси күресінде, әлеуметтік қызметінде ұзын арқау боп тартылып келе жатқан өзек. Солардың бәрін жинақтай келіп, шерлі көкіректен бұрк еткізіп сыртқа лықсытқан жанартаудың ыстық лебіндей бұл екі өленді – Ахмет Байтұрсынұлы поэзиясында тұжырымдалған саяси платформа деп қабылдауға болады.

Ахмет Байтұрсынұлы поэзиясы – ұлы Абай мұрасының тікелей жалғасы. Оның қай өленін алып қарасақ та, не тақырып шешімінде, не сөз саптау мәнерінде, не өлең құрылысында Абайға бір соқпай кетпейтіні кемде-кем.

\* \* \*

Ахмет Байтұрсынұлы поэзиясының үлкен бір арнасы – оның аудармашылық өнері. Тіпті анықтанқырап, дәлденкіреп айтсақ, Ахан ақын ретінде ең әуелі аударма арқылы танылады. Оның жұртшылыққа баспа жүзінде алдымен ұсынған еңбегі – И.А.Крыловтан аударылған “Қырық мысал” болатын. “Маса” жинағына да сол Крыловтан үш-төрт мысал, Пушкиннің Алтын балық және Алтын әтеш жайындағы ертегілері мен бірді-екілі өлендері, тағы басқа орыс, Европа ақындарының шығармалары енгізілген.

Сол аудармаларды сөз қылғанда ойға оралатын бірінші сұрақ – Ахан ақындық өнерін не себепті аудармадан басталды? Өзін болашаққа белсенді әлеуметтік саяси қызметке, әдеби-ғылыми ізденістерге бағыштамақ ниетте жүргенде мысалға келіп жүтінуі қалай?

Бұлай дейтіміз – біздің көбіміздің көңілімізде мысал жанрына бір түрлі сезіктене қарайтын, оны шынайы көркем поэзиядан кемшіндеу көретін түйткіл тұратыны құпия емес.

Оның үстіне, кезінде Ахметке ой салуы мүмкін еді-ау дейтін

мынадай бір беделді пікір де болған. Ол – ұстазы Ыбырай Алтынсариннің айтып кеткен бір сөзі.

Торғайға қызметке келгеннен кейін, 1876 жылы Н.И.Ильминскийге жолдаған бір хатында қазақ балаларын оқытуға арналған болашақ бастауыш кітабының жоспарымен таныстыра келіп, Ыбырай былай деп жазалды:

“Бірінші кітабымды Паульсон кітабының құрастырылу тәртібімен жазып шыққалы отырмын. Әрине, мұны қазақ балаларына лайықтап жазамын. Мысалдарды (басни) енгізгім келмейді, өйткені, қатаң тұрмыста өскен қазақтарға мұнан гөрі мәндірек әңгімелер керек болады. Мысалдарды қазақ балалары оқығысы келмейтінін, оқыса, оған күлетінін, ал олардың ата-аналары: балаларымызға сауысқан мен қарға сөйлеседі деген сияқты жок нәрсені үйретеді, – деп тіпті ренжитінін тәжірибемнен білемін” (Ыбырай Алтынсарин. Таза бұлақ. Алматы. “Жазушы”, 1988 ж. 210 бет).

Әрине, бұл жерде Ыбырайды да түсіну керек шығар. Бұған дейін тұқ мағынасына түсінбесе де, әйтеуір, Құдай сөзі деп құлдық ұрып келген құранның аят, сурелерінен кейін тұңғыш рет ана тілінде қара танытып, одан әрі дүниелік пән негіздерінен мағлұмағ беруді көздеген ағартушы ағамыз сол балаларға өмірлік, танымдық мәні бар, олардың ой-өрісін кенітіп, санасына саңылау түсіретін тосын жаналықтарды, қызғылықты хикаяларды ұсынғысы келгені әбден заңды болып көрінеді.

Сонсоң, әрине, мысалдың да мысалы бар. Тегінде, мысал жанры барлық замандарда, барлық әдебиеттерде болған. Бірақ, солардың бәрі ұмыт болып, дүние жүзі әдебиетінің тарихында үш қана мысалшының есімі қалған. Әрегіректе Эзоп, одан кейін Лафонтен, үшіншісі – орыстың атақты Крыловы. Ахметтің таңдағаны да – осы сонғысы.

Крыловтың неліктен ұлы атанғаны, қай қасиетімен классик дәрежесіне көтерілгені әдебиетші қауымға мәлім. Бұл тұста біз үшін маңыздысы – Ахмет Крылов өнерінің қай қырына қызықты, оны өзінің ақындық мұратына қалай жаратып, қалай пайдаланды, сол арқылы айтар сөзін халқына қалай жеткізді?

Ал Крыловты аудару арқылы Ахметтің ойлаған мақсатына жете алғанын, атқан оғы нысанасына дәл тигенін біз білеміз. Оны кезінде Мұхтар Әуезов жеткізе айтқан. “Қырық мысалды” ол кісі “қалың қазақ жұртының алғашқы естіген, төңкеріс рухындағы сөзі” деп бағалаған.

Міне, осы жерде көңілге екінші бір көлденен ой келіп қилігеді. Крыловтың данышпан екені, ұлы орыс әдебиетіндегі ұлы тұлғалардың бірі екені, ол өзінің асқан дарыны арқасында орыстың ұлттық мысал жанрын қалыптастырып, сол арқылы

орыс халқының ұлттық мінез-құлқын, ұлттық рухын жеткізе алғаны әлемге аян бола тұра, оны ешкім, тіпті Белинскийдің өзі де, революционер деуге ауыздары бармаған еді ғой. Олай болса, жаңағы “төңкеріс рухындағы сөз” дегенді қалай ұғыну керек?

Мұны дұрыс түсіну үшін мына бір шындықты ескеру керек сияқты. Әрбір үлкен әдебиеттегі мысал жанры қай халықтың болса да ғасырлар бойы жинақталған даналығын танытатындығы, ондағы жасырын астар, жымысқы тұспал, ащы әжуа, мірдің оғындай мысқыл, ойнақы күлкі – сол халықтың табиғи ерекшелігін білдіретіндігі өз алдына болғанда, солардың бәріне бірдей ортақ белгі – оның айнымас бұқарашылдығы, қарапайым халық пейілімен үндестігі, тіпті, дәлденкіреп айтсақ, дәйекті демократизмі болса керек.

Ендіше Крылов мысалдарындығы сол бұқарашылдықты Ахмет Байтұрсынұлы төңкерісшілдік идея дәрежесіне көтере жеткізген болса, бұл Әуезов берген бағаның өге дәл екендігін дәлелдейді.

Крыловты кезінде Абай да аударған. Байтұрсынұлындағыдай көп емес, академиялық жинақта Абайға телініп жүргендері он екі мысал. Бірақ, Байтұрсынұлы аты ағаусыз қалып, оның әдеби мұрасына тыйым салынған кезде, оқырман Крыловтың аудармашысы ретінде Абайды ғана білетін. Сондықтан болар, Абайдың кейбір басылымдарына Ахмет аудармалары да кіріп кеткен кездері болған. Осының өзі-ақ тәржімашы Абай мен Ахмет жөнінде бізге көп нәрсені аңғартса керек.

Осы орайда тағы бір сұрақ туады: Абайдың аударып кеткен кейбір мысалдарын Байтұрсынұлы неге қайтадан аударды? Бұрын аударылғанын білмеді ме, әлде басқа бір ойы болды ма? Сірә, білмеген болар.

Элай дейтініміз, Байтұрсынұлы Қостанайдан алғаш рет Омбыға қарай сапар шеккенге дейін Абайдың өзін де, өлеңдерін де естімеген. Оның Абай атына қанық болуы сәл кейінірек. Дәлірек айтқанда, “Қазақ” газетінде 1913 жылы жарияланған “Қазақтың бас ақыны” атты мақаласына қарағанда, Ахмет Абай өлеңдерінің қолжазбасымен алғаш рет 1903 жылы танысқан. Олардың ішінде Крыловтан аударған мысалдар болды ма, жоқ па, – ол жері бізге мәлім емес. Бірақ, біз үшін айқын нәрсе – А. Байтұрсынұлының өзі “Қырық мысалға” кірген Крылов шығармаларын 1901 жыл мен 1904 жылдар арасында аударған. Демек, ол кезде Абай аудармаларын білмеген болуы әбден ықтимал.

Бірақ, мәселе онда емес. Біз үшін ең қызықтысы, ең мәндісі – бірін-бірі білмей, Крыловты өздігінен аударған екі данышпанымыздың өлең стилі, сөз мәнері бөлек бола тұра, аудару принциптері де, қазақтың тосаң құлағына етене етіп жеткізу шеберліктері де – айна-қатесіз бірдей десе болады.

Ғажап нәрсе! Түпнұсқа мазмұнынан ауытқымай, соны өз сөздерімен жеткізуге емін-еркін тырысқан екі ақынның орысшасындағы көркемдік бөлшектерді түсіріп алмай, соншалықты ұқыпты беруге ұмтылған ұқсастығына қайран қаласың.

Бір ғана мысал.

Крыловтың ағақты “Қарға мен түлкі” атты мысалын Абай екі мәрте аударған. Екеуінің өлең өлшемі де, көлемі де бірдей. Бірі – жеті, бірі сегіз буынды жыр үлгісінде. Бірақ, дербес екі дүние. Ал, Ахмет он бір буынды қара өлеңмен төрт жолдық шумақтар арқылы баяндайды. Сондағы біздің назарымызды аударған мынадай бір бөлшек. Түпнұсқада түлкі келіп қарғаны былай арбайды ғой:

Ну что за шейка, что за глазки,

Расказывать – так, право, сказки!

Какие перышки! какой носок!

И, верно, ангельский бытъ должен голосок!<sup>18</sup>

Осы шумақ Абайдың екі нұсқасында былай болып келеді:

*Бірінші нұсқада:*

Неткен мойын, неткен көз,

Осыдан артық дейсін бе

Ертегі қылып айтқан сөз?

Қалайша біткен, япырмай,

Мұрныңыз бен жүнініз!

Періштенің үніндей

Деп ойлаймын үнініз...

*Екінші нұсқада:*

– Есен-сау жүрсіз бе,

Ақынның төресі?

Көп жерден белгілі

Тегін құс емесі.

Жүнініз, үнініз,

Мұрныңыз, көзініз,

Құлаққа деп тиген

Мақталған кеңесі!<sup>19</sup>

<sup>18</sup> И. А. Крылов. Библиотека поэта, малая серия. Ленинград, стр. 65-66.

<sup>19</sup> Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I-т., А., 1995, 74-76-бб.

Ал, енді А. Байтұрсынұлы аудармасына үнілейік:

Тамаша қарағанға түрің қандай!

Мынау көз, мынау мойын, мұрын қандай.

Ғауһардай қанагтардың жарқырайды,

Келісті қалай біткен және мандай!<sup>20</sup>

Осы үш үзіндідегі бізді арбап тұрған бір сөз – мұрын.

“Мұрныңыз бен жүнініз...”

“Мұрныңыз, көзініз...”

“Мынау көз, мынау мойын, мұрын қандай...”

Абай да, Ахмет те құста мұрын емес, тұмсық болатынын білмейді емес қой. Бірақ, екеуі де жазбастан “мұрын” деп, Крыловтың “носок” деген бөлшегін аудармай жеткізген. Адамдағы сұлулықтың бір шарты – мұрында жатқанын білгендіктен болса да, немесе Крыловтың езілін ұмытпайық десе де, екеуінде де бұл элемент өте әдемі ескерілген.

Крыловтан тәржіма жасау Абай шығармашылығының соңғы кезеңдеріне жатады. Демек, Крылов есіміне байланыстыра айтсақ та, одан кенірек аумақта жинақтап айтсақ та, Абай немен аяқтаған болса, Байтұрсынұлы дәл содан бастады деуге, яғни Абай эстафетасын Ахмет жалғастырды деуге толық негіз бар.

Белинский Крыловты орыстың ұлттық мысалының атасы дей келіп, онын аса зор еңбегі ретінде орыс әдебиетіне халықтық сипат енгізгенін атайды. Белинскийдің тұжырымдауынша, Крылов орыс рухының бір ғана жағын, атап айтқанда, пайымды практикалық мәнін, тіршілік тағылымынан жинақталған даналығын, оның мәймөнкесіз, ашы мысқылын бейнелеген.

Қарекетшіл тіршіліктен мүлде хабарсыз, марғау жатқан халықты ең әуелі нысаналы, нәтижелі өмірге көтеру үшін Байтұрсынұлына бағдар етерлік осындай пайымды практикалық мән қажет еді. Оны ол Крыловтан тапты. Ендігі мәселе соны жеткізе білуде еді.

Осы тұста Белинскийге тағы да жүгінуге тура келеді. Біздің заманымызда мысал ақылгөйлікке салынатын болса, поэзияның жалған түріне айналып кетеді де, балалардан басқа ешкімге керек болмай қалады. Ал енді ашы әжуа (сагира) түріндегі мысал – бұл поэзияның нағыз тұрған жері, – дейді Белинский.

Мысалдың арқауы – хикая, көздейтін нысанасы – соның ішіндегі мәні, ал қолданатын қаруы – әжуа мен мысқыл. Крылов

өзінің суреткерлік түйсігімен мысалдың эстетикалық заңдарын тап басып игерген. Орыс мысалының атасы атануы да сондықтан.

Ахмет те жаңағы пайымды практикалық рухты дарыту үшін мысалдың мазмұнын Крыловтан алады да, ал жаңағыдай уытты қаруды өз халқының даналығынан, ана тілінің ішкі мүмкіндігінен іздестіреді және ол да Крыловша дәл басып табады.

Егер алдын-ала тұжырымдап түйіндесек, айтушысы Крылов болғанда, жеткізуші Байтұрсынұлы болғандықтан да “Қырық мысал” қыр еліне қыр болып дарып, қазақ санасына қырық түрлі кеселдің даруындай сінді.

Ол кеселдердің аты – алтыбақан алауыздық, екі жүзлі аярлық, әділетсіз озбырлық, өрге баспас өзімшілдік, безбүйрек қатыгездік, жүзі қара оласыздық, тойымсыз ашқарақтық, дүниеқоңыз нысапсыздық, санылаусыз топастық, зымиян залымдық, иісалмас пасықтық, көрсөкыр надандық, тонмойын қынырлық, тағысын-тағы және басқа адам мінезіне тән неше түрлі кінәраттар.

Бір ғажабы – осы сияқты кесір-кесапаттардың адам табиғатындағы арам тамыры бір болғанымен, әр халықтың бойынан көріну түрі әр алуан болады екен. Сондықтан, оларға қарсы күрескенде, сол халықтың өз психологиясына, өз тұрмыс салтына сәйкестеп, өз санасына дәп тиетіндей етіп, өз сөзін тауып айту керек екен.

Крыловтың стилі өз ортасына, өз оқушысының түйсік ерекшелігі мен қабылдау деңгейіне бейімделген. Ол – аз сөздің астарын аңғарғыш сұңғыла орта. Сондықтан, автор әр сөзін мысқалап өлшеп, әр нақылын қысқалап қайырады, нұсқалап тұжырады.

Ал Байтұрсынұлы болса, өз тыңдаушысының ұзын ырғалы хиссаға дағдыланған қулағына бейімдеп, әр хикаясын тәптіштеп, егжей-тегжейлі баяндау машығын ұсынады.

Тегінде, Ахметтің Крыловты тәржімалағанда екі түрлі ұстаным қолданғанын байқаймыз.

Біріншісі. Бірсыпыра мысалдарды аударғанда жалпы мазмұнын жалғана түйіп алады да, соны оқиғалы қара өлеңге айналдырып, өз сөзімен баяндап береді. Арасында оқиға желісін ширатып отыратын өзіндік ілік-демеулер болғандықтан, шығарманың негізгі өзегі өзгермесе де, көлемі өсіңкіреп отырады.

Қазіргі аға буын қазақ оқырмандарының зердесіне мектеп парчасын сақталып қалған белгілі мысал – “Аққу, шортан һәм шаян” осыған дәлел бола алады. Орысшасында үш шумак – он екі жол. Тәржімасында бір шумак артқан. Одан мағынасына өзгеріс кірген жоқ. Ой қазығы болатын сөз бөлшектері түгел. Тіпті, қорытынды шумағындағы “жолдас” деген сөзге дейін түпнұсқаға сәйкес келіп тұр.

<sup>20</sup> А. Байтұрсынұлы. Шығармалары. А., 1989. 61–б.

Когда в товарищах согласья нет<sup>21</sup>.  
 Әуелі бірлік керек болсаң жолдас<sup>22</sup>.

Жалғыз-ақ айырмасы – Крыловтың көп мысалдарындағыдай, түпнұсқаның бас жағында жүретін кіріспе шумакты Ақаң соңына шығарып, қорытынды етеді. Сірә, түйіні соңында тұрғаны тыңдаушының жадында сақталуға қолайлы деп есептеген болуы керек.

“Маймыл”, “Өгіз бен бақа”, “Емен мен шілік”, “Бұлбұл мен есек”, “Қаптесер мен көртышқан”, “Маймыл мен көзілдірік”, “Шал мен ажал” секілді мысалдардың аудармасын машығы жағынан осы бірінші ұстанымның жемісі деп қараған жөн.

Мәселен, “Маймыл” атты мысалдың аудару принципі де дәл жоғарыдағы “Аққу, шортан һәм шаяндағыдай”: Крыловтың төрт жолдық кіріспесіндегі негізгі ой түйіні аудармада сәл кеңейтіліп аяғына шығарылады да, қалған мазмұны қазақтың кара өлеңімен хикаялау түрінде дәл және емін-еркін жеткізіледі.

Дәлдігіне дәлел іздеудің керегі жоқ, бірінші шумактың алғашқы екі тармағынан-ақ көрініп тұр:  
 Түпнұсқада:

Крестьянин на заре с сохой  
 Над полюсой своей трудился<sup>23</sup> –

деп басталса, аудармада:

Жер жыртты ерте тұрып карашекпен,  
 Қашаннан кәсібі еді егін еккен,<sup>24</sup> –

деп дәл сол күйінде қайталанары да, әрі қарай оқиға өз ретімен баяндалып кете береді.

Тағы бір таңғажайып тапқырлыққа осы тұста және кездесеміз. Диканшының еңбегіне көртен жұрттың сүйсінетінін жеткізерде Крылов түбі грек тілінен ауысқан, сөйтіп орыс тіліне кірігіп кеткен “исполать” дейтін бір ескі сөзді қолданады. Бұл – орыстың байырғы тілінде “молодец” деген мағынаны береді.

<sup>21</sup> И.А. Крылов. Библиотека поэта, малая серия. Ленинград, с. 207.

<sup>22</sup> Ахмет Байтұрсынұов. Шығармалары. А., 1989. 48-б.

<sup>23</sup> И.А. Крылов. Библиотека поэта, малая серия. Ленинград, с. 66.

<sup>24</sup> Ахмет Байтұрсынұов. Шығармалары. А., 1989, 50-б.

Зато кто мимо ни проходит,  
 От всех ему: спасибо, исполать<sup>25</sup>.

Орыс тілін жетік білген тәржімашы осы сөздің қазақша дәл мағынасын былай деп сол қалпында жеткізеді:

Жарайды, бәрекедді, сабаз-ай! – деп,  
 Алғысты береді оған өткен-кеткен<sup>26</sup>.

Осы жердегі “сабаз-ай!” деген бір сөздің өзі Крылов мысалының бүкіл рухын, бүкіл ұлттық қасиетін түп-түгел қазақшалап, қыр елінің қалың ортасына дәл сол қалпында алып келіп тұрғандай қабылданады.

Дәлдігі осындай болғанда, жатықтығы да айрықша дәлелдеп жатулы қажет етпейтіндей болып, Байтұрсынұлы ақындығының барлық ерекшелігімен, мейлінше табиғи болмыс-бітімімен, ұлттық ой өрісінің шеңберінде үйлескен, ұйқасқан қисын-қиюымен әрбір қазақ оқырманының (сол кездегі тыңдаушының да – *ред.*) көңіліне ұялап қалып жатады.

Бір ғана мысал келтіріп шектелейік. “Шал мен ажал” атты мысалдағы әбден шаршап-шалдығып зарыққандағы шалдың монологы:

Мен сорлы, әрі кәрі, әрі жарлы,  
 Асырау онай емес үйлі жанды.  
 Қартайлым, жалданарға қайратым жоқ,  
 Бермеді тұтынарлық Құдай малды.

Бұл маған не қылғаның, жаратқаным,  
 Бір шалға үйлі жанды қаратқаның?  
 Төлермін салық ақша қайдан тауып,  
 Қажетім бірін сай ғып жаратпалың.

Не жаздым құтқармастай бұл бейнеттен,  
 Күнің жоқ тілегімді қабыл еткен.  
 Біреу кеш, біреу ерте өліп жатыр,  
 Келмейді маған ажал, қайда кеткен?<sup>27</sup>

Жалпы мағынасы түпнұсқадан ауытқымайтын осы шумақтарда басқа тілден келді дейтін ешқандай бөтендіктің ізі жоқ. Жокшылықтың ызасы өтіп, Құдайына жалынған мүсәпір қазақ шалының зары осындай-ақ болар.

<sup>25</sup> И.А. Крылов. Библиотека поэта, малая серия. Ленинград, с. 66.

<sup>26</sup> А. Байтұрсынұов. Шығармалары. А., 1989, 50-б.

<sup>27</sup> Сонда, 67-б.

Осы шумақтарды әсіресе байырғыландырып, тыңдаушы құлағына етене жақын етіп тұрған тармақтар деп мыналарды бөліп те айтуға болар еді:

Асырау, онай емес үйлі жанды...

Бермеді тұтынарлық Құдай малды...

Бұл маған не қылғаның, жаратқаным?..

Бұл жолдардағы “үйлі жан”, “бермеді Құдай малды”, “жаратқаным” деген сөздер мен тіркестер тек қана қазақ психологиясына тән ұғымдар екенін дәлелдеп жату қажет болмас. Бірақ, солармен бірге: “телермін салық ақша қайдан тауып?” деген бір тармақтың өзі-ақ шал сөзінің төркіні қайда жатқанын айқын танытса керек.

“Қырық мысалдағы” аудармалардың екінші бір тобында тәржіма принципінің бұдан әжептәуір өзгергені байқалады. Бұл шығармаларды Ахмет түп-түгел қазақ ортасына алып келеді де, ғибраттық тұжырымдарын түп-тура қазақ қауымының шындығына бейімдеп, айтар үкімін өз тарапынан айтады. Кейде, тіпті, түпнұсқалағы оқиғаны өз ойына тиек етіп қана алады. Сондықтан, мұндай еңбекті аударма деулен гөрі ұқсас сюжетке құрылған төл туынды деп те айтуға болар еді.

Айталық, “Шымшық пен көгершін” — шағын мысал. Түпнұсқада толымды-толымсыз он жол. Ал аудармада 11 буынды 8 шумақ, яғни 32 жол.

Түпнұсқаның мазмұнын бір-ақ ауыз сөзбен жеткізуге болады. Тал түсте торға түсіп калған шымшықты табалап, ақымақсың деп тұрған көгершін әп-сәтте өзі соның кебін киелі. Бар мазмұны осы. Моралі — күлме досқа, келер басқа.

Ал, соны жеткізу үшін Ахмет әлгі оқиғаны толықтыра баяндап, біраз толғанып алады да, қорытынды түйінде біреуді табалаудың білместік екенін айта келіп, тағы бір тосын өрісті қамти кетеді.

Жазмыштан озмыш болмас деген сөзді  
Бекер деп пікір айту жарамайды<sup>28</sup>.

Сол кездегі оқырман қауымының өз санасына жақындатып, оны өзінің айтқанын деген ойына біржолата көндіріп алғаннан кейін:

Алланың адам басы добы деген,  
Қуса да қалай қарай домалайды<sup>29</sup>, —

<sup>28</sup> Сонда, 49-б.

<sup>29</sup> Сонда.

деген тәржіма түйіні — ешкім дау айта алмайтын ақиқат сөзі болып естілері анық.

Ақын бұл жерде айтқанын деген ойының аясын кеңейтіп, түпнұсқалағы мысалдың жүгін әдейі арттырып отыр.

Мұндай тәсіл барған сайын тереңдеп, кеңейе түседі. “Жарлы бай” деген мысалда қолыңда дәулет жоқ кезде жомартсынып, өзі сол байлыққа ие болған күні дереу ындыны бұзылып кететінін тойымсыздықты суреттегенде, оның әсерін күшейте түсу үшін аудармашы оқиға желісін оқырман түйсігіне әлгіден де жақындатып әкеледі.

Крылов кедей адамның бай болсам бүйтер едім деген қиялын былай жеткізетін:

Нет, если мне далось богатство на удел,  
Не только бы рубля — я бы тысяч не жалел,  
Чтобы жить роскошно, пышно  
И о моих пирах далеко бы было слышно<sup>30</sup>.

Ал аудармада ол былай болып келеді:

Дарига! Мен бай болсам жұрттан асқан,  
Үйлерді салдырар ем кандай тастан!  
Сом түгіл мынын бірден жұмсар едім,  
Аямай киер киім, ішер астан.

Жылқымды, қымызымды, қойым менен  
Жұмсар ем қонағымға тойымменен.  
Жұртымның жабықтырмай көңлің ашып,  
Күнде той, күнде қызық, ойынменен<sup>31</sup>.

Байлықтың ақшаға байланысты болып келетін баршаға түсінікті тұсын сол калпында береді де, Ахмет одан әрі нағыз қазақ ұғымындағы шалқыған тұрмысты малмен, қымызбен, ағыл-тегіл қонақасымен, той-томалақпен байланыстыра суреттейді.

Осы жағынан алып қарағанда, өте сипатты мысалдардың бірі — “Қара бұлт”. Нөсер жаңбырын шөліккеп жатқан далаға жаудырмай, теңізге апарып құя салған қалың бұлттың елге пайдасыздыңын тілге тиек ете келіп, аяғына әрқайсысы алты жолдық үш шумақ қорытындыны өз жанынан қосады.

Бұлттай жерге жаумай суға жауған  
Қазақта іс ететін көп адамдар<sup>32</sup>.

<sup>30</sup> И.А. Крылов. Библиотека поэта, малая серия. Ленинград, с.390.

<sup>31</sup> Ахмет Байтұрсынұов. Шығармалары. А., 1989, 72-б.

<sup>32</sup> Сонда, 86-б.



Бұл жерде сөйлеп тұрған Крылов емес, Ахмет Байтұрсынұлының тура өзі. Сондықтан, ол айтар ойын жүйселеп, дәлелдеп, шетелеп толық айтуға хақылы тәрізді.

Мысалы, казак – дала, баска – теңіз,  
Даланы шама келсе көгертіңіз;  
Мұн десең, мұқтаж десең қазаққа көп,  
Емес пе мұны ойламақ міндетіңіз?<sup>33</sup>

Осылай діттеп айтқан ақыл-көнес дарымай жатса, ақын сөз желісіне өзін де араластырып, қатысушы кейіпкерлердің біріне айналып кетеді; сөйтіп, өзінің белгілі бір іске көзқарасын тікелей білдіріп отырады.

“Қарашекпен мен қой” деген мысалда зорлық пен әділетсіздікті шеней келіп:

Күнәлі біреу ойдан, біреу тілден,  
Ахмет, осы айтқаның жетер, тоқта!<sup>34</sup>, –

деп өзін іркінкіреп отырса, зымиян опасыздықты әшкерелейтін “Арыстан, киік һәм түлкі” атты мысалда:

Кісіге таза жолдас табу қиын,  
Көбіне дос етеді мал мен бұйым.  
Досыннан, дұшпаныннан бірдей сақтан,  
Басында, сірә, Ахмет, болса миың<sup>35</sup>, –

деп қатты ширығып, ашынатын кездері тағы бар.

Ақынның Крылов аудармаларына өзін тікелей араластырып, бағдарламалық ой-ниетін ашық білдіретін тұстарын сөз қылғанда, “Малшы мен маса” атты мысалға ерекше тоқталуға тура келеді.

Мұнда баяндалатын оқиғаның көлемі төрт қана шумақ. Ұйқтап жатқан малшыны шағуға келе жатқан жыланнан құтқару үшін сары маса оны өзі бұрын барып шағады да, оятып жібереді. Ұйқылы-ояу кісінің сермеген қолынан маса өледі, бірақ, малшы жыланды да жайғастырып, өзі аман қалады.

Осы мысалды аудару арқылы Байтұрсынұлының не айтпақ болғанын айқын түсіну үшін сонындағы екі шумақ ғибрат сөзін түгел келтірейік:

<sup>33</sup> Сонда.

<sup>34</sup> Сонда.

<sup>35</sup> Сонда, 60-б.

“Мысалы, казак – малшы ұйқтап жатқан, Жыланды пәле делік андып баққан. Пәленің түрін көрген мен – сары маса, Халықты оянсын деп сөзбен шаққан. Ойлаймын осы сөз де жетеді деп, Қайтты айтсам, сөзім багып кетеді деп. Ұйқысы ашылмаған жұрт өзімді Қорқамын сары масалай етеді деп”<sup>36</sup>.

Біз бұл тұста Ахметтің жоғарыда қарастырылған “Маса” жинағының, ондағы бағдарламалық сипаты бар кіріспе шумақтардың алғашқы идеясы қайдан өрбігенін айқын аңғарамыз. Төркіні Крыловтан келген осы шағын мысалды, ондағы Маса бейнесін кейінгі кітаптын, қала берді, бүкіл Байтұрсынұлы қызметінің алғаш рет қылан берген хабаршысы, жарқ еткен сәулесі деп бағалауға болар еді.

Сонымен бірге мұны тәржімашы тәжірибесіндегі шығармашылық тәсілдің белгілі бір қыры деп те қараған ләзім.

Крылов шығармаларында тайға таңба басқандай қылып адам табиғатындағы жақсы-жаман мінездерді суреттейтін, солардың мәңгілік символы ретінде санада орнығып қалған неше түрлі жан-жануарлардың бейнелері бар. Бір жағынан, өзінің табиғи болмыс-тірлігін сақтап, екінші жағынан, жаңа ортадағы ұғым-түсініктерге бейімделе, тиісті өзгерістермен, мейлінше таныс күйінде жеткізіледі. Айталық, қу зымиян түлкі, ашқарак пәлекор қасқыр, ақылды сұңғыла жылан, қаһарлы зорлықшыл арыстан, ақымақ данғой маймыл, қисық мінезді қыңыр есек, тағысын тағылар.

Бұлар қай халықта болсын осы қылықтарымен танымал болуға тиіс. Бірақ, соның әрқайсысы, бір тілден екінші тілге аударылғанда, көлімгідей “ұлтын өзгертіп”, жаңа ортаға жақындай түсетіні “Қырық мысалдағы” қай шығармалан болсын айқын сезіледі.

Мәселен, Крылов мысалдарында көп кездесетін түлкі бейнесін алайық. Ол әр шығармада баяндалатын оқиғаның мазмұнына қарай бірде алдамшы қу, бірде залым, алааяқ, бірде ұры, зорлықшыл, бірде жағымсыз екі жүзді. Бірақ, соның бәрінде де ол Байтұрсынұлы аудармасында ылғи да казакка ежелден таныс белгілі бұлаң құйрық бекбике қалпында көрініп отырады.

Қасқыр да солай. Мәселен, оның қозыны жегісі келіп тұрғандағы тағатын кінәлары – Крыловта да, Байтұрсынұлында да бірдей. Айырмашылық болса, тек жағдайға байланысты көріну ерекшеліктерінде ғана. Бірақ біздің ерекше назар аударғалы отырғанымыз – Байтұрсынұлы аудармасындағы зорлықшыны

қазақтың қасқыры қылып тұрған бір ғана сөз:

Әкеңді алдыңдағы танымсың,  
Бәлем сен, байқап қара, ашып көзің!<sup>37</sup>

Басқа халықтың ұғымында “әке” деген сөз ылғи жақын, туыстықты аңартуы мүмкін ғой. Ал қазақ түсінігінде сол тура мағынасымен қатар, біреуден біреудің басымдығын, күштілігін, үстемдігін таныту үшін “әке” деген бір сөздің өзі жетіп жатады да, тыңдаушының мысын жеңетін өктемдік ретінде естіледі. Мұнда сол мағынасы өте сәтті қолданылған.

Ал енді сүйекке қақалып қалып, тырнадан көмек сұрайтын қасекен – Ахмет аудармасында әуелі бұдан тіпті өзгеше, басына күн түскенде өте момакан, көнемал, тіпті жағымпаздықтан да кетері емес.

Сондықтан ол, жанағы қозыға айтқандай, “әкеңді танымсың?” – деп әкірендемейді, “алдында аған отыр есі кетіп”, – деп мүлөймсиді. Ал енді шаруа біткеннен кейін, қасқырдың қасқырлығын танытуға келгенде, тәржімашы өз машығынан айнымайды: қасқырды да, тырнаны да қыр елінің адамдарына мейлінше танымал етіп жеткізеді.

Крыловта қасқыр тырнаға: басыңды аузымнан аман әкеткеніңді олжа көр десе, Байтұрсынұлында ол былай қазақшаланады:

“Сыйға-сый” дегендейін, газ басыңды  
Аузыма салып тұрған кемірмелім<sup>38</sup>.

“Қырық мысалдың” шұрайлы тілі және басқа да көркемдік ерекшеліктері – арнайы сөз етерлік өзінше бір үрдіс. Ондағы қазақтың нағыз халықтық әдеби тілінің небір тамаша өрнектері аға буын оқырман қауымға ішінара ертеден таныс болатын. Өзге тілден бөгде сөз кіртізбей, халықтың қарапайым тілінің өз мүмкіндіктерімен-ақ ол небір айшықты өрімдер, оюлы орамдар, қанатты тіркестер, ел аузында мақал-мәтел боп кеткен лұғатты нақыл тізген.

Осы орайда Крыловтың тіл шеберлігіне табынған Гогольдің бір сөзі еске түседі. Крылов тілінің құнарлылығы сонша, оны басқа тілге аудару мүмкін емес, дейді Гоголь. Ал Ахмет болса, оны сол қалпында аударамын деп әуре болмайды. Өзінше кетеді, ана тілінің өз қойнауынан дәл соған балама боларлық, тек Байтұрсынұлы даналығынан ғана туа алатын кереметтей бай тіл кенішін ашады.

<sup>37</sup> Сонда, 63-6

<sup>38</sup> Сонда, 56-6.

“Замандастарыма” деген тақырыппен берілген үш шумақтық беташардың өзінде, сырттай мейлінше қарапайым көрінгенімен, үңіле қараған кісіге қаншама Ахметтік сөз өнерінің үлгісі жатыр! “Қанағат азға деген, жокқа сабыр...”, “Ат тұрмас аяғында желі болса” деген тармақтар халықтың мақал-мәтел қазынасында құрметті орын алуға әбден лайық.

Жинақтың қай бетін ашып, қай шығармаға көз салсақ та, әсіресе олардың тұжырымдарынан жарқ еткен алтынның сынығындай сөз асылың табамыз.

Мысалы, еткен қайыр – бір бәйтерек...  
Көерсің рахатын көленкелеп  
 (“Ат пен есек”);

Қалпы емес тәкаппарлық данышпанның  
 (“Егіннің бастары”);

Болмаса қайратына ебін серік,  
Опа жок құр айласыз мықтылықтан  
 (“Емен мен қамыс”);

Айлынның сарқыны едін жұртқа жеткен  
 (“Қасқыр мен тырна”).

А. Байтұрсынұлы Крыловтан кейін Пушкиннен, ол арқылы Вольтерден, сондай-ақ Лермонговтан, Надсоннан, Жаловскаядан бірсыпыра дүниелер аударған. Бұл тұстағы тәржімалық тәжірибені жинақтап айтар болсақ, оларға тән бір ерекшелік ретінде, ең алдымен, акынның шығармашылық принципінің жоғарыдағыдан сәл өзгешелігіне назар аударар едік.

Крылов мысалдарына жүтінгенде, акын оны өзінің ағартушылық, күрескерлік қызметіне жарату, яғни, қазіргі ұғыммен айтсақ, өзіне идеялық қару етіп қолдану мақсатын көздеді. Осы мақсаттың ыңғайына қарай, ол тәржіма нысанын емін-еркін пайдалануға хақылымын деп есептеді. Крылов мысалдарының жалпы мазмұнын алып, өзінше баяндау, оның ғыбаттарын қазақ қауымының шындығы мен қажеттеріне ыңғайлап тұжырымдау бағытындағы А. Байтұрсынұлының тәжірибесін осы ерекшелікті ескере отырып қарастырған жөн.

Ал кейінгі аталған авторларды аударғанда ол, біздің ойымызша, ең алдымен акынға ақынша келеді, олардың шығармаларына ақын көзімен қарайды. Бәлкім, өзге халықтардың көркемдік мұрасын насихаттап, өзінің туған әдебиетінің көдесіне жарарлық үлгі-өнеге таратуды да көздеген болар. Сондықтан бұл жерде

жанағыдай түпнұсқадан алшақ кетуге болмайтынын ол өзіне бірінші шарт деп ұстанған тәрізді. Бірақ, солардың қай-қайсысын да қазақ оқырмандарының көкейіне қонымды етіп, өз халқының байырғы шығармашылық дәстүріне сәйкестеп, өзіндегі табиғи дарынды толық пайдалана отырып, барынша шабыттана аударалды. Сондықтан да бұл аудармаларды Байтұрсынұлының ақындық қолтаңбасын үстемелеп танығатын, сол жылдардың өзінде өлең мәдениеті мен өлең техникасының әжептәуір биік дәрежесінен көрінген көркем туындылар деп қабылдаймыз.

Сол себептен болуы керек, “Мінсіз таза меруерт” деп басталатын екі шумақ сөз өрнегінің бұл күнге дейін ел аузында Асан Қайғы атына байланыстыра айтылып, қастерленіп келгені. Ахметтің Жаловсқадан аударған осы бір шағын толғауы енді өзіне қайтарылып отыр. Жақсы тәржіма үлгісінің кәдірі төл шығармадан әсте де кем болмайтынын осы мысалдың өзі-ақ аңғартса керек.

Ой түбінде жатқан сөз  
Шер толқытса шығалы<sup>39</sup>.

Бұл жолдардан біз романтикалық сезім кернеген ақын жүрегінің тебіренісін сезінгендей боламыз. Расында да, бұл кездегі Байтұрсынұлы ақынның романтикаға бой ұрғандығын оның Пушкин, Лермонтов, Надсон шығармаларына жүгінуінен, оларды іріктеу принципінен аңғаруға болар еді.

“Маса” жинағының 1911 жылғы алғашқы басылымында Пушкиннен аударылған “Ат”, “Данышпан Олегтің ажалы” (1989 жылғы басылымда “Аликтің” деп қате жазылған – ред.) атты өлеңдер және “Балықшы мен балық”, “Алтын әтеш” ертегілері енгізілген. Бұлардың бәрі де, жоғарыда айтылғандай, анық романтикалық сарында жазылған сюжетті өлеңдер мен аңыз, ертегілер. Бұлардан кейінірек аударылып, 1922 жылғы басылымға енгізілген “Миңыри” поэмасының үзіндісі де осылармен іштей үндесіп жатқанын аңғару қиын емес.

Бұл жерде айқын аңғарылатын – А. Байтұрсынұлының тәржімашылық тәжірибесінде ерлікті, еркіндікті, отаншылдықты бейім болғандығы.

Мәселен, Пушкиннің “Ат” дейтін шығармасы – батыс славян аңыздарына құрылған топтаманың ең соңғы, он алтыншы өлеңі. Мазмұнында жауынгерлік жорықты аңсаған асқақ сезім бар. Орыстың ержүрек князі Олег есіміне байланысты ұзақ өлең де – осындай ерлік жортуылды мадақтайтын шығарма. Өзінің аз

<sup>39</sup> Сонда, 129-б.

ғана ғұмырында орыс поэзиясының аспанында таң жұлдызындай жарқырап көрінген Надсон өлеңінің аудармасын – бір де болса бірегей, күрескер Байтұрсынұлы бейнесімен табиғи ұштастығы бар, нұрлы болашаққа ұмтылып, атой салған асқақ жанның қалтқысыз сенімін бейнелейтін, отты сезімге құрылған туынды деп бағалаймыз.

Қиналып кім болсаң да, талыққандар,  
Түңділіп үмігі үзіп жалыққандар!  
Қайтадан жақындық кел, қастық қашып,  
Жарқырап жақсылыққа атар таң бар<sup>40</sup>, –

деген өлең жолдарының жоғарыда қарастырылған ақын Байтұрсынұлының өз туындыларымен іштей астасып, үндесіп жатқаны айдан анық көрініп тұр.

Ал Пушкиннің аталған екі ертегісінің мазмұны баршаға мәлім болғандықтан, олардың аудармадағы көркемдік дәрежесі сол ұлы ақын мұрасының деңгейінде шыққанын ғана айтып шектелген жөн болар.

\* \* \*

Қорыға келгенде, жоғарыда айтылған пікірлерді жинақтап, пысықтай отырып, Ахмет Байтұрсынұлының ақындық мұрасы жайында мынадай екі ерекшелікті атап айтуға болады.

Біріншіден, А. Байтұрсынұлы – ағартушы, ғалым, қоғамдық-саяси қайраткер ретінде қандай ірі тұлға болса, ақындық өнерде де қайталанбас орны бар, туған әдебиетімізде тұтас бір кезеңді бейнелейтін кесек бітімді дарын иесі. Өз өмірін туған халқының бостандығы мен бақыты жолындағы күреске түгелдей бағыштаған азамат ақын бойындағы табиғи талантын ең алдымен осы жолда қару етіп пайдаланды. Бұл тұрғыдан алғанда, оның есімі өзінің алдында ғана өткен ұлы Абай дәстүрінің ең бірінші мирасқорларының қатарында аталуға лайық.

Екіншіден, Ахмет Байтұрсынұлы өзінің ақындық мұрасы арқылы XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетіне халық мүддесінің жоқшысы бола алатын саяси күрескер бейнесін әкелді. Өзінің барлық әрекетін туған елінің мұн-мұқтажымен ажырамастай тұтастықта деп түсінген ақын шабытты жырларында дәл сондай жанкешті күрескердің бедерлі, беделді тұлғасын жасады.

Осы екі ерекшеліктің екеуі де – туған әдебиетте кейіннен кең өріс алып, өркен жайған жемісті нышандар. Сондықтан, оларды

<sup>40</sup> Сонда, 130-б.

әрі қарай жан-жақты зерттеп, ғылыми тұрғыдан терең байыптай беру — қай уақытта да әдебиеттің абыройлы міндеті болмақ.

\* \* \*

Бұл тарауда А. Байтұрсынұлының ақындық өнер мен аударма саласындағы еңбектері ғана сөз болды. Оның көркем шығармашылық теориясы мен әдеби сын саласындағы мол жемісті мұрасы Қазақ әдебиеттану ғылымының проблемаларына арналған осы басылымның он бірінші томында жеке қарастырылатын болғандықтан бұл мәселелер төңірегіндегі қысқаша мағлұматтармен шектелуге тура келді.

## СҰЛТАНМАХМҮТ ТОРАЙҒЫРОВ (1893–1920)



1926 жылы «Сұлтанмахмұт Торайғырұлының сөздерін жинау науқанына ат салысыңыздар!» деген ашық хатында Жүсіпбек Аймауытов: «Ақын елінің тілі ғой, адал туған ұлы ғой, бүлк-бүлк еткен жаны ғой, жанын жеген ары ғой, айта алмай жүрген зары ғой. Жаннан, ардан безбесе, ақынын қандай ел кастерлемесін!»<sup>1</sup> — деп жазған екен.

Сұлтанмахмұт — шын мағынасында осы сөзге татитын ақын. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін жана биікке көтеріп, заманының қайшылықты шындығын шығармаларында жан-жақты бейнелеген, көркем сөздің халықтық мән-мағынасын көтеріп, жана жанрларда ізденістер жасаған ол туған халқын отаршылдық пен ұлттық егзінін екі жақты қанауынан азат етуге, ел бостандығына үн қосты. «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуға» ұмтылды. Қоғамдық шындық пен әділет жолын талмай іздеп, туындыларына арқау еткен ақын көп жабының бірі болып қалмай, от боп жанды, құйрықты жұлдыздай ағып өтті.

\* \* \*

Сұлтанмахмұттың аталары — Торайғыр, Шоң деген кісілер қазақ даласына аттары кеңінен таныс, атақты би, батырлар болған. Шоң би есімі Қалмұқан Исабаевтың осы аттас романынан белгілі. Ал Торайғыр — елін сыртқы, ішкі жаудан қорғаған, белгілі батыр

<sup>1</sup> «Еңбекші қазақ» газеті, 1926. 19 қараша.

әрі би. Баян тауының бауырында Торайғыр есімімен аталған үлкен көл бар. Ақынның өз әкесі Әбубәкір момын, кедей адам болған. Шаруасы күйсіз, үнемі малшы киімінде жүретін оны замандастары Шокпыт атандырған. Күнкөріс қамымен Шокпыт сол кездегі Омбы уезінің Шағрай болысына қарасты Қарауыл Шабар аулындағы (кейін Көкшетау облысының Қызылту ауданына қараған) бай жездесі – Шабар баласы Қанапияны паналап, соның малын баққан. Сол жақта үйленген. Жездесі сүйек жаңғыртпақ болып Шаншарұлы Жабайдың Зуфнүн деген қызын әпереді. Сұлтанмахмұт 1893 жылдың 28 қазанында сонда туған. Екі жас кіші інісі Бөшен (шын аты – Байқоңыр) де сол елде дүниеге келген.

Сұлтанмахмұттың үш жасында шешесі қайтыс болып, болашақ ақын алты жасқа дейін әжесінің тәрбиесінде болады. Содан кейін Шокпыт екі баласын алып туған жері – Баянауылдағы ата қонысына көшеді. Торайғыр көліне таяу жерден қыстау салады. Сұлтанмахмұттың балалық шағы осы жерде өтеді.

«Баян тауы Қозы Көрпештің Баян сұлуы туған тау деседі. Аспанмен тілдескен асқар шың, тік жартас, түпсіз құз, таудың ұшар басынан етегіне дейін сынсыған сыпсын қарағай, ақ қайың, барғын, мойыл, қиядан ойға, ойдан орманға сүнгіп, сыбдырлап, бұрандаған бура бұлақ, шөккен алыптай асқар Баянның оң қолтығында айнадай жарқыраған Сабындыкөл, сол қолтығында түндей түнерген Шойындыкөл (Жасыбай көлі бұрын солай аталған деседі), жамбасында тас аралды, көк құрақты Торайғыр көлі, жаз болса көкөрай шалғын, көк балауса, жасыл жапырақ, жеміс, тау іші ың-шың аң, бұта толған жыршы құс. Міне сол секілді зәулім жаратылыстың бауырында бала Махмұт балдырғандай балалық шағын өткізеді»<sup>3</sup> – деп жазған Жүсіпбек Аймауытов.

Шокпыт кедей болғанмен, жаны жомарт, қайратты, ескіше сауаты бар адам болған. Ол Сұлтанмахмұтты үйде оқытып, алғашқы сауатын ашады да, ауыл молдасына береді. Болашақ ақын Әлі, Тортай, Мұқан деген молдалардан сабақ салады.

Әкемен әліп, билі үйде оқыдым.

Үйреніп намаз, сабақ, жат тоқыдым.

Әлі молда алдында дәл екі жыл,

Әртүрлі ескі кітапты бір шоқыдым.

Тортайдан екі жылдай сабақ алдым,

Ол байғұс аяған жок ойда барын.

Ғылымның орны бас пен көкіректе,

Бүйір шығып, кампия тоймас қарын.

<sup>3</sup> С. Торайғыров. Шығармаларының толық жинағы. А., 1933, 11-б.

Мұқаннан екінші жыл сабақ алам.

Ұйықтасам да көңілім оқуға алаң.

Лепес қып өзі бастап ақын бол деп,

Дұғасын ықыласпен берді маған,<sup>3</sup>

деп жазған Сұлтанмахмұт алғашқы өлеңдерінің бірінде.

Сұлтанмахмұт бұл молдалардың ішінен ақындық жолға бағасын берген деп, Мұқан молданы ерекше атайды. Мұқан өзі де өлеңге үйір, ескі шығыс сюжеттерін өлең етіп жазатын, біреуді мақтап, біреуді мазақ етіп жанынан шығаратыны бар адам болған. Ол шөкірттерін өлеңге қызықтырып, халық ауыз әдебиетімен, араб, парсы үлгілерімен таныстырып отырған. Жоғарғы өлеңді де ақын 1907 жылы «Секілді өмір қысқа жарты тұтам» деген аптен Мұқан ықпалымен жазғанға ұқсайды.

1908 жылы Баянауылда Әбдірахман деген молда медресе ашып, Сұлтанмахмұт соған оқуға барады. Онда екі жылдай оқыған болашақ ақын оқуын бітірмей кетіп қалуға мәжбүр болады. Өз үйінде жатып оқыған баланы молда малай орнына жұмсайды, оның үстіне қатал ұстап, әр түрлі сылтаулармен ұрып-соғатын болады. Молданың наладлығын, қаталдығын айтып, Сұлтанмахмұт сықақ өлеңдер шығарады. Молда баланы одан әрі жазалап, өлең жазуына тыйым салады. Жасынан әр түрлі молда алдын көріп, олардан жарытымды білім ала алмаған Сұлтанмахмұттың дін мен молда жайлы көзқарасы осы кезден қалыптаса бастағанға ұқсайды. Ол молдалардың наладлығын, ескі діни мектептің балаға ешнәрсе үйрете алмайтын схоластикасы мен қатал тәртібін алғашқы өлеңдерінің өзінде-ақ («Орнымыз медресе оқып жатқан», «Дін», «Соқыр солпы», т.б.) қатты сынға алады.

1911 жылы Сұлтанмахмұт бір қыс бойы Нұрғали деген мұғалімнен сабақ алады. Ол жанаша оқыған адам екен, оқушыларын пән негіздерімен таныстырып, олардың білімге деген ынтасын ұштайды. Нұрғалидың көмегімен Сұлтанмахмұт қазақ, татар тілдерінде шығатын көркем әдебиет кітаптары мен газет, журналдарды оқуға дағдыланады. Болашақ ақын одан әрі оқуды армандайды.

Осы мақсатпен Сұлтанмахмұт 1912 жылы Троицк қаласына барады. Онда Ахун Рахманқұли деген татардың медресесіне түседі. Бірақ Сұлтанмахмұт мұнда да ұзақ оқи алмайды. Тұрарға үй таппай, әрі қаражаты болмай көп қиыншылық көрген ол өкпе ауруына шалдығады. Медреселе қыс бойы ғана оқып, жазғытұрым Троицк манындағы бір ауылға бала оқытуға кетеді. Ондағы ойы – бала

<sup>3</sup> С. Торайғыров. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-т., А., 1993, 20-б.

оқыта жүріп, денсаулығын көгеріп, қаражат жинап алып, қайта оқу іздеу болады. Мектептен бос кезінде ол өзі ізденіп оқиды, өлеңдер жазады.

Күзге қарай Троицкіге қайта оралған Сұлтанмахмұт тағы да оқудың ретін келтіре алмай, сонда шығатын «Айқап» журналына жауапты хатшы болып қызметке кіреді. Қыс бойы журнал редакциясында белсенді жұмыс жасаған ол 1914 жылдың көктемінде жұмыстан шығады. «Айқап» хатшысы Сұлтанмахмұт Торайғыров хатшылықтан шықты. Мұнан былай оның «Айқап» ешбір қатынасы болмайды<sup>4</sup> – делінген хабар журналда жарияланады.

«Айқап» жемісті қызмет істеп, бірқатар шығармаларын бастырған, ақындыққа бет бұруына жол ашылған шағында, Сұлтанмахмұттың журналдан қызметтен кетуі – оның еркінен тыс болған оқиға. Оны өзі де «Мен өз пікірімді дүниеге шығаруда кісі бетіне қарамадым. Махмұт қайбір адамның көңіліне қарайтын адам? Сондықтан келісе алмадым... «Айқап» тұрған минуттарда бүкіл ғаламға өзім ие болғандай көтерілдім. Ойлап қарағанда, ақымақтық болмаса, көтерілетін не бар еді?» – деп мойындап жазған<sup>5</sup>.

Кейбір мәліметтерге қарағанда, сол кездегі «Айқап» пен «Қазақ» газетінің арасындағы пікір таластары Сұлтанмахмұттың тағдырына әсер еткен сияқты.

«Айқаптың» күзден бергі номерлерінде «Қазақтың», иә «Қазаққа» жазушылардың аты аталмаса, журнал мақсұтына жете алмайтындай боп келеді. Бас қосу мәселесінде де «Қазақ» айыпты, жер мәселесінде де «Қазақ» айыпты, партия ісіне де себепші болып тұрған «Қазақ», «Айқапта» түс көрген өлеңші де «Қазақты» жырлайды, циркке барып балуан көргендердің есінен де «Қазақ» қалмайды, басқармадан біреуге жауап жазылса да, баяғы «Қазақ», қазаққа алалық қайдан келгенін жазғанда да аяғы келіп тағы да «Қазаққа» соғалы, үлкен кісілерді де тіршілігінде «Қазақтың» пікірін қуаттағаны үшін сөгеді<sup>6</sup> – деп жазыпты Міржақып Дулатов «Айқап» пен «Қазақ» арасындағы тартыс туралы. Осы сөздің ұшығы Сұлтанмахмұтқа тиіп жатқаны даусыз. Ондағы «Қазаққа» тиіп жатқан «Кешегі түнгі түс, бүгінгі іс» («Айқап», 1913, №20), «Бір балуанға қарап» (1913, №21) деген өлеңдер Сұлтанмахмұттыкі. Оның үстіне Сұлтанмахмұттың «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» («Айқап», 1913, №19, 20, 22-23), «Жана кітап»

<sup>4</sup> «Айқап» журналы. 1914 жыл. №1. 18-б.

<sup>5</sup> С. Торайғыровтың. Шығармаларының толық жинағы. А., 1933, 14-б.

<sup>6</sup> «Қазақ» газеті. 1914 жыл, 21-сәуір.

(«Сонда, 1913, №17) атты макалаларында М.Дулатов кітаптары сыналатынын ескерсек, «Қазақ» газетінің Сұлтанмахмұтты тікелей көзделгені расқа шығады. Пікірін «дүниеге шығаруда кісі бетіне қарамайтын» ақын «Қазақтағы» ағаларын ренжітіп алғанға ұқсайды. Өз шығармаларына қоса «Айқап» бетінде басылған «Қазақ» газеті және ұстанымы туралы пікірлер де ұйымдастырушы есебінде Сұлтанмахмұттың «кінәсі» саналған. Сондықтан «Қазақ» газетінің басындағылар «Айқаптың» шығарушысы М.Сералинге ықпал етіп, Сұлтанмахмұтты журналдан кетіруі әбден мүмкін. Редакцияның Сұлтанмахмұттың кеткенін хабарлап, енді оның журналмен «ешбір қатынасы болмайды» деп жазуының өзі де «Қазақ» алдындағы ақталу сияқты.

«Айқаптан» кеткеннен кейін, 1914 жылдың жазында Сұлтанмахмұт өз еліне – Баянауылға барады. Аулында біраз уақыт бала оқытып, қаражат жинап алып, үлкен қалалардың біріне оқуға кетуді ойлайды. Ел жастарын оқуға, білім жолына тартатын мәдени-ағарту ұйымын құруға талап жасайды. Өзі «Шон серіктігі» деп атаған осы ұйымның алдына тұрмысы нашар, келдей оқушыларға көмектесу, оқуына қаражат беру, ел ішіне газет-журналдар алдырып, кітапханалар ашу, оған хат білетін адамдарды тарту, ақын-жазушылардың шығармаларын бастыру<sup>7</sup> міндеттерін қояды. «Серіктіктің» мақсаты ақынның «Шон серіктігін» ашарда «Шон серіктігі» туралы көпке істеген баяндаманың басы», «Бұл баяндаманың арты мынадай сөздермен тынады» деген өлеңдерінде де айтылған. Алайда, ақынның ойы іске аспайды. Не «Шон серіктігіне», не өзінің оқуына қаражат жинай алмайды. Көмектесер деген үмітпен барған адамдары ықылас-пейіл танытпайды. Тағдырына наразылық білдірген біраз өлеңдерді («Күнделік дәптерінен», «Қос үй», «Бір адамға») ақын осы кездегі көңіл күйі әсерімен жазған.

1914 жылдың күзінде Сұлтанмахмұт Семей қаласына келеді. Бірақ төменгі дәрежедегі оқудан жасы асып кетіп, жоғарғы дәрежедегі оқуға білімі сәйкес келмей, орналаса алмайды. Өз бетімен кісі жалап оқуға қаражаты болмайды.

Бұл жағдайлар тағы да Сұлтанмахмұттың көңіл күйін бұзады. Ақын ойының іске аспағанына, мақсатына жете алмағанына күйініп, жан дағдарысын бейнелейтін біраз өлеңдер («Ләнет бұлты шатырлап», «Алты аяқ», т.б.) жазады. Ақырында басқа амалы таусылған ол Алтай бойына (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданына) жалданып бала оқытуға кетеді. Онымен Семейде кездескен Өр Алтайдағы Қаратай елінің болысы Әбдікәрім Ережепұлы Шыңғыстай аулынан төрт кластық мектеп

<sup>7</sup> Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапхана қоры. 656-б., 313-б.

ашқан екен. Соған орысша, қазақша оқытатын мұғалімдер тартқан. Сұлтанмахмұт қазақша бала оқытып, орыс мұғалімінен орысша сабақ алуға да ойлайды. Сөйтіп Әбдікәрім болысқа еріп Қатонқарағайға кетеді. «Қатонқарағайға кеткенім, – деп жазды күнделігіне акын, – ызаға шыдамай, ең шыны күн көру үшін. Қолымдағы қаражатым Семейде бір-ақ ай тұруға жарайтын болды. Семей – қанша айтқанмен қалалы, сынды жер ғой, арасында кем көрініп жүргенше, парықсыз қазақ арасына кетейін деп ойладым»<sup>8</sup>.

Қатонқарағайда бірер жылдай істеген Сұлтанмахмұт кейін Зайсанға ауысады. Оған Әбдікәрімнің Бағила деген қызына ғашық болуы, мұғалімнің ниетін білген болыстың қызын тездетіп, айттырған жеріне ұзатып жіберуі себеп болады. Сұлтанмахмұт осы тақырыпқа жана шығарма жаза бастайды да, «Әжібай болыс» («Кім жазықты?») атты өлеңмен жазылған романын Зайсанда аяқтайды. Оны «Қазақ» газеті жариялаған (Есенғұл Мамановтың қаржысы) роман бейгесіне жібереді. Бірақ қолжазба жоғалып кетеді. Қазіргі колда бар нұсқа – акынның өзінде қалған, толық емес қолжазбасы.

1916 жылдың жазында патшаның казактардан солдат алу туралы жарлығының шығуына байланысты ел ішінде кобалжу басталады да, Алтай, Тарбағатай бойындағы ел Қытайға ауа бастайды. Сұлтанмахмұт осы кезде Семейге қайтады. Бірақ онда көп тұрақтамайды. Еліне барады. Содан күзде оқу іздеп Томск қаласына жол тартады. Онда Томск Технология институтының студенті Әлімхан Ермековтің (кейін математика профессоры болған, репрессияға ұшыраған) көмегімен даярлық курсына түсіп орысша оқиды. Әрі емделеді. Тұрмыс қиыншылығына қарамай, орысша білім алуға жол ашылғанын ол қуаныш етеді. Сол кездегі күнделігіне: «Жұмасына екі ғана обед етем (ет татам). Құр шай мен нан. Киім алғаным жоқ. Киноға, вечерлерге бір мәртебе болсын барғаным жоқ. Күні-түні айналдырғаным – ала қағаздың беті... Халім осы. Сонда да қайғырмаймын. Бір тиыным қалғанша оқимын. Сонан соң тұрмыс қандай жүк салса да, көтерем. Бірақ көңілім оқуда болмақ»<sup>9</sup>, – деп жазады. «Ол бір қыстың ішінде орыс тілі грамматикасын, әсіресе, синтаксисі мен этимологиясын жете меңгеріп алды. Орысша жақсы сөйлемегенімен, жазуға, ұғынуға келгенде, өте жетік болып шықты. Ол менің үйімнен Л. Толстойдың, Руссоның, т.б. саяси брошюра кітаптарын оқып жүрді және оны терен түсінетін еді»<sup>10</sup> – дейді Ә. Ермеков.

<sup>8</sup> С. Торайғырұлы. Шығармаларының толық жинағы. А., 1933, 17-б.

<sup>9</sup> Сонда, 21-б.

<sup>10</sup> С. Торайғырұлы. Екі томдық. 2-т., А., 1962, 256-б.

1917 жылдың ақпанында Ресейде буржуазиялық-демократиялық төңкеріс жеңіп, патшаның тақтан түскені мәлім. Патша отаршылдығы мен қоғамдық әділетсіздікке қарсы күрескен Сұлтанмахмұт «Мұндай заманда қазақ оқығандарының қазақ ішінде болмауы итгік»<sup>11</sup> деп, 1917 жылдың 10 наурызында Семейге келеді. Семейде ұйымдасқан Қазақ комитетінің жұмысына қатысады. 1917 жылдың жазында Алаш партиясының құрылуын, ұлттық автономия ұйымдастыру талабын қолдап «Алаш ұраны», «Таныстыру» сияқты шығармалар жазады. «Сарыарқа» газетінде өлеңдер мен мақалалар жариялайды. 1917 жылдың қазанында Семейге келген Әлихан Бөкейхановты қарсы алушылар ішінде болып, «Әлиханның Семейге келуі» («Сарыарқа», 1917, 30 қазан, 13 қараша) атты мақаласын бастырады. Онда ұлт көсемінің халықтық еңбегі мен оны қарсы алушылардың сезімі көтерілген күйде суреттеледі. Осындай қарбаласта жүріп Сұлтанмахмұт денсаулығын нашарлатып алады. Қыс бойы Тобықты ішіне барып, қысыр сауғзып қымыз ішіп емделеді. Бірақ мендеген ауру бой бермейді. Қайтып келіп көрінген Семей дәрігерлері де жарығымды кенес бере алмайды. Содан ол туған еліне – Байнауылға кетуге мәжбүр болады. Бұл кезде жана құрылған кеңес өкіметінің ықпалы ел ішінде тарай бастаған еді. Ол Керекудегі революциялық комитет жұмысына қатысып, елдің кедей шаруаларына ара түседі, дау-жанжалдарды әділ шешуге араласады. Елде ол қоғам дамуының жолы, таптар тартысы мен күресі жайында көп ойланады. Саяси-философиялық әлебиетке көбірек көңіл бөліп, К. Маркстің, Г.В. Плехановтың, Н.Г. Чернышевскийдің, В.И. Лениннің шығармаларын оқиды. «Адашқан өмір», «Келей», «Айттыс» сияқты поэмалар мен «Осы да әділдік пе?», «Өн бе, түс пе?», «Дауылдағы әбігер», «Ғайса кім?» деген өлеңдер жазады.

1920 жылы 21 мамыр күні ұзақа созылған аурудан Сұлтанмахмұт қайтыс болады.

\* \* \*

Әр акынның тағдыры әр түрлі жағдайда қалыптасады. Тұқымы қолайлы толыраққа түсіп, онай өнім беретін де, талмай ізденіп, қиыншылықпен алыса жүріп шындық жолын табатын да ақындар болады. Сөйте жүріп олар өз тағдырын өзі жасайды. Сұлтанмахмұт осы соңғы жолмен жүрген акын. Ол өз өмірін өзі, өз өлеңімен жасаған. Акынның шығармашылық жолын қадағалай қарап, өлеңдерінің жазылу ізімен жүрсеніз, бұған көзіңіз өбден жетеді. Сұлтанмахмұттың көрген өмір азабы, жоқшылық, жас таланттың

<sup>11</sup> А. Еспенбетов. Сұлтанмахмұт Торайғыров. А., 1992, 30-б.

соған қарамай ізденіп шарқ ұру іздері – бәрі оның шығармаларында сайрап жатыр. Бұл жағынан оны өмірі мен тағдыры өлеңінде өрілген акын деп айтуға әбден болады.

Сұлтанмахмұттың бірсыпыра шәкірттік өлеңдері (1907-1911) сақталған. Өлеңдік түрі мен көркемдік ізденістерінде жетіспеушілік бола тұрса да, олар жас акынның қоғамдық құбылыстардың мән-мағынасын, сырын түсінуге ұмтылысымен, өлең тілімен сурет жасауға деген алғашқы талабымен ерекшеленеді. Ол қоғамдағы әділетсіздік туралы, әйел тағдырына немқұрайды қарайтын мінез жайлы, дін мен діни оқудың схоластикалық сипаты жөнінде айтады. Оларға өз ұғымындағы әділеттілік, адамдық, ар-иман туралы түсініктерді қарсы-қояды. Суреткерлікке ұмтылыс оның бай қызы мен бай ұлының, байлық пен кедейліктің бейнесін танытуға арналған жырларынан байқалады. Алайда олар үлкен ұғымдағы саяси көзқарасты, акындық поэзияны анықтай алмайтын еді. Мұндай акындық таным мен байсалды көзқарас Сұлтанмахмұттың 1912 жылдан басталатын шығармашылығының жаңа кезеңінде ғана бой көрсетеді. Соған қарамастан жас акынның алғашқы талабы оның ескі ұғым мен діни білімнің шеңберіне сыя қоймайтындығының белгісі сияқты.

1912 – 1913 жылдары Сұлтанмахмұт Троицк қаласына келіп, онда әуелі медреседе оқып, кейін «Айқап» журналының редакциясында қызмет істегені жоғарыда айтылды. Осы кезден басталатын шығармашылық жолында оның ағартушылық көзқарасы анық танылады. Ол Абай мен Ыбырайдың осы саладағы ойларын дамыта отырып, өнер мен білім жолына үгіттейді, оқудың пайдасын әңгімелей, мәдениетті елдердің тіршілігін үлгі етеді.

Өзінің бұл тақырыптағы алғашқы өлеңін Сұлтанмахмұт қазақ жастарына арнайды. «Оқып жүрген жастарға» өлеңінде ол жас адамның оқуға деген ынтасы мен келешекке сенімін бейнелейді.

Үмітпенен жоқ қуған  
Талабы алда баламыз.  
Басқалар жоғын тапқанда  
Біздер кайтп қаламыз.  
Тәуекелге бел бусак,  
Көрдегіні аламыз.  
Жеткізбей кетер жүйрік жоқ,  
Қусак, бәрін шаламыз.  
Іс істейік бір болып,  
Ашылмасын саламыз, – дейді.<sup>12</sup>

<sup>12</sup> С. Торайғыров. Екі томдық шығармалар жинағы. I-т., А., 1993, 47-б. Кейінгі үзінділер осы басылымнан алынады (ред.).

Осы идеяны акын «Оқуда мақсат не?» деген өлеңінде тереңдетіп, оқудың мақсаты – молда болып ескілікті бағу емес, әкім болып, шен тағу да емес, – өнер табу, халыққа пайдалы іс істеу екенін айтады. Ол «Жетімдік көрсе тістей қататын» молданың арам мінезі мен «тілмаш боп жем табуға» ұмтылушыларды сынайды. Сөйтіп, ол өз замандастарын:

Өнер-білім алуға,  
Алға қарай баруға,  
...Миллет көзін ашуға,  
Терістіктен қашуға,  
Заманаға көз салып,  
Аяқты жөндеп басуға, –

үндейді.

Сұлтанмахмұттың бұл тұста жазған өлеңдерінде ізденіс, ұмтылыс сарыны күшті. «Шығамын тірі болсам, адам болып» деген өлеңінде ол:

Шығамын тірі болсам, адам болып,  
Жүрмеймін бұл жалғанда жаман болып.  
Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,  
Жүргенше өмір сүріп надан болып.

Мен – балаң жарық күннен сәуле қуған,  
Алуға күнді барып белін буған.

Жұлдыз болып көрмеймін елшім бетін  
Болмасам толған айдай балқып туған!<sup>13</sup> –

деп акындық, азаматтық бағдарлама ұсынады. Осыдан бастап, акын өлеңдерінің лирикалық кейіпкерінде шарқ ұрып іздену байқалады. Сол жолда ол нелер қиыншылықты жөнуді ойлайды. «Ендігі бет алыс» өлеңінде:

Тұрмысты үмітім көп жеңем деген,  
Женуле жігеріме сенем деген.  
Ырқыма менін жүрер қай дүние,  
Көңбесе өз ырқыма өзім денем.  
Әрине, шылар-ақпын өлуге мен,  
Басластын жаман жолға көнуге мен,  
Ақтармын оқып жетіп адам атын,  
Басқаға жоқ ықылас бөлуге мен.

<sup>13</sup> Сонпа, 66-б.



Менде жоқ қажу деген, ашу деген,  
Торығып болымсызға жасу деген.  
Ісіне құрт-құмырсқа ілтипатсыз,  
Ойымда тек сол белден асу деген.  
Шындықтың ауылын іздеп түстім жолға,  
Ризамын не көрсем де осы жолда,  
Шаршармын, аласармын, шалдығармын,  
Бірақ бір табармын деп көңілім сонда<sup>14</sup>, —

дел жазалы.

Сұлтанмахмұт — тым ерте оянған және халық, ел мұнын ерте түсініп жырлаған акын. Осы балаң жігіт (19 — 20 жаста) кезінде жазған өлеңдерінің өзінде ол әлеуметтік теңсіздікті, қазақ халқының қоғамдық өмірінің мешеулігін, ескі ауылды езіп-жанышқан әдеп-ғұрып заңдарының қырсығын жіті көреді. Өз дәуірінің озағ акыны есебінде аталған ауыртпашылықтарға ол жаны ауыра қарайды. «Анау-мынау» өлеңінде қазақ халқының тіршілігін көрші елдермен салыстыра суреттеп, оның басқалардан кейін тұрғанын көріп күйінеді:

Анау қырда тағар тұр,  
Басқалармен қағар тұр.  
Мынау ойда қазақ тұр,  
Бастарында азап тұр<sup>15</sup>.

Акын өлең түрі жағынан бірқағар ізденістерін байқатқанмен, бұл жырлар, негізінен, үгіттік өлеңдердің дәрежесінен асып кете қойған жоқ-ты.

Оқу жолындағы үзіліс, «Айқаптағы» қызметтен кету, одан кейінгі Баянауылға барып «Шон серіктігін» ұйымдастыру талабының іске аспауы оның шығармашылығына өзгеше бір сипат алып келді. Өмірден қағажу көріп, ойындағысы бола қоймаған қайсар талант жырларында бунтарлық мінез көріне бастайды. Оны да заман дарытқан еді. Акын өлеңдерінің лирикалық кейіпкері бойынан, өзі айтқандай, «Қараңғылықтың кегіне» ызалана алға ұмтылған, ізденімпаз, білім-өнер аңсаған жана ұрпақтың өкпін танимыз. Өмір бойы халқы көрген азап пен надандық, қазақи қыңыр мінездер ашындырған оның «Шындықтың аулын іздеуге» бел шешіп кірісуі де осы кез. Осы жолда ол алдымен орыстың тілін, ғылымын үйренуді мақсұт тұтады.

<sup>14</sup> Сонда, 79–80 б.

<sup>15</sup> Сонда, 52–б.

Оллаһи, ант егемін Алла атымен,  
Орыс тілін білемін һәм хатымен.  
История, география пәнді білмей,  
Оллаһи тірі болып жүрмеспін мен.

Келгенше осыларды отыз жасқа,  
Іншалла, бәрін түгел ұғам басқа.  
Отыз жасқа келгенше ұға алмасам,  
Жер жұтсын, маз болмаймын ішер асқа!<sup>16</sup>

Сұлтанмахмұттың акындық, азаматтық жана бағдарламасы ретінде ұсынған осы сөзінен лапылдап тұрған акындық мінездің қайсарлық пен табандылыққа ұласуын көреміз. Ол нені айтса да қарабайыр айта алмайды, таусылып, жеріне жеткізе, оқырманын иландыра айтады. Оның «Шон серіктігін» ұйымдастыруға жәрдем бермеген Шорманның Садуақасына айтқаны мен сол ауылдан ренжіп шығып келе жатқанда достарына айтқан сөзінде де осы мінез байқалады. Ешбір кедергіге мойын ұсынбай, «Ілім-білім жинап» халыққа қызмет ету, жұлдыз болып емес, «толған айдай балқып туып» еліне жарық болу, сөйтіп «Қаранғы қазақ кегіне өрмелеп шығып күн болу», «Мұздаған елдің жүрегін жылытуға кіру» — Сұлтанмахмұт мұрат тұтқан асқақ идеялар. Сол ғана айта алған, сол ғана армандаған тың жол, тың мақсат! Осы арқылы ол лирикалық кейіпкері бойына дәуірдің рухын дарытты.

Осыдан бастап Сұлтанмахмұт ағартушылығы бірсыпыра тереңдейді. Бұрынғы үгіттік өлеңдердің орнына лирикалық кейіпкердің жан сырын, іс-әрекетін суреттейтін жырлар туады. Акын характерді алға ұстайды, өмір шындығын соның ұғымы мен ісі арқылы ашуға ұмтылады. Өмірдің күрделілігі сияқты нақты адам тіршілігі де күрделі, қайшылықты. Ойлаған іс орындала бермейді, алыс арман жеткізбейді. Әрбір сезім адамы сияқты акын да бұған қайырады, күйінеді, күйзеледі. Сұлтанмахмұт та, оның лирикалық кейіпкері де оны бастан аз кешпеген. Ол кешкен қиыншылықтар мен сәтсіздіктер акын жырларында мол із қалдырған. Алайда бұл өлеңдерден лирикалық кейіпкердің тағдырға мойын ұсынбай, лапылдап от боп қасарыса алға ұмтылғаны, ауыртпашылыққа қарсы шабар өжет мінезі көрінеді.

Ден сау болса тағдырдың,  
Көкке ұшырам күлдерін.  
Жігермен талап еткен сон,  
Қоям ба екен сүлдерін.

...Серпіп тастап түндерін  
Туғызамын күндерін,  
Қанқылдағып қаздарын  
Шығарамын жаздарын<sup>17</sup>, –

дейді ол.

Тағдырға акын өз «менін» қарсы қояды. Оның философиясы – адамның өзін өзі билеуі, өз еркін өзі бағындыруы, «Еркіме жүрер менің қай дүние, көнбесе өз еркіме өзім денем» деген ой. Сондықтан да ол:

Жақсылық көрсем өзімнен,  
Жамандық көрсем өзімнен.  
«Тағдыр қылды» деулерді,  
Шығарамын сөзімнен.  
«Өзім қылдым» деулерді,  
Таса қылман көзімнен.  
Жазалы емес құдай да,  
Күн мен жұлдыз һәм ай да.  
Жұмақ күткіш наланның  
Орны тозақ әрқайда.  
Тенгерер соңыра деген сөз  
Тек жұбатқан бір айла<sup>18</sup>, –

деген қорытындыға келеді. Адам еңбегін, рухын көгеру қандай леппен, ойшылдықпен, батыл, әрі анық айтылған! Бұл өлеңдер Сұлтанмахмұттың қандай күйде болса да, келешектен үміт үзбеген өр, романтикалық сезім күйін, зор талабы мен асқақ арманын танытады. Ол туған халқын шын жүректен беріле сүйеді. «Туған еліме» өлеңінде ол: «Балалыққа жарасаң, аталыққа жарайсың» дейді халқына.

Кайтейін, елім, кимаймын.  
Қия алмай жанды кинаймын.  
...Алты қырдан ассам да,  
Сөзлерімді сыйлаймын<sup>19</sup>.

Осы кезден бастап Сұлтанмахмұт шығармашылығында ескіні сынау айрықша бір өткір түрге көшеді. Ол казак ішіндегі ұнамсыздық, келенсіз мінездермен кектесе, оларды ызалана

<sup>17</sup> Сонда, 81-б.

<sup>18</sup> Сонда, 82-б.

<sup>19</sup> Сонда, 96-б.

шенеп, мінейді. Феодалдық-патриархалдық салт-сананың тозығы жеткен жақтарын аяусыз әшкерелеп, олардың өмірсіздігін ашады, жанару күтіп тұрғанын дәлелдейді. Сол арқылы акын өз дәуіріндегі казак қоғамы дамуының күрделі мәселелері жайлы түйін жасайды. Заманына, заман адамына, казак қауымының сол тұстағы өкілдеріне деген ашы сөз «Жарлау», «Сымбатты сұлу», «Булар кім?» сияқты өлеңдерде анық бой көрсетеді. «Жарлауда» акын казактың сол кездегі бас көтерер азаматтарына, ұлы-қызына, ақсақалдарына жар сала отырып, олардың өнер-білімге енжарлығын, партия, дау-жанжалға құмарлығын бетіне басады. Қазак қызының тағдырына аяушылық білдіріп, малқұмар, қызқұмар шалдарды айыптайды. «Булар кім?» өлеңінде казакты бұрынғы ер түріктің азып-тозып күлкі болған журағаты деп қарайды да, «үсті-басын мұнар жапқан», қарнынан басқаны ойламайтын, мална арын сатқан, «өзі жатып құдайды жұмсайтын» жалқау, бірін-бірі жау көретін кертартпа мінездерді аяусыз әшкерелейді. Ал «Сымбатты сұлуға» – казак әйелі туралы сыпайы ұғымға кір келтірген әдепсіз, көргенсіз қыздардың мінез-құлқы туралы улы сатира.

Ақын казак қауымының осы күйі, болашағы жайлы көп ойланады. Патшаның отаршылдық саясатына да, ел өкімдерінің екіжүзді қылығына да сене алмайды. Келешектің не боларын түсінбей дағдаралы. Мұны ол бірде тұспалдап («Түсімде», «Кеше түнгі түс, бүгінгі іс») айтса, бірде дала табиғатының енжар күймен астағыра суреттейді («Жаағы қайғы»), тағы бір өлеңдерінде көңіл, жүрек сезімі күйінде («Көңілді көндіретін тағдыр») бейнелейді. Жалпы, Сұлтанмахмұт – табиғатты әсем жырлаған акынның бірі. Бірақ оның бұл саладағы жырлары жалаң көріністен тұрмайды, сол кездің қоғамдық жағдайларын аңғартатын, табиғат құбылысы орын алған ортаның әсерін бейнелейтін ойлы суреттерге бай келеді. «Жапырақтарда» ол көп көк жапырақ ішіндегі жалғыз сарғайған жапырақ арқылы өзінің көңіл күйін бейнелесе, «Кеш» арқылы түнгі табиғатты суреттеп, оны қараңғылықтан жол таба алмай қорқақтаған лирикалық кейіпкердің жеке сезімімен ұштастырады. «Көшуде» ел өміріндегі көктемгі өзгерістерді ауылдағы таптық жіктеушілікпен байланыстырады. Мұның бәрі де Сұлтанмахмұттың шығармашылық жолында дәуірдің әлеуметтік жағдайларын суреттеуді бірінші орынға қойғандығын көрсетеді. Ол нені, қалай жырласа да әңгімені заман мен оның адамына, оған әсер етіп жатқан жағдайларға бұрады.

Осыны акынның махаббат тақырыбына жазған жырлары жайлы да айтуға болар еді. Асылы Сұлтанмахмұт махаббаты – өмірден қағажуды көп көрген, алдағы өмірден үміті аз, торығынқырап, ауру жеңген адамның махаббаты. Ол сүйеді, бірақ оның баянсыздығын түсінеді. Сүйгеніне аяушылықпен қарайды, өзіне өзі тоқтам береді.

Сезімді ақылға жеңдіреді.

Бәрі де қолдың қысқасы –  
Бір түнді мойынға алмауым.  
Тағдырдың шебер ұстасы,  
Көрдім мен жок қып қарғауым<sup>20</sup>, –

деген жолдарда ақын еркін байлап тұрған тағдыр тұсауы елестейді. Сөз кейінірек жазылған «...ға», «М...ға», «Аққудай үлбіреген сұңғақ мойын», «Ақ сәуле» сияқты лирикалық өлеңдерде де ақын жас адамның ынтықтық сезімін қыз көркі, қыз намысы жайлы байсалды ойға жеңдіреді.

Сұлтанмахмұт өлеңдері ішінде әр жағдайдағы ақынның көңіл күйін білдіретін, қайғысы мен мұның, күйіншіні бейнелейтін сыршыл лирика да мол ұшырайды. Олардың тууы жоғарыда айтылған ақынның жеке басының тұрмыс күйімен, ойға алған ісінің орындалмай қалған кезіндегі жан дағдарысымен байланысты. «Ләнет бұлты шатырлап», «Алты аяқ», «Күнгірт түспен ойға батып», «Ей, махаббат, ей, достық», «Дүниедегі қызықтың», «Әкелші», т.б. өлеңдерден ақынның налу, торығу, күңірену сәттерін тану қиын емес. Бірақ ол мұны жүйелі түрде сезінген үмітсіздікке ұластырмайды, олар жеке бір сәттердегі көңіл күйінің әсері болып қалады. Тұтастай ақын жырлары оптимизмге толы.

Өз замандастарымен салыстырғанда, Сұлтанмахмұт – сол тұстағы қазақ аулындағы таптық жіктеушілікті, келдейлік пен байлықтың арақатынасын ерте аңғарған ақын. Жоғарыда аталған өмір шындығы мен әлеуметтік мәселелерге арналған өлеңдерінен оны анық көре аламыз. «Қымыз», «Көшу» өлеңдерінің өзінде-ақ ел ішіндегі әлеуметтік теңсіздікті жігі аңғарған. Ақынның қымыз ішкен топ ішінен «Қажы, сопы, кожа, молданы», «Мырзаеке, ие солай» деп бас шұлғып отырған ел басшыларын бөле қарауы жайдан жай емес. Ол сол топқа кіре алмай жүрген келдейлерге аяныш білдіреді. Екінші өлеңде де көшу салтанатынан тыс, байлармен жалғасып көшке жаяу ерген келдейлерді таниды. Байлықтың негізін кедейдің еңбегі құрайтынын ақын «Бір адамға» өлеңінде тіпті ашық айтады. «Шоң серіктіп» шаруасымен барганда, ақынға көмектесу орнына Шорманның Садуақасы қонақтарға бұрынғы аталарынан қалған шен-шекпен, асыл бұйымдарды көрсетіп мақтанпты. Өлеңді Сұлтанмахмұт сол оқиғаға арнап жазған. Ол ақсақал шал көрсеткен «асыл нәрселерді» көріп отырып, мынадай лүние жинаған, шен-шекпенге құмартқан «басшы», «баккан халқын оңдырған-ау» деп ойлайды. Шал күміс кесе, алтын аяқтарын

<sup>20</sup> Сонда, 109-б.

көрсеткенде: «Қай момынның малы бар бұл аяқта» деп ашық сұрау қояды.

Кесені қолыма алып қарай бердім,  
Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп<sup>21</sup>, –

деген жолдарда қанаудың сырын аңдатарлық үлкен ақындық ой жатыр.

Өмірінің соңғы шағында (1918–1920), туған аулында болған кезде ауру күйіне қарамай, Сұлтанмахмұттың көп оқып, әсіресе, тап тартысына қатысты әдебиетті шұқшия қарағаны жоғарыда айтылды. Осы жылдары жазған шығармаларында («Осы да әділдік пе?», «Келей», «Адасқан өмір») ол тап қайшылығын, қоғамдағы әділетсіздіктің себептерін бұрынғыдан да гөрі тереңірек түсінгенін танытады. «Осы да әділдік пе?» өлеңінде ақын халықты екі топқа бөліп, «үстегі», «астағы» деп сөйлейді. «Үстегіде не қасиет, астағыда не жазық бар?» деп ойланады.

Үстегі сындырмаған шөптің басын,

Сонда да тамағы тоқ, киімі асыл.

Жасаулы зейнеттеулі палатада

Қызметкер даяр қылар керек асын.

Он жыл қызмет бір келдей қылып таппас

Қондырған бір жүзікке асыл тасын.

Бір келдей жылдық тамақ етер еді,

Өңдеген бозауына бет пен қасын.

...Қол жок онда жұмысқа, іске тиер,

Жұма сайын бір модалы киім киер.

Сән-сауықтың бәрі де табылады

Тек қайсысын көңілі оның сүйер<sup>22</sup>.

Бұл кездегі ақын өлеңдерінде әлеуметтік теңсіздіктің сыры мен себебін түсінуге ұмтылуымен қатар, жалпы өмір сабақтары мен өмір сурудің мән-мағынасы жайлы ойлану сарыны күшті. Ақын адам өмірі шектеулі, ол қызық көру үшін емес, кейінгіге, халқының болашағына қолқабыс тигізу үшін өмір сүру қажеттігіне тоқтайды. Өзі де:

Жасамаймын: «еңбектің  
Жемісін көзбен көрем деп», –

<sup>21</sup> Сонда, 95-б.

<sup>22</sup> Сонда, 136-б.

Жасаймын: «бір қолқабыс  
Кейінгіге берем», – деп<sup>25</sup>, –

деп өмір суретін айтады. Осы шумакта Сұлтанмахмұт өмірінің бар мән-мағынасы түйінделген.

Сұлтанмахмұт өмір шындығын көркем бейнелеудің әр түрлі жолдарын іздестіріп, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде жаңа жанрлардың тууына атсалысқан белсенді қаламгер болды. Ол қазақ өлеңінің мазмұнын кеңейтті, өмірдегі қайшылықтар мен тартысты суреттейтін саяси-әлеуметтік лирика, пейзаждық, жастық сезім күйлеріне құрылған сыршыл туындылар берді. Оның қаламынан көптеген әңгіме, очерктер, публицистикалық және сын мақалалар туды, екі роман («Қамар сұлу», «Кім жазықты»), төрт поэма («Аласқан өмір», «Кедей», «Таныстыру», «Айтқыс») жариялады.

«Қамар сұлу» – өзінің тақырыбы мен мазмұны жағынан әлеуметтік роман. Жазушы қазақ әйелінің теңсіздіктегі жай-күйін роман оқиғасының негізіне алып, сол арқылы өз дәуірінің қоғамдық шындығын әлеуметтік тұрғыда талдайды. Қоғамдық топтардың Қамар тағдыры туралы әр түрлі түсінігін, әрекет тіршілігін жан-жақты суреттей отырып, шығарма идеясын өзі өмір сүрген қоғамның негіздерін сынауға бейімдейді. Қалың малға сатып шаллардың жас қыз алуын, әлділердің әлсіздерге зорлығын, халықтың қараңғыдағы қапас тіршілігін өткір сынайды. Сол негізде феодалдық-патриархалдық сапт-сананын күйреуін және оны ұға алмай отырған елдің надан мінез-құлқын әшкерелейді.

Сұлтанмахмұт – адам хұқын қорғаушы, азат өмірді ансаушы. Жастардың теңіне қосылып, білім алуына, халқын өрге сүйрер қатардағы азамат болуына тілекші. Романда жазушы өз ортасынан талпынып, бостандық іздеген осындай жастардың әр қилы кедергілерге кездесіп, ескі салттың құрбаны болғанын тебірене жазады. Сол арқылы аянышты тағдырға ел назарын аударуды, халық сезіміне әсер етуді көздейді.

Романның негізгі идеясын Сұлтанмахмұт әр қилы тағдырлар, адам бейнелері арқылы ашуға ұмтылады. Оның кейіпкерлері көзқарасы әртүрлі адамдардың қактығыстары негізінде жіктеледі. Қамар, Ахмет және оларды жақтаушы Омар ұнамды кейіпкерлер ретінде танылып, жорға Нұрым, Қалтан қажы, Оспан би, т.б. жаналыққа қарсы іс-әрекеттерімен көрінеді.

Романның негізгі кейіпкері Қамар – жазушының суреттеуінде, аса сұлу, ақылды, ұстамды, сөзге шешен, ақын қыз. Сұлтанмахмұт оны романтикалық бейнеде алып, сирек туатын жан етіп суреттейді. Қыздың портреті мен мінездемесі де соған лайық берілген.

<sup>25</sup> Сонда, 124-б.

Тұр-тұңғасы, мінез-құлқы тең келген Қамарды ел әсемдіктің, ақылдылықтың белгісіндей көреді. «Бір нәрсені көңілдері ұнатып, мақтағысы келсе, «Уай, шіркін, мынау Қамардай екен!» – десуші еді»<sup>24</sup>, – дейді.

Әрі өткір, әрі сөзге ұста Қамар – ауыл жігіттерінің де қол жетпейтін асылы. Олардың көбі қызды көргеніне мез болып, бір ауыз тіл қатса, оны аузынан тастамай айтып жүреді. Сырттай ғашық боп жүргендердің кездесе қалса, тіл-аузы байланып, үндей алмай қалатыны тағы бар. Сұлтанмахмұт бұл арқылы Қамарды өз заманынан артып туған биік бейне ретінде таниды.

Қамар өзіне тең, жар боларлық адамды сұлудан, байдан іздемейді, ақылды, сырлас, мұндас адамдардан іздейді. Мұндай адам деп Ахметті таниды. Бірақ қыз ғашықтық сезіміне беріліп, күйректікке түспейді. Сезімді ақылға жеңдіріп, алды-артын ойлайды. Сол дәуір жағдайында Қамар мен Ахметтің қосылуына мүмкіндік те жоқ еді. Қамар – ауқатты ортадан шыққан қыз. Ахмет – келей жігіт. Екеуі – екі ортаның адамдары. Оның үстіне қалыңсыз қыз берілмейтін қатал әдет заңы тағы бар. Қалыңмал берерлік Ахметке әл жоқ. Осы жайлар Қамарды да, Ахметті де қатты ойландырады. Сондықтан Қамар теңім еді деп, Ахметке құлап түспей, екеуі қосыла алатын мүмкіндік жоғын айтып түсіндіреді. «Ахметті сүйемін-ақ... Сүйгенім үшін осынша күйемін-ақ. Ал, енді шыдамадым... Караландым... Күні ертең ел-жұртым екеумізді екі айырып жібереді... Онда не болдым... Әке, ағаларым болса, оған бермек тұрсын, бұл жазғанын сезсе де, бұл күнімізді өзімізге көп қылады ғой»<sup>25</sup>, – деп ойлайды Қамар Ахметтен хат алғанда. Қыз ойының қорытындысы мынау болады: «– Қой, бұйтіп күйік үстінде күйік-жалқын салмайын: өзімдікі қабірге бірге түсетін күйік қой, енді тағы Ахметті күйдіріп, кәрі әке-шешесінің обалына қалмайын; бірденеміз елге сезіліп қалса, Ахмет байғұстың талқанын шығарады ғой... Обалымыз қиюы жоқ, қисыны қашқан дүниеге, оңға баспай солға басқан қазақтың қара құрпына болсын!»<sup>26</sup>.

Осы үзіндіден Қамардың өз заманының әділетсіз тәртібіне, «оңға баспай, солға басқан қазақтың қара құрпына» деген наразылығы айқын көрінеді.

А. құдай жасты-жасқа пар қылғаның,  
Біреуді жоқ, біреуді бар қылғаның.  
Біреуге алтын, гауһар тақыт беріп.  
Астана жұрт билеген хан қылғаның.

<sup>24</sup> С. Торайғыров. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-т., А., 1993. 5-б.

<sup>25</sup> Сонда, 10-б.

<sup>26</sup> Сонда, 11-б.

Біреуге мал мен бақты үйіп беріп,  
Ақылсыз екі аяқты мал қылғаның.  
Біреуге Аплатондай білім беріп,  
Мінер ат, ішер асқа зар қылғаның.

Қыздарын тенге бермей, малға беріп,  
Қазақты кара көңіл аң қылғаның.  
Мейлі қоңыз болсын, доныз болсын,  
Малдыны кісімсітіп пан қылғаның<sup>27</sup>, —

деген Қамар өлеңінен қоғамдық әділетсіздіктің адам тағдырына әсер етіп жатқанын аңдайсың.

Бірақ қыз жолына бөгет болған қиыншылықтар Қамар мен Ахметтің арасындағы махаббат сезімін, адал сүйіспеншілікті сөндіре алмайды. Осыдан былай екі жас үшін қайғылы оқиғалар легі басталады. Арманына жете алмаған Қамар уайымдап, жүдей бастайды. Оның үстіне әйелі өлген болыс жорға Нұрым кездеседі. Әйелінің тірі кезінде тоқалдыққа алғысы келіп, қызығып жүрген ол Қамарды айттырады. Қамардың басындағы қайғылы хал күшейе түседі. Қанша қарсылық көрсеткенмен, ескі әлет-ғұрып занынан аса алмай, бай туысқандарының зорлауымен Қамар жорға Нұрымға ұзатылады. Нұрымның қорлығына көнбеуге тырысқан Қамар ол үйде неше түрлі, айуандық зорлықтарды бастан кешеді.

Ең алдымен ол зорлыққа көнбейтінін жорға Нұрымға бетпе-бет отырып айтады.

Айттайын шын сырымды ауызба-ауыз,  
Дөңкиген күйек сақал, сасық ауыз!  
Ақ жүзді, ақыл-ойлы ақ сұқсырға  
Дәрі емес мал секілді малды жауыз.

Уай, шіркін, өмір сүрмек меніменен,  
Мал шашып, маңызданған ебінменен;  
Өлсем де отқа күйіп, суға түсіп,  
Бір минут тұра алмастын сеніменен<sup>28</sup>, —

дейді. Бұл сөздерден ол қандай қорлық көрсе де таймайды, өлімге де лайын екендігін мәлімдейді.

Келтірген үзінділердің қайсысын алсақ та, Қамар бейнесінен романтикалық қаһармандарға тән бірбеттілікті, айтқанынан

<sup>27</sup> Сонда, 9-б.

<sup>28</sup> Сонда, 33-б.

қайпайтын, неге де болса біржолата қулай берілушілікті айқын танимыз. Жазушы романда әуелде кейіпкердің ішкі мінез-құлқының беріктігін, бір бетті қайсарлығын күйініш-сүйінішін суреттеу арқылы көрсетсе, кейін Нұрым үйінде зұлымдықпен бетпе-бет кездесу үстінде іс-әрекеті арқылы ашады. Ол жоғарғы сөздерді Нұрымның бетіне айтса, неке қимақ болған молдамен айттысып, оны маскаралап жеңеді. Бірақ әділетсіз ортада напал кара күштің қолына түскен Қамар босанып шыға алмайды. Мұндаы қызды жынданған, оның басын Ахмет айналдырған деп ұққан жожа-молдалар Қамарды сокқыға жынып, төбесін ойып, өлімге жеткізеді.

Жазушы Қамар бейнесі арқылы қазақ қызының басындағы ауыр халді көрсетіп, елдің ең ардақтысы Қамарды осындай ит-қорлықпен өлтіргенде, басқа қыздардың күйі не болмақ? деген сұраққа жауап іздейді. Осы мысал негізінде ескі ауылды құрт аурудай жайлап, есенгіретіп бара жатқан әлет-ғұрып занын айыптағайды. Автордың бұл ойы — Қамардың өлердегі сөзінен айқын көрінеді.

Тоқтау бер мұнан былай қазағына,  
Шалдардың қызды сапмай мазағына.  
...Сонан соң жұртты аздырған ишаныңды ал!  
Сонынан судай ақсын жөні жок мал.  
Налан сопы, мұрилін айырмастан  
Тамұқтың дәл өзіне апарып сал.  
Тағы да балгер-бақсы — бәрін де жой,  
Жалғыз-ақ жаны ашитын жастарды кой,  
Қақшандаған какпас шал тағы кетсін,  
Қабыл қыл тілегімді, құдайым-ой!  
Қазақта қыз туған жок менен артық,  
Құлпырлым он бескеше бағым артып,  
Майысып пісіп тұрған дер кезімде  
Малды шал анталады иттей тартып.  
Ғибрат ал мен сорлыдан, қазақ қызы,  
Түйрейдің мал менен шал — саған бізі.  
Онбайды бұл әдетпен қазақ халқы  
Бұл себеп ақырында қалмасқа ізі<sup>29</sup>.

Бұл үзіндіде Сұлтанмахмұт қазақтың феодалдық салтына қарсы шығып, ескі қоғамдық құрылысқа айтар лағынатын Қамар аузына салған. Ол жалғыз жастарды қалдырып (өйткені келешекті жастардан күтеді), ескішіл топты түгелдей ескілікпен бірге жоюды

<sup>29</sup> Сонда, 12-б.

жақтайды.

Ахмет – келдей шаруа ортасынан шыққан, аздап оқыған жігіт, сөзге шешен ақын, ел аузына ерте ілінген қадірлі жастардың бірі. Оны жазушы былай деп суреттейді: «Ахметтің ақыл-ой зеректігінің үстіне сұңқардың баласындай бітімі жақсы, көзге түсерлік көркі де бар, сөзге шешен, ойдан шығарғыш ақын, жарып салма өткір еді. Той секілді жұрт жиналған жерлерде өлең болсын, газет, журнал, кітап оқып, насихат айту болсын, ең арты біреуді сықақтаған қулық болсын, бас бөйге Ахметтікі еді. Тартынбай тамылжытып сөйлегенде де өзінен үлкен-кішілердің аузынан суын ағызып, көңілдеріндегі уын шығара жаздаушы еді. Соның үшін де елдің атқамінер, ақсақалдары: «оқыды деп Жәукенің баласын айт. Өне сондай болсайшы» деп, біреуге ақыл айтқанда, қызға Қамарды үлгі қылатыны сықылды, бозбалаға Ахметті үлгі қылып ұрсушы еді. «Қыз қылығынан» деп, не қылса да, Ахмет осындай-осындай қылықты мінездерімен құрбы-замандастары арасында айтулы, ағайын, халқына сүйкімді болып, жас та болса, біраз жұртқа атағы шығып кетті... Міне, осылай Ахмет бас болған жерде бас болып, жас болған жерде жас болып... тоғыз қырлы, тоқсан сырлы жігіт ағасы деуге лайық болып жүрді»<sup>30</sup>.

Ахмет – жазушының ұғамында, жана дәуірдің өкілі. Оның тіршілігі қаламен байланысты, сонда оқыған. Бірақ Ахметтің қаладағы қызметі жайлы Сұлтанмахмұт ештеме айтпайды. Және ол романнның міндетіне де кірмейді. Жазушы оны Қамарға байланысты ғана суреттейді.

Ахмет жас буынның жанашыл өкілі есебінде адамды бағалай, қадірлей біледі. Бұл – оның Қамарға жазған хаттарынан анық байқалады. Өзі өмір сүріп отырған дәуірде Ахмет – жасқаншақ. Оны жасқандыратын – сол дәуір, қатал ескілік заңы. Автордың ойынша, Ахмет сияқты оқыған жігіттер қанша талапты, пысық болғанмен, тілегіне жете алмайды. Өйткені олардың талабына келергі, бөгет болып отырған әділетсіз күш бар. Сондықтан осы әділетсіз күш құлауы керек. Ал оны қалай құлату қажеттінің Сұлтанмахмұт ашып айта алмайды. Ахмет жауыздықтан кегін дара күшпен алады. Қысылған жерде жорға Нұрымға пышақ салады. Бірақ ол – жоспарлы әрекет емес, ескі әдет-ғұрып заңы мен қоғамдық жөнсіздіктер ашындырған Ахметтің ыза үстінде көрсеткен әрекеті.

Сонымен бірге романда Қамардың әкесі Омардың да ұнамды бейнесі жасалған. Ол өзі де аздап оқыған, көзі ашық адам. Сондықтан оқудың пайдасын жақсы түсінеді. Ұлы Қасенді, қызы Қамарды оқуға беріп, олардың елі үшін пайдалы тәрбие алуына көмектеседі. Оның үстіне, жазушы оны ешкімге жасар қиянаты жоқ, әділ, момын адам ретінде бейнелейді. Ахметтің

<sup>30</sup> Сонда, 6-б.

Қамарға жазған хаты ұсталып, Оспан би, Қалтан қажылар дау көтеріп жүрген кезде, Омар бұл айғайға қосылмайды. Ол «жалғыз баласы Қасеннің бұрмалауымен түзушілікке шапты. Түнімен жан терге түсіп, ағаларымен талай кеңірдектесіп, эзер-мәзер, әйтеуір ертенінде еш нәрсе жоқ, тым-тырыс қылды да қойды»<sup>31</sup>.

Оспан мен Қалтан келіп, Қамарды Нұрымға беру жайын сөз еткенде, ол бірден қарсы шығады: «Сыпыра бұзылған иттер, дендерің сау ма? Мәжнүн болмасаңдар, қаражүрек болмасаңдар... Апырмай, апырмай, ұялмай-қызармай періштедей қарашығымды аяқты малдан жаман дөңкіген жауызға ұйғардык деп не беттеріңмен айтып отырсыңдар? Неген қысылдыңдар? Неген жүректің үзілді? Түсіне кірсе де қорқатын Нұрымға Қамарды барады, мені береді деп ойлалдыңдар ма?... Құдай, көз жас, обал деген нәрсе естерінде бар ма? Жок, малсыңдар ма? Сендер бір аяқ ас берген кісіге имандарыңды да сағасыңдар. Қысқасы, мойныма қапшық салып, қайыр тілеп күн көрсем де, Қамарымды оған беріп, жылата алмаймын. Байлығы, болыстығы өзіне. Өзім де аштан өлейін деп отырғаным жоқ. Ет жегілерің келсе, өзім-ақ сойып берейін. Болмаса, Қамардан басқа ермек жетпеді ме? Қамар тұрсын, Қамардың тырнағын да бермеймін. Дорба сақал Нұрымның басқан ізінен садаға. Аулақ жүріндер, аулақ! – деп ұшып көкке, ұшып жерге түсті»<sup>32</sup>.

Бірақ заман әділетсіздігі, ескі ауылдың мықтылары Оспан би мен Қалтан қажы Омарға ырық бермейді. Оның өз баласына да өзі арашашы болуға шамасы келмейді. Нұрым әкесінің басын жарып, қызын тартып өкетеді.

Романдағы ұнамсыз бейнелерден аса айқын суреттелген адам – жорға Нұрым. Ол – төре тұқымынан шыққан, болыс, жан-жақты байланысы бар, қазақ ауылының ірі байы, озбыр әкімі. Жазушы Нұрымды өзі өшіккен ескіліктің жасауылы етіп алады да, бүкіл феодалдық ортаға деген өшпенділігін соған үйіп-төге жазады. Оны бойында ешбір адамгершілік пен гуманистік сезімнің нышаны да жоқ бейне етіп суреттейді. «Жануар еді» дейді. Романдағы Нұрымның суретінің өзі-ақ оның ебдейсіз, дөрекі, зұлым екенін бірден байқатады.

«Бұл өзі жеті атасынан бері уызы арылмаған, бағы таймаған, қолынан ұры кетпеген, бір жақсылық етпеген, басы сәзлеге тимеген, жамандықтан басқаны сүймеген, бірді бірге атыстырып, елін қан жылатқан шынжыр балақ, шұбар төс, қанды ауыз атанған бір жауыз еді»<sup>33</sup>.

<sup>31</sup> Сонда, 19-б.

<sup>32</sup> Сонда, 23-б.

<sup>33</sup> Сонда, 21-б.

Немесе «Құр Нұрымның залымдығы мен атағы болмаса, әліпті таяқ деп білмейтін надан, пішіні де жаман, аузы толған боғауыз мен былш-былш насыбай, ішпей мас, әрі нас, елу шамасында жасы бар, қойсақтардың басындай басы бар, жай формынның өзі сұл-суық, бүйі секілді, тұқсиген, күпсиген, бұқа мойын, өгіз құрсақ, алақан көз, жайын ауыз, дорба сақал, тоқпақ мұрын, бір тұрлы нысаналы жануар еді»<sup>34</sup>.

Нұрым – ескі ауылдағы әдет-ғұрып заңдарын, оның катағ тәртібін қорғаушы. Феодалдық ғұрыптың барлық тізгінін қолына берік ұстаған ол – елді жел, қан қақсатып талап жүрген адам. Елдің оған бір шумак өлеңмен берген бағасы – әділ баға.

Халкынды қан жылаттың, жорға Нұрым,

Болдың ғой заманыңда сорға, Нұрым.

Оспан деген жұтқышы тағы шықты,

Бара-бара қайтерсің қайран күнім»<sup>35</sup>.

Нұрым мен оның сыбайластарының жауыздығын әшкерелейтін осы өлеңде халықтың басына төнген ауыртпашылықтың мұңлы сарыны бар. Жазушы осындай жыртқыштар билеген ел не болады деп күйінеді.

Жорға Нұрымның ұнамсыз бейнесі Қамармен байланысты тіпті ашыла түседі. Ол Қалтан мен Оспан арқылы Қамарды күшпен айттырады. Қыздың наразылығымен есептеспей, оны зорлықпен тартып өкетеді.

Осының үстіне жорға Нұрым – адам айтқысыз надан. «Ахмет Қамардың басын айналырыпты» деген сөзге сеніп, бар малын шашып, бақсы-балгерлер жинайды. Олардың Қамарды азаптауына жол береді. Ақыры Қамарды өлтіріп тынады.

Қалтан қажы мен Оспан би – Нұрымның жемтікес достары. Бұлар да Нұрым тәртізді, феодалдық дөкір қаталдық пен зұлымдыққа сүйенген топас адамдар. Оспан би туралы Сұлтанмахмұт: «Белгілі, қазақта ондай залым адамдардың (Нұрымды айталы) өзіне қауіптілеу орынды күзеттіріп, сорпа-сүмен алдап қоятын иттері болатын. Сол арсылдатып қойған иттерінің ең басты төбеті – біздің Оспан би еді» дейді<sup>36</sup>.

Оспан мен Қалтанның қаталдығы мен сезімсіздігі Ахметтің Қамарға жазған хаты ұсталған кезде тіпті анық көрінеді. Сыныққа сылтау тапшай отырған олар Қамардың абыройын сақтауды ойламай, осы даудан өздеріне пайда тауып қалуы көздейді. Оспан

<sup>34</sup> Сонда.

<sup>35</sup> Сонда.

<sup>36</sup> Сонда, 21-б.

Ахметпен бірге жүресің деп, Қамардың ағасы Қасеннің басын жаралды.

Оспан, Қалтандар үшін Нұрымның Қамарды айттыруы аса бір ынғайлы іс еді. Өздерінің елге жасап отырған зорлық-зомбылығына мықты тірек, сүйеніш Нұрым болады деп санайтын олар Омардың қарсылығына қарамастан, Қамарды Нұрымға беруді шешеді. Қалын малын да (40 жылқы, 10 түйе, 500 сом) келісіп қояды. Ескілік салттарды берік ұстап отырған осы адамдарды Сұлтанмахмұт жаңалық атаулыға жаны қас, еркіндік, бостандық дегенді түсінбейтін ескінің көздері ретінде бейнелейді. Олар оқыған адамды «шоқынды», «бұзық» деп бағалайды. Әшейінде мүлөймісіп, ешнәрсеге кіріспегенсіп жүретін Қалтан қажы Омардың Нұрымға қыз бергісі келмейтінін естіген жерде бұрқырап: «Бұларға өзі секілді қара жүрек... болмаса Ахмет секілді сып борбай, шала қазақ болмаса, басқа мұсылман кісі жаға ма? Сен шоқынды, былшылдады екен деп, мен пайғамбар жасынан асканда, қажы басыммен өтірік айта алмаймын. О баланың билігі өзімде. Шоқындырған Қасенінді қайда шоқындырсаң, онда шоқындыр. Қамарды тағы орысша оқыған біреуге беріп, сүйегімізге таңба қыла алмаспыз. Қазаққа берсек, қазаққа бұдан артық кім бар? Соған барып та обал табатын болса, қияметте мен арқалайын, күә болындар! Нұрымнан артық пайғамбарға береміз бе? Басқа былшыл сөзді қой. Келер сәтке құла түсір! Ендігі сұм заманның адамы да бір түрлі: бала бармайды дегенді тауып алыпты. Әке берсе, қыз қайда бармаушы еді. Сені көріп отырып, бала қалай онсын! Қак бастан салып жіберейін бе?» – деп ашуланады<sup>37</sup>.

Бұлардың зұлымдық айласы қысылшан жерде Нұрымнан да асып кетеді. Нұрымға Қамарды тартып алу жағын сездіреді де, айтқанын істемегені үшін Нұрымның жігіттеріне үйін талағады.

Мұның бәрі Нұрым, Оспан, Қалтандардың ескі қазақ ауылдарындағы билеп-төстеуші таптың өзара жемтікес өкілдері екендігін дәлелдейді. Олардың іс-әрекеттері, дөкір қылықтары өз дәуірінің шындығына, өз ортасы мен тәрбиесіне лайық берілген.

Романның негізгі тақырыбы қыз тағдыры болғанмен, жазушы онда XX ғасыр бас кезіндегі қазақ өмірінің шындығын жан-жақты суреттеуге ұмтылады. Негізгі оқиға қабатында қаранғы халықтың тағдырын байлап отырған феодалдық салт-дәстүрге қарсы үн көтереді. Сол қаранғылық пен нағандықты ата жолы деп берік ұстап, елді зар жылатуға пайдаланған ел билігіндегі адамдарды әшкерелейді. Өздерінің келешегін ойламай, ішкен-жетеге мез болып жүрген елдің қалың надан тобын да сыңға алады. Жокка алданып жүрген қаранғы көпті әрі аяйды, әрі олардың ісін көріп

ызыланады. Нұрымның Қамарды алу тойы кезінде өзінше мәз болып «қызықтап» жүрген топты суреттей отырып, Сұлтанмахмұт «бір күн тойса есектер, ми жок алдын есептер» дейді. Қамардың аянышты жайын түсінетін, оған жаны ашитын жан таппай күйнеді.

Сондықтан «Қамар сұлу» романының өткен өмірді, ондағы әділетсіздікті реалистікпен суреттей отырып, еңбекші халықты наландыққа, феодалдық кертартпа салт-санаға қарсы күреске үндеуде ерекше маңызы бар.

Сонымен бірге «Қамар сұлу» – қазақтың жазба әдебиетіндегі алғашқы романдардың қатарына қосылады. Сұлтанмахмұт мұнда прозалық елеулі шығарма жасауға талаптанады. Бірақ ақын әдебиетте қалыптасқан поэзия дәстүрінің шеңберінен шыға алмайды. Роман проза мен поэзияның араласуы түрінде жазылған. Онда әсіресе кейіпкерлерді мінездеу, портрет жасау, қатысушылардың біріне-бірінің айтар сыр-ықыласы, көңіл күйі өлең түрінде беріледі. Қамар мен Ахметтің сырласуын, Нұрымға деген көзқарасын, ойын түгел өлеңмен жеткізеді. Қамардың өлер алдындағы қоштасу сөзі де, молдамен айтысы, бақсы-ишан сарындары – бәрі де өлеңмен айтылады. Бұл, бір жағынан, қалыптасып қалған халықтың поэзия дәстүрінің ырқы болса, екінші жағынан романдағы ауыз әдебиетінің әсерін де байқатады.

Сұлтанмахмұт реализмінің күші оның өткір сыншылығында. Ол өз заманының ұнамсыз қылықтарын аяусыз шенеп, оқырманын одан жиренте, безілдіре суреттейді. Жорға Нұрым мен оның айналасындағы топқа жазушының көзқарасы мұны анық байқатса, оның ұнамды кейіпкерлері оларға барлық жағынан (ақыл-ой, портрет, сезім, т.б.) қарама-қарсы бейнеде жасалады. Сол арқылы Сұлтанмахмұт бір жерге сыйыса алмайтын екі жүйелі топтың қайшылығын, ымыраға келмейтін күресін бейнелейді. Қамар мен Нұрым тойында Ахмет айтқан «Жар-жарда» бұл идея жұмбақтап беріледі.

Қарт қара құс сұқсырға

Қалайша тең, зар-зар!

...Бірін – күн де, бірін – түн

Бір кемеге салса да,

Сыйысу жок, зар-зар!<sup>38</sup>

Сұлтанмахмұт мұндай тойдың зарлы күйін таныту үшін «Жар-жар» орнына «Зар-зар» айтқызады. Қоғамдық құбылыстарды, кейіпкерлер бейнелерін салыстыра суреттеу негізінде ұнамды-

ұнамсыз шындықтың қарама-қарсылығын таныту оның жазушылық, ақындық стилінің елеулі көрінісі болып табылады.

Жазушы прозада да ақындық үлгіні сақтайды. Ол қарасөздің өзін желдірмелетіп, ырғақты әуенге құрады. «Ахметті сүйемін-ақ, Сүйгенім үшін осынша күйемін-ақ» (Қамардың сөзінен), «Ұрынуға қара таба алмай, ермек қылуға жара таба алмай» (қалың топты суреттеулен), «қолынан ұры кетпеген, бір жақсылық етпеген, жамандықтан басқаны сүймеген», «надан, пішіні де жаман... ішпей мас, әрі нас, елу шамасында жасы бар, қойсақтардың басындай басы бар» (Нұрым портретінен), т.б.

Міне, осы тәрізді әдеттегі прозадан өзгеше, ырғақты құрылған сөйлемдер де автордың ақындық қабілетінің молдығының белгісі.

XX ғасыр басындағы қазақ ауылының әлеуметтік өмірін кен қамти суреттеуде Сұлтанмахмұттың өлеңмен жазылған «Кім жазықты?» атты романының да маңызы үлкен. Жазушы бұл романда «Қамар сұлуға» көтерген ескілікке қарсы үнін тереңдетіп, әлеуметтік өмірдің басқа жақтарын суреттеу арқылы жан-жақты аша түседі. Әйел теңсіздігі, олардың қорлықтағы өмірі мұнда басты тақырып болып бөлінбейді, қоғамдық теңсіздіктің көп мәселелерінің бірі ретінде көрінеді. Ол қазақ ауылының тіршілігін, ел арасында етек алған зиянды әдет-ғұрып салттарын кенірек қамтиды. Қазақ халқының қоғамдық, шаруашылық, мәдени дамуда мәшеу қалып отырғанын, қараңғылық пен талапсыздықты, жалқаулық пен шаруаға қырсыздықты, алауыздықты сынай отырып, халықтың тағдыры, оның саяси-әлеуметтік өмірінің түйінді мәселелері жөнінде сұрау қояды.

Романның негізгі кейіпкерлері – қазақтың билеуші табының өкілдері. Олардың өскен, тәрбие алған ортасы, ел басқару жүйесіндегі мінез-құлықтары роман оқиғасының негізін құрайды. Тасболат байдың үш буын ұрпағы (Өзі, Әжібай, Қабыш), орта шаруаның өкілі Байбол, ауылдағы жас, жана ұрпақтан Әнуар, Құлтай бейнелері жасалады. Бұлардан басқа романда аздаған қала адамдары көрінеді. Шығарманың негізгі идеясын осы бейнелер белгілейді.

Романның негізгі кейіпкерлері Тасболат байдан тарайды. Тасболаттың өзін автор жан-жақты бейнелеп жатпайды, оған шығарманың басында эскиздік суреттеулер беріледі. Ол – ескі ауылдың байы. 15 жыл болыс болған, қажыға барған. Ел билеу жүйесіндегі өзгерістер ескінің өкілі есебінде Тасболатты сахнадан тайдыра береді. Болыс болу үшін орысша тіл білу қажет болған кезде, Тасболат ұрпағына ел билеу қызметінен айрылу қаупі төнеді. Бар байлығын шашып, тартыса-таласа жүріп, ол үлкен баласы Жақыпты болыстың кандидатына зорға өткізеді де, кіші баласы Әжібайды қалаға оқуға береді. Кейін Жақып қайтыс болады да,



әкесі Әжібайды оқытпай қайтып алады.

Сұлтанмахмұт Әжібайды жасында алғыр, зерек, отты бала еді деп суреттейді. Бірақ бай отбасында нашар тәрбие алған ол жасынан бұзық жолмен өседі. Осы арқылы жазушы қазақ ауылындағы тәрбиесіздікті сынайды...

Әжібай ерке өскен қағу көрмей,  
Бетіне еш біреуден шіркеу келмей.  
Балаға тілі шықса айналасы,  
Қоя ма тұрмысынан ернек бермей.

Тәрбие жок кой қазақ баласында,  
Солайша өскен ата-бабасы да.  
Көргені әке-шеше қалай болса,  
Алмақшы одан үлгі баласы да.

Еркінше ел-жұртына еркелеген,  
Әкесі: «бұл қарағым ерке!» деген.  
Жан біткен — қымыз бенен егтін құлы,  
Ел оны еркелетпей қойсын неден.

Боқтаса, «қарағым» деп беттен сүйген,  
Болмай ма байға алакөз оған тиген.  
Жан-жағы тәрбиесіз надан болып,  
Солардың жұға-жұға көбін киген»<sup>39</sup>.

Жасында алғыр, шешен, зейінді, пысық Әжібайды осы тәрбиесіздік бұзады. 5 жастағы Әжібайға әкесі 11 жасар Жәмиланы қалыңдыққа айттырады. Оның үстіне Тасболат оны оқытпай қайтып әкеледі. Ескі әдет заңы бойынша Әжібай Жақыптың айттырған жесірін алуға тиіс болады. Осыдан бастап әке мен бала арасында келіспес тартыс басталады. Әкесінің ырқымен және ел-жұртының азғыруымен өз қалыңдығы Жәмиланы, Жақыптан қалған жесір Жаңылды сүймей алған Әжібай үйден безіп, «кезбе» атанады. Осы тұста Әжібайдың өмірін мысалға келтіре отырып, Сұлтанмахмұт қазақ ауылы жігіттерінің жастық салтын шенейді. Олардың бір-бір атқа мініп, ауыл аралап, ойын-сауық күйттеген мағынасыз өмірін сынға алады. Әжібай да осылай өмір өткізеді.

Сөйтіп жүріп Әжібай «Қызық су» қаласындағы Бейсен деген шалдың қызы Әппақайға «ғашық» болады. Қыз көзіне сүйкімді көріну үшін шылым тартып, көзіне көзілдірік салып, орысша киінеді. Әппақайдың басын айналдырып бер деп, бақсыларға жалынады. Ақыры бұл әрекеттерінен ештеме шықпаған ол қыздың сүйген жігітін қудалауға салады.

<sup>39</sup> Сонда, 70-б.

Тұрмыста осындай азғындаған Әжібай кейін тағы екі әйел (Зылика, Рысты) алады. Бірақ олардың бірде-бірімен тату, тұрақты шаңырақ құра алмайды.

Сұлтанмахмұт Әжібайдың қоғамдық қызметінен оның болыстығын көрсетеді. Ол таласып жүріп болыстыққа сайланады. Бірақ Әжібай болыс қоғамға пайдалы еңбек ету мақсатын көздемейді. Өз пайдасын ойлайды, елге үстемдік жасап, зорлық-зомбылық жүргізеді. Ел ішінде өлген бір қарт адамды «әйелдері өлтірді» деп даулап, 40 жылқы, 6 жамбы пайда өндіреді. Өзінен бұрын болыс болған, орта шаруалы туысы Байболдың үстінен пәле іздеп, арыздар жазды.

Сөйтіп, әуелде әдет салтына наразы болып, әкесі айттырған қалыңдықтан безіп жүрген Әжібай енді өзі сол салттың мықты қорғанына айналады. Ол ауыл өміріне кірген жаңалыққа қарсы күреседі, ауыл мұғалімі Әнуарды қуғындап, қызы Құлтайды қалыңмалға сатады.

Қазақ байларының шаруаға қырсыздығы — Әжібайға да тән. Бір қатты қыста малдары жұтап, ол дәулетін әлсіретіп алады. Ұры ұстап, алыс жерден мал алдырамын деп жүріп, болыстықтан түсіп, жауапқа тартылады.

Сұлтанмахмұт осыдан Әжібай сабақ алды, кейін әділ болыс болды дейді. Бірақ бұл сол кездің шындығына сыйымсыз, әділетті ел басшыларын армандаған жазушының қиялының ғана көрінісі еді.

Романның соңғы бөлімдерінен біз Әжібайдың өз заманының әлділерімен жан-жақты байланыс жасап, іргесі шайқалған шаруашылығын қалпына келтіруге әрекеттеніп жатқанын көреміз. Ол қызы Құлтайды ауқатты жерге ұзатып, ұлы Қабышқа бір болыстың қызын айттырады.

Тасболаттың үшінші ұрпағы Қабыш та Әжібай үлгісімен өсіп келеді. Оның көрген тәрбиесі де — Әжібай тәрбиесі. Ол да шаруаға қарамай, қалаға қанғып, бозбалашылықпен өмір өткізуде. Арақ ішіп, карта ойнайды. Өстіп жүріп қала жігіттерінен таяқ та жейді. Әкесі ұрысса, атына мініп кетіп қалады. Сөйтіп, Әжібайдың жасында Тасболатқа істеген мінездері түгелдей алдынан шығады.

Қабыштың ұнамсыз тіршілігі Әжібайға қосымша міндеттер жүктейді. Оған Қабыш жанжалдасқан адамдармен соттасуға тура келеді. Оның үстіне, романның соңында Қабыш біреудің мал берген жесірін алып қашады. Әжібай тағы да жесір дауына қарсы тұруға мәжбүр болады.

Міне, романда суреттелетін Тасболат ұрпағының — ескі ауылдың ел билеуші адамдарының тіршілігі осындай. Сұлтанмахмұт осы жайларды жан-жақты көрсете отырып, қазақтың қайратты деген жігіттері не істеп жүр? Надан әдет-ғұрып салты елді, оның адамдарын қалай аздырып бара жатыр? Бұған кім жазықты? —

деген әлеуметтік мәні зор сұрақтар қоялды.

Әжібай әйелдері Жаныл, Жәмила, Зылика, Рыстының аянышты тағдыры – ескі қазақ ауылындағы әйелдің орнын бейнелейді. Олардың ешқайсысы да Әжібай үйінен бақыт таба алмайды. Бұл да жазушының назарынан тыс қалмаған. Жалпы, романда көтерілген көп түйінді мәселенің бірі ретінде Сұлтанмахмұт қалың малға сатылып, ескілік пен надандық салттың құрбаны болған осы аянышты тағдырларға кім жазықты екенін іздейді.

Романда ұнамды кейіпкер есебінде Әжібайға қарсы қоя суреттелетін кейіпкер Байбол – шағын шаруасы бар, саналы, аздап оқыған жігіт. Тіпті көп жерде Әжібай мен Байболдың үй тұрмысын, шаруа басқаруын, ел билеудегі қызметтерін салыстыра отырып, автор Байболдың артықшылығына оқырманының көзін жеткізеді. Байбол – өз басы Тасболат тұқымынан жоғары адам. Ол ел басқару жұмысына мал шашу, сатып алу жолымен емес, заң, қоғамдық тәртіп бойынша белгіленеді. Тіпті болыс болмаймын десе де, ел оны зорлап сайлайды. Үй-жай мәселесінде де Байбол Әжібайдан жоғары. Болыс кезінде ол елдің дау-шарына әділ биліктер айталы. Ауыл мұғалімі Әнуарлы Әжібайдың жазықсыз қуғынға ұшыратқанын біліп, оған араша түседі. Әжібай болыстыққа таласып, оның үстінен арыз жазып жүрсе, Байбол, керісінше, тұтқынға түскен Әжібайдың ісін қуып, оның ақталуына көмектеседі. Бұл эпизодтарда ол адамгершілігі мол, қиянатсыз адам болып бейнеленеді.

Шаруа басқаруда, күнделікті тіршіліктің пайдалы жақтарын игеруде де Байбол – жанашыл. Ескі қазақ ауылын үнемі жокшылыққа ұшыратып, малдарының жиі қырылуына себеп болатын жұттың негізгі төркіні шаруаға қырсыздық екенін ол жақсы түсінеді. Байбол азғана малына қыста жылы қора, мол шөп дайындайды. Сөйтіп Әжібай малы жұтқа ұшырап қалғанда, Байбол шаруасы түгел аман шығады. Сұлтанмахмұт бұл арқылы шаруашылықтың жана, пайдалы түріне көшуді уағыздайды.

Байбол бейнесі – Сұлтанмахмұттың жақсы, әділ ел басшыларын армандағанының көрінісі. Әжібайды кейін «түзелді» деп көрсетуінің өзі де ақынның осы арман-қиялымен байланысты.

Ескі қазақ ауылындағы жана типті жастардың өкілі – Әнуар мен Күлтай. Әнуар – ауылдың өз адамы емес, сырттан келген, оқыған мұғалім. Оның өмір тіршілігінде ескі ауылдың адамдарының күнкөріс кейпінен өзгешеліктер байқалады.

Болған соң ас ішетін ыдыс кірлі,  
Әнуар өзі тұрып жуып жүрді<sup>40</sup>.

<sup>40</sup> Сонда, 102-б.

дейді автор. Бұл – қазақ ауылында ерлер істеуге жатпайтын оғаш іс көрінер еді. Ал, Әнуар мұны мұны жатсынбайды. Бұл – жана ұрпақтың ескі қазақ ауылының надандық ғұрпына наразылығын, тазалық үшін күресін танытады.

Әнуар надандыққа қарсы күресе отырса да, ел адамдарынан безбейді. Қайта ол халықтың ынғайына көне отырып, олардың сеніміне кіру, содан кейін ғана оларды жана жолға – ағарту, мәдениет ісіне үндеуге мүмкіндік алады.

Ол қылды шуу дегеннен басты тақыр,

Демеске қажы, сопы: «азғын, кәпір».

Тұрса да терістікке іші күйіп,

Дей берді жұрттың қылған ісін мақұл.

Жүрмейді сопыларға тілі тиіп,

Жолықса сәлем берді басын иіп<sup>41</sup>.

Бұл – Әнуардың ауылға сіну үшін пайдаланған әдісі. Бірақ ол ескі ауылдың зиянды әлеттерін қабылдамайды. Қайта халық сеніміне кіре отырып, оларға қарсы күреседі. Ол ел санасын оятып, ілгері жетелеуші, халықты өрте қарай бастаушы әрекет иесі болып көрінеді.

Халыққа сөйте-сөйте нандырды өзін,

Алғыза бастады ептеп айтқан сөзін.

Әнуар онан сайын қылды ыждаһат,

Үміттің көрненнен соң жылы жүзін<sup>42</sup>.

дейді ақын.

Күлтай – Әжібайдың Жанылдан туған қызы. Сұлу, ақылды, ауыл мектебі көлемінде білім алған, мінезді жан.

Жасынан мазасыз үй-ішінің қайғылы күйін көріп өскен Күлтай кейін әкесінің қатыгез мінезіне, зұлымдық әрекеттеріне қарсы тұрады. От басындағы дау-жанжалдың басылуына да көп күш жұмсайды.

Өзіне жар боларлық шын жолдас таңдауда да Күлтай жана қыздың бейнесін танытады. Ол ауыл мұғалімі Әнуарды сүйеді және өз бақытын арашалауға жасқанбай қатысады.

Әнуардың жанашыл идеясы және оның Күлтаймен көңілдегігі ұнамайды да, Әжібай оны үкіметке қарсы деген жаламен қуғындатады. Қабыштын сандығын ұрлады деп айыптап, үйінен

<sup>41</sup> Сонда, 103-б.

<sup>42</sup> Сонда.

қуып шығады. Осы кезде Құлтай әке мінезін терістігін бетіне басады. Сүйген жігітіне болысып, әкеге қарсы келу ескі қазақ ауылының қызына жат мінез болатын. Ал Құлтай осы бұйығылықты бұза біледі. Әжібай мен Құлтайдың келісе алмауының өзі екі дүниенің – ескілік пен жаңашыл күштің ымыраға келмес күресінің басы екенін аңғару қиын емес.

Сұлтанмахмұт «Кім жазықты?» романында қала адамдарын арнайы көрсетпейді. Бұлар қазақ ауылымен қарым-қатынаста, әсіресе, Әжібайдың қаладағы тіршілігімен байланысты суреттеледі.

Романнан қала адамдарының өзі де әртүрлі екенін көреміз. Онда Жүсіп сияқты мұқтаждыққа түсіп, азып кеткен адамдар да ұшырайды. Бұлар – капиталистік қаланың құрбандары. Қайраттан айырылып, маскүнемдікке салынып жүргендер.

Қаладағы жана адам есебінде жазушы Әппакайды, оның өлген мұғалім ағасын қысқа суреттермен ұнамды бейнелейді. Бұлар – еңбектің, істің адамдары. Адамгершілігі тұрақты, махаббаты берік – қайратты жастар.

Әппакай мінезі ашық, адамгершілігі мол, қаланың жанашыл қызынын бейнесі. Ақын оны:

Әппакай хат біледі, мінезі ашық,

Әнге ұста, домбыраға кеткен асып.

Азырақ орысша да сөйлесе алад,

Жасынан жүргендіктен араласыл<sup>43</sup>, –

деп суреттейді.

Басқа да қазақ қыздары тәрізді Әппакай да ғұрып бойынша жасында біреуге атастырылады. Бірақ ол күйеуін сүймей, өзіне тен жар іздейді.

Марқұм болған ағасы тірісінде,

Қазақтың жақтырмайтын бір ісін де.

Бір қазақ қаладағы жас фелдшерге

Бар еді берем деген ой ішінде<sup>44</sup>, –

дейді ақын.

Ағасы Жүсіпті паналап, үйінен шықпай қойған Әжібайдың ұятсыз әрекеттеріне Әппакай тез тойтарыс береді. Бұл жерде ол өзінің арын қорғай білетін, өз жолын, келешегін түсінетін ақылды қыз болып көрінеді. Әжібай сонына түскеннен кейін ол ақыл

<sup>43</sup> Сонда, 78-б.

<sup>44</sup> Сонда.

беріп, сүйген жігітін басқа жаққа ауыстырып жібереді.

Қала адамдарын, әсіресе, Әппакайды, оның мұғалім ағасы, фелдшер жігітті шағын да болса көрсету арқылы Сұлтанмахмұт қаладағы жана адамдар бейнесін жасауға ұмтылады. Оларға деген өз көзқарасын білдіреді.

«Кім жазықты?» романының идеялық мазмұнын жоғарыда талданған бейнелер толық таныталады. Жазушы мұнда өнер адамдарына тән қырағылықпен қазақ ауылындағы жана күшті де, оған келергі болып отырған ескілікті де айқын көре білді. Әжібайлар тіршілігінің бір кісінің іс-әрекетінен кеңейіп, үлкен қоғамдық құбылысқа – әжібайшылыққа айналғанын, сөйтіп бүкіл қазақ қауымының дамуына бөгет болып отырғанын бейнелейді.

Ескі қазақ ауылындағы тәрбиесіздік, қоғамдық мешеулік тулырған құбылыс есебінде жазушы ең алдымен осы әжібайшылықтың түпкі сырын ашкерелейді. Бірінен-бірі өрбіп тарап, үлкен қоғамдық кертартпа күшке айналған әжібайшылық – ескі әдет-ғұрыптың берік жақтаушысы. Ол қазақ әйелдерін, момын келей шаруаларды кемсітіп, зар жылатып, азапқа салады. Ел ішінде рулық дау-жанжалды, таптық тартысты, зорлық-зомбылықты көбейтеді. Жаңалық ағаулының бөріне қарсы тұрып, мешеулікті, қараңғылықты қорғайды. Осы мәселелердің әлеуметтік сыр-сипатын терең түсінген Сұлтанмахмұт қазақ халқын осы жолдан құтқару үшін әжібайшылықты тулырып отырған қоғамдық себептерді іздейді. Осыларға «Кім жазықты?» деген сұрақ қояды.

Жанрлық ерекшелігі жағынан да Сұлтанмахмұт романының қазақтың жазба әлебиетінің тарихында ерекше маңызы бар. Ең алдымен, бұл – әлебиетіміздегі өлеңмен жазылған тұңғыш роман. Ол өмір құбылыстарын кең қамтуы жағынан да, басты бейнелердің характері ашылуы жағынан да, бірінен-бірі өрбіп жатқан уақиғалардың тұтас сюжеттік желіге жинақталуы жағынан да роман жанрына қойылатын талапқа жауап бере алады. Бүкіл қоғам сыры, жазушы идеясы адамдар тағдыры арқылы ашылады.

Шығарманың композициясына қоғам өмірін, кейіпкерлердің тіршілігін үзбей, кең дамыта отырып суреттеу тән. Ауыл өміріндегі әртүрлі құбылыстар, әр тағдырлы адамдар сипатталып, барлығы басты бейне – Әжібайға тіреліп жатады. Олардың әрқайсысына деген жазушының қатынасы, көзқарасы айқын. Ақын лирикалық шепіністі көп пайдаланбай, оқиғаны дамыта отырып өрбітеді.

Роман тілі көркем. Онда жарқын жасалған адам портреттері, мінездеу, табиғат суреттері бар. Әсіресе, романның бас кезіндегі жазғы таң, жайлау көріністері шебер бейнеленген.

Түскендей әуе жерге қырық күн шілде,  
Ішкен мас, жегендер тоқ күнде-күнде.  
Қысқа түн қымқырылды, таң көрінді,  
«Кел, шық» дел, иек қағып жарық күнге.

Ән салды танды мақтап сансыз торғай,  
Бас иіп, бөйек болып, жерге қонбай.  
Жайқалып таң желі де тербетілді.  
Көк майса көзі ілініп тұрған сондай.

Асыл шөл, жасыл шөптің иісі аңкып,  
Батқандай мелдігінен нұрға қалқып.  
Күлімдеп көктің жүзі көңілі шат,  
Жауһардай күн шығар дел, бізге балқып.

...Мақтанып кара түнде нұрын шашқан.  
Айдың да өлеусіреп түсі қашқан.  
Шығарын сұлу күннің сезгеннен сон,  
Бірі жоқ төмам жұлдыз бетін басқан<sup>45</sup>.

Осыған жалғас таң атқан кезде жан-жақтан көріне бастаған мал мен ауыл суреті, Тасболат бай жайлауының көріністері әп-әсем әсер туғызады.

Кейіпкерлердің портреті мен оны мінездеу романда аралас келіп отырады. Ақын сол арқылы кейіпкерлерді даралап, оған өзінің көзқарасын да аңдатады.

Әлпеті алмас қылыш жайнап тұрған,  
Ашуы шапшаң, қатты барып тұрған.  
Жасынан зейіні алғыр, тілге шешен,  
Қазақша кара сөзге ағып тұрған.

...Сымбатты кара торы, орта бойлы,  
Кеудесі жылдам сезгіш, жүйрік ойлы.  
Осындай, әттен дүние, зеректігін,  
Оқыпшай, нағандыққа байлап қойды<sup>46</sup>.

Әжібайдың жас кезіндегі алғырлығы мен зеректігін суреттей отырып, Сұлтанмахмұт оны бұзған тәрбиесіздік пен нағандық (оқыпшай байлап қою) екенін айтады.

Портрет жасау мен мінездеудің бұл әдісін ол басқа кейіпкерлерді даралауда да қолданады.

Романның көркемдеу әдісінде ауыз әдебиетінің әңгімешілдік

<sup>45</sup> Сонда, 65-б.

<sup>46</sup> Сонда, 70-71-бб.

сарыны, бейнелеу үлгілері мол танылады. Жазушы оқиға дамуын, кейіпкерлер іс-әрекетін қазақтың мақал-мәтелдерімен, халық даналығы тудырған сөздермен көмкереді. Оларды ұнамсыз құбылысты көрсету үшін алған жағдайда сынай да отырады.

Романның көркемдік жүйесі реализмге негізделген. Дәуірдің шыңдығын жазушы типтік ортаны суреттей отырып өрбітеді, содан кейіпкерлер тағдырын көрсетуге ауысады. Бұл суреттерде ғасыр басындағы қазақ тіршілігіне кіріп жатқан жаңалықтар да байқалады. Қаламен байланыс, орыстармен қарым-қатынастың молаюы романның тіліне де едәуір әсер еткен. Онда орыс сөздері (начальник, закон, доктор, школ, уездный, город, чухотка, учитель, фельдшер, портсигар, отказ, заграница, пристань, конвой, т.б.) көп ұшырайды. Оқиғаға тереңдеп кірген кезде автор публицистикаға көбірек жол береді. Суреттеуді баяндау, әңгімелеу басып кетіп отырады. Жазушының оқиғаға қатынасы, кейіпкерлер іс-әрекетіне көзқарасы айқын баяндалады.

Поэма жанрындағы Сұлтанмахмұттың алғашқы туындысы – «Таныстыру», Бұл шығарма 1917-1918 жылдың қысында Абай елінде жазылған. Денсаулығына байланысты ел ішіне кеткенмен, 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейінгі жағдай, патшаның тақтан кетуі, Алашорда партиясы мен үкіметінің құрылуы әлі де ізі суымаған, ақынның ой-сезімін қозғаған, азаматтық намысын жаныған оқиғалар еді. Ол Семейде қазақтың ұлттық тәуелсіздігі туын көтерген Алаш партиясына тілектестер ішінде болды. Оның жолын қуаттап «Алаш ұраны» мен мақалалар жазды.

Алаш туы астында  
Күн сөнгенше сөнбейміз.  
Енді ешкімнің Алашты  
Қорлығына бермейміз.  
...Өлер жерден хеттік біз,  
Бұл заманға жеттік біз.  
Жасайды, Алаш, өлмейміз!<sup>47</sup>

деп жар салды. Өлең әрі қарай Алаш ісіне адалдықты, оны қолдауды уағыздайды, бірлікке, ел тұтастығы үшін күреске шақырады.

«Таныстыру» осы әсермен жазылған. Поэма Алашорда үкіметінің белгілі қайраткерлерімен таныстыру мақсатын көздейді. Ол оқыған адам мен кара қазақтың диалогына құрылады. Кара қазақ аумалы-төкпелі осы заманда кімге сүйеніп, кімге сенеміз деген сұрақ қояды да, оқыған оған жауап береді. Алдыңғы кезекте ол Әлихан Бөкейхановты, Ахмет Байтұрсынұвты, Міржақып Дулатовты таныстырып, олардың қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы жалынды еңбегін зор бағалайды.

<sup>47</sup> С. Торайғыров. Екі төмдік шығармалар жинағы. I-т., А., 1993, 123-б.

Дулагов, Байтұрсынов, Бөкейханов

...Бірі – күн, бірі – шолпан, бірі – айым<sup>48</sup>, –

дейді. Оларға ерген жастар ішінен Әлімхан Ермековті, Халел Ғабасовты, ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы, қазақ мәдениетінің белгілі кайраткерлері Нәзипа, Нұрғали Құлжановтарды тандап алып, олардың еңбегіне сипаттама береді. Ақын ойлары жалаң баяндалмай, образ ашар бейнелі сөздер мен суретке құрылған («Менінше, Ермеков деген бала, ұқсайды ұшқыр қыран қаршығаға») немесе Ғабас туралы айтқан: «Ызаны ұмыта алмас өшін алмай, ондайға іші зөрлі, сырты балдай. Өзі айтпаса, түсінен ұқтырмайды, екенін жүреkteгі ойы қандай» деген сияқты).

Сол кезде Семейде болған іс басындағы адамдардың бөріні таныстыру міндетін алғанмен, ақын оның бөріні жаппай мадақтай бермейді. Көбіне сын көзімен қарайды, оларды еңбегіне қарай бағалайды. Ақынның осындай жолмен таныстыратын кейіпкерлерінің ішінде Мұқыш Поштайұлы, Жақып Ақбайұлы, Райымжан Марсеков, Сатылған Сабағәв сияқты азаматтар бар. Олардың сипаттамасы да ақындық оймен, суреткерлікпен берілген.

Атап айтуға тұрарлық бір нәрсе – Сұлтанмахмұттың ақындық талант туралы айтып отырып Абайға берген мінездемесі. Абайды ол қазақ әдебиетінің оған дейінгі үлгісінің бөрінен жоғары қояды, білімсіз талант көп адастырған ақындар тобынан Абайды бөліп алады:

Абайды дейік биік бұлтқа жетті,

Аз ілімі жетуіне жәрдем етті.

Алты алашқа атағы айқындалып,

Сүйікті, тағзым мінді, суретті.

Толстой онан биік күнге жетті

Күн астындағы елдерге даңқы кетті.

Алса егер Толстойдың тәрбиесін

Абай да көрсетер ед сондай кепті<sup>49</sup>, –

деп жазады. Өз заманының ойшыл ақындары ішінен Сұлтанмахмұт Шәкәрімге бөлекше қарайды, оның ойшылдығы жалғыз қазақ емес, бүкіл адамзатқа ортақ деген пікір айтады:

Бұл қазақтың мақсұты – биік, алыс.

Таппаса да сөзіне құлақ салыс.

Қазақ деп жекелеме, адамзат де,

Ол кісінің пікірімен болсаң таныс.

...Деменіз тымақ киген жай бір қазақ,

Киген киім, жүрісі, түріне қарап.

Надандар оны өлшейтін өлшеуіш жоқ,

Аулақ жүр, біле алмайсын жай шамалап<sup>50</sup>.

«Таныстырудың» идеялық мазмұны осы айтылғандардан-ақ байқалады, ақын жеке адамдарды бағалағанда, олардың адамдық, қоғамдық еңбектерін халыққа, еліне сіңірген қызметімен өлшейді, ел басшылығына дөмелі адамдарға салмақ артады, сын айтады. Мұның өз кезінде, заман халық ішінен шыққан кайраткерлерді іріктеп жатқан тұста, айрықша маңызды болды. Сұлтанмахмұт елді ойлы, білімді басшылардың маңына бірігуге үндеді.

Өкінішке қарай, бұл шығармаларды Сұлтанмахмұттың сол тұста жазған тағы басқа бірқатар еңбектеріне (мысалы, «Айтс») қоса ескілікпен, ұлтшылдықпен байланыстырып, көп уақыт ауызға алмай келдік. Оларға дәуірдің кезеңді оқиғаларынан, уақыт пен кеністіктен тыс қарадық, халықтардың ұлт-азаттық қозғалыстарына, ой-пікірдегі, қоғамдық жүйедегі революциялық өзгерістерге қарсы қойдық. Көп мәселелерді талдауда тұрпайы социологиялық принципке бой алдырдық. Соның нәтижесінде тұтас ақынды, тұтас көзқарасты бөлшектеп, оның эволюциялық өсу жолына дұрыс баға беруден аулақтап қалғанымыз да жасырын емес. Бүгінге дейін Сұлтанмахмұттанудың үлкен бір қатесі осымен байланысты.

Ал шын мағынасында, Сұлтанмахмұт – ұлы ақындардың бірі. Қайшылығы, қателері болған шығар, бірақ ол оның ұтылығын кішірейтпейді. Заманы ауыр, жүрген жолы қиын болды. Ол заманда кімге жеңіл болды дейсіз? Оның пікірлес, тілектес ағалары – бөрі де кейін келмесе кетті. Көп уақыт ақынның замандастарының өзі – М.Сералин, Ә.Тәнірберген, С.Дөңентаев шығармашылығы жөнінде де қайшылықты пікірлер үстем болып келді. Таланты жағынан әр қилы болғанмен, осылардың бөрінің негізгі бағыты бір еді, демократтық идея үшін, елдің азаттығы, тәуелсіздігі үшін, отаршылдыққа қарсы күрес – XX ғасыр басындағы ақындар шығармаларына ортақ тақырып болды. Осы адал пікірі үшін, халқын сүйгені үшін «ұлтшыл» атанды. Осылардың ішінде қоғамдық, әлеуметтік шындықты батыл, анық айтып, реалистік

<sup>48</sup> Сонда, 147-б.

<sup>49</sup> Сонда, 159-б.

<sup>50</sup> Сонда, 160-161-бб.

тұрғыда суреттеуде Сұлтанмахмұттың мойны озық тұрады. Оның шыншыл шығармаларында трагедиялық сарын басым келеді. Ол жан-жақты қыспақтағы, тарих көшінен кеш қалған қаранғы халқының трагедиясын көре білді. Ақын өзі халық өкілі болып жоқшылықтан, نادандықтан шығудың, өнерге ұмтылудың қиын жолын кешті, көп ізденді, өзі айтқандай, «шындықтың ауылын іздеп», таба алмай адасты, бірақ оның ізденісінде тыным болған жоқ. Оның:

Ізледім, іздесем де таба алмадым,  
Табам деп өзімді өзім неге алдадым?  
Адамның адам аты ақталмайды,  
Бейнет қып, бар білгенім — соны аңғардым<sup>51</sup>.

немесе

Бұл күнде адасудан көз ашпадым,  
Не нәрсені көздем, тап бастадым, —  
Дүниеден басқа рахат тілемеймін,  
Кеш, арым, мен білместің адасқанын<sup>52</sup>.

деуі де сондықтан. Ары таза, пікірі ашық адамның заманы мен замандастарына айтқан сыры бұл. Сондықтан ақын өмірінің жеке детальдарын емес, оның негізгі даму, өсу тенденциясын ұғу керек. «Айтыс» (1919) та осы жүйедегі дұрыс түсінілмей, әр қилы пікірге ұшырап жүрген поэманың бірі. Бұл — ақынның соңғы, әрі аяқтай алмаған шығармасы. Мұнда ол дала ақыны мен қала ақынын айтыстырып, сол арқылы қала мен даланың әрқайсысының өзіне тән артықшылығын және қайшылықтарын талдайды. Дала ақынының сөзін басымырақ ұстап, Сұлтанмахмұт соның аузымен қазақтың жерін, табиғатын, елін, ел басшылары мен батырларын, ақын-жазушыларын, салт-дәстүрін мақтан тұта жырлайды. Қазақтың тілі мен дүниетанымының биіктігін («байқасан қазақтың өзінде бар, дүниенің генийлігі, пайғамбары») суреттейді. Даланы ол қалаға қарсы қойып, оның у-шуын, адамдарының дала адамдарындай кенпейіл еместігін, жіктелушіліктің молдығын, әділетсіздікті ашып көрсетеді. Сірә, қаладағы өмірін оқу іздеп, үнемі жолы сәтті болмай, көп қиыншылықпен өткізген Сұлтанмахмұттың қала туралы әсері жақсы болмаған болуы керек, ол көбіне даланы баса айтып, тіпті оның көрер көзге оғаш кертартпа әдет-салттарын, емші бақсы-балгерлеріне, «қайырымды байларына» шейін асыра мақтап жіберетіні көзге шалынбай қалмайды. Сонымен бірге қала ақынының аузымен

<sup>51</sup> I-том, 131-б.

<sup>52</sup> Сонда, 119-б.

ауылдағы алауыздық, барымтаның, партияның күштілігі, ғылым-өнер жоқтығы сыналады. Жер мен бай күштінікі екені ашылады. Қала өнерін, білімін, келешегін мақтан тұтады. «Айтысты» мансұқтаушылар кезінде оның «феодалдық ескілікті мақтауын» тіпте тиек етті. Алайда бүгін көне дәстүрлерімізді жаңғыртып, еліміз бен жеріміздің байлығына өзіміз ие бола бастаған тұста, елдік пен оны қорғау дәстүрлерін қайта қарап жатқан кезімізде, «Айтысты» қайта оқу, оны бүгінгі керетімізге жарату әбден орынды болмақ.

Сүйемін туған тілді — анам тілін,  
Бесікте жатқанымда берген білім.  
Шыр етіп жерге түскен минутымнан  
Құлағымә сіңірген таныс үнім.  
Сол тілмен шешем мені әлдилеген,  
Еркелеткен, «құлыным», «жаным» деген.  
Сол тілменен бірінші білгізілген,  
«Ана» деген сүйгендік сөз әніменен<sup>53</sup>.

деген жолдар бүгін қалай актуальды естіледі! «Айтыс» — қазақтың ұлттық психологиясынан туған, соны жырлайтын шығарма. Нағыз поэзия қашанда әуелі халқына, ұлтына, сол арқылы адамзатқа қызмет етпек. Өйткені ол адамды сүйеге, болашаққа сенуге үйретеді, «Айтыстан» алатын тағлым да осындай. Мұнда да адал, шыншыл, ізденімпаз, драмалық шиеленіске толы, қуаныш-қайғысы аралас ақын тағдыры суреттелген.

«Адасқан өмір» (1918) поэмасының да негізгі сарыны — қоғамдағы әділетсіздіктің, теңсіздіктің себептерін ашу және теңдік жолын іздеуге талпыну. Сұлтанмахмұт бұл поэмасында жалпы қазақ ауылындағы әлеуметтік теңсіздіктің шеңберінен шығып, бүкіл капиталистік қоғамға тән әділетсіздіктер жайын қозғайды. Сол қоғамның іріп-шіріп, азындап бара жатқан белгілерін танып, адам баласының қанаудан құтылып, өз еңбегімен күн көретін, өз талантың халық игілігі жолына жұмсайтын кезін — бақытты өмірді аңсайды.

Поэма 1918 жылдың аяқ кезінде жазылған. Бұл кезде ақынның туған жерінде Колчак үстемдік құрып, Ресейдегі капиталистік монархтық қоғамдық құрылысты сақтап қалу үшін күрес жүргізіп жатқан болатын. Сұлтанмахмұт ескі қоғамның негізі шіріп біткені, оның қайта жасауға мұршасы жоғын батыл көрсетеді.

Поэма бес бөлімнен тұрады. Бұлардың бірі — адамның сәби шағын, екіншісі — жігіт шағын, үшіншісі — ұлғайған, тоқтаған

кезін, төртіншісі – көрілік кезін, бесіншісі – өлген мезгілін суреттейді. Адам өмірінің барлық кезеңін суреттеу арқылы акын өмір сүрген қоғам жағдайындағы адам тағдыры жайлы философиялық ой түйеді.

Поэма лирикалық кейіпкердің атынан баяндалады. Лирикалық кейіпкер өзінің туған күнінен бастап, өлгенге шейінгі өмірін әңгімелейді. Өмірде не көрді, әділеттілік пен әділетсіздік қайсы? Оны тулырып отырған жағдай қандай? Акын осы сұрақтарға жауап іздей отырып, капиталистік қоғам кезіндегі адамның өмір сүру жағдайларын жан-жақты ашып береді.

Адам өмірі уайымсыз, қайғысыз, кіршіксіз таза сәбиліктен басталады. Ол кезде бала алдау, арбау, қайғы, дос, қас, бай, кедей, орыс, қазақ дегендердің ешқайсысын білмейді. Оның ұғымын кеңейтетін, тәрбие беретін – орта, қоғам шындығы.

Мен сыйлар деп, дүние, келдім, міне,  
«Бір жас» деп есігіңнен ендім, міне,  
Мен азатпын, мен ақпын, мен өсемін,  
Не қылсаң да басымды бердім, міне.

Кім біледі, қоярсың еркімді алып,  
Кім біледі, қоярсың көркімді алып.  
Кім біледі, бұл ерік, бұл көріктің,  
Жоғалғанын білмесің қайда қалып<sup>54</sup>.

Поэманың лирикалық кейіпкері өмірге осындай ұғым-түсінікпен, күдікпен келіп кіреді. Жігіт болып ес жиған кезде де ол өз ортасынан ыңғайлы көсіп, өз өмірі мен халық мүддесін қабыстыратын пайдалы жол таба алмайды. Ол бай болуды да, өкім, әскер басы, ғалым болуды да тандап, байқап көреді. Бірақ осының ешқайсысынан өз басына қажет азаттық пен әділеттік таппайды. Сөйтіп олардың бәрінен бөзіп шығады.

Акын кейіпкердің аталған жолдарды тандаудан бас тарту себебін қоғамдық әділетсіздік фактілерімен дәлелдейді. Бұның бәрі адал еңбек жолы емес, алдамшылық жолы деп түсінеді.

Жоқ, байымас бұл күнде адал еңбек,  
Біреу байыса, біреулер кедейленбек.  
Кімде-кім тез байыса қолына ағып,  
Кім кедей болса, соның малы келмек.

Несі бақыт алдап ап, арбап алып,  
Өз малын өздеріне қайтып бермек.

<sup>54</sup> Сонда, 166-167-бб.

Көз жасы, бишараның маңдай тері,  
Жиылып, байытпай-ақ қойсын мені.  
Мал біге ме, адамды малдай қылмай,  
Малдан басқа көрмейтін дәнеңені<sup>55</sup>, –

деген ой оны байлықтан безіндіреді.

Хәкім болсам, елді аузыма қаратсам, «Максаты бір-біріне қайшы топты бауыр ғып, тату өмір сүргізем», – деп ойлайды ол. Бірақ мұның да ретін таба алмайды.

Өмірдің бұл түрінде ешбір өкім  
Мүмкін емес әділдік қылуға елге.  
Себебі: тастап өкім бола алмайды,  
Байлар мен молдалардың сөзін жерге  
Күшті таптың ыңғайын қылмасқа жоқ,  
Мүбәда өкім болсам егер мен де.  
Бір сағат та қыла ма, мені өкім,  
Болыса бастасам мен күші кемге<sup>56</sup>, –

деп ойлап, өкімдік бақыт емес, ол байларға малай болу, бұл – қорлық деп, бұдан да бас тартады.

Бұдан кейін әскер басы, қолбасшы болуды ойлайды. Бірақ капиталистік қоғамда бұ да бақыт емес:

Найзаның күшіменен жанған бақыт,  
Бір кезде найза ұшында өшпеске жоқ<sup>57</sup>.

Соғыс – акын ұғымында, жазықсыз қан төгу. Поэманың бұл бөлімінде ол капиталистердің байлығын молайтуға империалистік соғыстың қалай көмектесіп жатқанын жазды.

Керек-жарак бәрі де қымбаттанар,  
Соғыстың шығындарын елге салмақ.  
Мұқтажлық халдерінен пайда алуға,  
Бір жақтан саудагерлер салар қармақ.  
Соғыс болса жауғандай көктен алтын,  
Капиталист, байларға әдейі арнап.  
Бас көтерер еркегі соғыста боп,  
Шаруа істелмей, кедейлер мұқтажданбақ.  
Көкпен жауып тұрғандай онай жолмен,  
Байларға сол мұқтаждың малы бармақ<sup>58</sup>.

<sup>55</sup> Сонда, 169-170-бб.

<sup>56</sup> Сонда, 171-б.

<sup>57</sup> Сонда, 172-б.

<sup>58</sup> Сонда, 173-б.

Лирикалық кейіпкердің соңғы арманы – ғалым болу. Ол адам ауру көрмей, қартаймайтын болса, мал қыратын ауруларды да емдесем деп қиялдайды. Бірақ ол адам қанайтын қоғамда ғылымның табысы халық игілігіне аспайтынын ескере отырып, бұдан да безіп шығады,

Бірақ бүгін ғылымның тапқандары,  
Пайдасын көрсеткен жоқ келдейге әлі.  
...Бұл қалыпта ғылымды пайдалы деп,  
Алғыс айтып тұрған жоқ жанның бәрі<sup>59</sup>.

Жігіт боп қоғамға кіріп, кәсіп таңдағанда осының біріне тоқтамаған лирикалық кейіпкердің ой-түйіні, ең алдымен, әділ қоғам іздеуге саяды. Мұны ол «негізгі іс» деп атайды.

Ендеше мен жабысам негізгі іске,  
Әділдікте – бар негіз, бақ та, күш те.  
Қарғаймын әділдіктен басқа жолды,  
Өңім тұрсын, кірмесін түнде түске<sup>60</sup>, –

дейді.

Поэманың кейіпкері іздейтін ендігі жол қандай болмақ? Оны табу жолында кейіпкер не істеу керек? Бұл мәселе Сұлтанмахмұтты қатты ойландырады. Ол өзінің ендігі өмірін осыған арнауға серт береді.

Бар адам жерден тамақ алмақ үшін,  
Жиылып бірге күшін салмақ үшін,  
Бірі еңбек қыл, бірі оны жатып жемей,  
Тел-тегіс бұл жұмысқа бармақ үшін...  
Әділдік, ұлт деген сөз, дін деген сөз,  
Залымлық жем болмауға қармағы үшін.

Істелер мұнан былай менің ісім,  
Жұмыссыз сол ниетте барлық күшім.  
Мен ғашықпын көруге әділдікті,  
Тегіс қылып көркейткен өмір түсін<sup>61</sup>.

Сұлтанмахмұт өзі аңсаған әділет жолы – адамзатқа теңлік әкелетін, шын бақытты өмір алда деп үміттенеді. Оның өз ұғымындағы сипатын береді.

<sup>59</sup> Сонда, 174-б.

<sup>60</sup> Сонда, 176-б.

<sup>61</sup> Сонда, 176-177-бб.

Ол өмірде бірді-бір алдау болмас,  
Жағынып арды ақшаға жалдау болмас.  
Ешкімнен достық таппай, қастық көріп,  
Бар адамды сайтан деп қарғау болмас.  
Қара күшпен жеңіліп, қайғы басып,  
Өлгісі кеп, өмірден зарлау болмас.  
Адамдағы сан қуат, тапқыш талант,  
Гүл шашпай, жеміс бермей қалмау болмас.  
Әкіммін, құдайшылмын, әскермін деп,  
Еңбексіз еңбекшілді жалмау болмас.  
Не кәрілік, не бір апат келген күні,  
Көшеде қайыршы боп сарнау болмас.  
Бір тілім нан алуға байды мақтап,  
Жалынып тұс-тұсынан андау болмас.  
...Таудай үміт хәм талап орындалар,  
Еш еңбек бұл күнгідей жанбау болмас.  
Жұмысқа кем көзбенен қарау болмас,  
Жұмыссыздық қорлық деп санау болмас.  
Жұмысшылық құлға қас, бір мырза деп,  
Еңбекшінің еккенін талау болмас.  
Мен аз деймін көруге осы өмірді,  
Келіндер бақ іздеуші, болсан жолдас<sup>62</sup>.

Сұлтанмахмұт аңсаған әділ қоғамның белгілері социализмге жақын келетінін аңғару қиын емес. Бұл – оның шығармашылық жолындағы ірі табысы.

Поэманың соңғы бөлімдерінде («Мен тоқталдым», «Мен кәрі», «Мен өлік») Сұлтанмахмұт адам өмірінің осы кезеңдеріндегі ерекшеліктеріне, оның қоғаммен байланысына, өмір ағымындағы орнына көңіл бөледі. Оның кейіпкері жасы ұлғайған, тоқтаған шағында да әділдік жайындағы ойын қайталайды. Бұл өмірде әділдік таппаған ол о дүние бар болса, онда да осы күресін тоқтатпайтынын айтады. «Бай жағы жүз мың болса, келдей – жаңғыз, қорықпай жалғыз жақта қалар едім», – дейді. Кейіпкер әрекетінде өзінің күреспен өткен өмірін шолу, ойлану басым.

Поэманың бұл бөлімдерінде Сұлтанмахмұт адамның қоғамнан «қартаймайтын, өлмейтін орын табуын» сөз етеді. Бұл – өз заманында қоғамға, келешекке пайдалы іс істеп, өлмес атағынды қалдыр деген сөз. Лирикалық кейіпкер өз дәуірінде мұндай бақытқа жете алмайды. Ақын осы негізде қоғам мен адам арасындағы қайшылықты ашады. «Мен кәрі» бөлімінде ол «жұрт үшін еткен қызмет, еңбегім жоқ», «тым болмаса, қалмады-ау ешбір



ісім, мені айтып жұрт сағынып шөлдегендей» дегенді айтады.

Бұл бөлімдерде адам өмірінің кәрілікпен байланысты өзгерісін ақын шеберлікпен суреттейді.

Жалпы алғанда, «Аласқан өмір» – ескі құрылыс жағдайында іздеген бақытын таппаған адамның трагедиялық күйін шебер суреттеген, одан құтылудың жолын аңсап, болашақ әділетті қоғамның сипаттарын бейнелеген терең мағыналы туынды. Ақын осы негізде адам өмірінің адашушылық себептерін, оның өмір сүріп отырған қоғамымен бітпес кайшылыққа келуін ашады. Адам өмірінің мән-мағынасы жайлы философиялық ойлар түйеді.

«Кедей» поэмасы (1919) да осы үлгідегі қазақ кедейінің сыры мен мұны. Онда да лирикалық кейіпкер өз басынан кешкен өмір өткелдерін әңгімелеп, өз бақытын таба алмай қиналады. Ауыл кедейінің тағдырына әсер етіп жатқан әділетсіздіктің көріністерін ақын жан-жақты ашып суреттейді. Ол бай малын бағып, жалшылықта, қорлықта өткен өмірін, қалаға барып өндірістің ауыр жұмысына жегіліп, тапқаны тамағына жетпей қинағанын еске алады. Мұның бәрін ақын нақты сурет арқылы ашады. Осыдан үмітсіздікке түскен кедей тағдыры, өмір қайшылықтары жайлы ойланады. Өзін бай баласымен салыстырып, екі жағдайда екі түрлі өмір кешкен адамдар тірлігіндегі әділетсіздікті көреді.

Анау Жақып сән түзеп сауық құрған,

Құрдасым емес пе еді бір күн тұған.

Мен тұғанда табылмай қара сабын,

Ол тұғанда иіс сабын тәнін жуған<sup>63</sup>.

Мұндай әлеуметтік сұрақтарды түсінуге Сұлтанмахмұт келейі дайын емес. Ол әділетке жету жолын білмейді. Соған қарамастан ескіліктен, әділетсіздіктен шығысып, өз ортасынан бөлініп шығады. «Жүрегімді белгісіз нәрсе қысып, шақырып тұр, мінеки кеттім сонда» дейді. Оқуды мақсұт тұтады. Поэма әділет жолын көп іздеген Сұлтанмахмұттың да өз заманымен сиыса алмай, алдан жана өмір күткенінің белгісі сияқты.

Сұлтанмахмұттан қалған мұра біздің ұлттық әдебиетіміздің жана кезеңінің – XX ғасырдың басындағы дәуірдің шындығын, қоғамдық ой-пікірдің дамуын түсінугіміз үшін аса маңызды. Ұлы ақындар пікірі қашан да ойды қозғайды, жанға азық береді, пікірге талғам дарытады. Бірақ оны түсіну де оңай бола бермейді. Сол сияқты біз де Сұлтанмахмұт өмір сүрген, ол жырлаған заман шындығын бірден түсіне алмай, көп аластық. Ақынның ортасын, оның неге сол ортамен өкпелескенін, алысканын жете ұқпалдық.

<sup>63</sup> Сонда, 192-б.

Ендігі мәселе – осыларды саралап қарауда, түсінуде. Оған Сұлтанмахмұттың өз шығармалары, әсіресе, олардың осы күнге шейін жарияланбаған бөлігі көмекке келмек.

Сұлтанмахмұттан қалған мұра әр салалы. Онда лапылдаған от сезімді лирика да, автордың сыншылық тенденциясын айқын танытатын қуатты эпикалық туындылар да, өз заманының сыншылық ой-пікіріне үн қосқан макалалар мен очерктер де мол. Мұның бәрі қазақ әдебиеті ұлт тағдырын тілге тиек ете бастаған заманда әдебиет жанрларының туып жетіле бастағанының куәсі. Сұлтанмахмұт – әдебиетіміздің бұл саладағы ізденістеріне, сондай-ақ реализмге жетілуіне үлкен үлес қосқан ақын. Оның реализмі бұлтасыз, жалтақсыз айтылған шындыққа, әлеуметтік тіршіліктің шынайы суреттеріне негізделген. Оның тенденциясы да сыншыл.

Сұлтанмахмұт – өз бетімен ғажап көп оқыған және ғылымның әралуан саласынан хабардар қаламгер. Сонау ескі Египеттің фараондарынан бастап Николай, Вильгельмдермен, Шығыс, Бонапарт жорықтарымен, ғылымда үлкен жаңалықтар ашқан Эдиссон, Луи Пастер еңбектерімен оның таныс болғандығы шығармаларынан айқын көрінеді. Жалғыз өз халқы немесе кітаптарын көп қарастырған орыс, Еуропа елдері ғана емес, жалпы Шығыс, әсіресе Қиыр Шығыстағы Жапон елінің даму тарихы жайлы жазғандары да қатты таңдандырады.

«...Тегіс жұмыла іске кіріссек, 20-30 жылда Еуропаның білгенін біліп, Еуропа қатарына қосылып кете алуымызға тарихтан жапондар мысал бола алса керек. Мұнан 58 жыл бұрын 1860 жылдағы жапондар жайының осы күнгі біздің қазақтың жайынан неменесі артық еді? Жапондар осындай халінен 35-40 жылда ержетіп, Еуропа халіне келді... Әрине, жапондар осы халіне Еуропаның пісулі аспай даяр өнерін алумен жылдам жетті. Біздің де солай жетуіміз үшін тегіс жұмыла үйренуіміз керек. Солай болған соң мектеп, медресе, газет, журнал, кітаптарымыз көбейіп, Еуропалағы адам баласының ауыр күнкөрісінен құтылып, бақытты болуына себеп болатын ғылымдарды үйрете беру керек», – деп жазды ол өзінің «Социализм» атты мақаласында<sup>64</sup>.

Замандастарының айтуынша, ол өмірінің соңғы шағында Маркс пен оның жолын қуушылар еңбектерін ден қоя оқыған. Демек, сол кезде Ресейге кен тараған қоғамдық, әлеуметтік әдебиеттермен Сұлтанмахмұттың таныс болғаны даусыз. «Аласқан өмір» поэмасындағы әлденеше шумақтар, кейбір жолдар да бұған дәлел бола алады. Поэмада келтірілетін капиталистік, социалистік қоғамдардың принциптерін Сұлтанмахмұт өз басынан ойлап

<sup>64</sup> С. Торайғыров. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-т., – А., 1993, 158-б.

шығарған жоқ, сол қоғамдар туралы жазылған әдебиеттерді оқуының нәтижесінде тапты.

...Жоғалсын бұл «сенікі», «менікілік»,  
Осы ғой адамзатты қырған індет, —

дегенде ол социализм принциптерін уағыздайды. Бірақ Сұлтанмахмұт социализмі кітаптан оқыған күйінде қалды. Сұлтанмахмұт шығармаларын жинау, бастыру, зерттеу ісін де ұзақ тарихы бар. Бұл үлкен істің басында Жүсіпбек Аймауытов сияқты ұлы жазушымыз тұр. Ол 1927 жылы 15 карашада Мәшһүр-Жүсіпке жазған хатында «Сұлтанмахмұт сөздерін былтыр түгел жинап, үлкен кітап қылып, баспаға бергенмін. Одан «басылады» деген хабар алып отырмын», — деп жазыпты<sup>65</sup>. Алайда кітаптың жарық көруін тағдыр Жүсіпбекке жазбады. Ол 1933 жылы ғана Жүсіпбек жазған алғы сөзбен, түсініктерсіз жарық көрді. Одан бергі дәуірде Сұлтанмахмұт шығармалары бірнеше рет басылды. Оны зерттеу саласында Б.Кенжебаев, Ы.Дүйсенбаев, Д.Әбілев, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Т.Әбдірахманов, Ш. Сәтбаева, Қ.Шәменов, А.Еспаμβетов сияқты әдебиетшілер елөзір еңбек етті. Қазіргі ұлттық әдеби мұраға деген жана көзқарас қалыптаса бастаған тұста Сұлтанмахмұт шығармалары толықтырылып қайта басылып, зерттеле бастады.

Ол XX ғасыр басындағы демократтық әдебиеттің ірі өкілі болып табылады.

## СӘБИТ ДӨНЕНТАЙҰЛЫ (1894 – 1933)



Сәбит Дөнентайұлы 1894 жылы бұрынғы Семей губерниясы, Кереку уезі, Ақсу болысының төртінші ауылында (қазіргі Павлодар облысы, Ақсу ауданы, Құркөл ауылы) туған.

Алғашқы білімді ел арасында Дөнен молда атанған, мұсылманша сауатты болған әкесінен алады. Анасынан жеті жасында жетім қалған Сәбит еке тәлім-тәрбиесінде болады. Әкесі ауыл молдасынан хат танытып, білім алу жолын нұсқайды. 1907-1908 жылдары Маралдыдағы болыстық медреседе Троицкідегі Уазифа медресесін бітірген Нұрғали молдадан білімін ұштайды. Жәдитше оқығуды ұстанған Нұрғали молда Сәбиттің түрлі пәндерді (тарих, жаратылыстану) игеруіне, көркем әдебиеттермен танысуына ықпал етеді. Болыстық мектепті аяқтаған соң 1910-1911 жылдары Павлодарға жақын жердегі Мұхамедсалық медресесінде оқиды. Білімін жетілдіре жүріп әрі сол медреседе екі жылдай төге оқумен бала оқығайды. 1912 жылы Павлодар қаласының жанындағы Қасым қажы Ертісбаевтың медресесінде ғылым-білімін тереңдетеді. Жәдитше білім алып, өзіндік ізденістерге бет бұрады. Қазак, татар тілдеріндегі газет-журналдарды оқып («Айкап», «Қазақ», «Шора», «Уақыт»), көркем әдебиет үлгілерімен танысады. Қолы бос уақытында Павлодар қаласына барып орысша да оқиды. Оқу-білімге, ақындық өнерге деген ынта-жігері артып, ұлттық сөз өнерінің асыл үлгілерінен, Абай мұрасынан нәр алады. Шығыс, орыс-татар классикалық әдебиетінің шығармаларымен танысады. Ақындық танымы, эстетикалық талғамы ұшталып, алғашқы өлеңдерін жазады.

<sup>65</sup> Социалистік Қазақстан, 1990. 1 мамыр.

Шығармалары «Айқап», «Қазақ» басылымдарында жарияланды. 1915 жылы С.Дөнентайұлының Уфа қаласында Қасым қажы Ертісбаевтың қаржылай көмегімен «Уақ-түйек» атты өлең жинағы жарық көреді.

1913-1916 жылдар аралығында Павлодар уезінің Ұрық болысы мектебінде сабақ береді. Жазғы демалыс кездерінде Омбы, Павлодар қалалары мен төңірегіндегі елді мекендерді аралайды. Ақын әлеумет тұрмысымен етене танысады, халық өмірінің тыныс-тіршілігін шынайы ұғынады. Бұл жылдар ақын өмірінде өзіндік із қалдырды. Атап айтқанда, 1916 жылы Сәбит Екібастұз өндірісіне келіп, қара жұмыс істейді. Екі айдай жұмыс істеген соң зауыттан шығып, Павлодарға келеді. Жамантұздағы пошта қызметіне орналасады. Тамыздан қазан айына дейін Павлодар – Баян арасында почта айлаушы болады. Қазан айында майданның қара жұмысына алынады.

1917 жылы Латвияның Рига қаласында құрылыста бір жылдай жұмыс істеген соң туған жеріне оралады. Осы жылы Семейдегі мұғалімдік курста оқиды. 1917 жылғы Ақпан төңкерісін ақын халықтың ғасырлар бойғы отарлық езгіден құтылып, шын мәніндегі азаттыққа жеткен күні деп біледі. «Азаттық күні» («Бостандық») өлеңі сол бір тарихи кезеңде жазылған еді.

С.Дөнентайұлы Алаш қайраткерлерінің ұлт азаттығы және жеке автономия алу жолындағы саясатын қолдап, «Сарыарқа анамызға!», «Адаспасбыз» өлеңдерімен мұрат-мақсат бірлігін танытты.

1917-1918 жылдары Сәбит «Абай», «Сарыарқа» газет-журналдарының ісіне белсене араласады. «Сарыарқа» газетінде экспедитор қызметін атқарады. «Абай» журналында «Бозторғай», «Абайға» өлеңдері, «Қазақ әйелдері туралы» мақаласы жарық көрсе, «Сарыарқа» газетінде «Қаулы», «Сарыарқа анамызға», «Той» өлеңдері басылды. Ал «Алаш» газетінде «Азаттық күні» («Бостандық») өлеңі жарияланды. «Жас азамат» (1918-1919) газетінде «Кәрі батырға» өлеңі жарық көрді.

1919-1920 жылдар аралығында Сәбит оқу-ағарту, қоғамдық жұмыстарға араласып, Ақсу болысында мұғалім, 1920-1922 жылдары Қаныш Сәтбаевпен бірге Баынауылда халық соты болып қызмет атқарады. 1922 жылы губерниялық «Қазақ тілі» газеті редакциясының шақыруымен Семей қаласына барады. Газет жұмысының жандануына Ж.Аймауытұлы, тағы басқа қаламгерлер қатарында өзіндік үлес қосады. Газеттегі қызметіне қосымша Семейдегі Қазақстанды зерттеу қоғамы мен қазақтың пролетариат жазушылары ұйымының бөлімшесіне мүше болып, қоғамдық істерді де қатар жүргізеді.

Ақын 1926 жылы 26 мамырда «Қазақ тілі» газеті тілшілерінің

сілтіне қатысып, «Ауыл тілшілері және олардың алдағы міндеті» деген тақырыпта баяндама жасайды. 1929 жылы ҚазАПП ұйымына мүше болып қабылданып, Қазақстан жазушылар ұйымының Семейдегі облыстық бөлімшесіне басшылық етеді. Денсаулығының нашарлауына байланысты 1930 жылдың мамырында газеттен қол үзіп, Бесқарағай ауданының орталығы Беген ауылында мұғалімдік қызметке кіріседі. 1931 жылы Семей қаласына қайта келіп, «Қазақ тілі» – «Жаңа ауыл» газетінде қызмет атқарады.

Сәбит Дөнентайұлы 1933 жылы 23 мамырда Семей қаласында ауырып қайтыс болды.

\* \* \*

С.Дөнентайұлының өмірі мен шығармашылығын қарастыру, зерттеудегі алғашқы ізденіс «Абай» журналында жарияланған М.Әуезов пен Ж.Аймауытовтың («Екеу») «Абайдан сонғы ақындар» мақаласынан (1918) бастау алады. Олар Абай дәстүріндегі ұлттық поэзияның тақырыптық-идеялық, көркемдік-эстетикалық үрдісіне тән басты сипаттарды екішеп, сол тұстағы қазақ ақындарын бірнеше жікте саралайды. С.Дөнентайұлы шығармашылығын халықтық (народник) ақындар қатарында қарастырып, поэзиясының негізгі ерекшелігі мен шеберлік қырларына қатысты: «Халықшыл ақындардың ішіндегі алдыңғы қатардағы Сәбит. Сәбиттің өлеңі қысқа, дәмді, аз сөзге көп мағына сыйғызыпш. Сөзді ойына құл қылған, тілі тегті, дәл келеді. Сәбит өлеңінде көңілге шақ еткізе түсіретін тапқыштық, салыстырғыш, сыншылдық, аса терең болмаса да төрт тағандап түсетін нығыздық бар. Мысалы: «Әр жан, әр түрде», «Той», «Азаттық күні», «Жаңа жылға» әм басқалары сықылды. Өлеңдері сұлулығы, ұғымдылығы, тілге жеңілдігі, тәттілігімен қандай нәдан адамның болсын көңіліне қона кетеді. Сөзге еркін, бай екендігіне хаттап тізген өлеңі дәлел»<sup>1</sup> деген пікір білдіреді. 1919 жылы «Трудовая Сибирь» (Омбы) журналында басылған «Киргизская литература» мақаласында С.Садуақасов ақын шығармашылығы туралы: «...Из числа четырех последних резко выделяется поэт-народник С.Донентаев. Стихи его чисто киргизского духа и в них чувствуется сильная национальная струя. По стройности рифмы и гармоничности слога, по своему глубокому содержанию и, наконец, по поразительной меткости стихов Донентаева находят себе равных только в произведениях отца народной поэзии Байтурсунова и нежного лирика Жумабаева»<sup>2</sup> деп өлеңдерінің ұлттық сипатын баса көрсетеді.

<sup>1</sup> М. Әуезов, Ж. Аймауытов. // Абай, 1993. № 5, 48-б.

<sup>2</sup> С. Садуақасұлы. Шығармалар жинағы. 1-т., – А., 351-б.

XX ғасырдың 20–30-жылдары әдеби мұраны игеруде және ақын-жазушылар шығармашылығын тануда маркстік-лениндік әдіснама талабынан туындаған қате теориялар орын алды. Көркем шығарма құндылығы суреткердің ұстанған саяси бағытымен, таптық танымының партиялық қағидаға қаншалықты үйлесуімен бағаланды. Ұлт әдебиетін танудағы мұндай тұрпайы социологиялық талдау үрдісінен Сәбит шығармашылығы да тыс қалмады. А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабайұлы, Ғ.Қараш, С.Торайғырұлы, М.Әуезұлы, Б.Күлейұлы сынды алашшыл қалам қайраткерлері қатарында С.Дөнентайұлы шығармашылығы да «ұлтшылдық» әдебиет өкілі тұрғысынан қарастырылды.

Ақын өлеңдері 1930 жылдан бастап мектеп оқулықтарына, хрестоматияларға енгізілді. С.Мұқановтың кіріспе мақаласымен Қазақстанның 10 жылдығына арналған жинақта Сәбит өлеңдері де басылды (1930). М.Әуезов құрастырған, орта мектептің 6-сыныбына арналған әдебиет хрестоматиясында (1937) «Замандастар», «Драмашыға», «Біздің қолхоз бөйге алды», «Ерікті Айша», «Бай мен комсомол» өлеңдері жарияланды. Сонымен қатар Е.Ысмайыловтың 9-сыныпқа арналған қазақ әдебиеті хрестоматиясында (1942), Т.Әбдірахмановпен Қ.Жармағанбетовтің жоғары оқу орындарының студенттеріне арнап құрастырылған XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті хрестоматиясында (1959), XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының шығармалар жинағында (1963) С.Дөнентайұлының шығармалары берілді. Ақын өлеңдері орыс тіліне де аударылып, 1958 жылы Мәскеуде жарық көрген «Антология казахской поэзии» атты жинаққа енді. Осы жылы орыс тілінде таңдамалы жинағы жарық көрді. Сондай-ақ «Бес ғасыр жырлайды» (1989), «Ай, заман-ай, заман-ай...» (1991), «Қазақ поэзиясының антологиясы» (1993) жинақтарында бірсыпыра өлеңдері қамтылған.

С.Дөнентайұлының 1915 жылы Уфа қаласында «Уақ-түйек» атты алғашқы өлең жинағы жарық көргені жоғарыда айтылды. Содан кейін, 1935 жылы ақын жинағы «С.Дөнентаев өлеңдері» деген атпен Қазақ көркем әдебиет баспасынан шықса, араға он бес жыл салып, 1950 жылы өлеңдер жинағы жарияланды.

1957 жылы ғалым Е.Ысмайыловтың «Сәбит Дөнентаев» атты көлемді зерттеу мақаласымен ақынның толық шығармалар жинағы жарық көрді. Мұнда ақын мұрасы жан-жақты қамтылып, өлеңдері мен әңгіме, очерк, фельетон, мақалаларына түсініктемелер берілді. Соңғы жылдары С.Дөнентайұлының «Бозторғай» (1989), «Ұрпағыма айтарым» (1989) деген атаулармен жинақтары жеке кітап болып шықты.

Ақын мұрасын, шығармашылығын арнайы зерттеу мәселесін алғаш ғылыми негіздеген Е.Ысмайылов болды. Әдебиетшінің «XX

ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті» атты оқулығында (1941, 1943, 1946) күрделі кезең әдебиетінің даму үрдісі жүйелі қарастырылды. Ғалым XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін «Сыншыл реализм» және «Демократияшыл әдебиет» деп жіктеу арқылы белгілі ақын-жазушылар шығармашылығын жан-жақты саралап, олардың әдеби мұрасын дұрыс бағалауда құнды пікір білдірді. Еңбекте С.Дөнентайұлы шығармашылығына жеке тарау арналып, толық өмірбаяны жазылды. Поэзиясының басты сипаты, ақындық даралығы, қазақ әдебиетінде алар орны айқындалды.

Көрнекті ғалым Б.Кенжебаев та С.Дөнентайұлы шығармашылығын зерттеуге өзіндік үлесін қосты. «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары» (1958) деген еңбегінде Сәбит мұрасын ағартушы-демократ ақын-жазушылар қатарында талдап, әдебиет тарихында алар маңызын негіздеді.

С.Дөнентайұлы өлеңдерін жариялау ісіне ақынның туған қызы Сәулет Сәбитқызы да хал-қадерінше үлес қосты. Атап айтқанда, «Ұрпағыма айтарым» (1989) атты ақын жинағын құрастырып, баспаға әзірлеген болатын.

Ақын есімін ұрпақ зердесінде қалдыру мақсатында туған ауылы Құркөл орта мектебіне Сәбит Дөнентайұлы аты берілді.

\* \* \*

«Біздерде жігер, намыс бар ма, қазақ?» деп отаршылдық езгідегі халқының ұлт намысын қайрап, ел мүддесін мұрат тұтқан ақын С.Дөнентайұлы мұрасы XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің айтулы өкілдері қатарында айрықша орын алады. Акалемик С.Қирабаевтың: «Ахмет пен Міржақып идеясы елді оятты. Алдымен оты бар, ақылы бар жас таланттар оянды. Олар ұстаздарының ісін жалғастырып әкетті. С.Торайғыров, М.Жұмабаев, С.Дөнентаев, М.Сералин, С.Көбеев, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, М.Әуезов сияқты бірін-бірі толықтыра шыққан жастар тобы әдебиеттің жанрлық, тақырыптық ізденістерін байытып, қазақ халқы өмірінің шындығын кең көлемде бейнелеуге жетті. Елдің артта қалушылығын сынап, шеней отыра, отаршылдық езгіге қарсы үн көтерді, тәуелсіздіктің туын биік ұстауға тырысты»<sup>3</sup> деген пікірі ұлт-азатшыл бағыттағы қаламгерлер мұрасының құндылығын, өзектілігін айқындай түседі. Сондықтан да ұлт әдебиетінің көркемдік даму үрдісіндегі осынау өзекті де маңызды тақырыптық-идеялық арна мен ақынның саяси-әлеуметтік лирикасының тығыз сабақтастықта қарастырылуы заңды.

<sup>3</sup> С. Қирабаев. Алашорда және «ұлтшылдық» әдебиет. // Абай, 1998, №2, 15–

Ұлтты ояту, отарлық қыспақтағы ел мүддесі, қазақ халқының азаттығы – Сәбит поэзиясының басты өзегі. Дәуір талабынан туындаған бұл келелі тақырыптарға үн қосқан акын ізденісі әдебиеттегі ұлттық сарынның терең қоғамдық және әлеуметтік сипат алуын да көрсетеді. Бұл ретте әлеуметтік ой-пікірді құлдық санадан арылтуда «Қазақ», «Айкап» басылымдарының қоғамдық маңызы мен ықпалы зор болды. Өз кезегінде Сәбиттің ең алғашқы өлеңдері де халық санасына азаттық пен азаматтық, ағартушылық пен адамгершілік ізгі қасиеттер дарытқан осы басылымдарда жарияланды. М.Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» (1922-1923) зерттеуіндегі: «Жазылған ұсақ өлеңдер, әңгімелер, барлық макалалардың бәрі де қазақты ұйқыдан ояту, сергіту, оқығандарын түзу жолға салу, соларға басшы болу, қазақ ісіне көз-құлақ болуға арналған. Бұл тұтынған жолда «Қазақ» газеті өз міндетін атқарады»<sup>4</sup> деген пікір басылымның саяси-әлеуметтік, қоғамдық өмірдегі атқарған тарихи маңызын айқын танытады.

Ұлттық мүддесін басты орынға қойған басылымдардағы көсемсөз, саяси-әлеуметтік лирика «Оян, тұр, жатпа, қазақ!» – деп халықтың елдігі мен ерлігінің сарқылмас бұла күшіне үміт артты, тың серпіліс берді. Ғасырлар тоғысындағы отаршылдық пен отаншылдық арасындағы бітіспес майданда ұлт тағдыры мен азаттығын сезінуде әр азаматтың жұрт алдындағы өтелуі тиіс парызын парасат пайымына салды. Ал А.Байтұрсынұлының «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген ұлағаты қазақтың жоғын жоқтап, ар-намысын жыртып ақындардың қай-қайсысына болмасын ой салғаны, бойтұмары мен ұстанымы болғаны – тарихи шындық.

Ояну дәуірі ұлт әдебиетіне әлеуметтік, қоғамдық күрделі мәселелерді алға тартты. Дәстүр жалғастығына орай әдебиеттегі ағартушылық, демократтық, гуманистік ой-пікір ендігі кезекте мақсаты айқын саяси күрес сипатындағы ұлттық (Алаш) идеямен жаңғыра түсті. «Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық, зорлығын көріп отырып қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілдету, ауруын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес» (А.Байтұрсынұлы) екенін XX ғасыр басындағы ұлт әдебиетінің озық өкілдері жан-тәнімен сезінді. Сәбиттің «Уақ түйек» жинағына (Уфа.1915) енген өлеңдеріндегі басты арна да ұлттық бірлік, халық қамы және әр азаматтың өз еліне адал қызмет етуі болатын.

<sup>4</sup> М. Әуезов. Әдебиет тарихы. А., 1991, 232-б.

Қызмет көрсет халқына,  
Игі ат қалсын артыңа,  
Діндесінді бауыр тұт,  
Қарамай қазақ, сартына  
Аз нәрсеге мас болып, –  
«Мен пәлен» деп шалқыма,  
Пайдалы басқа өнерден,  
Ұлт керегі дегеннен,  
Жан киналып жолында,  
Бас кетсе де тартынба<sup>5</sup>, –  
(«Замандастар»)

деп жырлаған ақын әлеумет міндетін отаншылдық ілкі қасиетпен сабақтастырды.

Ақын ұлт бірлігін сол халықтың жеріне, еліне ие болуы және жасампаздығының басты қасиеті, өлшемі – бірлік жай ғана тірліктің емес, ұлттың ұлт болып ұйып, асқақтауының да алтын арқауы деп ұғындырады: «Таласты алалықпен тастамасаң, // Бір күні туған жерге айтарсың «кош» Бірлікпен илеу салған құмырсқа да, // Қазағым, ісің оңбас бірікпей қос» («Бірлік»). Сондықтан да Сәбит: «Бірін бастап, бірін тастап, ұлт ісімен ойнама» («Жүрекке») деп, бүгінгі тәуелсіздік талабымен астасып жатқан мәңгілік қағиданы ту етіп көтерді.

Өз дәуірінің ділгір мәселелеріне терең үнілген акын туған халқына «Заман кімдікі?» деген ой сала отырып, «Қазақтың білгендеріне» және «Қазақтарға қарап», «Жер», «Ақыл», «Ой», «Бірлік», «Қайда кеткен?» (өлеңдерінің аты) деп елдік ұстанымды алға тартты. Ұлт зиялыларының саяси күрес жолындағы қайраткерлігіне сенім артқан ақын олардың халық мүддесін көздеген іс-әрекетін қолдау қазақ баласына міндет екенін де терең толғайды.

Сіздердейін кемеңгер  
«Сөзді ұғарлық алам жоқ,  
Не қыламыз» демеңдер  
«Жарық мұнда, жұр» дөңдер.  
Бақытымызға берді Алла,  
Жығылғанын демеі бер,  
Тарт қолынан, ет жәрдем,  
Оттан шықсын күйгендер.  
Оңсын милләт десеңіз,  
Алалықты сүймендер.

<sup>5</sup> С. Дөнентаев. Шығармалар. А., 1937, 38-б.

«Қазақтан шыққан білгендер,  
Халқынды өрге сүйрендер,  
Қазаққа да тулы ай, күн,  
Еңбек кетпес далаға,  
Тузу жетсін мақсатқа  
Арттарынан жүргендер.  
Бұл сөздерді тек көрмес  
Қазағын шын сүйгендер»<sup>6</sup>.

Ұлтын шын сүйген ақын қоғам дертін, дәуір шындығын елдің әлеуметтік мәселелеріне тән барша қайшылығымен суреттеп, замана көшінен кейін қалған халқының қайғы-қасіретіне үнледі. Кешегі текті бабалар қасиетінің өз замандастарының бойынан табылмай азып-тозуына налып, оның басты себебіне және салдарына жауап іздейді.

«Қайда кеткен?» өлеңінде: «Бұрынғы ер жүректі батыр қайда? Түріннен басқа пиғылын ұқсамайды, Өзіннің «адам» деген атың қайда?» – деп адамдықтан, қазақтықтан арылмай, аталар дәстүрінің ерлік жолына деген адалдық, асқақтық ұғымын ұрпақ санасында жаңғырта түседі. Жұмыр жердегі жаһан халқының тіршіліктегі жанталасын айтқанда да бейқам елінің тағдырына күйзеледі, сын көзімен қарайды. Мәселен, ақын: «Солардың арасында жасап тұрып, //Жалғыз-ақ біздің қазақ қарап өлген» («Жер») дейді. Оның тамыры надандық екенін ашық айтады.

Надандық – ұйқыдағы қазақтың азып-тозуы, елдік қасиетінен айрылуы, досқа күлкі, дұшпанға таба болуы еді. «Надандықтан еліріп босқа жүрсек, //Мына заман көрсетер бізге тарлық» деген Шөкәрім, «Бұл ұйқысын ашпаса, //Надандықтан қашпаса, //Басқаларға мазақ тұр», – деп жырлаған Сұлтанмахмұт мұраты да қазағын надандықтан арылтып, адамдықтың жолына салу болатын. Сәбит ақын да «Сонғы сөз» өлеңінде ұлттың оянуға, әлеуметтік серпіндікке, қоғамдық дамуға өз кесір-қесепатын тигізіп отырған надандық деп біледі.

Қазақ, біздің түпке жеткен наландық,  
Надандықтың шентеліне қамалдық.  
Сол еркенің арқасында болып тұр,  
Болса бізде не секілді жамандық.  
Сайлау деген бір жақсы ырыс табылып,  
Бірлік деген белекеттен тазарлық.  
Ұйым болып шын ұмтылсақ ғылымға,  
Не орын бар қазақ бүйтіп азарлық?

<sup>6</sup> Сонда, 40-б.

Лажын тап, надандықтан безудің!  
Бөреселді, әне сонда адамдық<sup>7</sup>.

«Қазақтарға қарап» деген өлеңіндегі шыншылдық пен сыншылдық та ақын мұратын айқындай түседі. Ол – халқының көзін ашу, өмір салтын өзгерту, надандықтан арылу, заманға сай ілгерлеуіне жол көрсету.

Қамалған қараңғыда қалын қазақ,  
Қайратсыз, қамсыз құрып қалдың, қазақ.  
Қарулап, қуатсызды қуаттандыр,  
Құрлан-құр қампитқанша қарын, қазақ.  
Қулардың құлқынына құм құйылсын,  
Қайдағы құлдың қайғырт қамын, қазақ.  
Қайтеді қайырылыссан қарындасқа,  
Қасармай, қақырайып қырын қарап,  
Құннан да, қалірден де қалдың құр қол,  
Құнт қылмай қуып құлқын, құлды қанап.  
Қайғырып, қағып қабақ, қамықпай құр,  
Қимылда, құныңды қу қалағалап.  
Қақпанға қапылыста қақтығарсың,  
Қадамда қикандамай қалақ-қалақ!  
Қауым ең қорқақ қоян, қара қазан  
Қиының қисынар ма күдірет қалап?<sup>8</sup>

Сондықтан да ақын «Жүрекке», «Талап», «Балалық» өлеңдерінде өз замандастарының әлеумет ісіндегі жауапкершілігін, намысын, жігерін, талабын қамшылайды. Ұлт игілігінің ұйтқысы боларлық іске үндейді, ар-ождан тазалығын жоғары қояды. «Сөйтіп ақынның барлық ой-түйіні халықты, жас қауымды өнер-білімге, талапты іске, ұлттық оянуға шақыру болады» деген Е. Ысмайылов пікірі азаматтық парыз ұғымы ел ісін, жұрт жұмысын жұмыла ақтару деп ұғындырған ақын мақсатын дәлелдей түседі. Мысалы, «Жүрекке» өлеңінде елдік үшін бас кетсе де қандай да болмасын қиындықтарға мойымау керектігін айтады.

Шын жыласан,  
Мын сұрасан,  
Жетерсің бір мақсатқа.  
Қарекет қыл,  
Шаманды біл,  
Тек кертіме, аптықпа!

<sup>7</sup> Сонда, 63-б.

<sup>8</sup> Сонда, 89-б.

Көгерме иық,  
 Болма биік,  
 Салып қабақ, ұрғынды,  
 Қайда барсаң,  
 Ойына алсаң,  
 Қор болмассың, жұртыңды,<sup>9</sup> –

дей келіп, «Өлсен бірге өл, //Тар болмас көр, // Ұжданыннан айрылма!» – деген өшпес ұлағат айтады. Ел мен жерге деген Сәбит сүйіспеншілігі де оның азаматтық парыз, қарыз ұғымдарына қашанда терең мән бергенін көрсетеді.

Сәбит ұлтқа қызмет ету қасиеті ұғым, сондықтан да жайдақ сөзден, менменсіген кеудесөздіктен аулақ болу керектігін және қандай да болмасын адамды ақиқат жолынан адастырар азғындықтан, екіжүзділіктен бойды аулақ ұстау қажеттігін «Қайтіп қарғыс алмайсың?», «Ұлтшылға» өлеңдерінде орынды ескертеді.

«Жамандықтың жанынан  
 Жарты шерік қалмайсың.  
 Өзің шыққан ұлтыңнан,  
 Басшы қылған жұртыңнан,  
 Бұл мінез, бұл құлқыңнан  
 Қайтып қарғыс алмайсың?»<sup>10</sup>

Дегенде «ал істейік ұлттың ісін»  
 Атыңның басын тартып кезімдейсің.  
 Әр істі аузың айтып, қолың қылмай,  
 Қай түрмен «елді бастап елім» дейсің.

Өзіңнің қайда жүрсен қарныңды ойлап,  
 Ұялмай жұрттың қамын желім дейсің.  
 Орнына өз ақылың келе алмаса  
 Дірідеп қалшылайсың, безілдейсің.

Әрқашан ақ жүрекпен жұртым десен,  
 Қалайша адал болып сезілмейсің  
 Көңліңне хақ махаббат иең салып,  
 Шын жылап, меллетім деп егілгейсің!<sup>11</sup>

Ақын өлеңдеріндегі үзілмес желі – қазақ қамы, қазақ халі, қазақ бірлігі, қазақ азаттығы. Ғалым Е. Ысмайылов атап өткеніндей:

<sup>9</sup> Сонда, 69-б.

<sup>10</sup> Сонда, 80-б.

<sup>11</sup> Сонда, 87-б.

«...Қазақ халқын, өзінің замандастарын ұлттық оянуға, өнер-білімге, талапты, жігерлі іске шақырады». Мұның бөрі ұлт мұрағы деген қасиетті ұғымды Сәбиттің қаншалықты биікке көтергенін де дәлелдей түседі.

Қазақ халқының отарлық дәуірдегі басты қайғы-қасіреті кір жуып, кіндік кескен жерінен айрылуы еді. «Қазақ ақындарының ел басына түскен зар мен мұңды, туған жердің қайғысын жырламағаны сирек. Барлығы да атамекен қоныстан айрылғанға өкініп зар иледі. Бақытсыздықтың ең үлкені осы деп білді» – деп ғалым Е. Ысмайылов ұлт әдебиетіндегі басты тақырып жер мәселесі болғанын терең байыптайды.

«Сауыр жерден айрылып, //Қазақ елі жұқарды» (Дулат), «Сорлы қазақ қамалып, //Тарылды кен қоныстар» (Шортанбай), «Еділді алса елді алар, //Енді алмаған нен қалар?» (Мұрат), «Жайлау, қыстау жерді алып, //Көңілді қылды жаралы» (Н. Наушабайұлы), «Суырлай іннен шыққан сүмірейіп, //Дарига-ай, мекеннен ел кете ме?» (Н. Орманбетұлы), «Қазағым, жерін қайда атамекен, //Қазақ қазақ болғалы мекен еткен?» (М. Дулатұлы) деген өлең жолдары жер қайғысынан туған жоқтау болатын. Жері жат қолында кеткен елдің мүшкіл халі Сәбит өлеңдерінде де өз көрінісін тапты.

Тұңшығып әлім бітті, есім шықты,  
 Бұрқылдақ жердің кез бол шаңдауына»<sup>12</sup>.  
 «Елн жыртып тақырға,  
 Бейнет кетіп далаға,  
 Қатқыл, тастақ татырға,  
 Құр қол тұрмыз ақырда»<sup>13</sup>.

Ақынның саяси-әлеуметтік лирикасында XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының отаршылдық қысымдағы кескін-келбеті шынайы көрініс тапқан. Атап айтқанда, «Менің жайым», «Заман кімдікі?», «Жер», «Өз-өзіме» өлеңдерінде әлеуметтік өмірдің теңсіздігі, қамсыз қазақтың жоғы мен қайғысы жырланып, заманға сай ілгерілеу қажеттілігі айтылады. Мәселен:

Бір жарым миллиардтан көбірек жан.  
 Шамасы мыннан аса тіл сөйленген,  
 Солардың арасында жасап тұрып,  
 Жалғыз-ақ біздің қазақ қарап өлген!<sup>14</sup> –

бейқамдықты сынап, «Заман кімдікі?» дегенде:

<sup>12</sup> Сонда, 72-б.

<sup>13</sup> Сонда, 81-б.

<sup>14</sup> Сонда, 44-б.

Бұл заман байқағанға күштінікі,  
Азулы, тырнақты мен тістінікі<sup>15</sup>, –

екенін ұғындырып:

Көздің жасын көретін жан болмай тұр,  
Өткен зарын, түкке тұрмай айлаң да,<sup>16</sup> –

деп халық қайғысын жырлайды.

Ғалым Балташ Ысқақовтың: «Алғашқы дәуірдегі Сәбит шығармаларының негізгі бір өзегі осындай өмірден қакқы, қиянат дүниесінен зорлық-зомбылық көрген адам қайғысына құрылған, бұл тақырыпқа байланысты бірқатар өлеңдерінде жеке адамның трагедиясы, мұн-шері, арман-зары, бақытсыздығы не өзі арқылы, не лирикалық кейіпкері арқылы суреттеліп отырады. «О жағым – жар, бұ жағым – ор, алдым – тау» деп шаруашылық жағынан қатты күйзелген қазақ халқының бұл ауыр халін ашына бейнелегенін ақынның басқа өлеңдерінен де айқын көруге болады.

Ашу көп бойлы кернеген, ақыл қайда?  
Тентек боп дүние толған мақұл қайда?  
Досыңнан біреу де жоқ, дұшпан сансыз,  
Бәрі жат жан біткеннің, жақын қайда?<sup>17</sup>

Шын бақ бізден қашып тұр.  
Уыстап топырақ шашып тұр.  
Дәмелі бақ қырсық боп,  
Мол қып қойның ашып тұр<sup>18</sup>.

Адам қайғысын, бойды кернеген ашу мен ызаны ашына жырлау – Сәбит дәуіріне тән бояу» деген пікір Сәбит поэзиясының әлеуметтік сипатына тән басты бағытты танытады.

Сәбит қай өлеңінде болмасын, отаршылдық саясаттан туындаған озбырлықты шынайы суреттеп, содан өрістеп отырған халықтың мүшкіл халін, ауыр тағдырын айтып, елдің ертеңгі күні не болмақ деген ауыр сауалды әлеумет талқысына салады. Мәселен, «Өгей ұл» өлеңінде өмірдің әділетсіз талқысына, ауыр азабына түскен жетімнің аянышты өліміне үлкен әлеуметтік астар дарытады. Ақын жетім бала бейнесі арқылы отарлық қысымдағы

<sup>15</sup> Сонда, 71-б.

<sup>16</sup> Сонда, 75-б.

<sup>17</sup> Сонда, 43-б.

<sup>18</sup> Сонда, 81-б.

қазақ халқының өгейлік көріп отырған шарасыз да мүшкіл халін аңғартады. «Сонан былай оналмай, //Бір саулық күн бола алмай, Айналды бала сырқатқа. //Апшымай-ақ, саспай-ақ, //Жарты жылдан аспай-ақ Бетін бұрды лақатқа» («Өгей ұл»). Ал «Биік тау» өлеңінде отаршыл патша саясін амалсыз паналаған туған халқының шарасыз кейпін, бодандық бұғауында тарылған тағдыр талқысын ой елегінен өткізеді. Асау жүрек лүпілінде ел ертеңіне деген алаң көңіл аласұрады:

Біз келдік биік таудың панасына,  
Жиһанның сыймай сақара даласына.  
Құйын мен жел, дауылдан аман-есен,  
Биік тау, бізді сақтап қаласың ба?  
Тынышты алып төбемізге тас құлатып,  
Әлде өзін тырнағынды саласың ба?  
Келген тау панасына оны қылса,  
От болып есіл жүрек жанасың да!

Ғалым С. Қирабаевтың: «Ақыры биік тау пана бола алмады, төбесіне тас құлатып, тырнағын салды. Қазақ биік жар мен өрттің ортасында қалды. Осындай күйді ашынып жазған ақын ойында қиянатқа қарсы кек сезіледі», – деген пікірі ақын ұстанымын да айқындай түседі.

Ақын бір ғана қазақ ауылының емес, өндіріс орындарындағы қандастарының да ауыр бейнеттегі қилы тағдырға толы күнкөрісін еш боямасыз суреттейді. Бұған «Екбаста», «Түстегі қарлығаш», «Жұмыскердің өкініші» өлеңдеріндегі өмір көріністерін нақты мысалға алуға болады. Кешегі көшпелі қазақ тұрмысының заман ағысымен бірге келмеске кетіп бара жатқаны:

Күн ашық, танадай бұлт аспанда жоқ,  
Өткен күн алты қырлан ассан да жоқ  
Су ішіп өрген жылқы, шулаған қой,  
Көзінді бадырайтып ашсан да жоқ.  
Қотанда ақ таяқты ақсақалды  
Көруге бар ақшанды шашсан да жоқ.  
Бас қосқан көгал жерге мәжілістер,  
Ентелеп аяғынды бассан да жоқ.  
Ауқулап сыыр сауған әйел даусы,  
Дәл бүгін атсан да жоқ,<sup>19</sup> –

деп суреттеледі. Ал күнкөріс қамымен сайын далала сандалған елдің ендігі тіршілігі мынадай жан құлазығар көріністе беріледі:

<sup>19</sup> Сонда, 115-б.



Елде көп отарбамен ағылғандар,  
Сандалып ақылынан жанылғандар.  
Қай жерде жөнді жұмыс кез келер деп,  
Сартылдап, ертенді-кеш сабылғандар.  
Жұмысқа лайығы кетіп жатыр,  
Жөні кеп жұмыс-бейнет табылғандар,  
Далада күрке жетпей күнсіп отыр,  
Киімі бокжамалап таңылғандар<sup>20</sup>.

«Жұмыскердің өкініші» өлеңінде қамсыз қазақ баласының ата дәулетін мaldанып, оқу-білімнен мақұрым қалып, қарекетсіз өткен кешегі күндер бүгіндері басқаға амалсыз құл болуға мәжбүр еткен өкінішке ұласып отырған күйініші ретінде суреттеледі. Мұндай кесірлі істен ғибрат алу керектігін де орынды ескертеді:

Қаншама бермей пайла зарланғаным,  
Хохолға (жер жыртуға) жалданғаным.  
Ағайдан естіп боқтық, май төмпеш жеп  
Күндіз-түн көрмей дамыл, айдалғаным...

Жүрмесем жас күнімде малға сеніп,  
Өнерге ғылым іздеп, болсам жерік,  
Мен мұндай осы халде болмас едім  
Не айла, қолдан кетті ондай ерік.

Салмайтын ғылымға көз, сері неме!  
Жүре бер, бойына құт ләм-мим деме!  
Ала көр менен ғибрат, шырақтарым,  
Кейінгі бала-шаға, жас немере<sup>21</sup>.

Сондықтан да акын жана заман талабына сай ғылым-білімге ұмтылу, өнерлі елдердің өркен жайған мәдениетінен үлгі алу қажеттігін айтады. Ағартушылық идеяларды арқау етіп, қоғамдық дертке ұласқан мәшеулік індегіне ем іздейді. Бұл сарын «Замандастар», «Жер», «Балалық», «Талап», «Жастықта» өлеңдерінің басты өзегі болып табылады.

Акын поэзиясының реалистік сипаты, азаматтық ұстанымына тән асқақтығы қан жылаған қазақ баласының 1916 жылғы мұң-зарын, қайғы-қасіретін және де әділетсіз өмірдің әлеуметтік қиянатқа толы кескін-келбетін терең толғауымен ерекшеленеді.

<sup>20</sup> Сонда, 115-116-бб.

<sup>21</sup> Сонда, 54-б.

Бұл «Түстегі қарлығаш», «Киямет-қайым», «Қайран атам», «Екібаста» өлеңдерінің қуатты арнасын құрайды. «Қиямет-қайым» өлеңінде қамсыз елдің басына нажағайдай түскен патша жарлығы, содан туындаған қияметтен қарапайым халықтың көрген жәбір-жапасы, әділетсіз ел атқамінерлерінің озбырлығы аллегориялық тәсілмен суреттеледі.

Жер екен елет тиген жемтік жатыр,  
Бір кезде көзім түсті сауысқанға.  
Ит пен құс айналасын кемтіп жатыр,  
Айласын ақыл іздеп тауысқанға.  
Осы көп біздің тойға жиналған деп,  
Жанында жанасалап қарлығаш жүр.  
Қанатын қара қарға серпіп жатыр,  
Ұқсайды о да достық ауысқанға.

«Қайран атам» — майданның қара жұмысында жүрген акынның ел мен жерге, аяулы әкеге деген сағыныш сарынында жазылған лирикалық өлең. Баланың әкеге деген ыстық сүйіспеншілігімен қатар майданның жан түршіктірер тамұқ тіршілігі де қатар сабақтастықта жырланады.

Тағдыр байлап тырп еткізбей танып тұр  
Жан-жағымнан жеті тамұқ жанып тұр,  
Жебірейіл жер тамырын созғандай,  
Түстік сапар жылдық жолға қалып тұр<sup>22</sup>.

С.Дөнентайұлы — туған халқының азаттығын мұрат тұтқан және де сол еркіндікті ел санасында жаңғыртуды қашанда ту еткен акын. Осы жағынан алғанда акын «Сыр» өлеңінде:

Болатын күн туар ма,  
Не қылсақ та ырқымыз,—

деп, халық бостандығын алар күнді арман еткен болса, өз кезегінде «Бостандық» өлеңі империялық езгідегі елдің азаттыққа жеткен тарихи сәттегі қуанышын, шаттығын реалистік суреттеуімен назар аудартады.

Тілекті бүгін хақтың берген күні,  
Көл лария көздің жасын көрген күні.  
Талайдың тіршіліктен қол сермеген,  
Қайғысын тас-талқан ғып бөлген күні.

<sup>22</sup> Сонда, 117-б.

Құл болған екі аяқты айуандардың  
 Қатарға адам болып енген күні.  
 Ғаламға аузын ашқан айдаһардың,  
 Мерт болып мақсатының өлген күні.  
 Ақ деп қан, шаһит деп жан, өлсек енді,  
 Шын басы әлеуметтің берген күні.  
 Алланың азат құлы екеніне,  
 Әркімнің көзі жетіп сенген күні»<sup>23</sup>.

Кешегі патша езгісіндегі халқының азаттыққа жетуі Ақпан төңкерісінің маңызын «Ризамыз» өленінде де ерекше атайды:

Жер тәңірі – патша ағамды,  
 Үш жүз жылы Романды  
 Бақ тағынан бір-ақ күнде  
 Ұшады деп кім ойлаған-ды?  
 Нажағайдай жарқ етті де,  
 Бар шерліні қарқ етті де,  
 Тақ иесі талқан болды»<sup>24</sup>.

Сәбит шығармашылығын бағалауда кешегі кеңестік идеология оның Алашордаға қатысты ұстанымынан туған өлеңдерінен саяси астар іздеп, қателік тапқан болатын. Ақиқатына жүгірсек, ақын Алаш автономиясының мұратын қолдап, өзінің өршіл рухты өлеңдерімен тілектестігін білдірді. «Сарыарқа анамызға», «Адаспаспыз» өлеңдері осы тұста жазылды. Сол арқылы қазақтың жеке ел болуын, Алаш туын асқақ ұстауын ұрпақ санасына құйды. Азаттықтың ақ жолындағы халықтың өз мақсат-мұратына еш адаспай жететініне кәміл сенді.

Сәбит Дөнентайұлы мұрасын зерттеуші ғалымдар ақын шығармашылығын бірнеше дәуірге бөліп қарастырған болатын. Е.Ысмайылов Сәбит шығармаларын Қазан төңкерісіне дейінгі 1912-1918 жылдар және төңкерістен кейінгі 1918-1933 жылдар деп екі дәуірге бөлсе, Б.Кенжебаев және басқа кейбір зерттеушілер үш дәуірге жіктейді: бірінші, 1913-1917 жылдар – ақынның демократ-ағартушы бағытта өлең, мақала жазып жүрген дәуірі, екінші, 1917-1920 жылдар – ақынның буржуазияшыл-ұлтшыл бағытта, алашордашылар ықпалында болып, сол бағытта өлең жазған кезі, үшінші, 1924-1933 жылдар – ақынның кеңес өкіметіне, кеңестік идеяға көшкен, шыңдығын жырлаған дәуірі.

С.Дөнентайұлы мұрасын зерттеуші ғалымдардың ақын шығармашылығын екі дәуірге бөліп қарастыруының өзіндік

<sup>23</sup> Сонда, 118-б.

<sup>24</sup> Сонда, 203-б.

сәбептері де жоқ емес. Әдебиеттанудағы маркстік-лениндік әдіснама талабы ұлттық сөз өнерінің тарихын таптық тұрғыда қарастыруға амалсыз мәжбүр етті. Онсыз да идеология тарапынан қысымға алынған, тоналған күрделі дәуірдің шынайы әдеби даму үрдісінің болмыс-бітімін тарихи сабақтастықта беру әдебиетші ғалымдарға оңайға соққан жоқ. Осы жағынан алғанда, Сәбит шығармашылығын әдебиетші ғалымдар амалсыздан екі дәуірге бөліп қарастыруға мәжбүр болды. Басты мақсат – ақын мұрасын әдебиет тарихында қалдыру десек, тек кеңес дәуіріндегі шығармаларын алып талдаған жағдайда ақын тұлғасы толық күйінде ашылмас та еді. Бұл – бір. Екіншіден, ақынның төңкеріске дейінгі өлеңдерінің басты тақырыптық өзегі ағартушы-демократтық сипатта болуы ғалымдар тарапынан дәлелденді. Үшіншіден, ақынның жана кеңестік дәуір шыңдығын жырлаған өлеңдері де бар. Оны назардан тыс қалдыра алмаймыз.

Кеңес дәуірінің алғашқы жылдары жана саясатты жырлауға бірден ойыспаған ақын дүниетанымында, көзқарасында қайшылық болғаны рас. «Кәрі батырға» (1918) өлеңінде бұрынғы дәуірдің сом бейнесіндегі кәрі батырдың қайта келмес қажыр-қайратқа толы өткен күніне қимастықпен қарайды.

Айналырып қараймын,  
 Қартайыпсың, бабайым,  
 Сенің қылған ісінің  
 Қайсы бірін жазайын?  
 Қарсы келген дұшпанның.  
 Қираттын-ау талайын,  
 Бердің білем сазайын.

лей келіп:

Талай тізен батқандар,  
 Күліп жүр-ау қуанып,<sup>25</sup> –

деп теңдікті ұғынудағы таяздықты, жетесіздікті шенейді. Ақынның алаң көңілінде сол батырға лайық білекке найза, қолға қалқан мен дулығасын ұстайтын, ағаға тартып туған ізбасары бола ма деген күмән де жоқ емес.

Ақын өлеңдерінде дауылды жылдардың алғашқы тұсына тән даурықпаға, желіккенің желігі, еріккеннің ермегіне толы кезең («Қаулы») (1918), замананың ызғарлы желінің өтіндегі солған тағдырлар («Жарық ағаш») суреттеледі. «Бірінші май» (1924)

өлеңінде де ақын аталған мерекені жалаң саяси ұранда жырлаудан бойын аулақ ұстайды.

Қуанбайды сорлы құлдар жай бүгін,  
Қылатын күн төрт құбыласын сай бүгін.  
Рақат бірдей, бейнет бірдей, жан бірдей,  
Дегізетін дәл бірінші май бүгін<sup>26</sup>, –

деп саяси астарын емес, әлеуметтік маңызын басты орынға қояды.  
«Кім не ойлайды?» (1924) өлеңінде де терең адамгершілік ізгі қасиеттер дәріптеледі. Жас ұрпақтың оқудағы саналы болу мақсатын халық тағдырымен, елге шынайы қызмет ету идеясымен байланыстырады:

...Жас мектепте сабақ ойлайды,  
Білген сайын білсем-ау деп,  
Күннен күнге талап ойлайды.  
Оқып болса анықты ойлайды,  
Бұрын-соңғы қалыпты ойлайды.  
Адам болып адамшылық,  
Жарықты ойлайды, халықты ойлайды.

Сәбиттің «Төртінші Октябрь» (1924), «Алты жылда» (1924), «Тарих таңы» (1924), «Жазғытұры жар басында» (1924), «1905 жылғы төңкерістің 20 жылдығына» (1925) өлеңдеріне де төңкеріс әкелген жанылықтарды жалаң мадақтау және таза таптық тұрғыдан дәріптеу жат. Керісінше, кешегі қорлықтағы қазақтың шын мәніндегі азаттыққа жетуі, құлдықтан арылып басқалармен тең болуы деп ұғынады.

Бағын түгіл, өзіндікі болып жағ  
Қара басың, ішер асың, несібен.  
Октябрьдің бүгін төрті екенін  
Білемісін қымбат бізге несімен?...

Біз де бүгін енбек туын көтердік,  
Ұранды ұстап бар ғаламға жетерлік.  
Алалықсыз тереземіз теңеліп,  
Біз де бүгін маныздандық, жетелдік<sup>27</sup>.

Сасықта сансыз құрттай быж-быж кайнап,  
Біреуге мың өлім мен өмір сайлап,

<sup>26</sup> Сонда, 138-139-б.

<sup>27</sup> Сонда, 140-б.

Жасаған миллиондаған сорлы құлды  
Жаны ашып, көз салушы ед кім абайлап.

Бейнеткер бейнет үшін туады деп,  
Ұқты жұрт «құдай солай қылаңы» деп.  
Идеалист адам түгіл, айуан сүйгіш  
Айтып па ед оларға күн туады деп.

Бұл тарих кімге арнаулы, таң кімдікі?  
Әрине, бейнеткер мен жарлыныкі.  
Деген сөз дәуренімен ғайып болды:  
«Байлықі», «патшаныкі», «тәңірімдікі»<sup>28</sup>.

«Жазғытұры жар басында» (Семейде) өлеңінде жана заман талабына бейімделе алмай жүрген қыр қазақтарының мүшкіл халі, жар жағалаған шарасыздық психологиясы өз көрінісін тапқан. Бұған жеті шумақты өлеңнің мына жолдарын мысалға келтіруге болады:

Тұңшығып жазғы әуені сағынған жұрт,  
Жар асты, үстінде де ағылған жұрт,  
Қылығып киіп жазғы киімдерін,  
Серпіліп етек-жеңін қағынған жұрт.  
Кейбір тон, тымақ пенен куә боп жүр,  
Біз кеше ақсақалға бағынған жұрт.  
Әне атты, міне жаяу, түйе, арбалы,  
Деп таң боп суға карап анырған жұрт,  
Осынша жырттық мұздан қорықпайтын,  
Япырмай, мұндай басыз нағылған жұрт?  
Бірі есті жар басында тұрғандардың,  
Мұздағы бейне есінен жанылған жұрт<sup>29</sup>.

Сәбиттің ендігі бір өлеңдері 20-жылдары тұсауын кескен қазақ басылымдарына сәт-сапар тілеу тұрғысынан жазылған («Тілші» газетіне», «Ауылдың» жылдығына», «Қазақ тіліне», «Жана ауылдың» он жылдығына). Мысалы, «Ауыл», Ауылдың ұранына ер» деп «Ауыл» газетіне ақ жол тілесе, «Қазақ тілі» газетінің ана тілінің тынысын кеңейтіп, өрісін ашудағы маңызын және мақсатын жоғары бағалайды:

«Қазақта кілен сөрлі қазақ тілі,  
Хал-жәйі, қайғы-мұны, ғазап тілі.

<sup>28</sup> Сонда, 142-б.

<sup>29</sup> Сонда, 148-б.

Өткірді келемеждеп, кекеп күліп,  
Қайғысыз тамағы тоқ қазақ мұны.

Қаранғы қалың орман түнмен кештің,  
Сақара, жан жүрмеген құммен кештің  
Советтің саясында қалтың қағып,  
Қатерлі жазым болар күннен кештің»<sup>30</sup>.

Ақын 20-жылдары қазақ даласын жайлаған аштық қасіретінен туындаған суренсіз өмір, тұралаған тұрмыс тауқыметін де жырлауды парызы деп білген. Мәселен, «Май туды» өлеңінде көктемге өлместің күні, шықпастың жанымен өзер іліккен елдің тіршілігін былайша суреттейді:

Талайлардың майы қалмай,  
Майы түглі жайы қалмай,  
Жұтқа ілінген кедей елдің  
Тарысы, ұны, шайы қалмай...  
Бойдан тарқап айыға алмай,  
Аз өлмеген көтеремнің  
Әлі кіріп жайыла алмай,  
Өліп едім, уфф... туды-ау май!..<sup>31</sup>

С.Дөнентайұлының «Лениннің суретіне», «Көсемге», «Ұмытылмас», «Қызыл әскердің он жылдығына шашу», «Ленин өлімінің 5 жылдығына» өлеңдері пролетариат басшысының ісін, өлімін аза тұту тұрғысынан жазылған. Ақын төңкеріс қайраткерін қарапайым халыққа теңдік әперудегі атқарған ісімен бағалайды. Бұдан, әрине, Сәбит төңкерісшіл сипаттағы ақын болды деген ұғым тумайды. Ол өзінің суреткер және азамат ретінде қалыптасу барысында үзілмес желі болып тартылған шын мәніндегі халықшыл, бұқарашыл ақындық болмысын сақтай білді.

Сәбит поэзиясының өзіндік ерекшелігін айтқанда, саяси-әлеуметтік өлеңдерімен қатар философиялық («Ақыл», «Ой», «Көңіл мен тіл», «Жан мен тән», «Өлімге»), көні - күй («Балалық», «Балалықты сағыну», «Досқа», «Сыр», «Өз-өзіме», «Дал болу»), табиғат («Жаз», «Шілде») лирикалары да ақындық ізденісінің өрісін таныта түсетінін көреміз.

<sup>30</sup> Сонда, 147-б.

<sup>31</sup> Сонда, 202-б.

\* \* \*

Сәбит Дөнентайұлы шығармашылығын көп зерттеген Е.Ысмайылов ақын поэзиясының реалистік сипаты мен стильдік ерекшелігіне қатысты мынадай келелі пікір түйеді: «Қай шығармасын алсақ та, патшаның отаршылық жағдайындағы қоғамдық құрылысқа Сәбиттің наразылығы айқын байқалады. Заман, Сәбиттің суреттеуінде, азулы мен тырнақтыныкі, түлкідей құлар мен арыстандай зорлықшыл жыртқыштардікі. Төзбестей тынысты тарылтқан өмір айнала қаптаған өрт сияқты, халық сол өрттен тұншығып қашып, биік жардың қабағына келіп тығылып тұрғандай, бір жағы апат әкелетін қарақошқыл жалыны аралас өрт болса, екінші жағы биік жардың шетіндегі терең күз, құласа онан құтылу жоқ. Қазақ халқының отаршылдық қысымдағы аянышты халін ақын осылай елестетеді. Ақын ауыр азапта жатқан халқының арманы ретінде: Түншығып әлім бітті, есім шықты, Бұрқылдақ жердің кез боп шандауына. // От салып біреуі әкел, бірі үрлеп тұр, Кім менің су құймақшы жанбауыма, – («Менің жәйім») деген мұңды өлеңін жазды. Осыдан келіп ақын шығармаларында өмір шындығын бейнелеп, тұспалдап суреттейтін (басня, аллегория) әдістер туып қалыптасады».

Ақынның замана шындығын беруде, отаршыл саясат билігінің қиырқылғын, әділетсіздігін суреттеуде мысал өлеңдері ерекше орын алады. Бұл ретте ақынның сатиралық өлеңдері оның мысал жанрының шебері тұрғысындағы даралығын айқындайды. Ол – қазақ әдебиетіндегі мысал өлеңдерді Абай, И.А. Крылов, Ғабдолла Тоқай, Ахмет Байтұрсынұлы дәстүрінде жалғастырушы.

С.Дөнентайұлының төңкеріске дейінгі мысал өлеңдерін ғалым Қ.Шәменов екі топқа бөліп қарастырады: 1) аударма мысалдары; 2) төл мысалдары. Бірінші топтағы «Бит пен бүрге», «Бір көлдегі үш балық» мысал өлеңдері «Калила және Димна» атты негізі үнді халқының әдебиетінен тарамдалып, барша әлем халықтарына тараған мысалдардың орыс тіліндегі нұсқаларынан жасаған аудармалары болып табылады. Ақын сонымен қатар татардың классик ақыны Ғабдолла Тоқайдың «Рамазан айында Ібілістің шайтандарына айтағыны» мысал өлеңін аударды.

Сәбит мысал өлеңдерінде отаршыл саясаттың билеу жүйесіне тән озбырлық, қиянат әшкереленіп, адам бойындағы кесір-кесепат сыналады. Мысалы, «Бозторғай» мысал өлеңінде патша әкімдерінің ел билеу ісіндегі қиянаты әшкереленсе, «У жеген қасқырға», «Екі болыстың теубесі», «Көктөбетке», «Әр жан әр түрде» мысал өлеңдерінде жемқорлар мен шен-шекпенге құл болған жетесіздер шенеледі.

«Ауырған арыстан», «Көзі тоймайтын ит», «Екі теке», «Ұры

мен баласы», «Сұңқар мен қарғалар», «Жарық ағаш», «Шошқа мен саудагер», «Бөшкенің зары» тағы да басқа мысал өлеңдерінде қоғам және адам бойындағы келеңсіз көріністер келемежделіп, өткір тілімен сыналады. «Жәмила қыз» сатиралық өлеңінде әлеуметтік теңсіздік, адамның бас бостандығы өткір көтеріліп, байлық үшін баласын теңіне емес, кемге берген Төкіштер әлемі уытты сынға алынады. Сондықтан да К.Шәменовтің: «Ақын таланттының шарықтап, шабыт шеберлігінің арта түскенін танытатын «Жан мен тән», «Ерегіс», «Көк төбетке», «Сұңқар мен қарғалар», «Түстегі қарлығаш», «Тотыға», «Жарық ағаш». Бұлар тек Дөнентаевтың ғана емес, сонымен қатар бүкіл демократтық қазақ жазба әдебиетінің алғашқы төл мысалдары» деген пікірі Сәбиттің мысал жанрындағы шеберлік қырларын таныта түседі.

Өмір шындығын қашан да шынайы суреттеу ақынның биік эстетикалық мұраты мен парызы деп білген Сәбит 20-жылдардағы қазақ даласындағы өзгерістерді өзіне тән реалистікпен және сыншылықпен жырлайды. «Жаламалы сандуғаш», «Драмашыға» өлеңдерінде заманға сай құбылған адам психологиясын әжуалап, оның шынайы кескін-келбетін береді. Егер де Б.Майлин шағын әңгімелерімен кезең шындығын боямасыз суреттеген болса, бұл тұстағы поэзияда Сәбит сол міндетті атқарды деуге болады. Әсіресе, заманға сай құбылған адам болмысының тұрлаусыздығы, көзбояушылық, әсіре белсенділік, күштінің әлсізге жасап отырған зорлығы «Темірге», «Сүлейменнің налуы», «Елшілге», «Дәуітбек», «Құсайынның арманы», «Ой, жалған-ай» (Кооператив тұрмысынан), «Ақ Жорға шығыпты», «Қаржаубайдың ашуы», «Шошқа мен саудагер», «Бөшкенің зары», «Комсомолдың айты», «Нағиманың өкпесі», «Дәметкен мен Ұмындық», «Партпел», «Бір адвокаттың мінезінен», «Байдәулеттің тамағынан неге ас жүрмейді?», «Кенес сайлауының бітуі қарсаңында» тағы да басқа реалистік сипаттағы сатиралық өлеңдерінде өз көрінісін тапты. Аталған өлеңдер кенес дәуірінің шындығын танытумен қатар ел ішінде орын алған түрлі келеңсіздіктерді және жаңа саясаттан туындаған сана сергелденін берудегі ақын ұстанымын да айқындай түседі.

Дау болса, Дәукең қалпы, сотқа кетті,  
Бай болса, бастырмалау ходқа кетті.  
Құл-Қутан, көзі шалған қойшы-қолан,  
«Боржойсын, жуансын» деп оттап өтті.

Топ болса терлеп-тепшіп өле жазды,  
Қылмысын жіпке тізді, мінін қазды.

Жаңылып үйіп-төгіп бергенінен,  
Кешегі дос құдайы бүгін азды.

Шын Құдай Дәуекесінен безгені ме?  
Әлде мол садақаны бермеді ме?  
Кей-кейде малы құрысын, бағы құрысын,  
Зар болды үйінде тыйыш өлгеніне<sup>32</sup>.

Кірсе егер партияға, билет алса,  
Жолы ашық, мерейі үстем, қайда барса,  
Жоғалтып қарашығын жіберер еді,  
Бір алам «байшылынды» аузына алса.

Сол оймен талай арыз берді ізденіп,  
Алмай жүр ячейкелер кесірленіп.  
Аталы, табыскерлік аташылын,  
Табылса аларлық жер білмей сеніп.

Мал мен бақ орнар еді елге түгел,  
(Өзіне мұрит болған жерге түгел).  
Үш жылда бұл мақсаттың болуы хақ,  
Нанбасаң партбилетті бір беріп көр<sup>33</sup>.

Сөйтіп жүріп, совет келіп,  
Сәудегерге әлек келіп,  
Сөнген шамдай бақ кетті.  
Үш-төрт жылда қайта оралып,  
«Өлмегенге өлі балық»,  
Кооператив сап етті.

\* \* \*

Ел басшысы соңыма еріп,  
Волисполком мөріні беріп,  
Қарыштадым екі жыл.  
Бірақ мынау үш мың шайтан,  
Орналасар кімге жайсам,  
Ой, жалған-ай, бұл құрғыр!<sup>34</sup>

Сен антұрған құл ең кеше,  
Есігіңе келдім неше,

<sup>32</sup> Сонда, 171-б.

<sup>33</sup> Сонда, 177-б.

<sup>34</sup> Сонда, 179-180-б.

Тоғыз сакка жүгіртесін,  
Дүние ұстаған сен немеше.

Болыс болған жалғыз сен бе?

Кім бүгінде шеннен кенде:

«Атқом» деген толып жатыр,

«Қолғап» дей ме, «ауқом» дей ме.

Онан дағы ауқалбиге,

Барайын да өзін үйге

Қонақ қылып жалынайын,

Кім шыдасын мұндай күйге»<sup>35</sup>.

Тайсалма сот алдында, ақ де дей ме,

Атасы кедей еді тап де дей ме?

Кедейі кедей болсын, табы несі,

Шатасып жүргендері нақ кедей ме?»<sup>36</sup>

Былыр сайлау кең боп еді,

Отырған жері төр боп еді.

«Қой, бүйтіндер!» деген сөзі

Екі айтылмай ем боп еді.

Биыл неге мінгірлейді?

Өзінің көбірек өсуі ме,

Әлде басқаның кесірі ме?

Әйтеуір биыл бет қатандау,

Қара тізім тым тақаулау,

Соның үшін ас жүрмейді»<sup>37</sup>.

Нелер старшын мурттарын сыйлайды,

Ауыздарын аша алмай сиырша сұлайды.

Қара сөзге олақтығын айтып,

Өзі үшін сөйлеуге жолдасынан сұрайды.

Көп жерде солай қысылдыратын болды,

Олақтық қылғанын ысылдыратын болды.

Салақтық қылғанын, төрелік құрғанын

Енді кеңестен ұшындыратын болды»<sup>38</sup>.

«Сөйтіп, Сәбит өз тұсында саяси-әлеуметтік, мәдени-

<sup>35</sup> Сонда, 183-б.

<sup>36</sup> Сонда, 200-б.

<sup>37</sup> Сонда, 209-б.

<sup>38</sup> Сонда, 224-б.

шаруашылық істерге, қоғамдық өмірге батыл араласып, ұсынысын жасап, көзқарасын білдіріп отырды. Оның әрбір сықақ шығармасы өз кезінің өмір шындығынан елес береді» деген зерттеуші Т.Қожакеев пікірі Сәбит шеберлігіне берілген шынайы баға деуге толық негіз бар.

\* \* \*

С.Дөненатайұлы проза саласында жалғыз әңгімесімен ғана өзіндік із қалдырды. Бұл ретте Орынбор қаласында шығып тұрған өлкелік комсомол комитетінің үні «Жас қазақ» журналының 1924 жылғы № 4,5,6 сандарында басылған «Көркемтай» әңгімесі ақынның шағын әңгіме жанрындағы шеберлік қырларын айқын танытады. Қорғаныс, панасыз жетімдер тағдыры М.Әуезов, Б.Майлин сынды қаламгерлердің 20-шы жылдардағы әңгімелеріне арқау болғаны мәлім. С.Дөненатайұлы да «Көркемтай» әңгімесімен қатал заман, мейірімсіз қоғам жағдайындағы жетімдер тағдыр-талайына тән трагедиясына үніледі. Әлеуметтік теперіштен ерте өшкен өмірдің қайғы-қасіретін барынша көркем терендік, суреткерлік шеберлікпен бейнелейді.

Жазушы әңгімесінде аштық жайлаған кезеңдегі алапат қырғынға ұшыраған қазақ даласының көңіл құлазығар қан-қасап көрінісі де назардан тыс қалмаған. «Аналайдан өткір көзімен қарап, құйрығын қимылдатып, аштық жылы аштан өліп қалған адамдардың етін жеп дөңдеген байқұтанлар отыр. Анда-санда тырқыратып қарға-құзғындар бір қуып тастайды. Бұл болып жатқан тойдан мүше дөме еткендей қан төбеде қалықтап қарақұс та жүр. Барлығы Көркемтайдың тойына жиналғандай, моланың бір бұрышы у-шу құзғын-қарғалар»<sup>39</sup>.

Сонымен бірге Көркемтайдың ақтық демі таусылар сәттегі психологиялық көріністер де қаламгер шеберлігіне қанықтырады. «...Ақтығында жас өмірінің қызығын көре алмай, жаратылыстың қаһарына көне алмай, жана тұрмыстың гүлін, жемісін ора алмай, қорғаныс, бақытсыз, жоқтаусыз өскен Көркемтай айдаладағы көк моланың бір бұрышында қызарып батқан күнмен бірге ақтық дем алысын бітіріп, қайтпас сапарға кетті. Талайлардың түбіне жетіп, көкейін кескен рақымсыз уын жас ағаштай тамырланып келе жатқан есіл жасқа да жіберіп, жауыз өлім көңілін тындырды».

С.Дөненатайұлының журналистік қызметі, соның ішінде «Сарыарқа», «Абай», «Қазақ тілі», «Жас қазақ» газет-журналдарында жарияланған көсемсөздері, очерк, фельетондары да қаламы ұшқыр жазушының сан қырлы дарынын танытады.

<sup>39</sup> Сонда, 251-252-бб.

Ақын шығармашылығын зерттеуші Е. Ысмайылов: «Бұл күнге дейін біздің әдебиет жұртшылығымыз Дөнентаевтың прозалық шығармасы туралы жөнді ешнәрсе білмейді. Оның очерк, мақалалары мезгілінде газеттерде басылып, қалып қойған. Шынында Сәбит – үлкен публицист, журналист ақын. Осы жинаққа Сәбиттің 60-тан аса очерк, әңгіме, мақала, фельетондары кіріп отыр. Осының өзінен Сәбиттің әлеуметтік пікірі, саяси көзқарасы, дүние тануы анағұрлым кең екендігін көреміз» деп Сәбит шығармашылығының журналистік қырын атап өтеді.

Сәбит көсемсөздерінде қазақ қоғамының әлеуметтік мәселелері, халықаралық саясат, газет-журнал және тілшілер мақсаты сияқты келелі тақырыптар қамтылған. Жана заман өзінің жана талабын ала келді десек, қаламгер мақалаларында дәуір алға тартқан әлеуметтік мәселелер көтерілген. Атап айтқанда, ел ішінде білім беру, оқу-ағарту ісін дұрыс жолға қою («Хат танымаған қатарға кіре алмайды», «Оқу ойыншық емес», «Оқу-ағарту жабдығы», «Сауатсыздықты жою жөнінде ұялмайтын болындар»), қоғамдық өмірдегі әйел теңдігі («Әйел теңдігін қалай ұғу керек?», «Әйелге жаны ашыған кісі оны оқыту жағына жәрдемдес болсын», «Қазақ әйелдері туралы», «Қазақ әйелдері ем сауатсыздық», «Қалыңмал мен көп қатын алудың тарихы», «Ұялып жүрмейік»), ауылдың шаруашылық және тұрмыстық жай-күйін жөнге келтіру («Әуел шаруа ондалу керек», «Естен тастамау керек», «Кооперация тұрмысынан», «Кооперация өзі ағармай, елді ағарта алмайды», «Ауылдағы шаруаның күзетшісі – ауылдық кеңес», «Кооперативті ел пайдасын ойлағандар ғана ашсын», «Керектің соңына түсу керек», «Балқашқа көңіл бөлінсін», «Тағы да Қарқаралының шаруашылық жайынан», «Ел мекемелері еңсесін көтеру керек», денсаулық («Бала көтермеудің себебі неде?», «Қара күйеден қашан да болса сақтану керек») тақырыптарындағы мақалалары әлеуметтік өмірдегі шешімін қажет ететін мәселелерді көтеруімен құнды. Ал, «Қытайдағы әлеумет соғысы», «Саясат дүниесінде», «Түркия мен халифалық», «Лена оқиғасы», «Өтірікті сатып алушы табылса, айтушы да табылады» мақалалары саясат тақырыбын қамтиды.

«Қазақтан майданға жігіт алынғанына 10 жыл болды», «Жазушыларға» мақалаларының да тарихи және танымдық маңызы зор. Әсіресе, 1916 жылғы қан жылаған қазақ баласының сол бір қилы кезеңдегі аянышты тағдырын, отаршыл патша ұстанған саясатты жеріне жеткізе жазады. «...Шашылған дүние, қонысынан ауған ел, көл болған көздің жасы, судай аққан қан – бәрі бүгінгідей кімнің көз алдында елестемейді? Жол бойында, заводта жұмыс іздеп құрттай қайнаған, кей елде «өз жерімізде өлеміз!» деп атын жаратып, сойылын байлаған жігіттер, ол талаптарының бәрі де

іске аспай – аяғында қолға түскен бөліріктей тағдырға көніп, майданға қойдай шұбырғаны; жолшыбайғы ұйымдарымен ондағы көрген бейнеті, олардың елдегі күйігі – бәрі де кешегідей емес пе, соларға он жыл болды деп кім ойлар?

10 жыл деген кәп уақыт болмаса да, есептеп отырсақ, сонан бері де көп оқиғалар өтті. Бірақ қазақ тарихындағы көлденең, көпке дейін ұмытылмайтын оқиға осы 25-июнь жарлығы деуге болады.

...Сөйтіп, патша өкіметінің қазақтан солдат алмауы бір кемге ұстандык болса, қаперсіз жатқан елді бір күнде ұйқы – тұйқы қылғандығы екі кемге ұстағандығы еді. Кемге ұстандык қана емес, майдан қызметінің саяси мақсаты қазақты елдіктен шығару, құрту болатын. Өйткені қалпыл ел бұл оқиғалардан шошынар да ашынар, көтеріліс жасар, сонан кейін қырамыз да жоғалтармыз деп ойлаған».

Сәбиттің қаламы қарымды жазушылық дарыны фельетон, очерктерінен де айқын танылады. Мысалы, «ЗАГС-ке тіркетіп қойса болғаны», «Бүркіт түбіне жеткен екен», «Екеуі де дұрыс», «Ұрыны қаракшы тонаған», «Майқы тойы», «Бағай тоғаны» фельетон, очерктерінде адам бойындағы теріс мінез, іске олақтық және ел ішіндегі келеңсіз көріністер шенеледі. Мысалы, «Екеуі де дұрыс» (1925) фельетонында жана кеңестік билік орнатушы өкілінің науқаншыл жиналыс, мәжілістердегі ой таяздығы, көкірек керген қуыс кеуделігін келемеждейді.

«ЗАГС-ке тіркеліп қойса болғаны» фельетонында тоқал алған атқа мінердің қулық-сұмдығы, оның ас-суына, парасына қунығып, кеңес заңын бұрмалаған Әміре шабарман, төраға Шұғабай, хатшы Сейіттердің жағымсыз мінездері өшкереленеді. «Бағай тоғаны» очеркінде арық қазып, егін салып, адал еңбекке ден қойған Бағай ақсақал өнегесі үлгі болып тартылады. Адал еңбектің өнбегін әлеуметке айта отырып, келімсектің байлығынан емес, өзінің гибратты ісінен үйрен деген өміршен ұлағатты ескертеді.

\* \* \*

С. Дөнентайұлы поэзиясының көркемдік сипаты, стильдік ерекшеліктері зерттеушілер тарапынан лайықты бағасын алған-ды.

Е. Ысмайылов ақынның демократтық бағыттағы саяси-әлеуметтік өлендерінің басты тақырыптық-идеялық өзегі «ой-түйні халықты, жас қауымды өнер-білімге, талапты іске, ұлттық оянуға шақыру болады»<sup>40</sup>, – деп айқындай отырып, сонымен қатар сатиралық поэзиясының мынадай басты екі ерекшелігін

көрсетеді: «Ол өленді шағын сюжетпен жазу және тұрмыста, адам мінезінде кездесетін жағымсыз, теріс қылықтарды сынау сықактау. Нақты бір оқиғаны, нақты бір адам мінезін өңгімелеп суреттесе де немесе мысал, тұспал (аллегория) арқылы белгілі бір өмір шындығын елестетсе де С.Дөнентаевтың сықактау, әжуалау әдісі айқын байқалып отырады.

...Жағымсыз қылық, мінездерді сықактаудың бір түрінде әжуалау, кекеп айту басым болса, екіншісінде шенеу, кекесін, үшіншісінде әшкерелеу басым болып отырады. Осы әжуалау (юмор), кекесін, шенеу (ирония), ызалы күлкі (сарказм) т.б. сатиралық суреттеу әдістері Сәбит поэзиясынан толық табылып отырады»<sup>41</sup>.

XX ғасыр басындағы қазақтың ұлттық әдебиеті Абай дәстүрінен нәр ала отырып, жана көркемдік-эстетикалық ізденістерге бағыт алған болатын. Өз кезегінде Сәбит Абайдың ақындық дәстүрін жалғастыра отырып, оны ұстазым деп білді. «Абайға» (1918) өленінде: «Қилық басты соңына // Сол бастаған жолына!» деп ұлы ақын мұратына деген адалдығын білдіріп, қалын елі қазақтың әлеуметтік өмірінде алар орнын терең байыптайды.

Ғалым А.Нұркатов «Жалғасқан дәстүр» зерттеуінде Сәбит поэзиясының тілі таза, қарапайым және бейнелі де көркем екенін екшей келіп, Абай өлең өрнегінің ақын шығармашылығындағы көрінісін талдайды. Бұл ретте ақынның «Абайға» өлені Абайдың «Сегіз аяғының» үлгісінде, соның өлшемін, ұйқас түрін сақтап жазғанын атайды. Сонымен қатар «Жүрекке», «Екі болыстың таубасы», «Атылғандарға», «Темірге», «Ерікті Айша», «Кемшілікте», «Бір жыл өтті», өзге де өлендері Абай поэзиясындағы әр алуан формаларды пайдалана отырып жазғанын «Кемшілікте» өленін талдау арқылы дәйектейді.

Ғалым Б.Кенжебаев тарапынан да Сәбиттің Абай ақындық дәстүрінен өнеге алғаны ерекше бағаланып, «Сегіз аяқ» үлгісіндегі өлең түзілісін, сонымен қатар Сәбиттің «Күздің сыры» өлені мен Сұлтанмахмұттың «Мейірімсіз ажал» өленіндегі шумақ, өлшемге тән ортақ сипаттарына талдалды.

С. Дөнентайұлы поэзиясының көркемдік және стильдік ерекшеліктері ғалым Б. Ысқаков еңбегінде арнайы зерттелген.

Қазақ сатира негіздерін зерттеген Т.Қожакеев С.Дөнентайұлының XX ғасыр басындағы ұлттық сатираны дамытудағы орнын айқындап кеткен.

Тұжыра айтқанда, қазақ әдебиетінің айтулы өкілі С.Дөнентайұлы ұлттық поэзиямызды көркемдік және тақырыптық-идеялық жағынан байытқан ақын. Оның саяси-әлеуметтік

лирикасымен қатар, сатиралық жанрдағы ізденісіне шыншылдық пен сыншылдық тән. Әдеби-эстетикалық және көркемдік танымды жоғары ақындық қуатын айқындап, мысал, сюжетті шағын өлең шебері, сатирик тұрғысындағы тұлғасымен дараланады.

Абай дәстүрін берік ұстанған ақын XX ғасыр басындағы ұлттық әдебиетіміздегі елдікті ту еткен Алаш идеясын өзінің саяси-әлеуметтік поэзиясының арқауы етті. Ал сатиралық өлендерімен әлеуметтік өмір мен адам бойындағы кесір-кесепатты сын нысаны етіп, биік гуманистік ізгі қасиеттерді дәріптеді, қиянатсыз қоғамды мұрат тұтты.

<sup>41</sup> Сонда, 23-б.



Әлі шөкірт жасындағы ұстаз жігіттің кейінгі өмірінде кеңінен өріс алған белсенді әлеуметтік, саяси, шығармашылық қызметі, міне, осы кезеңдерден басталады.

Бұл қай кез еді? Уақыт жағынан алсақ, талай халықтардың басынан небір сұрапыл дауылдарды соқтырып өткен XX ғасырдың басы. Ал қазақ қауымының хал-жайына орайластыра ой жіберсек, ғасырлар бойы ұйқыда жатқан меніреу даланың денесіне жан бітіп, қимылға келе бастаған кезі.

Әлеуметтік-саяси жағынан алғанда, бұл кезең — патшалықтың қазақ даласында отаршылдықты күрт күшейтіп, онсыз да қағажу елге тізесін батыра түскен жылдары еді. Өткен ғасырдың аяқ кезінде қауымнан босатылған орыс шаруалары жаппай қазақ өлкесіне көшіріліп, патша әкімшілігінің зорлығымен жергілікті халықтың оты-суы мол, ең шұрайлы жерлері қоныстанушыларға тартып әперілді.

Бұл жағдай сол кезде ұлттық сана-сезімдері оянып, туған халқының қамын ойлай бастаған қазақтың зиялы азаматтарына қозғау салды. Олар адамзаттың тарихи көшінен қаға беріс қалып, қалын ұйқыда марғау жатқан қараңғы елдің тығырықтан шығар жолын ізлестеріп шарқ ұрды. Сол қапастан құтылуын ең бірінші қадамы — наландықтан арылу, ілгері елдердің қатарына қосылып, өнер-білімге тартылу деп білді де, олар осы бағытта насихат жұмысын өрістетті.

Міне, осындай тарихи ахуалда ел ішінде жас ұрпаққа білім ұрығын сеуіп жүрген Міржақып сияқты көзі ашық, көкерегі ояу жас мұғалім халықтың тағдырына байланысты саяси-әлеуметтік мәселелерден оқшауланып қала алмады. Қалың қазақы ортадан шығып, санаулы жылдардың ішінде үйездік мектепте дүниелік пәндерден жалпы мағлұмат алып шыққан жас жігіттің алдынан күрескер азаматтық жолы осылай ашылып еді.

Өрелі ой мен өршіл талап өз бойынан сәтті ұштастық тапқан жайсан жас, алыс қияндарды ансаған алғыр қырандай, өмірден кең өріс іздейді, игі мақсаттар мен ізгі мұраттар жолында құлаш жая қимыл жасайтын кең даңғылды аңсайды. Осындай талапқа бекінген мұғалім жігіт 1904 жылы Арқадағы қазақ оқығандарының бас қосатын бір орталығы — Омбы қаласына аттанады.

Осы сапарында өзінің болашақ ұстазы Ахмет Байтұрсынұлымен кездеседі. Сол кісінің ел көру керек, әр өлкедегі халықтың тұрмысымен танысу керек деген ақилымен Шығыс өңіріндегі Зайсан үйезіне барып, ауылда мұғалімдік қызмет атқарады. Сол жақтан келіп, Қарқаралыда өткізілген бұқаралық шеруге қатынасады. Отты сезімен, орнықты ісімен көзге түскен жиырмадағы жас жігіт сол жердегі зиялы топтың атынан қазақ конституциялық-демократиялық партиясының Оралдағы

## МІРЖАҚЫП ДУЛАТУҒЫ (1885–1935)

Ұзақ жылдар бойы қатан тыйым салынып келіп, Тәуелсіздік тұсында ғана асыл мұрасымен халқына қайтып оралған ардақты есімдердің арасында Міржақып Дулатұлының аты ерекше құрметке лайық. Қиын-қыстау өмірінің ең бойында тынымсыз жалғасқан қарекетімен, тындырып кеткен ұлан-ғайыр істерімен халық жалында сақталып қалған бірегей тулғалардың бірі.

М.Дулатұлының бүкіл өмірі XX ғасырдың бас кезінде халқымыздың рухани көсемдерінің бірі ретінде танылған Ахмет Байтұрсынұлы есімімен тығыз байланысты. Бұл да сондай, бойындағы барлық қайраты мен білімін туған халқының бостандығы мен бақыты жолына бағыштаған қоғамдық-саяси қайраткер, ойлы сезімен халық санасын оятқан дарынды ақын, ағартушы ұстаз, жалынды публицист.

Міржақып Дулатұлы 1885 жылы қарашаның аяқ кезінде бұрынғы Торғай уезінің Сарыкопа болысындағы №1 ауылда, қазіргі Қостанай облысының Жангелдин ауданына қарасты Қызбел деген жерде туған.

Екі жасында шешеден, он екі жасында әкеден жетім қалған жас өспірімнің кейінгі тәрбие қамқорлығы Асқар атты оқыған ағасының мойнында болады. Бұған дейін ауылда қара танып қалған жас талап 1897 жылы Торғай қаласындағы екі кластық орыс-қазақ мектебіне түседі де, бес жыл оқып, оның соңғы жылын Қостанай қаласында аяқтайды. Сөйтіп, ауыл мұғалімі деген куәлік алып шығады. Содан біраз жылдар ел ішінде, ауыл мектептерінде бала оқытады.



құрылтай съезіне қатысады да, соның делегаттары қатарында 1906 жылы Петербургке барады.

Кеше ғана Торғай топырағынан аттанған ауыл мұғалімінің әлеуметтік-саяси көзқарасының қалыптасуында, ой-өрісінің кеңейіп, ішкі сенімдерінің беки түсуінде бұл сапардың шешуші маңызы болды. Саяси күрескерліктің алғашқы сабақтарын Омбы мен Қарқаралыда Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов мектебінен алған Міржақып астанаға барғанда одан әрі кеңейтіп, пысықтай түседі.

1907 жылы Петербургте жалғыз ғана нөмірі шыққан “Серке” газетінде Міржақыптың “Жастарға” деген өлеңі басылады. Ал осы газеттің жарық көре алмай кеткен екінші санына Дулатұлы “Біздің мақсағтарымыз” атты мақала жазған екен, газеттің шықпай жатып тұншықтырылуына басты бір себеп болған осы мақала екен деген деректер бар.

Бұл кезде Міржақып белсенді қайраткер, саяси күрескер ғана емес, сонымен бірге шабытты ақын ретінде де таныла бастаған. Оның тұңғыш өлеңдер жинағы 1909 жылы Қазан қаласындағы “Шарк” баспасынан “Оян, қазақ!” деген атпен басылып шығады. Жана ғана оқу-білімге тартылып, ана тіліндегі алғашқы басылымдарға ынта-ықыласы арта түскен қазақ оқырмандары арасында бұл кітаптың әсері өте күшті болады. Ауыл арасында қолдан-қолға, ауыздан-ауызға тарап, аз уақыттың ішінде ақынның атақ-даңқы өте алыс қияндарға тарап кетеді.

Бірақ бұл кітап жас авторға халық арасындағы абырой-беделмен бірге патша әкімдерінің тарапынан қуғын-сүргінді де ала келеді. Мұғалім жігіт тергеу органдарының бақылауына алынады. Ақыры, ол туған елінен, қызмет істеген жерінен тайғактап, өзі көрген Омбы жакқа, Ақмола облысындағы Қызылжар қаласына қарай жылыстап кетеді. Осының артынша “Оян, қазақ!” та көмпескеленеді.

Қызылжарға барғаннан кейін бақылауда жүрген Міржақыптың ресми орындарда еркін жұмыс істеуге мүмкіндігі болмайды. Сот кеңсесінде там-тұмдап тілмаштық қызмет атқарып, күн көрістік қаражат тауып жүреді. Жеке адамдарға жалданып, мұғалімдік қызметін де жалғастырады. Қазақ балаларына орыс тілінде сабақ береді. Сол кезде одан біраз уақыт Мағжан да дәріс алған.

Революция толқыны күшпен басылып, ел ішін реакцияның қара түнегі қайта торлаған кезде, әрбір қадамы санаулы болған саяси сенімсіз жігіт белсенді қоғамдық қарекетке бара алмай, көбінесе көркем шығармашылыққа шоғырланады. Поззияда қаламы төселіп қалған автор енді жана бір шабытпен проза саласында, күрделі жанрда күш сынап көрмек болады. Ол дереу роман жазуға кіріседі. Шығарма тез жазылады да, 1910 жылы Қазандағы Каримовтар баспасынан “Бақытсыз Жамал” деген атпен жарық көреді. Қазақ әдебиеті тарихындағы тұңғыш роман дүниеге осылай келеді.

Бұл кезде Міржақып өз шығармашылығын өлең мен проза жанрында қатар дамытады. Әр жерде шығатын қазақ басылымдарына, әсіресе “Айқап” журналына үзбей жазып тұрады. Сонымен бірге қағілез жігіт қазақ даласындағы әлеуметтік өмірден де қол үзбей, жігі құлақ түріп, халық тұрмысының жай-жапсарын қадағалап отырады.

Әр өлкедегі ел тұрмысын өз көзімен әлі де көріп-білгісі келеді. Осындай ниетпен 1911 жылы қазақ ауылдарын аралап, Қызылжардан Семей облысына қарай саяхатқа шығады. Бірақ, бұл кезде патша тыншыларының қатты андуына алынған азамат Семей қаласына келгенде полицияның қолына түседі. Осында бір жарым жыл қамауда отырады.

Абақтыдан шыққан бойда Міржақып ел шетінен жер аударылған Байтұрсынұлының ізімен Орынборға қарай беттейді. Мұнда келгеннен кейін осындағы аз ғана топ қазақ зиялылары ақыл қосып, ел санасын оята беру, бәсеңсіп қалған жұртшылық қозғалысына қайтадан дем салу мақсатымен, баспасөз қызметін қолға алуды ұйғарады. Қыр өлкесінің ағартушылық демократияшылық бағыттағы тұңғыш біресми басылымы – айтулы “Қазақ” газетін шығару жөніндегі Байтұрсынұлы мен Дулатұлының бірлескен қызметі басталады.

Әдепкіде баспахана жалдап, ақыға шығарылған газет көп ұзамай өзіндік баспаханасы, қағаз қоры, айналым қаржысы, шағын кітапханасы, тағы басқа керек-жарағы бар әжептәуір кеңселі мекеме дәрежесіне көтеріледі. Алғашқыда 3 мың дана болып басылған газет тиражы аз уақыттың ішінде 8 мыңға жетеді.

“Оян, қазақ!” кітабынан соңғы кезде жазылған өлеңдерін 1913 жылы осы Орынборда “Азамат” деген атпен жинақ етіп шығарып, 1914 жылы “Бақытсыз Жамалды” Қазанда қайтадан бастырып, 1915 жылы “Терме” атты жинақпен “Оян қазақтағы” өлеңдерін Орынборда тағы бір жанғыртып шығарады да, өзінің ақын-жазушылық ағағын біршама нығайтқан Міржақып осы жылдары журналистік, публицистік дарынын да мейлінше аша түседі.

“Қазақ” газеті 1913 жылдың бас кезінен 1918 жылдың наурызына дейін шығып тұрды. Алғашында айқын ағартушылық, дәйекті демократияшылық бағытта болған бұл басылым Ақпан революциясын мойындап, ал Қазан революциясын қабылдай алмады.

Бірақ оқиғалардың кейінгі аяқ алысында Алаш басшылары, оның ішінде М. Дулатұлы да, жана құрылыс жағына шығып, қалған өмірін түгелдей туған халқының мәдениетін көркейту мақсатына арнауға бөкінеді.

Әлбетте, аумалы-төкпелі заманның аласапыраны кезінде жасалған бұл батыл қадамның қатерлі тәуекелі де жоқ емес еді.

Осының айғағындай, алғашында Ташкентке барып, аз уақыт “Ақжол” газетінің редакциясында, одан кейін Семей облысының сот органдарында қызмет атқарған Міржақып 1922 жылы ешбір себепсіз абақтыға жабылады. Бірақ, бұл әділетсіздік ұзаққа созылмай, Семейден Орынборға жөнелтілген бойда қамаудан босатылады.

Содан кейін ол Орынбордағы Қазақтың халыққа білім беру институтына (КИНО) оқытушы болып орналасып, мұнда 1922 жылдан 1926 жылға дейін істейді. Ұстаздық қызметке қайта оралғаннан кейінгі осы төрт жыл, одан кейін Қазақстан мемлекеттік баспасында бөлім бастығы, “Еңбекші қазақта” редактордың стилистика жөніндегі көмекшісі болып істеген кездері – Міржақыптың қарбыта қалам сілтеп, өндірте жұмыс істеген аса бір жемісті жылдары еді.

Атап айтқанда, 1922 жылы ұстаздық қызметке қайта оралған бетте, ол екі бөлімнен тұратын “Есеп құралын” әзірлеп, Ташкент қаласында бастырып шығарды. “Балкия” атты төрт перделі пьеса жазды. 1924 жылы Орынборда екі жылдық “Қирағат кітабы” (хрестоматиялық оқулық), Қызылордада “Есеп құралының” жана басылымы жарық көреді.

Ал, енді осыған әрдайым қапталдасып отырған журналистік, аудармашылық қызметті қоссақ, тынымсыз еңбекпен өткен қарқеттіл қажыр иесінің өмірі көзге айқын елестейді. Мәселен, бір ғана 1925 жылдың өзінде бұл В. И. Лениннің “Жана үнем саясаты”, “1905 жылғы төңкеріс”, Г.Зиновьевтің “Ресейлік коммунистік партияның тарихы” атты еңбектерін аударып, Орынбор мен Қызылордада бастырып шығарады. Соған ілестіре революциядан кейінгі кезеңде қазақ тілінде шығарылған кітаптардың екі томдық библиографиялық көрсеткішін әзірлеп бастырады.

Бұл аталған фактілер Міржақыптың осы алты-жеті жыл ішіндегі ұстаздық, баспагерлік, қаламгерлік белсенді қызметінің басты-басты нәтижелері ғана еді.

Шығармашылық кемел шағына келіп, республикадағы мәдениет революциясы ісіне белсене ат салысып жүрген кезінде Міржақып Дулатұлы Сталин – Голушекін озбырлығының қармағына тағы да ілінді. Баяғы өткен оқиғалардың жаңғырығы қайта қоздырылып, 1928 жылдың аяғында бір топ қазақ оқығандары қатарында тұтқынға алынды. 1930 жылы ОГПУ коллегиясының үкімі бойынша алғашында ату жазасына кесіліп, кейін бұл үкім 10 жыл абақты жазасымен алмастырылды. 1935 жылы қазанның 5-і күні, елу жасқа толуына бір ай қалғанда, Ақтеңіз-Балтық каналының бойындағы Сосновец станциясында, лагерьдің лазаретінде ауыр

науқастан қайтыс болды.

М.Дулатұлының “қылмысты” ісін жан-жақты тексере келіп, Қазақ КСР-нің прокуроры 1988 жылғы қазанның 27-сі күні тиісінше наразылық білдірді де, республика Жоғарғы сотының коллегиясы сол жылғы қарашаның төртінде қылмыс құрамы болмағандықтан марқұмның есімін біржола ақтады.

\* \* \*

Ақынның революциядан сегіз жыл бұрын шыққан алғашқы жинағының жалпы идеясы мен онда топталған өлеңдерінің негізгі мазмұны – “Оян, қазақ!” деген атынан-ақ көрініп тұр. Автордың алдына қойған мақсаты мен айтайын деген ойы төрт жолдық беташарға түгел сыйғызылған:

Көзінді аш, оян, қазақ, көгер басты,  
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.  
Жер кетті, дін нашарлап, хал харап боп,  
Қазағым, енді жату жарамас-ты<sup>1</sup>.

Патшалық отарлау саясаты, халықтың өнер-білімнен мақұрым қалуы, тұрмыс күйінің күйзелісі және осылардан тамыр тартқан тағы басқа алуан түрлі тақсирет – осы төрт жол өлеңде түгел камтылған. Айналасы мың жарым жолдай, яғни қазіргі замандағы кітап көлемінің өлшемімен алсақ, екі баспа табақтай ғана бұл шағын жинақта – қасирет зарын көп тартқан қазақ халқының ұзын ырғалы арғы тарихы мен кейінгі қатал замандағы қайғылы тадыры және сол қаранғы қапастың қалың түнегінен шығар жол қайсы екен деп қарманбаған бейқам елдің болашағы көз алдына елестейді.

Жинақты оқып отырғанда, туған халқының басындағы ауыр халді ойлап бебеу қаққан азамат ақын жүрегінің құсалы күрсінісі естіледі. Тығырықтан шығар жолды іздеп шарқ ұрған тынымсыз жанның: “ол мынау!” – деп қолмен нұқып көрсеткендей, ашынып айтқан ащы зары қеледі құлаққа. Болашақын ойлауға ақыл-сана сатысы төмендеу соғып жатқан жұртына қозғау салатын, соның игілігіне қызмет етеді дейтін оқыған зиялыларға, болашақ иесі – жастарға шегелеп айтқан ождан сөзінің сарыны еседі.

Осындай көңілсіз көріністің үстінен биіктей көтеріліп, халық өмірінің әрбір дем-тынысына құлақ түрген, осы жолға өзінің қажыр-қайратын, өнер-білімін сарқа жұмсауға бел байлаған күрескер, азатшыл, мейлінше ұлтжанды, еркін ойлы, азамат ақын

<sup>1</sup> М. Дулатов. Шығармалары. – А., 1991. 19-б.

бейнесі тұлғаланып көрінеді.

Жинақтың кара сөзбен жазылған қысқаша кіріспесінде автор туған халқының “дүние сарайының бір қараңғы түкпірінде ұйқтап, ұмыт қалған секілді болып тұрғанын” өкінішпен айта келіп, осы бейқамдықта жата беретін болсақ, таяудағы болашағымыз бұдан да ауыр күйге ұшырауы мүмкін деген ойды аңғартады. Мұндай мүшкілдікке ұрынбау үшін, ақынның ойынша, екі нәрсе қажет. Біріншіден, мұсылман оқуын жетігірек меңгеріп, дінді тереңірек тану, сөйтіп, надан көпшіліктің көзі мен көңілін қатар ашу. Бұл – ана дүниелік ахиреттің қамы. Екіншіден, мына дүние тіршілігіне қажет нәрселердің бәріне қол жеткізіп, “жерімізді, малымызды сақтау үшін, басқалардан қорлық көрмес үшін”, орысша оқып, өнерлі болу. Ресей мемлекетіндегі үстем тіл – орыс тілі болғандықтан, оны үйрену арқылы елдегі қоғамдық өмірдің қырлары мен сырларын түсіну, солардың деңгейіне көтерілу. Бұл іске, ең алдымен, ел ішіндегі азын-аулақ оқыған азаматтар мұрындық болып, белсене ат салысуға тиіс.

Міне, осы ой, осы мақсат “Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі хал” деп аталатын алғашқы өлеңнен бастап, жинақтың ақыр-аяғына дейін негізгі арқау етіп алынады да, үнемі қайталанып, пысықталып, оқушы мен тыңдаушының көкейіне күйылып отырады.

Адасып қараңғыда сорлы қазақ,

Ай тұмай, күн һәм шықпай, тұр таң аппай<sup>2</sup>.

Ақын анықтауындағы халықтың жағдайы осындай болғандықтан, бас көтерген әрбір азаматқа қойылар талап та үнемі осы үлдеден шығып отыруы қажет:

Жігіттің несі жігіт босқа жүрген,  
Қызметпен пайда беріп халыққа жақпай<sup>3</sup>.

“Әсем болсаң, бәсең бол” деген қағидаға бағып, елін үшін, дінін үшін, ұлтын үшін жаныңды пайда, малыңды тәркі қыл, өнерінді халықтың мұқтажына жарағ. Ақын мұрасындағы азаматтық ұран да, әлеуметтік әуен де, эстетикалық бағдарлама түрінде жүйеленіп, төңірегінде өрліп, поэтикалық бағдарлама түрінде жүйеленіп, саяси астарын айқындап отырады.

М. Дулатұлы шығармашылығындағы ең күшті сарын – отаршылдыққа қарсы күрес сарыны. Қазақ халқының отарлық күйі

<sup>2</sup> Сонда, 21-б.

<sup>3</sup> Сонда.

– аспандағы әміршінің бұйрығымен болған немесе әлдекімдердің ойынан шығарылған әлдеқалай кездейсоқ нәрсе емес, бүкіл қазақ қауымының талай замандардағы тарихи дамуының нәтижесі, саяси-әлеуметтік тіршілік салтының логикалық салдары, қоғамның ішкі қайшылықтарының заңды зардабы еді. Халқының өткен тарихынан мол хабардар ақын оның бүгінгі ауыр халін суреттегенде, осындай нақты-тарихи көзқарас тұрғысынан келеді.

Мәселен, өлеңнің “Бір кеңес түсті қиял бастарыма” деп басталатын бөлімінің мазмұнын алып қарайық. Онда қазақтың өткен тарихын ақын былай суреттейді. Бір кезде ол байтақ сахарада емін-еркін көшіп-қонып тіршілік еткен. Ешбір патшаға қарамастан, үш жүздің баласы қанаттаса өрбіп, өз хандарына өздері бағынып, алаңсыз өмір сүрген. Жер кең, дәулет мол, ешнәрседен аланы жоқ бейқам ел бейбіт өрбіп, берекелі мекенді жайлаған ол бір рахатты заман секілді болып елестейді.

Көшсе де мың шақырым жері жайлы,

Аққан булақ, шалғыны көк орайлы.

Тоқты қоздап жүріпті, тай құлындап,

Жер тар болып көрмеді ол уайымды<sup>4</sup>.

Бірақ бұл белгілі бір өткінші кезеңнің сыртқы бүтіндігі ғана болатын. Қауымды іштен жегдей жеген алауыздық бар еді. Күштінің әлсізге тізе батыруы, бірін-бірі шауып алып, араздықты үсті-үстіне қоздыра беруі етек алды. Ішкі бүтіндігі ірі бастаған елге сыртқы жаулары да көз алартуын жиілете бастады.

Сол кезде біздің қазақ ала болған,

Көлденен дұшпандары және болған.

Күштісі нашарларын шауып алып,

Бұрынғыдай болмаған, пәле болған.

Ел шауып, кісі өлтірсе бағыр деген,

Бағырлар пақырлардың хақын жеген.

Біз мұндай бұл уақытта болар ма едік,

Істесе халық пайдасын ғақылменен<sup>5</sup>.

Осының бәрі ақыр-аяғында келіп қазақтардың Ресей мемлекетіне бағынуымен тынды. Әр түрлі әлеуметтік жағдайлардың тоғысуынан туған бұл тарихи қадам әлепкіде халықтың болашақ тағдырын қамтамасыз еткендей де болған. Өйткені, өз еркімен

<sup>4</sup> Сонда, 22-б.

<sup>5</sup> Сонда.

келіп қосылып жатқан халыққа патша әділ боламын, дініне, жеріңе тимеймін, солдат алмаймын, салықтан басқа ешқандай ауыртпалық түсірмеймін деп уәде берген. Сондықтан Ресей қол астындағы басқа халықтар қатарлас патшаның рақымынан нәсіп көріп, іргелі елдің игіліктерінен дәмеленуге қазақтар да хақылы еді.

Бірақ, олай болмады. Замандар өте келе, берілген көп уәде аяққа басылып, халықтың мойнына отаршылдық қамыты мықтап тұрып китізді. Өз елінде, өз жерінде отырып, ол бұратана атанды. Осының барлығына туу басында кінәлі өзіміз екенін ақын былай жеткізеді:

Кетіпті араздасып бір туысқан,  
Барымта ұрлық қылып, мал қуысқан.  
Сыя алмай кең дүниеге таласушы еді,  
Таршылық енді көріп сығылысқан....

Екі сұңқар таласса, құзғынға жем,  
Берекесін бұл қазақ сөйтіп құртқан<sup>6</sup>.

Мұның бәрі тарихи шындық. Ақын бұл шындықты жөн-жөнімен саралап, әсерлі өлең тілімен жеткізеді, оқушысына ой сала, толғанып жазды.

“Қазақ халқының бұрынғы мағишаты” атты өлеңінде де ол бабалардың өткен өмірін, елдің салтын, жақсы дәстүрлерін бұдан да гөрі тереңірек тебіреніспен еске алады. Бірақ өткендегінің бәрі жақсы еді деп жоқтамайды, сол заман қайта келсе екен деп көксемейді. Оны халқымыздың басынан өтіп кеткен бір тарихи кезең деп қарайды да, қазіргі тұрмыстың, бүгінгі күннің қам-қарекетін алға тартады. Өткен тарихты ғибрат, тағылым ретінде ғана ұсынады.

Қанекей осы айтқанның бірі бар ма,  
Айтылса сөздің кәміл хақиқаты.  
Бұл күнде бұларды ойлап қайғыда жүр,  
Бар болған данышпандар парасаты.  
Оқыған пайда берер жастарымыз,  
Әр істен болса егер мағлұматы<sup>7</sup>.

М. Дулатұлы поэзиясында бірден-бірге жалғасып, ортақ желідей тартылып отыратын осы күрделі тақырыпқа арналған өлеңдердегі

қайғы-қасірет пен мұң-зарға құрылатын ауыр психологиялық ахуал, лирикалық қаһарманның көңіл күйін билеген өкініш-нала, халықтың басындағы ауыр халді кезбен көріп, көңілмен ұққан ақын жанының күйзелісі әрдайым бой көрсетіп отырады.

Жоғарыда айтылған шығармалардағы жалпы жағдайдың белгілі бір қырын алып, ерекше уытты әсер күшімен баяндайтын “Қазақ жерлері” деген өлең – осының айқын айғағы.

Тақырыбынан-ақ көрініп тұр, мұндағы көгерілетін мәселе – көшпелі ел тұрмысындағы ен шетін – жер мәселесі. “Мал ашуы – жан ашуы” дейтін қазақ, бар тіршілігі малмен байланысты болған соң, соған керекті өріс-қонысты қуалап, кең сахараны тынымсыз кезіп жүргенде, оның ой-қырына түгелдей бауыр басып, атадан балаға мұра етіп қалдырған. Сол байтақ даланың әр пушағында қазақ тарихының өшпес ізі, әр заманда қан болып тамып, тер болып төгілген таңбасы, әр ұрпақтың өзіне қымбат жәдігерлері бар. Сондықтан да қазақ жерін сөз еткендегі ақын тебіренісінің тереңдігін, сол жерлердегі замандар бойғы тіршілік белгілерінің қолдан шығып, қор болып бара жатқанын көргендегі ақын жанының шырылын тіпті бүгінгі оқырманның өзі де өзгеше қобалжу сезімі үстінде қабылдағандай.

Ақын бұл тұста да тарихи шындықтан ауытқымайды. Бірінші өлеңінде әлеуметтік тығырыққа қамалған қазақ қауымының алғашқы легі орыс патшалығына Әбілхайыр хан тұсында бағынғаны айтылса, мына өлеңде бұл оқиғаның 1731 жылы болғаны дәлдеп көрсетіледі. Соған жалғастыра 1868 жылы қазақ жерінің түгелдей қазыналық деп жарияланғаны еске салынып, одан әрі ұлы қасіреттің басы болған ауыр зардаптары тізбектеліп кетеді. Осының барлығын ақын күнделікті өмірдің нақты көріністері арқылы, ұлттық санаға етене жақын ұғымдармен жеткізеді.

Кір жуып, кіндік кескен қайран жерлер,  
Мұжыққа, хош-аман бол, барасың ба?  
Қасиетті бабамыздың зияраты,  
Қалдың ғой көшесінің арасында.  
Моншаға зияраттың тасын алып,  
Ағашың отқа, мұжық, жағасың да...  
Айрылсаң қалған жерден осы күнгі,  
Топыраққа малды, қазақ, бағасың да<sup>8</sup>.

Отарлау саясатының экономикалық зардабы осындай болғанда, елдік пен егемендікке, дәстүрлі салт-санаға тікелей нұсқан келтірген әлеуметтік зардабының да одан кем болмағаны

<sup>6</sup> Сонда.

<sup>7</sup> Сонда, 24-25-бб.

<sup>8</sup> Сонда, 30-б.

“Сайлаулар хақында” деген өлеңнен көрінеді.

Шыққалы болыс сайлау қырық жыл өтті,  
Сол сайлау байқасаңыз түпке жетті<sup>9</sup>, —

деп басталатын бұл шығарма қазақ жерлерін басқарудың жаңа тәртібі көшпелі қауымда ежелден қалыптасқан билік дәстүрлерін бұзып, ел ішінде алауыздық туғызғанын, партияшылдық, мансапқорлық деген жаңа дерттердің бұқара халықты іштен жегідей жей бастағанын сөз етеді.

Бір кезде ұлы Абай “Болыс болдым мінекей”, “Мәз болады болысың” атты өлеңдерінде қатты мінеп кеткен кесірдің бұл күнде бәсекеге айналып, жаппай етек алғаны, ел ішін кеулеп, барған сайын жұртты аздырып бара жатқаны Міржақып өлеңінде жаңа бір күшпен шенеледі.

Патша әкімшілігінің қыр еліне ықпалы күшейген сайын, ол материалдық және әлеуметтік-саяси езгімен шектелмей, халықтың рухани өмірін де отаршылдықтың темір құрсауымен шегендей бастағаны мәлім. Алғашында халықтың ауыр тұрмысы мен бұддыр болашағын өткен тарихымен салғастыра, жай бір ғибрат етіп ұсынған ақын, кейін келе, патшалық тергеу орындарының тыңшылықты күшейткен кезінде, ел ішінде арызқойлық, бас-араздықтан туған көрсетінді сияқты оқиғалар жиілей түскен шақта, жанағдай ашық қарсылықтан жасқанып, тұспал сөзге ауысқан жәйттерін де байқаймыз. Патшалық – еркін ойлы, азаткерлік идеясына қатты тыйым салып, сөл көріністерінің өзіне қудалау жасағанын Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының өз өмірлерінен айқын көреміз.

Байтұрсынұлының халыққа арнаған алғашқы сөзін аудармадан бастап, мысал түрінде жазуында да ішінара осындай себеп бар еді. Бұл әдісті кейінде Дулатұлы да қолданған. “Жұмбақ” атты өлеңнің жазылу тарихынан осындай сыр түйеміз.

Патша самодержавиесі тұсындағы шексіз деспотизмді, оның әкімдері тарапынан жасалған қайырусыз зорлық-зомбылықты ақын арыстан билеген аң патшалығының өзі түсте көрген сиқы арқылы жеткізбек болады. Өзінің төңірегіне жолбарыс, аю, қасқыр сияқты жыртқыштарды жиып алып, өзге момын жануарлар мен ұсақ жәндіктерді санатқа алмайтын, сол үшін арыз айтып, шағым білдіргенді қатаң жазалайтын әділетсіз арыстан мен оның жағымпаз жандайшаптарының бейнесінен отаршыл империя шындығы ап-айқын танылады. Соны бұл аңыз өлеңнің соңғы шумағындағы:

<sup>9</sup> Сонда, 27-б.

Ойыңа қалай келсе, солай түсін,  
Сыртын көріп құр қойма, аңғар ішін.  
Өңдегім деп айтуға қаймығамын,  
Секілді еді осылай көрген түсім<sup>10</sup>, —

деген сөздердің өзі-ақ аңғартып тұр.

Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының ақындық қазынасында олардың ағартушылық идеялары халықты оқуға, өнер-білімге шақырған ұрандары көрнекті орын алатыны — бұл күнде баршаға белгілі ақиқат. Осы жағынан келгенде, бұларды өздерінен бұрынырақ өткен ұлы демократ ойшылдарымыз Шокан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің, Абай Құнанбайұлының тікелей мирасқорлары деп атауға болады.

Сонымен бірге, аталмыш екі ақынның өз заманының қоғамдық-саяси жағдайына байланысты алдарына қойған мақсаттары мен атқарған нақты іс-әрекеттерінде алдыңғы ізашарларынан елеулі өзгешеліктері де бар еді.

А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлы әлеуметтік өмір сахнасына шыққан кезде патша үкіметінің Қазақстанды отарлау саясаты әблен дүрлеп, шынына шығып тұрғаны жоғарыда айтылды. Мал баққан елді шұрайлы жерлерінен айырып, алым-салықты көбейтіп, жұрттың титығына жетіп жатқанда, орыстың тілін білмейтін сауатсыз халық ең болмаса қазынаға кеткен жерінің ақысын да даулай алмай, көрген қорлық-зорлығын айта алмай, құлақ кесті құл жағдайында қала беретін.

Осы әділетсіздікті көзбен көріп өскен саналы азаматтардың сондағы халыққа айтқан ең бірінші сөзі: теңдігімді алам десен, алдыменен әкімдердің тілін үйрен, оқуын оқы, олармен иық теңестіріп, тұрмыстық мүлденді қорғай алатын дәрежеге жет, — деген сияқты үгіт түрінде болды.

Сондықтан Ахмет, Міржақыптардың ағартушылық қызметінде халықты жалпылама оқу-білімге шақырған ұранмен қатар, осындай салмақты саяси астар да болды. Бұл астар олардың кейінгі азаткерлік-төңкерісшілдік күш-жігерлеріне дәйек болып, саяси күрескердің сындарлы әлеуметтік көзқарасына айналды.

М. Дулатұлының алғашқы өлең жинағына “Оян, қазақ!” деген ат беріп, соған жалғастыра: “Жатуын енді, қазақ, жарамас-ты” деп жеделдетуінде, халықты негіжелі іс-әрекетке, қызу қимылға, саналы тірлікке, елдікке, бірлікке шақыруында өмірдің өктем талабынан туған осындай көкейкесті зәрулік болатын.

Міржақыптың ағартушылық көзқарасына тән екінші бір

<sup>10</sup> Сонда, 119-б.

өзгешелік — діни оқу мен дүниелік ілім-білімнің арасын табиғи байланыстыра көтеру. Ақын өзі мұсылманша әжептәуір жүйелі білім алып, діни соқыр сенім дәрежесінен жоғары көтеріліп кеткендіктен, құран, шариғат сөзіндегі адамгершілік, тәлім-тәрбиелік мәнді дұрыс ұғына білген. Сондықтан ол принципіне дінге қарсы емес, керісінше, оны қазақ қауымының рухани қажетіне жарату қамын ойлап, сындарлы пікірлер айтады.

Ахмет ағасы сияқты, ол да дүмше молдаларды сынағанда, ісләмді ұнатпағандықтан емес, қайта, аңқау елге арамзалық жасап, дұға-намаз бен қайыр-фатиханы өздерінің бас пайдасына жаратып жүрген дүниеқоныздығы мен пасықтығы үшін сынады. Қазақ ауылындағы мешіт, медресе жұмысының ұйымдастырылуындағы қара дүрсіндік пен шалағайлықты көрсетіп, оған жүйелі педагогикалық сипат беруді жақтайды. Бұл сол кездегі қазақ оқығандары мен қазақтан шыққан діни қызметкерлердің көбі көтеріле алмаған деңгей болатын.

“Мешіт, медресе хақында”, “Тәртіпті медресе жоқ бұл қазақта”, “Қазақ халқына діни бір уағыз” атты өлеңдерінде Міржақып мұсылманша оқуды қазақ ауылындағы ағарту ісінің негізгі саласы деп қарап, ондағы дәрістің кәдімгі мектептегіше оқу-методикалық негізде ұйымдастырылуын дiттейді.

Осы орайда қазақ ауылындағы мұсылмандыққа байланысты жол берілген ұшқарылықтың салдарынан, соңғы уақыттарға дейін, әсіресе, сынар жақ идеологияның үстемдігі тұсында, халқымыздың рухани өміріне елеулі нұқсан келтіріліп келгенін өкінішпен айтуға тура келеді.

Біріншіден, мұсылман оқуының мәні жоққа шығарылуы себепті — революцияға дейінгі халықтың сауаттылық көрсеткіші жасанды түрде төмендетіліп, қазақтар 1917 жылға дейін өзіндік жазу-сызуы жоқ жабайы халықтар қатарына қосылып келді.

Екіншіден, қазақ халқы өзінің табиғатында атеист халық еді деген қисын жасалып, оның “дінсіздігі” жақсы қасиеттерінің бірінен саналып келді. Соны ресми идеологиямызда әжептәуір мақтан тұтып айтушылық орын алды.

Шындығында осылай ма еді? Жоқ, олай емес екендігіне Міржақып өлеңдерін оқып отырғанда көз жеткізе түсеміз. Мәселен, “Мешіт, медресе хақында” атты өлеңінде ақын қазақ мұсылмандағының шалалығын, жұрттың көбі дін күтпей, құр мұсылман деген атақты малданып жүретінін айта келіп, оның себептерін ашады. Ең алдымен, көп ауылдарда мешіт жоқ, барларында оны халыққа рухани ықпал ете алатындай үлгілі дәрежеде ұстайтын білгір имамдар жоқ.

Осы тұста Дулатұлы тағы бір үлкен шындықтың бетін аша кетеді. Бақсақ, көп жерлерде мешіттің ашылуына орыстың миссионер

топтары кедергі келтіреді екен. Демек, қазақ даласында ісләм дінінің әлсіз болуының бір ұшығы патшалықтың отаршылдық саясатына барып тіреледі екен. Оның әр жағында Шығыстың көптеген ұсақ халықтары арасында қазақты да шоқындыру мақсаты жатқаны белгілі.

Ал біз болсақ, осының байыбына бармастан, қазақтың мұсылмандығы жай, бер жағы ғана еді деп, бүкіл халыққа ұждан жалғандығын таңып, оны екі жүзді етіп көрсетіп келдік.

“Тәртіпті медресе жоқ бұл қазақта” дейтін өлеңде қыр балаларының ауыл молдасынан оқуы барып тұрған азап екені, онда сабақтың белгілі бір күн тәртібі, оқу кестесі бойынша жүргізілмейтіні, дәріс бағдарламасының орындалуына қарай шәкірттер оқу топтарына бөлініп, жылма-жыл сынып ауыстырып, кластан класқа көшіріліп отырмайтыны сыналады. Керек десеңіз, ауылда балалар оқитын арнаулы үй де болмай, сабақ көбінесе төл қораларда, иіс-қонысты, лас орындарда өткізілетіні үлкен қынжылыспен айтылады. Өйтетін себебі, ақын ауыл балаларының молда алдынан қара тануын тек қана діннің оқуы деп қарамай, дүниелік өнер-білімге, үлкен ғылымға барар жолдың бастапқы буыны деп қарайды. Сондықтан да өлеңнің соңғы қорытынды шумағы мынадай шақырумен аяқталады:

Келер ме өздігінен бізді іздеп,

Қол созып ұмтылмаймыз мағрифатқа.

Өнерлі халықтардан өрнек алып,

Кел енді бұл ғадетті тасталық та<sup>11</sup>.

Балаларға дін уағыздары мен ғылыми пәндерді қатар оқытулың кенейтілген бағдарламасы “Қазақ халқына діни бір уағыз” атты өлеңде бұдан да гөрі нақтыланып баяндалады. Оның негізгі мазмұны мынадай. Қазақ халқы Ресейдегі мұсылман дінінің ресми орталығына бағындырылсын. Оқу жүйесі ауылдық, болыстық және үйездік болып саты-сатыға бөлінсін. Оның басшылығына тағайындалған лауазым иелері діни парыздармен бірге азаматтық рәсім міндеттерін қоса атқарсын. Әр болыста бір медресе ұйымдастырылып, мұсылманша, орысша сабақ екі жүйе жүргізілсін. Бүкіл оқу процесі ғылыми-педагогикалық ережелерге негізделіп құрылсын. Бұл жұмысқа жүйелі қамқорлықты үкімет орындары өз міндетіне алатын болсын.

Әрине, бұл сияқты күрделі жоспарлардың ойдағыдай жүзеге асуы оңай емес. Ол үшін ресми әкімшілік орындарының қолдауымен қатар, жалпы халықтың, әсіресе, бұқара көпшіліктің

<sup>11</sup> Сонда, 34-б.

оқуға, ғылым-білімге деген ынта-ықыласын ояту қажет. Халықтың болашақ тағдырының мықты бір кілті осында екенін ел-жұрттың санасына мықтап тұрып құю ләзім.

“Өнерменен хасыл болған нәрселер” атты өленде осындай насихаттық және танымдық мол тағылым бар. Өзінің ұлы ұстазы Ыбырай Алтынсариннің “Өнер-білім бар жұрттар” атты әйгіл өленінің дәстүрінде жазылған бұл шығармасында Міржақып, өз заманындағы ғылым мен техника жетістіктерінің ең соңы жаңалықтарын тізбектеп баяндай келіп, соның барлығы әлгіндегі оқу-ағарту ісінің жемістері екенін және соның барлығы адам игілігіне қызмет етіп отырғанын түсіндіреді.

Оқу-ағарту ісінің тағдырын шешетін ендігі бір маңызды шарт – осындай ғаламдық маңызы бар игілікке мұрындық бола алатын тәжірибелі ұстаздардың болуы, ақынның дәл өзі сияқты жалынды сөзімен де, жағымды ісімен де бұл үрдіске сүбелі үлес қоса алатын зиялы азаматтардың, әсіресе, жастардың одан қалыс қалмауы. Сондықтан, ақын бұл бағытта айтар сөзінің бір сарасын соларға арнайды. “Өнерін халық пайдасына жұмсап жүрген оқығандарымызға” деген және “Ақылы кәміл жігіттер”, “Зейнолла әпендіге жолдадым хат” деп басталатын өлендерде ақынның ағартушылық қызметін нақ осы тұрғыдан толымды ете түсетін көшелі пікірлер бар.

М. Дулатұлының бүкіл шығармашылық мұрасында бір-біріне жалғастыра жылғаланып отыратын күрделі тақырып – әйел мәселесі. Әр кезеңде әр түрлі жанрда көтеріліп, әр қырынан көркемдік шешімін табатын бұл тақырып алғаш рет “Оян, қазақ!” жинағында “Жесір даулары хақында” атты ұзақ өленде сөз болады. Онда қазақ халқының сонау ерте замандардан бері қарай ата салтына айналып, бүкіл болмысына сіңіп кеткен жақсы дәстүрлерімен бірге талай ұрпақтардың өміріне залалын тигізіп, талай жандарды бақытсыздыққа ұшыратып келе жатқан қатал заңдардың бірі – әйел тағдырына байланысты екені аса бір лепті ақындық өсер күшімен жырланады.

Солардың ішіндегі ең көп тарап, ұлттық кеселге айналған түрі – қалыңмал. Тіпті шарнағат, низамда жазылмаған бұл гадет бойынша әкелер еркімен жас сөбилер, кейде, тіпті, дүниеге келмей тұрып та, бір-біріне атастырылып қояды. Олардың өсе келе қандай адам болатыны, ақыл-сана, бой-бітім, тіпті денсаулық ерекшеліктері мүлде ескерілмейді, осының салдарынан, талай-талай теңсіз некелер туады, талай тағдырлар бұзылып, талай-талай жастардың өмірі өксіп өтеді.

Жас қызды малға сатып, қартайған шалға беру, өменгерлік, көп қатын алушылық сияқты жаман әдеттердің бәрі де бір-бірімен байланысты болып, қоғам өміріндегі әйелдің рөлін төмендетеді.

Неше түрлі дау-жанжалдар осы әйел мәселесінің төңірегінде өрбіп, насырға шауып жатады.

Ақын осылардың барлығы адам табиғатына жағ екенін, бұл әдеттер өзге халықтардың көбінде жоқ екенін айта келіп, олардан дереу арылу қажет екенін, жас ұрпақтың жар таңдау мүмкіндігін өзіне беру жөн екенін айтады. Осыған жалғастыра жазылған “Жігіттер” (“Жақсы қыз бозбалаға пар болғандай”) атты өленде неке теңдігі, бас бостандығы, бір-біріне сүйіп қосылған жастар өмірінің жарастығы үлгі етіп көрсетіледі.

“Оян, қазақта” көп айтылып, қайта-қайта пысықталып отыратын өзекті ойлардың басын қосып, оларды жинақтап, тұтас бір ақындық желіге тізіп берген екі шығарма, екі ұзақ өлең – “Таршылық халіміз хақында аз мінәжат” және “Насихат гумүмия” атты туындылар. Бірі – жеті бөлімнен (53 шумақ), енді бірі – жиырма жеті бөлімнен (140 шумақ) тұратын бұл екі шығарманы – автордың негізгі ақындық тұғыры, азаматтық айқындамасы тұжырымдалған поэтикалық монологтар деп анықтауға болар еді. Жанры мен көлемі жағынан өте күрделі де бірегей бұл шығармаларды өзіндік бір публицистикалық поэма деп атаса да сыйымды болғандай.

Мазмұны жағынан біріне-бірі жалғасып, бірін-бірі толықтыра түсетін бұл шығармаларда жоғарыда қарастырылған өлендерде айтылатын жәйттер жана бір тебіреніспен қайталанып келіп, аса әсерлі ақындық жинақтау, философиялық ой қорыту дәрежесіне көтеріледі. Олардың әрбір шумағы мен тармағынан халық тағдырының ақын жанын толғатқан не бір көкейтесті проблемалары естіледі. Оның басынан өткен не бір қилы замандар мен бұралаң бұрылыстардың ауыр зардаптарын шерлі жүректен запыран төгіп айтқан ақын зары осынау қаранғы қапастан құтылудың бірден-бір жолы – бірлік пен ынтымақта, болашақты ойлаған саналы іс-әрекетте, өнер-білімге ұмтылған өршіл талапта екенін санаға қайта-қайта шегелеп жатқандай өсер береді.

Ақын бірде:

Жас орнына көзімізден қан кетіп,  
Қолымыздан ата мирас заң кетіп...  
Аяқ асты болып қазақ қалды ғой,  
Құр әншейін рухы қалып, жан кетіп...  
Кім жазалы өзімізден көрмесек,  
Төбемізге шығардық қой дөңдетіп<sup>12</sup>, –

деп күніренсе, енді бірде:

<sup>12</sup> Сонда, 40-41-б.



Мыннан біреу шыққанда басы болып,  
Жүзден біреу шыкса екен соңына ерер.  
Әр тайпадан бір білген болып тұрса,  
Сонда жұртқа шүбәсіз үлгі берер.  
Халық пайдасын көздесе осылайша,  
Ісімізге, әлбетте, береке енер<sup>17</sup>.

Кезінде қалың жұртшылықты селт еткізіп, көңілін сергіткен ақын сөзінің ел аузында жағталып, қаншама қатаң тыйым салынғанына қарамастан, жанғырығы кейінгі ұрпақтарға естіліп жатуы — ондағы өмір шындығының осындай ұлы күшінде болса керек.

\* \* \*

“Азамат” атты жинақ — көлем жағынан алғанда “Оян, қазақтан” да шағындау. Бірақ, мұндағы шығармалар автордың ақындық өнерге бұрынғыдан едәуір төселе түскенін аңғартады. Бірінші жинақтың тақырыбындағы ұранды үндеу ондағы барлық шығармаларға дерлік тән болатын. Ақынның оқушыға айтар сөзі көбінесе ашық үгіт, нақыл-насихат, диттеген ойын тәптіштеп ұғындыру түрінде жеткізілетін де, негізінен баяндау әдісіне құрылатын. Автор негізгі салмақты шығарманың мазмұн жағына аударуға тырысатын, сондықтан онда ажарлы бояу, бейнелі сурет, айшықты өрнек дегендерге онша бара бермейтін.

Әрине, бұл алғашқы еңбектің көркемдік қасиеттері кемшін еді деген сөз емес. Ақын онда да қазақтың қара өлең өнерін жақсылап меңгерген, сөз саптауы жатық, айтайын деген ойы айқын, өлең ұйқастары толымды, ішкі құрылымы ырғақты, тыңдаушы мен оқушы зердесіне бірден ұялап қалатын ұтымды орам, ұшқыр тіркестері мол болып келегін.

Ал мына жинақта сол қасиеттерінің үстіне бұрынғы баяндау сарыны енді ақынның көңіл күйін білдіретін сыршыл сезімге, терең тебіреніске, ойшыл санаға қарай көбірек ойысып, шынайы поэзиялық, өріске бет алғаны байқалады. “Таза бұлақ”, “Шағым”, “Мұн”, “Арманым”, “Сырым”, “Қажыған көңіл”, “Қиял”, “Таң” сияқты өлең тақырыптарының өзі-ақ нәзік лирикаға сұранып тұрғандай. Бұл тақырыптардың көркемдік шешімі де көңілге қонымды, ақындық мәдениеттің едәуір жоғарылай түскенін дәлелдейді.

Бірақ ақын өзінің өмірлік мұратына әрдайым адал, ішкі ожданына берік. Қай өлеңінде болсын ол жай ғана жеке бастың мүддесін күйттеп, өзімшіл түйсік жетегіне ілесіп кете бермейді.

<sup>17</sup> Сонда.

Ұйқыда жатыр қазақ көзін ашпай,  
Кеттің ғой отқа күйіп, өрттен кашпай,  
Әр халық алға кетіп жатса-дағы  
Біздің жұрт шегінеді қадам баспай<sup>13</sup>, —

деп назаланады. Соны өзінің жеке басының қайғысындай қабылдап қиналған автор:

Аһ десе ішген қайнап шығар жалын,  
Халықтың кім түзетер мүшкіл халін<sup>14</sup>, —

деген сауалды көлденең тартып келіп:

Күн көреміз қайда барып, алашым,  
Білгіштерін хал мүшкілін қарасын.  
Сүйегі жоқ, тіске жұмсақ болған соң  
Әркім жейді біздің қазақ баласын.

Аз емеспіз, алты миллион халықпыз,  
Алхамдилла, надандыққа ғарықпыз.  
Жайымыз жоқ одан басқа мақтанар,  
Сахарала мейжуси болып қалыппыз<sup>15</sup>, —

деген ашы шындықпен жалнастырады. Содан әрі өзінің негізгі ойын тағы да мықтанқырап қадай түседі:

Бір айтпадым, көп айттым, керек өнер,  
Бұл айтқанға халық та, көп те көнер.  
Бұл заманда көз салсаң бір мінез бар —  
Дұрыс сөзге табылмас кісі сенер...  
Болмаса азын-аулақ саналылар,  
Бозбалалар, көбіннен үзім күдер...<sup>16</sup>

Бірде осындай шарасыздықтан көңілі жүдеп, құлазып қалған ақын, енді бір ауық өз көкірегінде үміт ойын қайта тұтатады, ел ішінен көңілі ояу, сезімі сергек ұлдар, ұландар, ерлер шығатынына сенеді, соларға үміт артады.

<sup>13</sup> Сонда.

<sup>14</sup> Сонда, 42-б.

<sup>15</sup> Сонда, 43-б.

<sup>16</sup> Сонда, 65-б.

Бұрынғысынша, азаматтық ар үні, әлеуметтік әуен басым жатады. Солардың қалың ортасында, халық тағдырының әр тараптан келіп тоғысқан тораптарында ел мүддесінің жоқшысы, қайтпас қайсар, мұқалмас қажыр иесі күрескердің бейнесі тұрады.

Бұл – “Оян, қазақтағы” бұйығы халықты белсенді іске, саналы қарекетке, елдікке, бірлікке, өнер-білімге шақырған жүрек әмірінің жаршысы ғана емес, сол саналы азаттық қозғалысының белгілі бір кезеңін бастан кешіріп, оның азат-бейнетінің дөмін татқан, ұлы шайқастың қазанында бір қайнап шыққан тәжірибелі күрескердің бейнесі. Оның халыққа арнап ендігі айтар сөзінде өз басынан кешкен кеттердің шындығы бар, сол шындықты санамен ұғып, жүректен сезінген ақын жанының ыстық шарпуы бар.

Сондықтан ол әлі де керенаулық пей бейқамдықтың шылауынан шыға алмай, ескі сурлеуді шиырлап жүрген халқына:

Мен не болсам, болайын саған салақа,  
Сүйікті жұртым, қақпанға түсіп алланба, —

деп ескертуге де;

Жұрттығыңды жоғалтпай әлден, басың қос,  
Озу қиын көмбе жерге барғанда<sup>18</sup>, —

деп бұрынғы айтқандарын тағы пысықтап, шегелей түсуге де әбден хақылы болып көрінеді (“Мұң”).

Осы тұста ақын елге көсемдік қылар ақсақалдардың, олардың соңынан еретін жастардың, адасқан елді дұрыс жолға бағдарлайтын оқығандардың, мал-дәулетімен ортақ іске жәрдемін тигізетін байлардың, жұрт санасын ағартып, ақ батасымен елді жебейтін моллекендердің бас-басына тағы да сөз арнап, оларды бір арнадан тоғысуға шақырса, біз олан бұрын ел бірлігін көксеген азамат ақынның енді сол халқын ұлттық тұтастық дәрежесінде көруді аңсаған патриот күрескерге айналған бейнесін көреміз. Бұл — Мір-жақып поэзиясындағы жаңа леп, соны нышан.

Мақсат биіктеп, міндет күрделілене түскен сайын, қай қиындыққа да қасқиып қарсы шыққан күрескердің тәуекелшілдігіне де түбегейлі өзгеріс кіреді. Ол — енді бұрынғыдай ет қызуымен өз ұранына өзі еліккен көзсіз ер емес, ел тағдыры тығырыққа камала түскен сайын құрбандық құңының арта беретінін ақыл-санамен ұғынған және ұғынған сайын халқына деген сүйіспеншілігі мен перзенттік махаббаты арта беретін нағыз қаһарман тұнғасында қара көрсетеді.

<sup>18</sup> Сонда, 96-б.

Дулатұлы ақындығының алтын жалауындай, туған елі үшін өмірін өкінішсіз құрбан етуге сәт сайын дайын тұрған жанағдай жанкешті адамның аузынан жалындап шығып, ел аузында жатталып қалған “Шағым” атты өлеңдегі:

Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,  
Пайдалан шаруана жараса, Алаш!<sup>19</sup> —

деп келетін халық алдындағы, ар алдындағы ант сөзінің айнымас ақиқаттығы “Сырым” атты өлеңде:

Көзлеген оқ, сермеген қылш болса да,  
Тәуекел деп қасқайып көзді жұмармын<sup>20</sup>, —

деген шешім арқылы жана бір күшпен беркі түседі. Ақынның өз сертіне сенімді екеніне күмәнданбайсың, өйткені, ол халқының бақылы үшін күресіп өтуді жай бір көлдененнен тап болған кездейсоқ шаруа деп қарамай, құдрет күшінің өз мандайына жоғарыдан жазып жіберген үлесі деп қабылдайды.

Кім үшін тусам, сол үшін өлу — борышым,  
Міндет қылып қосқаны маған құданың<sup>21</sup>.

Өз тағдырын осындай биіктен түсінген ақын, жоғарыда келтірілгендей, “Мұң” атты өлеңінде жұртына:

Мен не болсам, болайын саған салақа, —

деп таусыла айтса, “Арманым” деген шығармасында:

Аяусыз жаным, мен бір құрбан лағың,  
Болса алуға қаным себеп мұралын,  
Болайын сүйініші, жұлдызы жанып бақыттың,  
Сен көркейді деп естісе құлағым<sup>22</sup>, —

деп тарыққан көңілдің түкпіріндегі асыл аңсарын одан бетер ақтара түседі.

Ахмет Байтұрсынұлының бұдан сәл бұрынырақ жазған бір өлеңіндегі:

<sup>19</sup> Сонда, 91-б.

<sup>20</sup> Сонда, 92-б.

<sup>21</sup> Сонда.

<sup>22</sup> Сонда, 95-96-бб.

Қинамайды абақтыға жапқаны,  
Қиын емес дарға асканы, атқаны, –

дейтін жолдар мен жаңағы Міржақып шумақтарын қазақ поэзиясындағы азаттық тақырыбын жаңа бір сатыға көтерген, сөйтіп, кейін ұлы дәстүрге айналған үрдіс үлгісі деп бағалауға болады.

Әрине, Ахмет те, Міржақып та бұл сөздерді өз өмірлерін аяусыз көргендіктен, жандарын тастай алмай жүргендіктен айтпаған. Өздері өмірлерін арнаған мақсағ биігін, мұрат ізгілігін терең түсініп, сезінгендіктен айтқан. Ал мұны айта алған ақынның ел қасіретін жеке өз басының қайғысындай қабылдап, сол үшін бүкіл жан-жүрегімен егіле күніренетіні де түсінікті болса керек.

Айталық, “Оян, қазақтағы” бір өлеңдерінде Дулатұлы халықтың басындағы ауыр халді өз жүрегімен қалай сезінетінін:

Аһ десең іштен кайнап шығар жалын, –

деп, немесе:

Сөйлесем мұның бәрін қиял буып,  
Қападан ішім оттай жанасың да, –

деп бұлыға айтатын болса, енді екігалай күрес үстіндегі ауыр халді өз басының жеке қасіретіндей суреттеп, ішкі шерді жаңағы “Шағымда” сыртқа былай шығарады:

Тамшылап көзден аққан бұл суық жас,  
Балқытып қашан ерітер жүректі тас?  
Қаламнан жылап аққан қара бояу,  
Жазылып қағазға сен жұртқа қыл паш.

Жүректен қашан шығар қалаған оқ,  
Жандырған жанды нақак сөнер ме шок.  
Қажыған қам көңілді бір көгерер  
Жанымда жаны ашитын алаам да жок.<sup>23</sup>

Сондағы ақын жанын ойсырата күйзеліп тұрған себеп біреу ғана:

Қаптап тұр күнбатыстың қара бұлпы,  
Адасып сәуле көрмей қазақ жұрты.<sup>24</sup>

<sup>23</sup> Сонда, 91-б.

Күрес жолының кедергі-бөгеттері көбейіп, халықтың басындағы қара түнек қалындай түскен сайын, соның жаңғырығындай өлең кейіпкерінің қайғы-зары да тереңдей береді. “Сенімсіз басым, пайдасыз жасым арманда” деп басталатын “Мұң” атты бірінші өлеңде (жинақта осындай бір тақырыппен жазылған екі шығарма бар – ред.) жотарыдағы көзден тамшылаған суық жас орнына енді қан сорталайды. Бірақ, соған да селт етіп, намысқа қызар жігіт жоқтығы ақын жанына қанды жастан да қаттырақ батағын секілді.

“Қажыған көңіл” атты өлең бастан-аяқ түгелдей шерлі әуенге құрылған. Әрбір жолынан аса бір терең нала, нәубеттің лебі есетін бұл өлеңнің лирикалық қаһарманы бір кезде жүйрік қиялдың жетегіне еріп, туған ел мен өскен жерден безіп, қиын қияларға құлаш ұрып кеткенде, бір ауық өзін жел айдаған қанбақтай сезініп жүрсе де, алдымнан тұрақ, пана болатын бір сай кездесер деген үмітке иек артатын. Бірақ ол үміт ақталмады.

Сай орнына душар болды терең жар,

Мезгіл жетпей шығу қиын, өзі тар.

Достық саны нольге қалып азайды,

Бой балқытып кімді ерітер шыққан зар?!<sup>25</sup>

Сондағы қаһарман жанын құлазытып, зар шектірген не нәрсе? Оның жауабын өлеңнің келесі шумақтарынан табамыз.

Көп құлағы мақтаменен тығулы,

Қасқыр қуып үріккен қойдай ығулы.

Құбыжық бар десе қорыққан баладай

Су жүрек боп сорлы қазақ бұғулы.

Тіпті, осыған да қарамастан, “жалыны ыстық жас ғұмыры шыдаптай” алып ұшқан албырт жан “қайралған өткір болаттай” қарсы шауып, басын тау мен тасқа ұрып-ақ жүр, өз бойындағы өнер-білімді жұртқа аямай шашып-ақ жүр. Бірақ әзірге одан шыққан нәтиже жоқ. Міне, ақынның өз басын шын бақытсыз сезінетін кезі дәл осы тұс. Сондықтан да ол аласқан халқына сәуле түсірмей, түнеріп тұрған күнбатыстың қара бұлтын тағы да еске алып, шағынуға мәжбүр:

Жаудың бетін қажып тұрмыз бұра алмай,

Бұрмақ түгіл шыдап қарсы тұра алмай.

Күннің кезін қап-қара бұлт жасырып,

Күлімсіреп нұрын шашып шыға алмай.<sup>26</sup>

<sup>24</sup> Сонда, 93-б.

<sup>25</sup> Сонда, 91-б.

“Ғазиз басым құтыла алмай жаладан” деп басталатын “Мұн” атты екінші өлеңде бір кезде беті қайтпай қасарып тұрған көпін жауы енді ақынның “жағасынан алып жармасқан” жеке өз жауы болып суреттеледі. Соған назаланған лирикалық кейіпкер “жанына ауыр тас батқандай жүрегі жаншылып, бойын билеген ашу-ызасы тамыр-тамырын қуалап, көрнеген кекке айналалды. Бірақ озбырлық күші үстем болып, дегені жүріп тұрғанда, әділет жокшысының өзін құзғын талаған сұңқардай сезінбеске лажы жоқ.

Жүрегі “халқым” деп соғып, соның бақыты жолында жанын жалдап, басын байлап жүрген қайсар ерді торықтыратын осы сияқты ашық күрестің шамадан тыс қиындықтары мен қауіп-қатерлері бір болса, оның көңілін жасытып, жігерін құм қылатын тағы бір қасіреті бар. Ол – жанағы “елім-елім!” деп шарқ ұрып жүрген ақынға бұқара тарапынан көрсетілген самарқаулық пен енжарлық. Соған қынжылып, қамығатын кездері жоғарыда қарастырылған өлеңдерде сөз арасында келтіріліп кеткен: “Көп қулағы мақтаменен тығулы” (“Қажыған көңіл”), “Бұл не ғажап, жұрт керен боп қалған ба” (“Мұн”) деген сияқты реніш сөздерлен бір байқалған-ды.

Ал енді сол самарқаулықтың аяғы ішкі наразылық пен жымысқы жаулыққа айналса ше? Ақын өзінің ең үлкен шарасызлығын осы жерде мойындайды, амалының әбден құрығандығына қол қойып налиды.

Ақынның онашалықта көңілі жабырқап отырып (абактыда өткізген көп күндерінің бірі болу керек – ред.), ойға кеткен шағында, өзіне таныс өмірдің әр түрлі көріністерін көзге елестетіп, әр түрлі жағдайла өздерінше күн кешіп жүрген адамдарды, олардың бірі куліп, бірі жылап жүрген қереғар халдерін ой жүзінде көріп отырып, солардың арасындағы өзінің күйін “Қиял” атты өлеңінде ол былай суреттейді:

Мен-дағы жылағанның бірі екенмін,  
Қайғырып соларды ойлап жүр екенмін.  
Аямай қаны бірге қастық қылып,  
Шыға алмай бір тұйықта тұр екенмін.  
Сүйіскен, сөз беріскен замандастан,  
Қаншасы хал біліскен, амандасқан,  
Сырт берген, қол сілтеген, көбі ұмытқан,  
Мен міскін бұларды ойлап қиял басқан<sup>25</sup>.

Осындай ауыр ойдың зілі басып, жадау көңілді олан сайын жүдете түскен бір шағы “Арманым” атты өлеңде де торыққан көңілдің зарындай болып естіледі:

Мендей міскін бар ма екен хақтың құлында,  
Керексіз болған еңбегі еткен ақы алмай.  
Мен дос көрсем, мені санап дұшпанға,  
Айтқанымды алғыза алмай еш жанға...<sup>26</sup>

Бұл сөздер заманынан сәл ергерек туған санагер адамның жеке басының қасіреті болумен бірге, біздің халқымыздың күні осы уақытқа дейін етегінен тартып келе жатқан енжар бейтараптығының белгісі екендігін бұл жерде өкінішпен айтуға тура келеді.

Ақынның өз басынан көп кешкен мұндай “міскіндікті” біраз жинақтап жеткізген өлеңі – “Қайтер едің?” Бұл шығармада ыңғи сәтсіздікке ұшырап, орнына келмей жатқан істердің ауқымы ұзын-ырғалы. Кейіпкердің үмітпен созған қолын қағып тастайтын тағдырдың қаталдығынан бастап, оң ісінің теріске жорылуы сияқты жеке сәтсіздіктерді қоса, бірсыпыра кері нәтижелердің жаңға бағатын жайсыздықтары тізбектеледі. Солардың ішінде әсіресе кинайтындары:

Жан ашыған сөзінді дұшпан көріп,  
Қонырайып достарың салқын тартса.  
Суық жылан араннан кесіп өгіп,  
Сөнбейтұғын өсектің отын жақса.  
Жанын сүйіп барғанда сенен безіп,  
Жоктай болса дұшпаны сенен басқа.  
Тіршіліктен көңілін неғып қайтпас,  
Еңбетің болса егіндей еккен тасқа?<sup>27</sup>

Осындай сұрақ көлденең тартылып отырғанда, көңілі күйрек адамның мәселі қайтып, ұнжырғасы түсуі өте заңды болып көрінер еді. Бірақ өлең кейіпкерінің бұл тұста да тауы біржолата шағылып қалмайды, көп жұрттан түңілсе де, ол келешектен күдер үзбейді.

Аласпаса иесін табар бұл сөз,  
Мағынасы шақырып дабыл қақса, –

деген сеніммен ілгеріден үміт күтеді. Бұл – шынайы күрескер

<sup>26</sup> Сонда, 95-б.

<sup>27</sup> Сонда.

табылады. “Сұлу қызға” деген бір ғана өлеңнің өзі — осыған айғақ.

Сұлу қыз, қалың елден сені таптым,  
Көрсім де тамашана белден баттым.  
Майысқан алтын айлар еркесің  
Оянған ұйқысынан табиғаттың, —

деген жолдардағы талғам тазалығы;

Күн шалмас, миуанды алмас, адам бармас  
Шағынды күзеттім де андып жаттым, —

деген сөздердегі махаббатқа апалдық;

Жалынын басатуғын жалғыз өзін,  
Сөнбестей жүрегіме бір от жақтың<sup>28</sup>, —

деген сөздердегі лаулаған сезімге толы сыршылдық акынның махаббат лирикасы саласындағы ашылмаған көп мүмкіндіктерін де, оның адамгершілік принциптерін де айқын аңғартқандай.

Міржақыптың осыдан ғасырға таяу уақыт бұрын жазылған “Айрылу” атты өлеңінің әсер күші күні бүгінгідей сезіледі. Келмеске кетіп бара жатып, өзінің өмірлік серігімен қоштасу сөзіндей естілетіні мына бір шумақтарға зер салайықшы:

Еріксіз айыранда менен сені,  
Тағдырдың қайпақшы екен қанша кегі?  
Мінезін құбылмалы, рақымсыз,  
Басқасы танытудан бар ма, тегі.

Тасытып жүрек қанын, көздің жасын,  
Сағынтып зарықтырсын, аямасын.  
Ләззат қайғымыздан алар қанша,  
Жалғыз-ақ біздің тілек — соғы аңғарсын.

Жылама, жасынды сүрт көзден, достым,  
Басқадан бір мен үшін безген, достым.  
Себебі айрылудың емес бізден,  
Екенін жауыз жазмыш сезген, достым<sup>29</sup>.

Бұл өлеңді тағдырдың болашақ талқысын акын жүрегімен анық сезген қайсар жанның бүгінгі ұрпақпен арыздасқаны деп те қабылдауға болар еді.

<sup>28</sup> Сонда, 88-б.

<sup>29</sup> Сонда, 100-б.

табиғатының маңызды бір қыры.

“Азаматқа” енгізілген бірқатар шығармаларында автор алғашқы жинақтағы ағартушылық идеясын ілгері қарай жалғастырады. Бұлардан да арада өткен аз жылдың өзгерістеріне байланысты акынның халықты оқуға, өнер-білімге шақыруы — бұрынғыдай жалпы ұран түрінде болмай, бүгінгі күннің зәру кәжеттеріне қарай, нақты міндет түрінде қабылданалы. Мәселен, “Газет-журнал” деген өлеңде дүниеде болып жатқан оқиғалардан хабардар болып, көңіл көзінді ашық ұстау үшін елге тарайтын баспасөз органдарын жаздырып алу қажеттігі айтылады. “Айқап” журналының шыға бастауына және оның екі жылдығына арналған өлеңдерде, сондай-ақ, “Жастарға” атты арнауға да, халықтың санасына санылау енгізіліп, оған дұрыс жолды нұсқап отыру оқыған азаматтардың ең бірінші борышы етіп көрсетіледі.

“Я, Алла” атты философиялық ойға құрылған ұзақ шығарманы осы борышты акынның өзі қалай атқаратындығына айқын мысал деп қарауға болар еді. Онда табиғаттың неше түрлі құбылыстары мен дүниеде күн сайын кездесетін не қилы оқиғалардың сыр-сипаты мен себеп-салдарлары түсіндіріледі. Адам баласының тіршілік қарекетін, солардың ішінде өз халқының өнер-білімнен бос қалып келе жатқанын қынжыла айтуды акын бұл тұста да есінен шығармайды.

Жинақтың ең басында тұрған “Таза бұлақ” аттас өлеңнің жөн-жосыны өзгелерден бөлектеу сияқты. Акын мұнда өзінің рухани ұстаздарының бірі Ыбырай Алтынсариннің осы атты ғибрат әңгімесін өлең етіп қайталайды. Ішінде айтылатын ой түйіні өзгертілмейді. Соған қарағанда, өлең авторы өмірге көзқарастары, айналысатын кәсіптері әр алуан, ақыл-ой дамуының әр түрлі сатысында тұрған адамдардың табиғат құбылыстарын, жалпы өмірлік мақсатты қалай түсінетіндігі олардың тіршілікте ұстанған мақсаттарына байланысты екенін көрсету болған тәрізді. Ішкі мағынасына үніле қарасақ, автор солардың бәрінен халыққа қызмет етуді артық көретіні байқалады.

“Жүт” деген өлеңінде Доңыз жылғы (1911 жыл болуы керек — ред.) апаттың негізінде көшпелі елдің тіршілігіндегі бейқамдық пен шаруаға қырсыздықтың ауыр зардаптары сыналалы. Акын ғасырлар бойы қалыптасқан тіршілік салтының теріс жақтарын нақты мысал арқылы дәлелдеп, табиғатқа тәуелді болмаудың нақты жолдарын ұсынады.

Өзінің әлеуметтік мұратына, саяси мақсатына, туған халқының бақытты болашағына соншалықты құлай берілген азамат акын дарынында жоғарыдағы екі жинақты талдау үстінде көзіміз жеткен арынды асқақ екпінмен, күрескер өмірінің әр түрлі кезеңін бейнелейтін күйінші, өкініш сарындарымен бірге оқушының жүрек пернесін дір еткізетін нәзік сезімге толы жұмсақ лиризм де

М. Дулатұлы өзінің шығармашылық қызметінде аудармашылық өнермен де шұғылданған. Тәржімалары көлем жағынан онша көп болмағанымен, оның тағылымдық мәні әжептәуір. Сонымен бірге оның нені аударғаны да назар аударарлық. Мәселен, Лермонтовтың “Айтыс” атты өлеңін қазақ оқырмандарына ұсыну арқылы ол патша үкіметінің отаршылдық саясатының зардабы басқа халықтарға да тиіп отырғанын әшкерелейді. Ал енді аудармаларының көркемдік сапасына келетін болсақ, айталық, Пушкиннен тәржімаланған “Гүл” атты өлең кейінгі кезеңдерде қазақтың белгілі өзге ақындары жасаған нұсқаларынан тіпті де кем соқпайтындығын көреміз.

Жоғарыда айтылған пікірлерді жинақтай келгенде, Міржақып Дулатұлының бізге қалдырып кеткен ақындық мұрасы қазақ әдебиетінде, оның ішінде жазба поэзия тарихында, маңызды орын алатынын, әсіресе, табиғаты жағынан өзіне етене жақын Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларымен қоса алғанда, жиырмасыншы ғасырдың бас кезіндегі әдебиетімізде белгілі бір кезең болып табылатынын атап айту керек.

Міржақып Дулатұлының әлеби мұрасында ерекше орын алатын бір төбе туындысы – “Бақытсыз Жамал” романы. Бұл шығарма – қазақтың жазба әдебиетіндегі проза саласының ең арғы бастауларының бірі, ал оның ішіндегі осы күрделі жанрдың тұла бойы тұңғышы саналады. Туған әдебиетіміздің топырағында роман деген сөз естіліп көрмеген кезде М. Дулатұлының осындай кесек қимылға баруының өзі автордың қаламгерлік талантының жан-жақты болып ерте жетілгенін көрсетеді.

Бірақ, үлкен өкінішке қарай, ақынның атына да, шығармашылық қазынасына да ұзақ уақыт бойына қатан тыйым салынып келген кезде, оның проза саласындағы осындай тыңнан түрен салған ізашарлық рөлі айтылмай, көркем сөз өнеріміздің тарихы әрі бұрмаланып, әрі тоналып келген болатын. Қазір ойсыраған бұл олқылықтың орны толып отыр.

Міржақып шығармаларындағы азаткерлік пен ағартушылық тақырыптарынан кейінгі бір арналы сала – әйелдер мәселесі. Оның бұл мәселе жөніндегі өмірлік принциптері мен адамгершілік көзқарастары жоғарыда “Жесір даулары хақында”, тағы басқа өлеңдерін талдау үстінде байқалған. Сондықтан, әдебиеттің кең алымды үлкен жанрына құлаш ұрғанда, бұл сияқты күрделі тақырыпты өзек етіп алуы – автор үшін өте заңды болып көрінеді.

Шығармада малға сатылып, зорлықпен теңсіз некеге көндірілген Жамал атты жас қыздың сүйген жігітінен айрылып, зар шеккен, ақырында жауыз қаскөйлер зауалынан қайғылы қазаға ұшыраған тарихы баяндалады.

Романның көлемі үлкен емес. Шағын хикаят қатарлы. Бірақ

оған қарап жанрлық анықтамасына күмән келтіруге болмайды. Бұл – тарам-тарам желлері бар, оқиғалы сюжетке құрылған күрделі шығарма. Сол желлерді қатар дамытып, жүйе-жүйесімен тартымды баяндайтын композициялық құрылымы да жинақы. Қысқасы, сол кездегі оқырман қауымның ерекшеліктерін ескере келгенде, бұл туынды жана ғана аяғынан тұрып келе жатқан жазба әдебиетіміздің көкжиегін едәуір кеңейтіп жіберген елеулі құбылыс болғаны айдан анық.

Шығарманың жалпы сипаттамасына көшпес бұрын, оның өлеңмен жазылған қысқаша кіріспесіндегі автордың екі ескертуіне назар аударайық. Бірінші ескертіп отырғаны:

Мақсаты романның – халық түзетпек,  
Жазылған ерікпеннен ертегі емес.

Екіншісі:

Бұл сөзді оқып көрер қолына алған,  
Иншалла, хақиқат-дүр, емес жалған<sup>30</sup>.

Бұл жерден автордың көркем шығармашылықта ұстанатын екі принципін көреміз. Бірі – көркем әдебиеттің тәрбиелік мәнін мойындап, қаламынан не туса да, халқының рухани кәдесіне жарату, сонан соң – шынылдыққа шығармаға өмірдің өз құбылыстарын арқау ету. Демек, кезінде суыт жазылған бұл шығарманың арқалаған әлеуметтік жүгі едәуір болған.

Расында да, қайғылы хал Құрман ауылындағы Сәрсенбай атты кісінің Жамал деген қызының басында болуы шарт емес. Мәселе – мұндай оқиғаның сол кездегі қазақ болмысында екінің бірінде кездесіп, талай жастың обалына қалғандығында. Осындай жаман әдетті мейлінше жазғырып, бар оқланымен қарсы болған жазушы одан арылудың бір жолы көркем әдебиет арқылы өтетініне сенеді. Осындай кәміл сеніммен, ерекше мүдделілікпен жазылған шығарманың өз заманындағы халықтың рухани өмірінде елеулі құбылыс болып, кезінде туған әдебиетке зор ықпал еткені түсінікті болса керек.

Сүйгеніне қосыла алмай зарлап өткен немесе қатал заңның құрбаны болып кеткен қазақ қызының тағдырын жырлау – біздің әдебиетімізде ертеден келе жатқан дәстүр екені мәлім. Бір жағынан алып қарағанда, сол дәстүрдің жаңғасы есепті бұл шығарманың жанағдай әсерлі болуының бір себебі, мұндағы баяндалатын оқиға ертеде өтіп кеткен ескі кептің елесі емес, өз заманында, күні кеше болған, зардабы әлі талай өмірді шарпितын кесел.

Кейіпкерлері де – автордың өзі көзімен көріп жүрген қазақ

<sup>30</sup> Сонда, 128-б.

ауылының қарапайым адамдары. Әрқайсысының мінез-құлқында өскен ортасының, алған тәрбиесінің табы бар. Сонымен бірге олар шығарманың идеялық-көркемдік бағдарына қарай мінез ерекшеліктерімен дараланып, кәдімгі жанды бейне түрінде көрінеді.

Жамал – өз құрбыларының алды болған саналы қыз. Оның бойында болашақ ұрпақтың өкілі дерліктей жаңа нышандар бар. Молданың алдын көріп, зеректігімен аз уақытта жанаша хат танып кеткен сауатты қыз. Сүйген жігіті Ғали да – медреседе оқып, оның үстіне аздап орыстың тілін үйренген, көзі ашық, пысық, сыпайы. Автордың көп өлеңдерінде сынай айтылатын ауыл жастарындай селендеп босқа жүрмей, пайдалы кәсіппен айналысатын істің адамы.

Екеуі де – ақын, айтайын деген ойларын өлең жолдарымен әсерлі етіп еркін жеткізе алады. Мұның да өзіндік мәні бар. Автор өзі ақын болғандықтан, романда өлең араластырып отырады. Бұл, бір жағынан, ескі қиса, дастандар үлгісімен қалыптасқан дәстүрге дес бергендік болса, екінші жағынан, автордың еркін көсілетін ақындық машығы қажетті жерінде кейіпкерлер бейнесін толымдырақ етіп ашуға көмектеседі. Мәселен, Жамал мен Ғалидың той үстінде алғаш рет кездесіп, танысқанда өлеңмен пікірлесуі, кейін бір-біріне хат арқылы сыр ашқанда ішкі сезімдерін ойлап күйінгендегі халін өлең арқылы жеткізуі, ақырында, өлер алдында Ғалиға арнаған соңғы хатын зарлы өлеңмен жазып кетуі – осының барлығы негізгі кейіпкерлердің рухани дүниесін кеңірек, еркінірек жеткізу үшін қолданылған көркемдік әдіске жатады.

Жамалдың қалың беріп айттырған күйеуі Жұман – бұл екеуіне мүлде қарама-қарсы. Ғали мен Жамал бір-біріне қаншалықты жарасымды, жақын, жарқын жандар болса, Жұман қыз ұғымына соншалықты жат, топас, ұсқынсыз болып суреттеледі. Бірақ, байлықтың арқасында ғана адам саналып жүрген ол өзінің жалған намысын қорғауға келгенде тіпті оспадар, томырық, мылқау күшке айналып шыға келеді. Бірде – қалаға барып, шаруа тындырмақ болғанда, ақшаның мөріні танымай, үйіне теңге орнына жай бір жез алып келетін надан, енді бірде – қыз оятамын деп жүріп бөтен үйдің босағасында ұйықтап қалатын маубас, ақырында Жамалды соққыға жығып, қазасына себепкер болатын айуан түрінде көрінеді. Өйткені, ол өзгені білмесе де, өз дәуірінің жүріп тұрғанын біледі. Бұл заман – күштінікі. Әділдік соның жағында. Бәріне әмірін жүргізетін бір ғана күдірет – бақ, дәулет, байлық. Байлық бар жерде пара жүреді. Ал параның алдында Ғали мен Жамалды қорғаймын деп уәде берген сәудегер Фатхолла да, басы азат деп қолынан Жамалға куәлік қағаз ұстатқан ұлық та уәдесінен тайып шығады.

Қыз әкесі Сәрсенбай да – құдай жарата салған, өз алдына бір бітім. Өзіндік пікірі жоқ, мал баққан момын кісі. Не істесе де ағайынның аузына қарап, жұрттың айтқанымен жүретін шерменде. Ол бала көремін деп тоқал алса да, сол ағайынның ұйғаруымен, билікке таласамын деп малын шығын қылып, ақыры қызының басын кіріптар етсе де, көлденен жұрттың азғыруымен істейді.

Әрдайым қысқа қайырып, мірдің оғындай өткір тілімен отағасын пісіп алып отыратын Шолпанның, не айтса да ар жағында зіл жататын Қалампырдың сөздері, кімнің аузынан шыққаны белгісіз, бірақ, жақындар айтты, ағайындар ұйғарды деген жалпы сөзбен ауыл адамдарының психологиясын ашатын кірме диалогтер; романның басындағы жайлауға жана шыққан ауылдың сыртқы сәні, Жамал мен Ғали қаладан нағашыларына бара жатқандағы шалқар көл мен дала табиғатының әсем көрінісі; тағы басқа осы сияқты бейнелеу құралдары романның көркемдік дәрежесін көтеріп, толыстырып, оған жанрлық айқындық беріп отырады.

“Бақытсыз Жамал” романының қазақ әдебиетіне әкелген үлкен жаңалығы сол, ол – өзінен кейін дәл осы тақырыпты әр қырынан көтеріп, сүбелі шығармалар келтірген мүлде тын дәстүрдің бастамасы болды. Бұдан кейін іле-шала дүниеге “Қалын мал”, “Шұғаның белгісі”, “Қамар сұлу” сияқты шығармалар – әдебиеттің болашағын айқындап кеткен әрқайсысы жеке-жеке құбылыстар еді.

М. Дулатұлы романның кейін араға біраз жылдар салып, тағы бір тын үрдісте күшін сынап көрмек болды. Енді драматургия жанрына бет бұрып, “Балқия” атты пьеса жазды.

Шығарманың негізгі мазмұны да, онда көтерілген мәселенің шешімі де романдағы тәрізді. Мұнда да негізгі оқиға баяғы қалыңмал атты қырсықтың зардабын шегіп, сүйген адамына бара алмаған қыздың тағдыры төңірегінде өрбиді.

Балқия да – Жамал сияқты, ауқатты аламын үйінде өсіп, ауыл мектебінен азын-аулақ білім алған, хат танытын сауатты қыз. Осы ауылдағы жәдит мұғалімі Қасыммен көңіл қосысып, қалаға қашады. Бірақ ауылдағы болыс атасы мен ұлық әкімдердің біріккен озбыр күші бұл жолы да басын түседі. Қасым ұсталып, Балқия болыс шабармандарына қолды болады.

Бірақ пьесаның роман оқиғасынан еләуір өзгешеліктері де бар. Қасым – ауылда білім таратып, балаларды жанаша оқытып жүрген ағартушы ғана емес, саяси күрескер де.

Ол ауылдағы ауқатты адамдарды молдаға зекет бермей, өз еріктерімен мектептің қорына өткізіндер деп үгіттейді. Патша үкіметінің саясаты халыққа қарсы. Қазақ сияқты бағынышты халықтарды надан күйінде ұстауды көздейді, мектеп, тағы сондай

танылады. Осыдан сәл уақыт өткеннен кейін Қасыммен бас қосып, қалаға барғандағы Балкия мінезі — мүлде басқаша. Сыпайы, нәзік, ақжарқын. Сүйікті жар, сенімді жолдас. Өнер-білімге, мәдениетке ұмтылған талапкер.

Қасым мінезіндегі сенім, ождан беріктігін жеткізгенде, автор осындай бұталағы жоқ, бір айтар, табанды, батыл жігітті сөзі мен ісінен бірдей аңғартады. Балкияға жазған хаттарына қарағанда, Қыздың бойындағы тәуекелшіліктің біразы сүйген жігіттен ауысқан секілді. Әділетсіздік пен зорлыққа ымырасы жоқ, нашарларға жаны ашығыш, бөрінен халық мүддесін жоғары санайтын саналы мұғалім ауыл адамдарымен аралас-құраласта да осы табиғатынан айнымайды. Әрдайым өз ортасының маңдай алды азаматы болып көрінеді.

Пьеса 1922 жылы жазылған. Бұл — Міржақыптың белсенді қоғамдық қызметке араласқаннан кейінгі алғаш рет ұсынған көлемлі еңбегі. Автордың драматургия саласында тұңғыш қалам сілтеуі бола тұра, жанрлық иі қанық, көркемдік шешімі ойдағыдай шыққан, сөйтіп, жұртшылық тарапынан жылы қабылдау тапқан бұл туынды сол кезде Орынборда, тағы басқа қалаларда көркем өнерпаздар үйірмелерінде қойылып, сахналық өмірін де біраз жалғастырған. Осы жағынан алып қарағанда, мұны көп ұзамай өмірге келген ұлттық профессионал театрымыздың алғашқы репертуар қорын құрауға септігі тиген шығармалардың бірі деп бағалауға болады.

Міржақып шығармасындағы әйел тағлырының бұрынғы замандағы қайғылы-қасіретті оқиғаларын суреттейтін шығармалар дүркіні осындай. Солармен бірге бұл тақырыптың жана тарихи жағдайдағы қоғамның түбірлі өзгерістерін көтерген туындылары да болған. Мәселен, “Қызыл Қазақстан” журналында жарияланған “Мен азатпын, сен де азат” дейтін өлеңі осыған дәлел. Тақырыбынан көрініп тұрғандай-ақ, жаңа құрылыста қалыңмал, әменгерлік сияқты ескі, теріс әдеттерге заң жүзінде тыйым салынып, қазақ әйеліне саяси, азаматтық теңдік жарияланғаннан кейінгі бұл шығарманың пафосын — ақынның бұрынғы зарлап өткен кейіпкерлерінің күндердің күнінде арманына жеткен мұратты нәтижесі деп қарауға болар еді.

М. Дулатұлының ірі жанрларда қалдырған мұраларының бірі — “Бүркіт кегі” атты поэмасы. Ауыз әдебиетінің аңыз, ертегілерге құрылған қисса, дастандары үлгісінде жазылған бұл шығарма — ақынның өзге туындыларынан біршама оқшаулау тұрғанымен, жалпы идеясындағы досқа адалдық, қасекеі опасыздыққа қарсы наразылық жалпы ақын шығармашылығының рухына жат емес. Қайта, адам мінезіндегі жауыздыққа қарсы қыран құстың айбат шегіп, иесінің кетіп алуынан М. Дулатұлы поэзиясына тән

әлеуметтік қызмет орындарын ашпай отырғандары да сондықтан, — деген сияқты пікірлер таратады. Осы сөздері үшін ауылдағы наразы адамдардың көрсетіндісіне ілініп, саяси қылмысты ретінде тұлқынға алынады. Расында да, қалаға келгеннен кейін ол мұндағы Ахметжан, Құлтас сияқты оқын азаматтармен бірге астыртын жұмыстағы адамдармен байланысты болады, оларға елден ақша жинасалы.

Бұл әрекеттер елде демократияшыл азаттық қозғалысы етек алып келе жатқан кезенді метзейді. Мәселен, сөз арасында оқиғаның 1905 жылғы манифестен кейінірек кезде болып отырғаны айтылады. Демек, пьесадағы халық қамын ойлаған, ұлттық сана-сезімдері оянған, көзі ашық азаматтар төңірегіндегі бұқара өкілдері мен бай, болыс, молда ықпалындағы парақор, зорлықшыл, жарамсақ, жебір адамдардың екі ұдай болып бөлінуінен осындай белгілі бір саяси ахуалдың шындығы байқалады.

Драмалық шығарманың кейіпкерлері, әдетте, нақты іс үстінде көрінеді, ал басқа жайда олардың мінез ерекшеліктері өз сөздері арқылы ғана танылуы мүмкін. Осы ережені негізге алған автор өзінің басты кейіпкері Балкияны алғаш рет перде ашылғанда-ақ ойын бүкпесіз ашық айтатын, шұғыл мінезді, бір беткей, батыл қыз етіп көрсетеді.

“Дүниеде қыздан сорлы бар ма екен?! Кім мал берсе, соған кете бергені. Қалыңмалды шығарған қандай көрінде өкіргір екен!”

Сахнадағы ең бірінші монологынан келтірілген осы үзіндінің өзі-ақ Балкияның жеке басына оңайлықпен зорлық жүре қоймайтынын аңғартады. Өзі жөнінде ғана емес, өзге құрбыларының басындағы халге де ол шиыршық атып, шұғыл наразылық білдіреді.

“Қалияны көрмеймісін. Елудегі шалға қатын үстіне барып, солған түлдей болып отырғанын. Бишара Қалия. Обалың екене, шешене болсын!” ...

Өзінен бірер ұрпақ бұрын өткен апалары айта алмаған жазғыру сөзін ашынып айтқан Балкияның екіталай болғанда қай істен болсын тайынбайтыны бірден-ақ сезіледі. Және оның үкімі жалқыға емес, жалпыға, талай замандар бойы мызғымай келе жатқан төртіпке қарсы бағытталған.

“Ақ бата (кекетіп), аруаққа шет боласың дейтіндері бар... Бағасыз кеткірлер, баталарын бұзылмақ түгіл, тас-талқан болсын... Өмірімше күндікте жүрерім жоқ”<sup>31</sup>.

Тағдырлас құрбысы Жамал да ауызға алмаған бұл сөздерге қарап, Балкияны айға шапшыған асау мінезді, шайпау тілді, адуын қыз екен деп қалуға болар. Бірақ, ол қатал заңға ғана қатқыл мінез

<sup>31</sup> Сонда, 166-б.



романтиканың айқын нышанын көргендей боламыз. Біркелкі әсерлі жазылған бұл дастан кезінде ауыздан ауызға тарап, жиын-тойларда домбырашы, әнші жігіттердің сүйіп айтар өлең-жырына айналғанын еске алғанда, бұл шығарманы да Міржақыптың ақындық өнерінің бір биігі деп бағалауға болады.

\* \* \*

Міржақып Дулатұлы — Ахмет Байтұрсынұлы сияқты, қазақ әдебиетінде сын жанрын өркендетуге ең алғашқылардың бірі болып үлес қосқан қаламгер. Ол әдебиеттің қоғамдық роліне ерекше маныз бере отырып, өзінің ақындық қабілетін саяси күрестің ең өтімді, ең уығтты қаруы деп білді және сондай қару етіп тамаша пайдаланды.

“Оян, қазақтың” кіріспесінде: “Әркім өз қолында барына жомарт болатыны секілді, мен де өз мағлұматымша, бишара халқымызға пайда келтірмек амалында үшбу рисаланы жаздым”, — деуі осының айғағы.

Автор әдебиеттің әлеуметтік маңызы жөніндегі бұл көзқарасын жинақтың соңындағы “Сөз ақырында” да пысықтай түседі. Сондағы оның үлгі етіп ұсынары — Крылов, Пушкин, Лермонтов, Гоголь, Тургенев, Толстой сияқты орыстың данышпан суреткерлері. Ақын оларды ең алдымен өз халқына жандары ашып, соның қамын ойлаған азаматтары үшін бағалайды. Соған жалғастыра өзімізден шыққан солар теңдес ақындарды атайды. Бірінші орында тұрғаны — Абай, сонан соң Ахмет Байтұрсынұлы. Әрбір сөзін халықтың кәдесіне жаратып, айналасына өнер шапқан өнегелі сөз иелері қатарында Ақмолла, Нұржан, Шөже, Орынбай, Мешһүр-Жүсіп аттары аталады. Олардың ең бағалы қасиеті ретінде өлең сөзді жеке бастарының күнкөрісіне пайдаланып, арзандатпағаны айтылады.

Мұны Міржақып өлеңдеріндегі азаматтық әуенді орнықтыра, толықтыра түсетін белгілі бір жүйеге түскен эстетикалық көзқарас дәрежесінде түсінген ләзім.

М. Дулатұлы тағы да Ахмет Байтұрсынұлы сияқты, әдеби сын жанрындағы тырнақ алдысын Абайға арнады. Ұлы ақынның қайтыс болуының он жылдығына орайластырып, ол 1914 жылы “Қазақ” газетінде арнайы мақала жариялады.

Бұл мақалада автор Абайдың профессионал жазба әдебиетіміздің негізін қалаған ұлы классик ретіндегі ролін былай деп өте дәл басып айтқан: “Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттығы да — сол. Бәлкі, мұнан кейін Абайдан үздік артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ, ең жоғарғы, ардақты орын — Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп,

аяғашқы атқан жарық жұлдыз — Абай”.

“Қазақ” газетінің бетінде Міржақып әр түрлі календарлық даталарға бейімдеп әлебиет, өнер тақырыбына үзбей мақалалар жазып, қазақтың ақын-жырауларын, басқа да бауырлас халықтардың белгілі қаламгерлерін насихаттап отырған. Солардың ішінде, мәселен, қазақ халқының фольклорлық ескерткіштерін жинаушы Әбубәкір Диваев, татардың классик ақыны Ғабдолла Тоқай туралы мақалаларын атап өтуге болады. Бұл дәстүрді Міржақып кенес тұсында, баспасөз орындарында істеп жүрген кездерінде ілгері қарай жалғастырды. Ұзақ жылғы журналистік қызметінде оның қаламынан талай-талай әңгіме, очерктер мен публицистикалық толғаулар да туған.

Солардың барлығының басы біріктіріліп, жоғарыда қарастырылған көркем шығармаларымен қоса, екі мыңыншы жылдардың бас кезінде бес томдық академиялық басылым түрінде жарық көрді. Бұл бастаманы бүкіл өмірін туған халқының бостандығы мен бақыты жолында сарп еткен ұлы азаматтың есімін мәңгі есте сақтау және оқушы жастардың міржақыптану ісіне қосылған елеулі үлес деп бағалаған жөн.

ісіне кедергі, бөгеттерді көбейте түседі. Мұндай қарсылықтарға қарамастан, өз өмірін халқына ғылым-білім нұрын сеуіп, әділет, игілік жолына арнаған Ғұмар сол жолдан таймауға батыл бел буады. Ол кейін сол бір кезеңде дүмше молдалар мен әпербақан шонжарлардан тартқан тауқыметін бейнелеп, парықсыздық пен наладдыққа қарсы көптеген шығармалар жазды.

Ғұмардың Борсы мекенінде Шәңгерей ауылының балаларына сабақ беруі өмір жолының жаңа бағыт алған елеулі кезеңі еді. Шәңгереймен жиі араласып тұруы оның ой-өрісінің кенейе түсуіне ерекше ықпал етеді. Шәңгерей Ғұмарға орыс тілін үйретеді, орыс, Еуропа жазушыларының көрнекті шығармаларымен таныстырады, басты-басты роман, повестерді әңгімелеп береді. Ғұмар сол естігендерін ауыл адамдарына айтып таратады. Табиғатында зерек, білімге құлшар Ғұмар әр саладағы орыс тіліндегі кітаптарды өз бетімен оқи алатын дәрежеге жетеді. Бұған дәлел — А.Некрасовтың “Соғыс қаһары” өлеңін аударуы, Л.Толстой философиясымен таныстығы сияқты жайлар.

Ғ.Қараш жастайынан-ақ өлең шығарып, ел аузындағы әдеби мұраларды жинастырады. XX ғасырдың бас кезінде казак даласына тарайтын арабша, түрікше, тағарша, казакша басылымдарды оқып, заман, дәуір жайын аңғара бастайды; әдеби, тарихи, философиялық кітаптарды ізденіп жүріп оқиды. Сөйтіп, ислам діні қағидаларын жетік білетін Ғұмардың енді дүниелік ғылымдардан да жақсы мағлұматы болады; 1907 жылдардан бастап казак, татар тілдерінде шығатын газет, журналдарда мақалалары мен өлеңдерін жариялайды. Ол елдің әлеуметтік өміріне араласып, халық мұратын көздейтін істерге белсене ат салысады. 1911-1913 жылдарда әуелі Орлада, содан кейін Оралда шығып тұрған “Қазақстан” газетін шығаруға, оның жұмысын жолға қоюға белсене қызмет етеді.

1905-1907 жылдардағы бірінші орыс төңкерісінен кейін Ресейде де, казак даласында да қоғамға сын көзімен қарап, халықтың көкейкесті мәселелерін көтеру бел алғаны мәлім. Қазак зиялылары да осы кезде халық, заман хақындағы ойларын елге тарататын баспасөз қажеттігін жақсы түсінеді. Сондықтан Ғ.Қараш, Е.Бұйрын, Ш.Бөкеев, Ғ.Мұсағалиев, Б.Қарағасов, А.Мәмедов сияқты казак оқығандары “Қазақстан” газетін шығаруға күш салады, аukatты кісілерден қаржы жинады. Сөйтіп, Оралдағы ахун Мұтиғолла Тұхфатуллин мен оның серіктерінің баспаханасынан “Қазақстан” газетін шығарып тұрды. Аталған зиялылар газет бетінде елдің әлеуметтік мәселелерін көтереді. Газеттегі негізгі материалдарды орысша аударып жариялап отыруға күш салады. 1912 жылғы Лена оқиғасын айна-қатесіз жазған “Қазақстан” он алтыншы санынан кейін 1913 жылы жергілікті патша өкімінің қаһарына ұшырап, шығуын тоқтатты.

## ҒҰМАР ҚАРАШ (1875 – 1921)

Ахмет пен Жүсіпбек, Мағжан мен Міржақып, Шортанбай мен Шәкәрім, Дулат пен Мұрат, Әбубәкір мен Шәңгерей сияқты кенестік жүйенің қыспағына кезігіп, асыл мұралары бірқатар жылдар оқушы назарынан тыс қалған әдебиетіміздің көрнекті тұлғаларының бірі — Ғұмар Қараш.

Ол — айтулы ақын, ойшыл-философ, халқын өнер мен ғылымға, берекелі ел болуға үндеген ағартушы-қайраткер; дін-шариад, имандылық жолын, араб, парсы, түрік, татар, башқұрт тілдерін жетік білген ғұлама-ахун, башқұрт жолы” сияқты газеттер мен “Мұғалім” журналын шығару үшін қызу атсалысқан баспасөз жанашыры.

Ғұмар Қараш 1875 жылы Ішкі Бөкейлікте Қырқұдық деген жерде туған. Бұл өңір қазір Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданына қарайды. Әкеден жастай жетім қалса да, ағайын-туыстар қамқорлығымен әуелі ауыл молласынан оқып, хат танып, сауат ашады. Кейін Ғұмар Жазықұлы, Ысмағұл Қашғари сияқты молдалардан, Жалпақтал (қазіргі Фурманов елді мекені) қаласында Ғұбайдолла Ғалікеев хазіреттен дәріс алып, сол кісі ұстаған медресені бітіреді. Бұдан соң 1902-1910 жылдары өзі туып өскен ауылында, Тіленісісай, Борсы мекендерінде жөдетіше (жанаша) бала оқығалы.

Ғұмар Қараштың мектеп, медреселерде қазақша, орысша пәндерді қатар оқытуына, орыс, татар мұғалімдеріне сабақ бергізуіне қожа, молдалар мен жергілікті әкімдер қарсы шығып, “дінді бұзды” деген желеумен өсек-аяндар таратады... Олар мұндай жағымсыз жалаларды үдетіп, Ғұмар қолға алған оқу-ағарту



Бұл газеттің елді отырықшылыққа, мәдениетке, оқу-білімге үндеп, халықтың ой-санасын өсіруде елеулі рөл атқарған прогресшіл демократиялық бағыттағы баспасөз болғандығы Б.Кенжебаев, Х.Бекхожин, Ү.Субханбердина еңбектерінде орынды айтылған<sup>1</sup>.

Ғұмар 1910-1913 жылдарда Уфа, Қазан, Орынбор қалаларынан “Ойға келген пікірлерім”, “Бала тұлпар”, “Қарлығаш”, “Өрнек”, “Тұмыш”, “Бедел-хаж” аталатын поэзиялық нем философиялық алты жинағын жариялайды<sup>2</sup>. Бұл еңбектері оны бірқатар түркі тілдес халықтарға мәшһүр өткендігі аян.

Қазан төңкерісі қарсаңында Ғ.Қараш Уфа қаласында еді. Ол сол қаладағы діни орталықтың жоқ-жітік, кемтар, жетім балаларға жәрдем беру бөлімінде қызмет ететін. Сол кезде оны осы мекеменің казиы етіп сайлайды.

Ғұмар 1917 жылғы ақпан төңкерісіне және “Алаш” партиясына үмітпен қарайды. Оның 1918 жылы “Тұрымтай” жинағында жарияланған “Көреміз бе?”, “Келер ме екен?”, 1918 жылы 22 январьда “Сарыарқада” жарық көрген “Алаштың азаматтарына” деген арман мен үмітке толы өлеңдері осы кезеңде жазылады.

Ғұмардың “Неден қорқам?”, “Кіреміз бе?”, “Келер ме екен?”, “Күн тулы”, “Алаш азаматтарына” деп аталатын бір кезде ұлтшылдық сарынға танылған туындылары бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда шын мәніндегі халқын сүйген, халық тағдырын ойлаған перзенттік сезімнен туған терең тебіреністі өлеңдер еді. Ондағы негізгі ой елдік, бірлік мәселесі, өз билігі өзіндегі дербес ел болу, халыққа қызмет ету болатын. Сонымен қатар бұл өлеңдерде (“Күн тулы”, “Неден қорқам?”) жастайынан дін жолын қуып, имандылық әдет-ғұрып бойына сіңіріп өскен Ғұмардың дүниені қанды қасап, ойран ботқа қылып келген төңкеріске сын көзімен қарағандығын да аңғару қиын емес.

<sup>1</sup> Б.Кенжебаев. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. А., 1958, 28 б.; Х.Бекхожин. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. А., 1964, 86 б.; Субханбердина. Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөздері материалдар. Қазақ ССР ҒА баспасы, А., 1963, 279-б.

<sup>2</sup> Ойға келген пікірлерім. I жөз. Орынбор, Уахыт баспаханасы, 1910. Жазған Ғұмар әл-Қараш; Ғ.Қ. (Ішкі Орда). Бала Тұлпар (қазақ тілінде). Уфа. “Шарқ” баспаханасы. 1911; Қарлығаш. Жазған *Ғабдолла Мұштақ*. Қазан. “Керимовтер баспаханасы”; өрнек. Бастырылған “Мәдрәсә-и Ғалиядағы” қырғыз шәкірттері. Уфа. “Шарқ” баспаханасы, 1911, жазған Қараш баласы Ғұмар (ішкі ордалық); *Ғ.Мұштақ*. Тұмыш. Бастырылған “Мәдрәсә-и Ғалиядағы” қырғыз және қазақ шәкірттері. Уфа. “Шарқ” баспаханасы. 1911; *Ғұмар Қарашұлы* (ішкі ордалық). Бедел-хажы. 1913. Қазан, “Умид” баспаханасы. Таратушы сұлтан *Шайнгерей Бокеев*.

Мезгілсіз ерте туған таңнан қорқам,  
Жауынсыз күр желдеткен шаңнан қорқам,  
Таң тулды, мезгіл жетті деп адасып,  
Құрылған қараңғыда заннан қорқам.  
Тенгеріп жарлы, байды, құрып жұмақ,  
Теп-тегіс жұртқа жеткен тойдан қорқам...  
Асығыс істей салған істен қорқам,  
Қандары тасқан кара күштен қорқам...<sup>3</sup>

Немесе:

Екі талай іс болып,  
Ерте киын күн тулды.  
Аспанда ай, күн тұтылып,  
Жер жиһанды қан жуды...<sup>4</sup>

Міне, ойлы ақын қоғамды өзгертудің өзге жолдарымен емес, қан төгіспен, күшпен, зорлық-зомбылықпен жұмаққа жетуді қаламағандай. Бұл оның өмір бойғы алған тәрбиесіне, қалыптасқан көзқарасына тікелей байланысты. Және мұның өзі ақынның жаңа кезеңге өтуде сан алуан жантолғанысына түсіп, рухани күрделі жолдан өткендігін көрсетеді.

Ғұмар 1917 жылғы мамырда Ордада өткен Бөкей қазақтарының жалпы съезіне қатысады. Делегаттар ақынды Мәскеуде болатын Ресей мұсылмандары съезіне өкіл етіп жібереді. Ғұмар сол жылы желтоқсанда Орынборда өткен жалпы қазақ съезіне шақырылып, сонда тартымды баяндама жасайды.

Қазан төңкерісін іштей қабылдамаған, бірақ қазақтың елдігін сақтайды деп сенім артқан “Алашорда” ғұмырының қысқалығын сезген Ғұмардың амалсыз жана дәуірге қарай икемделуіне тура келді.

Халыққа қызмет етуді өмірінің мақсат-мұраты санаған азамат ақын 1918 жылы діни мансабын біржола тастап, елге нақты қызмет ету, әлеуметтік өмірге белсене араласу жолына ойысады. Сөйтіп, туған елі Жәнібекке келеді.

Зерттеуші М.Тәжімұраттегі Ғұмардың елге келуін РКФСР Ұлт істері халық комиссариатының Мұхамедияр Тунғаншин басқарған Қазақ бөлімінің Мәскеуден Ордаға көшіп келуімен байланысты қарайды<sup>5</sup>. Себебі — сол кездегі қазақ оқығандары сияқты, Ғұмар да халыққа қамқор болатын ұлттық әскери бөлімшенің болуын

<sup>3</sup> *Ғұмар Қараш*. Тұрымтай. — Уфа. “Шарқ” баспаханасы. 1918; *Ғ.Қараш*. — А., 1994, 124-б.

<sup>4</sup> *Ғұмар Қараш*. Тұрымтай. — А., Ғылым, 1994, 124-б.

<sup>5</sup> *М.Тәжімұраттегі*. Біз білмейтін Ғұмар Қараш. // Ана тілі. 18.04.1991.

қалаған. Бірақ, ол дәуір олардың бұл ойын іске асырмаған.

Ғұмар Қараш М.Тунғаншинмен етене таныс, сырлас адам болған. М.Тунғаншин Ғұмарға заман ауанын, уақыт ыңғайын аңартып, елде мәдени-ағарту жұмыстарына атсалысып, жаңа дәуірге икемделу керектігін, одан өзге жол жоқтығын түсіндірсе керек.

Ғұмар елге келген соң Ордадағы педтехникумда сабақ береді. 1918 жылғы 2-4 қыркүйекте болған Бөкей губерниясы мұғалімдерінің I съезіне және 1918-1920 жылдарда өткен сол губерния кеңестерінің I, II, III, IV съездеріне делегат болып қатысады. IV съезде ұлт мәселесі, тап күресі хақындағы пікірталасы өршіген кезде: “...Алда әлі талай асатын белдер тұр. Халықтар достығының мызғымас болуы бір ұлттың бір ұлтты аяққа таптамауымен тікелей байланысты екенін ұмытпауға тиіспіз? Ғасырлар бойы ұлттық езгінің тепкісін көріп, отарлық саясатының салдарынан мешеу қалған қазақ елі өзінің жарқын болашағын ынтымақтықпен тікелей байланыстырады...”, – дейтін орнықты да орынды пікірлер айтады<sup>6</sup>. Ол осы жылдарда жаңа кезенді насихаттайтын “Екеуі екі басқа” мақаласын, “Дұрыстық жолы”, “Жаңа жыл құтты болсын” сияқты өлеңдерін жазады.

Ғ.Қараш 1919 жылы Бөкей губисполкомында істейді, сол жылы коммунистік партия мүшелігіне өтеді. Оған Ордада ұйымдастырылған айына екі рет шығатын “Мұғалім”<sup>7</sup> атты тәлім-тәрбие, ғылыми пән журналдарының шығарушылар алқасын басқару жүктеледі. Бұл қазақтың тұңғыш педагогикалық журналы еді. Ғ.Қараш осы журналда “Педагогика” атты еңбегін жариялайды.

1919 жылдың наурыз айынан бастап шыға бастаған “Мұғалім” журналының небары жеті саны ғана жарық көрген. Аз ғана уақытта азын-аулақ саны ғана шығып үлгерген “Мұғалім” тек тәлім-тәрбиелік басылым емес, саяси-қоғамдық, әдеби-этнографиялық та журнал еді. Ғ.Қараш сияқты зиялы ағартушы ақын басқарған бұл журнал өз бетінде сол кездегі саяси-әлеуметтік ахуал, оқу ағарту ісінің жәйі, халық тарихы мен әдеби мұралары әдеп-ғұрпы мен шаруашылығы хақындағы әртүрлі жанрдағы көптеген танымдық, тәрбиелік материалдар жарияланған. Ғұмардың баласы Ғабдолқалыр Қарашев орысшадан аударған К.Маркс пен Ф.Энгельстің қысқаша өмірбаяны да осы журналда жарық көреді. Мұнда күні бүгінге дейін өз мәнін жоғалтпаған, ұлт пен тіл туралы да толғаныстар кездеседі. “Мұғалім” – Ғ.Қараштың “Педагогика” аталатын манызды еңбегін жариялаумен қатар, ағартушы-ойшылдың жемісті де жарқын өмірінің бір кезеңін

<sup>6</sup> С.Созақбаев. Ағартушы ақын – Ғұмар Қарашев. // Жұлдыз. 1993, № 4.

<sup>7</sup> “Мұғалім” журналын шығарып, таратушы ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты ханындағы қазақ бөлімінің Бөкейлік бөлімшесі.

айқын елестететін, сирек кездесетін қымбатты мұра.

Ғұмар Қараш XX ғасырдың бас кезінде қазақ даласына кен тараған “Айкап”, “Мұғалім”, “Шора” журналдары мен “Қазақстан”, “Қазақ”, “Сарыарқа”, “Ұран”, “Дұрыстық жолы”, “Қазақ дұрыстығы” сияқты газеттерде сол дәуірдің көкейкесті мәселелері хақында өлеңдер мен мақалалар жариялап, мерзімді баспасөз бетінде жиі көрінеді. 1919 жылы “Дұрыстық жолы” газетінің жұмысына оның алқа мүшесі және белсенді пршіліктерінің бірі ретінде қызу атсалысқан.

1919 жылы Ордада қазақ жазушыларын біріктіретін алғашқы олақ негізін салып, “Дұрыстық жолы” газетін шығаруы, өзі туып, өскен өңірден “Қырқұдық” аталатын ауылшаруашылық артелін ұйымдастыруы Ғұмардың ел үшін өткен өлшеусіз еңбектерін таныта түседі<sup>8</sup>.

Ғ.Қараштың 1920 жылы 21 маусымда II Бөкей губерниялық партия конференциясында губкомның пленум мүшесі болып сайлануы, сол жолғы бірінші пленумда губкомның үгіт-насихат бөлімінің менгерушісі болып бекітілуі – азамат ақынға халықтың үлкен сенім артқандығын көрсетеді. Оның осындай белсенді еңбегі, қызу да қарбалас жұмыстары, қызыл әскерге азық-түлік жинауға атсалысып, ел ішіндегі әркімді зиянкестермен күресуі еңбекші – бұқара жауларының ызасын келтірмей қоймады. 1921 жылы 12 сәуірде ақ бандылар ақынды Құнаншапқан деген жерде азаптап өлтіреді.

Ғұмар қазасын жергілікті азаматтар жоғарғы үкімет орындарына қайғыра хабарлаған. Солардың бірі Ордадан Орынборға жолданған мына жеделхат: “Из Орды. 135. Через Уфу Оренбург Киаркомпрос. 12 апреля убит злодейской рукою бандитов киргизский общественный деятель, много работавший для нашего народа, поэт, дорожный наш коммунист Умар Карашев”<sup>9</sup>.

Ақынның мезгілсіз қазасы хақында “Қазақ тілі” газеті: “Ғұмардың атын Россиядағы қазақ елі түгел біледі деп айтсақ та өтірікші болмаймыз. Қазақ еліне білімді, пікірлі қызметкерлердің өте керек болып тұрған заманында Ғұмар сияқты зор ғалымның қашқындар қолынан қылышпен кескіленіп өлтірілуі жанды күйіреді, жүрегімізге от жағады. Уақытсыз кеткен есіл ер, топырағын торқа болсын, сенін атын, қызметің қазақ халқымен бірге жасайлы”<sup>10</sup>, – деп аза тұта жазды.

<sup>8</sup> Р.Жанғожин, С.Созақбаев. Қайраткер Ғұмар Қарашев. // “Қазақ әдебиеті” газеті, 1989. 29 қараша.

<sup>9</sup> Бұл жеделхаттың фотокошірмесін осы зерттеу авторына 1921 жылы Ғұмар Қараштың туысқаны, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының байырғы қызметкері Г. Сұлтаналиева табыс еткен.

<sup>10</sup> // Қазақ тілі, 1921. № 136.

Филология ғылымының кандидаты М.Тәжімұраттегінің мақаласында Ғұмар өмірінің соңғы кезі туралы да бірқатар пайымдаулар бар<sup>11</sup>. Ол жасаған жорамалдың бірі – Ғұмардың өліміне Нұрқай байдың тікелей әсер етуі. Себебі, ақын Нұрқайдың жас әйелі Жаманкызды аса жақсы көрген. Осы жағдай кектендірген байдың ел ішінде жүрген ақ бандыларды айдап салуы әбден ықтимал. Сонымен қатар, Ғұмардың бір кездегі жана оқу жүйесін енгізуіне қарсы болған хадімшіл дүмше молдалар, ақынның діни мансабын тастап, жана дәуірге икемделуіне ызыланғандар – бәрі де пікірлес болып күш біріктірген. Біздіңше, Ғұмардың мезгілсіз өліміне негізгі себептер осылар.

Халықтың ардагер перзенті Ғұмарды еске алу, жоқтау сипатындағы өлең, жырлар ел арасында көп айтылады<sup>12</sup>. Әсіресе, кең тарағаны – қайғылы сегіз жол өлең.

Ғұмар өмірінің соңғы күні және ақын қазасына арналған сегіз жол азалы өлең хақында ел аузында әртүрлі әңгімелер айтылды. Мұстафа Ысмағұлов бұл өлеңді Ғұмар ақ бандылар қолынан опат болар алдында шығарған екен десе<sup>13</sup>, Нағима Ғұбайдолла келіні сол күні – қағазға жазып, келініне беріп кетіпті дейді. Нағима дерегі мынадай: “...Патшалық дәуір мен кеңестік кезеңнің мұғалімі карт шежіреші ахун Ғұбайдолла Ахметовтың 1901 жылы туған Сақыпжамал деген қызы болған. Ол Ғұмар Қараштың Бұрхан деген баласына 16 жасында күйеуге шыққан. 1921 жылы сәтсіз күні Ғұмар Қараш үйден аттанарда оны осы келіні атқа мінгізіп салады. Аттанарда келінінің қолына бір хат береді. Келіні оқып қараса, “Жалғыз мола” деген Ғұмардың өз қолымен жазған өлеңі екен. Сол күні жолда бандылар тап болып, қылышпен кескілеп өлтірген. Жазмыштың бұйрығы болар, атақты Ғұмар Қараштың денесі алғашқыда жалғыз мола болып қойылады. Себебі, үлкен қауымға апаратын мұрша болмайды, елде толған банды, сұмдық аштық...”<sup>14</sup>.

Ғұмар Қарашты зерттеуші М.Тәжімұраттегі Батыс Қазақстан облысы, Қазталов ауданының Қарақобда ауылында тұратын Панғалиева Бакыттың естелігін келтіреді. Сонда Бакыт әжей ертерек кезде “Ғұмардың жеңгесімін” деп бір әйел келіп, ақын

<sup>11</sup> М. Тәжімұратов. Біз білмейтін Ғұмар Қараш. // Ана тілі, 1991. 18 сәуір.

<sup>12</sup> Смағұл Жақыпұлының Ғұмарға шығарған жоқтауы. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры. 328 бума, 2 дәптер.

<sup>13</sup> М. Тәжімұратов. Ізі жатыр тепсенде // Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері. А., Қазақ университеті. 1993, 140-б.

<sup>14</sup> 1981 жылы Нағима Ғұбайдолла келінінен жазып алып, осы зерттеу авторына жолдаған Ибатолла Ғатауов.

бейітіне дұға оқытып, белгі орнатып, сегіз жол өлең жаздырғанын айтыпты<sup>15</sup>.

Енді бір дерек – Қазақстан Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қолжазба қорында сақталған. Бұл қордағы азалы сегіз жол өлең мазмұнына қарағанда Нағима Ғұбайдолла келіні айтқан “Жалғыз мола”, Бакыт әжей айтқан “Жапанда” деп басталатын екі шумақ (сегіз жол) екендігі аңғарылады. Қолжазба қорындағы сегіз жол өлең мынадай:

Жапанда жатыр екен жалғыз ғана,

Бәйшешек айналасы жасыл ала.

Басында боз төбенін жатыр шыдап,

Таптым деп ел талаған жаудан жала.

Қазақтың түрде қалған бір баласы

Толғып кемеліне келген жасы.

Тағырдың жарлығымен жатыр жалғыз

Бойында жаудан алған бар жарасы<sup>16</sup>.

Бұл өлеңге “Ғұмар қабірінің басында досы Нәсекеннің айтқаны” деген түсінік берілген.

Хатқа түспеген деректер ел аузында уақыт өткен сайын әр түрлі өзгеріске түсетінін ескерсек, бұл азалы сегіз жол өлеңді Ғұмар бейітінің басына досы Нәсекеннің айтуы қисынға келеді. Ғұмар жеңгесі елге кең тараған өзі жатқа білетін өлеңді ақын ескерткішіне жаздыруы әбден мүмкін.

Ал келіні Сақыпжамалға Ғұмар беріп кеткен “Жалғыз мола” осы өлең бе, басқа ма? Бұл – әзір түйіні шешілмеген мәселе.

Ғұмар қазасынан кейін келіні Сақыпжамал “Асылдарда асылым” деп басталатын жоқтау шығарып айтқан<sup>17</sup>. Бұл жоқтау ел арасына кең тараған.

Ілкіде Құнаншақанда уақытша жерленген Ғұмар бейітін кейін ел азаматтары Қырқұдықтағы ата-баба зиратына көшірген.

Қазан төңкерісіне дейін де, одан кейін де Ғұмардың әлеуметтік қызметі мен шығармашылығын әркім ерқалай бағалады.

Ғ.Қараш ақындығы мен ойлы пәлсапалық пікірлеріне бірқатар қазақ зиялыларының ілтипатпен қарағандығын аңғарамыз. Оған куә – 1911 жылы “Айқап” журналының 12-санында “Жақын арада басылып шығалды” деген мақалада ақынның “Балалар тұлпар” жинағының баспаға берілгені айтылады<sup>18</sup>. Ал сол журналдың 1913

<sup>15</sup> М. Тәжімұратов. Ізі жатыр тепсенде // Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері. А., Қазақ университеті. 1993, 140-б.

<sup>16</sup> ӘӨИ. 364 бума, 2 дәптер, 88-89 бб.

<sup>17</sup> ӘӨИ. 327 бума.

<sup>18</sup> Жақын арада басылып шығалды. // “Айқап”, 1911, №12.

жығы 12-санында “Жаңа шыққан кітаптар” аталатын мақалада Ғ.Қараштың Қазан қаласында Кәримовтар бастаханасында “Қарлығаш” деген кітабының шыққандығын хабарлайды.

Бірақ Ғұмардың 1902-1910 жылдарда мектеп, медреселер жүйесіне тарих, жағрапия, есеп тәрізді дүниелік пәндерді енгізіп, жаңаша (жәдитше) оқытуы бірқатар қадімшіл дін өкілдерінің қарсылығына душар болды. Қадімшілдердің сол ыза, өшпенділігі ең ақыры 1914 жылы Қазанның жарық көрген Жұмағали молда Жанарыстанұлының кітапшасында көрініс тапты<sup>19</sup>. Ғұмар жаңашылдыңын олар діни жүйені бұрмалау, бір табан орысшылыққа бет бұру деп санады, келешек өмір үшін дүниелік пәндердің қажеттігін түсінбеді.

Ғ.Қараш отызыншы жылдарда молда ақын, Алашорданың қыршысы ретінде бағаланды. С.Сейфуллин “Тар жол, тайғақ кешу” кітабында: “...Қарашұлы Омар “Алаш” ұранын жыр қылып, кітапша жазып шығарады. ұмытпасам, кітапшасының аты “Терме” еді. Кітапшасында Әлекенді (Әлихан Бөкейхановты – К.С.) мақтайды”<sup>20</sup>, – дейді. Ғұмардың ешуақытта “Терме” атты жинақ шығармағанын, сынауға келгенде оқымай тұрып пікір айту сол дәуірдің қиянатты үрдісі екенін М.Тәжімұраттегі өте орынды көрсеткен<sup>21</sup>. Уақыт райына орай “Тар жол, тайғақ кешудегіше” бағалау Ғ.Токхановтың, С.Мұқановтың, П.Пахмурныйдың, В.К.Григорьевтің еңбектерінде де кездеседі.

Қырқыншы жылдарда Ғ.Қараш мұрасы бір жағынан біз атағандай ауыр сыңға ұшырап жатса, бір жағынан қазақтың көрнекті ақын, жазушылары санатында М.Жолдыбаев, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаевтың оқу кітабына енді<sup>22</sup>. Феоктис Березовский 1936 жылғы мақаласында Ғ.Қарашты Абай дәстүрін жалғастырушылар қатарында атады<sup>23</sup>.

Абай, Махамбет, Шернияз, Сұлтанмахмұт сияқты Ғұмар мұрасын да жинап, зерттеуге ықпал еткен 1939 жылғы Қазақстан жазушылары мен ақындарының екінші съезінің қарары еді. Бұдан кейінгі игі істер – Ғұмар шығармашылығының орта мектеп бағдарламасына енуі, 1941 жылы Е.Ысмайылов пен Х.Жұмалиевтің 9-класка арналған “Қазақ әдебиеті” оқулығында дербес тарау ретінде берілуі, Е.Ысмайыловтың 1941 жылы “XX ғасырдағы қазақтың демократияшыл әдебиеті” деген кандидаттық

<sup>19</sup> Ғұмар Қарашоғлы һәм шөкірті Ахмеді Ысқақұлының хилаф шаригифрал сөздеріне рөдіс. Нәшірі: Иналдин Пірғалиоғлы. Мәтба. “Кәріме”, Қазан, 1914

<sup>20</sup> С.Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу. А., 1960, 203 б.

<sup>21</sup> Тәжімұратов М. Біз білмейтін Ғұмар Қараш. // Ана тілі, 1991. 18 сәуір.

<sup>22</sup> М.Жолдыбаев, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы. А., 1933.

<sup>23</sup> Ф. Березовский. Қазақ әдебиеті. // Красная новь. 1936, № 3.

диссертациясында ақын мұрасының мейлінше әділ бағалануы. Бірақ бұл кезеңде де әдеби мұраларымызға үрке қараған солақай бөлсенділіктер, сынаржак айтыс-тартыстар, баспасөз бетіндегі тырнақ астынан кір іздеген дүбәра, дүмше сындар аз болған жоқ. Сондай сойқанды сындарға зерттеушілер де, олар мұрасын жариялаған Ғұмар сияқты ақындар да қайта ілікті. 1947 жылы “Қазақстан Коммунистік большевиктер партиясы Орталық Комитетінің “Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты жұмысындағы саяси өрескел қателер туралы” дейтін қаулысы шықты. Онда Балқы Базар, Шортанбай, Мұрат, Шөңгерей, Сұлтанмахмұттармен бірге Ғұмар да феодализмдік-реакциялық буржуазиялық-ұлтшылдық сарындағы ақын делініп, шығармаларын оқуға тыйым салынды. Ғұмарды сол қаулыда – “революцияға дұшпан буржуазиялық-ұлтшылдық Алашорда партиясының қайраткерлерінің бірі” деп көрсетті. Бұл қаулы қазақ әдебиеті тарихын, сондай-ақ Ғұмар сияқты көрнекті ақындар мұрасын жинап, зерттеуге, жариялауға кесел болған бірден-бір қанды қақпан болды.

Бірақ, “болат пышақ қап түбінде жатпайды” дегендей, Ғ.Қарашев туралы орынды да орнықты пікірлер де, оның мұралары да там-тұмдап болса да жарық көріп жатты.

1959 жылғы қазақ әдебиетінің негізгі проблемалық мәселелеріне арналған ғылыми теориялық конференцияда Ә.Қоңыратбаев, Қ.Оразаев, Ү.Субханбердина сияқты зерттеушілер Ғ.Қарашев атына жылы лебіздер білдіріп, оның мұрасын жинап-зерттеу, әділ бағалау туралы ұсыныстар жасады<sup>24</sup>.

Ғ.Қарашевтың әлеуметтік қызметі мен әдеби, пәлсапалық мұрасын әділ бағалауда республика философиялары өзге ғалымдарға өнеге боларлық игілікті істер атқарды. Әсіресе, 1962 жылы Мәскеуде жарық көрген “Философиялық энциклопедияда” С.Зиманов пен М.Ысмағұлов Ғ.Қараш еңбегін жоғары бағалап, оның ақындық, публицистік, жаңа оқу жүйесін жасаушылық, ойшылдық қырларын тұжырымды да жинақы жеткізе алған.

А.Нұрқатов Ғ.Қараштың поэзиялық мұрасын көркемдік тұр жағынан қарастыра отырып, “Көп еңбек еткен, көп мұра қалдырған ақындардың бірі”<sup>25</sup> деп көрсеткен. Ал Ы.Дүйсенбаев Ғұмарды “XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің ең көрнекті қайраткерлерінің бірі”<sup>26</sup> деп бағалайды. Бірақ, А.Нұрқатов та, Ы.Дүйсенбаев та Ғұмар шығармаларын нақты талдап дәлелдеп жатпаса да, сол кезеңге сай “оның мұрасында қос-қыртыс

<sup>24</sup> Әдеби мұра және оны зерттеу. А., 1966.

<sup>25</sup> А.Нұрқатов. Абайдың ақындық дәстүрі. А., 1966.

<sup>26</sup> Ы. Дүйсенбаев. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. Қазақ әдебиеті тарихы. 2-том, 2-кітап. – Қаз ССР ҒА баспасы, 1965.

Қазуған, Шөлгез, Есет, Шөңгерей шығармаларын, шешендік сөздер мен “Ер Шобан”, “Әділ сұлтан” сияқты жырларды – не бәрі жиырмалдан аса әдеби мұраны топтастырған. Құрастырушы “Көксілдерде” Шөлгез мұраларынан үзінділер, “Едіге, Токтамсы”, “Орақ-Мамай” жырларын жариялайды. “Көксілдерге”, “Әр көңілдің бір ойы бар” деген өз өлені де енген. Аталған екі жинақ та – сирек кездесетін кітаптар, оларда жарық көрген мұралар әр дәуіріндегі сөз зергерлерінің ой-арманын, дүниетанымын, таланттарының әйгілдер елеулі рухани қазынамыз.

Ғұмар Қараш – әртүрлі мерзімді баспасөз беттерінде көп жазған каламгер. Ол шығармаларын “Ғұмар Қараш баласы”, “Ғұмар Қарашұлы”, “Ахунд Ғұмар Қарашұлы”, “Ғұмар әл-Қараш”, “Бөкей елінің бір баласы”, “Ғұмар Қараш”, “Ғ.К.”, “Ғ.Мұштак”, “Ғабдолла Мұштак”, “Қазақов”, “Ғұмар Қарашев”, “Оразақай” деген есімдермен жарыялап отырған. Ол “Ғабдолла Мұштак” бүркеншік атын “Қарлығаш”, “Тумыш” жинақтарында және “Шайыр”, “Көксілдер” топтамаларындағы өз шығармалары соңында қолданады. Ал “Қазақстан” газетінде жарияланған мақаласында<sup>28</sup> өзі шыққан елінің атымен “Оразақай” деп қол қояды. Ал “Ғ.Мұштак” – “Тумыш” жинағында және “Әділ мырза мен ару Шандоз” әңгімесінде кездеседі. Бірақ, әңгіме соңында ақын өзінің мекен-тұрағы мен аты-жөнін толық жазған.

“Ғабдолла Мұштак” Ғұмар Қараштың бүркеншік аты екендігін бетінде жарияланған жана шыққан кітаптар хақындағы мақаладан айқын аңғарамыз<sup>29</sup>. Онда “Көксілдерді” жинап, бастырушы Ғабдолла Мұштак – Ғұмар Қараш екендігі анық айтылған.

Ақын “Бала тұлпар”, “Аға тұлпар” жинақтарының алғашқы бетінде кітап авторы деген жерде және “Қазақстан” газетіндегі “Бақу” очеркінің соңында “Ғ.К.” деп қана көрсеткен. Сондай-ақ, “Жастарға”, “Тәнсіз жан жоқ” деген мақалаларын<sup>30</sup> “Қазақов” деген бүркеншік атпен жазған. Ал Имам Ғазалиден аударған өленін “Бөкей елінің бір баласы” деген атпен жариялаған.

Ғұмардың бүркеншік аттарының бөрінің де өзіндік мәні бар. Мысалы, “Мұштак білімдер, зиялы, зейінді, зерделі” деген мағына берсе, Ғабдолла – құдайдың құлы, қызметшісі ұғымында. Демек, “Ғабдолла Мұштак” – құдайдың зерделі құлы деген автордың инабатты, кішіпейіл көңілін танытады. Ал, “Оразақай” өзі туып, өскен ноғайлы-казак еліндегі аға-баба рухын еске алуы.

Ғұмар бүркеншік есімдерді бір басылымда бірнеше шығармасы жарияланатын жағдайларда, өлен, мақалалары газет, журналдарда жиі берілген реттерде қолданса керек. Сонымен қатар, Ғұмар бес

<sup>28</sup> Тіршілік таласы. // “Қазақстан” газеті. 1911, № 2.

<sup>29</sup> “Айқап” журналы, 1911. № 3, 16-17- бб.

<sup>30</sup> “Қазақстан” газеті, 1912. № 4, № 6.

қайшылықтар мен қателіктер аз емес” (А.Нұрқатов), “көз салатыны өткен заман, ата-бабалар жолы. Ол ақынға қапысы жоқ қимас дүниедей. Ақын оның көленкелі кеселді жақтарын көрмейді, көргісі де келмейді”. (Ы.Дүйсенбаев) деп сынап та қояды. Әрине, бұлар уақыт ауанына қарай айтылған пікірлер. Сол зерттеушілер бұл күндерде арамызда болса, осы сынап отырған жайларын ақынның азаматтығы, көргендігі, халқына деген перзенттік сезімі деген болар еді.

Рухани мұраларымызға деген қайта құру дәуірінің жылы лебі 1989 жылғы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Комиссиясы қорытындысында көрініс тапты. “Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30-40 жылдар кезеңі мен 50-ші жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөнінде” аталатын бұл қорытынды бойынша солақай таным, сынаржак түсінік салдарынан бірқатар жылдар шығармаларын оқуға тиым салынып келген философ ақын Ғ.Қарашев халқымен қайта табысты. Ақынның қоғамдық қызметін, әдеби, пәлсапалық мұраларын насихаттау, таныстыру мақсатындағы бірқатар мақалалар жарық көрді. Олар: С.Ысмағұлованың, С.Сыдықовтың, Р.Жангожин мен С.Созақбаевтың, Б.Байғалиевтің, т.б. мақалалары. Осы мақала, зерттеулердің қай-қайсы да ақынның өмірі мен шығармашылығы, әлеуметтік қызметі хақындағы бірқатар соны деректерімен бағалы. Б.Байғалиев “Алматы ақшамының” аталған санында белгілі ғалым Е.Ысмайыловтың бір кезде жазылған “Омар Қарашев” деген мақаласын да жарияланған. Өткен кезең ыңғайын танытатын сыын-байыптаулары бола тұрса да, ғалымның бұл мақаласын осы уақытқа дейінгі Ғ.Қараш мұрасын орынды да орнықты талдаған салықалы зерттеу деуге болады. Бір өкініштісі – “Қазақ әдебиеті” мен “Алматы ақшамында” Ғ.Қараш деп қазақтың алғашқы драматургінің бірі Ишанғали Мемдіханұлының фотобейнесін жариялаған.

\* \* \*

Ғұмар Қараш ақын, жыраулар елінде туып, жас кезінен жанына серік, көңіліне көрік еткені Шөлгез бен Доспанбеттің, Асан қайғы мен Қазтуғанның, Махамбет пен Мұрағтың өлен, толғаулары, Қазақстанның батыс өңіріне тұраған батырлық жырлары еді. Міне, ақын осы мұраларды жинастырып, 1910-1912 жылдарда Орынбор қаласынан “Шайыр...”, “Көксілдер...” деген екі жинақ шығарады<sup>27</sup>. Ол “Шайыр” жинағына Байтоқ, Жанұзақ, Доспамбет,

<sup>27</sup> Шайыр, яки казак ақындарының басты жырлары, жиыншысы Ғабдолла Мұштак “Бөкейліктен”. Орынбор. “Кәрімов, Құсайынов және серіктерінің баспаханасы. 1910; Көксілдер, яки бұрынғы мырза ұлы Нөмір Ноғайлы батырлары уә ғайри мағыналы жырлар. Жинап, бастырған Ғабдолла Мұштак Бөкейлік. Орынбор. “Кәрімов, Құсайынов және серіктерінің” баспаханасы. 1910.

өлең кітабының соңғы екеуінде ғана (“Аға тұлпар”, “Тұрымтай”) аты-жөнін толық жазған. Соған қарағанда, ақындық кемеліне келгенге дейін өз атын ашық та айқын жазуды лайық көрмеген сияқты.

Кейбір мақала жазушылар “Қазақстан” газетінде “Қазақ” деген атпен жарияланған біраз мақалалар мен өлеңдерді де Ғ.Қараштікі санайды. Мұны келешек зерттеушілер зер сала анықтағаны дұрыс. Ғұмар Қарашев ауыл молдасынан халқының қамын ойлаған қайраткер ақын дәрежесіне дейінгі күрделі өмір жолын өтті. Халық тағдыры, дәуір сыры, өмірдің өзекті мәселелері шығармаларының негізгі тақырыбына айналды. 1910-1918 жылдарда Қазан, Уфа, Орынбор қалаларынан “Ойға келген пікірлерім”, “Бала Тұлпар”, “Қарлығаш”, “Өрнек”, “Тұмыш”, “Бәдел-хажы”, “Аға Тұлпар”, “Тұрымтай” сияқты өлең кітаптары мен прозалық-философиялық толғаныстыры жарық көрді. Жарияланған сегіз жинағына, мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалары мен өлеңдеріне, педагогикалық еңбегіне және басылып үлгермеген көркем әңгімесіне қарағанда, ол әр қилы жанрда қалам тербеп, жемісті еңбек еткен. Е.Ысмайловтың: “Революция алдындағы дәуірде халық арасына шығармалары мен есімі ең көп жайылған, қадірлі, даңқы зор Омар (Ғұмар – Қ.С.) болды. Барлық ақыннан да Омар өлеңді көп жазды, жеке кітаптарын да үздіксіз көп бастырып отырды”<sup>31</sup>, – деуі өте орынды айтылған пікір. Аталған мақаласында Е.Ысмайловтың: “Омарды өлтірген бандылар оның көптеген қолжазбаларын, кітапханасын талқандап, өртеп жойып жіберген. Сондықтан оның соңғы дәуірде жазылған шығармаларының көбі сақталмады” деуінің де қисыны бар. Ғұмардың 1918 жылы Уфа қаласынан шыққан “Тұрымтай” жинағының соңғы бетінде: “Қырғи” атты Ғ.Қарашевтің жана жыр кітабы, топырақтан тыс болсақ, осы жазда басылып тарайды. Елдегі адресі: Савинка селосы. Самар губерниясы, Жаңа өзен уезі, А.Ақшуринге, Ғ.Қарашевке тапсырылсын – деген жарнама берілген. Бірақ, “Қырғи” жарық көрген жоқ. “Қырғи” Уфадағы “Шарқ” баспасының архивінде қалды ма, әлде ақынның өз қағаздарымен бірге жойылды ма? – ол жағы белгісіз. Сондай-ақ, С.Ысмағұлова Ғұмардың қолжазба күйінде жоғалып кеткен “Қан мен тер” дейтін кітабы да болғандығын жазады<sup>32</sup>. Демек, жұртшылыққа белгілі боп отырған оның жарияланған мұралары ғана, ал “Ноғайлы”<sup>33</sup> сияқты жекелеген өлеңдері сол кезде жаттап

<sup>31</sup> Е. Ысмайылов. Омар Қарашев. // Алматы ақпамы, 1990. 30-қаңтар.

<sup>32</sup> С. Ысмағұлова. Қиын да сұлу тағлыр. // “Жалын” журналы, 1989, № 2.

<sup>33</sup> Өлең мәтіні Шымкент қаласының тұрғыны Ғұмар Қараштың ағайыны Қалақов Ақболаттан алынды.

үлгерген өлең құмар адамдардың айтуымен ғана жетіп отыр.

1911 жылы ақынның үш өлең кітабы жарық көрген. Екеуі – Уфада басылған “Бала тұлпар” мен “Тұмыш”, үшіншісі – Қазанда жарияланған “Қарлығаш”.

Ғұмардың “Тұмыштағы” өлеңдері ел ағаларымен және имандылық жолым ұстар молдалармен сырласу сипатында. Ақын жинаққа енген өлеңдерінің қай-қайсысында да ұрпақ тәрбиесін, әйел-ана рөлін, ғылым-білімнен кенже қалған ел жағдайын жалқаулық пен نادандық зиянын ашына тебірене толғап, халыққа қызмет етуді насихаттаған.

Ғұмар “Бала тұлпар” мұқабасындағы төрт тармақта және жинақ соңындағы қорытынды өлеңінде ақ сөйлеп, ғибрат айтулы мақсат етеді. Бұл – ақынның бүкіл шығармасына ортақ нысанасы.

Аталған жинақтағы келелі шығармалары – заман жайындағы екі-үш толғауы. Ақын оларда қазақ халқының өткен дәуірлердегі елдік, ерлік салтын, бағзы әдет-дәдiсiсi мен сән-салтанатын, ел қамын ойлар ерлер мен береке-бірлікті аңсай еске алып, заманның, кісі құлқының бұзылуын, әдепсіздік пен екіжүзділік, мейірімсіздік пен жікке бөлінушілік балалап, заман азып, қазақтың бағы қайтуын қапалана-қайғыра жырлайды.

Ғұмардың шамырқана аяусыз шенейтіні – надандық пен дарақылдық пен тоғышарлық, жағымпаздық пен паракорлық, мақтангөйлік пен шарығат жолын бұрмалаушылық. Ол бағзы жырауларша термелеп, толғана отырып, хан мен халыққа, патша әкімдері мен паракор ел билеушілерге, бала мен әйелге сыншылдық байыптаулар жасап, сол заманға орнықты баға береді. Халықты оянуға, өнер-білімге, іргелі ел болуға, өмірді жаңарту үшін қам-қарекет жасауға үндейді.

Ғұмардың замана халі мен табиғатты салыстыра суреттеуінен өзі ақындық өнеге алған Шөлгез әсері байқалса, бағзы дарқан дала мен көшпелі өмірді еске алуда Шөңгереймен үндестігі айқын аңғарылады. А.Нұрқатов айтқандай: “Бірақ Ғұмар оны жалаң қайталамайды, небір тың теңеулер, тапқыр салыстырулар қолданады, дамыта, әрі тереңдете отырып қолданады”<sup>34</sup>.

Ғұмар “Қарлығаш” жинағында “Тұмыш” пен “Бала тұлпардағы” ой-пікірлерін дамыта түскен.

Бұл дүние себеп, талап дүниесі,  
Тек жүрген себеп етпей болар харап.

Осы екі жол жинақтағы барлық өлең, толғаулардың темірқазығы іспетті. Ақын айтар ойларын осы жолдардың мазмұн-мәнімен

<sup>34</sup> А.Нұрқатов. Абайдың ақындық дәстүрі. А., 1966.



өрбітеді. Ұсынар жолы: тырбану, қарекет ету. Ақын оны күлдір да: “Қарекет етсең, жарылғармын” деген деп иландыра, сендіре толғайды. Ел үстінен күн көрген надан сопыларды сынайды. Оны Қарлығаш аузымен айтқызады. Өнер-білімге ұмтылмай енжар жүрген халықтың қырсыздық-жалқаулығына ашына тіл қатады. Жомарттық, әділдік, батырлық, жігер, әдеп, наландық, өтірік, ұят, төкаппарлық жайлы толғанады. Өмір, көңіл, талап туралы ой толғау “Бала тұлпарда” да бар.

Ғұмар өмірге азық болар білім, өнерді жас кезінде алуды, өнер, ғылымы дамыған ерікті ел болуды армандаған. Ақын ашына, қапалана айтқан, яки арман-мұрат өте толғанған өлеңдерінің қай-қайсысын да қазак халқы тағдыры тұрмысынан жырлайды. Ел басына төнген қасіретті халден арылулы аңсайды.

“Аға тұлпар”<sup>35</sup> жинағында Ғұмардың ақындық шоқтығы бұрынғыдан да биіктей түскен. Ол өз сөзімен айтқанда “Замана жайын көзге алар” шын азамат-ақын ретінде танылады. Уағыз, өсиет, насихат, тілек түрінде келетін өлең, толғауларының қай-қайсысында да замана, замана адамы жайында бағзы жыраулар өнегесімен өзінше толғанады. Ақынның қасірет-қайғысы: патша отаршылары еркіндел, қазақтың бағзы қоныстан айрылуы; ары, діні мал болып ел ағасы жетім-жесірге қарамай, атак, дәреже үшін арын сатуы; екіжүзділік, пандық, арызқойлық, мансапқорлық, жікшілдік, наландық, жол алып, елдің азуы.

Ақын халықты қамдап, өнер, білім жолына бастауы жастарға ғана аманат етеді, соларға үміт артады. Жинақта болмыс, ғарыш әлемі хақындағы өлеңдері де бар.

Ғұмардың 1918 жылы Уфа қаласында жарық көрген “Тұрымтай”<sup>36</sup> жинағына өмір, заман туралы тебіреніс, толғаныстары енген. Мұнда да бұрынғы топтамаларында жырлаған халық, ұлт, өнер-білім, өмір, заман туралы ойларын дамыта түскен. Ол “Күн туды”, “Саған не болды?”, “Көреміз бе?”, “Өтер ме екен”, “Келер ме екен”, “Бармысың”, “Жазда тастамаған теллек” сияқты бірқатар өлеңдерінде келісті де келелі ойлар қозғайды. Ақын жинақтың алғашқы бетінде екі нәрсені аңғартады. Бірі – Тұрымтай ызғарымен егінді отаушы торғайларды қуу, екінші – пәни дүниенің жалғандығы. Ғұмар торғайды елді талаушы әкімдер бейнесінде алады.

Ақын байыптауынша: махабат – нұрлы сезім, ақ тілек, мәнді мұрат, тағдыр – адам еркінен тыс табиғи өмір қарекеті; өмір – жел қайықтай өтпелі жалған; тіркілік таяныштары – адамның үй-күйі,

<sup>35</sup> Ғұмар Қарашов. Аға тұлпар. Бастырушысы Ахмет Байтұрсыннов. “Дін уи мағишет” мәтбағасы. Орынбор. 1914.

<sup>36</sup> Ғұмар Қараш. Тұрымтай. “Шарк” баспаханасы. Уфа. 1918.

туған, өнген жері, жары, бала-шағасы. Ақын ешқандай тұрақты нәрсе жоқ деп дүниенің мәңгілік дамуында екенін сезінеді.

Арман-мұратқа жас кезде талпынуды уағыздап, дау-дамай, зымыян – екіжүзділік, бейпіл-паракылық, желбуаз-мактанғөйлік сияқты әдеттерден жіріккенген ақын, өмірге неге келдім, не бітірдім деп терең тебіреніске түседі. Қазак халқының іргелі, өнерлі ел болуын армандап, туыс ұлттардың татулығын қалайды. Ол туған еліне өз бақытынды өзін жаса дейді. Оның “өзін ту, ұл тусан да, қыз тусан да” деген сөзінен түр-түсінді, мазмұн-мәнінді өзгертпей, өзеге елікпей-солықтамай өз мәдениетінді өзін жаса, ізі дәстүрінді жоғалтып алма деген мағыналы ойларын айқын аңғарамыз.

Ғұмардың “Бала тұлпар”, “Аға тұлпар” жинақтарындағы өлең, толғауларда Шәңгерей мен Ғұмар Жазықұлы сияқты зиялылар, Әбілқайыр, Нұралы, Бөкей, Жәңгір сияқты хандар, Сақыпгерей, Сейітгерей сияқты сұтандар, Сырым сияқты батырлар хақындағы мәнді тарихи деректерге де кезігеміз. Аталған адамдар туралы әңгіме-деректерді Ғұмар жастайынан естіген. Себебі, ол сол өңірде туыл, өскен. Бұл ретте Ғұмар өлеңдерінің танымдық мәні де таныла түседі. Сонымен қатар, оның зиялылар мен хан, сұлтандарды еске алуы бұл дүниеден өткендер рухын кастерлеу болса, Сырым туралы тебіренуі “ұлт бостандығын көксеу... Ерлік дәстүрді үлгі ету”<sup>37</sup> екендігі сөзсіз.

Ғұмардың өлең, толғауларынан танылатын бірқатар көркемдік сыр-сипаттар бар. Өз еңбектерінде ақынға Абай, Махамбет, Мұрат әсері мол болғандығын Е.Ысмайылов, сонымен қатар Бұқар, Дулат, Шәңгерей өнегесі байқалатындығын А.Нұрқатов сияқты ғалымдар орынды айтқан. Әсіресе, “Замана жайынан” толғауынан ежелгі жыраулар әсері айқын аңғарылады. Ол “кім білер”, “жарасар”, “құрысын”, “келісер”, “білінер” сияқты сөздерді лақпа-дақтап қайталау арқылы заман, табиғат, өмір туралы өрісті ойлар қорытады. Бағзы толғаулар дәстүрімен жаман мен жақсыны, ер мен езді салыстыра суреттеп, әрбір құбылысқа орнықты анықтама береді. Қарлығашпен, яки Ана тілімен сырласа сөйлесу әдісімен тыңдаушыға өз максатын жария етіп отырады. Кейде “қызыл аңыз жел соқса, қызғылт жалын күн соқса” деп әуелі сұрап алып, сосын жауабын айтады. Оның “Шығарып салмасы” той, жиынның қорытынды – топ тарқатар толғауы іспетті. Кердері Әбубөкір сияқты о дүниеде паракор моллалардың азап тартып, олар ғайбаттаған ақ адал адамдардың рахатта жүргенін түсінде көрген боп толғайды. “Жазғы кеш”, “Жазда тастамаған теллекте” әлемі шендестіру, салыстырулар бар.

<sup>37</sup> Е.Ысмайылов. Омар Қарашев // “Алматы ақшамы” газеті. 1990, 30 қантар.

Дос айтқан үгіт сөзді қастық санау —  
Белгісі ғақыл жағы тақырлықтың.

Немесе:

Би тұрса биасылдан іске аспайды,  
Күн туса, халыққа қиын екі талай.

Мұндай мәнді де ойлы тіркестер Ғұмарда аз емес.

Ақын сағыныш, наз, реніш-өкпе, серт сияқты жан иірімдерінің пернесін қозғайтын яки халық тағдыры, заман ахуалына тебіренетін өлең, толғауларының бәрінде де сезімге беріле жалын атып лаулай, лапылдай жырлайды. Мұндай сипаттар, әсіресе, “Достыма”, “Не болды?”, “Тастаған жарға”, “Бармысың?”, т.б. өлеңдерінен анығырақ көрінеді.

Ғұмар кара өлең, қаусырмалы, кезекті ұйқастарды, сондай-ақ, Абай қолданған “Сегіз аяқ” өрнегін де келісті қолдана білген. Көбінесе, 7-8 буынды жыр үлгісінде, яки 11 буынды кара өлең өлшемімен жазған. Ғұмар поэзиясының өлең құрылысы туралы мұндай байқауларын өз еңбектерінде Е.Ысмайылов, А.Нұрқатов сияқты ғалымдар да айтқан еді.

Ғұмар қоғам, заман алдындағы, өмір шындығын жырлаудағы ақын міндетін биік мақсаттар тұрғысынан ерекше түсінген. Оның байыптауынша өмір сырын шынайы суреттеу — шын азамат ақынның адамдық парызы, ақын мұраты — жылағанды жұбату, жығылғанды тұрғызу, жаурағанды жылыту, әрине сөз күдіретімен. Және ақынның қадір тұтары — қажет кезінде керек адамына айтылған халықтың көкейкесті арман-мұратын білдіретін сөздер. Міне, ақынның осындай терең де, кемел ойларын саралай келе, Е.Ысмайылов: “Омар өз дәуіріндегі аса шешен сөздерін өткір жеткізіп айта білген сыншыл реалист ақын болды”<sup>38</sup> — дест, А.Нұрқатов пікірше: “Ғұмар Карашаев — өзінен бұрынғы да, өзімен тұстас та ақындардың, әр елдің әдебиеті үлгілерінен үйрене отырып, өзіндік стиль тапқан ақын”<sup>39</sup>. Бұл байыптаулар — Ғұмар поэзиясы туралы айтылған орынды баға, орнықты толғамдар.

Ақын туындылары философиялық ой-пікірлерге бай, бейнелі келеді, Абай, Махамбет, Мұрат, Шәңгерей, Кердері, Әбубәкір поэзиясындағы халықтық әуен, сыншылдық сипаттар, әр алуан өлеңдік ізденістер Ғ.Қарашев шығармаларынан айқын аңғарылады.

Қазақ ауыз әдебиеті мен жырғаулар поэзиясын жақсы білуі,

<sup>38</sup> Е.Ысмайылов. Омар Карашев. // Алматы ақшамы. 1990, 30 қаңтар.

<sup>39</sup> А.Нұрқатов. Абайдың ақындық дәстүрі. А., 1966.

орыстың классикалық нем түркітілдес халықтар әдебиетімен, Абай шығармаларымен таныстығы оның өлең түрі, байытып, тақырып аясын кеңейте түсуіне мол мүмкіндік берген.

Ғ.Қараштың көркем қарасөзбен жазылған шығармасы — “Томан байдың баласы Әділ мырза, я болмаса Байғазы байдың қызы ару Шандоз”. Әңгіме қазан қаласына 1909 жылы жолдана тұрса да, белгісіз себептермен жарық көрмеген<sup>40</sup>.

Әңгіме желісі Әділ мырзаға ару Шандоздың айтырылуы, Әділдің үш рет қалыңдық аулына баруы, Шандоздың ұзатылу оқиғасына құрылған. Ғұмар әдемі, көркем тілмен жинақы баяндайды. Әңгіменің өлең мен қарасөз араласып келетін, кейіпкер сөздерінің кейде өлеңмен, кейде қарасөзбен айтылатын сипатына қарағанда оның халықтық эпос дәстүрін ұстанғандығы аңғарылады. Әділ мен Шандоз сөздері де эпос кейіпкерлеріндей асқақ сезімге құрылған.

Әңгіме халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан құла түсу, айттыру, қалын беру, той жабылғы, күйеу қабылдау, қыз ұзату сияқты әдет-ғұрыптық жайларының бірқатар жол-жоралғыларымен таныстырады.

Ғұмар көрмей, білмей құдаласудың себептерін ынабат, ізеттілікпен, ата-ана сыйлаумен байланысты қарайды, бірақ оны сөзсіз мақұлдай бермейді. Ерлі-зайыптылардың айрылысуы о заманда ілуде біреу болатын дей келіп: “Тап осы күнгідей жігіті опасыз, қызы тарқак, сыртқы сұлулығына қызығып, бүгін қосылып, ертең айрылатын әдет о күнде болмайды” дейді. Сексен жыл бұрын жазылған осы әңгімесімен Ғұмар бүгінгі жастарға да ескерту жасағандай.

Міне, мұның бәрі әңгіменің тәрбиелік һәм танымдық мәнін айпғлей түседі.

Ғ.Қараштың 1910–1913 жылдарда ғылыми-публицистік һәм пәлсапалық толғаныс түріндегі қарасөзбен жазылған үш кітабы жарық көрді. Солардың бірі — “Ойға келген пікірлерім” (Орынбор, 1910). Ақын бұл кітабында адам өмірінде және өз дәуіріндегі әлеуметтік ортада кездесетін көптеген мәнді де маңызды мәселелерді қарастырады. “Дұрысты бұрыстан айыру, сол туралы түсініктерді ажырата білу — адамзат ойының негізгі міндеті” санаған Ғұмар Ләтіп өлеңді хатына жауап ретінде мораль һәм әлеуметтік жағдаяттар жайында өз ой-пікірін айтуды мақсат еткен. Ол өмірдегі пасықтық, ұрлық, қиянат, жалқаулық, құмар ойнау, ішімдікке берілу сияқты адамды аздырар қылықтардың

<sup>40</sup> Татарстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты., 269-көп. 1 тігін, 29 іс, 1-8 парақ Н.Ф.Катанов қорынан. Әңгіме қолжазбасының фотокошірмесін алып келген М.Тәжімұраттегі. Әңгіме алғаш рет Ғ.Қараш жинағында жарық көрді // Ғ.Қараш. Замана. А., 1994.

Ләгіп әпенді айтқандай, оқу-ағарту ісінің, ғылым-білімнің пайла болуынан емес, надан сопылардың нәрсіз дәрістері халыққа әсер ете алмағандығынан екенін ашы да ашық айтады. “Рухани жағынан бірін-бірі қолдап отыру – адамның ең жақсы қасиеті. Адам абыройының артуы, сөзінің өтімді болуы оның істеген жақсылық істеріне байланысты” екенін пайымдай отырып, шын, білімді сопылардың уағыз, насихаты пайдалы екендігіне күмән келтірмейді.

Бірқатар мақалаларда Ғұмарды ислам дініне қарсы қойғысы келетін сипат танылады, кейбір дін өкілдерін сынауын ақынның дінді әшкерелеуі деп жаңсақ түсінеді. Ғұмар ешуақытта ислам діні негізіне, имандылық жолға қарсы шықпаған, қайта оған күрметпен қараған. Ғұмардың сынап, әшкерелегені “сөз біліп, сопысынып дінді сатқан, танқы мұрт, таспа кара” өмір ағымына, заман келешегіне көз жібере алмаған надан, дүмше моллалар еді. Е.Ысмайылов Ғұмар туралы мақаласында, ишандарды батыл әшкерелеп отырады” деп уақыт ыңғайына қарай жалпылама айта келіп, “бірақ, ислам дінінің негізін бекерлемейді. Құранды, пайғамбар жолын дұрыс, бұлжымайтын қағида деп біледі” деп орынды қорытынды жасайды<sup>41</sup>.

Ғұмардың ислам діні жөніндегі көзқарасын өлендері мен кітап күйінде жарияланған пәлсапалық ой-толғамдарынан хәм мақалаларынан айқын тануға болады: “...ислам дінінің тек ахирет үшін ғана емес, бұл дүние үшін де маньзы бар”<sup>42</sup>. Құран Кәрімнің айтуынша дін жалған нәрсе емес, адамдардың шын табиғи сенімі. Бұған қарағанда ешқандай адам мінсіз өмір сүре алмайды... “...Біздің халқымыз ақиқат дінді ұстаса, біз налад, жалқау боп қаранғылықта қалмаған болар едік, ұрлық, қиянат, арак ішу, карта ойнау сияқты халықты бұзатын қылықтардан ада болар едік. ... Діннің өзі адамдарды дұрыс сақтай алады, дұрыс жолға бағыттайды. ...Ислам діні жолын дұрыс ұстай білуіміз керек. ...Адам... өзін тани білсе, жаратушысын да тани алмақ”<sup>43</sup>.

Міне, ислам дінінің тәрбиелік хәм әлеуметтік маньзын Ғұмар осылай байыптайды. Ақын ой-пікірлерінің дұрыстығын жетпіс жыл бойы дінінен, әдет-ғұрпынан ажырап қалған халқымыздың жар басынан құлап кете жаздаған жаралы, қасіретті тағдырының өзі дәлелдеп отыр.

“Ойға келген пікірлерім” кітабында дүниеге жанды, жансыздардың табиғатына, жаратылысына сай заңдылықтарын, сондай-ақ дүние туралы шексіз әнгіменің сол дәуірге қатысты

<sup>41</sup> Е. Ысмайылов. Омар Карашев. // “Алматы ақшамы” газеті. 1990, 30 қаңтар.

<sup>42</sup> “Дін Исламның жақсылықтары жайлы”. // “Шора” журналы. 1911, № 14.

<sup>43</sup> Ойға келген пікірлерім. Орынбор. Уақыт баспаханасы: *Ғ. Караш*. Заман, 1976, 178, 179 бб.

кейбіреулерін ғана қарастыруда ол Имам Ғазали, Афғани, Шейх Мұхаммед Ғабдулу сияқты шығыс ғұламаларына сүйенеді.

Ғұмар Отан, ұлт мерейі аukatты, білімді адамдарға ғана қатысты деген сынаржақ пікірлерге батыл қарсы шыққан. Бұл мәселедегі ақын ойы саралы да, саликалы. Оның пікірінше Отан, ұлт мерейін өсіру – баршаға ортақ, халыққа ықыласпен адал қызмет ету әр адамның кісілік борышы.

Ғұмар өмірде жалғыз жүріп жол табуды емес, ірі, іргелі мақсаттар жолында қауымдастықты артық санайды. Ғұмардың байыптауынша, тартыс пен күрес – өмір заңдылығы, бірақ нағыз күштілік – шындық пен әділетте. Әркім өз ісін дұрыс санайды, ерік деп ұғады. Оны ажырата алар сарабдал сана ғана керек.

Ғұмар өркөкіректік пен өпіремдіктің пайда, зияны, ұлттық тәлім-тәрбие үшін ана тіліндегі мектептер мен ұстаздардың, оқулықтардың қажеттігі. Құран Кәрімді өз мәнінде дұрыс түсіндіру хақында да толғанған. Ол бақытқа қалай жетуге болады дейтін мәселедегі әр түрлі көзқарасты талдай отырып, мансап құлы, құлқын құлы адамдарға және білім ала тұрса да ішіп-жеу үшін ғана өмір сүруді мақсат еткен, халық пен қоғам қасіретіне айналған жанларға байыпты баға береді. Шындықты ту етіп, келешекке сеніммен қарау, ұлт келешегі үшін пәрменді қарекет ету, білім-ғылымды дер кезінде игеру, ғылымға еңбекпен келу, өзін тани білу имандылық кепілі екендігі туралы саралы ойлар айтады.

“Өрнек” жинағы (Уфа, 1911) – Ғ. Караштың ой өрнегі күнделікті өмір, адам бойындағы әдет-дағды, кісілік сыр-сипат туралы зерделі толғаныстарынан тұрады.

Қарастырған мәселелерінің негізгісі – Иман. Ғұмар иманды адамның басты қасиеті санайды. Иманлы адам шапағат, қайыр етуге, ішкі іс жасауға ұмтылады және онысын міндет, қарыз етпейді.

Ғұмар өлендерінде жеріне жеткізе сынаған жалқаулық, тоғышарлықты, амал-әрекетсіздікті бұл кітабында да талдап, саралай біледі. Ол әрекет ету – қудай жолына бойұсыну, іссіздік – аз, өнер, білімнен құр қалу, “Құдайдың салғаны болады” деп қол қусырып отыру, бақсыға түнеу, ақылмен барламай қияли хал кешу – дүниесік, ғылыми пәндерден хабарсыздық, нағандық белгісі дейді. Ғұмар мұны шарифат жолымен хәм адамдық өлшем тұрғысынан да дәлелдей, иландыра баяндаған.

Ғұмар “Бәдел-хаж” (Қазан, 1913) кітабында ислам шарифатының ел ішінде бұрмаланып жүрген кейбір көкейкесті мәселелеріне түсінік беруді мақсат еткен. Ғұмар қарастырған сондай мәселенің бірі – бәдел-хажы. Мұндай күрделі жайларды кемел біліммен иландыра дәлелдеу үшін ол “Падия шархи”, “Фатих әл-қадир”, “Таузик”, “Мұхтабар Фақай” сияқты мұсылман жұртшылығына

мәлім кітаптарға сүйенген. Және осы “Бәдел-хаж” кітабын өз дәуірінің білімдар, зиялы адамы Ризаддин Факреддин<sup>44</sup> хазірет мақұлдаған.

Бәдел-хажы мәселесі кітапта жан-жақты қарастырылады. Мәселен, біреу екінші біреуден сауап, күнәсін көтеріп алуға бола ма? Хажыға өзі үшін қаражатын беріп кісі жіберуге бола ма? Қаз (өткен, борышты – Қ.С.) намазды өзге адам өтей ала ма? Ғұмар бұл мәселелердің барлығы да Құран Кәрімді, шариғат жолын дұрыс түсінбеуден шыққан жаңсақ сөздер, кейбіреулердің білімсіздігінен тараған жалған қағидалар дейді. Ғұмар пікірінше, біреу үшін біреу тозаққа да, жұмаққа да бара алмайды. Әрбір қазақ намазын өзі өтеуі тиіс. Жағдайы келмейтін адамның қажыға баруы міндетті емес. Мал, қаржы күшімен өзі бармай-ақ қажылықты өтеуді не жұмаққа кірмек боп мал, қаржы беруді өсиет етуді Ғұмар барып тұрған ерсілік санайды. Өз сөзімен айтсақ: “Тіршілікте қажыға күші келсе, әркім өзі баруы керек. Ал енді қай ретпен болса да бара алмай қалса, ол халде бәдел жіберіп ешнәрсе бітпейді. Ол ақшаны бөделге ысырап қылғанша өз еліндегі тиісті орындарға сарп ету керек. Ол ақшамен шәкірт оқыту керек, мұғалім сақтап, мектеп тәрбиелеу керек. Ол ақшаны мұқтаж көрші хәм жақындарға беріп, аштықтан, жалаңаштықтан сақтау керек”<sup>45</sup>.

Ғұмар бұл кітабында ой, толғамдарының бәрін діни адамдардың сөйлеу, жазу ыңғайымен араб, парсы, татар сөздерін қолдана отырып жазды.

Ал “Ойға келген пікірлерім” араб, парсы, татар сөздері аралас қоспа тілде жазылған еңбек болса, “Шора” журналындағы “Әйелдер хақында”, “өтініш”, т.б. бірқатар мақалалары<sup>46</sup> түрік, татар тілдерінде. Ғұмар мұсылман қауымына ортақ маңызды мәселелерді талдағанда түркі тілдес түсінікті тілде әдейі жазса керек. Мұның бәрі – Ғұмардың өз кезеңінің озық ойлы, бірқатар азаматы болғандығын дәлелдей түседі.

Ғ. Қараштың мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары да аз емес. Мақалаларында көтерген мәселелері де сан салалы.

Ол 1911–1913 жылдары әуелі Орлада, сосын Оралда шығып тұрған “Қазақстан” газеті жұмысына белсене атсалыса жүріп, газет редакторы Е. Бұйрин, сол кездегі қазақ зиялылары Б. Қарагаев, Ш. Бөкеев, Ғ. Мұсағалиев, А. Мәметовтер сияқты осы газет бетінде қазақ халқының мәдениетті ел болуын көксейтін

<sup>44</sup> Ризадан Факреддин – XX ғасырдың бас кезінде Орынборда шығып тұрған “Шора” журналының редакторы, белгілі татар ғалымы.

<sup>45</sup> Ғ. Қараш. Замана, 205-б.

<sup>46</sup> “Шора”. Орынбор. 1911, № 9, 10.

публицистикалық мақалалар, очерктер мен өлеңдер, өзге елдердің әдебиет нұсқаларынан аудармалар жариялайды. Ғ. Қараштың осы газетте “Бұ қай заман?”, “Тіршілік таласы”, “Газет деген не зат?”, “Тәңсіз жан жоқ”, “Бұлай мәслихат”, “Бақу”, “Жастарға”, т.б. очерктері мен мақалалары жарық көреді.

Ағартушы, ойшыл ақын “Бұ қай заман?” аталатын мақаласында ғылым мен өнердің мәнін тереңірек ұғынуды мақсат еткен. Ол сан алуан дүниелік пәндерді атай келіп: “Бұл пәндерді оқудағы мақсат – оларда баян етілген қағидалардың мағынасын біліп, қолданып, адам балаларына түрлі жақтан пайда келтіру болады – дейді. – Бұларды ғарышша оқып біл, фарсыша оқып біл, түрікше оқып біл, ия болмаса французша оқып біл – бәрібір, тек мағынасын жақсы біл де, халыққа пайда келтір”. Демек, Ғұмар Қараш ғылым-бүкіл адамзаттың игілігі, сондықтан қай тілде болмасын ғылымды меңгеру мұрат дейтін озық ой ұсынады. Өмір жарысында ертеден кешке дейін есінеп жата бермей, талшыныс-әрекет жасап, өнер-білім алып қалу туралы көкейкесті ойларын “Тіршілік таласы” мақаласында да өрбіте түскен.

Ғ. Қараш 1912–1913 жылдар “Айқап” журналы бетінде “Ахмет Жанталынге жауап”, “Әрине, күнелту турасында” сияқты бірқатар мақалалар жариялайды. Алғашқы мақаланы “Айқап”, 1912, № 9) ақын А. Жанталыннің сол журналда жарияланған “Күнелтуіміз турасында” деген мақаласына орай жазған. А. Жанталын қазақ халқы үшін қалаға орнығу тиімді емес, оның арғы жағында көптеген қорқыныштар сезіледі деген пікір айтса, Ғ. Қараш халық келешегі үшін отырықшы өмірдің прогрессивтік мәні зор, отырықшылық өнер-білімге, мәдениетке жетуге бірден-бір жағдай жасайды деп біледі. Ақын бірқатар өзге өлеңдері мен мақалаларында да мұндай пікірді халық санасына жеткізуді мақсат етті.

Отырықшылықтың, қала өмірінің халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-дағдысына, тұрмыс-тіршілігіне пайдалы хәм зиянды жақтары туралы тек Ғ. Қараш пен А. Жанталын ғана емес, XX ғасыр басындағы Мағжан сияқты бірқатар ақын, қаламгерлердің де терең толғағаны аян. Халық тағдырына екіұдай әсер еткен бұл хал – ойлануға тұрақтылық мәселе еді.

Ғ. Қараштың ерекше толғанған мәселесі – ұлт және туған тіл тағдыры<sup>47</sup>. Ол патша өкіметінің өз қарамағындағы ұлттардың мәдениеті мен тілін әдет-ғұрпы мен дінін жоғалтуға әрекет еткенін, отарлаушылық озбырлық саясатын ашына айтады. Ғұмар Қазан төңкерісі және ол әкелген заңдар ұлттар тілін дамытуға еркіндік береді деп сенген. Әрине, бұл ақынның алғашқы әсері

<sup>47</sup> Ғ. Қараш. ұлт һәм туған тіл // Дұрыстық жолы. Орда. 1919. I сөуір.

еді. Қазан төңкерісі өзгертерін, оның ұлт мүддесін аздырудағы қыңыр саясатын Ғұмар көре алған жоқ. Бірақ, оның айқын да ашық айтатыны: “тіл болмаса ұлт та болмайды. Яғни, ол ұлт бүтіндей өлген, жоғалған ұлт болады... Тіл – айна, оның ішіне бүтін халықтың тұрмысы түсіп тұрады... Ең әуелі ана тілі керек. Егер ана тілін білмесең, онда сен ол ұлттың баласы емессің, Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың, ұлт білімі болмаса, онда әдебиеттің болмайтындығы өзі-ақ белгілі. Әдебиеті жоқ ұлттың өнері де өршімейді... Білім-өнер болмаған ұлттың ұлт емес екендігіне дәлел”.

Қазақ балаларын ана тілінде оқыту, өз тіліндегі оқулықтар жасау, тілді тазалығы хақындағы келелі ойлар Ғұмардың 1911 жылы “Шора” журналында (№ 10) жарияланған “Қазақтар хақында”, 1910 жылы жарық көрген “Тіл жарысы” (Орынбор) жинағына енген “Әсер” атты мақалаларында да бар.

1910–1911 жылдары Ғұмардың көптеген мақалалары жарық көрген мерзімді баспасөздің бірі – “Шора” журналы еді. Ол, “Әйелдер хақында” мен “Өтініш” атты мақалаларында әйел құқығы, неке жағдайы, көп әйел дін шарифатқа да, өмірге де қиғаш қылықтар, “Ислам дінінің жақсылықтарында” құрбандық шалуудағы орынды жұмсалмаған рәсуә жағдайлар, ислам дінінің маңызы мен инабаттылық қасиеттері сияқты өз дәуірінің көкейкесті мәселелерін саралаған. “Ар-ождан – сенімнің елшемінде” адамзат кісілігінің кепілі саналатын бұл қасиеттің өмірдегі орнықты да орынды байыптай білген.

1918 жылы (№ 4) “Абай” журналында жарияланған “Жүтенсіздік адамға жол ма еді?” мақаласында ақын дүниелегі қанды қырғындарға, қырғикабақтыққа, озбырлыққа талауға батыл қарсы шығады: “Өзіндей адам қанын төгіп, малын тартып алуды дұрыс көрушілер өздеріне біреу саны қылса тәуір көрер ме еді? Мен істесем дұрыс, бірақ маған басқалардың жасауы жарамайды деуге бола ма?” – деп жазады Ғ.Қараш – ...Дүниеде себепсіз еш іс істелген емес, ешбір уақиға туған емес. Әлбетте, қазіргі көзіміз көріп отырған қан төгулер, басыздықтар бұның бәрінің де себептері болған. Бұларды болдыратын себептерді тауып, күн ілгері сақтанса, бұл уақиғалар болмақ емес, қандар төгілмек емес”. Демек, Ғ.Қараштың насихаты да, тілегі де – барша адамзат баласының татулығы мен ынтымағы, бейбіт өмірі. Міне, қайраткер ақынның зерделі ой, биік парасатын танығар толғамдары осындай.

Ғұмардың өмір жолы мен шығармашылығын барлап, байыптап қарағанда анық көз жеткізетін бір шындық – оның өз кезеңінің сан-салалы әлеуметтік келелі мәселелерін көтере білгендігі. Ол заман сыры, өмір мәні, дін-шарифат жолы, табиғат заңдары,

ғылым мен оқу-өнердің пайдасы секілді сан алуан тақырыптарда толғанған. Патша өкіметінің отарлаушылық саясатын, жергілікті әкімдердің екіжүзділігін батыл әшкерелеп, халқының тілі мен мәдениеті дамыған өз билігі өзіндегі іргелі ел болуын армандаған еді. Ғұмар армандарын жана-жана іске қосып келеді. Оның ой-толғамдарының дұрыстығын өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Ақын тебірене толғанған өмірдегі өзекті мәселелердің көбі өзінен бұрынғы дәуірде де кездескен, өз кезінде де жол алған. Тіпті, айна қатесіз біздің заманымызды да көріп отырып айтқандай. Адам құлқындағы, заман мінезіндегі Ғұмар сынаған жағдайлар келешекте де алдымыздан шығып ақын армандаған жайлар мәңгі келешекте де алдымыздан шығып ақын армандаған жайлар мәңгі асқар арман-мұрат болып қала беруі де мүмкін. Бұл – өңін өзгертіп, түсін түрленіп дәуірден-дәуірге көшіп отыратын жағдайлардың аз болмайтындығы және өмірлік мәселелерді толғаған көреген ойшылдардың сан ғасыр жасай беретіндігі.

Ғұмар мұрасының тағдыры тар жол, тайғақ кешуге ұшыраған кездердің өзінде оның бағасын байыптай білген қайсар ғалым Е.Ысмайылов: “Омар (Ғұмар – Қ.С.) – Абайдан кейінгі дәуірдегі XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде іргелі орын алатын ірі классик ақын, қазақтың жазба, көркем әдебиетін дамытуда, әдебиет тілін қалыптастыруда Омардың тарихи еңбегі ерекше. Омар – үлкен суретші шебер, көркемөздің ұстасы. Ақынның қазақ поэзиясына кіргізген жаңалығы да аз емес” – деген (“Алматы ақшамы”, 30.01.1990).

“...Бірінші”, “тұңғыш” деген сөз Қарашев шығармашылығына қатысты жиі айтылса тандауға болмайды – дейді филология ғылымының кандидаты М.Тәжімұраттегі – медреселік білімі ғана бар адамның педагогикадағы жаңашылдығы, ұлт журналистикасының жолсапар очерк және фельетон деп аталатын қос бірдей жанрының бастау – бұлағында тұруы жан-жақтылықтың көрінісі. Мұны былай қойғанда, Қарашев – қазақтың классикалық философиясына алғаш қалам тартқан адам (1912 жылы “Қазақстан” газетінде жарияланған “Тәнсіз жан жоқ” (“Нег духа без материи”) атты мақаласы, кейін мақала – “Қан мен жан” деген атпен ел ішінде қолжазба күйінде тараған)<sup>48</sup>.


Ақын мұраларын С.Созақбаев былай дейді: “...Ғұмар Қарашевтың философиялық болмысы өз заманының әлеуметтік саяси және экономикалық қатынастардың тарихи шеңберімен шектелгенін байқамасқа болмайды. Дегенмен де, ол өз замандастарынан оқ бойы озық тұрғанын байқау мүмкін емес. Ғұмар Қарашевтың... төңкеріске дейінгі қазақ арасында қоғамдық-

<sup>48</sup> М.Тәжімұраттегі. Ізі жатыр телсенде, 142-б.

философиялық ой пікірде Шәкәрімнен кейінгі ерекше құбылыс деп атауға болады”<sup>49</sup>.

Иә, Ғұмар – аса көрнекті ойшыл-философ, ағартушы, публицист ақын. Және батыс, шығыс елдерінің бірқатар шығармаларымен жақсы таныс болса да, өзгеге еліктеп-солықтамай-ақ, “өзің ту ұл тусан да, қыз тусан да” деп өзі айтқандай қазақтың ұлттық ақын-жыраулық дәстүрінен қол үзбей, озық ой, іргелі пікір айта білген қайраткер ақын, өз дәуірінің ірі тұлғасы.

## МҰХАМЕТЖАН СЕРАЛИН (1871 – 1929)



XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын, баспагер-журналист Мұхаметжан Сералин 1871 жылы қазіргі Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Өрнек ауылында дүниеге келеді. Әкесі – XIX ғасыр әдебиетінің өкілі, айтыскер ақын Сералы жожа. 1879-1886 жылдар аралығында Троицк медресесінде, 1889-1891 жылы екі сыныпты Қостанай орыс-қазақ мектебінде оқиды. 1891 жылы Орынбор педагогикалық училищесіне оқуға түседі. Бірақ, жағдайы көтермегендіктен оқуды тастап кетуге мәжбүр болады. Содан 1900 жылға дейін ел ішінде түрлі жұмыстар істейді, бала оқытып, ұстаздық етеді. 1900 жылы Троицкіге оралады. Сол жылы “Топжарған”, 1903 жылы “Гүлкөшіма” поэмалары кітап болып басылып шығады. 1911-1915 жылдары Троицкіде қазақ халқы тарихындағы тұңғыш журнал “Айқап!” шығып тұрды. Шығарушысы да, редакторы да М.Сералин болды. Ол журналын қазақ өкінішінен туындатып “Ай, қап!” деп атады.

1916-1919 жылдары ауылда тұрды. Отырықшылық идеясын қолдаушылардың басын қосып, мектеп, медресе, кітапханасы бар поселке салды. Жер кестіріп алып, егін, бақша ісімен айналысады. Халықты отырықшылыққа, қалалық тұрмысқа үйретеді. “Ай, қап” бетінде көтерген қала болу мәселесін, идеясын өзі бас болып іс жүзіне асырады.

М.Сералин кенес дәуірінде губерниялық, болыстық атқару комитеттерінде түрлі қызметтер атқарды. “Ұшқын” газетінің алқа мүшесі, 1923-1926 жылдары “Ауыл!” газетінің редакторы болды.

Қайраткер қаламгер 1929 жылы ұзаққа созылған науқастан

<sup>49</sup> С.Созақбаев. Ағартушы ақын – Ғұмар Қарашев // “Жұлдыз” журналы. 1993, № 4.

кайтыс болады.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті әр алуан дарындарға бай болды. Тұтас XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін жасауға қатысқан дарындардың бірегейі – Мұхаметжан Сералин. Ол бір дәуір әдебиетіне ұйымдастырушы – қайраткер, ілгерішіл қаламгер ретінде ерекше ықпал етті. Оның шығармашылық мұрасы, профессор Б.Кенжебаев айтқандай, екі саладан тұрады: Бірі – әдеби шығармалары, екіншісі – публицистикалық туындылары. Әдеби ғылыми жұртшылыққа әсіресе екі туындысы – “Топжарған” (1900), “Гүлкөшіма” (1903) поэмалары кенінен танымал. Жана ғасыр көгінде баспа көрген бұл екі туынды оқу-құралдарында түрлі антологиялық жинақтарда дүркін-дүркін жарияланып, оқулық, зерттеулерде қарастырылып келеді.

Бұлардан өзге Қазан төңкерісінен бұрын жазған “Бай, патша һәм кедей”, “Бай, қасқыр, аңшы” секілді баспа жүзін көрмеген мысал өлеңдері болғаны айтылады. Қайраткер қаламгердің бүгінгі күнге жеткенімен, әдеби, ғылыми жұртшылыққа жете танымал емес “Киіктің көз жасы” атты, бұрын баспа бетін көрмеген шағын дастаны бар. Сонымен бірге “Наурызбай”, “Хадиса”, “Талапбек”, “Управитель” секілді тағдыры бүгінгі күнге дейін белгісіз болып отырған бірсыпыра шығармалары болған, “Рүстем-Зорап”, “Отанның иісі, яки Сахараның сыйы – Жусан” секілді аудармалары бар. Аталмыш аударма үлгілері де ішінара сөз болып жүр.

Бізге жеткен әдеби шығармаларының аз болып көрінуінің өзіндік себептері деп мына екі мәселені айтуға болады: бірі – 1900 жылы “Топжарған”, 1903 жылы “Гүлкөшіма” поэмаларын бірінен соң бірін жеке кітап етіп шығарып, өнімді еңбек еткен ақынның ендігі мұратты тікелей журналистикамен байланыстыруы, соны енді негізгі қайраткерлік мүддесі деп санауы еді. Бұл XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының тыныс-тіршілігімен егжей-тегжейлі танысып, қазақтың дүниежүзілік дамудан тыс, әлі де баяғы мешуе қараңғылықта жүргенін көрген ақынның туған халқының болашағы үшін жасаған түпкілікті шешімі еді. Ұлтын сүйген ақын жүрегі бар күш-қуатын қазақ қоғамын тұншалатқан қараңғылық пердесін сергіту үшін мәдениеттің, ғылым мен өнердің жаршысы – баспасөз жұмысымен шұғылданып, журнал шығару ісіне арнады.

Екінші жағдай мынадай: халқы үшін ақтық демі таусылғанша тынбай еңбек еткен аяулы жанның өзі сонау 1937–1938 жылдардағы қанқұйлы репрессияға жетпей, 1929 жылы көз жұмса да, жергілікті шалақ белсенділер “Мұхаметжан Сералин деген баяғы ақ патшаның тұсында журнал шығарған дәулетті адам. Қара тізімге ілікпруге болады”, – деп үй-мүлкін тәркілейді. Алдымен екі баласы – Сәлім мен Кәмелді, соңынан 1931 жылы наурыз

айында қайраткер отбасын түгелдей Арал теңізіне жер аударған. “Сонда тілге тиек ететіндері – төрт бөлмелі ағаш үйіміз, әкемінің өзі бас болып салдырған кішігірім мектеп, бір қабырғаны тұтас алған кітаптары бар екен. Кітаптың ол кезде тым қат уақыты. Кейбіреулерін жылқы беріп те алңызған деген сөз бар. Үлкен жетігем Айша кейінірек: “Атам кітаптарына өте мұқият еді. Жазу жазатын жеріне үлкен баласынан басқаларды жолаға бермейтін. Түнімен шам жарығымен жазып отыратын, не жазды екен деп таң қалушы едік” дейтін, – деп еске алады сол бір ауыр күндерді қайраткердің кенже қызы Ғайни Сералина. Қайраткер жөнінде материал іздеп оның ауылына барған ғалым Бейсенбай Кенжебаев осындай үлкен қайғының үстінен түседі. М.Сералиннің мал-мүлкін тәркілеп, көк түнікелі үйін өртеп, қатын, бала-шағасын жер аударып жіберген екен.

Қаламгердің жарияланбаған бірсыпыра шығармасы, ұзақ жылдар жасақтаған кітапханасы өртеніп кетіпті. Бастарын сауғалап бет-бетіне қашқан туыстары ізденіп келген ғалымға естелік айтып беруге қорқыпты. Көрші-қолан Сералин атын атауға жасқанады екен.

М.Сералиннің тұңғыш поэмасы – «Топжарған» 1898 жылы жазылып, 1900 жылы Троицк қаласында жеке кітап болып басылып шыққан. Тақырыбы – XIX ғасырдың 30–40-шы жылдардағы болған, Кенесары бастаған қазақ ұлт-азаттық күресі. Кенесары қозғалысы – қазақ халқының азаттық жолындағы ерлік күресі тарихында қандай үлкен орын алса, қазақ халық ауыз әдебиетінде, сонынан жазба әдебиетінде де сондай үлкен орын алған тақырып. Яғни, бұл көтеріліс туралы, оның басшысы Хан Кене туралы, көтерілістің жеке деген даңқты батырлары туралы жыр, дастандар өте мол. Бұл жөнінде 1948 жылы Қазақ ССР Ғалым академиясы баспасынан жарыққа шыққан “Қазақ әдебиеті тарихының” бірінші томында былай делінеді: “Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілістің тарихи-әлеуметтік ерлік күрес бейнесін сипаттаған әдебиет мол бір сала. Сол көтеріліске қатысқан Кенесарыға қошеметшіл Досқожа, Нысанбай сияқты ақындар шығарған жырылар бар... Кенесары – Наурызбай мен солардың тобында болған басқа батырлар туралы белгісіз ақындар шығарып, көпке жайылған фольклор түрінде ел аузына таралып кеткен жырлар және бар”<sup>1</sup>.

М.Сералиннің “Топжарған” поэмасы – ауыз әдебиетінің емес, жазба әдебиеттің туындысы. Әйтсе де поэма өзінің түп-тамырын сонау ел басынан кешкен тарихи оқиғалардан өрбіткен. Бұған дәлел ретінде “Саржан батыр” жырын айта кетуге болады.

<sup>1</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. I-т., – А., 1948, 311-312-бб.

Поэма мен жырдың алғашқы бөлім оқиғалары өте ұқсас. Тек айырмашылықтары: жырда Кене еліне жыр кейіпкері Балтабек өзі келіп қосылады. Ал “Топжарған” кейіпкері Кене елін өзі іздеп келе жатса да, қапыда хан жігіттерінің қолына түсіп, Кене алдына тұтқын болып келеді де, атының жүйріктігі арқасында Хан батырларының бөрінен озып шығып азаттық алады. Сонсон барып өз еркімен хан жігіттеріне қосылады.

Поэма оқиғасы осымен тәмам болса, жыр оқиғасы үш жүздің басын қосқан Хан Кене тойында үш жүз аттан Балтабектің торысы озып келуімен бітпейді. Әрі жалғаса береді. Бұл жайт поэма мен жыр ұқсастығы М.Сералин туындысының түп негізінде тарихи шындықтың ізі жатқанын аңғартса керек. Бұл жөнінде Сәбит Мұқанов былай дейді: “Топжарған” поэмасында баяндалатын уақиғаны Мұхаметжан Сералин әкесі Серәлден естідім дейтін еді. Әкем Серәлі, бұл “Топжарған” уақиғасын ұзақ жыр қылып айтатын еді, – дейтін Мұхаметжан ауызша сөйлескенде, – бірақ мен кезінде ол жырды жазып алмай, әкем өлген соң, жырдың негізінде сол атпен поэма жаздым”<sup>2</sup>. Бұл әңгіме “Топжарған” поэмасының негізі қазақ өмірінде болған, ауыз әдебиетінде көрініс берген жағдайлардан алынса да, ақын поэмасын оның белгілі тақырыпты өзінше, басқа бағыт-бағдармен қайта жырлаған тел туындысы екенін көрсетеді. Демек, ақын поэмасы мен “Саржан батыр” жыры еңбектерінің айтар ойы жағынан әр басқа, дербес туындылар. Поэманың аталған тарихи жырлардан басты айырмашылығы деп біз мынаны айтқан болар едік: бірінші, поэма – ауыз әдебиеті туындысы емес, керісінше, жазба әдебиет талаптарына жауап беретін туынды. Екінші, жырда ер қанаты – ат, жүйрік тұлпармен бірге ерлік, батырлық туралы көп айтылса, мадақталса, ақын поэмасында өз кейіпкерлеріне сын көзімен қарайды. Яғни, бұрынғы жырлардан М.Сералин поэмасының негізгі айырмашылығы – жана, соны, дара авторлық ойда екендігі.

Бұл тақырып көтеріліс күндерінен бастап, “Правда” газетінің 1950 жылғы желтоқсандағы санында жарияланған “Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын” атты мақалаға және сол мақалаға орай ҚК/б/П Орталық Комитетінің 1951 жылғы сәуір айының 10-ы күні қабылдаған қаулысына дейін төп-тәуір жырланады, зерттеледі. Бұған жазушы М.О.Әуезовтің “Хан Кене” атты пьеса жазуы, А.Токмағамбетов, Қ.Аманжолов, Қ.Бекхожин секілді ақындарымыздың осы тақырыпта поэмалар жазуы, С.Мұқановтың 1942 жылы шыққан “XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихының очерктері” атты еңбегінде Кенесары қозғалысын оң бағалап, прогресшіл, ұлт-азаттық қозғалысы деп тануы дәлел бола алады.

<sup>2</sup> Сәбит Мұқанов. Қазақтың XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер. А., 97-б.

Қ.Жұмалиев те 1940 жылғы шыққан “XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы (Орта мектеп үшін оқу құралы)” деген кітабында Нысанбай жырау шығармашылығын сөз еткен тұстарда Кенесары қозғалысына дұрыс баға береді. ССРО Ғылым академиясының филиалы Тіл және әдебиет институтының ғылыми қызметкерлері, әдебиет зерттеушісі Е. Ысмайлов пен ақын Қ. Бекхожин 1940 жылы “Кенесары-Наурызбай” атты Кенесары және оның батырлары жайындағы жыр-дастандар мен аңыз әңгімелер жинағын даярлап, 1941 жылы Қазақ Мемлекеттік баспасына өткізеді. Көлемі 30 баспа табақ. Яғни, ұлт-азаттық көтеріліс жырлары оқулықтарда, әр түрлі баслымдарда басылып, оларды бірде қарсы болған, бірде қолдаған зерттеу еңбектері жарық көріп отырған.

Соның тағы бір үлкен дәлелі 1948 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы баспасынан М.О.Әуезов басшылығымен жарыққа шыққан “Қазақ әдебиеті тарихының” бірінші томы еді. Бұл еңбектің “Ғашықтық жырлар” және “Тарихи жырлар” атты тарауларында Кенесарының жеке өзінің және ол бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың кейде сыналып, кейде мақталып, объективті бағаланып отырғанын айтуға болады. 1950 жылғы аталмыш мақала және соған орай қабылданған Орталық Комитет қаулысы Е. Бекмахановтың Кенесары бастаған ұлт-азаттық күрес жөнінде жазған “Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында” деген еңбегін идеялық жағынан зиянды, методологиялық жағынан күнсіз, халықтың тарихын зерттеу жөніндегі марксизм-ленинизм қағидаларын бұрмалайтын, Қазақстан тарихын ұлтшылдық-буржуазияшылдық тұрғыдан бағалайтын еңбек деп тапты. Бұл қаулыдан соң, Кенесары және ол бастаған ұлт-азаттық қозғалыс тек біржақты көрсетілді. Кенесары көтерілісі реакцияшыл, ұлтшыл-монархияшыл, қазақ халқын орыс халқынан бөліп әкеліп, Орта Азия хандықтары Хиуа, Қоқан хандарына бодан еткісі келген қозғалыс деп бағаланды. Кенесары және оның батырлары жөнінде шығарылған бұрынғы-соңғы жыр-дастандар, поэмалар тек Кенесарыны орынсыз мақтаған сыңаржақ дүниелер ретінде қаралды. Яғни, сол кезеңдегі ұстанған мемлекеттік саясат, идеологияның ықпалы қазақтың ұлттық тарихы мен мәдениетінің зерттелуіне кері әсерін тигізді.

Осы жағдайлардан соң, Кенесарыны, ол бастаған қозғалысты бір ауыздан мақтаған шығармалар күнделікті мәдени айналымнан алынып тасталды да, сынаған шығармалар сақталып қалды. М.Сералиннің “Топжарған” поэмасы осы кейінгі топқа жатқызылды, Кенесарыны, ол бастаған қозғалысты қатты сынаған, көтерілісшілерді қанды балақ қарақшылар, зұлымдар тобы етіп көрсеткен шығарма деп танылды.



Шындығында, акын поэмасында қазақ халқының 1837-1847 жылдары болған ұлт-азаттық қозғалысын, оның басшысы Хан Кене мен Ер Науанды, жалпы көтерісшілерді кіл-өңкей қарақшылар тобы, зұлымдар етіп көрсеткісі келмеуі анық. Қазіргі қазақ оқырманы оқып жүрген поэма мәтінде уақыт талабы, саясат ықпалымен түсіп қалған, дұрыс оқылмаған жолдар баршылық. Бөлкім, мұндай әрекетке М.Сералин шығармашылығын зерттеушілердің саналы түрде баруы. Біріншіден, акын атына қаяу түспеуі, екіншіден, поэманың уақтылы баспа бетін көріп, кеңес дәуірінде де жасай беруі үшін жасалған саналы әрекет. Қалай болса да, бүгінгі оқырман түсінегі, түсінуге болатын, өзін-өзі әрқашан ақтай беретін әрекет. Мысалы, акын поэмасын Елжан атты ақсақалға тарту етіп, арнау сөз жазумен бастайды. Бұл арнау сөз сол қалпы дерлік басылып жүр. Тек арнау сөзден соң берілетін оғыз екі жолдан тұратын “Елжан жауабы” басылмай келеді. Екінші, қазіргі кезде баспа бетін көріп жүрген “Топжарған” поэмасының бірінші тарауы:

Майқара, Қарасайға бігер қалың,  
Қошалақ семіртеді Арғын малын.  
Қарасай, Қошалақты мекен еткен,  
Бір жылы Кенесары ауылдары<sup>3</sup>—

деп басталып жүр. Шындығында акын бұл жолдарды былай беріп еді:

Майқара Қарасайға бігер қалың,  
Қошалақ семіртеді Арғын малын.  
Қарасай, Қошалақты мекен еткен,  
Бір жылы Кенесары ағаларым.

Бұл акынның “Топжарған” поэмасын Кенесары, Наурызбай сынды қазақтың бірі хан, бірі батыр екі ұланын сынап әшкерелеу, әжуалау үшін жазбағандығын, керісінше, автордың оларды көп құрмет тұтқанын көрсетсе керек. Қайраткер қызы Райхан Сералина 1948 жылы 20 шілдеде жасаған, қазір Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұражайы қорында сақтаулы “Топжарған” поэмасының көшірмесінде де бұл жолдар дәл осы қалпында берілген. Әрине, акын перзентінің көшірмені қайдан, қалай жасағаны бізге беймәлім. Тек, көшірме жолдарының 1915 жылы Троицкіде басылған нұсқамен сәйкес келуі жоғарыдағы пікірімізді бекіте түссе керек. Иә, акын поэмасында Кенесарыны және ол

<sup>3</sup> М. Сералин. Топжарған. А., 1985, 24-б.

бастаған халық қозғалысының кей-келенсіз жақтарын сынаған. Бұл поэманың кей эпизодтарынан анық көрінеді:

Қасында төленгіті жүз қаралы үй,  
Жігіттің айтқаны өлең, тартқаны күй.  
Кәсібі жортуылдан мал әкелген,  
Ханына жақсы ат тартқан алады сый...

Халыққа Кене жатыр қорқу салып,  
Тартумен жұрт бағынған ханға барып.  
Тұтқынды іздеуші жоқ, ақша беріп,  
Құлдыққа сарттар сатып кетеді алып.

Кенеге бағынған ел қойдан жуас,  
Аз ба екен төленгітке елдің малы”<sup>4</sup>.

Біз бұл жолдардан акынның поэмасында кейіпкері Кенесары мен оның көтерісшілеріне кей жағдайларда ренішті болғанын әрі сондай сәттерді сынап отырғанын көреміз. Бірақ, біздің кей әдебиет зерттеуші ғалымдарымыз секілді Хан Кене мен Ер Науанды сөге дағтамайды. Уақыт шындығын, соғыс кезеңі ауырталылығынан туындаған қаталдықты сынайды. Бірақ, дағтамайды. Себебі, акын жүрегі ұлтының болашағы үшін, қасиетті де қастерлі бостандық үшін, азат ел, азат жер үшін болған халық қозғалысын еш уақытта жек көрмек емес. Әйтсе де, қай қозғалыс болмасын, ол — соғыс. Соғыстың аты — соғыс. Оның ауырталығы қай жақ жеңіске жетсе де халық басына түспек. Акын соған қынжылады. Акын жүрегі өзара дай-дай болып қырқысқан, содан өзгеге болан болған қазақ атты халықтың тартқан тауқыметіне, көзінен аққан жасына, төгілген қанына қайғыра қынжылады. Жалпы, Кенесары бастаған қозғалыстың кейбір келенсіз, жаңылыс басқан тұстарын сынаған, соған қынжылған тек М.Сералин деп түсінбеуіміз керек. Әр кезде-ақ халық өзі басынан кешірген ұлылы-ұсақты оқиғаға өзінің әділ бағасын беріп отырған. Сол секілді Кенесары қозғалысына берілген әділ бағалардың бірі деп, қозғалыс ішіндегі халық өкілі, қозғалысқа басынан аяғына дейін қатысқан, бәрін өз көзімен көріп, қозғалыстың жақсы жағымен қатар көтеріліс басшыларының қателікке ұрынып, қателіктері қаталдыққа, қырғынға, жазықсыз қан төгуге ұласқан тұстарын көріп, пайымдап, өзіне жыр арқауы етіп алған деп Кенесарының өз жырауы — Нысанбай жыраудың “Кенесары Наурызбай” дастанын айтуға болады. Дастанда жырау Кенесары мен Наурызбайды, әр кез олардың ерлігін мақтан ете отырып, орынды жерінде қатты сынап та алады.

<sup>4</sup> М. Сералин. Топжарған. 2-басылымы. Троицк, 1915, 4-6-бб.

Кенесары ер болды,  
Ел ішінде бір болды.  
Қашқан, босқан жиылып,  
Өз алдына қол болды.  
Жұртқа тиіп кесірі,  
Әркімдерге сор болды.  
Қарсы келген адамның,  
Көзінің жасы көл болды.  
Ақылменен іс қылмай,  
Ақырында қор болды.  
Қырғызға барып қырылып,  
Ит пен құсқа жем болды<sup>5</sup>,

дейтін еді ғой Нысанбай жырау.

Ал енді бұл поэма жөнінде, оның құрылымдық жүйесі, сюжеттік желісі жайында сөз қозғар болсақ, ол негізінен бір арнау, бір сонғы түйін сөзден, үш негізгі тараудан тұрады. Жалпы қамтыған оқиғасы ықшам, шымыр дүние. Үш тарауда үш оқиға сөз болады. Бірінші тарауда ақын алдағы болар оқиғаның Хан Кенеге байланысты өрбірін мензеп көрсетіп барып, ұйықтап жатқан Адай жігітін хан төленгіттеріне тұтқын етеді. Тұтқын жігіт хан алдына жеткізіледі. Екінші тарауда, жігітін жауыр торы – Құбақанмен Хан жігіттерінен қашып құтылуы сөз болады. Үшінші тарауда атының жүйріктігінен Хан төленгіттерінен қашып құтылған Адай жігіті өз еркімен оның алдына келіп, Құбақан атын оған сыйға тартады. Кім екенін, өзінің әуел бастан-ақ Кенесары қолына қосылуы ниет етіп, іздеп келе жатқанын айтады.

Түйін сөзде Кенеге сыйға тартылған Құбақан есімді жүйрікті Ер Науанның Ханнан қолқалап алуымен, Хан төленгіттерінен жүйріктігімен құтылып кеткені үшін оған Топжарған деп жана есім беруі және оның талай қысталаң шақтарда Ер Науанға қолдас, шын мәніндегі ер қанаты ат болғанын айтумен поэма бітеді. Шығарма көлемі жағынан шағын дүние, оқиғасының уақытты қамтуы жағынан да ықшам, біреу күннің ғана оқиғасын алған. Бірақ оқиғасы кенеттен басталып кететін осы поэма өте сәтті өрілген. Қызықты оқылып, оқушысын бірден тартып әкетеді. Жазылу дәстүрі жағынан өзіне дейінгі жырлық, дастандық дәстүрден бөлек. Тілі таза. Сол кезең авторлары секілді араб, парсы сөздерін, діни сөздерді көп қолданып, тіл шұбарлауы жоқ. Бұдан біз ақынның тіл тазалығына айрықша мән бергенін көреміз. Өте сәтті шыққан табиғат суреттері, қазақ тұрмысының, қазақ ауылының көріністері

<sup>5</sup> Нысанбай жырау. Кенесары — Наурызбай. Хан Кене. А., 1993, 17-б.

қоршаған ортамен, табиғат көріністерімен астасып, әдемі өріліп отырған. Жанр жағынан поэма — тарихи, реалистік туынды. Ғалым Б.Кенжебаев сөзімен айтқанда, ақынның өз заманы үшін “жаналық, зор еңбек”<sup>6</sup> болған бұл поэма кейде үлкен эпикалық туындының бір жеке бөлшегі не аяқталған бір циклы секілді көрінеді.

Бұлай деп отырған себебіміз, М.Сералин негізін салып, оған өмірінің соңына дейін ат салысып өткен Қостанай облыстық “Ауыл” газеті 1924 жылы 10 мамыр күні газеттің көрнекті қызметкерлерінің суретін басып, портреттік материалдар жариялайды. Соның бірі — Мұхаметжан Сералинге арналған. Аталмыш материалда мынадай мәліметтер келтіріледі: “... Европа әдебиетіне жақындастырып жазған кітаптары “Гүлкәшіма”, “Топжарған”. Бастапқысы 1903 жылы басылды. Соңғысы 1900 жылы басылса да, цензур рұқсат бермегендіктен, 1907 жылға дейін дүниежүзіне шықпай жатты. Онан басқа бірсыпыра жазғандары әлі күнге басылған жоқ. Араларында маңыздылары “Халиша”, “Наурызбай” дегендер... Осы күнде оның жаза бастап, түгендемей тастаған “Рүстем-Зураб”, “Талапбек” нәм “Управитель” деген кітаптары бар, жазып түгендеуіне тілектеспіз”<sup>7</sup>.

Бұл үзіндіден екі нәрсені пайымдауға болады: Біріншісі — ақынның “Топжарған” поэмасы дүниеге келмей жатып, патша үкіметіне ұнамай, цензура қысымын көруі, баспада басылып тұрып, ұзақ жыл жарыққа шыға алмай жатуы. Екіншісі — “Халиша”, “Наурызбай” атты туындыларының болуы бізді ақынның осы тақырыпта тұтасқан поэмалар циклын жазбады ма екен, “Топжарған” соның — сондай үлкен дүниенің бірінші бөлегі емес пе екен деген ой. Цикл “Топжарған”, “Халиша”, “Наурызбай” болып жалғаса беретін секілді.

Біз М.Сералиннің “Рүстем-Зураб” аудармасын жасауы ақынның сондай үлкен, тұтас дүние тудыруға деген қызығушылығының бір көрінісі, үйреніс мектебі деп білеміз. Қалай дегенде де Сералиннің бұл тақырыпта бізге жеткен дүниесі “Топжарған” ғана болып тұр. “Топжарған” осы қалпында да қазақ әдебиетінің шоктықты туындысы болып қала береді.

М.Сералиннің “Топжарғаннан” соң жазған шығармасы — “Гүлкәшіма” поэмасы. Ол алғаш рет 1903 жылы жарияланған. Тақырыбы — қазақ қызының бас бостандығы, сүйіспеншілік мәселесі. Жалпы бұл тақырып — қазақ әдебиетінде ежелден келе жатқан үлкен бір сала. Мұхамеджан Сералиннің “Гүлкәшіма” поэмасы қазақ әдебиетіндегі тұңғыш реалистік поэмалардың

<sup>6</sup> Б. Кенжебаев. XX ғасыр басындағы әдебиет. А., 1993, 65-б.  
<sup>7</sup> //Ауыл. 1924. 10 май. №36/66

бірі. Бұған дейін қазақ әдебиетінде болып келген поэмалар түгелдей дерлік ауыз әдебиеті үлгісіндегі эпостық, саяттық жырлары мен ертедегі Шығыс әдебиеті дәстүріндегі ертегі, киелі-ғажайып хиссалар, дастандар болатын, реалистік поэмалар болмайтын... Тақырыбы, идеялық мазмұны жағынан болсын, сюжеті мен композициясының қисынды, қызықты болып келуі, реалистік жайларды көрсетуі жағынан болсын, “Гүлкәшима” бір қыдыру жақсы, көркем шыққан поэма. Бұл өз заманында жана көрініс, үлкен табыс<sup>8</sup> – деп бағалады Б.Кенжебаев. Ал ғалым Ә.Дербісалин “Гүлкәшима” поэмасының тақырыбы әйел бас бостандығы екенін айта келіп, “М.Сералин – өз кезеңінің өте үлкен мәселесіне арнап бірінші рет қалам тартқан, қазақ қызының аянышты өмірін шындық түрінде суреттеген жазушы. Бұдан М.Сералин өз дәуірінің көкейкесті мәселесін түсіне және оған өз творчествосы арқылы белсенді үн қоса білген акын деген қорытынды туады”<sup>9</sup> – дейді. Поэманы жазудағы акын мақсаты – ең бірінші жастарға арналған ғибраттық мақсат. Бұл жөнінде акын былай дейді:

Реттеп қадери хал қисса қылшым,  
Қиссаға “Гүлкәшима” есім бердім.

Бір ғибрат заманаға бола ма деп,  
Қызыл гүл тау аралап тастан тердім<sup>10</sup>.

Әрине, әрбір өнер туындысының белгілі бір дәрежеде тәлім-тәрбиелік ғибраты болары, сол үшін жазылары хак. Бірақ, осы мәселе, яғни өнер туындысын өмірге әкелу мақсаты міндетті түрде ғибраттық, тәлімдік мақсатта болуы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы қазақ акын-жазушылары шығармаларында негізгі орын алды. Кейбір зерттеушілеріміздің “Гүлкәшима” поэмасының соңғы айтар ойын шығарманың композициялық құрылымы ішіне жымын білдірмей, енгізіп жібере алмады, тек сюжет сыртында тұрып, насихат айтты деп кінәлауы орынсыз секілді. Өйткені поэманың бүкіл болмысы жоғарыда айтып өткен ғибраттық мақсатта құрылған да, оны акын сөз соңында шегелей, нықтай түскен. Бұл жай XX ғасыр басындағы қазақтың әр акынында кездеселі десек те болады. Мысалға А.Байтұрсынов мысал өлеңдерін алайық. Акын аударып отырған мысал өлең соңына өз ойын қосып, оны неге аударды, мұнан қандай ғибрат алу керек деп, әр өлеңді, әр мысалды ғибрат уағызбен аяқтап отырады. Бұған дәлел ретінде акынның “Қырық

<sup>8</sup> Кенжебаев Б. Журналист Мұхаметжан Сералин. А., 1957, 15-16-б.

<sup>9</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-т., 2-кітап. А., 1965, 217-б.

<sup>10</sup> Бес ғасыр жырлайды. 3-т., А., 1985, 212-б.

мысал” жинағындағы кез келген өлеңдерін тартуға болады. XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде мұндай ғибратты дәстүрдің болуы, қазақ халқының тыныс-тіршілігінен туындап жатқан жайт еді. Қазақ қоғамының бүкілдүниелік, адамзаттық дамудан тыс қалуы, қазақтың алдыңғы қатарлы сауатты, көзі ашық ұлдарына ой салып, олар қараңғылықтағы елін көтеріп, алаңзаттың даму көшіне ілестіргісі келуі еді. Сол үшін де Байтұрсынов “Қырық мысал”, “Маса” секілді кітаптар жазған. Сол себепті де А.Байтұрсыновтан бұрынырақ М.Сералин өзінің “Гүлкәшима” поэмасын күллі қазақ халқы, қазақ жасы үшін ғибрат етіп жазды. Акын поэмасының соңғы, төртінші бөліміне “Сөз соңында” деп айдар тағып, тұтастай оқушысына ғибрат етіп арнап, оған алдымен поэмадан оқушы не түсінді, не қойды, қандай ғибрат тәлім алды деп сауал тастайды:

Ау, құрбым, бұл қиссаны оқып көрдің,  
Ойлашы, не түсіндің, нені білдің?

Бірталай уақытын озды, көзін талшы,

Шамала онан қанша пайда қылдың?..

Есіңнен әр уақытта тастамастай,

Көңіліңе ғибрат болып несі қалды?!<sup>11</sup>

дейді. Акынның өз оқушысына қойған сауалдарынан оның поэманы жазудағы күллі ниеті бір мақсатқа – қазақ жастарына деген ғибратқа бағындырылғанын көреміз.

Қыз беру, келін алу біздің жұртта,

Мал алып, мал сатқандай мысал сауда, –

деп автор бірінші ғибрат – екі жастың еркінен тыс болар құдалық, қыз ұзату, келін түсіру салтын сынайды. Махаббат бостандығына үндейді. М.Сералин – қазақтың осы дәстүрін дәл осылай жоғары дәрежеде талқылай, қазақ жастарын теңіне қосу мәселесін ұлт топырағында сөз еткен бірінші акын.

“Гүлкәшима” поэмасының үш-ақ кейіпкері бар. Екеуі – жас гашықтар – Баймұхаммет пен Гүлкәшима. Үшінші кейіпкер – екі жастың іс-әрекетін пайымдап, оқушысына жеткізіп отыратын дәнекер тұлға – акынның өзі.

Поэманың бар жүгін – айтылар негізгі ойды осы екі кейіпкер көтеріп тұр. Өйткені, поэманың бүкіл сюжеттік желісі, композициялық арқауы осы екі жастың арасындағы іс-әрекетке, сезім түйісулеріне негізделген, соған бағындырылған. Гүлкәшима

— бейнесінің сомдалуы, ішкі мінездік — психологиялық және сыртқы ерекшеліктері жағынан бүкіл қазақ қызының ауыр тағдырын аркалап тұрған типтік тұлға. Ақын мінездеуінде Гүлкәшима — тек қана сұлу қыз емес, ақылды, салмақты, әр ісіне жауап бере аларлық ішкі қуаты мол, жауапкершілігі күшті жан. Ол ғашықтық сырын айтып хат жазған Баймұхамметке мұнан екі жыл бұрын кез келмедің, енді кеш, мені күйеуге беретің болып, атастырып қойды, енді екеуімізге қосылуға бұйрық жоқ деп, қыз беріп отырған елі мен ата-анасы алдында, күйеуінің, оның елінің алдында үлкен жауапкершілікте екендігін танытады.

Қазақ дәстүрі бойынша айтырылған қыз құла түскен жерге міндетті түрде бару, ата-ана айтқанына, діни тұрғыдағы тағдыр жазуына мойынсұну, Алланың бұйрығына сабыр ету, ең бастысы ар алдындағы жауапкершілік — қазақ қызының негізгі мұсылмандық борышы. Гүлкәшима осы борыш биігінен табылады. Бұл — кейіпкер әрекетінің уақыт, кезең шындығымен сәйкес келуі. Гүлкәшима бейнесінің шынайлығы да сонда. Ақын суреттеуіндегі Гүлкәшима бейнесі — сол кезеңдегі қазақ қыздарының жиынтық, типтік бейнесі ретінде бүкіл онымен тағырлас қазақ қыздарына көп жағдайда үлгі ретінде ұсынылған тұлға. Автордың қазақ әрі мұсылман қызы ретінде оған қояр талабы үлкен. Гүлкәшиманың бойында іздер ізгі қасиеттері мол. Сол ізгі қасиеттер қазақ қыздарының бойынан әрқашан табылып жүрсе деген ниет. Кейіпкер — автор ойының жемісі. Сондықтан Гүлкәшима бойындағы ізгі ой, ізгі қасиеттер, тазалық, ата-ана шешіміне адалдық, шынайы діни сенімнің өзі автор бойындағы қасиеттер деп білеміз. Сол себепті де ол сол қасиеттерді Гүлкәшима бойына үйлесімді сыйыстыра білген. Гүлкәшиманың діни сауатты болып, көп нәрсені діни тұрғыдан пайымдауы, ата дәстүріміздің өзін апарып діни сенімдермен ұштастыруы — автордың әрі таза ұлттық, әрі діни сенімдерінен туындап жатқан жайт. Ақын дінде, Алланың хактығына сенген. Біз бұл мәселені оның өмірбаянынан жақсы білеміз. Жаны таза, адал ақын болшевиктік анкета сұрақтарының бірі — дінде сену, сенбеу жөніндегі сауалға жауап берген сәтте өзінің дінде, Құдайға сенетінін жайып салады. Сөйтіп, бар шынын айтқан ақын большевиктер партиясы қатарынан мүлде шығып кете жаздап, әуіпірім-тәңірімізмен әрең қалалы. “Маркстік ілімді оқып үйренуі үшін кандидаттыққа түсіріледі”<sup>12</sup>. Ақын қиялындағы көркем ой жемісі — Гүлкәшиманың ата дәстүрге, діни сенімге адалдығы, оның өз бақыты, сүйіспеншілігі жолындағы күресіне тосқауыл қояды. Бұл жағынан алғанда Гүлкәшима — шешімді әрекетке бармайтын, іс-әрекеті тұйық, шектеулі тұлға. Гүлкәшима

<sup>12</sup> Б. Кенжебаев. XX ғасыр басындағы әлебиет. А., 1993, 69-б.

тұлғасының бұлай сомдалуы, бөлкім, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы мұсылман элементінің бір ұлты — қазақ халқының қызы ретінде авторлық шектеуде болуы. Бұл — автор дүниетанымы мен кейіпкер дүниетанымының сәйкестілігінен де көрініп тұр. Бұл, бір жағынан, уақыт, кезең шындығы, екінші жағынан, автордың өз бақыты үшін мезгілсіз күреске шығып, сол жолда опат болған бірен — сарандар жөнінде емес, Гүлкәшима секілді бар қайғысын, сүйегіне деген ғашықтық мұңын ішіне бүгіп, үнсіз ғана тағдырдың дегеніне мойынсұнып кетіп жатқан мыңдар жөнінде қазақтың сан мыңдаған мұңлық қыздары жөнінде айтқысы келуі еді. Бұл жөнінде автор ойында бар тағы бір нәрсе — Гүлкәшиманың бас бостандығы үшін сүйегіне қосылу мақсатында күреске шығуының қажетсіз, мезгілсіз күрес екендігі. Бұл — мәселені тек сүйіскен жастар ғана емес, бүкіл қоғам болып шешуге тиіспіз деген ой. Гүлкәшимаға артылған жүк, борыштың үкені — жар төсегіне адалдық. Ақын сомдауындағы Гүлкәшима қыз — ертеңгі ана. Әр қыз — елдің ертеңгі үміті, ертеңгі анасы. Гүлкәшима жас та болса, үлкен аналық жауапкершілікте, адал аналық сезімде. Әйелдің жар алдындағы, ананың сәби алдындағы аналық таза сезімділігі — алдымен бүкіл адамзат, оның ішінде ұлттардың рухани жағынан таза өсуінің, өнуінің көзі. Автор ойы сол көкжиекте. Ақын қазақ қызын ар тазалығы көкжиегінен іздейді. Іздейді де табады. Ол — Гүлкәшима. Болашақ ұрпақ үшін, оның алдындағы аналық адалдығы үшін өзін әрқашан таза ұстаған Гүлкәшима — ақын жүрегіңдегі қазақ қызының символдық нұсқасы. Жалпы Гүлкәшима — ақынның “Топжарған” поэмасында разы болып суреттейтін шал Салбай тоқалының заңды жалғасы. Соның толысқан, көркейген нұсқасы. Байыған түрі.

Енді поэмадағы Баймұхаммет бейнесінің жасалуына келер болсақ, ол — кей сәттерде ақынның өмірге көзқарасымен келіспеген кереғар бейне. Баймұхаммет ғашықтығы кей сәттерде Шығыс дәстүріндегі дастандар кейіпкерлерінің сүйіспеншілігі секілді көрініп кетеді. Бөлкім, сондықтан да болар, оның, ғашықтық сезімдері “жылауықтау” шығып жататын тұстары да жоқ емес. Мысалы, “төгемін қызды ойласам көзден жасты”, “жас ағар кара көзден ағыл-тегіл”, “ол сұлу мұнан былай ойға түссе, тамшылар етегіме көзім жасы” секілді жолдар. Бұл жолдар ақынның поэмасын жазу кезеңінде әлі де болса шығыстық қисса, дастандар сарынынан толық арылып кете қоймағандығын аңғарта керек... Поэманың, негізгі оқиғасы — екі жас арасындағы сүйіспеншілік Баймұхаммет өлімімен бітеді. Гүлкәшимаға деген ғашықтық, оның, берік қалыптасқан бөгеттерге жолығып, оң-шешімін таппауы оның өлімге айдалы, мәжбүр етті. Ақын сомдауындағы Баймұхаммет — сүйегіне қосыла алмағанына

өзіне дейінгі қазақ ақындары шығармаларын, дастандар, көрші татар секілді туыс елдер әдебиетін, орыс әдебиетін атауға әбден болады.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде М. Сералиннің “Гүлкәшима” поэмасынан соң бұл тақырыпта қалам тербеушілер көбейіп еді. Олардың қатарына М. Дулатұлының, “Бақытсыз Жамал” романын, С. Торайғырұлының “Қамар сұлу” романы мен “Жарқынбай” поэмасын, С. Көбеевтің “Қалың мал” романын, Т. Жомартбаевтың “Қыз көрелік” романын жатқызуға болады.

Жоғарыда айтқанымыздай, М. Сералиннің әдеби туындылары бірсыпыра болған. Өкініштісі, соның көбі бізге жетпеген. Бізге жеткенімен, әдеби, ғылыми жұртшылыққа жете танымал емес бір туындысы – “Киіктің көз жасы” атты дастаны. Бұл – бұрын баспа бетін көрмеген, шағын дүние. Дастан Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұражайы қорында сақтаулы. Бірақ, бұл – дастанның түпнұсқасы емес, көшірмесі. Көшірмені жасаған Райхан Сералина.

Шығарма – шығыстық діни кисса, дастандар дәстүрінде жазылған дүние. Тақырыбы жағынан діни – аңыз үлгісінде. Оқиғасы ертегі сипатты. Кейіпкерлері: Жәбірейіл періште, Мұхаммед пайғамбар, Жөйіт аншы және Киік. Шығарма М. Сералиннің, шығармашылық жолының басында, “Топжарған”, “Гүлкәшима” поэмаларынан бұрын туғандай болып көрінеді. Өйткені, шығарма шығыстық сюжетті алып, өзінше жырлаған ағартушы/кітаби/ақындар дәстүрінде туған.

М. Сералин көркем аударма саласында да едәуір еңбек еткен. Оның ішінде бізге анық белгілісі – парсы халқының ұлы ақыны Әбілқасым Фердоусидің әлемге аты мәшһүр туындысы – “Шаһнаманың”, “Рүстем-Зураб” бөлімі мен қазақ тақырыпты орыс жазушысы, сібірлік Антон Сорокиннің “Отанның иісі, яки сахараның сыйы – Жусан” әңгімесі.

М. Сералиннің “Рүстем-Зураб” аудармасы “Ай, қап!” журналының 1914-1915 жылдардағы бірнеше санында жарияланды. Бұл еңбек тікелей парсы тілінен емес, орыс тіліндегі В. А. Жуковский аудармасынан жасалынды. Ал, ол неміс тіліндегі Ф. Рюккерт нұсқасынан аударып еді. Тілден тілге сатылай аударылса да, бұл “Шаһнама” жырының XX ғасыр басындағы қазақ тілінде тұңғыш басылуы, алғашқы нұсқасы еді. Аударманың XX ғасыр басында әлемдік ұлы туынды “Шаһнама” жырының бір тармағымен қазақ оқырманын таныстыруы және оған арнайы алғы сөз (“Сөз басын”) жазып, шығарма мен оның авторы жөнінде танымдық деңгейі жоғары ойлар айтуы ерекше атап айтуға тұрарлық жәйт. Қайраткер шығармашылығының зерттеушісі Б. Кенжебаев: “Қалай аударса да, бір саласын ғана аударса да, жер жүзі әдебиетінің асыл

көніп, тағдырдың салғанын мойындап, көндігіп кетер жан емес. Мінезделуі жағынан Баймұхаммет – Гүлкәшимаға қарама-қарсы бейнеленген, нық шешімді тұлға. Сүйгені үшін күреске әрқашан дайын. Бірақ ол күреске бұйығы қазақ қызы Гүлкәшима қауқарсыз. Баймұхаммет – өз өлімімен бұл дүниеде, қазақ қоғамында қалыптасқан дәстүрге қарсы күрескен жан. Қалай дегенде де Гүлкәшиманың күреске шықпай, тағдырға мойынсұнуы шындық, тарихи кезең шындығы. Баймұхаммет өлімі – күрес, күрес – өлім. Әйтсе де ақын сомдауындағы Баймұхаммет – көп қырлы тұлға. Оның, Гүлкәшимаға деген тағдырдың ауыздықтықтуына көне бермейтін асау сезімін, сүйіспеншілігін, сол жолда ақырына дейін үмітпен жасаған күресін, сонынан өзін-өзі өлімге киюін автор өз кейіпкеріне деген жылы сезіммен суреттей отыра, оның іс-әрекеттерімен көп жағдайда келісе бермейді. Бұл – кейіпкер тұлғасын ашудағы автор позициясының екінші қыры. Автор поэмада екі қарт қайғысын сипаттауға Баймұхамметті жан-жақты ашып көрсететін деталь, штрих ретінде маңыз берген.

Себебі ақын кейіпкері Баймұхамметтің Гүлкәшимаға деген шын ынтызар көңілін, ғашықтық сезімін қолдаса да өзін-өзі өлтіруіне қарсы.

Автор қазақ жасының саналы, шын мұсылман ретінде ата-ананың дегеніне көніп, Алданың пешенесіне жазғанына мойынсұнып, ар сақтауын өтінеді. Оның Гүлкәшима кейіпкері – осы ниетпен дүниеге келген, ақын ойының қай қырынан болса да табылған жан. Ақын кейіпкер мінездеуде негізгі мақсат, ой қазығы етіп Гүлкәшиманы алған да, ол Баймұхамметті – шын сүйе тұрса да оның ниетімен келіспеген. Баймұхамметтің ыстық сүйіспеншілік сезімдерімен емес, салқын қанды, таразы автор ойымен келіскен. Сондықтан поэмадағы оқиғаның көбі Баймұхаммет атынан баяндалса да ақын оны “Қозы Көрпеш – Баян сұлу”, “Таһир-Зухра”, “Жүсіп – Зылиха” секілді Баймұхаммет – Гүлкәшима деп атамай, оған ата-ананың дегенін орындап, дәстүрге, тағдырға мойынсұнған, сүймесе де жар төсегіне адал, ертенгі адал ана – Гүлкәшима есімін берген.

Поэма сол кезеңдегі қазақ даласындағы дертті мәселенің бірі – әйел бас бостандығы мәселесін көтерудегі, шешу жолындағы алғашқы алым. Бұдан, осы кезге дейінгі қазақ сөз өнерінде бұл тақырып еш сөз болмады деген қорытынды тумаса керек. Ғашық жар, махаббат жөнінде қазақтың фольклорлық дүниелерінен бастап М. Сералиннің, “Гүлкәшима” дейін талай сөз болған. Бірақ, дәл “Гүлкәшима” поэмасы секілді әйел бас бостандығы жөнінде, оны бүкілхалықтық, қоғамдық дерт ретінде кен көлемде сөз еткен дүние болған жоқ десек қате болмайды. Ал ақынның осы поэманы тудырудағы дәстүр үйрену аясы деп алдымен қазақ фольклорын,

қоныраймаңыздар!”<sup>14</sup> — деп басталатын қазақ оқушысына арнап жазған, журналдың беташар мақаласын баспасөз мәселесіне арнап, оның елді оятушылық ағартушылық қызметіне зер салған. Халыққа мүмкіндігінше жете түсіндіргісі келген. Баспасөз ісінің халық дамуындағы рөлін баса көрсеткен: “Газет хәм журнал халық үшін екендігіне шек айту жоқ. Халықтың қай дәрежеде алға кеткендігі халық арасында таралған газет, журнал хәм кітаптардан білінеді. Заман ғылым заманы болған соң, әрбір жұрт қатарынан кейін қалмас үшін, ақша аямай кітап, газет, хәм журнал бастырып, халыққа таратудың иждаһатында”, — дейді.

“Ай, қап!” журналы қазақ өмірінің бар саласын қамтыса, оның әрі басқарушысы, әрі бастырушысы М.Сералиннің мақалалары да осы мүддеден шығып отырды. Демек, журнал бағыты мен басқарушы бағыты бір болды. Бұл — “Ай, қаптың” бағытын қай мәселеде болсын, М.Сералин анықтап отырды деген сөз. Ал оның журнал әнтіме өзегі етіп көтерген қазақ өміріне қатысты қай мәселе болса да ұстанған бағыт-бағдары, айқын ойы болды.

“Ай, қап!” журналының да, М.Сералиннің де көтерген басты, жоталы проблемасы жер мәселесі болды. Өйткені ғасырлар бойы ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғалып, атадан балаға мұра болып келе жатқан, ел тіршілігінің құты — ең дала, сайын сахара, қымбатты қазына — қазақ жері Ресейге бодан болғалы басында біртіндеп, соңында үлкен қарқынмен ұыстан сусып, қолдан шығып бара жатты. Бұл таразы басына өмір мен өлім қатар түскен жанталас сәт еді. Қазақтың осы дағдарыс сәтін Ахмет Байтұрсынов “Ай, қап!” бетінде жарияланған мақаласында: “Қазақ осы күнде қалың орманға кіріп, аласқан адам секілді, қалай жүрсе жөн боларын білмей дағдарған кезі”, — деп суреттеп, бейнелеп жазды. М.Сералин де жер мәселесіне арнап көптеген мақала жазды. Ойын ортаға салды. Бұл мақалалар қатарында “Қазақ халқының мұқтажлығы”, “Біздің бұрынғы хәм қазіргі халіміз”, “Келешек заманымыздың қамы”, “Жер әңгімесі”, “Отырықшы болған қазақтар туралы”, “Ескі жыр” секілді мақалаларын атауға болады.

Ол “Қазақ халқының мұқтажлығы” деген мақаласында: “Қай қалыппен болса да жерге орналасып алу... Бізге ең пайдалы болған іс тезірек қала салып, егін пайдасына жарайтын жерлерді сақтап қалу. Бұлай істесе, бізге келетұғын екі-үш түрлі пайда бар: әуелі, өзіміз сұранып қала салсақ, аз да болса егін салуға қолайлы жерлерге ие болып қаламыз... Екінші пайдамыз, қала болсақ меншіт саламыз, мектеп, медіресе ашып, балаларымызды оқытып... Россияның пайдалы жұртының бірі боламыз... Үшінші пайдамыз —

<sup>14</sup> М. Сералин. // “Айқап” журналы. 1911. 1-б.

қазыналарының бірі болған “Шаһнаманы” ол заманда қазақ тіліне аудару әрі үлкен ерлік, әрі тарихи, мәдени мәні зор жұмыс еді”<sup>13</sup> — деп бағалайды.

“Отанның иісі, яки сахараның сыйы — Жусан” аудармасы орыс тілінен жасалған. Авторы — сібірлік орыс жазушысы Антон Сорокин. Оның “Запах Родины” әңгімесі алғаш рет 1915 жылы Омбы қаласында басылған “Жертвам войны” жинағында “Дар земли — трава Джусан” деген атпен жарық көреді. Кейінгі басылымдарда “Запах Родины” аталған әңгіменің М.Сералин жасаған аудармасы “Ай, қап!” журналының 1915 жылғы бірінші және екінші сандарында жарық көрген.

А.Сорокин өз шығармасында орыс арасына сініп, орыстанып бара жатқан сахара ұлына оның өткен даңқты тарихын сол арқылы Отанға деген сүйіспеншілік атты ұлы сезімді еске салады. Елді, жерінді сүй деп, оған Қасқырбай батыр өмірін тәлім етеді. Елін аздырып, жерін тілім-тілім етіп кесіп алып жатқан орыс патшалығының іс-әрекетін сынап, осындай ауыр жағдайдағы еліне қызмет ет деп ұсынады.

М. Сералин А. Сорокиннің қазақ халқына деген жанашырлық жылы сезіммен талай-талай шығармалар жазғанын өте жоғары бағалап, оның осы еңбегін қазақ тіліне аударып, оны “Ай, қап!” журналына бастырып шығарған еді. Бұл аудармашының орыс жазушысына бұратана халықтың ауыр тағдырына ортақтасып, шынайы достық пейілмен сөз еткені үшін үлкен ризалық белгісі болатын. Аударма еңбек көркемдік дәрежесі жоғары болмаса да, өз заманы, яғни сол кезеңдегі қазақ оқушысы үшін дер кезінде орыс патшалығы қазақтың небір асыл құйқалы жерлерін тартып алып жатқан кезеңде аударылып жарияланған маңызды шығарма болды.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті мен баспасөзінің көрнекті тұлғасы — Мұхаметжан Сералин — жан-жақты қаламгер, көп қырлы талант. Ақын, жазушы, аудармашы, баспагер-журналист. Оның қазақ халқының алдындағы ұлы тарихи қызметі, қайраткерлігі — жана ғасыр көгінде қазақ халқының мұның мұндап, жоғын жоқтайтын “Ай, қап!” сынды тұңғыш журнал шығаруы. Халыққа тынырықта жол көрсетіп, ата-анадай болған “Ай, қап!” М.Сералиннің төл перзентіндей еді. Газет-журнал шығару алдымен әрі халық өміріндегі үлкен мәдени шара, әрі халықтың мәдениет деңгейінің көрінісі екендігі белгілі.

“Айқаптың” бірінші санындағы “Құрметті оқушылар! Алдыңызға ұшбу журналымыз саламын, кішкене екен деп

<sup>13</sup> Б. Кенжебаев. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. А., 1958. 82-б.

қалалық халық болсақ, баяғы сұраған дін турасындағы тілектеріміз орнына келеді”, – деді.

“Біздің бұрынғы һәм қазіргі халіміз” – атты мақаласында жоғарыда айтылған ойларын тағы да қайталап, шегелей айтып, қазақ халқын отырықшы тұрмысқа, қалалық өмірге үндеді. “Мұнан былай біздердің күн көруіміз үшін, ең алдымен, қала болып отыруымыз тиіс. Қала болып отырған соң, қалалы жұрттың істеген кәсіптерін істеу керек... Балаларымызды заманға муафық оқу оқытып, таршылықта күн көруге лайықты адам етіп шығаруға тырысалық” – деп жазды.

Сондай-ақ, “Ай, қап!” журналының бетінде М.Сералыұлының көп сөз еткен мәселесі, оқу-ағарту, ғылым, тіл-әдебиет мәселелері болды. Оның бұл саладағы мақалалары қатарына “Біздің жастарымыз”, “Шәкірттер халінен”, “Ай, қап!” басқармасының бір өтініші “Басқармадан өтініш”, “Роман жарысы туралы” сияқты мақалаларын жатқызған жөн.

Оның төңкерістен кейінгі әдеби және журналистік қызметі “Қызыл Қазақстан” журналы, “Еңбекші қазақ”, “Ұшқын”, “Ауыл” газеттерімен тығыз байланысты. Оның публицистикалық шығармаларының денін өзі негізін қаласқан, 1923 – 24 жылдары редакторлық еткен, өмірінің соңына дейін жұмысына атсалысып отырған “Ауыл” газетінен табуға болады.

М.Сералин кезінде, яғни “Ай, қапты!” шығарып тұрған кезеңде журнал бетінде көтерген көп мәселені “Ауыл” газетінде онан ары ұластырады. Өйткені бұл қайраткер өміріндегі өзі мұрат тұтқан мәселелер еді. Олар қазақ қыздарының бас бостандығы, халықаралық жағдай, саясат, жер, шаруашылық мәселелері болатын.

Мұнан өзге қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениеті, ағарту саласы туралы жазған маңызды мақалалары да баршылық. Оларда әдеби сын мәселесі, халық дәстүрін сақтау мен дамыту, ұлт тіліне адалдық мәселелері сөз болады. Жалпы, қандай шығарма жазып, нендей мәселе көтерсе де, Мұхаметжан Сералин ерқашан халық қамқоры, қайраткер-қаламгер ретінде көрінеді.

## МӘШҰР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ (1858 – 1931)



Мәшүр Жүсіп Көпейұлы мұрасы алдымен аса көлемділігімен, сан түрлі мазмұн алуандығымен назар аудартады. Атап айтқанда, ақынның өлең, дастандар, тарихи мәтіндер, шежірелер, публицистика, педагогика, тіл, философия, табиғат сырлары, дін тарихы туралы т.с.с. құнды еңбектер қалдырғаны белгілі.

Мәшүр Жүсіп 1858 жылы, қой жылы, қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Қызылтау деген жерде дүниеге келген. Ақынның 3 жасында «Тауық жұты» деген жұт болып, бар малынан айрылып, бір ат, бір сиырмен ғана қалған әкесі Көпей: «Дүние жолдас емес, ғылым, білім жолдас» деген шешімге келіп, баласын оқыту үшін Баянауылға көшіп келеді. Сол кезде аға сұлтан болған Мұса Шорманов Баянауылға медресе салдырып, онда сабақ беруге Омбы қаласында тұратын Қамар хазіретті көшіріп әкеледі. Ол кезінде Бұхара қаласында оқып, көп білім алған, адам болса керек. Сабаққа зейінді бала Жүсіпке Қамар көп көңіл бөледі. Ақырында 8 жастан 9-ға аяқ басқанда, әдебиет пен тарихтан жатқа айтқан сөздеріне сүйсінген Мұса Шорманов (1818-1884) баланың әкесіне мынадай сөздер айтады: «Сопы, мұнан былай мына баланың бас киіміне үкі тақтырып қойыңыз. Көз-тілге шет болмасын! Бұл өз заманында халыққа Мәшүр болатын бала екен! – дейді. Содан былай қарай бұрынғы «Жүсіп» деген атына «Мәшүр» – деген ат қосылып айтыла бастайды»<sup>1</sup>.

15 жасынан бастап өлең жаза бастаған ақынның «Мәшүр»

<sup>1</sup> Мәшүр Жүсіп. ҚР ҰҒА кітапханасы. 1173-бума. Жолмұрат жазбасы, 17 «а», 1-121-б.

аты шығып, халыққа кең танымал болуына ең алдымен тұңғыш қазақ газеті – «Дала уәлаяты» беттерінде XIX ғасырдың соңы он жылдығында жарияланған өлең, макалаларымен қатар, 1905 жылғы халық наразылығы өсуінен сескенген Ресей патшасының сөз бостандығына жол ашқан Қазан манифесі әсерімен Қазан қаласында басылған: «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітаптарының әсері мол болды. Баспа бетіндегі уақытша берілген кеншілікті пайдаланып, патшалық Ресейдің отарлау саясатының астарын, жер тартып алуын, сөз, пікір айтуға шектеу қоюын қазақ зиялылары ішінде ең алғашқылардың бірі болып болып өшкередей бастаған Мәшһүр Жүсіп екені белгілі. Сол еңбегі үшін 1912 жылдан бастап ақынды қуалау басталғаны, біраз уақыт оның үйінен кетіп, қайда екенін айтпай, ел ішінде жасырын жүргені де мәлім.

1917 жылы патша үстемдігі өзгеріп, кеңес билігі келгенде, оның да отаршылдық жат пиғылын аңғарған Мәшһүр Жүсіп кейінгіні түспалдап шенеп шығарма жазуын, фольклор үлгілерін жинауын жалғастыра береді.

Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығына елеулі әсер еткен оның өмірінің біраз бөлімін Орта Азиядағы ірі мәдениет ошақтары: Бұхара, Ташкент кітапханаларындағы араб, парсы, шағатай, көне түркі тілдерінде жазылған көп құнды көне мұралармен кең танысып, қағазға түсіруі екенін ескерген жөн. Мәшһүр Жүсіптің ең алғаш 29 жасында (1887 ж.), одан соң 37 жасында (1895 ж.), кейін 49 жасында (1907 ж.) Орта Азияға сапар шегіп, 8-9 жылын шетте өткізіп, ондағы кітапханаларда болып, оқу-зерттеумен айналысумен бірге, жолшыбай, әсіресе, Сыр, Шу бойындағы елдерді көп аралап, ұзақ уақыт фольклор, халық ауыз әдебиеті үлгілерін халықпай жинап, бүгінгі ұрпаққа жеткізуі де ақын мұрасының көлемді де мол қырлы болуының негізін салды.

1937-1938 жылдары қазақ әдебиетінің алыптары – А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров т.с.с. атылғаннан кейін, мектеп оқулықтарына енді кімді кіргізу мәселесі туған кезде, сол кездегі жас әдебиетшілер: Е.Ысмайылов, Қ.Бекхожин, Д.Әбішев, З.Ақышев т.б. күш салуымен Мәшһүр Жүсіптің кейбір еңбектері қыркыншы жылдары орта мектептерде және жоғарғы оқу орындарында оқытыла бастады да, елуінші жылдар басында «ұлтшылдықпен» күрестің жаңа науқанының құрбаны болып, мектеп оқулықтарынан шығып қалғаны белгілі. КПСС XX съезінен соң XX ғасырдың 60 жылдарынан бастап Мәшһүр Жүсіп шығармалары жоғары оқу орындарында оқытыла бастады. 1990, 1992 жылдары ақын таңдамалысының 2 томдығы жарық көреді. Қазір оның 20 томдығының алғашқы 7 томы шығып, басқалары

дайындалу үстінде.

Мәшһүр Жүсіп мұрасының көркемдік үндестігін, жалғастығын еске алғанда, алдымен олардың көне замандағы Жүсіп Баласағұннан (XI ғ.), Қожа Ахмет Иассауиден (XII ғ.) бастау алған дәстүр сабақтастығына назар аударған жөн. Мәселен, Қожа Ахмет Иассауиде «нәпсі» туралы айтылғанда, оған үнемі дерлік «ит» сөзінің қосарлап айтылатыны бұған дейінгі зерттеулерде орынды көрсетіліп келген. Осы орайда «ит» деген сөздің де, ұғымның да мағынасы кең екенін, Қожа Ахмет Иассауидің көбінесе бұл баламаны ит қомағайлығы, «ашкөздігі» тұрғысынан қолланғанына назар аудару кеткен жөн.

Бұл ит нәпсі қор қылды-ау мені талай,

Халайықтың қалмасын көңілі қалай?!<sup>1</sup>

Нәпсім үшін итке ұқсап шарладым қыр,

Заты ұлық Ием, сыйынып келдім саған.

Құл Қожа Ахмет, нәпсі иттің аузын жаптың,

Содан кейін арманыңды іздеп таптың?<sup>2</sup>

Міне, осы келтірілген үш мысалдың өзінде, әсіресе, соңғысында аяп «итке», сол арқылы «нәпсіге» жай әншейін көңіл бөліп қоймай, алдымен оның аузын бекітуге назар аудартады. Демек, «нәпсі иттің аузын» жапқаннан кейін барып, арманды іздеп табу – бері адамның алдымен өз ашкөздігін, тойымсыздығын тежеуі қажеттігін аңдатады. Енді Абай өлеңін еске алайық:

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,

Лапылдақ көрсеқызар нәпсіге ерме!

Әйел жақсы болмайды көркіменен

Мінезіне көз жетпей, көңіл бөлме!<sup>3</sup>

Сырт қарағанда, Абайда «нәпсі» ұғымы сәл басқашалау алынып, ашкөздік, тойымсыздық емес, көрсеқызарлық, еліктегіштік тұрғысынан ғана енгізілген тәрізді көрінуі мүмкін. Ал Иассауидегі «нәпсі» сөзіне «ит» сөзі қосарланғанда, тойымсыздық ұғымы біршама тура қабылдап, иттің асқа-тоймауы деп қана қарау орынды болмас еді. Онда сонымен бірге қанағатсыздық шарлуы бар десек, Абайда сезімге қанағат етпеу, асқан құштарлық түрінде өріс теуіп, солардың абай болу жағына етпеттеу орын алған. Ал, Мәшһүр-Жүсіптің «нәпсі» ұғымын қолдануына үнілсек, онда алдыңғылардан келе жатқан игі дәстүрді бұзбай, соны өзінше

<sup>1</sup> Қожа Ахмет Иассауи. Хикметтер (аударған Әбіраш Жәмшілұлы). – А., Өнер. 1995. 25-б.

<sup>2</sup> Абай Құнанбаев. Шығармалары. I-т., – А., 1977, 60-б.



өрістетуге үлгісі бар:

Жаяу қыл, нәпсіңді атқа мінгізбей бақ,  
Міне қалса, жортықызып, желгізбей бақ.  
Өзін-өзі бағуға көп әл керек,  
Көз соңынан көңілді жүргізбей бақ<sup>4</sup>.

Бұл тұста Мәшһүр Жүсіптің ұлттық өрнекті орынды пайдаланғаны байқалады. Қазақ халқында ежелден мінер атсыз жаяу қалу нағыз кедейліктің, жоқтықтың дәлелі саналғаны мәлім. Бұрынғы заманда, Мәшһүр Жүсіптің осы өлеңі жазылған XIX ғасырдың соңғы ширегінде, атсыз тіпті көрші ауылға, не қалаға жету мүмкін еместігі баршаға мәлім жайт. Ендеше «жаяу қыл» қолданамы кез келген кезеңде, әсіресе сол замандағы адамдарға неғұрлым түсінікті, жақын ұғым. Ақын осы ұлттық нақышты игеру нәтижесінде нәпсі тыюды көзбен көріп, қолмен ұстарлықтай етіп, әсерлі бейнелеу үлгісін көрсеткен. Тіпті, атқа мінгізбеу айтылғаннан кейін, міне қалған жағдайда да оны желгізбеу керектігін, неғұрлым баяу аяңнан аспауды шегелеу үстінде ақын дамыту әдісін үстегенін көреміз. Бұл – оның шеберлігінің тап осы шұмақтан көрінетін екінші қыры.

Шұмақтың үшінші жолында дамыту әдісі орын алуымен қатар мал бағудан гөрі адамның өзін-өзі ұстауы, тежеуі қиындығын алға тарту жүзеге асқан. Бұл шағын, шартты делінген лирика жанры аясында да адам сезімі тереңіне сәуле түсіру нәтижесін, яғни ақын шеберлігінің үшінші қырын танытады. Шұмақтың соңғы тармағы алғашқы үш жолдағыны қорытып біріктіруге арналған. Мұны өлең, шұмақ композициясын құру шеберлігі ретінде бағалаймыз. Сонда көз соңынан көңілді жүргізбеу де ең алдымен Иассауиден бастау алған «ит-нәпсіні» ауыздықтау идеясына бағытталғанын дiттейміз.

Абайда нәпсі адамшылдығын ашу үшін, белгілі бір қызу, ыстықтық сипатын ашарлық белгі «лапылдақ» көріктеуіші (эпитет) шебер пайдаланылған. Ал Мәшһүр Жүсіп дерексіз ұғым нәпсіні жан иесіне айналдырып, оны жаяу қылуды шарт етеді. Жаяу жүру мен атқа мінудің қайсысы баяу, қайсысы тез қозғалу белгісі екені мал баққан қазаққа етене таныс көрініс десек, Мәшһүр-Жүсіптің ұлттық өрнекті кәдеге жарату шеберлігіне қайталап назар аудартқан артық емес. «Көңіл» сөзінің дерексіз ұғым екенін ескерсек те, оны жан иесіне айналдырып, көз соңынан жүргізбеуді айту да шарттылық пен жандандыру арқылы жүзеге асады. Мұның бәрі екі ақынның да әр сөзге, сөз тіркесіне ерекше мән бергенін,

<sup>4</sup> Мәшһүр Жүсіп Көлеев. Таңдамалы. 1-т., – А., 1990. 93-б.

шағын детальге шалқар шындық сыйғызу шеберлігін дәлелдесе керек.

Бұл мысалдар Шығыс поэзиясын кең түсіну үшін, біріншіден, ондағы сабақтастыққа ден қою керектігін, екіншіден, шарттылық мәнін, дерексіз ұғымды яғни «нәпсіні» заттандыру, жандандыру нәтижесінде барып, адам сезіміне лирика жанры аясында да түкпірлеу іске асқанын дәлелдейді.

Міне, бір ғана «нәпсі» сөзі ғана емес, басқа да баламаларды сараптасақ та, екі ақында тақырып орайластығы, идея айтудағы төркіндістікпен қатар бейнелеу құралдарын жетілдірудегі сарындастықты көреміз. Абайдың да, Мәшһүр Жүсіптің де өз кезіндегі зиянды әдеттерді түйрей сынағаны мәлім.

Осы орайда екі суреткердің сол кезде етек алған кеселдің бірі – өтірікті шенеуін алайық:

Терең ой, терең ғылым ізлемейді,  
Өтірік пен өсекті жүндей сабап.

Немесе:

Ел қағынды,  
Мал сабылды,  
Ұрлық, өтірік гүде-гү<sup>5</sup>.

(Бұлар – Абай сөздері).

Өтірік өрттей лаулап жанып жатыр,  
Ессіз жұрт көбелектей барып жатыр.  
Бірін- торғай, біреуін бөдене ғып,  
Өзі мен өзін жаулап алып жатыр<sup>6</sup>.

(Бұл Мәшһүр Жүсіп сөзі).

Зерделесек, Абайда көзбен көріп, қолмен ұстауға келмейтін дерексіз ұғым «өтірік» заттандырылып, оны жүндей сабау іске асырылған. Сонымен бірге мұнда күн көрісі, негізінен алғанда, мал өнімдерін кәдеге жарату, жүн сабау, киіз басумен байланысты болған қазақ тіршілігіне, танымына неғұрлым жақын баламаны, демек, ұлттық өрнекті пайдалану жүзеге асқан.

Сөйтіп әрі дерексіз ұғымды заттандыру, әрі оны халық ұғымына жақындату арқылы Абай әсерлі де айқын бейнелеу үлгісін әкелді. Мұндай ізденіс биігін Мәшһүр Жүсіптен де көреміз. Мәселен, келтірілген үшінші мысалда дерексіз ұғым «өтірік» деректі өртке баланады. Ақын өтірікті көзге неғұрлым айқын шалынатын өртке

<sup>5</sup> Абай Қуанбаев. Шығармалары. 1-т., А., 1977. 194-б.

<sup>6</sup> Мәшһүр-Жүсіп Көлеев. Таңдамалы. 1-т., – А., 1990. 76-б. (Ескерту: Бұдан былай бұл бассылымға сілтеме жасалғанда беті ғана көрсетіледі – ред.)

тенеумен шектелмей, оның өршіген нақты бір сипатымен, лаулап жануымен салыстырады. Өрттің лаулап жануын, демек, өтіріктің каншалық өріс алғанын көрсеткен соң барып, ақын соған алданушылардың мүшкіл халін ашарлық баламалар енгізеді. Ессіз жұрттың «көбелектей» өртке баруы (2-тармақта) өрі адамдардың анқаулығын, каншалық алдануын (көбелек, әсіресе түнгі отқа өзі барып ұрынып, күйіп жатады ғой) әйгілесе, өрі өрттің де сонша жандарды тұмшалайтындай кесепаттығы дәлелденеді. Шумактың сонғы тармақтарындағы «Бірін— торғай, біреуін бөдене ғып, //Өзі мен өзін жаулап» алып жатқаны да өтіріктің каншалық зорайғанын, сол арқылы билік иесі Патшалық Россияның отарлау, елді бөлшектеу, тоздыру саясатының өрістеуін аша түседі.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының артына мол мұра қалдырғаны белгілі. Осы орайда 1990 жылы ақынның таңдамалысының бірінші томы әзірленгенде, лириканың жанрлық табиғатын жете ескермеуден туған мына бір кемшілік байқалды. Атап айтқанда, ақын өлендері бір кездегі жазылу ретіне қарай біріне-бірі тіркестіріліп, тізіле берген де, көп өлендері бір шығармаға, яғни көлемді бір туындыға айналдырылып кеткен тәрізді. Соның бір айғағы: төменде келтіріліп отырған төрт шумакты үзінді, кітапта басылғандай, үлкен шығарманың бір бөлшегі емес, жеке өлен болып, өз алдына отау тігуге сұранып-ақ тұр:

Бес жаста еді «бісімлә» бастағаным,  
Ақ қағазды қаралап ластағаным.  
Жасым жетіп «он беске» ақыл кірді,  
Сонда да өсіп бес жастан аспағаным.

Біреуі-ақ кем «он беске» жетті жасым,  
Иегімнің астында өш пен қасым.  
Үрейімді ұшырды, зәремді алып,  
Алып айна қарасам, сақал-шашым.

Қоян қуған тазыдай шалмай жүрген,  
Өмір бойы аң қуып, алмай жүрген,  
Он бестегі жолдастар үйір болған,  
Бұл «он беске» жеткенше қалмай жүрген.

Жібермей жүр шығуға биік өрге,  
Қорғалағар қайдағы тау мен жерге.  
Ұйтқып соққан борандай ұйлықтырып,  
Күнде-күнде түсіріп қара терге<sup>7</sup>.

Міне, мұндағы «он бес» сөзі он жердегі бес, яғни елу дегені,  
<sup>7</sup> Сонда, 52-б.

«біреуі-ақ кем» түсіндірмесі осы жолдарды жазып отырғанда, жасының қырық тоғызда (яғни 1907 жылы) екенін ескерткендігі анық. Лирикалық қаһарманның бір түгіл, он «беске», яғни 49-50-ге келіп отырып, алғашқы бес жасындағыдан көп ұзамағанына назалануын ақын әсерлі жеткізген.

Алғашқы бес жастан кейін уақыттың көп өткенін айнаға қарағанда зәрені алған сақал-шаш өзгерісі бұлтартпай дәлелдесе, келер шумактағы «өмір бойы аң қуып алмай жүрген» жағдай, яғни ақынның діттеген мақсатына жетпеуі, соған қынжылуы көңіл бөлерлік. Бұл нәтижесіздік себебі ақынның өзінде емес, заманында екені сонғы шумакта ишаратпен берілген. Яғни біреулердің лирикалық қаһарманды биік өрге, демек, ақын арманын жинақтап заттандырып кескіндеген өрге (шынында табиғаттағы өрге шыға алмауды әйгілеп тұрмағаны мәлім ғой) жібермей жүргені, ол аз болса, «қайдағы тау мен жерге» қорғалатып, соған қоса, «ұйтқып соққан борандай ұйлықтырып» «күнде-күнде... қара терге» түсіруі бейнеленген. Мұның бәрі — лирикалық қаһарманның мақсат, арманын да, оған қарсы тұрушылар әрекетін де жинақтап, деректі: өр, тау, жер, боранға балап, ұтымды жеткізу үлгілері.

Төрт шумактан тұратын мұндай туынды ғана емес, не бары төрт, не сегіз тармақтан құралған дербес өлен түрлері де Мәшһүр-Жүсіпте аз емес. Шалқар ойды шағын өлеңге, оның ішінде төрт жолды шумакқа сыйғызу жалпы Шығыс, оның ішінде X-XIV ғасырлардағы араб, парсы, түркі поэзиясына тән құбылыс екенін біз Әбу-Насыр Әл-Фараби (X ғ.), Жүсіп Баласағұни (XI ғ.), Омар Һаям (XII ғ.), Қожа Хафиз (XIV ғ.) т.т. өлендерінен білеміз. Мәселен, Жүсіп Баласағұнидің: «Тіл-арыстан: есік баққан ашулы, // Сақ болмасан, жұтар, ерім, басыңды», — тәрізді екі жолдық өлеңін жеке алсақ, біткен, аяқталған ойды да, идеяны да ұшырастырамыз. Осы дәстүрді Мәшһүр-Жүсіптің XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өзінше өрбіткенін мына үлгілерден көреміз:

Өр істі ойлау керек әуел бастан,  
Не пайда өнері жоқ жігіт жастан.  
Мәз болма мұнарланып көрінгенге,  
Кісі жер жемісі жоқ тау мен тастан<sup>8</sup>.  
Дос қой деп ішкі сырын түтел айтып,  
Опық жеп жүрген жан көп аңдамастан.  
Бір өрттен қалмайтуғын қалың қаудай,  
Баянсыз бақ-дәулетке болма мастан<sup>9</sup>.

Үрген қуық — бүгінгі жұрттың басы,  
Бас болса, болар еді көздің жасы.

<sup>8</sup> Сонда, 28-б.<sup>9</sup> Сонда, 29-б.

Таққа мініп, басына тәж қойғанмен,  
Иттің кетпес ойынан жерік асы<sup>10</sup>.

Қаңтар мен ақпан болды күз орнына,  
Сылдырлап сырнай шықты сөз орнына.  
Жылтыраған екі тас орнатылды,  
Бұрынғы қайран сөуле көз орнына<sup>11</sup>.

Көріп отырғанымыздай, мұндағы әр төрт жолдық туындыда шығарманың тақырыбы да ашылып, идеясы да тамамдалып бітіп тұр. Бірінші туындыда алдымен әр істі басынан ойлау керектігі дәлтелсе, ондағы екінші тармақта «өнері жоқ жігіт жастан» пайда жоқтығы мәлімделіп, үшінші, төртіншіде құр мұнарланып көрінгенімен, тау мен тастың «кісі жер жемісі жоқ» екенін шегелеумен шығарма аяқталып тұр. Екіншіде «дос кой деп ішкі сырын түгел айтып жүргендердің опық жеуі берлісімен, соның жалғасы ретінде «бір өрттен қалмайтуғын қалын қаудай» «баянсыз бақ-ләулетке» мастанбау идеясы алға тартылады. Үшіншіде сол кезеңдегі адамдар басының үрген қуыққа ұқсайтыны, себебі онда көз жасы жоқтығы, таққа отырса да, иттің жерік асын ұмытпайтыны сөз болады. Бұл «парасаты жоқтарға, тексіздерге билік беруге болмайды» деген идеяға жетелеп тұр. Төртіншіде алдымен болуға тиіс құз, демек, сәл салқындай бастау емес, барынша суық қыс орнағаны паш етіледі. Сонынан бұрынғы сәулелі нағыз шынайы көз орнына адамдарға жылтыраған екі тас орнатылғанына, демек, көрмеушілік белен алғанына назар аударылған.

Тағы бір топ мысал келтірейік:

1. Көрінгеннің бәрі жау, ел жоқ болды,  
Айнала сор, мал қонар көл жоқ болды.  
Үңгіріндей аюдың ауыз біткен,  
Ауыз баста болғанмен, тіл жоқ болды<sup>12</sup>.
2. Түзелер қисық ағаш құрған тезбен,  
Жара оналар, тастаса орап бөзбен.  
Аққымақты түзету қиын болар  
Насиқат, көркем айтқан жақсы сөзбен<sup>13</sup>.
3. Үлгі үйрен, жолдас болып нұсқалыға,  
Көзің сал сөзді сөзге қосқанына.

<sup>10</sup> Сонда, 79-б.

<sup>11</sup> Сонда.

<sup>12</sup> Сонда, 79-80-б.

<sup>13</sup> Сонда, 91-б.

Наданның өз басына қылған ісін  
Қылмайды ақылды адам дұшпанына<sup>14</sup>.

4. Күн сайын өзіңе-өзің жас баласың,  
Жаспын ғой деп әр істен жасқанасың.  
Піскен астан ішпейсің мезгілде,  
Мезгілі өгіп кеткен сон аш қаласың<sup>15</sup>.

5. Көңілім дария болғанда, қолым-қайық,  
Өз-өзімнен боламын Еділ–Жайық.  
Айдың шалқар көл қайда қылар шабыт,  
Құла түзде қу ілген мен бидайық<sup>16</sup>.

6. Тұқым салмай алар ма егін орып,  
Кім балалы болыпты бойдақ жүріп?  
«Еккен орар деген сөз берген алар»,  
Бәйге алғанды көрдің бе қарап тұрып?<sup>17</sup>

Алғашқыда бірінші тармақ «көрінгеннің бәрі жау» ел жоқ болуына арналса, екіншісі «айнала сор, мал қонар көл жоқ» екеніне, демек, шаруаға жайсыздық өрістеуіне құрылған. Ал, сол ел, көл жоқ болуына жалғаса, үндесе берілген «тілі жоқ» ауыздар арқылы мүшкіл халді тұлғалантумен шығарма аяқталған. Екінші үлгіде алдымен қисық ағаштың «құрған тезбен» түзелетіні, ізінше бөзбен ораса, жараның оңалатыны дәлелісімен, ақымақты «көркем айтқан жақсы сөзбен» икемдеу нәтижесіздігіне, яғни қисық ағаш, жарадан да ақымақты он жолға түсіру қиындығына ден қойғызумен шығарма тәмамдалған. Үшінші нұсқа да бас-аяғы жұмыр, композициялық құрылымы жөнінен мінсіз келіп, төрт-ақ жолмен белгілі бір ой сарапталуымен ерекшеленеді. Әсіресе «наданның өз басына қылған ісін» ақылды адамның дұшпанына жасамайтынымен шығарма тынуы жетекші идеяға ерекше мән берізіп тұр. Төртінші үлгі «піскен астан» мезгілде ішпей, өмірде көп сыбағадан құр қалып жүргендерді шенеуге арналған. Бесінші өлеңде лирикалық қаһарман өз көңілін біресе дария ретінде санап, біресе өзін бір кемелділік үлгісі Еділ–Жайыққа балап, ақырында соның бәріне қарама-қарсы шабыт қылар «айдың шалқар көл» таппай, «құла түзде қу ілген» бидайықтың мүшкіл халін мысқылдаумен шығарма аяқталған. Ал соңғы туынды тұқым салмай егін ору, бойдақ жүріп балалы болу мүмкін еместігі тәрізді

<sup>14</sup> Сонда, 92-б.

<sup>15</sup> Сонда, 96-б.

<sup>16</sup> Сонда, 99-б.

<sup>17</sup> Сонда, 100-б.

қарап тұрып бәйге алушы да жоқтығын, демек, әрекет керектігін әспеттеуге негізделген.

Мәшһүр Жүсіп қазақ лирикасы дамуына не үлес қосты дегенде, оның айтыс өлеңдерінің өзіндік түрін тудырғанына назар аударған жөн. Бұл туындылардың ерекшелігі – онда сөз таластырушы екі адам, екі акын емес, бірі лирикалық қаһарман да, екіншісі не дерексіз шартты ұғым, немесе адамша сөйлеуге тиісті емес жануар, құс түрінде алынады. Демек, бұл айтыстар өмірде орын аларлық сөз таластырудан гөрі шартты қактығыс ретінде туып, акынның лирика жанрында өмірді бейнелеу аясын кеңейтуімен көңіл бөлізеді. Мәселен, «Мәшһүрдің акындығымен қоштасқаны» өлеңінде алдымен арыстан орнына қасқыр қалғаны, «қарғалар көгершіннің зікірін» салғаны, «бас – аяқ, аяқ барып бас болғаны», демек, озықтық пен қалыстық, жақсылық пен жамандық араласып, соған лирикалық қаһарман торыққаны баяндалады. Акын қоғамда орын алған әділетсіздіктің түр-түрін қадап айтып, қазбалау емес, оны жинақтап, ишаратпен бейнелеу үлгісін қолданады:

Құс біткен қонағына кетті қайтып,  
Осындай қыс боларын біздерге айтып.  
Таусылып қызыл гүлдер, қалшы тікен,  
Сайрайды гүлстансыз бұлбұл қайтп!<sup>18</sup>

Осы бір шалқар шындық сыйып кеткен төрт тармақтан аз сөзбен көп ойды қамтуды ту еткен Шығыс поэзиясы дәстүрін акынның шебер өрістетугін көреміз. Құс қайтуы, жылы жаздың, яғни адамдар үшін жайлы кезеннің өткенін бұлтартпай дәлелдесе, жаздан кейін келген қыстың табиғаттағы қыс емес, заман қысы, қыспақ белгісі екенін де аңғарамыз. Ал үшінші тармақтағы «қызыл» гүлдердің таусылып, тікен қалуы да бақыт символы – гүлдің сап болуын, демек, адамдар арасында бақытсыздық үстемдік етуін әйгілейді. Соңғы тармақтағы сауал: «Сайрайды гүлстансыз бұлбұл қайтп?» бостандық, бақыт үшін күрескен лирикалық қаһарман әрекет етерлік жағдай өшкенін астарлауға арналған. Міне, осындай жағдайда Мәшһүр Жүсіптің акындығы қаша жөнелуі сөз болады да, лирикалық қаһарманның оны қимауы, қайта оралуға шақыруы беріледі: «Тіл қаттым акындыққа мен сөз бастап, // Шынымен кеткенің бе мені тастап?!» Сөзбе-сөз ұғынсақ, «ақындық» – жан иесі емес, оның лирикалық қаһарманнан жырақтап кетерлік аяғы, тіл қатарлық аузы жоқ. Әйтсе де шартты ұғым – «ақындықтың» лирикалық «меннен» бөлініп сын айтуы әсерлі:

<sup>18</sup> Сонда, 102-б.

– Замана жылдан-жылға болды өзге,  
Бір жан жок құлақ қояр жақсы сөзге.  
Сүйсініп сұхбаттасар жан қалмалды,  
Менің бар не керегім, деді, сізге?  
– Соқырлар қайдан білсін көз қадірін,  
Танытын жан қайда бар сөз қадірін?  
Танысын қарға, бұлбұл – қайсысы онды,  
Жамандар білмей жүрген өз қадірін.  
– Сақтамас, қадіріме ешкім жетіп, – дейді.  
– Таусылды бастас кісім бітіп, – дейді.  
Тікенге қонақтауға арланғаннан,  
– Барамын мен бұл жерден кетіп, дейді<sup>19</sup>.

«Мәшһүр Жүсіптің шабдар атпен айтысқаны» өлеңіне лирикалық қаһарман мен шабдар ат деректесуі өзек болған. Шығарма фабуласымен таныстырсақ, акын бір өлген адамның қыркына барып қайтарда, оған басқа жақтан ұрланып әкелінген бір жауыр шабдар ат байланылды. Лирикалық «мен» былай шыға бере әлгі аттан қайдан келгенін сұрап біледі. Сөз жоқ, бұл арада да тілсіз жануар сөйлеуі, адамдар арасында орын алған пайдакүнемдік, ұрлық, өтірікті ат аузымен қағыту өте әсерлі. Мәселен, акынның: «Ысқатқа сендей малды байлағаны // Малы жоқ, қара қасқа келді ме еді?» – сауалына ат былай үн қатады:

Жок, жок, бай-ак еді таптан озған,  
Анау-мынау кісі емес, Қаксал-Қозған.  
Өз өлігін осынша өзі қорлап,  
Уасуасы бар жұмысты шайтан салған.

Акынның лирикалық қаһарманы одан әрі көз жұмушының туысы жок шығар дегенді білдірсе, ат оның ұрпақтарының да, туысының да жетерлік екенін, тек осы іске араласушылар пайдакүнемдігінен келенсіздіктер туып отырғанын тарата дәлелдеп береді. Шабдар берген жағымсыз мағлұматтарды естіп қаныққан соң, жауырынына өлен жазылған қағазды жапсырып, атты лирикалық қаһарман бұрынғы иесіне қайтарып, босатып қоя береді. Міне, адамдар арасындағы жосықсыздықты шартты бейне, ат дабыралауымен ашу арқылы әжуа күшейе түссе, бұл да Мәшһүр Жүсіптің суреттеу амал-тәсілдерінің түрлшелігінен деп дәйектеген жөн.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әлем жаратылысы, жер

<sup>19</sup> Сонда, 160-б.

Тотдай торға түскен біз қаламыз,  
Бармақтың келеміндей жерге түсіп<sup>21</sup>.

Ал, «Мәшүр Жүсіптің ала қарғамен айтысы» өлеңінде алдымен лирикалық қаһарман ала қарғаның «қарқылдап» мазаны алу себебін сұрайды. Қарға жауап беру барысында көне заманда жер бетін басқан топан суы қайта бастағанда, Нұх пайғамбар тапсырмасын қалай ұмытқанын, соның сазайын қазір тартып жүргенін дағ етеді. Бұл бір жағынан ғылым үшін бағасы зор көне аңызды еске салса, екіншіден, оның адамдар үшін ғибрат берерлік мәніне үнліту жүзеге асқан.

Түйіп айтқанда, Мәшүр Жүсіп Көпейұлы XIX ғасырдың соңғы ширегінде-ақ суреттеудің бай амалдарын: көркем жинақтау, шартты әрекетті қолдану, дерексіз ұғымды заттандыру, т.т. шебер пайдалану арқасында шағын жанр лирикаға эпос мүмкіндігіндегі жүк артып, шындықты кең қамту шеберлігін көрсетті. Мұның бәрі XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүріп, мол қазына қалдырған Мәшүр Жүсіп Көпейұлының ақындық шеберлігін кең ізерлеп зерттеу қажеттігін, оның суреттеу амал-тәсілдерінің түрлішелігін, сөз зергері ретінде қазақ әдебиеті кемелденуіне көп үлес қосқанын дәлелдейді.

Мәшүр Жүсіп Көпейұлы өткен ғасырдың өзінде адамдарды тек ақ, қара деп бөліп, не соған сырттай сүйсінумен, не одан мүлде безінуден шектелмейді. Адамдардың не бірыңғай қап-қара жағымсыз болып келе бермейтінін, қайта бір адамда әрі оң, әрі теріс сезімдер қатар өмір сүріп, арпалысқа түсу ерекшелігін ашу, әсіресе, сол кез үшін кесек жетістік, адам сезімін лирика жанры мүмкіндігіне сай ізерлеп ашуда елеулі қалам еді. Мәселен, оның 1880-ші жылдары жазылған «Жарты нан хикаясы» өлеңінде басты назар өзіне жақсылық жасаған адамды жұтпақ болған айдаһар жауыздығына емес, жапа шеге жаздаған адамның өзінде елеулі қайшылық бар екеніне назар аударылады. Міне, мұнда оңай олжаға қызығып, біреуге жақсылық жасап, жапа шегушіні ақын не бірыңғай аптақ, не біржола ұнамсыз етіп көрсетпейді. Суреткер жай көзге байқалуы қиын, сырт қарағанда біршама жағымды көрінген адамның өзінің ішкі түйткілдеріне үніле, үнілте біледі.

Кезінде біреуге қамқорлық көрсетіп, жарты нан ғана беруі сол адам үшін әрі құтқарлық, әрі айыптарлық іс болып алынады. Бұл да қарапайым адам санасында орын алуы мүмкін аздаған қалыстыққа да суреткердің шүйіле ден қоюнан туған. Ақын бұл шығармасында сонымен қатар зұлымдық иесі, бөтен күш, дербес айдаһар болумен бірге, әр пенденің өз «айдаһары» болу ықтималлығына да көңіл бөледі. Сөйтіп, адам сезімінің көп қырлы

<sup>21</sup> Сонда, 173-174-бб

мен көк сыры, ислам діні тарихы, ізгілік, хақ жолын іздеген адамдар өнегесіне арналған аңыздарға негіздеп біраз дастандар жазғаны белгілі. Ақын тек хикаялар емес, өлеңдердің біразын да сол тақырыпқа арнаған. Соның мысалы – «Мәшүр Жүсіптің тырнамен айтысы», «Мәшүр Жүсіптің ала қарғамен айтысы» өлеңдері. Мұнда да ақынмен сұхбаттасушы болып адам емес, шартты бейнелер: тырна, қарға алынған. Шартты дейтініміз: сөзбе-сөз ұғынсақ, тырнаның да, қарғаның да тіл қатуы, көне тарихты баяндауы мүмкін емес. Әйтсе де сол шарттылық арқасында адамдар арасындағы келісіздік сыры, жер бетіндегі тіршілік тарихы соншалық әсерлі де, шынайы жеткізілген. Мәселен, «Мәшүр Жүсіптің тырнамен айтысы» туындысында алдымен лирикалық қаһарман күзде жылы жакка қайтып бара жатқан тырнаға көңіл бөліп, оның не бітіргенін білгісі келіп сауал береді. Тырна өз балапандарын өсіріп қайтқанын мәлімдей келе, сөз соңында Сүлеймен пайғамбар мен тоты күс әңгімесін келтіреді. Бірде көп балалар тұзақ құрса да, басқа жакка ұшып кетпей жүрген тотыны көріп, Сүлеймен танданса, күс бейғам жауабымен ерекшеленеді:

– Балалар киналашы тартып азап,  
Тақсыр-ау, қаш демеміз мені қажал.  
Тор түгіл, оқ атса да ұстатам ба,  
Бұларды қылып жүрмін ойын, мазақ<sup>20</sup>.

Ақырында «арада бірнеше күн өткізбей-ақ» сол «тотыны ұстап біреу алып» келгенде, «балырайып жатқан торға неге түсің?» – сұрағына тоты жауап қайтарады:

– Мен торға түспейін дел аспанға ұштым,  
Сізбен емес, балалармен ерегестім.  
Жер жүзін өрт алыпты, тегіс күйіп,  
Көздей жер сау көрінді, келіп түстім.  
Көрінген өрт боп маған сор екен сол,  
Сау жер болып көрінген титтей ара,  
Балалар құрып қойған тор екен сол!<sup>21</sup>

Бұл мысалдан, өз мүмкіндігін шамаламай, алданып, торға түсіп, опық жеуден, Мәшүр Жүсіп өз замандастарына, өзіне сабақ боларлық ұқсастық байқайды:

Мәз болып құр атаққа Мәшүр Жүсіп,  
Қаңбақтай домалаған желмен ұшып.

<sup>20</sup> Сонда, 172-б.

<sup>21</sup> Сонда, 173-б.

екенін, ішкі қайшылықпен күресу мәнін көрсету арқылы ақын қаһарман жан дүниесіне түкпірлей тереңдеу үлгісін де жасаған.

Мәшһүр Жүсіп қай өлеңінде болмасын, белгілі бір құбылыс, әрекетке көп көзбен қарай білуге жетектейді. Соның бір айғағы – «Сәйгелді, сона, бөгелек» өлеңі. Шығармада алдымен халықты езіп, қанаушы сәйгелді, бөгелек тәртізділерге өріс беретін аңқаулық, надандық сыналады. Сөйтіп ақын жауыздық пен адамгершілік арасындағы қайшылықты, керекарлықты ашумен жауыздың жауыз, ізгінің ізгі екенін бейнелеумен шектелмейді. Мәселен, сәйгелді, сона, бөгелекті сол кезде елді алдаған езушілер, отаршылар деп, соларды түйреумен шектелу біржақтылық, үстірттік болар еді. Өмірде қас пен досты айырмай, жедігөйлікке ұйып, кеш опық жеп күйзелушілер бар да, әдемі сезімнің бірі – сенгіштікті пайдаланып, тайрандаушылар бар екені белгілі. Оны ана халықта бар, мынада жоқ, ана заманда орын алған, кейін ұшыраспайды деп айтуға болмайды. Ендеше жауыздың жауыз екені онсыз да белгілі. Басты қателік, трагедия сол кесапатқа жол беруде, иланғыштықта жатыр дегенге саяды ақын.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің 1907 жылы Қазан қаласында басылған «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» кітабындағы «Соқыр, саңырау, жаланаш хикаясы» да – қазақ әдебиеті тарихында елеулі орын алатын туынды. Мәшһүр Жүсіп мұнда адам сезімін, көзқарасын күрделі, қайшылығы мол қалпында көрсетуге көңіл бөледі. Бір адамның әрі басқанын кемшілігін байқағыш екені, әрі өзіне керек істі мүлде көрмейтіні, қайшылығы нақты ашылған. Шартты түрде «соқыр» деп алынған ол құмырскадай ұсақ заттарды көргіш те, одан ірірек нәрсе, жан-жануар атаулыны мүлдем көрмейтін болып алынған. Бір адамның бір затқа ересен қырағы бола тұра, екіншісін мүлде көрмеуі оқырманға көп ой салғандай. Шартты түрде «саңырау» деп аталған екінші адам болса, ол қатты шыққан дыбыс атаулыны мүлде қабылдамайды да, өте бөсен үнді, сыбырды, «қулақтыдан» бұрын естіп қояды. Ақын өлең аяғында «саңырау» дегені «бөріні өзім білдім» деп, ұзақ ойға салынған, «өз жанының пайдасын» естімейтін адам екенін айтады. Ақын шартты түрде «жаланаш» деп аталған үшінші адам арқылы өмірінің өткініші, қысқа екенін ұмытып, ойға алғанының бөріні тындырдым деп, бос жүрген жандарды сынайды.

Өлеңде айтылатын өзекті идея, негізгі сын тек бұл айтылғандарда емес. Ақын өзіне керек істі көрмеушілікті, естімеушілікті, аға тоқмейілууді сынап қана қоймайды. Суреткер басты назарды көрмегенді көрдім, естімегенді естідім, бардан емес, жоқтан айрыламын деп, адасушыларға ауларады. Көрмеу, естімеу, ештенесі болмау бір кемшілік, бір жоқтық болса, одан үлкен қасірет тағы тұр. Ол көрмегенді көрдім, естімегенді естідім,

«жоқтан» айрыламын деушілік, өтірікке алданушылық деген ойға саяды автор. Бұл өлеңде де ақынның қайшылық сипаттарды кең қамтып, адам сырын түкпірлей ашу бағытындағы елеулі жетістігі байқалады.

Мәшһүр Жүсіп Көпелейұлының «Шайтанның саудасы» өлеңін ақынның жиені Қасенғали Жүсіповтен белгілі жазушы Зейтін Ақышев 1937 жылы жазып алып, оны мектеп оқулығын құрастырушылар: Қ.Бекхожин, мен Е.С.Смайыловқа ұсынған. Содан бастап ақынның осы өлеңі алдымен мектеп оқулықтарына (1940–1946), кейін жоғары оқу орнына арналған хрестоматияға (1959, 1983) енді. Сонымен қатар бұл туынды орысшаға аударылып, 1978 жылы Ленинградтан шыққан «Поэты Казахстана» антологиясында (құрастырушы М.Мағауин) жарияланды.

Әлем әдебиетінде қоғамды жайлаған келенсіздіктерді жинақтап көрсетіп, шенеу үшін шартты сюжет үлгісі қолданылып келгені мәлім. Мәселен, XVI–XVII ғасырдағы испан жазушысы С.Сервантестің «Дон Кихот» романындағы орталық қаһарманның «батырлық» жасамақ болған оғаш істерін, жел диірменмен айқаспақ болған т.т. күлкілі әрекеттерін өмірде болған, не жүзге асуы ықтимал шыңдық көрінісі дей алмайтынымыз анық. Сонымен бірге XIX ғасырдағы орыс жазушысы Н.В.Гогольдің «Өлі жандар» дастанындағы бас тұлға П.И.Чичиковтың өлі жандар тізімін арзанға сатып алып, бай болып көрінгісі келуі де өмірде іске асуы мүмкін, шыңдықтан көшірілген іс-әрекет емес. Бұл шартты сюжет қоғамды жайлаған сорақылықтарды барынша түйреу үшін қажет болған. Атап айтқанда, Чичиков сапары нәтижесінде бейқам, самарқаулардың өкілі болып Манилов көзге түссе, комағайлық Собакевич, сарандық Плюшкин т.т. арқылы шенелген. Демек, белгілі бір адамдардың жиынтық бейнесін жасау үшін өмірде іске асуы ықтимал істерден гөрі шартты әрекеттердің мүмкіндігі кеңірек болса, суреткер оны орынды пайдаланып отырған. Соның бір көрінісі – Мәшһүр Жүсіптің XIX ғасырдың соңғы ширегінде жазған «Шайтанның саудасы» өлеңі. Расында, шайтанның базарға барып сауда жасауы – дерексіз ұғым: зорлық, алдау, күншілдік, төкаппарлықты белгілі бір бұйым тәрізді тез сатуы т.т. – бәрі өмірде болмайтын шартты әрекеттер жемісі. Шығарма басындағы Ғайса пайғамбардың: «Жұрт барса, тері, терсек, жүң сатады, // Сататын малғұн сенін не пұлын бар?» – деп шайтанға сауал қоюы өмірде іске асуы ықтимал, шыңдыққа сай алынған сөз қолданысын танытады. Ал шайтан жауабы – шарттылық айнасы:

– Артқаным бір есекке ылғи жалған,  
Жалғанда өтірік жоқ мұнан қалған.  
Нанбасаң еріп бірге көзіңмен көр,  
Базарға қызығымды қалай салған.

Жүгім бар бір есекке мекер-хайла.  
 Мұнымнан келтіремін үлкен пайда.  
 Бір тиыннан он тиын пайда аламын,  
 Көптің басы қосылған жиын жайда.  
 Күншілдік бір есекке тиіп артқан.  
 Жібек, кендір арқанмен буып тартқан.  
 Базарға мұнан бұрын көп барғанмын,  
 Жерім жоқ бұл саудадан залап тартқан.

Артқаным бір есекке ылғи зорлық.  
 Есеңсіз мал табамын қылмай ұрлық.  
 Мен алмай оның малын кім алады,  
 Иттер бар көріп жүрген малдан қорлық.  
 Пайдасыз бос орынға жүрмеймін тек,  
 Көрінген бір жерім жоқ ешкімге жек.  
 Мастанып артқандықтан төкаппарлық,  
 Жүре алмай бара жатыр мынау есек<sup>23</sup>.

Көріп отырғанымыздай, «бір есекке ылғи жалған» арту, сөзбе-сөз ұғынсақ, мүмкін емес. Себебі «жалған» – көзбен байқап, қолмен көтеруге келмейтін дерексіз ұғым. Ал, сол дерексізді бір есекке жүк ретінде артудың өзі – оны заттандыру, бір жануар көтеруіне лайық салмақ мөлшерін межелеу белгісі. Сондай-ақ екінші бір есектеп жүктің, күншілдіктің, белгілі бір көлемге ие болғаны сондай, ол «жібек, кендір арқанмен буып тартқан» күйінде өрнектелген. Сонымен қатар келесі бір жүктің, заттанған төкаппарлықтың ауырлығы соншалық, оны артқан есек жүре алмай бара жатады. Мұның бөрі – қазақ даласын жайлаған: жалғандық, күншілдік, зорлық, төкаппарлық, ашкөздіктің т.т. қаншалық екенін айқын көріп, өлшерлік қалыпқа, заттандыруға көшіру арқылы белгілі бір салмақ, көлемділік дарығатын әсерлі бейнелеу үлгілері. Қорыта айтқанда, адамдарда жиі кездесетін ағаттықтарды сол қалпында алмай, бөріні оқиша орта, ерекше әрекет, шартты сюжет көмегімен бейнелеу ақынның суреттеу құралдарының байлығын танытады. Ақын осы оқыс оқиға, шартты әрекетті пайдалана отырып, не бір өткір сынды да шартты бейне, шайтан атынан айтқызады:

Шаршарсын базар барсаң басың қатып,  
 Сөйлеп тұр өз білгенін әркім шатып.  
 Жұрт билейтін ұлықтар таласумен,  
 Алады зорлығымды пұлға сатып.

<sup>23</sup> Сонда, 175-б.

Неге болыс болды малын сатып?  
 Қашан болып шыққанша жанталасып.  
 Текке тиын біреуге кім береді,  
 Зорлықпенен алмаса үкімі асып.

Қарсы келсе бетіне басын шайнар,  
 Құнсыз-пұлсыз кедейдің соры қайнар.  
 Өзі апарып ұлыққа тығар малын,  
 Ішпес, жемес, шық бермес Шығайбайлар<sup>24</sup>.

Шынында да ел билеушілердің тізгінге ие болуы біраз ретте таза жолмен емес, қайта зорлық, паракорлық арқылы іске асатыны белгілі. Оның үстіне солай қызмет ету тек Мәшүр Жүсіп өмір сүрген ортада емес, кейін де етек алуы мүмкіндігін сараптасақ, ақынның тек бір кезең емес, бар заманда орын алуы ықтимал, демек, жиі қайталанып отыратын кеселдерді шебер жинақтап мысқылдай білгенін көреміз.

Басқа да олқылықтар тәрізді төкаппарлықты да ақын жай сынап өтумен шектелмейді, оны да биігіне жеткізе, жіліктеп ашады:

Біреуі ұн, біреуі пұттап май алады,  
 Біреу қой, біреу тайынша, тай алады.  
 Төкаппарлық «жүгімді» қалғасы мол,  
 «Жетілген» наландыққа бай алады.  
 Томпитып қалғасына жүрген сыймай,  
 Беруге ешбір жанға көзі қимай.  
 Алған соң төкаппарлық сатып менен,  
 Дүрдиер өз үйіне өзі сыймай.

Бай біткен болғандықтан қарабауыр,  
 Арқасы ер салмастан болар жауыр.  
 Не айтып, не қойғанын білмес өзі,  
 Тырнадай өзін өзі көріп ауыр<sup>25</sup>.

Әсіресе біреудің ұн, біреудің «пұттап май», немесе қой, тайынша, тай алғанын келтіргесін барып, төкаппарлықты «қалғасы мол» «наландыққа» «жетілген» бай иемденуі әсерлі. Одан әрі сол бай қалғасының көлемді («томпитып») екендігі, оны ешбір жанға беруге қимай жүретіні, «өз үйіне өзі сыймай» дүрдиюі – бөрі лирика жанры аясында төкаппар адам бейнесін біршама кең ашуға сеіптігін тигізген.

<sup>24</sup> Сонда, 177-б.

<sup>25</sup> Сонда, 178-б.

Әдетте шайтан теріс іске итермелеуші, ал, періште оң жолға үгіттеуші символдық бейне ретінде алынатынын бағамдасақ, сөйткен арбаушымен адамдардың қатар тұруының өзі қоғамдық ортадағы азып-тозу деңгейін көзге ұрады. Сондықтан да шайтан:

Көгерме өтірікпен менен алған,  
Бар күшін сап олар да сөйлер жалған.  
Кім болса бұл заманда сол әкетер,  
Қор болып қашан өтірік жерде қалған?<sup>26</sup> —

десе, бұл – адамдар арасындағы жалғандықтың қаншама биікке көтерілгенін бөтеннің, яғни пенделерге ежелден жаны ашымайтын эээзілдің сөзімен дәлелдеу үлгісі. Бұл жолдардың әсерлі естілу себебі жанашыр емес, теріс көзқарастығының өзінің өтірік өрлеуінің куәсі болуы, шындықты мойындауы деп білеміз.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы аз сөзге көп мағына сыйғызу үшін, белгілі бір дерексіз ұғымды заттандыруға немесе заттандыра отырып жандандыруға жиі барады:

Ағайын егіз туған: ұрлық, зорлық,  
Зорлығы ағасында, ініде ұрлық.  
Бірі қойса, бірі де қояр еді,  
Тауып тұр қоймағаннан тегіс қорлық.

Зорлығын қоймай өзі, жаппай мінін,  
Ініге қойғыза алмас аға тілін.  
Қасқырдай өз күшігін талаған жан  
Түзетіп тыныш ұстайды қалай елін?<sup>27</sup>

«Ұрлық», «зорлық» көзбен барлап, қолмен сипауға келмейтін дерексіз ұғымдар екені белгілі. Ал, осы екі ұғымның бірін екіншісі тудыратынын дәлелдеу үшін, екеуін де жан иесі, ағайынды адам ретінде алу нәтижесінде ақын қоғамды жайлаған кесепаттың өзара байланысты екенін ұтымды өрнектеген. Көрініске, суретке ұлттық өрнек тұрғысынан келсек, інісіне сөзін өткізе алмаудың өзі – қазақ ұғымында соншалық ерсі, оғаш қылық. Ал, осы ағаның ініге ип үлгі көрсете алмауына, қасқырдың өз күшігін тағауымен салыстыру қосылғанда (біз келтірген үзіндідегі жетінші жолда), ел билеушінің келіссіз әрекеті айқындала түскен. Бұл әсерліліктің бастау көзі дерексіз ұғымның («ұрлық», «зорлық») заттану, жандануында жатқанын дәйектесек, тағы да ақынның суреттеу құралдарының сан алуан екеніне көз жеткіземіз.

<sup>26</sup> Сонда.<sup>27</sup> Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Сарыарқа кімдікі екен. А., 1907. 68-б.

«Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлеген сөзі» өленінде мынандай бір жолдар бар:

Өзіме көрінемін өзім мінді  
Кісендеп бекітпедім неге тілді?<sup>28</sup>

Сөзбе-сөз ұғынсақ, «тіл» сөзі дерексіз емес, оны көруге де, ұстауға да болады. Әйтсе де мәселе жеке тілді бекіту емес, ішке сыр сақтауда, демек адамның жалпы өзін тежеуінде екенін зерделесек, тілді жай ұстамай, темір кісенмен бұғаулаудың адам тәніне айрықша қатты бату мүмкіндігі аян. Ендеше сөз иесіне қысым жасаушы күштердің қаншалық өктем екенін бейнелеуде осы бір шартты қолданылған «кісендеп» сөзінің алар орны ерекше. Бұл шығармадағы мына тармақтар да назар аударарлық:

Былғарының орнына көн мен сірі,  
Теріс қарасар ұнатпай бірін-бірі.  
«Ал», «бер» деген сөз еді екі ағайын,  
«Ал» өліп, «бер» деген сөз қалды тірі.  
Екі сөз: бірі айтылды, бірі қалды,  
Уақ ақша таусылды, ірі қалды.  
«Бар» деген сөз аты өшіп, тып-тыпыл бол,  
Бұл күнде «жөк» деген сөз тірі қалды?<sup>29</sup>

Жалпы, жылы киім, не етік, т.б. әзірлеу үшін жұмсақ былғарының неғұрлым қолайлы екенін, ал, қатып қалған көн, сірілен сапалы бұйым шықпайтынын ескерсек, бұл екеуін салыстыру барысында бастапқының қажеттігін, кейінгінің жайсыздығын оңай бағамдаймыз. Осы көзге көрінер екі ұғымның бір-біріне қарама-қарсы екенін ажырату соған сүйене өрілген «ал», «бер» ұғымдарының қарама-қарсылығын сезінуді негіздеген. Деректі зат алшақтығына сүйеніп, дерексіз ұғым қарама-қарсылығын әзірленген кейін, дерексіздің бірі «ал» өліп, «бер» тірі қалуы ерекше әсерлі. Бұл мүшкілдікті дерексіз «бар» ұғымының заттанғаны соншалық, «аты өшіп, тып-тыпыл бол» өшкені, ал дерексіз «жөк» ұғымының заттанып, жан иесіне айналғаны сондай, тірі қалуы одан әрі жоталана түскен.

Ақынның «Қалмады ойлай-ойлай басымда ми» өленінде де осы іспеттес дерексізді заттандырудың ұтымды үлгісі көрінеді:

Абыройым төгілмесін деп ойласан,  
Ұяттан қолшатыр ғып ал басына?<sup>30</sup>

<sup>28</sup> Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Таңдамалы. I-т., – А., 1990, 76-73-бб.<sup>29</sup> Сонда, 76-б.<sup>30</sup> Сонда, 92-б.



Дерексіз ұғым ұятты қолмен қолмен ұстарлық қолшатырға айналдыру нәтижесінде ақын адамға қорғаныш боларлық қасиетке мойын бұрғыза білген. Қолшатырды елестетіп, оның күннен, жауыннан қорғарлық мәнін дәйектесін барып, біз ұяттың ізгі ниетті адам үшін ерекше рөл атқаратынын зерделей аламыз. Ақын дерексізді заттандыру тәсілін қолданғанда, тұрмыста жиі пайдаланылатын бұйымдарды алады:

Бұзылған замананың уақтысында  
Шын сөзің өгірікке болмайды астар<sup>31</sup>.

Киімнің, не көрпенің ең қымбат, асыл жағы бергі беті, өңірі екені, ал, астарға неғұрлым арзан материал қолданылатыны мәлім. Демек, адамдар үшін зиянды өгірік-өңірге, неғұрлым бағалы материалға айналса да, адамдар үшін керек шын сөздің соған астарлыққа да, яғни бағасы төмен екінші қатардағы материал болуға да жарамай қалуы ой саларлық. Сөйтіп, дерексіз «шын сөз» бен «өгірік» ұғымдарының заттанып, бірінің өңір болуға жарап, ал, екіншісінің астар дәрежесіне де жетпей қалуы көмегімен ақиқаттың қаншалық қадірі кеткені жарқырап ашылған.

Ақын өз ойын шынайы нақыштау үшін, табиғаттағы көріністер мен оған шартты түрде болсын ұқсас делінген адамдар өмірін салыстыра, жарыстыра алу, яғни психологиялық егіздеу тәсілін де жиі енгізген:

Бұлақ деп судың көзін ешкім ашпас,  
Екпіндеп өзі тасып шашылмаса.  
Ерлерге жай жағумен қайрат кірмес,  
Ғалыдай орда жатып ашынбаса<sup>32</sup>.

Үзіндідегі «тасып шашылмаса» сөздері демсуімен отау тіккен екпін күші, мәні одан кейін күрескер ерлерге де сондай қасиет керек екенін салыстыра шегендеуге қызмет етіп тұр. Яғни табиғаттағы айқындық адамдар бойындағы көзге көрінбейтін қайратқа да белгілі бір заттылық, тегеуріндік шарпуын дарытқан. Сол іспетті жарыстыру үлгісі:

Сенгір-сенгір таулар бар, бұлағы жоқ,  
Қопалы көл – жекен мен құрағы жоқ.  
Өңшен үрген қарынға душар болдық,  
Зарлап тұрсаң еститін құлағы жоқ<sup>33</sup>.

<sup>31</sup> Сонда, 97-б.

<sup>32</sup> Сонда, 45-б.

<sup>33</sup> Сонда, 79-б.

Алдымен қанша зәулім болса да, бұлағы жоқ тауларды, ізінше жекен мен құрағы жоқ көлді көру мұнарасымен саралап барып, «зарлап тұрсаң, еститін құлағы жоқ» «өңшен үрген» қарын сияқты адамдардың пайдасы жоқтығы, бейшаралығы айқындала түседі. Сондай-ақ:

Ақ марал жайылмайды қабанменен,  
Бірге ұшпас бұлбұл-қарға, тағанменен.  
Түлкі мен шер, мысық пен тышқан бір бол,  
Барады әуре-сарсаң заманменен<sup>34</sup>.

Жолдарында да психологиялық егіздеу, табиғаттағы бұлтартпас сәйкессіздікті паш етуден кейінгі адамдар қарама-қарсылығын хайып салу іске асқан. Атап айтқанда, маралдың қабанмен, бұлбұлдың қарғамен, түлкінің арыстанмен (шер – парсыша арыстан дегені), мысықтың тышқанмен бірге жүруі, бірдей күй кешуі қандай орынсыз болса, лирикалық қаһарманда да сондай мүшкіл хал бар екені, жақсы мен жаман адамдар ара жігі ажыратылмай жатқаны т.б. сыналалды.

Ақын дәстүрлі символдық белгілерді жарыстыра пайдалануға сүйеніп, өз ойын өрістетіп, тұлғалантып жеткізе біледі:

Ай орнын аспандағы бұлт алып,  
Орнында дүр гауһардың су тас қалып,  
Құр тікен қызыл түлсіз қолға түсіп,  
Ауызға қант орнына зәһер салып<sup>35</sup>.

Мұнда да айды бұлтпен, дүр гауһарды су таспен, қызыл түлді тікенмен, қантты зәһермен ауыстыру келіссіздігін, яғни көзге балырайып көрінген, дәлелденіп біткен айқын ұғымдарды алға тарта алған ақын оң ниеттің орындалмай, не бір қымбаттың арзанмен теңестірілуі терістігін таныта білген.

Мәшүр Жүсіп шеберлігі, бейнелеу тәсілдері дегенде, ол мәнерлеген сөз кестелерінің алдымен ұлттық бояумен көмкерілгенін, көп детальдің ұлттық өрнекке сай сұрыпталғанын дәлелдеуі қажет: «Өнерге өзінді өзін ерте баулы, //Жастықтың бір күн күн көшіп кетер ауылы»<sup>36</sup>. Бұл деталь, жастық ауылының бір күн көшіп кетуін бейнелеу өрнегі, негізгі тіршілігі малмен, көшумен байланысты қазақ ұғымына неғұрлым жақын түсінікті болумен де мәнді. Ауыл көшуімен, басқа жерге ауысуымен, яғни шұғыл

<sup>34</sup> Сонда, 84-б.

<sup>35</sup> Сонда, 100-б.

<sup>36</sup> Сонда, 93-б.

алыстауымен салыстыру нәтижесінде жастық шақтың да тез өту мүмкіндігі ұтымды кестеленген. Сол тәрізді: «Бұл жалғанның жүзінде көңілің өспей, // Көрінгеннің жұртында қалдың көшпей»<sup>37</sup>, тармақтарында басқалар аттанғанда ере алмай қалууды сипаттау да малы барлар ғана көше алатынын бағамдап өскен қазақ үшін аса аянышты халді жайып салады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 1907 жылғы «Хал-ахуал» кітабында Шығыс поэзиясында кең есептелген махаббат, бақыт символы бұлбұл мен гүл жарасымдығын қызықтап, бұлбұлдың түнімен қызыл гүлдің ашылуын тосуын, арман етуін жырлағаны белгілі. Ақын сонымен бірге орыс поэзиясы дәстүріне де иек артып отырған. Мәселен, И.А.Крыловтың «Ала қойлар» мысалында патша арыстан әмірімен қойды баққансып жүріп жоқ қылған қасқыр (бұл мысалды Абай да, А.Байтұрсынов та тәржімалаған) әрекетін Мәшһүр Жүсіп ұтымды пайдаланған:

Ондырмас мынау қойшы бізді бағып,  
Сінбей тұр ішкен тамақ бойға жағып.  
Тұрғызып омаканы әрбір жерге,  
Жер-суды ап кетті ғой қазық қағып»<sup>38</sup>.

Бұл арада қазақ халқын бағушы губернатор, не патша деп есептесек, аталған тұспал белгінің өрбітілуін сәл кейінірек жырлаған акындардан да кездестіреміз:

Алашым, айтқанды алсаң, без бұлардан:  
... Қой бағып қасқыр қашан опа қылған»<sup>39</sup>

Ай ұшатын аспанға  
Жер жағдайы жақпайды...  
Ащы, қатты дауыстан  
Қарағай, терек жығылар.  
Қожайынсыған арыстан  
Сексенер, тасқа тығылар»<sup>40</sup>.

Салыстыра сараптасақ, И.А.Крыловта ала қойларды алдымен арыстан қырмақ болады, бірақ тікелей жоюға үндеген аю ұсынысы кейін жаманатқа қалдыратын болғандықтан, қабылданбай, құртуды іске асырып, «жазықты» болу қасқыр үлесіне қалады. М.Дулатов осыны ескеріп: «Қой бағып қасқыр қашан опа қылған» – десе,

<sup>37</sup> Сонда.

<sup>38</sup> Сонда, 34-б.

<sup>39</sup> М. Дулатов. Алашқа. // Қазақ, 1916.

<sup>40</sup> І. Жансүгіров. Ызалы қиял. // Келер, 1923.

І.Жансүгіров қасқырды емес, арыстанды бөліп алғандай, өзі Айға ұшқанда, ақырған даусынан қарағай, терек жығылатынын, сол сәтте «қожайынсыған» арыстанның, демек, қызыл коммунист ел билеушісінің де сексенуі мүмкіндігін әйгілейді. Назар аударарлық жайт: И.А.Крыловта арыстан мен қасқыр және оның қой бағып қарық қылмауы тікелей өзара байланыста берілген. Мәшһүр-Жүсіпте бағып жарытпайтын қойшы бөліп алынса, М.Дулатовта қасқырдың ешқашан қой қорғап опа қылмайтыны еске салынып, екі ақында да, отарлаушы ел билеушілер қастандығынан қазақ халқын сақтандыру жүзеге асқан. Ал, І.Жансүгіров қасқыр мен ала қойларды мүлде сөз қылмай, тек бөрінің төбесінен қараушы арыстанның өзін де сексендірер күш бар екенін қатаң ескерткен. Сөйтіп, орыс ақыны И.А.Крылов мысалындағы символдық бейнелерді қазақ ақындары: Мәшһүр Жүсіп, Міржақып, Ілияс – әрқайсысы өзінше өрістетіп пайдаланған. Мұның бәрі ақын шығармашылығын жеке алмай, әлемдік поэзия дәстүрімен тығыз бірлікте қарастыру керектігін дәлелдейді.

## ЖИЕНҒАЛИ ТІЛЕПБЕРГЕНОВ (1895 – 1933)



Жиенғали Әділұлы Тілепбергенов — XX ғасырдың жиырмасыншы-отызыншы жылдарындағы қазақ әдебиеті мен ұлттық журналистика жылынамасында өз қаламының көрнекті ізін қалдырған тұлға. Ол 1895 жылы 2 қарашада бұрынғы Ақтөбе губерниясы Темір уезінің 47-ауылында (қазіргі Ақтөбе облысындағы Мұғалжар ауданының аумағы) дүниеге келген. «Мен өзім кедейдің баласы болдым, — деп жазады Жиенғали, — әрі момын, әлсіз атаның тұқымы болдым да, ол кездегі орысша үшкілдерге (школа — ред.) қалай кірудің де мәнісін білмейтін едік. Ауылдағы молдадан оқып шала-шарпы хат қана танып, байларға жалданып жүрген жерімнен, «жәдитшіл» (жанашыл) мұғалім болып жүрген нағашым бар еді, соның «азғыруымен», қаржылай жәрдеммен Орынбордағы «Құсайыния» деген татардың жәдит медресесіне кірдім (ол нағашым Беркінулы Абдолла деген осы кезге дейін бала оқытумен шашы ағарып келе жатқан көрі мұғалім)<sup>1</sup>.

«Құсайыния» медресесіне кірген 1914 жылдан бастап Жиенғали татар әдебиетімен таныса бастайды. Тағар әдебиетіне ерекше ықылас қоюына сол кездегі әріпте жолдасы, кейіннен қазақтың көрнекті ғалымы атанған, профессор Құдайберген Жұбановтың елеулі ықпалы болады.

«Бастап «Құсайынияда» жүргенде татар әдебиетімен таныстым. Соны оқып қызықсына басталдым. Оны оқып танысуға себеп болған Жұбанұлы деген серігім еді» дейді Жиенғалидың өзі де.

Бұдан кейін ол 1915 жылы Уфадағы «Ғалия» медресесіне түсіп, 1918 жылы медресені бітіріп, мұғалім атағын алып шығады. «Мен барған жылы бастап, — дейді Жиенғали, — қаламымызды әдебиетке үйрету үшін «Садақ» деген жазба журналды жасырын түрде шығардық. Журналымыз ойыншық сияқты болса да, қаламымыз неләуір сонан ысылып қалды»<sup>2</sup>.

Жиенғали алғашқы еңбек жолын 1918 — 1919 оқу жылында Қандыағаш мектебінің мұғалімі болып бастайды, 1920 жылы Қоңжар деген жерде ашылған мұғалімдер даярлайтын курсқа ана тілінен және білім беру әдістері бойынша сабақ береді, сауатсыздықты жою мектептерін ашады.

Құдайберген Жұбанов Қүйікқалала (қазіргі Орынбор облысындағы Илецк) училищеле оқып жүргенінде «Тез», кейін 1920 жылы Темір қаласында «Ай» деп аталған қолжазба журналдар шығарады. Қолжазба журнал шығару тәжірибесін игерген Жиенғали бұған қалам жәрдемің береді. «Тез» журналында оның «Намазаға» деген әңгімесі, К. Жұбановтың «Ит әулие», Абдолла Беркіновтің «Жазықсыз жандар» деген қысқа әңгімелері жарияланды. Бірақ бұлар сақталмаған. «Ай» журналына Құдайберген Жұбановтың М.Горькийдің бірқатар шығармаларын ауларып жариялауы — Жиенғали екеуінің пікір-таным өрісінің ортақ бірлікте қалыптасқанын көрсетеді.

1921 жылы Жиенғали Темір қаласындағы уездік оқу бөлімінің инспекторы болып тағайындалады, кейін оның менгерушісі болады. 1925 жылғы 17 мамырда Темір уезінен Халық ағарту қызметкерлері одағының бүкілқазақстандық өлкелік съезіне делегат болып сайланады. Құдайберген Жұбанов екеуінің съезге қатысушы делегаттармен бірге түскен суреті бар. Осы съездің қорытындысы бойынша Жиенғали «Кедей» газетіне «Қазақстан ағарту қызметкерлерінің 1-тойы ашылды»<sup>3</sup> деген мақала жазалды.

Лениннің қайтыс болуына байланысты партияға адам қабылдау кезінде Жиенғали 1924 жылы партия мүшелігіне кандидат болып қабылданады, 1926 жылғы 18 тамызда мүшелікке өтеді.

1925 жылдың қазан айында Жиенғали Тілепбергенов Ақтөбенің губерниялық «Кедей» газетіне жауапты редактордың орынбасары болып бекітіледі. Ал 1926 жылы өлкелік партия комитетінің шешімімен Қызылжарда шығатын губерниялық «Бостандық туы» газетінің жауапты редакторы болып тағайындалады. Маман оқытушы кадрлардың жетіспеушілігіне байланысты Жиенғали Тілепбергенов 1927 жылдың тамыз айында Қызылжардағы казак педагогика техникумының директоры қызметіне ауысады.

<sup>2</sup> Сонда.

<sup>3</sup> Кедей, 1925, 11 маусым.

1928 жылы өлкелік партия комитетінің ұсынуымен Қызылордадағы Қазақ ағарту институтының әуелі оқу-тәрбие жұмысының менгерушісі, кейін директоры болып тағайындалды. 1929 жылы Қызылорданың «Сыр бойы» газетіне редактордың орынбасары болып келеді, көп ұзамай осы газетке редактор болып бекітіледі.

Ж. Тілепбергенов 1931 жылдың бас кезінде «Сыр бойы» газетінің редакторлығынан босап, біраз уақыт Алматыдағы Қазақ мемлекеттік баспасында редактор болып істейді. Ал 1932 жылы туған жері – Темір қаласына келіп, уездік «Социалды майдан» газетінің әуелі тілшісі, кейін жауапты редакторы болады. «Социалды майдан» газетінде редактор болып жүрген Жиенғали Тілепбергенов 1933 жылғы 11 сәуірде 38 жасында ауыр науқастан қайтыс болады.

\* \* \*

Жиенғали – жалпы ұстаздық пен шығармашылықты қатар алып жүрген жазушы. Қаламгерлікке жас күнінен бой ұрған. Шығармалары Уфа мекресіндегі қолжазба «Садақ» журналынан бастап, осы ғасыр басындағы «Қазақ», «Алаш», «Абай» сияқты басылымдарда, 20-жылдардағы «Кедей», «Сыр бойы», «Бостандық туы», «Еңбекші қазақ», «Ауыл тілі», «Жұмысшы», «Ауыл» газеттерінде, «Әйел теңдігі», «Жаңа әдебиет», «Қызыл Қазақстан», «Жаршы», «Балға» журналдарында жарияланып тұрған.

Өзінің өндіріп жазатын дәуірі енді туған шақта қаламын қапияда «қолынан түсіріп алып», өмірден ертерек өткен Жиенғалидың әдебиет тарихындағы орны, шығармашылық мұрасы XX ғасырдың елуінші жылдарының орта шеніне дейін елеусіз жатты.

Жиенғалиды жұртшылыққа алғаш рет 1955 жылы сол кездегі хас зерттеуші Тұрсынбек Кәкішев «Әдебиет және искусство» журналында<sup>4</sup> жарияланған мақаласы арқылы таныстырды. Ж. Тілепбергеновтің туғанына 60 жыл толуына орай жазылған осы мақаласында зерттеуші Жиенғали сияқты қаламгерлерге назар аударылмай келуінің кейбір себептерін ашады.

«Біріншіден, – дейді ол, – біздің әдебиет тарихын зерттеушілеріміз белгілі бір кезеңде әдебиетпен айналысқан қабілетті адамдардың өмірбаянын анықтау мәселесіне келгенде жеткілікті мән бермейді де, күдіктене де, қорқа соға да береді. Мысалы, Жиенғали Тілепбергенов жөнінде орынсыз күдіктер болды. Ол өзі 20–30-жылдарда әдебиетке араласқан болса, қалайша жікшілдіктен, тіпті қала берді ұлтшылдықтан аман болды дей аласың, одан да жабулы қазан жабулы күйінде қала берсін

деген сияқты теріс, шалағай пікірлер айтылып жүрді. Осындай яғни пікірдің салдарынан оның шығармашылығы осы уақытқа дейін зерттелінбей келеді.

Екіншіден, бұл ақын-жазушылар нені жазып қиратып тастады дейсін, әдебиетке үлес болып қосыларлық ешпенесі жоқ, шығармалары үгіттік дәрежеден асты дейсін бе деген сияқты орынсыз көтеріңкі талап қойылған, сөйтіп олардың еленбеуіне апарып соқтырған теріс көзқарас та болды.

Міне, кейіннен кейбір зерттеу еңбектері мен оқулықтарда Жиенғали Тілепбергенов шығармашылығы туралы азды-көпті сөз қозғала бастауына Тұрсынбек Кәкішевтің аталмыш жарияланымы кең жол ашты.

Осыған байланысты қызық деректі академик Рахманқұл Бердібайдың «Имандылық»<sup>5</sup> атты мақаласынан кездестіреміз.

«1957 жылдың жазғы салымғы айларының бірінде мені Қазақстан Жазушылар одағы партбюросына шақырды», – дейді ол. – Осының алдында ғана мені «Қазақ әдебиетінің» 1956 жылы жарияланған, ел арасында көп пікір тудырған материалдарын ұйымдастырушы деп кінәлап, жұмыстан босатқан... «Не болды екен деп қанша ойласам да, газет ісіне қайта оралып соғарлық ешнәрсені есіме түсіре алмадым. Сөйтсем, «қырағылар» көңілі көншімепті, «Қазақ әдебиетіндегі» бір мақала «әшкереленбей» қалыпты. Ол – белгілі ғалым, ұстаз Б.Кенжебаевтың қысқа ғана бір материалы. Оны «редакцияға» хат үлгісінде газетке даярлап, «Өтелмеген парыз» деп тақырып қойып бастырған мен едім... Қазақстан Жазушылар одағының партбюросына дәл сол мақаланы тексеруге байланысты арнайы шақырылғанымды білдім... «Өтелмеген парыз» деген мақалада 20-жылдарда белсенді еңбек еткен бір топ журналисты, жазушылар еңбегін архив шаңынан тазартып, зерттеу, жарыққа шығару мәселесі көтерілген болатын. Солардың қатарында Ж.Тілепбергенов, С.Сәдуақасов секілді бес-алты қаламгердің есімі аталған. Міне осылардың ішінен С.Сәдуақасовтың атына көзі түскен біреу Қазақстан Компартиясы Орталық комитетіне көшкүлаш арыз жазып, «Қазақ әдебиеті» газеті партияның Қазақстанда жүргізген саясатына қарсы шыққан Смағұл Сәдуақасовты дәріптеп отыр» деп байбалам салыпты...».

Т.Кәкішевтің мақаласында айтылғандай, академик Р.Бердібайдың баяндаулары да Жиенғали шығармашылығының зерттелуіне, еңбектерінің жарыққа шығуына кезінде осындай «талқылаулардың қаншалықты керте болғанын көрсететін нақты дерек.

Көзі тірісінде Жиенғалидың үш кітабы жарық көрген. Олар

<sup>4</sup> Әдебиет және искусство. 1955, № 12.

<sup>5</sup> Ғабиден Мұстафин туралы естеліктер. Астана, 2001, 115-116-бб.

Арада ұзақ жыл өткеннен кейін ғана, 1997 жылы жазушы шығармалары Ақтөбе облыстық баспаханасынан «Таңбалылардың хикаяты» деген атпен бір том болып жарық көрді. Профессор Т.Кәкішев, зерттеуші Ғ.Ниязова және жазушының ұлы Нұраш Жиенғалиев құрастырған бұл жинаққа қаламгердің белгілі еңбектерімен қатар, кейбір танымнан тыс жатқан шығармалары да енді.

2002 жылы Астанадағы «Елорда» баспасы Ж. Тілепбергеновтің бірнеше шығармасын «Перизат-Рамазан» деген атпен жеке жинақ<sup>6</sup> етіп шығарды.

\* \* \*

XX ғасырдың жиырмашыңшы-отызыншы жылдарында ғұмыр кешіп, шығармашылық қызметін жүзеге асырған Жиенғали Тілепбергенов сияқты жазушылардың бөріне ортақ бір өлшем бар. Ол – өмір сүрген кеңестік қоғамның талабы мен сол қоғамнан тысқары тұра алмайтын қалам тынысы. Компартияның басқаша ойлауға жібермейтін шектеулі шеңбері аясында жаратылған шығармалар, осы орайдағы авторлық ұстаным, идеялық тұрғырымдар бүгінгі бостан оймен сабақтаса алмайтын сәттері де жоқ емес. Ал әдебиеттің даму тарихымен байланысты байытпасақ, кеңестік заманда жазылып, жарық көрген шығармалардан мүлде бас тартуымызға болмайды. Бұл ұлттық әдебиеттің белгілі бір кезеңдегі шығармашылық жемістері; идеялық-тақырыптық өзгешелігіне қарамастан, қазақ қаламгерлерінің қолынан шыққан, кезінде өз оқырманын тапқан, қоғамның саяси-әлеуметтік өмірінде нақты орны болған туындылар. Жазушы Жиенғали Тілепбергенов мұраларына да осылай қараған жөн, осындай ұстаныммен бағалау қажет.

Жазушының шығармашылық өмірбаяны мен қаламгерлік қалыптасу кезеңдері төмендегіше айқындалады:

Жиенғалидың «төселіп жаза бастауы» (өз сөзі – ред.) 1925 жылғы газет жұмысына кірген сөттен басталса да, жалпы шығармашылық әрекеттері бұдан ергерек басталған. Соған орай оның әдеби-публицистикалық қызметін екі кезеңге бөліп қарастырған орынды.

Жазушы шығармашылығының алғашқы кезеңі 1913–1925 жылдар арасын қамтиды, ал екінші кезеңі – 1925 жылдан бастап өмірінің соңына дейінгі аралық.

Мұның мынадай себептері бар: 1925 жылға дейін Жиенғали

<sup>6</sup> Ж. Тілепбергенов. Перизат-Рамазан, Астана, 2002 (Құрастырған, алғысөзін жазған С. Баймение)

– «Перизат-Рамазан», «Тіліш» пьесалары мен «Таңбалылардың хикаяты». Арап қарпімен шыққан бұл кітаптар кейін қайта жарияланбады. Сөйтіп жазушы мұрасы бірте-бірте ұмытылып, жұртшылық назарынан шет қала басталды.

Жиенғали жайындағы естеліктерін жаңғыртқан жақын-жуықтары оның соңында «шымшып бұған екі қап қолжазбасы» қалғаны туралы әңгімені көп айтады. Әсіресе жазушы дүниеден өтер кезде жанында болған балдызы Айман Агантаеваның айтуынша, Жиенғали: «Көп жылдар бойы жазған кітаптарым, қолжазбаларым бар. Солардың бөріні біріктіріп, үлкен кітап етіп шығару арманым еді. Алматыда Жазушылар одағындағы жолдастарым шығаруға уәделерін берген. Мен енді сендерге жоқпын. Мен өлгесін жазбаларымды жолдастарыма тапсырыңдар, бұл үлкен өсиетім», – депті.

Расында, жазушы қайтыс болғаннан кейін оның жаңа жинағын шығару қолға алынпты. Қазақстан көркем әдебиет баспасының 1936 жылы басылатын кітаптарының жоспарына 24-інші болып Ж. Тілепбергенулының «шаруашылықты бұрынғы сабасына жеткізу дәуірі мен қолхоздастыру дәуірін суреттейтін әңгімелерінің жинағы»<sup>6</sup> енген екен. Бірақ бұл жинақ жарық көрмеді, өйткені кітапхана-мұрағаттар қойнауынан кездеспейді. «Өзі жоқтың көзі жоқ» дегендей, жоспарға енгенімен, осы жылдардың дүрбеленіне орай шықпай қалған болуы әбден мүмкін. Сол сияқты Жиенғали қолжазбаларының кейінгі тағдыры да белгісіз.

Жиенғалидан қалған мол мұраның мысқалдай бір бөлігі Тұрсынбек Кәкішевтің құрастыруымен 1969 жылы алғаш рет «Ізбасар» деген атпен жарық көрді. Бұған Ж. Тілепбергенов қаламынан туған еңбектер түгел енген жоқ, ол шағын әңгімелерінің, оқшау сөздері мен фельетондарының жинағы болып шықты. Осыған байланысты профессор Т. Кәкішев былай дейді: «1957 жылғы ұзақ командировкадан қайтып келгеннен кейін Жиенғали Тілепбергеновтің «Таңбалылардың хикаяты» повесі мен «Перизат-Рамазан» пьесасы сияқты сүйекті шығармаларының қолжазбасын баспаға апарып бергенмін. 1969 жылы, араға он екі жыл салып, әлгі мен апарып берген қолжазба жал-құйрығы күзеліп, «Ізбасар» жинағы басылып шықты»<sup>7</sup>.

Қаншама кешігіп шықса да, осы жинақ ұзақ уақыт бойы Жиенғали шығармашылығына байланысты сөздің дәйегі ретінде пайдаланылып келгенін айтпай өтуге болмайды. Шын мәнінде, 1969 жылдан кейін Жиенғали шығармаларын қайта шығару мүлде қолға алынған жоқ.

<sup>6</sup> «Қазақ әдебиеті» газеті, 1936, 10 қаңтар.

<sup>7</sup> Т. Кәкішев. Садақ. А., 1986, 114-б.

бірыңғай шығармашылықпен айналыспаған. 1913 жылдан жаза бастағанымен, 1925 жылға дейін оқытушылықтан қол үзбей, қалам қызметіне арақідік араласып тұрған.

Шығармашылық қызметке бірыңғай бетбұруы 1925 жылдың соңынан басталады. Оның артында қалған әдеби мұрасының мазмұны мен ауқымы да тұтастай шығармашылығын осындай екі кезенге бөліп қарастыруға мүмкіндік береді.

1931 жылы «Жаңа әдебиет» журналы бір топ қазақ жазушыларына «Кім қалай жазған?» деген сауал қойып, олардың мақалаларын жариялады. Бұл сауалға Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Қалмақан Әбдіқалыров, Ғабит Мүсірепов, Жәкән Сыздықов, Орынбек Беков, Жиенғали Тілепбергенов, Тайыр Жароков, Әбділла Тәжібаев жауап берді.

Бұл — жазушылардың шығармашылық зертханасына зер салудың нақты көрінісі еді. Ұлттық әдебиетте бұрын мұндай үрдіс, яки қаламгердің әдебиетке келу жолын бірінші жақтан баяндап беру әдісі көп кездеспейтін.

Жиенғали бұл мақаласында сол тұстағы саяси жағдайға сәйкес Ахмет Байтұрсынұв, Міржақып Дулатов еңбек еткен «Қазақ» газеті өзінің балауса туындыларына ақ жол ашқанын, әрине, ашып айта алмаған. Сол себепті газетке сын тұрғысынан қарап, «елден түрлі хабарлар, түрлі зорлық, зомбылықтарды жазамыз. Бірақ «Қазақ» баспайды... Өмірімше «Қазақ» газеті шығып тұрғанда жалғыз ғана «Үлгілі мектеп» деген кішкене хабарым басылды» деп жазумен ғана шектелген.

Ойраны көп отызыншы жылдардың бас кезінде «Қазақ» газетінің тағылымды істерін ілтипатпен баяндау мүмкін болмағаны рас. Таза ұлттық газеттің қазақтың көптеген болашақ қаламгерлерінің балан жазбаларының бетін ашқаны талассыз ақиқат бола тұра, мұны ол кезде ешкім де батып айта алмайтын. Осы саясаттың шеңберінен Жиенғали да шықпайды. Бұл үшін, әлбетте, оны кінәлай алмаймыз. Мұндай сарын «Кім қалай жазған?» деген сауалға жауап қайтарған басқа жазушылар мақалаларынан да анық байқалады. Мысалы, Бейімбет Майлин «Мен қалай жаздым?» мақаласында: «Қазақ» газеті шығып тарайды. Нөмір сайын болмағанмен, өлең басылып тұратын болды. Мен де жаздым. Талай жіберген өлеңдерім желге кетті. «Айқап» сияқты «басылмайды» деген жауапты беруге де сараң еді...»<sup>9</sup> деп «Қазақ» газетіне көңілі толмағанын білдіруге мәжбүр болды.

Жиенғалидың «Үлгілі мектеп» хабарын оның тасқа басылған тұңғыш туындысы деп бағалауға әбден болады. Алайда арада

<sup>9</sup> Б. Майлин. Тұңғыш құрбан, А., 1994, 8-б.

өткен біраз уақыт хабар мазмұнын ұмыттырмаса да, оның нақты бас тақырыбын естен шығарған сияқты. Себебі Жиенғалидың бұл хабарының шын бас тақырыбы «Өнегелі мұғалім» деп аталады. Ол 1915 жылы 11 ақпанда «Қазақ» газетінде «Жиенғали, Құдайберген» деп қол қойылып шықты.

Жиенғалидың бұдан кейін жазған дербес хабары «Мектеп ашылу» деп аталады. Бұл еңбегі 1915 жылы «Қазақ» газетінде (29 тамыз) жарияланған. Онда Темір уезіндегі елдің мектеп салу ісіне қаражат жинап жатқандығы жөнінде айтылады.

Бұдан кейін Жиенғали есімі «Қазақ» газетінен 1916 жылы кездеседі. Ол — «Өтініш» (8 сәуір) деген тақырыппен жарық көрген мақаласы. Мазмұны — тағы да сол ел арасындағы оқу-ағарту ісінің жай-күйі. Оның «Зекет, пітір сияқты құдайы салақаларды ел болып ұйымдасып, бір жерге жинап, мектеп, медресе ашып, тұп-тура ғылым жұрттарының жолына жұмсауға жол бар ма?» деп оқырман ортасына тастаған өтініші газет оқушылары арасында елеулі пікір туғызғаны «Қазақ» газетінің сарғайған парактарын саралағанда анық көрінеді. Әсіресе, «А.Ж.» деген автордың (кім екенін дәл анықтау мүмкін болмалы, бірақ кейбір зерттеулерде «А.Ж.» Жүсіпбек Аймауытовқа тиесілі деп көрсетіліп жүргенін еске сала кетпекпіз — ред.) «Өтінішке жауап» атты хатынан Жиенғали көтерген мәселенің маңыздылығына газеттің де ден қойғанын байқаймыз.

«Бұл мәселенің жауабын Құран кәрімнің дәлелімен бермесе, кей молдалар басқаға қанағат ете қоймас. Өйткені мұндай ғұмыр жолымен шешілетін мәселеге Құранның жол-жобасы ғана анық жол-жоба бола алады. Басқа кітаптардың дәлелі Құранның қасында байлаулы дәлел болып шықпайды. Соның үшін ең бастан садақаның қай орындарға берілетінін көрсеткен Құран аяттарын жазып һәм қазақша мағынасын да айтып беруді тиіс көрдім», — дейді «А.Ж.». Сөйтіп ол Құран кәрімдегі садақаның берілетін орындарын белгілеген аяттарды сөз етіп, нақты сегіз орынды көрсетеді. Жиенғалидың пітір-садақаларды оқу-ағарту жолына жұмсауға бола ма деген сауалының дұрыс екендігін Құран кәрім сөзімен дәлелдей келіп, «А.Ж.»: «бұл туралы көлденең сөз шығару орынсыз» екендігін баса айтады.

«А.Ж.»-ның осы мақаласына орай «Қазақ» газеті тарапынан берілген соңғы сөз де Жиенғали көтерген мәселенің мәнін аша түседі. «Өтінішке жауап» жалғыз А.Ж.-дан емес, мұғалім Нығметолла Күзембаев, имам Ғабдулла Пішенбаев, Нұрман Ұранкиннен де келіп еді. Бұлардың жауабы бәрі де бір ізден шығып, дәлелдері де бір түрлі болғандықтан, басқарма А.Ж.-нікін ғана басты» деп түйіндейді газет.

Сайып келгенде, «Қазақ» газетіне 1915–1916 жылдары

жарияланған «Өнетелі мұғалім», «Мектеп ашылу», «Өтініш» деп аталған хабарларды Жиенғали Тілепбергеновтің баспасөзде жарық көрген тырнақалды туындылары деп танимыз. Және бұлар жазушы жинақтарына қосылуға толық хақылы.

Қастерлі қаламгершілік жолын көздеген адам өз күшін, қабілеті мен бейімділігін шығармашылық арқылы танытады. Шығармашылықты үйренудің жолы қиын, сондай-ақ шығармашылықтың тұтастай рухын бойға сіңіру де оңай емес. Бірақ қауырсын қаламды қасиет тұтқан сон алдындағы үлгіге еліктеу, өнеге алу, соған ұқсауға тырысу мүмкін болатын, өркімнің басында кездесетін жайт. Жиенғалидың жазуынша, ол Орынбордағы «Хусаиния» медресесінде білім алып жүргенде татар әдебиетімен танысқан. «Татар әдебиетін көріп бізде де сондай болсаышты дейміз» деп жазды ол. Ал қазақ әдебиеті туралы әңгімесін «Айқап» журналымен, «Қазақ» газетімен байланыстырып, заманының ыңғайына қарай Ахметтің, Міржақыптың кейбір шығармаларын ғана атап өтуге мәжбүр болған.

Болашақ жазушылар Жиенғали Тілепбергенов пен Бейімбет Майлиннің өмір жолдары тоғысатын, тырнақалды туындыларының дүниеге келу сәті өзара ұштасатын кезең осы медресе аясында өтеді. Жиенғали мен Бейімбет екеуі бір сыныпта дәріс тындайды, екеуі бірігіп қолжазба «Садақ» журналын шығаруды қолға алады. Қолжазба журналдың алғашқы нөмірлеріне Бейімбет Майлин редакторлық етеді, кейіннен журналға басшылық жасау түгелдей Жиенғали Тілепбергеновтің қолына көшеді. Сөйтіп, Бейімбет пен Жиенғали өз туындыларымен бірге, басқа да жазуға бейім жастардың төл шығармаларын осы журналда жариялап отырады.

«Садақ» – XX ғасыр басындағы рухани ояну процесімен сабақтас келетін қолжазба журнал шығару дәстүріне орай туған басылым. Оның бірінші саны 1915 жылы 9 қарашада жарық көрген, 1918 жылдың I ақпанына дейін шығып тұрған. Сөз өнерін қуған болашақ қаламгерлердің қауырсын қаламы «Садақта» катаяып, соның нәтижесінде әдебиет бағына әсем де әдемі дүниелер келген. Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі», Қажым Басымовтың «Ырысты», Салахиддин Сарғалиевтің «Мақтым» повестері – «Садақ» журналы арқылы жеткен жемістер. Шынында, профессор Т.Көкішевтің «Қазақ әдебиетіне» медресе «Ғалия», оның жанынан шыққан «Садақ» журналы талай ақын-жазушыларды, қайраткерлерді, оның ішінде Бейімбет пен Жиенғали сынды қаламгерлерді әкелуінің өзі үлкен эстетикалық табыс еді – деген сөздерінің мағынасы зор<sup>10</sup>.

1915 жылы «Садақта» жарияланған «Жазғы кеш» әңгімесі

<sup>10</sup> Т. Көкішев. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. А., 1994, 136–137-бб.

де көркем прозадағы тырнақалды туындыларының бірі. Әңгімеге ел жайлауға көшіп бара жатқан кез негіз болған. Ол былай басталады:

«Жаңа ғана қолыма тиіп, әлі құмардан шықпаған тәтті бір нәрсеменен айрылып қалғандай болдым. «Молдеке! Жұртта қаласың ба?» деп әзілдеген дауыстан селк етіп оянып кеткенде мұрныма қоныр салқын таң иісі келіп, құлағыма таң мезгілінде шырылдаған торғайдың даусы естіді...».

«Сайдың бойын жағалап жортып келеміз, – дейді жазушы сөзін жалғап. – Сайдағы ырғалып тұрған шалғындар тізенді қағып, ат тұяғы езген әр түрлі шөптердің иісі аңқып, астындағы ат желдей есіп, көңілің өсіп бір жасағандай боласың. Сайдан бұрылғанда көштің бүйірінен шықтық...».

Осы әңгімесіндегі қаламгерлік таным, көркемсөзшіге тән аңғарымпаздық, кез келген көріністі суреткерлік зейінмен қабылдау әдісі Жиенғали қаламының 1915–1916 жылдары-ақ есейе бастағанын байқатады.

Жазушылық мәнердің орныққанын «Без-баяғы қалып» әңгімесінен де көреміз:

«Біздер, он шақты кісі, бір қайықта келеміз. Отыратын орны аз, іші тар болғандықтан айнала кемеріне отырып келе жатыр едік. Менің етегімнің бір ұшы суға малынып келе жатса да, қайық бұлтындай ауытқып, толқынмен бірге толқыса да өнеугідей қорқып, буыным қалтырамайды...»;

«Ет туралғанша» әңгімесіндегі:

«Үйдің іші лық толы. Қол жуылып болғасын, ең үстіне жеңді білектей қос қазыны айналдыра салған үйеме табақ етті алдымызға әкеліп қойды. Бес-алты кісі айнала отыра қалып, манадан бері пышақтарын қалталарынан алып, алақандарына жанып әзір отырғандары ет турауға кірісті...» деген жолдар да Жиенғалидың суреткерлік қабілетінен біршама сыр береді.

Оның «Садақ» сияқты қолжазба журналға басшылық жасауы – төл шығармашылыққа өріс ашумен бірге, өзге де қалам ұстаған әріптес шәкірттердің еңбектері жайында ұдайы пікір билдіруін, жетістік-кемшілігін көрсетіп отыруын талап етті. Бұл белгілі бір дәрежеде болашақ қаламгердің сынышыл көзқарасының қалыптасуына жол ашты. Редактор Жиенғали әдеби сыынның көркемдік-әлеуметтік мәніне баса назар аударды. Салахиддин Сарғалиевтің «Мақтым» повесіне жазған рецензиясында: «Жазылып шыққан әдеби, фәни сөзді, кітапты сынау – ішінде керек болмаған жерін алып тастап, тәуір жерінің ішкі сырын жарқыратып жұрттың алдына салу – өнерлі жұрттың өдеті. Ол ұят, айып емес. Сынау бір-бірінен кек алу үшін емес, яғни жазушыны халыққа жаман көрсету үшін емес, қайта көркем

сөзді, фәни кітаптарды дұрыс жолға салу үшін керек» деп өзінің сыншылық мұратын дәл аңғартады.

Жиенғалидың «Садақта» қаз басқан қаламы оның сол тұстағы мерзімдік басылымдарға қатысуына да мүмкіндік берді. «Қазақ», «Алаш» газеттеріне хабар-ошар, әңгімелер жаза бастауы – осының айғағы. Бірақ Жиенғали жоғарыда айтылған мақаласында<sup>11</sup> «Алаш» газетін мүлде атамады. Бұл кешегі күнге дейін кенестік қоғамда өмір сүрген қазақ баласының «алаш» деген сөзден ат-тонын ала қашуға мәжбүр болғанын білдіретін факт. Бірқатар жазушылардың жекелеген еңбектерінің ұзақ уақыт бойы әдеби-ғылыми айналымға қосылмай, жинақтарына енбей келуі алғаш рет нақ осындай басылымдарда жариялануына байланысты болатын.

1916 жылдың 26 қарашасы мен 1917 жылдың 25 мамыры арасында шығып тұрған, жарты жылдай мерзімде барлығы 22 нөмірі жарық көрген «Алаш» газеті де ұлт өмірінен шеттетілген басылымның бірі болды. Медреседе оқып жүрген жылдарында және одан кейінгі уақытта Бимұхамед Майлин мен Жиенғали Тілепбергенұлы сияқты шәкірттердің тәлғума шығармалары осы газетте көптеп жарияланып тұрған.

«Алаш» газетінде Жиенғалидың «Құтты болсын «Алашын» деген шағын хабары 1916 жылы жарияланып, онда жана басылымның жарық көруіне байланысты қуанышын білдірді. Сол жылы «Т.Ж.» деген бұркеншік есіммен «Фельетон» деген шығармасы жарияланды. 1917 жылы «Ат-тон айып», «Бұл қалай оқу?», «Арсыздар» деген әңгімелері жарық көрді.

Жиенғали да жұртшылыққа «Алаш» газеті арқылы танылған бұл шығармаларында қазақ даласында қыздардың мал орнына сатылатындығы, жастардың оқуға құштарлығы сияқты аталмыш кезеңдегі саяси мәні зор, күрделі әлеуметтік мәселелерді көтеруге ұмтылады. Осы ұмтылыс көзі ашық қазақ оқығандары сияқты, болашақ жазушының XX ғасырдағы төңкерістер қарсаңындағы ояу сана-сезімін, демократиялық-ағартушылық ниетін көрсетеді.

«Ат-тон айып» әңгімесінің қысқаша мазмұны мынадай: Баймұқан есімді бір кісі Сарыалтын деген қызын көрші ауылға ұзатады. Бірақ Сарыалтынның барған жерінде бабы болмай, артынан іздеп барған әкесін шығарып салып тұрып:

— «Үсті-басым мынау, өзін көріп тұрсын. Бір нәрсе десем, әкенің ұзатқанда берген жасауын киерсің дейді. Әлгі жаман күйеу балаң күні-түні үй көрмейді. Айсулуды айналақтап шыға алмайды. Бір нәрсе десем тек сабайды, ата-бабамнан ештеңе қоймай боктайды. Бір қатын құрлы болмаған соң қалай жыламайын? Кім болса содан айтып жіберуге ойланам, амалсыз етімнен өтіп, сүйегіме жеткен соң айтып отырғаным. Бүйткенше өзіміздің үйің

<sup>11</sup> Жаңа әдебиет. 1931, № 6-7, 49-50-бб.

босағасында өлгенім жақсы...» деп жылайды.

Осыдан кейін құдасынан көңілі қалған Баймұқан ауылдың бозбалаларын жіберіп, Сарыалтынды қайтарып алады. Көп ұзамай құдалар келіп, бәрін жуып-шайып, қайын атасына тілі тігелі үшін күйеу баласынан Баймұқанға ат-тон айып алып беріп, Сарыалтынды қайта алуға келіседі.

Жазушы әңгімесін: «Қар кетті. Сарыалтынды бұрынғы орнына қайта апарып берді. Сарыалтын да жақындарынан ешнәрсе болмағанын, «ат-тон» айыпқа сатқанын білді де, ауылын көрмеймін деп шыққан жеріне барып, шын бақытсыз екенін білді» деп аяқтайды.

«Төңкеріс кезінде ауылда мұғалім едім, – деп жазады Жиенғали. – 1918 жылы Түркістан қазақтары ашаршылыққа ұшырады; Ақтөбе, Орынборға қарай босып кетті. Ашаршылықтан ісіп-кеуіп қырылып жатыр. Бір қызын бір тілім нанға сатты... Ақтөбе төңірегінде мұғалім болып тұрғанда, тоқ елдегі байлардың аштарға істеген айуандық өмірінен, қыз-қатынмен алып-сатарлық еткені жайынан бір әңгіме жаздым. Оным Семейде шығатын «Абай» журналында басылып шықты...»<sup>12</sup>.

Жазушының айтып отырғаны 1918 жылы «Абай» журналында жарияланған «Қайран елім-ай!» әңгімесі болатын. Қаршадай Бәтіманың аянышты қазасымен аяқталатын осы әңгіме – Жиенғали қаламының реалистік бояуын айқын танытатын шығарма. Көркемдік тәсілі жағынан сол тұстағы көптеген қаламгерлерге тән сыншыл бағытты ұстанып отырып, жазушы бейкүнә қыз тағдырын өзіндік өрнекпен баяндайды.

Әңгіме: «Февраль іші. Күн боран. Жер жүзі аппақ. Күн де, соққан жел де, жауған қар да жылы жүзбен қарау жоқ. Дүние қабағын түйген – ешбір күлмейді. Темірқазықтан ескен мейірімсіз үскірік жел, соғып тұрған қызыл шұнақ боран Андағұл үйінің сиқын кетіріп тұр еді. Ішерге тамақ, жатарға орын жоқ, есіктің алдындағы қораның жаппасын отқа жағып қойғандықтан есіктің босағасынан жел үйілеп, қырауытып мұз қатып, үйдің ішін сұл-суық қылып тұр еді» деп басталады.

Оқиғаның бұдан кейінгі барысы осы суреттеуден сөзіліп тұрады. Аштық тырнағына ілігетін болған соң Андағұл үйі Бәтіманы «жақсы орынға» бергісі келеді, сондай жер тап келсе, өздері де көшіп барып, өлмес күндерін көруді ойлайды. Сөйтіп әкесі қызын ертіп қалаға сапар шегеді. Қалаға келіп, осындай ауыр шақта қаршадай қыздарды сатып, пайда тауып жүрген Жұмабектің үйіне түседі. Жұмабек Андағұлдың күрсіне айтқан сөзінен сон, өзінің де ойындағы аңсай күткен шаруасы дөп келгенін білдіргісі келмей: – «Дұрыс айтасыз, дұрыс айтасыз, дұрыс. Бұл жақтың

<sup>12</sup> Сонда.



жайын біз білеміз, орын тауып береміз. Осы жақын арада бір-екі Қазалышының қызына жақсы орын тауып бердім, олар осы күнге дейін алғыс айтады. Біздің үйге келдіңіз ғой, енді оны реттерміз, тоңып келген шығарсыз, мына шайларыңызды ішіңіз...» деп жыламаң қағалды.

Ақыры Жұмабек Жақып дегенді мактап-мақтап, Бәтіманы соған берізетін болады. Әуелі бір бұзаулайтын сиыр, жүз сом беріп, сонынан екі жүз сом беріп, ақырында бұзаулайтын бір сиыр, үш жүз сом, үш пұт тарыға келседі. Ертеңіне Жақып Бәтіманы, Андағұл үш пұт тарыны алып, әрқайсысы өз ауылдарына кайтады.

Жақыптың бұрын да екі әйелі бар екен. Олар Бәтимаға жөнді киім кигізбей, дұрыстап тамақ ішкізбей, малдың күтіміне салып қояды.

«Бәтима оған да көніп, — дейді жазушы, — сөз шығармай, ауыл-қотанға, Жақыпқа жағып бара жатқасын, қатындары Жақып пен Бәтіманың арасына былайша от салды.

Онашала Жақыпқа үлкен қатыны:

— Ана қалап алған тоқалын, жас тоқалын, сені көрісініп, біздерді қарғап-сілейді де жүреді. «Құдайым кәрі, қара төбетке кез қылды! Құтқара көр...» деп айтады, — деп күнкілдеді.

Бір қатыны:

— Кеше қораның ішінде малдың бөк-сідігін алып жүріп ортаншы қайнағаның баласымен сөйлесіп күліп тұр, — делі...».

Жақып осы сөздерден кейін Бәтіманы «көк ала қойдай қылып сабап, жығып салып өкпеге тебеді». Онсыз да ауыр жұмыстан қажып, суық өтіп әлсіреп жүрген Бәтимаға Жақыптың таяғынан кейін ауру жабысып, жөтеліп, жүдеп, жатып қалып жүреді. Мұнысын да әйелдері сөз қылып, Жақыпты одан әрі қайрай түседі. Осыдан кейін Жақып Бәтіманы төсекте жатқан жерінде сабап, үйінен шығарып тастайды... Қозы қамайтын жаман лашық ішінде есі кіресілі-шығасылы боп жатқан Бәтима:

«...— Иә, жасаған ием! Көп киналтпай ала гөр! Осылардың қорлығынан құтқарсаң ырзамын. Өлгеніме қайғырмаймын... Өз елімде болсам, су беріп, иман айтпас па еді? Уһ! Қайран елім-ай!...» деп көз жұмады.

«Қайран елім-ай!» әңгімесінде көтерген өткір әлеуметтік мәселелерді жазушы Нағима, Меруерт есімді кейіпкерлері арқылы осы аттас шығармаларында тын мазмұнмен байытып, тереңдетіп түседі.

Мысалы, «Нағима» (1923) әңгімесіндегі Нағима — Бекбосын қартын еркелетіп, бетін қайтармай өсірген қызы. «Ағалары малайлыққа жалданса да, өздері кимей-ішпей, осы қарындасын киіндіріп, қатарынан кем қалдырмайтын» дейді жазушы.

Бой жеткен соң Нағиманы ағалары күйеуге береді. Күйеуі бай,

саулагер. Нағиманың бұған көңілі толмайды, әйел үстіне баруды ар көреді. Бірақ амал жоқ, Ысқақ байдың інісі Есжанға тоқалдыққа кете барады...

Бай үйіне барған соң жас келіншек Қасымбек деген жігітпен танысып, екеуі сөз байласып, Қасымбек Нағиманы алып қашады. Өз елінде паналайтын жер таба алмай, орыс поселкелеріне сіңіп кетеді. Көп ұзамай қызыл әскерлер келіп, Қасымбек солардың қатарына қосылады. Баяғы Ысқақ, Есжан байларды тұтқына алып, қарапайым халықты құлдықтан азат етеді.

Жазушы бұл әңгімесін: «Жасырынып күн көрген, тар қыспақтан шығуына мықты себеп болған, еңбекшілер төңкерісінің бас көтерген 25 қазан (жанаша 7 қараша) күнін Қасымбек пен Нағима ұлы күн санады. Жыл сайын сол күнде той қылып тұруға өзін міндетті қылды. Бұл күнді еске түсіру үшін өздерінше ат қойды. Қасымбектің женгелері «Нағима келін түсетін күн» дейтін болды...» деп аяқтайды.

Ал «Меруерт» (1924) әңгімесінде жазушы он үш жасар Меруерттің қайғылы тағдырын баяндайды. Әке-шешесі өліп, жетім қалған Меруертке немере ағасы Сағынбай ие болып, оны он екі жасында жасы елуден асқан, екі қатыны өлген Бейсенбай дегенге ұзатады. Жарты жыл отасқан Бейсенбай өлген соң, Сағынбай Меруертті қайтып алып келеді. Бұдан кейін қатыны өлетті екі-үш жыл болған, алпыс екідегі Әбілқасымға ұзатады. Әбілқасымның қазымырлығынан Меруерт есінен адасқан жынды кісі секілденіп қалады. Осыдан кейін Әбілқасым Меруертті Сағынбайдікіне өзі әкеліп тастайды.

Жазғытұры ел жайлауға көшкенде Сағынбай Меруертті қыстаула қалған малын күзеттіріп, иесіз үйде жалғыз тастап кетеді. Түнімен қорқып, шошынып, есінен танып жатқан Меруерттің жайын білейін деп жанына келген жалғыз ғана адам — қойшы Төленді болып шығады. Сағынбайдың үй-іші «Ауырған кісіні сол қыстаудың өзінде күткен дұрыс қой!» деп теріс айналады.

Содан кейін Төленді есі кірмей сандырақтап жатқан Меруертті құрым күркесіне әкеліп, аузына су тамызады... Бірақ екі күннен соң «тоғыз жасынан бері жаны бір шаттық сезбей, бір жылы сөз, жылы жүз жолықтыра алмай, тұмай жатып тұрмыстың қара күніне құрбан болып Меруерт сорлы дүниеден біржола кетіп», тыныштық табады...

«Қайран елім-ай!» әңгімесіндегі Бәтима мен «Меруерт» әңгімесіндегі Меруерт — тағдырлас кейіпкерлер. Жазушының кейіпкер бейнесін ашудағы көркемдік әдістері де ұқсас. Мұны біз қаламгерлік идеяның осы кезеңге тән бір ерекшелігі орайында бағалаймыз.

Жалпы, бұл еңбектер — жазушы шығармашылығының алғашқы

кезеңін бейнелей алатын, негізінен шағын нысандағы кездесетін көркем проза үлгілері. Тақырыбы жағынан аталмыш әңгімелер XX ғасырдың бас кезіндегі көптеген қаламгерлер енерпозлығымен сабақтастып жатыр. Бұл сабақтастық қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі жалпы теңсіздіктен, соның ішінде әйел теңсіздігі мен бостандығының мәселелерінен, елдегі оқу-ағарту жұмыстарының жай-күйінен көрінеді.

Әлемге әйгілі қаламгер О. Бальзак әдебиеттің шағым айтатын сөті — болашақ дейді, болашақтың осы қатал сотының алдында жауапкер бола алатын жазушыны ғана ол бақытты жазушы деп санайды. Мұның мәні — жазушының кез келген шығармасының уақыт тезіне төзе білуіне, заман талабына жауап беруіне, оқырманның ой-санасымен үндес келуіне саятыны сөзсіз.

«Менің төселіп жаза бастағаным төңкерістен соңғы газеттер болды...—дейді Жиенғали бұл турасында. — Сөйтіп жүріп өзім де 1925 жылдан газет қызметкері болып кеттім... Қазірлі шығып жүрген журналдарға да түрлі әңгіме, күлкі сөздер жазып атсалыстым... «Перизат-Рамазан», «Тілші» деген пьеселерім мен «Танбалылар» деген бір ұзақ әңгіме кітабым шықты».

Жиенғали шығармашылығының екінші кезеңі, тікелей жазу жұмысымен айналысуы 1925 жылдан басталады. Ол кәсіби журналистік қызметін «Кедей» газетінен бастады. «Кедей» газетінің құжатханалар қойнауында жатқан, уақыт өте келе сарғайып, көнере бастаған сол жылдардағы шағын үлгіде шыққан нөмірлерін парақтап отырғанда, редактордың орынбасары болып Жиенғалидың келуімен басылым бедеріне күрт өзгеріс енгені аңғарылады.

Жиенғалидың «Кедей» газетіне жарияланған көрнекті еңбектерінің бірі — «Қойшығұл қуанышы»<sup>13</sup> атты шығармасы. Газетке «оқшауша» деп жарияланса да, бұл шығарма арқауында көркем әңгіме сипаттары басым.

Жазушы осы шығармасында өзіне жете таныс ауыл мектебі мұғалімінің мәдени-ағарту жұмыстары жайын сөз етеді. Мұғалім Ержанұлы өз оқушылары мен Қойшығұл үйіне жиналған ауыл адамдарына Қазақстанның мемлекеттік дербестігі жөнінде әңгімелеп, бұл күнді бүкіл республика атап өтетіндігі туралы айтып береді. Оқушылар соған орай ауыл тұрғындарына ойын-сауық көрсетуді ұйғарады.

Мұғалімнің Қойшығұл үйіне келген сәтін алайық. Ол жиналған адамдарға:

«...Қазақстанның бес жылдық тойы, ерген жоқ, — бүрсікүні жанаша ақырабтың төрті күні, біздің қазақ елінің еркін республика

болып, автономия алған күні. Соған міне бес жыл толады. Сол күн қазақ келінің бақытты күні, теңдік алған күні, оның ішінде биыл Қазақстан үкіметі қазақ елінің ортасы Қызылордаға көшіп барып, ордасын тігіп, туын көтеріп, әрі бес жыл толғанына сол Қызылордада той болайын деп жатыр. Сол күні біз де — қазақ келейі, шаруасы болып, той жасауымыз керек. Бұл той, әсіресе, сендердің тойларын», дейді.

Ертең қуанышты күн деген сезім осылайша үлкенді де, кішіні де баурап алады.

Бұл әңгімеде Жиенғали жеке бір бейнені сомдауға ұмтылмаған, болмаса сөзбен сурет салуға да тырыспаған. Керісінше, адамдар бойындағы таза мінез, ақ ниет, ізгі тілекті қарапайым тілмен баяндап шыққан.

Өзінің қаламгерлік қадамы туралы айтқан бір сөзінде Жиенғали: «Қостанайда шығатын «Ауыл» газетіне, Қызылжарда шығатын «Бостандық туы» газетіне, Ақтөбеде шығатын «Кедей» газетіне, Қызылордада шығатын «Сыр бойында», осы күнгі «Еңбекші қазақ» газеттерінде фельетондарым көп шықты», — деп жазыпты.

Ол өз ғұмырында «Кедей», «Бостандық туы», «Сыр бойы» газеттерінде еңбек етті, ал Қостанайдың «Ауыл» газетінде және орталық «Еңбекші қазақ» газетінде автор ретінде қатысып, шығармаларын жариялап отырған.

Жиенғали ТілепбергенOV 1926 жылдың 3 желтоқсанында Қызылжарға келіп, «Бостандық туының» сол жылғы 11 желтоқсанда шыққан 187-нөмірінен бастап жауапты редактор ретінде қол қоя бастайды. Ол өзінің журналистік жүрдек қаламымен де, дәйекті басшылық парасатымен де «Бостандық туының» оқырман арасындағы беделінің артуына көп күш жұмсады.

Газет 1926 жылдың соңында 2200 дана таралыммен шығып тұрса, 1927 жылдың қантарындағы таралымы 2400-ге, ақпан айында 2500-ге, наурызда 2800-ге, жыл аяғында 3,5 мың данаға дейін жетті. Газетте «Тілшілер бұрышы», «Жеткіншек», «Арқабай қарттың Арқаны аралауы» деген бөлімдер ашылды, «Кооперация» деп аталатын арнаулы бет тұрақты шыға бастады.

1927 жылдың мамыр айында Жиенғалидың бастауымен «Бостандық туының» алты жылдығы аталып өтеді. Осы мерекелік нөмірде оның талантты жас акын Жакан Сыздықов туралы көлемді мақаласы жарияланады. Ол кезде Жакан «Бостандық туы» газетінде партия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі болып істеп жүрген.

Жиенғалидың «Бостандық туы» газетіндегі біраз еңбектері әлі күнге дейін журналистиканың, ғылым мен әдебиеттің айналымына қосылмай, танымнан тыс қалып келеді. Бұлар осы уақытқа дейін түгел жиналып болған жоқ, көпшілігі ауызға да алынбай жүр.

<sup>13</sup> Ж. ТілепбергенOV. //Кедей. 1925. 4 қазан.

наурыздың мәнін оқырманға біршама ұғындырып алған соң, жазушы енді мұндай бас қосулардың казак табиғатында шаруа жайын күйтеуге ауысатынын аңартып өтеді. Соқа-сайманның жөнін бадаллап, қар кете егін салатын боп ұйғарым жасаған шаруалар бұдан кейін ауыл мұғалімінің ұйымдастыруымен наурыз мейрамына арналып өтетін сауық кешіне баруға жинала бастайды.

Әдеттегісіндей Жиенғали бұл әңгімесінде де жеке-дара кейіпкер бейнесін сомдауды мақсат тұтпаған. Айтайын деп отырғаны – наурыз мейрамы, наурыздың халық танымындағы табиғаты, бұл күнді казак баласының жыл басы, жана күн деп түсінетіндігін білдіру.

«Наурыздық» сөзі тілдік қолданыста жиі кездеспейді. Бізге оның «наурыздама» (Абай) үлгісі көбірек таныс. Соған орай «наурыздық» сөзінің болашақтағы баламалық салмағын да ескергеніміз жөн.

«Кедей» мен «Бостандық туы» газеттерінен кейін Жиенғали шығармашылығында айрықша орын алатын басылым – «Сыр бойы» газеті. Ол – 1929 жылғы 1 шілдеден бастап Қызылорда қаласында жарық көрген, округтік партия, кеңес комитеттері мен кәсіпшілер одағы бюросының аптасына екі мәрте шығып тұрған газеті.

Газеттің бастапқы кезеңдегі, 1929 жылғы нөмірлерінің көпшілігіне уақытша шығарушы, яғни редактордың орынбасары ретінде Жиенғали Тілепбергенұлы қол қойыпты. Және Жиенғали шығармасы кездеспейтін бір де бір нөмір жоқ. Бұлардың басым көпшілігі сол газетте жарияланған күйінде жатыр.

Жиенғали «Сыр бойы» газетіндегі шығармашылығы арқасында сол тұстағы казак кеңес фельетонының өркендестушілер қатарына қосылды. Осы кезеңдегі туындыларының көпшілігі оқшау сөз, фельетон түрлерінде кездеседі. Бұған, жоғарыда айтылғандармен қоса, «Сыр бойы» газетінің сарғайған парақтарында сақталған «Алты үйлі арғын ауылнайдың алақанында, ауыл әртелі атқамінердің қолында» фельетонын, «Қарсақбай комбинағы тауарын қашан тасып алады?» атты көлемді макаласын, сондай-ақ әр кезде жарық көрген «Советский атқамінер», «Ақсақалдар ақтісі», «Бөрінің бөлтірігі», «Мырзеке», «Бір қойда не тұр еді...», «Ұрықшы», «Ертежейлі» секілді сатиралық шығармаларын мысал ете аламыз.

Сонымен қатар оның аулармашы ретіндегі еңбегі де таяуда белгілі болды. Б.Житковтың «Гривенник» атты кітапшасын «Он тиын» деген атпен<sup>14</sup> Жиенғали казакшалапты. Кітапшаның ішкі бетіне «Аударған Жиенғали Тілепбергенов» деп жазылған.

<sup>14</sup> Б. Житков. Он тиын. – Қызылорда, 1932. 28-б (Аударған Жиенғали Тілепбергенов).

Мұны Жиенғалитанудың игерілмей отырған тың саласы десек, артық айтқандық емес.

«Бостандық туы» газетінде Жиенғали 1927 жылдың 1 тамызына дейін жауапты редактор болды. 1926-1927 жылдары осы газетте оның «Сәбиланы азат қылған теңдік заңы», «Мені де жаз.. мені де жаз...», «Қымбат-арзанға қарамады», «Наурыздық», «Мен – төр ағасы», «Онай олжа» сияқты шығармалары жарық көрді.

Бұлардың бәрін бірдей көркем шығармалар санатына жатқызуға болмайды. Мысалы, «Онай олжа», «Мен – төрағасы» шығармалары нақты фактілер негізінде жазылған оқшау сөздер, «Қымбат-арзанға қарамады» атты еңбегі сол тұстағы ел ішінің тұрмысынан хабар беретін шағын әңгіме, ал «Наурыздық» – көркем туынды.

Әуелі газетте жарияланғандықтан, бұларда публицистикалық туындыларға тән нақтылық басым келеді, бірақ ішінара қолданылатын көркемдік элементтері де жоқ емес. Өйткені бұлайша жазу – Жиенғали қаламына тән әлістердің бірі. Оның қай шығармасын оқысақ та, түсінікті тілмен қарапайым баяндауды көреміз, оқиғаның да осыған сәйкес желленіп өрбитінін байқаймыз.

Мысал үшін «Наурыздық» әңгімесін алайық:

«Жас көженің буы, сур еттің иісі үйдің ішіне тегіс тарал, терезеден күннің жылы шырай сәулесі түсіп, Қалман үйі көңірсіп тұр. Үйдің іші, киім-кешек, төсек-орын реттеліп жиналған. Төр жақта Ырысты киіз-алаша төсеп жүр».

Бұдан кейінгі сурет: Тай қазанда буы бұрқыраған көже; пеш қасындағы қазыққа байланған жас бұзаудың тәлтіректеп жығылып жатқаны; сорпа бүркіп, қайыс тоқпақтап отырған Қалман; оның иығына асылып тұрған баласы Сағындықтың сұрағы:

« – Көке, наурыздық көжені неге асады? Ол «наурыз» деген не? »  
Оған Қалманның жауабы:

« – Наурыз деген, қарағым, ол – жана жыл, Жыл басы. Бұрын сен бесте едің, бүгін алтыға шықтың. Биыл енді алтыға шығып атқа мінесін. Бұл сондай қуанышты күн».

Бұдан кейін жазушы мына бір штрихты келтіреді:

«Бір жапырақ ет пен бүйенге құйып салған уыздың бір бөлегін ауызға салып жіберіп, шайнап жатқан жаман тонлы Бектеміс карт: – Бүгін наурыз күні. Самарқанның көк тасы ериді екен, сонда жерде асықтай ақ, тобықтай тон қалмайды деуші еді бұрынғы қарттар, – деп қолын қайта табаққа салды.

Төменгі жаққа отырған жас жігіт Мырзақұл қолындағы омыртқаны мүжіп отырып:

– Ол күні тас ериді дейсін бе, әшейін қар ериді деген сөзідә, – деді».

Баласы мен әкесінің, ақсақал мен жас жігіттің сөздері арқылы

Сатираның фельетон сынды жауынгер жанрын мейгеру үнемі ізденуді, тың әдіс-тәсілдер тауып отыруды талап етеді. «Жиенғали сатирасында әсер аларлық, есте сақтарлық жақсы-жақсы сөз үлгілері бар»<sup>15</sup> деп профессор Темірбек Қожакеев бағалағандай, жазушының сатиралық шығармаларын талдап қарағанда бұған көз жеткізуге болады.

Жиенғали Тілепбергеновтің «Ізбасар» жинағындағы<sup>16</sup> бір топ шығармалары «сатиралық суреттемелер» деген жалпы тақырыпқа топтасқан. Біздіңше, бұларды «сатиралық әңгімелер» деп атаған жөн. Өйткені «...сатиралық әңгіме ешкімді, өмірлік ешбір фактіні атамай, «осындайлар бар-ау» деп ойға түйген жалпылағыш сипаттағы факті, пікірге негізделіп жазылады да, әшкерелеуді емес, профилактика жасауды, жағымпаз қылықтардан алдын ала сақтандыруды мақсат етеді»<sup>17</sup>. Осы талаппен таразылағанда, Жиенғалидың «Қолы тимейді екен», «Қалман-жынды, Қалман-қу», «Бақсам-бақ екен», «Егерде...», «Көк көйлек», «Ергежейлі», «Үш күн секілді шығармалары – сатиралық әңгімелер. Мысал үшін «Егерде...» атты қысқа ғана әңгімесін қарап көрейік.

Жазушы еңбектері көбіне шағын нысанды болып келеді: сюжеті қызық түзіледі; аз сөзбен көп мағына беруге, оқырманға ой салуға бейім тұрады. Бұл ерекшеліктерді бірқатар туындыларынан, атап айтқанда «Шәйлін кесірі», «Есбикеннің егіні», «Бақсам – бақа екен», «Көк көйлек», «Үш күн», «Сарайдағы сауда» әңгімелерінен көруге болады.

Жиенғали Тілепбергенов қаламгерлігінің елеулі өрісі драматургиялық шығармаларынан танылады. Жазушы туындыларын зер сала оқыған адам олардың жазылу мәнеріндегі сахналық сөйлеу әдісіне бейімділікті бірден аңғара алады. Ол көркем әңгімелерінің өзінде кейіпкер мінезін диалогтер арқылы ашу әдісін ертерек қолдана бастаған.

Жиенғалидың екі драмалық жинағының алғашқысы «Перизат-Рамазан» деп аталатын казак жалшыларының тұрмысынан алынған 5-перделі ойын кітабы болса, екіншісі – «Тілші» деп аталатын газет тілшілерінің тұрмысынан алынған 3-перделі ойын кітабы.

Алғашқысының кіріспесінде «Оқиға 1926 жылы болған» деген жазу бар, ал екіншісінің беташарына «Оқиға 1925-27 жылдары болған» деп жазылған. Екі кітап та 1928 жылы Қызылордадағы мемлекеттік баспадан таралымы 3 мың дана болып, арап қарпімен жарық көрген.

<sup>15</sup> Т. Қожакеев. Сатира және дәуір. А., 1976, 97-б.

<sup>16</sup> Ж. Тілепбергенов. Ізбасар. А., 1969 (Құрастырған Т. Қожакеев).

<sup>17</sup> Т. Қожакеев. Сатиралық жанрлар. А., 1984, 164-165-б.

Ғаббас Тоғжанұлы мен Илияс Жансүгірұлының «Қазақтың театр өнері туралы» кітабында казак әдебиетіндегі әйел туралы пьесаларды үш дәуірге бөле келіп, «үшінші дәуір – төңкерістен кейін әйелге теңдік болған заманындағы жазылған пьесаларымыз» деп, «Перизат – Рамазан», «Екі зан», «Тойжан – ғұрып күні» пьесаларын атап көрсетеді<sup>18</sup>. Мұның алғашқысы – Жиенғали Тілепбергеновтің туындысы.

«Перизат – Рамазан» пьесасы Ақтөбе өңірінде болған оқиғаның негізінде жазылған. Бұл пьесаны алғаш рет 1928 жылғы 1 ақпанда Қазақстанның мемлекеттік драма театры А. Абдуллиннің режиссерлік етуімен сахнаға шығарды. Бұдан кейін Жұмат Шаниннің режиссерлік етуімен алты жыл бойы қойылып келді. Сол кезде Перизат рөлін танымал өнерпаз Шәрбану Байзақова (Иса Байзақовтың зайыбы) сахнаға алып шықса, Елубай Өмірзақов – Рамазан, Қалибек Қуанышбаев – Жарылғап, Құрманбек Жандарбеков – Степан рөлдерінде ойнады. Осы пьесала Серке Қожамқұловтың Ақылбайдың рөлін ойнауын өнер зерттеушілері жас актердің басты шығармашылық табысы деп бағалады.

«Перизат-Рамазан» пьесасы – Жиенғали Тілепбергеновтің елеулі шығармашылық табыстарының бірі. Пьесаның өміршеңдігі оның мағыналы мазмұнынан шығады. Тақырып жағынан келгенде көтеріп отырған мәселесі сол тұстағы көптеген шығармаларға тән жағдайлар болса да, жазушының етек алған әлеуметтік кеселді айыптау әдісі өзгеше көрінген. Пьеса кейіпкерлерінің риясыз мақсаты мен сол ізгі мақсатты тұншықтыруға ұмтылған дүлей күш арасындағы күрес шиеленісті де шебер құрылған. Пьесаның екі жақты тартысқа негізделген, жақсылық пен жамандық тәрізді ұғымдардың қайшыласып келіп көркем түйінделуі сынды ізгі ниеті үстем тұр.

Академик Рымғали Нұрғали бұл пьесаны «саяси-әлеуметтік драма жанры талаптарына жауап беруге жақын алғашқы шығармалардың бірі» деп бағалай отырып, Рамазанды: «Қазак кеңес әдебиетіндегі бас бостандығы үшін күреске шыққан алғашқы белсенді кейіпкерлердің бірі. Феодалдық сананың қалың торынан, қайларлы әке сұсынан қаймықпай, өз жүрегінің қалауымен тартысқа тайсалмай түседі»<sup>19</sup> – дейді.

Кейін жеке кітап болып шыққан «Тілші» пьесасын Жиенғали 1928 жылы Қызылжар қаласында жазған, алғаш рет осы қалада сол жылғы 25 наурызда жергілікті өнерпаздар күшімен сахналанған.

Ғаббас Тоғжанұлы мен Илияс Жансүгірұлы жоғарыда аталған

<sup>18</sup> Ғ. Тоғжанұлы, І. Жансүгірұлы. Қазақтың театр өнері туралы. – Қызылорда, 1933. 9-б.

<sup>19</sup> Р. Нұрғали. Драма өнері. – А., 2001. 326-б.

кітабында: «Тап тартысына сүйеніп жазылған пьеселеріміз де аз емес. Әсіресе, берегіректе жазылған пьеселеріміздің, жас жазушыларымыздың жазғандарының негізі ауылдағы тап тартысынан, жарлы-жалшы өмірінен алынғандар. «Зорлық», «Болат», «Тілші», «Қанды азап», «Қанды таяқ», «Үш кезең», «Сары адыр»... тап тартысына жататын пьеселер» дейді. Осы аталып өткен шығармалар арасындағы «Тілші» – Жиенғали Тілепбергеновтің сол тұста кен таралған пьесасы болатын.

Қазақ әдебиетінің кеңес өкіметі тұсындағы өсіп-өркендеу дәрежесі, қол жеткен табыстары мен шығармашылық кемшіліктері 1934 жылы өткен Қазақстан кеңес жазушыларының тұңғыш съезінде жан-жақты айтылғаны мәлім. Осында жасаған баяндамасында «драма жанры бізде төңкерістен кейін тулы, театрдың негізі 1926 жылы «құрыла бастады» деп баяндаған Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Ілияс Жансүгірұлы мұның мысалдары ретінде Бейімбет Майлиннің «Майдан», «Талтанбай», «Шұға», Мұхтар Әуезовтің «Октябрь ұшқыны», «Тартыс», «Айман-Шолпан», Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар», Жұмат Шаниннің «Шахты», «Забой», Ғабит Мүсіреповтің «Шабуыл», «Қыз Жібек», өзінің «Түрксіб», Жиенғали Тілепбергеновтің «Тілші» пьесаларын – біздің жаңа драмамыздың үлгілері» деп атап көрсетті<sup>20</sup>. Жиенғалидың «Тілшісі» кезінде осылайша қазақ драматургиясындағы елеулі шығармалардың бірі болды. Пьесаның «жаңа драма үлгілері» ретінде бағалануының мәні де оның 20-жылдардағы тарихи шындықты көркемдікпен кестелеуінде жатыр.

«Тілші» пьесасы газет тілшісі Құлбастың Жабай байға қарсы әрекетіне құрылған, оның басынан өткерген оқиғаларынан түзілген.

Қазақ мемлекеттік театры 1928 жылғы 19 қаңтарда Жиенғалидың «Сүйіскендер» пьесасын да (режиссері Серке Қожамқұлов) сахнаға шығарған екен. Бірақ пьесаның мәгіні сақталмаған, ол жазушының белгісіз шығармаларының қатарында қалып отыр.

Бұл пьеса тақырыбы өмірде болған, соның ішінде Жиенғалидың досы, қазақтың біртуар ұлдарының бірі Құлайберген Жұбановтың басынан өткен оқиғалар негізінде жазылған.

Жазушының 1930 жылы жарияланған «Жауапсыз хат» әңгімесін мәгіні сақталмаған «Күнжан – кедей қызы» пьесасының негізінде жазылған деп ойлаймыз. Өйткені әңгімеде баяндалатын оқиғалар сахнадан көрсетуге бейім, нақты, жанды көрініске құрылған. Әрі әңгіменің бас кейіпкері де бірдей, Күнжан – Қосым деген күйсіз кісінің қызы.

<sup>20</sup> Қазақстан кеңес жазушыларының тұңғыш съезі. А., 1934, 16-б.

Жиенғалидың белгісіз туындыларының қатарына «Күрең төбел бие», «Тендік», «Еңбек ата», «Қара бала» пьесаларын жатқызуға болады. Шолып айтар болсақ: «Күрең төбел биеде» автор елдегі атқамінерлердің, бай-болыстардың зорлықшыл әрекетін әжуалап көрсетуді мақсат тұтқан; «Тендік» – байлар тұрмысынан алынып жазылған үш шымылдықты ойын кітабы; «Қара бала» мен «Еңбек ата» («Еңбек» деп те жазылады) балаларға арнап жазылған дүниелер. Сондай-ақ қолжазба күйінде қалған «Жалшы» пьесасы туралы да айтылып жүр.

Бұлар кезінде жазылса да, баспа бетін көрмей, жариялап үлгермеген әрі қолжазбасы сақталмаған, жұртшылыққа мүлде таныс емес туындылар.

Қолжазба күйінде қалған белгісіз драматургиялық дүниелері ішінен әзірге қолға түскені – «Ораза» пьесасы<sup>21</sup> ғана. Бұл қолжазба туралы зерттеуші Ғайша Ниязова былай дейді: «Жазық жолды жалпы дегтерді көлденеңінен екіге бөліп, қойын кітапша терізі етіп қиған. Сыртқы беттің оң жақ шекесінде «Жиенғали Тілепбергенов. «Ораза» (бір шымылдықты күлкілі ойын кітабы)» деп жазылған»<sup>22</sup>.

Пьеса 1928 жылғы 8 наурызда Қызылжар қаласында жазылған. Соған сәйкес негізгі тақырыбының да кешегі кеңестік заман талабымен үндес келетінін ұмытпағанымыз жөн. Бүгінгідей діни сенімі бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайтын зайырлы қоғамда оразаға деген жұртшылық көзқарасының бұрынғыдан түбегейлі өзгергені мәлім. Қазір ораза ұстаушылар саны жылдан жылға артып келе жатқаны да белгілі.

Сондықтан Жиенғалидың бұл шығармасына өз заманының шеңберінде ғана сөйлеген жарияланым ретінде қараған дұрыс болады. Өйткені жазушы көтерген тақырып, сахна төріне шығарып отырған сөз төркіні қазіргі оқырман көңіліне қона қоймайды.

Жиенғалидың көркем прозадағы көрнекті еңбектерінің бірі – «Таңбалылар» хикаяты (жазушының өз сөзімен айтсақ, «ұзақ әңгімесі»). Бүгінгі оқырман үшін мазмұны жұмбақ жатқанына қарамастан, «Таңбалылар» – өз заманында кеңінен танылып, қазақ әдебиетіндегі елеулі туындылардың бірі болған.

Хикаят 1930 жылы жеке кітап болып шыққан<sup>23</sup> және сол кездің өзінде жазушының субелі шығармашылық табысы деп бағаланған. Оның кейбір үзінділері оқу хрестоматияларына енген. Бірақ 1930 жылдан кейін қайта басылмаған.

Шығарманың басты кейіпкері – Қалман. Қалман – Жиенғалидың басқа да көптеген шығармаларының кейіпкері

<sup>21</sup> Ж. Тілепбергенұлы. Таңбалылар. – Ақтөбе, 1997, 200-212 бб.

<sup>22</sup> Сонда.

<sup>23</sup> Ж. Тілепбергенов. Таңбалылар: Повесть. Қызылорда, 1930, 78-б.

ретінде мәлім.

«Таңбалылар хикаяты» Қалманның түрмеге түсуінен басталғанымен, негізгі оқиға Қалман кедей мен Тұяқбай бай арасындағы тартысқа негізделген. Шығармадан төңкеріске дейінгі және одан кейінгі таптық күрестің ызғары айқын сезіліп тұрады. Автор Қалманды қанша қиындық көрсе де қаймықпайтын өжет, қайсар, ілгері күнге үміт артқан жігерлі жігіт тұлғасында көрсетеді. Бұл авторлық сүйсінуі: «Қалман туғаннан-ақ жұмысқа қайым шокпақ кара болып, омырауы есіктей, ойынды еті бесіктей болып туды» деген жолдар аңдатады. Сол себепті жазушы шығарма оқиғасын қоюлата отырып, Қалманды әрқилы қактығысты жағдайларда суреттеуге тырысады.

Хикаяттағы мазмұннан гөрі мағына үстемдігі, кейіпкердің ішкі сырын ашуға ұмтылушылық, психологиялық параллелизмдердің қағар өріліп отыратыны, пейзаждық көріністер – Жиенғали қаламының өзіндік болмысын білдіретін ерекшеліктер. Жазу мәнеріндегі эпостық сарын да сол санатта.

Мысалы, осы шығармадан: «Сол елде белді атаның ұлынан, әрине келген қолынан, азуы алты қарыс Тұяқбай деген бай болды. Төрт түлгі сай болды. Не тілесе, соны істеп, көңілі оның жай болды...»;

«Бір үйді Сыр бойында қалдырып, оған егін салдырып, өзі құмға көшіп, малын айдайтын еді, туу Қызылдың құмын жайлайтын еді...»;

«...Тоқалға толысып, малайға мастанып, төрт жағы құбыла шаттанып, Тұяқбай Қызылқұлды жайлай берді, Қалман да бай шаруасын өз шаруасындай жайлай берді...» деген жолдарды жиі кездестіруге болады.

Жиенғали Тілепбергеновтің «Атсыз роман, я Құбаш баксы» деген шығармасы болған екен деп көп айтылады. Болғаны рас, бірақ бұл жарық көрмей, қолжазба күйінде қалған еңбек. Жазушы зертханасындағы белгісіз еңбектердің бірі.

Алдымен шығарманың атауы туралы. Жазушы шығармасының жанрын роман деп белгілеп, әлі тұрақты ағы жоқ, әлі нақты атауы қойылмаған шығарма дегенді білдіру орайында «Атсыз роман» деп атаған сияқты. Ал «Құбаш баксының» қосуы – шығарма оқиғасының Құбаш төңірегнен өрбитінін ескеріп, кейіпкерді даралау мақсатынан тууы мүмкін. Кейін оны «Атсыз роман» деп, не «Құбаш баксы» деп, екі атаудың біреуін тандауды болашаққа қалдырған тәрізді.

Аталған қолжазба ұзақ уақыт бойы белгілі ақын Жакан Сыздықовтың қолында сақталыпты. Ол Жиенғалимен Қызылжардағы «Бостандық туы» газетінде бірге істеген, тонның ішкі бауындай араласып, көңілдері жарасқан жақсы дос хәм

жолдас болған. Кейіннен Жиенғали жайында нақты деректері мол, тағылымды естелік жазып қалдырған. Сөйтіп, осы белгісіз шығарма ақын Жакан Сыздықов арқылы жазушының ұлы Нұраш Жиенғалиевтің қолына тиген.

Қолжазба мұқабасында «Садақ» баспаханасы, Уфа, «Ғалия» медресесі, 1915 жылы 10 декабрьде жазыла басталы»<sup>24</sup> деген сөздер бар. Мәтін ішіндегі «26 ғинуар 1916 жыл», «24 февраль» деген белгілер де шығарманың медресе қабырғасында туғанын дәлелдейді. Дегенмен, оның «Садақ» қолжазба журналына жарияланған-жарияланбағаны белгісіз. Бұл жөнінде дерек жоқ.

Қаламгердің бұл қолтумасы – XX ғасыр басындағы қазақ тұрмысының бір үзгіі. Мүрит болып, белгілі ишанға қол берген Құбаш есімді жас жігіттің өмірі арқылы заманның әлеуметтік тынысын бейнелеуге тырысады. Сол кездегі жазба әдебиет үрдісіне орай әйел теңдігі мәселесі де шет қалмайды. Бұл апалы-сінлілі Құнғаным мен Айғаным бейнелері арқылы көрсетіледі.

Сюжеттік жетілу жағынан шығарманы аяқталмаған еңбек деуге болмайды. Нақты тақырып белгілі бір деңгейде баяндалып, түйінделген; автор дiттеген ойын оқырманға жеткізіп бере алған. Жанрлық ерекшелігі жағынан ұсақ әңгімеден гөрі ұзақ әңгімеге ұқсайды. Алғаш рет медресе шәкіртінің қаламынан туып, қолжазба журналға лайықталғандықтан, сол кездің деңгейімен «роман» деп аталуына да өсте талас болмақ емес. Сонымен бірге, баяндау тәсіліндегі кейбір ұзақ-сонар сөйлемдерге, кез келген оқырман бірден түсіне алмайтын діни сөздердің көптігіне, тақырыпқа жанама қосылған, кейіпкер болмысын байыптауға елеулі әсері жоқ жекелеген штрихтарға, мәтіннің әдеби еспеттелуі райына да балаң қаламның ізі еді деп кешіріммен қарауға тура келеді.

Шығарманың бас кейіпкері – Құбаш Көбей баласы. «Көбей өздерінің ағайындары ішінде тұқымдары тоқалдан өрбіген, құл деп атанған бір ұрпақтан қой бакқан ғана бір шаруа еді, – дейді автор. – Үйлері жақында ғана қоян жұтына ұшырап, азғантай малынан айрылып, сып-сидам болып қалған еді. Бұның үстіне қартайғанда көрген екі баласының жастығына қарамай өліп те кетті. Байғұс қатыны Тойдық та жасынан бірге жасасқан қосағының ақ сапарына кеткеніне қайғырып, жанына батса да, «Ие, жасаған, осы екі жаман, неменің қызығын көрсетіп, алдында иман бер!» – деп ақтан тілеп, байлардың қасына қарашы қонып, қойын сойып, биесін сауып, күнін көре берді. Келер жылы өзінің күнін көрер үшін Қобылайлы бай деген байдың қасына көшіп барды».

Тойдық баласының үлкенін төрт бойдаққа қой бағуға жадайды, кішісі сегіз жасар Құбашты байдың балаларымен бірге мектеп-молдаға оқуға жібереді. Сол калпымен оқып жүріп, Құбаштың

<sup>24</sup> Ж. Тілепбергенов. Таңбалылар. – Ақтөбе, 1997, 293-б.

жасы он беске жетелі. Жасынан оқып келе жатқандықтан, басқа ешқайда бұрылмай, молдалықты қол көреді.

Жазушы Құбаштың бір байдың қолында төрт-бес жыл тұрған кезіндегі қызметші орнына да жүріп кете беретін, қонақ келсе атын ерттел, шайын қойып, қауға тартып, реті келген жеңіл-желпі қызметтерін істеп жүре беретін ерекшеліктерін баяндай келіп, ел арасындағы молдалығының кәдірі кеміп бара жатқан соң, тәуірлеу бір ишанға қол артуды ойына алғанын айтып өтеді.

Шығармада ишанның есімі көрсетілмейді, бірақ Құбаш өміріндегі құбылыс осы ишанға баруынан басталады. «Ишанға барған соң, – дейді жазушы, – жігіттерінің біріншісі болып, одан әрі жігіттер жиналмаған уақытта ишанның шайын қойып, қонағын жайлап, ишанның белгілі тиірменшісі болып, мұның бақытсыздығына, осындай жұмыстан күлді басын құтқармалы». «Жиырма бесте болса да соламандай жігіт емес. Жетім болып жерлеп өспей қалған ба, он бестегі баладай, құп-құрттай, жүгіріп жүруге жеп-жеңілтек еді», – деп баяндайды және.

Құбаш осы қызметтерімен ишанға жағып, ақыры ишан оған ағасы Жәкейдің кіші қызы он жасар Айғанымды айттырады. Жәкейді жазушы «шариғат солай деп айтады деген сөзге көзін жұмып нана беретін кісінің біреуі» деп суреттейді. Сондықтан Жәкей ишан інісінің «Құбаш моллаға Айғанымды белгілеп бата оқысақ қайтеді?» деген сөзін іштей қаламаса да, қарсы келе алмайды. Ал Жәкейдің үлкен қызы Күнғаным бұрын Құлғас байдың Нүрекен деген баласына айттырылып қойған еді.

Сол Нүрекен келер жылы осы ишанның медресесіне оқуға келеді. «Нүрекен бұрынғы оқып жүрген жерін алысынып бармай, мұнда келген екен. Шын ойында не бар екенін құдай білсін...» дейді жазушы. Расында да, Нүрекен бұл ауылға қалыңдығы Күнғаныммен жолығып тұру үшін келген болып шығады.

Бұдан кейінгі оқиғалар былай өрбиді:

Нүрекен ишан ауылының оқуын тастап, «Османия» медресесіне кетеді. Басқа да шәкірттерді азғырып, медреседен шығып кетуіне себепші болды деп ишан Нүрекенге ренжіп жүреді. Құбаштың әртүрлі қылықтары Айғанымды күннен күнге түңділдіре береді:

біреу жылдан соң Күнғанымды Нүрекенге ұзатады. Ишан інісінің қызын айтырған жеріне бергізгісі келмей, іштей қарсы болса да, әрі аулы тұқым Құлғастардан қорқып, әрі өз інісі айтқанын қылмай кетсе, бағамды кемітіп алармын деп басылады;

бірақ «өзі баянды өмір сүретін жеріне келген Күнғаным бір қыстан соң қатты науқастанып, қайтыс болады. Келер жылы «Нүрекен ел жайлауға шыққасын Күнғанымның өлгенін естіруге хәм сол жақтан қыз-мыз іздеуге қайын жұртына келеді. Алайда «көңіл еткен қыздарға сөйлесе де, өзіне лайық көрмейді». Ақыры

«аңанның орнына барсаң қайтеді?» деп Айғанымға сөз салады. Құбашқа кететін болдым деп қайғырып жүрген Айғаным бұл ұсыныспен қуана келсіп, Нүрекенмен бірге қашып кетеді;

Айғанымның Нүрекенмен кетіп қалғанына қыз әкесі Жәкей қайғыра қоймайды, әрине. Қайта «Құбашқа қайдан бердім, обалына қалдым-ау деп жүр едім, теңін тауыпты, құдайым қайырлы қылыс» деп ойлайды. Мұны естіген ишан ғана шыдай алмайды. Қол астындағы бір ауылнай елге шақырту жіберіп, атқамінерлердің басын қосып, біреудің некелі әйелін әкеткен Нүрекеннен қызды қайтарып әкелуді тапсырады. Ақыры атқа қонған жүз қаралы кісі Айғанымды жылатып алып келеді;

көп ұзамай Айғанымды Құбашқа қосады. Бірақ екеуінің түз-ләмі жараспайды. «Құбаш қоқактап, «қашқан жауға қатын ер» дегендей, сылтау табылса, аямай сабайтын болып жүрді» дейді жазушы. Бір жолы Құбаш тағы да кәсібіне кірісіп жатқанда, қамшының түшпесі Айғанымның көзіне тиіп, бір көзін ағызып жібереді...

Жалпы Құбаш – оқырманнан қолдау табатын кейіпкер емес. Туынды мәтінінің бүкіл мазмұны, кейіпкерді сипаттауға септесетін кез келген шығармашылық әрекет Құбаш бейнесін жағымсыз жағынан көрсетуге құрылған. Бұл авторлық баяндау арқылы да, жеке монолог түрінде де біртіндеп ашыла түседі.

Ал Айғаным – ескі ғұрыптың құрбаны. Ғасыр басындағы тақырыптас-текстес шығармалардағы сияқты, әйел бостандығының ірімдерін ашу автордың ең басты мұраты болғаны айқын сезіледі.

Бұл туындыда әлемі қара өлен үлгілері, сирек қолданылатын тіркестер кездеседі («шайтан мойнын сындырған», «бетінің суын бес төгу», «тас бауыр өлімнің ала баулы қорығы», «қайғылы қиялат», т.б. осы сияқты).

Сондай-ақ кейіпкерінің ішкі әлемін қара өлен жолдары арқылы ашу әдісін де жазушы ұтымды қолданған. Күнғаным мен Айғаным қосылып шырқайтын «Жетім қыз» аталатын әннің мәтінін алайық. Мұнда Нүрекен басқа жакка кетіп қалған кездегі Күнғанымның сағынышынан гөрі, Құбашқа қосақталғанына қатты қайғырып жүрген Айғанымның зары көбірек сезіледі:

Шәкірт Жиенғали «Атсыз романын» қолға алған кезде қазақ әлебиетінде Міржақыптың «Бақытсыз Жамал» (1910) романы аса белгілі болатын. Мұның ізімен туған «Мұңлы Мәриям», «Қыз көрелік», «Қалың мал», «Қамар сұлу» сияқты шығармаларды да жазуға құмар, көзі ашық жас талаптың білмеуі мүмкін емес еді.

Жалпы Жиенғалиға Міржақыптың «Бақытсыз Жамал» романындағы Жамал мен Ғалидың сүйіспеншілік сезімдері бірталай жақын болғанға ұқсайды. Ал Міржақып еңбектерімен, атап айтқанда «Бақытсыз Жамал», «Азамат» кітаптарымен

жастай танысқаны өзінің жазып қалдырғандарынан белгілі. Жиенғали тәрізді басқа да қалам ұстаған жас талап-өрендерге ел тұрмысының шынайы шындығынан нәр алып, әлеуметтің жүрегіні сыздатып жүрген оқиға-құбылысты көркем кестелеген тұңғыш қазақ романы — «Бақытсыз Жамалдың» сөзсіз рухани әсері болғаны бұрын айтылды. Ал Міржакып туындыларына кен жол ашылған қазіргі кезеңде бұл — айналып өтуге болмайтын ақиқат. «Атсыз романдағы» оқиғалардың даму өрісінен, кейіпкердің жан-дүниесіне үңілу жолындағы шығармашылық тәсілдерден, жеке детальды суреттеу орайындағы бейнелеу әдістерінен, жалпы тақырыптың игерілуі тұрғысынан «Бақытсыз Жамалдың» бөрекелі өнегесін, Міржакып қаламының үлгілі іздерін ішінара сезуге болады.

Қолжазба күйінде сақталған еңбекті XX ғасыр басындағы сөз өнеріміздің өзге де бағыттарымен, осындай белгілі әдеби нұсқалармен байланыстырып, шендестіре қарасақ, ортақ тақырыл пен ортақ идеяны Жиенғалидың дербес қолтаңбасымен бейнелеуге тырысқаны айқын көрінеді. Өз қолынан туған түпнұсқалы еңбегіне, екіншіке қарай, жазушы қайтып оралмаған, өңдеп, өрнектеп, бастырып шығаруды құнғатпаған. «Атсыз роман» — Жиенғалидың болашақтағы жинақтарына қысылмай қосуға болатын сүбелі туынды. Қолға алған бірінші көлемді дүниесі болғандықтан, шұбаланқылық, сөз қайталаушылық, басы артық тәптіштеу, жатпай баяндауға бейімділік те жоқ емес, әрине.

Жалпы журналист-жазушының бірқатар еңбектерінің мәтіні әлі күнге дейін белгісіз болып, жинақтарына қосылмай келеді. Бұл ретте «Әдебиет мұраларын жинау туралы»<sup>25</sup>, «Жұмағазы хан»<sup>26</sup>, «Әйел-оқытушы»<sup>27</sup> сияқты басқа да көптеген еңбектерін атауға болады.

## БЕРНИАЗ КҮЛЕЕВ (1899 – 1923)

Бернияз Күлеев 1899 жылы бұрынғы Торғай облысы Ақтөбе уезіне қарасты Бөрте болысының бесінші аулында /қазір Орынбор облысының Бөрте ауданы/ Бекен деген шаруаның отбасында дүниеге келді.

Болашақ ақын елдегі медресе, мектептерден әуелі ескіше /қалымша/, кейін жанаша, /жәдит/ білім алады.

11-12 жастарға келгеннен кейін әрі қарай орысша оқыту мақсатымен әкесі Томаркөл болыстық мектебіне береді. Бұдан әрі ол Ақтөбе гимназиясына ауыстырылған екен, Ақтөбе мектебінен, оқу қаражатына мүмкіндік болмай, Бернаиз Бөрте болысындағы екі сыныпты мектепке түседі.

Бернаиз осы орындарда оқып жүргенде, сол кездегі алғашқы қазақ зиялыларына нәр берген, бағыт-бағдар сілтеген, ұлттық қаранғыда жол бастар шам-шырағы болған қазақ-татар тіліндегі басылымдарды “Уақыт”, “Тәржиман”, “Қазақ”, “Айқап”, “Шура” секілді газет-журналдарды үзбей оқиды. Орыс, қазақ, татар классиктерінің шығармаларын шәкірт шағында зер салып оқиды. А. Байтұрсынов, М. Дулагов, С. Торайғыров, С. Дөнентаев, М. Жұмбабаевтардың жарыққа шығып жатқан дүниелеріне зер салып, ерекше назар аударып отырады.

1918 жылдың басында Қызыл гвардия ақтардан Орынбор қаласын босатқан кезде Күлеев осында келіп, кенес қызметіне араласады. Торғай облысының съезінде облыстық комитеттің оқу бөліміне сайланады. 1917 жылы қазанда Орынбордағы қазақ жастары “Игілік” қоғамын ұйымдастырады. 1918 жылдың басынан Орынбор қаласында Нәзір Төрешұлының редакторлық етуімен



<sup>25</sup> “Еңбекші қазақ” газеті, 1930. 19 қаңтар.

<sup>26</sup> “Еңбекші қазақ” газеті, 1926. 24 қыркүйек

<sup>27</sup> “Әйел теңдігі”, 1928. №5-6.



Мен сөкпеймін, сені сонау толқынмен  
Қан майданға неге ғана кірдің деп.

Мен күнірем ұлы ойлар көп басыма,  
Жырласаң ед шомылып көз жасына:  
Тұңғықтың түбіндегі тамаша  
Өзі-ақ көшіп келмес пе еді қасына...<sup>1</sup>

деп күйінеді бір акынның өліміне екінші акынның сезімтал жаны. Бұл өлеңге эпиграф етіп Мағжан 1922 жылы Бернияздың ат салысуымен Қазан қаласында шыққан өзінің өлеңдер жинағындағы “Ұлан” деген өлеңнің:

Ұлан өлді батып қанға,  
Тыныштық тапты асау жан да, —

деген сонғы екі жолын эпиграф етіп алады.

Бұл қайғылы қазаға “Еңбекші қазақ” газетінің 1923 жылғы қаңтардағы №19 санында “Бернияз Күлеев” (некролог) деген тақырыпта азанамалық мақала беріледі.

Ерте үзілген акын ескерткішіндей болып, оның артында мәңгі өлмес жалындаған жастық жігерге толы, назды да сұлу, әсем лирикасы, өшпейтін жырлары қалды.

Акынның қаламынан туған ең соңғы өлені деп, оның өзі қаза болардан бірнеше күн бұрын жазып, 1923 жылы 21 қаңтар күні кешкі сағат 5-те өзі датасын қойып кеткен “Ал, жүрегім, өлейін” өлеңін есептеуге болады. Міне, азғана жұмырында жалынды жырлар жазып кеткен, өмірі шолақ, келтесінен қайырылған акынның қысқаша өмірбаяны осылайша өрілген.

\* \* \*

Бернияздың әлебиетке алғашқы қадамы 1913-14 жылдардан басталғанға ұқсайды. Мұның жай-жапсарын жастық шақтағы жақсы жолдасы Мерғали Ешмұхамедұлы былай деп баян етеді: “Бернияз 14 жасынан өлең жаза бастаса да, баспа әлебиет жолына түсіп, өлең жаза бастағаны — 1916 жыл. Мұндағы өлеңдері — жаратылысты суреттеу сияқты ұсақ өлеңдер. Төселіп өлең жаза бастағаны — 1918 жыл”<sup>2</sup>.

Бұл жылдар акынның Бөртедегі мектепте, одан кейінгі Ақтөбе гимназиясында оқып жүргендегі кезі болғаны мәлім. Сонда ол

<sup>1</sup> М. Жұмабаев. Шығармалары. — А., 1989, 164-б.

<sup>2</sup> Мерғали /Ешмұхамедұлы/. Күлейұлы Бернияз. // “Еңбекші қазақ”, 1928. №72, 30 март.

шығып тұрған “Қазақ мұңы” газетінің бетінде осы қоғамның мәдени іс-шаралары туралы Бернияз Күлеевтің “Игілік қоғамы” деген мақаласы басылады. Осы жылдары ол бірнеше лирикалық өлеңдер жазды. / “Қиял сөзі”, “Неге”, “Көңіліме”, “Қымыз”, “Жазғы дала”, т.б. / “Бұлбұл”, “Ажал”, “Ақын”, “Бар ойым бастан кешті көзім көріп” деген тақырыптар мен Пушкин шығармаларын аударалы.

1919 жылдың күзінде Орынбор қайта азат етілгеннен кейін онда қазақ даласын басқаратын әскери-революциялық комитет құрылғаны мәлім. Сол комитет Б.Күлеевті Ақтөбе губерниясына төтенше комиссар етіп жібереді. Б.Күлеев сонымен бірге губерниялық соғыс комиссариатында да қызмет етеді. Революциялық комитеттің үні “Ұшқын” газетінің редакциялық алқасының мүшесі болып бекітіледі. Осы кездендерде ақын өзінің жастық кезеңдерінен сыр шертетін “Жазғы жапыраққа”, “Г-ға”, “...ға” секілді махаббат лирикаларын жазды.

1920 жылы Қазақ АССР Халық ағарту комиссариатының уәкілеттімен Бернияз Күлеев Қазан қаласында тұрып, қазақ тілінде шығарылатын кітаптарға тікелей басшылық етеді. Сол жылдары Бернияздың тікелей араласуымен Абай, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Сәкен шығармаларының жинақтары басылып шығады.

Бұл жылдар акынның өз шығармашылығы үшін де өте жемісті болды. Халықтың әдеби мұраларын, ақын-жазушылардың шығармаларын талғап-таразылауда, сұрыптауда ол өзінің зерделі, пайымды әдебиетші екенін көрсетті. Оның ақындық ой-өрісі де өсіп, шығармашылық жағынан кемелдене, толыса түсті. Ақындық шалымы ұшталып, қаламгерлік қарым-қуаты өрістеді. Осылайша қазақ мәдениеті мен өнерінің, әдебиетінің қаз-қаз тұра бастаған шағында Б.Күлеев халқы үшін үлкен қоғамдық, мәдени істер тындырды. Қалыптасып келе жатқан мәдени істерімізге ұйтқы болып, оның одан әрі өрістеп, қанат жаюына мұрындық болды. “Ел ерлеріне”, “Алға”, “Қуларға”, “Заман-ай” секілді саяси-романтикалық сипаттағы бір топ өлеңдерін де осы кезеңде жазды.

Осындай жауапкершілігі мол, қоғамдық-мәдени істің басында ақын өмірінің соңына дейін, яғни 1923 жылға дейін болады. 1923 жылғы небары 24 жасында Б.Күлеев өмірден қыршын кетеді.

Ақынның өмірден ерте кетуіне туған халқы қатты қайғырып, жаңа қалыптаса бастаған ақын-жазушылар қауымы күнірене жоқтау айтады. “Ақ жол” газетінің 1923 жылғы 22 ақпан күні санында Мағжанның “Берниязға” деген өлені жарияланады.

Жаны жалын, жаны шерлі жеткіншек,  
Күлсін саған, сөксін мейлі көк есек.

1913-ші жылдары ақындыққа өнімді түрде кірісіп, ал нағыз акын ретінде танылуы 1918 жылдар шамасы болуы керек деген болжам айтуға негіз бар.

Бернияздың ақындық өнердегі алғашқы қадамының нақ 1913 жылдан бастау алғандығын айғақтайтын тағы бір факт. Кейбір деректерге қарағанда, ақынның көлемді екі қолжазбасы болған. Бірінші қолжазба ақынның өз қолымен жазылған 68 өлеңі топтастырылған “Қызыл книга” деп аталады. Оның сыртқы бетінде алтындаған жазумен орысша, қазақша былай деп жазылған: “Стихотворения Бернияза Кулеева, 1919 г. I часть”. “Бернияз Күлеевтің уақ өлең жырлары”, 1919 ж.

Ал енді ақынның туған апасы Мәриямның қолымен жазылған екінші көлемді қолжазба “Сұр книга” деп аталады. Бұған ақынның 177 шығармасы енген, оның біреуі — шағын айттыс. Төртеуі — баллада, поэмалар. Шағын айттысында “Тар уақыттағы айттыс” деген қосымша анықтама бар. Соған қарағанда, бұл жас талапкердің алғаш ақындық өнерде өзін сынап байқауы секілді.

Б. Күлеевтің шығармашылық жолындағы алғашқы ақындық нәрі Пушкин мен Абай, Сұлтанмахмұт пен Махамбет және халықтың бай ауыз әдебиеті болған. Орыс, қазақ татар халықтарының классикалық дәстүрлерін шамасы келгенше сарқа пайдалануға ұмтылған өрелі акын сыршылдықты, табиғатты сүюді, оған қамқоршы болуды, шындықты жасырмауды солардан үйренді. Күлеев шығармаларын жандандырып, құлпыттып тұрған нәрсе жарастықты, ойшыл назым: өжет үндеу, нәзік сезім, арпалысқан көңіл<sup>3</sup>— деп жазалы әдебиет зерттеушісі К. Шәменов.

1914 жылдар мен 1916 жылдардың аралығында ақын “Ойлағым”, “Өзім”, “Қыздың мінежаты”, “Қызықты жаз”, “Ауылдағы қысқы түн”, “Анама хағ”, “Тұтқын”, “Зарлық”, “Қазақ қызы” секілді өлеңдерін жазған. Тақырыптық жағынан алғанда, бұл өлеңдер көңіл-күй сезімдері, табиғат көрінісі, анаға деген сағыныш, қазақ қыздарының теңдігі мәселесін қозғайды.

Ақынның ерекше көңіл аударатын өлеңдерінің бірі — “Өзім” атты туындысы. Бұл өлеңнен біз кейіпкердің қиын да күрделі ішкі жан дүниесінің сырын бағамдаймыз. Кейіпкер үні асқак. Ол тек қана “өзім” деп сөйлейді. Тек қана “мен” дейді. Оқырманды әр қилы оқиға жетелейді.

Өзім деймін, өзгелерді көрмеймін,  
Өзімсіздік “ай, бауырымға” көнбеймін.  
Өзім патша, өзім төре, өзім хан,  
Өз ойымды мың сабазға бермеймін.

<sup>3</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-т., — А., 1965, 441 — 442-бб.

Кейіпкер өзімді теріс жолдан жөнге салатын да өзім. Бірлеңенің жөнін білдіруге ұмтылдыратын да өзім. Алушы да өзім, беруші де өзім. Олай болса: өзіме өзімнен артық енді кім керек деген түйінге келеді. Лирикалық кейіпкер өз сырына өзі қайран қалады. Өзіне таң-тамаша болады. Өз болмысы мен жан-дүниесін қызықтайды. Тосын бір әлем, жана бір дүние сырын ашып тұрғандай болады. Өз бойынан жұмбақ болмыс тапқандай болады.

Табиғат суретін өрнектеуде ақын каламы айқын да анық бояумен дәл шығады. “Қызықты жазда” өлеңінде ақын былайша толғайды:

Жыбырлап быж-быж қайнап қанат қакты  
Көбелек, күрт-құмырсқа шала өлген.  
Қызулы күн көзінен түскен сәуле  
Көгерді қалың жүзді өзен-көлден.

Ақын каламының көркем бояуы қанық та әсерлі шыққан. Бұл жәйттер қалыптасып келе жатқан жас ақынның табиғатты жырлаудағы шеберлік баспалдақтары іспеттес.

“Қыздың мінежаты” деген өлеңінде ауыр еңбекпен күн өткізіп жүрген қазақ қызының атынан оның оқуға деген құлшынысы, арман-тілегі баяндалады. “Алама” өлеңінде ақынның бауырына деген сағынышты алғаусыз көңілі мен сезімі әсерлі шыққан. Қалада оқып жатқан жас ұланға ақын көңілі былайша білдірілген:

Қош аман бол, алыстағы бауырым,  
Дүниенің көрген қызық — сауығын;  
Біз де мұнда ықыласпен тілейміз  
Бауырластың өнер-ғылым табуын.

Ақын сол қалада оқып жатқан жас ұландармен бірге, олардың туған жерін ойлап запыран күн кешіп жүргеніне жаны ауырады. Әйтсе де бауырластың өнер, ғылым табуына тілек тілеп, жандарында жол көрсетер қамқоршы жоқтығына налidy.

Жол білмеген, жол көрмеген еңшең жас,  
Қасында жоқ жұбататын бауырлас.  
Қамыққанда туған жерді еске алып,  
Тырс-тырс тамып кеткендей-ді ыстық жас.

Бұл жолдардан ақынның өзінің де туған жерге деген сағынышты ыстық сезімі байқалады. Осындай өлеңдермен бірге жас акын аударма ісімен шұғылданып, орыс ақындары И. Никитиннен

“Ауылдағы қысқы түн”, Н.Цыгановтан “Тұтқын” деген өлеңдерін қазақшаға аударды. Бұл аудармалар шығармашылық машық жолындағы жас акынның өзін-өзі байқауы секілді. “Ауылдағы қысқы түнде” қысқы сурет, ауырған кемпір мен оның жанындағы қорғансыз екі баланың аянышты халы суреттеледі. Ал “Тұтқын” өлеңінде торда дәрменсіз күй кешкен бұлбұлдың тағдырына аяныш білдіріледі.

Б.Күлеев алғашқы акындық қалыптасу жылдарында-ақ өлеңдерінде көңіл-күй сезімдері тақырыбын жырлауды басты мақсат етіп алған секілді. Соған ерекше назар аударалы. Бұл сарын акынның алғашқы туындылары “Ойдағым”, “Өзім” секілді өлеңдерінде ерекше көрінеді. Осы сарын Бернияз лирикасының ерекше сипаты тәріздес. Акынның алған білімі, дүниетанымы, адамдар арасындағы қарым-қатынастағы әсерлер, табиғатқа, жаратылысқа бағытталған сезім күйлері, өмірге қатысты ой-толғамдары поэзияда оның осы ерекшелігін туғызған тәрізді. Бұл тарапта Б.Күлеев лирикасын оның замандасы С.Торайғыров лирикасымен салыстырсақ, осы ерекшелікті айқын байқайтын секілдіміз. С.Торайғыров лирикасында саяси лирика, азаматтық әуен мен пафос, жалпы халықтық мәселелерді жырлауға деген ерекше құштарлық пен ұмтылысты байқаймыз.

Ал Б.Күлеевте көбіне-көп жеке бастың сезім күйлері, көңіл-күйдің сан алуан сырларына бойлау тәріздес сарындар ерекше байқалады. Бұл, әрине, С.Торайғыров тек қана саяси лирика, ал Б.Күлеев тек көңіл-күй лирикасын ғана жазды деген сөз емес. Мәселе, бұл акындардың акындық ерекшелігінде, даралық сипатында, белгілі бір тақырыпқа деген талант бейімінде жатыр. Мысалы, С.Торайғыров көңіл-күй тақырыбында жазылған өлеңдерінде адамның жеке көңіл-күй сезімдерін толғай отырып, арасында өзінің азаматтық, саяси көңіл әуендерін де білдіріп отырады. Ал Б.Күлеев саяси-азаматтық тақырыпта жазылған лирикасында белгілі бір мәселені көңіл-күй сырларымен ағастырып отырады. Б.Күлеев қай тақырыпқа жазылған өлең болмасын, көңіл-күй сезімдерін басты назарда ұстап отырады. Бұл – оның акындық ерекшелігі. Сонымен бірге, әдебиеттану ғылымының тұрғысынан алғанда, лириканы тақырыпқа бөліп жіктеудің шартты екені бесенеден белгілі жай. Мәселе ондағы қай сарынның басым боп келуіне байланысты айқындалатын болса керек.

Акынның 1917 жылы “Сегіз аяқ” үлгісінде жазылған “Алалық” өлеңі де осы көңіл-күй сезімдерін толғайтын туындыға жатады. Бұл өлеңінде акын ой, ми, жүрек туралы сыр шертеді. Акын философиялық, физиологиялық, психологиялық тұрғыдан түсіндірілетін әжептәуір күрделі мәселелерді сөз етеді.

Толғанып ойлап,  
Тереңге бойлап,

Толықсыған шағында,  
Ой, жүрек – серік.

Болып сөз берік,  
Сүйрер миды ағынға.

Ермейтұғын әлі жоқ,  
Ойсыз мидың сәні жоқ.

Миға құл – көңіл  
Болмақ жөн көміл,

Ми – сарайдың сардары.

Акын адам ағзасындағы ең маңыздысы ми дей келе, барлық ауыртпалық пен жүкті миға салады. Ми қызметінің ерекше маңыздылығына токтала келіп, оның да қозғаушы күші бар екенін сездіреді. Акын оның “ой” екенін айтып келіп, “ми” мен екеуінің бірігіп қызмет етуі жөн екенін былайша білдіреді:

Бір тұрыс, бір қан,

Бір дене, бір жан

Болса ой, ми, жүрегім.

Біріксе денем,

Бірігер сенем,

Болаар қабыл тілегім.

Қуанармын, күлермін,

Сонда ғана білермін.

Осы соңғы шумақтарды акын адам өмірінің саналы, байыпты өмір сүруіне, оның дұрыс жолға баса білуіне осы үшеуінің яғни ой, ми, жүректің қызметінің маңыздылығын бағамдайды. Ой, ми, жүрек үшеуі бірлесіп ынтымақтасқанда ғана қуат та, күш те, салтанатты жеңіс те өзінен-өзі келеді деген қорытынды шығарады.

Жаңа қалыптасып келе жатқан акын қаламынан басқа тақырыптармен бірге табиғат суреті, жаратылыс сыры да қағыс қалмайды. Осы жылдары жазылған “Жүргенде еркімен ел еркін жайлап”, “Түн”, “Жаздың алды” өлеңі осының алдында қарастырылып өткен “Қызықты жаз” өлеңінің тақырыбымен үндес, әуендес болып келеді. Мұнда да жаздың берекелі, жомарт, мейрбан келбеті сипатталады.

Мінекей, жылы-жұмсақ жыл келіп тұр,  
Оятып жер жүзіне түр беріп тұр.

Аспаннан алтынды күн сәуле тастап,  
Күлімдеп “көрдің бе?” деп түрленіп тұр.

Мұнда ақын қаламы жаздың көркем суретін ұтымды тенеу, әсерлі поэтикалық бейнелеулер арқылы қоюлата түскен. Жаз көрінісінің әрбір деталі назарынан қағыс қалмайды.

Сарқырап сай-саладан жүрмек сулар,  
Аспанға көтерілмек жерден булар.  
Даусындай сұлу қыздың құбылжытып,  
Қаңқылдап тезден келер қаз бен қулар.

Осындай пейзаждық суреттеулер шебер суретшінің әсем картинасын көз алдымызға келтіреді. Ақынның жаз көрінісін жалан баяндамай, көркем суреттеу арқылы поэтикалық суретке ұмтылуы байқалады. Жаз табиғатын беруде ақын суреттеулері Абай үлгісін теске түсіреді.

Қырда шөп, сайларда су, тоғайда ағаш.  
Қосылса құшақтасып бәрі аралас.  
Еріксіз ойдағыны ұмыттырар,  
Сонда бар қамыққанда, қайғылы жас!

Осы шумақтағы Абай әсері, әсіресе, оның “Жазғытұры” өлеңі еріксіз көз алдымызға келеді.

Б.Күлеевтің “Түн” өлеңі ақынның табиғат сырын беруде жетіле, қаламының ұштала түскендігін айғақтайды. Шағын лирикалық туынды өте әсерлі шыққан. Абайдың Лермонтовтан аударған “Қараңғы түнімен” үндес, рухтас болып келеді.

Түн дыбысыз, айнала бос,  
Дем алғандай талығып.  
Бар нәрсенің кеңлі кош,  
Тәтті ұйқыға малынып.

Қалғымайды көкте жұлдыз  
Түнгі сағат ішінде.  
Тамылжиды еш тынымсыз  
Ұйқтаған жер үстінде.

Көз алдымызға тамылжыған түнгі сурет келеді. Бар дүние мүлгіп, тынып қалғандай. Қатты талығып, қалың ұйқының құшағында балбырайды. Манаураған бейжай, мамыражай түнгі тірлік сезімімізді әлдилегендей. Түнгі самал бетімізді өпкендей,

тыныштық сезімін ұялата түскендей болады.

Б.Күлеевтің 1917 жылы жазылған “Бостандық күнінде”, “Бұлт”, “1917 жылға” атты саяси лирикалық туындылары бар. Бұл өлеңдердің барлығы бостандық тақырыбына арналған. Осы тақырыпта жазылған алғашқы “Бұлт” өлеңінде ақын бостандықтан бұрынғы жайттарды, хал-ахуалды сөз етеді. Ақын қазақ халқының жағдайын тура ашық айтпай, ойын пернелеп, астарлап, символикалық бейнелермен бере білген. “Бостандық күнінде” ақынның ажарқын қуанышы, алғаусыз көңілі мен тебіренісі, сезім шарпуы өлеңнің асқақ патетикалық рухын көтеріп, жанға жайлы, ажарылқап күндердің туғанын білдіреді.

Жарық күн туды,  
Жер жүзін жулды,  
Көктем нұрлар төгіліп.  
Ежелгі ескі  
Ортадан кетті  
Етек-жені сөгіліп.  
Міне хактың бергені –  
Көздің жасын көргені.

Бостандық күні  
Шығатын үні  
Қалғандарың келіп тұр.  
Бұлт бетін ашқан,  
Көктем нұр шашқан  
Күнді көзім көріп тұр.  
Жүрек жұтқыл шарқ ұрып,  
Шыдаптайды талшынып.

Осылайша тебіренген ақын өз жүрегіне:

Жарыл жүрек, көкке ұш,  
Қуанғаннан болып құс! –

дейді. Ақын жүрегі қуаныштан осылайша жалын боп шалқиды, құс боп ұшады. Өткен күнге қаны қайнап, жаны аши келіп, қалың жұрт қазағына ендігі қаламның құтты болсын деген тілек білдіреді.

Атқасан алға,  
“Ондасын Алла”,  
Біз де соған деселік.  
Жаялық құшақ,  
Қолға алып пышақ,

Тұсауынды кеселік.  
Атам қазақ баласы,  
Қаз-қаз тұрып қарашы! –

“1917 жылға” деген өлеңінде де акын осы түсінікте ой өрбітеді. Акын үшін бұл жылдың орны ерекше салмақты. Ұлғайған эпитет арқылы жыл болмысын даралап, ерекшелеп айқын аша түседі.

Ардақты жыл, атақты жыл, қанды жыл,  
Ұмытылмас жыл, өмірі ұзақ мәңгі жыл.  
Тендік, теңдік – тіршіліктің тұтқасы,  
Бірлік ерік бостандықпен атқан гүл.

Акын бұл жылдың болмысын, қайшылықты да күрделі сипатын, буырқанған, бұлқынған замана ағымын, толқынды дауылдай алапат кескінін, қанды келбетін, “ардақты жыл”, “атақты жыл”, “қанды жыл” деген эпитеттермен қоюлаға түседі. Халықтың аңсап, сағына зарыққанда қолы әзер жеткен жыл екенін айта келіп, акын ойын былайша түйіндейді:

Сенде рақат, сенде жеңіс, сенде гүл.  
Әлді-әлсіз айырусыз сенде бір.  
Тарих беті, жұрт аузынан ұмытылмас,  
Жылдың жылы, жыл патшасы – сенсін біл!

Акын шығармашылығындағы ең бір өнімді де жемісті кезең 1918 жыл болды. Осы жылдың ішіне ол 34 өлең жазған. Оның алтауы А.С.Пушкиннен аударма болып келеді. Б.Күлеев көңіл-күй лирикасында жазылған “Аңқыған гүлдің иісінен”, “Көңіліме”, “Қиял сөзі”, “Қайтер едің?”, “Жас жүрегіме”, “Жастық күнім” өлеңдерінде өзінің сезім күйін нәзік, көркем етіп беруге тырысады. Осы бағытта акын қаламы ұштала түскен, өзінің ішкі сезім тебіреністерін сырлы да мұңды, сыршыл да кенен, көркем жеткізуге ұмтылады. Ақын қаламы ұшқырланып, нәзік бояуды жақсы меңгерген. Әсерлі сезім, көркем оралымдар мен сәтті тіркестер молая түскен.

Тақырыбы жағынан ерекше өлеңдердің бірі – “Қымыз”. Қазақ поэзиясында бұл тақырыпқа арнайы барған Дулат, Абай, Сұлтанмахмұт болды. Олардың өлеңдерінде қымыз байлықтың, сән-салтанаттың, мақтанның құралы ретінде көрінеді. Дулат пен Абай, Сұлтанмахмұт бұл өлеңдерінде қоғамдық-әлеуметтік теңсіздік жағдайындағы қымыздың алатын орнына тоқталады. Қымыз өзіндегі байлықтың, мақтанқұмарлықтың белгісіндей. Жұрттың бәрі сені қолыңдағы қымызына қарап бағалайды.

Қымыздың мол болса, дүниедегі ең жақсы адам, мырза адам сенсін. Қиын тауып мақтағысы келіп тұрады.

Бернияз бұл өлеңінде қымыздың қазақ үшін ең сүйікті, ардақты сусын екенін айтады. Қымыз иісі мен дәміне елтігендей, оны зор шабытпен, сүйіспеншілікпен жырлайды.

Қатарлап қулын байлағып,  
Сабаға құйған сар қымыз.  
Сапыртып әбден сайлағып,  
Қазағым ішкен жазы-күз.

Күмбездей үлкен ақ орда,  
Сәні тек оның қымызбен.  
Шөлдей ме елі ол барда  
Бәйбіше – мырза бейлі кең.

Күлеевтің 1918 жылы жазылған “Таң алдында”, “Шын сую”, “Шын сулуға”, “Айныған аруға”, “Сүйікті қайғылыға”, “Жарықтан соң” деп аталатын, махаббат, сезім күйлерін баяндайтын бір топ лирикалы өлеңдері өз алдына бір сара.

“Таң алдында” өлеңінде акын лирикалық қаһарманның жүрегіңдегі махаббат, сүйіспеншілік сезімдерін табиғаттың әсем де сулу, сырлы суретімен астастырып жеткізген. Тамылжыған таң алдындағы сулу табиғат – ынтыққан жүректердің сезімін дәл беру үшін алынған сулу фон, ғажайып сурет. Табиғат суреті ақын сезімімен қоян-қолтық қосамжарласқан:

Көк жиегін қызыл алтын қаптады,  
Аспан бетін аласұр сәуле аптады.  
Желсіз түнде жымыңдасқан жұлдыздар  
Көрінеді көміл тетіс бағқаны.

Ойды қозғап, бойды алады тандағы  
Бозторғайдың жуз құбылған сайрағы.  
Ішке түскен ыстық жүрек дертімен  
Қайғы-зарды қозғатады қайдағы.

Осындай таңғы шақпен астасқан екі ұдай сезім күйін кешкен лирикалық кейіпкер әсем көрініске елжіреп елти отырып, өзінің көкейінде қаптарланып жатқан ойларына ерік береді. Ғашықтық сезімге бой алдырып, махаббат отына күйіп жанған жас жүректі бір мезгіл күдікті, қапалы ойлар торлап, жан-жүрегі аласұрып, дегбірсізденеді. Екі жүректің ойлағысы болып, “сүйем” деген сөзімді ол ұға ала ма, егер ұқпаса есіл сезім босқа кетсе, ойға алған

бар мақсат жобамды жоғалтамын ғой деп “аһ” ұрады. Олай болса маған дүниеде не қызық бар, жолдасым салқын, суық кабір болсын деп түйеді ол.

Ақын көңілінің бір сәттік сезім күйін аңғартатын шағын шығарма ретінде “Шын сүю” өлеңін атап өтуге болады. “Шын сұлуға” деген өлең ғашық жарға арналған үлкен сезімге, асқақ дәріптеу мен әсірелеуге, сүйген жүректің асқақ лебізі мен отты сезімін паш ететін көтеріңкі пафосқа құрылған. Сүйіктісін жұмақтағы хор қызына, періштелерге теңей келіп, әр қилы асқақ теңеулер арқылы барша жаратылыс пен ғаламды соған бас игізіп табындырып қояды. Ақын үшін әлемдегі ең құдіретті нәрсе – сол сүйгені.

Жүрсен жер, күлгенде көк сүйінеді,

Ағаш-шөп сөзге кылып иіледі.

Аспанның ажарлысы Ай мен Күн

Көркінді көріп таң боп күйінеді.

Алдыңнан әлдеқашан бұлт қашқан,

Құлдықта қол қусырып жер мен аспан,

Айнадай ай жүзінің ажарынан

Ұялып жұлдыз біткен бетін басқан...

Өленде айдай сұлу ажарлысының тек сырт көркі мен түрі ғана емес, оның асқан ақылы мен білімі, байыпты да биязы мінезі сөз болады. Барлық асыл қасиет пен жалғандағы жақсы сипаттар оның мінсіз болмысынан, бір ғана тал бойынан табылады, парасатты кемел ой, кенен ақыл, жүйрік зерде мен алғыр ой, дархан көңіл мен қызыл тіл – бәрі сол сұлудың өзіндік бітімін ерекшелей түскендей.

Ақынның “Айныған аруға” деген өлеңі алдыңғы өлеңге контраст ретінде құрылған. Мұнда алдыңғы өлеңдегідей алып-жұлып бара атқан сезім құштарлығы жоқ. Сезім салқындалған, суыңған. Құштарлық оты, сезім күйі өткен күнде қалған. Лирикалық қаһарман кезінде сүйгенінің ай жүзіне табынған, соның жолына өзін бағыштаған. Мөлдірдей таза, пәк күйінде сүйіскен жүрекпен тіл табысып, табысқан. Одан беріде арада қанша уақыт өтті. Сезім оты бірте-бірте суыңған. Бұлардың арасын әлдекімдер азғырып, араға әзәзіл оты жүргендей. Жас жүректердің таза сезіміне бөгде көленке түсіріп, әзәзіл уын сепкендей. Бірақ, көңіл сүйгенінің ыстық бейнесінен өзін қанша алыстатып көрсетуге бет алса да, “хош” деуге аузы бармайды.

Осындай көңіл күйдегі тағы бір шығарма – “Сүйікті қайғылыға” деген өлеңі. Мұнда да сүйген жардың опалы, уәдеге беріктігін, сертке адалдығын насихаттау, соны баса айту қайталанып отырады.

“Сегіз аяқ” үлгісімен жазылған бұл өленде махаббаттың үлкен дерт екені, оның қызуы жүректі аямай қаритындығы айтылады.

Бұл өлең жолдарындағы екі жастың сүйіспеншілік сезімдерін берудің реалистік үлгісі қазақ поэзиясында ұлы Абайдан тараған. Б.Күлеев – ұлы Абайдың дәстүрін мол ұстанған, оның ұлағатты жолынан көп тәрбие алған, үйренген қазақ ақындарының бірі. Абай әсерімен жазылған тағы бір өлеңі – “Оқушыларға”. Бұл өлең ақынның өз қолынан жазылып топтастырылған қызыл дәптерде басқа өлендерге беташары ретінде берілген. Өленде ақынның поэзияға өзіндік көзқарасы мен өлшемі, талғам түсінігі көрінеді. Абайдан үлгі алған Бернияз да өлеңнің еріккеннің ермегі емес, парасатты сана мен зерделен, шабытты толғаныс пен көрікті ойдан туатын өнер екенін аңғартады. Бұдан біз ақынның өлең сөзге қойылар өзіндік эстетикалық талабы мен талғамын байқаймыз.

Бернияз сол жылдары Пушкиннің алты өлеңін (“Бұлбұл”, “Ажал”, “Мұң”, “Сүю”, “Ақын”, “Бар ойым бастан кешті, көзім көріп”) қазақ тіліне аударғаны жоғарыда айтылған. Ақын Пушкин өлендерінің рухын жақсы түсініп, түпнұсқасындағы өлең мәтінін анық ментгерген де, оларды толымды түрде дәл аударуға тырысқан. Бірақ аударма өнеріне әлі де толық жаттықпағандықтан болар, әлде түпнұсқа мазмұнын толық жеткізу мақсатында ма екен, – әйтеуір өлеңнің қазақша аудармасына тағы да тың жолдар қосылып кеткен. Сөйтіп, 8 жолдан тұратын орыс ақынының түпнұсқа өлеңі қазақ ақынында 16 жол болып шыққан.

Бернияздың Пушкиннен аударған “Ақын” өлеңі ақындық өнер жайында сыр қозғайды. Ақынның болмыс-бітіміне үңіледі. Жайшылықта шабыт оты келмей, жыртұмай тұрғанда – ақын жаны қарапайым. Ол көп пенделерден ерекшелене бермейді. Тіпті елеусіз де. Осы күйді ақын былайша алып көрсетеді:

Ізгі жыр естілмейді саз бен әні,

Жан сезіп ызғарлы өмір, татқан дәмі.

Елеусіз жалғанның бар пендесінен,

Кім білер, елеусіз де оның жаны.

Осындай елеусіз күнде ақын шабыт толғағы қысқанда, көкіректен туындағанда, мүлдем өзгеріп, басқа жанға айналады. Жан-жүрегі елжіреп, көңіл оты асқақтап, басқа бір дүниеге енгендей болады. Абайша айтқанда, “Сонда ақын белін буынып, қыранша қарап Қырымға” дегендей, ақын жолына ешкім кесе-көлденен тұра алмайды.

Ал бірақ аспан-көкті қаптап әуез,

Естілсе ұғымына өзгеше саз,

Толғанар ақын жаны шын елжіреп,  
Сескентен қара құстай болып сабаз.

Қол, әскер қызығынан дүниенің,  
Жат сынар жұрт сөйлеген сөздің мінін.  
Әуренің өншең есер құдайына  
Манызды басын иіп етпес тәжім.

Кешегі өншен әулекі есер топқа ақын бүгін өзінің тәкаппар басын имейді. Ақын бүгін маңызды. Өлең жолдарынан поэзияның биік құдіретін, ақындықтың үлкен өнер екенін көрсету, насихаттау бар екенін көреміз. Бұл өлең рухы жағынан Абайдың “Қуаты оттай бұрқырап” өлеңімен рухтас. Абайда да, Пушкинде де поэзия, ақындық өнер туралы эстетикалық толғама құрылған өлеңдер баршылық. Бернияз Пушкиннің осы өлеңін аударғанда, эстетикалық ой-толғамадарға құрылған өлеңдеріндегі осындай дәстүрлі сипаттарды өзі де байқап көргісі келгені, алдына мақсат қып қойғаны, осы ойды діттегені байқалады. А.С.Пушкиннің “Брожу ли я вдоль улиц шумных” деген 8 шумақтан тұратын өлеңін Б.Құлеев қазақшаға “Ажал” деген атпен аударып, сол сегіз шумағын сақтаған. Түпнұсқа мен аудармадағы өлең жолдарында жатық, дәл шымыр аударылған жолдар баршылық.

Түпнұсқадағы негізгі айтылар ой мен көңіл ауаны аудармада толықтай жақсы ашылған. Бернияз орыс ақынының өлең жолдарындағы кейбір ұғымдар мен тіркестерді қазақы ұғыммен жатық аударалды. Мысалы, түпнұсқадағы “храм” деген сөзді Бернияз “құлшылық үйі” деп алған.

«Патриарх лесов», «отцов» деген сөздерді ақын көңілге таныс, көкейге жақын «ен орманға өзі хан», «аталар мен бабадан» деп, ұлттық ұғымға жақын етіп, жатық аударалды.

Құлеев шығармашылығында 1919 жыл да жемісті жылдардың бірі болды. Ақын бұл жылы 22 өлең, бір поэма жазған. Көңіл-күй сезімдерін білдіретін ақынның “Жүрегің жанып”, “Жырла да зарла, көңілім”, “Неге” және “Әдемі түн” өлеңдерінде оның поэзиялық шеберлік жағынан жетіле, суреткерлік қаламының ұштала, ұшқырлана түскенін, ой мен сезімді бірлікте алып, бейнелі суретке орын беру, ондағы мұншыл, күйшіл, сыршыл сарындардың көбейе түсуі байқалады. Бұл тұста арнайы тоқтала кетуді қажет ететін – “Жырла да зарла, көңілім” атты шығармасы. Бұл құрылысы, рухы жағынан Абай үлгісіндегі өлең. Оның “Өзгеге көңілім тоярыс” өлеңімен елеуір үндестігі бар. Бұл өлеңде ұлы ақын өлең сөздің эстетикалық құдірет-күші мен қуатын, оның тек жүрекпен ұғынылар сырлы сипатын былай жырлайтын еді ғой:

Сайра да зарла, қызыл тіл,  
Қара көңілім оянсын.  
Жыласын, көзден жас ақсын,  
Омырауым боялсын.

Қара басқан қаңғыған,  
Қас надан нені ұға алсын?  
Көкірегіңде оты бар  
Құлағың ойлы ер салсын<sup>4</sup>.

Енді Бернияз осы өлеңнің жолдарына үнлейік:

Жырла да зарла, көңілім,  
Сел болып жасың төгілсін.  
Естіген ойдан баз кешіп,  
Қамығып шындай егілсін.  
Жер-аспан бірден қозғалып,  
Тау мен тастар жібісін.  
Ойланған ойлар толғанып,  
Мұздаған жүрек жылысын.

Шәкірт ақын осылайша тіршіліктің біраз құбылысын өзінің жыры мен зарына құлақ қойғызып алады да, жыр мен зардың кімге бағытталып отырғанынан хабардар етеді. Сонымен ақын түпкі ойының аужайын былайша білдіреді:

Жырла да зарла, көңілім,  
Иеннің тапсын еркесін,  
Еріксіз оны ойлатып  
Өзегін үзіп өртесін.  
Жанылтып өзге тілегін,  
Қайрымсыз көңілін жібітсін.  
Суық ой, салқын жүректің,  
Ерітіп ішін жылытсын.

Махаббат оты құлпырып,  
Жас жүрегің күйдірсін.  
Өзгермес оймен шын құлап,  
Сәулеме мені сүйдірсін.

Ақынның өмір шындығын реалистік қанық бояумен жеткізе білген шығармасы – “Соғыс майданында” деп аталатын өлеңі. Бұл

<sup>4</sup> Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-т., – А., 1986, 177-б.

өлең сірә акынның сол жылдардағы ақ пен қызылдың арасындағы алапағ соғыстың шет-жағасын көріп, өзі куә болған жайттардың әсерінен туындаған секілді. Ол қанды майдан, кескілескен шайқас өткеннен кейінгі ұрыс даласының жан тітіркендірер көрінісін суреттеуге арналған. Көз алдымызға кансоқта болған ұрыс даласының жан жабырқатар жадау суреттері көлбеңдейді:

Ағаштықтан оралып сайға таман,  
Жүрген жерде жусандай толған адам.  
Жьртылмаған сау жер жоқ денесінде,  
Жанын беріп жай тапқан ат пен адам.

Аяқ-қолдан, мүшеден айрылған тән,  
Жерді жуған жарадан төгілген қан.  
Өмірінше айрылмас, айнымас дос —  
Кеуде мен бас мөңгіге қош айтысқан.

Акынның өнімді де өнікті қызмет еткен бір кезеңі — 1920 жыл. Бұл жылды да оның ақындық өнеріндегі жемісті жылдарының бірі деп санауға болғандай. Осы өлеңдерінің басты бір ерекшелігі — акын әлеуметтік мәселелерге көбірек үңілген. Бұл тарапта акынның “Алға”, “Куларға”, “Заман-ай әніне”, “Жаз”, “Ел ерлеріне”, “А, дариға-ай”, “Күз”, “Ер жігітке”, “Кім бар?” өлеңдерін атап айтуға болады. “Ел ерлеріне” деген өлеңі қазақтың бұрынғы өткен халін, талайсыз тағдырын еске салады. Оның мазмұнында кеңегі өткен отаршылдық замандағы жалпақ жұрттың ауыр күйі, теңсіздігі, аянышты ғұмыры жатыр.

Кім бұлдірді атамекең елінді,  
Кім тілдірлі кіндік кескен жерінді?  
Малды адаммен, қанды жанмен төлетіп,  
Кім жүнделі тірідей тонап терінді?

Гүл жайнаған жасыл жібек даланды,  
Алтай, Арқа, Еділ, Жайық анадды,  
Бір қауызға жинап бөрің қусырып,  
Кім жанышты жүректегі жаранды?

Осы аталған зұлматты, жөнсіз жәбір-жапаны “кім” деген сұрақтар арқылы акын санамалап өтеді де, жауапты өзі береді:

Патшазада, сұлтан, төре, хандарын,  
Жан алушы генерал мен хандарм.

Тіске жұмсақ бұқараны жем қылып,  
Айдаһардай азу біткен занғарын...

Өлең соңында акын нешеме ауыр күндерді бастан өткөріп, халқын бостандыққа жеткізген ел ерлеріне мынадай сенім білдіреді:

Аз шыдасан елді жаудан ашарсын,  
Жау жүрегін жасқанбастан басарсын.  
Біріктіріп бес бөлігін жалғанның,  
Мөңгі - бақи еркін өмір жасарсын.

Акынның ауыз әдебиеті үлгілерін пайдалана отырып шығарған ерлік тақырыбындағы өлеңдері де бар. Оларда жыраулық өнердің ежелгі ерлік дәстүрін мықты ұстанған Махамбет жырларымен үндестік өте-мөте айқын байқалады. Мәселен, “Ер жігітке” атты өлеңді оқығанда Махамбеттің әйгілі “Ерлердің ісі бігер ме?” өлеңі еріксіз еске түседі. Берниязда ер жігітке қойылар талап пен шарт былай пізбеленеді:

Ер қаруы — бес қаруды басқармай,  
Тас төсеніп, темір қазық жастанбай,  
Қанын ұрттап, жау жүрегін туралап,  
Шаш ал десе, — домалатып бас алмай,  
Жел жетпесті жорыққа мініп еліртпей,  
Көкірегінде қорғасын от ерітпей.  
Қақпақ жауырын, бұдыр білек, тас жүрек  
Жалғыз сөзбен мың сан жолдас ерітпей.

Жапан түзде жауға жалғыз жолықпай,  
Наркескеннен тамған қан жерде сорықпай,  
Еркін дала, асқар тау, шалқар көлдерден  
Қабағ өгіп жолбарыстай жорытпай...

Өшпес ерлік көрсете алмай жалғанда,  
Жан ұшырып қан ұрттамай майданда,  
Қой үстіне ұялатпай бозторғай,  
Ер жігіт, сен, өлгенде де арманда.

Қысқасы, өлеңнен ер жігіт еліне жақсылық, бақыт, тыныштық әкелмей арманы өле-өлгенше таусылмас деген ойдың ұшығын байқаймыз. Акынның мұндай өлеңдерінен зор романтикалық шабыт пен асқар екіпінді пафос отын көреміз. Лирикалық қаһарманның әрбір сөзі жігерлі патетикамен беріліп отырады. Акын поэзиясында байқалатын бір ерекше сарын бар. Ол



жастық сыры мен махаббат шерін тебіреністі күйде баяндаған. Балалар мээ болып ойнап, адамдар шат-шадыман болуда. Қысқасы, табиғаттың базарлы шағы көрік отындай қызып, табиғат болмысы түлеуде. Міне, осы кезеңде лирикалық кейіпкер өзінің жүрек қалаулысымен кездеседі. Көргеннен ғашық болып, құлап түседі. Оған арнаған жүрек жарды сезімін хат арқылы жолдайды. Ол кезде сен періште едің, таза едің, көркін де тамаша еді. Ол кезден бері талай заман, уақыт өтті. Енді сен өзгердің, мүлде басқа жанға айналдың. Көңілім, ыстық, ынтызар көңілім өзіңе әлі де баяғыдай болса да, көкіректі күдік оты жегдей жейді деп торығады лирикалық қаһарман. Сірә да көкіректе себездеп үміт оты жанса, екіншіде оны күдік бұтты торлайды.

Бір үміт, бір күдік...

Лирикалық қаһарман осы сезім-күйде ширьғады, толғанады. Бірақ қалай болған күнде де, ақырғы байлауды, үкімді сүйгенінің еркіне қалдырады. Соның дегеніне мойын ұсынбақшы болады. Менің саған деген көңілім баяғыдай, ендігісін өзің шеш деген ойды айтақшы болады. Мұны ақын шығармасында былайша толғайды:

Не қылсаң да өзің біл,  
Өзің сөк те, өзің күл,  
Сенің толық еркің бар,  
Қашаннан-ақ ойымда  
Сенің ізгі жолыңда  
Құрбан болмақ сертім бар...

Осы сырды түйіндей келе ақын сөз соңында қара басымды не ітесең өз еркіңе бердім. Не үкім қылсаң да қолыңнан қақпаймын дей келе ашынып, ауыр сөздерге дейін барады.

Жүрегімің жанғанын  
Қасық қаным қалғанын,  
Бергенше тағдыр залымда  
Жарқыратып жанымды,  
Сарқыратып қанымды,  
Өз қолыңмен бауызда!!

Шығармада автор: Қандай қиын бұралаң соқпақтар өмірімізге із салса да, тағдыр теперіші, өмір жолы жолдарымызды екі айырса да, сүйген жүрек өз дегенінен қайтпайды. Оның жалын-оттай қызулы лебі әлсіремейді. Қаншама күдік қаумаласа да ақыр соңында сен деп сүйген жүрегімің қызуы өзіңе ғана арналады. Басқа амал жоқ.

ғасырдың басында орыс поэзиясында төбе көрсеткен символистік бағыттағы Брюсов, Бальмонт, Соловьев және алғашында солардың әсерінде болған Блок, Есенин, Маяковский секілді ақындардың шығармаларындағы оқыс мазмұн-түр ерекшеліктерінің Б.Күлеев шығармашылығына әсер етуі.

Бәлкім, сондықтан да болар, өмірінің соңғы кезеңінде ақын әлеуметтік тақырыпты жырлаудан бой тартып, көбіне мұңды сарынға бой алдырады, ішкі сезім күйлерін шертегін өмір құбылыстарының сұрқай бояуларын ғана қабылдап, өткен өмірге екінші білдіргендей жырлар жазады. Ақын көңілі өрепкіп, тыншымай бірде дүниеден баз кешкендей пессимистік рухқа берілсе, енді бірде селт етіп, сергігендей құштарлана романтикалық рухқа (“өзім тәңірі”) ойысады.

Бернияз мұраларының ішінде ерекше орын алатын шығармалары – оның поэмалары. Ақынның бізге жеткен төрт поэмасы бар. Олар: “Жердің жүзі жаз еді”, “Қайда екен?”, “Жорық”, “Гүл”. (Соңғы туынды аяқталмай қалған). Зерттеушілер бұл шығармалардың жанры жөнінде әртүрлі пікірлер айтады. Зерттеуші К.Шәменов еңбегінде (Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-том. 20-ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. 2-кітап. “Ғылым”, А. 1970ж.) бұл туындылар баллада деп көрсетіліпті, ал Ы.Дүйсенбаев (“Эпос және ақындар мұрасы”, А., 1987ж.) оларды поэмалар деп атапты. Ақынның өзі де бұл кесек лирикалық туындыларының жанрын деп басып анықтай алмаған секілді. Бір шығармасын “баллада ма не болмаса қияли поэмалар ма, өзім де білмедім” – деп жазғаны бар.

Бұл туындыларды, шын мәнінде, арнасынан ағытылған ақынның ішкі сезім-күйін паш етегін, сол сезімдерді лирикалық сипатта кенінен толғаған шынайы лирикалық толғаулар десе де болғандай. Олардың сюжетсіз, лирикалық жоспарда жазылуының өзін ақын стиліндегі қуатты лиризммен, оның шығармашылық болмысындағы осы сипаттың ала бөтен ерекше күштілігімен түсіндіруге болатын секілді. Асылында Бернияздың өлеңдері мен біз поэма деп отырған кесек лирикалық туындылары іштей астасып, бір ақындық стильдің болмысын айғақтайды. Мұны ақын шығармашылығының ішкі даралық стиліне тән суреткерлік ерекшелігі мен даралығын, өзіндік ақындық қолтаңбасын айғақтайтын жәйттер деп түсінген жөн.

Енді осы шығармаларға қысқаша тоқталып өтейік. “Жердің жүзі жаз еді” атты поэма сюжетсіз үлкен лирикалық толғанысқа құрылған. Онда ақынның ағыл-тегіл сезім күйі жарқырап көрінеді. Лирикалық кейіпкердің басынан өткен үлкен сүйіспеншілік сезімінің сырлары жария етіледі. Осы сезім жүйелері табиғаттың сұлу көрінісімен әсем жарастықта өріліп отырады. Табиғаттың сұлу бітімі мен әсем құбылысын фон етіп алып, ақын өзінің жалындаған

Тағдыр телеріші осы болса сүйген жүрек үшін өзіннің дегеніне көңіл, – деген ойлар айтады.

Ақынның келесі поэмасы “Қайда екен?” деп аталады. Шығармаға ақынның өзі қияли поэма деп айдар тағыпты. Алты бөлімнен тұратын лирикалық дастан не болмаса толғанас. Бұл поэма да – ғашықтық, сүйіспеншілік сезімдерін ағыл-тегіл жыр ғып толғаған өте көркем лирикалық туынды.

Лирикалық толғаудың өзегіндегі негізгі мазмұн – сүйіктісінен алмағайып ауыр кезеңдерде көз жазып қалған ғашық жанның зар наласы, ащы өкісігі, өн-бойды тербеген тәтті мұны мен сағынышка толы қамырықты көңіл-күй сезімдерінен туындаған мұңлы сыр. Осы сырды паш ете отырып, лирикалық қаһарман сүйіктісімен кездескен бейкам, алаңсыз шақты еске алып, өткенге шолу жасайды. Мұны ақын лирикалық шегініс арқылы жеткізген. Бейкам шақтың естен кетпес суреттері ақын жүрегінен ұмытылмас сыр боп төгіледі.

Ақынның үшінші поэмасы “Жорық” деп аталады. Бұл шығарма автордың өзге поэмаларынан тақырыбы жағынан өзгеше. Негізгі идеясы – ерлікті жырлау. Поэма ауыз әдебиетіндегі батырлар жырының әсерімен жазылған.

Онда сюжеттік желі жоқ. Шығарма табиғатына ауыз әдебиетіндегі батырлар жырының поэтикалық үлгісі мен Махамбет поэзиясының күшті әсері болғанға ұқсайды. Сондықтан шығарма батырлар жырымен өте үндес, рухтас дүние болып шыққан. Негізгі тақырыбы – ерлік, жорық мақсаты. Идеялық өзегі – жауға қарсы бітіспес күресті көрсету. Батырлықты жеке мақсатқа жұмсамай, халқына, еліне жақсылық жасау. Осы ізгі мұратты насихаттау, соған үндеу.

Әдебиетші К.Шәменов өз зерттеуінде шығарманың сипаты жөнінде былай дейді: “Жорық” балладасы – жаңа өлең кестесімен өршіл романтизм аясында жазылған көркем де мазмұнды шығармалардың бірі”<sup>5</sup>. Қорыта келгенде, ақынның бұл шығармасы – ауыз әдебиетінің поэтикалық дәстүрін ұстана отырып, ерлік, батырлық тақырыбын өзекті нысана ету арқылы асқақ пафостық рухта берілген сюжетсіз өршіл романтикалық туынды.

Ақынның төртінші поэмасы – “Гүл”. Шығарма аяқталмай қалған. Бірақ, негізінен композициялық құрылымының жинақалығына, нәтижелі біртұтастық сипаттарына және негізгі айқын көрінетін идеялық ой-түйіндеріне қарап, шығарманы аяқталған, біртұтас ой-жүйесі бар көркем шығарма деп қарастыруға да болады.

Поэмадағы астарлы ойлардың түп-қазығы сол ақын өмір сүріп

отырған дәуірдің күрделі де қиын түйткілді болмысымен астасып жатса керек. Алғашқыда бостандық, тентік деп жаңа өмірге құлаш ұрған ақын өмірінің соңғы жылдарында жаңа өмірге басқаша көзбен қарай бастайды. Жаңа өмір құрамыз деп даурыққан жаңа топтың жойқын да әбжіл қимылы, қатаң тегеурінге негізделген жаңа жүйе ескі дүние атаулыға қырын қарап, өздерінің әлербакандық қимылын танытты. Жаңа заманның осындай оспадар мінез-құлқы, әрине, романтикалық аңсардағы қиялшыл, нәзік жайды ақынның сезімтал болмысына, ақындық санасына дөп келіп, үйлесе кеткен жоқ.

Оның ішкі жан-дүниесі жаңа өмірдің осындай сипат-болмысын құшақ жая, татусыз, қанусыз көңілмен қабылдай алмады. Кей жайтар ақын үшін жұмбақ, жат күйінде қалды. Міне, сондықтан да оның соңғы туындыларында торығушылық, өмірден жерінушілік сарындары бой көрсете бастады. Бұл үшін біз ақынды мансұқтай алмаймыз. Себебі, ақынның нәзік те сезімтал табиғаты заманның аласұрған дауылды мінезі мен үйлесе алмады. Міне, ақынның «Гүл» атты шығармасында да осындай сарындар анық бой көрсетті. Жалғанның қызығына белшесінен тойған, енді одан еш рақат, қызық көрмей, барша тіршіліктен түңілген лирикалық қаһарман адамдардан аулақ онаша жер іздеп, аласұрады. Көкке ұшқысы келеді. Жанына дару болатын түлді іздеп, жаратылыстың барша құбылысымен тілдеседі. Жүрегің төгті мұң көрнеген ақын табиғаттың, жаратылыстың құлақ күйіне көңіл қойып, өзінің сырын бөліскісі келеді. Бірақ, ешқайсысына көңілі тұрақтамай, аспандағы сұлу айды ғана өзіне серік деп біледі.

Осылайша ыздан көз жасын төгіп жүргенде лирикалық қаһарманға «Хордың қызы» кездесіп, маған қосыл деп талап қояды. Айналасына «жын-перілерін» қапатып, өзінің жауыздық ниеттеріне жігітті зорлап көндірмекші болады.

Лирикалық қаһарман қатты шошып ояна келсе түсі екен. Шығарма осылайша аяқталады. Көріп отырғанымыздай, шығарманың идеялық арқауында үлкен әлеуметтік ойлар жатыр. Ақын символдық нышан, тұспал, астарлау арқылы өзі өмір сүріп отырған жаңа заманның күштеу саясатының сипаттарын түйсіне отырып суреттеген, сыңайлы.

Қорыта келгенде, Б.Күлеев поэмалары сюжетсіз лирикалық толғанас сипатындағы, ақынның ағыл-тегіл сезім күйлерін үлкен романтикалық серпінде, шындықты символдық астарлаумен ұштастырған, қуатты лиризммен өрнектеген, кесек сипаттағы өсем де көркем лирикалық туындылар болып табылады.

Сонымен, Б.Күлеев шығармаларын тақырыптық, көркемдік сипаты жағынан түйіндейтін болсақ, ақын махаббат, сүйіспеншілік, көңіл-күй, өмір туралы тақырыптарға арналған мол

<sup>5</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-т., А., 1965, 440-б.

мұра қалдырды. Күлеев – қазақ поэзиясында интимдік лириканы, лирикалық «менді» алғашқы игерген ақындарымыздың бірі. Әрине, ақын поэзиясында саяси-азаматтық лирикалар да болды. Бірақ олар ақын шығармашылығының басты тақырыбы бола алған жоқ. Бернияздың махаббат, көңіл-күй тақырыбындағы өлеңдерінің барлығы үлкен романтикалық пафоспен жазылды. Ақын қаламына күйіп-жанған, қызулы, жүректі, жалынды романтикалық серпін тән болды.

Б.Күлеев – жиырмасыншы ғасырдың басында жасаған үлкен романтик ақын. Оның әсем романтикалық өлең-жырларынан поэзия сүйер оқырман қауым бүгін де, келешекте де сусындай берері кәміл.

## ТАЙЫР ЖОМАРТБАЕВ (1884 – 1937)



XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің дамуында жанашыл ағартушы қаламгерлер шоғыры ұлттық сөз өнерінің әлемдік өркениетпен деңгейлес бағытын ұстанды. Әдеби шығармаларында халықтың рухани жандүниесін сәулетендіруді, балалардың, жастардың жан-жақты, терең білім алуын, ғаламдық ғылымдар жүйесін игеруін, қазақтың және әлем халықтарының фольклоры мен әдебиеті мұраларын оқып меңгеруін, адамзат тарихындағы материалдық және рухани мәдениет үрдістерінің озық жетістіктерін иеленуін мұрағ ағартушы қаламгерлер ұлттық әдебиет тарихы дамуындағы жаңа жолдың негізін салды.

Қазақ әдебиетінің XX ғасыр басындағы кезеңі фольклор, дәстүрлі ақындық поэзия және кәсіби жазба әдебиет үрдістерінің жаңа сарындармен жаңғыра дамуының ерекшеліктерін аңғартады. Қазақ әдебиеті тарихындағы бұрынғы әдеби байланыстар, ықпалдастықтар кеңейе әрі тереңдей өрістеп, өркениеттер тоғысуының жаңа көріністерімен толыға түсті. Түркі өркениеті мен ислам, Еуропа мәдениеттері дәстүрлерінің қазақ топырағындағы тоғыса сабақтауы ұлттық сөз өнері шығармашылығы жолындағы жаңа әдеби бағыттарға жол ашты. Ахмет Байтұрсынов: «...қазақ әдебиетінің сындар дәуірі Абай сөздерінен басталады!» деп бағалаған бұл кезең ұлттық мәдениеттің әлемдік өркениетпен деңгейлесуге ұмтылған жаңа бағдарын айқындады.

Қазақ сөз өнері шығармаларының жаңа жазба реалистік

<sup>1</sup> А. Байтұрсынов. Ақ жол. / Құрастырған Р. Нұрғали. А., 1991, 446-б.

сипатпен дамуы жолында хақим Абайдың ақындық айналасы<sup>2</sup>, ақындық мектебі<sup>3</sup> ықпалы жүйесінде қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді кең қамтып жырлау қалыптасты.

Бұл кезеңде әдебиет тектерінің (эпос, лирика, драма) әлемдік өркениеттегі жанрлары ұлттық дәстүрлер негіздерін сақтай отырып, шығыстық (түркі, араб, парсы, үнді), еуропалық (орыс және батыс Еуропа халықтары) классикалық үрдістерінің көркемдік ықпалдастығы тұрғысында дамыды. Көрнекті қаламгер қазақ мәдениетінің өркениеттер тоғысында дамып келе жатқан көп ғасырлық жолына серпін әкелуі мүмкін жанаша оқу жолын «жана оқуды» – «усули жадитті» жақтады, ел арасында соны барынша дамытуға әрекет істеді; жана ережемен жазылған кітаптар, жана кітаптар шығарып таратты, нағыз мағынасында ағартушы болды<sup>4</sup>.

Қазақ әдебиеті тарихының осы кезеңіндегі дамуында оқу-ағарту саласында мұғалім ұстаз қаламгерлердің шығармашылығы айрықша даралана көрінді. Шәкірттерді оқыту мен тәрбиелеу және қаламгерлік жұмыстарын шығармашылық бір арнада тоғыстырып ұстау – қазақ тарихындағы байырғы түркі өркениеті, ислам мәдениеті өркен жайған замандардан жалғасып келіп, XX ғасырдың басындағы рухани мәдениетіміздің айрықша құбылысы ретінде даралана танылды. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, қазақ даласының барлық аймақтарындағы отырықшы және жартылай отырықшы халқымызды материалдық және рухани мәдениет салалары жақтарынан өркениеттік деңгейге көтеруді ұстанған бағдарлы ұстаз – қаламгерлердің шығармалары ұлттық әлеби-тарихи дамудағы ағартушылық кезең сипатын қурады.

Тайыр Жомартбаев бұрынғы Семей облысы Шыңғыстау атырабындағы Мұқыр болысында, Ақдала деген жерде (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Көкбай ауылы) дүниеге келген.

Мұсылманша сауаты бар әкесі Тайырды он екі жасынан бастап ауыл молдасында оқытады. Одан кейін бала Абай айналасындағы көрнекті ақын Көкбай Жанатайұлының медресесінде білім алған. Көкбайдың әрі ағайыны, әрі ауылдасы, кейін педагог, ақын-жазушы Тайыр Жомартбаев, өзінің білім жолын, ақындық өмірін Көкбай медресесінен, Көкбай мектебінен бастайды.

Бұдан кейін 1904–1907 жылдары Семей қаласындағы медреседе білімін кеңейте жалғастырады, осы жылдары жұмыс істей жүріп орыс мектебінен үш сыныптық бастауыш білім негіздерін игереді. 1908–1911 жылдары Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде оқып, Семейге оралғаннан кейін Жакия қажы мектебінде (1912–

1914 жж.), Зайсан қаласындағы мұсылман медресесінде (1915–1917 жж.) мұғалімдік қызмет атқарады. Зайсан уезіндегі Манырақ болысында әртүрлі әлеуметтік-тұрмыстық салаларда (1917–1919 жж.), Алашорда ұйымының Зайсан бөлімінде полк молдасы Зайсан қаласында және оның маңындағы елді мекендерде (1920–1928 жж.) қазақ тілі мен әдебиеті, математика пәндерінің мұғалімі, қалалық 1-басқыш қазақ мектебінің менгерушісі болып істейді. Семейдегі №14 1-басқышты мектептің менгерушісі (1928–1930 жж.), көлік жолдары техникумында қазақ тілінің мұғалімі (1930–1931 жж.) болып істеді, қазақ педагогикалық техникумында, ауылшаруашылық техникумында, мектептерде – ұстаздық қызметтер (1931–1937 жж.) атқарады.

Тайыр – кеңестік билеу жүйесіндегі саяси-қуғын сүргін құрбандарының бірі. «Екпінді» газетінде (1937 ж. 7 мамыр) бүркеншік автордың («Г») «Саяси бейкамдықтың салдары» деген макаласы жарық көріп, сондағы жаланың кесірінен Ресейдегі Сталинск–Кузнецк қаласына кетеді, сол қалада тұтқындалып (1937 ж. 23 қыркүйек), ОГПУ-дің қаулысымен (1937 ж. 1-2 желтоқсан) өлім жазасына кесіледі.

Тайыр Жомартбаевтың әдеби мұрасында өлеңдері, прозалық шығармасы – «Қыз көрелік» романы бар. Сонымен бірге аудармалары, макалалары, әдістемелік еңбектері оның шығармашылық жұмысының көп қырлы болғандығын дәлелдейді. Алғашқы кітабы «Балаларға жеміс» деген ағаумен 1912 жыл Семейдегі “Жәрдем” баспаханасынан жарық көрген. 1913 жылы «Айкап» журналында «Замандастарға қарап» атты өлеңі жарияланады. Ақын өлеңдерінің негізгі тақырыбы – ағартушылық. Бұл – жас баладан бастап ересек адамдарды да қамтитын кең мағыналы қоғамдық-әлеуметтік ұғым. Ағартушылық бағдарлы әдеби-шығармаларда материалдық және рухани мәселелердің адамзат игілігі үшін жұмсалуды тақырып желісіне арналады.

Адамдардың тұрмыс-салттық қарым-қатынастар мәдениеті, еңбек етуі, шаруашылық кәсіп түрлерін жанаша жетілдіруі, ұлттық және әлемдік озық ой, ғылым, білім негіздерін тереңдетуі ағартушылық әдебиет шығармаларында кеңінен көрініс табады. Сондықтан осы бағыттағы әдеби шығармашылық XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы ұлттық мәдениеттің өзіндік серпілісті қозғалысын аңартқаны тегін емес еді. Демек, Тайыр Жомартбаев шығармаларының барлығына да идеялық-композициялық желі болған ағартушылық дүниетанымының мән-мағынасын оның өзі өмір сүрген уақыт шындығы деп қабылдауға болады.

Ақынның «Балаларға жеміс» атты кітабының сыртқы беті ақынның жас ұрпаққа сөз ұлағатын ұғындыру талабын аңдататын жеке шумақпен басталады.

<sup>2</sup> М. Әуезов. Абай мектебінің ақындары. А., 1988, 93-94-бб.

<sup>3</sup> К. Мұхамедханов. Абайдың ақын шәкірттері. 4-кітап. – А., 1997, 240-б.

<sup>4</sup> Б. Кенжебаев. Әдебиет белестері. А., Жазушы, 1986, 189-б.

Неге болды кісиде  
Екі құлақ, жалғыз тіл?  
«Көп естiсiн, аз сөйлеп»  
Дегенi ғой, соны бил<sup>5</sup>

Ыбырай Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» («Киргизская хрестоматия»), Спандияр Көбеевтің «Үлгілі бала», Мұстақым Малдыбаевтің «Қазақша ең жана әліппе», Тайыр Жомартбаевтің «Балаларға жеміс» оқулық кітаптарын жазуы қазақтың жазба балалар әдебиетінің қалыптасуына үлгі жолын салды.

«Балаларға жеміс» жинағындағы өлеңдердің барлығы да педагогикалық ой-пікірлерге негізделіп жазылған.

«Мектептің ішінде», «Мектепке шақыру», «Ижтиһадты бала», «Балаларға насихат», «Жалқау бала», «Балаларға өнеге», «Балалардың тілегі», «Рақымды кемпір», «Рақымды жолдас» атты өлеңдер сөз өнері тарихындағы дәстүрлі дидактикалық-ағартушылық сарынға құрылған. Олардың барлығында да балалардың мінез-құлық психологиясына лайықталып берілген поэтикалық бейнелеулер арқылы адамгершілік-эстетикалық ықпалы бар тәлім-тәрбиелік ойлар, насихаттық арнау, үгіт, өнегелеу көзқарастары басым. Балалардың тез түсінуіне сәйкестендіріп, олардың жас ерекшеліктеріне лайықты күнделікті тұрмыс, жаратылыс суреттері, қоршаған әлеуметтік қозғалыстағы тіршілік иелерінің де қатысуы үйлесімді қамтылады. Өлеңдердегі сұхбаттық, оқиғалық құрылым арқылы адамдардың жан-жүйесіндегі және табиғат құбылыстарындағы психологиялық байланыстардың шынайылығы аңғартылады.

Мысалы, «Мектептің ішінде» өлеңінің сюжеттік-композициялық желісіндегі авторлық баяндау мен мектептен келген ұл мен үйдегі қарындасы екеуінің диалогтары арқылы ақынның ағартушылық ойы берілген: біріншісі – мектеп үйінің ішкі, сыртқы үлгілі қалпы, шәкірттердің бірыңғай тәлім-тәрбие талаптарын (тазалық сақтау, киімдерді ілу, сыныптағы оқу, мұғалімнің дерісі, сабақты әркімнің менгеру дәрежесі) орындау; екіншісі – ертенгі тапсырмаларды үйде тиынақты орындау талабы. Бұл – білім, ғылымды игеру жолындағы әрбір саналы адамның абыройлы мұраты:

...Сабақ білмей баруды,  
Көремін мен бойыма ар.  
Төмен қарап телміріп,

Сабақтарын жағтады.  
Қарындас түгіл басқаға  
Қайтып жауап қатпады<sup>6</sup>.

«Ижтиһадты бала» өлеңінде де сабаққа дайындалып отырған оқушы баланың психологиялық ахуалы оқиғалық сипатпен өрілген. Жас баланың тапжылмай дайындалып отырған сәтінде күн сәулесінің түсуі ойынға («Терезеден күн түсіп, //баланы сүйіп, бек құшып»), құстардың сайрауы бақшалағы серуенге («Бұтаққа қонған жас құстар //шақырды тағы ысқырып»), піскен шиелердің жеуге («Қызыл шие қышқырып») шақырғандай әсер ететінін солармен болған диалогтарды баяндау арқылы өріп әсерлі жеткізілген. Ақынның сабақ оқу, білім, ғылым негіздерін игеру талабындағы жас адамның ешнәрсеге алаңдамай отыруының психологиялық сипатын бейнелеуі тәрбиелік дәріс тұрғысында ұсынылған:

...Жазу жазды телміріп,  
Қараған жоқ бір тұрып.  
...Оқиды тағы кітабын,  
Жаттап сабақ қойды ден...  
...Оқиды сабақ ойланып,  
Көрген жерден сөз танып<sup>7</sup>.

Үйге берілген тапсырмаларды тапжылмай отырып орындағаннан кейінгі балаға тән көңіл-күй сипатының романтикалық және реалистік әуендермен тұтастандырыла берілуі де орынды:

...Әбден сабақ біткен соң,  
Жаға кетті ән салып.  
Кітабын салды ол жайлап,  
Кінді жылдам бел байлап.  
«Шақырған мені қайда?» – деп,  
Секіріп түсті айғайлап.  
Торғай сайрап қылмиып,  
Күн күледі жылмиып.  
Шие де берді жемісін,  
Бұтағынан әм қиып<sup>8</sup>.

Тәлім-тәрбиелік сипаты бар дидактикалық поэзияның үгіттік-насихаттық мұраты – барлық жастағы адамдардың мағыналы өмір сүруін уағыздау. Ақын Тайыр Жомартбаевтің балалардың мектепте оқуы мен

<sup>6</sup> Сонда, 26-б.

<sup>7</sup> Сонда, 27-б.

<sup>8</sup> Сонда, 27-28-б.

<sup>5</sup> Қ. Мұхамедханов. Абайдың ақын шәкірттері. 4-кітап. А., 1997, 24-б.

қоршаған тіршілік иелері әтеш, аралар, қоныз, орман, тоқылақ, шыбын, балықшылар, шөпшілер, т.б.) іс-әрекеттерінің, қимыл-қозғалыстарының («Адамзаттар, құс пен аң // Істейді жұмыс не қиын») еңбек ұғымымен бағаланатын болмысын бейнелейді («Мектепке шақыру» өлеңі). Жалқаулыққа, ойынға үйір болмай, ұстаздың, ата-ананың айтқанын істел, жас кезде білім негіздерін игерудің байлыққа, бақытқа жеткізетін ұлағаты ұғындырылалы («Балаларға насихат», «Жалқау бала», «Балаларға өнеге»). Жас балалардың оқу, білім, ғылым игеруі жолындағы мінез-құлық, дағды, іс-әрекет болмысы («Май секілді жұмсақ бол, // Мұздай қатты болма тон», «Біл сабақты, жазу жаз, // Жасыннан бол өнерпаз», // «Күні бойы жүгіріп, // Ойнағанға болма мез», т.б.) да бала психологиясына лайықты тілмен өрнектелген.

Тайыр Жомартбаев өлеңдерінің поэтикалық құрылымынан ислам ағартушылығына тән дүниетаным кеністігі танылады. Аталған өлеңдерде үнемі оқуды, білімді игеруде Жаратушы Аллаға мінежат ете отырып ой түйіндеу тұрақты орын алған. Мысалы:

Кітапқа, бала, дұға қыл,  
Шын жүректен тілеп бақ.  
Жалқаулыққа бұйырмас,  
Жаратушы жалғыз хақ<sup>9</sup>.

Тырысайық, балалар,  
Тырысқанға Алла жар.  
Ғаламға раушан күн шығып,  
Уақыт туды кетер қар.  
...Рахметі кен Алланың,  
Жалғыз бізге емес тар.  
Ғылым оқып білгендер,  
О да біздей жан шығар.  
Жаман бала көп ойнар,  
Жақсы бала сөзді ұғар.  
Басқа жұртқа таң атты,  
Біздің қазақ тек жағты.  
...Оқылық та сарғайып,  
Тілеп хақтан қол жайып.  
...Ғылым серік хәм малға,  
Тәрбиеші бір Алла.  
Надандардың көңілін аш,  
Түссеніз де не халға!<sup>10</sup>

<sup>9</sup> Сонда.<sup>10</sup> Сонда, 29-30-б.

Тілек, мінежат өлеңдері – ислам ағартушылығы ұстанған әлебиетте тұрақты орын алған дәстүрлі шығармалар. Қазақ әлебиетінің ежелгі ислам ағартушылығына негізделген өлеби мұраларында тұрақты орын алған мұсылмандық мінежат өлеңдері ақындар шығармашылығы арқылы халықтың діни дүниетанымын танытты. Тайыр Жомартбаев өлеңдерінің идеялық тінін құраған ислам дініне, Аллаға, Құранға, Мұхаммед пайғамбарға арналған құрметі қазақ мәдениетіндегі осы дәстүрлі көзқарастағы классик шығармашылық тұлғалардың (Абай, Ыбырай) ұстанған жолымен үндес.

Я, Құдайым, ғылым бер,  
Қылма мені арам тер.  
Бұрынғы өпкен машайық,  
Әулиелер, қолдай көр!

Ғылымға көңіл талпынды,  
Жас ғұмыр оттай жалқынды.  
Алдымды, Алла, өзін аш,  
Ұмыттырмай артымды.

...Салдырып берген мектеп-жай,  
Тәрбие қылып осындай,  
Мархабатты байларға  
Береке бер, бір Кұдай!

Қатын, еркек, кәрі, жас,  
Туысқан, туған қарындас.  
Сәжда деп баршасын,  
Жарлыққа қылдым қойып бас<sup>11</sup>.

Ақынның өлеңдерінде баланың қалыптасуы жолындағы ата-ана тәлім-тәрбиесінің маңызы да қамтылған.

Мысалы, «Рахымды көмпір» атты өлеңінде жетім балаларды да қамқорлық құшағына алған мейірімді жанның ізгілігі. «Рахымды жолдас» өлеңінде жетім балаларды қажетті оқу құралдарымен ұжымдасып қамтамасыз ете алатын мектептегі, әріптес жолдастардың қамқорлығы болатын адамгершілік қасиет ұлағаты ретінде ұсынылады.

Ағартушы-ғалым Ахмет Байтұрсынов «Қазақ» газетінде жарияланған бір мақаласында былай деп жазғаны бар: «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын. Бала деп бағып оқытып, адам қылғаннан кейін жұртым деп танымаса, сонда

<sup>11</sup> Сонда, 31-б.

өкпелеу жөн ғой. Аталық міндетін атқарып отырған жұрт жоқ, жұртқа борыштымын деп жүрген қазақ баласы жоқ. ... Баланы ұлша тәрбиелесең ұл болмақшы. Құлша тәрбиелесең құл болмақшы»<sup>12</sup>.

Тайыр ақынның қазақ балаларын және олардың ата-аналарын, яғни бүкіл қазақты жаппай оқуға, білім алуға шақыруын қазақ әдебиетіндегі ұлттық оянуға, әлемдік деңгейге жетуге үндеген ағартушылық-демократиялық бағыттың көрінісі деп бағалаған жөн.

Т. Жомартбаевтың «Замандастарға қарап», «Қуану – жұбану», «Жаңа әліппе жыры», «Мен өзім», «Ана тілі», «Жұбанышым», «Мен қуанам», «Мен неге күлем?», «Ескі тұрмыс, ескі қызық», «Жаңа тұрмыс, жаңа қызық» атты өлеңдері де хақим Абай мектебі дәстүріндегі ағартушылық көзқарастармен жырланған.

Тайыр ақын қазақ жұртшылығының өсіп-өркендеуіне келергі болып келе жатқан кесапат қылықтарды (мақтаншақтық, даңғойлық, кәсіпсіздік, т.б.) сынағанда, ұлт болашағы ретінде жастарға үміт артады, қазақтың еңбекпен, оқумен ғана жүзеге асатын өнегелі жолын ұсынады:

...Ұйқыңыз қашып,  
Қылсаңыз кәсіп  
Қарар Алла халіңа.  
Тапты о дағы еңбекпен,  
Нәрсе жоқ түскен еш көкпен.  
Қылғанға еңбек,  
Ақылға көнбек  
Әр кімдерге ләзім іс.  
Ғалымнан үйрен,  
Залымнан жирен  
Іс қылмаңыз жолдан тыс<sup>13</sup>.

Қазақтың отарлық бұғауға шырмалған, өркениет табыстарынан құр қалған өкінішті тағдыры «Біздің хел» өлеңінде сыншыл реализм тілімен жырланған. Әлемдік өркениет дамуының жанылықтарға толы келбеті («Нұрланып, балқып шықты күн», «Бұғаға, тасқа нұр шашты», т.б.) мен жетістік атаулыдан құр қалған қазақ тағдыры («Шықпайды жалғыз біздің үн», «Біз қалдық жалғыз арықтал», «Өзгелер бігіріп қойғанда, басталған жоқ біздің іс», «Өзге жұрт мамық төсеніп, біздің жұрт жатты құм-тасқа», «Ерте жатып, кеш тұрған жалғыз осы біздің заң», «Аспаннан киіз жауса да тимеді бізге ұлтарак», т.б. поэтикалық сыншыл мағыналы тіркестермен

<sup>12</sup> А. Байтұрсыннов. Тіл тағылымды. – А., Ана тілі, 1992. 432-б.

<sup>13</sup> Қ. Мұхамедханұлы. Абайдың ақын шөкірттері. 4-кітап. – А., 1997, 41-б.

беріледі. Өркениет көшінен кешеуілдеп қалған қазақ жұртының ендігі үміті жастарды игілік жолына жігерлендіре шақырады:

Оқы, газиз балалар,  
Қашы қалма енді сен!  
Қарғы талап атына,  
Өрмеле, шығып сатына!  
...Шырағдан бол, қыл жарық,  
Пайдалансын аш-арық<sup>14</sup>.

Тайыр – қазақтың ұлттық-этнографиялық тұрмысының жыршысы. Қазақ аулының ата-баба қоныстарындағы бұрынғы тұрмысы, әсіресе, қазғы жайлаулардағы дәстүрлі оқиғалар, жастық шақтағы ауыл тынысы, түндерде өтегін мереке-тойлар, жарыстар, айтыстар, қыз-келіншектердің әндері, құрбы-құрдастардың күліп-ойнағаны, жүйрік тұлпарлардың, жорғалардың белдеуде тұрғаны – бәрі де қазақ аулының көшпелі тұрмыс мәдениетінің салтанатты келбетімен көрсетілген:

...Ана ауыл, мына ауылмен жайлаудағы,  
Көлеңкесі көңілде қылтылдайды.  
Анау сәске, мынау түс – ел жүрген кез,  
Қозы, бұзау, құлын мен бұттылдайды.  
Анау атам әжеммен басын қосып,  
Қымыз ішіп, қарқылдап сылқылдайды.  
Анау апа, қарындас, жас жеңгелер  
Сәнделіп үкі тағып былқылдайды<sup>15</sup>.

XX ғасырдың бас кезі – қазақ даласының жаңа оқиғалармен, ғылыми-техникалық жаңалықтармен жаңғыра бастаған кезең. Ақын сондай жаңалықтарды (машина, жаңа қала, дүкен, радио, айырлан, пароход) атай отырып, «көкпар алып қашқандай тайталасып біреу қашып, біреуді біреу қуған»<sup>16</sup> тұрмыс келбетін шынайы бейнелеген.

Ақынның «Ана тілі» өлеңін – XX ғасыр басындағы қазақ ағартушылары ұстанған ұлтжанды-азаматтық бағыттағы қоғамдық-әлеуметтік ағымның көрсеткіші деуге болады. Бұл өлеңде тіршілік қозғалыстары мен қарым-қатынастар жүйесіндегі (мақтау, даттау, ренжу, қуану, ән салу), уақыттың барлық кезеңдеріндегі (жыл мезгілдерінде, қазірде, болашақта) іс-әрекеттердің барлығында ана тілі арқылы ғана жүзеге асатын құдіретін тебірене толғаған:

<sup>14</sup> Сонда, 44-б.

<sup>15</sup> Сонда, 53-б.

<sup>16</sup> Сонда.

Туған анам сөйлеген ана тілім,  
А дегенде «апа» деп шыққан тілім.  
«Апаға», «ата» деген сөзді қосып,  
Бірте-бірте сол тілмен алдым білім.  
Әжем байғұс әдилеп өз тілімен:  
«Ұйықтай ғой, екеғайым, – деді, – күнім».  
Ақ, кара, жақсы, жаман атын біліп,  
Ана тілімен айырдым заттын түрін.  
...Ана тіл, сүйкімді тіл, жағымды тіл,  
Ана тілмен сөйленер – бар пікірім<sup>17</sup>.

Т. Жомартбаевтың көркем аудармалық еңбегі «Махмуд патша һәм қайыршы» (Л. Н. Толстойдан) – жеті бөліктен құралған нәзіралық тәсілі мен жырланған эпикалық туынды. Дидактикалық сарын мен адамгершілік мінез-құлық сапаларын (өтірікшілік пен шыншылдық) қатарластыра бейнелеп, оқырмандардың бағалауларына ұсынылатын сатиралық-юморлық сыншы астарлары реалистікпен жырланатын мұндай шығармалар – өлем әдебиеттеріндегі ортақ көркемдік дәстүрдің көрінісі.

Ақынның «Зайсан», «Шынғыстау», «Туған жерді сағыну» атты өлеңдері – табиғат пен көңіл-күй лирикасы сарындары тұтаса өріліп жырланған шығармалар. Олардағы туған табиғаттың пейзаждық өрнектері адамзаттың эстетикалық дүниетанымын қалыптастыратын көркем бояулы, жанды қозғалыстағы сұлулық әлеммен тұтастықта көрінеді. Солардан бір-бір үзінді мынадай болып келеді:

1. ...Түн болса төңірегін мұнар басқан,  
Ұштасқан бұлтпен бірге булы Зайсан.  
...Зайсанның беті мөңдір, түбі күңгірт,  
Ажымсыз айнадай боп жатқан жым-жырт.  
Ән қосып акку мен қаз қонақтайды,  
Күн батып ұясына жабылса ымырт.  
Жайқалған жағасында нулы қамыс,  
Желсіз түн ын жоқ, шын жоқ жатқан салғырт.  
Қорада төрт түлік мал тыпыр етпей,  
Тәтті ұйқы, жұмсақ көрпе жамылған жұрт<sup>18</sup>.

2. Шынғыстау Сарыарқада жері бийік,  
Ойы балық болғанда, қыры киік.

<sup>17</sup> Сонда, 49-б.

<sup>18</sup> Сонда, 54-б.

...Шынғыстау – артсаң түйе, саусаң бие,  
Кері анамыз бойына біткен кие<sup>19</sup>.

3. ...Хан Шынғыс керегедей қанат жайған,  
Тас бастау аққан бұлақ әрбір сайдан.  
Гүрлідеп тасқын өзен танырқатып,  
Дауысы естіледі әлдеқайдан.  
Тоғайдың жұпар иісі мұрын жарып,  
Қол бұлғап шақырып тұр анадайлаң<sup>20</sup>.

Пейзаждық лирика – табиғаттың көріністерін, құбылыстарын кейіптеулік бейнеліліктер арқылы жырлайтын жанр. Әлем әдебиетінің осы классикалық үрдісі адам мен табиғат құбылыстарының үндес болмысына негізделген. Тайыр ақынның аталған өлеңдеріндегі кейіптеулік бейнелеулер адамға тән психологиялық көңіл-күй әуендерін табиғат тынысымен баламалап суреттеген.

«Туған жерді сағыну» өлеңіндегі кейіптеулер де табиғаттың кешенді көріністерінен жанды тіршілік қозғалысын таныған ақын дүниетанымының романтикалық сипатын аңдатады:

...Тобылғы, долана, арша, ұшқат, мойыл,  
Тұрғандай қол қусырып әрбір сайдан.

...Керіліп көрбез қыздай сұлу терек,  
Еңкейіп, елендемес ешкімді елеп.  
Басында меруерт маржан сәукеледей,  
Тұрғандай өзгелері «Келсең, кел!» деп.

Ән салып айкайменен жақпар тасы,  
Аспаннан күндіз-түні жанбыр тілеп.  
Хан тауы қалың Шынғыс ортасында,  
Қарайды жан-жағына күн күркіреп.  
Асынып қару-жарақ хас батырдай,  
Үстінде кен сауыты көкті тіреп.

Бауыры Хан Шынғыстың жазық дала,  
Өзендер құлап аққан сала-сала.  
Қар жағпас кара бөктер қыс болса да,  
Тұралы сағымданып күліп қана<sup>21</sup>.

Бұл өлең – табиғат және көңіл-күй лирикасы әуендері

<sup>19</sup> Сонда, 55-б.

<sup>20</sup> Сонда, 56-б.

<sup>21</sup> Сонда.



тұтаса, сабақтаса жырланған шығарма. Жазықсыз қудаланып алыста жүрген ақынның туған мекенін аңсауы («Сағындым ақ сүтінді, қайран ана!», «Әлі де бұйыра ма балдай суың»), ұлттық психологияға тән бояулармен өрнектелген. Туған өлкесіндегі саналы өмірін ағартушылықпен өткізген («Мыңдаған жас ұрпақты тәрбие еттім, қазағым қандасымды еркелеттім») ұстаз-ақынның жазықсыз жазаланып жағ жерде жүргеніне назаланып, бірақ түбінде әділдіктің салтанат құрағына деген сенімі өлеңнің идеялық түйіні ретінде сезіледі.

\* \* \*

Т. Жомартбаевтың «Қыз көрелік» атты туындысы – қазақ прозасындағы эпостық әдебиет жанрының алғашқы үлгілерінің бірі. Автордың өзі «Қазақ тіліндегі роман» дегенмен, көркем әдебиеттің өркениеттік талаптары аясында карағанда, бұл шығарма – хикаяттық деңгейдегі туынды. Ахмет Байтұрсынұов:

«Ұлы әңгіме, ұзақ әңгіме ұсақ әңгіме болып бөлінудері үлкен кішілігінен ғана. Мазмұндау жүйесі бәр-бәрінде де бір, айтылу аудандарында айырма бар», – деген сөздері осы ойды дәлелдей түсетін сияқты<sup>22</sup>.

Тайыр Жомартбаевтың «Қыз көрелігі» – көлемі жағынан ұзақ әңгіме деңгейіндегі туынды. Дегенмен, қазақ әдебиеттану ғылымының зерттеулерінде (М.О.Әуезов, Б. Кенжебаев, Қ. Мұхамедханов, Б. Шалабаев, т.б.) XX ғасыр басындағы осындай деңгейдегі шығармалар, нақтылап айтқанда, М. Дулатұлының «Бақытсыз Жамал», Т. Жомартбаевтың «Қыз көрелік», С. Көбеевтің «Қалыңмал», С. Торайғыровтың «Қамар сұлу», Ш. Құдайбердіұлының «Әділ мен Мария», С. Көшімовтің «Мұңлы Мәрия» атты туындылары, авторларының атауына орай, роман ретінде қарастырылып келеді.

«Қыз көрелік» – ағартушылық-әлеуметтік сипатты шығарма. Онда ағартушылық реализм көркемдік әдісінің аясында жазушы адамдардың өмірлік мұрат жолындағы күрескерлігін танытуды көздеген және сол заманның мүмкіндігінше авторлық идеясын орындап шыққан. Шығарманың тақырыбы – адамның әлеуметтік ортадағы жан-жақты ізденуге, желтуге мүмкіндікті иеленетін бостандығы, идеясы – адамдардың тұрмыстық-әлеуметтік қарым-қатынастардағы ең озат адамгершілік қасиет сапаларын иелену мүмкіндігін таныту. Осындай тақырыптық-идеялық бағдардағы композициялық-сюжеттік желіде туынды барлық кейіпкерлері көркем шындық шарттылығы мен ағартушылық көзқарастағы дүниетаным шеңберінде бейнеленген.

<sup>22</sup> А. Байтұрсынұов. Ақ жол. / Құрастырған Р. Нұрғали. – А., Жалын, 1991.

Басты кейіпкер – Ғайникамал.

Әкесі Ғайсаның егде жасқа келген кезінде туған перзенті. Ғайникамал отбасының үлгілі тәлім-тәрбиесімен қалыптасып, одан кейін арнаулы мұғалімнен ауылдас келдей балаларымен бірге білім алады. Жазушының дәстүрлі эпикалық баяндауынан кейіпкердің рухани деңгейі анық байқалады: «Сонда Ғайникамал қасындағы бірге оқыған қазақ балаларының жалқаулығына, оқымайтындығына хафа болып, он жасында-ақ ойлап, өлең жазушы еді. Һәм жаңа шыққан романдарды және Ибраһим Құнанбайұлының жазған өлеңін һәм ғұбратлы хикаяларды бек көп оқушы еді»<sup>23</sup>.

Ғайникамалдың табиғи дарындылығы білім игерудегі зейінділігі, ақындығы арқылы дәлелденген. Мұғалімнің ақылымен Уфа қаласындағы «Дарл мұғалимат» қыздар медресесінде бес жыл оқып білім алғаны, оқуын бітіріп еліне оралғаны да эпикалық шығарманың жанрлық табиғатына сәйкес баяндалған.

Басты кейіпкердің мінез-құлық психологиясына тән белсенді ой иесі екендігі сюжеттік дамудың оқиғалары арқылы дәлелденеді. Өзіне ғашық болып, үйленісі келген үш жігітті үш патшалыққа барып, тұрмысқа қажетті жаңа үш нәрсе тауып әкелуді тапсырады. «Егер қайсыңыздың тапқан нәрсеніз ғажабырақ болса, мен соған ешбір қалыңмалсыз тиемін»<sup>24</sup> – дейді.

Шығарманың идеялық-композициялық құрылымына ескі ертегі-аныздарды кей қайталанатын байырғы сюжет енгізілгеніне және бұл тұста қыздың өз жүрегінің қалауы кейінгі қатарда қалатынынан қарамастан, басты кейіпкердің осы тапсырмаларды арқылы әлемдік өркениеттегі ғылыми-техникалық жаңалықтарды игеруге құштар жанашыл ойлы қазақ қызының тұлғасын даралауды жазушының бір тапқырлық әдіс қолданғаны байқалады.

Ғайникамалдың жанашыл тұлғасы оқиғаның шиеленісуі кезеңінде алғашқыдан айрықша байқалады. Үш жігіт қызды бір-біріне қимай, өзара таласқа түскен кезде, Ғайникамалдың үшеуінен де бас тартып, өзінің білімімен деңгейлес адамды ғана қалайтынын ашық айтқаны және өзімен рухани жағынан теңдес ақылды, оқыған жігіт Мұхаммедғалиді таңдағаны кейіпкер қыз, бейнесінің шоқтығын көтере түседі.

Роман сюжетінің шешіміндегі автордың қорытынды ойлары арқылы ағартушылық бағыттағы эстетикалық-гуманистік дүниетаныммен өмір сүру қазақ халқы үшін жемісті жол екендігі мегзеледі: «Мұхамедғали еркек балаларды оқытып, Ғайникамал қыз балаларды оқытып, екеуі халыққа бірінші пайдалы мұғалім болып, ғұмыр сүріп тұра бастады. ... Жоғарыдағы мезкүр қыз

<sup>23</sup> К. Мұхамедханұлы. Абайдың ақын шәкірттері. 4-кітап. – А., 1997, 69-бет.

<sup>24</sup> Сонда, 79-80-б.

тандағыш мырзалар ғылымсыз надандық себепті Ғайникамалды ала алмай босқа қалды»<sup>25</sup>.

Әрине, авторлық түйіндеуде, үш жігіттің бейнелері арқылы өйелдердің жүрек қалауымен есептесу керектігі бірінші орынға қойылып, адамдар арасындағы шамалан тыс бөсекелестіктің, татарлық қызғаныштың зардаптары айыпталған.

Романның идеялық жанашылдығы Ғайникамалдың әкесі Ғайса арқылы да айқын көрінген. Ғайса – қыз баланың рухани кемелдену тұғырында болуын тілейтін ізгілік иелерінің жинақталған тұлғасы. Қыз баланы жастайынан атастырып қойып, бағын байлауға қарсы болған осындай озық ойлы әкелер арқылы казак ортасында жанашылдық көзқарастарды насихаттау – автордың негізгі суреткерлік ұстанымы. Романның көркемдік түйіндері арқылы автор казак қыздарының жан дүниесіндегі рухани еркіндікті сүйетін, өзіндік өнегелі істерімен өмірге ізгілік нұрын шашатын көркем жинақталған тұлғасын ұсынған.

Романның басталуындағы жиырма бір шумақтық арнауы («Әңгіме бір сөз жаздым құрбыларға»), Ғайникамалдың ауылда жолдастарына арналған насихат өлеңі («Жолдасым қасымдағы бірге жүрген»), оның Уфадағы медресеге аттанардағы қоштасу жыры («Ел-жұртың, қош аман бол, туыскандар») қыздар медресесінде оқып жүргенде ата-анасына жазған хаты («Мұхтарам хат жазамын атамызға»), өзіне үйленгісі келіп жүрген үш мырзаға арнаған хаты («Деп жүрген жас жігіттер қыз көрелік»), ақырында, Мұхамедәлимен қосылып кетіп бара жатқанда өзінен басқа казак қыздарының әлеуметтік теңсіздіктегі тағдырына арналған назымы («Өнім бе, көрген түс пе осы уақыт») – осының барлығы шығарманың дидактикалық сипатын айқындайды. Сонымен қатар, казактың халық әдебиетіндегі романдық кисса-дастан жанрының дәстүрлі эпикалық құрылым жүйесіне тән өлең мен кара сөз араласқан стильдік ерекшеліктердің сақталуы да өз алдына назар аударарлық.

Қорыта айтқанда, Тайыр Жомартбаевтың әдеби мұрасы казак халқының рухани мәдениетіндегі жаңашыл, ағартушылық эстетика идеясын ұстанған бағыттың көркемдік көрсеткіштері қатарында бағаланады. Оның шығармалары Абай дәстүріндегі казак әдебиеті дамуының жаңа ізденістерге талпынған өркеніеттік бағдарын да өз дәрежесінде таныта алады.

## СПАНДИЯР КӨБЕЕВ (1878 – 1956)



Спандияр Көбеев – XX ғасыр басындағы демократтық әдебиеттің көрнекті өкілі. Ыбырай Алтынсарин үлгісіндегі педагог-жазушы. Ыбырайға еліктеп, ұстаздық қызметін ағартушылық идеяны дамыту үшін пайдаланған, казак халқы ішінде озық елдердің мәдениетін, әсіресе орыс әдебиетін насихаттаған, сол арқылы Абай мен өз ұстазы Ыбырай Алтынсарин негізін салған казак әдебиетіндегі демократтық, ағартушылық бағытты әрі қарай жалғастырған және жағдайға лайық дамытқан қаламгер.

Спандияр 1978 жылы 1 қазанда бұрынғы Торғай облысы, Николаев уезі, Обаған болысына қарасты № 3 ауылда (қазіргі Қостанай облысының Мендіқара ауданы) туған. «Менен бұрын бес баласы, бір қызы бар ата-ана мен дүниеге келгенде, сірә, қуана қоймаған болу керек, – дейді жазушы естелігінде. – Ес біліп, етек жапқан кезде анамыз “Сен әрі суық, әрі қатты мұқтаждық көрген кезімізде туып едің”, – деуші еді”<sup>1</sup>.

Спандиярдың әкесі Көбей – мұсылманша хат таныған, шынышыл, қол өнерімен (етік тігу, балташылық кәсіп, т.б.) күн көрген адам. Ол балаларын оқыту жағын көбірек қарастырған. Анасы Айтбоз да, жазушының өзінің айтуынша, өте қайратты және есті, ауылдың ортақ анасы сияқты қадірлы адам болған. Жарастықты семьяның үлгілі тәрбиесі болашақ педагог-жазушының мінез-құлқының қалыптасуына да әсер еткен.

Спандияр мектеп жасына жетіп қалған кезде ауылда “Ыбырай

<sup>1</sup> С. Көбеев. Таңдамалы шығармалары. А., 1960, 163-б. (Ескеру: кейінгі үзінділер осы кітаптан алынғандықтан беті ғана көрсетілді – ред.)

Алтынсарин мектеп ашадy” деген хабар тарап, әкесі баласын осы мектепке орналастыруды армандаған. Бірақ мектеп ашу ісі созылыңқырап кетеді де, Көбей тоғыз жасар Спандиярды ескіше оқуға береді. Алайда діни-схоластикалық мектептің қағал тәртібіне шыдай алмай, Спандияр оқуды тастап шығады.

1887 жылы уәделі Ыбырай мектебі ашылады да, Спандияр ұлы ағартушының өз көмегімен сол мектепке орналасады. Оны 1892 жылы бітіреді. Содан кейінгі жылдары Қарағайлықөл деген жердегі төрт жылдық болыстық мектепте (1892 – 1895), Қостанай қаласындағы екі кластық орыс-қазақ мектебінде (1895 – 1897) оқиды.

Болашақ педагог-жазушы бұдан кейін тағы да оқып мұғалім болып шығуды армандайды. “Ыбырайдың өлімі менін оқытушы боламын деген ынға-ниетімді енді біржолата баянды етіп бекітті”, – дейді ол. Сол ниетпен Орынбордағы оқытушылар семинариясына түсуге талаптанады да, оның сәті түспей қалған соң, Қостанайдағы екі жылдық курсқа түсіп (1898) оқиды. Курсты 1901 жылы бітіріп, бастауыш мектепке мұғалім болып шығады.

Спандияр өз ауылында және оған таяу жердегі мектептерде орын болмай, Қостанайдан мың шақырымдай Ырғыз уезіндегі Толағай болысына қарайтын Кішікүм деген жерге жіберіледі. Жүрегі надандық шырмауындағы халқына деген сүйіспеншілік пен оған білім шырағын жағу үмігіне толы жас жігіт жердің шалғайлығына қарамай, сонда оқытушы болып барады. Онда бірталай қиыншылықтарға кездеседі. Арнаулы салынған мектеп үйінің жоқтығы, жабықтар мен оқу құралдарының жетімсіздігі, балаларын орысша оқытуға ықпалсыз ел ішіндегі ескіше көзқарас-бөрімен жас мұғалім жалғыз күреседі. Балаларды Ыбырай әдісімен орысша оқытады, ғылым негіздерін түсіндіретін пәндерге үйретеді. Сөйте жүріп, Спандияр өзіне тілектес достар табады. Өзі ел адамдарына ғылым салаларынан түсінік береді, орыс әдебиеті жайлы әңгімелер айтады. Пушкиннің “Дубровский”, Гогольдің “Өлі жандар” атты шығармалары мен Чеховтың күлкілі әңгімелері, Крыловтың мысалдары Спандиярдың ауызша әңгімелері арқылы ел ішіне тарайды.

Сөйтіп жүріп Спандияр Крылов мысалдарын аудара бастайды. Мұны ол ескі ауылдағы ұнамсыз мінез-құлық пен ел әкімдерінің, байлардың кертартпа көзқарастарын сынауға пайдаланады.

1903–1905 жылдар ішінде Спандияр Петропавл уезіндегі Нілді болыстық мектебінде істейді. 1905 жылы жазда Омбы қаласында бір айлық ауыл шаруашылық курсына оқиды. Бұдан кейін Спандияр Петропавлдағы екі кластық орыс-қазақ мектебіне орналасады, онда 1910 жылға дейін мұғалім боп істейді. Осы жылдарда (1908–1909) ол өзі Кішікүмда бастап аударған Крылов

мысалдарын көбейтіп, жөндеп, баспаға ұсынады. Ол аудармалар 1910 жылы Қазанда “Үлгілі тәржімә” деген атпен басылады.

“Осы жинақ шыққаннан кейін мен жазушылыққа бет бұрдым, – дейді ол “Орындалған арман” атты естелігінде. – Маған жазу жұмысы қолымнан келетін іс сияқты болып көрінді. Бірақ ол кезде ең алдымен мектеп балалары үшін қазақ тілінде оқу құралдары керек еді. Сондықтан мен әуелі оқу құралын жазып, кітап етіп бастырып шығаруға талаптандым”<sup>2</sup>.

С.Көбеевтің бұл кітабы – “Үлгілі бала” – 1912 жылы Қазан қаласында басылып шығады. Ол бастауыш мектептегі қазақ балалары үшін оқу кітабы ретінде құрастырылған. Оған автор өзі аударған Крылов мысалдарының кейбір үлгілерін, орыс классиктерінің балаларға арналған шығармаларын, қазақтың ауыз әдебиетінен алынған үзінділерді, табиғат жайлы балаларға мәлімет беретін қысқа-қысқа әңгімелерді кіргізген.

“Үлгілі тәржімә”, “Үлгілі бала” кітаптарының шығуы С.Көбеевтің әдебиетке деген ынғасын ұштай түсті. Оның үстіне жазушы осы екі кітабын жазу үстінде орыс әдебиетін оқып үйренді. Мұның барлығы жас жазушының болашағына игі әсер етті. Осы ізденудің сәтті жемісі болып “Қалың мал” романы туды.

Ол жөнінде жазушының өзі былай дейді: “Надандыққа, феодализм ескішіл, өрескел, сорақы салтқа қарсы күрес жүргізудің бірден-бір жолы – халықты ағарту, балаларды оқыту, халықты сауаттандыру деп, оны мәдениет сатысына аяқ бастыру деп ұғынушылардың бірі мен едім. Бірақ сегіз-тоғыз жыл оқытушы болғаннан кейін феодализм салтпен күресу үшін тек бір ғана балаларды оқыту жеткіліксіз екеніне көзім әбден жетті. Бұл күресте халық санасына күшпірек әсер ететін басқа да құралдар керек сияқты көрінді. Іздене келе мен осы мақсатқа жету жолында ағартушыға ынғайлы күрес құралдарының бірі – көркем әдебиет екен деген ой түйдім. Крыловтың мысал өлеңдері аудармасының мектеп оқушысы былай тұрсын, халық бұқарасына еткен әсері осы ойымның дерегі еді. Мен осы ойымды жүзеге асыру мақсатымен 1911 жылдан бастап “Қалың мал” романын жазуға кірістім”<sup>3</sup>.

Роман 1913 жылы Қазан қаласында басылады. Ол – қазақ әдебиеті тарихында қарасөзбен жазылған алғашқы көлемді шығармалардың бірі.

Бұдан кейінгі жылдарда да Спандияр оқытушылық қызметпен (1910–1919 жылдар арасында ол Қостанай облысының Федоровка селолық мектебінде істеген) жазушылықты қатар жүргізуге талаптанған. Төңкеріс жылдары “Бақытсыздардың бір күні” атты

<sup>2</sup> Сонда, 242-б.<sup>3</sup> Сонда, 246-б.

роман жазады, бірақ аяқталмаған күйінде роман қолжазбасы жоғалып кетеді. Кейін “Қисық кегі”, “Қазақ аулындағы тұңғыш мектеп” атты шығармалар жазбақ болады. Алайда денсаулығының нашарлауы себепті оларды жаза алмайды. Сөйтіп өмірін оқытушылыққа арнап, жазушылық жұмыстан ұзақ уақыт қол үзіп қалады.

Кеңес өкіметі жылдарында Спандияр өзінің уақытын сүйікті кәсібі-оқытушылыққа арнайды. 1939 жылы ол оқу-ағарту саласындағы ұзақ жылдық қызметі үшін Ленин орденімен марапатталады. 1944 жылы оған “Қазақ КСР-ына еңбегі сіңген мұғалім” деген құрметті атақ беріледі. 1947 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланады. 1949 жылы екінші рет Ленин орденін алады.

Ұзақ үзілістен кейін Спандияр 1951 жылы “Орыңдалған арман” атты мемуарлық кітап жариялады. Ол 1954 жылы өңделіп, толықтырылып, екінші рет басылды.

Спандияр өмірінің соңғы жылдарына шейін өзінің туған ауылы Ақсуаттағы (Меңдіқара ауданы) он жылдық мектепте оқытушылық қызмет атқарды. 1956 жылы 21 желтоқсанда 78 жасында қайтыс болды.

\* \* \*

С.Көбеевтің алғашқы кітабы “Үлгілі тәржіме”, негізінен, Қрылов мысалдарынан аударылған шығармалардан құралған. Бала оқытумен шектеліп қана қалмай, артта қалған қазақ аулында мәдениеттің жаршысы, адамгершіліктің насихатшысы болу қажеттігін Спандияр жақсы түсінген. Сондықтан да қолынан келгенше ол өмірін осы жұмысқа арнайды.

Кішіқұмда мұғалім болып жүрген кезде, — дейді С.Көбеев — “Әрдайым қол бос уақыттарда ауыл адамдарын жинап алып, жаратылыс, география, тарих, тағы басқа ғылымдардан хабар беріп отыратын болдым. Солармен қатар қазақтың ауыз әдебиетінен мысалдар келтіріп, орыстың жазба әдебиетін өзінше айтып беріп отырдым. Мұның өзі бір жағынан менің ауылда беделді болуыма үлкен себепші де болды.

Мен Пушкин, Лермонтов сияқты ақын-жазушылардың шығармаларының мазмұнын айтып, түсіндірумен қатар, әсіресе Қрыловтың мысалдарын көбірек оқып беріп жүрдім”<sup>4</sup>.

И.А.Қрылов мысалдарын кезінде Абай мен Ыбырай, одан кейін Спандиярдың замандастары А.Байтұрсынов пен Б.Өтетілеуов те аударған. Солардың бөрінің Қрылов мысалдарына жүгінуі кездейсоқ емес еді. Сол дәуірдегі орыс қоғамы мен қазақтың тұрмыс-тіршілігінің, олардағы әлеуметтік теңсіздіктің, зорлық

<sup>4</sup> Сонда, 218 – 219-бб.

пен әділетсіздіктің ұқсас жақтары да аз болмайтын. Сондықтан қазақ ақындары Қрылов мысалдарында суреттелетін арыстан, аю, қасқыр, түлкі сияқты жыртқыштардың қой-қозы, өгіз тәрізді момын жануарларға жасаған зорлығынан ел өмірінің шындығын таныды, оны тұспалдай сынауға мүмкіндік алды. Көркемдік сапасы әр килы болғанмен, мазмұнымен халыққа әсер еткен аударма еңбектердің қазақ арасынан қолдау тауып, сіңісіп кетуі де осыны дәлелдейді.

С.Көбеевтің де аудармашылық қызметі осы негізде тулды. Қарапайым ауыл мұғалімі қазақ ауылындағы наландық пен тонмойын мінез-құлықты сынау, шенеу, әшкерелеу мақсатында Қрылов мысалдарына қол созды, соларды аударды.

С.Көбеевтің Қрылов мысалдарын аударуы нақтылы бір жағдайға байланысты қажеттіктен туалы. Ол ең алғаш рет оқып жатқан балалардың үстіне мектеп үйіне арық қозы, лақтарын әкеп қамаған Ыбырай байға ызаланып, Қрыловтың “Көлбақа мен юпитер” атты мысалын аударды.

“Бүгін мен оларға енді өленмен аударылған “Көлбаканы” оқып бердім, — дейді жазушы. — Бұл тыңдаушыларыма қатты ұнады. Тағы-тағы оқышы деп, екі-үш рет оқытты. Әрі күле, әрі ойлана тыңдап отырған Оспан ағай:

— Соңғы бір шумағын қайта оқышы, — деді.

Мен қайта оқып шықтым... Ол менің аударуымда:

Болады бір өзіне берсе Алла,

Жамандық тілегені бөген жанға.

Шіркіннің бес тиындық іші ашымас,

Өзі аман, дүниені өрт алса да, —

делінген еді.

— Бұл — біздің Ыбекең ғой, — деді Оспанның кіші інісі Хасен. Оның Ыбекең деп отырғаны Ыбырай бай еді.

— Дәл өзі, — деді тағы бір жігіт.

Оспан ағай “Көлбаканы” көшіртіп алды. Осы өлен көп ұзамай-ақ ауылдан-ауылға тегіс тарап, “оқытушының Ыбекеңе шығарған өлені екен” деген хабар жайылып кетті”<sup>5</sup>.

Қрыловтың бұл мысалында әлін білмей, қолдан келмеске ұмтылатын және әрекетсіздігіне бірәуді кінәлі санайтын тоғышар адамдар сыналады. Батпақты жерді тастап, тау басына шығып кеткен көлбақа Құдайдан топан су ағызуын тілейді. Тілегін қабылдай қоймады деп Юпитерге тіл тигізеді. Ақын мысалды дүниені өрт алса да, шаруасы болмай, өз жағдайын көздейтін жанларды сынауға құрған. Спандиярды аударуға итермелеген

<sup>5</sup> Сонда, 220-б.

де мысалдың осы идеясы. Ыбырай бай малы аман болса, басқа дүниені өрт алса да қынбайтындардың тобынан екені аудармада анық танылады. Аударманың:

Шіркіннің бес тиындық іші ашымас,  
Өзі аман, дүниені өрт алса да, —

деп аяқталуы да, қарапайым момын шаруа Оспанның өлеңінің соңғы шумағын қайталап оқытуы да, тыңдаушылардың “бұл — біздің Ыбекең (Ыбырай бай)” деп тани кетуі де осыны дәлелдейді. “Жазда болыстың сайлауы болып, Ыбырай бай қулардың айдауымен болыстыққа таласып, көп шығынданды. Бірақ сайлауда бұрынғы болыс қайта сайланды да, Ыбырай өтпей қалды. Осы уақиғаларға байланысты мен Крыловтың “Итін достығы”, “Қара бұлт” деген мысалдарын аудардым. Бұл мысалдар бай-болыстардың намысына тиіп, мені бұрынғыдан да жаман қудалай бастады. Менің үстімнен арыздар да жаудырылып жатты”<sup>6</sup>, — дейді С.Көбеев.

“Үлгілі тәржімаға” барлығы 44 мысал мен Спандиярдың өзі жазған “Мекен” атты бір өлеңі кірген. Бұл мысалдардың 37-сі Крыловтан аударылған. Қалғандары сол кездегі оқу құралдарының көбінде кездесетін көп авторға ортақ сюжетке құрылған мысалдар. Олардың ішінен С.Көбеев “Өтірікші” атты мысалды Л.Толстойдан, “Сандуғаш пен шымшықты” И.Хемницерден (Ушинскийдің “Детский мир и хрестоматия” атты кітабынан алып пайдаланған) алып өлеңмен аударған, “Асыл шеп” атты мысал Ыбырай Алтынсарин хрестоматиясында қара сөз түрінде кездеседі. Оны С.Көбеев өлеңмен жазған.

С.Көбеевтің аудармалары — негізінен еркін аудармалар. Дәлме-дәл аударма жасау мақсатын Спандияр да алдына қойған емес. Ол көп жерде Крылов мысалдарының сюжетін өзінше қайталап, еркін айтып шығады, өз оқушыларына қазақ ұғымына сай етіп жеткізеді. Сондықтан С.Көбеев аудармаларының идеялық-көркемдік құндылығы түп-нұсқаға қаншалықты дәл келетін-келмейтіндігінде емес, өз кезіндегі өмірдің талаптарына қалай жауап бере алғандығымен бағаланады.

Бірақ бұдан Көбеев аудармалары түпнұсқадан алыстап кеткен, оны бұрмалаған аудармалар деп ойлауға болмайды. Аудармашы көп жерде шығарманың идеясын, моралін сактай отырады, бірақ оқушысының білім, түсінік дәрежесіне қарай қарапайым, еркін айтады.

С.Көбеевтің Крылов мысалдарын ағартушылық мақсатқа

пайдаланбақ болған ниетін кез-келген мысалды оқи отырып байқауға болады. Автор өзі баяндап айтып отырған мысалдан, хикаядан ғибрат алуды ұсынады. Тіпті оның өз аудармаларын “Үлгілі тәржіма” (Үлгілі аударма) деп атауы да тегін емес. Автор өз аудармаларын мінсіз, тамаша аударма деп санамайды, керісінше, оларда халық үлгі аларлық, ғибрат етерлік үлгілі сөздер бар дегенге нұсқайды.

С.Көбеев Крыловтың әр тақырыпқа жазған әр түрлі мысалдарын аударған. “Қарға мен түлкі”, “Маймыл мен көзділдірік”, “Әтеш пен меруерт тас” т.б. мысалдарда жалпы адамдық қасиетке дақ салушылар, олардың күнделістік, сарандық, өтірікшілік, мақтаншақтық, екіжүзділік, ақымақтық, эгоистік қылықтары әшкере болса, “Үш қатынды бір кісі”, “Пөелеге ұшыраған қара шекпен” атты тұрмыстық сатираның үлгілері де аударылған. “Қара бұлт” атты мысал күнделікті өмірдің қажетті жағына арналған публицистикалық памфлет сияқты. “Екі төбет” (“Собачья дружба”) тарихи тақырыпқа жазылған. “Шегіртке мен құмырсқаны” аударып, ол бос жүрген еңбексіздерге қарсы жұмсаған.

Крылов шығармаларының демократтық бағыты, негізінен, С.Көбеев шығармаларында сақталып отырады. Бұл да аудармашының демократтық көзқарасының қалыптасуына белгілі дәрежеде әсер етпей қойған жоқ. “Қойлар” мен “қасқырлардың”, алділер мен әлсіздердің, момындар мен жемқорлардың арасындағы, қорыға айтқанда, халық пен езушілердің арасындағы күресте, әлеуметтік тартыста, Крылов сияқты, аудармашы да халық жағында тұрады. Сондықтан да ол қасқырларға, қу түлкілерге халық ойын, халық сөзін айтады.

С.Көбеевтің тәуір аудармалары тек өз кезіне ғана емес, бүгінгі қазақ оқушыларына да қызмет ете алады. Оған осы кітапты оқи отырып, оқушының көзі әбден жетеді.

Алайда Көбеевтің бірсыпыра аудармаларында орыс ақынының ойын поэтикалық жағынан бірсыпыра төмен, қарадүрсін беретін жерлері де ұшырайды. Оларда түпнұсқаның көркемдік қасиеті мен тілдік ерекшелігі сақталынбайды. Аудармашы түпнұсқаның өлеңдік формасын да сақтамай, бәрін он бір буынды қара өлең ұйқасымен аударған.

“Үлгілі тәржімедан” кейін Көбеевтің “Үлгілі бала” атты оқу құралы басылады. Оған өзі аударған мысалдардан Крыловтың 14 мысалын кіргізген. Олардан басқа Л.Толстойдың “Азбука” атты кітабынан, К.Ушинскийдің кітаптарынан қысқа-қысқа әңгімелерді аударып пайдаланған.

“Үлгілі бала” оқу кітабын құрастыруда С.Көбеевтің Ушинскийдің “Родное слово” кітабының жобасын басшылыққа

<sup>6</sup> Сонда, 221-б.

алғаны байқалады. Тіпті кейбір материалдарды сол шығармаларға қарап отырып, Спандияр өзінше жазған. Мектеп, үй, жан-жануарлар жайындағы қысқа хабарлар осыны аңғартады. “Үлгілі баладағы” “Мектепке шақыру” деген өлең Ушинскийдің “Приглашение в школу” деген өлеңінің әсерімен жазылған.

Мысал үлгісіндегі шағын әңгімелердің көбін Спандияр Л. Толстой (“Құмырсқа мен көгершін”, “Ат пен есек”, “Атасы мен немересі”, “Қоян мен көлбақалар”, “Екі жолдас”, т.б.) мен Ушинский (“Екі соқа”, “Түлкі мен теке”, “Сауысқан мен қарға” т.б.) кітаптарынан алған. Бұл шығармаларда педагог-жазушы балалар үшін тәрбиелік мәні бар мәселелерді көтереді. “Құмырсқа мен көгершінде” қиын жағдайда екеуінің біріне-бірінің көмектесуін айта отырып, адамды адамға жақсылық жасауға үндесе, “Ат пен есекте” жүгі ауыр есекке көмектеспей, ақырында аттын өзі бейнет көргенін сынайды. “Сауысқан мен қарғада” мылжындықты шенесе, “Екі соқада” еңбекқорлықты мадақтайды.

“Үлгілі балада” С. Көбеевтің өзінің бірсыпыра төл шығармалары да бар. Олары – әлеуметтік теңсіздікті, зорлықты, үстем тап адамдарының қатыгездігін әшкерелейтін, жетім-жесірді аяуға үндейтін өлеңдер мен әңгімелер.

“Жетімнің өлеңі” атты шығармасында автор жастай жетім қалған баланың аянышты тағдырын суреттей отырып, жалпы халықтың азаттығы идеясын қозғайды.

Шөлдесен, сусын болар көлдер қайда?

Қарын ашса, тамақ болар жерлер қайда?

Қаңғырып, жүдеп-жадап жүргенінде,

Сипайтын маңдайыңнан ерлер қайда?!

Жетімнің тағдыры туралы ойдың халық тағдырына ауысуы осы шумактан анық көрінеді.

“Жетім” өлеңінде шаршап, жаураған жетімді үйіне әкеліп, тамақтандырып, жылы төсекке жатқызған кемпірдің ізгілік бейнесі жасалады.

Спандиярдың бұл тақырыптағы шығармаларында қалын бұқара өкпін мейірімі мол, ыстық жүректі, кең пейіл адамдар болып суреттеледі. “Жарлы мен бай” атты әңгімеде бір жарлы қайыр сурап кетпеген соң бай оны таспен ұрады. Кедей тасты алады да, “сені ұратын күн туғанша сақтаймын”, – дейді. Бірақ кейін кедейленген байды ұрмайды, аяйды. “Қайыршы” өлеңінде қайыршы шал елден жинағанын ғарып-ғасірлерге үлестіреді.

“Үлгілі бала” кітабының маңызы оның алғашқы оқу

кітаптарының бірі екендігінде ғана емес, ондағы шығармалар Спандиярдың жазушы ретіндегі демократтық, ағартушылық көзқарасының толыса түскендігінің айғағы тәрізді.

Спандиярдың жазушылық мұрасында елеулі орын алатын шығармасы – “Қалын мал” романы. Роман қазақ әдебиеті тарихындағы қара сөзбен жазылған алғашқы көлемді шығармалардың бірі.

Роман тақырыбы – әйел теңсіздігі мен жастардың бас бостандығы мәселесі. Тақырыпты таңдау және жазу себептері жайлы жазушының өзі былай дейді:

“Романды жазуға тағы бір ең басты себеп болған нәрсе – қазақ әйелінің қас жауы, қазақ әйелдерін теңсіздікте, қорлық-зорлықта тұтып, малға теңеген феодалдық салтқа қарсы күрес жүргізу мақсаты еді. Демек, роман арқылы феодалдық шірік салтты әшкерелеу, қалын халық бұқарасын одан бездіру, әйелдерді азаттық күреске шақыру еді”<sup>8</sup>.

XX ғасырдың бас кезіндегі халықты отаршылдықтан азат ету, тәндік үшін әлеуметтік күрес кезінде қазақ әйелдерінің тағдыры айрықша көзге түсті. Қалын мал, көп әйел алушылық, әменгерлік салттары ескіріп, оған қарсылық та молая бастап еді. Теніне бара алмаған, әйел үстіне тоқалдыққа малға сатылған қыз ғана емес, оның тілектестері – анасы да, жеңгесі де, сінлісі де, қыздың сүйген жігіті де, жаны ашыр ағайыны да, туған-туысканы да қыз мұнына қосыла дауыс көтерді. Ол кездегі әлеуметтік теңсіздік мәселесін әңгіме еткенде, ең алдымен әйел мәселесі сөз болатын себебі де осында.

Мәселенің демократтық тұрғыдан қойылып, тиянақты шешім табуымен және шығарманың қазақ әдебиетінде бұрын таныла қоймаған таза прозалық роман түрінде жазылуымен “Қалын мал” өз заманындағы басқа шығармалардан оқшау тұрады. Жазушы онда әйел теңсіздігі мәселесін бөлек сөз етпей, оны төңкеріс алдындағы қазақ ауылы өмірінің шындығымен тығыз байланыста алады.

Ескі ауыл дегенмен, төңкеріс алдындағы қазақ ауылы да дамудан тамып келе жатқан ел еді. “Қалын мал” – сол ескі ауыл тарихының бір көрінісі.

1905 жылғы буржуазиялық-демократиялық төңкеріс езілген ұлттардың оянуына, ұлт аймақтарында қоғамдық ой-пікірдің жандануына үлкен себепкер болғаны мәлім. Әлеуметтік өмірдегі осындай өзгерістер лебі қазақ ауылында да сезілді. Ескіліктің қатал тәртібіне, феодалдық әдет-салтқа қарсы бой көтеру белен алды.

“Елден шыққалы жиырма шақты күн болып қалды, – дейді

<sup>8</sup> Сонда, 78-б.

<sup>\*</sup> Сонда, 246-б.

“Қалың мал” романының бір кейіпкері Байғазы би. – Бас ауылдай жағына барып, съезд құрып келеміз. Халық арасында бір-біріне ауысқан-түйіскендері бар, тоқты-торымдай жанжалдары бар екен, сондайларды бігіріп келеміз. Елде дау-жанжал мұндай көп болар ма! Ел де бұзылып біткен ғой, әсіресе жесір дауы-ақ көп екен. Күйеуін менсінбеген қыз, байынан айрылған келіншек... кейбіреулер құласынан айрылмақшы... Күрекеңнің (Құрымбай биді айтады – ред.) пышағы май үстінде, қалтасы да толған шығар...”<sup>9</sup>

Бұл – сол заманның шындығы еді. Дәуір лебін сезініп, “бостандық”, “азаттық” деген сөздер құлағына іліне бастаған халық арасында осындай аласапыран істердің туа бастауы да заңды. Келей байдан неше жыл ала алмай жүрген ақысын даулайды (Байғазының “халық арасында бір-біріне ауысқан-түйіскендері бар, тоқты-торымдай жанжалдары бар екен” деп майдалап отырғаны осы), жастай малға сатылып, шалға тиген қыз өз басына азаттық алуға ұмтылады, т.б.

“Қалың мал” романында қазақ әйелінің теңсіздігімен бірге ескі патриархалдық әдет-ғұрып сыналады, қазақ ауылындағы таптық жіктелушілік пен байлардың қалың бұқараға жасап отырған озбырлығы суреттеледі.

Жазушының бағыты айқын. Ол феодалдық салт-шырмаудан босатып, әйелді сүйгеніне қосуды, қалың малды жоюды ұсынады. Екіншіден, байлардың зорлығына қарсы кедейлердің бой көгеруін мақұлдайды. Бұл – романда Бірке, Әлкен, Жүністердің іс-әрекеті арқылы көрінеді.

Жазушы төңкерістен бұрынғы кедейлер өміріне үлкен аянышпен қарайды. Тұрлығұл байдың Медеу руына жасаған зорлығын суреттей келіп, “Әй, бишара кедей-ай! Саған да атар таң, шығар күн бар ма екен!”<sup>10</sup> – дейді.

Романның негізгі идеясын автор характерлер арқылы ашуға тырысады. Олар көзқарасы, іс-әрекеті жағынан екі түрлі. Бір жағында Ғайша, Қожаш және олардың жақтастары болса, екінші жағында Итбай, Тұрлығұл мен олардың тілектестері көрінеді. Роман осы екі көзқарастың тартысына құрылған. Тіпті Қожаш пен Ғайша арасындағы сүйіспеншілік, махаббат жайы да осы әлеуметтік күрес идеясына бағындырылады.

Романның басты кейіпкері – Ғайша. Шығарманың негізгі түйіні – қазақ әйелінің теңсіздігі мен оны кіріптарлыққа душар еткен қалыңмал – осы Ғайша өміріне байланысты.

Ғайша – сол кездегі қазақ әлебиетіндегі жаңа бейне. Ол қалыңмалға сатылып, әкесінің еркімен сүймеген адамына бармауға

<sup>9</sup> Сонда, 97-б.

<sup>10</sup> Сонда, 118-б.

бекінеді, өз бостандығы үшін күреске шығады, өзіне тең, адал жар ізлейді. Тұрлығұл үйіне барып мал әкеліп, байдан көрген сый-сыяпатын айтып жеткізе алмай отырған Итбайға өз наразылығын өлеңмен естіртеді.

Әй, аға шыныменен шалға беріп,  
Ғайшаның теңін таппай, малға беріп.  
Жылған ағайынға отырғаның  
Біреудің бақ-дәулетін қызық көріп.  
Мен сорлы екі-үш күннен отқа түскен,  
Отырған ажал жетпей қалуға өліп.  
Жүрегім, басым дал бол, ішім күйіп,  
Қайғылы, уайымды, шаттық сөніп.  
Қор болу қиын емес екендігін  
Түсініп, есіме алдым бүгін біліп.  
...Ғайшаның ұзақ жатыр жылар күні,  
Халықтың бұл қалай деп сынар күні.  
Ескермей ешбір нәрсе жүруші едім,  
Бар ма екен қасірет-қапа шығар күні!  
Ғайшаның теңі қайда, елі қайда?  
Кешегі уайымсыз күні қайда?  
Қалқампы сүйгеніне берем дейтін,  
Әкенің жаны ашырлық сөзі қайда?  
Көз жасыма, ренішіме қаламысың?  
Баланды от пен суға саламысың?  
Болмаса, жаның ашып, жалғыздыңды  
Айырып жау қолынан аламысың?<sup>11</sup>

Ғайшаның әкесіне айтқан бұл өлеңінен басына іс түсіп, не істерін білмей дал болған шерлі адамның ауыр күрсінісі сезіледі. Өзегі өртеніп, қасірет пен өкіскке тұншыққан қыз үні әкеге тек жалбарыну емес, оған айып артқандай естіледі. Ғайша осы өлеңімен феодалдық ескі салт-санаға, әдет-ғұрып заңына қарғыс айтады.

Бірақ малдан басқа сенері де, сүйенері де жоқ Итбай Ғайша мұның түсіне алмайды, жанына жара түскен қызына мейірім көрсетпейді, осыдан барып Ғайша бас бостандығын ізлеудің басқа жолын қарастырады. Өзіне тең, басына азаттық берер ер іздеген Ғайша Қожашпен кездесіп, қашып кетеді.

Жазушы Ғайшаны “сұлу, ай десе ауызы, күн десе көзі бар, киген киімінде бір кіршік жоқ, бармақтары майысқан, тал бойы шыбықтай” деп суреттейді.

<sup>11</sup> Сонда, 108-б.

Қожаш және оның жолдастары Жүніс, Әлкен, Біркелер – Ғайша бейнесін толықтыра түсетін, бас бостандығын аңсаған жастар.

Қожаш – кедей таптың өкілі. Ғайшаның теңіне қосыла алмауы сияқты, Қожаштың да өзі теңдес қызды айттыра алмастай себебі бар еді. Оның қалың беріп, қыз айттырарлықтай шамасы жоқ. Қалың мал Ғайшаны ғана жылатып қоймайды, Қожаштың да қолын байлайды.

Қожаш – орта бойлы, талдырмаш, сабыр иесі, сұлу қараторы, бір сөзді, үедеден таймайтын жігіт. Замандастары сол мінезінен оны жақсы көруші еді. Қожаш бұрын да Итбайдікіне бірнеше рет келіп қонып, Ғайшаның сұлулығынан мін таба алмай, сыртынан ғашық болып жүрген жігіттің бірі еді. Ғайшаны айттырайын десе, Итбайдың бермейтініне көзі жетіп, қолдың қысқалығына кінә қойып, көңіліне демеу бергендей болып, сол ауылға келгіштел жүретін<sup>12</sup>, – деп жазалы жазушы.

Тұрлығұлдың Ғайшаны айттыруы мен Итбайдың қалың мал алып, қызын ұзатуға даярлануы, қыздың бұл іске наразылығы Қожаш әрекетін жеделдете түседі. Ол Ғайшамен көңіл қосып, оны алып қашады. Бұл істе оған жолдастары көмектеседі.

Жүніс, Бірке, Әлкендер – Тұрлығұл, Байғазылардың тізесі талай батқан кедей ауылдың бас көтерер жастары. Тұрлығұл мен олардың арасындағы тартыс арқылы жазушы қазақ ауылындағы таптық жікті, олардың ширенісе бастағанын көрсетеді. Кедей ауылдың жігіттері өздерін жазықсыз жәбірлеушілерге қарсы стихиялық түрде болса да, бой көтеріп, қарсы тұра бастайды. Олар Кеңшалғынды даулап, ауылына келген би-болыстарды жанжал шығарып, түсірмей жіберуге дайындалады, ұрыншақ, тентек бай баласы Шалқанды сабайды, т.б.

Тұрлығұлдың Ғайшаны айттыруы мен Қожаштың қызды алып қашуы туралы ойы – тек Жүніс, Әлкен, Біркелер ғана емес, Тұрлығұл тізесі батқан көп адамның ескі жарасының аузын ашады. Олар ел болып Ғайшаны Қожашпен қашырып жіберуге, сөйтіп Тұрлығұлдан кек алуға бекиді.

Серғазы Ғайшаны Тұрлығұлға беруге ашық қарсы бола алмаса да, “Ғайша жас, Тұрлығұл алпыста ма, әлде одан да артық па, аппақ шалға барып бишара қалай адам болады? Бишарада күнә жоқ, қайтсін байғұс, қалай зарламасын? Обал!.. Обал!.. Алғашқы кезде, осының обал-сауабына кіріскендей болып ем, енді реті келсе құтылуына себепкер болсам” деп ойлайды. Кейін Серғазы өз басына келетін ауыртпалыққа қарамастан, Қожаштың Ғайшаны алып қашуына көмектеседі.

Қожаштың Ғайшаны алып қашуы, Тұрлығұлдың жеңілуі ескі

<sup>12</sup> Сонда, 106-107-б.

қазақ ауылының сүйегіне сіңіп, бөрік орын тепкен әдет-ғұрып занына берілген қатты сокқы еді.

Жаналықты сезіне бастаған елде ескіліктің қалдықтарына күшті қарсылық көрсетіліп жатқан жағдайда байларға қарсы бой көтеру, қыздың қалың мал төлеген күйеуіне бармай, өз теңін табуы, жастардың сол жесірлерді алып қашуы – революция алдындағы қазақ ауылында жиі кездескен жәйттер.

Ұнамсыз кейіпкерлердің ішінен ерекше дараланып суреттелетін тип – Ғайшаның әкесі Итбай. Шала молдалығы бар, бірақ онымен бәрекелі мал тауып көрмеген бұл адамның есіл-дерті – баю, мал жию. Ол Тұрлығұлдай бай болуды армандайды. Дүниеқоңыз, малқұмар адам баю жолындағы кедергінің бәріне де өзінің өресіз әрекетімен қарсылық көрсетіп, Ғайша арқылы дәулет жинап қалуды көздейді. Тұрлығұл байдың бәйбішесінің өлуі мен оның Ғайшаға сөз салуы Итбайдың тәңірден сұрап ала алмай отырған тілегі еді. Сондықтан да ол Тұрлығұл құдалыққа кісі жібергенде қатты қуанады.

“Бұл Тұрлығұл байға біздің Ғайшажанды айттыра келген шығар, қазыны бұзбай сал, – дейді Итбай әйелі Ақсулуға.

Итбайды мінездеуде көрнекті рөл атқарып тұрған осы бір деталь оның жомарттығын аңғартпайды. Әйтеуір қонақтардың көңілін тауып, олардан құдалық туралы жылы сөз естіп қалуға асығады ол. “Егер Ғайшажанды айттыра келген болса, он құлынды бие сұрасам ба екен, болмаса таза мың теңге ақша сұрасам ба екен. Қой, ақшадан да он құлынды бие дұрыс болар, бес-алты жылда, Құдай бұйырса, жүзге тарта жылқы болмай ма? Жазғы қызығының өзі қандай, үй сыртына ұзын желіні құрып, құлындарды шынықтырып байлап жатқан қандай?.. Құдай тілекті берсе, мұратқа жетсем”<sup>13</sup>.

Малдан басқа көрері де, арманы да жоқ сасық байлыққа құмар Итбай қызын сатып баюды осылай қиялдайды. “Осы қалқам ержегіп, бай жерге беріп, көп мал алсам” деген оның өмір бойғы тілегі еді. Сондықтан Тұрлығұлға Ғайшаны беруге тез келіседі.

“Ғайшажанға сенің жанын ашығанда, менің жаным ашымай ма? Бара бәйбіше болатын орын емес пе? Арманың не? “Ғайшажанды жылатып қойған сен итсін ғой! Ендігері жылағанын маған естіртпе!

“Сен Ғайшажанды шалға бердің деп жаратпаған болып жүрсін-ау! Ит болмасаң, құдай сонша мал, сондай дүниеге берген кісіні адам кеміте ме екен! Ең дүниеге бара күмп ете түсетін Ғайшам бақытты емес пе? Тұрлығұлдың ел десен елі бар, мал десен малы, бақ десен бағы бар. Сол ел, бақ, мал Ғайшанікі емес пе?”<sup>14</sup>.

Бұл – Итбайдың әйеліне ренжіп айтатын сөздері. Бұдан оның

<sup>13</sup> Сонда, 152-б.

<sup>14</sup> Сонда, 128 – 129-бб.



ой-пікірі анық көрінеді.

Итбай бейнесін жасауда жазушы юморды шебер пайдаланады. Ол Итбайдың теріс мінез, оғаш қылықтарын үнемі келекелеп, сынап отырады.

Жазушының суреттеуінде Итбай тек малқұмар, дүниеқоныз адам ғана емес, даңққұмар, даңғой, мақтаншақ адам. Онда өз шаруасына пысықтық, ұқыптылық, текаппаршылық, менмендік мінез бар. Байи қалған күнде Итбай сарандығымен ғана емес, жалпы адамгершілігінің төмендегімен аты шыққан қатыгез қазақ байларының қай-қайсынан болса да кем түсе қоймас еді. Оның ойлауынша, байлық болса, қалған дүние өзі құрала береді. Данк, атақ, абырой, бедел, тағы басқалары Итбай үшін – байлық төңірегіндегі қонсы дүниелер.

Тұрлығұл үйіне барып келгеннен кейін Итбай әңгімесі үнемі сол үйдің байлығы, құрметі жайында болады. Жолшыбай қалтасына қолын салып, бай берген ақшаны қайта-қайта сипайды. Жаздыгүні сауатын биелерін санайды. “Сен ит қымызды әркімге бір құйып, шалпуыштап, астың берекесін алатынсың. Енді қалыпты бәйбішенің салтымен бұдан былай асты берекелендіріп ұста” – деп әйеліне ұрсып қояды. Бұрын мал мен ақша көрмеген адамның байлыққа мас болуын жазушы осы эпизодтарда реалистікпен суреттеген.

Ғайшаны ұзатарда Итбай жасау алу үшін қалаға баралы. Көп дүкеннің ортасында тұрып:

— Екі жүз елу сомның саудасын істеймін, қайсың маталарынды арзан бересіңдер, — деп айғай салады. Сауда жасап болған соң дүкеншіге:

— Енді, бай, шыныңды айтшы. Өзің ес білгелі мендей тұтас екі жүз елу сомның саудасын істеген кісі бар ма?<sup>15</sup> — деп сұрайды.

Бұл айтылғандар Итбайдың шебер жасалған реалистік бейне екенін көрсетеді.

Романдағы ұнамсыз кейіпкердің бірі – Тұрлығұл. Жазушының суреттеуінде ол – “ұзын бойлы, мес қарын, түксиген қалың қабақты, көп сөйлемейтін, жалпақ мұрын, қарсы келген адам қаймыққандай, елге зәбірлі, көршілеріне мазан, қатал мінезді адам”. Сыртқы бейнесі осындай Тұрлығұлдың іші де – толған арамдық пен налалдық. Ол – “шынжыр балақ, шұбар төс” атанған ескі ауылдың байы. Тұрлығұл жалпы адамшылық қасиеттерімен, жақсы қылықтарымен емес, елді өзінің байлығымен сатып алғысы келеді. Байлық – ол үшін жақсы, беделді болудың кепілі. Тұрлығұл өзінен гөрі малына көбірек сенеді. “Маған бермегенде, малға береді ғой”, — дейді ол Ғайша жайын алғаш сөз еткенде.

<sup>15</sup> Сонда, 131-б.

Осындай малға ғана сүйенген сасық бай Тұрлығұл – сезімсіз, қара жүрек адам. Жасынын жетістен асып кеткеніне қарамастан, ол малға сатып жас қыз алады. Ғайшаның жасына, обалына қарамайды.

“Мұның өз күнін өзіне көп қылайын – деп ойлайды Ғайшаның көнбейтінін білген бай. — Әлі де болса бір жегі, он күн байқап, егер бұл қылығын қоймаса, осы малдың арқасында тағы бір қатын алайын. Сөйтіп мұны күн есебінде жұмсайын”<sup>16</sup>.

Бұл үзінді көп қатын алулы жақтайтын надан байдың түйсік-түсінігін айқын көрсетеді. Тұрлығұлдар өз кезінде мұндай құқығын шексіз пайдаланды. Олар, біріншіден, патришалдық-феодалдық қоғамның сапт-санасы мен әдет-ғұрпына, екіншіден, патша үкіметі мен оның чиновниктеріне сүйенді. Бұл екі заң да Тұрлығұлдар құқығын шексіз қорғады.

Жазушы Тұрлығұл бейнесі арқылы сол кездегі қазақ байларына тән типтік характер дарапайды. Автордың айтуынша, оның прототипі Кішіқұмдағы Ыбырай бай. “Тіпті Тұрлығұлдың түрі-түсі, жалпы сыртқы пішіні, мінез-құлқы Кішіқұмдағы Ыбырай байдың айнымаған бейнесі деуге болады. Тұрлығұлды көр де – Ыбырайды көр. Алайда, романдағы қаһармандар жеке бір адамның ғана бейнесі емес, сол уақыттағы өмір шындығына тән кейіпкер жиынтығы деп білуіміз керек”<sup>17</sup>, — дейді С.Көбеев.

Романда суреттелетін Байғазы, Құрымбай деген билер де Тұрлығұлмен тамырласып, байланысып жатқан ескі ауылдың әкімдері. Жазушы олар жайлы: “Бетіне жан келмейтін билер”. “Айтқаны келіп, атқаны тимеген жер жоқ. Екеуі де өлгенше паракорлар, жемқорлар, кісі етінен басқаны арамсынбайтындар”, — дейді.

“Қалың малдын” елеулі сипаты мен тарихи маңызы – оның қазақ әдебиетіндегі алғашқы романдардың бірі болуында және өзіне шақ көркемдік үлгіде жазылуында.

“Бұл романды жазу маған онай тиген жоқ, — дейді С.Көбеев естелігінде. — Мұның әр түрлі себептері де бар еді. Біріншіден, роман жазылған кезде баспа жүзін көрген қазақтың жазба түрдегі көркем әдебиет шығармалары тіпті аз еді және олардың идеялық бағыттарын былай қойып, түрлерін алсақ, ауыз әдебиеті өсерінің шеңберінен асып шыға алмаған дәрежеде еді. Біздің солтүстік аймақта маған тіл үйренер, үлгі-өнеге алар жалғыз-ақ қазақтың ауыз әдебиеті және Ыбырайдың өлеңдері мен балаларға арнап оқу құралына лайықтап жазған новеллары ғана еді (Абайдың жинағы қолыма кейінірек түсті). Сондықтан да романның тіліне, стиліне

<sup>16</sup> Сонда, 149-б.

<sup>17</sup> Сонда, 247-б.

ауыз әдебиетінің әсері тигендік барлығы қазіргі оқушыға айқын байқалып отыратын болу керек.

Екіншіден, романның сюжеті, оның құрылысы (композициясы), кейіп-кескіндері жайында кеңесетін, пікір алысатын да адам жоқ еді. Мұны түсінер бірен-саран адам болса, оның да “қызық екен” дегеннен басқа айтары жоқ болатын. Маған тек орыс тіліндегі романдарды оқып, соларды үлгі ете отырып, жазуға тура келді<sup>18</sup>.

Қазақтың ұлттық ауыз әдебиеті дәстүрінің әсері романдағы кейіпкерлердің мінездемесінен анық байқалады. Әсіресе, Ғайша мен Қожаш бейнелерін жасауда жазушы ауыз әдебиетінің ұнамды кейіпкерлерді әрі сұлу, әрі әнші, әрі балуан – “сегіз қырлы, бір сырлы” етіп суреттеу әдісін пайдаланады. Олар айтқас үстінде табысалы. Итбай бейнесінде “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырындағы Қарабайдың көп белгілері бар. Романның композициялық құрылысына да ауыз әдебиетіне тән әңгімешілдіктің әсері тиген. Ғайшаның мұның әкесіне өлемен айтуы, Серғазы үйіндегі той суреті, Ғайша мен Қожаштың кезекпен ән айтуы ауыз әдебиеті ықпалынан туған. Сонымен бірге жасынан Пушкин, Гоголь, Чехов шығармаларын оқып, оны қазақшалап ел ішіне таратқан жазушыға бұл каламгерлердің жазу тәсілі, гуманистік идеясы әсер етпей қойған жоқ. Ол кейіпкерлеріне ат таңдауда (Итбай – Собакевич), олардың іс-әрекетін сыншылдық тұрғыдан суреттеуде Гоголь тәжірибесіне жүгінген сияқты. Гогольдің сараң, өзімшіл кейіпкерлерінің сипаттарын “Қалын малдан” да таңуға болады.

Романның құрылысында үлкен прозаға тән оқиғалардың үзілмей жалғасып отыруы, олардың өрістеуі мен шиеленісі дұрыс орын тапқан. Ондағы тартыс та заман шындығына лайық ойластырылған және шығарма бітімінде жарасымды тұтастық бар.

Бір қарағанда, бүгінгі ірі-ірі романдары бар реалистік әдебиет үшін “Қалын мал” елеулі құбылыс көрінбеуі мүмкін. Бірақ туған кезі мен ол кездегі әдебиет дамуы тұрғысынан қарағанда оның маңызы үлкен. Автор шығарманы оқиға мен тартысқа құра отырып, дәуір сырын, оның адамдарын тәп-тәуір суреттейді. Оқиғаның өрбуі, адамдар кейіпін дамуы да орынды беріледі. Онда желілі сюжет, киноласқан композиция бар.

Тіл ерекшеліктері жағынан да “Қалын мал” өз дәуіріндегі әдебиетте көрнекті орын алады. Роман тілі бірқелкі тартымды. Жазушы өзінің кейбір замандастары сияқты тіл шұбарлауға бармай, таза ұлттық тілдің қарапайым үлгісін пайдаланады. Кейіпкерлердің де өзіндік тілі бар. Тұрлығұл, Байғазы, Құрымбайлар тілінде заманның биліктегі адамдарына лайық өктемдік, қулық-сұмдық

танылса, Итбайдың ұсақ мінезі, даңғойлығы, байлыққа құмарлығы да тілдік мінездеулерден байқалады. Қазақтың әдет-салты, ғұрып суреттері де жарқын. Жазушы кейіпкерін сөйлете білумен шектелмейді. Онда табиғатты, адам сезімін суреттейтін көріністер де бірқелкі әдемі берілген.

“Ауылдан бір шақырымдай жердегі көлде қаз қаңқылдап, шағала шаңқылдап, үйрек пырылдап ұшып жатыр. Аккуддың да сұңқылдаған даусы естіледі. Есіл бойындағы бұталарды паналап сайраған сандуғаштардың даусы қайғылы көңілді жұбатқандай. Ертемен жырлаған бозторғайдың дауысы ұйқылы-оюу үйде жатқан шаруаны тербетіп оятқандай”<sup>19</sup>, – деген шағын суреттің өзінде даланың көңілді шағы, оның адам сезіміне әсері нанымды берілген.

Көлей ауылдың қысқы көрінісін жазушы былай суреттейді: “Қазақтың қар басқан ауылы, пештің мойнынан шыққан түтіннен болмаса, қай жерде үй бар, қай жерде үй жоқ екенін сыртынан қарап білетін емес. Қоралаң шығып жүрген бейсауат мал да көрінбейді. Ауыл сыртында қар теуіп жатқан он шақты арық-тұрақ. Сырттан ауыл жым-жырт”<sup>20</sup>.

Жазушы табиғат суреттерін адамның көңіл күйімен байланыстыра көрсетуге ұмтылады. Қыс жеңіл болып, қар ерте кетіп, бір малы екеу болып, шаруаның көңіл күйінің өсуі, мекеніне қайтып құстардың көңілденуі, қаз шыққанына қуанып жүгірген балалар, қалыңнан алған биелері құлындап көңілденген Итбай, уәделі күні жақындағанына қуанған анасы мен Ғайша сезім-күйлерін табиғаттың көктемгі суреттерімен байланыстыра ашады.

Роман, сонымен қатар, қазақтың әдет-ғұрып тәртібінен, қазақшылықтың ескі ырым-жырымынан, ұлттық ерекшелік белгілерінен, салт-сана заңдарынан мол хабар береді. Адамның қаза болуы, қыз ұзату, шілдехана күзету, жастардың ойын-сауық кештеріне, көш салтанатына қатысты ғұрып жап-жақсы суреттеледі.

Бұл айтылғандар “Қалын мал” – қазақтың демократтық, ағартушылық әдебиетінің реалистік дәстүрін әрі қарай жалғастырған және жаңа жанрмен байытқан туынды болғанын дәлелдейді. Романның тарихи маңызын М.Әуезов былай деп көрсеткен еді:

“XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанда көркем проза туа бастайды. Оның алғашқы бастамасы Көбеевтің “Қалын мал” романы болды. Көркемдік түрі жағынан көптеген жетіспеушіліктер бола тұрса да, бұл роман идеялық-прогрессивтік бағыты жағынан

<sup>19</sup> Сонда, 133-б.<sup>20</sup> Сонда, 119-б.

сыншыл реализм элементтерін бойына жинақтай білген шығарма болды. Рулық, феодалдық құрылысты, әйелдерді қанауды, қазақ ауылындағы әлеуметтік жауыздықты – байлар үстемдігі мен атқамінерлерді айыптаушылық бұл шығармаға ерекше мән береді және оны өз заманының елеулі құбылыстарының қатарына қояды. Романда екі ұрпақ – әке мен бала біріне-бірі қарсы қойылған. Жастар жаналыққа ұмтылады, революциялық дауылдың таяп келе жатқанын сезесін. Ескішілдікке қозғау түсуі, патриархалдық ауылдың ағам заманғы әдет-ғұрып заңдарына қарсы әлеуметтік күрес жүре бастауы бұл романда жігіттер мен қыздар бейнелері арқылы берілген. Олар – кедейлердің өкілі, өздерінің экономикалық және жеке бастарының бостандығы үшін күреседі. Романда суреттелетін осы кейіпкерлер, олардың көңіл-күйлері, сөзсіз, 1905 жылғы орыс революциясының сәулесі еді, орыс әлебиетіндегі көрінген алдыңғы қатарлы қоғамдық ой-пікір ұлт аймақтарындағы жастардың санасын оятты”<sup>21</sup>.

С.Көбеев шығармашылығы, негізінен, XX ғасырдың бас кезіне жатады. Кеңес өкіметі жылдары ол таза оқытушылықпен шұғылданып, көркем шығарма жазуға келе алған жоқ. Тек ұзақ үзілістен кейін “Орындалған арман” (1951, 1954) атты мемуарлық кітап жариялады. Онда жазушы өзі басынан кешкен өмірі негізінде Қазақстанда іске асқан қоғамдық өзгерістерді, халықтың тіршілік күйін, әлеуметтік жағдайларды суреттейді. Қазақ ауылындағы оқу-ағарту ісінің дамуы жолына тоқталады.

“Орындалған арман” – мемуар болғанда, жазушының жай көргендерін тізбелеу емес – адам образдарына, әртүрлі характерлерге бай көркем кітап. Оны оқып отырғанда, ең алдымен, өзінің көп жылдық өмірін халық қызметіне арнаған, екі дәуірді басынан кешірген, талай қилы кезендерден, қалтарысы мол жолдардан өтіп, қазақ халқына адал қызмет еткен, революциядан кейін өз еңбегінің жемісіне ие болып, республиканың көрнекті қоғам қайраткерлерінің бірі дәрежесіне көтерілген карт педагог-жазушының бейнесі көз алдыңыздан өтеді. Кітапта сол адамның ескі және жана өмірі, күрес жолы, көзқарасының қалыптасуы нанымды бейнелі түрде суреттеледі. Айналасында болып жатқан өзгерістерге сынаушы болып сырттан қарап тұрмай, Көбеев бірге араласып жүреді. Сондықтан оның кандай оқиғаға болсын, өз көзқарасы, өз қатынасы барлығы байқалады. Жазушы өз бейнесін орталық нысан етіп ұстайды да, ескі қазақ ауылындағы тап тартысы, байлар мен кедейлер арасындағы кейін басқаша сипат алған стихиялық соқтығысулар, жер дауы, жесір дауы, 1905 жылы алғашқы орыс революциясының қазақтарға әсері, 1916 жылғы

көтеріліс, орыс-қазақ достығының нығаюы жайын кейде кесек оқиғалар, кейде ұсақ штрихтар арқылы айқын көрсетіп отырады. Шығарманың негізгі кейіпкері ел басындағы ауыртпалықты бірге көреді, қолынан келгенін халық мүддесі жолына жұмсайды. Қараңғылық пен надандықтан халқын құтқарып, білімнің ұрығын себуге талаптанған ол бала оқытады, елді тәрбиелеуге көмектесерлік әдеби шығармалар жазады. Кейін кеңес өкіметін қабылдаған ол осы өкіметтің саясатын насихаттаушылардың қатарында болады.

Кітапта Ыбырай Алтынсариннің халықтық қызметін көрсетуге бірсыпыра көңіл бөлінеді. Автор қазақ даласында алғаш мектептер ашқан, сол мектептердің біріне өзін оқуға орналастырған ағартушы педагогтың тәуір бейнесін жасайды, онымен кездесулерін әсерлі баяндайды.

“Ыбырай менің маңдайымның сипап, бетіме үңіле қарап,

– Оқисың ба, балам? – деді.

– Оқимын.

– Оқы, балам. Жақсы оқы, – деді де менгерушіге қарап, – тізімнен өшірілген болса, қайта жаз. Кедей балалары да оқуы керек. Мына балаға көзіннің қырын сала жүргейсің. Сірә, әкесі осы елдің мықтыларына жақпай, зөбір көрген адам болуы керек”<sup>22</sup>, – деді.

Жазушы кейін Ыбырай өлімін естігенде тебіренген күйін, оның жолын ұстануға іштей бекінгенін нанымды жазады.

Автор ескі қазақ ауылын рухани жағынан жүдеткен қараңғылық пен надандық оқиғаларын, таптық жіктелушілік пен елдің әлсізге жасаған зорлығы жайлы мәліметтерді жиі келтіреді. “Қара бақсының хикаясы”, “Надандық құрбаны” тарауларында жас қызды азапқа салып, қалыңмалға зорлап сату, қараңғы халықты алдаған бақсы-балгерлердің топастығы айқын суреттеледі. Дала билігіндегі тоғышарлардың Сағила сияқты жас аруды өлімге душар еткенін аянышпен жазады.

Қазақ ауылындағы әділетсіздікке мұрындық болып отырған байлардың типтік бейнесі ретінде Спандияр өздерімен рулас ауыл байлары Сауытбай, Сандыбайлардың келейлерге жасаған зорлық-зомбылықтарын мысалға келтіреді. Олар ауылдағы шұрайлы мал өрісін, шабындық жерлерді, ең ақыры балығы мол көлдерді иемденіп, қаралайым халықтың ол жерлерге аяқ баспауын талап етеді. Олардың бетін қайтарып, тауын шағып алу үшін Қисық деген момын шаруаны соққыға жығып өлтіреді. Спандияр кейін “Қисық кепі” деген роман да жазбақ болады. “Зорлық”, “Мұз үстіндегі айқас” тарауларындағы осындай тартыстардың негізінде таптық күрес жатқанын, олардың 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне

<sup>21</sup> М. Әуезов. 20 томдық шығармалар жинағы. 19-т., А., 1985, 178-б.

<sup>22</sup> Сонда, 176-б.

ұласқанын жазушы тәп-тәуір суреттейді.

“Орындаған арманның” соңғы тарауы автордың кеңес өкіметі тұсындағы өмірі мен еңбегіне арналған.

С.Көбеевтің жазушылық қызметі оның тек ағарту майданында ғана емес, сонымен қатар қазақ әдебиетінің тарихында да елеулі орыны бар екендігін анық көрсетеді. Оның ағартушылық, педагогтық және жазушылық еңбегі, негізінен, өзі өмір сүрген заман талабынан тулы, халықтың рухани тілегіне жауап берді.

## НАРМАНБЕТ ОРМАНБЕТҰЛЫ (1860 – 1918)



Абайдың ақындық мектебінің көрнекті өкілдерінің бірі – Нарманбет Орманбетұлы. Ол 1860 жылы сол кездегі Қарқаралы уезінде, қазіргі территориялық бөлініс бойынша Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында, қазір өз атымен аталатын Нарманбет ауылында, Саға жеген жерде туып, 1918 жылы Қарқаралы қаласында уездік соттың төрағасы болып жүрген кезінде қайтыс болады. Нарманбеттің тегі – алдында алқалы елі, аузында дуалы сөзі бар, билік пен шешендіктің қасиеті дарыған тұқым. Абаймен аталас туыстығы бар. Сол себепті де Нарманбет өзін жастайынан ұлы ақынның шәкірті санаған.

Жасынан-ақ зерделілік танытқан Нарманбетті әкесі ауыл молдасына беріп, азғантай сауатын ашады. Кейінірек 14 жасқа толған шағында ол Қарқаралыға барып, бір ноғай көпесінің үйінде жатып, орысша екі кластық мектептен білім алады. Бірақ мұнда бір жылдай ғана оқыған соң Нарманбет әлгі мектептен кетуге мәжбүр болады да, бұдан кейінгі уақытта бойында талпынысы бар бала өз бетімен ізденіп, орысша, мұсылманша біраз білім жинайды. Өзге елдер оқымыстыларының, жазушылары мен ғалымдарының еңбектерін оқиды. Соның нәтижесінде табиғатынан зерек туған Нарманбет ел ішіне беделді, білімді азамат атанады. Парасаттылығымен, сөз жүйесін келістіре білетін шешендігімен кезге түседі. Бозбала шағынын өзінде-ақ оның “Тобықтының шегір көз шешен сарысы” деген ат алуы тегін болмаса керек.

Нарманбеттің тұңғыш өлеңі оның 14 жасында дүниеге келген. Бұл оның Қарқаралыда ноғай көпесінің үйінде жағып оқитын кезі. Аталған алғашқы өлең де сол көпестің шолжан қыздарына арнап

шығарылады.

Ойнайды жоғарыда көк ала үйрек,  
Сол үйрек ойнаған соң ашыр бүйрек.  
Армансыз дүниеден өгер едік,  
Қол созып қоғажайдан алсақ сүйреп.

Әйтсе де Нарманбет шын мәніндегі ақындық жолға кейінірек мойын бұрады. Дәлірек айтқанда, оның өлен сөзге деген құлшынысы Абай өлендерімен танысқаннан кейінгі жерде, XIX ғасырдың сексенінші жылдарынан басталады деуге болады. Бұдан былайғы жерде ұлы Абайдың өлені Нарманбет үшін ғажайып өнер әлеміне қарай бағыт-бағдар беретін темірқазықтай нысанаға айналады.

Кенестік идеология үстемдік құрып тұрған тұста Нарманбеттің есімі “зар заман ақындары” қатарында бағаланып, оның шығармалары түсінігі теріс, берері аз мәнсіз дүниелер деп уағыздалды. Оған себеп — Нарманбет өлендеріндегі заманның ащы шындығы, патша саясатына деген ашық наразылық. Тек өткен ғасырдың соңғы жылдары, әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30-40-шы жылдар кезеңі мен 50-ші жылдар басындағы қабылданған қаулыларды жан-жақты зерттеген ресубликалық арнайы комиссияның қорытындысында ғана, бір кездегі өрескел бұрмалаушылықтан зардап шегіп, жазықсыз жалалы болғандар арасында Нарманбеттің де есімі аталып, оның шығармашылық мұраларына әділ баға беру, оларды халықтың игілігіне айналдыру қажеттігі тұжырымдалды.

Нарманбеттің шығармашылық мұрасы — көркемдік деңгейі жоғары, идеялық-тақырыптық тынысы кең, өзіне тән ерекшелігі мол, кесте-бояуы қанық мұра. Ақынның бірқатар өлендері кезінде жинақталып, баспаға даярланды. Ол нұсқа Қазақстан Республикасының Орталық ғылыми кітапханасының қорында сақтаулы. Сол қолжазбаның негізінде біршама қысқартылып, “советтік сүзгіден” өткізіліп, 1939 жылы “Нарманбеттің өлендері” деген атпен ақын шығармаларының тұңғыш жинағы жарық көрді. 1978 жылы Ленинград қаласында М.Мағауиннің құрастыруымен шыққан “Поэты Казахстана” атты антологиялық жинақта Нарманбеттің бірнеше өлені орысшаға аударылып басылды. XX ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап Нарманбеттің шығармашылығы туралы бірлі-жарым мақалалар жарияланып, зерттеу жұмыстары басталды. Шығармаларының жинақтары жарық көрді.

Нарманбет шығармаларының дені — лирикалық өлендер. “Нарманбет — сөзсіз ірі, талантты ақын, ол өз дәуірінің зор реалист

сыншысы, — деп жазды белгілі ғалым, профессор Е.Ысмайылов. — Мұның творчествосында XIX ғасырдың ақыры мен XX ғасырдың басындағы қазақ даласының саяси-экономикалық және әлеуметтік шындығы, бейнесі айқын көрінеді. Нарманбет творчествосының негізгі мотиві ол халықтың қоғамдық өмірін айтып, жырлап беру”.

Шындығында Нарманбет өлендерінде XIX ғасырдың екінші жартысында Абай негізін қалаған реалистік поэзияға тән көркемдік сыр-сипаттар аса мол.

Нарманбет поэзиясын Абай дәстүрімен сабақтастырып жатқан негізгі арна — ондағы өмір шындығын, қоғамдық құбылыстарды шыннайы әрі сыншылықпен бейнелейтін реалистік тәсіл. Нарманбет жырлары да өз кезіндегі қоғамдық қайшылықтарды әшкереледі, айналасына зиянынан өзге жақсылығы жоқ, жоғарыдағы ұлықтарына жағымпаз, жандайшап әкімдерді, болыс-билерді аяусыз сынады, халықтың басындағы ауыртпалық бұлттын сейілтуге ұмтылып, бұқараны оқу мен білімге шақырды.

Заман шындығы Нарманбет поэзиясының ең басты тақырыбы болды. Ақын өлендеріне тән сыншылық пен шыншылық та осы тұстан көрінеді. Бұл тақырыптағы “Заман”, “Аждаһаның аузында”, “Кер заман”, “Бұл күнде байлар ғаяр, билер мекер”, “Сарыарқа”, “Сарыарқа сайран жерім-ай”, “Шал қайғысы”, “Сахараға қарасак”, “Қазақ ұлы біз тұрмыз”, “Жасқаншақ бас” тәрізді көптеген өлендерінде Нарманбеттің шындықты көркем бейнелеудегі шеберлігі молынан танылады. Әсіресе сол кездегі Ресей патшасының тарапынан қазақ даласына жүргізілген отарлау саясаты Нарманбетке қатты әсер етті. Қазақ жерінде орныға бастаған қиын ахуал, шаруа адамының басына түскен ауыртпалық ақынды қатты күйзелтеді. Өлендерінде ол отаршыл патша өкіметін жер жаһанды жалмаған жалмауызға, айдаһарға теңейді. Атап айтқанда, “Аждаһаның аузында” деп аталатын өленінде ақын былай дейді:

Аждаһаның аузында  
Айрылып қалдық қоныстан.  
Бекіліп мизам шықпай тұр  
Әлі бізге орыстан.

Қазақтың жолы тарайып,  
Нәпсілері қарайып —  
Әділеттік азайды  
Би, старшын, болыстан.

Малды кісі би болып,  
Милы кісі ій болып,

Белгілі жақсы жүн болып,  
Жанның бәрі тең болып,  
Көнбейміз деп тырысқан.

Бұл өлең 1903 жылы жазылған. XX ғасыр басындағы қазақ өлкесінде орныққан тарихи шындықтың көрінісі осындай болатын. Мұндайды көзімен көріп, жүрегімен сезіне тұрып, ақын қарсыласарға амал таппайды. Халқының берекесін сақтап қалудың жолын іздейді. Айналасынан жақсылықтың нышанын көре алмай, рухани сергелдеңге түседі.

Бұл ой, осы идея Нарманбеттің “Сарыарқа” атты өлеңінде одан әрі жалғасады. Ақын онда патша өкіметінің орыс шаруаларын қазақ даласына жаппай қоныстандырып, жергілікті халықты шұрайлы жерлерден аластап, құтыңға салғанын, елдің бауыр басқан ортасынан айрылып жатқанын күйзеле жырлай келіп:

Сарыарқа, сарқыраған суын қайда,  
Түнде шық, күндіз тұман буын қайда?  
Найзағай шарт-шұрт етіп нөсер куйған  
Көк жасыл кемпіркосақ туын қайда? – дейді.

Ақынның айтып отырған тарихи шындығы – Ресей патшасының “қоныстандыру басқармасы” деп аталатын мекемелерінің озбыр әрекеттері, “қарашекпендердің” қазақ жеріне жаппай келуі, қазақтардың шалғынды жайлауы мен шалқар көлдерінен айрыла бастауы болатын. Патша отаршылдарының басыздығынан туып отырған қазақтың қасіретін Нарманбет көрмей, көргенін ашына жырламай отыра алмады.

Қалмады, ей Сарыарқа, сенде қазақ,  
Сандал тау, сары өлкені алды мұжық.  
Қолынан келер де жоқ, өнер де жоқ,  
Баласы байғұс қазақ қалдын мыжып.

Өлеңде сол кездегі бүкіл халықтың басына төнген қасіреттің қара бұлты айқын бейнеленген. Бұл тұста Нарманбет барынша шыншыл, мейлінше батыл. Қайғының түп төркінінің осынау отарлау саясатында жатқанын анық сезіне тұрып, ақын өз халқына былайша үн қатады:

Таптадық Сарыарқаны неше жүз жыл,  
Батыр жоқ, баласы жоқ, сонда да түл.  
Ерініп, еңбек қылмай, егін салмай,  
Халыққа қала салған боламыз құл.

Нарманбет осылайша жасырмай, жасқанбай өз көзқарасын ашық білдіреді. Ел басындағы ауыр халді суреттегенде, кінаның бір ұшы қазақтың өзінде жатқанын да айта білді. Нарманбеттің тұжырымдауынша, өз берекесін өзі ойламаған, ілгерілеуге ұмтылмаған халықтың тарих еншісінен алатын тағдыры да осындай ауыр болмақ. Ресей патшасының отарлауына душар болып, бодандығында отыруында белгілі-бір дәрежеде қазақтың бойкүйездігі мен жалқаудығының салқыны жатқанын түспалдайды.

Отарлау саясатының сұрқия табиғатын ашуда да Нарманбет алдына жан салмайды десек қателеспейміз. “Сары өлке”, “сандал тауын” қайдағы бір қанғып келген “сары мужықтың” иеленуін көкірегі қарс айырыла тұрып жырлайды ақын.

Бүгінгі таңда тәуелсіздік алып, әлемдік өркениетті елдердің қатарына қосылған қазақ елінің тарихындағы сонау бір қасіретті жылдардың ашы шындығын, “бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ” дей отырып, айдай әлемге паш ете жырлау Нарманбет сынды көкірегі көреген, елінің бүгінгідей ертенін аңсай отырып, болжамдай алатын азаматтардың ғана қолынан келсе керек.

Осынау шындықтың бояуы соншалықты қанық әрі ашы өлеңде ақынның шығармашылығында ұдайы көрініп отыратын тіл кестесі, ой шұрайлылығы айқын.

Нарманбеттің заман шындығын анық та батыл бейнелеген шығармаларының бірі – “Кер заман” өлеңі. Мұнда ел адамдарының психологиясы, ауылнай, старшындардың бейнесі, ұлықтардың паракорлығы мейлінше дәл кестеленеді.

Өлеңде Абайдың “Болыс болдым мінекі” атты өлеңімен іштей үндестік сезіледі. Абай тәрізді Нарманбет те сол кездегі адамдардың түрлі психологиялық портреттерін жасайды.

Келіп түсті  
Тіккен үйге.  
Белде қылыш,  
Сары түйме.  
“Тентектерді  
Тез келтір” деп,  
Жарлық берді  
Болыс-биге.

Бұл – қырық ат айдап, жолындағы елді қырып-жойып келе жатқан ұлықтың қаһарлы кейпі. Осылайша дүркірей, ықтыра келген ұлыққа құрақ ұшқан ауылнай, болыстар “ләббай, тақсыр!”

деп құрдай жорғалайды. Ұлықтың “келсін!” деген қаһарлы өмірін естіп, не істерін білмей, суыққа тонған торғайдай бүріскен, қойдай иірілген жазықсыз шаруалардың түрі мынадай:

Ұлыққа келді жиылып,  
Әруақтарға сиынып.  
“Здрасти, таксыр” деп,  
Бастарын шұлып, иіліп.

Ақыр-аяғында біреудің арызымен келген қаһарлы ұлық қарапайым халықтан пара алып, қарнын кампайтып, жайына кетеді.

“Нарманбет Абай сияқты (Абайдан көп үйренген, тура шәкірті болған), болыс, би, старшын, приставтарды қатты сынаған”, – дейді Е. Ысмайылов.

Ақын сол арқылы қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті, адамдар арасындағы өзара кемсітушілікті ашып көрсетеді. Заманның суреті де сол арқылы барынша шыншыл сипатта көрінеді.

Шындықты бейнелеудегі Нарманбет өлеңдерінің бейнелілігі де ерекше. Мәселен, ақын “Замана” атты өлеңінде:

Бай озды камал бұзған батырдан да,  
Ақша озды бұл заманда ақылдан да, –

дейді. Осынау өлең жолдарындағы әлеуметтік өмірдің шындығы, қоғамдық қайшылықтың кескіні айқын да нақты. Ақын сөздерінің бейнелілік сипаты аса жоғары. Ақша мен ақыл ұғымдарын бейнелі түрде қатар ала отырып, Нарманбет замана келбетін, адамдар психологиясын көз алдына әкеледі.

1916 жыл. Қазақ жастарын майданның қара жұмысына алу туралы патшаның әйгілі маусым жарлығы қазақ даласына қасірет ала келді. Қазақтан солдат алу дүрбелені басталды. Ел ішінде наразылық күшейді. Бірақ қолдан келер дәрмен жоқ.

Нарманбеттің поэзиясына бұл елеулі әсер еткен оқиға болды. Осы тұста жазылған, бастан-аяқ кестелі тілмен төгіле өрілген “Сарыарқа, сайран жерім-ай” деп аталатын өлеңі Нарманбет шығармашылығында айрықша орын алатын шоқтықты шығарма. Өлеңде 1916 жылғы дүрбеленің шынайы суреті бар.

...Қазақ даласын жалпағынан өрт алды. Ата-анада зәре жоқ, ұрпақ ғұмырының ұзақ та баянды болуын тілейді. Елге араша болар-ау деген белсенділердің өздері былыққа белшесінен батып жатыр. Пара берген адамның баласын аман алып қалушы да, панасыз, жоқтаушысыз жандарды қойдай тізіп, майданның қара жұмысына жөнептуші де солардың өзі болды.

Жан қысылды, жағ еттік  
Бір жасаған иені.  
Болыс, тілмаш, ауылнай  
Жығылғанды “сүйеді”.  
Қанды балақ қаршыға  
Тоятына қаз берсе,  
Қанатына “маз” берсе,  
“Отлушке, ауру”  
Деген пайда тиеді.

1916 жылдың тарихи шындығы дәл осындай болды. Нарманбеттің “қандыбалақ қаршыға” деп отырғаны – ел ішіндегі белсенділер, жемқор болыс-билер. Пара берсең балаңды, не жақыныңды лезде майданнан алып қалады.

Нарманбет тарихтың күрделі кезеңінде өмір сүрген, үш бірдей қоғамдық төңкерісті бастан өткерген адам. 1905 жылғы бірінші орыс революциясы тұсындағы қоғамдық-әлеуметтік жағдай, 1917 жылғы большевиктер төңкерістері Нарманбет өлеңдерінен мол көрініс тапты. 1905 жылы жазылған “Сахараға қарасак”, “Мектеп бастығына”, “Бұл күнде байлар ғаяр, билер мекер”, 1917 жылы жазылған “Тілекті хак берген күн”, “Даусын қалай ашылды”, “Ұран” сияқты өлеңдері осының айғағы. Нарманбет, әсіресе, 1917 жылы ақ патшаның тақтан құлағанына ерекше қуанышын білдірді.

Әлемді жұтқан айдаһар  
Мерт болып бүгін өлген күн, –

деп жар сала тұрып, “Тілекті хак берген күн” деген өлеңін жазды. Қуанышын ұран етіп елге жаяды.

“Ұран” деп аталатын белгілі өлеңінде ақын “Қариялар, қайдасың?”, “Азаматтар, қайдасың?”, “Ақындарым, қайдасың?” деп, олардың әрқайсысын бірлікке, ел бастауға, батыл іске араласуға шақырады.

Араздықты қоялық,  
Арамзалық мінезді,  
Енді тіпті жоялық!  
Талапты ерге нұр жауар,  
Талпынбаған не табар?  
Ескерерлік жұмысты  
Күнде ертеңге созбалық!

Егін салып, мал бағып,  
 Рызықпен тоялық!  
 Айдын шалқар көлдей бол,  
 Көле түсер елдей бол,  
 – Күншілдің көзін оялық! –

деп ұран тастайды ол ел азаматтарына.

Бұл арада ақынның жүрегіңдегі қуаныш та, ерекше шабыт та айқын сезіледі. Ендігі жерде алға басудың бірден-бір жолы ынтымақта өмір сүру, адал еңбек ету екенін терең ұғынушылық бар.

Нарманбеттің бұл өлеңіндегі ұран мен үндеу халықты жалаң үгіттеу немесе құрғақ шақыру емес. Онда ақынның тереңнен шымырлап шыққан жүрек бұлқынысы жатыр. Елін сүйген, халқын қастерлеген азамат ақынның отаншылдық қасиеті жатыр.

Өлеңдеріндегі гуманистік, ағартушылық сипаттар арқылы да Нарманбет Абай поэзиясымен тамырлас. Ақын туған халқын оқу-білімге, ғылымға шақырады, еңбек пен бірлікті уағыздайды. Ақынның осы тақырыптағы көрнекті шығармаларының бірі – 1900 жылы жазылған “Бала қандай?” деп аталатын ұзақ өлеңі. Мұнда Нарманбет баланың ана құрсағында түйнек болып жаралуынан бастап сегіз жасына дейінгісін жырлай келіп:

Сегіз жастан баланы оқыт дейді,  
 Ғылым, өнер көңілге тоқыт дейді.  
 Оқытпаса обалы ата-анаға,  
 Қарға қылып қараны шоқыт дейді.  
 Оқпаса бала деген сұңқар болар,  
 Жузден жүйрік, мыннан да тұлпар болар.  
 Қиыр ұшып, қиыннан тоят тілеп,  
 Көрінген жан құрметтеп інкәр болар, –

деп түйіндейді.

Адам өмірін сәулетендірудің бірден-бір жолы оқу мен ғылым үйрену екенін айтады. Нарманбеттің ұғымындағы сауатсыздық – наландықтың басы. “Жоғалар сөйтіп аламық” деп Шәкәрім ақын айтқандай, наландық Нарманбет өлеңдерінде де сын садағының басты нысанасына айналған.

Сол себепті де ол айналасындағы әлеуметтік, қоғамдық кемшіліктің бас-аяғына көз жібере тұрып та ғылымды еске алады. “Бұл күнде байлар ғаяр, билер мекер” деген өлеңінде ақын өз пікірін:

Өтірік өрге таман бара жатыр,  
 Бесікте “алдаймын” деп бала жатыр.  
 Балақтан басқа қарай бит өрлесе,  
 Сипамай, “замана” деп дана жатыр.  
 Ғылымның нұр сәулесі түспеген соң,  
 Көңілі біздің жұрттың қара жатыр, –

деп қорытады.

Өлеңдегі ашы шындық, өткір мысқыл көкірегі ояу кез-келген қазақтың жанын тырнап өтері даусыз. Мұнда “көпшен көрген ұлы той”, “басқа салғанды көрерміз” деген қазақтың шектен тыс жайбарақат мінезі әшкереленеді, бесіктен белі шықпаған балаға дейін мендеген өгіріктің улы дергі сыналады.

Ақынның “Көпті көрген көнемін”, “Ақыл бір алтынға ұқсас дол-домалақ”, “Жасымнан көп жорттым мен жолбарыстай” сияқты өлеңдерінде Абай гуманизміне тән сипаттар мол ұшырасады. Нарманбет ұсынатын имандылықтың мұраты да осы – көркіне парасаты сай адам.

“Көпті көрген көнемін” деп аталатын өлеңінде ол “Жақсылық істе адамға, // жақсы жол көрсет наданға” – дей келіп:

Өз аранды аулама!  
 Жазасыз жанды жаулама,  
 Аш тазыдай жалақтап!  
 Адам ұлын құрмет қыл,  
 Жұртына түзу қызмет қыл.  
 Қатарыннан озасын  
 Бөйге атындай адақтап! –

деп өзінің гуманистік, имандылық мұратын жайып салады.

Нарманбет – көркемдік шеберлігі биік, ойы кестелі, сөзі өрнекті ақын. Оның өлеңдерінің көркемдік өрнектері, ой бейнелілігі, тіл шешендігі, теңеулер мен нақыл сөздерге байлығы әрдайым айқын көрініп тұрады.

Қызыл аллай, сар балақ,  
 Сандал тауда түлкі жоқ, –

деген тәрізді сыңғырлап тұрған күміс теңгелей сұлу тіркестер Нарманбетте аса мол. Ағап айтқанда, ақынның “Шал қайғысы”, “Ауыл қайғысы”, “Кер заман”, “Толғауы тоқсан қызыл тіл” сияқты өлеңдерінен бұл тектес әсем мысалдарды көптеп кездестіреміз.

“Нарманбет – тілге бай, сөзге еркін ақынның бірі. Оның әрбір өзіндік толғауы, сипаттаулары, қазақтың маржандай тегіліп



отыратын сұлу, өткір сөзіне бөленіп келеді. Ақынның әрбір қысқа суреті немесе әрбір қысқа ойы образды сөзден, терең пікірдің толық, нық ұштасуынан тұрады”, – дейді ақын шығармаларының тұңғыш құрастырушысы әрі зерттеушісі, профессор Е. Ысмайылов.

Шындығында, көңілдегі ойды көркікті, бейнелі етіп жеткізуге келгенде Нарманбеттің шеберлігі айрықша. Қарапайым ұғымға жан бітіре қолдану, терең мағыналы дүниеге айналдыру, нақыл сөздер мен халық тілінің мәйегін, мақал-мәтелдерді орайластыра жұмсау, сөз тапқырлығы мен шешендік қабілет Нарманбет шығармашылығының тұтас табиғатына тән сипаттар деуіміз керек.

Нарманбеттің әдеби мұрасы өз кезіндегі қазақ өмірінің айнасы іспетті болды. Оларда қазақтың күнделікті тұрмыс жайы, арманы мен мүддесі, жалпы қоғамдық сана мен ой-пікірдің өрістеу бағыты айқын аңғарылады. Ол туған елінің басындағы тарихи ауыртпалықты көре тұрып жырлады, жырлай отырып жақсы болашақты аңсады. Ойын бүкпесіз ашық айтты, сын семсерінің жарқыраған жүзін жасырмады, басы кесілсе де тілінің кесілмейтінін білді. Сол себепті де оның өлеңдері қылыштай өткір, найзағайдай ашық үнді, ақиқаттың өзіндегі ащы шығып жағтты.

Нарманбет мұрасы бізге ең алдымен, міне, осы қасиеттерімен құнды болса керек.

## 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТУҒАН ПОЭЗИЯ

1916 жылғы көтеріліс қазақ халқының саяси-әлеуметтік және рухани өмірінде аса зор елеулі оқиға болды. Оның Қазақстан мен Орта Азияда кең қанат жайып етек алуына патша өкіметінің сол жылғы 18 бен 31 жас аралығындағы жігіттерді майданның қара жұмысына алу туралы 25 маусымдағы жарлығы түрткі болды, алайда мұның негізгі себебі тым әріде жатқан болатын-ды. Қазақ халқы өзге “бұратана” ұлттар секілді ғасырлар бойы қанау, отарлау саясаты салдарынан теңдік, азаматтық құқықтан жұрдай, болып азап-қорлықты бастан кешіріп келген еді. Бұл сол зұлымдық саясатқа қарсы жаппай көтерілген халықтың ашу-ыза, кегінің айқын көрінісі болды.

Патша өкіметі 1914 жылғы Бірінші дүниежүзілік соғыста өзгелермен қатар қазақтардан да майдан жұмысына адам алуға ерекше мән берді. Осы орайда Мемлекеттік Дума ертеректе қазақ жастарынан атты әскер алуды ойластырып, арнайы заң жобасын бекітпруді Думаның қарауына ұсынғаны мәлім. Мұны Мұсылман фракциясы да қоллайды, бірақ Ресейдің әскери министрі Сухомлинов бұл ұсынысқа үзілді-кесілді қарсы шығып, бұған дәлел ретінде халықтың көшпелі өмір салты мен діни сенімінің өзгешелігін, оның өкіметке деген ішкі наразылығын есепке ала отырып, толық сенім білдіруге болмайтынын ашықтан-ашық жария етеді. Осы шешім Омбы және Торғай облысы әкімшілігінен де қолдау тауып, соның ақыры 1916 жылғы маусым жарлығына келіп ұласады. Рухани езгімен қатар жер тарылды. Сөйтіп, шұрайлы қоныс, сулы-нулы жерлерінен айрылған халық бұл қорлыққа шыдай алмай, теңіздей толқып, қарулы күреске бел буды, жаппай атқа қонды. Жер-жерлерде әділетсіз болыстар мен патша өкімдеріне қарсы наразылық күн санап артып, мұның ақыры үлкен қозғалысқа ұласты, қолдан жасалған жасырын

тізімдерді өртеп, болыстарды өлтіріп, істі осымен тындырамыз деп ойлады. Алайда патша өкіметі қулық-сұмдық, айла-шарғымен кей жерлерде көгерілген халықты жарлықтың орындалуын кейінге қалдырған болып алдарқатып созбалай түсті, сол арқылы Ақмешіт, Батыс облыстарда /Бөкей/ көтеріліс қарқынын бәсеңдетуге мүмкіндік алды. Ал қаруланып ашық күреске шыққан елдерді қанжоса қылып қырып, жас боздақтарды лек-легімен майданның қанды шебіне жөнелтіп жағты.

Патшаның майданнан алдырған қарулы әскеріне қарсы соғыстарда айбалта, қылыш, сойылмен қаруланған сарбаздар көзсіз ерліктің қайталанбас керемет үлгілерін көрсетті. Әсіресе Торғай мен Жетісу көтерілісшілері ұйымшылдық, білгірлік-бірлік таныта білді. Мұздай құрсаңнан қарулы әскерге төгей алмаған ел-жұрт көршілес елдерге қоныс аударып тоз-тоз болды. Халықтың басындағы сол қайғы-қасіретті Нармамбет ақын бұлайша тебірене толғайды:

Сарыарқа сайран жерім-ай,  
Салқын да самал белім-ай!  
Сандықтай тауың тізілген,  
Өлкелі өзен, көлім-ай!..

Сарыарқаны өрт алды,  
Мезгілінен ерте алды,  
Көктарлауы қуармай,  
Көк ала түгін қаптады...

Мал садақа, жан пида  
Бала сұрап ерік алды...  
Жан басында билік жоқ,  
Құламасқа не қалды?..  
Ауру кетіп, сау қалды,  
Кім табады жүйені?!

Қазақтан әскерге адам алу мәселесі империалистік соғыс жылдарында зиялылар мен бұқара тарашынан баспасөз беттерінде үздіксіз сөз болып талас-тартыс тұғызып келді. Айталық, М.Дулатов “Қазақ” газетінің 1914 жылғы 30 апреліндегі /№60/ санында “Қазақтан әскер алына ма?” деген мақаласында сол аталған газет бетінде бұрын жариялаған Мәлімжан Нүреқеновтың Барнауыл уезіндегі крестьяндыққа өткен қазақтардан әскерге адам алына бастағаны туралы айтқан хабарламасына орай өз пікірін

<sup>1</sup> Он алтыншы жыл. Өлеңдер жинағы. Жауапты редакторы Б.Алманұлы. А., 1936, 131-132-бб.

ортаға салады. Автор осы мақаласында қазақтардан әскерлікке адам алу туралы ресми патша заңының жоқ екенін, бірақ әр жерде крестьяндық пен мешандыққа жазылған қазақтардан 1911 жылдан бұрын да солдат алынып келгенін айтады.

Әскерге адам алу мәселесінің қыр-сырларын “Қыр баласы” да /Әлихан Бөкейханов/ көп ойлап, көп зерттеген. Ол өзінің “Қазақ ғаскерге алыну мәселесі” атты мақаласында /“Қазақ” газеті №178, 1916 жылдың 24 апрелі/ “А.Б. деген кісінің баспасөз бетінде “қазаққа қалыпты дәстүрі бар “қазақ” болу оңтайлы” деген пікірі мен “Қ” деген азаматтың “солдат болған жөн” деген ойларына сәйкес өз түсінігін ұсынады. Сөйтіп, жоғарыдағы ұсыныстарды сараптай келіп, ол жер алып отырықтану мен өкімет игілігін көру жағынан қазаққа атты казак болудың тиімділігін баса көрсетеді. Бұл күрделі мәселе “Қазақ” газетінің бетінде талқыға түсіп біршама сөз болды. Бұған “Қ” деген кісі мен “Сұнқар” деген адамдар өз пікірлерін ортаға салады. Осы мәселені көп болып талқылап бір тоқтамға келу үшін, Семей губернаторынан рұқсат сұрап елдің тоғыз адамы Қоянды жәрменкесінде бас қосуды ойластырады. Тіпті, Сырдария уезінің қазағы Қожахмет ишан Оразаев деген кісі әуелі Семейге барып, Ә.Бөкейхановпен кенесіп, сол кісінің айтуымен қасына екі жолбасшы ертіп Санкт-Петербургке баралды, Думада казак халқының атынан жалынды сөз сөйлеп, казак жастарын қара жұмысқа алғаннан гөрі, өзге жұрттар секілді солдаттыққа алудың қажеттілігін дәлелдейді. Алайда бұл ұсыныстардың бөрі әскерілмей аяқсыз қалады. Орал, Торғай қазақтары да Ресейдің Бас министріне осындай мазмұнда телеграмма жолдайды. “Қазақ” газеті де 1916 жылғы Шілденің 8 күні /№188/ бас мақала жариялап, онда жастарды қара жұмысқа алуды қорлық санап, 25 маусым жұртшылықтың қатты алаңдап келтірмесе де, қалың бұқара жұртшылықтың қатты алаңдап дүрлігіп отырғанын жасырмайды. Наразылық пен қарсылықтың, уақытша бой тасалаудың жұртқа арылмас бүлік болып тиетінін әскертіп, ел ақсақалдарының осы жауапты істе ұйтқы, ақылшы болуын, ел шаруашылығын ретсіз күйзелтпеудің қажеттігін жазалды. Бұл – “Қазақ” газеті мен “Алашорда” басшыларының сол кезде ұстанған саясаты мен бағыт-бағдарын белгілегені мәлім. Әсіресе, осы мақсатта Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов секілді зиялы, кеменгер азаматтар халық наразылығының ішкі сырларын терең түсініп, “қалың елдің дауылдан кейінгі асып-тасқан дариядай толқынын” іштей қолдаса да, халқымыздың ертеңгі болашағын ойлап, Ресей секілді қару-жарағы мол, тәртіпті әскеріне сойыл, шоклармен қарсы шығудың неге алып келіп соғатынын өзгелерден бұрын түсінді, сөйтіп, ашу-кекке, намысқа бұлыққан елді бүліншіліктен сақтап қалуға жанын сала ұмтылды.

Осы талапта олар бар күш-жігерін, ақыл-парасатын толық пайдаланып, түсіндіру-үгіт жұмыстарын жүргізді. Қара жұмысқа алынғандарды майдан шебінде жұмыс істегенмен, көп шығынсыз елге оралатынын ұғындыруға күш салды. Соның нәтижесінде бұлар 1916 жылғы 25 маусым жарлығының сөз кейінірек бірден орындалмай, бір топ жеңілдіктермен іске асуына /15 қыркүйекке дейін созу, өкімет қызметіндегілерді алмау, адам орнына мал алу/ жағдай жасады. Мұның бәрі, сөз жоқ, сол тұста қол жеткізген елеулі табыстар болатын-ды.

“Қазақ” газетінде басылған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтың “Алаштың азаматына” атты үндеу макаласын осы орайда бөліп атаған жөн. Мұнда олар Дүниежүзлік соғыстың екі жыл ішінде қатысқан елдерге сұрапыл зиян келтіргенін айта келіп, Русиядағы өзге жұрттардың сол соғыста қан төгіп жатқанын, қазақтың осы күнге дейін әскерлік міндет пен адам шығынынан азат болып отырғанын, енді ғана майдан шебінің желкесіндегі қара жұмысқа алынғалы жатқанын сөз қылды. Өз ойларын қорыта келіп, олар: “Біздің жұртқа айтарымыз: бұған көнбесек болмайды, мұны бұрын да сан рет айттық. Көнбейміз дегеннің сүйенгені жан тәттілік болса, салыстырып қаралық. Көнгенде жұртқа қандай ауырлық бар, көнбегенде қандай ауырлық бар? Көнгенде шаруаға кемшілік те келер, барған жігіт қазаға да, бейнетке де ұшырар, бірақ елдің іргесі бұзылмас. Көнбегенде көретін ауырлық: бағынып тұрған мемлекеттің жарлығынан бас тартсаң, “жау жағадан алғанда” бас қорғап үйде қаламыз деп, мемлекетке қамшымыздың ұшын бермесек, өкімет бізге күр өкпелеп қоймас, күш жұмсар, ол күшті зақунге сүйеніп істер... Қазақ қарсылық қылған елдердің адамдарын атты казактар айбынымен қорқытып та ала бастады, ел-елге отряд шығады, бас пен малға әлегі тиеді, елдің іргесі бұзылады... Түркістан уәлаятына “военное положение” жарияланды, бұл тұста түймедей жазаға түйедей жаза болады... Ал ел көнгенде не істеу керек? Ел басшысы адамдар адалдықпен списокке өздері түзеп беруге керек... Бұл іске қулық-сұмдық кіргізу – алаықты, партиялықты қосу зияннан басқа түк пайда бермейді. Бірлікті өздеріне бергенде, дұрыстап іс қыла алмасандар, өкіметке сонынан өкпелеуге болмайды... Екінші істейтін нәрсе: көніп отырып сұрайтын кеншілік, лығота. Бұларды толымды, сыйымды дәлелмен өкіметтен сұрау керек... Бұл іске ақшаның, адвокаттың түк пайдасы жоқ... Болыс пен ауылнайда ерік жоқ: бұйырды, орындады... Бұл жұмыстан ақшамен сатылып қаламын деушілер болмасын, бұл елге жақсы үлгі емес, не көрсе де елмен бірдей көру лайық... Теңдікке, хұқыққа ортақ болайық десек, осы бастан түбін ойлауымыз керек. Алмақтың да салмағы бар”<sup>2</sup>, – деп жазды. Осындай әріден ойлаған саликалы пікірге қарамастан, кешегі

<sup>2</sup> “Қазақ” газеті, 1916 ж., 11 тамыз.

кеңестік жылдары: “қазақтың буржуазиялық интеллигенциясы халықтың сыртынан өкіметпен ымыраға келіп, іс жүзінде әскерге қазақтан адам алуды жақтады, “Алашорда” зиялылары халықты сыртынан сатып кетті” деп шындықты бұрмалауға дейін барды. Алаш азаматтарының сол 1916 жылғы оқиға тұсында да, майданға алынған жігіттердің хал-жағдайын біліп жәрдемдесу жұмыстарында да үлкен жанашырлық танытқандары анық. Олар майдан желкесіндегі ор қазған жастардың тұрмыс-күйін білуге А.Байтұрсынов бастаған бір топ кісіні арнайы жіберіп, бұл туралы “Қазақ” газетінің бетінде жеке бөлім ашып, қамқорлық жасап отырды. Бұл іс сол қазақ жігіттері еліне оралғанға дейін үздіксіз жүргізілді.

1916 жылғы көтерілістің шығу себептері мен мән-жайын алғаш талдап зерттеушілер де сол қозғалыстың басы-қасында болған қазақ зиялылары болды. Қазақстанда осы көтерілістің он жылдығы атап өтіліп, газет, журнал беттерінде ер алуан макалалар жарық көрді. Мұның ең маңыздылары жоғарыда біршама сөз болды. Мәскеуде тарихшы Шестаков пен Қырбаласының /Ә.Бөкейханов/ “1926-1916/25 июнь” атты кітапшасы басылды. Бұл кітапшада көтерілістен кейінгі қазақ, қырғыздың басына түскен зобалаңның зардаптарын жан-жақты әңгімелейді. Авторлар бұл көтерілістің мән-маңызын өте жоғары бағалап: “Қазақ, қырғыздың көтерілісі, қалын елдің дариядай толқыны. Дауыл болса ғана дария толқиды. Қалын елді қарғыс атқан билесе, қанды саясат қолданса, бұған қарсы ел де толқиды. Бұл сықылды қозғалысты қорлықтағы өзге жұрттар құлағына сырға қылып таққаны оң болады. Жер үстінде өрт қиырға жайылып барады. 1916 жылғы қазақ-қырғыз көтерілісі осындай өрттің тамызығы болып шығады. Алыспаған, жұлыспаған бостандық атына мінбейді, бұғаудан босамайды. Ер құлдықтаған, әйелі күдіктен шықпайды, малына да, басына да ие болмайды”<sup>3</sup>, – деп жазды. Бұл пікір Кеңес өкіметі тұсындағы кейбір тарихшылардың “Алаш басшылары халқын сыртынан сатып кетті” деген орынсыз айыбына қарсы бірден-бір ұстамды жауап болары сөзсіз.

Қазақтың өкімет басындағы адал ұлдарының арқасында 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің 20 жылдығын атап тойлау бұрынғыдан кеңірек ауқымда өтті. 1936 жылы сол көтеріліске арналған екі өлеңдер жинағы жарық көрді, мұның біреуі қазақ тілінде, екіншісі орыс тілінде еді<sup>4</sup>. Қазақ тілінде жарық көрген мазмұнды жинақтың алғы сөзін ардақты азамат Алманұлы Бөймен жазып, көтеріліс сипатын сол кездің талабына сәйкес

<sup>3</sup> Шестаков. Қыр баласы. 1916-1926 /25 июнь/. Мәскеу, 1926, 18-б.

<sup>4</sup> Он алтыншы жыл. Өлеңдер жинағы /Сөз басын жазған Б.Алманұлы/. А., 1936.

тап тартысының көрінісі болды, ал соған байланысты туған жырлар да тап күресінің бейнесі еді деп көрсетуге мәжбүр болды. Дегенмен автор бұл қозғалыстың шығу себептерін тереңнен тоқпап: “Орыс патшалығының казактың феодалдарына арқа сүйеп, ел еңбекшілеріне істеген қылықтары әбден қанасынан асып келіп, 1916 жылы адам алу жарлығына ұласқан соң, көп жылдар іште көрнеген жалынды ыза сыртқа тепті. Қазақ халқының отаршылыққа қарсы, отаршыларға қол беріп итаршы болған казактың хан-сұлтандарына қарсы қол көтеруі жалғыз бұл емес. 1797 жылғы Сырым Датов пен 1837-38 жылдардағы Бөкей Ордасындағы Исатай-Махамбет қозғалыстарынан бастап, сонан кейінгі Есет, Ерназар, Кеңесары уақиғаларын алсақ, 1916 жыл уақиғасы әрменнен келе жатқан бостандық қимылының, таптық күрестің жаңа жағдайдағы жалғасы екенін көреміз...”

Халық қай уақытта да басынан кешірген ірі өмір кезеңдерін өзінің ой-сана, сезіміне салып қорытады, сол кезеңнің уақиға құбылыстары туралы өзінің түсінігін, пікірін, пиғылын білдіреді. Бұлардың ең бірінші айнасы – ауыз әдебиеті /фольклор/. Сол сықылды 1916 жыл туралы фольклордан да біз уақиғаның схемасын толық білмегенмен, әрбір кезең, әрбір жалғарысындағы халықтың көзқарас, көңіл-күйін көзге ашық елестетеміз<sup>5</sup>, – деп жазады. Аталған өлеңдер жинағы “Июнь жарлығына қарсы көтеріліске шақыру”, “Көтеріліс”, “Еріксіз елден айрылғанда”, “Майданнан жазған хаттар” атты төрт бөлімнен тұрады. Бұл жинақ сол 1916 жылғы көтерілістің ізімен іле жарық көрген, айтарлықтай көп өзгеріс, өңдеулерге ұшырай қоймаған аса құнды кітап болды. Мұнда сол қозғалыстың сыр-сипатын молынан ашатын ауыз әдебиеті үлгілері біршама кең қамтылған дей аламыз. Соған қарамай, аталған еңбек ұзақ жылдар бойы жабық ұсталып, халық наразынан тыс қалып келді. Тек еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қарай ғана зерттеушілер бұл жинақты еркін пайдалануға мүмкіндік алды.

1916 жылғы көтеріліске арналған тағы бір жинақ “Песни о шестнадцатом годе” деп аталады. Бұл кітапшаға осы көтеріліске арналған өлеңдердің ең таңдаулы деген үлгілері мен жыр, дастандар К.Алтайский, П.Кузнецов, Л.Архангельский секілді белгілі ақындардың орысша аудармасымен берілген. Осы мысалдардан Қазақстанның ұлттық мәдени-ғылыми зерттеу институты қызметкерлерінің елеуге тұрарлық үлкен еңбегінің жемісі екені айқын аңғарылады. Рас, 1940 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты да “1916 жыл” атты өлеңдер мен дастандар жинағын жариялады, бірақ бұл

кітап та жұртшылық қолына жетпей жабық күйінде қалды.

1916 жылғы көтерілістің ұлт-азаттық сипаты да көп уақытқа дейін даулы болып, бұл мәселе әр алуан конференциялардың тақырыбына айналды. Аталған қозғалыстың отаршылық пен әлеуметтік езгіге қарсы болған бостандық күресі екенін ашып дәлелдегендердің алдыңғы сапында Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов секілді Алашорда ардақтылары тұрса, кейінірек С.Аспандияров, Т.Рысқұлов, М.Тынышбаев, Т.Елеуов, Б.Сүлейменов секілді тарихшыларымыз өз еңбектерімен елеулі үлес қосты. Ал соңғы жылдары бұл көтерілістің мән-маңызын кеңірек ашуға Ә.Тәкенов, М.Қойгелдиев, М.Қозыбаев, Ғ.Сапарғалиев тәрізді тарихшылар мен заң мамандары айтарлықтай еңбек етіп келеді<sup>6</sup>.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты туған халық поэзиясын зерттеп, арнайы еңбектер жазу ісі орта мектеп оқулықтарын жариялаудан басталды. Бұл орайда С.Сейфуллин, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев секілді белгілі әдебиетшілерді ең алдымен атаймыз. Бұлардан кейін К.Шәменов, Х.Ишанов, М.Жармұхамедұлы сияқты зерттеушілер көтеріліс жырлары туралы арнайы еңбектер жазып жариялады. Айталық, Е.Ысмайылов “Қазақ әдебиеті тарихының” фольклорға арналған бірінші томының бірінші кітабында “1916 жыл туралы жырлар” атты зерттеуін жарияласа, М.Жармұхамедұлы 1916 жылғы көтеріліс жырларынан кандидаттық диссертация қорғап, кейінгі орысша, қазақша тарихтарға арнаулы тараулар жазды, “Сарбаз поэзия” деген /Алматы, 1981/ кітапшасын бастырды.

1916 жылғы көтеріліске байланысты туған поэзия өзінің құрылысы мен мазмұны, жанрлық белгілері жағынан дәстүрлі ауыз әдебиетіне жатады. Сол себепті бұл жырлардың басым көпшілігі суырып салма үлгісінде туып таралған. Алайда сол жыр, дастандардың оқиғаның артынша іле жиналып, баспа бетінде жарық көруі салдарынан аталған туындылар көп өзгеріс, өңдеулерге ұшырай қойған жоқ. Бұлардың авторлығы да толық

<sup>6</sup> Ә. Бөкейханов. Шығармалар. А., 1994.; А. Байтұрсынов, М. Дулатов. “Қазақ” газеті. №160, 178, 188, 192, 202, 204. 1916; С. Аспандияров. Восстание 1916 года в Казахстане. Алма-Ата, 1936; М. Тынышбаев. История казахского народа. Алма-Ата, 1942; Т. Елеуов. Установление и упорочение Советской власти в Казахстане. Алма-Ата, 1961; Б. Сүлейменов. Кіт. Қазақ КСР тарихы. I том. А., 1957; Восстание 1916 года в Казахстане. Алма-Ата, 1947 /Материалы/; Ә. Тәкенов. Он алтыншы жылғы ойран // Қазақ тарихы. № 1. А., 1993; М. Қойгелдиев. Алаш қозғалысы. А., 1995; М. Қозыбаев. 1916 жыл. Ұлт-азаттық революция тарихнамасының кейбір мәселелері // “Қазақ әдебиеті” газеті, 22 мамыр, 1992. Ғ. Сапарғалиев. Карательная политика Царизма в Казахстане. Алма-Ата, 1966.

<sup>5</sup> Он алтыншы жыл. А., 1936. 5-6-б.

сакталып, бұрынғы шығармаларға тән көпварианттылық жәйттары ұшыраса бермейді.

Халық басына түскен ауыр қайғының куәсі ретінде көрініс берген сан салалы жыр, дастандарды тудырушылар негізінен халық ақындары болды. Алайда, осы “балапан басына, тұрымтай тұсына” дегендей аумалы-төкпелі заманда қарапайым халық өкілдері де көрген-білген, бастан кешірген зобалаң-қиыншылықты жырға қосып отырды, соның нәтижесінде ауыз әдебиетіне тән көркемдік сипаттары әр қилы поэзия үлгілері туып таралды. Осы ерекшеліктерімен бұл шығармалар 1916 жылғы көтерілістің шығу себептері мен даму барысын, халыққа төнген ауыр сәттің мән-жайын әр қырынан ашып бейнелейді.

1916 жылғы қозғалысқа сәйкес туған өлең, жырлар мен толғау, дастандар тарихи жырларға жатады. Бұларды негізінен: лирикалық өлеңдер, толғау, дастандар деп екіге бөлуге болар еді. Алғашқыларында жанр табиғатына орай ақынның көңіл-күйі мен әсер-сезімі басым жатса, екіншілерінде ел өмірі, халық батырларының жанқиярлық ерліктері сипатталады. Ақындар да, бұқара өкілдері де өз көздерімен көрген оқиғаларды болған күйінде, қоспасыз жырлауға мән береді, әсірелеу мен бейнелеу тәсілдері жоққа тән десе де болады. Сонымен, бұларда көбіне-көп көркемдік шындықтан гөрі, тарихи шындықты сипаттау басым болып отырады. Осы ерекшелік дастандарға да тән, дегенмен көтеріліс басшылары – батырлардың туу, өсу, кемелдену кезеңдерін суреттеу көне эпикалық дәстүр негізінде құрылатынын көреміз. Осыған орай сол көтеріліске қатысып, оқиғаларды көзбен көріп, қолмен атқарысқан, тіпті, соғыс шебіндегі майданның қара жұмысына барып қайтқан Құсайын, Баттал, Бұзаубак, Есқайыр, Белгірік, Сәт, Сұлеймен, Күлері, Біржан Берденов, Төлеу, Сарғай, Сапарбай Жолаушыұлы, Қарсақ, Әкмал Қаржауұлы, Нармамбет, Кенен секілді ақындардың жыр, толғаулары ерекше құнды дей аламыз.

1916 жылғы көтеріліске байланысты туған жырлардың бұрынғы ауыз әдебиеті үлгілерінде сирек ұшырасатын тың салалы түрлері де мол. Соның бірі – үндеу, үгіт жырлары. Бұлар ел мен елдің қарым-қатынасын арттырумен қатар, патша өкіметіне қарсы күрестің дайындық барысы, күш біріктіру мәселелерін келелі сөз етеді. Мәселен, торғайлық Бұзаубак ақынның маусым жарлығына қарсы ел-жұртты ашық күреске үндеген жыры үлкен әлеуметтік мәнімен, патша өкіметінің соғыстағы хал-жағдайын дұрыс бағдарлап, ежелгі жаудың ел болмайтынын, баланды берсең де, бермесең де одан құтылудың мүмкін емес екенін ескертіп, ішкі-тысқы жауы көбейіп тұрған кезде одан құтылу қажет, сөйтіп, патшаның әлсіреген тұсында іштен шалып құлату керек деген салиқалы ой тастайды.

Осы түйінді пікір сол кездегі Ақтөбе, Торғай уезіне қарасты Тосын болысының ақыны Құбашаның Майқарау болысының қазағы Әбдірахман Иманқұдұлтына жазған үндеу хатымен терең үндес. Мұнда да “бір жағадан бас, бір женнен қол шығарудың” қажеттігі ашық айтылады. Бұл үндеу жырларында басы артық сөз, жүйесіз пікір ұшыраспайды, барлық ойдың негізгі өзегі: патшаға қарсы ұйымдасып, бірлесіп қарсы тұру, жат жерде қалғаннан гөрі, туған мекенде өлу!

Жоғарыда аталған Бұзаубак ақынның патша жарлығына қарсы күреске шақырған жыры өзінің қысқалығы мен өткірлігі, ертеңге деген сенімінің батылдығы арқылы дараланады. Ол, ең алдымен, патшалық күші басым жаудан көрген теперішін тап басып танып, оның әлсіреген тұсын дұрыс пайдалану арқылы құлдықтан біржолата азат болу жолдарын қарастырмақ болады:

Патшамыз Николайдың құты қашты,  
Өзінен зорлар шығып сұсы басты.  
Өзіне іштен-тыстан жау көбейіп,  
Көзіне жау көрініп, түсі қашты.

Ел болмас бұған солдаг бергенменен,  
Патшаның дегеніне көнгенменен.  
Жақсылық жауыздардан қазақ таппас,  
Соғысқа босқа барып өлгенменен...

Тасаттық, жан садаға мал шалайық,  
Үш жүздің баласына жар салайық.  
Берсең де өлдің балаңды, бермесең де,  
Онан да жауға қарсы ат салайық!

Бұзаубак ақын бұдан әрі елдің жайсаң басшылары мен қадірлі ағаларына үндеу тастап, ата жаумен соңғы шайқасқа шығуға шақырады:

Қайласың, елдің басшы ағалары,  
Кетті ғой елдің көржі – балалары.  
Қайратың қолда барда қамданып қал,  
Ақылғей елдің басшы даналары.

Пайда жоқ ояз бенен болысында,  
Елдің жаудан аман қорысан да.  
Айдалып алтын басың қор болғанша,  
Сүйегің қалсын, қазақ, қонысында!

Техенің ұлы Әлімбек  
Күн жүре алмай түн барды!<sup>9</sup>

Ал енді, Майғарау болысының ақыны Әбдірахманның  
жауабында да уәдеге беріктік пен батыл байлам анық байқалады.  
Ол осыған орай:

Біздің ерлер санаулы,  
Аттары сайлы жараулы.  
Жал-құйрығы тараулы,  
Ұйқысы қашқан ояулы...  
Бізден де қашты қалаға  
Бірлі-жарым “бояулы”.  
Бұл тілектің жолынан  
Қалатын жан аз аяулы.  
Қыпшақтан хабар мен де алдым,  
Оған да бетім қараулы.  
Осекеме сәлем де,  
Біз де өзіне санаулы!<sup>10</sup> —

дейді.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің ірі-ірі екі ошағы болды. Оның бірі: жоғарыда сөз етілген Торғайдағы Оспан мен Әбдіғалар хандар басқарған ошақ болса, екіншісі: Жетісудағы Бекболат Әшекейұлы басқарған көтеріліс еді. Жетісудағы Жайылмыс елінің басшысы Әшекейұлы Бекболат қанаттас ұлы жүз рулары мен қырғыз халқына да хат жолдап адам жібереді, патша өкіметіне қарсы көтеріліске бірге шығуға үндейді. Алайда мұздай құрсаңнан мылтық, пулеметті, зеңбіректі жауға қарсы бірінші соғыста-ақ айбалта, сойыл, шокпармен шыққан жігіттердің қарқыны су сепкендей басылды. Ел ішіне шыққан отрядтар бейбіт халықтың қанын судай шашып, аяусыз жаншып басты. Жұрт амалсыз адам беруге мәжбүр болды. Әр жерде-ақ әділетсіз тізімдер жасалып, боздақтар қойдай көгенделіп, майдан шебіндегі кара жұмысқа еріксіз аттанды. Міне, осындай уақиғалар тұсында қолтасу, қарғыс, бата жырлары туып, сәл кейінірек естірту, жұбату, жоқтау жырлары дүниеге келді. Мәселен, “Дәметкеннің зары” атты лирикалық өлеңде екі көзі су қараны әрі кедей әйел Дәметкеннің жалғыз баласы Далабаймен қолтасуы сипатталады. Дәметкен құшақтап зарлағанда жұрт жер басып тұра алмаса керек. Жырдың бір үзгі төмендегіше:

<sup>9</sup> Сонда, 17-б.

<sup>10</sup> Сонда, 18-б.

Ақын мұнымен де шектеліп қалмай, ел басына төнген ауыртпалықтың шектен асып, “баста ерік, жерде иелік, малда билік қалмаған” өмірдің қажетсіз екенін айтып, сендер үшін жан пίδα деп, ақтық сөзін жастарға арнайды:

Баста ерік, жерде иелік, малда билік,  
Дарига, болмаған соң жанлық-күйлік.  
Елдің жас еркелері, саған айтам,  
Біз-дағы сендер үшін жанлы қидық.

Бозбала, елдің көркі маңдайдағы,  
Қимылдар шағын болды жау жайдағы.  
Еріксіз қайран ерлер қор болғанша,  
Атқа мін, жарақ асын, найза ал-дағы!<sup>7</sup>

Келесі Әбдірахман мен Құбашаның жазысқан хаттары да жоғарыда айтылған Бұзаубақ ақынның өлеңімен мазмұндас болса да, құрылысы мен сыр-сипаты жағынан өзгешеулеу болып келеді. Мұнда өз ойын пернелеп, астарлап айтуға мән берілгенін көреміз. Айталық, Тосын болысындағы Оспан хан еліндегі көтеріліске дайындық ісін Құбаша ақын:

Бұзылып түр ниетіміз,  
Бұрылып түр бетіміз.  
Алты бақан құрылып,  
Ұлықтарға шекіміз.

Бозбалалар буланды,  
Қайрат тасып нұрланды,  
Айнымасқа анттасып,  
Шалып жатыр құрбанды!<sup>8</sup> —

деп, көтерілістің алғашқы кезеңін тап басып сипаттайды. Ол ел ішіндегі “боюлулар мен ырық бұзыштардың” қалалағы орыстарға барып паналағанын, олардан ұлтқа пайда жоқ екенін ашық айтады:

Алпысқа келген Оспанның  
Өсиеті тыңдалды.  
Аманкелді еріңнен  
Кісілер келіп қозғалды.  
Кел, бауырым, дегенде,  
Келмей бұған кім қалды?

<sup>7</sup> Он алтыншы жыл. А., 1936. 1 – 16-бб.

<sup>8</sup> Сонда, 17-б.

Далажаным, жалғызам,  
 Су бойында жалбызым.  
 Маңдайдағы құндызым,  
 Аспандағы жұлдызым.  
 Жүзінді көріп қалуға  
 Ашылсаншы, сұм көзім...  
 Жалғызым, жаным, Далажан,  
 Тым болмаса екеу боп,  
 Артыңнан біреу ерсейші.  
 Тентекшіл, теріс қу құлай,  
 Зорлықшылы көрсейші!  
 Тым болмаса жар болып,  
 Жарқ етіп көзім ашылып,  
 Далаштың жүзін көрсемші!  
 Сылқ етіп сүйіп өлсемші,  
 Тірі күйік тартқызбай,  
 Қолыңнан мені көмсеңші!  
 Мейірім қана сүйейін,  
 Келсеңші, сәулем, келсеңші!<sup>11</sup>

Ал енді, келесі бір қоштасу жыры “Аскардың үй ішімен қоштасуы” деп аталады. Бұл жыр өзінің құрылысы мен мән-мағынасы жағынан өзге қоштасулардан жеке дара тұр. Мұнда Аскар атты жалғыз ілікті жігіт қара жұмысқа алынатын болып, әуелі анасымен, әйелі және қарындасымен жеке-жеке қоштасып, мұң-шерін білдіреді. Дегенмен, ол өмірден үміт үзуден, түнілуден аулақ, үй-ішіне басу айтып, тәуекелге бел буады. Аскар өзі туып-өскен Қарқаралы жерін жырта қосып:

Сұм патшаның жарлығы  
 Шымбайыма батты ғой.  
 Қош бол енді, ел-жұртым,  
 Қайта айналып келгенше.  
 Кіндік қиып, кір жуған  
 Қайран жерді көргенше.  
 Қош бол енді, қайран ел,  
 Өсіп-өнген, туған жер,  
 Айрылып сенен барамын,  
 Үзілгендей болып бел!<sup>12</sup>

дейді.

<sup>11</sup> Сонда, 79-б.

<sup>12</sup> Сонда, 84 – 85-бб.

Бұл қоштасу өзінің түзілімі жағынан өлеңмен жазылған шағын пьеса сияқты. Өзі, шешесі, жары, қарындасы – төртеуінің кезекпе-кезек жауаптасулары белгілі бір әуен, сазбен орындалған, тіпті Аскардың алғашқы қоштасу жыры ән күйінде шығарылып айтылған, бұған сондағы өлең жолдарының қайырмалары нақты дәлел бола алады. Бұл – ауыз әдебиеті туындыларына тән заңды құбылыс. Алайда Аскардың бірінші қоштасуының ән мен оның қайырмасы арқылы орындалуы сирек ұшырасатын жәйт дей аламыз. Бұған дәлел ретінде сол әнмен айтылған қоштасуының бір шумағын келтіре кетелік:

Қаласын-ау, сорлы анам, сүйген жарым,  
 Күйдіреді ішімді от пен жалын.  
 Он тоғыз бен отыз бір жиыл алып,  
 Мына патша кетірді-ау елдің сәнін!  
 Қайран елім,  
 Қалдың кейін,  
 Енді айналып келгенше,  
 Кетер жайын...<sup>13</sup>

Сол жылдары туып, ел ішінде кен тараған жырлардың бір саласы – бата жырлары. Қашаннан халық “Жақсы сөз – жарым ырыс”, “Көп тілегі – көл”, “Бағаменен ер көгерер, жанбырменен жер көгерер” деп санап, игі тілек, бата сөздерге ерекше мән беріп келген, бұған жан-тәнімен беріле сенген. Сөздің сиқырлы қасиетіне зор іттипатпен қараған ел-жұрт дуалы ауыз қариялар мен арқалы ақындар жырын ырыс-бақыттың көзі деп ұққан. Осының халық жүрегінен шыққан бір жақсы үлгісі төмендегіше:

Иә, Илаһи, бізге бақ,  
 Аруақтар бізге болсын жақ.  
 Патша өліп, иесіз қалсын алтын тақ.  
 Жауласын, быт-шыт болсын,  
 Әркімге ақ үйлі қонсын.  
 Қазактан әкім сайланып,  
 Патшаның қатын-баласы қайыр сұрасын!  
 Тілегімді қабыл ет,  
 Әрекет кетіп, бәрекет қалсын!<sup>14</sup>

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты туған лирикалық өлең, толғаулардың әлеуметтік, қоғамдық мәні ұшталып, сол тұстағы тарихи оқиғаларды тереңірек сипаттауға бет

<sup>13</sup> Сонда, 82-б.

<sup>14</sup> Сонда, 135-б.

бұрды. Бұған ұлы Жамбылдың, Бағтал, Есқайыр, Құсайынның, Сарғай, Бөлтірік, Төлеу акындардың жыр, толғаулары дәлел бола алады.

Халық поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаев сол жылғы Жетісуда болған көтерілістің мән-жайы мен оның көсемдері Бекболат, Қалиқұл, Байбосын, Сағтар секілді жалынды батырлардың ерлік істерін сипаттауға екі жыр арнады. Акынның “Патша әмірі тарылды” атты жыры үш бөлімнен тұрады. Алғашқысында ол Қарабастау, Құлансаз сияқты шұрайлы қоныста еркін өмір сүрген ел жағдайын патша әмірі шыққаннан кейінгі дүрбелен тұрмыспен салыстыра келіп, ел берекесінің кетіп тығырыққа тынылғанын жырлайды. Сол тұстағы жастарды майдан жұмысына жіберуге жаппай қарсы болған ел қайғысы, мұң-зары айқын суреттеледі. Үшінші бөлімде ел ішіндегі әділетсіздік пен жемқорлық, айдау-сүргінге себепші болыс, билерге деген халық қарғысы ашып көрсетілген. Акын сол кездегі ел басына төнген қиындық, ауырталықты тап басып бейнелеп:

Жолға тігіп не жанды  
Тәуекелге беку бар.  
Не болмаса шыбылдап,  
Тапдырына көну бар.  
Көнсең күнде шығындап,  
Ит қорлықта өлу бар!<sup>15</sup>

дейді.

Жамбылдың “Зілді бұйрық” атты жыры мазмұны мен құрылысы жағынан кішігірім дастан тәрізді. Патша өкіметі он тоғыз бен отыз бір жастың арасын майдан жұмысына алады екен деген суық хабар ел ішін теңіздей толқытады, ел-жұрт құрық тимеген асаудай бұлқынады, жас боздақтарды қолдан ұстап бермеуге мал шашып анттасады. Артынша орыс әкімдері елге әскер шығарып, халық басшыларын түрмеге қамап, жер аударып, көтерілістің басты-басты көсемдерін жарлық арқылы дарға асуға кесті. Күш біріктіріп, тізе қоса қимылдамаған елдің қарусыз көтерілісі жеңіліске ұшырайды. Акын осы мәселені нақтылықпен жырлап:

Аптандық ұлығының қонысына,  
Елді сорған борсықтай болысына.  
Көп ерлер каза тапты жауға аттанып,  
Көксеген азаттықтың соғысында.

Акыры ұлыққа түк қыла алмастан,  
Күш жинамай қарусыз ұрыс қылып,

<sup>15</sup> Ж. Жабаев. Шығармаларының толық жинағы. А., 1946, 311-б.

Не боларын бұл істің біле алмастан,  
Бозбаланы бітірдік кек алмастан.

Шейбенде әскерлермен ұрыс болды,  
Сол ұрыста топ басы Сағтар өлді,  
“Сағтар өлді, ел қашты” деген хабар  
Ел-елдерге жайылды оң мен солды!<sup>16</sup>

лейді. Міне, осы қиын кезең, ауыр оқиғаны Сарғай акын дәуір көрінісі, заман сипаты деп көрсетіп, әділетсіздіктің көзі патша мен ел билеуші болыс, билердің, ұлық-әкімдердің зорлық-зомбылығынан болып отыр деген қорытынды шығарады:

Сұмырай заман, сұм заман,  
Жасаң емес, қу заман.  
Қу заманның белгісі, –  
Мықтыға осал құл заман!<sup>17</sup>

Халық басына түскен ауырталық пен қиыншылықты Төлеу акын заманның кесепаты, төтенше оқиға деп сипаттап, өміріміздің жалғасы – жастар келмеске кетсе, оның ақыры не болады деп күйзеледі. Сол арқылы бүкіл халық трагедиясын орны толмас ауыр кезең тұрғысында жырлайды:

Сән қалды салтанатпен жарасарлық,  
Ұлықта ниет болмас қарасарлық.  
Қазаққа қара тұман жаңа түсті,  
Қоштаспай бір-бірінен адасарлық.

Қазаққа патша қысым салған жері,  
Мал түгіл басты тізіп алған жері.  
Қызықты жас бойдақтың бөрі кетіп,  
Түрленген бәйпешектің солған жері.  
Күрес сап, ат жарысқан бозбаланың  
Жайлаула құлазиы хонған жері...

Дәрмен жоқ қолдан келер пәлен дерге.  
Құр көздің жасыменен бетті жудық.  
Зор қайғы қасіретке қалмақ үшін,  
Заманға қан төгілген қарсы тудық!<sup>18</sup>

Акын ең қымбатты, асыл сөздерін оннан да бір гүлі ашылмаған

<sup>16</sup> Сонда, 34-35-б.

<sup>17</sup> 1916 жыл. А., 1940, 152-б.

<sup>18</sup> Он алтыншы жыл. А., 1936 жыл. 89-90-б.



жас боздақтарға арнап, олардың бұлыңғыр болашағының ақыры не болады деп күйзеледі, соның жауабын таба алмай дал болады. Алайда ол өмірден біржола түнілмей, ертеңгі болашаққа үлкен сенім артады:

Құрып тұр ылаж таппай амалдарың,  
Болмады ақыл-айла табарларың.  
Қаптаған қалың өртке қарсы кетгің,  
Болады әлде қандай замандарың?  
Ас батып, қалған елде адам болмас  
Қашан бір естігенше хабарларың.  
Сабырлық тәубе деймін жылмаймын да,  
Тоқтатпас толған көңіл-уайымға.  
“Кемесі теуекелдің суға кетпес”,  
Тапсырам, қош аман бол, Құдайыма!<sup>19</sup>

1916 жылғы көтеріліске байланысты туған лирикалық жырларда сол тұста жария болған маусым жарлығынан кейінгі ел қайғысы, қолына қару алып, өкіметке қарсы шыққан жастардың көзсіз ерліктері, қан-жоса болып қырылған елдің қайғы-зары шындық күйінде өріледі. Айталық, Бөлтірік ақын ел-жұрттың әділетсіздік көзі – патшаға деген өшпенділігі мен азаттыққа деген асқақ рухын шебер сипаттау арқылы сол тұстағы өмір көріністерін көз алдына әкелгендей болады:

Аламыз деп ұлықты,  
Сүйірлеп сүңгі соқтырып,  
Қарағайға оны қақтырып,  
Шалғыдан қылыш қилырған.  
Өртекедей ойнатып,  
Жүйрікті жігіт пысыртқан.  
Төс жара құлаш ағашқа  
Сүйемдей темір қыстыртқан.  
Иір сулын бойында,  
Сырнайын әскер ысқыртқан.  
Көк түгінді түтетіп,  
Ойнатқан оқты мылтықтан.  
Қаптаған мың сан казакты  
Бөріктіріп бекендей,  
Көрнеу көрге бір тыққан.  
Оқпен бізді ұшықтап,  
Шошытқан елді қырсыққан.

<sup>19</sup> Сонда, 89-б.

Қояндай қорқып қорғалап,  
Ұрулы ел тасқа тығылған!<sup>20</sup>

Міне, осындай қару-жарағы жоқ, дайындықсыз, құр қол соғысқа шыққан жұрттың қамсыздығы мен аңғалдығына қайран қаласың! Алғашқы соғыста-ақ құрулы пулемет, зеңбірек оқтарымен “ұшықталған” жұрт аман қалудың жолын ізлеп бас сауғалайды, кей жерлерде қалың жауға қарсы жылқы айдап аман қалған сәттер де болады. Алайда патша әскерлері бейбіт отырған халықты аяусыз қырып жанышып таптайды, жұрт торғайдай тозып бас сауғалап, өзге көрші елдерге ауып, қоныс аударады. Қонысыңда қалған жұрт амалсыз жастарды көгендеп тізіп, майдан жұмысына аттандырады. Осы тұста ел ішінде әділетсіздіктерге жол беріледі, тізім жасаушы би, болыстар сан түрлі жолмен, паракорлықпен байып, бұрмалауларға барады. Маусым жарлығынан кейін күзге салым “женілдіктері” бар жана жарлық жарық көреді. Мұның мән-жайын сол уақиғаны көзбен көріп, қолмен атқарған Қарқаралы қазағы Төлек Титақұлы бұлай деп еске алады: “Сол екі арада (кейінгі жарлықты айтып отыр – *ред.*) бұрын ата-бабалары шен алғандардың, ақ сүйектердің балалары алынбайды деп хабар келді. Шен алғандардың тұқымы бұрынғы архивтен іздегіп, патшаның берген қағаздарынан көшірмелер алып, балаларын қара жұмысқа бармайтын қылып босатып алды. Екінші, кім де кім өндірісі бар жерде жұмыста болса алынбасын, казак-орыстың малайлығында болса, олар да алынбасын деп хабар болды... Мұны естіген байлар казак-орыс байларымен шарт жасасып, бір жылға дейін мың тенге беріп балаларын босатып алды. Қара жұмысқа бармайтын адамдар мен байлар балаларының орнына мың теңгеден кісі жалдап жібереді... Болыстар, тілмаштар біреудің жасын азайтуға, көбейтуге алдынан бір кісіден 500 сом, орташадан 400, 300, 200 сомнан, ең жоқ кедейден 100 сомнан алысты... Байлар кейде өзінің сау баласының орнына жұмысқа жарамайтын ақсақ, соқыр, басқа кем-кегіктерді аз-маз ақшаға жалдап, кәмесиеге көрсетіп, өз балаларын аман алып қалды”<sup>21</sup>. Міне, осындай ел ішінде етек алған ашы шындық Баттал ақын жырларында да тартымды, ұтымды сипатталды:

Бәрі де байдың ұлы қалатұғын,  
Молдәкең о да есебін табатұғын.  
Малы жоқ пара берер, кісі жалдар,  
Сор қакқан кедей сорлы баратұғын...

<sup>20</sup> Сонда, 116-б.

<sup>21</sup> Сонда, 134-б.

Таз, соқыр қалып жатты, талай пұшық,  
 Табылшы соқыр болған көзін қысып.  
 Бүлдірген өзін-өзі о да болды,  
 Су қосып насыбайдың өзін ішіл...  
 Келгенде бай баласы алдарына,  
 “Ауру” деп айтар еді көзбен нұқып.  
 Алдына кедей келсе “тодның” деді,  
 “Ал, киін, көрініп-ақ болдың” деді.<sup>22</sup>

Осы әділетсіздіктерді көріп майдан шебіндегі қара жұмысқа аттанған Құсайын ақын, ең алдымен, сол зұлымдықтардың түпкі себебі неде, алдау-арбау, паракорлықтың сыры қандай деген мәселелерге ой жүгіртеді, кімнің кім екенін анық танығандай болады:

Біз кеттік патша салған кесігімен,  
 Болыс мәз мал жиғанға песірімен.  
 Кісісі аман шығынға белден батты,  
 Билердің ұстап салған кесімімен.  
 Бай ұлы, бар мырзасы үйінде отыр,  
 Жылаған өңкей жетім, жесіріменен.  
 Пысықтар ақылдасып елге айтпайды,  
 Болғанын осындай іс не сырымен.  
 Заманның құбылғанын жана сезіп,  
 Біз болдық балалықтан есі кірген!<sup>23</sup>

Дәл осындай толғамды пікірлер оралдық Сарғай ақын толғауларында да бар. Мұнда ақын сол ел басына төнген қиыншылықтан шығудың жолдарын іздестіріп, ертенгі күнге үлкен сенім білдіреді:

Үзілмесін күдерің,  
 Жасымасын жігерің.  
 Кім біледі үзбесін  
 Аяқтағы пілерің...  
 Падишалар тез құрыр,  
 Ұзапай Алла сротің!  
 Қауыштыр деп саламағ  
 Әр уақытта тіледім,  
 Қабыл болар тілегім!<sup>24</sup>

<sup>22</sup> Сонда, 92-94-б.

<sup>23</sup> Сонда, 124-б.

<sup>24</sup> Сонда, 122-б.

Елдің ата қоныс, туған жерді тастап, қарлы боранда Қытайға ауған жұрттың қайғылы халын, мұң-зарын Белтірік ақын мейлінше ұтымды да көркем бейнелейді. Бұл жырларды халық трагедиясын жан-жақты ашып сипаттайтын туындылар деп көрсеткен жөн.

Ақындардың бір тобы 1916 жылғы көтерілістің шығу себептерін сөз еткенде, оның шұрайлы қоныс, құтты мекеннен айырған патшаның отарлау саясатының нәтижесі екенін тап басып танып, бұдан құтылудың бірден-бір жолы – өкімет қолы жетпейтін басқа жаққа орнығу деп санайды. Мәселен, Қонабайұлы Қарсақ ақын бұрынғы Атбасар уезінен Бұқарға қоныс аударған өз елінің бір қыспақтан құтылып, екінші біреуіне тұтылғанын, ақыры туған жерге орала алмай қор болғанын жазалды. Бұл әрекет бір кезде Асан Қайғы армандаған “Жерұйық” болса да, ол сапардан бұлар да қайыр таба алмайды:

Әуелден қазақ еді ата-бабам,  
 Жастықта кез болып тұр қайғы маған.  
 Қалын ел, туған жерден безген басым,  
 Жұмысқа басқа түскен қапаланам.  
 Көңілім, балалықта судай тастың,  
 Көтеріп түз-несібе алысқа астым.  
 Жеріме ата-бабам мекен еткен  
 Отарлап қала салып араластын.  
 Жақсылық бұл қоныстан болмады деп,  
 Бездім де туғанымнан Бұқар астым!<sup>25</sup>

Тағы бір алуан жырларда “Үйірінен ұзап шығып көрмеген” жастардың туған ел, өскен жерге деген ыстық сезім, көңіл-күйлері сипатталады. Қара жұмысқа еріксіз айдалған боздақтар алдағы өмірлерінің немен тынарын білмей дағдарса, артта қалған әке, шешесі мен ел-жұртына да алаңдайды, бірақ “қауышар күн де болар жүрсек аман” деп ой қорытады. Осыған орай үміт пен күдік астасып жарыса жырланады:

Қайран ел, қайран жерден кетеміз бе,  
 Мұратқа әлде алда жетеміз бе?  
 Қауіпті су, қатерлі кезеңдер бар,  
 Жол тауып аман-есен өтеміз бе?<sup>26</sup>

1916 жылы Бөкей ордасынан қара жұмысқа алынған Ғ.Жақыпәліұлының Қарпаттан жазған хатында оның ыстық

<sup>25</sup> Сонда, 128-б.

<sup>26</sup> 1916 жыл. А., 1940. 178-б.

сөлем, мұң-шері туған анасына арналады:

Кеше гөр ак сүгінді, қайран анам,  
Алынып приемға кетті балаң.  
Зарлайсыз сіздер онда, біздер мұнда,  
Барма екен дүниеде мұнан жаман?  
Сөлем айт, қайран анам кешің сүгін,  
Пенде жоқ дүниеде бауыры бүгін.  
Жаны бар балаңыздың кеудесінде,  
Көруге сырты бүгін, іші түгін!

Сөйтіп, осында сөз болған қоштасу жырларымен қатар, естірту, жоқтау, сүйінші, бата, қарғыс өлендері де кен тарайды. Бұлардың құрылысы мен мазмұнында пәлендей дерлік айырма, өзгеріс бола қоймаса да, жоғарыда аталғандай, кезектесе айтылатын диалог үлгісінің жиі қолданылғанын көреміз. Бір қызығы, бізде бата жырлары қашаннан ақ тілек, жақсы ниетпен айтылып келсе, енді бұлар керісінше, қарғыс тұрғысында беріледі. Ел аузында айтылып келген бір қарғыс жыры әділетсіздік көзі — патшаның өзіне арналады:

Қурап қалғыр қу патша,  
Тағынан түсіп қурасын!  
Басына қара күн туып,  
Біздей болып шуласын!  
Екі көзін шөл қаптап,  
Көре алмай жарық туласын!<sup>27</sup>

Ендігі бір маңызды мәселе: жат ел, бөтен жерге “қызыл вагон, конвоймен” еріксіз сапар шеккен қазақ жастарының жол сапары, ірі қалалар мен трамвай, троллейбус, пойыз, отарба, яғни техника, құрал-жабдық тетіктері туралы таным-түсінігі мен соны жыраға қосып сипаттауы дер едік. Мәселен, Ресей қалаларындағы алғаш рет көрген трамвайды майдан жұмысына барып қайтқан Біржан Берденов:

Тетігі бөрі қолда, қуаты бай,  
Атаған мұның атын сым трамвай, —

деп жырласа, жолаушылар таситын автомобильді: “бензинмен отсыз, сусыз жүріп тұрған” көлік деп суреттейді. Ал енді, тағы бір кара жұмысқа бара жатқан Н.Қалымбетов деген жігіт паровозды:

<sup>27</sup> Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Аманкелді экзепликациясы материалдары. № 4 бума., 57-б.

Отырып біз болған соң,  
Паровоз сүйреп жөнелді,  
Өзін өзі сабалап, —

деп бейнелейді. Дәл осы паровоз бен вагонды, оның салдыр-гүлдір жүріс-тұрысын мейлінше қызықты етіп сипаттайды:

Мінгізіп отарбаға түн ішінде,  
Бір жаққа тағы алып жүрмек болды,  
Күжілдеп бір заманда айғыр келді,  
Сүйрелі жалғыз өзі рулы елді.  
Тізілген іші толы көп вагонды,  
Артымен іліп алып аттай желді!<sup>28</sup>

Ақынның Тамбов, Козлов, Смольный, Минскі қалаларының көріністері мен сын-сипатын суреттеуі де ерекше тартымды шыққан. Айталық, ол терезеден қала, даланы ғана көріп, таң-тамаша қалып отырған жігіттердің мүсәпір халін:

Қара айғыр тоқтамастан безілмейді,  
Ойлаған бізге сыры сезілмейді.  
Кез салсақ терезеден айналаға,  
Ағаштан басқа нәрсе көрінбейді.

Қиырдың кірлік түпсіз даласына-ай,  
Мөлдір су аққан өзен саласын-ай.  
Көрсетпей жердің жүзін қабағайлап,  
Жаралған шеп орнына ағашын-ай!

Түп-түзу, қатар-қатар қарағайлар,  
Бейне бір қолдың саусақ саласындай.  
Сығалап терезеден біз отырмыз,  
Аққудың қолға түскен баласындай!..  
Жүрісі от арбаның сондай қатты,  
Кетірді күйімізді селкідетіп.  
Өткізіп гүбірнадан гүбірнаға  
Қеледі күндіз-түні зркілдетіп!<sup>29</sup>—

дейді.

Майдан шебіндегі жұмыс пен соғыс әрекеттерінің көріністерін сипаттау да сол кездегі халық поэзиясы үшін үлкен жаңалық болды. Шынында да винтовка мен пулемет, жерді тітіреткен зенбірек пен топтап оқ шашқан аэропландар қатысқан қастакерлі

<sup>28</sup> Он алтыншы жыл. А., 1936, 156 – 15-бб.

<sup>29</sup> Сонда, 157-158-б.

соғыс суреттемелері бізде жоқтын қасы еді. Сол себепті, майдан артындағы жұмыста жүрген қазақ жастары да жауған оқ пен снарядтың астында қалып отырды. Сол қияметқайым майдан жағдайын олар да өз әлімше бейнелеуге талаптаналды. Осы тұста жоғарыда айтылған Есқайыр толғауларынан тыс, Ж.Жанбаевтың “Ұзақ жолға аттандық”, Ә.Аманжолов пен Қарамоллаевтың “Еріксіз кетіп елімінен”, Батталдың “Туар ма екен бізге күн?”, Б.Берденовтың “Прием” атты жырларында кеңірек суреттеледі. Осы орайда Батталдың жоғарыда аталған толғауының мәні ерекше дей аламыз. Ол тарсыл-түрсіл оқ астындағы жастардың қиын жағдайын дәл басып танып:

Тарсылдап жан-жағыңнан оқ атады,  
Суылдап зеңбіреті ол жатады.  
Егерде бір пәшкесі түсіп кетсе,  
Бір жерде сансыз адам киратады, —

деп сипаттаса, артынша сол орыс-герман соғысындағы салмағы жоқ қазақ халқының ауыр халін дұрыс бағалайды, ол мұнымен де шектеліп қалмай, орыстардың сол шайқастағы жеңіліс тауып жатқанын да дұрыс аңғартады:

Қатері күннен күнге туып жатыр,  
Ресейді Герман айдап қуып жатыр.  
Күрсілдеген мылтықтар жаңғырығып,  
Секілді көрінеді заман ақыр.

Бұл үйде біз жатырмыз тартып азап,  
Ежелден кенже қалған біздің қазақ.  
Қайтейін, қолдан келер дәрменім жоқ,  
Ұлыққа болып тұрмыз үлкен мазақ!<sup>30</sup>

Б.Берденовтың “Прием” атты дастаны өзінің құрылысы мен мазмұны жағынан соны сипатты шығарма болып саналады. Ол бастан-аяқ күнделік іспетті болып құрылып, қай күні, қай қаладан өткені мен не көріп, не білгенін, қандай әсер алып, нені түйгенін көркем тілмен ұтымды бейнелейді. Әдебиетімізде күнделік (мемуар) түріндегі туындылар некен саяқ ұшырасатынын ескерсек, бұл дастанның орны мен мән-маңызы ашылып айқындала түседі.

Б.Берденовтың өзі 1916 жылғы 25 маусым жарлығымен майданның қара жұмысына алынып, Қызылжар еліндегі жас боздақтардың приемға алыну оқиғасынан бастайды. Бұлар Петухов, Қорған, Шумиха, Шумляк, Шеляба, Екатеринбург, Пермь, Вологда, Вятка, Петроград, Псков, Критсбург қалаларын

басып өтіп, майданның қара жұмысына қатысады. Шығарма “Прием”, “Қызылжар казармасының тамағы”, “Ұзақ жол”, “Алғашқы әсер”, “Майданда”, “Аэроплан”, “Дүрлігу”, “Жана мекен”, “Қашаға таласу”, “Оқтан қорқып қашу”, “Жұма күні”, “Қамығу”, “Газет хабары”, “Мисалы”, “Қозғалшы бір, қаламым”, “Қайрағ”, “Елде қалғандарға сәлем” деген 17 тараудан тұрады. Жазылу жылын автор “1916-1917, 1921 жылдар” деп көрсеткен. Дастанның кейбір үзінділері сол тұста газет беттерінде басылып, 1936 жылы “Он алтыншы жыл” атты өлеңдер жинағына тұтастай енген.

Аталған дастанда майдан өмірінің шындығы барынша әсерлі де тартымды суреттеледі. Бұрын атын да, затын да білмейтін пулемет, зеңбірек, аэропланның өлім себетінің өз көздерімен көрген қазақ жастары олардан қорғану тәртібін де үйренеді. Неміс самолеттерінің тастаған снарядтары мен жарық беретін ракеталарының мән-жайын біліп-түсініп қана қоймай, сол самолеттердің шегіну, шүйілу жайттарын да дұрыс бағалайды:

Дамылсыз өткен солдат ерсіл-қарсыл,  
Айналап бір тоқтаусыз еткен тарсыл?  
Төңірек найзағайдай жарқылдайды,  
Аспанға от жағады түнде жарқыл.

Ракета аспанға атар от жайнатып,  
Шапқылап атты әскерлер жау жайратып,  
Алды-арты войсконың он шақырым,  
Өткенде қасымыздан сырнайлатып.

Бір күні қасымызға бомбы түсті,  
Жер қозғалтты, дүмпүі тіпті күшті.  
Бытырап қашты қорқып бет-бетімен,  
Бөрінің оны көріп зәресі ұшты...  
Бір оғы жанымызға келіп түсіп,  
Қопарып жерден тасты аспанға атты.  
Қарлары түскен жердің жоғары ұшып,  
Түтінімен қап-қара қып бұрқылдатты!<sup>31</sup>

Ақынның өмірге деген көзқарас-танымы мен түсінік-талғамы да айқын. Ол патша әкімдері мен би-сұлтандарға қарсы шығып, бостандыққа қол жеткізудің жолдарын іздестіреді. Ресей мен өзге де елдердің азаттық үшін күресіп жатқанын көріп, соған үн қосудың қажеттігін айтып, кешегі өздерін алдаған зұлымдармен ашық күреске үндейді. Ақын осыған орай:

<sup>30</sup> Сонда, 96-б.

<sup>31</sup> Сонда, 105, 106 — 109-бб.

Алдау түбі бір тұтам,  
Ертең оны көреміз.  
Алдаушылар би, сұлтан,  
Іргесін біздер сөгерміз...  
Романов жауыз құлады,  
Жойылсын деп тілеп ек.  
Жойылды ақыр бас дұшпан,  
Қанды сорған қас дұшпан!<sup>32</sup>

Б. Берденов майдан өмірінен тыс, Ресейдің ішкі-тысқы жағдайынан да хабары бар адам болып көрінеді. Оның осы дастандағы ой-пікірлеріне қарасақ, сол тұстағы патшаны тактан тайдырған большевиктер мен меньшевиктердің билік басына келуі өзгелерге де көп жаңалық әкелетінін дұрыс таныған, бұл 1917 жылдың 28 февралында газет бетінен оқығанын жария етеді:

Жиырма сегізінші февральда келді газет,  
“Тақыттан Неколайды құлады” деп.  
Құрымақ бұдан бұлай ескі режим,  
Жасалмақ халыққа тынышты жана жизнь.  
Екі партия екі тарау жолға түсті,  
Аттары: большевизм, меньшевизм.  
Дүниеге бұл екеуі канат жайды,  
Бастауға бірі жалшы, бірі байлы!<sup>33</sup>

Әдебиетімізге соны бір серпін, жана мазмұн ала келген майдан шебінен жазылған хат-өлеңдер болды. Бұларда жалпы көтеріліс поэзиясына тән халықтың қайғылы халі мен туған елге, жерге деген ыстық сезімі, көңіл-күйі айқын сезіледі. Рас, сауатты ақындар мен жастардың сүйегіне өлеңмен хат жазысу дәстүрі бұрыннан бар. Тіпті, ақындар өмірінде бір-біріне хат жазып, айтысу салты да болған, бірақ бұлардың мақсат-міндегі өзгеше екені мәлім. Ал, біз сөз етіп отырған майданнан жазылған хаттар, үй-іші, туыс-туғандарына, бауырларына деген сағыныштан тыс, кешегі би, болыс, әкімдердің өздеріне жасаған әділетсіздіктері мен жауыздығына орай айтылған ыза-кепі де анық аңғарылады. Мәселен, Байтас деген ақын жігіт Польшадан жолдаған өлеңінде өзі секілді көңілі қаяу, жүрегі күптілердің арман-мұңын шебер сипаттай келіп, көкірегі ояу қазақтардың майдандағы боздақтардың артынан іздеп келе бастағаны, жақсы хабарларға қарағанда, көп ұзамай азаттық таңы атапынын жазады. Айталық, ол сол хатында

<sup>32</sup> Сонда, 112-б.

<sup>33</sup> Сонда, 110-б.

іштегі шерін жауыздыққа арнап:

Болыснай, пристав пен ауылнайы,  
Көріңді жамандықтың тегіс жайы.  
Осыдан елге аман бара қалсақ,  
Қылармыз көрген күнін қантар айы!<sup>34</sup>

десе, Т.Қиылбаев атты азамат Науан қазіретке жолдаған хатында:

Көрсетіп солдаттыққа мені айдаттын,  
Өртеген осы еді деп қызыл үйін.  
Бұл ісін өле-өлгенше естен кетпес,  
Боп қалды жүрегіме темір түйін!<sup>35</sup> —

дейді. Ал енді, Б. Берденов “Елде қалғандарға сәлем” атты тарауында:

Егсе де мобилизовать қазақ елін,  
Шапса да қан жосылтып малын, жерін,  
“Көп құса қорқақ тағы батыр болмақ”,  
Ақыры бұл қорлықтың кетпес тегін!<sup>36</sup> —

деп, елдегі туған-туыс, ата-аналарына сағынышты сәлемін жолдайды.

Тағы бір алуан сәлем хаттарда (Моллаш, Нұғман, Асқардың хаттары) салыстырудың метафоралық түрлері жиі қолданылып, кешегі елдегі еркін де бұла өмір жалыраған жазға, майдан желкесіндегі қара жұмыс қаһарлы қысқа баланып берілгенді. Мәселен, Есқайыр ақын шетте жүрген өздерін:

Басымнан билік кеткен соң,  
Жабықты көңіл жарқын-ай.  
Тұзаққа түскен торғайдай,  
Жатырмыз мұнда талпынбай.  
Енді бізге қыр қайда,  
Күзде келіп, жаз қайтып,  
Құстай болып топ жасап,  
Қайтатуғын күн қайда?<sup>37</sup>

<sup>34</sup> Сонда, 165-б.

<sup>35</sup> Сонда, 80-б.

<sup>36</sup> Сонда, 113-б.

<sup>37</sup> Сонда, 161-б.

деп бейнеленсе, Әкмал Қаржауұлы деген жігіт шөл жұмысында жүргендерді “мезгілсіз ұшқан бір топ қаз” тұрғысында сипаттайды:

Аралға қонды суы жоқ,  
Мезгілсіз ұшқан бір топ қаз.  
Бауырын төсеп жағуға  
Жапырағы жоқ, жері саз.  
Ұшайын десе мерген көп,  
Андымайтын адам аз...  
Ұя салған көліне,  
Өсіп-өнген жеріне,  
Қайтатуғын қаңқылдап,  
Болар ма екен оған жаз?<sup>38</sup>

Елден майдандағы қара жұмыста жүрген боздақтарға жазылған хаттарда да ата-ана, аға-інілердің сағнышты сөлемінен тыс, сол жастарды хақ тағалаға тапсырып, амандықтарын тілеп, елге тезірек оралуларына ниет қосады. Мұның бір үлгісі төмендегіше болып келеді:

Тыныштық орыс-орман қаладағы,  
Жаннанның қайғысы сен даладағы.  
Аныртпай амандықты білдіруге  
Хатынды үзе, жаным, арадағы!<sup>39</sup>

Сонымен, майдандағы соғыс сипаттамалары мен алғы шептен елге, елден майданға жазылған сөлем хат жырлары түрі жағынан пәлендей дерлік өзгерістерге ұшырамаса да, мазмұндық сипаты тұрғысынан елеулі жаңалықтар әкелді. Майдан жұмысындағы жастардың көңіл-күйі мен әсер-сезімдерін беруі жағынан болсын, соғыс көріністерінің нақты бейнеленуі тұрғысынан болсын, бұл жырлар көркемдік тәсілді игерудің жаңа бір сатысына көтерілді. Бұған сол жастардың орыс пен Еуропа қалаларын басып өтіп, майдан өмірін бастан кешіріп ысылуы, сана-сезімінің өсіп жетілуі де әсер еткен болса керек. Алайда бір атап көрсететін жайт: бұл өзгерістер, бұрын айтқанымыздай, тек таптық сананың толығып жетілуінен ғана емес, оларды кәдімгі өмірлік таным-түсініктің көрінісі деп санаған жөн.

Осындай кемелденіп толысудың тағы бір көріністерін бұл жырлардағы тарихи шындық пен көркемдік шындық болмысынан да көруге болады. Осыған орай торғайлық акын

Күлері Жолдыбайұлының “Аманкелдің Торғайды алғаны” деген толғауы ойға оралады. Рас, Аманкелді Иманов басқарған халық жасақтарының Торғай қаласына жасаған шабуылы көтеріліс тарихында аса елеулі оқиға болды. Сол оқиғаны Күлері акын бұлайша толғайды:

Атқан таңмен айғайлап,  
Қалаға қосын лап берді.  
Айнала қоршап дуанды,  
Тұс-тұсына өрт қойды.  
Өрттен қашқан адамды  
Көк найзамен сүзгілеп,  
Тақымға салып езгілеп,  
Лаулаған қала өртінде,  
Көкпардай тартып желпіне.  
Сары ала туды көтеріп,  
Қозғалды топ еркіне.  
Оқ жыландай ысқырған,  
Жалын шашқан, ышқынған,  
Үңірейген мылтық аузына  
Ат қойды көп іркілмей,  
Шапмақты найза желкілдей,  
Ақ сойылдар сартылдап,  
Аманкелді алпында  
Атылған окка жарқылдап,  
Қарамастан айғайлап,  
Ермеген оған жан болмай,  
Көп көшені шандағып,  
Қалаға кірдік аныратып!..  
Жауға қарсы жұрт шапты,  
Серпілген сойыл оң-солға,  
Әлітсерді қулатты...  
Қандаладай езгілеп,  
Шаштық жауыз қандарын.  
Аманкелді осылай  
Жыр қылдым Торғайды алғанын!<sup>40</sup>

Тарихи дәлелге сүйенсек, Торғай қаласы үшін болған соғыс көтерілісшілер үшін аса елеулі оқиға болғаны даусыз. Сарбаздар қаланың шет-шетіндегі көшелерде қызу ұрыс жүргізіп, көптеген үйлерге өрт қояды. Алайда бораған оқтан кейін шегінуге мәжбүр болады. Сарбаздар қала жасағының бастығы Курбатовты өлтірсе

<sup>38</sup> Сонда, 161-б.<sup>39</sup> Сонда, 140-б.<sup>40</sup> Сонда, 24 – 25-бб.

де, мұның үстіне қала коменданты әскерді казармадан шығармай қойса да, Торғай қаласын ала алмай, екіндіде кейін шегінеді. Осы оқиғаны көзбен көріп, “Ауыл тілі” газетінде (1926 жылдың 4 октябрі, №11) “Торғай қаласының шабуылы” атты мақала жариялап, “Ішінде болған” деп қол қойған бір кісі бұлайша баяндайды: “Ноябрьдің бесі күні түн. Біз бес учитель бір үйдеміз... Таң қараңғысында тарс-тұрс атылған мылтық даусымен ояндық. Көше әлі қарағы, ың-жың дауыс, атылған мылтық. Сарбаз қаланың қай жағынан кіргенін де біле алмадық. Анау-мынау көрнетін кезде қаланың жәрменке жағынан өрт шықты. Біздің пәтеріміз ақша мекемесінің жоғары жағында, ортасында тек бір үй бар. Бұл мекемені күзетіп тұрған солдаттар казармаға қарай қашқанын көрдік. Оның артына бір аздан соң, үш сарбаз көше бойлап жоғары қарай шауып кетті. Қарында сойыл, қолында найзалары бар, бірақ іле кірген қазақ болмады. Күн шыққан соң, көшеге қазақ кірді. Шеткі көшелердің бәріне өрт салды, орталық көшеге қазақ кіре алмады... Қалын қойға қозы жамыраған сияқты күңіренген дауыс. Сөзін ұғып болатын емес, тек “Ла-ла, ла-ла” деген сияқты естіледі. Жастық, мамық тыстарын отқа тұтатып алып, қарсымыздағы үйге өрт салды... Өрт күшейді. Орталық көшеден басқа жердің бәріне сарбаз қаптап кетті. Әлі үйге кірген сарбаз жоқ, тобын жазбай ат үстінде, көшеде. Кіші бесінге дейін қаладағы әскердің қайда екенін біле алмадық. Тек кіші бесінде ғана төрттіппен атылған мылтық даусы көбейді. Сарбаздың үркінен қойдай қаша бастағанын көрдік... Қала халқының адам шығыны аз болды, тек қала жасағының бастығы учитель-инспектор Курбатов өлді... Сарбаз шығыны молырақ болды, өлген кісілердің сүйегін туыстары тастамай алып шығып, Қабырға деген жерге қойды. Оқ атылмауының себебін кейін білдік: әскер бастығы әскерді казармаға қамап алыпты да, соғысқа шығармапты... Түс өбден ауған соң, Орынбордың жүздей атты қазағы комендант бұйрығына көнбей казармадан шығып, сарбаздарды қашырған екен”.

Міне, бар шындық осы, алайда Күдері Жолдыбайұлы көтерісшілердің жеңіске деген құштарлығы мен ықылас-ынтасын бейнелеу арқылы шеберлік танытып, көркемдік шындыққа жуықтай түскен.

Ендігі бір жырларда сол жылғы халық басына түскен ауыр қиыншылық, ел трагедиясы басты тақырып болып сипатталады. Шынында да бұл көтеріліс тұсында болған ауыртпалық, дүрбеленнің зардабы өте ауыр болды. “Қазақ патшаға қарсы атқа мінді деп әуез шығарып, әскер алам деп, елді басып алып, Сарыарқада, Ақмолада, Семейде, Текеде, Торғайда, Жетісуда жанаралдар, әскер басы төрелер шығады. Қарусыз елді қойдай айдап, жаудай тонайды. Жарасына пышақ тиген қазақ, қырғыз

атқа мінеді. Патшаның әскері немістен гөрі, қарусыз қазақ, қырғызбен соғысқанды сүйеді. Жызақ деген өзбек қаласын жермен жексен етеді. Қырғыз ауып, Алтай асып, Күншығыс Түркістан өтеді... Тарбағатай, Алтай найманы көрші Қытайға ауады. Ауған елді бөгеуге әскер шығады... Алаштың баласына қанқұйлы жау болған патшаның қызметшісі төрелер параны жатып та, тұрып та алған. Алаштың жайында қара топырақ, қау жер болса, аққан өзен, шалқар көл, тұщы құдық, мөңдір бұлақ, жайлы, жарық, тоғайлы орман болса, майлы ет біздің орыстың сыбағасы деп отаршыл орысқа тартып әперген. 1913 жылы жалғыз Жетісудан егіншісі орыс төрт миллион десе жер алған. Соғысқа дейін орыстың егіншісі қазақ, қырғыздың жерінен тандап 25 миллион десятина жер алған... Алаштың баласы иттей ұлып шөлде қалған!”<sup>41</sup>

Мұндай алапат оқиғалар баяғы “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан” кейін дәл осындай сипатта бола қоймағаны мәлім. Осыған орай Қуанышбай Бозаев деген акынның “Қарақойын көтерілісі” деген дастанын дәлелге келтіруге болар еді. Акын осы көтерілістің басы-қасында болып, Орта-Арғын еліндегі сарбаздар бастығы Жакып ердің қасында жүріп, оқиғаны түгелдей өз көзімен көрген адам. Жырды сол 1916 жылы жазып аяқтаған, оны акынның өз аузынан жазып алып Ақмоланың “Бостандық туы” газетінде жариялаған – Мәжікәйұлы Мұқаш деген журналист.

Дастан “Сарбаз”, “Отряд”, “Соғыс”, “Босу”, “Прием”, “Мүнәпәс” атты алты тараудан тұрады. Тек алғашқы “Сарбаз” деген тарауда ғана ел ішінің дүрлігі, құрбан шалып, қарулана бастауы, жас жігіттердің лепіріп масағтануы мен қайрағтануы мол серпінмен сипатталады. Ал қарулы отряд келгеннен кейінгі елдің тоз-тозы шығып, қанды қырғынға ұшырауы, “балапан басына, тұрымтай тұсына” дегендей жұрттың бет-бетіне аууы кең көрініс тапқан. Мұндай тонау мен зұлымдықты орыс әкімдерімен ауыз жаласқан болыс, билер іске асырады. Бұл сұмдық көріністі акын аз сөзбен тап басып бейнелейді:

Өрт салып Шаштыға да барып қайтты,

Жауыздар бар керетін алып қайтты.

Қанды ауыз, түсі суық көк қасқырлар

Мұнайтып елдің ішін жарып қайтты!<sup>42</sup>

Рас, сарбаздар қолындағы қылыш, найза, сойылмен, бірлі-жарым шиті мылтығымен жасанған жауға қарсы шауып, үлкен ерліктің үлгісін көрсетеді. Бар болғаны бір мындай ғана сарбаз

<sup>41</sup> “Қазақ әдебиеті” газеті № 31, 1990ж., 3 тамыз / Қыр баласы мен Шестаковтың “1916 жыл” атты еңбегінен үзінді.

<sup>42</sup> Он алтыншы жыл. А., 1936, 34-б.

пулемет, зеңбірегі бар тас түйін отрядқа қарсы төуекелге бел байлап, ең алғаш алпыс мергенін атқандырады. Сол алапағ соғыста Жакып, Хасен, Айтқожа, Әйдерке, Иса батырлар көзсіз ерліктер жасайды. Иса батыр бір өзі үш солдатты өлтіріп, жау оғынан қапыда мерт болады. Қалың сарбаздың жеңіске деген тілек-талабы шексіз болса да, құрсаңған жаудың бораған оғы мен зеңбірек снарядына шыдас бере алмай, кейін шегінуге мәжбүр болады. Ел ауып, ер сасқан қаралы күн туады. Қуанышбай ақын сол қайғылы жағдайды халық атынан жар сала айтып, ертенгі күнге үміг артқандай болады:

Берекең кетті, қазағым,  
Ертедегі күн қалып.  
Бір нәубетке жолықтың,  
Аллы-артыңнан шырмалып.  
Заманың солай болған соң,  
Сөйлеші, тілім, ырғалып.  
Жай жүргенмен не таптың,  
Бекер қарап тұрмалық.  
Жылайтын күнге кез болсаң,  
Әр нәрсеге ырзалық...  
Ел, жұртыңнан айрылсаң,  
Неге керек патшалық.  
Балаң менен малды алып,  
Зарландың, жұртым, үн салып!<sup>43</sup>

Ақын “Мүнәпәс” атты соңғы тарауында көктем тілеген бостандықтың жерден табылғанына ризашылық білдіре отырып, ел болашағын ойлайтын басшыларды татулық-бірлікке, бас қосатын әрекетке үндейді:

Қайдасың мен білгірмін деген ерлер,  
Сын болды әр халыққа бақ сынасар.  
Қол шығар бір жеңнен, бір ауыздан сөз,  
Басыңды қос, тілегің іске асар.  
Мүнәпәс басың азат, малың азат,  
Қазақтың пайдасына бұл мүнәсар.  
Мұндайды бұрын тілеп алмаушы елің,  
Қуанып түсім бе деп көңілім сасар.  
Қазаққа кемлік келген осы екеуі,  
Сұмдықтың түп тамыры орын басар.  
Ауылым аймағым мен әлі ұйқыда,  
Түсініп осы сөзім кімге ұнасар?!<sup>44</sup>

<sup>43</sup> Сонда, 35-б.<sup>44</sup> Сонда, 37-б.

Ақынның бұл пайымдауларына қарағанда, оның ішкі-тысқы өмірден хабары бар, көзі қарақты адам болғаны аңғарылады. Жырдың кейінірек аз-кем өзгеріске ұшырағаны, өңделіп толықтырылғаны байқалады. Мұны М.Мәжікейұлы да дастан соңында берген түсініктемесінде атап көрсеткен. Сондай-ақ ол Қуанышбайдың өленді суырып салып та, жазып та шығарғанын айтады. Өленнің айтылып таралуы да назар аударуға тұрарлықтай. Автор осыған орай: “Қуанышбай бұл өленді сол көтеріліс болған жылы жазыпты. Өлең сол жылы-ақ ел-елге тарап, жастардың “әу” десе аузына түсетін анызы болыпты. Бірақ бұл өлең Қуанышбайға жақсы тимейді, көп уақыт өз өленінен таяқ жейді, өленде аттары аталған мырзалар Қуанышбайды шеккі қылады, түрлі пәлелермен ұстатпақ болады, айдатпақ болады. Ол пәлелерден бертіп келе әрең құтылады. Соның салдарынан Қуанышбай қолжазбасын жоғалтады, өзі де айтпайды, өзі барда басқаларға да айтқызбайды. Сондықтан өленнің кей жерлері ұмытылады, кей жерлері алғашқы жазғанынан өзгеріпкірейді. Ал өленнің “Мүнәпәс” деген соңғы тарауын ол Ақпан революциясынан кейін, оқопқа барған жігіттер қайтып келгенде жазыпты”<sup>45</sup> – деп көрсетеді. Осының бәрі халық әдебиеті үлгілерінің өзгеру, өңделу, редакциялану кезеңдерінен мәлімет береді дей аламыз.

Елдің ерлікке толы күрестері мен оның сәтсіздікке ұшыраған кезеңдерін жалғастыра жырлайтын тағы бір дастан меркелік ақын Әлтай Сүйіншәлиннің “Қалаба” атты туындысы. Жырды алғаш жазып алып, баспала жариялаған Рахымбай Құлбаев деген кісі. Бұл дастан кейін 1936 жылы басылған “Он алтыншы жыл” атты жинаққа енді. Ауызекі айтылу кезінде кейбір тұстары ұмытылса да, жырдың ұзын-ырғасы толық сақталған.

Аспара елінің болысы Бектен 25 маусым жарлығын мүлтіксіз орындауға жан сала кірісіп, патша жарлығын түсіндіруге келген әкімдерге қызмет көрсете бастайды. Алайда халық наразылығын ашықтан-ашық білдіріп, сол төңірекке аты мәлім Ақкөз батырды хан сайлап, сарбаз жасақтайды. Олар Мерке қаласына тұтқиылдан шабуыл жасап, өздерінің қажыр-қайрат, ынтымақ-бірлігін айқын танытады. Алайда мұздай құрсаңған қарулы отрядқа Ақкөз батыр сарбаздары да төтеп бере алмай кейін шегінеді. Бектен болыс бастаған патша солдаттары қаннен қаперсіз отырған елге бүйідей тиіп, қан жоса қылады. Жұрт мыңдаған жылқыны солдаттарға қарсы айдап, олар мұны халық жасағы екен деп ойлап, құмға қарай қашып жан сауғалайды, сөйтіп, көпшілік тікелей келген өлімнен аман қалады. Дәл осы тарихи оқиға Қиялбай Сүгіров деген ақынның “Ақкөз батыр” атты дастанында да келелі жыр болады.

<sup>45</sup> Сонда, 38-б.



Тек мұндағы бір айырмашылық: бетпе-бет келген соғыста халық жасақтары пүлемет пен зеңбірекке шыдас бере алмай, амалсыз кейін шегінгенде, жол-жөнекей әйелдерше киінген отрядқа тап болып зор қырғынға ұшырайды. Ақкөз батыр да қолға түсіп, артынша сот болып, ит жеккенге айдалады. Елдегі жастар майдан шебіндегі кара жұмысқа еріксіз алынып, шексіз азап-қиыншылық көреді.

Осындай ел қайғысын жинақтап көркем суреттеуде дараланып көзге түсетін шығармалардың бірі – “Қулақасқа” дастаны. Мұнда да ел екіжүзді басшылардың алдауына сеніп қырғынға ұшырайды. Жапшай көтерілген Обалы еліне Қулақасқа елінің азаматтары да қосылып, олар Ырғыз, Торғай, Қостанай төңірегімен тіпті Торғайдағы Аманкелді батырмен байланыс жасайды. Дегенмен отаршылдарға қарсы күресте халық бірлігі айқын көрінсе де, жұрттың жер ыңғайын тиімді пайдалану, ұйымдастыру істерінде тәжірибесі аз болды. Ел басшыларының алдау-арбауына сеніп қалып көп опық жейді, соның зардабын тартады. Сол қайғылы көріністі аты-жөні белгісіз ақын төмендегіше сипаттайды:

Мүлік ойран, адам қырғын, қан жылап ел,

Еңіреген қала берді көз жасы сел.

Бауырында әр төбенің жатқан өлік

Бетінен мұңды күймен сүйбелі жел!<sup>46</sup>

Халық қайғысын арнайы жырлайтын осындай туындылармен қатар, сол бір ел басына ауырталық түскен қиын кезеңде жұрттың жарқын болашағы үшін өз өмірін қиып мерт болған ерлердің асқақ тұңғасын жасаған жыр, дастандар да аз емес. Бұлардың соттағы батыл жауаптары мен қайыспас қайсарлығын, ел мұңын айтудағы тапқырлығын, шешендігін өзгелерге үлгі етіп сөйлейді. Осы тұста Бекболат, Әли, Тайлақ, Жаңабай, Жақып, Иса, Тайшым, Қырғызбай іспеттес талай ерлердің жанқиярлық ерлік істерін еске алып, мақтан тұтамыз. Осы орайда Иса Дәукебайұлының делініп жүрген “Бекболат” дастанын жеке бөліп атаған жөн.

Ең алдымен, осы дастанның авторы жөнінде бірер сөз. Әйгілі ақынмыыз І.Жансүгіров архивінен келіп түскен бұл туындының авторы көрсетілмеген, тек ең соңында “Жинаушы Жүніс” деген сөз бар. Ал енді, алғаш ықшамдалып, кейбір тұстары ұшталып өңделген 1936 жылғы “Он алтыншы жыл” деп аталатын жинақта авторы Иса Дәкембайұлы деп көрсетілгені мәлім. Бұдан кейінгі жинақтар мен әр алуан хрестоматияларда Иса Дәукебаев деп жазылып жүр. Шынына келгенде, оқиға болған Жетісу өңірінде

<sup>46</sup> Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапхана қоры №1011, 302-б.

мұндай ақынның бұрын-соңды болмағаны даусыз. Біздің ойымызша, сол Жүніс деген адам осы әйгілі дастанның авторы болуы да ғажап емес. Сондай-ақ ол кісі ертелі-кеш ақындығымен көзге түспегенге ұқсайды, өз көзімен көрген оқиғаларды кейінгі буынға дәл жеткізу мақсатымен жазғаны байқалады. Бұл жайттар шығарманың өн бойынан айқын аңғарылады. Бұларға қоса автор Кеңес өкіметі тұсындағы саясатқа сәйкес келмейтін болғандықтан, өзінің аты-жөнін қоюға да батылы бара қоймаған тәрізді. Осының бәрі 1961 жылы “Жұлдыз” журналының №9 санында “Бекболат” дастанының авторы кім?” деген мақалала арнайы сөз болған-ды. Сол мақаладан кейін журналист марқұм Р.Байжасаров “Жұлдыз” журналының 1966 жылғы №7 санында мақала жариялап, Бекболат Әшекеев бастаған көтерілістің басы-қасында болған Жүніс Сүлейменов деген адамның болғанын, оның “Сары би” атағанын айтып, аталған дастанның авторы сол кісі болса керек деген тұжырым жасайды. Бұдан өзге қосалқы деректер жоқ болғандықтан, бұл мәселе әлі шешімін таба қойған жоқ.

“Бекболат” дастаны сондағы оқиға жүйесінің даму барысына сәйкес күнделік секілді етіп құрылған. Осындағы тараулардың атын тізбелеп атасак, мұндағы оқиға барысын айқын аңғаруға болады: “Маусым жарлығы”, “Елдің қамдануы”, “Елге әскер шығуы”, “Жайылмыстың кемпірлерінің, келіндерінің жылағаны”, “Жайылмыстың түрмедегілермен жолығуы”, “Ұлықтардың Бекболаттан жауап сұрағаны”, “Бекболаттың жауабы”, “Би-қажылардың жауабы”, “Зәкірдің зұлымдығы”, “Он жеті орақшының әйелдерінің жоқтағаны”, “Шағатай Еспембет пен Қасымның Бойдаш елін қыруы”, “Ыстықсайда қырылған елдің зары”, “Бекболаттың екінші сұрағы”, “Бекболаттың жауабы”, “Соттың жауабы мен үкімі”, “Бекболат дарға бара жатқанда”, “Дар түбінде Бекболатқа төрелердің айтқаны”, “Бекболаттың жауабы”, “Жайылмыстың сұрағы” деп сипатталуының өзі көп нәрсені аңартса керек.

Дастандағы қат-қабат оқиғалардың бәрі дерлік басты кейіпкер Бекболаттың төңірегіне топтастырылған. Мұның бәрі Бекболаттың елі үшін басын өлімге тігіп, жанқиярлық ерлігін бейнелеуге бағындырылған. Ол әйгілі маусым жарлығы шыққан күннен бастап, әділетсіз жарлыққа қарсы шығуға тас-түйін бекінеді. Ел-елге үндеу хаттар таратып, бірлесуге шақырады. Жасының жетпістен асқанына қарамай, батыл әрекеттер жасайды. Көрші қырғыз еліне де арнайы адам жібереді, өзара ынтымақ, бірлікке шақырады.

Бекболаттың сот алдындағы жауаптары халықтың шеменді шерін, айта алмай жүрген арман-мұңын айқара ашып көрсетуі тұрғысынан да аса құнды. Ол, әсіресе, патша өкіметінің ғасырлар

бойғы қанау-тонау саясатының сыр-сипатын батыл әшкерелейді. Батыр ел ішіндегі кулар мен сұмдардың екіжүзді сұрқия әрекеттерін де аяусыз әйгілеп, бұқара мұның қорғап сөйлейді. Патшаның Германиямен соғысы тұсында, қысылтаяң кезде қазақтан жәрдем сұрап, бейбіт өмірде жастарды орыс тілі мен техникасына үйретпегенін де үлкен айып етіп тағады. Ұлықтар “Бекболат хан, жақын жолдастарың қанша, көтерілісте ту ұстаған кім, саған кімдер көмектеспек болды, соларды айтсаң, айыбың жеңілдейді”, – деп, айла-тәсіл қолданып сан-саққа жүгіртпек болады. Алайда Бекболат барлық жауапкершілікті өз мойнына алып, қасында болған серіктерін қорғап сөйлейді. Көтерілген халықтың айыпсыз екенін, бүкіл әділетсіздік патша жағында екенін айтып, ұлықтардың өзін айыптайды.

Бекболат батырдың дар алдындағы жауаптары патша өкіметінің шексіз әділетсіздіктері мен қанау саясатының найза бойламаз зымияндығын батыл әшкерелеуге құрылған. Ол ұлықтардан жасқанбай барлық шындықты бүкпесіз айтып, бұлтармай жауап береді. Бұған мына төмендегі жолдар айқын айғақ:

Рас, мен соғысуға шықпақ болдым,  
Басыңды жер астына тықпақ болдым.  
Рас десең, рас сөзді мен айтайын,  
Ақ патшаның тұқымын құртпақ болдым.

Ту тіктім ел-жұртымды жиып алып,  
Жауға қарсы аттандым ойран салып.  
Қылған істен қайтатын қатын бар ма,  
Ата-бабам қылған іс, қылдым анық.

Жалынып жаным сұрап жыламаймын,  
Пәленше жолдасым деп бекер айтып,  
Күнәкар өмірімде бола алмаймын!<sup>47</sup>

Бекболаттың сол кездегі саяси-әлеуметтік жағдай мен көтерілістің шығу себептерін бағалап түсінуі де байыпты әрі терең. Оның пайымдауынша, патша өкіметінің отарлау саясатының нәтижесінде халық жақсы қоныс, шұрайлы жерінен айырылып, тау мен тасқа, құмды жерлерге ығыстырылуы, қазақ шаруалары өзгелерден кем ұсталып, теңдікке қол жеткізе алмауы көтерілістің шығуына басты себеп болған. Сондықтан батыр өзінің осындай қысылтаяң, қиын сәтте күреске саналы түрде қарсы шыққанын да жасырмайды. Ол “Ата-бабам қылған іс” деу арқылы азаттық көтерілістерінің бұдан бұрын да болып келгенін, әлі де бола

<sup>47</sup> Сонда, 49-б.

беретінін) ескертеді. Мына төмендегі жолдарды қоғамдық құрылысқа тағылған айыптау деуге де болар еді:

Қазақтың жерін де алдың, суын да алдың,  
Біреуің алпыс десе егін салдың.  
Қазақтан қалағанның бәрін алып,  
Алатау қар түбіне қуып бардың.

Әуелде солдат қылып ойнаппадың,  
Орысша тіл үйретіп сайраппадың.  
Көзін ашып қу қазақ оянар деп,  
Қазынан аяп еді кара нанын.

Ел бейбіт, жұрт тынышта сұрамалың,  
Көп соғыста сұраған қу амалың.<sup>48</sup>

Бекболаттың дастандағы айтқан ой-пікірлері мен тарихи шындық та бір-бірімен ұштасып қабысып жатыр. Айталық, Бекболат Әшекеев 1916 жылғы қыркүйектің 2-сі күні Нестеров деген сотқа берген жауабында: өзінің Үшқоңырдағы Жайылмыс елінің жарлыққа қарсы өткізген жиынында болғанын, жігіттердің сойыл, қылыш, ішінара мылтықпен қаруланып, солдатқа қарсы жылқыны айдап салып, күреске шыққанын, бір қазақ-орысқа шоқпар тиіп жараланғанын жасырмай айтып бұлай дейді: “Халық көп еді, сол себепті менімен кімдердің бірге болғанын айта алмаймын... Таяққа байланған ақ шүберекті көргенім рас, бірақ оны мен көтергенім жоқ, кім ұстағанын да білмеймін. Менің әкемнің алты не жегі жыл хан болғанын естіген едім. Маған “хан болғысы келді” деген айып тағады. Мені дарға асқан күні шын “қан” сонда болады... Екейбай Сатқынов менің тусым, ол да мен секілді жастарды әскерге қарсы соқтығыстан сақтандыру үшін топ ішінде болды. Ал Кенбай Ниязбеков, Кәрібай Аламановтарды көргенім рас, алайда олар да жастарды соғысқа үгітеу үшін емес, қайта басалқалық айту үшін барған болатын-ды”<sup>49</sup>, – дейді. Ал Нәдірбек Қараксин өз жауабында: “Мен Бекболат туының астында болғаным жоқ, бірақ атылған мылтықтың дауысын естідім. Мең әскерлер келген күні ғана сарбаздар тобында болдым. Жайылмыс болысының тобырын Бекболат Әшекеев ұйымдастырды. Мен келген күні сарбаздар алдына жылқы айдап салып, әскерге қарсы соғыс ашпақ болды. Жігіттердің қолында сойылдан басқа ешнәрсе болған жоқ. Мылтық ұстаған адамды көргенім жоқ. Адам көп еді, дегенмен топ ішінде Дүйсебек Қасымбековты ғана көрдім. Өзгелерден кімді көргенім есімде қалмапты. № 7,8,9 ауылдардың

<sup>48</sup> Сонда, 49-55-б.

<sup>49</sup> Алматы облыстық архив қоры №76, 510 іс. 448-б.

азаматтарын басқарған халық соты Кәрібай Аламанов және Байғазы Мәмбетовтар деп естідім”<sup>50</sup>, – дейді.

Бір айта кететін жәйт: осы жауаптардың көпшілік біле бермейтін бір сыры бар. Ол – көтеріліс басшыларын қамауға алғанда, Бекболат барлық айыпты өз мойнына алатын болып келісіп, басқалардың босануына жағдай жасамақ болады. Елі үшін басын өлімге тіккен батырдың бұл ерлігін белгісіз акын оның өз аузынан айтқызады:

Ел-жұртым, аман болғын, айтқан сөзім,

Құрбаңдық бөрің үшін жалғыз өзім.

Бір жыл ма, жарты жыл ма менен кейін,

Мұның да айналдырар біреу өзін!<sup>51</sup>

Сонғы жылдары Бекболат Әшекеевтің сол 1916 жылғы көтерілісті ұйымдастырудағы жана бір қырларын ашатын дастандар табылып отыр. Соның бір елеулі де көркем нұсқасы сарыжаздық акын Қабылбек Сауранбаевтың “Ұзақ батыр немесе Бекболат Әшекеевтің үндеу хаты арқылы Албан, қырғыздың қатысуымен болған көтеріліс”<sup>52</sup>, – деп аталады. Дастанның авторы Қ.Сауранбаев – 1916 жылғы көтеріліске қатысып, сол оқиғаларды көзбен көрген адам.

Жыр 25 маусым жарлығынан кейінгі Жаркент уезі, Қарқара төңірегіндегі Албан казактары Саурықұлы Ұзақ батырды басшы сайлап, өз ара кенесіп, көршілес Дулат, Сарыүйсін, Шапырашты рулары мен канаттас қырғыз еліне де арнайы кісі жібереді. Олардан жауап күтіп отырғанда, Бекболат Әшекеевтің бірігу туралы үндеу хатын алып, Тайлак Бекбасов деген жігіт келеді. Бекболат бұл хатында патша өкіметінің отарлау, қанау саясатын бағыл әшкерелеп, мұндай қорлықтан құтылу үшін, ашық күреске, өз ара бірігіп жаппай көтерілуге шақырады. Сол 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің сыр-сипатын ашуға көмектесетін бұл үндеу хаттың мазмұны төмендегіше:

“Суан, Дулат інісі, Албан аға,

Тарайды ұлы жүзден қанша бала.

Үш жүздің баласымен кеңес алмай,

Жарлық тығыз ұлықтан амал бар ма?

Тендікті басқа жұртпен бірдей ет деп,

Приговор ұсынындар падишаға.

<sup>50</sup> Сонда, 397-б.

<sup>51</sup> Оң алтыншы жыл. А., 1936. 45-б.

<sup>52</sup> М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қоры №2043, №340 бума. 4-9 дәптер.

Жерге ерікті право бірдей болсын,

Қамамай халқымызды тау мен тасқа!

Мектеп ашып оқытсын бала-шаға,

Право тең келеді сонда ғана.

Болмаса жайылған мал қолында тұр,

Қанша алса қарсылық жоқ падишаға! –

дей келіп, хат жазған бауырыңыз Бекболат Әшекееұлы. Тілекті бермеген күнде, қарулы көтеріліске шақырамын. 1916 жыл, маусым айының 29-да, Жерқонырда”<sup>53</sup>, – депті.

Хатты оқып қайраты тасқан Қарқара елі Ұзақ батыр бастауымен соғысқа қызу дайындала бастады. Не істерін білмей дағдарып отырған жұрт бір серпіліп, жігеріне жігер қосады. Осы жәйгіті акын:

Осы кезде Бекболаттың хаты келді,

Хатпен келген жігітті көзі көрді.

Негізі бұл хабардың өте жақсы,

Қайратқа келтірді ғой дүйім елді!<sup>54</sup> –

деп сипаттайды.

Дастандағы оқиғалар жүйесінің М.Әуезовтің “Қилы заман” повесіне де арқау болғаны мәлім. Рас, аталған повесте халық өкілдері Ұзақ, Жәменке, Серікбай, Тұрлықожа, Әубәкірдің, сондай-ақ әкімшілік өкілдері Ақжелке, Рақымбайлардың жинақталып сомдалған көркем бейнелерін көреміз. Осы бейнелер Қ.Сауранбаев дастанында да бар. Бұл жәйттардың ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет туындыларының бірлігі мен айырмашылықтарын ашып тануға септігін тигізері де сөзсіз.

Дастан мен повесте сипатталатын Ұзақ батыр бейнесі өте күрделі. Соны пайдаланып И.Лиханов деген жазушы “Манап” атты драма жазып, сол арқылы батырды мейлінше қатал, ұры, өз қызын өзі өлтірген қара ниет жауыз етіп сипаттамақ болады. “Манап” драмасы “Айқап” журналында түгел басылып шыққан соң, С.Сейфуллин “Манап” драмасы туралы” атты сын мақала жариялады. Мұнда автор драманың әдейі бұрмаланған, жасандылығын тап басып көрсетіп дұрыс сынады. И.Лихановтың драмасында Ұзақты өз қызын өзі өлтірді деген айыпқа орай М.Әуезов “Қилы заман” повесінде былай деп жазалы: “Бүгін сол ертеде өткен сұмдық күні жаңа ғана болып өткендей ерекше ауырлықпен қайтадан келіп, қан жүрегің қаптай басқандай болды. Бәкей – Ұзақ батырдың өзінен туған баласы. Екі-үш ұлдың

<sup>53</sup> Сонда, 4 дәптер. 8-б.

<sup>54</sup> Сонда, 9-б.

ортасындағы жалғыз сұлу қыз еді. Бар баласының ішінде одан ыстық, одан қымбат болған тумасы жоқ еді. Әдетше Бөкейдің жас күнінен атастырған күйеуі бар еді. Ол Албан ішіндегі малмен бірге мал боп өрген бір сасық байдың өнерсіз, топас баласы болатын. Сондықтан Бөкей сұлу өскен ұясына кош айтып, жүрек жарымен қашып еді. Ұзақ қуып кетті... Қызын үйіне әкелген соң, қанаты сынған торғайдай өлеусіреп сөніп бара жатқан баласына қарап, Ұзақ та әке жүрегі оянғандай ашуы басылып, махаббат тілі қайта оянып, жаны жылынғандай еді... Бірақ сол кезде тыннан шыққан өрттей, ашық күнде күркіреп жауған өткіншідей жалған ашу, жалған намыс иесі болып осы Тұнқатар мен Қожамберді шықты. Тұнқатарлар Ұзақ үйде жоқта ауылды қаптап басып алып, Бөкейдің өзі туып өскен үлкен үйінің ішінде үлкен жауыздық істеді. Зар жылап, тұла бойынан қан ақтарылып талып қалған шешесінің көзінше үлкен үйдің шаңырағына Бөкейді асып өлтірді<sup>55</sup>. Бұл И.Лиханов драмасындағы оқиғаның жалғандығы мен жасандығын танытса керек.

Қ.Сауранбаев дастанындағы келесі бір ерекше тұла Тайлак батыр бейнесі дер едік. Ол көтеріліс басшысы Ұзақ ұсталып кеткен соң, бүкіл жауапкершілікті өз мойнына алады. Тайлак – Сібірге жер аударылып көпті көрген, он мен солғын танитын сауатты жігіт. Патшадан жақсылық күтуге болмайтынына көзі жеткен ол соңына ерген сарбаздарымен Ұзақ отырған қаланы босатып, көтеріліс басшысын құтқаруға бел байлайды. Батырдың сол қалаға шабуылы тұсындағы ерлігін ақын төмендегіше сипаттайды:

Қалаға ат қояды “Райымбек” деп,  
Бірінен-бірі қалмай жиналған көп.  
Қайтпайды пулеметпен қырса-дағы,  
Кіреді бір жағынан Тайлак ер кеп.  
Орауыз аты ойнақтап,  
Көшенің кірді шетінен.  
Батыр туған Ер Тайлак  
Қайтпайды қорқып бетінен.  
Босатам деп Ұзақты  
“Қайтпайтын ер деп сертінін”.  
Қашып берді көп солдат  
Батырдың қорқып кейпінен.  
Апумен көзі қызарды,  
Ұзақтардың дертінен!<sup>56</sup>

<sup>55</sup> М. Әуезов. Қилы заман. А., 1975. 41-43-б.

<sup>56</sup> М.О. Әуезов атындағы Әлебиет және өнер институтының қоры №2043, №340-бума. 4-9 дәптер.

Алайда батыр соңғы бір шешуші айкаста жау оғынан мерт болады. Жастар майдан жұмысына жөнелтіледі.

Көтеріліс жеңіліс тапқаннан кейін қолға түскен қолбасшы-батырлардың сотқағы батыл жауаптары мен қайсарлығын асқақ жырлау – Жетісу ақындарында белгілі бір дәстүрге айналған, бұған “Бекболат” дастанындағы үрдіс себеп болғанға ұқсайды. Ақын Есдәулет Қандекөв өзінің “Әли батыр” атты дастанында сол 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің жалынды басшыларының бірі Әлидің сотқағы батыл да өткір жауаптарын асқақтап жырлайды. Әли – Қордайда туған асыл азамат. 25 маусым жарлығы шыққанда, оған қарсы халық жасақтарын басқарып, азаттық үшін алысады. Кейін өзі келіп беріліп, соғта халық мүддесін қорғап, әділетсіздіктің шығу себептерін ашып сөз сөйлейді. Әлидің көзсіз ерліктерін Кенен Әзірбаев та жырлап, халық ұлының өнегелі істерін мақтан тұтқан.

Халық ақындарының Кенес өкіметі жылдары жырлаған бір топ дастандарында /К.Әзірбаевтың “Қырғызбай”, “Әли батыр”, Н.Байғаниннің “Өрістеген өмір”, С.Керімбековтың “Өшкен жанды”, “Бес мылтық”, Ә.Сариевтің “Алатау майданы”, т.б./ оқиға өрісі 1916 жылғы көтерілістен бастау алса да, басты түйін 1917 жылғы Қазан революциясының жеңістерін жырлаумен аяқталады. Сол себепті бұларда мазмұн ұқсастықтары ұшырасады.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің маңызды бір ошағы – Торғай қозғалысы болды. Мұнда 25 маусым жарлығына қарсы көтерілген халық Әбдіғалар /қыпшақтар/ мен Оспанды /арғындар/ хан сайлап, бас сардарлары етіп Аманкелді мен Кейкіні сайлайды. Алайда осы көтерілістің алғашқы басшыларының қозғалысты ұйымдастыру жөніндегі сан алуан істері “хан” деген айыппен әділ бағаланбай, теріс түсіндіріліп келді. Бұл мәселе еліміздің тәуелсіздік алуынан кейін ғана өзінің дұрыс бағасын алып отыр.

Сол жылғы көтерілісті басқару тарихынан Аманкелді Имановтың алатын орны айрықша. Ол патша өкіметінің сол жылғы маусым жарлығына қарсы көтерілген халықты басқарып, екі-үш жыл бойы үздіксіз күрес жүргізді. Әлденеше рет патшаның қарулы әскеріне қарсы күресте көзсіз ерліктер жасайды. Аманкелдінің жөне оның үзентілес серіктерінің үлгілі істері сол сарбаздар сапында болған Омар, Сәт, Күлері тәрізді ақындардың ақын-толғауларында кеңінен сипатталып, лайықты бағасын алды. Рас, бұл топтағы ақындар Аманкелдінің ерліктері мен іс-әрекеттерін кең пайдаланды, алайда Кенес өкіметінің ұстанған саясатына сәйкес көтерілістің сыр-сипатын таптық күрес тұрғысында жырлауға мәжбүр болды. Соның нәтижесінде сан қилы бұрмалаушылықтарға жол берілді.

О.Шипиннің “Аманкелдінің айбаты”, Күлерінің “Ер тулы”, Ә.Құндызбаевтың “Аманкелді”, Сәттің “Маусым жарлығы”;

Т.Есенжоловтың “Жабыдан туған тулпарым”, С.Онайбековтың “Батыр”, “Тағырда”, “Күйік көлдің басында” /авторы белгісіз/ жырларында Аманкелдіні дәстүрлі бағырлар жырының үлгісімен ерте есейіп ер жеткен, самсаған сары қолды бір өзі жайпайтын ер тұрғысында сипаттайды. Бұдан өзге сипатта бейнеленуі мүмкін де емес еді. Дегенмен, Аманкелді үнемі солай суреттеле бермейді. Мәселен, Күдері Жолдыбайұлының “Аманкелдінің Торғайды алғаны” атты жырында ол көзсіз ерліктің адамы емес, қайта алды-артын ойлайтын, жағдайға қарап іс етегін басшы болып сипатталады. Торғай қаласына шабуыл жасаған кезде батыр қорғаушылардың жай-жағдайын алдын-ала біліп, соған қарай іс қылады. Айталық, көтерілісшілердің шабуылына тойтарыс беруге дайындалған жауды бірден алуға болмайтынын түсінген ол алғаш рет өрт қойғызып үрейлендіруді ойластырады. Аманкелдінің осы әрекеттерін ақын:

Үш түйлігіп, үш барып,  
Сегіз кісі шығарып,  
Ала алмалы қалғанды.  
Көтеріліс данқымен,  
Түйініп қала қалғанда,  
Қазарма мен қазначей  
Осында жиған бар жанлы.  
Басқа үйлер қалған иесіз,  
Төрт жерге солдаг түйініп,  
Бекініп өблен алғаны<sup>57</sup>, –

деп бейнелейді. Ал, “Қамаллы бұзған қаһарман” атты халықтық жырда да Аманкелді жана дәуірдің саналы қолбасшысы екені айқын аңғарылады:

Аманкелді алдында,  
Айнала өрлеп қаланы,  
Құн батқанша қамалы.  
Тарамаса осы құн  
Алатын білді шаманы!

О.Шипиннің “Аманкелді”, С.Есенбаевтың “Ер Аманкелді”, Н.Ахметбековтың “Аманкелді дастаны” атты туындыларында батырдың өмірі жана бір қырынан алынып, эпикалық сипатта жырланады. Бұлардағы басты бір ерекшелік: жазба әдебиетке тән суреттеу тәсілдері мен табиғат көріністерін ағастыра беру дер елік.

<sup>57</sup> Он алтыншы жыл. А., 1936, 24-б.

1916 жылғы ел басына түскен ауырталық, азапты ағалған үш ақынның қалай қабылдап, қай дәрежеде сезінгенін аңғару үшін мына бір салыстыруларға назар аударып көрелік. Мәселен, О.Шипин халық басынан кешкен ауырталықты:

Аспанды кара бұлт басып,  
Күн қабағы түйілді.  
Жылқы әкәтп желісін,  
Қой көгені қиылды.

Қара бұлтты қақ жара  
Шатырлады нажағай.  
Оқ жыландай ысқырып,  
Ел ішіне түсті жай<sup>58</sup> –

деп сипаттаса, Сәт ақын:

Ай, жұлдыздар дiрiлдеп,  
Жылағандай еңреп.  
Дүние тулап теңселіп,  
Теңіздер суын шайқасты.  
Мал мен жанның барлығы  
Үрейі қашып шуласты!<sup>59</sup> –

деп бейнелейді. Ал, Нұрқан ақын:

Күн мұнартып тұнжырап, жел буылып,  
Құйын тұрып түйіліп, шанды үйіріп.  
Сары даланы басқандай сары уайым,  
Бір уысқа сыйғандай жер жиылып.

Өңінде көрді сұмдық, түс көрмей-ақ,  
Ұрынды ел улы сусын ішкендей-ақ  
Өртенді ел уайымның ошағында,  
Жарқ етіп төбеден жай түскендей-ақ!<sup>60</sup> –

деп суреттейді. Осының өзінен-ақ дәстүрлі халық ақындарына жазба әдебиеттің әсер-ықпалының моллығын аңғаруға болады дей аламыз.

1916 жылғы көтеріліске байланысты туған поэзия әдебиетімізге соны леп, жана мазмұн ала келді. Халық ауыз әдебиетінде ертеден айтылып жүрген мақал, мәтел, идиомалық тіркестер өмір

<sup>58</sup> О. Шипин. Аманкелді. А., 1942, 77-б.

<sup>59</sup> Орталық ғылыми кітапхана қоры №743, 129-б.

<sup>60</sup> Н. Ахметбеков. Аманкелді дастаны. А., 1951, 79-б.

талабына орай нақтыланып ұшала түсті. Айтапық, “Жігері күм болды”, “Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып”, “Қабағына қар қатып, кірпігіне мұз тұрып”, “Көздің жасы көл болып”, “Аш күзендей бүгіліп”, “Шыбын жаннан түңіліп” секілді тіркестер енді “Жігерін жерге ендіріп”, “Сөз шығарып бір жерден, қол шығарып бір жеңнен”, “Қабағына қар тұрып, мұртына мұз”, “Көздің жасы көл болды”, “Аш күзендей бүгілдік”, “Шыбын жаннан түңілдік” болып түрленді.

Осы оқинаны суреттеуге орай жанадан туған мақал, мәтел іспеттес қанатты сөздер де мол. Мәселен, “Не тағдырға көну бар, не ерлікпен өлу бар” (Жамбыл), “Берейін лесе түгі жоқ, бермейін десе күні жоқ” (“Сарыарқаның сарыны”), “Айдау көріп мал азды, ұйқысы кетіп жан азды” (Күдері), “Мындар жылап сол кезде біреу күлді” (“Бекболат” дастаны) тәрізді жолдар сол кездің нақты көрінісін көз алдына келтіреді.

Ендігі бір соны сипат майдан артындағы қара жұмыстарда жүрген жігіттердің жырларында қолданған техника тегіктері туралы болып келеді. Олар бұл атауларды көбінесе өз тілімізде бар сөздермен түсіндіруге талаптанады. Айталық паровозды “от арба”, “қара айғыр”, “қызыл арба” деп, ал, аэропланды “жел арба”, “желқайық” деп, электрді “құбылған шам”, противогазды “қалбыр резенке”, ракетаны “жағылған от” деп сипаттайды.

Бұлардан тыс халық поэзиясы мазмұндық жаналықтармен қатар, жанрлық ерекшеліктерімен де толыса түсті. Бұрын әдебиетімізде жоққа тән үндеу, үгіт жырларының тууы, майданнан хат, күнделік жырларының пайда болуы поэзиямыздың түр мен мазмұн жағынан байып марқая түсуіне жағдай жасады. Майдан суреттемелерін берудің өзі де әдебиетіміз үшін елеулі құбылыс болды. Мұның бәрі жырларымыздың кемелденіп, көркемдік тәсілдерді игеруіне жол салды.

## XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ АҚЫН- ЖАЗУШЫЛАРДЫҢ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫСҚАША БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Қазақ әдебиеті тарихының алтыншы томының қосымшасына XX ғасырдың басында өмір сүрген ақын-жазушылардың қолжазбалық мұраларының ғылыми сипаттамасы мен жарыққа шыққан жинақтары, сондай-ақ олар туралы жазылған зерттеулердің библиографиялық көрсеткіштері жүйеленді.

Қазақ ауыз әдебиетіне, соның ішінде халық ақындарының мұраларына көңіл бөлініп, оны хатқа түсіру шаралары XVIII ғасырдың екінші жартысынан белең алды. Бұл кезеңде жиналған мұралар түрлі мақсат-мүдделерге байланысты болды. Олардың алғашқылары қазақтың иен даласына көз тігіп, оның тәуелсіздігіне нұқсан келтіргісі келген жағ жұртықтардың өкілдері еді. Бұл ретте, халқымыздың фольклорын, этнографиясын жинауды желеу етіп, Қазақстанның батысы мен солтүстігіне келуді жиілеткен Ресейдің барлаушы әскери экспедицияларын басқарған П.С.Паллас, Н.П.Рычков, И.И.Георгий, М.Назаров, Г.Мейендров, Александр фон Гумбольд, А.Полубев, т.б. саяхатшы-жиһангерлердің ағы-жөнін атаған орынды. Олар халық қазынасын арнайы жинауды мұрағат тұтпаған. Рухани қазыналардың өз қожайындарының талсырмасына қатыстысын ғана жиыстырып, әскери мүддеге айғақ ретінде қағазға түсірген.

Екінші топты халық мәдениетіне қатысты жәдігерлерді арнайы жинап, ғылыми-зерттеу нысанына айналдыруды мақсат еткен шынайы пиғылдағы В.В.Радлов, И.Н.Березин, Г.Н.Потанин, А.Е.Алекторов, Н.Н.Пантусов, А.Н.Харузин, П.М.Мелиоранский, В.В.Бартольд, Ә.Диваев сынды орыстың оқымысты зиялылары толықтырады. Олар алғаш рет жиналған материалдарға ғылыми тұрғыдан зейін қойып, жанрлық ерекшеліктеріне байланысты жүйелеудің, сұрыптаудың негізін салды. Әр туындының көпнұсқалық ерекшеліктеріне ден қойды. Кей мәтіндерді орыс

тіліне тәржімалап, жариялап, насихаттап отырғандықтан, олардың танылу аясы кеңі түсті. Осы бағытқа қазақтың тіл білегін, сауатты азаматтарын да араластырды. Дегенмен, бұл топтың да өзіндік кем-кетік тұстары аз болмады. Атап айтқанда, олар қазақ тілін жетік білмегендіктен мәтіндердің мазмұнын, көркемдік қуатын, көпқырлы синкреттік қасиетін терең түсіне алмады. Сондықтан ұшан-теңіз халық мұрасын жаппай хатқа түсіруге мүмкіндік болмады.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде ел ішінен де белсенді жинаушылар шыға бастады. Олардың қатары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, С.Бабажанов, Б.Дауылбаев, С.Шорманов, Х.Ғали, М.Көпеев, Ж.Шайхисламұлы, Ү.Толыбеков, А.Сабалұлы, М.Тынышлықұлы, Ораз молда, Ш.Білтебайұлы, Қ.Байғұлулы, А.Үлмжіулы, Е.Есенжолов т.б. секілді ұлт азаматтарының есімімен жалғаса береді. Бұлардың алдыңғы жинаушылардан өзгешелігі — халық шығармаларын тарихи танымдық, идеялық-көркемдік қасиеттеріне, жанрлық ерекшеліктеріне, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге байланыстыра ұғынуында. Сондықтан да бұл кезеңде жиналған халық мұраларының маңызы айырықша зор. Алайда, аз ғана топтың жинаушылық қызметі қазақ даласының төрт құбыласын түгел қамти алмады. Дегенмен, бұлардың белсенділігі XX ғасырдың алғашқы ширегінде арта түсті. Себебі осы тұста қазақ халқының рухани қазыналары баспа жүзінде жарияланып, кең түрде насихаттала бастады. Аталған азаматтар халық әдебиеті үлгілерін жинап, жүйелеп, кейбірін қайта жырлап Қазан, Уфа, сондай-ақ Қазақстанға шектесіп жатқан Ресей қалаларында жеке кітап ретінде, болмаса “Айқап”, “Қазақ”, “Қазақстан”, т.б. қазақтың төл басылымдарында жариялады.

Сонымен қатар, ел ішінде оқығандар молайып, Шоқандар сүрлеу салған қазақ жазба әдебиеті қалыптасуына байланысты көркем әдебиеттің түрлі жанрларында жазылған шығармалар жоғарыда аталған қазақ басылымдарында жиі басылды. Көптеген авторлардың жеке жинақтары баспа бетін көріп, тіпті, біртіндеп әдеби сын көрініс бере бастады.

Осы кезеңде А.Құнанбайұлының, Ш.Құдайбердіұлының, А.Байтұрсынұлының, М.Дулаговтың, М.Жұмабаевтың, С.Дөнентаевтың, М.Ж.Көпеевтің, С.Көбеевтің, М.Кәшімовтың, Т.Жомартбаевтың, К.Төгісовтың, М.Қалтаевтың, т.б. ондаған ақын-жазушылардың туындылары жарыққа шығып, қазақ әдебиетін үлкен бір белеске көтерді.

Халық ақындары туындыларының шын мәнінде жүйелі түрде жиналуын кенес дәуірімен байланыстыруға болады. Жинау жүйелеу, сактау, жариялау, зерттеу шаралары бір ғылыми орталыққа

шоғырланып, ұлттық қолжазба қорларын ашуға мүмкіндік туды. Ә.Диваевтің 1920 жылғы кешенді экспедициясы мен 1998 жылғы Ұлттық Ғылым академиясы тарапынан ұйымдастырылған фронтальді [тұтас жинау] фольклорлық-этнографиялық экспедицияның арасында Қазақстанның түкпір-түкпіріне, Орта Азия елдеріне, Мәскеу, Ленинград, Қазан, Уфа, Омбы, т.б. қалаларға арнайы жинаушы топтар аттанып отырды. Бұлардың ішінен А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамбетұлы, І.Жансүгірулы, С.Сейфуллаұлы, Ә.Марғұлан, Е.Ысмайылов, Ә.Қоңыратбаев, С.Қасқабасов, М.Мағауин, М.Ғұмарова, Т.Бекхожина, Ү.Сұбханбердина, Б.Адамбаев, М.Байділдаев, М.Шафиғи сияқты көптеген маманданған, кәсіби мәтінтанушы-жинаушыларды атап өтуге болады. Олар өздеріне дейінгі осы салада жинақталған тәжірибелерден тәлім алды және қазіргі кезеңнің ең озық әдіс-тәсілдеріне арқа сүйеді. Мұнан өзге Қазақстанның барлық өңірлерінде қоғамдық тұрғыда жинаушылар белгіленіп, олар Қазақстан Республикасы ҰҒА-сы тарапынан қаржыландырылып отырды. Кенес өкіметінің осындай іс-шаралары өз жемісін беріп, хатқа түскен мұралар фольклорлық қордың 90 пайызын құрады.

Алайда, қазақ фольклоршыларына қол байлау болып, шешімін таппаған көкейкесті мәселелер де баршылық еді. Мұның басты себебі: әр қилы нәубеттерден қазақтың үштен бірінің көз жұмып, ұлт ретінде селдіреуі; халқымыздың ұзақ жылдар біржақты саяси-идеологияның қыспағына түсіп, біртұтас ұлттың бірнеше бөлікке ыдырап, шекералас мемлекеттерге лажсыз қоныс аударуы және соның кесірінен этностардың арасындағы байланыстың үзілуі; жалпай сауаттануға байланысты жазба мәдениеттің өркендеуі; таптық көзқарастарға байланысты ауыз әдебиеті өкілдерін жікке бөшектеу; салт-дәстүрге, дінге қатысты шығармаларды қоғамнан алшақтау, т.б.

Осының бәрі дәстүрлі рухани-мәдени жалғастықты әлсіретіп, ауыз әдебиетінің халықтық сипаты үзілді. Оларды жеткізуші әлеуметтік типтердің қағары сиреп, ұлттың фольклорлық жалды көмескі тартты. Міне, кейінгі жинаушылардың алдын кесекөздене тұрған толықты мәселелер осылар.

Әсіресе, жоғарыда көрсетілген Алаш көрнектілері еңбектерінің қолжазбалары бүгінгі күнге жетпей, белгісіз күйде қалды. Осы орайда, XX ғасырдың 70-80 жылдары кеңестік саясаттың кедергісіне қарамай Шәкәрімнің мол қазынасын кейінгі ұрпаққа жеткізген ұлы А. Шәкәрімұлының, С.Қасиманұлының, Қ.Байғұлулы мен Е.Байболұлының; сондай-ақ С.Торайғыровтың; шығармаларын тірнектел жинаған Ш.Торайғыровтың; М.Сералиннің туындыларының сақталуына жанашырлық танытқан Б.Науқанұлының; Б.Күлеевтің еңбектерін көзінің

қарашығындай сақтап, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қорына тапсырған М.Бегімбетованың, Н.Орманбетұлының өлең, жырларын ақынның баласы Максұттың аузынан жазып алған ағайынды Ахметұлы Тұрғанбек пен Нүркенін есімдерін ерекше атаған жөн. Ал С.Көбеев пен Т.Жомартбаевтың әдеби қорларда сақталған кейбір қолжазбаларында олардың жеке қолтаңбалары сақталған.

Ұсынылып отырған томда жеке сипаттама жазылып отырған ақын-жазушылардың М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорында сақталған қолжазбаларына байланысты мәліметтер толық көрсетілді. Сонымен бірге XX ғасырдың басында жасаған ақын-жазушылардың сол тұста жарияланған шығармалары мен Ел тәуелсіздігінен кейінгі жылдарда олар туралы жазылған толымды зерттеу еңбектердің қысқаша көрсеткіші берілді.

## ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ

(1858 – 1931)

### Жарияланған шығармалары

1. *Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз, казак һәм ханлар шежіресі. – Орынбор. Керимов–Хұсайыновтар мөбүғасы, 1911.*
2. *Құдайбердіұлы Ш. Казак айнасы. – Семей. Жәрдем, 1912.*
3. *Құдайбердіұлы Ш. Жолсыз жаза яки кез болған іс. – Семей. Жәрдем, 1912.*
4. *Құдайбердіұлы Ш. Қалқаман–Мамыр. – Семей. Жәрдем, 1912.*
5. *Құдайбердиев Ш. Пушкин А.С. Дубровский. – Семей. «Степная правда» һәм «Қазак тілі» баспасы, 1924.*
6. *Құдайбердіұлы Ш. Ләйлә-Мәжнүн. – Алматы. Қазақстан көркем әдебиет баспасы, 1935.*
7. *Құдайбердіұлы Ш. Жолсыз жаза. – Алматы. Жалын, 1988.*
8. *Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы. Жазушы, 1988.*
9. *Құдайбердіұлы Ш. Өлеңдері мен поэмалары. – Алматы. Рауан, 1990.*
10. *Құдайбердиев Ш. Аманат. – Алматы. Өнер, 1989.*
11. *Құдайбердиев Ш. Түрік, қырғыз, казак һәм ханлар шежіресі. – Алматы. «Қазақстан» және «Сана». 1991.*
12. *Құдайбердиев Ш. Үш анық. – Алматы. Қазақстан және Ғақлия ғылыми-әдеби орталығы. 1991.*
13. *Құдайбердиев Ш. Мұсылмандық шарты. – Алматы. «Қазақстан», «Мерей», «Ақиық», 1993.*
14. *Шәкәрім. Иманым. – Алматы. Арыс, 2000.*

## Шығармалары туралы зерттеулер мен ғылыми мақалалар

1. *Әбдіғазиев Б. Шәкәрім Құдайбердиев. Творчестволық өмірбаян. – Алматы. Республикалық оқу-әдістемелік кабинет, 1989.*
2. *Әбдіғазиев Б. Шәкәрімнің лирикалық шығармалары. – Алматы. Республикалық Баспа кабинеті, 1994.*
3. *Әбдіғазилуы Б. Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздері. – Алматы. Кенже-пресс. 2000.*
4. *Әбдіғазилуы Б. Шәкәрім поэзиясының көркемдік қайнары. – Қарағанды. Болашақ-Баспа, 2003.*
5. *Мұхаметханов Қ. Шәкәрім. // Қазақ әдебиеті. 1988, 15 сәуір.*
6. *Сәтбаева Ш. Шәкәрім Құдайбердіұлы. – Алматы. Ғылым, 1993.*
12. *Мағауин М. Абайдың інісі // Құдайбердіұлы Ш. Жолсыз жаза. – Алматы. Жалын, 1998.*

## Қолжазбалар қорындағы мұралары

### Ш. 13 (ӘӨИ)

Аталуы: Шәкәрім шығармалары.

Авторы: Шәкәрім (Шаһкәрім) Құдайбердіұлы.

Жинаушысы: М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының казак әдебиеті тарихы бөлімі.

Жазылған жылы, жері: 1900–1931 ж.ж. Семей облысы.

Бұл қолжазбада ақынның мына шығармалары сақталған:

1. «Жолсыз жаза, яки кез болған іс» (Самосуд или случайность). – «Еңлік–Кебек» – дастан.
2. «Қазак айнасы» (Семей, «Жәрдем» баспасы, 1912 ж. басылған) жинағына енген «Өзіме», «Жуандар», «Қорқак бай», «Бай мен қонақ», «Қайтқан шал», «Піскен мен шикі», «Бай мен кедей», «Қулар», «Абай өлген соң өзіме айтылған жыр», «Өмір», «Мал-жымақ», «Насихат», тағы да басқа өлеңдер.
3. «Хайуан мен ақымақтар», «Сәнқойлар», «Ызақорлар», «Еріншек», «Құмарлық», «Жан мен дене, әм көңіл», «Қалжыншыл қылжақбас», «Қаншар мен бөдене», «Боаяулы суыр», «Ақылшы торғай», «Қасқыр, түлкі, бөдене», «Талап пен ақыл» – мысалдар.
4. «Бәйшешек бақшасы» – ұзақ өлең, мағыналы, ойлы, сырлы сөзге жаталды.
5. «Атымтай туралы» – әңгіме.
6. «Естілерден қалған мәнді сөздер» – қара сөз.



7. «Қазақтың түп атасы кім?» – шежіре тарихты жыр қылған ұзақ сүрелі өлеңдер.

### Ш. 13 (ӘӨИ)

Аталуы: Нартайлақ пен Айсулудың әңгімесі.

Авторы: Шөкәрім Құдайбердіұлы.

Жинаушысы: М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қазақ әдебиеті тарихы бөлімі.

Жазылған жылы, жері: 1932 жыл, Семей облысы. Әдеби қорға кейін түскен.

### Ш. 404 (ӘӨИ)

Аталуы: Шөкәрім Құдайбердіұлының өлеңдері.

Авторы: Шөкәрім Құдайбердіұлы.

Жинаушысы: Қасиманов Садық (1902-1977). Ол Семей уезі, Шыңғыстау болысында (Қазіргі Семей облысы, Абай ауданы) туған. 1923-1960 жылдары мұғалім болып істеген. Ал 1960-1970 жылдар аралығында ол Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл білімі институтында ғылыми қызметкер. С. Қасиманов – ауыз әдебиетінің нағыз жанашыр жинаушыларының бірі, әрі өзі де ақындықпен айналысқан.

Жазылған жылы, жері: 1958 ж., Семей облысы.

Ш. Құдайбердіұлының ӘӨИ қорында сақталған кейбір қысқа өлеңдері:

1. 367п., 6-дәптер: Ш. Құдайбердіұлы. «Керекті керек білмеген». Жин. С. Қасиманов. Қазіргі қазақ әрпінде, 1961, 37-б.
2. 404 п., 3-дәптер: «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді». Жинаушы: 1958 жылғы Шығыс Қазақстан экспедициясының мүшесі Бекмұрат Уахатов. Айтушы: Боранбай ақын, Семей облысынан. Ол Бөкітай Есекевтен естіп жатпаған.

### Ш. 404 (ӘӨИ)

Аталуы: Наурыз жайындағы өлеңдері.

Авторы: Құдайбердіұлы Шөкәрім.

Жинаушысы: Шөкәрімұлы Ахат Құдайберді немересі. Ол 1900 жылы бұрынғы Семей уезі, Шыңғыстау болысында (қазіргі Семей облысы, Абай ауданында) туған. Семей қаласындағы мұғалімдер дайындайтын төрт жылдық мектепті бітіргеннен кейін көп жылдар бойы бала оқытқан. 1969 жылдан бастап Жидебайдағы Абай музейінде қызмет атқарған. Ахат 1986 жылы дүниеден өткен.

Жазылған жылы, жері: 1968ж., 21 май, Алматы қаласы.

Ахат жинаған шығармалардың тізімі:

1. Наурыз ұлыстың ұлы күні, жыл басы екен. Ол күні молшылық, мейрам-мереке болатыны, оның өзіне арналған жыр, тақпақтары

бары айтылған.

2. Қазақ пен ноғайдың айрылысуы жайында да сөз бар.
3. «Жылау күй» атты зар-күйдің сөзі келтірілген.
4. Марғасқа жыраудың Тұрсын ханға айтқаны.
5. Шөкәрім жинаған мақал-мәтелдер келтірілген. 8-19-б., онда 137 мақал қамтылған.

### Ш. 127 (ӘӨИ)

Аталуы: Қазақ айнасы.

Авторы: Шөкәрім Құдайбердіұлы.

Жинаушысы: Құдайқұл Құлмұқамбет Байғұлыұлы (1968-1918). Қазіргі Қостанай облысы, Таран ауданында туып өскен. Руы – қыпшақ, құдайқұл. Ол халық әдебиеті үлгілерін 1889 жылдан бастап ұқыпты түрде жинай бастаған. Бұл адамның өз қолымен қағазға түсірген қолжазбаларында шежіре, дастан, толғау, назым-нақылға, өлең, жұмбақ-тақпақ сияқты, т.б. ауыз әдебиетінің сан алуан жанрлары қамтылған. Қолжазба Асылбек Тәшбайұлы деген мұғалімнің қолына түскен, ол 1961 жылғы Қостанай экспедициясына табыс еткен. «Мен ол кісіні 1913 жылы көрдім, сонда ол 50 жаста еді», – дейді А. Тәшбайұлы.

Жазылған жылы, жері: 1918 ж., 6 ақпан, Таран ауданы, Қостанай облысы. Институт қорына 1961 ж. 13 қаңтар алынған. Осы қолжазбадағы өлеңдердің тізімі:

«Өзіме», «Көкіректе шер қаяу», «Жуандар», «Қорқақ бай», «Бай мен қонақ», «Қулар», «Партия адамдары», «Абай өткен соң өзіме», «Өлген көңіл, ыңдынсыз өмір», «Өмір», «Мал жимақ», «Насихат», «Өкінішті өмір», «Хайуан мен ақымақ», «Сәнқойлар», «Ызақорлар», «Еріншек», «Құмарлық», «Жан мен дене әм көңіл», «Қалжыңшыл қылжақбас», «Насихат сөздер», т.б.

### Ш. 1623 (ОҒЖ)

Аталуы: Мұтылған (ұмытылған) Қалқаман – Мамыр.

Авторы: Шөкәрім Құдайбердіұлы.

Жинаушысы: Есім Байболов (1909-1971). Көкшетау облысы, Шүбө ауданы, Бурабай селосынан. Алғаш Петропавл (бұрынғы Қызылжар) қаласында педтехникумды бітірген, кейін Алматыда пединститутта оқыған Ұлы Отан соғысының ардагері. Ол 1957 – 1966 жылдар аралығында Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасында библиограф болып, ал 1966 – 1971 жылдар қазақ-совет энциклопедиясында қызмет істеген. Біржан салдың, Үкілі Ыбырайдың, т.б. ақындардың өлең жинақтарын шығарысқан, ақын-жазушылардың шығармаларын, ауыз әдебиет үлгілерін көп жинаған. Шөкәрімнің бұл жинағы алғашында Құдайбайұлы Нөгербекте болған. Одан оның баласы Мұхтарға

(ол 1932 ж. Қайтыс болған), одан Сәкен Ахметжанұлына, одан Нұрқайыр Ысқақұлына ауысып, мұра болып сақталып келген. Е. Байболов бұл қолжазбаны Нұрқайыр Ысқақұлынан 1940 жылы алған.

**Жазылған жылы, жері.** 1922–1929 жылдар, Семей облысы. Фондына 1940 жылы түскен.

Осы қолжазбадағы Шөкәрім шығармалары:

1. «Қалқаман – Мамыр» дастаны.
2. «Қазақ айнасы» атты кітаптың көшірмесі.
3. Өзіме.
4. Жуандар.
5. Қорқақ бай.
6. Қайтқан шал.
7. Бай мен кедей.
8. Абай марқұм өткен соң, өзіме айтқан жырларым.
9. Өмір.
10. Хайуан мен ақымақтар.
11. Сәнқойлар.
12. Ызақорлар.
13. Еріншек.
14. Құмарлық.
15. Тойымсыз нәпсі, тұрақсыз дүние.
16. Ақылшы торғай.
17. Қасқыр, түлкі әм бедене.
18. «Еңлік – Кебек» дастаны.

### Ш. Құдайбердіұлының Орталық ғылыми кітапхана қорында сақтаулы кейбір сипаттама жазылмаған шығармалары

1. Қ. 1588 (ОҒК). Еңлік-Кебек. Жин. Күмісбек. Араб әрпінде. 1936 ж. 1-дәп. 1-27 б.
2. Қ. 1588 (ОҒК). Еңгілік-Кебек. Жин. Бекенов. Латын әрпінде. 1941 ж. 3-дәп. 1-12 б.
3. Қ. 1588 (ОҒК). Еңлік-Кебек (Жолсыз жаза). Жинаушысы белгісіз. Латын әрпінде. Түскен жылы белгісіз. 4-дәп. 1-13 б.
4. Қ. 1588 (ОҒК). Қалқаман-Мамыр. Жин. Рахимов Құсайын. Латын әрпінде. 1937 ж. 5-дәп. 1-13 бет
5. Қ. 1588 (ОҒК). Қалқаман-Мамыр. Жин. Өмірзақов. Латын әрпінде. 1941 ж. 6-дәп. 1-8 бет
6. Қ. 1588 (ОҒК). Қалқаман-Мамыр. Айтушы Ниязбеков Әміржан. Латын әрпінде. Жылы белгісіз. 7-дәп. 1-6 бет (7 бет).
7. Қ. 1588 (ОҒК). Қалқаман-Мамыр. Жинаған Мырзакан. Араб әрпінде. 1928 ж. 8 дәп. 1-11 б.

8. Қ. 1588 (ОҒК). а) Қалқаман-Мамыр. - 1-4 б.; ә) Хикаят Харун-Рашид. - 4-8 б. Жин. белгісіз. Араб әрпінде. 1914 ж. 9-дәп.

9. Қ. 1588 (ОҒК). Қалқаман-Мамыр. Жин. белгісіз. Араб әрпінде. 1927 ж. Фондына 1926 ж. түскен. 10-дәп. 1-15 б.

10. Қ. 1588 (ОҒК). Қалқаман-Мамыр. Жин. Ш. Қалмағамбетов. Араб әрпінде. 1940 ж. 11-дәп. 1-4 б.

11. Қ. 1588 (ОҒК). Қалқаман-Мамыр. 1914 жылдары қағазға түсірген Есенжолов Ерғали. Араб әрпінде. 1946 ж. түскен. 12-дәп. 1-13 б.

12. Қ. 1588 (ОҒК). Қалқаман-Мамыр. (Бас-аяғы жоқ). Жин. Ұйықбаев Иманбек. Қазіргі казак әрпінде. 1946 ж. 13-дәп. 1-6 б.

13. Қ. 1588 (ОҒК). Шөкәрім ақын өлендері.. Жин. Бежеев Мұратбек. Араб әрпінде. 1940 ж. 14-дәп. 1-2 б.

14. Қ. 1588 (ОҒК). Ақын Шөкәрім өлендері.. Жин. Өміржанов Әбдірахман. Латын әрпінде. 1941 ж. 15-дәп. 1-20 б.

15. Қ. 1588 (ОҒК). Ш. Құдайбердіұлы өлендері. Жинаушысы белгісіз. Араб әрпінде. 16-дәп. 1-109 б.

16. Қ. 1588 (ОҒК). Мұсылмандық кітабы. (1911 ж. қолжазба). 1933 ж. Берлин Есентайдан алынған. Араб әрпінде. 1933 ж. 17-дәп. 1-70 б.

17. Қ. 1605 (ОҒК). Әділ мен Мәрияның бір жылдық өмірі. Жинаушысы белгісіз. Араб әрпінде. 6-дәп. 1-42 б.

18. Қ. 1622 (ОҒК). Құдайбердіұлы Шөкәрімнің қолжазбасы. (Шөкәрім аудармалары). Жинаушысы белгісіз. Араб әрпінде.

19. Қ. 1623 (ОҒК). Құдайбердіев Шөкәрім өлендері. Қағазға түсірген Жандыбаев Рахым. Араб әрпінде. 1959 ж. 2-дәп. 1-85 б.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ (1873 –1937)

### Жарияланған шығармалары

1. *Байтұрсынұлы А.* Қазақша әліппе. – Орынбор, 1914.
2. *Байтұрсынұлы А.* Ер Сайын. – Москва, 1923.
3. *Байтұрсынұлы А.* Әдебиет танытқыш. – Қызыл-Орда, 1926.
4. *Байтұрсынұлы А.* Шығармалары. – Алматы. Жазушы, 1989.
5. *Байтұрсынұлы А.* Ақ жол. – Алматы. Жалын, 1991.
6. *Бес арыс // Ахмет Байтұрсынұлы.* – Алматы, 1992.
7. *Байтұрсынұлы А.* Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
8. *Байтұрсынұлы А.* Жоктау. Алматы, 1993.
9. *Байтұрсынұлы А.* Жан сөзімді кім түсінер? – Алматы: Қазақстан, 1994.

10. *Байтұрсынулы А. Жаңа низам.* – Алматы: Жеті жарты, 1996.
11. *Байтұрсынулы А. Әліп-бій.* – Алматы: Рауан, 1998.
12. *Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: Зерттеу мен өлеңдер.* – Алматы: Атамұра, 2003.
13. *Байтұрсынов А. Бес томдық шығармалар жинағы.* Алматы: Алаш, Т.1. 2003. Т.2. 2004. Т.3. 2005.

### Шығармалары туралы зерттеулер мен ғылыми мақалалар

1. *Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фonoлогиясы.* – Алматы: Ғылым, 1998.
2. Зауал: Мақалалар мен естеліктер. Алматы, 1991.
3. *Кәкішев Т. Ахаң туралы ақиқат.* – Алматы: Қазақстан-Шапағат, 1992.
4. *Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері.* – Алматы: Білім, 1995.
5. *Қойшыбаев Б. Жазықсыз жапа шеккендер.* – Алматы: Қазақстан, 1990.
6. *Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері. Саяси-құқықтық көзқарастың эволюциясы.* – Алматы: Атамұра, 1998.
7. *Мұхамметханов Қ. Абай мұрагерлері.* – Алматы: Атамұра, 1995.
8. *Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры.* – Астана: Күлтөгітін, 2002.
9. *Оразиев Ф. Қазақ әдебиетін зерттеушілер.* – Алматы: Рауан, 1991.
10. *Сәрсекеев Қ. Ұлт ұстазы немесе Алаштың Ахметі.* – Алматы: Гауһар, 2003.
11. *Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов.* – Алматы: Қаз ССР «Білім» қоғамы, 1990.
12. Ұлттың ұлы ұстазы: Халқымыздың көрнекті саяси қайраткері, ғалым, ағартушы А. Байтұрсыновқа арналады. Алматы, 2001.
13. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. (Қазан төңкерісіне дейінгі дәуір). – Алматы: Ғылым, 1994.

### СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ

(1893 – 1920)

#### Жарияланған шығармалары

1. *Торайғыров Сұлтанмахмұт. Шығармаларының толық жинағы.* А., 1933.

2. *Торайғыров Сұлтанмахмұт. Кедей.* – Алматы: ҚМББ, 1942.
3. *Торайғыров С. Аласқан Өмір.* – Алматы: ҚМББ, 1944.
4. *Торайғыров С. Таңдамалы шығармалары.* – Алматы: Қаз ССР Ғылым Академ. баспасы, 1950.
5. *Торайғыров С. Таңдамалы шығармалар.* – Алматы: ҚМКӘБ, 1957.
6. *Торайғыров С. Мағнасыз мешіт. Дін туралы шығармалары.* – Алматы: ҚМБ, 1958.
7. *Торайғыров С. Шығармалар. Екі томдық.* – Алматы: ҚМКӘБ, 1962.
8. *Торайғыров С. Арыстан мен тышқан. Өлеңдер.* – Алматы: Жазушы, 1971.
9. *Торайғыров С. Өлеңдер.* – Алматы: Жазушы, 1971.
10. *Торайғыров С. Сарыарқаның жанбыры.* – Алматы: Жазушы, 1987.
11. *Торайғыров С. Шығармалар жинағы: Екі томдық.* – Алматы: Ғылым, 1993.
12. *Торайғыров С. Қамар сұлу: Романдар, поэмалар, өлеңдер.* – Алматы: Атамұра, 2002.

### Шығармалары туралы зерттеулер мен ғылыми мақалалар

1. *Дүйсенбаев Ы. Сұлтанмахмұт Торайғыров.* – Алматы, 1967.
2. *Кенжебаев Б. Асау жүрек. Сұлтанмахмұт Торайғыров өмірінен әңгімелер.* – Алматы, 1968.
3. Сұлтанмахмұт Торайғыровты зерттеу, тану мәселесі. – Алматы, 1969.
4. *Кенжебаев Б. және Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров.* – Алматы, 1973.
5. *Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров.* – Алматы: Ғылым, 1992.
6. *Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы.* – Алматы: Санат, 1994.
7. Дәуір ақыны: Ұлы ақын, Сұлтанмахмұт Торайғыровқа арналады. – Алматы, 2002.
8. *Оразбек М. Ақындық тұлға табиғаты.* – Астана, Фолиант, 2002.

### Қолжазба қорындағы мұралары

#### Ш. 341 (ӘӨИ)

Аталуы: Сұлтанмахмұттың айтқаны.

Авторы: Сұлтанмахмұт Торайғыров. 1893 ж., 23 қазан күні қазіргі

Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Әкесі Шокпыт (шын аты Әубәкір) момын кедей адам болған. Сұлтанмахмұт 1912 жылдары Троицкіде оқыған. Біраз уақыт ауылда мұғалім болып, 1914 жылдары «Айқап» журналында істеген. «Қамар сұлу» романын осы кезде жазған. Ақын артына мол мұра қалдырған. 1920 жылы қайтыс болған.

**Жинаушысы:** Әминов Нұғыман. Ол туралы мәліметті ілгеріден қараныз.

**Жазылған жылы, жері:** 1956 ж., август, Павлодар облысы, Құйбышев ауданы.

### Ш. 367 (ӘӨИ)

**Аталуы:** Кедейлер қалай болды көрген күнің.

**Авторы:** Сұлтанмахмұт Торайғыров.

**Жинаушысы:** Қасиманов Салық.

**Жазылған жылы, жері:** 1954–1956 жылдар, Семей облысы.

### Ш. 367 (ӘӨИ)

**Аталуы:** Түсімде (өпен, жыр); Сұлтанмахмұт туралы деректер.

**Авторы:** Сұлтанмахмұт Торайғыров.

**Жинаушысы:** Салық Қасиманов.

**Жазылған жылы, жері:** 1919 жылдан бұрын Шығыс Қазақстан облысында жазылған тәртізді. Өйткені көп жылдар Самар ауданы, Көкжыра ауылында сақталған. 1955 жылы фотоға түсірілген.

Осы бумада кездесетін ақынның өлеңдері:

1. «Жарқынның мұнын қай екпін» (Мұқашқа арнағаны). Айтушы Айтбай, Жин. Жақыпбаев Бозтай, 1955 ж.

2. «Құрбан айты болғанда». Айтушы Жолдинов Жүсіпбек. Жин. Ысқақов Балташ, 1969 ж.

### Ш. 655 (ӘӨИ)

**Аталуы:** Балалық жасым өтесің (өлеңдер).

**Авторы:** Сұлтанмахмұт Торайғыров.

**Жинаушысы:** Жамалқожа Әлқожаұлы. Ақынның бала жастан бірте өскен құрбысы. Баянауылда туып-өскен, руы Сүйіндік, оның ішінше Қаржас.

**Жазылған жылы, жері:** 1946., сәуір, Павлодар қаласы.

Сұлтанмахмұттың сипаттама жазылмаған шығармалары:

1. 652 (ОҒК). 1949 жылы бастаға әзірлеген «Тандамалы шығармалары», 3 дана, 610 б. (М. Ғабдуллин, Б. Шалабаевтардың осы жинаққа жазған рецензиялары бар).

2. 1585 (ОҒК). Есенгелдин Қоқаш қажының «Ата-бала турасындағы сөздер, аңыздар» атты дәптерінде Сұлтанмахмұт өлеңі кездеседі. 1921 жылдары жазылған. 1956 жылы тапсырған С.

Қасиманов.

3. 655 (ОҒК). «Ақ сәуле алтын жүзді күндыз кабак», «Қазір де құлағымда шеккен зарын» атты өлеңдері Айманов Кенжетай естелігінде кездеседі, 2-дәптер.

4. 1176 (ОҒК). Жүсіп Көпеев жинаған Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өлеңдері кездеседі, араб әрпінде.

5. 1079 (ОҒК). Сұлтанмахмұт турасындағы материалдар. Жин.

Шәймерден Торайғыров. 656 б., м/ж.

6. 298 (ОҒК). Сұлтанмахмұттың мысалдары – 59–60-б. Жин.

Шәймерден Торайғыров, 1948.

7. 654 (ОҒК). Сұлтанмахмұт шығармалары. 1 толық жинақ., м/ж., 294 б.

8. 1132 (ОҒК). Сұлтанмахмұт. Жылқышының жыры, м/ж (232–243-б.).

9. 1585 (ОҒК). Торайғыров Сұлтанмахмұт (1–23-б.), тап. С. Қасиманов.

## СӘБИТ ДӨНЕНТАЕВ

(1894 – 1933)

### Жарияланған шығармалары

1. *Дөнентаев С.* Өлеңдер. – Алматы: ҚКӘБ, 1950.
2. *Дөнентаев С.* Өлеңдер. – Алматы: Мектеп, 1989.
3. *Дөнентаев С.* Уақ-түйек. – Уфа: Шарқ мөтбағасы, 1915.
4. *Дөнентаев С.* Ұрпағыма айтарым. – Алматы: Жазушы, 1989.
5. *Дөнентаев С.* Шығармалар. – Алматы: ҚКӘБ, 1957.
6. *Дөнентайұлы С.* Өлеңдері. – Алматы: ҚКӘБ, 1935.

### Шығармалары туралы зерттеулер мен ғылыми мақалалар

1. *Кенжебаев Б.* Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. – Алматы: Қазмембас, 1958.
2. *Кенжебаев Б.* XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1976.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-том, 2-кітап. – Алматы: Ғылым, 1965.
4. *Қоңыратбаев Ә.* Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1994.
5. *Ысқақов Б.* Сәбит Дөнентаевтың ақындық жолы. Алматы, 1966.

**МІРЖАҚЫШ ДУЛАТОВ**

(1885 – 1935)

**Жарияланған шығармалары**

1. Дулатов М. Азамат. – Қазан: Электротип. Маариф, 1914.
2. Дулатов М. Оян, Қазақ. – Оренбург: Тип, газ. Вакт., 1911.
3. Дулатов М. Оян, Қазақ. – Уфа: Тип. Восточная печать, 1910.
4. Дулатұлы М. Оян, Қазақ. – Алматы: Алтын Орда, 1991.
5. Дулатов М. Бақытсыз жамал. – Қазан: Кәрімовтер басп., 1914.
6. Дулатов М. Шығамалары. – Алматы: Жазушы, 1991.
7. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1996.
8. Дулатұлы М. Шығармалар жинағы. 5 томдық. – Алматы: Мектеп, 2002.

**Шығармалары туралы зерттеулер мен ғылыми мақалалар**

1. Әлім К. Мұнды сапар. – Алматы: Ана тілі, 1997.
2. Бес арыс. Алматы, 1992.
3. Мұхамедханов К. Абай мұрагерлері. – Алматы: Атамұра, 1995.
4. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана, Күлтегін, 2002.
5. Елім деп соққан ұлы жүрек. Алматы, 2002.

**ҒҰМАР ҚАРАШ**

(1875 – 1921)

**Жарияланған шығармалары**

1. Қарашев Ғ. Ойға келген пікірлерім. Орынбор, 1910.
2. Қарашұғлы Ғ. Аға тұлпар. – Орынбор: Дин вә мәғшиғәт, 1914.
3. Қараш ұғлы Ғ. Бала тұлпар. – Уфа: Шарқ басп., 1911.
4. Қараш ұғлы О. Бөдел – хаж. Қазан, 1913.
5. Қараш ұғлы Ғ. Өрнек. – Уфа: Шарқ басп., 1911.
6. Қараш ұғлы О. Тұмыш. Нәшерлері. – Уфа: Шарқ басп., 1911.
7. Қараш ұғлы О. Тұрымтай. – Уфа: Шарқ басп., 1918.
8. Қараш Ғ. Замана. – Алматы: Ғылым, 1994.

**Шығармалары туралы зерттеулер мен ғылыми мақалалар**

1. Қазына: Көп томдық. 9-том. – Алматы: Арыс, 2002.
2. Өзбекұлы С. Ғұмар Қарашевтің қоғамдық саяси және құқық көзқарастары. – Алматы, 2005.
3. Өзбекұлы С., Исмаилов А. Ғұмар Қарашев. – Алматы, 1992.
4. Тәж-Мұрат М. Ғұмар Қараш: Өмірі мен шығармашылығы. – Ақтөбе, 2004.

**МҰХАМЕДЖАН СЕРАЛИН**

(1872 – 1929)

**Жарияланған шығармалары**

1. Сералин Мұхамеджан. Топ жарған. Хикая. Мұхамеджан Сералихжауғұлының шығарғаны, 1898 ж. – Троицк, Х. Сосновскийдің табиханасы, 1900.
2. Сералин Мұхамеджан. Гүл-Кашима: Қисса. – Оренбург: Керимов мәтбәғәсі, 1903.
3. Сералин Мұхамеджан. Топ жарған. Шығарушы вә бастырушы: Мұхамеджан Сералин. 2-ші рет басылуы. – Троицк: Энергия мәтбағасы, 1915.
4. Сералин Мұхамеджан. Топ жарған: Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1985.

**Шығармалары туралы зерттеулер мен ғылыми мақалалар**

1. Ергөбек Сапарбек. Қайраткер қаламгер Мұхамеджан Сералин. – Түркістан: Тұран, 2004.
2. Кенжебаев Б. Журналист Мұхамеджан Сералин. – Алматы, 1957.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-том, 2-кітап. – Алматы: Ғылым, 1965.
4. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1966.
5. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. – Алматы: ҚМКӘБ, 1958.
6. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1994.

### Қолжазбалар қорындағы мұралары

#### Ш. 127 (ӘӨИ)

Аталуы: Иесі бұл кітаптың батыр Сыдық (160-б.)

Авторы: Мұхаметжан Сералыұлы (1872-1929). Қостанай облысы, бұрынғы Қарабалық ауданында туып өскен. Мұхаметжан Сералин қоғамқайраткері, белгілі журналист. «Айқап» журналының әрі ұйымдастырушысы, әрі редакторы болған. «Топжарған», «Гүлқашима» поэмаларын жазған, «Рүстем – Зорап» дастанын аударған. Сонымен қатар ол көптеген публицистикалық мақалалардың авторы.

Жинаушысы: Құлмұхамбет Байғұлыұлы. Ол Қостанай облысынан. 1918 жылы 55 жасында қайтыс болған. Жинаушының қолжазба материалдарына қарағанда К. Байғұлыұлы өз заманында оқымысты ғұлама адам болған. Ол халық ауыз әдебиет үлгілерін 1889 жылдардан бастап ұқыпты түрде жинай бастаған. Арнайы дәптерлерге көне араб әрпінде көркем жазумен жазып отырған. Бұл адамның өз қолымен жинап қағазға түсірген қолжазбаларында шежіре, дастан, толғау, назым-нақылия, өлең, жұмбақ-тақпақ, т.б. ауыз әдебиет үлгілерінің сан алуан жанрлары қамтылған. Қолжазба Төшбайұлы Асылбек деген мұғалімнің қолына түскен. Ол 1961 жылы Қостанай экспедициясына табыс еткен.

Жазылған жылы, жері: 1890–1906 ж.ж., Қостанай облысы.

#### Ш. 499 (ОҒК)

Аталуы: Топжарған (2-б.).

Авторы: Сералықожаұлы Мұхамеджан.

Жинаушысы: Қаңтарбаев Қарта (1901-1977). Көкшетау облысы, Еңбекшілер ауданынан. Ұзақ жылдар мұғалім болып істеген. 1954-1960 жылдар аралығында Қазақ ССР ҒА Тіл және әдебиет институтында ғылыми қызметкер, бөлім бастығы қызметтерін атқарған.

Жазылған жылы, жері: 1900 ж., Троицк қаласы, Ф. Силянкин және Сосновский баспасы. Көшірілген уақыты – 1950 ж.

#### Ш. 499 (ОҒК)

Аталуы: Гүлқашима қыз бен Баймағанбеттің ташық болған өлеңі (2-б.).

Авторы: Мұхаметжан Сералин.

Жинаушысы: Науқанұлы Бақтыгерей – Ақтөбе облысынан. Мұғалім. ОҒК-нің қолжазба қорына өзінің өлеңдерімен қатар бірсыпыра қолжазбалар тапсырған жинаушы.

Жазылған жылы, жері: 1936 ж., Ақтөбе облысы.

#### Ш. 499 (ОҒК)

Аталуы: Рүстем – Зорап (1-6)

Аударушысы: Мұхамеджан Сералин.

Көшірушісі: Мұхамедсәлім Кәшімов. Ол туралы 37-сипаттамада айтылды.

Жазылған жылы, жері: Негізгі қолжазба 1913 жылы араб әрпімен Троицкіде жазылған. Кейіннен 1930 жылдар лагын әрпімен көшірілген.

## МӘШҰР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ

(1858 – 1932)

### Жарияланған шығармалары

1. *Көлеев Ю.* Сары Арканың кімдікі екендігі. Қазақтың осы күнгі әнгімесі. – Қазан: Шәрәф мөтбағасы, 1907.
2. *Көлеев Ю.* Хал ахуал. Мәшһүр Юсуя Кофаев һәм оның ұялларының бөгзы бір шығырләрі. – Қазан: Университет табиғханасы, 1907.
3. *Көлеев М.Ж.* Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз. – Қазан, 1907.
4. *Көлеев Ю.* Хал әхуал. Мәшһүр Юсуя Куфаев һәм оның ұялларының бөгзы бір шығырләрі. – Қазан: Добровский, 1912.
5. *Көлеев М.Ж.* Тандамалы: Екі томдық екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1990.
6. *Көлеев М.Ж.* Екі томдық: Ел аузынан жинаған әдебиет үлгіләрі. – Алматы: Ғылым, 1992.
7. *Көпейұлы М.Ж.* шығармалар жинағы. Көп томдық. – Алматы: Алаш, 2003.
8. *Көпейұлы М.Ж.* Қазақ шежіресі. – Алматы: Жалын, 1993.

### Шығармалары туралы зерттеулер мен ғылыми мақалалар

1. *Кенжебаев Б.* XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1966.
2. *Көлеев С. Ш.* Мәшһүр-Жүсіп өмірі: Аңыз бен ақиқат. – Павлодар, 2000.
3. *Қалижанұлы У.* Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. – Алматы: Білім, 1998.
4. *Қоңыратбаев Ә.* Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1994.

### Қолжазба қорындағы мұралар

#### Ш. 1173 (ОҒК)

Аталуы: М.Ж. Көпеевтің ел арасына тарап әркімнің қолында жүрген қолжазбаларынан жинағандары (1-19-дәптер).

Авторы: Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

Жинаушысы: Сабыр Шәріпұлы (1882-1942). Қазақтың көрнекті жазушысы. Ол – мектеп ашып мұғалім болған, қазақ әдебиеті үлгілерін жинаған, «Рузи Иран», «Ләйлә» сияқты шығармалар жазған, әлумет қызметіне араласқан қайраткер.

Жазылған жылы, жері: XX ғ. басы, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы.

Сабыр Шәріпов тапсырған автор шығармаларының тізімі:

1. Ғибратнама – 401-402-б.
2. Жігіттер жақсы қайда үлгі пашқан – 395-б. («Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» Қазан, 1908 ж., жарияланған – 3-б. мұқнан былай қысқартылып жазылды).
3. Білімге жабысайық көңіл қойып – 393-б. («Тірлікте...» – 3 б.).
4. Хатқа алып тексермейді қазақ сөзін – 393-394-б. («Тірлікте...» – 4-б.).
5. Біздің ел мархабаттан қашық жатыр – 394-б. («Тірлікте...» – 4-б.).
6. Сөз сөйлеп тарқатайық ішкі шерді – 394-б. («Тірлікте...» – 4-б.).
7. Қызыл гүл жасарсаншы солып жатқан – 394-б. («Тірлікте...» – 4-б.).
8. Бір мың тоғыз жүз жылдан бес жыл асты – 394-б. («Тірлікте...» – 5-б.).
9. Жазалы қылған жоқ па сөзімізден – 394-б. («Тірлікте...» – 6-б.).
10. Қара өлең – 395-б. («Тірлікте...» – 6-б.).
11. Қазақтың қылып жүрген жұмысы – 395-397-б. («Тірлікте...» – 7-10-б.).
12. Бұл сөзім алты алашка таныс болды – 397-б. («Тірлікте...» – 10-б.).
13. Ынтымақ – 397-б. («Тірлікте...» – 11-б.).
14. Қылады әркім мазақ ғылым жоқтан – 397-б. («Хал-ахуал» Қазан, 1907 деген кітапта жарияланған – 7-б.).
15. Жақындық партия үшін құда шықты – 398-б. («Тірлікте...» – 12-б.).
16. Жақсыны өзі болған көре алмаған – 397-б. («Тірлікте...» – 12-б.).

17. Түлкінің басынды тарт хайласынан – 398-б. («Тірлікте...» – 13-б.).
18. Законды ғұқум жүрсе турасы бар – 398-б. («Тірлікте...» – 14-б.).
19. Госпа деп тағы айтады көптің бойын – 399-б. («Тірлікте...» – 14-б.).
20. Жазы жоқ біздің халық күнсіз болды – 399-б. («Тірлікте...» – 15-б.).
21. Түн болса рақат кетер жарлы байдан – 399-б. («Тірлікте...» – 15-б.).
22. Пайда жоқ өтіріктен жалғандағы – 399-б. («Тірлікте...» – 15-б.).
23. Шын жақсы ішкі өнерін жасырмаса – 399-б. («Тірлікте...» – 16-б.).
24. Қыран құс көңілашар жүйрік тазы – 393-б. («Тірлікте...» – 2-б.).
25. Сөз шықты біздің қазақ баласына – 380-б. («Сарыарқа кімдікі?», Қазан, 1907 деген кітапта жарияланды – 13-б.).
26. Айрылып қалып едік су мен жерден – 380-б. («Сарыарқа...» – 13-б.).
27. Биылғы үміттілік өткен күзден – 380-б. («Сарыарқа...» – 13-б.).
28. Қор болған біздің қазақ қолы жетпей – 382-б. («Сарыарқа...» – 14-б.).
29. Көресін жақсылықты көрмесендер – 382-б. («Сарыарқа...» – 14-б.).
30. Айтқан сөз ақылға сал, жалған болса – 383-б. («Сарыарқа...» – 15-б.).
31. Мақсатқа кім жетеді ойындағы – 383-б. («Сарыарқа...» – 15-б.).

#### Ш. 1173 (ОҒК)

Аталуы: Мәшһүр Жүсіп сөзі.

Авторы: Көпеев Мәшһүр Жүсіп.

Жинаушысы: Жолмұрат Жүсіпұлы. 1895 жылы Павлодар облысы, Баянауылда туған. М.Ж. Көпеевтің жиені, ескіше оқыған. Көпеев мұрагерлерінің бірі.

Жазылған жылы, жері: XX ғ. басы, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы.

Жолмұрат Жүсіпұлы тапсырған қолжазбадағы автор шығармалары:

1. Пайғамбар хақ, Мұхаммед құдай досы – 152-155-б.
2. Шайтан саудасы – 176-181-б.
3. Жалғанда бір еңбегім жанбаған жан – 367-371-б.

**Ш. 1173 (ОҒК)**  
 Аталуы: Шайтан саудасы.  
 Авторы: Мәшһүр Көпейұлы.  
 Көшірушісі: Жолмұрат Жүсіпұлы.  
 Жазылған жылы, жері: XX ғ. басы, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы.

**Ш. 1173 (ОҒК)**  
 Аталуы: Шеризат – Гүлшат қиссасы.  
 Авторы: Көпеев Мәшһүр Жүсіп.  
 Көшірушісі: Жолмұрат Жүсіпұлы.  
 Жазылған жылы, жері: XX ғ. басы, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы.

**Ш. 1173 (ОҒК)**  
 Аталуы: Қисса Ибраһим Әлһәм.  
 Авторы: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.  
 Көшірушісі: Жолмұрат Жүсіпұлы.  
 Жазылған жылы, жері: XX ғ. басы, Баянауыл.

**Ш. 1173 (ОҒК)**  
 Аталуы: Екі жігіт, бір шалдын әнгімесі.  
 Авторы: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.  
 Көшірушісі: Жолмұрат Жүсіпұлы.  
 Жазылған жылы, жері: XX ғ. басы, Баянауыл.

**Ш. 1173 (ОҒК)**  
 Аталуы: Мәшһүр Жүсіп Көпеев сөзінен.  
 Авторы: Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп.  
 Жинаушысы: Фазыл Мәшһүр Жүсіпұлы. Павлодар облысы, Баянауылдан, М. Көпеевтің баласы, мұрагерлерінің бірі.  
 Жазылған жылы, жері: Белгісіз, Павлодар облысы, Баянауыл.

**Ш. 1174 (ОҒК)**  
 Аталуы: М.Ж. Көпеевтің өз қолжазбасынан.  
 Авторы: Мәшһүр Жүсіп Көпеев.  
 Жинаушысы: Белгісіз.  
 Жазылған жылы, жері: Белгісіз, Павлодар облысы, Баянауыл.  
 Осы бумадағы автор өлеңдерінің тізімі:

1. Мәшһүрдің ызаланып бір сөйлеп кеткені – 129-134-б.
2. Мәшһүр Жүсіптің манифест туралы айтқаны – 125-128-б.
3. Мәшһүрдің 37 жасында сөйлеген сөзі (латын әрпінде – 73).
4. Мәшһүрдің 46 жасында сөйлегені (латын әрпінде) – 44-48-б.

4. Мәшһүр Жүсіп сөзі – 180-182-б.
5. Қолыма хат жазғалы алдым қалам – 63-б.
6. Мәшһүрдің алпыс сегіз жасында сөйлеген сөзі – 196-199-б.
7. Мәшһүрдің жетпіс үш жасында сөйлеген сөзі – 170-173-б.
8. Ескі сөз бұрынғыдан қалған екен – 64-б.
9. Мәшһүр Жүсіптің алпыс жасында сөйлеген сөзі – 65-б.
10. Мәшһүрдің 1906 жылы он екі қажыға жазған өлеңі – 66-68-б.
11. Төрт асыл, бес берекенің шешуі – 70-б.
12. Мәшһүр Жүсіптің Жантемір қажыға жазған сөзі – 71-75-б.
13. Мәшһүр Жүсіп сөзі – 75-76-б.
14. Мәшһүр Жүсіптің анасына жазған хаты – 77-б.
15. Мәшһүр Жүсіп сөзі – 81-б.
16. Шығып ек кешегі айда елімізден – 82-83-б.
17. Мәшһүр Жүсіптің ақындығымен қоштасқаны – 359-б.
18. Мәшһүр Жүсіптің Сакқұлақтың Ерәлісіне жазған өлеңі – 360-361-б.
19. Мәшһүр Жүсіптің шабдар атқа айтқаны – 62-б.
20. Мәшһүр Жүсіптің Күзембайұлына айтқаны – 378-379-б.
21. Мәшһүр сөзі – 184-б.
22. Ойыма жаңа түсті сөздің расы – 192-б.
23. Нәрседе хакикат бар – 334-б.
24. Қолыма қағаз қалам алайын да – 346-354-б.
25. Бұхара таң қаламын барғаныма – 408-411-б.
26. Аузында іші тардың барлық сөзі – 388-б.
27. Қылсаңыз тағат қыл бұл дүниеге – 435-438-б.
28. Дін – 338-341-б.
29. Хак мәзһаптың дәлелі – 335-337-б.
30. Бұрынғы заманда – 196-198-б.
31. Бұ да бір сөйлеушінің сөзі – 115-120-б.
32. Мұхаммед пайғамбар – 102-104-б.
33. Лашын илан қарғаның хикаяты – 282285-б.
34. Ғашық отына күйгендердің әнгімесі – 273-288-б.
35. Сол қыздың көрген оқиғасы – 14-17-б.
36. Бір шынышыл мен бір суайт – 26-33-б.
37. Қажымұқан – 355-358-б.
38. Қанжығалы – 88-89-б.
39. Бір хиял – 13-66-б.

**Ш. 1173 (ОҒК)**  
 Аталуы: Жалғанда бір еңбегім жанбаған жан.  
 Авторы: Мәшһүр Жүсіп Көпеев.  
 Жинаушысы: Жолмұрат Жүсіпұлы.  
 Жазылған жылы, жері: XX ғ. басы, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы.



**Ш. 1176 (ОҒК)**

Аталуы: Мәшһүр Жүсіптің жинаған қазақтың ауыз әдебиеті, тарихи жырлар, шежірелер, өз шығармалары.

Авторы: Мәшһүр Жүсіп.

Жинаушысы: Жолмұрат Жүсіпұлы.

Жазылған жылы, жері: 1930-40 жылдар, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы.

Осы бумалағы Мәшһүр Жүсіптің Өлеңдерінің тізімі:

1. Пендесі бір құдайды білмей ме екен – 263-266-б.
2. Мысалды нұсқап айтқан ғалым білсін – 267-б.
3. Ақынның шек келтірмен тіл-жағына – 268-б.
4. Ұрғашының өмірі – 269-270-б.
5. Ташкентте қайтыс болған Махмұт Әминнің хабарын естігенде Мәшһүрдің сөйлеген сөзі – 271-272-б.
6. Сөзге сөз келіп қалғанда – 38-б.
7. Айтушылардың айтуына карағанда – 48-б.
8. Бұхарай Шариф – 43-б.
9. Біздің қазақта кожа деген бар – 48-52-б.
10. Ақ бұра, Есен тентек – 56-57-б.
11. 1920 жылында – 58-б.
12. Жәмшібай ақын – 59-б.
13. Ес, зейін – 60-б.
14. Мәшһүрді қатын тонағаны – 61-б.
15. Бір денеле екі жан болмақшы емес – 66-69-бб.
16. Қан түсті алпыс үште аяғыма – 156-б.
17. Тәшкенттегі жастарға алғыс – 158-160-б.
18. Жақсы өгіп, бұл күндерде жаман қалды – 170-172-б.
19. Надан би өлеңі – 374-б.
20. Жер мен көк, сегіз жұмақ, жеті тозақ қиссасы – 156-168-б.
21. Патрус-Яһуда ағайынды екі жігіттің әңгімесі – 459-466-б.
22. Хикаят бақшасы – 405-458-б.
23. Опасыз қатын – 362-366-б.
24. Мәшһүр Жүсіптің тырна құспен айтысқаны – 78-б.
25. Сүлеймен мен Лағын туралы – 69-б.
26. Мәшһүр Жүсіптің қиямет халі туралы – 188-196-б.
27. Мәшһүрдің хор қызы туралы жазған өлеңі – 173-176-б.
28. Хазірет Ғұсманның пайғамбарды қонаққа шақырғаны – 181-185-б.

**Ш. 1177 (ОҒК)**

Аталуы: Ұлбике

Авторы: Көпеев Мәшһүр Жүсіп.

Жинаушысы: Белгісіз.

Жазылған жылы, жері: XX ғ. басы, Павлодар облысы, Баянауыл.

**Ш. 1176 (ОҒК)**

Аталуы: Мәшһүрдің ел арасына тарап жүрген шығармаларынан. Авторы: М.Ж. Көпеев.

Жинаушысы: Себепов Ғұлама.

Жазылған жылы, жері: 1946, Баянауыл.

Ғұлама Себеповтің жинаған автор шығармаларынан:

1. Шығырлық жараспайды, ғалым болдың – 7-8-б.
2. Дегенмен ғалым парыз еттім талай – 2-б.
3. Шайхы Ыскак – 11-14-б.
4. Ғауам би – 14-15-б.
5. Жаныңды Әзірейіл алып кетер – 16-б.

**Ш. 1171 (ОҒК)**

Аталуы: Қазақтың тарих, әдебиет этнографиясынан.

Авторы: Көпеев Мәшһүр Жүсіп.

Жинаушысы: Белгісіз.

Жазылған жылы, жері: XX ғасырдың басы, Баянауыл.

Осы бумалағы сақталған автордың қолжазбаларының тізімі:

1. Пісімлә, сөздің басы хақтың аты – 139-147-б.
2. Пісімлә, ағузы бар сөз басында – 163-209-б.
3. Ойласам өткен күнді боллым құса – 48-68-б.
4. Жамандық – 159-160-б.
5. Құдайдың құшылығы бізге пәрмен – 230-236-б.
6. Әулиенің басына түнеу жайлы – 247-266-б.
7. Дін тағылымы – 229-247-б.
8. Құдайым жексенбі күн жер жаратты – 82-100-б.
9. Ғазалдың Ібіліс болғаны – 271-291-б.
10. Ғайса рухы, Алланың шайтанға жолыққаны – 216-229-б.
11. Жүруге алды Мәймүн белді байлап – 1-55-б.

**Ш. 1645 (ОҒК)**

Аталуы: Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің аға тарпынан.

Авторы: Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

Жинаушысы: Белгісіз.

Жазылған жылы, жері: XX ғ. басы, Баянауыл.

**ЖИЕНҒАЛИ ТІЛЕПБЕРГЕНОВ**

(1895 – 1933)

**Жарияланған шығармалары**

1. Тілепбергенұлы Ж. Перизат-Рамазан, Қызылорда, 1928.
2. Тілепбергенұлы Ж. Тілші. Қызылорда, 1928.

3. *Тілепбергенов Ж.* Ізбасар. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1969.
4. *Тілепбергенов Ж.* Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2005.

### Шығармалары туралы зерттеулер мен ғылыми мақалалар

1. *Байменше С.* «Ақтөбе жағының қазағы». // Ақтөбе, 1995, 20.07.
2. *Байменше С.* Ертерек өткен ерек жан // Жас алаш, 1996, 8.03.
3. *Кәкішев Т.* // Әдебиет және искусство, 1955, № 12.
4. *Кәкішев Т.* Көрнекті қаламгер. // Қазақ әдебиеті, 1995. 5 желтоқсан. (№32).
5. Қазақ совет сатириктері. – Алматы, 1975.
6. *Ниязова Ғ.* Халық сөзін сөйлеген. // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1998. № 9–10.

### БЕРНИЯЗ КҮЛЕЕВ

(1899 – 1923)

#### Жарияланған шығармалары

1. *Күлеев Б.* Айтшы, ақ қайын. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1969.
2. *Күлеев Б.* Әдемі түн. – Алматы: Жалын, 1985.
3. *Күлеев Б.* Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 2000.

#### Шығармалары туралы зерттеулер мен ғылыми мақалалар

1. ҚСЭ, 6т. Алматы, 1976, 159–226 б.
2. ТАССР-ОМА-қор, Р 3870, 3 тізім.
3. *Шәменов К. Б.* Күлеев – Кітапта: қазақ әдебиетінің тарихы. 2-том. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. Екінші кітап. А., Ғылым, 1965.
4. *Дүйсенбаев Ы.* “Ғасырлар сыры”. Алматы, Жазушы, 1970.
5. *Дүйсенбаев Ы.* “Эпос және ақындар мұрасы”. А., “Ғылым”, 1987.
6. *Дүйсенбаев Ы. Б.* Күлеев “Айтшы, ақ қайын”. А., “Жазушы”, 1969.
7. “Қазақ үні” газеті. 1993жыл. Қыркүйек. 4-271. “Алаш ардақтысы”, 7-8-беттер.

8. *Дүйсенбаев Ы.* “Эпос және ақындар мұрасы”. Алматы, 1977, 284–285-беттер.

9. *Кәкішев Т.* “Садақ” /эссе/. Алматы, 1986ж., 81-82-беттер.
10. “Еңбекші қазақ” газеті, 1923ж., №10 “Б.Күлеев” /мақала/.
11. Аласқан өмір. Қазан, 1922ж., “Татарстан” баспасы, жинаққа “Аласқан өмір”, “Кедей”, “Айттыс” туындылары кірген.
12. *Жұмабаев М.* Бернияз Күлеев. //Тілші, 1923ж., №28, 20 март/наурыз/
13. *Жұмабаев М.* Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1989. 164-б.
14. *Дүйсенбаев Ы.* Эпос және ақындар мұрасы. Алматы, 1987. 287-б.
15. *Мұқанов С.* XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1932. 378-б.
16. *Еспенбетов Арал.* Жырласан ед шомылып көз жасына... // Жұлдыз, 1993. №8, 203-б.
17. ТАССР-і, ОМА Р3870-қор, 3-тізім, 118-іс, 52-б.
18. Сонда, 31-б.
19. Қазақ үні, 1993. 4-қыркүйек. Алаш ардақтысы. 7-б.
20. Сонда, 8-б.
21. *Мерғали /Ешмұхамедұлы/.* Күлейұлы Бернияз. //Еңбекші қазақ, 1928. №72, 30-март.
22. Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-том. Алматы: Ғылым, 1965.
23. *Бабатайлы Д.* Замана сазы. Алматы, 1991. 109-б.
24. *Торайғыров С.* Сарыарқаның жанбыры. Алматы, 1987. 81-б.
25. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1986. 177-б.
26. *Дүйсебаев Ы.* Эпос және ақындар мұрасы. Алматы, 1987. 333-б.
27. Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-том, 2-кітап. Алматы, 1965. 440-б.
28. *Кенжебаев Б.* Әдебиет белестері. – Алматы: Жазушы, 1986.
29. *Кенжебаев Б.* Түрік қағанатынан бүгінге дейін. – Алматы: Ана тілі, 2004.

#### Қолжазба қорындағы мұралар

##### Ш. 802 (ӘӨИ)

Аталуы: Бернияз Күлеевтің өлеңдері.

Авторы: Бернияз Күлеев.

Жинаушысы: Бегімбетова Мәдина. Алматы әйелдер пединститутында ағылшын тілінің оқытушысы. Бернияздың нағашы қарындасы, мұрагері.

Жазылған жылы, жері: 1917-1922 ж., Орынбор, Қазан қалалары. Институттың қолжазба қорына 1959 жылы түскен.

М. Бегімбетова жинаған Бернияздың өлеңдерінің тізімі:

«Әйел», «Башқұрт қызы Санияға», «Бұлт», «Бостандық күнінде», «Бірінші адым», «Биахмет Сәрсеновтің кабір тасына», «Бүгін, ертең», «Қызықты жаз», «Қайда екен», «Қапы қалдым», «Қалау беру», «Қуларға», «Күлөндамға, әркімге арнаулар», «Ел ерлеріне», «Ер жігітке», «Жаздың алды», «Жоктау», «Жорық», «Заман-ай», «З. тоташка», «Кел, екеуміз», «Көңіл», «Мағжанға», «Күз», «Кім бар?», «Не қылмадым», «Ойла, ойла», «Сабырға», «Сыдық», «С. досыма», «Шыбынға», «Өзбек ініме», «Жұбату», «Сүйікті қайғылыға», «Шер шыдапшай саған арнап», «Жердің жүзі жаз еді», «Ұшпақтағы жарыма», «Болар», «Жақын», «...ға соңғы сөз», «Кім үшін», «Жұмақта», «Балаға», «Соғыс майданында», «Үзбе», «Оқушыларға», «Көңіліме», «Түн», «1917 жылға», «Солған гүл», «Ескергенге өткен күнді», «Әдемі түн», «Мен», «Бостандық күнінде», «Өзім», «Қазақ қызы», «Зарым», «Шын сүю», «Мұң (Пушкиннен)», «Сүю», «Қызғалдақтай қызық өмір», «Жас жүрегіме», «Қиял сөзі», «Жазы дала», «Жырла да зарла көңілім», «Неге?», «Ойдағым», «Қыздың зары», «Әйелдер сөзі», «Әкеме», «Бостандық болғанда бір қыздың тілегі», «Жаздың алды», «Түтқын», «Бұлт», «Полганып, ойланып», «Ұран» газетіне», «Қымыз», «Бұлбұл», «Ажал (Пушкиннен)», «Шын сұлуға», «Жорықтан сон», «Жастық күнім», «Таң алдында», «Қайтер едің», «Бір тоташтың альбомына», «Аруға», «Айныған аруға», «Әркімдерге арнау», «Мағрифатқа», «Жапыраққа карап», «Шынық», «Сүйікті анама мәңгі белгі», «Анама», «Оқып шыққан бір кітапқа», «Мерқалиға», «Сүйгеніме», «Көру елі осыншама құмарым», «Жазып қалдырылған өлең», «Мұнайма», «Өткен өмір өкініш», «Күдірет жаратыпты жер мен көкті», «Ән-күй», «Жеті түн қым-жырт ұйқыда», «Қаптаса, қамаласа қалың қайғы», «Түн қаранғы, күн бұлтты», «Шолпан», «Аяныш», «Қысқы жол (Пушкиннен)», «Қайғылы жүз, жанған жүрек менде бар», «Аштық», «Алғыр алмас болаттан қылыш найзам», «Өскен жерім мақпалдай әйдік дала», «Жанталас», «Мастық», «Мен ұсапшын ізгі балаға», «Сабырға», «Қыздың мінежаты», «Бозда, ботам», «Қожашка», «Ұшырасу», «Алғансыз-ды жіберілген хатымды», «Кеш қалған құттықтаулар», «Жас игілік», «Айтмұхамедтің өлеңі және оған Бернияздың жауабы», «Балапан», «Ит көңіл, арысз көңіл», «Сенсін адам баласы», «Ес билгендей болсам да күні кеше», «Жүргенде еркімен ел», «Ауылдағы қысқы түн», «Алашқа», «Әйелдер тілегі», «Ақын (Пушкин)», «Әмірғалиға», «Анама», «Алға», «Айшаға», «Дарина-ай», «Алшы тәңірім, алшы, ал», «Ауырғанда, т.б. өлеңдері бар.

### Ш. 802 (ӘӨИ)

Аталуы: Бернияз Күлеевтің уақ өлең, жырлары.

Авторы: Бернияз Күлеев.

Жинаушысы: Бегімбетова Мәдина.

Мәдина Бегімбетова тапсырған 2-дөңгелердегі қолжазбаға ақынның 1917-1919 жылдары өз қолымен жазған 69 өлеңі енгізілген. Мұнда негізінен, 1-дөңгелердегі өлеңдері көшіріліп жазылған. Өлеңдерінің соңына жазылған жылы, қайда жазылғаны түсіріліп отырған. Мысалы, «Әкеме» атты өлеңі (қазақ қызының аузынан) 1917 жылы, ауылда жазылды делінген. «Шер шыдапшай саған арнап» атты өлеңі 1919 ж., 14 наурыз, Орынборда жазылған. «Жердің жүзі жаз еді» атты өлеңінің соңында, 59-бетінде: «Белгісіз. 1919 ж., 25 наурыз. Орынбор, түнгі сағат 12» деп жазылған («Белгісіз» ақынның бүркөншік аты болса керек). Бұл қолжазбада А.С. Пушкиннен аударылған «Бар ойым бастан кешті көзім көріп» 1918, Орынбор деген өлеңмен аяқталады.

Жазылған жылы, жері: 1919 ж., Орынбор.

### Ш. 592 (ОҒК)

Аталуы: Күлеев Бернияздың таңдамалы өлеңдері.

Авторы: Бернияз Күлеев.

Жазылған жылы, жері: 1940 ж., Алматы.

Осы бумадағы Бернияз өлеңдерінің тізімі:

«Қиял сөзі», «Кейінгі жастарға», «Көңіліме», «Жазғы дала», «Жырла да зарла көңілім», «Қымыз», «Ғашығыма», «Жас жүрегіме», «Жаз», «Ер жігітке», «Дарина-ай», «Күлөндамға», «Жаным» тағы басқа өлеңдері қамтылған. Тізімде 85 өлең бар.

### Ш. 592 (ОҒК)

Аталуы: Гүл («Қиял поэма ма, баллада ма өзім де білмеймін» деген жазу бар).

Авторы: Күлеев Бернияз.

Жазылған жылы, жері: 1922 ж., Қазан қаласы, машинкамен 1940 ж. Алматыда көшірілген.

### ТАЙЫР ЖОМАРТБАЕВ

(1884 – 1937)

Жарияланған шығармалары

1. *Жомартбаев Т.* Балаларға жеміс (өлеңдер). Жәрдем серіктігі баспасы: 1912.
2. *Жомартбаев Т.* Қыз күрөйлік. Жәрдем серіктігі баспасы: 1912.

### Шығармалары туралы зерттеулер мен ғылыми мақалалар

1. *Кенжебаев Б.* Әдебиет белестері: Зерттеулер, мекалалар. – Алматы: Жазушы, 1986.
2. *Қамзабекулы А.* Әдеби-тарихи процесс: ағымдар, концепциялар (ағартушылық кезең). доктор дис. авторефераты – Алматы, 2002.
3. *Әубәкір Ж.М.* Шындықтан басқа жолға түсе алмаймын. – Алматы: Информ-Арна, 2002.
4. *Қабышев Т.Б.* XX ғасыр басындағы ағартушылық ағым және Тайыр Жомартбаев Шығармашылығы. – Алматы, 2005.

### Қолжазба қорындағы мұралар

#### Ш. 865 (ӘӨИ)

Аталуы: Жомартбаев Тайырдың қолжазбалары.

Авторы: Жомартбаев Тайыр.

Жазылған жылы, жері: 1926-1934 жылдар, Семей облысы.

Осы қолжазбада Т. Жомартбаевтың мына шығармалары бар:

- «Ол кім?», «Қуранға арналым», «Қарағым Масғұл», «Есетке», «Анашым қабірі жанында», «Жұбанышым», «Мен өзім», «Есентайға», «Шыңғыстау», «Ана тілім», «Зайсан», «Ескі тұрмыс», «Жаңа тұрмыс», «Мен неге күлемін», «Мен қуанам» атты өлеңдері бар. Жалпы саны – жиырма. Бұл өлеңдер акынның жаңа заманға, жаңа өмірге деген сезімі, әсіресе әйел теңдігі, жастардың білімге ұмтылуы сөз етілген. Соңғы бірнеше өлеңі математикалық есептерге арналған.

#### СПАНДИЯР КӨБЕЕВ

(1878 – 1956)

### Жарияланған шығармалары

1. *Көбеев С.* Үлгілі тәржіма. – Қазан, 1910.
2. *Көбеев С.* Үлгілі бала. – Қазан, Каримия, 1912.
3. *Көбеев С.* Қалын мал. – Қазан, Каримия, 1913.
4. *Көбеев С.* Орындалған арман. – Алматы, Москва, Қазақ мем. ОКБ, 1951
5. *Көбеев С.* Орындалған арман. – Алматы, Жазушы, 1988.
6. *Көбеев С.* Қалын мал. – Алматы: Жалын, 1986.
7. *Көбеев С.* Баланы семьяда тәрбиелеу. – Алматы: Мектеп, 1965.

8. *Көбеев С.* Таңдамалы шығармалары. – Алматы, ҚМКЭБ, 1960.
9. *Көбеев С.* Екі соқа. – Алматы: Жалын, 1990.
10. *Көбеев С.* Қустың ұясы. – Алматы: Жалын, 1986.

### Шығармалары туралы зерттеулер мен ғылыми мақалалар

1. *Қырабаев С.* Спандияр Көбеев. – Алматы: ҚМКЭБ, 1958.
2. *Садуақасов Е.С.* Көбейулының мұралары. – Алматы: Қаз. университеті, 1991.
3. *Кенжебаев Б.* Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. Алматы, 1958.
4. *Қоңыратбаев Ә.* Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, Санат, 1994.

### Қолжазба қорындағы мұралар

#### Ш. 535 (ОҒК)

Аталуы: Спандияр Көбеев шығармалары.

Авторы: Спандияр Көбеев.

Жинаушысы: Қолжазбаны өдеби қорға автордың өзі тапсырған. Жазылған жылы, жері: Әр түрлі жылдар. Мендіқара ауданы, фондына 1941 жылы түскен.

Осы қолжазбадағы С. Көбеевтің аударма (мысалдар) өлеңдері:

1. Түлкі мен теке – 1-б.
2. Тыын мен қасқыр – 2-б.
3. Арыстан, қасқыр, һәм түлкі – 2-б.
4. Қарға – 3-4-бб.
5. Тырна мен көк құтан – 4-5-бб.
6. Түлкі мен қырғауыл – 5-б.
7. Шымшық пен көгершін (И.А. Крылов) – 6-б.
8. Мекен – 6-7-бб.
9. Үш жігіт пен бір шал – 9-11-бб.
10. Акку, шортан һәм шаян (И.А. Крылов) – 12-13-бб.
11. Қарға мен түлкі (И.А. Крылов) – 13-15-бб.
12. Аңға шыққан арыстан – 15-16-бб.
13. Құмырсқа мен шегіртке (И.А. Крылов) – 17-18-бб.
14. Арыстан мен кісі – 19-21-бб.
15. Үш қатынды бір кісі – 25-26-бб.
16. Бүркіт һәм ара – 27-28-бб.
17. Арыстан мен тышқан – 29-31-бб.
18. Қауіпті достар – 31-32-бб.

**НАРМАНБЕТ ОРМАНБЕТҰЛЫ**

(1860-1918)

**Жарияланған шығармалары**

1. Нарманбеттің өлеңдері. – Алматы: ҚМКӘБ, 1939. 76-б.
2. *Нарманбет Орманбетұлы*//Поэты Казахстана. – Ленинград. “Советский писатель”, 1978. С.345-351.
3. *Нарманбет*. Сахараға қарасак. //Жұлдыз, 1990. №2. 151-162-бб.
4. *Нарманбет*. Шығармалары. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 1998. 356-б.
5. *Нарманбет Орманбетұлы*. Өлеңдер. – Алматы: Алаш, 2004. 320-б.

**Шығармалары туралы зерттеулер мен ғылыми мақалалар**

1. *Ысмайылов Е.* Нарманбет акын //Нарманбеттің өлеңдері. – Алматы: Қазақстан көркем әдебиет баспасы, 1939. – Б.3-21.
2. *Көпбаев Ә.* Нарманбет акын//Қазақ әдебиеті, 1956, №49.
3. *Нарманбет*. //Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы, 1976, 8-том. 273-б.
4. *Сағымбекұлы Р.* Қайта жанған жұлдыз.//Қарқаралы, 1992. №1. 33-б.
5. *Әбдіғазизұлы Б.* Нарманбет акын. //Социалистік Қазақстан, 1990. 29-шілде.
6. *Әбдіғазизұлы Б.* Мұхиттай терең мұра бар//Өмір, 1992, №1. Б.49-53.
7. *Туғанбаев А.* Сарыарқаның санлағы//Нарманбет Орманбетұлы. Қер заман. – Алматы: Алаш, 2004. – Б.34-60.

**Қолжазба қорындағы мұралар****ІІІ. 1298 (ОҒК)****Аталуы:** Орманбетов Нарманбеттің өлеңдері.**Авторы:** Орманбетов Нарманб.**Жинаушылары:** Ахметұлы Тұрғанбек, Ахметұлы Нүрке. Олар туралы мәлімет жоқ.**Жазылған жылы, жері:** 1900-1917 жылдары, Семей облсы, көшірмесі 1934, 1940, 1941, 1945 жылдары жазылған. Ахметұлы Тұрғанбектің ақынның баласы Максұт

Нарманбетовтен 1934 ж. жазып алған автор шығармаларының тізімі:

1-дөптер:

1. Қасірет бір үлкен тау. Терең білім алу үшін үлкен сабырлық керектігі туралы – 100-б.
2. Ғазал. Асыл тас – меруерт туралы. Мысал өлең – 107-б.
3. Ақыл бір алтынға ұқсас дөп-домалақ. Ақылдың есебі жоқ өлшеусіз екенін сөз етеді – 72-б.
4. Ғылым туралы. Балаларды оқыту керек деп, ата-аналарды үгітейді – 45-б.
5. «Бала қайдан» және «Балалық күй». Бір тақырыпқа жазылған.
6. Ескі оқу туралы. Ертеде ата-аналардың балаларын оқыту үшін молда жалдағаны және оның балаларды қалай оқытқаны сыналды – 11-12-бб.
7. «Сахараға қарасан» деген өлеңін 1905 жылғы революцияның әсерімен жазды – 180-б.
8. Жасымынан көп жорығтым жолбарыстай. Ақын өз өмірін сөз етеді – 108-б.
9. Ауыл қайғысы. Өз тұсындағы ағайын, туыс-тумалардың өз араларындағы қарым-қатынастарын сынайды – 29-30-бб.
10. Шал қайғысы. Өз заманының әрқилылығы, қайшылығын сөз етеді – 24-28-бб.
11. Кер заман. Болыс, би, приставтардың паракорлық қылықтарын әшкерейлейді, өтірікші, жалақұмар елдің жуандарын қатты сынайды – 36-46-бб.
12. Толғауы тоқсан қызыл тіл, Абайға еліктеп жазған, ақынның өзінше жаңалығы бар – 21-б.
13. Көпті көрген көнемін. Үлкендерден үлгі ал, адамға жақсылық істе, наланға жақсы жол көрсет дейді.
14. «Тілекті хақ берген күн», «Даусың қалай» ашылды». Осы екі өлеңді 1917 жылы Ұлы Қазан революциясына арнап шығарған. Қазақ халқының басы құдықтан құтылып, бостандық алып, азат етілгені туралы – 61-64-бб.
15. Балқаш туралы. Нарманбет Балқаш көлінің маңында болып, соның жеріне, суына қарап шығарған өлеңі – 15-б.
16. Болмайды қарға-лашын қазды қуып. Бұл заманда камал бұзған батырдан бай озды, ақылдан ақша озды дейді – 73-74-бб.
17. Қыс. «Жүт» кезінде халықтың шаруасының күйзелгеніне қынжылады – 18-б.
18. Партия туралы. Кедей-шаруа мен байлардың арасындағы айырмашылықты сөз етеді – 31-35-бб.
19. Қарағай мен қараған. Мысал айтыста айтылып отырған «қарағай» байлар, «қараған» кедейлер, еңбекшілер. Патша үкіметінің елді азапқа салғаны жөнінде – 131-б.

20. Сарыарқа, сайран жерім-ай. 1916 жылғы патшаның маусым жарлығы туралы – 51-54-бб.
21. Азаматтар қайдасың? Еңбек етуге, шаруаны көтеруге шақыралы – 65-б.
22. Ақындарым қайдасың? Ел қамын ойлайық, басқа елдерден қалыспайық деп қазақ ақындарын шақыруы – 66-б.
23. Бұл дүниеде не ғарып. Өсиет, нақыл сөздер – 28-б.
24. Үміт туралы. Кей адам ақылға бай, малға жарлы, малға байлар басқа жарлы деп келепін өлен – 132-б.
25. Жаманға айтқан ақылын... Шын көңілмен берілген бір жолдастың мың жолдасқа тұратыны жайлы – 19-б.
26. Мектеп бастығына – 42-45-бб.
27. Бала жайында. Жасөспірімдерді оқуға шақыру.

*Нармамбет ақынның 1-дәптердегі қысқа өлеңдері:*

1. Мектеп – 42-45-бб.
2. Аждаһардың аузында – 46-48-бб.
3. ... тағы бір политикасы – 48-50-бб.
4. Қаркылдал күлген шал қайда – 55-60-бб.
5. Бұқаралар қайдасың? – 65-66 бб.
6. Қыз-келіншек қайдасың? – 67-б.
7. Жаратқан бір ие бар – 67-б.
8. Қазақ ұлы біз тұрмыз – 68-б.
9. Қазақты журуші еді қойдай бағып – 69-б.
10. Жел неге ерегісті бұлтпенен – 70-б.
11. Ой туралы – 71-б.
12. Күншілдік – 75-б.
13. Ишарат – 76-б.
14. Жабыдан тұшар артық шапса да – 77-б.
15. Мен бір аңқау пендемін – 81-84-бб.
16. Жар туралы – 87-б.
17. Ғашықтық туралы – 87-б.
18. Бірінші, екінші хат – 87-б.
19. Арқала халық тоқталды – 87-б.
20. Мақаш өлгенде – 88-б.
21. Ей, көңіл – 105-б.
22. Бес бие – 108-б.
23. Шайыр қожамен айттысканы – 111-б.
24. Ілімді құс, икемді ат – 113-б.
25. Бұлбұлдай шешен бір құс бар – 114-б.
26. Бердібек – 126-б.
27. Уақ Темірғали Нұрқеұлы – 127-б.
28. Семей облысына қараған бес дуан елдің сайлаушылары – 127-б.

29. Махаббат туралы – 128-129-бб.
30. Жуаспай мен Нармамбеттің айтысы – 134-140-бб.
31. Қарканада айтқаны – 141-б.
32. Жауғашар, т.б. араб, латын әріптерінде жазылған – 142-143-бб.

*2-дәптер (кімнен алынғаны белгісіз). Нармамбеттің нақыл сөздері мен өлеңдері:*

1. Әйел туралы – 6-б.
2. Нармамбеттің нақыл сөздері – 7-б.
3. Орманбет – 8-15-бб.
4. Шөкәрім шежіресі бойынша – 15-16-бб.
5. Нармамбет баласы туралы – 16-18-бб.

*3-дәптер: Нармамбет ақынның әр түрлі сөздері. Жинаған Нұрке Ахметов.*

1. Нармамбет сөздері – 2-3 бб.
2. Ақын Нармамбет Ормамбетұлы – 5-11-бб.
3. Нармамбеттің Сүйінбай билің үйінде айтқаны – 12-б.
4. Әлқисса, молдалар шарифатпен – 17-б.
5. Поселке туралы – 19-б.
6. Нармамбеттің Балдай днеге айтқаны – 20-25-бб.
7. 1916 жылы кара жұмысқа азамат алу туралы Нармамбеттің айтқаны. 1940, 1941, 1945 жылдары латын, қазіргі қазақ әріптерінде жазылған – 26-35-бб.

*4-дәптер:*

Ақынның Ақпан революциясына арнаған өлеңі – Мұқамбетқали Толыбайұлынан; Партия туралы өлеңі – Әбдірахманнан; «Сырлы аяқтың сыры кетті, сыны жоқ», «Екі баласы Мейрамның» өлеңдері – Сәменнен; «Карменді би мен өзі жайындағы біраз әңгімелері» Ниддбектен жазылып алынған. Кім жазып алғаны белгісіз.

- көтеріліс (тарихи очерк). – Алматы, 1936.
- Әубәкір Кердері*. Әдебиет Қазақия (өлеңдер жинағы I бөлім. Баст. Н. Нигматуллин). – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1902.
- Әл-хадж Мақым бин Қалтай*. Насихат қазақия. – Қазань: Электрон-типография «Умидь», 1911.
- Әлібайұлы Ә.* Қазақ жазушылары. – Қызылорда, 1934.
- Әлімбетов К.* Қазақтың қамы. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1913.
- Әліппе, яки төте оқу оқулық. Баст. «Ғалия» медресесінде оқыған қазақ шәкірттер. – Уфа: Кәрімов – Хұсайнов баспасы, 1911.
- Әубәкір кердері. Әдебиет қазақия: 2-бөлім (Баст. Н. Нигматуллин). – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1905.
- Әуезов М.* Қилы заман (тарихи повесть). – Қызылорда, 1928.
- Баймағамбетов Б.* Назымды игтиқад. – Орынбор: Кәрімов – Хұсайнов баспасы, 1913.
- Байтұрсынов А.* 40 мысал. – Қазан, 1922.
- Байтұрсынов А.* Әдебиет танытқыш. – Ташкент, 1926.
- Байтұрсынов А.* Қырық мысал. – Орынбор: Кәрімов – Хұсайнов баспасы, 1913.
- Байтұрсынов А.* Маса (Өлең жинағы). – Қазан, 1922.
- Байтұрсынов А.* Маса (Өлеңдер жинағы). – Орынбор: Дін Вә мағишат баспасы, 1911.
- Байтұрсынов А.* Оқу құралы баяншы. – Орынбор: Кәрімов и К<sup>ә</sup> баспасы, 1913.
- Байтұрсынов А.* Оқу құралы. – Орынбор, 1921.
- Байтұрсынов А.* Оқу құралы. – Орынбор: – Қазан: Кәрімов и К<sup>ә</sup> баспасы, 1913.
- Байтұрсынов А.* Оқу құралы. 1-кітап. – Орынбор: Кәрімов – Хұсайнов баспасы, 1912.
- Байтұрсынов А.* Оқу құралы. 2-кітап. – Орынбор: Кәрімов и К<sup>ә</sup> баспасы, 1913.
- Байтұрсынов А.* Тіл құрал. – Ташкент, 1920.
- Батырғалиұлы М.* Әдебиет қазақия (Өлеңдер жинағы). Баст. Кәрімовтер. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1908.
- Бейсенғалиұлы Б.* Әдебиет өрнегі. – Қазан, 1913.
- Бейсенұлы И.* (Байшуақи). Әдебиет өрнегі. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1910.
- Бекметов М.Х.* Қазақ өлеңдері. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1908.
- Бекмұхамедов М.* Астрахан губерниясында мекендейтін қалмақтар мен казактар жайлы кітап. – Астрахань, 1910.
- Бекмұхамедов М.* Жақсы үгіт (Өлеңдер жинағы). – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1908.
- Белгібайұлы А.* Арманда (Өлеңдер жинағы). – Қазан: Кәрімовтер

## XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ

### КӨРСЕТКІШ

#### Әдебиет тарихының мәселелері жөніндегі жалпы материалдар

- Абай жасаған заң жобасы. – Қазан: Университет баспасы, 1888.
- Аймауытов Ж.* Ел қорғаны (бір актілі пьеса). – Ташкент, 1925.
- Аймауытов Ж.* Сылаң қыз (комедия). – Орынбор, 1922.
- Айтқожин Б. Шын мақсұттар (Өлеңдер жинағы). – Семей: Ярдам баспасы, 1915.
- Ақырзаман.* (Албан Асан сөздері. Жинаған – І. Жансүгіров). – Қызылорда, 1934.
- Арғынбай Бісқақ қажы.* Болғын, казак! (Өлеңдер жинағы). – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1910.
- Арыстанұлы Ж.* Насихат қазақия. Баст. Ғ. Пірғалиев. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1914.
- Арыстанұлы Ж.* Өз пікірлерім деген рисәлеға қарсы рәддия (Жәдіпшілерге қарсы). Баст. С. Зұлқарнайұлы. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1911.
- Арыстанұлы Ж.* Раддия. Ғұмар Қарашұлының һәм Ахмеди Есқалиұлының хилаф шәрли ифрат сөздеріне (қарсы). Баст. Ғ. Пірғалиев. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1915.
- Аспандияров С.* Қазақ тарихының очеркі. – Қызылорда, 1935.
- Аспандияров С.* Қазақстандағы 1916 жылдағы ұлт-азаттық

баспасы, 1913.

*Белгібайұлы Х.М.* Шырын жігер. (Өлеңдер жинағы). – Ташкент: Ғ. Ғарифжанов баспасы, 1913.

*Беркімбайұлы Л.* Әдебиет казакия (Өлеңдер жинағы). – Орынбор: Кәрімов – Хұсайинов баспасы, 1908.

*Берікқалиұлы А. Ақын* (Өлеңдер жинағы). – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1912.

*Бөпеұлы Ж.* Әдет казакия. Баст. Ш. Хұсайинов балалары. – Қазан: Университет баспасы, 1909.

*Ғалимов Ә.* Жастық жемістері (Өлеңдер жинағы). – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1912.

*Ғалымжанов Г.* Есіл жұртым (Өлеңдер жинағы). – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1911.

*Ғалымжанов Ғ.* Есіл жұртым. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1913.

*Ғұмарұлы Ә.* Жатпа, казак! (Өлеңдер жинағы). – Ташкент Ғ. Ғарифжанов баспасы, 1917.

*Дибердиев М.* Казак балаларына қирағат кітабы. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1910.

*Досмухамедұлы Х.* Исатай-Махамб. – Ташкент, 1925.

*Дөңентаев С.* Уақ-түйек. Баст. С. Қ. Ертісбаева. – Уфа: Шарк баспасы, 1915.

*Дулатов М.* Азамат. – Орынбор: Вақт баспасы, 1913.

*Дулатов М.* Бақытсыз Жамал. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1910.

*Дулатов М.* Балкия (4 перделі пьеса). – Орынбор, 1920.

*Дулатов М. Я.* Оқу құралы. – Орынбор: Каримов – Хұсайинов баспасы, 1914.

*Дулатов М. Я.* Оян, казак! – Уфа: Шарк баспасы, 1910.

*Дулатов М. Я.* Терме. – Орынбор: Дін ве мағшуат баспасы, 1916.

*Ерғалиев З.* Мұхтасар Гильм – хал. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1911.

*Ержанов Б.* Оқуға махаббат. – Қазан: Университет баспасы, 1912.

*Ержанов Б.* Тұр, казак! – Қазан: Б.Л. Домбровский баспасы, 1911.

*Есенселдіұлы Қ.* Дүние үшін ғибратнама. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1908.

*Жандыбаев А.* Жас ғұмырым, яки жастықта ғафлаг. – Қазан: Шараф баспасы, 1907.

*Жананов Қ.* Қарлығаш (Өлеңдер жинағы). – Уфа: Каримов – Хұсайинов баспасы, 1913.

*Жәнібеков Ж. А.* Айна. Баст. Н. Сүлейменов. – Қазан: Шараф

баспасы, 1908.

*Жәңгіров Ш., К. Ходжиков К., Қасымов А.* Романов нәсілінен хұкімранлық қылған падишалардың тарихлары һәм Ақтабан шұбырыншылық заманнан бері казак халқының ахуалы. – Орынбор: Кәрімов и К<sup>о</sup> баспасы, 1912.

Жиған терген. // Құраст.: Б. Өтегілеуов. – Орынбор: Кәрімов и К<sup>о</sup> баспасы, 1913.

Жиренше. Жазған Г. Ғабдушев. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1909.

*Жолдыбаев М., Әуезов М., Қоңыратбаев Ә.* XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы казак әдебиет оқу кітабы (орта мектептің 7-оқу жылы үшін). – Алматы, 1933.

*Жомартбаев Т.* Балаларға жеміс (Милли шығыр). – Семей: Ярдам баспасы, 1912.

*Жомартбаев Т.* Қыз көрелік. – Семей: Ярдам баспасы, 1912.

*Жумабаев М.* Балаларға тарту. – Қызылорда, 1926.

*Жумабаев М.* Жүсіпхан. – Мәскеу, 1928.

*Жумабаев М.* Өлеңдер жинағы. – Қазан, 1922.

*Жумабаев М.* Өлеңдер жинағы. – Ташкент, 1923.

*Жумабаев М.* Сауатты бол. – Мәскеу, 1926.

*Жумабаев М.* Шолпан. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1912.

Жырлар. – Қазан: Мағрип баспасы, 1914.

*Иманбаев Ф.* Ғибрат өлең. Баст. Кәрімовтер. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1908.

*Иманбаева Ш.* Таңдамалы өлеңдер (жинаған С. Есова, алғы сөзін жазған С. Сейфуллин). – Қызылорда, 1927.

*Кәшімов М.* Ақын кітабы (Қазак балалары үшін). – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1903.

*Кәшімов М.* Ақын кітабы (Қазак балалары үшін). – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1908.

*Кәшімов М.* Мұңлы Мария. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1914.

*Кәшімов М.* Насихат казакия. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1908.

*Кәшімов М.* Сұлу қыз. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1909.

*Кәшімов М.* Үгіт (Балалар үшін). Баст. Сабах кітапханасы. – Қазан: Университет баспасы, 1907.

Келіннің бетін ашатын терме. Жазған Ш. Жиһангерұлы. – Қазан: Б.Л. Домбровский баспасы, 1910.

*Кемеңгерұлы Қ.* Алтын сақина (4 перделі драма). – Орынбор, 1923.

*Кемеңгерұлы Қ.* Казак тарихынан. – Мәскеу, 1924.

*Көбеев С.* Қалың мал. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1913.

*Көбеев С.* Үлгілі бала. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1912.

Көкселдір, яки бұрынғы мырзаұлы һәм ноғайлы батырлары.



- Баст. Ғ. Мұштақ. – Орынбор: Кәрімов – Хұсайнов баспасы, 1910.
- Келеев М.* Қазақтың осы күнгі әңгімесі: Сары-Арқа кімдікі? Баст. Ш. Хұсайнов балалары. – Қазан: Шараф баспасы, 1907.
- Келеев М.Ж.* Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз. Баст. Ш. Хұсайнов балалары. – Қазан: Шараф баспасы, 1907.
- Келеев М.Ж.* Хал-ахуал. Баст. Ш. Хұсайнов. – Қазан: Б.Л. Домбровский баспасы, 1912.
- Келеев М.Ж.* Хал-ахуал. Баст. Ш. Хұсайнов балалары. – Қазан: Университет баспасы, 1907.
- Қазақ ақындарының өлеңдері (жинақ). – Алматы, 1939.
- Қазақ макалдары. // Жин.: Мейрам – Ырсай Ысқақұлы. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1914.
- Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіші. – Қызылорда, 1926.
- Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіші. – Қызылорда, 1927.
- Қазақ шахирлары. Жазған Ы. Саттаров. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1909.
- Қазақтың айтыскан өлеңдері. Баст. Ш. Хұсайнов балалары. – Қазан: Б.Л. Домбровский баспасы, 1910.
- Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары (1-кітап) Жинаған – С. Сейфуллин). – Алматы, 1931.
- Қазақтың өлеңдері. Қазан, 1903.
- Қазақтың тойбастары (Өлеңдер жинағы). II басылуы. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1912.
- Қазақтың тойбастары (Өлеңдер жинағы). I басылуы. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1912.
- Қалтаев М.* Бар уақиға. Баст. Ш. Хұсайнов балалары. – Қазан: Б.Л. Домбровский баспасы, 1912.
- Қалтаев М.* Біраз ғибрат сөз... Баст. Ш. Хұсайнов балалары. – Қазан: Университет баспасы, 1910.
- Қалтаев М.* Қазақтың айнасы (Өлеңдер жинағы). Баст. Ш. Хұсайнов балалары. – Қазан: Университет баспасы, 1910.
- Қалтаев М.* Насихат қазақия. – Қазан: Үміт баспасы, 1911.
- Қалтаев М.* Өлеңдер жинағы (Баст. Ш. Хұсайнов балалары). – Қазан: Университет баспасы, 1904.
- Қалтаев М.* Тұғыры жол. (Өлеңдер жинағы). Баст. Ш. Хұсайнов балалары. – Қазан: Б.Л. Домбровский баспасы, 1912.
- Қалтайұлы М.* Тура жол: төртінші жүзі. – Қазан: Домбровский мөбтуғасы, 1912.
- Қаңтарұлы К.* Мархаба – иа Шәһәр рамазан. Баст. Ж. Шайхисламұлы. – Қазан: Университет баспасы, 1912.
- Қарашев Ғ.* Аға тұлпар (Өлеңдер). – Орынбор: Дін вә мағишат

- баспасы, 1914.
- Қарашев Ғ.* Бала тұлпар. – Уфа: Кәрімов және К<sup>о</sup> баспасы, 1911.
- Қарашев Ғ.* Ойға келген фікірлерім. – Орынбор: Вагт баспасы, 1910.
- Қарашев Ғ.* Өрнек. – Уфа: Кәрімов – Хұсайнов баспасы, 1911.
- Қарымсақов А. Ө.* Әхуал – и. Қиямет (Өлең). – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1908.
- Қарымсақов А.Ө.* Әбият қазақия. Баст. Ш. Хұсайнов балалары. – Қазан: Б.Л. Домбровский баспасы, 1909.
- Қисса – и Жиһаншаһ Тамузшаһұғлы. Тәржума Ақит уәләд Өлімжі Алтайский (Қарымсақов). Баст. И.Н. Шамсутдинов. – Қазан: Университет баспасы, 1901.
- Қисса – и Зедделия (Өлеңдер). Жазған Төрөгелдин молда. – Қазан: Еремеев баспасы, 1912.
- Қисса – и Зинә – Заюб илән Юсуфбек хожаның Уәзифа қызбен айтысканы. (Жазған Ж. Шайхисламұлы; Баст. Ш. Хұсайнов). – Қазан: М.А. Чириков баспасы, 1896.
- Қисса – и Зияда Шаһмурат (Жазған Бижігіт ұғлы Ягкуб; Баст.: Ш. Хұсайнов). – Қазан: Университет баспасы, 1896.
- Қисса – и Ораз мулланың хикаяты (Анасының Аягөзде арманда өлген ұлын жоқтауы жазып алған Ә. Жүсіпұғы. Баст. Ш. Хұсайнов балалары. – Қазан Университет баспасы, 1901).
- Қисса – и Сейд Жағфар Шаһ Әлие сұлтан Сейд. Қазан, 1894.
- Қудайбердиев Шайкәрім.* Мұсылманшылық кітабы. – Орынбор: Кәрімов және К<sup>о</sup> баспасы, 1911.
- Қудайбердіұлы Ш.* Жолсыз жаза, яки кез болған іс. – Семей: Ярдам баспасы, 1913.
- Қудайбердіұлы Ш.* Калқаман – Мамыр. – Семей: Ярдам баспасы, 1912.
- Қудайбердіұлы Ш.* Ләйлі – Мәжнүн (алғы сөзін жазған – С. Сейфуллин). – Алматы, 1935.
- Қудайбердіұлы Ш.* Түрік, қырғыз-қазақ, һәм ханлар шежіресі. – Орынбор: Кәрімов и К<sup>о</sup> баспасы, 1912.
- Қыздың өлені (Айтқан С. Мұхаммедсалықұғлы, жазған М. Мұхсинұлы). – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1903.
- Қыпшақбаев. Халық әдебиеті, яки шеме-уәзір – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1913.
- Малдыбаев М.* Иман һәм намаз, яки мұсылмандық. – Семей: Ярдам баспасы, 1915.
- Малдыбаев М.* Қазақша оқу кітабы. Баст. А. Анламаасов. – Семей: Ярдам баспасы, 1912.
- Манаев М. Иман – Ислам. Баст. «Ғалия» медресесінің шәкірттері. – Уфа: Шарк баспасы, 1915.
- Маскарғали молланың айтқаны. – Қазан: Б.Л. Домбровский

- баспасы, 1912.  
*Маштақов Ғ. (Қарашев)*. Қарлығаш. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1911.  
*Мәшһүр Мақшы Қалтаев*. Қазақтың айнасы. – Казань: Типо-литография Императорского Университета, 1910.  
*Мәшһүр молла М. Қалтаев*. Бар оқиға. – Қазан: Домбровский мәтбуғасы, 1912.  
*Мұқанов С. XX ғасырдағы казак әдебиеті (1-бөлім)*. – Қызылорда, 1932.  
*Мұхаммед Қанафия*. Баст. Ш. Хұсаинов балалары. Қазан, 1910.  
*Мұштақ Ғ. (Қарашев)*. Тумыш. – Уфа: Кәрімов – Хұсаинов баспасы, 1911.  
*Наушабев Н. Алаш*. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1910.  
*Нұрбаев М. Көргенді бала, үлгілі сана*. – Орынбор: Вақт баспасы, 1911.  
*Нұрбаев М.О.* Қазақша әліппе: балаларға арналған оқулық. – Уфа: Шарқ баспасы, 1910.  
*Оразғалиев Ә.* Әдебиет казакия һәм үгіт уә насихат. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1908.  
*Өтетілеуов Б.* Дүние ісі ахретке кетпес. – Кәрімовтер баспасы, 1912.  
*Сабалов А. Ғибрат нама (Өлеңдер жинағы)*. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1913.  
*Сабалов А. Ғибратнама (Өлеңдер жинағы)*. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1911.  
*Сабалов А. Мәктубат (Өлеңдер жинағы)*. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1911.  
*Сабалов А. Назым (Өлеңдер жинағы)*. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1911.  
*Сабалов А. Сұм заман (Өлеңдер жинағы)*. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1911.  
*Сағидуақасов Х.* Халық мұны (Өлеңдер жинағы). – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1915.  
*Садуақасұлы С.* Салмақбайдың ауылында кооперация қалайша ашылды (повесть). – Орынбор, 1924.  
*Садырғалиұғлы. Үлгі (Өлеңдер жинағы)*. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1914.  
*Саттаров Ғ.* Қазақ шығармалары. Қазан, 1900.  
*Сәдуақасов С.* Жастарға жаңа жол. – Орынбор, 1921.  
*Сейфуллин С.* Өткен күндер (Өлеңдер жинағы). – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1915.  
 Семипалаг облысы Өскемен облысына караған казакларның ашлықтан зарлықтары (өлеңдер). Баст. Сағадиев Н. – Орынбор: Вақт баспасы, 1912.

- Сералин М.* Топ жарған. (Өлеңдер жинағы). Троицк, 1903.  
*Сералин М.* Гүлкәшіма. – Орынбор: М.Ф. Кәрімовтер баспасы, 1903.  
*Сералин М.* Топ жарған: Хикая. – Тройцк: Ф. Селянин – Х. Соеновский баспасы, 1900.  
*Сырғалиев К.А.* Ислам негізі. I бөлім. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1912.  
 Тарих әнбия – и. Жазушы И.И. Әл – Қазаки. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1906.  
 Тарту. (Әбубәкір Диваев жинаған әдебиет түрлерінен тізілген оқу кітабы. Тізуші: М. Жұмабаев). – Ташкент, 1924.  
 Тәржума – и Адет уәләд Олімжі Алтайский (Қарымсақов). Баст. Мұхаммед – Нәжиб Ғалияқбаров. – Қазан: Университет баспасы, 1897.  
*Темірәлиев Ж.* Насихат сөздерден кирларидан жегі рубласы (Өлеңдер жинағы). Баст. Ш. Хұсаинов балалары. – Қазан: Б.Л. Домбровский баспасы, 1912.  
*Темірәлиев Ж.* Өз пікірім бұ, яки замана. Баст. Ш. Хұсаинов балалары. – Қазан: Б.Л. Домбровский баспасы, 1912.  
 Терме казакнікі (Жазған С. Мұхаммедсалдықұлы). – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1903.  
*Тогжанов Ғ.* Әдебиет және сын мәселелері. – Қызылорда, 1929.  
*Тогжанұлы Ғ.* Абай. – Алматы, 1935.  
*Торайғыров С.* Казак тіліндегі өлең кітаптары жайынан. // – Айқап, 1913. № 19, 20.  
*Төгісов К.* Нандық құрбаны. – Уфа: Тұрмуш баспасы, 1915.  
*Тынышбаев М.* Ақтабан шұбырынды. – Ташкент, 1927.  
 Үлгілі тәржіма. Ауд. С. Көбеев. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1910.  
*Хайырлы (Бөкейлік).* Шикаят (Өлеңдер). – Қазан: Университет баспасы, 1909.  
*Халидов Қ.* Тарих жәридаги жәбиат. Қазан, 1886.  
*Халидов Қ.* Тауарих – хәмсе. – Қазан, 1910.  
 Шайыр, яки казак ақындарының басты жырлары. Жинаған Ғ. Мұштақ. – Орынбор: Кәрімов – Хұсаинов баспасы, 1910.  
 Шежіре – и турки. – Қазан: Университет баспасы, 1825.  
*Шорманов С.* Дуниядан шикаят (Өлеңдер). Баст. Ш. Хұсаинов балалары. – Қазан: Университет баспасы, 1908.  
*Шорманұлы С.* Аушы. – Қазан: Университет баспасы, 1907.  
 Ызың (Өлеңдер жинағы). //Құраст.: Е. Буйрин. – Орал: Қазақстан газетінің баспасы, 1912. Қағтайұлының казак ахуалынан бахыс етхен манзумасы. – Қазан: «Өрнек» мәтбуғасы, 1909.

- Байжанов Жаяу Мұса. Ак сиса: әндер. – Алматы: Өнер, 1985.  
 Байтұрсынұв А. Ак жол. – Алматы: Жалын, 1991.  
 Байтұрсынұв А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989.  
 Ғабдуллин Н. Абай және қазіргі заман. – Алматы: Ғылым, 1994.  
 Даумов С. Тауқыметті тағдыр: Аліма Оразбаеваның ғұмырнамасы. – Алматы: Өлке, 2001.  
 Дербісалин Ә. Дәстүр мен жалғастық (Ауыз әдебиетіндегі ақындық дәстүр және XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясы). – Алматы: Ғылым, 1976.  
 Диваев Ә. Тарту. – Алматы: Ғылым, 1992.  
 Досмұхамедұлы Х. Алман. – Алматы: Ана тілі, 1991.  
 Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998.  
 Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991.  
 Егеубаев А. Кісілік кітабы: Ғылыми эссе. – Алматы: Ана тілі, 1998.  
 Егеубай А. Құлабыз: Поэтиканың тарихылығы. Монография. – Алматы: Жазушы, 2001.  
 Елеуқенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы: «Жалын» ЖШС, 1997.  
 Елеуқенов Ш. Кітаптану негіздері. – Алматы: Санат, 1997.  
 Елеуқенов Ш. Мағжан (Өмірі мен шығармалары). // Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995.  
 Елеуқенов Ш. Мағжан Жұмабаев. – Алматы: Рауан, 1991.  
 Елеуқенов Ш. Мағжан. – Алматы: Санат, 1995.  
 Елеуқенов Ш. От фольклоре до роман-эпопей. – Алма-Ата: Жазушы, 1987.  
 Елеуқенов Ш., Шалғынбаева Ж. Қазақ кітабының тарихы: Ежелгі дәуірден 1917 жылға дейін. – Алматы: Санат, 1998.  
 Еңсегенұлы Т. Сыр бойы ақын-жыраулары: Атамұра. Әдеби зерттеу. – Алматы: Білім, 2000.  
 Ердембеков Б. Әріп ақын. – Алматы, 2001.  
 Еспенбетов А. Сұлтаннымажұт Торайғыров. – Алматы: Ғылым, 1992.  
 Жабаетов Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1996.  
 Жақып Б. Мұхтар Әуезов – публицист. – Алматы: Ана тілі, 1997.  
 Жармұхамедов М. Айтыстың даму жолдары. – Алматы: Ғылым, 1976.  
 Жармұхамедұлы М. Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы: Монография. / ҚР Білім және ғылым министрлігі, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. – Алматы: Мұрағатас, 2001.  
 Жетпісбаева Б. А. Символ в движении литературы (на материале казахской литературы). – Алматы: Ғылым, 1999.

## XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ

- Абылкасимов Б. Жанр толғау в казахской устной поэзии. – Алма-Ата: Наука, 1984.  
 Айтыс. – Алматы: ҚМКӘБ, 1964.  
 «Айқап» қазақ энциклопедиясы. Алматы, 1993.  
 Ақмола. Күнлер мен түндер: шығармалары. // Құраст.: Б. Ысқаков. – Алматы: Жазушы, 1986.  
 Алаш-Орда. (сборник материалов). – Алматы, 1992.  
 Асқарұлы Х. Алаш зиялылары. – Алматы: Шартарап, 1998.  
 Асмедов Ғ. Алаш «Алаш» болғанда. – Алматы, 1996.  
 Әбдіғазиев Б. Асыл арна. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.  
 Әбсамет М. Міржақыптың оралуы. – Алматы, 1995.  
 Әдеби процесс. Авторлық поэзия. Ақындық өнер психологиясы // ҚР Білім және ғылым министрлігі. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті. – Алматы: Білім, 2001.  
 Әдебиеттану терминдер сөздігі. // Құраст.: З. Ахметов, Т. Шанбаев. – Алматы: Ана тілі, 1998.  
 Әуезов және архив. – Алматы: Атамұра, 1997.  
 Әуезов М. Әдебиет туралы. – Алматы: Санат, 1997.  
 Бабаджанов Х.М.-С. Сочинения. – Алматы: Санат, 1996.  
 Базар жырау. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1986.  
 Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. – Алматы: Ғылым, 1997.  
 Байғалиев Б. Абай өмірбаяны архив деректерінде: Зерттеулер. – Алматы: Арыс, 2001.

- Жолдасбеков М.* Асыл сөздің атасы. – Алматы: Білім, 1996.
- Жолдасбеков М.* Жүз жыл жырлаған жүрек. – Алматы: Жазушы, 1992.
- Жолдасбекулы М.* Елтұтқа: Ел тарихының өйгілі тұлғалары / М. Жолдасбекулы, Жұмабердіқызы Г. Алаштың бір ардағы. – Алматы: Рауан, 1998.
- Жұмабаев М.* Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1989.
- Жұмалиев Қ.* Қазақ әдебиет тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: ҚМКӘБ, 1960.
- Иманбаева С.* Міржақып Дулатов – Алаштың жарық жұлдызы / ҚР Білім және ғылым министрлігі. Қаз. Мем. Аграр. Ун-ті. Жалпы ред. Қ.Ә. Сағадиев. – Алматы: ҚазМАУ, 2001.
- Исмаилов О.* Бақтыбай: Ғылыми-зерттеу мақалалар мен ақынның жаңа табылған туындылары. – Алматы: Шартарап, 2000.
- Исмайылов Е.* Әдебиет жайлы ойлар. – Алматы: Жазушы, 1968.
- Кәкішев Т.* Санадағы жаралар. – Алматы: Қазақстан, 1992.
- Кәкішулы Т.* Мағжан мен Сәкен. Ғылыми эссе. – Алматы: Қазақ университеті, 1999.
- Кәкішев Т.* XX бас кезіндегі қазақ әдебиеті. Алматы, 1994.
- Кәкішулы Т.* Қазақ әдебиеті сынының тарихы. Алматы, 1994.
- Келімбетов Н.* Шәлі ақын. – Алматы: Жазушы, 1974.
- Кенжебаев Б.* Әдебиет белестері. – Алматы: Жазушы, 1986.
- Кенжебаев Б.* Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1973.
- Кенжебаев Б.* Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1958.
- Кенжебаев Б., Есназаров Ө.* XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1966.
- Күмісбаев Ө.* Абай және Шығыс. – Алматы: ҚазМУ, 1995.
- Қадыров А.* Ақындық әлем (Шәкір Әбенұлының ғұмырбаяны мен ақындық мұрасы туралы): Зерттеу. – Семей, 2001.
- Қазақ әдебиетінің тарихының өзекті мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 1993.
- Қазақ поэзиясының антологиясы (XX ғасырдың бас кезі). – Алматы: Ғылым, 1993.
- Қазақ халық әдебиеті. Көп томдық. Айтыс. Т. 1. – Алматы: Жазушы, 1988.
- Қалижан У.* Жәдитшіл жырлар: Зерттеулер. – Алматы: Санат, 1998.
- Қалижанұлы У.* Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. – Алматы: Білім, 1998.
- Қалтайұлы М.* Шығармалары. – Семей: Семей мемлекеттік университетінің баспасы, 1998.
- Қамзабекулы Д.* Алаш және әдебиет. – Астана: Фолиант, 2002.

- Қанарбаева Б.* Мағжан шығармашылығының фольклорлық қырлары. – Алматы, 1996.
- Қараш Ғ.* Замана. – Алматы: Ғылым, 1994.
- Қари З.* Көкірек көзді көсемдер. (Әл-Фараби, Абай, Шәкәрім туралы). – Алматы: Ақниет, 1997.
- Қасқабасов С.* Жаназық. – Астана: Ауларма, 2002.
- Қирабаев С.* Әдебиетіміздің ақандақ беттері. Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: Білім, 1995.
- Қирабаев С.* Жүсіпбек Аймауытов. – Алматы, 1993.
- Қирабаев С.* Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет: Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Ғылым, 2001.
- Қирабаев С.* Шығармалар. Екі томдық. Т. 2. Сын мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1992.
- Қирабаев С., Мырзағалиев Қ.* Қазақ әдебиеті (XIX ғ. 2-ші жартысы мен XX ғ. басы.): 10 сыныпқа арналған оқулық. – Алматы: Рауан, 1998.
- Қозыбаев М.* Ақтандақтар ақиқаты. – Алматы, 1992.
- Қоңыратбаев Ә.* Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1994.
- Қоңыратбаев Т. Әуелбек Қоңыратбаев* – қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуші. – Алматы: Шежіре, 1995.
- Қудайбердиев Ш.* Шығармалар: өлеңдер, дастандар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1988.
- Қудайбердіұлы Ш.* Үш анық. – Алматы: Қазақстан, 1991.
- Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: Қазақстан, 1995.
- Майтанов Б.* Мағжан Жұмабаевтың поэтикасы: Оқу құралы. // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2001.
- Мамраев Б.* Казахские литературные связи начала XX века. – Алма-Ата: Ғылым, 1991.
- Мәшіур-Жүсіпов Қ.* Өлең – сөздің патшасы. – Алматы: Жазушы, 1991.
- Молда Мұса (Мұсабек Байзақұлы).* Өткен күндер: өлеңдер, мысалдар, айтыстар. – Алматы: Жазушы, 1987.
- Мұхамедханов Қ.* Абай мұрагерлері (Шәкәрім, Көкітай, Тұрағұл, Көкбай, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұнов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов жайында). – Алматы: Атамұра, 1995.
- Мұхамедханұлы Қ.* Абайдың ақын шәкірттері. 4-кітап. – Алматы: Дәуір, 1997.
- Мұхамедханұлы Қ.* Абайдың ақын шәкірттері. 3-кітап. – Алматы: Дәуір, 1995.

- Мұхаметханов Қ. Шөкәрім // Бес арыс.* – Алматы: Жалын, 1992.
- Мұхтар Әуезов өлемі. // Құраст.: Ж. Аупбаев.* – Алматы: Жазушы, 1997.
- Мұхтар мұрасы. (Ғылыми мақалалар мен зерттеулері). // Құрастырғандар: Ш. Ыбраев, С. Қорабаев.* – Алматы: Қазақстан, 1997.
- Мырзахметұлы М. Әуезов және Абай.* – Алматы: Қазақстан, 1997.
- Назарбаев Н. Абай туралы сөз.* – Алматы: Рауан, 1995.
- Найманбаев Ә. Шығармалары: өлеңдер, айтыс-қағыстар мен дастандар.* – Алматы: Жазушы, 1988.
- Нұрғалиев Р. Әуезов және Алаш. Әдебиеттегі ұлттық рух.* – Алматы: Санат, 1997.
- Нұрғалиев Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры.* – Астана: Күлтегін, 2002.
- Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда.* – Алматы, 1995.
- Салғараұлы Қ., Сейдімбек А.; Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.* – Астана: Kul Tegin, 2001.
- Сәтбаева Ш. Шакарим Құдайбердиев.* – Алматы: Ғылым, 1993.
- Сәтбаева Ш. (Ә. Тәжібаевпен бірге) Шөкәрім Құдайбердиев // Ш. Құдайбердиев шығармалары.* – Алматы: Жазушы, 1988.
- Сәтбаева Ш. Әдеби байланыстар.* – Алматы: Жазушы, 1984.
- Сәтбаева Ш. Казахская литература и Восток.* – Алма-Ата: Наука, 1982.
- Сейітжанұлы З. Шынжан қазақ әдебиеті (1950 жылға дейін кезең): Монография / ҚМҰУ.* – Алматы: Қазақ университеті, 1999.
- Сыдыққұлы Қ. Елеулі есімдер: Зерттеу.* – Алматы: Информ-А, 2001.
- Сыдыққұлы Қ. Біртума жыр санлақтары (XVIII-XX ғ.ғ.): // ҚР Білім және ғылым министрлігі.* – Алматы: Ғылым, 2001.
- Сыдыққұлы Қ. Киелі өнер: Таңдамалы.* – Алматы: Жолдас К., 2001.
- Сыдыққұлы Қ. Сарқылмас қазына.* – Алматы: Жазушы, 1996.
- Сыдыққұлы Қ. Тағылымды туғалар. Зерттеулер. Мақалалар мен толғаныстар.* – Алматы: Информ-Арна, 2000.
- Тегеев Т. Әдебиет тарихы: Оқу құралы.* – Алматы: РБК, 1999.
- Тіленов Ж. Тарих және әдебиет. XIV-XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихылығы. // Жауапты ред.: Ш. Қ. Сәтбаева.* – Алматы: Ғылым, 2001.
- Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы // Құрастырғандар: Б. Мамраев, А. Еспенбетов, Қ. Ерғөбеков.* – Алматы: Ғылым, 1993.
- Торайғыров С. Таңдамалы шығармалары.* – Алматы, 1950.

- Тұрысбек Р.С. Жүсіпбек Аймауытұлы және 20 жылдар қазақ прозасы: Монография.* – Алматы: Қазақ университеті, 1998.
- Ұлттық поэзия падишасы: Қазақ халқының ақыны М. Жұмабаевқа арналады // ҚР Білім және ғылым министрлігі. Орталық ғылыми кітапхана.* – Алматы, 2001.
- Ұлттың ұлы ұстазы: Халқымыздың көрнекті саяси қайраткері, ғалым, ағартушы А. Байтұрсыновқа арналады // ҚР Білім және ғылым министрлігі. Орталық ғылыми кітапхана.* – Алматы, 2001.
- Үкілі Ыбырай. Гәкку. Әндер. // Құраст.: К. Жүзбасов, З. Қоспаков. Алматы: Өнер, 1995.*
- XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті.* – Алматы, 1994.
- Шөкәрім дәрістері: Республикалық ғылыми практикалық конференция материалдары // ҚР Білім және ғылым министрлігі. Семей: Шөкәрім атындағы СМУ, 2001.*
- Шөкәрім шығармаларының дәстүрлік және көркемдік негіздері.* – Алматы: Кенже-пресс, 2000.
- Шөкәрім. Жолсыз жаза.* – Алматы: Жалын, 1988.
- Шөкәрімнің лирикалық шығармалары.* – Алматы: РБК, 1994.
- Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея: Монография.* – Алматы: Білім, 2000.
- Шоқай М. Таңдамалы. I том.* – Алматы: Қайнар, 1998.
- Шоряқұлы О. Сөйле, тілім, жосылып: өлеңдер, дастандар, айтыстар.* – Алматы: Рауан, 1995.
- Ыбырай Алтынсарин тағылымы. // Құраст.: М. Жармұхаммедұлы.* – Алматы: Жазушы, 1991.
- Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағылымы.* – Алматы: Ғылым, 1994.
- Ысмайылов Е. Жамбыл және халық ақындары.* – Алматы: Санат, 1996.
- Ізтілеуов Т. Назым: Таңдамалы шығармалар.* – Алматы: Жазушы, 1972.

развития. Но, тем не менее, не потеряли своего значения исследования М. Ауэзова «История литературы» (1927), С. Сейфуллина «Казахская литература» (1932), С. Муканова «Казахская литература XX века» (1932), изъятые в свое время по тем же причинам.

Новое дыхание получили исследовательские работы в годы перестройки и гласности. Так, в новом свете были представлены работы «Казахская литература XX века. Предоктябрьский период» (Хрестоматия, 1983), «Поэты пяти веков» (3-том, 1985), «Казахская литература начала XX века» (1994), «Казахская литература 20–30-х годов» (1997) и др.

Совершенно новые условия и широкое поле деятельности открылись перед литературоведами в годы Независимости. Народу были возвращены художественные богатства послебаевского периода, в том числе и бесценные сокровища писателей так называемого алашординского направления. Соответственно возникла необходимость нового видения, новых подходов к изучению и освещению этого богатейшего наследия.

Уже при подготовке материалов пятого тома настоящего издания приходилось по-новому рассмотреть многие проблемы с методологической точки зрения, с тем чтобы освободить их от влияния прежнего идеологического диктата, с узкоклассовой оценки литературных явлений. И тем более, почти все содержание шестого тома было пронизано духом обновления прежних представлений.

Во главу угла при этом выдвигалась необходимость рассмотрения идейно-эстетических достоинств тех или иных явлений литературы в тесной связи с конкретно-историческими особенностями того времени, с настойчивыми призывами общественного прогресса. На передний план ставилась связь национальной литературы с историей народа, обостренное внимание уделялось на органическую связь художественной правды с правдой исторической. Новые реалии просветительско-демократического направления в литературе рассматривались в свете художественно-эстетических традиций народа и в неразрывной связи с ними.

Именно с таких позиций определялся подход к оценке и изучению новаторских наследий Шакарима Кудайбердиева, Алихана Букейханова, Ахмета Байтурсынова, Миржакипа Дулатова, Магжана Жумабаева, Сабита Донентаева, Султан-Махмута Торайгырова. Эти наследия, безмерно обогатившие духовную сокровищницу народа, рассматривались как органические продолжение и дальнейшее развитие великой традиции Абая, которая стала подлинным стимулом последующего

## РЕЗЮМЕ

Шестая книга «Истории казахской литературы» посвящена рассмотрению основных тенденций и особенностей развития литературы начала XX века, определению художественного своеобразия творческого наследия деятелей того времени.

Таким образом, четвертая—шестая книги десятитомного издания «Истории казахской литературы», охватывая огромный период времени, рассматривает закономерности развития отечественной художественной словесности целой эпохи, прослеживает путь ее развития от устно-поэтического творчества до письменных форм профессиональной литературы, от первых опытов реалистического изображения жизненных явлений до классических форм художественного освоения действительности вплоть до советского периода.

Этот период был характерен возникновением и развитием многосторонних и многожанровых форм национальной литературы, становлением и упрочением в ней плодотворных реалистических традиций. Известно также, что этому росту художественной практики сопутствовало почти одновременное исследование ее различных историко-теоретических проблем.

Следует отметить, что целая книга трехтомной части «Истории казахской литературы» была посвящена академическому анализу явлений художественного творчества XX века. Основы исследования проблем развития национальной литературы периода были заложены в трудах М. Ауэзова, С. Муканова, Е. Исмаилова, Б. Кенжебаева, Х. Жумалиева, Т. Нуртазина и др.

Богата и чрезвычайно разнообразна родная литература начала XX века. Но, к великому сожалению, многие имена и явления этого периода, в силу определенных причин, впоследствии были насильственно изолированы от общего потока литературного

расцвета национальной литературы.

В результате возвращения запрещенных ранее имен и явлений значительно обогатилась современная казахская литература, неизмеримо поднималась поэтическая ее планка, рельефнее стала духовная связь общества и литературы, усилилось влияние духовных факторов на национальное самосознание народа.

Все это и определяет общее содержание предлагаемой вниманию читателя книги.

В подготовке шестого тома привлекались известные в Республике ученые-литературоведы. Вместе с тем в коллективном издании нашли свое отражение взгляды и труды прежних видных специалистов литературоведения, оставивших глубокий след в исследовании закономерностей развития художественной словесности данного периода.

В книге предложен вниманию читателей общий обзор о творчестве и библиографических данных большого количества поэтов и писателей. Пятнадцать наиболее известных деятелям литературы посвящены монографические портреты (характеристики). Предисловие и введение («Казахская литература начала XX века») написаны доктором филологических наук, профессором, руководителем проекта исследований А.К.Егеубаевым.

К написанию монографических портретов привлечались: академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор С.С.Кирабаев («Султанмахмұт Торайғыров», «Спандияр Кобеев»); академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор Р.Нұрғали («А.Н.Бокейханов»); доктор филологических наук, профессор Ж.Исмагулов («Ахмет Байтұрсынов, Миржакип Дулатов»); доктора филологических наук, профессора Б.Абдигазиев и М.Базарбаев («Шакарим Құдайбердиев»); доктор филологических наук, профессор Б. Абдигазиев («Шакарим Құдайбердиев, Нарманбет Орманбет»); доктор филологических наук, профессор Т. Какишев («С. Донентаев», доктор филологических наук, профессор К.Машхур-Жусуп («Машхур-Жусуп Копеев»); доктор филологических наук, профессор Т.Тебегенов («Таиыр Жомартбаев»); доктор филологических наук С. Байменше («Жиенгали Тлебергенов»); кандидат филологических наук С.Ертобех («Мухаметжан Сералин»); кандидат филологических наук К. Сьдыиков («Гұмар Қараш»); кандидат филологических наук С.Жамбеков («Бернияз Қулеев»).

## SUMMARY

The sixth book "History of Kazakh literature" highlights the main tendencies and special features of the development of literature in the beginning of XX century, identification of artistic originality of the creative heritage of the public figures of that period.

So the fourth-sixth books of the ten volume edition "History of Kazakh literature" covering huge period of time, consider regulations of development of domestic artistic literature of the whole epoch, watch its development from oral-poetic creativity to the written forms of professional literature, from first experience of realistic description of the life to classical forms of artistic assimilation of the reality till Soviet period.

This period was characterized by the development of multitudes and multi-genre forms of national literature, development and strengthening of fruitful realistic traditions. It is known that the simultaneous research of its various historical-theoretic issues took place alongside with its growth.

It should be noted that the whole book of the three volume part "History of Kazakh literature" was dedicated to the academic analysis of the events of the artistic creativity of the XXth century. Basic research of the development of national literature was done by M. Auezov, S. Mukanov, E. Ismailova, B. Kenzhebaeva, H. Zhumaliev, T. Nurtazina and others.

National literature of the XXth century is rich and diverse. However regretfully many names and events of this period due to certain reasons later have been isolated from the whole stream of literary development. However the investigations of M. Auezov "History of literature" (1927), S. Seifullin "Kazakh literature" (1932), S. Mukanov "Kazakh literature of XXth century" (1932) are still significant and have been isolated due to the same reasons.

Research works made during reorganization and transparency period have gained new features. So the works "Kazakh literature of XXth century. Pre-October period" (Reader, 1983), "Poets of five centuries" (volume 3, 1985), "Kazakh literature of the beginning of XXth century" (1994), "Kazakh literature of 20-30th" (1997) etc.

Literature studies specialists have faced completely new conditions and a wide sphere of activity during Independence period. Artistic values of post-Abay period have been returned to the people including valuable treasures of the writers of so called Alash-Orda trend. Respectively the need of a new vision, new trends in the study and highlighting of this rich heritage has occurred.

During preparation of the materials of the fifth volume of this edition many issues were considered from the new methodological point of view in order to release them from the influence of the previous ideological dictate with narrow class evaluation of the literary phenomena. Almost all contents of the sixth volume were full of the spirit of renewal of the previous ideas.

The need of consideration of the ideal-esthetic merits of certain literary phenomena have been proposed in close relation with concrete-historical features of that period with firm appeals of the social progress. The need was focused on the linkage between national literature and history of people, special attention has been drawn to the organic links between the artistic truth and historical truth. New realities of educational-democratic direction in literature have been considered in the view of the artistic-esthetic traditions of people in close relationship with them.

Namely from those positions the approach was determined to the evaluation and study of the new heritage of Shakarim Kudaibergenov, Alikhan Bukeikhanov, Akhmet Baitursynov, Mirzhakip Dulatov, Magzhan Zhumabaev, Sabit Donentaev, Sultan-Makhmud Toraigyrov. Those heritages that have enriched people's treasure have been considered as an organic continuation and further development of the great tradition of Abay that became a real stimulation of the further flourish of the national literature.

As a result of the return of the prohibited earlier names and phenomena the contemporary Kazakh literature has been enriched, poetic slat has rose, spiritual linkage between the society and literature became more vivid, the influence of the spiritual factors on the national consciousness of people has increased.

All these factors have determined the whole content of this book that is recommended for the readers attention.

Well known specialists of literary studies in the Republic have been involved in the preparation of the sixth volume. Works of the well known specialists of literature studies of the past period who have contributed

to the research of the regulations of the development of the artistic literature of that period and their opinions have been included into this collective edition.

The book includes general review of the creative work and bibliographic data of the most poets and writers. Monographic portraits (descriptions) have been dedicated to the most prominent fifteen figures well known in literature. The foreword and introduction ("Kazakh literature of the beginning of XX century") have written by the doctor of Philology, professor, research project leader A.K. Egeubaev.

Following researchers have been involved in writing of the monograph portraits: S.S.Kirabaev, professor, Doctor of Philology, member of the NAS of Kazakhstan ("Sultanmakhmud Toraigyrov", "Spandiar Cobeev"); R.Nurgali, professor, Doctor of Philology, member of the NAS of Kazakhstan ("A.N.Bokeikhanov"); Z.Ismagulov, professor, Doctor of Philology, member of the NAS of Kazakhstan ("Akhmet Baitursynov, Mirzhakip Dulatov"); B.Abdigaziev and M.Bazarbaev, professors, Doctors of Philology, members of the NAS of Kazakhstan ("Shakarim Kudaiberdiev"); professor B.Abdigaziev ("Shakarim Kudaiberdiev, Narmanbet Ormanbet"); professor T.Kakishev ("S.Donentaev"), K.Mashkhar-Zhusup ("Mashkhar-Zhusup Kopeev"); T.Tebegenov, professor, Doctor of Philology ("Taiyr Zhomartbaev"); S.Baimenshe, Doctor of Philology ("Zhiengali Tepbergenov"); S.Ergobek, Candidate of Philology ("Mukhametzhan Seralin"); K.Syidikov, Candidate of Philology ("Gumar Karash"), S.Zhambekov, Candidate of Philology ("Berniyaz Kuleev").



## МАЗМҰНЫ


Кіріспе .....	7
XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті .....	11
Абайдың әдеби мектебі .....	72
Жекелеген ақындар шығармашылығына шолу .....	106
Әлихан Бөкейхан .....	165
Шәкәрім Құдайбердіұлы .....	184
Ахмет Байтұрсынұлы .....	215
Сұлтанмахмұт Торайғыров .....	249
Сәбит Дөнентайұлы .....	293
Міржақып Дулатұлы .....	322
Ғұмар Қараш .....	356
Мұхаметжан Сералин .....	381
Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы .....	399
Жиенғали Тілепбергенов .....	422
Бернияз Күлеев .....	449
Тайыр Жомартбаев .....	471
Спандияр Көбеев .....	485
Нарманбет Орманбетұлы .....	505
1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты туған поэзия .....	515
XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші .....	557
Резюме .....	604
Summary .....	607

## Қазақ әдебиетінің тарихы (Он томдық) 6-том

«ҚАЗАҚПАРАТ» баспа корпорациясының  
президенті ҚОНЫСБЕК БОТБАЙ

Бас редактор Темірақын ЖАҚЫП  
Редактор Айжан БИЛАЛИЕВА  
Корректор Жанар МӘЗБАЕВА  
Көркемдеуші редактор Асхат ҚҰРАЛБАЕВ  
Техникалық редактор Нүркен СҮЙЕУБЕКҰЛЫ

ISBN 9965-654-19-0



9 789965 654190

ИБ №273

Теруге 20.10.06. берілді. Басуға 15.12.06. қол қойылды. Қалыбы  
60x90<sup>1/16</sup>. Қағазы офсеттік Әріп түрі «ММ Galmonika». Офсеттік  
басылыс. Есептік баспа табағы 60. Таралымы 3000. Тапсырыс № 76

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,  
Жангелдин-Түрген көшесі, 30/26.  
«ҚАЗАҚПАРАТ» баспа корпорациясы.